
«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ



ЖАҢА ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ГУМАНИЗМ МӘСЕЛЕСІ

**Әдебиеттанушы ғалым, профессор,
филология ғылымдарының докторы**

Задан Тасқалиұлы Жұмағалидың

**туғанына 90 жыл толуына арналған
Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

2026 ж. 17 сәуір

Ғылыми электрондық басылым

**Қарағанды
2026**

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз)
Ж28

Баспа басылымының электрондық аналогы

Жаңа дәуір әдебиетіндегі гуманизм мәселесі : әдебиеттанушы ғалым, профессор, филология ғылымдарының докторы Задан Тасқалиұлы Жұмағалидың туғанына 90 жыл толуына арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары (2026 ж. 17 сәуір) / Акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу ун-ті ; филология факультеті ; қазақ әдебиеті кафедрасы ; [ред. алқа: Б.С. Рақымов (жауап. редактор) т.б.]. — Қарағанды : Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасы, 2026. — 364 б.

Пікір жазғандар:

Қ. Асанов, филол. ғыл. д-ры, профессор,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті;

Қ.З. Сембиев, профессор, Қазақстанның Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, «Bolashaq» Академиясының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

Редакциялық алқа:

Б.С. Рақымов (*жауап. редактор*)**, Ж.Қ. Смағұлов, Ж.А. Рустемова, А.М. Бабашов, С.У. Такиров, Ж.Ж. Жарылғапов, К.А. Төлеубаева, А.Б. Жұмағұлов, Ж.Ш. Жұмагелдин, Б.Е. Сыздықова, А.Ж. Абдикадирова, Қ.Қ. Бажикеев, А.Қ. Қайырбекова, А.О. Мұратова**

Ж28 **Жаңа дәуір әдебиетіндегі гуманизм мәселесі** : әдебиеттанушы ғалым, профессор, филология ғылымдарының докторы Задан Тасқалиұлы Жұмағалидың туғанына 90 жыл толуына арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары (2026 ж. 17 сәуір) : ғылыми электрондық басылым / Акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу ун-ті ; филология факультеті ; қазақ әдебиеті кафедрасы ; [ред. алқа: Б.С. Рақымов (жауап. редактор) т.б.]. — Қарағанды : Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасы, 2026. — PDF-файл. — Жүйеге қойылатын талаптар: Pentium 4; 1,3 ГГц және жоғары; Internet Explorer Acrobat Reader 4.0 немесе үлкен.

ISBN 978-601-362-435-8

Жинаққа «Жаңа дәуір әдебиетіндегі гуманизм мәселесі» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары енгізілді. Онда әдебиеттанушы ғалым, профессор, филология ғылымдарының докторы Задан Тасқалиұлы Жұмағалидың 90 жылдығына арналған мақалалар және жаңа дәуір әдебиетіндегі гуманизм мәселесі жайындағы зерттеу еңбектері топтастырылған. Сондай-ақ әдебиеттану мен тіл білімінің түрлі салалары мәселелеріне қатысты мақалалар жинақталды.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасы
100024, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28, Тел. (7212) 35-63-16. E-mail: printed@karnu-buketov.edu.kz

ISBN 978-601-362-435-8

© Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, 2026

ЗАДАН ТАСҚАЛИҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.А. Мамыт
Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым, менің ұлағатты ұстазым Задан Тасқалиұлы Жұмағалидің туғанына 90 жыл. Өзінің бүкіл саналы ғұмырын Қарағанды мемлекеттік университетінің қабырғасында шәкірттеріне білім беруге арнаған ұстаз – кеңестік кезеңдегі әдеби үдерісті терең зерттеп, ұлттық руханияттың көкейкесті мәселелерін ғылыми тұрғыдан саралаған білікті әдебиетші-ғалым ретінде елімізге танымал. Бүгінгі таңда академик Ебіней Бөкетов есімін иеленген білім ордасында республикамыздың әр қиырынан келіп, кезең-кезеңімен Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқыған мыңдаған жастардың есінде ұстаздың бірбеткей мінезі мен өзіне ғана тән уытты сөздері сақталып қалғаны даусыз. Мен де сол көп шәкірттің бірімін.

Әдебиет – сөз өнері. Шәкірттерін тіл құдіретінің тылсымына бойлатып, сөз сиқырын сезіндіре алмаған әдебиетші ұстаздың еңбегі еш екені анық. Дәл осы тұрғыдан алғанда, Задан Тасқалиұлының ұстаздық жолы да, ғылымдағы еңбегі де – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Ғалым зерттеу еңбектерінің маңызды бір саласы – абайтану мәселелері. Қазақ ақыл-ойының алыбы Абай Құнанбайұлы шығармашылығын жаңаша пайымдау, әдеби мұраларының тілдік, эстетикалық, гуманистік қырларын заман талабымен қайта қарастыру – Задан Тасқалиұлы зерттеулерінің өзекті арнасы.

З.Жұмағали кеңес дәуірі әдебиетін зерттей отырып, әдебиеттанудың «ақтаңдақ» мәселелеріне терең бойлады. Оның «Уақыт және әдебиет», «Замана сазы», «Жылдар ойлар», «Бел-белесте», «Сөз және оның қолданыс аясы» сияқты еңбектерінде Абай мұрасы арнайы зерттелмесе де белгілі бір мәселелерге қатысты ұлы ойшыл шығармаларының басты құндылығы, әдебиеттегі мектебінің жалғасы бүгінгі заман биігінде ғылыми сарапталады.

Ғалым кеңестік кезеңде маркстік-лениндік әдіснаманың ықпалымен бұрмаланып түсіндірілген әдеби құбылыстарды қайта саралап, ұлттық әдебиеттің тарихи сабақтастығын қалпына келтіруге күш салды. Бұл орайда, әдебиетші-ұстаз Мұхтар Әуезовтің абайтануға қатысты көркем шығармасындағы кейбір мәселелерге жаңаша баға берді.

Мысалы, «Ұлылық ұлағаты» атты мақаласында ғалым «Абай жолы» эпопеясындағы Құнанбай бейнесінің тарихи шындығы мен көркемдік шешімі арасындағы айырмашылықты батыл көтерді. Ғалым кеңестік идеология салдарынан Құнанбай бейнесінің біржақты бағаланғанын атап көрсетіп, тарихи тұлғаны әдеби кейіпкерден ажырата қарау қажеттігін дәлелдеді. Мақаладан үзінді келтірейік: «Саясат құрбандығына бірінші салынған – Құнанбай қажы. Ол – ата-бабасынан уызы арылмаған әйгілі алпауыт, ел басқарған әкім. Сондықтан оны қалай сілкісең де, арқасына қандай құрым жапсаң да сауап. Тек қисынын тап. Аюдай ақырған заман талабы, міне, осы. Қазіргі ұрпаққа ақынның әкесі тек «Абай жолы» бойынша ғана таныс. Оны жауыздықтың, қаталдықтың, мансапқорлықтың – барлық жамандық атаулының баламасы деп біледі. Ал шын тарихтағы Құнанбай одан өзгешелеу болыпты. Обалы не керек, маркстік-лениндік ілім Құнанбайды қорғап бас қатырған жоқ. «Неге олай болып шыққан» деушілерге ол табиғи Құнанбай емес, әдеби кейіпкер деген уәж айттық. Саясаттың отына күйген жалғыз Құнанбай ма?»[1,76]- деген тың ойлар алғашқылардың бірі болып айтылуымен құнды. Бұл – тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы абайтану ғылымының түйіткілді мәселесі болғаны айқын.

Задан Тасқалиұлының абайтануға қосқан ерекше үлесінің бірі – Абай поэзиясының тілін зерттеуі. Ғалым Абай поэзиясындағы тосын тіркестер мен тың лексикалық орамдардың табиғатын терең талдады.

Ол Абай қолданысындағы кейбір тосын сөз тіркестерінің тек көркемдік мақсат емес, қоғамдық-әлеуметтік астары бар құбылыс екенін дәлелдейді. Абайдың образды тіркестерін талдай отырып, ақынның тілдік жаңашылдығын гуманистік ойлармен сабақтастырады.

Бұл тұста ғалым Мұхтар Әуезов пен Мәлік Балақаев арасындағы көркем тіл жайлы мерзімдік баспасөз беттеріндегі ғылыми пікірталасын мысалға келтіріп, көркем әдебиетті бағалауда тек лингвистикалық өлшем жеткіліксіз екенін атап өтеді. Жазушының поэзиялық лексика мен синтаксисті жаңартудағы еркіндігі – әдеби дамудың заңды шарты екенін айқындайды. Бұл

жөнінде ғалым: «Негізінде, орындары белгіленген тұрақты тіркестердің әсіресе, мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздерді басқа сөздермен алмастыра бермеген ләзім. «Түйе үстінен сирақ үйту» деген мәтелді «ат үстінен» немесе «есек үстінен сирақ үйту» деп қалсақ, айтылмақ ой ойсырап, жүдеулікке ұрынар еді. Сондай-ақ «аспанды алақандай, жерді тебінгідей» ету деген мәтелдің құрамындағы сөздерді өзгертудің де қисыны шамалы. Бұл әрине, тұрақты тіркестер қатып қалған бір әлем, оған сырттан ешбір ықпал жүрмеуге тиіс деген сөз емес... Ал Абай сын мен міннен жасқанбай, кәдуескі «құрыққа сырық жалғау» деген мәтелді бір өлеңінде былайша өңдеген:

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қармап.

Бұл өңдеу негізінен өлең тармақтарындағы буын санын қадағалаудан болса керек. Бірақ бұдан айтылмақ ой жаңсақтыққа да, жұтаңдыққа да ұрынбаған. Бәрі түгел, бәрі бар» [2, 289], - деп жазады.

Задан Тасқалиұлы Абай тілінің қуаты – ұлттық негізді сақтай отырып, поэтикалық тың тыныс алып келуінде деген тұжырым жасайды. Зерттеуші Абайды «тіл ісмері» ретінде бағалап, сөздің дыбыстық, логикалық, психологиялық қырларын сабақтастыра қарастырды. Ғалым: «Демек, Абайдың пайымдауынша, айналада болып жатқан әрқилы құбылыс, оқиғаның адамды тиісінше әсерге бөлері хақ. Оның сыр-сипатын салмақтайтын басты құрал – жүрек. Соның сезінуі, түйсіну салдарынан әрбір тірі пенде не күледі, не жылайды дегендей қилы-қилы күй кешеді. Осы байламға бекінген ақын сыртқы сан-сала тітіркендіргіштердің жүректі қалайша тербеп-тебірентетінін аса бір білгірлікпен, сезімталдықпен таңбалаған. Оның қаламынан туған өлең жолдарынан жүрекке қатысты мынандай тіркестерді кездестірдік: асау жүрек, ауру жүрек, жас жүрек, сұм жүрек, отты жүрек, кірсіз жүрек, сорлы жүрек, ит жүрек, ақ жүрек, мұз жүрек, жалтаңдаған жас жүрек, жаралы жүрек, ыстық жүрек, жасыған жүрек, шошынған жүрек, суылдаған жүрек, ұйықтап жатқан жүрек, ызалы жүрек, ынталы жүрек, жамаулы жүрек, қан жүрек, күйген жүрек, теңіз жүрек, достық жүрек, қастық жүрек, айна жүрек, қиянатшыл жүрек, ет жүрек, өртенген жүрек, үрпиген жүрек, балқыған жүрек және тағы басқа. Бұл тіркестердің бірқатары белгілі ғалымдар: Қ.Жұмалиев, Р.Сыздықова, З.Кабдоловтардың атап көрсеткеніндей, жұрттың аузында бұрыннан айтылып жүрсе, бірсыпырасын қолданысқа алғаш енгізген, сөйтіп, тіліміздің байлығын, әуезділігін үстемелей түскен Абай болатын»[2, 291], - деген ғылыми түйін жасайды.

З.Жұмағали Абай Құнанбайұлының осындай сырлы сөз тіркестеріне арнайы тоқталып, оқырман жандүниесін толқытатын тың теңеу, эпитет, метафораларды көптеп тудырғанына дәлел-дәйек келтіреді. Мысалы: «Соның кейбіреуі мыналар: тәтті түн, суық ақыл, асау той, тентек жиын, қараңғы көңіл, жапырағы қураған ескі үміт, кәрі ой, адасқан күшік секілді ой, өкінді жол және тағысын тағылар. Абайға дейін исі қазақ түнді: ұзақ түн, қысқа түн, жазғы түн, қысқы түн, күзгі түн, жаңбырлы түн, боранды түн, қорқынышты түн, желді түн, желсіз түн, ұрлық қылған түн, қызға барған түн, жарық түн, қараңғы түн, жайлы түн, жұлдызды түн, айлы түн, жайсыз түн деген тәрізді нақты жағдаятқа, көңіл-күйге, бағыт-бағдарға байланысты түрліше атағаны аян. Сөйтсек, солардың басқа жан-тәніңді тал бесіктей тербететін, мән-мазмұны ерекше, ұшырасуы сиректеу тәтті түн де болады екен. Ақынның:

Күндізгі харекеттен босанғанда
Өзіңе өзің тиген тәтті түн бар, -

деген сөздерін түп-түгел бас изеп қабылдай отырып, бір уақыт, күнделікті қажеті қанша, өзгелер құралыпты жер басып, тірі жүргеннің өзі аз олжа емес қой деп шүкіршілік еткендейсің. Ақыл-есі дұрыс, дені-қары сау әрбір пенде өзіне қажетті жағдайды қағылмай, соғылмай, біреудің несібесін күндемей, өзінің адал еңбегімен жүзеге асырар болар. Түн оңашалығы арғы-бергіні таразылап, өзіңе-өзіңнің есеп беруіңнің бірегей кезеңі екеніне көз жеткізесің. Аллаға мінәжат айтып, ақ тілекпен жастыққа бас қоясың. Тыным аласың.

Содай-ақ асау той, тентек жиын деген тіркестерден де өзгеше сонылық, қатпар-қатпар суреттер легін аңғарамыз» [2, 292], -деген ой қорытады.

Ұлы ақынның қазақ поэзиясына түбегейлі жаңа түр, жаңа мазмұн алып келуінің түпкі негізін ғалым былайша түйіндейді: « ...туған әдебиетін игерумен, шығыс классиктерінің қолына іліккен шығармаларын зерделеумен шектелмей, Гейне, Гете, Байрон, Мицкеевич, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Дюма сынды алыптармен жақын сырласудың үстіне «Метаморфозы», «Дафнис и Хлоя», «Жиль Блаз», «Хромой бес» тағы басқа орта ғасырлық романдармен толық танысуы арқасында жеткен биігі. Салт-дәстүрі өзге, тіршілік-тынысы бөлек халықтардың өткен кеткенін жете саралауының, басқа тілді майталмандардың сюжет құру, өлең

құрастыру, тармақ ұйқастыру машықтарына тереңдей бойлай алуының нәтижесі. Шабыт шалқарын өрістетіп, ой өрбіту алаңын ұлғайтқанының белгісі. Бұдан былай онда әдепкі ғақлиялық сарын, ақылгөйси сөйлеу біртіндеп екінші кезекке жылжып, сөзбен сурет салу тәжірибесі ілгері өрлейді. Ақындық темперамент сол күйінде қалғанымен өлеңнің түрі, мазмұны сәулеттеніп, философиялық реңі, тағлым-тынысы кемелдене түседі. Айшықты тіл, толымды ой шығармаларының сыртқы симметриясы мен ішкі гармониясын берік жымдастырып, көңілдің жайлауына жайлы жалғасады. Жан дүниеңді аралап, сан күйге бөлейтін құдіреттің – жүректің сонау түкпірінен жарып шыққан қылаусыз көркем поэзияның – қазақ топырағына бұлжымастай табан тіреуінің жол сапары қысқаша, міне осындай» [2, 289].

Ұлы ақынның қазақ поэзиясына жаңалық алып келуінің сыры өзге елдің дарын иелерінің шығармаларын зерделей білумен қатар өлеңнің сыртқы пішіні мен ішкі сипатын ақындық түйсікпен терең ұғына білгендігінде деп жазады ғалым: «М.Әуезов атап көрсеткеніндей, Абайдың шығармашылық жағынан есейіп, кекселенуіне әсіресе, Пушкин, Крылов, Лермонтовтардың тигізген әсері ұлан-ғайыр. Дарқан дарынның өлең сөздің адам өміріндегі қызметін, тыңдаушыны тебірентер құдірет-күшін:

Ақылмен ойлай білген сөз –
Бойыңа жұқпас сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз –
Бар тамырды қуалар, -

деп түйіндеуі – оның аталмыш классиктермен жақын сырласа білуінің, рухани эстетикалық таным, талғам жағынан одан әрмен жетіле түсуінің белгісі. Демек, Абайдың пайымдауынша, айналада болып жатқан әрқилы құбылыс, оқиғаның адамды тиісінше әсерге бөлері хақ» [2, 291].

Ғалым зерттеулерінде гуманизм мәселесі ерекше орын алады [3]. Ол гуманизм ұғымының тарихи эволюциясын саралай отырып, Абай шығармашылығындағы адамгершілік идеялардың ұлттық сипатпен ұштасқанын дәлелдейді [4].

Задан Тасқалиұлы Абайды надандықпен күрескен ағартушы ретінде бағалайды. Ақын шығармаларында «надандық» ұғымының сан мәрте қолданылуын кездейсоқ құбылыс емес, әдеби-әлеуметтік категория деңгейіне көтерілген ұғым деп түсіндіреді. Ғалым: «Қазақ үшін аса күрделі кезеңде дүние есігін ашқан Абай күнделікті өмірдегі жайсыздық атаулының қайсысын да надандықтың салдары деп білді. Көрінісі мен астары сан тарау әлгі кесапатпен белсене күресе келе оны әдеби әмбебап категория дәрежесіне көтерді. Шығармаларында надандық деген сөздің мәндес атауларды былай қойғанда жетпістен астам рет қолдануын тегін демесек керек. Абайдың Шәкәрім қажы бастаған ізбасарлары заманның талап-тілегіне сай надандықтан туындайтын алауыздық, берекесіздік, керенаулық, дүмбілездікке қарсы қойылатын сыйластық, ынтымақтастық, имандылықтарды жаңа мән-мағнасымен байыта тереңдетті. Бұл тенденция өзінің жалғастығын жоғалтқан жоқ. Әдебиеттану ғылымында Абай қалыптастырған бұл дәстүр сөз арасында ара-кідік айтылғанымен жеке проблема деңгейінде қарастырылған емес. Біздің талпынысымыз – сол саладағы ізденістің ең алғашқысы. Абай өмір бойы ақыл-парасатын, күш-жігерін халық алдындағы өзінің перзенттік парызын өтеуге жұмсады. Оның не істеп, не тындырғаны туралы аз айтылған жоқ. Бұл жолы біз ол негіздеген тәлім-тәрбие мектебінен түлеп ұшқандардың кейбіреуінің есімін атаумен шектелеміз. Соның өзі-ақ бір сыпыра жайтты аңғартса керек. Олар: Шәкәрім қажы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ш.Бөкеев, Ғ.Қарашев, М.Сералин, С.Көбеев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Б.Күлеев, С.Торайғыров...» [5, 186], - деп ой түйеді. Абайдың гуманистік бағытын жалғастырған шәкірттерінің басым көпшілігі XX ғасыр басындағы алаш қайраткерлері екенін де атап көрсетеді. Осы арқылы ғалым абайтануды тек әдеби құбылыс емес, ұлттық идеялар эволюциясының арнасы ретінде қарастырады.

Задан Жұмағали Абай дәстүрінің тарихи тамырын хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясымен, XVIII–XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық сарынмен байланыстырады. Ол Асан қайғыдан бастап, Махамбетке дейінгі күрес рухының Абай поэзиясында жаңа сапаға көтерілгенін дәлелдейді. Бұл мәселеге байланысты өзінің ғылыми тұжырымдарын: «Қазақ хандығы жеке ту көтеріп үлгірер-үлгірместен үлкенді-кішілі дау-дамайға жолықты. Сырттан сығалай аңдушылыққа ұшырады. Жат ниеттілердің тарапынан қауіп-қатер сезіле бастаған күннен бермен бұрынғы биязы, жанға жайлы елдік, еркіндік, бүтіндік әуені сергектік, қаһармандық ұрандарымен астасып, қатал сарынға ұласты. Кейбір қоныстас көршілердің басқыншылық пиғылы нақты шындыққа айналған алмағайып, аласапыран тұстарда ол сарын құбыланамалық, нұсқаушылық қызмет атқарды. Асан қайғы, Карға бойлы Қазтуған бабаларымыз және олардың жолын қуған ақылмандар нақыл, өсиеттерін, жыр-толғауларын өзекті мақсатқа – «қара қазан, сары баланың» қамына – бағыштады.

Өздері күні-түні қан майданда жүрді. Осы дәстүр, осы үлгілік рәсім өзінің жалғастығын ешқашан жоғалтқан емес. Басқасы басқа, бақ тайып, ақ патшаның боданында бұлқынған зар заманда да бет-бедерін сақтай білді. Ойымызды сәл-пәл лирикалық шегініс арқылы тарқатыңқырай сөйлесек, патша өкіметі өзінің қазақ сахарасындағы үстемдігін «Жаңа низаммен» түбегейлі орнықтырған соң жаныштау, тонау саясатын тежеусіз, көсілте өрістетті. Жан-жақты түгел қымтаған нәубет ызғары бірте-бірте тұрмыс-тіршіліктің, салт-дәстүрдің буын-бунағын қалағанынша аралап, ұлттық ерекшелігімізге қатер төндірді. Жұртшылықтың наразылығы күшейді. Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы тәрізді атпал ақындар қандастарын бұл зілзалаға үн-түнсіз, жалғыз қалдырған жоқ. Қарманып бақты. Үнемі қасынан табылды. Ұлтжандылар қарасыны бұдан біраз бертін, Абай заманында, қалыңдай түсті. Елдің бас көтерген ұл-қыздары жағдайға орай өздерінің іс-әрекетінде найза мен қылышқа емес, сөз өнеріне сүйенді. Қоғамдық ойдағы Асан қайғы, Қарға бойлы Қазтуған, Доспанбет, Жиенбет жыраулардан тамыр тартып Махамбет Өтемісұлына, Нысанбай жырауға келіп біраз аялдаған күрес сарыны Абай арқылы әдебиетімізге қайта оралды» [5, 78], - деп тұжырымдайды.

Ғалымның пікірінше, Абай дәстүрі – тек поэтикалық мектеп емес, тұтас рухани-этикалық бағдар. Әдебиетші-ғалым Абай негіздеген тәлім-тәрбие мектебінен шыққан тұлғаларды атай отырып, ұлттық сананың жаңғыруындағы олардың орнын айқындайды.

Бұл тұрғыда Задан Тасқалиұлы абайтанудағы дәстүр жалғастығын жүйелі түрде қарастырған зерттеушілердің бірі болды.

З.Жұмағали кеңестік кезеңде Абай мұрасының таптық көзқарас тұрғысынан бұрмаланған тұстарын батыл сынға алды. Әдебиеттің партиялылығы ұстанымы көптеген тарихи тұлғалардың шынайы бейнесін көмескілендіргенін атап көрсетті.

Ғалым Абайды тек «сыншыл реалист» немесе «ағартушы-демократ» шеңберінде ғана бағалаудың жеткіліксіздігін дәлелдеп, оның ұлттық руханияттағы миссиясын кең ауқымда қарастырды. Бұл тәуелсіздік кезеңіндегі абайтанудың методологиялық жаңаруына ықпал етті.

Қорыта айтқанда, Задан Тасқалиұлы Жұмағали – абайтану ғылымын жаңа сапалық деңгейге көтеруге үлес қосқан көрнекті ғалым. Оның еңбектерінде:

1. Абай тілінің поэтикалық табиғаты терең талданды;
2. Абайдың әдеби мұраларындағы гуманистік идеялар ұлттық рухпен сабақтастырылды;
3. Кеңестік кезеңдегі біржақты бағалаулар сынға алынды;
4. Абай дәстүрінің тарихи сабақтастығы ғылыми негізде дәлелденді.

Ғалым абайтануды тек текстологиялық немесе әдеби талдау деңгейінде емес, ұлттық ой-сана эволюциясының кең аясында қарастырды. Сондықтан Задан Тасқалиұлының ғылыми мұрасы – қазақ әдебиеттану ғылымының алтын қорындағы құнды қазына.

Әдебиетші-ұстаздың зерттеулері қазіргі абайтану ғылымының методологиялық негіздерін байытып, тәуелсіздік дәуіріндегі ұлттық әдеби ойдың жаңғыруына жол ашты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмағали З. Замана сазы. Қарағанды, 2001.
2. Жұмағали З. Жылдар, ойлар…Қарағанды, 2004.
3. Жұмағалиев З. Дауылды жылдар шежіресі. Алматы: Мектеп, 1987.
4. Жұмағалиев З.Шындық және көркем әдебиет. Қарағанды,1993.
5. Жұмағали З.Бел-белесте. Қарағанды, 2005.

ПРОФЕССОР ЗАДАН ЖҰМАҒАЛИЕВ – АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУШІ ТҰЛҒА

Н. Нұрпейісов
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі

Задан Тасқалиұлы белгілі ғалым болып ғұмыр кешті. Ұстаздықты ұлағаттап, ғылымды қастерлеп еңбек еткен жанның өнімді, өнікті жазбалары кешегі кеңес дәуірі әдебиеті еді. Бұл дәуір әдебиетінің ішінде Задан Жұмағалиевтің ерекше ден қойып зерттегені С.Сейфуллин мұралары,

сонымен қатар С.Мұқанов, М.Әуезов, Х.Есенжанов, Ә.Нұрпейісов т.б. көптеген классик жазушылардың шығармашылық өнері жөніндегі ғалым зерттеулері құнды, тағылымды.

Ғалым Задан Жұмағалиевтің кейінгі жылдары жарық көрген «Замана сазы» (2001), «Жылдар ойлар» (2004), т.б. кітаптарын ой елегінен зерделей отырып, келесі бір жайтты аңғардық. Ол зерттеушінің кешегі кеңес дәуірі әдебиеті кезеңін жаза отырып сол кезеңдердегі әдебиеттанудағы «ақтаңдақтарға» да тереңдеп баруы, атап айтқанда Шәкәрім Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және ертерек ақталып, әдебиеттегі орнын анықтаған Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылықтарына бүгінгі күннің сөзін айтып, ойлы еңбектер жазуы.

Әрине кеңестік жүйенің күйрер қарсаңында ғана ақталған айтулы тұлғалар жөнінде қаншалықты зерттеулер жазса да жарасымды, себебі 60-70 жылға жуық жабулы күйінде қалған асыл мұраларды енді ғана танып жатқан ұрпаққа тағлымды, зерделі зерттеулер ұсынуды кешегі аға буынның тәлім-тәрбиесін көрген Задан Тасқалиұлы Жұмағалиевтердің жүзеге асырып жатқаны әбден құптарлық болғаны ақиқат.

Аз ғана уақыттың ішінде туған әдебиетіміздің туын биікке көтеріп, «әдебиет-ардың асы» (З.Қабдолов) екенін дәлелдеп, сөз өнерінің ұлттық руханиятты өркендетуге өлшеусіз үлес қоса алатынын айқындап берген алаш ардақтыларының әдебиеттегі ғұмыры қысқа болды, соған қарамастан талай-талай асыл мұралар қалдырды. Сондай асыл мұралардан сусындаған ғалым Задан Жұмағалиев алаш ұлдарын ардақтайтын тақырыпқа тереңдеп барып, «Шәкәрім қажы – жарасымдылық, ынтымақтастық жаршысы», «Ерлік, Отан қорғау толғамы», «Еркіндік, егемендік жолындағы талпыныс әуені», «С.Мұқановтың Қарағандыға бір келгенінде» (естелік-эссе) дейтін ауқымды-ауқымды еңбектер жазған. Бүгін біздің алдымыздағы мақсат-міндет те Задан Тасқалиұлының тек қана осы жазбаларына тереңірек үңіліп, сыры мен сымбатын, берер тағылымын таныту.

Ғалым Жұмағалиевтің алаш азаматтары жазған еңбектермен танысуы сол алпысыншы жылдардың өзінде, яғни жас ізденушінің ғылым жолындағы алғашқы сапарының өзінде-ақ басталған тәрізді. Мұның дәлелін естелік-эссе үлгісінде жазылған «С.Мұқановтың Қарағандыға бір келгенінде» немесе «Жақсының шарапаты» [1.] деп аталатын еңбегінен кездестірдік.

С.Мұқанов әдебиетте де, өмірде де ерекше тұлға. Төл әдебиетіне, туған халқына, әсіресе сөз өнерімен тәнті ететін ақын-жазушылардан С.Мұқановтың шарапатын көрмегендер кемде-кем. Алпысыншы жылдардың ортасында, әлі аяулы тұлғалар ақталмаған кездің өзінде көп жайттан хабардар Сәбеңнің әңгімесі қызық. Естелік-эссе авторы былай дейді: «Сәбең мен Жәкең (әңгіме жазушы Жайық Бектұров жайында) сонау отызыншы жылдардың бас кезінен таныс, біліс екен. .. Жәкең иіп келіп, қалайда сөз ыңғайын бірде Мағжанға тіреді. Сәбең аса іркілген жоқ. Мағжанды балаң кезінен білетінін, жас шағында ақиық ақынның көмегімен Омбыда бір жылдық курсына қабылданғанын айтты. Ақындық талант жөнінен әзірше Абайдан кейін аталуға тиісті тұлға сол екенін … дәлелдеді, оның өлеңдерінен сан алуан үзінділер келтіре сөйледі». Сонымен қатар Сәбит Мұқанов пен Мағжан Жұмабаевтың арасындағы достық қарым-қатынастың үнемі үзілмегенін, Беломор-Балтық каналы бойында айдауда жүрген ақынға Сәбеңнің хат жазғанын, кейін қамаудан босаған ардақты жанның сол кездегі астанамыз Алматыға келуіне септігін тигізгенін айтады, сөйтіп автор мынадай бір түйін жасайды: «Сәбеңнің сол айтқандарының кезінде айналаңа ұрлана қарап, сыбырласа сөйлеуге, сенсация туғызатындай әсерде болса, қазіргі күндері біреуден біреу естіп, айтыла-айтыла әбден үйреншікті оқиғаға айналып кетті. Ол да демократияның арқасы, дұрыстыққа қадам басу деген сөз» .

Иә, қатал қоғам көп мәселеге келгенде сыбырлап сөйлесуге мәжбүр етті, енді ғана дұрыстыққа қадам бастық. З.Тасқалиұлының өзі де ізденушілік жолда жүргеннің өзінде атақты тұлғаларды тануға ұмтылған «Мұнымен тынбадым. Бір күндері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың шығармаларымен танысқым келетінін айтып едім, әшейінде жүзі жылы Жәмила бұл жолы қаттылау кетті. –Ол кісілердің шығармаларының менің бөлімімде бар екені рас. Онымен танысу үшін жоғарғы және арнаулы білім министрлігінен рұқсат және КГБ-дан арнайы қағаз керек, - деді. Бұл сөзді естігендегі зәремнің ұшқаны соншама, отырған орныма қалай келгенімді білмей қалыппын». Қайырымсыз уақыт қасиетті кісілердің мұрасымен танысу үшін де КГБ-дан арнайы рұқсат қағаз талап еткізді, ал енді ол кезде КГБ-ның қағазы түгілі маңайына жақындаудың өзі қауіпті еді. Әйгілі тұлғалардың шығармашылығымен танысуда сондай кедергіге ұшыраған жас ізденуші күндердің күнінде ақиық ақын, М.Әуезовтің өзі «европалылығын, жарқыраған әшекейін сүйемін» деп табынатын М.Жұмабаевтың сүйікті жары Зылиқа апаймен кездесіп, танысады. «Шырағым, мені танымайтын шығарсың, мен М.Жұмабаевтың кемпірімін» дейтін аяулы анаға орнынан ұшып тұрып, екі қолын ұсынып сәлем береді.

Осы ретте бір қызық деталь бар, ол жас ғалым Задан Тасқалиұлының Мағжан ақын шығармаларымен танысу сыры. Бұл жөнінде автор былай дейді: «Мағжанның шығармалары ол тұста маған таныс емес. Бар білетінім – «Батыр Баян». Оны да жасырын Қытайдан келген студент оқып берген». Біздің ойымызша сол алпысыншы жылдары «Батыр Баянды» білу үлкен ерлік, жетістік, ал ендігі бір өкініштісі сол «Батыр Баянды» шетелдік қазақ жастарының жасырын түрде қазақ жеріне әкелуі, шет жерлерде оқылатын жырдың туған жерінде оқылмай теперіш көруі. Эссе авторы Зылиқа ананың ah ұрып, көрген қайғы-қасіретін жап-жас шәкірт балаға сыр етіп шертуін былайша сипаттайды: «-Мағжан үшін көрмегенім жоқ, - деді сөзінің аяғында кейуана. Бірақ бәріне разымын. Мағжан сонау Карелияда Беломор-Балтық каналын қазуға қатынасты. Мен оған сол жерге он төрт рет барып қайттым». Мағжан үшін қандай қиындыққа да төзетін, аласапыранды жылдардың өзінде алыс Карелияға 14 рет барып қайтқан ананың қайсарлығына қалай бас исең де жарасады.

Сәбит Мұқанов және алаш азаматтары жөнінде әрқалай әңгіме бола беретіні рас. Кейде артық-кем кетіп жататынымыз да рас, ал енді замананың соққан дауылы Сәбеңді де артық-кем айтқызуға барғызғаны да тарихи шындық. Бір ғана Сәбең емес, қоғам болып адасқанымызды енді ғана түсініп жатырмыз. Бірақ Сәбит Мұқановтың ұлы Мағжанға деген сүйіспеншілігі әр кез-ақ дұрыс бағытта болған. Карелияда айдауда жүрген асыл ақынға хат жазуы, айдаудан келген кезде Алматыға шақырып көмек көрсетуі бұл күндері көпшілік білетін оқиғалар. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары-ақ ақталған ақынның елге оралуы созылып кетті. Зылиқа анамыз талай есікті қақты, әсіресе, кезінде әдебиет әлеміне Мағжанның ықпалымен келген көптеген адамдардың теріс айналуы жанға батады. Сәбит Мұқанов қадамы өзгеше. Тағы бір рет естелік-эссеге үңілейік: «Бір ай шамасы өткенде нем кетіп бара жатыр деп Сәбитке бардым. Сәбит – Мағжанды көп жамандаған кісі. Сонда да тонымды шешіп алмас деп ойладым. Не керек есіктің қоңырауын қорқақтап әзер бастым. Есікті Сәбиттің өзі ашты. Көрген бойда - Өй, Зылиқамысың, тірімісің, арада қаншама жыл өтті, - деп құшақтай алды. - Әй, Мария, бізге кімнің қонаққа келгенін көрсеңші, - деп жұбайын шақырды. Содан Сәбең екеуміз кешке дейін әңгімелестік. Кетерімде көп ақша берді. Кейін ВДНХ жанынан екі бөлмелі үй алуыма көмектесті. Менің Сәбитке деген ризашылығым айтып таусылмастай. Бірақ Мағжанның шығармалар жинағын шығарып бер деуге аузым бармады, батылым жетпеді».

Үзіндіні ұзақтау келтірдік, оның себебі Зылиқа ананың Сәбеңе деген сүйіспеншілігін дәлірек, толығырақ жеткізу керек болды. Естелікте Сәбит Мұқанов пен Жайық Бектұров арасындағы оңаша әңгіме барысында талай-талай өзекті ойлар айтылады, соның бірі Жүсіпбек Аймауытовқа қатысты. 1928 жылы Шымкенттен атақты «Ақбілек» романын кітап етіп жариялау үшін сол кездегі астана Қызылорда қаласына Жүсіпбек Аймауытов келеді, көркем әдебиет баспасының жауапты редакторы Сәбит Мұқановпен кездеседі. Әрі жас, әрі албырт Сәбең «Жүсекеңді ақырын оңашалап: «Өзіңіз көрікті жігітсіз, әрі белгілі жазушысыз, ал жеңгеміз өзіңізге лайықты емес, жұпыны», - деп наз айтады.

- «Ақбілек» жеке кітап болып шықпай қалды ғой, - дейтін Жәкеңнің сұрағына «Сәбең үнсіз басын изеді, жүзінде әлде мұң, әлде өкініш бар», еді деп түсінік береді. Сәбит Мұқановтың өмірден өткеніне де елу жылдан астам уақыт өтті. Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев т.б. алаштың айтулы тұлғалары жөнінде Сәбең талай рет мұңға батты, жүрегі өкінішке толды, қолынан келер қайран болмады. Сонымен бұл естелік-эссенің берер ғибраты мол, естелік өз жанрына лайықты тарихи шындықты бұрмаламай, көз-көрген, естіген қалпында суреттеуімен құнды. Задан Жұмағалиевтың С.Мұқанов, Ж.Бектұров, М.Жұмабаевтың жары Зылиқа апаймен болған кездесулері, естіген әңгімелері тарихи шындығымен құнды. Сәбеңнен естіген әңгімелерін жаңғырта отырып М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар туралы өнегелі ой түйген.

З.Жұмағалиев ардақты жандар жөнінде тек естіген әңгімесін естелік үлгісінде жазумен шектелмеген. Бұл тақырыпта «Шәкәрім қажы - жарасымдылық, ынтымақтастық жыршысы», «Отты жырлар өрнегі», «Қилы кезең, сырлы сурет» деп аталатын зерттеулер жазған. Енді осы зерттеулердің біршамасына кеңірек тоқталып, Задан Тасқалиұлының өзіне тән қолтаңбасын тануға ұмтылайық.

«Шәкәрім қажы – жарасымдылық, ынтымақтастық жыршысы» [2.] деп аталатын зерттеу өте көлемді. Ғалым бұл зерттеуінде Шәкәрім Құдайбердиевтің бүкіл шығармашылық мұрасына талдау жасауды мұрат етпеген, ақынның мол әдеби мұрасының бір саласы поэмаларына ғана тоқталған, соның ішінде «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек». Зерттеуші «Ақын «Қалқаман-Мамырда» алдымен орталық тұлғалардың арғы тегін түгел тарқатып, ол екеуінің шөберелік тұстан түйісетінін ағайындас адамдар екенін ашады да, олардың өмірлерінің трагедияға

ұласуының түпкі түйінін белгілейді. Кейбір жастардың құлағында жүрсін, далалықтардың салтында жеті ұрпақтан алыстамайынша семьялық жұп құруға рұқсат етілмеген», - деп бір түйеді. Махаббат жыры, махаббат майданындағы трагедия табиғаты қазақ даласында жиі кездескен. Махаббат жырын шертеміз деп жүріп сергелдеңге түскен жандардың бірі Қалқаман мен Мамыр. Кеше де, бүгін де махаббат заңы мен дала заңы үйлесе бермеген, атап айтқанда жеті атадан аспайынша туыстық қарым-қатынас сақталып, жастардың үйленуіне рұқсат етпеген. Бұл ұлттың саулығын сақтап, генетикалық жағынан мықты болып өсуіне ықпал ететін бірден-бір фактор екені талай рет дәлелденген, бұны жетік білген бабаларымыз махаббат, сүйіспеншілік деп жыр айтқандарға көне бермеген, махаббаттан да биік етіп ұлттың саулығын қойған. Осы бір нәзік мәселені терең білетін, туған әдебиетіміздегі гуманизм мәселелері жөнінде монографиялық деңгейдегі еңбектер жазған зерттеуші Задан Тасқалиұлы: «Ұлттық дәстүрді былай қойғанда, мұсылмандықтың түп тамырына дейін бойлай білген Шәкәрімдей ғұлама ғалымның ата жолынан көріне алшақ кеткен Қалқаман мен Мамырды жұртшылық алдында қатал сынап, тәртіпке шақыру орнына оларды қостап дәріптеуін, жазаға тартқандарды тағы, надан деп тілдеуін түсіне алмадық», - деп бір түйсе, одан әрі: «Ақын өзінің екінші бір поэмасында бір әкеден туған адамдардың Нартайлақ, Айсұлу атты салаларының бір-біріне деген ғашықтығын майын тамыза баяндайды. Оларға көлденең келгендерді әлгінде айтылған дөрекі сөздермен аяусыз айыптайды». Зерттеуші ғалым ақын Шәкәрімнің махаббатты жырлаған шығармаларының бұндай бағыттарымен келісе кетпейді, кейіпкер Қалқаманның «Шариғат қосады екен немересі» дейтін «тал қармауына» қарсы. Сол себепті «автор, біздіңше нақты болған, өзінің ересен ерекшелігімен ел жадында сақталып қалған оқиғаны өзгеріссіз, сол күйінде және діни тұрғыда баяндауды дұрыс көрген», - деген қорытынды пікір айтады. Осы аралықта Шәкәрім мұраларының бірден-бір жанашыры, белгілі ғалым әрі жазушы Мұхтар Мағауиннің келесі бір пікірі де назар аударарлықтай: «Егер екі жас шариғат жолынан бейхабар болса, олардың арасындағы сезім туыстық ықыластан арыға бармас еді. Ойға қозғау салып, көңілге от берген – бөтен елдің исламмен бірге келген теріс салты». [3.]

Бұл назар аударатын күрделі мәселе. Дүниенің тарихын жетік білетін ақынның, Мекке Мединеге дейін сапарда болған қажы Шәкәрімнің жеті атаға жетпей-ақ сүйек жаңғыртуға бола береді деген қағидасы қазақ арасынан қолдау таппады және ол дәстүр осы күнге дейін қолдау таппай келеді.

Ғалым Жұмағалиев Шәкәрім қажының келесі бір шығармасы жөніндегі ойын былай бастайды: «Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» дастанындағы орталық тұлғалар да үлкен-кішіге етене таныс лиро-эпос жырларындағы аруақтардың ізбасарлары іспетті. Аз ғана ғұмырында бықсып жанбай, көкке бойлай маздап өткен аяулы жандар. Фәни жалғанмен сонау баяғыда қоштасса да ұрпақтар есінде берік сақталуының басты себебі – сол ерлікке татырлық үздік қасиеттері». Қаншама ғасырлар өтсе де ел жадында сақталып келе жатқан, тарих парағында да, әдебиет әлемінде, тіпті сахна төрінде де жасындай жарқылдап келе жатқан бұл образдарға зерттеуші осылай биік баға береді, «бықсып жанбай, көкке бойлаған» жандарды үлгі етеді. Ш.Құдайбердиевтің XX ғасырдың басында (1912ж) жарық көрген бұл поэмасын М.Сералин, М.Дулатов, С.Торайғыровтардың осы тақырыпқа жазылған поэмаларымен салыстыра зерттейді. Шәкәрім қажының бұл поэмасы да ел ішінде бой көрсете бастаған жаңалықтың жан-жақты қолдау таппай ескіліктің қаһарына қалай ұшырағанын сипаттайды. Жоғарыда атап көрсеткініміздей даланың қатал заңы, салт дәстүрі сезімге, сүйіспеншілікке бөленген жастардың дегеніне көне бермеген. Зерттеуші Жұмағалиев осы жағдаяттарды тап басып көрсетіп, Шәкәрім ақынның жұрттың жадында сақталып қалған нақты оқиғаны сол күйінде жыр жолдарына айналдыру арқылы әркімнің өмірдегі орнын белгілейтінін атап көрсетеді. Ең бастысы Шәкәрім қажы поэмаларындағы «тіршіліктің сан-сала күйбеңінен арнайы: махаббат, әділет, таза жүрек, бостандық, терең ғылым сияқты ең елеулі проблемаларды әдейі іріктеп» алады, талдау жасайды. Мұның бәрі осы аталған зерттеудің құндылығын арттыра түскен.

«Әдебиетіміздің үлкен тұлғасы, Абай шыңына иықтаса орналасқан сеңгірі, сыршыл өлең сөздің бәйге бермес шабандозы Мағжан Жұмабаев ұзақ жылдардан соң алды кең, тынысы еркін, адамгершілігі мол бетбұрыс замананың есігін айқара ашып, ортамызға қайта оралды»,- деп [4.] пікір сабақтаған ЗаданТасқалиұлының «Отты жылдар өрнегі» деп аталатын зерттеуі де осы бетбұрыс заманында ғана елге оралған М.Жұмабаев шығармашылығын зерттеуге арналған екен. Әдебиеттану ғылымының ең бір қолайсыз, қасіретті күндері Мағжан шығармашылығына байланысты десек қателесе қоймаспыз. Осы жағдаятты атап көрсеткен зерттеуші: «М.Жұмабаевтың өлең-жырлары жандайшап, жадағай белсенділердің назарына алдымен ілігіп, бірыңғай дерлік содырлы сынға ұшырады» дейді, ащы болса да тарихи шындық солай.

Зерттеушінің келесі бір атап көрсететін мәселелері Мағжан мен Сәкеннің арасындағы қарым-қатынастар сөз етіледі. Иә, ұлы тұлғалар Омбыдағы семинарияда қатар оқып, білім алды, әдебиет айдынына қатар шықты, өкінішке орай екі талант екі жолмен жүрді, бірі қазақ елінің тәуелсіздігін, бостандығын, ұлттық руханиятын сақтап қалатын жолды таңдаса, екіншісі патша үкіметінен енді ғана бостандық алған елінің кеңестік жолмен жүруін таңдады. Осылайша екі жолды таңдаған ақындар Задан Тасқалиұлы көрсеткендей бір-бірімен творчестволық байланыста болды, кейде-кейде қақтығысып, «Заманымыздың ақыны» (Мағжан), «Бір яш», «Келеке қылушыдан» (Сәкен) т.б. өлеңдер жазып отырды, бұл қақтығысулардың арты ушыға келе 1929 жылы С.Сейфуллиннің «Пролетариат» деген өлеңі жарық көрді, Мағжан сынды аяулы ақынға әдеби сот жүргізілді. Мағжанды дұрыс түсінбегендер қатарында С.Мұқанов, Н.Төреқұловтар аталса, қолдау көрсеткендер қатарында С.Қожанов, Ж.Сәрсенбиндер аталады. Мағжантану ғылымы қазіргі таңда күн сайын толығып, өркениетті жолға түсіп келе жатыр. Сол себепті бір кездері «Батыр Баянды» Қытайдан келген қандасымыздан алып жасырып оқитын, кейініректе Зылиқа апаймен талай рет сырлы да жырлы әңгімелер айтатын Задан Жұмағалиевтің Мағжан өміріне қатысты ең бір маңызды мәселелерді кеңірек қозғауы заңдылық деуге болады. «Қазір …дұрысты дұрыс, бұрысты бұрыс деуге, барымыз бен жоғалтқанымызды түгендеуге мүмкіндік алдық. Өткеніміз бен бүгінімізге тура, ғылыми талдау жасауға талаптанудамыз. Тек аптықпау керек, албырттанбау керек», -дейтін автормен әбден келісуге болады, жоғалғанды іздеп, жоқты тауып жазып жүрген З.Тасқалиұлының бұл ақтаңдақ салаларын толықтырудағы ерен еңбегіне тек ризашылық білдіруіміз керек.

«Қилы кезең, сырлы сурет» атты зерттеу алаш ұранды әдебиеттегі ең көрнекті тұлғаның бірі Ж.Аймауытов шығармашылығына арналыпты. «Ақын, драматург, прозашы, публицист, сыншы, аудармашы Жүсіпбек - әдебиеттің көптеген жанрларында қызмет істей отырып, осы жанрлардың қазақ әдебиетінде орныгуына ерекше еңбек сіңірген, сөйтіп, кеңестік дәуірдегі жаңа әдебиеттің негізін қаласқан топтың алдыңғы легінде болған үлкен талант иесінің» [5.308] барлық қырына емес, зерттеуші ғалым Ж.Аймауытұлының қазақ прозасына қосқан үлесін айқындауға, дәлірек айтқанда «Күнікейдің жазығы» повесі, «Ақбілек», «Қартқожа» романдары сияқты күрделі мұраларына көбірек тоқтап, талдау жасаған. Бұл мұралардың бәрі дерлік қазір ұлт байлығына айналды. Задан Жұмағалиев: «Қайткенмен де әркімнің татар дәмін, жүрер соқпағы мен тұрақтар тұғырын белгілейтін бірегей сарапшы. - Уақыт, кезеңнің ауа райы делінетін тұжырымның ақиқаттығына Ж.Аймауытов образдарымен дидарласып, тілдескеннен кейін қалтқысыз иланатындай күй кешеміз. Шындықтан киелі ешнәрсе жоқ. Сөйтіп, қоғамдық ойға Абай орнықтырған дәстүрді насихаттай жалғастырушылардың ең көрнектілерінің қатарынан орын алды», - деп баға беретін талант иесі Уақыттың қандай тезінен де аман өтті. Абай дәстүрін жалғастырушылардың арасынан өзіне лайықты орын алды. Осы ретте академик Рымғали Нұрғалидың келесі бір пікірі еріксіз еске оралады. Ол: «Азаттықтың нұрлы шапағаты арқасында қазақ халқының рухани қазынасы репрессия жылдарында құзға батқан алып кемелер - Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев сынды зор талант иелерінің аса көркем, терең идеялы, күрделі шығармалары қайтып оралды. Оларды жан-жақты зерттеу, жариялау, насихаттау, бір сөзбен, түлеу заманына орай кәдеге жарату – азаматтық парызымыздың бірі». [6.122] Иә, ел, қоғам алдында да, әдебиет алдында да ары таза, азаматтық парызын адал орындап, күні кеше ғана ортамыздан озған ғалым Задан Жұмағалиев құзға батқан алып кемелерді жағаға шығаруда шама-шарқынша үлес қосып өтті, біз соның біршамасына ғана аз-кем тоқталдық.

Биылғы жылы туғанына 90 жыл толып отырған Задан Тасқалиұлы Жұмағалиевтің қазақ әдебиеттану ғылымына, оның ішінде алаш ұранды әдебиетті зерттеуге қосқан өзіндік үлесі аз емес деп ойлаймыз. Өзі айтқандай «асықпай, аптықпай» ғана еңбек ететін, әлдекімдерге ұқсап өзін-өзі жарнамалап, марапаттап жатуды білмейтін, қарапайым ғана табиғилықпен жарық көрген кітаптарына «Мынау алтыншы» деп қана түсінік беретін ғалымның сара жолы, ғылым мен білімдегі өзіндік қолтаңбасы ешкімге ұқсамайды. Кешегі «ақтаңдақтардың» ақиқатын айтудан жалықпайтын, кешегі әдебиетті бүгінгі күнмен үндестіре жазып қалам тербеген ғалым мұралары - бүгінгі ұрпақ үшін бағалы байлық. Бүгінгі және келер ұрпақтың ойлы, саналы азаматтары ғалым шығармасынан өзіне керекті рухани қазына ала берері ақиқат құбылыс.

Қорыта келгенде филология ғылымдарының докторы, профессор, алаш ардақтыларын зерттеуші ғалым Задан Тасқалиұлы Жұмағалидың 90 жылдығына байланысты «Жаңа дәуір әдебиетіндегі гуманизм мәселесі» атты тақырыппен өткелі отырған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына сәттілік тілеймін. Бабаларымыздан қалған бір өсиет:

«Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді». Жақсы ұстаз, талантты ғалым болып өмір сүрген Задан ағай рухы - біздің, шәкірттерінің мәңгі жадында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмағали З. Жылдар, ойлар… Қарағанды, 2004.
2. Жұмағали З. Замана сазы. Қарағанды, 2001.
3. Бес арыс. Алматы, Жалын, 1992.
4. Елеукенов Ш. Мағжан. Алматы, Санат, 1995.
5. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы, ғылым, 1997.
6. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. Алматы, санат, 1997.
7. Байланыс телефоным: 8 701 390 62 17 (ватсап)

ГУМАНИЗМ ЖӘНЕ РУХАНИ КЕМЕЛДІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ҒАЛЫМ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ
(профессор З.Т.Жұмағалидің ғылыми еңбектеріне бүгінгі күн биігінен шолу)

М. Хамзин
«Bolashaq» академиясы
Филология ғылымдарының докторы, профессор

Адамзат баласының руханият тарихында сонау ерте заманнан бастап күні бүгінге дейін түрлі пікірлерге арқау болып келе жатқан, бұлтартпас толғамды көзқарасқа ие бола қоймаған ұғым – гуманизм, ал, оның (бірде адамгершілік, кейде адамды сүю деп атап жүрміз) адам баласын ең жоғарғы құндылық деп танып, оның өмір сүруін, қадір-қасиетін, еркіндігі мен жан-жақты дамуын қорғайтын көзқарастар жүйесі екендігіне [1,105б] ден қойсақ, оның, бәрінен бұрын, мейірімділік пен әділеттікке, адамгершілікке негізделген ізгілік идеясы деген анықтамасына көбірек сүйенсек те, жоғарыдағы (түрлі пікірлердің бар екендігін айтып отырмыз) ойымыздың үнемі қылаң берер жүйеге айналып келе жатқанын жасырудың қажеті шамалы. Философ Ғ.Есімнің пікірі гуманизм дегеніміз ақиқатты құдайсыз тану, ал, Абай сол ақиқатты тек Алла арқылы ғана танығаң [2,105б]:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,
Алланың танытуға сөзі айрылмас.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,
Және хақ жол осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл.
Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ,
Басты байла, жолына малың түгіл. [3,304б]

Осыдан келіп адамды Алланың сүюі, адамның адамды сүюі, адамның Алланы сүюі (үш имани-гүл) тұтаса келіп, хакім Абайдың толық адам концепциясына, сәл кейінірек Шәкәрімнің ар тазалығы қағидасына ұласқан.

Әр кезең, әр уақыт аясындағы әлгі гуманизм ұғымы тұтаса келіп, белгілі бір дәрежеде қоғамдық қажеттілікке айналды деген пікір қалыптасты, түрлі қоғамдық құрылымдар (формация) тұсында жетекші деп табылатын идеологиялық бағыт оны елеулі күшке айналдырды, барлық салада оны пайдалануға тырысты. Егер кеңестік жүйе сол күшті ұтымды пайдаланып, адамдардың құқығы тең болады, жарлыны ауқатты етеміз, адам адамға дос, жолдас, бауыр деген ұран, үгіт-насихатты тиімді пайдалана қоймағанда, XX ғасырдың он жетінші жылындағы қазан төңкерісінің жүзеге асуы неғайбыз еді ...

Гуманизм жетекші идеяның рөлін атқарды. Жетекеші идеяның өміршендігі мен жасампаздығы өте қуатты идеологиямен тығыз байланысты, ал, «... идеология — шын мәнінде адамдар санасының ақиқатқа қатынасын анықтайтын және қабылдайтын саяси, құқықтық,

адамгершілік, этикалық және философиялық идеялар мен көзқарастардың жүйесі. Ол саяси өмірде көпшіліктің саяси санасын қалыптастыруға, қоғамдық өмірде бағыт-бағдар, рухани байланыстар жүйесін айқындауға көмектеседі және саяси іс-әрекет жолдарын белгілеу қызметін атқарды» деген анықтаманы назарда ұстасақ, осы мәселемен яғни қоғамның идеологиясына қызмет еткен гуманизмнің көркем әдебиеттегі көрінісіне уақыт талабы, қоғам тынысына орай зерделеу жүргізіп, ғылыми зерттеу жүргізген ғалым З.Жұмағалидың еңбегін айрықша атар едік те, бүгінгі күн тұрғысынан өзімізше сипаттар едік;

— зерттеушінің қазақ әдебиетіндегі гуманизм идеясын және Абай мұрасының кейінгі жылдарға дейін назардан тыс қалыңқырап, тек атүсті, үстірттеу, шолу сипатында ғана айтылып келген қырларын тереңінен қамтып, ғылыми дәлелмен дәйектеп шығуы арасында **ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС, ОРГАНИКАЛЫҚ БІРЛІК** бар;

— өзі үшін **ИДЕАЛ** болған, **ИДЕЯСЫ** айрықша ұнаған көркемөнер туындысы ғана талантты ғалымның зерттеу нысанына айналмақ, сондықтан да ғылымға да, өнерге де асқан өктемдік әрі озбырлықпен араласқан, алайда онысын асқан жымысқылықпен сездірмеген тоталитарлық дәуірдің сайқал саясатын қаперге алғансыған түр, сыңай көресетсе де, негізгі ойын, бұлтартпас ғылыми айғақтарын ғалым ишарат, ым-емеурінмен жеткізе алды;

— Ғалым З.Жұмағалидың ауқымды зерттеулерін саралай келе, бірнеше жайтты бағамдауға болады: а) автор дәл сол дәуірдің яғни өзі нысан еткен кезеңдегі гуманизм өрісін сөз өнері арқылы сөз ете отырып, идеологияның негізгі миссиясын қаламгер туындысындағы авторлық тұжырымдамадан, ұстанымнан мейлінше ажыратуға тырысқан, біртұтастықты үндеп, насихаттап отырған сияқты түр байқатқанымен саясат және таза, еш боямасыз саф өнердің арасындағы орасан зор алшақтыққа астыртындау түрде көңіл бөлген; ә) дәстүр мен жаңашылдық сияқты философиялық ұғымдардың шын мәнінде алғашқысы боп жаңашылдық дүниеге келеді ғой, егер ол қанатын кеңге жайып, өзінен кейінгілерге рухани шүйгіндікке айнала алса ғана дәстүр боп берік орныгатыны ақиқат, демек, еңбектерінде зерттеуші З.Жұмағали осы принципке адалдық танытқан яғни жүйелілікті сақтай отырып, гуманизм идеясының Абай мұрасындағы шүйгіндікке қалай ұласып шөлін мейірлене басқанын дөп басқан.

— зерттеушінің ірі еңбегі, ғылыми дәйектемелірінің құндылығы, бәрінен бұрын, сол тұстағы яғни өзі зерделеу нысаны еткен уақыттағы нақты рухани, әдеби, мәдени хал-ахуалдық жай-жапсарын егжей-тегжейлі, мұқият саралауында дер едік. Дәл сол тұстағы гуманизмнің, онда да өршіп гуманизмнің тарих сахнасына шығуына нендей факторлар себепкер болып, алғышарттар жасады, неге бірер-жарым емес, тұтас бір ағымға жататын оптимизм, жарқын болашаққа деген берік сенім, адамдар санасының бірден басқа бағыты құп көріп, өзгеруі — бәрі-бәрі қандай жайттармен байлынысты, міне, осынау алапат сауалдар З.Жұмағалиға қоғамдық-әлеуметтік, саяси тарихи жағдаяттарды терең бағамдап, олардың көркем әдебиеттегі көрінісіне зер салына бастады деген дұрыс, соның нәтижесінде автор адам-уақыт-сана үштағанының қыр-сырына үңіле алды, өнерді жасаушының қоғамдағы, тарихи уақыт аясындағы орнына тың, сыни көзқараспен үңіле өтсек, қателесе қоймаспыз.

Сөз жоқ, гуманизмнің көркем әдебиеттегі көрінісін саралай келе, нақты әдеби үрдістің қалай, қандай бағытта дамып жатқанын ғылыми тұрғыдан тиісті тұжырым жасап, нәтижелерін айтпай-ақ, былай дамуда, мына жанрда мынандай, ана жанында анандай шығармалар дүниеге келді десе, хронологиялық тізіп шығуға бастайтынын сезген автор басым бағыт ретінде әдебиеттің маңызына, негізгі миссиясына кеңінен тоқталады.

Хакім Абай сөз өнерінің дертпен тең екеніне мән беріп қана қоймай, оның ұлы міндеттеріне де тоқталды, философия мен сөз өнерінің арақатынасына болжам айтса, сол әдебиеттің өміршеңдігіне назар аударған философ А.Ф.Лосев: «Русская художественная литература — вот истинная русская философия, самобытная, блестящая философия в красках слова, сияющая радугой мыслей, облеченная в плоть и кровь живых образов художественного творчества. Всегда отзывчивая к настоящему, переходящему, временному, русская художественная литература в то же время была сильна мыслью о вечном, непреходящем; почти всегда в глубине ее шла неустанная работа над самыми важными, неумирающими и значительными проблемами человеческого духа; с проклятыми вопросами она почти никогда не расставалась..» [4,212с.].

Жоғарыда айтқанымыздай, басты еңбектерінде сабақтастық пен жалғастық тұтасқандықтан, ғалым З.Жұмағали бір проблемамен, онда да адамзат баласы ойлап тапқан ғылымның барлық түрлері тоғысқан тұсына назар аударуға мүмкіндік алды, себебі біреу: ол — гуманизм арқылы Абай әлеміне енуге әрекет жасау еді, ендеше, қыруар сауалдардың құрсауында қалғаны және рас деуіміз орынды.

Бір жағынан тұтас бір дәуірдің басты ұстанымына айналған ғаламат қуатты жетекші идеология бар, дүниені дүр сілкіндірген, жасампаз боп табылатын тегеурінді сенімі бар, тұтас халықты, қыруар елді соңынан ертіп, өз ұстанымына иландыра алар қарқыны бар. Сол ұстанымға көп адамдар, ғалымдар, өнерді жасаушылар, саясаткерлер т.б. өлердей сенді. Уақыт өте келе, ол жүйенің мүлде қате, өтірік, жалған сенімге негізделгенін біраз адамдар түсінді. Алайда олар алып аппараттың кішкентай ғана тетігі еді, наразылығын сезісімен жүйе оларды құртты, жойды, айдады, қамады. Ол тұтас бір трагедиялы кезең еді. Адамдардың, миллиондаған жандардың сенімі ақталмады. Бармағын шайнап, опық жегендер қаншама?!. Ал, сол жүйе небәрі жетпіс жылдан сәл асқанда бір оқ атылмай жалп етіп құлады. Құдіретті партия тарады. Тоталитарлық жүйе келмеске кетті. Қан шеңгелдеп келген еді, құлап, құрдымға кеткені де белгілі бір заңдылықтан туындаған еді ...

Осы жерде негізгі мәселеден сәл ауытқып кеткен сияқты болып көрінсек те, бірер жайтқа тоқталуды жөн көріп отырмыз:

Біріншіден, қазіргі кезеңде күні кешегі оқиға, құбылыстарды мансұқтап, ғылыми, тарихи, саяси тұрғыдан түп төркініне үңілмей, жаппай тарихшы, философ, саясаттанушы, ұпай жинаушылар молайып тұрған тұста, егер ғылыми еңбектерінде мол кінәрат бар, сол замандағы қызыл империяның сойылын соққан, зұлмат, нәубетті сол тұста айта алмаған деп кінә тағылып, үлкен тізім жасалса, өз еңбектерінде тоталитарлық тәртіпті мақтаған деген тізімге З.Жұмағали сияқты ғалым ілікпес еді, ол өмір бойы алашшыл идеяны ту етіп көтерген еді десек те, бәлендей қисынға келе қоймас, алайда өзі пір тұтпаған сол кезеңнің қайраткерлері шығармаларын зерттеуде әділдік пен ақиқатқа жүгініп еді десек, ешкім де бізді жалған айтты дей қоймас...

Бір ғана С.Сейфуллинді алайық. Ол да, қазір көбіміз баррикаданың екі жағына қойып жүрген алаш қайраткерлері де өз халқының қамын ойлады, оның өркениетті, дамыған елдер қатарынан көрінуін арман етті, сол үшін білімін, қайраткерлігін аямады, алайды бір-бірінен айырмашылығы: мақсат біреу болса да, таңдап алған жолдары әр түрлі еді, Сәкендер бар үмітін большевиктермен байланыстырды, бірақ қателігін кеш түсінді, өзі қызмет еткен сол жүйе оның түбіне жетіп тынды. Ондай қайраткерлерді ұтымды пайдаланған жүйеге енді ондай азат ойлы, еркіндікті, дербестікті аңсаған жандар керек емес еді. С.Сейфуллин тағдыры өте күрделі, трагедияға толы жан болса да, қандай азап көрсе де, арына кір келтірмей, бетінен қайтпай, бірде-бір халқым деп жүрегі ерекше соққан адамдардың үстінен жалған сөз айтқан жоқ; екіншіден, болашағынан үлкен үміт күттіретін бір азамат қоярда қоймай жүріп, философиядан тақырып алып (ғылыми жетекшісі — профессор Ж.Әбділдин), гуманизм ұғымын ғылыми еңбегіне арқау еткен еді (өкінішке қарай; екі жылдай болды бақылық боп кеткеніне...), сол азамат бір жолыққанда «...мен жаңалық аштым, біз айтып жүрген гуманизм деген мүлде жоқ» дегені есімде қапты. Бұл пікірдің ғалым З.Жұмағали және осы ықшам жазба авторы бізге де қатысы жоқ яғни ақ-қарасын, дұрыс, бұрысын анықтау біздің міндетімізге жатпайды, алайда гуманизмді іргелі еңбегіне арқау еткен Задан Тасқалиұлының нақты ақиқатты Абай дүниетанымына сүйене отырып, Жаратушы Ие арқылы түйсінуге қол созғаны анық...

Ғалымның ақиқатты Абайша тануы оны хакімнің ойлы мұрасына ғана бастап қоймай, оны өзінше толғам жасауына алып келді. Әр сөзі жұмбақ, салмақтылығы атан түйеге жүк боларлық Абайды ақын, әдебиетші деумен шектеліп, оны солай атауға мәжбүрлеген уақыттың қыр-сырына үңілген зерттеуші ойшыл, философ, кемеңгер тұлғаның шығармаларына өз тұрғысынан үңіледі. Сауал қояды. Жауап іздейді. Жұмбағын шешуге тырысады.

Ақиқатын айтсақ, Абайдағы мына жолдар ғалымның назарына ілігіп, ерекше ден қойғызғаны тылсым әлеміне, түпсіз тереңіне бастағаны анық!

Абайда: Атымды адам қойған соң,

Қайтіп надан болайын?

Халқым надан болған соң,

Қайда барып оңайын?! — деген шумақ бар. Ескерте кетейік, Абай шығармаларын зерттеушілердің бірі осындағы надан сөзін әу басында хайуан болған дейді яғни надан емес, хайуан. Зерттеуші надан (хакімнің жарық көрген шығармаларының басым бөлшегінде надан делінген) сөзіне талдау жасап (надан сөзі кездесетін шығармаларын саралап), зерделеу жасаған.

Надан — нақты бір адамды немесе халқын қаралау, күстаналау емес. Ол — барша адамзат баласына дала данышпанының өз таным-түйсігі тұрғысынан тіл қатуы

Абайдың надан сөзіне айрықша ден қойғаны оншалық, әр адам оның жұмбағына үңілері анық. Надандық, бір жағынан үңілсек, арта қалған, қараңғы, топас, сауаты жоқ т.б. ұғымдармен орайлас. Алайда хакім оны өте кең мағынада алған.

Надан болсаң, кімге жақсылық жасап, кімнен алғыс естисің? Жақсылық деген не? Алғыс деген не? Олар міндетті ме? Надандық бір адамда ғана болса, қыруар адам әлгі адамның соңынан неге ереді? Демек, наданның, надандықтың жолының ашық болғаны ма? Адам баласы жасар қыруар зұлымдық, жамандық — бәрі-бәрі сол надандықтан туындап тұр ма? Ашкөздік, тойымсыздық, парақорлық, имансыздық, қан төгу, қылмыс, тұтастай алғанда, сол надандықпен байланысты ма? Ал, адамзат неге имандылықтан бойын аулақ салады? Қанағат, ынсап, тәуба, шүкіршілік қайда?

Осынау сауалдар күні бүгінге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Абай әлеміне енген ғалым З.Т.Жұмағалидың да тұжырым, ұстанымы осы төңіректен табылса керек. Әрине, шағын дүниеде көп нәрсені қамти алмайсың. Біз тек басты, маңызды деген мәселелерге ғана тоқталдық. Ал, біраз жайттарды ғалым, ұстаздың мерейтойына арналған жинақта айтқанбыз... Реті келгенде, т.б. мәселелер айтыла жатар.

Ғалымның екінші ұмыры оның еңбектерімен яғни зерттеу дүниелерімен анықталатыны айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Философиялық анықтамалық. А., 1980.
2. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. А.,1995
3. Лосев А. Философия. Мифология. Культура. М., 1991

ФИЛОЛОГ, УЧЕНЫЙ, ПЕДАГОГ:
90-летний юбилей профессора З.Т. Жумагалиева

Ж.Н. Жунусова
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
доктор филологических наук, профессор

Чествование профессора З.Т. Жумагалиева проходит в преддверии Дня филолога, который утвержден ЮНЕСКО в 1989 году и ежегодно отмечается 25 мая как профессиональный праздник всех тех, кто посвятил свою жизнь филологии (лингвистике, литературе).

Как известно, наука филология (от др.-греч. φιλολογία, люблю (филео) + слово (логос), букв. «любовь к слову) представляет собой совокупность гуманитарных наук, требующая от каждого какого-то особого расположения к ней, некоторые склонности и определенные качества, конечно же, беззаветной «интеллектуальной любви» и страсти к человеческому слову [1]. Эта профессия очень значима в жизни общества, так как письменность, культура и история – основные составляющие любого народа.

Профессия *филолог* – довольно трудная сфера деятельности человека, им необходима великолепная память, аналитическое мышление, знание научного языка и широкий кругозор. Сегодня эта профессия пользуется популярностью и большим спросом на специалистов этой области.

И только одаренная личность-филолога сможет передать, пропустив через себя, духовный мир любой эпохи, ее внутренние закономерности и воплотить в своих научных изысканиях.

На наш взгляд, одним из таких выдающихся филологов был профессор З.Т. Жумагалиев. Очень велика его роль в становлении карагандинской школы литературоведов. Кафедра казахской литературы является «одной из активно развивающихся кафедр, накопившей большой опыт в области изучения казахского литературоведения и фольклористики» [2].

Сегодня научный статус кафедры определяется деятельностью и трудами известных ученых в области литературоведения, за годы существования кафедры были подготовлены и защищены докторские диссертации *З.Т. Жумагалиевым, Ж.К. Смагуловым, Б.С. Рахимовым, М.И. Абдуовым, С.Б. Жумагуловым, Ж.Ж. Жарылгаповым*.

В те далекие годы в Центральном Казахстане параллельно формировался молодой университет, который был так необходим для нашего региона и должен был в будущем обеспечить высокий уровень подготовки научной и творческой интеллигенции, в том числе, высококвалифицированных филологов. Второй университет в республике должен был заявить о

себе как вуз, который достоин этого звания. Место, которое занимает университет в жизни страны, определяется «по его работе в подготовке специалистов» и зависит, в первую очередь, от кадров преподавателей и профессоров.

В эти судьбоносные годы формирование З.Т. Жумагалиева как ученого происходит через преданность науке, ежедневный кропотливый труд и творческий подход к решению сложных литературоведческих задач на кафедре казахской литературы в контексте «общественно-социальных, исторических … реалий времени» [3, 6].

Профессор Задан Таскалиевич Жумагалиев – один из тех, кого можно назвать основателем кафедры казахской литературы, вписавший свое имя в историю университета и факультета, установивший традиции и тот «кафедральный дух», который до сих пор чтят филологи. Долгие годы он был заведующим кафедрой, затем деканом факультета и до конца своей преподавательской деятельности оставался мудрым наставников, отдавая много сил, энергии, свой наработанный опыт в области литературоведения своим ученикам и последователям.

Мы сегодня вспоминаем выдающегося ученого-филолога, профессора Задана Таскалиевича Жумагалиева (1936-2023), которому в эти дни исполнилось бы 90 лет. Данное мероприятие организовано на уровне университета неслучайно, так как такие ученые всегда оставляют свой след, и они достойны уважения в научных кругах, на кафедре и в университете. Он оставил после себя монографии, учебные пособия, воспитал плеяду последователей, которые и сегодня продолжают его творческие замыслы, воплощают в жизнь все то, что не успел завершить их учитель и наставник.

Его литературоведческие труды в области исследования казахской литературы и филологии известны далеко за пределами нашей республики, он признанный специалист и автор фундаментальных научных трудов по исследованию гуманистического направления в казахской советской литературе.

Своими научными изысканиями профессор З.Т. Жумагалиев внес значительный вклад в современную казахстанскую науку по литературоведению. Научное наследие ученого отличается высоким профессиональным уровнем, глубиной исследования освещаемых проблем, оригинальным подходом к решению сложных аспектов в литературоведении. Его неисчерпаемый по своим возможностям научные исследования форм художественного отражения действительности поистине раскрыли новаторскую природу метода социалистического реализма с гуманистическим содержанием. Понятие "гуманизм" профессор расширил на материале художественной картины мира и закрепил этот термин в дальнейших научных исследованиях.

Труды профессора по сей день не потеряли своей актуальности, они «созвучны современности», так как филология, которой он посвятил всю свою жизнь, была и есть «служба понимания» [4].

Профессор З.Т. Жумагалиев всегда вовлекал студентов в атмосферу живого диалога, приобщал к актуальным вопросам восприятия проблем литературоведения, исследованию языковой личности писателей и их художественного видения мира. Творческое наследие профессора привлекает внимание нового поколения литературоведов, вносит значительный вклад в развитие отечественного образования и воспитание молодежи, а «вышедшие из-под его пера научные изыскания войдут в золотой фонд казахстанской филологии»[5].

Будучи известным ученым в области литературоведения, он оставался очень скромным человеком, удивительно спокойно разрешал любые проблемы, никогда не повышал голоса. Особо следует отметить его человеческие качества: уважительное отношение к коллегам, ученикам и студентам, которые высоко ценили его умение понимать, сопереживать и открыто высказывать свою позицию. Известный писатель Д.И. Фонвизин утверждает, что настоящая человечность (честность, доброта, совесть) – это нечто постоянное, не зависящее от времени, поэтому «имей сердце, имей душу, и будешь человек во всякое время».

Список использованной литературы:

1. Жеребило Т.В. Филология // Словарь лингвистических терминов, 5-е изд., испр. и доп. – Назрань: ООО "Пилигрим", 2010. – С. 431. – 486 с.; Аверинцев С. С. Филология // БСЭ / гл. ред. А.М. Прохоров. – 3-е изд. – М.: Советская Энциклопедия, 1977. – Т. 27. – С. [410] (стб. 1218); Ушаков Д.Н. Большой толковый словарь современного русского языка. Classes.ru.
2. Молчанова, В.С. Филологический факультет Карагандинского государственного университета имени Е.А. Букетова: организация научной деятельности / В.С. Молчанова. – Текст:

непосредственный // Молодой ученый. – 2013. – № 10 (57). – С. 597-603. – URL: https://moluch.ru/archive/57/7856.
3. Акылбаев Ж.С. Пешене – Предназначение. – Караганда, 2008. – с.6.
4. https://www.pravmir.ru/pohvalnoe-slovo-filologii/
5. Жунусова Ж.Н. Человек должен жить в сфере добра (профессору З.Т. Жумагалиеву 80 лет). Адамгершілік айнасы (Ғылыми танымдық, естеліктер кітабы). – Қарағанды: Гласир баспасы, 2016. – б. 102–106.

Основные труды профессора З.Т. Жумагалиева:

1. «Өршіл гуманизм өнегесі» (1977)
2. «Дауылды жылдар шежіресі» (1987)
3. «М.Жұмабаевтың поэмалары» (1992)
4. «Шындық және көркем әдебиет» (1993)
5. «Уақыт және әдебиет» (1999)
6. «Замана сазы» (2001)
7. «Кезең және әдебиет» (2004)
8. «Жылдар, ойлар…» (2004)
9. «Бел-белесте» (2005)
10. «Сөз және оның қолданыс аясы» (2011)

ЗЕКЕҢНІҢ ЗЕРЛІ ШЕКПЕНІ

Ж.Қ. Смағұлов
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология ғылымдарының докторы, профессор

Оқу ғимаратында асықпай ғана маңғаз басып келе жатады. Жүгіре басып барып сәлем бересің. Аман-саулықтан соң:

- Сен бала осы... – деп сөз бастайды. Қуанып қаласың. Егер «Осы сіз...» деп бастаса-ақ болды, онда құрдың, күнделікті күйбең тіршіліктің қамымен жүріп бір жерден мүлт кеттім деп ойлай бер. Ұстаздардың ұстазы болып жүрген абзал ағаның «Сізге» бергісіз «Сеніне» қайта ие болу үшін ойланып-толғануға, өз-өзіңе іштей есеп беруге тура келері анық. Бірақ та жеке бастың пендешілік жолындағы реніш емес ол. Не ғылым саласындағы іс-әрекетіңе көңілі толмағаны, не адами қасиет көрсетуде аяқты шалыс басқаның. «Осы аға неге ренжи береді», - деп өкпелей де алмайсың. Ақыл таразысына салған соң ағаттығыңа «әй, әттенген-ай» дейсің. Өйткені, ұстаз ұлағаты деген сол.

Өткен ғасырдың сонау алпысыншы жылдары ортасынан бастап жоғарғы оқу орны саласында еңбек жолын бастаған Задан Тасқалиұлының алдынан мыңдаған шәкірт білім алып, маман ретінде қалыптасып шықты. Олардың кез келгеніне сөзін «Сен бала осы...» деп бастамасы анық. Әрі-беріден соң міндетті де емес. Ал өзің «Сен бала осыға» ие бола алсаң, онда Ұстаздың биік талғамы мен талабының үддесіне шыққаның. Сонан соң «мен өзі соған лайықпын ба?» деген күмәнді ой үнемі мазалап, сол «осы сенге...» тірелетін сенімнен ешбір айырылмауға ұмтыласың. Еліміздің шартарабында жүрген түлектер қалай екенін білмеймін, Қарағанды университетінің филология факультетінде еңбек етіп, ғылыммен айналысып жүрген, алдының жасы жетпістен асқан, бүгінде шашына ақ кірген аға шәкіртінен бастап, бүгінде магистратурадағы жүрген жастарға дейін әрдайым осы сезімде жүретіні анық. Өйткені олар – Зекеңнің зерделі шекпенінен шыққандар.

Зекең бас болып ірге тасын қалаған «Қазақ әдебиеті» кафедрасы өсіп-өне келіп, ордалы кафедраға айналды. Кез келген жоғарғы оқу орнынан иығы озық ғылыми ортасы бар ұжым десек, артық айтқандық болмас. Олар түгілі қазақ тілінің екі бірдей кафедрасындағы Зекеңнен дәріс тыңдау құрметіне ие бола алған әріптестеріміз де абзал ағаның осы мерейтойы алдында «үлгілі ұстаз, жақсы аға, қамқор адам ретінде менің өмірімде қандай із қалдырды» деген ойда жүргеніне сенім кәміл. Өйткені олардың барлығы – Зекеңнің зерлі шекпенінің жылуын сезініп барып, ғылым атты кең дарияға сапарға шыққандар. Себебі толғауы тоқсан тағдырдың бұйрығы да шығар,

алайда осынау аласапыран өмірде оларды қызығынан қызғанышы, мейірімінен қаталдығы басым ғылым атты қиын салаға тәрбиелеп, бәйгеге қосқан Зекең еді.

Кешегі тоталитаризм заманындағы қазақ тілінің абырой-беделі төмендеген кезде ұлттық ниглистер мен мәңгүрттермен арпалысып жүріп «Қазақ әдебиеті» кафедрасын ашып, оны жиырма жыл бойы басқару оңай шаруа болмаса керек. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын бар-жоғы 25-ақ студентке тіл мен әдебиеттен бір кафедра жетпей ме?» деген сыңаржақ пікір айтылмай да қалған жоқ емес еді. Ал «орыс тіл-әдебиеті» мамандығына бақандай 75 студент қабылданатын. «Мен қазақпын» деп кеуде қаққанмен өз ұлты алдында презенттік парызын (егер орындаса) әркім әрқилы сипатта түсінетіні бар. Біреу кеуде қағып айғай-шумен, «мені көрдің бемен» шықса, ал енді басқалары үндемей ғана іс тындырып мадақ-мақтау күтпей-ақ жүреді. Біз Зекеңді осы соңғы топтағы адамдар қатарына жатқызар едік. Дәлел керек пе? Күндізгі бөлімде оқитын 25 студенттің әрі кетсе екі-үшеуінен басқасы түгелдей қыздар болып келгені жалған емес. Олар және әлім-перім жүретін «ақыншалыс» ұлдарға қарағанда, тиянақты да білімді келетіні рас. Ұлдардың бұл мамандықты таңдауының да нақты себебі бар. Бүкіл республика бойынша ҚазМУ-дегі жалғыз «журналистика» факультетінің қазақ бөліміне де қабылданатыны – 25 студент қана. Оған оқуға түсу-қияметтің қайымы. Ал әжесінің әлдиі мен ертегісінен бастап ұлттық рухани мұрадан сусындап өскен ұлдардың барлығы – шетінен «ағып тұрған» ақын. Әй, білмеймін, алдарына ұлы Абайды салса қинала салатын шығар, ал Мұқағали, Қадыр, Жұмекендермен өзін тең санайтын «ылғи мықтылар». Бүкіл Орталық Қазақстан аймағындағы осындай өзін «дүлдүл» санайтындардың тоқайласатын жері – Қарағанды шаһары. Рас, олардың барлығы бірдей айтулы ақын болып шықпаған да болар. Бірақ әдебиет аталатын қасиетті өнерге қатысы бар орта және жоғарғы оқу орындары саласында, журналистикада, баспа орындарында абыройлы еңбек етіп жүр.

Емтиханның ең қауіптісі де, ең жауаптысы да әдебиет пәнінен шығарма жазу. Әдеби білімі де, жазуға бейімі де болғанмен ұлдар жағы қазақ тілінің қаптаған үтірі мен сызықшасының салдарынан алғашқы емтиханнан кейін-ақ селдіреп шыға беретін. «Алтын бесік - ауылым» атты еркін тақырыпқа өлеңмен поэтикалық шығарма жазған талапкердің жазба жұмыстан «екі» алып еңкілдеп тұрып жылағанына да куә болған едік. Сол жігіт мойнына түскен тағдыр тауқыметінен оқи алмады, қазір аудандық газеттің дипломсыз тілшісі болып қалды да қойды.

Міне, жігіттер жағының оқуға түсуі аз болуына қатты алаңдаған Зекең қабылдау емтиханы кезінде комиссия мүшелеріне «ұлдарды сақтайық» деп қанша өтінгенімен, ол ойы жүзеге аса қоймайды. Ақыры өзі комиссия төрағасы болған 1974 жылы осыны жүзеге асыру мақсатында тәжірибе жасап көруге бел байлайды. Бағымыз бар шығар, біз осы экспериментке тап болдық. Сол жылы оқуға түскен топтағы жиырма бес баланың 14-ті жігіттер болды. Қазірде «алпыс - тал түске» келген солардың төртеуі өздері бітірген факультетте оқытушы-ғалым болып қызмет атқарып, ғылыммен айналысып жүр. Ғылым докторы, кандидаттар. Сол 14 жігіттің ең төмен қызметтегісі – мектеп директоры.

Конкурста бір орынға 15 адамнан келетін «қазақ тілі-әдебиеті» мамандығында оқитын жігіттер санының көбейуі осыдан, яғни Зекеңнің әлеуметтік, тіпті ұлттық мәні бар мәселені дер кезінде түсіне білген көрегендігінің арқасында десек, бос сөз бола қоймас. Таяуда ғана бір танысымның баласын үйінің жанында тұрған мектепке бармай, алыс мектепте оқытып жүргеніне таң қалғанымда: «ол мектепте қазақ тілі мен әдебиет пәнінен ер адам сабақ береді. Балам жақсы адам болып өссін десең, осы ойыңда болсын» деп жауап берген еді. Зекеңнің сол жылдардағы бастамасының мәні зор екенін одан сайын ұғына түскен едім.

Әдебиет атты киелі сөз өнеріне ұмтылған сол жетпіс-сексенінші жылдардағылар бір ерекше ұрпақ еді. Мысал керек пе? Қазір танымал журналист Т.Майбастың былтыр ғана республикалық жүлде алған «Керат» әңгімесі сол жетпісінші жылдарда жазылып еді. Жатахананың тар бөлмесінде оқушы дәптеріне жазылған туындыны таласа-тармаса оқығанбыз. Классик жазушы О.Бөкей жоғары бағалаған әңгіме отыз жылға жуық еш жерде басылмай қойды. Керат бейнесі шахтада көмір тасып әбден көмпіс болған жылқы жануар ма екен?! Шахтадағы қараңғылыққа үйренген оны қартайғанда жер бетіне шығарғанда соқыр болып қалуында не сыр жатыр?! Ол-отаршылдық пен бодан болудан басы айналып шарасыз күйге түскен, алды мәңгүртке айнала бастаған, шерменде күйдегі қазақ халқының символдық образы деп ойласаңыз, ешбір қателеспейсіз. Ал жап-жас жігіттің осындай жабық тақырыпқа баруы табиғи талантының әсері ғана емес, оған жол ашқан Зекең секілді ұстаздардың арқасы да еді. 1964 жылы құрылған С.Сейфуллин атындағы «Балауса» үйірмесіне жетекшілік жасаған Зәкеңнің тағылымы мен тәрбиесінің нәтижесі аз болмады. Әрине, кейбіреулері «Зекең маған қалай жазуды үйреткен жоқ»

деп қарсы болуы да мүмкін, бірақ әдебиеттің әсемдік әлемінің қыр-сырын ұғындырған Зекең бастаған ұстаздар екенін ешбір жоққа шығара алмас.

Шығармаларын оқымақ түгіл, атын айтудың өзі қауіпті саналатын Алаш арыстарының есімдері мен көркем туындылары туралы танымдық деректі де біз алғаш рет тек Зекеңнің аузынан естігенбіз. Зекеңді құдай сақтады, «ұлтшылдықтың» қамытын киіп шыға келуі оп-оңай еді. МХК-нің «үндемес» тыңшылары студенттік топтардың ортасында да болды. Оған дәлел – егер ұмытпасам, өз дәрісінде Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылмағаны, оны адам айтқысыз қанжоса қырғынмен жаулап алғанын нақты деректермен дәлелдеген тарихшы ғылым кандидатының тағдыры. Ең өкініштісі – қазір оны ұлы державалық шовинистік қысымға қарсы өз әлінше көзсіз ерлік жасады деп бағалап жүрген ешкімнің де болмауы. Ал, біз Зекеңнің дәрісінде М.Әуезовтің «Қаракөз» трагедиясы жабық бәйгеден бірінші орын алу себебі «ұлтшыл-алашордашыл» Ж.Аймауытов деген «біреудің» өзінің 1-орын алған «Шернияз» драмасына тиселі бірінші орын мен оған берілетін ақшалай сыйлықты Ленинградта оқудағы Мұқтарға қиғанын естіп таңдай қаққамыз. «Ел қорғаны» деген драмасындағы қазақ ауылына қызылдар келіп қалғанда алдынан көтеріп шығатын қызыл шүберек болмай қалғандағы «қатындардың дамбалы болса да табыңдар», «ол құрғырлардың қай бір жөнді ыштаны бар дейсің» дейтін кейіпкер сөздерін Зекең тек өзіне тән және ешкім қайталай алмайтын мысқылмен айтатын. Жігіттер жағы ду етіп, ал қыздар бетін партаға басып алып жырқ-жырқ күледі. Ондай сәтте Зекеңнің көзіне түсіп көріңіз, «Сіз неге күліп отырсыз. Мен күлкілі сөз айтып тұрмын ба?» деп сөгіп тастар еді. Сонда ойлайтынбыз, «өзі күлкілі нәрсе айтып, неге күлесің» деген реніш айтатыны несі деп. Қарап отырсаң, айтылған сөздің мән-мағынасына ой жібермей, үстірт қана түсінетінімізге налиды екен-ау.

Қ.Жұмалиевтің 1938 жылғы шыққан «Әдебиет теориясы» еңбегінен бұрын «алашордашыл-ұлтшылдар» көсемдерінің бірі А.Байтұрсынов «дегеннің» «Әдебиет танытқыш» атты іргелі зерттеуі болғанын да алғаш Зекеңнің дәрісінде таныс болдық. Сөйтсек, «санасы барлары болса ұға берсін, ең болмағанда өз халқының даналарының есімдері құлақтарында қалсын» деген мақсатта айтады екен ғой. Филфактағы қыздар жағында шама жоқ, Зекеңді анадайдан көрсе-ақ болды, айнала қашады. Ал біз, жігіттер жағы, Зекеңнің көңілді шағын аңдып және тағы бір аяулы ұстазымыз Мұрат Смағұлов екеуін айналдырамыз. Адам баласының тиым салынған нәрсеге құмартып тұратын қасиеті бар ғой. Пионер, комсомол болып тәрбиеленген біздер ғылыми зерттеу еңбектерде «ұлтшыл» атанып қара күйе жағылғандар туралы барынша көбірек білгіміз келетіні рас еді. Себебі біразымыздың әкелеріміз Ахаңның әліп-биінен сауат ашқандар болғандықтан, бала кезімізде солардың айтқандары мен Зекеңнің мағынасы терең сөздерін өзімізге белгісіз бір түйсікпен ұғынуға талаптанушы едік. Ендеше профессор Т.Кәкішевтің «С.Мұқанов өзінің 1932 жылғы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (Ұлтшылдық – байшылдық дәуірі)» атты еңбегін субективизмге сүйене отырып әдейі жазды. Ондағысы «ұлтшылдықты» әшкерелеген бола отырып, оларды тарихта қалдыруды мақсат тұтты» деген пікірін еріксіз мойындауға тура келеді.

Студент кезінде КазПИ-де оқып жүргенінде М.Силченко, Э.Себертян бастаған оқытушылар орыс және шетел әдебиетінен екі жүзден астам шығарманы оқуды тапсырады екен. Олардың кейбірі үш-төрт томнан тұрады. Бұған қазақ әдебиетін қосыңыз. «Филология факультетінде оқу дегеннің өте қиын екенін сонда ғана білдім, - деп еске алады Зекең – Ұлттық фольклор мен әдебиетінен жақсы білгенің үнемі ескеріле бермейді. 4 курсқа дейін оқудан шығып кетсем қайтеді деп жүрдім. Әлгі әдебиеттерді тізім жасап алып қуалап тұрып сұрайды. М.Силченко сол көркем шығарманы оқымасың, үштен артық баға өлсе қоймайды. Бәрін білу қайда, сорыма қарай Мопассанның «Өмір» атты романы тап келді. Ол – оқуға қол тимеген бес-алты шығарманың бірі. Тура сол келеді деп атымен ойлаған емеспін. Өліп-талып әрең тапсырдым. Ал қазіргі студенттерге шығарма оқы десең аттап баспайды. Содан бұрын да екі ойлы жүрген басым тіптен көңілім қалды. Ақыры зоовет институтқа үшінші курсқа ауысып кетуге бел байладым. Келісіп алған соң, деканымыз Х.Әділгереев деген адам еді, соған бардым. Бұл бесінші курстың орта шені еді. Деканым шошып кетті, мемлекеттік тапсырыста бітіруге тиісті адамнан айырылу оңай емес, ол кезде заң да қатты, таяқ жеуі оп-оңай. Ол өзі Кенесары бастаған ұлт азаттық көтеріліске байланысты Е.Бекмахановтармен бірге қуғын да көрген кісі еді. Жағдайымды түсініп, орнынан тұрып жаныма келіп отырды, біраз әңгімелестік. Алайда бітіріп алған соң да басқа оқу орнына түсуге болатынын, ал дәл қазір босата алмайтынын айтып, алдап-сулап шығарып салды». Осы бір кездесу Зекеңнің келешектегі тағдырына да әсер еткен екен. Қ.Жұмалиев аспирантураға қалдыру үшін екі жігіттің кандидатурасын ұсынғанда, декан «бұл өзіне қатты талап қоя алатын студент» деп Зекеңді таңдапты. Оған студенттердің жағдайын білу үшін жатақханаға келіп, қолы бос болса

шахмат ойнап кететін белгілі ғалым, КазПИ-дің сол кездегі ректоры М.Ғабдуллин де қарсы болмаған.

Ал бірде «ғылымға қалай келдіңіз» деп сұрағанымызда Зекеңнің былай дегені бар: «Аспирантураға қаламын, ғылыммен айналысамын деген ойым мүлде болған емес. Біздің Орал жақтың бір студенті болды, өте үздік оқушы еді. Соған «аспирантураға қал» деген ұсыныс жасағанда «жоқ, мен ауылыма барып мұғалім боламын, еліме еңбек етемін» деп үзілді-кесілді қарсы болды. Міне қырық жылдан асты өмір бойы мектеп директоры болып келеді. Райком, обкомға шақырғанда да барған жоқ. Алдына бір ғана мақсат-мұрат қойып, соған жету жолында таймайтын және тайынбайтын адамдарға қатты қызығамын. Егер сол жолы қалғанда баяғыда-ақ академик болатын еді. Мен өзіме ұстаз санайтыным – академик Қ.Жұмалиев. Фольклордан да, ақын-жазушылар шығармаларынан да жатқа соғатын есте сақтау қабілеті жоғары адам еді. Бір емтиханда «Біржан-Сара» айтысын басынан аяғына дейін жатқа айтып «өте жақсы» деген баға алғанмын. Содан кейін-ау деймін, көңілі түсіп, аяқ астынан аспирант болдым. Ал өзім болсам, кейін белгілі ғалым болған, сол кезде «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы Н.Ғабдуллинге жолығып, сын бөліміне баруға келісіп қойғанмын».

Әдебиеттің өнердің бір саласы ретіндегі эстетикалық мұраты адам тәрбиелеу екені әлімсақтан мәлім. Оның қай тақырыпта болса да жырлайтын басты өзегі – бүкіл азаматтық гуманизм. Қандай да болсын қоғамда гуманистік идеялардың жырланатыны, жақсылық, әділік, шындық және тағы басқа ізгі қасиеттер дірңптеліп, жамандық атаулы сынға айналатыны бұлжымас қағидаға айналғаны қашан. Ендеше әдебиеттану аталатын күрделі ғалымда бұл проблеманың ыждahатты түрде зерттелуді қажет екендігі өз-өзінен белгілі. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде осы тақырыпқа алғаш барған және түбегейлі тексерген де Зекең болды. Кандидаттық қорғағаннан соң оны кешенді түрде зерттеуге бел байлады.

«Ол кезде» - деп еске алады. Зәкең, - тоталитаризм зардабынан әдебиет кеңестік идеологияның үгіт-насихат құралына айналған шағы еді ғой. Бірақ гуманистік идеялар жырланбайтын көркем шығарма болмайды. Маған жекелеген және атағы шығып жүрген жазушылар шығармаларын зерттеуге ұсынғандар да болды, ақыл-кеңес бергендер де болды. Бірақ, көзқарасымнан таймадым. Себебі, жеке ақын-жазушы шығармашылығынан докторлық қорғау ғылым үшін де қажет болғанымен жеке бас үшін де бүкіл ұлттық әдебиеттанудың келелі деп саналатын күрделі мәселері тұрғанда өзімді әдейі қиынға салдым. Бұл жолдағы талпыныс қадамымды түсіне білген және барынша құптаған профессор Т.Нұртазинге деген алғысым мол».

Расында да Зәкеңнің «Өршіл гуманизм өнегесі» аталатын 1977 жылы жарық көрген монографиясы ғылыми ортада резонанс тудырды демесек те таптаурын болған тақырыптардан қара үзін шыққаны шындық. Қазіргі ғылыми зерттеушілік ой-пікір бұл тақырыптағы бағытта соны ізденістер жасауға талпыныс жасап жатқан болса, сол жолдың басында Зәкеннің ғылыми зерттеулері мен мақалалары тұрғаны анық. Танымал ғалым Зәкеннің қолынан шыққан «Өршіл гуманизм өнегесі» (1977), «Дауылды жылдар шежіресі» (1987), «Уақыт және әдебиет» (1999), «Замана сазы» (2001), «Жылдар ойлар» (2004), «Бел-белесте» (2005), атты монографиялар мен «Шындық және көркем әдебиет» (1993), «Кезең және әдебиет» (2004) және т.б. оқулықтары табан ақы, маңдай терімен келген елеулі еңбектер деп біледі. Мысалға 1999 жылы жарық көрген «Уақыт және әдебиет» атты зерттеу еңбегін алсақ та жеткілікті. Тоталитарлық-әміршілдік жүйе кезінде ғылыми-зерттеу жұмыстарында басты бағытқа ұсынған маркстік-лениндік әдіснаманық әдебиеттің таптығы мен партиялығы аталатын қасаң қағидалары салдарынан бұрмалана түсіндіріліп келген қате көзқарастар түзетіліп, қазіргі кездегі талапқа сай жаңаша талданған. Еңбектегі 1994 жылы жазылған «Ұлылық ұлағаты» аталатын М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы туралы мақаладан бір ғана үзінді алалық: «Саясат құрбандығына бірінші салынған – Құнанбай қажы. Ол – ата-бабасынан уызы арылмаған әйгілі алпауыт, ел басқарған әкім. Сондықтан оны қалай сілкісең де, арқасына қандай құрым жапсаң да сауап. Тек қисынын тап. Аюдай ақырған заман талабы, міне, осы. Қазіргі ұрпаққа ақынның әкесі тек «Абай жолы» бойынша ғана таныс. Оны жауыздықтың, қаталдықтың, мансапқорлықтың – барлық жамандық атаулының баламасы деп біледі. Ал шын тарихтағы Құнанбай одан өзгешелеу болыпты. обалы не керек, маркстік-лениндік ілім Құнанбайды қорғап бас қатырған жоқ. «Неге олай болып шыққан» деушілерге ол табиғи Құнанбай емес, әдеби кейіпкер деген уәж айттық. Саясаттың отына күйген жалғыз Құнанбай ма?»- деген секілді тың ойлар әуезовтану іліміндегі зерттеушылық ой-пікірде тәуелсіздік алған кезде алғашқылардың бірі болып айтылуымен құнды. Бұл секілді кесек-кесек соны тұжырымдарды еңбектегі «Тар жол – тайғақ кешу», «Ботакөз», «Қан мен тер», «Ақ жайық», «Тоқаш Бокин», «Қыран қазасы қияда» сияқты тарихи тақырыптағы шығармалар туралы жазылған мақалалардан көптеп кездестіруге

болады. Тарихи тұлға және көркем бейне проблемасы мен жазушының шығармашылық лабораториясын терең түсінуге ұмтылған филолог маман да, студент шәкірт те ғылыми мәні мол жаңа деректер мен тың талдау, сапалы саралаулар таба алар еді.

Көркем шығармалардың тағдыр-талайы туралы жаңаша ізденістер Зәкеңді ұлттық әдебиет тарихындағы ақтаңдақтар тақырыбына жетеледі. Қазақ халқының зиялы қауымына қарсы жүргізілген қатал саясат пен шовенистік көзқарастың, нигилизмнің құрбаны болған М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытовтардың өмірі мен шығармашылығы, С.Торайғыров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Х.Есенжанов және т .б. туралы бұрын ашық айтыла бермеген пайымдауларды ғалымның 2001 жылы шыққан «Замана сазы» атты ғылыми зерттеулер жинағынан кездестірер едік. Нақты айтқанда З.Жұмағалидың сын-зерттерулері мен оқулықтары ұлттық әдебиеттану ғылымына қосылған сүбелі еңбектер десек, артық айтқандық емес. Ғалым Г. Гессе «каждый, кто идет в жизни совственным путем - герой» деген екен. Бұл тұрғысынан алғанда, филология ғылымдарының докторы, профессор Задан Тасқалиұлы Жұмағали – өмірді тек өзі таңдаған және өзіне ұнайтын жолмен ғана сүріп, ғибратты ғұмыр мен ұстаздық ұлағат қалдырған ғалым.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ГУМАНИЗМ МӘСЕЛЕСІ

Б.С. Рахым
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология ғылымдарының докторы, профессор

Жалпы әдебиеттегі басты тақырып жақсылық пен жамандықтың күресі екені мәлім.Ауыз әдебиетінен бастап,жазба әдебиетінде де бұл заңдылық жалғастығын тауып келеді.Бұл істі көркемдік тұрғыдан игеруге шеберлік қажет.Жер бетіндегі мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың тілі мен ділі,тұрмыс-тіршілігі,салт-дәстүрі әр түрлі десекте,өмір үшін күрестегі әрекеттері ортақтасып жатады.Барлық халықтың рухани қазыналарынан бастап,қазіргі асыл сөздерінде ерлікті,әдемілікті,адалдықты дәріптеп,залымдық пен зымияндықты,екіжүзділік пен қызғаншақтықты барынша жеріне жете сынға алады.Айталық қазақ халқының айтулы батырлары Алпамыс,Қобыланды,Қозы мен Баян, Жібек пен Төлеген, Аяз би,Жиренше,Төле би,Қаз дауысты Қазыбек,Әйтеке билер елі мен жері,адалдық пен пәктікті,ақыл мен парасаттылықты дәріптеуі дәстүрге айналды.Өмірдегі зорлық пен зомбылық, іштарлық пен қызғаншақтық, арамдық пен аярлық атаулыға жауапты адамгершілік, қамқорлық,қайырымдылық арқылы табуға болатындығын біздің ұлттық әдебиетімізде ұлықтап келеді.Сан-салалы ғылым бұны гуманизм ұғымы арқылы түсіндіріп береді.Біздің өрісті асыл сөз өнеріміздегі «Әдебиет-ардың ісі», «Әдебиет-адам жанының айнасы», «Әдебиет-өмірді тану құралы» деген тұжырымдар нәтижесі гуманизм өнегесі екені мәлім.Сөз өнері бұл істі үздіксіз жалғастырып,дамыта алғандығын қайта өрлеу заманында Ф.Петрарка, Дж.Бруно, Т.Мор, Т.Кампанеллалар айтса, бергіде гуманистік идеалды әр қырынан зерттеген марксизм-ленинизм классиктері болды.Гуманистік ой-пікірлер таласы түрлі тартыстар туғызып,тап тартысы,қоғамдық тартыстарға алып келгені тарихтан белгілі.Түрлі қақтығыстар,алапат соғыстар соның дәлелі.Тынымсыз атыс-шабыс,арпалыс айқастардан кейін тез арада шаруашылықты қалыпқа келтіріп,алға ұмтылу жолында гуманистік тәлім-тәрбие берудің насихатшысы өнер өкілдері болу керектігі ескертіліп отырды.Қалам қайраткерлері бұл іске құлшына араласып,қоғамдық жайлардан қалыс қалмады.Қазақ қаламгерлерінің бұл бағытта көркем туындылары өмірге келді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында сандаған шығармалар сыннан өтіп,талайлары тың табыс ретінде әр кез,әр шақта бағаланып келді.Алайда қазақ әдебиетіндегі гуманизм мәселесін тереңдей тексеріп,арнайы ғылым зерттеу ісін қолға алған белгілі ғалым Задан Тасқалиұлы Жұмағали болатын.Өзінің зерттеу еңбегінде ғалым гуманистік байламын төмендегіше түсіндіреді.

«Жұртшылыққа мәлім, гуманизм ұғымы латын тілінен аударғанда адамгершілік,адам баласына жылы ілтипат, қайырымдылық, қамқорлық деген мағынада. Қайта өрлеу дәуірінен бермен қарай ол ұғым алдыңғы қатарлы ойшылдардың пікірлері арқасында тереңдей түсті:салауаттылықты, биіктікті,мейірбандылықты,көпшіліктің алаңсыз еркін тұрмысы,қоғамның әрбір мүшесінің жан-жақты дамып қалыптасуы,бір-бірімен тең,сыйластық,достық қарым-қатынасы жолындағы әр түрлі ізденіс әрекетін таңбалайтын ғылыми әрі эстетикалық терминге айналды»[1,215],-деп жазады.Анығы гуманизм ұғымы ғасырдан ғасырға өтуде де үздіксіз

дамып,жетілу эволюциясын бастан өткеріп келеді.Зерттеуші гуманизмге қатысты зерттеудің әлқисасын ірі философ,тарихшы ғалымдардың осы мәселеге қатысты айтқан ой-пікірлерін екшеп алып,кеңестік дәуірдегі әйгілі классикалық орыс жазушылары шығармаларынан гуманизмге байланысты дәлел-деректер іздейді. «Өнер қайраткерлері күнделікті өмірдегі өзгеріс жаңалықтарды жырлаушымен бірге көп ұлтты совет халқының қазан төңкерісі, азамат соғысы жылдарындағы бастан өткергендерін де үздіксіз бейнелеп келді»[1,222]. Сол кезеңнің шындығы Л.Толстой, А.Серафимович, Н.Островский, М.Шолохов,А.Толстой, Б.Кербебаев және т.б елеулі шығармаларынан дәлелді-деректер келтіреді. Маркстік-лениндік таным-түсінікке беріліп,іс-қимылды таптық тұрғыдан бағалау қаламгерлерге де үсті үстіне ескертіліп отырғаны партияның қаулы қарарларынан белгілі.Осы тұрғыдан зерттеуші З.Т.Жұмағали әдебиеттің айтары адам тұлғасы,оның өмірі мен өнегесі,келешек үшін күресі екендігіне кеңінен тоқталып,бұл мәселеге кеңес дәуірі таптық тұрғыдан өлшем енгізуден саясаттың салқыны асыл сөзгеде түрлі қайшылықтар әкелді дегенді былайша түсіндірген:

«Адам жөніндегі марксистік әлеуметтік-философиялық концепция гуманизмге саяси, революциялық мазмұн берді, ал саясат пен революцияны гуманистік мазмұнмен жарақтады делінетін тезисті бүгіндері қайыра қарар болсақ, оның, яғни маркстік әлеуметтік-философиялық концепцияның қазан төңкерісіне имандылық, әділдік дарытқанына ешкім таласпас, ал гуманизмді революциялық мазмұнмен түгел ажарландырды деген тұжырыммен түгел келісу қиын [1, 224]» – дейді. Бұл шындыққа бүгінгі өмір өз жауабын беріп отыр. Қыру, күйрете жою, жала жабу жүрген жерде қандай гуманизм болмақ.Кеңес дәуірінің басты кемшілігі осында екені баршаға мәлім.

Қазақ әдебиетінде Кеңестік дәуірге қатысты қалам тербеген С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Майлин, Жамбыл, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, З. Шашкин, Ә. Нұрпейісов және т.б. шығармаларын талдай отырып, онда да гуманист бейнелер бар екендігіне тоқталады. Туған халқының болашағын ойлап, бостандығы мен еркіндігі жолында басын бәйгіге тігуге дайын Амантай, Еркебұлан, Тоқаш, Хакім, Еламандарды айбынды гуманистер деп түсіндіреді. Сондай-ақ, кезінде ерекше мақталып, бүгінде басқаша бағаланған «Тар жол, тайғақ кешу», «Ботагөз», «Өскен өркен», «Миллионер», «Қалың мал» және т.б. сөреден алып, жылы жауып тастаймыз ба?- деген сауалдарға автор еңбегінде тиісті жауаптар берген. Ең бастысы заманды түсініп, кезең шындығына бойлай біліп барып сындарлысын айту керек. Ғасырға жуық жасаған Кеңес дәуіріндегі көркем дүниелерді жоққа шығару, онда біздің ондай дәуірді бастан өткермегенімізді білдірсе керек.

«Дауыс шықса, алды-артына қарамай қанатын қаға жөнелетін кейбір пысықайлар ашықтан-ашық: «Жамбыл, Сәкен, Сәбит және т.б. өмір бойы социализм үшін ат салысты.Коммунистік партияны, Ленинді, Совет өкіметін жырлаудан ауыздары босаған жоқ, сондықтан оларды оқу бағдарламаларынан шығарып, кітаптарын қолданыстан алып тастау керек деген ұсыныстар айтуда»,-[1, 237]дей отырып, аталған шығармалар өткенді білуге, адамгершілік пен әділетсіздікті таразылауға қажет. Гуманизмді түсінуді көркем сөз өнерінің өсіп, өркендеуі білдіреді. Күні кешегі жаппай етек алған советтендіру, коллективтендіру жылдары кімдердің әділдіктен, адамгершіліктен кетіп, ауа жайылғандығын А. Нұрмановтың «Құланның ажалы», Б. Тоғысбаевтың «Шалғайда», Х. Есенжановтың «Жүнісовтердің трагедиясы», С. Елубаевтың «Ақбоз үй», «Мінәжат» романдары қисынды түсіндіріп бере алғанын салыстыра түсіндіреді. Бір белгілісі – көркем сөз өнері, әдебиеттану ғылымы әр кезеңде қателіктерді түзеп, бірін-бірі толықтырып отыратындығы ақиқат екені аян. Әйгілі жазушы Ш. Айтматовтың сөзіне құлақ ассақ: «Человек по сути дела рождается потенциальным гуманистом. Еще не зная самого термина "гуманизм", с малых лет он учится человеколюбию, – начиная с любви к матери, к своим близким, с любовью к женщине, к природе, к земле и восходит затем к любви к Родине, к сознательному гуманизму, к общечеловеческим чувствам сострадания, солидарности и взаимопомощи. Человек у человека учится добру. Эти качества должны всегда оплодотворять произведения искусства» [2, 342].

Көркем сөз өнерінде қалам құдіретін көрсететін суреткер табиғатындағы адами қасиеттер шығармашылығымен көрініп, оның қаншалықты қуаттылығы оқырманы арқылы бағаланады.

Көптен күткен Тәуелсіздік таңы атты. Көптің қуанышымен қатар «Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды». Аттарын атауға тыйым салынған алашшыл әдебиет өкілдері ақталып, туған халқымен қауышуы шығармалары арқылы көпшілікті сүйсіндірді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Задан Тасқалиұлы таңдап алған тақырыбын жаңа дәуір әдебиетінде де жалғастыра алды. Оның нақты айғағы ретінде ғалымның «Замана сазы» атты көлемді монографиялық еңбегін атауға болады [3]. Осы еңбекте кезінде «Халық жауы» атанып, тоталитарлық-әміршілдік жүйенің құрбанына айналған Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, Ж.

Аймауытов, С. Торайғыров және т.б. талай жылдар көзден таса болып, сирек кездесетін қолжазба қорларына айналған шығармаларын жан-жақты талданады. Басты ұстанымы гуманизм мәселесі болғандықтан, автор көбіне алашшыл әдебиет өкілдері шығармашылығынан адамгершілік, ар-ождан, білім-ғылым мәселелерін үлгі-өнеге еткен өлең-жыр, поэмаларына көлемді прозалық шығармаларына талдаулар жасаған. Тақырып пен идеяның дәстүрге айналуын Абайдан бастау алған дегенге саяды. Сөйтіп, іздегенін Абайдың өнер-білім, ғылым, адамгершілікке қатысты өлеңдерінен жалғастық тапқандығымен түсіндіреді. Айталық ұлы ақынның бір ғана өлеңімен қарасөзіндегі тұжырымы мен түйінінен зерттеуші іздегенін тауып, гуманизмнің ұлттық әдебиетіміздегі дәстүрінің жалғастығын тапқандығын төмендегінше түсіндіреді:

«Ғылым таппай мақтанба» есімді өлеңде санамаланатын бес түрлі зұлымдықтың қармағына іліккенді жұрт қатарынан аластап, босағада сүлкитетін қаскүнемнің – кейбіреулерінің тек жеке біреудің өзін сорлатумен шектелмей, өзгелерге де жайсыздық келтіретінін ақын өзінің «Отыз сегізінші сөзінде» арнайы ескерткен. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, – деп жазды ол. – Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешнәрсені оларсыз біліп болмайды.Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады» [3,479],- деген, хакім Абайдың даналығына ерекше тоқталады.

Бұл сөздер данышпанның халқының өтіп жатқан өмірінен көріп, біліп барып айтқаны дей отырып, надандықтан желі тартатын ырық-жырың, «алты бақан ала ауыздық», рушылдық, жікшілдік, мансапқорлықтың кесірінен зардап шегудің қалқаны гуманизмде екендігіне кеңінен тоқталады. Абайдың осы айтқандарын Шәкәрім, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов, С. Дөнентаев және т.б. шығармашылығы қалыпты жалғастырған еді. Кеңес дәуірінің идеологиясында бұл дәстүрді тоқтата алған жоқ.

Бұны зерттеушінің қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуі мен бел-белестерінен тануға болады дегенінен аңғаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмағали З.Т. Жылдар, ойлар... зерттеулер. — Қарағанды: «Inter Times Kazakh», 2004. - 352 б.
2. Гуманизм и современная литература. М., Издательство АН СССР, 1963, ст. 342.
3. Жұмағали З.Т. Замана сазы: зерттеулер. — Қарағанды: Полиграфия ААҚ, 2001. - 424 б.
4. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. — Алматы: ҚМКӘБ, 1961. - 479 б.
5. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі: Монография. — Алматы: Жазушы, 1966. - 348 б.

ЕМЕННІҢ БҰТАҒЫ

Ш.Ш. Жалмаханов
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Академик Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Апырмай, 1979 жылы I курс студенті болып қабылданғанда, Задан Тасқалиұлы 43 жастағы жігіт ағасы екен ғой. Сол кездегі Ф.Кенжебаева, А.Нарешов, С.Төлекова, Ұ.Оспалақова, Б.Кеншімбаева, Қ.Тұңғышбаев, Х.М.Нұрмұханов, Ш.С.Рақышевтар алпыстан енді асқан, М.К.Смағұов, С.М.Жұмабекова, М.Ержанов, Т.Қ.Смайыловтар елуді алқымдаған, Ж.Қ.Смағұлов секілді ұстаздарымыз отызға да толмаған кісілер екен-ау. Одан бері де қырық жеті уақыт өтіпті. Сондағы Задан Тасқалиұлы екі жыл бұрын ғана, 88 жасында, дүниеден өтті.

Задан Тасқалиұлы Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданында туған. «Адам туған жеріне тартады» деген қанатты сөз бар. Ол сөздің жаны да бар сияқты. Себебі ағамыз туған өлке – қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын аймақ. Оған Бөкей ордасының қысқаша тарихына тоқталсақ та көз жеткізуге болады. Бөкей ордасының негізін 1801 жылы Еділ мен Жайық аралығына Нұралы сұлтанның екінші ұлы Бөкей қалаған. Сол кезеңнен бастап Бөкей

тұқымынан тараған хандардың ордасы болған. Оның ең бір дәуірлеген тұсы Жәңгір ханның билік құрған кезі болатын. Озық көзқарастағы Жәңгір хан қазақ жеріне талай жаңалықтар енгізгені белгілі. Негізгілерін атап өтсек, қала салып, отырықшылыққа үгіттеген, жәрмеңке, қару-жарақтар мұражайын ұйымдастырған, мешіт, мектеп, медресе салдырған, оқытқан, оны жауынгер де ақын Махамбет Өтемісұлы бітірген, почта, аурухана, дәріхана, кітапхана ашып, адам дәрігері, мал дәрігерін ұстаған, жылқы тұқымын асылдандыруды алғаш болып қолға алған. Жәңгір хан Қазан университетінің кітапханасына талай құнды көне қолжазбаларды тапсырып, сол университеттің құрметті мүшесіне сайланған. Қазан төңкерісіне дейін бұл елде қазынашылық мекеме, өрт сөндіру отряды, метеорологиялық станция, баспахана, қазақ қыздарының гимназиясы болған. Бұл қазақ даласы үшін жаңалықтар сол кезеңнен бері Кеңес үкіметі құрылғанда да жалғасын тапқан.

Қазақтың жаңа сипатты ұлттық мемлекетін негіздеген Алашорда өкіметінің батыс қанаты да осында белсенді қызмет атқарған бір ордасы еді. Ағамыз туып-өскен Бөкей ордасының қысқаша тарихын баяндаудағы басты мақсат – ел мен жердің өркениетті дәнегі мен тамырының тереңде жатқанын байқату, перзент кіндігінің әлімсақтан рухани бай өлкемен байланысын суыртпақтау.

Задан ағаның балалық шағы II дүние жүзілік және Ұлы Отан соғысы жылдарымен сәйкес келді. Ол жылдары бүкіл халықтың ішер ас, киер киімге жарымағаны белгілі. Ағамыз бала кезін еске алып айтқан әңгімелерінде: оқушы балалардың бас-басына кітап пен дәптер түгілі, бір балаға бір дәптер табудың өзі мұң заман болғаны, сабақты газеттің ақ жиектеріне жазғанын, географияны жақсы білгенім үйде тұскиіз орнына әлемнің географиялық картасы ілулі тұрушы еді соны жаттап алдым дейді.

Қазір ғой әр қаладағы әр жоғары оқу орнында филология факультеті бар, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бар. Кеңес Одағы кезінде бұл мамандық Қазақстанның 7-8 жоғары оқу орнында ғана болатын. Сол мамандығы бар облыс орталықтарындағы кафедралардың республикаға белгілі бірді-екілі ғана әдебиетші марқасқалары болатын: Шымкентте ф.ғ.д., профессор Ә.Байтанаев, ф.ғ.д., профессор Ә.Қоңыратбаев, Қарағандыда ф.ғ.к., доцент З.Т.Жұмағалиев дегендей. Задан Тасқалиұлы әуелде Қарағанды педагогикалық, 1972 жылдан Қарағанды мемлекеттік университетіне ғұмырының жарты ғасырлық ғылыми-педагогикалық білімі мен білігін, адамдық-азаматтық күш-қайратын сарп етті. Ол еңбегі бағаланбады, ескерілмеді деуге келе қоймас, талай марапатқа да, мадаққа да ие болды. Қазақстан ғылымының XX ғасырдың II жартысындағы дара тауы, академик Е.А.Букетовтің өз кітабында Задан ағамыз туралы ерекше ілтипатпен жазуы да бекер емес. Алашорда үкіметінде белсенді қызмет атқарған, бірнеше жыл қуғындаудан кейін қазіргі Ә.Сағынов атындағы университеттің математика кафедарсында өмірінің соңына дейін профессор болған Әлімхан Ермековпен, 30-жылдардағы нәубеттің теперіш көрген, көрнекті журналист Жайық Бектұровпен аға-інілік, достық, сыйластық, сырластық қарым-қатынаста болған...

Задан Тасқалиұлы қазақ әдебиетінің тарихы, теориясы, сыны және фольклоры мәселелерінің білгірі болумен қатар, қазақтың әдеби шығармаларының мазмұнын, ақын-жазушыларының өмірі мен шығармашылық өмірбаянын бүге-шігесіне дейін білетін. Өлеңдерді, дастандардан үзінділерді жатқа да айтады. Көркем туындының әрбір деталін баяндау арқылы автордың идеясын, түпкі ойын талдап түсіндіретін. Қазақ әдебиеті ғана емес, орыс әдебиеті, шетел әдебиеті классиктерінің шығармаларын салыстыра, салғастыра түсіндіруі бір бөлек. Факультеттегі орыс және шетел әдебиетінің ауыздарын айға білеген мамандары ол кісімен байқап сөйлесетін, не бас жағына барыспауға тырысатын. Задан ағамыз ұстаздық еткен дәуірінде өзі қалай білсе, студенттерін де соған жете қабыл білсе деп, қатты талап қоятын, қаталдық та танытатын, қатыгез де болған шығар. Ең басты мұраты студенттен бағдарламаны толық игеруді талап ететін.

Өзі жаңалыққа құмар болумен қатар оған сын көзбен де қарайтын. 1982 жылы көктемде ҚарМУ-дың 2-үлкен дәрісханасында жерлесіміз Ғабиден Мұстафиннің 80 жылдығына арналған қала зиялылары бас қосқан ғылыми-тәжірибелік конференция болды. Дара қаламгердің өмірі мен шығармашылығына арналған баяндаманы 3-курс студенті осы жолдардың авторы жасаған еді. Баяндамамдағы тың факт ол – Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» повесіндегі Шығанақ Берсиевтің ерлікке пара-пар ерен еңбегін орыстың ұлы педагогы В.А.Сухомлинский тәрбиесіндегі қараусыз, қамқорлықсыз қалған балаларға оқытып, қазақ диханы, тарышысы Шығанақтың өмірін үлгі етіп ұсынғанын баяндауым болды. Конференцияның үлкен мәжілісі біткен соң Задан ағаймыз: «Бала, Сухомлинскийдің сол кітабын маған әкеп көрсетші» дегені бар еді. 1984 жылы аяулы ұстаздарымнан асыл ағаларыма айналған М.К.Смағұлов, Б.Ә.Байтанаевтардың жетекшілігімен «М.О.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы фольклорлық сарын проблемасы» деген

тақырыпта дипломдық жұмыс қорғадым. Қорғау барысында бірнеше сұрақ қойылды ғой, бірақ соның ішінде мен дәл сол кезде жауап бере алмаған, шынында да көп ойлантқан сұрақ Задан ағаның: «Сіз орыс сыншысы Н.П.Марченконың М.Әуезовтің роман-эпопеясы қазіргі талап деңгейіндегі классикалық шығарма емес, жазбаша фольклорлық шығарма деген пікірін жоққа шығарып емес, қайта дәлелдеп тұрған сияқтысыз» деген сұрағы болатын. Бұл мәселенің түп-төркінін баяндасақ, ұзақ әңгіме... .

Бұл кісі – кітапханасы бай ғана емес, сол кітаптарды рухани байлыққа айналдыра білген, өмірінде ақша, дүние қумаған адам. Оның бір дәлелі Кеңес Одағы кезінде әлем әдебиетінің 200 томдығы болды, сол екі жүз томдық ағамызда да бар. Осы кітаптарға айырбасқа сол замандағы ең қымбат та қадірлі автокөлік «Волга» ұсынғанда келіспедім дейді...

Задан ағамен қарым-қатынасымыз 1987 жылдың маусым айында әскерге кетер алдында жолығып қалудан басталды. Жағдайды сұрасқанда білгенім Қарағанды политехникалық институтының 2-курсында оқитын үлкен ұлы Наурызбайды әскерге шақырып жатыр екен. «Ыңғайы келсе, өз командаңа жаздырып, ала кет» дегенді айтты. Асекеңнің мені «таныс арқылы» Ауғанстанға «жіберейін» жатқан кезі еді, тағы да айтып, Наурызбайды Ресейдің Владимир облысы Ковров қаласына кететін командамен бірге кеттік. Ағамен төрт жарым айлық әскери оқу-жаттығу біткен соң, Ауғанстанда жүргенде хат жазысып та тұрдық. Әскер бітіп, аспирантурама қайта қабылданғанда баласындай көріп қамқор көңіл, жылы сөзін аяған емес. Үлкен қызы Қорланды, кіші ұлы Аманайды кейін танып білдім. Кенже қызы Гүлнар экономика факультетін үздік бітіріп, шетелде тағлымдамадан да өтіп келді. Еліміздегі халықаралық компанияға 27 адамнан 3 орынға конкурстан өтіп, білікті маман ғана емес, үш тілді еркін меңгерген кәсіп иесі ретінде жұмысын абыройлы атқарып жүр. Ағаның бала-шағасына мұра ететін дәулеті болмағанмен, ұлт ұрпағына қалдыратын бірнеше томдық еңбектері бар. Ол еңбектердің жинақталып, басылып шығуына Күлия анамыздың да сіңірген еңбегі ерекше. Еңбектеріне ғана емес, ағаның өзіне де күнделікті өмірде өбектеп отырған, шаңырықтың ішін де, сыртын да жылылық пен мейірімге бөлеп жүрген осы бір аяулы жан.

Задан Тасқалиұлы ұстазымызбен 1990-2000 жылдар аралығында қара шаңырақ филология факультетінде бірге істеу бақытына ие болдым. Жұмыс барысында да, тұрмыс барысында да етене араласып, емен жарқын сыйласып тұрдық. Бұрындары ұстазымыз ретінде ғана танысақ, осы жылдары әріптес болып, күнделікті өмірдегі жүріс-тұрысы, мінез-құлқынан тәлім алдым, адамдық-азаматтық болмысын тани түстім десем де болады. Ол кісінің өзі айтқан, ол кісі туралы басқа кісілер баяндаған әңгімелерден де өзіндік тағлым түйдім. Бұл өмірлік хикаялардың мазмұнынан әр адам өзінше ой түйер, әйтеуір жаман ғибрат алмайды... Ағамыздың бастан кешкен оқиғалары қыңырлық, қисықтық, қырсықтық болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл қасиеттердің ар жағында адамдық, табандылық, қайсарлық, әділдік, сыншыл көзқарас деген сипаттар жатыр, тіпті адамға, қоғамға деген өзінің қарсылығы, наразылығы жатуы да мүмкін. Немесе ол кісінің өзіндік жұмбақ жандылығы да болар. Табиғаты, тұла бойы әдебиетші адам күнделікті қарапайым пенде болып қана емес, көркем бейне, образ ретінде де өмір сүруі мүмкін. Әңгіме ол бейнеде қашан, қайда, қанша өмір кешуіне байланысты.

Беретка деген бас киімді бір жағына қарай қисайтыңқырап кию керек екен ғой, оны Задан ағамыз тура кие салатын. Болат Әбішұлы ағамыз: «Зәкең беретканы неге олай киетінін білесіңдер ма?» деп сұрақ қоятын, әрине, біз жауап бере алмаймыз. Оған Бөкеңнің өзі жауап беретін: «Ол Зәкеңнің айналаға деген наразылығы» дейтін. Енді сол хикаяларға шартты тақырыптар қойып баяндайын:

«Мылқау» болу

Жастау кезінде Алматыдан поезға мінсе, купедегі көршілерінің кемпір мен шал екенін көреді. Олардың жайғасып алғаннан кейін шайға жұмсайтынын, әңгіме айтып басты қатыратынын сезе қояды да керең-мылқау бола қалады. Маған тіл қатып еді, естімейтінімді, сөйлемейтінімді ымдап жеткіздім. Олар менің мылқау екеніме сенді де, одан кейін мазалаған жоқ. Тыныш қана кітабымды, журналымды оқып келе жатқанымда бұл тыныштықты Жарық станциясына келгенде, бір жақсы танысым бұзды. Ол, әрине, әй-шәйға қараған жоқ, атымды атап, амандық-саулық сұрап әкетіп барады, сөйлей алатынымды, естітінімді ол жақсы біледі, одан қалай жасырайын. Осылайша купедегі кемпір мен шалдан ұялғаным-ай.

Ақыл мен ақша

Халық жауының қамытын киіп, лагерьге де айдалған, жан жақты білімдар, сөйлесе шешен де көсем, энциклопедиялық білім иесі Жайық Кәгенұлы Бектұров деген ақсақалмен жақсы сыйлас болды. Жол Жәкең преферанс деген карта ойынына жаны құмар болды. Құмарлығы сонша

қонаққа шақырылған жерге 2-3 сағат ерте барып карта ойнап отырғанды жақсы көретін. Сол кісі бір күні Задан ағамызға телефон шалады. Өзінің телефонды қонақ үйінен соғып тұрғанын, қонақ үйді жалдап отырған адам люкс бөлме алған, ол екінші бөлмеде отырғанын, «Оңтүстіктен келген, ақшасы көп, ақылы аздау жігіт-ау деймін тез жет. Сонымен преферанс ойнаймыз» деп шақырады. Задан ағамыз да бұл ойында жек көрмейді, тездетіп қонақ үйіне келеді де, ойынды бастап кеп кетеді. Ойнағаннан ойнап отырып таңғы 4-5-тің кезі болып қалады. Әлгі оңтүстіктік жігіт екеуінің де ақшасын ойыннан сыпырып алады. «Ақыр аяғы кетер кезде таксидің ақшасын жаңағы жігіттің өзінен қарызға алып кеттік. Ақшасы да көп екен ақылы да көп екен» дейді.

Фактологиялық «қате»

Қарағанды педагогикалық институтына кезінде еңбегі сіңген, университет болып қайта құрылғанында өзіндік үлесі болған ф.ғ.к., доцент Қалжан Тұңғышбаев деген ұстазымыз өтті. Кезінде кафедра меңгерушісі, факультет деканы болған. Өзі еңбек ардагері ғана емес, Ұлы Отан соғысына қатысып жараланған, соғыс ардагері де болатын. Сол кісі зейнеткер жасына жетіп, жасы ұлғайғанда облыстық, аудандық газеттерге журналист болып істейтін шәкірттеріне бір мақаласын бірнеше жерге жіберіп тұрады екен. Жеңіс күнінің қарсаңында ұрыс даласындағы Кеңес әскері сарбаздарының жанқиярлық ерліктерін суреттейтін бірнеше әңгіме, эссе, очерктер де жазып тұрған. Олардың кейбірі жылда, не жыл аралап қайта баспа бетін көріп тұрады екен. Сондағы баяндалатын бір көріністе Қалжекең әңгімесінің алғашқы нұсқасында: «Н. қаласы үшін болған шайқаста Қ. деген қазақ солдаты 8 неміс-фашисінің көзін жойды» десе, келесі жылдардағы нұсқаларында: «Қ. деген қазақ жігіті 12 неміс-фашисінің көзін жойды» дегенді Задан ағамыз байқап қалып: «Қалжеке, әңгімеңізді оқыдым, сондағы Қ. деген қазақ солдаты, өзіңіз, Қалжан ғой?» деп жақауратып сұраса, әулие Қалжекең: «Өзін білесің ғой, әдеби шығармада прототип деген болады, мен ғой, мен ғой ...» дейді екен күмілжіп. Содан Задан ағамыз Қалжан ағасына еркелеп: «Апырмай, Қалжеке-ай, сол 12 неміс солдаты Қ. деген қазақ солдаты өлтіріп еді деп, әлі жер астында жатыр ма екен?!» дейді екен. Қайран кең де кешірімді сол заманның ағалары-ай, қазір болса: «Не деп тұрсың?!» деп сотқа береді ғой...

Перспективасы «жоқ»

Қарағанды университетінің филология факультетін сол кездегі университеттің алғашқы ректоры, академик Е.А. Букетовтің өзі әуелде кафедра меңгерушілігіне, кейінен декандығына арнайы шақыруымен 34 қана жастағы ф.ғ.к. , доцент Болат Әбішұлы Байтанаев деген азаматты шақыртқан. Сол кісі факультетті он шақты жыл дөңгелетіп басқарды. Задан ағамыз осы бір тұлғалы азаматпен әріптес қана емес, ағалы-інілідей сыйласты. Бөкең – декан, Задан ағамыз – қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі. Ол кезде филфактың оқу ғимараты бас ғимаратта, жатақханасы қаланың оңтүстік-шығысындағы «Төрт қорап» аталған үйлердің ең арғы шеткісі болатын. Мереке, демалыс күндері факультет оқытушыларының, басшыларының кешкі уақытта кезекшіліктері болады. 80-жылдардың басында университеттің біраз оқытушысы Карбышев көшесі 15-үй мекен-жайынан пәтер алды. Екеуі де осы үйде тұрды. Келесі бір кезекшіліктен қысты күні үйлеріне қайтып келе жатады. Ол кезде Университет көшесінен қазіргі «Арай» базарына дейін терең сай болатын. Қаланың құрылыс қоқысын төгіп тегістеген кезі болса да, әлі күнге дейін, жарыған жол жоқ. Сонымен қатарласып, қолтықтасып келе жатқанда Бөкең табаны таймайтын жолақпен жүріп, Задан ағамызды әдейі тайғақ жолға салады екен. Сонда Задан ағамыз: «Ой, Бөке, сен жассың ғой, тайғақ жермен жүре берсейші, құламайсың ғой!» десе, Бөкең: «Зәке, сіз қартайдыңыз, перспективаныз жоқ, жол таңдап қайтесіз, бұйырған жолмен жүре берсеңізші!» дейді екен ағасына еркелеп...

Задан ағамыз Бөкеңнің әкесі ф.ғ.к. , профессор Әбіш Байтанаевпен де ерекше сыйласықта болды. Бірін-бірі риясыз қошеметтеп, жоғары бағалайтын. Әбіш ағамыздың сырттай бөлімде оқитын қыздармен сөйлескенінің өзі жеке әңгіме ....

«Әлгі.. қайда?»

80-жылдары Тұманбай Молдағалиев шығармашылық сапармен Қарағандыға келеді. Қазақстан Жазушылар одағы облыстық бөлімшесінің төрағасы, жазушы Жайық Бектұров, «Социалистік Қазақстан» газетінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі, ақын Еркеш Ибраһим, Тұманбай Молдағалиевтың курстасы, ғалым Құлмұхамбет Лекерұлы Еспаевтармен бірге Задан ағамыз да қарсы алып, студенттермен, көпшілікпен поэзия кештері мен кездесулер өткізіледі. Қонақ ақынның студенттік кездегі досы, сол кездегі Ульянов ауданы партия комитетінің бірінші секретары Михаил Шаекин қонаққа шақырады. Тұманбай басқа ішімдікке әуесі болмай, шампан ғана ішіп отырады. Қызмет көрсетушілердің бірі Тұманбайға байқамай арақ құйып қалғанда, Тұманбай: «Мен арақ ішпеймін ғой, шампан ғана ішіп отырмын!» дегені сол екен,

менің де аузым қышып: «Тұмеке, арақ ішпесеңіз де шампанның көкесін танытады екенсіз...» деп қалыппын. Бұл сөзімді, әрине, ол жақтырған жоқ. Сонымен тарастық. Ертеңіне бағанағы айтқан кісілер аэропортқа шығарып салып тұрғанда, Тұманбай мені сұрапты, сұрағанда: «Әлгі (атым да есінде қалмаған ғой), менің неше шампан ішкенімді санап отыратын қу қайда?» деп сұрапты дейді. Біз болсақ, өз мерейімізді көтеру үшін кетерінде мені Тұманбай іздепті деп көпсітеміз ғой...

«Аузыңыз ұқсайды»

Бір күні таңертеңгілік, сегіздің кезінде, аялдамада автобус күтіп тұрса, аялдаманың тасасынан бір орта жастағы қазақ маған қарап ымдайды. Не дегісі келді екен деп мұқият қарасам, киген пальтосының омырауынан басына стакан киілген арақтың бөтелкесін көрсетеді. Жалғыз өзі бас жаза алмай тұрғанын сезе қойдым да: «Ішпеуші едім» дедім. Әлгі: «Аузыңыз ішетін адамға ұқсайды гой» деп жақындап келеді, абырой болғанда автобусым келіп қалып, кетіп қалдым. Үйге келіп, айнаға аузымды әрі қараймын, бері қараймын (Құдай біледі, ағамыз айнаға қарай қойған жоқ шығар). «Әй, азаматтар айтыңдаршы, менің аузым ішетін адамға ұқсай ма?» деп күлдіріп қоятыны да бар еді.

Тәрбие басы – тәртіп

Ағамыз оқытушы ғана емес, педагог ретінде студенттердің сабаққа ұқыпты дайындалып, дәрістерді мұқият тыңдауына, киім киіс, жүріс-тұрысына да ерекше көңіл бөлетін. Қазір айтуға күлкілі болып көрінгенмен, сабақ үстінде жасаған ескертулерінің өзі жастарға ерекше әсер ететін.

Сабақ барысында дәріс жазудың орнына дәптердің арасына айна салып қойып, қаранып отыратын қыздар да кездеседі ғой. Оларға: «Құдалықтың құрамында келген құдашаға ұқсап отырсыз ғой» дейтін.

Жаз кезінде алдыңғы партада оқытушының көзін бақырайтып қойып, аяқ киімін шешіп отыратын жастар да бар. Ондайға: «Туфлиіңізді жай шешіп отырсыз ба?» деп сыпайысып сұрақ қоятын. Ол, әрине, ыңғайсызданып: «Жай, ыстықтағасын, шешіп қойғаным ғой» деп апыл-ғұпыл киіп алады. Сонда: «Ыстықтаған жеріміздің бәрін шешіп тастай берсек не болады?» дейтін.

Сабақтан жиі қалатын студентті кім жақтырсын. Олардан: «Сабақтан неге қалдыңыз? дейді. Олар: «Ауырып қалдым» деп жөтеледі, сонда ағамыз: «Қазір қалайсыз? Дәм салуыңыз қалай? Әлі де ауырып жүр екен деп ойласын деп, жөтелуін қарашы!» деп мысқылдайтын.

Сабақтан қала беретін, сабаққа дайындалып келмейтін, әсіресе студент қыздарға: «Түсімде қызыл түлкі көріп жүрмін. Сол түлкіні соғып алсам ба деп жүрмін. Сол қызыл түлкі сол болып жүрмеңіз!» деп шүйіліп қоятыны да болушы қайран Зәкеңнің.

«Чуть что... менен көресіңдер»

90-жылдары филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында 150-200 студентке дейін оқитын. Сол күндері мемлекеттік емтихан қабылдап отырғанда Задан Тасқалиұлы мен Мұрат Кәрменұлының ортасында отыр едім. Емтиханда билетке жауап беруге аяғы ауыр студент келіп отырды. Комиссия мүшелері әдеттегідей бірнеше сұрақ қойды. Задан аға белсеніп, көп сұрақ қойып кетті-ау деймін, Мұрекең Зәкеңнің құлағына сыбырлап: «Сұрақ жеткілікті болар, студент екіқабат екен» деді. Екеуінің құрдастық қалжыңдары болушы еді, Задан ағамыз сыбырлаған ұсынысқа дауыстап, бәрімізге естіртіп: «При чем здесь я? Чуть что, менен көресіңдер!?.» десе бола ма. Бәріміз күліп жатырмыз, Мұрекең: «Ой, жынды, жынды...» дейді сасқанынан... .

Өткен күндерден екшеп қана баяндаған естелігімді ағаның жүрегі ауырып дәрігерге барғандағы әңгімесімен түйіндейін. Бұл әңгімеге тіс дәрігері, ғалым Ермұқан Ақатайұлы Бердімбетов, елге танымал журналист Әли Тойжігітов, ғылым докторы, профессор Асылбек Есенқұлұлы Жартыбаев ағаларым куә болып еді. Дәрігер: «Ағасы, жас кезіңізде құлап па едіңіз?» деп сұрапты, оған ағамыз: «Шырағым, сіріңкеден құлағанымды айтайын ба, түйеден құлағанымды айтайын ба?» деп сұраққа сұрақпен жауап берсе, дәрігер: «Адам әр қорыққан, шошыған сайын жүрекке үлкенді-кішілі сызаттар түсе береді» деді дегенде, Ерекең қарқылдап күлді. Сонда Зәкеңнің айтқаны ғой: «Ереке, вы интересно, вам смешно, а мне больно!» деп. Аға, өмір деген қатал сында сүрінген де шығарсыз, құлаған да шығарсыз, бірақ сүрінгенмен сынған жоқсыз, құлағанмен қираған жоқсыз; жүрегіңізге сызат түссе де, сызық түссе де, – өмір деген тәңірдің сыйын рәсуа қылған жоқсыз; мәнді де мазмұнды, қиын болса да қызықты өмір сүрдіңіз. Өзіңіз өмірден өтсеңіз де, тірі болса 90-ға келер еді деп, еліңіздің еске алып жатқандығының өзі ниетіңіз бен пейіліңіздің қайтарымы шығар! Есенқұл Жақыпбеков айтқандай:

Көтеріп тұрып, құлатады өмір,
Күлдіріп тұрып, жылатады өмір.
Етегің толып еңіреген кезде

Қайтадан өзі жұбатады өмір.
Үмітіңді үзіп, түңіле көрме,
Құлап барып та гүл атады өмір.
Үп еткен желге дірілдей берме,
Шыдамдылықты ұнады өмір.

Задан Тасқалиұлы ұстазымыз – асылдың сынығы, жақсының тұяғы болғандықтан, өзі де асылға, жақсыға айналған азамат.

ЗАҢҒАР
Ұстазым Задан Тасқалиұлына

Қ.Асанұлы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология ғылымдарының докторы, профессор

Аралап ойдың орманын,
Саралап сөздің салмағын...
Асқарға шықсаң Әз аға,
Алғадай жырды арнадым.

Артында аңыз, сары күн,
Ақ жайық асау арының.
Теңіздей терең толқыған,
Жүзіңнен нұрды таныдым.

Шәкіртке қорған, ес едің,
Марқайып соған өсемін.
Керуен көшті бастай бер,
Көнеден қалған көшелім.

Сөздерің бойға нәр беріп,
Сыпайы күлкің сән көрік.
Лайықты баға, мәртебе,
Отырсақ сізге төр беріп.

«Жақсының жүрдік көзі»-деп,
Қиялмен көкті кезіп ек...
Аңыз ғып айттық Арқаға,
«Зәкеңнің айтқан сөзі»,-деп!

Сөз бұлақ - оның тұнығы,
Өмір жыр - ұзақ ғұмыры.
Ұлағат тұтсын ұрпағың,
Асылдың қалған сынығы.

Еліңіз дәйім елеп жүр,
Көтерсін көкке бөлеп жыр!
Сіз тасқа біткен қарағай,
Заңғардай заты бөлек дүр!

МЫҚТЫЛАРДЫҢ МЕКТЕБІНЕН ТӘЛІМ АЛДЫҚ

С.Б. Жұмағұлов
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология ғылымдарының докторы, профессор

Белгілі әдебиетші ғалым, филология ғылымдарының докторы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры Задан Тасқалиұлы Жұмағали 70 жасқа толып отыр. Осы орайда ғалымның әдебиеттануға келу жолдары, ұстаздары туралы естелік, ойларымен бөлісу мақсатында сұхбаттасқан едік.

— Задан Тасқалиұлы, сіз білім алған Қазақ педагогика институты қашан да ғылымның алтын ордасы болып келді ғой. Сол қара шаңырақтың қазанында қайнап, үлкен өмірге аяқ басқан кезеңдегі өзіңізге дәріс оқыған ұстаздарыңыз туралы айтсаңыз.

— Шындығында, оқуға, білімге құштарлық біздің халқымыздың бойындағы асыл қасиет. Аталарымыздың «айналайын, мұғалім бол» деген батасын бойтұмар етіп өскен буынның басты мұрат-мақсатының аңсары Алматыға ауатын. Біз де сол талапты мықты ұстандық. Балалық шақта қандай да болмасын өмір қиындығын, тұрмыс тауқіметін көрсек те оқысақ, адам болсақ деген арман бәрін ұмыттыратын еді. Ол кезде, яғни 50-жылдары оқуға деген құштарлық айрықша болатын. Институтқа да түсу өте қиын. Дарындар мен таланттар ортасында топ жару да оңай емес. Сондықтан да емтихандардан сүрінбей өту керек. Сәтін салып, арманға да жеттік. Институтта Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, Қ.Жармағанбетов, А.Нұрқатов, Т.Әбдірахманов, Х.Әдібаев, С.Қирабаев, Ш.Кәрібаев, Р.Рүстембекова сынды әдебиетші ғалымдардан дәріс тыңдадық, білім алдық. Олардың қайсысына болмасын ерекше құрметпен қараймын, қашан да мақтан етемін. Ал оқуды бітірген соң аспирантураға қабылдандым. 1961-64 жылдары оқыдым.

— Аспирантурада оқыған жылдары ғылыми жетекшіңіз академик Қажым Жұмалиев болды емес пе? Елуінші жылдардың басында Қ.Жұмалиев, Е.Бекмаханов, Е.Ысмайылов, Б.Сүлейменов, Қ.Мұхаметханов сынды ғалымдар «ұлтшыл» деп айыпталып, жиырма бес жылға бас бостандығынан айырылғаны, түрмеге қамалғаны мәлім. Тек «жылымық» жылдары ақталды. Алайда бұлардың бәрі құпия саналып, кейіннен айтылып, жазыла бастады. Ал сізге ұстазыңыздың түрмедегі кезінен сыр тартқан сәттері болды ма?

— Кешегі сталинизм зардабы, қасіреті бүгіндері аз айтылып жүрген жоқ. Әрине, «жылымық» жылдары Сәкен, Ілияс, Бейімбеттей әдебиет алыптарының ақталып, әдеби мұраларының ел игілігіне айналуын үлкен өзгерістің басы деп білдік. Алайда ол өзгеріс ұзаққа бармады. Кейін Н.Хрущев өзі ашқан «еркіндік» ауасын қайта тұмшалады. Ал енді ғалым ағамыздан түрмеде отырған кездері туралы сұрауға именетінбіз. Өзі айтпаса теперіш көріп, қуғын-сүргінге түскен ағамыздың жүрегін жаралауды ар санадық. Өмірдің аты өмір ғой. Соның бір сәті де түсті. Аспирантураның екінші курсында оқитын кезім. Қыс айы болатын. Кешқұрым жатақханадан далаға шықсам, Қажекең кетіп барады екен. Жүгіріп бардым. Сәлемдестім. Мені қолтықтап алып, әңгімелесті. Ол кісі көп сыр ашпайтын. Міне, сол әңгімелесу барысында өзінің қалай сотталғанын, Қарағандыдағы Долинка түрмесінде қамауда болғанын айтты. Мына Долинканың жанында КарЛАГ-тың түрмесі болған. Сонда отырған. Қара жұмысқа салған. Мына бір оқиғаны айтты.

«...Түнгі сменадан келіп, өз тамағымды істеп, жеп отырған Қажекеңнің қасына бір дәу орыс келеді. Бәрі соның дегенімен жүргеніне, қас қабағына қарағанда түрменің мықтысы болса керек. Көзі өңменіңнен өтеді. Кекеткені ме, мұқатқаны ма, әйтеуір мына ақсаусақты жөнге салайын дегені ғой. Әй-шәй жоқ әлгі адам қолымдағы ыдысты тамағымен қоса тепті. Маған қарай өңменде ұмтыла түсті. Енді өлдім ғой деген ой да келді. «Содан бәрібір де жиырма бес жылда кім бар, кім жоқ. Өлсем де жағасына жармасып, қарсыласайын» деп қолымдағы скаводкамен әлгіні бастан, қақ маңдайдан ұрдым. Беті қан-қан болып құлап түсті. Одан кейін ешкім соқтықпайтын болды» дегені әлі есімде. Осы бір ғана мысалдың өзі халқымыздың басынан өткерген талай зобаланды танытады емес пе?! Әсіресе, ұлт зиялыларын осындай қиянатқа салуы, абақтыға қамап, көрінген көк аттының көкпары етуі сталиндік жүйе илеуіндегі қоғамдық трагедия болмысын көрсетеді. Мұның бәрі ғалым ағаларымыздың жүрегіне жара, жанына дақ салды. Ғылымды тұсаулады. Ұлт әдебиеті мен тарихы, рухани мұрасы мен мәдениетінің насихаттаушысы болған зиялыларымыздың сағы сынбағаны бүгінгі ұрпақ үшін де тағылым алар өнеге. Олар азаттыққа шыққан соң ғылыми зерттеулерін, ұстаздық қызметтерін жалғастырды. Әдебиеттанудағы іргелі

еңбектерін жазды. Мәселен, Қ.Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері. 2 томдық. 1-2-т.» (1958-60), «Стиль – өнер ерекшелігі» (1968) атты маңызды зерттеулері соның айқын дәлелі болып табылады. Ал енді не үшін ғалым жазықсыз жапа шекті, 58-статьямен қалайша «халық жауы» атанды дегенге келсек, «1930-40 жылдары жазылған еңбектерінде идеологиялық қателіктер бар, керітартпа, реакцияшыл ақындардың мұрасын зерттеген, соларды қасақана насихаттаушы» деп айыптады. Ғалымның мектепке арналған оқулықтарына, «зар заман» ақындары Дулат, Шортанбай, Мұрат енген деген сияқты... Міне, сол «ұлтшыл» ақындарды зерттеуін «ұлтшыл» деген қилы кезең де болған....

— Қажым Жұмалиевке саяси сенімсіздік білдіріліп, әуелі Қарағандыға айдалды. Осы қаламызда тұтқындалды. Осыларды тарата айтсаңыз.

— Қажекеңнің Қарағандыда тұтқындалғаны рас. Әдебиет теориясының, Абай поэзиясының терең білгірі үлкен ғалым алты ай жұмыссыз жүрген дегенге біреу сенер, біреу сенбес. Тіптен Қарағанды педагогикалық институтына да жұмысқа, қызметке алмаған. Министерстводан «халық жауын» жұмысқа алмаңдар деген нұсқау түссе керек. Соған қарамастан Қажекеңді ел ерекше қадірлеген. Қаланың иманды қазақтары қонаққа шақырып, құрметтеген. Кейін оларды КНБ тексеріп, әлек-шәлегін шығарған. Ал осы Қарағандыда тұтқындалғанын маған тарихшы Қали Жуасов айтқан болатын. Қажекеңді Сталин өлген күні қаралы митингіден келе жатқанда қазіргі Гагарин алаңында тұтқындаған. Бұл 1953 жылдың 5 наурызы болатын.

— Жалпы, аспирантурадағы кезеңдеріңізге тоқталғанда, ғылыми ізденістеріңіз туралы айтқанда өзіңіз ерекше қадірлейтін тағы қандай ғалымдарды айтар едіңіз?

— Ұстаздарымның әрқайсысы қайталанбас тұлғалар десем асыра айтқаным емес. Мәселен, Қ.Жұмалиев, Қ.Жармағабетов дәрістері ғажайып болатын. Ұшан-теңіз білім, биік интеллект, терең эрудиция, ораторлық шеберліктері таң қалдыратын. Әр жанрда тұтас шығармалардан үзінділерді жатқа айтулары сүйсіндіретін. Қажекең Махамбеттің өлеңдерін төгілдіргенде, талдағанда сол Махамбеттің өзіндей әсерге бөленетінбіз. Ал Қайнекең зердесінің мықтылығымен тәнті ететін. Мысалы, дәріс оқығанда белгілі ғалымның ертеректе шыққан зерттеу еңбектері немесе жазушының шығармасына тоқталғанда жарық көрген басылымның жылына, санына, тіптен бетіне дейін еш жаңылмай, қателеспей дөп баса айтатын. Кейін өзімізше соларды “тексергенімізде” ғалым жадының мықтылығына “көзіміз жете түсетін”. Қайнекең және де өткір, батыл болатын. Дәрістерінде ол кезеңдерде айтуға болмайтын Шәкәрім, Жүсіпбектер есімдерін, шығармаларын айтатын. Ал енді Қажекең ол мәселеге бармайтын. Бұл жерде ғалымның абақты азабын тартқанын ұмытуға болмады. Есағаң, Есмағанбет Ысмайылов та терең еді. Дәрістерін де тыңдадық. Сыншы ғалымның әдеби-теориялық, эстетикалық талдаулары сын тарихындағы өзіндік үлкен мектеп десек артық айтқандық емес.

Ғалым ағаларымның мінездері де қызық еді. Олар бірде баладай аңғал, бірде дауылдай екпінді болатын. Бірде Қажекең «Әй, осы сендер мені айналшықтай бермей, өзге де ағаларыңнан ақыл-кеңес алсаңдаршы» дегені. Содан Есағаңа жолықтым. Есағаң «Қандай ғылыми тақырыпта жұмыс жазып жүрсің, жетекшің кім» деп сұрады. «Азамат соғысының қазақ прозасында бейнеленуі» тақырыбында Қажекеңнің ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертатция бойынша ізденіп жүргенімді айттым. «Қой, қарағым, маған кел. Қажекең көп біле бермейді ғой» дегені. Әрине, еш қалжыңсыз айтты. Кейін жетекшімізге ғылыми жұмысымызға қатысты есеп бергенімде Есағаңнан кеңес алғанымды сөзге тиек еттім. Қажекең де еш қалжыңсыз «Сен де қызықсың, Есағаң көп білмейді ғой» деген еді. Әрине, бұл ғалым ағаларымыздың өздеріне ғана жарасатын болмыс-бітімдері деуге болады. Осылай бірін-бірі сөзбен түйрегендері болмаса, жүз шайысқандарын, сөзге келгендерін көргеніміз жоқ.

— Қажекеңнің тағы қандай мінездерін айтар едіңіз? Мәселен, аспиранттарына қоятын талабы.

— Қажекеңнің аспиранттарын айтқанымда бүгіндері елімізге есімі, ғылыми еңбектері кеңінен таныс М.Мырзахметов, М.Атымов, Ә.Дайырова, С.Тойшыбекова сынды ғалымдармен бірге оқыдым. С.Тойшыбекова «Октябрь революциясына дейінгі қазақ әдебиетіндегі әйелдер образы» (1963), Ә.Дайырова «Ілияс Жансүгіров поэмаларының әлеуметтік-тарихи негіздері мен көркемдік ерекшеліктері» (1964) деген тақырыпта кандидаттық диссертатция қорғады. Мекемтас Мырзахметов пен Мікірия Атымов белгілі әдебиетші ғалымдар екені мәлім. Мекемтастың абайтану, мұхтартанудағы, Мікірияның қазақ романдарының поэтикасына қатысты зерттеулері үлкен мәнге ие.

Қажекең аспиранттарына қатал талаптар қоятын. Жұмысымызды үнемі қадағалап отыратын. Аспирантураның соңғы жылы аяқталуға жақын қалғанда жұмысыңды ертең сағат екіде

алып кел деді. Жұмыс дайын болғанымен, машинкаға басуда қиындықтар болды. Уақытынан кешігіп сағат бесте келсем, Қажекең тосып-тосып кетіп қалыпты. Ертеңінде жұмысымды қолтығыма қысып құстай ұшып жетсем, ұстазым стипендиядан алғызатынын, оны проректорға ескертіп те қойғанын айтты. Мен де қатты кетсем керек: «Стипендияm жыртығыма жамау бола алмайды. Жыртығым үлкен» деппін. Расын айтқанда стипендия жетпейтін. Пәтер жалдап тұрдық. Содан не керек, Қажекең проректорға қайыра барып, қиылған стипендиямызды қосқызыпты. Міне, ұстазымыздың талабы қатал болғанымен, мінезі жайсаң еді.

— Сіз білім алған кезеңдері Алматының, жалпы қаламгерлердің әдеби өмірі ерекше болған да болар.

— Әрине, студент кезімізден бастап ақын-жазушылардың әрбәр кешінен, кездесулерінен, Жазушылар одағындағы жиналыстарынан қалмайтынбыз. Өзің айтып отырған «алыптар тобының» бәрінің көзін көрдік, сөзін тыңдадық. Мұхтар Әуезовтің тереңдігіне, Ғабит Мүсіреповтің асқақ кербездігіне, Сәбит Мұқановтың даладай кең дархандығына сүйсіндік, ғибрат алдық. Алыптар болған соң әрқайсысы Тұрсекең айтқандай, «әдебиетіміздің бірі – Қазыбегі, бірі – Эльбрусы». Әсіресе, Сәбеңнің қайталанбас қазақи мінезі, жүрегіңнің кеңдігі ерекше деп білем. Даламыздай кең Сәбең әсерлі әңгімелерімен өзіне көпшілікті үйіріп алатын. 1967 жылы Қарағанды қаласына «Сәкен Сейфуллин» пьессасы қойылғанда немесе 1972 жылы ҚарМУ ашылғанда келгенінде үнемі жанында жүрдік. Жалпақ тілмен айтқанда ат қосшысы болдық.

— Сіз 1965 жылдан бері Қарағанды да ұстаздық қызмет атқарып келесіз. Қаламыздағы зиялы қауыммен де етене таныссыз. Солардың ішінде, әрине, Жайық Бектұровтың, Е.Бөкетовтердің алар орны бір төбе.

— Кешегі ұлт зиялыларының көзін көрген кейбіреуімен сырлас әрі қызметтес болған Жайық Бектұровпен қатты сыйластықта болдым. Аяулы ағамыз түрлі саяси науқандардың тепірішін кешкен және де сол бір зобалаң кезеңдердің ақиқатын боямасыз бізге жеткізген шежіре іспеттес тұлға болатын. Басқасын айтпағанда халқымыз тарихының ақтаңдақтарын ашуда Сәкен, Мағжан өмірінің беймәлім қырларын, шығармаларын бүгінгі ұрпақпен табыстыруда атқарған ерен істері ерекше бағалауды қажет етеді. Ел өмірінің қилы кезеңдердің бедерін Алаш арыстарынан бастап, алыптар тобымен сабақтастырып айтқан, жазған құнды естеліктері, шығармалары жан-жақты зерттелуі керек. Ана бір жылдары белгілі журналист Дәулетбек Мақаш бастаған іс аяқсыз қалмауы тиіс. Жәкеңнің 90-жылдары студенттермен өткізген кездесулерінде әдебиетіміздің, тарихымыздың жабық тақырыптарына қатысты айтылған жүрекжарды әңгімелері, ашық пікір алысулары әлі жадымызда. Олардың бәрі өзімізді, өткенімізді тануда қашан да құнды да маңызды мұра болып қала бермек.

Қарағанды мемлекеттік университетінің тұңғыш ректоры Е.Бөкетов шын мәніндегі энциклопедист ғалым болатын. Әсіресе, әдебиетке, сөз өнеріне деген ықыласы, эстетикалық және теориялық аспектілеріне терең бойлауы біздерге ерекше серпін, күш қуат дарытатын. Анау С.Есенинді, В.Маяковскийді, И.Вазовты, Э.Золяны ана тілімізге аударуларының өзі алып тұлғаның өнегелі өмірінің бір ғана мысалы деп білем. Ең бастысы, адамгершілігі асқақ парасатты тұлға өз халқының адал перзенті бола білді.

— Задан Тасқалиұлы, әңгіме-сұхбатыңызға рахмет айта отырып, сізді жетпіс жасқа келген мерейлі тойыңызбен құттықтаймыз. Қашанда ел құрметіне, шәкірт алғысына бөлене беріңіз демекпіз. Қаламыңыз қарымды болып, ғылыми-шығармашылық толайым табыстарға жете беріңіз.

Әңгіме-сұхбатты жүргізген Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ.
Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың доценті.
«Орталық Қазақстан». 4 ақпан 2006 жыл.

АБЗАЛ АҒА, АРДАҚТЫ ҰСТАЗ ЕДІ

Ә. Жақан
Журналистика кафедрасының аға оқытушысы.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Мен Задан ағаны 1987 жылы, осыдан отыз тоғыз жылдай бұрын көріп, танысқан екенмін. Сол жылы Қарағанды Мемлекеттік университеті филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің бірінші курсына қабылданған едік. Ауылдан алғаш келген біздерге куратор болып Задан Тасқалиұлы Жұмағалиев бекітілді. Ол кезде Кеңес үкіметі, партияның дәуірлеп тұрған тұсы. 1986 жылдан қаймығып қалған студенттерде аса еркіндік, берекелі бейбіт күн бәлендей жоқ еді. Сонда да біз қазіргі студенттердей енжар емес, білім мен ғылымға құштар болдық. Сабақтан қалт еткенде оқу залында болып, қосымша тапсырмаларды орындайтынбыз. Түннің бір уағына дейін көркем кітаптар оқушы едік. Әрі дәріс оқитын лектор, әрі куратор ретінде бізге қатысы бар Зәкеңнің әсерлі әңгімесін тыңдауға құмартатынбыз. Олай дейтінім, Зәкең басқа оқытушылар сияқты «марксизм мен ленинизмді» езіп, дәрісті оқулықтарға сүйеніп сөйлемейтін. Әрбір дәрісті немесе семинар сабақтарды өткізгенде юмормен, әзіл- қалжыңмен өріп отыратын. Күнделікті өмірмен тығыз байланыстыратын. Сонан кейін кейбір сөздер мен мысалдарды орысша жеткізетін. Мәселен, бір дәрісінде Кенесары хан туралы айтып келе жатып, «…Кенекем бір жортуылда жүргенінде оның сарбаздары бір жаман сары орысты қолдарын қайырып, лақша бақыртып алдына алып келіпті. Сонда қаһарлы хан әлгі шүрегей орысқа оқты көзін қадап: «Ты, кто такой? Откуда…» деп ақырыпты», - дейтіндей қалжыңды қосымшаларын қосып қоятын. Тағы бір әңгімесінде: «Кеңес үкіметінің алғаш орнап жатқан тұсы болса керек. Шалғайдағы шағын ауылға жоғары жақтан комиссия келе қалыпты. Абдыраған жұрт қапелімде қызыл мата таба алмай, бір әйелді бас салып, тырдай жалаңаш қылып, ішіндегі «қызыл ішкиімін» шешіп алып, құрықтың басына байлап, қызыл жалау қылып желбіретіпті…» дегені бар. «Іш киімі» бола ма, «бөксе киімі» бола ма, большевиктерге бәрібір, әйтеуір, тудың қызыл түсті болғаны дұрыс» - деп өзі күлмей, бізді қыран-топан күлкіге батырушы еді. Және біз шыдай алмай күлсек, ол кісі: «Бұл дегенің - трагедия ғой. Трагедияға адам күлуші ме еді?» - деп, бәрімізге ұрсып беретін. Зәкеңнің бізге дейінгі және бізден кейінгі де студенттер арасында анекдотқа, аңызға айналған «удачный қуырдақ», «құлақ кесу…», «қоян шәпке», т.б. әзіл-қалжыңды әңгімелері көп-ақ. Олардың бәрін жиыстырып, жинақ шығару алдағы уақыттың еншісінде.

Ғалымның ғылыми алқабына көз жүгіртсек, әжептәуір жерді игергеніне куә боламыз. Атап айтқанда, «Өршіл гуманизм өнегесі» (1977), «Дауылды жылдар шежіресі» (1987), «Шындық және көркем әдебиет» (1993), «Уақыт және әдебиет» (1999), «Замана сазы» (2001), «Кезең және әдебиет» (2004), «Жылдар, ойлар…» (2004), «Бел-белесте» (2005), «Сөз және оның қолданыс аясы» (2011). Осынау монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, оқу - әдістемелік құралдары және зерттеулер мен ғылыми мақалалардан құралған толымды еңбектер ағамыздың алтын уақытының айшықты іздері екендігі даусыз. Сонау 1963 жылы Аспиранттар мен ізденушілер жинағына шыққан «Отты жылдар елесі» атты алғашқы ғылыми мақаласынан бастап өмірінің кейінгі жылдарына дейін қаламы қолынан түспеген ғалымның жарты ғасырдан асқан шығармашылық әлемінде, ғылыми-зерттеушілік айдынында ұлтымызға қажетті, ұрпақтарға ұлағатты қаншама дүр-дүниелер, маңызды материалдар жарыққа шыққандығы ғылыми ортада әлдеқашан мойындалған.

Кеңес дәуірінің 1960-1990 жылдар аралығындағы 30 жылдай мерзімі ішінде Зәкеңнің ғылыми, әдеби дүниелері сол дәуірдің тыныс-тіршілігі мен тарихына, шежірелік мұраларына арналған, Мәселен, 1917 жылғы Қазан төңкерісі, 1941-45 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғысына байланысты шығармаларды талдап-саралауы, Сәкен Сейфуллиннің туындылары, оның ішінде «Тар жол, тайғақ кешуі» жайлы, Сәбит Мұқановтың еңбектері хақында, жалпы алғанда, сол кезеңдерді қамтитын қазақ әдебиетіндегі дәуір шежіресінен сыр шертетін гуманизм мәселесін зерттеп-зерделегені қазақ филологиясына жақсы мәлім. Ал, 1991 жылдан қазіргі жаңарған жаңа заманға дейінгі шығармалар ауқымы өте күрделі. Терең таным мен философиялық иірімдерге толы зерттеулер. Мысалы, 1980 жылдардың аяғында ақталған «бес арыс», «алты арыстардың» қатарына жататын Әлихан, Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек Аймауытовтар және де Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, басқа да ұлттық әдебиетіміздің классиктері жайлы зерттеулері тәжірибелі тәлімгердің, еңбекқор ғалымның көп ізденгенінің нәтижесі. Соңғы зерттеулеріндегі ең бір көрнектілері, шоқтығы биік еңбектері ұлы Абайдың шығармалары жайындағы ғылыми

тұжырымдары және Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына талдау жасауы. Осы соңғы кезеңдегі шығармалар шоғырын көбінесе республикалық «Азия Транзит» журналына жариялатып жүрді. Мен өзім 2000-2008 жылдар аралығында 7-8 жылдай осы басылыммен тығыз байланыста болдым. Біраз уақыт аталмыш альманахтың қызметкері де, жауапты хатшысы да, бас редакторы да болып жұмыс атқардым. Сол мезгілдерде Зәкеңнің көптеген ғылыми мақалаларын журналдың бірнеше сандарына жариялап жүрдік. Осыдан жиырма жыл бұрын 70 жасқа толғанында, 2006 жылы республикалық деңгейде ғылыми конференция өткізуге, ғылыми жинақ шығаруға атсалысқанымыз бар еді. Сол жылы «Азия Транзит» басылымының да бір нөмірін мерейтой иесіне арнап едік. 2016 жылдың сәуірінде ардақты ағамыз сексен жасқа келгенде де, ол кісіге арналған «Адамгершілік айнасы» деп аталатын жинаққа «Сексеннің сеңгірі» деген тақырыптағы мерейтойлық мақалам жарыққа шыққан.

Биыл – зерделі ғалым, ұлағатты ұстаз, асыл ағамыз ортамызда болғанда тоқсанға толар еді. Алла алдынан жарылқасын! Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, рухы шат болсын!

ПРОФЕССОР З.Т. ЖҰМАҒАЛИ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ГУМАНИЗМ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС

Ж.Ә. Полат
Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі
оқытушы

Аңдатпа (қазақ тілінде)

Мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының ақсақалы, филология ғылымдарының докторы, профессор Задан Тасқалиұлы Жұмағалидың ғылыми мұрасындағы гуманизм мәселелері мен әдеби процестің даму заңдылықтары тереңдетіле қарастырылады. Автор ғалымның «Уақыт және әдебиет», «Шындық және көркем әдебиет», «М. Жұмабаевтың поэмалары» сынды іргелі еңбектеріне сүйене отырып, оның ұлттық руханиятқа қосқан өлшеусіз үлесін саралайды.

Ғалым бейнесі — ұлттық зиялылықтың айбыны десем қателеспеймін. Себебі,қазақ әдебиеттану ғылымының аспанында өзіндік жарық жұлдыздай жарқыраған, парасат биігінен ой толғаған бірегей тұлға — Задан Тасқалиұлы Жұмағали. Оның жарты ғасырдан астам уақытқа созылған ғылыми-педагогикалық соқпағы — тынымсыз ізденіс пен ерен еңбектің, терең білім мен асыл тектіліктің жарқын шежіресі. 1936 жылы Батыс Қазақстанның киелі Бөкей ордасы топырағында дүние есігін ашқан Задан Тасқалиұлы жастайынан Ақжайықтың асау толқындарындай тулаған сөз өнерінің құдіретін бойына сіңіріп өсті. 1956-1961 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазПИ-дің қабырғасында алған іргелі тәрбиесі оның болашақ ғалымдық тағдырын ғана емес, ұлттық руханияттың нағыз жанашыры болар жолын да айқындап берді.Задан Тасқалиұлының ғылыми концепциясының алтын қазығы — гуманизм. Бұл ұғым оның еңбектерінде жай ғана техникалық термин емес, әдебиеттің өміршеңдігін, оның тамырындағы қанның соғысын айқындайтын басты критерий ретінде көрініс табады. Ол әдеби процесті бір орында тұрмайтын, үнемі өзгеріп, түрленіп отыратын тірі организм ретінде зерттеп, оның ішкі иірімдері мен нәзік заңдылықтарын ашуға ұмырын арнады. Ғалымның қаламынан туған әрбір жол — ұлттың ұлы мұраттарына қызмет етудің асқақ үлгісі.

Гуманизм — Әдебиеттің адамгершілік айнасы. Олай дейтінім, ғалымның 1977 жылы жарық көрген «Өршіл гуманизм өнегесі» атты еңбегі оның ғылымдағы соны соқпағын салып берді. Кеңестік идеологияның темір құрсауындағы қыспаққа қарамастан, Задан Тасқалиұлы әдебиеттегі ең басты құндылық — адам факторын, оның ішкі еркіндігі мен рухани пәктігін бәрінен биік қойды.

1.1 «Толық адам» концепциясының ғылыми өрісі: Задан аға гуманизмді ұлы Абайдың «Толық адам» ілімімен шебер ұштастыра білді. Оның пайымдауынша, көркем шығарма — бұл құрғақ оқиғалар тізбегі емес, оқырманның көкірегіндегі ізгілік шырағын жағатын қасиетті от. Ғалым өз еңбектерінде: *«Әдебиеттің басты нысанасы — адам болса, оның басты мұраты — сол адамды рухани кемелдікке жетелеу, жанын жақсылықтың нәрімен сусындату»*, — деп түйіндеді. Бұл ойлар ғалымның әрбір талдауында қызыл жіптей есіліп отырады.

1.2 Кейіпкер тағдыры — ұлттық мінездің көрінісі: Ғалым қазақ прозасы мен поэзиясындағы кейіпкерлер бейнесін талдағанда, олардың қоғамдағы орнынан бұрын, ішкі арпалысы мен

адамгершілік болмысын зерттеуге күш салды. Ол үшін әдебиет — адамтанудың ең биік шыңы. Кейіпкердің басындағы тағдыр тауқыметін талдай отырып, ғалым оқырманды «адам болу» деген ұлы ұғымның айналасына топтастырды. Оның пайымдауынша, әдебиеттегі гуманизм — жазушының кейіпкерге деген аянышы емес, оның бойындағы адамдық қасиетті ең ауыр жағдайда да сақтап қалу шеберлігі.

II. Әдеби процесс және Уақыт диалектикасының тереңдігіПрофессор З.Т. Жұмағали әдеби процесті тоқтаусыз ағып жатқан, арнасы кең ұлы дарияға теңеді. Оның «Уақыт және әдебиет» (2000) атты монографиясы — әдебиеттану ғылымындағы сонғы құбылыс.

2.1 Уақыт пен Кеңістік — Көркемдік өлшемдері: Ғалым әдебиеттегі уақыт пен кеңістіктің (хронотоп) көркемдік қуатын ашуда ерекше қырағылық танытты. Шығарманың құндылығы уақыттың қатал сынынан қалай өтетінін, дәуірдің ащы шындығы қаламгердің қиялында қалайша көркем бейнеге айналатынын ғылыми жүйеледі. Задан Тасқалиұлы әрбір туындыны өз заманының перзенті ретінде қарастыра отырып, оның жалпыадамзаттық маңызын ашуға тырысты.

2.2 Дәстүр мен Жаңашылдық сабақтастығы: Әдеби процесті зерттеуде ғалым Абай салған сара жолдың XX ғасыр басындағы алаш әдебиетіне, одан кейінгі кеңестік кезең мен бүгінгі тәуелсіздік дәуіріне қалай әсер еткенін зерделеді. Ол үшін әдебиет — өткеннің тәжірибесі мен бүгіннің тынысын тоғыстыратын, болашаққа бағыт сілтейтін рухани керуен. Задан аға дәстүрді «тоңған мұз» емес, «үнемі толығып отыратын бұлақ» ретінде бағалады.

III. Шәкәрімтанудағы жаңа көкжиектер. Рух пен Ардың үндестігі

Задан Тасқалиұлының ғалымдық ерлігі мен азаматтық батылдығы — Шәкәрім Құдайбердіұлының есімі мен мұрасын ғылыми айналымға қосу жолындағы қажырлы еңбегінде. «Шәкәрім шалқары» атты зерттеуінде ол ақынның пәлсапалық лирикасын гуманизмнің биік шыңы ретінде сипаттады.

Ғалым Шәкәрімнің «Ар білімі — бар білімнен жоғары» деген қағидасын әлемдік деңгейдегі гуманистік ой-сананың озық үлгісі ретінде дәлелдеді. Ол Шәкәрім мен Лев Толстойдың рухани жақындығын, екі алыптың адам жанын тазарту жолындағы ізденістерін тереңдете жазды. Задан Тасқалиұлы: *«Шәкәрімнің гумаминизмі — бұл құдайды тану мен өзіңді танудың бірлігі, ол адамды нәпсіден тазарып, рух тазалығына шақырады»*, — деп тұжырымдайды. Бұл ойлар бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жойған жоқ.

IV. Мағжантану. Эстетика мен Сағыныш күйі

Ғалымның «М. Жұмабаевтың поэмалары» (1992) атты еңбегі — мағжантану саласына қосылған қомақты үлес. Ол Мағжан поэзиясындағы нәзік сыр мен өршіл рухты қатар талдай алды.

Задан Тасқалиұлы ақынның «Пайғамбар», «Қорқыт» поэмаларын талдай отырып, Мағжанның ұлттық гуманизмі жаһандық деңгейдегі биікке көтерілгенін көрсетті. Ғалым ақын поэзиясындағы «сағыныш» ұғымын жай ғана мұң емес, адамның бастапқы тазалығына, еркіндік пен бақытқа деген ұлы ұмтылысы ретінде түсіндіреді. Бұл — әдебиеттанудағы эстетика мен гуманизмнің қабысуын көрсеткен ерекше әдіс болды.

V. Сөз киесі — Ғалымның қасиетті ұстанымы

«Сөз және оның қолданыс аясы» (2013) атты еңбегінде ғалым филологтың қырағылығы мен тіл жанашырының жауапкершілігін қатар танытты. Задан Тасқалиұлы үшін сөз — жай ғана дыбыстар жиынтығы емес, ол — ұлттың коды, тарихының таңбасы, гуманизмнің тілдік бейнесі.

Сөздің эстетикалық нұры: Ғалым әрбір сөздің сөйлемдегі орнына, оның мән-мағыналық бояуына үлкен мән берді. «Сөз тазалығы — ой тазалығының кепілі» деген қағиданы ұстанған ол, әдеби процестегі тілдің дамуын ұлттық сананың биіктеуімен байланыстырды.

Шындық пен Көркемдік бірлігі: Оның «Шындық және көркем әдебиет» (1993) атты зерттеуінде өмір шындығының көркем туындыға айналу жолы — зергердің еңбегіндей сипатталады. Жазушының гуманизмі оның ақиқатты қаншалықты көркем бейнелей алуында, оқырманның жанын қаншалықты тебіренте алуында жатыр деп білді.

VI. Рухани сағыныш. Ақжайық пен Арқа арасындағы алтын көпір

Задан Тасқалиұлының тұлғалық болмысы оның туған жерге деген шексіз, іңкәр махаббатымен өрілген. Профессор Берік Рахымның тебіреніске толы естеліктерінде айтылғандай, ғалым Алматының арайлы таңдарында немесе Арқаның аязды күндерінде жүрсе де, оның жүрегі әрдайым Ақжайық жағалауында, батыстың дархан даласында еді.

Пойыз үстіндегі «Оралға кетіп бара жатырмын» деген балғын қиялы — ғалымның ішкі дүниесіндегі гуманизмнің, пәктіктің тағы бір қыры. Ол — туған жердің тау-тасына, жусанды иісіне деген перзенттік сағыныш. Осы сағыныш сазы оның зерттеулеріне өзгеше «жан» берді, еңбектерін құрғақ ғылымнан биік рухани деңгейге, поэтикалық асқақтыққа көтерді. Қадыр Мырза

Әлінің отты жырларын жанына серік еткен ғалым үшін Отанға деген сүйіспеншілік — гуманизмнің ең жоғарғы сатысы болды.

VII. Ұстаздық мектеп. Парасат падишалығы 58 жылдық ғылыми-педагогикалық еңбек жолында Задан Тасқалиұлы тек ғалым ғана емес, білікті ұйымдастырушы, ұлағатты ұстаз ретінде танылды. 30 жылға жуық уақыт бойы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасын басқарып, Арқа өңіріндегі филология ғылымының іргетасын бекітті.

Ғалымның жетекшілігімен 8 кандидат пен 29 магистрдің қанат қағуы — оның ғылыми гуманизмінің нағыз жемісі. Ол шәкірттеріне тек білім нәрін беріп қана қойған жоқ, оларды адамгершілікке, отансүйгіштікке баулыды. 2014 жылдан бастап «Bolashaq» академиясында профессор қызметін атқарып, өмірінің соңына дейін жастардың рухани жетекшісі болды. Оның әрбір дәрісі — өмір мектебі, парасат сабағы еді.

Қорытындылай келе, мәңгілікке бет алған ғалым Задан Тасқалиұлы Жұмағалидің сапары — қазақ әдебиеттану ғылымының абызы, Арқа мен Ақжайықтың арасындағы рухани сабақтастықтың символы. Оның зерттеулеріндегі гуманизм мәселелері мен әдеби процестің дамуы туралы толғамдары — ұлттық руханияттың баға жетпес алтын қоры.

Ғалымның есімі ол жазып кеткен 260-тан астам еңбектің әрбір сөйлемінде, ол тәрбиелеген жүздеген шәкірттің жүрегінде мәңгі сақталады. «Азаттық жаршысы» болып өткен Задан Тасқалиұлының ғылыми мұрасы — ұлттық сананың ажырамас бөлшегі. Оның зерттеулеріндегі адамгершілік мұраттар мен ғылыми тереңдік болашақ ұрпақ үшін әрқашан темірқазық болып қала бермек. Ол — уақыт пен кеңістікті әдебиет арқылы бағындырған, өзі де мәңгілік әдеби процестің ажырамас бөлігіне айналған заңғар тұлға.

Задан Тасқалиұлы Жұмағали — қазақ әдебиеттану ғылымының абызы ғана емес, ол ұлттық болмыстың, парасат пен мәдениеттің ажырамас нышанына айналған заңғар тұлға. Оның зерттеулеріндегі гуманизм мәселелері мен әдеби процестің дамуы туралы толғамдары — бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін сарқылмас рухани қазына, баға жетпес алтын қор. Ғалым өз ғұмырында Арқаның айбынды асқақтығы мен Ақжайықтың дархан даласының арасына рухани алтын көпір орнатып, екі өңірдің мәдениетін бір арнаға тоғыстыра білді. Оның әрбір еңбегі — қазақ сөз өнерінің тамырына қан жүгірткен, ұлттық рухты асқақтатқан, адамгершілік мұраттарды ту еткен қасиетті туынды.

Профессордың ғылыми мұрасы — бұл жай ғана қағазға түскен деректер емес, бұл — ұлттық сананың жаңғыруына қосылған өлшеусіз үлес. Задан ағаның «Азаттық жаршысы» болып өткен ғибратты жолы бүгінгі тәуелсіз еліміздің әдебиеттану ғылымы үшін айнымас темірқазық іспетті. Ол Шәкәрімнің «Ар ілімін» зерделеп, Мағжанның «сағыныш сазын» ғылыми тілмен сөйлеткенде, тек өткенді түгендеп қана қойған жоқ, ол келешектің рухани іргетасын қалады. Ғалымның есімі ол жазып кеткен 260-тан астам іргелі еңбектің әрбір сөйлемінде, ол тәрбиелеген, бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етіп жүрген жүздеген шәкірттің жүрегінде мәңгілік алау болып лаулай бермек.

Задан Тасқалиұлының ғылыми гуманизмі — бұл өмір бойы Ақиқатты іздеу, Адамды сүю және Ұлтқа қызмет ету. Ол уақыт пен кеңістікті әдебиеттің құдіретімен бағындырған, өзі де сол мәңгілік әдеби процестің ажырамас, киелі бөлшегіне айналған тұлға. Оның рухы әрбір жаңа зерттеуде, әрбір филологиялық ізденісте, әрбір шәкіртінің мақаласында «Менің аңсағаным — Ақиқат, менің іздегенім — Адам» деген ұлы ұранмен мәңгі жасай бермек. Ғалымның қалдырған рухани аманаты — қазақ сөзінің киесін сақтау, әдебиеттің адамгершілік миссиясын жоғалтпау және ұлттық құндылықтарды бәрінен биік қою. Бұл аманат — келешек филологтар мен әдебиетшілер үшін мәңгілік бағдар болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмағали З.Т. Өршіл гуманизм өнегесі. — Алматы, 1977.
2. Жұмағали З.Т. Дауылпаз жылдар шежіресі. — Алматы: Мектеп, 1987.
3. Жұмағали З.Т. Шындық және көркем әдебиет. — Қарағанды, 1993.
4. Жұмағали З.Т. Уақыт және әдебиет: Зерттеулер. — Қарағанды: 1999. — 336 б.
5. Жұмағали З.Т. Кезең және әдебиет. — Қарағанды, 2004.
6. Жұмағали З.Т. Бел-белесте: Зерттеулер. — Қарағанды, 2005. — 403 б.
7. Жұмағали З.Т. Ізденіс жолында: Көкейкесті әдебиеттану. — Астана, 2008.
8. Жұмағали З.Т. Азаттық жаршысы: Әдебиеттанудың өзекті мәселелері. — Астана, 2010.
9. Жұмағали З.Т. Сөз және оның қолданыс аясы. — Қарағанды: «Болашақ» баспасы, 2013.

10. Рахым Б. Арқа мен Ақжайықтың арасында. // «Ortalyq Qazaqstan» газеті, 2024.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Ж.А. Рустемова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

«Әрекетіміз дұрыс болу үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін анықтап алуға тиіспіз» - деген екен Әл-Фараби. Әрекет етуде адам сан түрлі жолды таңдауы мүмкін. Бірақ сол харекет дұрыс болу үшін бір ғана жол бар. Ол – тазалық жолы. Адам тазалығына өлшем болатын – оның таңдаған жолы. Таңдаған жолына өмір бойы адалдық танытқан, ізгілікке негізделген ұстанымдарды өмірлік тұғыр еткен, ар тазалығын, жан тазалығын, көңіл тазалығын, ой тазалығын, сөз тазалығын, қол тазалығын бәрінен жоғары қойған ұстазымыз – Задан Тасқалиұлы Жұмағали. Қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар білікті ғалым, барша ғұмырын ұстаздыққа, тәлімгерлікке арнаған, талай шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Задан Тасқалиұлы туралы ақтарылып айтылар сыр көп.

1997 жылдың 13 қарашасында Задан ағаның Қабдеш Жұмаділов шығармашылығына қатысты ұсынған тақырыбы бойынша ғылыми тақырыптар жөніндегі үйлестіру кеңесінің сын-пікір, ұсыныстарын біліп қайту мақсатында Алматыға жол тарттым. Мен Алматыға түскен жұма күні Ғылым Академиясы әдебиет және өнер институтының қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінде әдебиеттанушы ғалымдардың ешқайсысы болмай шықты да, кандидаттық диссертациясын қорғауға дайындалып жүрген курстасым Айман Файзулловна Зейнулина(қазір С.Торайғыров атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Үштұғырлы тіл» кафедрасының меңгерушісі, профессор, филология ғылымдарының кандидаты, ХАА академигі) маған дүйсенбі, сейсенбі күндерін күту жөнінде кеңес берді. 18 қараша сейсенбі күні зерттеу жұмысы тақырыбымның басқа ізденуші тарапынан бекітіліп кеткендігі анықталып, қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің меңгерушісі С.С.Қирабаев және бөлімнің ғылыми қызметкерлері Ш.Сариев, Ә.Нарымбетов, Қ.Ергөбек, Б.Ибраимов сынды ғалымдар жаңа тақырып алу жайында сөз қозғады.

Бөлім ғалымдары арасынан Құлбек ағайдың ұсынысы маған ой салды: «Жанар, қазақ балалар әдебиеті – зерттелмеген сала. Менің ойымша, балалар әдебиетін зерттеу керек. Мәселен, балалар әдебиетіндегі ертегі жанры деген мәселені ешкім қарастырған жоқ. Осы тақырыпты алсаң, қайтеді?». «Жетекшіммен ақылдасайын!» - дедім. Ақылдастым. Задан Тасқалиұлы «Дұрыс!» - деді. Менің жұмысымның тақырыбы «Қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі ертегі жанры» түрінде бекітілетін болды да, жұмыс бойынша ғылыми жетекші тақырыпты ұсынған Құлбек ағай болу керек деген ауызша ұсыныс жасалды. «Задан ағайдың жетекшілігімен жұмыс істеуге бекініп келген болатынмын. Басқалай болуы мүмкін емес» -дегенді мен сыпайылап жеткіздім. «Бұның – дұрыс шешім. Демек, екі ғылыми жетекшің болады!» - деді бөлімдегілер.

Бір айдан соң Айман маған тақырыбымның Ғылыми Кеңесте қаралып бекітілгенін қуана хабарлады. Кейіндеу қолыма тиген бұйрық көшірмесін сөзбе-сөз келтіруді жөн санап отырмын. «Қазіргі қазақ әдебиеті бөліміне Қарағанды мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы Ж.А.Рүстемова 1997 жылдың 17 қарашасынан бастап ізденуші болып саналсын. Ғылыми жетекшілері болып доцент З.Т.Жұмағалиев пен ф.ғ.д. Қ.Ергөбеков тағайындалсын». Бір себептермен араға 7 жыл салған уақытта филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ балалар прозалық әдеби ертегісі» тақырыбындағы диссертациямды 2004 жылы Астана қаласында, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі филология ғылымдары докторы дәрежесін беру жөніндегі Диссертациялық кеңестің мәжілісінде Задан Тасқалиұлы Жұмағалидың жетекшілігімен сәтті қорғап шықтым.

Қазір қазақ әдебиеті кафедрасында, Задан Тасқалиұлы шәкірттерінің ортасындамын. Шәкірттерінің ұстаз жайындағы, әсіресе, сабақ өткізу әдіс-тәсілдері жөніндегі естелік әңгімелері мен үшін қызықты. Задан ағаның оқу-тәрбие процесінде қолданған әдіс-тәсілдерінің маңыздылығын бүгінгі жоғары оқу орындары білім алушыларының педагогтік, әдіскерлік құзыреттілікті игеруін қамтамасыз ету мәселесімен байланыста түсіндіруге болады.

2016 жылы Қарағанды қаласындағы «Глассир» баспасынан Задан Тасқалиұлы Жұмағалидың 80 жылдығына орай ұстаз өмірі мен өнегесін, ғылымдағы жеткен жетістіктері мен ұстаздық ізгі істерін баяндайтын «Адамгершілік айнасы» атты ғылыми-танымдық және тағылымдық естеліктер кітабы жарық көрді. Естелік жинақ мақалаларының басым көпшілік авторлары – Задан ағаның шәкірттері. Кітаптағы «Зекеңнің зерлі шапаны» мақаласында қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы ғалым, сыншы, ХАА академигі Жандос Қожахметұлы Смағұлов ұстазы туралы «Ол кісінің сабағын себепсіз көп босаттым дегенше, емтихан тапсыруға бармай-ақ, чемоданыңды жинап ауылға қайта беруіңе болады. Қатты да қатал талап қойып, пәнге қатысты көркем шығармаларды түгел оқуды қадағалайды және оны анықтау үшін жекелеген эпизодтық детальдарына дейін сұрайды» -деп жазады. Ұстазы жүргізген семинар сабақтарында әр студент өздері таңдаған тақырыптары бойынша топтың алдында 15-20 минут баяндама жасайды. Топ студенттері баяндамашының баяндамасын талқылайды, жетістігін де, кемшілігін де айтады. Бағаны да қоятын – топ. Шәкіртінің еске түсіріп айтқан бұл мысалдары Задан Тасқалиұлының әдіскерлік бағытын тануға мүмкіндік береді.

Пәнге қатысты көркем шығармаларды түгел оқығанын анықтау үшін жекелеген эпизодтық детальдарына дейін сұрау және студент бастай беріп, ары қарай өзінің жалғастыруы, содан кейін студенттен арғы жағын бөгелмей, іле жөнелуді талап етуі, содан соң студент жауабын үзіп тастап, қайтадан өзіндік баяндауы – Задан ағаның үнемі қолданған тәсілі екен. «Осылай сұрақ-жауап түрінде екі-үш рет қайымдасасың» деп жазады «Өзге емес, өзім айтам өз сырымды...» естелігінде. Бұл – қайымдасу тәсілі. «Қысқасы, бұл тәсілдің пайдасы үлкен еді. Әдебиет пәнінен студент жақсы білім алып шығады. Оған көзіміз жетті. Қарағанды пединститутында өзіме дәріс берген ұстаздарымның әлгі әдісін қолданып көрдім. Студенттерді бес-алтыдан бөліп, бағдарлама жасадым да, көркем текстіні оқыған-оқымағанын қадағаладым» - деп еске алады ұстаз. Осы күні бұл тәсілді кафедра оқытушылары тиімді түрде қолдануда.

Шәкірттерінің бірі – қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Шапағат Шарапатұлы Жалмаханов «Задан Тасқалиұлы қазақ әдебиетінің тарихы, теориясы, фольклоры және сыны мәселелерінің білгірі болумен қатар, қазақтың әдеби шығармаларының мазмұнын, ақын-жазушыларының өмірі мен шығармашылық өмірбаянын бүге-шігесіне дейін біледі. Өлеңдерді, дастандардан үзінділерді жатқа да айтады. Көркем туындының әрбір деталін баяндау арқылы автордың идеясын, түпкі ойын талдап түсіндіретін. Қазақ әдебиеті ғана емес, орыс әдебиеті, шетел әдебиеті классиктерінің шығармаларын салыстыра, салғастыра түсіндіруі бір бөлек. Факультеттегі орыс және шетел әдебиетінің ауыздарын айға білеген мамандары ол кісімен байқап сөйлесетін, не бас жағына барыспауға тырысатын» - деп сыр шертеді «Еменнің бұтағы» мақаласында. Бұл – әйгілі әдебиеттанушы, тілші ғалымдар Қ.Жұмалиев, Н.С.Смирнова, М.С.Сильченко, С.Аманжолов, А.Әбілқаев, Х.Әділгереев, Қ.Жармағамбетовтерден дәріс тыңдаған, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Ә.Сәрсенбаев, Т.Жароков, Х.Ерғалиев, Х.Есенжанов, Ж.Молдағалиев, І.Кеңесбаев, М.Балақаевтарды көзі көрген, олардан тағылым алған Задан Тасқалиұлының мол білім иесі болғандығының дәлелі.

«Семинар сабақтары кезінде студенттердің өзіндік жұмыстарына қатысты үйіп-төгіп тапсырмалар беріп, көбіне өлеңдер жаттатып, көркем шығармаларды оқып келуге беретін. Көптеген ақын-жазушылар шығармаларын оқып, жаттауларды тапсырғаннан кейін барып емтиханға жіберетін. Ұстазымызға «дайындалып келіп едім» десең болды, кез-келген жерде сұрай беретін. Аузынан «жақсы» деген сөз шыққаны, онда емтиханға бара бер дегені болатын. Өзіндік білім беру әдіс-тәсілі қалыптасқан Зәкеңнің осы бір дәстүрін дұрыс көріп, оқытушылық ісіне лайықты баға бергендер көп» -деп еске алады қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Берік Серікбайұлы Рахимов «Өткен күн мен осы күн» естелігінде.

Шәкірт ұстазға қарап бой түзейді. «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды...» естелігінде Задан аға ұстазы – әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Қажым Жұмалиев туралы былай дейді: «Қ.Жұмалиев қатал, мінезі кесек, реті келіп қалса, бет-жүзіне қарамай айтатынын айтып тастайтын кісі еді. Ренжіскен адамының соңынан арыз-шағым айтпайтын, жіңішке қағаз жағалатпайтын, сыртынан ғайбаттамайтын. Біз, аспиранттары, оны осы қылығы үшін жақсы көретінбіз, құрметтейтінбіз. Ол кісі жерлестік, таныстықты білмейтін, жұртты қабілеті, адамгершілігі тұрғысынан бағалайтын. Бір аспиранты – Оңтүстіктен, екіншісі – Солтүстіктен, үшіншісі – Орталық Қазақстаннан деген сияқты қырық рудан бола беретін. Біз, аспиранттары, оны аз ғана қазақты бөлшектемегені үшін

жақсы көретінбіз, құрметтейтінбіз». Қ.Жұмалиевтің тағы бір шәкірті – белгілі ғалым, абайтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы «Қажым Жұмалиевтің саналы өмірі түгелдей ұстаздық жолға арналды. Ол дәріс оқу үстінде ешқандай конспекті, қағазға қарамайтын. Әдеби шығармаларды талдау үстінде кез-келген ақын, жыраудың өлеңін жатқа соғып, сөз маржанын нөсерлеткенде тыңдаушысын сілтідей тындырып, керемет әсерде қалдыратын» - деп жазған екен. Бұл тұрғыда Задан ағаға шын мәніндегі ұстазы, диссертациялық жұмысының жетекшісі Қажым Жұмалиев тағылым-тәлімінің игі ықпал-әсері болған болар деген ойға қаласың.

«Әрі дәріс оқитын лектор, әрі куратор ретінде бізге қатысы бар Зәкеңнің әсерлі әңгімесін тыңдауға құмартатынбыз. Олай дейтінім, Зәкең басқа оқытушылар сияқты «марксизм мен ленинизмді» езіп, дәрісті оқулықтарға сүйеніп сөйлемейтін. Әрбір дәрісті немесе семинар сабақтарды өткізгенде юормен, әзіл-қалжыңмен өріп отыратын. Күнделікті өмірмен тығыз байланыстыратын» - деп жазады Задан Тасқалиұлының сексен жылдық мерейтойына арналған мақаласында журналистика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика магистрі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әлімжан Құтжанұлы Жақан.

Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Саржан Уахитұлы Такиров бірде Задан ағаның өзінің білмекке құмарлығын оятқан тәсілі туралы әңгімелеп беріп еді. «Наполеон Бонапарт туралы жазған Стендаль, Манфред, Тарлені білесіңдер ме? Ай, қайдам, сендер білмейсіңдер ғо-о-й!» - деу арқылы менің Наполеон Бонапарт туралы көркем дүниелер мен зерттеу еңбектерін іздеп оқуыма түрткі салды. Фредерик Стендальдің «Наполеон өмірі», кеңес тарихшысы Альберт Захарович Манфредтің «Наполеон Бонапарт» кітаптарын, Ресей және кеңес тарихшысы, академик Евгений Викторович Тарленің «Наполеон» монографиясын – бәрін жинап алдым, оқыдым, білімімді толықтырдым. Кейінірек кафедрада отырып, бір сағаттай әңгімелескен уақытта «Әй, бала, көп оқығансын-ау!» - деп айтқаны да бар еді» - деген еді. Әлімжан Құтжанұлы мен Саржан Уахитұлы естеліктері Задан ағайдың студенттерге бағытталған оқыту әдіс-тәсілдерін, юморды қолдану, намыс қайрау тәсілдерін өз кезінде асқан тиімділікпен пайдаланғандығын байқатады.

Қазіргі уақытта білім берудің инновациялық тәжірибесі деп аталып жүрген оқыту технологияларын, атап айтатын болсақ, белсенді оқыту әдістерін, студенттерге бағытталған оқыту әдістерін, зерттеуге негізделген оқыту әдістерін, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау әдістерін сабақ беру барысында кезінде Задан аға тұрақты қолданған екен. Демек, бүгінгі күні пайдаланылып жүрген инновациялық әдістердің басым көпшілігін Задан Тасқалиұлының сабақ беру барысында қолданған екен. Осы тұста Шапағат Шарапатұлының ұстазы туралы «Ең басты мұраты студенттен бағдарламаны толық игеруді талап ететін» деген сөзін еске алудың реті бар.

Задан Тасқалиұлы Жұмағалидың «Өршіл гуманизм өнегесі» (1977), «Дауылды жылдар шежіресі» (1987), «Шындық және көркем әдебиет» (1993), «Уақыт және әдебиет» (1999), «Замана сазы» (2001), «Кезең және әдебиет» (2004), «Жылдар, ойлар...» (2004), «Бел-белесте» (2005), «Сөз және оның қолданыс аясы» (2011) атты монографиялары, оқулықтары, оқу және оқу-әдістемелік құралдары, 200-ден астам зерттеу мақаласы, сыншылдық, публицистикалық мақалалары – ұлттық руханиятқа, әдебиеттану ғылымына қосылған және алдағы уақытта талай зерттеулердің нысанасына айналатын, өлмейтін, өшпейтін мұра.

Биыл әдебиеттанушы ғалым, профессор, филология ғылымдарының докторы Задан Тасқалиұлы Жұмағалидің тоқсан жылдығы университет көлемінде аталып өтпекші. «Адамгершілік айнасы» естелік кітабында Задан ағаның «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды...» атты 50 беттен тұратын естелігі «Әзірге айтпағым осы» деген сөйлеммен аяқталады. Ұстазымыздың естелік-мақалада «әзірге» деген сөзді қолдануы тегін емес деп ойлаймын. Өйткені шәкірттері барда ұстаз ұлағаты туралы әңгіме өз жалғасын таба береді!

Абайдың өмір жолы, ақындығы жөнінде
бұрын да аз жазылмаған-ды, соңғы
екі-үш жылда, оның мерей тойы
жақындаған сайын ой тасқыны
өрістей түскен сияқты. Оларда
Абайдың алдымен ұлт ақыны,
отаншыл ақын екені
баса айтылады.

З.Т.Жұмағали.
«Уақыт және әдебиет»
зерттеу еңбегінен

АБАЙДЫҢ АЛТЫ ӨЛЕҢІ

М.І. Әбдуов
«Bolashaq» академиясы
Филология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылым таппай мақтанба. Ақынның бұл туындысына тілдік, әдебиеттік, философиялық тұрғыдан жан-жақты талданған, талай толымды ғылыми ой-пікірлер айтылған, ғылыми сараптамалар жасалған. Біз де сол дүниелерге сүйене отырып, ой қосуға талап жасадық. Алғашқы төрт жол – өлеңнің кіріспесі тәрізді, туындының табиғаты, бітімі, ішкі мазмұны, айтылмақ ой осы бастамада тұрған сияқты.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге [1, 44].

Алғашқы жолдың өзі-ақ, оқырманды елең еткізеді. Ғылым дегеніміз не? Егер біз бір сөзді алып тұлғасына, тұрпатына, мағынасына қарай нақты дәлелдер арқылы көрсете отырып талдау жасасақ – ол ғылымға жата ма? Немесе, аспанда ұшатын, құрлықта жүретін, суда жүзетін көлікті ойлап шығарсақ – ол ғылым деп санала ма? Біздің ойымызша ол ғылымның әрекетінің көрінісі, нәтижесі десек те болады, бірақ ғылымның өзі емес. Хакімнің «Ғылымды тап» деп айтып отырғаны – жол көрсету, ал табу үшін іздеу керек. Ол Абайда бар:

Ғылымды ізде,п
Дүниені көзде,п
Екі жаққа үңілдім.

Ғылымды іздеу керек, табу керек – ол дұрыс бағыт. Ал, ақында «Ғылымды игеру керек» деген тіркес кездесе ме? Біз ондай иірімді таппадық, ақын олай деп айтпайды. Неге? Жауап біреу – ол мүмкін емес. Алғашқы кіріспе төрт жолдан кейін:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз [1, 44], -

деген жолдар жалғасады. Бір қызығы осы үш жолдан кейін:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер, мал шашпақ –
Бес дұшпанын білсеңіз, -

деп жалғастырып кетуге болар еді. Тіпті байланыстың өзі соны талап етіп тұрғандай. Бірақ, бұл екі қайырманың арасында оқшау көрінетін екі жол тұр:

Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз [1, 44].

Дүниеге келген адамның аз ба, көп пе өмір сүретіндігі ақиқат – ол түсінікті. Ал, тілеуің дегенді қалай қабылдаймыз? Не нәрсеге нұсқап тұр? Ең алдымен «ғылымды тап» деді. Ондағы нәтиже – ғылымды тапқаннан кейін, танисың. Келесі міндет – орынды анықтау. Ғылымды тану шамаңа қарай орыныңды белгілейсің, сонда сізге тілеуге, өмір сүруге жол ашылады деп тұрған жоқ па? Ойымызды әрі қарай жалғастырайық. Алдымен бес жамандықты сонан кейін барып бес жақсылықты түзеді. Неге керісінше емес? Әрине, оның да себебі бар. Адам баласы болмысынан жаманшылықты тез әрі жеңіл қабылдайды, ал құтылу арылу өте қиын, көптеген әрекеттерді бастан өткізуге тура келеді. Өйткені, ол – ауыру. Қазақ айтады: «Ауыру батпандап кіреді, мысқалдап шығады». Жақсылықты бойға сіңіру өте ауыр еңбекпен жүзеге асады. Себебі: «Еңбекпен тапқан нан тәтті». Күш жұмсаған нәрсенің нәтижесі сүбелі болады, пайдасы көп болады. Әр әрекеттің өзіне тән қайтарымы бар, ыдысты сындыру оғай ма, әлде, құрастыру оңай ма? Бұл – жаратылыстың заңдылығы. Екіншіден, жақсылықтан сәл салғырттық танытсақ айырылып қаласың, жаманшылықтан құтылу қиын. Жамандық жақсылықты тез қуып шығады. Діни тұрғыдан келсең жамандықтың жолдасы – шайтан. Ол әр кез жамандық үшін көмекке дайын. Өйткені: «Аллаһ: «Сен белгілі уақытқа дейін (қияметке) өздеріне мәулет берілгендерденсің», - деп айтты» [2, 50]. Сондықтан, жамандықтан толық тазаланбай, жақсылықты бойға орнықтыру мүмкін емес. Бұл жағдайды ақынның өзі де айтып тұр. Алдымен:

Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.

Сонан кейін барып:

Жақсылық көрсең ғибратлы,
Оны ойға жисаңыз [1, 44].

Жамандықтан тыйылып жақсылықтан үлгі алып, ғылымды іздеудің жолына түссеңіз, ерінбеген еңбектің арасында ғалым боларыңыз хақ. Ғалымдыққа қол жеткізу үшін үш нәрсені ұмытпаған жөн. Олар: ниет, талап, ізденіс. Жақсыға ерсеңіз жарыққа шығасыз. Олай болса:

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз [1, 44].

Ғылымды табу, оның әрекетін көру, сезіп білу арқылы жүзеге асады. Оны сүю де танымның түйсігінің түйсінуі арқылы көрінеді. Ал, білгіңіз келсе:

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз [1, 45].

Яғни, сіздің барлық қажетіңізді ғылым ғана бере алады. Сондықтан:

Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз [1, 45].

Сонымен, ақынның айтқан ғылымын қалай түсіндік, қалай қабылдадық? Ғылым, Ол – Жаратушы. Ісі арқылы танимыз, білеміз. Тілеуіңізді Соған ғана арнайсыз. Жамандықтан тыйылып,

жақсылықты дос тұтсаңыз, махаббатпен Ғылымды тану жолына түссеңіз нағыз ғалым болып шығарыңыз сөзсіз ақиқат. Ал, Жаратушыны – Ғылым деп алуын Хакімнің өзінің сөзінен де аңғарамыз. Отыз сегізінші қара сөзінде: «Оның үшін Алла Тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдырет, Басар, Сәмиғ, Ирада, Кәлам, Тәкин» [2, 196] деп анық айтып отыр. Сондықтан, өлеңнің соңында, жастықтың қызуына салынып, бұл өлеңге үстірт қарама, асықпай оқып, тереңіне үңіл, тетігін тап, сөйтіп ақылыңа ақыл қос дейді.

Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гүл [1, 46].

Білімдіден шыққан сөз. Сирек те болса айтылып жүретін қазақта бір қанатты сөз бар. Ол: «Жақсымен сөйлессең өсесің, жаманмен сөйлессең өшесің». Жақсы болу да, жаман болу да білім мен мінезден туады. Абай ғылыммен қоса білімге де баса назар аударған. Оның әсері мен әрекетін, ақыл мен сананы дамытатын қасиетін кең ауқымда ашып көрсетуді мақсат еткен. Сондай мәселені қозғаған туындыларының бірі «Білімдіден шыққан сөз». Алғашқы шумағында-ақ:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз [1, 86], -

деп білімнің өрісін кеңейтудің жолын нұсқайды. Шумаққа төрт сөз тірек болған. Олар: білім, талап, нұр, көз. Мұндағы нұр сөзі араб тілінен енген де, өзгесі қазақ сөздері. Десек те, егер әбжад есебіне салып көрсек біраз астардың ақиқаты аңғарылады.

Білім сөзінің түбірі – біл. Екі дыбыс арқылы жасалған: Б – 2, Л – 30. Қосындысы төмендегідей:

2+30=32=3+2=5.

Біл сөзі бұйрық райлы етістіктің табына жатады. Осыдан келіп нені білу керек деген сұрақ туындайды. Қосындыдағы отыз екі саны үш және екі таңбаларынан тұрады. Яғни, үш – даму, қозғалыс, екі – жаратылыс, мағынасы жаратылыс даму; заңдылығымен әрекет етеді. Түйіні – уақытша өмір. Жаратылған, қызметі дамудан, қозғалыстан тұратын сынақ өмірді біл деп тұр. Қазақ оған бес күндік жалған деп жауап берді. Енді, *біл* етістігінен сөз тудырушы жұрнақ арқылы *білім* сөзі жасалған. Әбжадтағы сандық мәні төмендегідей (Б – 2, Л – 30, М - 40):

2+30+40=72=7+2=9.

Қосындының жетпіс екі санындағы жеті саны – жаратылыс жүйесі, екі саны – жаратылыс. Осыларды танып білсеңіз білімнің шыңына шығасыз. Тоғыз соны көрсетеді. Олай болса, тоғыздың деңгейіне көтерілген адамның әр сөзі – білім. Қазақта «Тойған жерге тоғыз бар» деген нақыл бар. Оны біз аспен, аухатпен байланыстырып мақалдың маңызын төмендетіп жүреміз. Анығында білім тұрғысынан түсіндіруіміз керек. Яғни, білімнің нәрі шыққан жерге тоғыздың биігіне көтерілгенше барып тәлім алуды тоқтатпа деген мағынаны ишараттайды.

Келесі сөз – *талап*. Қарапайым тілмен түсіндірсек талап-ниеттің баласы, ізденістің әкесі. Дыбыстық жүйесін әбжад бойынша көрсетсек Т – 400, А – 1, Л – 30, А – 1, Б – 2 болып шығады.жинақтайты болсақ:

400+1+30+1+2=434=4+3+4=11=1+1=2.

Егер төрт тарапты дамуды тоқтаусыз, тоқыраусыз жүзеге асырып отырсаңыз, Жаратушының жасаған жаратылысының заңдылығына сай қызмет атқарасыз деген мағынаны аңғартады.

Нұр сөзі үш дыбыстан тұрады, әбжад бойынша сандық мәні: Н – 50, У – 6, Р – 200. Қосындысын шығаратын болсақ:

50+6+200=<u>256</u>=2+5+6=<u>13</u>=1+3=<u>4</u>.

Бірінші қосындының мағынасы: жаратылысқа тән сынақ өмірде танылады. Екінші қосындының мағынасы: жаратушының қалауымен дамиды. Үшінші қосындының мағынасы: Төрт тарапты толық қамтиды. Мәселен, көрсетілген шумақтағы білім тұрғысынан алып қарасақ, нұр төрт бағытта әрекет етеді. Олар: оқу, жазу, көру, есту. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар білім алудың төрт жолын айтқан: а) оқып үйрен, ә) жазып үйрен, б) көріп үйрен, в) сұрап үйрен [3, 73]. Білімнің нұрын сонда сезінетін боламыз. Оны өлеңдегі келесі жұмбақ шумақ мынадай:

Жас баладай жеңсік қой,
Байлаулы емес ақыл, ой.
Ыржаң-қылжаң ит мінез,
Ойлағаны айт пен той [1, 86].

Адамда нәпсі деген болады. Егер оған тоқтам жасамаса, ақыл соңынан ереді де, адамды азғындық жолға түсіреді. Ал, сол нәпсі ойды мекендеп алса, арылу қиынға соғады. Сондықтан, ақыл мен ойды байлау керек екен. Қайда байлаймыз? Әрине, білімге байлаған жөн. Өйткені, білімнің нұры жарық, қуаты күшті. Ақыл мен ойды жөнге салып, туралайтын, төрт тарабын толық айқындайтын – білім.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес. Хакім Абайдың білімінің кемеңгерлік көрінісі осы шығармасында айқын бейнеленген. Ақын *өлім* деп аталатын құбылысқа анықтама береді. Өлім – толық жоғалу, жойылу, қайтып келмеске кету, ешқандай белгінің қалмауы. Ал, адамның дүниеден кетуі ондай құбылысқа сәйкес келмейді, тек қана «Мені» мен «Менікі» бірінен-бірі ажырайды. «Мен» деп отырғаны – жан, «Менікі» отырғаны – тән. Яғни, тән өзінің бастапқы күйі топыраққа айналады, жан – арнайы мекенде сақталады. Неге? Өйткені, келесі өмірде адам қайтадан қалпына келіп, тіріледі. Сондықтан, жоғалу мағынасын аңдататын өлім құбылысы адамзатқа тән емес. Мәселен, адамзаттан бұрын саналы жаратылыс болғандығын, шектен шыға бұзақылық жасағандықтан Жаратушы оларды жойып жібергендігін «Бақара» сүресінің отызыншы аятынан аңғаруға болады: «(Ей, Мұхаммед) Сол уақытта Раббым періштелерге: «Сөзсіз мен жер бетінде халифа (өкіл) жаратамын!» - деген еді. Періштелер де: «Біз сенің даңқыңды дәріптеп, қасиетіңді арттырып жүрсек, жер бетінде күнә жасап, қан төгетін бір бұзық жаратпақсың ба?» - деді. Аллаһ та оларға: «Әлбетте сендердің біле алмайтындарыңды мен білемін!» - деді [4, 31]. Міне, нағыз өлімге душар болғандар солар – бұзық жасағандар. Сондықтан, адамның сынақ өмірден мәңгілік өмірге өту аралығын өлім деп айтуға болмайды. Ал:

Өлсе өлер табиғат адам өлмес,
Ол бірақ, қайтып келіп, ойнап-күлмес [1, 178], -

деп айтылуы, біріншіден, табиғаттың жойылып кетуі мүмкін, себебі, ол адамзат үшін жасалған, келесі өмірде адам баласы іс-әрекеті мен сеніміне орай жұмақ пен тозаққа топтастырылғанда табиғаттың қажеті болмауы да кәдік. Екіншіден, ақыл мен сананы сыйлыққа алып, мүмкіндік берілген адамды, қайтадан сынаққа салуға жол жоқ. Сондықтан, ол қайтып келмейді. Олай болса:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған [1, 178], -

жағдайдан сақтанған дұрыс. Дүние – сынақ, ол қызықтырады, өзіне тартады, егер ондай сипаты болмаса сынақ болмас еді. Сондықтан, «Шыдамды жетер мұратқа, шыдамсыз қалар ұятқа». Шумақтың келесі екі жолы:

Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған [1, 278], -

болып жалғасқан. Соңғы екі жолдың екі түрлі мағынасы бар. Сыртқы мағынасын соңына қанатты, қағидалы мұра қалдырған өнерпазды, шешенді кейінгі ұрпақ өнеге тұтып, үлгі алады, есімі мен айтқандарын естерінде сақтайды, оратдан өзі кетсе де сөзі кетпейді деп түсіндіруге болады. Ішкі, екінші мағынасы *сөз* сөзінің астарына байланысты. Әбжад бойынша сандық мәні: С – 60, З – 7. Екеуін жинақтасақ:

60+7=67=6+7=13=4.

Төрт тараптан тұрады екен. Яғни, сөзді жазуға, оқуға, көруге, естуге болады. Бұл төртеуі нұрдың да қасиетіне жатады: Н – 50, У – 6, Р – 200.

50+6+200=256=2+5+6=13=1+3=4.

Сонда, жаратылыс тұрғысынан алып қарап – жақсы, жаман түрлері негізінде, жақсы әдеппен сөйленген сөзді – нұр сипаты десек те болады. Олай болса, жақсы сөз нұр болады, жаман сөз нұрдан құр болады. Басқаша айтар болсақ, әсем ойдан туған әсерлі сөз – нұр, ал лас ойдан шыққан

лаңкес дыбыс, сөз емес үн ғана болады. Яғни, өмір бойы жағымды, ұнамды сөз сөйлеген адамның соңында нұр қалады екен. Нұр да өшпейтін, өлмейтін құбылыс. Ақынның ойы келесі шумақта өзінің жалғасын тапқан:

Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп, соңына ермей [1, 178].

Бақи мен фәниді түсіндірудің қажеті бола қоймас. Бұл шумақта екі мәселеге назар аударғанды жөн көрдік. Алғашқысы бақи мен фәнидің орналасу тәртібі. Уақыт тұрғысынан ретіне қарай алсақ алдымен фәни – сынақ өмір, соңынан бақи – мәңгі өмір келуі керек. Өлеңде бұл рет өзгертіліп алынған. Неге? Әбжад есебіне назар аударып көрейік. Бақи сөзінің сандық мәні мынадай: Б – 2, А – 1, Қ – 100, И – 10. Жинақтайық:

2+1+100+10=113=1+1+3=5.

Енді, фәнидің сандық мәнін көрейік: Ф – 80, А – 1, Н – 50, И – 10. Қосындысын шығаратын болсақ:

80+1+50+10=141=1+4+1=6.

Яғни, фәнидің сандық мәні (6) бақидың сандық мәнінен (5) жоғары екен. Ақын әбжад тәртібін басшылыққа алған. Бақи сөзінің бес санын көрсету себебі, бақидағы жағыдай сынақ өмірдегі әрекеттің нәтижесіне байланысты болатындығына кепілдік. Ал, фәнидің алты санын көрсетуі адам танымының жетілуі, қалыптасуының сынақ өмірде жүзеге асатындығына қатысты. Соңғы шумақ – өлеңнің түйіні.

Дүниеге дос ақыретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей боп орынға алмас.
Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың,
Иманын түгел деуге аузым бармас [1, 178].

Тәубесін ұмытып, дүниенің қызығына түскен адамның иманы толық болмайды. Иманы әлсіз адам белгіленген талап деңгейінен шығуы мүмкін емес. Дүние дегеніміз – жаратылыс, сынақ өмір, немесе, емтихан тапсыру кезеңі. Әбжад бойынша есептесек: Д – 4, Н – 50, И – 10, А – 1, жинақтасақ:


4+50+10+1=65=6+5=11=1+1=2.

Ал, ақирет сөзінің сандық мәні: А – 1 , Х – 600, Р – 200, Т – 400. Қосындысын шығарсақ:

1+ 600+200+400=1201=1+2+0+1=4.

Қайта тіріліп, сұраққа алынатын кезең, төрт тараптан сұралады. Олар: сенімі, сөйлеген сөзі, атқарған ісі, қолданған мінезі. Ақынның ишарасы – иманды болуға шақыру.

Сағаттың шықылдағы емес ермек. Өмір туралы толғау ақындардың шығармаларында баршылық. Жеке адамнан бастап жалпы жаратылысқа дейін бекітілген өмірде өткізері хақ. Уақыт пен кеңістікті құрайтын өмірдің өлшемін кескіндеудің өзі өте қиын жұмыс. Әрине, өмір кедергісіз, тоқыраусыз, бұралаңсыз өтетін түзу жол емес. Дегенмен, түсінікті болу үшін шартты түрде түзу сызықпен кескіндеп көруге болады:



Кез келген жаратылыс үшін өмірдің басталуы мен аяқталуы болады, оның арнасы – кеңістік те, өтуі – уақыт. Басы мен соңы жаратылыстың иелігінде болмайды. Қалай кеңістікке енеді, уақыттың ықпалымен тоқтаусыз соңына қарай бет алады. Ал, оң қаптал мен сол қаптал жаратылыстың аясындағы саналы зат адамның иелігіне берілген. Мәселен, сол жақ – жағымсыз, оң жақ – жағымды, таңдау мүмкіндігі бар. Қойылған нүктелер – тағдыр, ол өзгермейді, келеді. Сондай-ақ, оң жаққа ғана, немесе, сол жаққа ғана, болмаса, екі жаққа ортақ тағдыр әрекеттері болады. Өмір сөзі араб тілінен енген, қазақша баламасы – тіршілік деген мағынаға сәйкес. Әбжадтағы мәнін шығаратын болсақ үш таңба арқылы жазылады: Ғ – 70, М – 40, Р – 200. Өзара қосып, жинақтайық:

70+40+200=310=3+1+0=4.

Бұл өмірдің төрт тараптан тұратындығының белгісі. Оның тоқтаусыз жылжуда, қозғалыста болатындығын ақын керемет тәсілмен көрсете білген:

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмишә өмір өтпек – ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек [1, 201].

Шумақтағы сағат сөзі – өмірдің өлшем бірлігі. Ол өзінің соңғы шегіне жаткенше кідіріссіз жылжуда болады. Араб тілінен енгендіктен сол тілдегі дыбыстық жүйесін әбжадқа салсақ: С – 60, А – 1, Ғ – 70, Т – 400. Жинақтайтын болсақ:

60+1+70+400=531=5+3+1=9.

Тоғыз саны бекітілген биігіне жетпей тоқтамайды деген мағынаны аңғартып тұр. Келесі жолда *һәмишә* деген парсы сөзі қолданылған. қазақша әрқашан, ылғи деген мағынаны береді. Әбжад бойынша сандық мәні: Һ – 5, М – 40, И – 10, Ш – 300, Һ – 5. Жинақтайтын босақ:

5+40+10+300+5=360=3+6+0=9.

Сағаттың сандық түйінін көрсетіп тұр. Яғни, айқындауыш ретінде алынған (негізі пысықтауыш болса да) үстеме түсінік беріп, сағат – өмірді аңдатып тұр. Ал, бір минут бір адамның өміріне қалайша ұқсайды? Бұл жерде туу мен өлу құбылысы тұрғысынан алынып тұр. Бір минутыңыз бірінші секундта (сәтте) басталып, алпысыншы секундта аяқталады. Адам да белгілі уақытта өмірге келіп, белгілі уақытында кетеді. Жаратылыстың мұндай құбылысы шеңбер тәрізді. Шеңбердің есептік өлшемі – 360 градус – толық айналым, түйіні тоғыз (3+6+0=9). Заңдылық барлық жаратылысқа ортақ, бөгет, кедергі жоқ. Сондықтан:

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тыянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман [1, 201].

Сынақ өмірдің жалғандығы өтпелі екендігінде жатыр: өтіп кетеді, қайтып келмейді, елеске айналады. Ақын – күн, ай, жыл – үштікті мысалға алған. Үштік үздіксіз қозғалыстың белгісі. Осылардың бәрінен пәк, тек қана Жаратушы. Олай болса:

Күн жиылып, ай болды, он екі ай – жыл,
Жыл жиылып, қартайып қылғаны – бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ, бір тәңірім, кеңшілік қыл [1, 201].

Ай – 30 күн (3+0=3), он екі ай – бір жыл (12=1+2=3) тоқтаусыз өмір. Сондықтан, «Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл».

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? Ақынның шығармалары – ақылдың кеңі. Тылсым тілінің тұнығына тереңірек үңілсеңіз керемет кемеңгерліктің куәсі боласыз. Шығармаларының қайсысын алып қарасақ та, біздің білуімізше танымның үш түрі арқылы жүзеге асып отырған. Мүмкін одан да көп шығар, біздің байқағанымыз осы. Олар: қарапайым таным, қағидалы таным, қасиетті таным. Мәселен, осы өлеңнің алғашқы шумағын алып көрелік:

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісің бар ма? [1, 222].

Қарапайым таным тұрғысынан түсіндірсек, «өмір уақыт өткен сайын жастығыңды алып, кәрілікке душар етеді, үміттің жетегіне ерумен жүргенде ажал да жетеді» дегенге саяды. Қағидалы таным бойынша айтсақ «Бір кезде жас едің, уақыт өте келе қартайдың, әлсіздік пайда болды, сонда да үмітіңді үзбейсің, алдыңда ажал тұрса да ізденуде боласың, ол жаратылыстың заңдылығы болып шығады». Қасиетті танымға келсек, біріншіден, тонаушы өмір емес, дүние. Оның да мәнісі

бар. Дүниенің сандық мәні – 2 (Д – 4, Н – 50, И – 10, А – 1; 4+50+10+1=65+ 6+5=11=1+1=2). Өмірдің сандық мәні 4 (Ғ – 70, М – 40, Р – 200; 70+40+200=310=3+1+0=4). Яғни, өмір тонаушы емес, ол жүріп өтер жолыңыз, байлығыңызды алушы – дүние, өйткені, ол – жаратылыс, өзінікін алып қалады, бермейді. Өмір – қозғалыс, үшке тең, яғни, жетілу, кемелдену, тозу. Уақыт берілсе барасың, басқа жол жоқ. Жетекші – үміт, сынақ дүниенің тірегі. Сандық мәні: У – 6, М – 40, Т – 400. Жинақтасақ:

6+40+400=446=4+4+6=14=1+4=5.

Бес – уақытша өмірдің кезеңдері, яғни, келгеннен кеткенше үміт жоғалмайды. Соңы – өлім, қаза табу. Қазаның сандық мәні: Қ – 100, А – 1, З – 7, А – 1, жинақтасақ:

100+1+7+1=109=1+0+9=10=1+0=1.

Жаратушыға қайтып оралу. Міне, шумақтың қасиеті осы соңғы ұғымда жатыр. Келесі шумақта ақын сынақ өмірдің әрекетіне тоқталады:

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орыны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татыйды қу өмірдің,
Татуды араз, жақынды жат қыларға [1, 222].

Сынақ өмірдің бес кезеңі – бес түрлі өзгеріс. Оны ауыстыру, алмастыру мүмкін емес. Сол өзгерістердің заңдылығы да бекітілген қағида. Мәселен, алдымен кәрілік, соңынан жастық келмейді. Өмірдің бұл көрінісі танымалы би-шешендердің, халық ақындарының мұраларында да кездесіп отырады. Мәселен, Жидебай батырдың Тобықты Қарамендеге жолдаған сәлемі біздің ойымызды айғақтай түседі.

Жасы тоқсаннан асқан шағында:

Көп жасаған қария,
Ақылы теңіз дария.
Көкірегінде көзі бар,
Көпке өнеге сөзі бар,
Сөзі – соқпақ, өзі нар, -

деп ел құрметіне бөленген Жидебай шешен бір отырыста елдің бір жігітін шақырып алып:

Тобықтының басы еді Қараменде,
Сирек туар дәл ондай дара пенде.
Асыл сөзден тең буған мың тоғанақ,
Орта жүздің құты еді қара көмбе, -

деп өзі қадір тұтатын Қараменде шешенге былай деп сәлем айтады:

Төрт нәрседе үміт бар,
Бір нәрседе үміт жоқ.
Қара сақалды әкем бар,
Қара шашты шешем бар,
Мұсылман жаудың қолында қалдым.
Жеті жетім жанымды қинайды.
Бес атаның малын іздеп шаршаймын.
Алпыс ат үйір бермейді,
Жетпіс торғай шырылдайды,
Сексен балапан ұяда жатыр,
Тоқсан жұмыртқаның қашан жарылатыны белгісіз.
Осы сөздеріме жауап берсін!

Үзеңгілес жолдасының сәлемін естіген кезде Қараменде шешен ұзақ ойланып отырып, жұмбақты былай деп шешепті:

- *Төрт нәрседе үміт бар дегені:*

Ауру жазыламын деп үмітті,

Жарлы байырмын деп үмітті.
Қашқан құтыламын деп үмітті,
Қуған жетемін деп үмітті.

Бір нәрседе үміт жоқ дегені: үмітсіз қарттық екен, шіркін-ай, кәрілікті Жидекем де тартты ма екен.

Қара сақалды әкесі өзінен туған баласы болар, қара шашты шешесі үйіндегі келіні болар, мұсылман жаудың қолында қалғаны, бала мен келінге қарап қалғаны-ау! Екі елі аузына төрт елі қақпақ қойсын.

Жеті жетім жанымды қинайды дегені:

Тыңдалмаған сөз жетім,
Көре алмаған көз жетім,
Ерттелмеген тұлпар жетім,
Салынбаған сұңқар жетім,
Басшысы жоқ ел жетім,
Қорғаны жоқ жер жетім,
Қатары біткен қарт жетім,
Болған іске болаттай берік болсын!

Бас атаның малын іздеп шаршадым дегені: тасбиғы, мүсуағы, орамалы, кездігі, қамшысы шығар, кеудесіне төс қалта, ішкі жағына қос қалта, екі жағына жан қалта салсын!

Алпыс ат үйір бермейді дегені, алпыс жасында адам әл-қуаты бойында мықты болады екен, жетпіс торғай шырылдайды деген, жетпіс жасында торғайдай ғана қауқары қалады екен, сексен балапан ұяда жатыр дегені, сексен жасында адам төсек тартып жатады екен, тоқсан жұмыртқаның қашан жарылары белгісіз дегені, тоқсаннан асқан жасым бар, қалт-құлт еткен басым бар, бір аяғым жерде, бір аяғым көрде, ажал қашан келеді деп күтудемін дегені шығар.

Жетпіс, сексен, тоқсан жас,
Талай ерді тосқан жас.
Қашпасын да саспасын,
Қасқайып көрсін қайран бас, -

деген екен [5, 35].

Байқайтынымыз бес кезеңнің төртіншісі кәрілік екен, оны өзгесімен алмастыру мүмкін емес. Жастығың тәтті болса, кәрілігің ащы, қарама-қарсы құбылыс болғанымен екеуі егіз. Сондай-ақ, тату-араз, жақын-жат та егіз дүниелер. Ақын бес күндік жалғанның да екіге тән жаратылыс екендігін нұсқап отыр. Тату, мен жақын – оң қабақ, араз бен жат – сол қабақ, бұлар өмірдің шартты белгілері. Ал, татуды аразға жақынды жатқа айналдыратын кім? Әрине, адамның өзі. Сондықтан, ақын былайша түйіндейді:

Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін [1, 222].

Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы. Ақын өлеңдерінің маңызды қырларының бірі – тәрбиелік мәні. Және оң мен терісті түсіндіріп қана қоймайды, дұрыс бағытқа жеткізетін жолды да нұсқайды. Екіншіден, астарлап, жұмбақтап айтуды жиі қолданып отырған. Бұл тәсілдің де пайдасы көп. Адамның танымын кеңейтуге, санасын ұлғайтуға, ақылын арттыруға ықпал етері анық. Сондай туындыларының бірі – біз арнайы алып, қарастырып отырған өлеңі. Екі шумақтан ғана тұрғанымен астары ауқымды, мағынасы мәнді сындарлы туынды. Алғашқа, шумағына назар салып көрелік:

Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,

Білімсіздік белгісі – ол баяғы [1, 230].

Алғашқы екі жолдың естіген құлаққа жағымсыз сезілері айқын. Ал, жолдың төркінінде қандай мәселе жатыр? Байқастап көрелік. Абай өзінің өлеңдерін шығару барысында әр жолына, әр сөзіне ғана емес, әр дыбысына да мән берген. Біз ақынның араб-парсы сөздерін қазақша баламасы, аудармасы бола тұрса да өзгерпей қолдану себебін айтқан едік. Орыс тіліндегі сөздерді пайдалануда да сондай мән бар. Сонымен қатар, өлеңдерінің оқыған ортаға ұғымды болуын да назардан тыс қалдырмаған. Егер соңғы пікір тұрғысынан келер болсақ қазақ халқында «дүние - боқ» немесе, керісінше «боқ дүние» деген тіркестік қолданымдар бар. Тіркестегі дүние өмір сөзінің баламасы емес, байлық, дәулет деген мағынаны береді. Ал, сол байлықты пайдаланасың, мерзімі өткен соң жарамсыз болады да тастайсың, осы әрекет мүмкіндігінше жалғаса береді. Міне, ақын өлеңінің алғашқы жолы осы негізден алынған. Яғни, адам – байлықты көтерген, байлықтың қабы. Енді сол байлық қайда апарады? Өзгені менсінбеуге, өркөкіректікке, масаттануға, тәкәппарлыққа әкеледі. Байлық иелерінің барлығы болмаса да басым бөлігі адамдық қасиеттің басты сипаттарын жоғалтады, азайтады. Ал, жоғалту өліммен тең. Оған қадам бассаң ақынның өлеңіндегі «Боқтан сасық боласың өлсең тағы» деген екінші жолын иеленесің. Бойыңдағы азды-көпті білімің байлықтың астында басылып қалады да, мақтан деген желөкпе көлікке мінесің. Ақын айтады:

Ғылымды ізде,
Дүниені көзде,
Екі жаққа үңілдім.

Бұл жол дүниенің соңына түскен адамның әрекеті мен келбеті. «Семіздікті қой ғана көтереді» дейді халық. «Екі кеме құйрығын ұстап тұру» мүмкін емес. Дәулеттің байлығы адамгершіліктің байлағын ығыстырып шығарады. Ақын айтады:

Ақыл бітпес дәулетке,
Дәулет бітпес келбетке,
Жоқтықта қанша тайпалсаң,
Қадыры болмас әлбетте!

Сонда не істеу керек? Оған ақын былай деп жауап береді:

Кеше бала ең келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа? [1, 230].

Адамды сүй! Өйткені, адам ең биік, ең соңғы саналы жаратылыс, ақылдың иесі. Сандық мәні: А – 1, Д – 4, М – 40.

1+4+40=45=4+5=9.

Ізгіліктің шыңы – адамда. Алланың хикметін сез! Хикмет сөзінің мағынасы шамамен – даналық [6, 60]. Сандық мәніне назар салайық: Х – 8, К – 20, М – 40, Т – 400.

8+20+40+400=468=4+6+8=18=1+8=9.

Әрине, Алланың хикметі шексіз, адам соны мүмкіндігі жеткен деңгейге дейін сезсе, рухани тұрғыда биікке (9) көтеріледі екен. Бұл – Хакім Абайдың ұлағатты өсиеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, 1 том – Алматы: ҚМКӘБ, 1957. – 267б.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, 2 том – Алматы: ҚМКӘБ, 1957. – 267б.
3. Ақпанбек Ғ. Адам, болмас, жан, дүние. – Алматы: Өнер, 2003. – 148б.
4. Пайғамбарлар баяны, 1 том. – Алматы, 2008. 240б.
5. Тура биде туған жоқ, 1 кітап. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы. 2019. – 304б.

6. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264б.

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АНТОНИМНІҢ ЛИНГВОСТИЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Б.А. Қалиев
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Аңдатпа. Аталған мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, философ-ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы антонимнің көркемдік және семантикалық қызметі жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – ақынның қарама-қарсы мағыналы ұғымды қолдану арқылы адам болмысының күрделігін, қоғамдық қайшылық пен рухани ізденісті бейнелеудегі шеберлігін айқындау.

Автор Шәкәрім шығармаларындағы антонимнің тек тілдік категория ғана емес, сонымен қатар философиялық концепция ретіндегі рөлін зерделейді. Мақалада ақынның «ақ пен қара», «жақсы мен жаман», «ар мен нәпсі» секілді антонимдік жұпты шендестіру арқылы бейнелеудегі сөз зергерлігі ғылыми тұрғыдан пайымдалады. Сондай-ақ лексикалық антониммен қатар, фразалық және мәтіндік антонимнің қолданылу ерекшелігіне ғылыми сипаттама беріледі. Зерттеу барысында Шәкәрімнің сөз қолдану мәнеріндегі ұлттық таным мен жалпыадамзаттық құндылықтың сабақтастығы нақты өлең жолдары арқылы дәлелденген.

Кілт сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы, қазақ поэзиясы, антоним, лексикалық антоним, фразалық антоним, контекстік мағына, көркемдік әдіс, сөз зергері, шендестіру.

Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясы – жай ғана өлең емес, адамзат болмысына, ар мен ұжданның азғындауы мен тазаруына, өмір мен өлімге, ақ пен қараға құрылған ой жүйесі. Ақынның көркемдік тілінде айрықша көзге түсетін құбылыстың бірі – антонимді шебер әрі мақсатты қолдануы. Қарама-қарсы мағыналы сөздер арқылы Шәкәрім өмірдің күрделі табиғатын, адамның ішкі қайшылығын, заманның екіұдай сипатын дәл әрі әсерлі бейнелейді.

Антоним ақын өлеңдерінде тек тілдік құрал қызметін ғана атқармайды. Антоним – ойдың өзегі, философиялық пайымның тірегі. Шәкәрім үшін өмір – қарама-қарсылықтың күресі. Жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, білім мен надандық, үміт пен түңілу – бәрі де адам санасында қатар өмір сүреді. Осыны өлең тілімен, қарама-қарсы ұғымдарды шендестіру арқылы көрсетеді. Шәкәрім поэзиясында антоним көбіне бір сөйлем ішінде немесе бір шумақта қатар қолданылып, ойдың өткірлігін арттырады [1, 123]. Мысалы,

Кей ердің *алды биік, арты аласа,*
Оны көрсем қаламын таң-тамаша...
...Кей ер бар тар қосылған тоқым қаппас,
Шаптан тартып қойсаң да атқа жатпас.
Ілгерінді, кейінді қоқаң қағып,
Ат арқасын ыспалап тыным таппас («Ер қоспақ пен сөз сөйлемек») [2].

«Ықтималдың есігі екеу болмақ, // Ішіне *пайда, зиян* – бәрі толмақ»... («Анық пен танық») [2].

«Өнері жоқ, өсекшіл ел жамандар, // *Өтірік пе, рас па*, көрмей ішін»... («Мақтау мен сөгіс») [2].

«Елеуреген есірік елдің бәрі,
Өңкей батыр пәлеқор *жас пен кәрі*»...
(«Көкіректе толған шер, көңіл қаяу»)

«Дүниенің *ащы, тұщы* дәмін татпай, // Не болдың еш нәрсені білмеуменен» («*Піскен мен шикі*») [2].

«Ескі жырдың ұйқасы // Бірі *қысқа*, бірі *ұзын*» («Ескі ақындық») [2], –

деп ақын мағынасы бір-біріне қарама-қарсы «*алды биік – арты аласа*» сөз тіркестері мен «*ілгерінді – кейінді*», «*пайда – зиян», «өтірік – рас», «жас – кәрі», «ащы – тұщы», «піскен – шикі», «қысқа – ұзын»* секілді сөздерді ұтымды пайдалану арқылы айтар ойының әсерлігін, ұғымға салмақ түсірмеуін ескерген.

Әрине, бұдан антоним сөйлем ішінде үнемі қатар қолданылуы керек деген түсінік тумауы тиіс, олардың жұбын жазбай қолданылуы шарт емес. Бұл тұста біз антонимдік қарама-қарсылықтың бір сөйлем ішінде қатар қолданылғанда ерекше көркемдікке ие болатыны жайында ғана айтып отырмыз.Сөз өнерінде ауыспалы мағыналы антонимнің ой көркемдігін жеткізу, бейнелеу мүмкіндігіне баса көңіл бөлінеді. Мысалы,

«Кек, ашуды тый дейсің, // Айыртып *ақ пен қарасын».* («Жан жүрегім, жаным жеп») [2].

«Толғанып ақын айтар әрбір затты, // Сөзімнің *іші жұмсақ, сырты қатты», -*
(«Бақанас, Байқошқардың көп сабазы») [2].

«Ойласам, сол тышқандай бұзықтар көп, // *Сырты сопы, іші арам* қылықтар көп» («Епті тышқан») [2].

«*Бір ұрты май, бір ұрты қандар* да бар, // Қой терісін жамылған жандар да бар» [2], –
деп терең ойлы ақын Шәкәрім *ақ* сөзін *адал, ақиқат* деген, ал *қара* сөзін *жалған, кінәлі* деген, сондай-ақ *іші жұмсақ – сырты қатты, сырты сопы – іші арам* сөз тіркестерін ауыспалы мағынада біріне-бірін қарама-қарсы қолдану арқылы айтар ойының әсерлігін арттырған.

Антонимнің көпмағыналы болып келуі де, осыған орай, олардың бірнеше синонимі болуы әдеби тілде жиі кездеседі. Жалпы, көркем шығармада сөз мағынасы құбылғыш келеді. Мағынаның түрленуі барысында тұрақты, ауыспалы, мәнмәтінді мағына да, тың, жаңа мағына да туындайды. Бұл жайт антонимнің стильдік көркемдік мәніне байланысты:

«*Теріс* десең, дәлел сол, // *Түзу* десең, ұғып ал». («Күндегі таныс Күн мен түн») [2].

«*Көңілі жұмсақ адамның //* Күрмеуін Алла шешеді.
Рақымсыз, бейілі жаманның // Орыны дайын деседі» («Өлген көңіл – ындынсыз өмір») [2].

«Ойыңды *дұрыс* деме, *теріс* деме, // Сол арасын анықтап байқа бірақ» («Анық пен танық») [2].

«Ол суда *лай* да бар, *тұнық* та бар, // *Лай* судан *тұнықты* кім айырар.
Лай судан *тазасын* айыруға // Дария көрген адамның бәрі құмар» («Жұмбақтар») [2].

Тіліміздегі синонимдік қатардың бірі екінші бір синонимдік қатарға қарсы мағыналас болып, антонимдік жұп түзетіні белгілі. Бұл тақылеттес антонимдес сөздер Шәкәрім өлеңдерінде айтылар ойдың тереңдігін, кеңдігін дәл аңғарту үшін пайдаланылған.

«*Ақ* болсын, *қара* болсын – өзі сынар, // Біреуді *қор,* біреуді *мықты* қылар» («Жуандар») [2].
«*Анықтап ұқ* сонысын, // *Шатақ ұқпа, шын аңғар*!» («Ескі ақындық») [2].

«Дүниедегі *қуаныш* – // Бір азғантай *жұбаныш.*
Оның түбі *бір налыс, // Қайғы мен рақат* тел еді.

Басқа түскен әрбір іс // *Не қызықты, не кейіс...»* («Қобызым неге сарнайды») [2].

«Не *жалғанда*, немесе *ақиретте //* Оңалмастай өкпеден бір атылмақ» («Анық пен танық») [2].

Қараңыз *қор, кем* синонимдік қатары *мықты, зор* синонимдік қатарына, *қуаныш, қызық* синонимдік қатары *налыс, кейіс* синонимдік қатарына қарсы мағынада қолданған. Әрине, әр сөздің мәнін кәнігі тамыршыдай дәл айқындап, дұрыс орналастыру хас шебердің ғана қолынан келер іс. Бір сөзді бірнеше сөзге қарсы антонимдік мағынада қолдану, сөйтіп, ойдың әсерлік реңін әрлеу – сөз зергерінің табысты әдісі [3, 42].

Ар түзер адамның *адамдық санасын*, // *Ақ* жеңіп шығады *арамның қарасын.*
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп, // *Таза ақыл* қосылса, әлемнің таласын («Бостандық таңы атты») [2].

Шалғыншы ойым ақылға, // Ақылым тоқтап *мақұлға*,
Толғанып, сынға алып, // *Танығын* тастап,
Анықталған *қақиқат* // Тура жолға салушы еді-ау бастап.
(«Қорқыт, Хожа Хафиз түсіме енді де») [2].

Бір *момынның* ұстасам түзу ісін, // Жөндейін деп *ғаріптің* жөн жұмысын,
Ақтан безген ары жоқ өңкей *залым* // Арылдатып жабады ит пен құсын [2].

Ақын «*адамдық сана», «адал еңбек», «ақ жүрек», «таза ақыл»* сөз тіркестеріне *«арамның қарасын»,* сондай-ақ *«мақұл», «қақиқат»* сөздеріне *«танық»* сөзін, «*момын», «ғаріп»* сөздеріне *«залым»* сөзін қарсы қою арқылы негізгі айтар ойына ерекше қасиет дарыта алған. Көбіне сапалық сипатта болатын фразалардың бір-біріне қарсы мағыналас болып келе беретіні тіл мамандарына ертеден мәлім.

Рас, фразалық антоним лексикалық антоним сияқты сапалық мағынаны білдіргенімен олардан антонимнің белгісінің бәрі бірдей табыла бермейді. Бұл фразалық антонимнің тек орайлы тұста, нақтылы нұсқалы мағынада ғана бір-біріне қарама-қарсы мәнде жұмсалып, антонимдік қатынасқа түсетінін көрсететінін ескерсек, осы тұста тағы да ақынның шын мәніндегі сөз зергері екеніне тәнті боламыз.

Біреу сені *мақтаса қуанасың, // Жамандаса жабырқап суаласың*.
Мақтаған кім, сөккен кім – онда ісің жоқ, // Бәрібір, сен де *елірме дуанасың* [2].

Дос мақтаса, не пайда онан саған, // *Дұшпан сөксе не кемдік* көрдің жаман.
Шын сөзбенен мақтаса, иә боқтаса, // Мақтау – пайда, зиян ба жамандаған[2].

Бойда жоқпен мақтаса, яки сөксе, // Қуанбақ, не кейімек өзіңе *еп пе* ?
Ғаділ жүрек, таза ақыл мақтайтұғын, // Солар сөкпес іс қылар жолды көксе («Мақтау мен сөгіс») [2].

Міне, *мақтаса қуанасың – жамандаса жабырқап суаласың, мақтаған кім – сөккен кім, дос мақтаса, не пайда – дұшпан сөксе не кемдік, шын сөзбен мақтаса – иә боқтаса, мақтау пайда – зиян ба жамандаған, бойда жоқпен мақтаса – яки сөксе, қуанбақ – не кейімек* т.б.

Мұндағы *мақтаса – жамандаса, мақтаған – сөккен, дос – дұшпан, қуанбақ – кейімек, пайда – зиян* дегендер тіркестен тыс дара қалпында да өзара қарсы мағыналас сөздер ретінде антонимдік жұп құрайды. Сөз тіркесінің құрамына кіргенде де, ондай сөздің көбі антонимдік мағынаны сақтап қалған. Тіркесте ондай сөздер ой желісіне ие болғандықтан, сөз тіркесі тұтасымен бір-біріне қарсы мағынада жұмсалып, ойға әртүрлі рең беріп құбылып тұр [4, 28].

Насихат тегін ғой // Салулы егін ғой.
Еңбек қыл, ерінбе, // Араздық кегін қой [2].

Ғылым бір кенің ғой, // Ауырсаң емің ғой.
Бәріңе жетеді, // Таусылмас көлің ғой [2].

Мен қайғы жедім ғой, // Қапы өттім дедім ғой.
Қазағым, қам ойла, // Сен де адам едің ғой!.. [2].

Байқап отырған боларсыз, антоним ойда, пікірде жатыр. Түйсіктегі антонимді өмірдегі антониммен қиюластырып, осылай қолдану қандай қабілет қарымына мүмкін іс екен деп біраз ойланасың. Шәкәрім өрген толғаныс жүйесін ойға аламыз, тағы да тамсанамыз. Бұл не деген керемет, не деген күшті ақындық леп?!

Ал мына өлең жолдарында антоним лирикалық қаһарманның ішкі әлемін жария қылып тұр.

Біреудің мінін кешірсең,
Саған да құдай кешеді.
Бәрін де қылмай есірсең,
Төбеңді әлі-ақ теседі.
Көңілі жұмсақ адамның,
Күрмеуін Алла шешеді.
Рақымсыз, бейілі жаманның,
Орыны дайын дседі... [2].

Мен жау болсам, кім досың,

Байқадың ба оны өзің.
Өзгелерден сен шошын,
Жау десең де мен – көзің.
Түбінде менде айла жоқ,
Аллаға дайын мінезім.
Тойымсыз құдан пайда жоқ,
Шын жақындық бұл сөзім... [2].
немесе:
Қаламым – қарындасым – жан жолдасым! // Жау болды жан аяспас сан жолдасым.
Қайырылып, мейірімденіп қарамайды, // Кеше аласа, бүгін зор, паң жолдасым[2].

Мынау өлең жолдары ғана емес, өмірден түңіліс тапқан жаны жаралы ақынның ішкі сезімі, соның суреті. Ақынның ой түйінінен туындаған тұжырымы, пікірі де антонимдік контексте зерде тереңдігімен ерекшеленеді.

«Өмір үш-ақ буын боп: // Қуан – суал – көрге кір»... («Жаз ауысып, күз болды») [2].

Сезім мүшелеріне қатысты қарапайым шындық өлең тіліне айналған сәтте ойнап шыға келеді.

Тән – сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек, // Мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып, // Жақсы, жаман әр істі сол тексермек [2].

Қатар келіп антонимдік жұп құраған, өзіміз жиі айтатындықтан, қадірінен айырыла бастаған, жалпылық мәнде қолданылған «жақсы – жаман» сөздеріне өлең жолдарына кіріктірілген сәттен өзгеше өң мен қасиет дарытылған. Ақынның ғұламалық білім иесі екенін айғақтап, айқындап тұр. Шабыты шалқыған сәтте ақын екі ауыз сөзбен антонимнің жойқын күшін сездірер өлең жолдарын алдыңызға тартады. Мәселен,

Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сөзімді әбден ұқ,
Білгеніңнің жақсысын қыл, білмегенді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті, білмегенді қыл шәкірт,
Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер.

Өнеріңді құр шірітпе, орнына анық жұмсамай,
Өкініші кетпес оның өз ойында босқа өлер.

Қай ғылымды білсеңіз де қазір оны елге жай,
Құры ішіңде кеткенінше пайдалансын өзгелер [2].

Қат-қабат келген стильдік антонимден көз тұнбай ма?.. Ой маржандарының сөресіндей тақталанып берілген тағылымға қанып үлгере алмадыңыз ба?.. Әрі қарай оқыңыз:

Дүниені түзетуші һәм бұзушы бір ғылым,
Әрі залым, әрі ғалым – ел түбіне сол жетер...

Білмегенді үйреніп, білгенді қылса есті сол,
Білмегенін – білмеген, білгенді қылмау – сол жаман...

Неге десең, сен білесің алғаныңның не екенін,
Ол біле ме бергенінің пайда екенін я зиян.

Шикі надан ақылы жоқ жас баламен бір есеп,
Біле тұра алдап алмақ – естілердің жолы емес...

Пайда қылмай бір адамға, пайда қылма сен де онан,
Неге десең, босқа аламын – ол ақылдың ісі емес...

Кісі бағын деме бағым, өз денеңді нұрлы қыл,
Ай сықылды болма жарық, қарыз алып күн нұрын...

Жер секілді пайдалы бол, пайдалансын ел сенен,
Тасты жердей болма қатты, тілме жұрттың табанын [2].

Ақынның бұндағы өлең тілін құбылтуының сыры – қарама-қарсылықты беру шеберлігінде, яғни тіліміздегі ерен байлықты орынды қолдануында.

Сөз майталманы олар арқылы өмірдің сан салалы сырын тілге тиек етеді, адамның әр түрлі мінез-құлқын ашады.

Айла, күш – айуандықтың ең жаманы, // Боқты боқпен жуғанмен ел түзелмес.

Ар түзейтін бір ғылым табылмаса, // Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес.

Құр айтқанмен қолынан түк келмейді, // Ақ жүректі таза адам болса кем-кес...

Адамның сыртқы дене жаралысы, // Нәпсісі айуанмен анық теңдес.

Бөлектігі жалғыз-ақ таза ақылда, // Әлің келсе, жол тап та, осыны емдес! [2].

Бұл шумақта ол адам санасын арамдықтан, надандықтан, зұлымдықтан арылтуды аңсайды. Пікір қарама-қарсылығын, сөздердің мағыналық қарама-қарсылығын қатар қолдану арқылы адамзат өмірінің ең елеулі трагедиясы адам санасының азғындауы болуы мүмкіндігін ескертеді. Қандай қорқынышты?.. Жоның мұздап, төбе құйқаң шымырлайды.

Өлімнің хақ екенін көрсең де, // Өлместей омыраулап шатасың.

Дозақтың барын біліп жүрсең де, // Күнәға әлің келсе батасың.

Сауал көп ғибадатқа десең де, // Жалығып, жалқауланып жатасың,

Алланың адал ризығын жесең де, // Арамды әдейі іздеп татасың.

Оқыңыз, таңданыңыз. Ақын ой мен сөздің мағыналық қарама-қарсылығының ұтқырлығын тапқырлықпен пайдаланудың ғажап үлгісін алдыңызға тағы тосады. Шәкәрім пікірлерінде тіліміздегі антонимнің ерекше мәнді сипаты толық ашылып, ол қаһарманның өмір жайлы түсінігін, оның нақтылығын сәулелендіруге қызмет қылып тұр.

Шаранамен туып едің,
Бөз оранып өтесің,
Бір сағымды қуып едің,
Қай уақытта жетесің?
Қанша дәулет жиып едің,
Бәрі қалды, не етесің,
Мал үшін жан қиып едің,
Қайтып алып кетесің?!. [2].

Таңданыстан тағы ауызды ашып, көзімізді жұмамыз... Олай деуімізге себеп – бұл өлең жолдарында тіптен антоним жоқ сияқты. Ал ақынның өлең өрнегіне ой көзімен үңілсеңіз, сөз тіркесінің берер қарама-қарсы мағынасы арқылы антоним туып кеткендей. Мысалы, «туып едің», «өтесің», «қуып едің», «жетесің», «жиып едің», «не етесің», «қиып едің», «кетесің» бірі-біріне кереғар сөздер ғой. Шәкәрім осы сөздерді қисынын тауып қиюластырып, өлеңге телігенде өз-өзінен антоним болып шыға келген. Міне, ғажап, міне нағыз тіл байлығын қотара меңгерген білімпаздың әрекеті.

Сөз зергері өз сезімі арқылы түйсінген пікірін кейіпкердің ішкі дүниесімен қосарлап былай ашады:

Бағасы бір халқыма
Жабағы мен мамықтың,
Нанбайды рас антыма,
Қадірі мол танықтың.
Айырмайды арасын
Бұлдыр менен анықтың.
Енді қайда барасың,
Түрі мынау халықтың.

Енді мына өлең жолдарына назар аударыңыз:

Сайтан қашып асықтан, // Асыл озып жасықтан,
Бейіс болсын бұл жалған // Жүректен кетіп сасық қан [2], –

деп ой суретін салу үшін, пікірінің әсер-күшін ширықтыра түсу мақсатында «асыл – жасық», «бейіс – жалған» сияқты антонимді табиғи жағдайында-ақ қолданады. Әлгі қарапайым сөздердің өлең тармақтарында өзгеше өңмен құбылып сала бергенін сезіп, тағы да ақынның сөз мағынасын ойнату шеберлігіне тәнті боласыз.

Кетті – келді, // Толды – семді,

Өзгеленді бұл ғалам.

Туды – өлді, // Жанды – сөнді,

Өршіп, енді қайтадан [2].

Байқадыңыз ба? Өзіңіз жиі айтып, әбден үйреншікті болған желкілдек сөздердің мына жерде қарама-қарсы мағынада тұрып, даналық ойды арқалағанын түсіндіңіз бе? Иә, сезіміңіз сізді алдаған жоқ. Терең ұғымды оп-оңай айқындап алдыңызға тосады. Тіл байлығын жете меңгеру деген – осы!

Білем, болам, озамын деп, // Биікке *қол созамын* деп,

Ақыр *бір күн тозамын* деп, // Асығыс зырлаған көңіл... [2].

Мінекей, осындағы тіршіліктің мазмұны боп келетін «*білу, болу, озу, созу*» сөздерін бір ғана «*тозу*» сөзіне мағыналық қарсылыққа қою ше? Өмірдегіден тереңде жатыр емес пе? Тынымсыз тірлік иесінің ішкі әлемінің көрінісі ғой! Көңіліндегі өзгерісті ала-құлалықты сезіну философиялық ой байламына айналып тұрған жоқ па? Әрі қарай оқи түсейік:

Бұ болды қайта бір туыс, // *Тысы толық, іші қуыс,*

Әлемді қылды бір уыс, // Тереңге зымдаған көңіл [2].

Осы жолдардағы антоним – лирикалық кейіпкердің ой иірімін көрсетпейді деу мүмкін бе? Мысқылдау, кекету мақсатында сөз тіркесін әдейі керісінше қолданғанда, кей сөздер өзінің антониміне айналып кеткен.

Жайдары, күлдіргіш қалқам, // Ұятсыз, әдепсіз, салқам,

Күлгенім бір сенің арқаң, // Ыржақта, қылжақта айда!

Ішің у, сыртыңды майла, / Есердің бәрін де жайла.

Күлкімен көздерін байла, / Сенделдің, жөнделдің, айда! [2].

Ғажап емес пе?.. Ақын жалпы өмір заңдылығын табиғи қалпында антоним арқылы айшықтайды.

Мейірім жақсы, зұлымдық жаман дейсің, // Қасқырлыққа қайтасың құр дөңгелеп.

Жаны ашып, жәрдем қылмай өткен адам - // Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек [2].

Әрі қарай:

Биікті десе аласа, // Жалғанды шынға баласа,

Ұлыққа шағып момынын, // Тамтығын қоймай таласа... [2].

Өзімен лирикалық қаһарманның ой-пікірін қарсы қою арқылы адамдықтың мәнін айқындап береді.

Сонымен, тілімізде антоним бір ғана емес, бірнеше мағынада қолданылады. Антонимді көркем шығармада қолданудың бір түрі – *антонимдік қолданылыс.* Яғни сөйлемдегі сөздер антоним болмаса да бір-біріне қарама-қарсы мағынада қолданылып тұрады. Мысалы:

Сол жарықтың арқасымен, // Тамақ аулап, күн көрер.

Оқы ғылым, нанбасаң сен, // Жалған емес, бұл – анық («Тәңірі мен жан») [2], –

деп келетін бұл өлең жолының ішіндегі «жалған», «анық» деген сөздер, негізінен, антоним болмаса да, антоним болып, яғни қарама-қарсы мағынада қолданылып тұр.

Сондай-ақ ақынның мына бір өлеңін алып қарасақ та:

Ұждандыны мақтайды тамам адам, // Мейлі ғалым болса да, мейлі надан.

Ар, ынсаппен іс қылып, азап тартып, // Ақ жолында өледі, бірталай жан [2], –

деп келетін өлеңінің екінші жолындағы «ғалым» сөзімен «надан» сөзі бір-бірімен қарама-қарсы мағынада жұмсалған.

Өлсе, өсімдік тіріледі, // Күн жылынып, тамса су.

Кейі тамақ, кейі шарап, // Кейі дәру, кейі у («Тәңірі мен жан») [2].

Мұнда да антоним емес сөздер, яғни «дәру», «у» сөздері антонимдік мағынада қолданылған.

Теріс десең, дәлел сал, // Түзу көрсең ұғып ал.

Кетпей тұрып сұрап қал, // Мен өлікке тетемін («Күндегі таныс – күн мен түн») [2], –

деген шумақтағы «теріс», «түзу» сөздері қарама-қарсы мағынада қолданылып тұр. Бірақ антоним емес.

Жалпы, осы соңғы шумақтардағы келтірілген мысалдар (*жалған – анық, ғалым – надан, дәру – у, теріс – түзу*) былай қарағанда, антоним деп айту қиын, оған ұқсамайды. Расында да, тілімізде бұл сөздер былай: *жалған – рас, ғалым – оқымаған (надан), теріс – оң* немесе *түзу – қисық* болып келмеуші ме еді?! Ал бұларды антоним деп алып отырған себебіміз – біз бұларға теория

тұрғысынан қарамаймыз. Өйткені бізге бұл сөздер қолданыста антонимдік мағына берсе болды [5, 61].

Шәкәрімнің антонимдік жүйесі ұлттық дүниетанаммен тығыз байланысты. Ақынның қарама-қарсы ұғымдары қазақтың тұрмысынан, өмірлік тәжірибесінен алынған. Сондықтан олар жасанды емес, табиғи, оқырманына жақын келеді. Ақын өмірдің мәнін, адам болмысының сырын осы ұлттық таным арқылы философиялық биікке көтереді.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім – антонимді қазақ поэзиясында көркемдік әрі танымдық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерген ақын. Ол қарама-қарсылықты өмірдің заңы, ойдың қозғаушы күші ретінде қабылдап, өлең тіліне терең философиялық мазмұн дарыта алды. Шәкәрім поэзиясы – сөз өнері ғана емес, ой мен рухтың мектебі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.

2. Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қара сөздер) (Құрастырғандар Жармұхаметов М, Дәуітов С). – Алматы: Жазушы, 1988. – 559 б.

3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 348 б.

4. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

5. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Ана тілі, 1991.

АЙТЫС ӨНЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: СЕРІК ҚҰСАНБАЕВ ПЕН ӘСЕЛХАН ҚАЛЫБЕКОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ

Г.Т. Тлеубердина
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
П.Б. Пазыл
4-курс студенті

Түйіндеме. Мақалада айтыс өнеріндегі ұлттық құндылықтардың көркемдік сипаты Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекова шығармашылығы негізінде жан-жақты талданады. Айтыс – қазақ халқының тарихи жады мен рухани болмысын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін төл мәдени кеңістік ретінде қарастырылып, ондағы тіл, тарихи сана, азаматтық ұстаным және рухани егемендік мәселелері мәдени және поэтикалық тұрғыдан сараланады. Зерттеу барысында қос ақынның поэтикалық стилі, идеялық-дискурсивтік ерекшеліктері мен тақырыптық доминанттары салыстырмалы талдау әдісімен сипатталып, айтыс өнерінің қазіргі қазақ қоғамындағы рухани жаңғыру мен мәдени тұтастықты сақтаудағы маңыздылығы ғылыми негізде дәлелденеді.

Түйін сөздер: Айтыс өнері, ұлттық құндылықтар, тарихи жады, тілдік сәйкестік, рухани егемендік, азаматтық поэзия, поэтикалық стиль.

Айтыс – қазақ халқының рухани болмысын, дүниетаным жүйесін, тарихи жады мен ұлттық дүниеге қатынасын тұтас бейнелейтін феномен. Ол тек поэтикалық формада жүзеге асатын көркем диалог қана емес, сонымен қатар ұлттың мәдени кодын, этикалық ұстанымдарын, әлеуметтік жады мен тарихи сананы ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал. Айтыс – заманауи гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан интердисциплинарлық зерттеуді талап ететін күрделі мәдени-әлеуметтік құбылыс. Оның бойында тіл, тарих, философия, эстетика, әлеуметтік антропология сынды салалардың тоғысқан тұстары көрініс табады.

Жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтау мен ұлттық идентификацияны қайта пайымдау мәселесі гуманитарлық ғылымдарда ерекше маңызға ие болуда. Бұл ретте айтыс – тек фольклорлық мұра емес, сонымен бірге заманауи әлеуметтік-саяси үдерістерге үн қататын мәдени платформа. Айтыстың бүгінгі сипаты – дәстүр мен жаңашылдықтың синтезі. Қазіргі айтыскерлер тек эстетикалық форманы ғана сақтап қоймай, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды заманауи дискурспен ұштастыра отырып, тарихи сана, тіл, діл, экология, әлеуметтік әділет, ұлттық қауіпсіздік сияқты категорияларды поэтикалық деңгейде өзектендіреді [1].

Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекова – осы үрдістің көрнекті өкілдері. Олардың шығармашылығы айтыстың көркемдік эволюциясын ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтардың жаңа әлеуметтік-мәдени контексте қайта пайымдалуын көрсетеді. Бұл зерттеу аталған ақындар поэтикасындағы ұлтқа тән рухани-мәдени құндылықтарды көркем репрезентациялау тетіктерін анықтауға бағытталған.

Зерттеудің басты мақсаты – Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекованың айтыстары негізінде айтыс өнеріндегі ұлттық құндылықтардың көркем-идеялық репрезентациясын анықтау.

Қазақ айтысы – ұлттың мәдени-тарихи жады мен дүниетаным жүйесін жинақтап, көркемдік тұрғыда таратын символдық құрылым. Айтыскердің рухани кеңістігі тек поэтикалық шеберліктің ғана емес, ұлттық идеяның дискурсивтік формасының индикаторы ретінде танылады. Бұл бағытта Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекова поэзиясы – ұлттық болмысты символдық деңгейде бейнелеудің озық үлгісі.

Серік Құсанбаев ұлттық болмысты кеңістік пен тарихи мекеннің киелілігі арқылы суреттейді. Оның айтысындағы туған жер бейнесі — тек географиялық өлшем емес, рухани тамырдың тірегі:

«Сырт елде жүріп сұлтан бола алмассың,
Торғайдан кетіп қызық көре алмассың.
Сор ақса туған жердің топырағын,
Басқа елдің жұмағына бере алмассың.»

Мұндағы метафоралық және антитезалық құрылымдар — ұлттық сәйкестіктің, тарихи миссия мен экзистенциялық тамырдың көркем репрезентациясы. Туған жер – индивид пен ұлттың арасындағы онтологиялық көпір ретінде көрсетілген [2].

Әселхан Қалыбекова шығармашылығы тарихи жадты тұлғалық символика арқылы өрнектейді. Ол ұлт зиялыларын тарихи әділет пен рухани биіктік нышаны ретінде береді:

«Жүсіпбек, Ахмет, Мағжан, Шәкәріммен,
Халқымның қандай биік, беделді еді.»

Ақын бұл тұлғалар арқылы ұлттың ұжымдық жадысы мен тарихи естелігін қайта кодтайды. Бұл – айтыс дискурсында тарихи реконструкция жасау емес, поэтикалық деколонизацияны жүзеге асырудың көркем тәсілі [3].

Айтыс поэзиясында тіл – лингвистикалық феноменнен гөрі, ұлттың рухани тұтастығының тірегі, мәдени идентификацияның негізі ретінде қарастырылады. Әселхан Қалыбекованың шығармаларында ана тілі — халықтың жаны мен жадын біріктіретін мәдени код.

«Ұмытты талай қазақ ана тілді,
Қалғандай домбырасыз дала күллі.»

Бұл жолдарда тілсіздік – өркениеттік регрессия мен рухани ыдыраудың көркем метафорасы. «Домбырасыз дала» – тілінен айырылған халықтың рухсыз күйін білдіретін поэтикалық образ. Мұнда тіл – ұлттық тіршіліктің онтологиялық мәні.

Серік Құсанбаев бұл мәселені азаматтық және ақпараттық өлшеммен ұштастырып, поэтикалық-публицистикалық дискурс ұсынады:

«Тілшілер жүгіреді қусталып,
Оңтүстіктің сәулесі жоқ санасында.
Қамқор бол сол ұлыңды бермедің бе,
Жомынға тастап тілін аласың ба?»

Бұл үзіндіде тіл – тек сөйлеу құралы ғана емес, құқықтық және идеологиялық индикатор ретінде бейнеленеді. Ақын сөз еркіндігі, ақпарат бостандығы мен тіл мәртебесін ұлттық қауіпсіздік категориясымен сабақтастырады.

Айтыс – тек поэтикалық жарыс емес, қоғамдық пікірдің поэтикалық арнасы. Серік Құсанбаев бұл кеңістікті ұлт пен билік, халық пен зиялы қауым арасындағы моральдық тепе-теңдікті сақтау алаңы ретінде пайымдайды:

«Заманаға зәбір көрген зарлы халық,
Өзіңді асқар тауы деп тасаласын.
Баяғыдай батыр менен есің түтті,
Елінің Елбасының аласың.»

Ақынның поэзиясындағы басты ұстаным — заман шындығын жасырмай айту, халықтың ішкі наразылығын көркемдік формада беру. Ол ұлттың рухани күйзелісін азаматтық интерпретация арқылы ұсынады [4].

Ал Әселхан Қалыбекова өз айтыстарында экологиялық қауіп, рухани дағдарыс және ұрпақ келешегін бір арнада тоғыстыра отырып, ұлт тағдырына қатысты поэтикалық үндеу жасайды. Оның азаматтық үні – этикалық жауапкершілік пен гуманистік үндеудің үйлесімі.

Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекованың шығармашылық әлемі айтыс поэзиясының көркемдік-идеялық ауқымын кеңейткен, стильдік жағынан өзара ерекшеленетін поэтикалық жүйе ретінде танылады [5].

Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекованың шығармашылық әлемі айтыс поэзиясының көркемдік-идеялық ауқымын кеңейткен, стильдік жағынан өзара ерекшеленетін поэтикалық жүйе ретінде танылады.

Кесте 1

Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекованың поэтикалық стилі мен тақырыптық ұстанымдарының салыстырмалы сипаттамасы

Ақын	**Стильдік белгілері**	**Көркемдік ерекшеліктер**	**Тақырыптық доминанттар**
Серік Құсанбаев	Публицистикалық, философиялық-поэтикалық синтез	Сатира, инверсия, интертекст, логикалық сұрақ	Азаматтық позиция, туған жер, әділет
Әселхан Қалыбекова	Лирикалық-философиялық тереңдік, эпикалық өріс	Метафора, символ, тарихи реминисценция, антитеза	Тіл, тарихи жады, рухани тәуелсіздік

Серік Құсанбаев – айтысты қоғамдық-публицистикалық мінбер деңгейіне көтерсе, Әселхан Қалыбекова – оны рухани-экзистенциялық кеңістік деңгейінде поэтикалық тереңдікке жеткізді. Екеуінің де шығармашылығында айтыс поэзиясы ұлттық идеяның көркем дискурсына айналып, қазіргі әдеби процесте танымдық, тәрбиелік әрі эстетикалық миссия атқарып отыр.

Қазақ айтысы – ұлт руханиятының дәстүрлі әрі қазіргі талаптарға икемді жауап беретін көркемдік формасы ретінде ұлттың тарихи жадын, тілдік ерекшелігін және мәдени құндылықтарын бейнелі түрде жинақтайтын феномен. Зерттеу барысында Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекова шығармашылығы негізінде айтыстың ұлттық құндылықтарды жаңғыртудағы орны мен көркемдік сипаты айқындалды.

Аталған қос ақынның айтыстары – ұлттық сана, ана тілі, тарихи әділет, әлеуметтік әділеттілік және азаматтық ұстаным секілді кең ауқымды мәселелерді көркемдік тәсілмен көтеретін, поэтикалық құрылымы терең, идеялық жүгі салмақты туындылар. Әсіресе, тіл мәселесі мен тарихи жадыға қатысты ойлар олардың поэзиясында этикалық жауапкершілік пен рухани тұрақтылық идеясымен тығыз байланысты.

Серік Құсанбаевтың публицистикалық-сатиралық стилі мен философиялық-азаматтық үндеулері қазіргі қазақ қоғамының болмысын шынайы бейнелеуге бағытталған. Ал Әселхан Қалыбекованың лирикалық-патриоттық поэзиясы ұлттық рух пен мәдени тұтастыққа негізделген дүниетаныммен ерекшеленеді.

Екеуінің де шығармашылық мұрасы – айтыстың тек дәстүрлік емес, қазіргі қоғамдық сана мен рухани қауіпсіздікті сақтайтын поэтикалық кеңістік екенін дәлелдейді. Ұлттық идея, ана тілі, ұлт зиялыларының мұрасы, жер мен тілге деген құрмет – бұл айтыстарда тек мазмұндық тірек емес, құндылықтық бағдар ретінде көрінеді.

Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекова шығармашылығы арқылы айтыс өнері XXI ғасырдағы ұлттық руханияттың өзекті дискурсына айналып, қазақ әдебиетінің құндылықтық арнасын байытып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейтжанов З. Н., Мекебаева Л. А., Нуртазина А. О. Қазіргі айтыстың тақырыптық-идеялық және жанрлық ерекшеліктері // Keruen. – 2022. – Т. 77. – № 4. – Б. 17–26.

2. Қазіргі айтыс. Екінші кітап / Құраст. Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығы. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2006. – [Көкшетау қалалық ақпараттық кітапхана жүйесінің мөрімен].
3. Ризабекова Ү. Серік Құсанбаев әңгімелерінің тақырыптық, жанрлық ерекшеліктері. – 2021. – [Қолжазба немесе электрондық ресурс түріне қарай нақтылау қажет].
4. Даутова Г. Р., Жалғасбаева К. Б. Айтыс өнеріндегі қазақ ақын қыздарының алар орны // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2023. – Т. 191. – № 3. – С. 105–112.
5. Тлеубердина Г. Т., Бокен Г. С. Қазіргі айтыстағы сатира мен юмордың қоғамдық-әлеуметтік сипаты // Вестник университета Ясави. – 2024. – Т. 2. – № 132. – Б. 64–74.

ҚАЗІРГІ АҚЫНДАР АЙТЫСТАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(Құдайберлі Мырзабеков, Арман Бердалин айтыстары негізінде)

Г.Т. Тлеубердина
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Ә.Б. Манас
2-курс магистранты

Айтыс өнері – ғасырлармен қанаттасып, дәуірлермен үндесіп, заманамен тілдесіп келе жатқан кемел дүние, ауыз әдебиетінің жарқын мұрасы. Алашты әлемге паш еткен қазақтың қаранар жазушысы, көрнекті ғалым, фольклор зерттеушісі М.Әуезов өзінің «Айтыс өлеңдері» атты ғылыми мақаласында: «Анығында, қазақ фольклорындағы ең бай жанр – айтыс...» – деп пікір білдіріп өтеді. Шынында да, халық фольклорының бай мұрасы бізге жыр үлгілері түрінде көбірек мәлім. Оның ішінде айтыс өлеңдерінің алар орны қомақты.

Айтыс өнерінің көркемдік сипатын саралғанда, ең басты назар аударар нәрсе – әр ақынның өз даралығы, ерекше бітімі. Дәстүрлі өнерге қойылар осы эстетикалық талап еш уақытта да ескірмейді. Қарсыласының қапысын аңдыр қырағылық, көңіл-күйіне әсер етер сезімталдық, өзіне қойылар сауалға жауап бере алар тапқырлық, осылардың бәрін үйлестіре білер шапшаңдық әр ақында өзінше бөлек көрінеді.

Айтыс табиғатын белгілейтін мына бір ерекшелікті бөліп атауға болады: ол қашанда айтыста бетпе-бет келген екі ақынның кездескен сәттен бастап өр тұлғалы лирикалық кейіпкерге айналып, үнемі өзін көтере дәріптеп, ал, қарсыласын кеміте, өзара сынау-мінеу бәсекесіне түсетіні дер едік. Осы мақсатқа орай бұлар көбіне-көп қарама-қарсы мәнді шендестіруден тұратын әр алуан теңеу, балама-салыстырулар жаратып отырған. Бұларда ақынның шеберлік-тапқырлық деңгейімен қатар, халықтың күн-көріс кәсіп-тіршілігі мен әдет-ғұрпына байланысты ертеден қалыптасқан эстетикалық талап-талғамы мен әдемілік, әсемдік жайындағы ұғым-түсініктері де кең көрініс тапқан. «Айтыс өзінің жанрлық нақышымен, асқан шыншылдығымен, тіршілік сұрауларын кең де кемел қамтитындығымен айрықша қымбат. Сонымен қатар бұлардың көркемдігі де көп жағдайда табиғи, тағлымды, суретті болып келеді. Тапқырлықтың ғажап үлгілері де сонда...» [1, 34].

Қазіргі айтыс ақындары дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра отырып, тың мазмұн, жаңа идеялар әкелуде. Бұрынғы айтыстарда көбіне ру, жер, ел намысы, әлеуметтік жағдайлар сөз болса, бүгінгі айтыстарда жаһандану, тіл тағдыры, ұлттық болмыс, рухани құндылықтар, жастар тәрбиесі сияқты өзекті мәселелер кеңінен қозғалады. Бұл – айтыстың тек өнер ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырушы құрал екенін көрсетеді.

Қазіргі айтыскер ақындар тек сөз шебері ғана емес, сонымен қатар сахна мәдениетін де жоғары деңгейде меңгерген тұлғалар. Олардың дауыс ырғағы, домбыра қағысы, сахнадағы өзін-өзі ұстауы – барлығы айтыстың әсерлілігін арттырады. Айтыс – синкретті өнер түрі болғандықтан, мұнда сөз бен әуен, ой мен эмоция, шеберлік пен шабыт бір арнада тоғысады.

Филология ғылымдарының докторы Серік Негимов: «Айтыс ақындары сөз бәсекесіне, өнер бәйгесіне түскенде ең алдымен ақындық қуатын, өнерпаздық қабілетін, сөз қисыны мен нақышын келтірудегі зергерлігін көрсетуге тырысады. Бұл әріден тамыр тартқан дәстүр. Ақын бейнесі өз өлеңдеріндегі бейнелі сөздерден сәулеленіп көрініп тұрады. Небір әсерлі, көрікті сөз-ұғым, сөз-символ осынау ақын образының айналасында жанды, көрікті суреттер жасап, тамырласа тұтасқан», – деп көрсеткен болатын [2, 323].

Өзінің туып-өскен жерін жырға қосып, еліне деген сүйіспеншілігін сұлу сөзбен өрлемейтін ақын болмайды. Біз білетін Құдайберлі Мырзабековтың шығармашылығынан туған елдің түтіні, жуасы мен жусаны, қайыңы мен қарағайы, жанға жайлы рахатын сыйлайтын сары қымызының иісі бұрқырайды. Соның бәрін жеткізіп тұрған жүрек жылуына ақынның өзі де ризашылығын жасырмайды:

Қанға толып ортасы күлкілдеген,
Ет емес-ау жүрегім бүлкілдеген.
Қалам алсам төгіле жөнелетін,
Қалай сыйып тұр екен шіркінге өлең [3, 9]

Осы төрт шумақтан-ақ, сөз өнерінде өзіндік айтары бар ақынмен кездескендей боласың.

Ақын шығармаларында қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, туған жерге деген сүйіспеншілік кеңінен жырланады. Ол айтыс барысында ел бірлігі, үлкенді құрметтеу, туған жерді қадірлеу сияқты ұлттық құндылықтарды насихаттайды. Құдайберлі Мырзабеков ақынның өлеңдерінде бояу мен тілдік өрнек, нақыш пен түзілім ұлттық сипатын сақтай отырып, оқырманын шым-шымдап терең арналы ойға қарай жетелейді. Айшықты тіл қолданысы да қызығарлықтай. Тың теңеулермен, ерекше эпитетпен, меңзеулі метафорамен өлең сөзін өрнектеп отырады.

Құдайберлі Мырзабековтың ақындық шеберлігінің тағы бір ерекшелігі қандай қоғамдық мәселені жырламасын оны халықтың өткенімен, тарихымен астастыра өріп, айтыс табиғатына мейлінше ұлттық дәстүрдің реңкін, нәрін сіңіруі болып табылады. Сонымен қатар, Құдайберлі Мырзабеков поэзиясын ерекшелейтін бір айғақ – тармақтардың ұйқасы ғана емес, ішкі ұйқастың, тармақ, шумақ ішіндегі дыбыстық үйлесімдермен ерекше мән үстеуі.

Құдайберлі Мырзабеков айтыстарында бейнелеу құралдары соның ішінде теңеулер көп кездеседі. Құдайберлі Мырзабеков пен Серікзат Дүйсенғазинның айтысынан төмендегідей теңеулерді кездестіруімізге болады:

Мысың бар, баса алмайтын дұшпан оңай,
Киеңнің кепиеті – *ұстарадай*.
Ақмола, Көкше, Торғай сыйған өлке,
Мінгескен бір түйеге үш *баладай* [4].

Құдайберлі Мырзабеков пен Ақмарал Леубаеваның айтысындағы:

Алдымнан Ақмарал қыз шыға келді,
Даланың еркін жортқан *киігіндей*.
Әдемі сөз сөйлейтін ақын едің,
Әдіптеп ханзаданың-ау *киіміндей*, – деген шумақтардан киігіндей, киіміндей секілді теңеулерді кездестіруге болады [5].

Бұл шумақтағы теңеулерден бөлек, Жақыпбек Есенқұлмен айтысынан: емендей, Серік Құсанбаевпен айтысынан: күміскөлдей, көздей, күндей, сұр жебедей, секілді теңеулерді кездестіреміз. Сонымен қатар, ақын өз айтыстарында әдемі сөз, оқалы шапан секілді эпиттерді қолданған.

Құдайберлі Мырзабеков айтыстарында метафоралық сөз тіркестері былайша беріледі: от өмір, зерлі сөз, асқар тау, т.б. Мәселен өзінің ұстазы Көкен Шәкеевпен айтысынан мынандай метафоралық сөз тіркесін аңғаруға болады:

Талаймен жолдас болып сырластыңыз,
Осынау *от өмірдің* әр тұсында.
Өзіңсіз пір тұтатын ақылгөйім,
Сіз деп ұққан тұлғалы ақын дейін [6, 171].

Құдайберлі Мырзабековтың айтыстарында қайталаулар да кездесіп отырады. Соның ішінде анафора көп кездеседі. Мәселен, Құдайберлі Мырзабековтың Есенқұл Жақыпбекпен айтысында қайталаулар былайша көрініс табады:

Қаншасы кетер сөзімнің,
Қаншасы кетер қиылып [7, 44].

Сонымен қатар, тағы бір айтыс жолдарында мынадай қайталауларды кездестіруімізге болады:

Белгілі маған сырларың,
Белгілі маған жырларың [7, 44].

Құдайберлі Мырзабеков айтыстарының буын саны 11 буынды құрайды және 4 тармақты, 3 бунақты болып келеді. Мысалы:

3 4 4

Көтерген/ көкке даңқын,/ ұран – аты,/ 11
3 4 4
Көкшетау/ – көне тарих/ мұрағаты./ 11
3 4 4
Ақ туын/ Абылайдың/ аспандатқан,/ 11
3 4 4
Армысың,/ сал-серінің/ жұрағаты./ 11 [4]

Арман Бердалин айтыстарының ерекшеліктері де жетіп артылады. Арман Бердалин айтыстарының көркемдік ерекшелігі – оның тіл байлығында, суырыпсалмалық қабілетінде, қоғамдық мәселелерді батыл көтеруінде және ұлттық құндылықтарды дәріптеуінде. Өзіндік оқшау мәнері айқын аңғарылып тұратын ақын өз шығармаларында өмір шындығын, қоғам бейнесін шынайы әрі көркем кестелейді. Арман Бердалиннің айтыстарында көркемдегіш құралдардың ішінде теңеулер өте көп кездеседі. Арман Бердалиннің Сара Тоқтамысовамен айтысындағы:

Алматым, біздер үшін сен ұстазсың,
Эрмитажда сақталған *хан басындай*.
Асқақ арман боп тұрған бір көруге,
Таста қалған *Тонықөк таңбасындай*.
Балаңмын ақ жүзіңді аңсап келген,
Аралдың су тілеген *жағасындай*.
Ұрпағы сал-серінің мен боламын.

Тұлпардың тұяғының *тағасындай*, – деген шумақтарда хан басындай, таңбасындай, жағасындай, тағасындай деген теңеулер кездеседі [8].

Көсемдей көсіліңіз ел алдында,
Шешендей шаршы топта шешіліңіз.
Көкшелік ағайынның көңілі кең,
Жақсыға жабылмайды есігіміз, – деген Арман Бердалин мен Дәулеткерей Кәпұлының айтыс шумақтарынан көсемдей, шешендей деген теңеулерді кездестіруге болады [9]. Арман Бердалин мен Балғынбек Имашевтің айтысынан: таспадай, тарыдай, Дәулеткерей Кәпұлымен айтысынан: таңбасындай, қарғасындай, сандуғаштай, Күміс Сәрсенбаевамен айтысынан: үкідей, қарақшыдай, Сара Тоқтамысовамен айтысынан: қағбасындай, балдырғандай, Сарыарқаның самалындай, арыстандай секілді теңеулерді кездестіруге болады.

Сонымен қатар, Арман Бердалиннің Балғынбек Имашевпен айтысында: сыйлас дос, қара бұлт, жаман әдет, Дәулеткерей Кәпұлымен айтысында: жарық жұлдыз, жарық ай, Сара Тоқтамысовамен айтысында: ақ уыз деген секілді эпитеттер кездеседі. Оны бірнеше мысалдар арқылы дәлелдеуге болады. Арман Бердалин мен Балғынбек Имашевтің айтысында:

Тарыдай боп шашылған,
Ұлтымды неге айтпайсың?
Қара бұлт болып қаптаған,
Соғысты неге айтпайсың? [10]

Арман Бердалин мен Дәулеткерей Кәпұлының айтысында:

Қосылып қайғымызға тағы қайғы,
Ойласаң, бәрі уайым, бәрі қайғы.
Жеті түнде адасқан жастарыңыз
Таба алмас *жарық жұлдыз, жарық айды* [9].

Арман Бердалин мен Сара Тоқтамысованың айтысында:

Желіндегі уызсың ғой суалмаған,
Желіндегі *ақ уыз* ашымайды [8].

Ақынның айтыстарында қайталаулар да жиі кездесіп отырады. Мәселен Арман Бердалиннің Әсем Ережекызымен айтысында анафора кездеседі:

Сен менің басымдағы бел екенсің,
Сен менің жасымдағы мерекемсің [11, 320].

Арман Бердалиннің айтыстарында ассонанс пен аллитерацияның да берілетін тұстары кездеседі. Мәселен, Арман Бердалиннің Балғынбек Имашевпен айтысындағы:

Адамзат ұлы қор болмас,
Аузына алса Алласын.
Айналайын, ағайын,
Алдыңа келдік біз бүгін,

Айтыстың бұрып арнасын, – деген шумақтан бірыңғай дауысты дыбыстардың қайталанғанын [10], ал, Сара ақынмен айтысындағы:

Сен не ғып жез киіктей желіп жүрсің,
Секілді ішкен-жеген асың майлы.
Семейден мені іздеп келіпсің ғой,
Саражан айтып берші осы жайды? – деген шумақтан бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталанғанын аңғаруымызға болады [8].

Арман Бердалин айтыстарының буын саны 11 буынды құрайды және 4 тармақты, 3 бунақты болып келеді. Мысалы:

3 4 4
Көкшетау/ ырыс толған,/ қамбасы бай,/ 11
3 4 4
Қадірің/ қалың елге/ хан басындай./ 11
3 4 4
Көркімен/ көз тартатын/ Көкшетауым,/ 11
3 4 4
Алламның,/ қолмен басқан/ таңбасындай./ 11 [9]

Құдайберлі Мырзабеков, Арман Бердалин секілді айтыскер ақындардың өзіндік ерекшелігімен, даралығымен қатар, ұқсастығын, үндестігін де сөз етуге болады. Аталған айтыскер ақындардың ұқсастығы ретінде ең алғаш айтысты бастағанда өздерінің туған өлкесі, яғни, Көкше жерінен шыққандарын, сонымен қатар, Көкше жерінің сұлулығын, өлкеден шыққан танымал тұлғаларды мақтанышпен жырлауын айтуға болады. Мәселен, Құдайберлі Мырзабеков Жақыпбек Есенқұлмен айтысқанда:

Жер ұйығы – Көкшетау,
Көз мейірін қандырған.
О шеті мен бұ шеті,
Атаңның белін талдырған.
Ұлықтар атын шалдырған.
Ұлылар иісін қалдырған.
Абылай орда орнатып,
Алтын туын байлатқан, – деп өз жерінен шыққан батырларды айтып бастаса [7, 45], Арман Бердалин Дәулеткерей Кәпұлымен айтысында сөзін былайша бастайды:

Мәліктей жолын жалғап нар атаның,
Аузыма алты Алашты қаратамын.
Көк туын Көкшетаудың желбіретіп,
Бәйгеге тұлпарымды жаратамын.

Шапалақ боп ұлыңа шабыт берсін
Маңдайымнан сипаған алақаның.
Ағайын, өздеріңнің аңсап күткен,
Мен болам жаңа атқан дара таңың [9].

Сонымен қатар, екі ақын шығармашылығындағы тағы бір ортақ белгі – ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Олар айтыс барысында тек сөз сайыстырып қана қоймай, ел бірлігі, ынтымақ, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл қасиеттерін насихаттайды. Құдайберлі Мырзабеков тарихи сабақтастықты тереңнен қозғап, өткен мен бүгінді байланыстыра жырласа, Арман Бердалин де қоғамдық мәселелерді көтеруде ұлттық мүддені алдыңғы қатарға қояды. Яғни, екі ақынның да шығармашылығында ұлттық рух пен азаматтық үн айқын сезіледі.

Көркемдік тұрғыдан алғанда да олардың арасында үлкен ұқсастық бар. Екі ақын да айтыс өнерінің басты ерекшелігі саналатын суырыпсалмалық қабілетті жоғары деңгейде меңгерген. Олар қарсыласының сөзін іліп әкетіп, сол сәтте-ақ ұтымды жауап қайтара отырып, тың образдар мен тосын теңеулер тудырады. Мәселен, Құдайберлі Мырзабековтың теңеулері көбіне табиғатпен, кеңістікпен астасып жатса, Арман Бердалиннің теңеулері де сондай образдық жүйеге негізделеді. Екеуінде де халықтық танымға жақын, әсерлі салыстырулар жиі кездеседі. Бұл олардың поэтикалық тілінің тамыры халық ауыз әдебиетімен тығыз байланыста екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, қазіргі айтыс ақындарының шығармашылығы – ұлттық өнердің жаңа белеске көтерілгенінің айқын дәлелі. Құдайберлі Мырзабеков пен Арман Бердалин айтыстарының

көркемдік ерекшеліктері олардың сөз саптау шеберлігімен, суырыпсалмалық қабілетімен, ұлттық құндылықтарды дәріптеуімен және заманауи мәселелерді көтеруімен айқындалады. Айтыс – өткеннің сарқыншағы емес, керісінше, бүгінмен біте қайнасқан, болашаққа бағыт алған өміршең өнер. Сондықтан да оны зерттеу, насихаттау, дамыту – бүгінгі ұрпақтың маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.
2. Негимов С. Шығармалары. Зерттеулер 1-том. – Астана, 323 б.
3. Рахымов Б. Құс қанатындағы ғұмыр // Бұқпа. – 2014. – №5. – 9 б.
4. Құдайберлі Мырзабековтың «Кімнің есінде?» бағдарламасына берген сұхбаты. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=4kTTC_3IItM
5. Құдайберлі Мырзабеков пен Ақмарал Леубаеваның айтысы. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=yrFWyGtrd0U
6. Шәкейұлы К. Көкшем менің. – Астана: Елорда, 2001. – 200 б.
7. Жақыпбек Е. Ұлы өлең құйылып тұр өзегіме. – Алматы: Аққайнар, 2019. – 160 б.
8. Арман Бердалин мен Сара Тоқтамысованың айтысы. – URL: https://youtu.be/5QFQFfNI1V0?si=h0enhTYXuUmMKpuK
9. Арман Бердалин мен Дәулеткерей Кәпұлының айтысы. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=BSV07cl1HYE&t=47s
10. Арман Бердалин мен Балғынбек Имашевтің айтысы. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=TdRo0pOfv5g&t=106s
11. Қазіргі айтыс үшінші кітап. – Астана: Күлтегін, 2006. – 320 б.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ А.БАЙТҰРСЫНОВ ПЕН Ә.БӨКЕЙХАНОВТАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Н.М. Ақыжан
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 1-курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Мажитаева Ш.,

Аңдатпа. *Бұл мақалада XX ғасыр басындағы қазақ ұлттық мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен даму тарихы қарастырылады. Қазақ баспасөзінің алғашқы үлгілері – «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» арқылы ұлттық ой-сананың ояну үдерісі талданып, олардың қоғам өміріндегі орны айқындалады. «Қазақ» газетінің тарихи маңызы, оның қоғамдық-саяси оқиғаларды бейнелеудегі рөлі және ұлттың рухани дамуына қосқан үлесі жан-жақты сипатталады.*

Мақалада Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейхановтың публицистикалық қызметіне тоқталып, олардың ұлттық мүдде жолындағы күресі, ағартушылық идеялары мен қазақ қоғамын жаңғыртудағы еңбектері сараланады. Сондай-ақ, XX ғасыр басындағы баспасөзде көтерілген негізгі мәселелер – білім, жер, тіл, тәуелсіздік, әлеуметтік теңдік тақырыптары талданып, олардың тарихи маңызы көрсетіледі.

Зерттеу нәтижесінде ұлттық мерзімді баспасөздің қазақ халқының қоғамдық санасын қалыптастырудағы, тарихи дамуын бейнелеудегі және тәуелсіздік идеяларын насихаттаудағы ерекше рөлі айқындалады.

Түйін сөздер: *қазақ баспасөз тарихы, ұлттық мерзімді баспасөз, XX ғасыр басы, «Қазақ» газеті, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Алаш зиялылары, қоғамдық-саяси ой, тіл мәселесі*

Қай елдің әдеби тілін алып қарасақ та ол – тек бір күннің немесе белгілі бір тарихи кезеңнің шеңберінде ғана қалыптасатын дүние емес. Мәдениеті дамыған халықтардың әдебиеті де бірден қалыптаса салмайды, ол қоғамның дамуымен бірге сан түрлі өзгерістерді бастан өткеріп, алдымен

өз ұлтының игілігіне, кейін бүкіл адамзатқа ортақ мұраға айналады. Бұл – табиғи заңдылық.

Терең тарихы мен бай мәдениеті бар қазақ халқы да өз басынан өткен маңызды оқиғалар мен әлеуметтік кезеңдерді ауыз әдебиеті, эпостық жырлар, тарихи аңыздар арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізді. Уақыт өте келе алғашқы газет-журналдар жарық көріп, кейін бұл мұралардың барлығы кітап болып басылып шықты.

Мерзімді баспасөз – қоғам өмірінің айнасы, халықтың ой-санасы мен тарихи дамуын танытатын маңызды дерек көзі. Әсіресе, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өз тарихымызды объективті түрде жазуға мүмкіндік туып, ұлттық деректерге, соның ішінде қазақ тіліндегі басылымдарға деген қызығушылық айтарлықтай артты. Соның нәтижесінде оларды ел тарихының құнды дерегі ретінде ғылыми айналымға кеңінен енгізу, қазақ баспасөзін өзіндік ерекшеліктері бар тарихи дерек көзі ретінде жан-жақты зерттеу қажеттілігі күннен-күнге күшейіп келеді. Газет пен журнал белгілі бір уақыт аралығында үздіксіз жарияланып, сол дәуірдің оқиғалары мен құбылыстарын көрсетіп отырады. Осыған байланысты олар қоғам өмірінің өткенін тіркейтін ерекше шежіре іспетті қызмет атқарады. Яғни, уақытылы жарық көрген басылымдар белгілі бір кезеңнің тарихи дамуын бірізді түрде қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Тарихи деректерді танып-білудің басқа жолдарына қарағанда мерзімді басылымдарды зерттеу – өзі жарияланған заманның айрықша сипатын, шынайы көрінісі мен бүкпесіз шындығын көруге мүмкіндік береді. Сол заманда шыққан кез келген газет не журнал арқылы біз тұтас саяси-әлеуметтік картинаны көре аламыз. Мысалы, қазақ тілінде шыққан газеттер арқылы зерттеушілер XX ғасырдың соңғы үштен бір бөлігінен бастап бүгінгі күнге дейінгі ел өміріне қатысты түрлі мәліметтер ала алады. Басқаша айтқанда, XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ жерінің отарлану кезеңінен бастап, тәуелсіз мемлекет құруға дейінгі халықтың жүріп өткен жолы сол кезеңдегі сарғайған газет беттерінде көрініс тапқан.

Көп жағдайда баспасөз материалдары өткен тарихымыздың кейбір тұстарын ашып көрсететін негізгі дерек көздерінің бірі болып табылады. Сондықтан XX ғасырдағы қазақ тарихын мерзімді басылымдарсыз толық әрі жан-жақты зерттеу мүмкін емес деп нық айтуға болады.

XX ғасырдың басы – қазақ халқының қоғамдық-саяси санасының оянып, ұлттық мүдде жолында күрес күшейген кезеңі. Осы уақытта ұлттық мерзімді баспасөз қалыптасып, елдің рухани, саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Қазақ зиялылары халықты білімге, азаттыққа, бірлікке шақыру үшін газет-журналдарды басты құрал ретінде пайдаланды.

Дегенмен бұл уақытқа дейін де қазақ баспасөзі болған еді. Қазақ мәдениетінің тарихында ерекше орны бар, халықтың саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени және эстетикалық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен алғашқы басылымдардың бірі – «Түркістан уалаяты» газеті.

Бұл газет алғаш рет 1870 жылдан бастап Ташкент қаласында «Туркестанские ведомости» газетінің қосымшасы ретінде жарық көрді. Ол Орта Азия халықтары үшін тұңғыш баспасөз құралдарының бірі саналады. Алғашында айына төрт рет шығып тұрған бұл басылымның екі саны өзбек тілінде, екі саны қазақ тілінде жарияланған.

Кейін «Туркестанские ведомости» газетінен бөлініп, жеке қазақ және өзбек тілдерінде шыға бастаған «Түркістан уалаятының газеті» беттерінде қазақ халқының тұрмысы мен тарихына қатысты көптеген деректер жарияланды. Әсіресе қазіргі Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы өңірлеріндегі қазақтардың сол кезеңдегі өмірі кеңінен қамтылды.

Газеттің редакторы Ш.М.Ибрагимов болған. Ол Шоқан Уәлихановпен таныс, Омбы кадет корпусында білім алған, Көкшетау дуанының хатшысы қызметін атқарған тұлға. 1865 жылы Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия Ресей құрамына енгеннен кейін, ол Ташкенттегі генерал-губернатордың қарамағында жұмыс істеген [1, 26].

«Түркістан уалаяты» газеті, кейіннен «Дала уалаяты» газеті де басылып тұрды. Бұл газет 1888–1902 жылдар аралығында Омбы қаласында жарық көріп, ресми түрде «Акмолинские областные ведомости» басылымына қосымша ретінде шықты. Газет қазақ және орыс тілдерінде жарияланып, онда патша үкіметінің жарлықтары мен ресми хабарларымен қатар, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, тарихы мен әдебиеті туралы материалдар да беріліп отырды. Сонымен бірге, басылым халықты білімге, отырықшылыққа шақырып, ағартушылық бағытта маңызды рөл атқарды [2, 77].

Ішкі істер министрлігі газеттерді шығаруға рұқсат бергенімен, олардың мазмұнын патша үкіметінің бұйрықтары мен ресми хабарларын жариялауға бағыттап, негізінен ресми ақпараттарды басуға міндеттеген. Оның үстіне, газет тілшілері көбіне амалсыздан ұлттық мүддені көтерудің орнына, отарлаушы елдің саясатын қолдайтын мақалалар жазуға мәжбүр болды. Осылайша, бұл басылымдардың өмірі ұзаққа созылмады. XX ғасырдың басында «Қырғыз газеті», «Серке» сияқты

тәуелсіз басылымдар жарық көрмей жатып-ақ жабылып қалды. Томск қаласындағы қазақ жастарының «Дала» атты өз газетін шығару талпыныстары да нәтижесіз аяқталды.

Осылай, қазақтардың ұлттық баспасөз қалыптастыру әрекеттері сәтсіздікке ұшырап отырды. Ал ғалым Шериядан Елеукеновтің дерегіне сүйенсек, революцияға дейін, яғни XX ғасырдың басында елімізде орыс тілінде 71 газет пен 44 журнал жарық көрген [3, 207].

1913 жылдың 2 ақпанында «Алаштың шын баласы» атанған «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Қоғамдағы сан алуан оқиғаларды қамтыған бұл басылым сол кезеңдегі қазақ өмірінің айнасы іспетті болды. Сонымен қатар, XX ғасыр басындағы елдегі түрлі тарихи құбылыстар туралы мәлімет беріп, кейінгі зерттеушілер үшін құнды дерек көзіне айналды деуге толық негіз бар. Өйткені «Қазақ» газеті Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, төңкерістер, патша өкіметінің құлауы және Алаш Орда үкіметінің құрылуы сияқты маңызды оқиғалардың куәсі болды. Ол бұл өзгерістерді сырттай бақылап қана қоймай, сол үдерістердің бел ортасында жүрді.

Жалпыұлттық басылым шығару оңай іс емес, оған ұзақ дайындық пен көптеген азаматтардың бірлескен еңбегі қажет. «Қазақ» газеті де бір күнде пайда болған жоқ. Ол – ең алдымен халық болашағын ойлаған азаматтардың табанды еңбегінің нәтижесі. Тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің айтуынша, Алаш қайраткерлері бұл газетті шығару идеясын 1905 жылдан бастап қолға алған. Бұған дәлел ретінде Әлихан Бөкейхановтың атынан 1905 жылғы 4 қыркүйекте «Сын Отечества» газетінде жарияланған «Қазақтар петициясын» айтуға болады. Оған 14 500 қазақ қол қойып, онда халықтың негізгі мәселелері – жер, тіл, дін және сот жүйесі қамтылған. Петицияда қазақ тілінде газет шығару қажеттілігі де ерекше атап өтілген. Алайда патша үкіметінен кейінгі саяси тұрақсыздық бұл істің жүзеге асуын біраз уақытқа кешеуілдетті [4, 78].

Сонымен қатар, Алаш зиялылары түрлі кезеңдерде қуғын-сүргінге ұшырап, түрмеге қамалды. Әлихан Бөкейханов Семей түрмесінен кейін Самараға жер аударылса, Ахмет Байтұрсынов 1910 жылы Орынборға жіберілді. Кейін дәл осы қалада Әлихан, Ахмет және Міржақып Дулатов бірігіп, газет шығару ісін нақты қолға алды. Міржақып Дулатовтың айтуынша, «Қазақ» газетінің дүниеге келуі ұзақ күткен сәттің нәтижесі болып, үш жылдық тынымсыз еңбектің жемісі еді.

«Қазақ» газеті алғашқы санынан-ақ оқырманның үлкен қызығушылығына ие болды. Онда тек қазақ қоғамындағы мәселелер ғана емес, әлемде болып жатқан өзгерістер де қамтылып отырды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде «Соғыс майданынан», «Соғысқа қазақ көмегі» сияқты мақалалар жарияланып тұрды. Сондай-ақ 1916 жылғы патша жарлығы кезінде халыққа түсіндіру, бағыт-бағдар беру жұмыстарын да осы басылым атқарды.

Дегенмен газеттің негізгі назарында соғыс немесе саяси жарлықтар емес, қазақ халқының өзекті мәселелері болды. Әсіресе оқу-ағарту, білім беру, мектеп ашу, халықтың сауатын арттыру тақырыптары кеңінен қозғалды. Мысалы, тек 1913 жылдың өзінде осы бағытта 30-дан астам мақала жарық көрген. Бұдан бөлек, жер мәселесі мен тіл тағдырына қатысты да ауқымды материалдар жарияланды.

Алаш қайраткерлерінің бірі Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Қазақ» газеті халыққа төнген қауіптің мәнін ашып көрсетіп, жас ұрпақтың санасын дұрыс бағытқа бұруға ықпал етті. Ол жаңа қалыптасып келе жатқан жас буынның ой-санасын жетелеп, білімге, елдікке бағыттады. Тіпті мектеп оқушыларының өзі бұл газетті ерекше қызығушылықпен оқыған.

Сонымен, газеттің негізін қалаушылардың бірі – Ахмет Байтұрсынов, ал белсенді авторларының қатарында Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатов болды. Бұл тұлғалар қазақ қоғамының дамуына зор үлес қосып, публицистика арқылы халық санасын оятты.

Ахмет Байтұрсынов – ұлттық баспасөздің негізін салушы, публицистика жанрын дамытушы тұлға. Ол өз мақалаларында оқу-ағарту, тіл мәселесі, халықтың мәдени деңгейін көтеру сияқты маңызды тақырыптарды көтерді. Мысалы, оның жазбаларында қазақ тілін сақтау, әліпби реформасы мәселелері кеңінен қарастырылды. А.Байтұрсынов публицистикасында дәлелділік, түсініктілік және халыққа жақын тіл қолдану басты орын алды. Ол 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы сандарының бірінде: «Газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдарды газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып отырады»,-деген болатын [5, 10].

Әлихан Бөкейханов та мерзімді баспасөзде жиі мақалалар жариялап, елдің саяси және экономикалық мәселелерін көтерді. Ол жер мәселесі, отарлық саясаттың зардаптары, қазақтың дербестігі туралы жазды. Әсіресе, қазақ жерін сақтау, ұлттық автономия құру идеялары оның мақалаларының негізгі өзегі болды. Бөкейхановтың публицистикасы ғылыми негізделген, нақты деректерге сүйенген, терең талдауға құрылған.

Міржақып Дулатов та ұлттық баспасөзде белсенді еңбек етіп, халықты оятуға бағытталған мақалалар жазды. Оның шығармаларында елдің болашағы, білімнің маңызы, ұлттық сана мәселелері кеңінен қозғалды.

XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөзде көтерілген негізгі мәселелер:
• халықты білімге шақыру;
• жер және отарлау мәселесі;
• ұлттық бірлік пен тәуелсіздік;
• тіл мен мәдениетті сақтау.

Бұл мәселелер қазақ қоғамының ең өзекті проблемаларын көрсетіп, халықтың санасына әсер етті [6, 106].

Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейханов еңбектері, ең алдымен, ұлттық мүддені қорғауға бағытталды. Олар публицистика арқылы халықты оятып, елдің болашағына бейжай қарамауға үндеді. Екі тұлғаның да еңбектерінде ағартушылық, саяси күрес және ұлттық идея қатар көрініс табады.

Ұлттық публицистикалық стильдің қалыптасуы мен дамуы барысында олар мынадай принциптерді ұстанды:
• халыққа түсінікті, қарапайым тіл қолдану;
• нақты деректер мен дәлелдерге сүйену;
• ұлттық мүддені бірінші орынға қою;
• қоғамдағы өзекті мәселелерді ашық көтеру [7, 502].

Қорытындылай келе, XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз қазақ халқының рухани жаңғыруы мен қоғамдық-саяси санасының қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Бұл кезеңдегі басылымдар тек ақпарат таратушы құрал ғана емес, сонымен қатар ұлттық идеяны ұйыстырушы, халықты ортақ мақсатқа жұмылдырушы маңызды идеологиялық алаңға айналды.

Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейхановтың публицистикалық мұрасы қазақ журналистикасының ғана емес, тұтас ұлттық ой-сана тарихының алтын қоры болып табылады. Олардың еңбектері арқылы қазақ қоғамында білімге ұмтылу, ұлттық бірлік, тәуелсіздікке деген құлшыныс сияқты іргелі құндылықтар орнықты.

Ұлттық баспасөздің дамуы қазақ қоғамының модернизациялану үдерісімен тікелей байланысты болды. Алаш зиялылары баспасөзді халықпен байланыс орнатудың, қоғамдық пікір қалыптастырудың және саяси күрестің пәрменді құралы ретінде тиімді пайдаланды. Нәтижесінде, қазақ даласында жаңа қоғамдық көзқарас, сыни ойлау мәдениеті және ұлттық жауапкершілік сезімі қалыптаса бастады. Сонымен, XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдар тарихи дерек көзі ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық мемлекеттілік идеясының қалыптасуына негіз болған маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметов А., Субханбердина Х. Түркістан уалаятының газеті. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. – 602 б.
2. Мажитаева Ш., Рапишева Ж. Әдеби тілдің функционалдық стильдері. – Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2020. – 202 б.
3. Елеукенов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2012. – 480 б.
4. Нысанбаев Ә. «Қазақ» газеті. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
5. Жақып Б. Публицистика негіздері. –Алматы:Қазақ университеті, 2018. –444 б.
6. Омашев О., Сәйдірахман Ұ. Алаш көсемсөзі. – Алматы: Өнер, 2011. – 323 б.
7. Бөкейхан Ә. Шығармалары. – Астана : Сарыарқа, 2017. – 624 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ НАЗИРА ДӘСТҮРІ

Д.С. Әбдіғани
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.С. Рахимов

Аңдатпа

Қазақ халқының алтын қазынасына айналған Абай шығармалары,өзінің тереңдігімен,қазақ халқы үшін өзекті мәселелерді қозғауымен ерекшеленеді.Соның бірі-Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс нәзира немесе нәзирагөйлік (араб тілінен-жауап, ұқсату мағынасында)дәстүрімен ұшастыру,маңызды қадам деп білемін. Қазақ әдебиеттану ғылымында Нәзира әдеби үрдісін М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Р.Бердібай, Ш.Сәтбаева, А.Қыраубайқызы, Ө.Күмісбаевтар зерттеді. Ақындар нәзиргөйлікті өз жанына ұялап, ойына қозғау салған келелі мұрат - мақсаттарын уақыт талабына орай қайта жырлап берудің әдеби тәсілі ретінде пайдаланып отырған. Бұл әдіс ақын ойын, мақсат -мүддесін жырлауға икемді әрі өтімді болуы себепті, жалпы Шығыс поэзиясы тарихында ерекше орын алатын тұрақты дәстүрге тікелей байланысты туындап отырған.Ал, Абайдай ақын болса, дәстүрлі тақырыпқа шығарма жазудың Шығыстық әдісі нәзирагөйлікті жан-жақты меңгерген, оны қазақ топырағына лайықты етіп белгілі дәрежеде дамыта түскен мәңгілік өнер иесі ретінде дәріптей білді.Міне,сол себепті,мен мақаламда Абай шығармашылығындағы назира дәстүріне тоқталып өтпекпін.

Кілт сөздер: Абай,шығарма, нәзира дәстүрі, Шығыс поэзиясы,ақын, қазақ әдебиеті, сөз өнері.

Назира дәстүрі-ежелгі классикалық шығыс әдебиетінде дамыған мәңгілік тақырыптармен байланысты құбылыс екені мәлім. Бұл көптеген халықтар мен ұлттардың, уақыт пен кеңістіктің бірқатар әдеби дәстүрлерін біріктіреді. Парсылар мен түріктердің Исламды қабылдауы араб жазуы мен кейінгі басқа да таңбалы жазулармен VI-XII ғасырлардағы классикалық араб әдебиетінің бейнелі жүйесін зерттеуші БЯ.Шидфар:"тыңдаушылардың эстетикалық сезімдері, олардың эстетикалық әдеттері,олар тыңдауға дағдыланған формалар мен сюжеттер аясында ғана қанағаттандырылды. Олар үшін ерекше, бөтен және қызықсыз жаңа сюжеттерді тыңдағысы келмеді. Тыңдаушылар белгілі тақырыптар шеңберінде үлкен шеберлікпен орындалған вариацияларды күтеді"-деген [1].

Абай шығармаларында, аға ұрпақтың кейінгі ұрпаққа айтар нақылы мен даналығы қайта жырланып, көркем әдебиетке жаңа туындылар әкелді. Назира дәстүрі арқылы,Абай Шығыс поэзиясындағы ауыспалы әдеби формасын қазақ әдебиетіне енгізе алды. Ақын басқа әйгілі ақыннан белгілі бір сюжет пен адам бейнесін алып, өзі қалаған бағытта шығарма тудырады. Біз әдебиет тарихынан Абайдың "Ескендір", "Масғұт", "Әзім" поэмаларын терең меңгеріп жазғанын және А.С.Пушкиннің "Евгений Онегин" романынан үзінділерді пайдаланғанын білеміз. Содан назираның дәстүрі бойынша орыс қызы Татьяна туралы таңғажайып махаббат дастаны өмірге келген [2].

Абай поэмаларының саны-үшеу.Олар «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі»-болатын.Соңғысы бітпей қалғаны аян.Ақынның бұл үш жырының үшеуі де өзінің туып-өскен қазақ ортасын, олардың тұрмысын, болмысын бейнелейтін туынды емес. Бұл поэмаларынан назира дәстүрін көре аламыз.Мысалы: Ескендір Зұлқарнайын туралы сюжетте,Абай дәстүрлі нұсқадағыдай оны мадақтамайды.Керісінше,оны тойымсыз, ашкөз, дүниеқоңыз адам ретінде көрсетеді.Бұл жерден байқайтынымыз,ақын назира дәстүрі сюжетті сақтай отырып, идеяны түбегейлі өзгерту арқылы ерекшеленеді. Мөлшері аз, оқиға желісі қысқа болып келеді.Абайдың осы жырларының басты ойы мен мұраты ұстаздық тәрбиелік түйіндерге арналған. Ақын белгілі бір уақиғаларды суреттей отырып, шығарма соңында оқушысын нақты бір тәрбиелі ойға жеткізеді.Оның маңызды бөлігі-қазақ оқырманына арналып жасалғандығы деп ойлаймын.

Келесі назарды-«Масғұт» поэмасынан арнасақ.Жырдың уақиғасы, тақырыбы шығыс халықтарының аңызынан алынғаны белгілі. И.С.Тургеневтің «Шығыстық аңыз» деген қысқа әңгімесі мен «Масғұт» жырының бірінші бөлімінің өзегі басынан аяғына дейін дәлме-дәл бірін-бірі қайталайды.Екеуінде де оқиға шығыс елдерінің бірінде, нақтырақ айтсақ, Бағдад шаһарында өтеді. Жырда Абай араб халқының, оның өмір сүруін нақты бөлшектермен кең қамтып суреттеуді нысана етпеген.Поэма Шығыс ертегілеріне, аңыздық желіге негізделген.Ақын өз

интерпретациясында кейіпкерді ақылды таңдауы арқылы Абай адамдық қасиетті алға қояды.Белгілі сюжетті жақсартудағы назира дәстүрі мұнда философиялық ойды күшейту,тәрбиелік мән беру арқылы,сөз өнерінен құдыретін танытады [3].

Үшінші поэмасы-Әзім әңгімесі екені белгілі. Әзім әңгімесі неліктен аяқталмағаны беймәлім. Алғаш рет 1933 жылы Абай еңбектері жиынтығына кірген. Бұған дейін алғашқы қолжазба, ескіріп кейбір тұсы жоғалуға таяған. Сондықтан жырдың кейбір тармақтарын Мұхтар Әуезов "Абайдың үлгісі емес" деп есептейді: "Бұл жырдың негізі "Мың бір түннің" бір бөлімі – "Әлидің Әзімі" деп аталатын ұзақ әңгіме болған. Пікірімше, 1927 жылы осы жырдың мәтінін Абай туындыларын жинаушыларға тапсырған Ырысайдың Ысқағы Абай жырының ұмытылған немесе ескірген, қолжазбада өшіп қалған кейбір жолдарын өз ойынан да "толтырып" жіберген көрінеді. Себебі жырдың кейбір үйлесімдері, кейде жол ішінде сөз құраулары Абайдың ақындық шеберлігіне, поэтикалық сөздігіне үйлеспейтіні де бар. Шығыс қиссаларына тән сиқыр, алдау, айла сюжеті әңгімені әсерлі әрі ғақлияға толы ететіні анық.Мұнда,Абай, жеңіл жолмен бақытқа жетуді сынап,еңбексіздік адамның қас жауы екенін көрсетеді.Адал еңбек пен ақылдың маңызын оқырманға жеткізе отырып,ой қозғауға да шақыратындығын байқай аламыз.Назира дәстүрі шығыс хикаяларын қазақы моральмен қайта пайымдау арқылы іске асқанын айта отырып,оның маңыз-сөз өнерімен қиыстырғаны,әңгімені қазақ әдебиетінің інжу- маржаны да бола алары хақ деп санаймын.

1886 жылдан бастап Абай Пушкиннің туындыларын қазақ тіліне аудара бастады. Орыстың классикалық поэзиясы Абайдың шығармашылығына терең прогрессивті ықпал етті. Қазақ мәдениетін болашақта дамыту үшін орыс мәдениеті (соның ішінде еуропалық мәдениет), әсіресе бұған дейін қазаққа таңсық болған орыстың ұлы классиктерінің шығармашылық мұрасына сүйену маңызды қадам болды. Бұл тұрғыда Абайдың осы мұраға үміт артқаны тарихи сипаттағы ерекше құбылыс еді. Дарынды әрі терең ойлы Абай жаңа мәдениетті талдап, оны шеберлікпен бойына сіңіре алды. Өзінің идеялық және шығармашылық байлығы тұрғысынан алғанда, Пушкин мен Абайдың ортақ сипаты – екеуінің де халықтық және ұлттық ақын болғандығында. Ол Пушкинді жай ғана ақын ретінде емес, терең зерттеуге лайық мәңгілік тұлға ретінде қарады. Абай Пушкиннің ең үздік туындыларының бірі – «Евгений Онегинді» жоғары бағалап, оның кейбір бөліктерін аса көркем шеберлікпен қазақша аударып шықты. Әсіресе, «Татьяна хаты» өлеңіне арнайы ән жазып, оны қазақ арасында кеңінен танымал етті. Осы өлеңнің халыққа сүйікті болуы – орыстың ұлы ақынының қазақ жұртының рухани дүниесіне жақын болғанын айқын көрсетеді. Татьяна бейнесі мен тағдыры қазақтың қыз-келіншектерінің өмірімен үндесіп, олардың еркіндік сүйгіштігі мен байсалдылығы жастардың жүрегіне қозғау салды. Абай өз дәуірінде отырып, Пушкиннің ұлылығын тани білгендігі – оның данышпандық қасиетінің көрінісі.Пушкиннің ұлы туындысы «Евгений Онегин»-шынайы халықтық шығарма мәртебесіне ие болды. «Евгений Онегин» шығармасынан алынған үзінділерді Абай ретке келтіріп, мазмұндық байланысын біртұтас етіп жеткізген. Он бір буынды өлең үлгісінде жазылғанына қарамастан, Абай аудармасында Пушкин мәтінінің мағынасына барынша жақындық сақталып, түпнұсқаның мазмұнына дәл сәйкес келеді. Татьяна мен Онегиннің есімдері қазақ халқына сүйікті әрі жақын болып қалыптасты. Абайдың аудармасы арқылы қазақ халқы орыстың ұлы ақыны Пушкинмен рухани жақындық сезінді, өйткені Пушкин тек орыс халқының ғана емес, басқа да халықтардың өмірі мен тұрмысын терең зерттеп, олардың ұлттық ерекшеліктерін өзінің мәңгілік образдары арқылы бейнелеп, жеткізе білді. Осы жалпыадамзаттық сипатқа ие болғандықтан, қазақ халқы оның шығармашылығын ерекше ықыласпен қабылдады. Абай Пушкинге арнап жан толқытар өлеңдер жазды. Пушкиннің халыққа жақын болмысы мен рухани құндылықтары Абайдың жүрегінен орын тапты. Оның тарихи орны мен бүкіл шығармашылық жолы Абай үшін үлкен шабыт көзіне айналды [4].

А.С. Пушкиннің "Евгений Онегин" романын Абай аударған кезде, оның негізгі идеясы мен рухы қазақ тіліне шынайы әрі әсерлі түрде бейімделген. М.О. Әуезов бұл аудармаға жоғары баға беріп, "Пушкинді сөзбе-сөз аудара алатын аудармашылар табылады, бірақ оның шығармасының терең ойы мен сирек кездесетін сезімдерін Абайдың жеткізуі – ерекше құбылыс" деп атап өткен. Алайда зерттеушілер арасында пікірлер әртүрлі: кейбіреулері Абай романның толық нұсқасын емес, жекелеген үзінділерін ғана аударған деп есептейді.Расымен де,"Евгений Онегиннің" ұзақ көлемді болғанына қарамастан, Абайдың аудармасы мазмұндық тұтастығы әлсіз байланысқан сегіз бөлімнен тұрады. Бұл бөлімдерде романның оқиға желісі, құрылымдық ерекшелігі толық сақталмаған.Аударма түпнұсқаға кей тұстарда жақындығымен ерекшеленеді (мысалы, "Онегиннің сипаты","Амал жоқ қайттым, білдірмей", "Ленскийдің сөзі" сияқты бөлімдер), ал басқа бөліктері

шығармадан алшақтай түседі ("Татьянаның сөзі","Тәңірі қосқан жар едің, сен", "Онегиннің Татьянаға жазған хаты" және т.б.). Дегенмен бұл аудармада көркем шығармаларға тән композициялық біртұтастық сезіледі: "Онегиннің сипаты" роман прологының қызметін атқарады, ал хаттар мен монологтар жекелеген тарауларды толықтырып, "Онегиннің өлердегі сөзі" эпилог секілді аяқталуға ұқсайды. Осындай құрылым мен лирикалық тұрғы Абай аудармасын екі ғашықтың махаббат толы хаттары түрінде жазылған эпистолярлық-лирикалық роман дәрежесіне жеткізген.Абайдың бұл романды не себептен осылайша аударғаны жөнінде айтуға болады: біріншіден, ол шығарманы қазақ оқырмандарына түсінікті етуге ұмтылды; екіншіден, шығыс әдебиетінің ежелден келе жатқан нәзиралық дәстүрлеріне сүйенді. Осы тұрғыдан қарағанда, Абайдың еркін аударма тәсілі саналы түрде таңдалған деуге негіз бар. Тіптен, ұлы ақын Пушкинмен өнер жарыстырып, "мен бұл тақырыпты басқаша жеткізер едім" дегендей өзіндік көзқарасын білдіргендей көрінеді. Академик З.Ахметов бұл құбылыстарды ақындық өнер сайысының белгісі ретінде түсіндіріп: "Ақынның өзін сынға салатын тұсы-басқа ақындардың туындылары арқылы өз шеберлігін дәлелдеуі" деп атап көрсеткен.

Осылайша Абай "Евгений Онегинді" қазақы ұғымға жақындатып қана қоймай, Пушкинмен тең дәрежеде шығармашылық диалог құрды және өзінің поэзия әлеміндегі даралығын дәлелдеді. Бұл тұрғыда С.Абдрахмановтың пікірін ерекше атап өтуге болады. Ол Абайдың роман аудармасын зерделей отырып: "Пушкин кейіпкерлері арқылы Абай өзінің лирикалық көңіл-күйін көрсетті. Аудармада лириканы кетіктірді, оны шығармашылық еркіндікпен бейімдеп қазақ қауымына жақындатты. Мұның бойында нәзиралық сипаттар бар" деген қорытынды жасаған.Иә,бұл шығармада Абай,назира дәстүрімен қазақ халқына жеткізу өнерін байқаймыз. Назира дәстүрі бойынша ақын бұрынғы белгілі шығармаға сүйенеді, бірақ оны өз халқының дүниетанымына, көркемдік талғамына сай қайта жырлайды. Абай да Пушкинді сөзбе-сөз аударып қана қойған жоқ, ол романның ең маңызды лирикалық тұстарын таңдап алып, дербес поэтикалық туынды деңгейіне көтерді деп ойлаймын [5].

Сонымен, назира дәстүрі-бұл жалпы мәдени, тарихи, рухани және әдеби-интеграциялық қатынастар шеңберіндегі әлемдік әдебиеттегі құбылыс деп айта аламыз.Бұл дәстүрдің эстетикалық негіздері араб классикалық әдебиетінде қалыптасып, парсы және түркі классикалық әдебиетінде толық дамыды.Оның қазақ әдебиетіне де қосқан үлесі жетерлік,әсіресе Абай Құнанбаевтың шығармалары оған дәлел болды. Абай Құнанбаевтың шығармашылығындағы назир дәстүрі Фирдоуси, Науаи және Низами сияқты авторлар ұсынған шығыс әдебиетінің классикалық мұрасын шығармашылық тұрғыдан қайта қарау мен сондай-ақ,олардың гуманистік идеяларын терең дамыту арқылы көрінеді. Абай шығыс поэтикасының канондарына жай ғана еліктеумен шектелмеді керісінше,ол дәстүрлі тақырыптарды қазақ қоғамының қазіргі қажеттіліктеріне жауап беретін философиялық мазмұн бере отырып өзгертті. Оның жұмысы-бірегей әдеби бағыттың қалыптасуына ықпал еткен Шығыс мәдени дәстүрлері мен Еуропалық ағарту идеяларының синтезі және қазақ оқырманына бағытталған ғибратты жеткізе алды. Біз келтірген мысалдар оған дәлел болса керек. Мысалы:Абай өзінің "Евгений Онегинді"түсіндіруінде,Татьянаның орыс мінезінің нәзік ерекшеліктерін сақтап қалды, бірақ Онегиннің мінез-құлқын қайта түсіндіре отырып, романның сюжеттік қорытындысын өзгертті. Абайтанушылық Татьяна мен Онегиннің хаттары үшін ерекше әуезді композициялар жасай отырып, Абай осы музыкалық-поэтикалық мәтіндерді халық әншілері мен ақындарының репертуарына енгізді. Бұл шын жүректен шыққан жолдаулардың танымал болғаны соншалық, олар ән айтып қана қоймай, қазақ жастарының махаббат хаттарын жазу кезінде олардың жолдары әшекейлер мен үлгілер ретінде жиі қолданылған.Абай шығыс поэзиясының классикалық тақырыптарына жүгініп, оларды тереңдік пен өзіндік ерекшелікпен толтырды, бұл назира жанрына сәйкес келді. Оның еңбектері философиялық мазмұнға толы болды, назира дәстүрі Абайдың тек лирикалық шығармашылықты ғана емес, сонымен қатар терең философиялық және адамгершілік ойларында да көрініс тапты.Олар оның өлеңдерінде де, "қара сөздерінде"де көрініс тапқан әділеттілік, адамгершілік, бостандық және тәрбиенің маңызды мәселелерін көтерді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Мәдібаева Қ.Қ.Қазақ әдебиетінің XIX көркемдік дамуы мен зерттелуі:фил.ғыл.док.дисс.Алматы,2006.-323 б.

2. М.О.Әуезов. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Монография. Алматы, «Жазушы» - 1985ж. 496 бет.

3. Мұса С. Абай мен Пушкин // Егемен Қазақстан.- 2006.- 1 сәуір.
4.Пушкин мұрасының Қазақстан әдебиеттануы ғылымында зерттелуі: библиографиялық көрсеткіш / Құраст.А.Т.Қалиасқарова.-Алматы: «Тау-Самал»,2009.224 б.
5.Мұхамедханов Қ. Өлмес өмір, өшпес есім //Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том.-Алматы: «Ел-шежіре», 2008.-170 б.

ӘОЖ 821.512.122-1.09

БІРЖАН САЛ, АҚАН СЕРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАХАББАТ ЛИРИКАСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ЖҮЙЕСІ

М.Е. Біләлова,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор ассистенті А.М. Бабашов

Аңдатпа:
Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген екі аса көрнекті қазақ ақыны — Біржан сал Қожағұлұлы мен Ақан сері Қорамсаұлының махаббат лирикасындағы концептуалдық жүйе салыстырмалы-типологиялық тұрғыда талданады. Зерттеу нысаны — ақындардың сүйіспеншілік тақырыбындағы өлеңдері мен жырларының поэтикалық тілі, бейнелер жүйесі және концептуалдық өрісі. Мақалада «махаббат», «табиғат», «мұң-зар», «әйел бейнесі» концептілері негізінде лирикалық мазмұн ашылады.
Түйін сөздер: концепт, махаббат лирикасы, поэтикалық бейне, сал-серілік дәстүр.

Қазақ халқының рухани мәдениетінде сал-серілік дәстүр өзгеше орын алады. Бұл дәстүрдің ең жарқын өкілдері — Біржан сал Қожағұлұлы (1832–1897) мен Ақан сері Қорамсаұлы (1843–1913). Олардың шығармашылығы қазақ поэзиясының алтын қорын құрайтын лирикалық туындылармен толықтырылған. Осы екі ақынның махаббат лирикасы тек жеке бастың сезімін ғана суреттеп қоймай, халықтың рухани болмысын, эстетикалық танымын да айқындайды [1, 45б.].

Зерттеудің өзектілігі — қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында концептілік талдау әдісін сал-серілер поэзиясына қолданудың жеткілікті деңгейде зерттелмегендігінен туындайды. М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, Қ.Мұхамеджанов секілді ғалымдардың еңбектерінде ақындардың өмірбаяны мен шығармаларының жалпы сипаттамасы берілгенімен, концептуалдық жүйенің салыстырмалы талдауы арнайы зерттеу нысанына айналмаған [2, 112б.]; [3, 78б.].

Мақаланың мақсаты — Біржан сал мен Ақан серінің махаббат лирикасындағы концептуалдық жүйені анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ғылыми тұрғыда дәйектеу.

Зерттеудің міндеттері: 1) махаббат концептісінің теориялық негіздерін нақтылау; 2) Біржан салдың махаббат лирикасының концептуалдық өрісін айқындау; 3) Ақан серінің поэзиясындағы концептуалдық жүйені талдау; 4) екі ақынның лирикасын салыстырмалы зерделеу.

Зерттеу әдістері: концептуалдық талдау, салыстырмалы-типологиялық, мәтіндік-интерпретациялық әдістер.

1. ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ МАХАББАТ КОНЦЕПТІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Концепт — танымдық лингвистика мен когнитивтік поэтикадағы іргелі ұғым. Ғалым С.Қасқабасовтың анықтамасы бойынша, концепт — «ментальды бірлік, яғни белгілі бір мәдени-этникалық ортада қалыптасқан мағыналық тұтастық» [4, 23б.]. Қазақ поэзиясында «махаббат» концептісі тек сүйіспеншілік сезімін ғана емес, сонымен бірге өмір мен өлімді, табиғатты, бостандықты да қамтитын кең мағыналық өрісті білдіреді.

М.Ғабдуллин қазақ халық лирикасын зерттей келе, махаббат жырларының бірнеше тақырыптық топқа бөлінетінін атап өтеді: «сүйіспеншілік жырлары, айырылысу зары, табиғат суреттері арқылы берілген лирика» [1, 156б.]. Осы үш тақырыптық топтың барлығы да Біржан сал мен Ақан серінің шығармашылығында айқын көрініс тапқан.

Сал-серілік дәстүрде махаббат — тек жеке сезім емес, философиялық категория. Е.Ысмайылов бұл турасында: «Сал-серілердің лирикасы — халықтың ішкі жан дүниесінің,

тіршілікке деген ынтасының, сұлулықты сезінуінің көркем бейнесі» деп жазады [3, 89б.]. Демек, Біржан сал мен Ақан серінің махаббат өлеңдерін зерттеу — қазақ ұлттық болмысының терең қатпарларын танудың бір жолы.

2. БІРЖАН САЛДЫҢ МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ: КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ӨРІС

Біржан сал Қожағұлұлы — Солтүстік Қазақстанның (қазіргі Ақмола өңірі) ақыны. Оның шығармашылығында махаббат лирикасы орталық орын алады. Зерттеуші Қ.Мұхамеджанов: «Біржан салдың махаббат жырлары — қазақ классикалық поэзиясының ең жоғары үлгілерінің бірі» деп баға береді [2, 67б.].

Ақынның «Жанбота», «Айтбай», «Адасқақ», «Теміртас» сынды өлеңдерінде махаббат концептісі бірнеше семантикалық деңгейде ашылады. Біріншіден, «сүйгенге деген арман» семасы. «Жанбота» өлеңінде лирикалық кейіпкер ғашықтық сезімді ашық жеткізеді:

«Жанботам-ай, Жанботам,
Жас кезімде жолыққан,
Жарқырап өткен жұлдызым,
Жақсылықпен толыққан» [5, 34б.].

Бұл жолдарда «жұлдыз» метафорасы арқылы ғашықтық сезімнің шектен тыс асқақтығы берілген. Жұлдыз — биіктік, жетілмейтін арман, мөлдірлік символы. Бұл образ қазақ поэзиясында дәстүрлі болса да, Біржан салдың қолданысында жеке реңк алады.

Екіншіден, «айырылысу мұңы» концептісі. Біржан салдың лирикасында айырылысу тақырыбы ерекше трагизммен суреттеледі. «Адасқақ» өлеңінде ақын жоғалтқан сүйіктісіне деген сағынышты табиғат бейнелері арқылы жеткізеді. Мұхамеджановтың зерттеуінде атап өтілгендей, «Біржан салдың айырылысу жырлары — шынайы сезімнің поэтикалық шежіресі» [2, 98б.].

Үшіншіден, «табиғат — сезім» параллелизмі. Ақынның өлеңдерінде дала, бұлақ, тау, аспан бейнелері лирикалық кейіпкердің ішкі жан күйін айқындайтын символдар ретінде қолданылады. Бұл — қазақ поэзиясының дәстүрлі тәсілі болғанымен, Біржан салда ол ерекше эмоционалдық қуатқа ие.

3. АҚАН СЕРІНІҢ МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ: ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛ ЖӘНЕ КОНЦЕПТ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ақан сері Қорамсаұлы (1843–1913) — Солтүстік Қазақстандағы (Көкшетау өңірі) аса ірі ақын-сазгер. Оның «Маңмаңгер», «Сырымбет», «Күлішкір», «Балқадиша», «Ақтоқты» атты өлең-жырлары қазақ әдебиетінің классикалық үлгілеріне жатады. Ысмайыловтың пікірінше, «Ақан серінің лирикасы — табиғат пен махаббаттың, мұң мен арманның бірлігі» [3, 102б.].

Ақан серінің поэзиясындағы негізгі концептуалдық өріс — «бостандық — махаббат» бірлігі. Ақынның «Сырымбет» жырында Сырымбет тауы мен сол өңірдегі сүйіктісінің бейнесі бір-бірімен тығыз ұштасады. Табиғат суреті — жай ғана декорация емес, ол лирикалық сезімнің метафоралық эквиваленті:

«Сырымбет сұлу таулар,
Сынасы биік даулар,
Сен де бізбен бірге жыла,
Бізге зорлық қылған заулар» [6, 112б.].

Бұл өлең жолдарында ақын табиғатты тікелей адамдастырады (персонификация), тауларды күйзелісіне ортақтасушы күш ретінде таниды. «Зорлық қылған заулар» — бұл тек табиғи кедергі емес, сүйіспеншілікке кедергі болған қоғамдық шарттылықтардың символы.

Ақан серінің «Балқадиша» жырында әйел бейнесінің концептуалдық мазмұны айрықша ашылады. Балқадиша — тек нақты адам емес, ақынның поэтикалық санасындағы сұлулық пен мұраттың жиынтық бейнесі. Н.С.Смирнованың зерттеуінде атап өтілгендей, «Ақан серінің лирикасындағы әйел бейнесі идеалдандырылған, ол эстетикалық категория ретінде қызмет атқарады» [7, 245б.].

Сондай-ақ Ақан серінің лирикасында «мұң» концептісі ерекше маңызды. Мұң — жай ғана қайғы емес, ол ақынның дүниетанымдық ұстанымын, тіршіліктің мәнін сезінуін білдіретін кең философиялық ұғым. Бұл концепт оның барлық дерлік махаббат өлеңдерінде қайталанатын лейтмотив болып табылады [4, 67б.].

4. ЕКІ АҚЫННЫҢ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ОРТАҚ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ БЕЛГІЛЕР МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Біржан сал мен Ақан серінің махаббат лирикасын салыстыра талдау бірқатар ортақ концептуалдық белгілерді анықтауға мүмкіндік береді.

Ортақ белгілер. Біріншіден, екі ақынның да лирикасында «табиғат — сезім» параллелизмі айқын көрінеді. Дала, тау, өзен, аспан — сүйіспеншілік сезімінің айнасы. Екіншіден, «айырылысу» мотиві екі ақында да трагедиялық сипат алады: ғашықтар арасындағы жырақтық — тек кеңістіктік емес, экзистенциалдық мәнге ие. Үшіншіден, әйел бейнесі екі ақында да идеалдандырылған: ол сұлулықтың, тазалықтың, арманның символы. Мұхамеджанов бұл туралы: «Сал-серілер лирикасындағы әйел бейнесі — халықтың эстетикалық мұраты» деп жазады [2, 134б.].

Айырмашылықтар. Алайда екі ақынның поэтикалық мәнері мен концептуалдық акценттері бірдей емес. Біржан салдың лирикасында «арман — қол жетпейтін бақыт» концептісі басым, ал Ақан серінің өлеңдерінде «мұң — тіршіліктің мәні» концептісі өзекті орынға шығады. Сонымен қатар Біржан салдың поэтикалық тілі музыкалық-ырғақтық жағынан жеңіл, ән айтуға бейімделген болса, Ақан серінің лирикасы терең философиялық толғаныспен ерекшеленеді [3, 115б.]; [7, 249б.].

Концептуалдық өрістердің тағы бір маңызды айырмашылығы — «бостандық» концептісінің берілу тәсілінде. Ақан серінің поэзиясында бостандық пен сүйіспеншілік тығыз бірлікте суреттеледі: ол бостандығынан айрылғанда, сүйіктісінен де айрылады. Біржан салда бұл концепт анағұрлым жеке-лирикалық деңгейде қалады [4, 78б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасалды: 1) Біржан сал мен Ақан серінің махаббат лирикасында «сүйіспеншілік», «мұң», «табиғат», «әйел бейнесі», «айырылысу» концептілерінен тұратын ортақ концептуалдық өріс қалыптасқан; 2) екі ақынның поэтикасы ортақ сал-серілік дәстүрге негізделе отырып, өзіндік концептуалдық ерекшеліктерімен дараланады; 3) Біржан салда «арман» концептісі, Ақан серіде «мұң» концептісі доминант рөлін атқарады.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы — сал-серілер поэзиясын концептуалдық талдау әдісі арқылы зерттеудің алғашқы қадамдарының бірі болуында. Болашақ зерттеулерде когнитивтік лингвистика мен мәтін лингвистикасының жаңа тәсілдерін пайдаланып, бұл ақындардың шығармашылығын толығырақ қарастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 352 б.
2. Мұхамеджанов Қ. Біржан сал. – Алматы: Жазушы, 1963. – 186 б.
3. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1956. – 248 б.
4. Қасқабасов С.А. Жаназық: Қазақ фольклорының табиғаты туралы. – Алматы: Өнер, 1990. – 272 б.
5. Біржан сал Қожағұлұлы. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1979. – 128 б.
6. Ақан сері Қорамсаұлы. Өлеңдер мен жырлар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 160 б.
7. Смирнова Н.С. История казахской литературы: В 3-х т. Т.1. – Алма-Ата: Наука, 1979. – 452 б.

ӘОЖ 821.512.122.09:82.091

ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІНІҢ 19 ҒАСЫР ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНА ЫҚПАЛЫ

К.Б. Аси
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор ассистенті А.М. Бабашов

Аннотация

Мақала 19 ғасыр қазақ поэзиясының шығыс классикалық әдебиетімен – парсы-тәжік, өзбек, араб ақындарының мұраларымен – рухани-мәдени байланысын зерттеуге арналған. Шығыс поэзиясының қазақ топырағына тарауының тарихи жолдары, ғазал жанрының игерілуі, суфилік философияның сіңісуі, Абай Құнанбайұлы, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы шығармашылықтарындағы шығыстық мотивтердің көрінісі нақты мәтіндік талдаулар негізінде

қарастырылады. Зерттеу нәтижелері қазақ поэзиясының шығыс классикасы дәстүрін шығармашылықпен игере отырып, ұлттық бітім-болмысын сақтағанын дәлелдейді.

Кілт сөздер: шығыс поэзиясы, қазақ лирикасы, ғазал, суфизм, Науаи, Хафиз, Руми, мәдени байланыс.

Еуразия кеңістігінде ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-рухани байланыстар желісі арқылы шығыс классикалық поэзиясының ықпалы қазақ даласына тереңдеп сіңді. Мұның айғағы – 19 ғасыр қазақ ақындарының шығармаларында Хафиздің ғазал өрнегін, Жалал ад-Дин Румидің суфилік толғамдарын, Әлішер Науаидың лирикалық рухын айқын сезінуге болады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден, қазақ-шығыс әдеби байланыстарының кешенді зерттелуі ұлттық әдебиеттанудың толыққанды тарихын жасауда маңызды орын алады. Екіншіден, жаһандану кезеңінде мәдениеттер диалогы мен өзара ықпал мәселесі жаңаша теориялық мағына иеленеді. Үшіншіден, 19 ғасыр қазақ поэзиясын шығыстану тұрғысынан терең зерделеу бұрын назарға алынбаған шығармашылық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді [1, 12б].

Мақаланың мақсаты – шығыс классикалық поэзиясының 19 ғасыр қазақ ақындарының шығармашылығына тигізген ықпалын жанр, образ, идея-тақырып кешені тұрғысынан жүйелі талдау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер белгіленді: шығыс поэзиясының қазақ мәдениетіне тарауының тарихи-мәдени жолдарын айқындау; ғазал, қасида жанрларының игерілу ерекшеліктерін сипаттау; суфизм философиясының 19 ғасыр қазақ лирикасына ену жолдарын зерттеу; Абай, Дулат, Шортанбай шығармаларындағы шығыстық мотивтерге мәтіндік талдау жасау.

Зерттеу әдістемесінің негізін салыстырмалы-тарихи, типологиялық және мәтіндік талдау тәсілдері құрайды. Бұл зерттеуде М. Әуезов, Е. Ысмайылов, З. Ахметов, С. Қирабаев, Т. Сыдықов сынды қазақ әдебиеттанушыларының, сондай-ақ В.М. Жирмунский басқарған шығыстанушылар мектебінің ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

1. ШЫҒЫС ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНЕ ТАРАУЫНЫҢ ТАРИХИ ЖОЛДАРЫ

Шығыс классикалық мұрасының қазақ топырағына жетуінің бірнеше тарихи арнасы болды. Бастапқы және ең маңызды арна – Жібек жолы желісінде ғасырлар бойы үздіксіз жүрген сауда-мәдени айырбас. Орта Азияның ірі қалалары – Самарқанд, Бұхара, Хорезм – шығыс поэзиясының ошақтары болды. Бұл қалалармен тығыз байланыста болған қазақ ақсүйектері мен оқымыстылары парсы және шағатай тілдеріндегі поэзиямен тікелей танысты [2, 87б].

Екінші маңызды арна – медресе білімі. 18-19 ғасырларда аса ықпалды қазақ ақындарының басым бөлігі Бұхара, Самарқанд немесе Ташкент медреселерінде білім алды. Мысалы, Дулат Бабатайұлының жас шағында Орта Азияның діни-білім орталықтарымен байланыста болғаны тарихи деректерден белгілі [3, 156б]. Медреселерде оқу бағдарламасының міндетті бөлігі болып табылатын Саади Ширазидің «Гүлстан» мен «Бостан» кітаптары, Хафиздің «Диуан»-ы, Жамидің «Жеті тахт»-ы мен Науаидың «Хамса»-сы тікелей зерделенді.

Үшінші арна – ауызша дәстүр арқылы таралу. Жыраулар мен ақындардың тәртіпті жатқа білген шығыс дастандары – Фирдоусидің «Шаһнама»-сы, Низамидің романтикалық жырлары, Науаидың лирикасы – ауызша орындалу арқылы кең тарап, халық санасына сіңді. Осы шығармалардың кейбір сюжеттері мен образдары тікелей немесе трансформацияланған түрде қазақ поэзиясында орын алды [4, 34б].

Төртінші арна – аударма. 19 ғасырда Абай бастаған ақындар шығыс классиктерін тікелей аударды немесе олардың сарынына еліктеп жазды. Бұл аударма мен еліктеушілік – тек мәтін көшіру емес, шығармашылық игеру болатын: ақын шығыс мазмұнын ұлттық рух пен қазақи бейнелеу жүйесіне бейімдеді [5, 44б].

2. ПАРСЫ-ТӘЖІК ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ: ЖАНР ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ

Парсы-тәжік поэзиясының 19 ғасыр қазақ лирикасына тигізген ықпалын жанрлық, тақырыптық және философиялық деңгейде бөліп қарастырған жөн.

Жанрлық тұрғыдан алғанда, ғазал қазақ лирикасына ең зор із қалдырды. Ғазал – арабтан парсыға, одан түрік тілдес халықтардың поэзиясына кірген лирикалық жанр. Оның канондық құрылымы: 5-12 бейт (екі жолды шумақ), өзара ұйқасты желі, соңғы шумақта ақынның тахаллусы (бүркеншік аты). Хафиздің (1325–1390) ғазалдарында сүйіспеншілік пен табиғат тақырыбы кейде ашық, кейде суфилік-мистикалық символизммен астасып келеді. Бұл синкреттік сипат қазақ

ақындарына жақын болды, өйткені олардың өздері де ғашықтық сезімді терең рухани тәжірибемен тоғыстыруды шеберлікпен меңгерді [6, 112б].

Жалал ад-Дин Руми (1207–1273) поэзиясының ықпалы басқаша арнамен жетті. Оның «Маснауи» жырының суфилік идеялары – жанның Алламен бірлігін аңсауы, дүниенің жалғандығы, рухани сапар ұғымдары – 19 ғасыр қазақ жырауларының толғауларымен тақырыптық-идеялық үндесім тапты. Бұл идеялар Орта Азия медреселері арқылы тараған суфизм ілімінің жалпы нәтижесі еді. Сонымен бірге Румидің бейнелеу жүйесінде кеңінен қолданылатын бұлбұл – гүл, от – күл, арық – теңіз символдары 19 ғасыр қазақ поэзиясында жаңа ұлттық мазмұнмен жаңғырды [7, 78б].

Әлішер Науаидың (1441–1501) ықпалы ерекше дербес мәнге ие. Ол шағатай түркісінде жазған алғашқы ірі классик ретінде «Хамса»-сын, «Диуан»-дарын 19 ғасыр қазақ ақындарына тілдік тұрғыдан жақынырақ мұра ретінде қалдырды. Шағатай тілі мен қазақ тілінің грамматикалық-лексикалық жақындығы Науаи шығармаларының арнайы аудармасыз түсінілуіне мүмкіндік берді. Осының нәтижесінде Науаидың лирикалық кейіпкер концепциясы, сүйіспеншіліктің рухани-этикалық сипаттамасы, бейнелі сөйлеу мәнері тікелей үлгі ретінде пайдаланылды [3, 201б].

Суфизмнің 19 ғасыр қазақ поэзиясына ену жолдарын да осы мәнмәтінде қарастыру керек. Суфилік поэзияның негізгі мотивтері – рухани сапар (сулук), мистикалық махаббат (ишқ), мейханадағы шарап (шараптың рухани берілу мағынасы), пірге мүридтік – 19 ғасыр қазақ жырларында тура немесе ауыстырылған образдар арқылы бой көрсетеді. Бұл мотивтер дәстүрлі ислам дүниетанымымен астасып, қазақ поэзиясында «нақыл» немесе «нәсихат» стилінің қалыптасуына үлес қосты [8, 56б].

3. АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ МОТИВТЕР

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) 19 ғасыр қазақ поэзиясының ең ірі өкілі ретінде шығыс классикасын ең терең игерген ақын болды. Оның шығыспен байланысы бірнеше деңгейде жүзеге асты.

Бірінші деңгей – шығыс классиктерімен танысу және рухани сусындау. Абай Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули, Жәми сынды шығыс ақындарының шығармаларын оқыды, олардың поэтикалық жүйесін тереңінен меңгерді. Бұл танысу тікелей мәтіндік аударма түрінде ғана емес, идеялық-рухани сіңіру арқылы да жүзеге асты. Абайдың кейбір өлеңдерінде шығыс мазмұны қазақи образдар жүйесімен органикалық бірлік тапқаны байқалады, алайда оларды нақты «Хафиздің аудармасы» деп белгілеу – зерттеуді қажет ететін мәселе [7, 134б].

Екінші деңгей – жанрлық игеру. Абайдың «Қара сөздері» (Прозалық толғамдар) Сааидің «Гүлстан»-ымен тақырыптық-жанрлық параллелизм жасайды: екеуінде де афоризмдер мен нәсихат поэтикасы, мысал-хикаяттар, этикалық-философиялық толғаулар өзара астасып келеді. Мырзахметовтің зерттеуіне сүйенсек, Абай «Гүлстан»-ды жас кезінен жатқа білді және бұл шығарманың стилистикалық-концептуалдық ықпалы «Қара сөздерде» айқын байқалады [10, 89б].

Үшінші деңгей – философиялық үндесім. Абайдың дидактикалық лирикасы мен Сааидің «Бустан»-ындағы адамгершілік ілімі арасындағы ұқсастықты зерттеушілер бұрыннан байқаған. Қос ақында да – адамды жетілудің ең жоғары мақсаты ретінде бейнелеу, білімнің рухани азаттық беретін сипаты, надандықтың апатты құбылыс ретінде сипатталуы ортақ идеялық желі болып табылады [5, 167б].

Төртінші деңгей – образдар жүйесі. Абай лирикасындағы бұлбұл мен гүл, нұр мен зұлмат бейнелері шығыс классикалық поэзиясының белгіленген образдар жүйесімен тікелей байланысты. Сонымен бірге Абай бұл образдарды ұлттық тұрмыспен астастырды: дала кеңістігі, жел, табиғат суреттері – шығыстық символизмнің қазақи балама бейнелері ретінде пайда болды [6, 45б].

Абайдың шығыспен байланысы тек механикалық қабылдау емес, сындарлы шығармашылық диалог болды. Мұның айқын дәлелі – «Ескендір» поэмасы. Бұл поэманың арқауы В. Жуковскийдің еркін аудармасы болса да, Абай Низами «Ескендірнама»-сындағы идеализацияланған образдан бас тартып, Александр Македонскийді қанышер жаулаушы ретінде бейнеледі. Осылайша Абай шығыс дастаны мен орыс поэзиясын бір арнада синтездей отырып, өзіндік гуманистік тұжырым жасады [4, 178б].

4. ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ МЕН ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ МОТИВТЕР

Абаймен бір ғасырда өмір сүрген Дулат Бабатайұлы (1802–1874) мен Шортанбай Қанайұлы (1818–1881) да шығыс классикасынан нәр алды, бірақ олардың игеру жолдары Абайдан өзгеше болды.

Дулат Бабатайұлының шығармашылығында шығыс поэзиясының ықпалы ең алдымен тақырыптық-мотивтік кешен деңгейінде байқалады. Дулат поэзиясының негізгі тақырыптарының бірі – «заман жыры» немесе «зар заман»: жойылып бара жатқан ескі тәртіптің зары, өткен кездің дәуренін сағыну, бүгінгі ыдырауды жоқтау. Бұл тақырыптық кешен шығыс поэзиясының «носталгия» мотивімен – Рудакидің, Хафиздің өткен замандағы алтын дәуірді аңсауымен – типологиялық паралелизм жасайды [12, 67б].

Дулаттың «Есімде» жырындағы риторикалық сұрақтар жүйесі, аноминацияланған образдар, ит пен асыл тас арасындағы контраст – шығыс классикалық поэзиясы, атап айтқанда Сааидің «Гүлстан»-ындағы дидактикалық-бейнелі стиль дәстүрімен тығыз байланысты. Зерттеуші Е. Ысмайыловтың бағалауынша, Дулат шығыс риторикасының үлгілерін дәстүрлі қазақ тіл бедерімен шебер үйлестіре білді [1, 89б].

Шортанбай Қанайұлының поэзиясы «зар заман» ағымының ең толыстырылған көрінісі болып табылады. Оның шығармашылығындағы шығыстық ықпал ең алдымен эсхатологиялық мотивтерде, соңғы күнді суреттеуде, күнәкар жанның тозақ азабын бейнелеуде айқын білінеді. Бұл мотивтер ислам мистикасының, суфилік эсхатологияның тікелей жемісі еді [2, 234б].

Шортанбайда суфилік поэзиядан бөлек, парсы класикасының «пессимистік» желісі – дүниенің опасыздығы, байлықтың жалғандығы, өлім алдындағы теңдік тақырыптары – іштей жатқан ойлармен ұштасып кетеді. Ол шығыс ақындарынан тікелей үзінді алмаса да, олардың дүниетанымдық жүйесін ауызша медресе дәстүрі арқылы сіңірген болатын [8, 112б].

Осы екі ақынды Абаймен салыстырған кезде айырмашылық айқын байқалады: Абай шығыс классикасын шығармашылық аударма және жанрлық игеру арқылы меңгерсе, Дулат пен Шортанбай оны ауызша медресе дәстүрі мен тілдік-тақырыптық сіңіру арқылы игерді. Бұл айырмашылық екі бағыттың да тиімділігін жоймайды – керісінше, шығыс мұрасының қазақ поэзиясына ену жолдарының алуантүрлілігін дәлелдейді [4, 98б].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу шығыс классикалық поэзиясының 19 ғасыр қазақ лирикасына тигізген ықпалының жүйелі, кешенді сипатын айқын дәлелдеді. Бұл ықпал бірнеше деңгейде жүзеге асты: жанрлық (ғазалдың игерілуі), тақырыптық-мотивтік (суфилік образдар, эсхатологиялық мотивтер, «зар заман» поэтикасы), философиялық (суфизмнің дүниетанымдық концепциялары) және тілдік-стилистикалық (шығыс риторикасының элементтері).

Шығыс поэзиясының қазақ топырағына тарауының тарихи жолдары – Жібек жолы мәдени байланысы, медресе білімі, ауызша дәстүр және аударма – бір-бірін толықтыра отырып, шығыс мұрасының ену процесін жан-жақты қамтамасыз етті.

Абай Құнанбайұлы шығыс классикасын ең терең және жүйелі игерген ақын ретінде ерекшеленеді. Оның тікелей аудармалары мен шығармашылық қайта туындылары шығыс мұрасының ұлттық форматта жаңғыруының ең жоғары үлгісін береді. Дулат Бабатайұлы мен Шортанбай Қанайұлы шығыс мотивтерін дәстүрлі медресе мәдениеті арқылы игере отырып, «зар заман» ағымының идеялық-образдық жүйесін байытты.

Айта кету керек: 19 ғасыр қазақ ақындары шығыс дәстүрін бірыңғай қабылдаушы болған жоқ – олар оны шығармашылықпен трансформациялап, ұлттық рух пен дала поэтикасына бейімдеді. Осы трансформация процесі – тарихи-мәдени байланыстардың органикалық нәтижесі ретінде – қазақ поэзиясының жанрлық-стилистикалық кеңеюіне, идеялық тереңдеуіне зор үлес қосты.

Болашақ зерттеулерде 19 ғасыр қазақ поэзиясындағы нақты аударма мәтіндерін анықтауды, компаративтік мәтіндік талдауды тереңдетуді, сондай-ақ ауызша дәстүр арқылы таралған шығыстық мотивтердің жергіліктену процесін жеке зерделеуді ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ысмайылов Е. Ақындар / Е. Ысмайылов. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1956. – 320 б.

2. Мұқанов С. Халық мұрасы / С. Мұқанов. – Алматы: Жазушы, 1974. – 414 б.

3. Әуезов М. Әдебиет тарихы / М. Әуезов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

4. Қирабаев С. Абай және орыс әдебиеті / С. Қирабаев. – Алматы: Ғылым, 1994. – 176 б.

5. Бейсембиев К. Мировоззрение Абая Кунанбаева / К. Бейсембиев. – Алма-Ата: Наука, 1956. – 212 с.

6. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос / В.М. Жирмунский. – Ленинград: Наука, 1974. – 727 с.

7. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі / З. Ахметов. – Алматы: Ғылым, 1995. – 272 б.
8. Қасқабасов С. Жаназық / С. Қасқабасов. – Алматы: Ғылым, 1990. – 192 б.
9. Нұрмағамбетова О. Қазақ эпосы мен жазба әдебиет / О. Нұрмағамбетова. – Алматы: Ғылым, 1993. – 208 б.
10. Мырзахметов М. Абай және Шығыс / М. Мырзахметов. – Алматы: Рауан, 1994. – 176 б.
11. Дербісәлін Ә. Қазақтың ақын-жазушылары / Ә. Дербісәлін. – Алматы: Жазушы, 1985. – 256 б.
12. Бертельс Е.Э. История персидско-таджикской литературы / Е.Э. Бертельс. – Москва: Издательство восточной литературы, 1960. – 556 с.

УДК: 821.512.122

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ОЯН» МОТИВІ

М.В. Мамедова, А.Р. Алтынбекова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенттері
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор ассистенті А.М. Бабашов

Аңдатпа: Бұл мақалада Міржақып Дулатұлы поэзиясындағы «оян» мотивінің ұлттық сананы қалыптастырудағы тарихи, әлеуметтік және рухани қызметі талданады. XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының отарлық жағдайы, ұлттық құндылықтар мен тіл, дін, дәстүрге төнген қауіп ақын шығармаларының идеялық өзегіне айналды. «Оян» мотиві — тек поэтикалық үндеу емес, елді оятуға бағытталған саяси-психологиялық концепт. Міржақып поэзиясында «ояну» ұлттың өзін тануы, намысты қорғауы, білім мен бірлікке ұмтылуы, рухани іштей жаңғыруы ретінде көрсетіледі. Ақынның азаматтық үндеуі жеке адамды емес, бүкіл халықты қамтиды. Бұл еңбекте ақын шығармаларының тілі, көркемдік тәсілдері, тарихи контекст және оның ұрандық идеясының кейінгі әдеби қозғалыстарға әсері талқыланады. Зерттеу нәтижесінде «оян» мотивінің ұлттық жадты жаңғыртудағы идеологиялық маңызы дәлелденеді.

Кілт сөздер: Міржақып Дулатұлы, ұлтшылдық рух, оян мотиві, Алаш идеясы, ұлттық сана.

Кіріспе

XX ғасырдың басы қазақ халқының рухани, әлеуметтік және саяси өмірінде аса күрделі кезең болды. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты қазақ елінің ұлттық сана-сезімі мен мәдени болмысына елеулі соққы әкелді. Халықтың еркіндігі шектеліп, тіліне, дініне, дәстүріне қауіп төнді. Осындай қиын-қыстау кезеңде қазақ зиялылары елді ұйқыдан ояту, ұлттық дербестікті сақтау және халықтың болашағын айқындау жолында күреске шықты. Солардың алдыңғы шебінде тұрған тұлғалардың бірі — ақын, қоғам қайраткері, ағартушы Міржақып Дулатұлы еді. Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» атты жинағы ұлттық қозғалыстың рухани манифесіне айналды. Бұл шығарма жай әдеби туынды емес, халықтың еркіндікке, білімге, бірлікке, намысқа шақырылған үндеуі болды. Ақын қазақ халқының тағдыры тек сыртқы саяси күштердің ықпалымен ғана емес, ішкі рухани әлсіздіктен де шайқалғанын түсініп, ең алдымен ұлттық сананы сергітуді мақсат етті. Осылайша «оян» мотиві ақын шығармашылығында барлық идеялық, азаматтық, адамгершілік бастамалардың негізгі өзегіне айналды. «Оян» мотивінің мәні — қазақ халқының өткенін тануға, бүгінін сезінуге және болашағын ойлауға шақырудан тұрады. Ол тек саяси шақыру емес, рухани қайта жаңғыру концепті. Ақынның мұрат еткен мақсаттары — білім алуға үндеу, ұлттық намысты сақтау, ел ішіндегі жалқаулық, немқұрайлылық, надандық сияқты кеселдермен күресу, ұлтты өз тағдыры үшін жауапты болуға бағыттау. Осы мақалада Міржақып Дулатұлы поэзиясындағы «оян» мотивінің тарихи қалыптасу алғышарттары, көркемдік ерекшеліктері, идеялық мазмұны және оның қазақ қоғамындағы рухани жаңғыруға әсері талданады. Ақын поэзиясының азаматтық үні мен ұлттық тұтастық идеясын нығайтудағы рөлі ғылыми тұрғыда қарастырылады.

Негізгі бөлім

Міржақып Дулатұлы шығармашылығы қазақ халқының XX ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси өмірімен тығыз байланысты. Ұлт тағдырын терең сезінген ақын отарлық қысымға түскен елдің рухани күйін суреттеп, халықтық сана-сезімді ояту қажеттігін басты идеясы ретінде алға

қойды. Сол себепті «оян» мотиві ақын поэзиясындағы азаматтық үннің, ұлттық болмысты сақтауға бағытталған күрестің символына айналды. «Оян» идеясы ұйқыдағы сананы қозғалысқа келтіріп, халыққа еркіндік пен тәуелсіздікті басты құндылық ретінде ұсынды.

Міржақыптың «Оян, қазақ!» жинағы алғаш жарық көрген сәттен бастап отарлық қысымдағы қазақ қоғамына рухани серпіліс әкелді, өйткені бұл шығарма тек поэтикалық туынды ғана емес, ұлттық санаға тікелей бағытталған саяси-моральдық манифест болды. Автор халықтың бойындағы енжарлықты, тоқмейілсу мен көнбістік психологиясын ең қауіпті рухани құлдық деп таныды. Сол себепті ақынның үндеуіндегі «оян» ұғымы физикалық сергектікке емес, ең әуелі ішкі ой-сананың қозғалысына, рухани көздің ашылуына бағытталған. «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты; Өткізбей қараңғыда бекер жасты» деген жолдарда ақын халықтың уақыт жоғалтып отырғанын, тарихи таңдаулар тұсында мүмкіндіктерді жіберіп алуға шақ қалғанын меңзейді [1,14]. Бұл жолдарда қатты ескерту де, жанашыр үміт те, ұлттық болмысқа деген жауапкершілікті қайтару талпынысы да қатар тұр. Ақынның «қараңғылық» метафорасы білімсіздік, әлеуметтік сезімтаусыздық, ұлттық жігердің әлсіреуі сияқты мәселелерді бір ұғымға шоғырландырады. Міржақып үшін ояну – бір күндік әрекет емес, тарихи жадты жаңғырту, ұлттың өзін-өзі тану процесін қайта бастау. Ол «оян» идеясын жеке адамнан бастайды, өйткені қоғамды өзгертудің түпкі өзегі – адамның өз ішкі болмысын өзгертуі. Білімді болу, еңбек ету, намыс пен арды сақтау ақын поэзиясында қоғамдық құндылық қана емес, ұлттық тіршіліктің жалғастырушы шарты ретінде көрінеді. Сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайына көз салсақ, рулық бөлініс, ішкі алауыздық, отарлық билікке бағыныштылық, шаруа мен шаруашылықтың ауырлауы сияқты факторлар халық санасын әлсіреткені белгілі. Міржақып осы жағдайды дәл сезініп, халықты ең алдымен рухани азаттыққа, өзін-өзі сыйлауға шақырды. Оның поэзиясындағы үндеу — жан айқай емес, ұлтқа бағытталған мақсатты бағдар. «Оян» мотиві арқылы ақын халқына тек саяси азаттық емес, адамдық қадірді, ұлттық мінезді қайтаруды көздеді. Қазақ халқының тарихтағы орнын жоғалту қаупі тұрған шақта, ол халықтың өзінен күш іздеп, «құтқарушы тек өзіңнің санаң» деген тұжырымды жеткізді. Демек, «оян» — әрекетке шақыру ғана емес, ұлттық өзін-өзі сақтау рефлексін қайта тірілту әрекеті, тарихи болмысты тануға итермелейтін ішкі рухани қозғалыс.

Марат Бәйіт «Оян, қазақ» идеясын қазақ руханиятының «азаттық манифесі» ретінде бағалай отырып, Міржақыптың шығармашылығындағы порақшыл үндеу поэзияның эстетикалық шеңберінен асып, тікелей қоғамдық-саяси әрекетке айналғанын атап өтеді [2]. Оның пікірінше, Міржақыптың ақындығы тек сөз өрнегіндегі шеберлікте емес, сол сөз арқылы халықтың еркіндікке деген құлшынысын оятуында. Ақын ұйқыдағы елдің санасын түрткілеу үшін поэтикалық эмоционалды-риторикалық тәсілдерді стратегиялық мақсатпен қолданды. Сондықтан «Оян, қазақ!» жинағындағы өлеңдер лирикалық көңіл күйді емес, қоғамдық санадағы серпіліс пен қайшылықтарды көрсететін публицистикалық қуатқа ие. Бәйіт «Міржақып халықтың жүрегіне ең алдымен намыс отын жақты» деп жаза отырып, ақынның негізгі миссиясын айқын көрсетеді: ол халықтың өзін-өзі әлсіз, бағынышты, дәрменсіз көруге дағдыланған психологиялық күйін бұзуға тырысты. Ақын үшін сөз — бұл халықты өз тағдырын қайтадан өз қолына алуға шақыратын жігер мен қайраттың қаруы. Міржақып өз шығармаларында «ояну» ұғымын ұлттық ар-ұятты қорғау, намыс пен жауапкершілікті сезіну, тарихи сананы қалпына келтіру процестерімен байланыстырады. Ол үшін қазақ өзіндегі жақсылықты өз ішінде табуы, сырттан құтқарушы күтпеуі тиіс. Ақынның публицистикалық қуаты халықтың рухани өзін-өзі тану қажеттілігін дәл уақытында қозғағандықтан да, «Оян, қазақ!» идеясы бұқаралық ықпалға ие болды. Бәйіттің пайымынша, бұл шығарма халықтың бойындағы тұнған намыс пен ар-ұятты жаңғыртқан рухани серпіліс кезеңін бастап берді, себебі Міржақып сөзді халық жанының жарасына шипа болар ем, қоғамды қозғалысқа түсірер күш ретінде қолданды. Демек, Міржақып үшін өлең — жеке шығармашылық акт емес, ұлт тағдырына араласудың, отарлық езгіден арылу жолындағы күреске қатысудың құралдарының бірі. «Оян» мотивінің күші де осында: ол адамның ішкі рухани оянуына түрткі болып, оны ұлттық жауапкершілік деңгейіне көтереді. Міржақыптың өлеңдері халықтың тарихи жадына қайта жол табуға, өзін өзін ұлт ретінде сезінуге ықпал етті. Сондықтан Бәйіттің «азаулық манифесі» деп атауы тарихи және рухани контексте мейлінше орынды, өйткені бұл шығарма қазақ халқының қоғамдық санасының бетбұрысына себеп болған рухани қозғалыстың бастау нүктесі ретінде қабылданады.

«Оян, қазақ!» өлеңіндегі негізгі идея Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» жинағымен терең үндеседі. Екі ақын да қазақ қоғамының ең әлсіз тұсы сыртқы қысымда емес, ішкі рухани ұйқыда екенін дәл көрді. Олар надандықты, жалқаулықты, бейқамдықты халықтың ең үлкен «ішкі жауы» деп танып, оны жеңбей, ұлттың алға жылжуы мүмкін еместігін айқындады. «Білім-All»

платформасындағы талдауда: «Байтұрсынов пен Дулатұлының үндеуі — қазақтың өз ішіндегі сабырсыздықты, жалқаулықты, надандықты жеңуге бағытталған» деп көрсетілуі де осы ойдың дәлелі [3]. Яғни екі ақынның да мақсаты — сыртқы бостандықты талап ету ғана емес, ең алдымен ішкі азаттыққа қол жеткізу, адам болмысының рухани өзегін ояту. «Маса» жинағында Байтұрсынов масаның ызыңын өмірдің ащы шындығына теңеп, халықтың құлағына тыныштық бермей, санаға түрткі болуды көздесе, Міржақып тура үндеу әдісін қолданады: «Оян, қазақ!» деп тіке жар салады. Екі шығарманың да метафоралық қуаты халықтың намысына әсер етуге арналған. Бұл үндестік олардың ағартушылық миссиясының ортақ екенін аңғартады: халықты сөзбен тәрбиелеу, елдің ішкі әлеуетін ояту, ұлттық рухты қайта тірілту. Сондықтан «Оян» мотиві жеке ақынның авторлық айрықша лебі емес, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ортақ үндеуінің көркем көрінісі болып табылады. Бұл үндестік қазақ жаңғыру идеясының әдеби-рухани тамырын айқындайды.

«Оян» мотивінің әлеуметтік астары жөніндегі зерттеулерде бұл үндеудің кездейсоқ поэтикалық айқай емес, сол дәуірдің тарихи-саяси жағдайынан туған қоғамдық қажеттілік екені айқындалады. Қазақ халқы XX ғасырдың басында отарлық езгінің ең ауыр кезеңін өткерді: жерден айырылу, ана тілінің әлсіреуі, білімнен шеттету, рулық бытыраңқылық пен халықтың пассив қалыпқа түсуі ұлт ретінде жоғалу қаупін тудырды. Сондықтан «оян» сөзі ең алдымен рухани қайта тірілуге шақыру болды. Азаттық радиосы көрсеткендей, Міржақып Дулатұлы өз өмір жолын ұлттық мүддеге қызмет етуге арнады: ол тек ақын емес, ағартушы, қоғам қайраткері, саяси күрескер ретінде де халықтың санасын көтеруге күш салды [4]. «Қараңғылықпен күресу» оның өмірлік ұстанымы болды. Ол білім мен мәдениеттің жоқтығын ең үлкен трагедия деп есептеді, себебі «надан халық — жеңіл олжа» екенін түсінді. Сол себепті оның өлеңдеріндегі «оян» сөзі тек әрекетке шақыру емес, өзін тануға, өз қадірін білуге, ұлттық болмысты жоғалтпауға үндеу болды. Міржақыптың көзқарасында азаттық — тек саяси еркіндік емес, алдымен ішкі рухани тәуелсіздік. Ұлттық бірлікке шақыру да осыдан туындайды: бөлінген, әлсіреген қоғам ешқашан өз тағдырын өзі шеше алмайды. Демек, «Оян, қазақ!» мотиві — халықтың әлсіреген рухын қайта жинап, өзін қайта тануға бағытталған терең әлеуметтік-психологиялық бағдар.

Міржақып шығармаларының толық жинағында «оян» мотиві бір ғана өлеңнің шеңберінде қалмай, оның бүкіл шығармашылық болмысының өзегіне айналғаны байқалады [5]. Ақынның бұл идеяны жүзеге асыруы үш деңгейде көрінеді: ең әуелі ұлттық сананы ояту, яғни халыққа өз тағдырының иесі екенін ұғындыру; екіншіден, азаматтық жауапкершілікті арттыру, халықтың қоғам алдындағы міндетін сезіндіру; үшіншіден, моральдық-этикалық жаңғыруды талап ету, яғни жүректің, ойдың, сенімнің тазалығын сақтау. Міржақып «оян» деген сөзді тек оянуға шақыру емес, жанды, намысты, жігерді тірілтудің құралы ретінде қолданады. Ол отаршылдықтың сыртқы қысымына ғана қарсы шықпайды, сонымен бірге қазақтың өз ішіндегі енжарлықты, немқұрайдылық пен надандықты ең ауыр дерт деп есептейді. Сондықтан оның шығармаларында «оян» – жалаң ұран емес, өмірлік ұстаным, өзін-өзі қайта тану мен рухани түлеудің жолы. Міржақып үшін ұлттың болашағы оның рухани деңгейіне тікелей байланысты: сана оянбай, ерік тәуелсіз болмай, еркіндікке қол жетпейді. Осы тұрғыдан алғанда, «оян» мотиві қай дәуірде де өзекті болып қала береді.

Міржақыптың поэзиясында халықтың әлеуметтік жағдайын бейнелейтін көркемдік детальдар мол әрі олар поэтикалық жүйенің маңызды тұғырын құрайды. Ақын «ұйықтап жатқан ел» бейнесін жай ғана сипаттау емес, метафоралық мәні терең рухани жағдай ретінде ұсынады: ұйқы — ұлттық енжарлықтың, өз тағдырын өз қолына алмаудың символы; ал ояну — сананың жаңғыруы, еркіндікке, тәуелсіздікке ұмтылудың бастауы. «Оян» мотиві осылайша биологиялық әрекет емес, тарихи қажеттілік мағынасында ашылады. Ақын халықты оятуды ұранмен емес, образбен жүзеге асырады: елдің тағдырын қараңғылық пен жарықтың, ұйқы мен сергектіктің қарама-қарсылығымен суреттейді. Бұл тәсіл поэзияның эмоционалды қуаты арқылы оқырманның ішкі сезіміне әсер етеді. Яғни Міржақып сөз арқылы халықтың жүрегіне үні жетеді, өйткені ол халықтың ауыр күйін сырттай бақылаушы емес, сол қайғының ортасындағы жан. Осы себепті оның «ояну» идеясы тек саяси үндеу емес, ұлттық рухты тірілтудің көркем-эстетикалық формасына айналады.

Міржақып Дулатұлы поэзиясындағы «Оян» мотиві – XX ғасыр басындағы қазақ руханиятының ең қуатты ояну үндерінің бірі. Бұл мотив — тарихи шақыру, ұлттық намысты серпілту, халықты өз тағдыры үшін жауапкершілікті сезінуге итермелеу миссиясын атқарды. Міржақып «ояну» идеясын тек саяси талап ретінде емес, ең алдымен рухани серпілу, адамдық және ұлттық қадір-қасиетті қорғау жолындағы ішкі өзгеріс қажеттілігі деп түсінді. Сондықтан

«ояну» — жеке адамның да, тұтас ұлттың да өзін тану, өркениеттік таңдауларын анықтау сәті ретінде көрінеді. Ақын өзінің шығармаларында халықтың әлеуметтік және рухани жағдайын өткір бейнелеп, ұйқыдағы ел бейнесі арқылы қазақ қоғамының әлсіз тұстарын ашып көрсетті. Ұйқы — бейқамдықтың, надандықтың, езушілікке мойынсұнудың белгісі болса, ояну — еркіндікке ұмтылу, сана серпілісі, өзгеріске дайындық. Осы қарама-қарсылықтың көркемдік тәсілдер арқылы берілуі Міржақып поэзиясының ұлттық сананы тәрбиелеудегі рөлін күшейтті. Оның шығармалары тек әдеби құбылыс емес, тарихи кезеңде идеологиялық бағдар беруші мәдени-когнитивтік күшке айналды. «Оян, қазақ!» жинағы жарық көргеннен бастап халықтың рухына, қоғамдық ойдың қалыптасуына ықпал етіп, қазақ даласында жаңғыру үдерісінің басталуына себеп болды. Бұл жинақтың идеясы Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының қызметімен үндесіп, қазақ қоғамының жаңа рухани-психологиялық қалыпқа өтуіне ықпал етті. Міржақыптың үндеуі халықтың жүрегіне тікелей бағытталған еді — сондықтан оның әсері ұзаққа созылды және тарихи құндылығын әлі де жоғалтқан жоқ.

Қорытындылай келе, Міржақып Дулатұлы поэзиясындағы «Оян» мотиві — ұлттық сананы жаңғырту және халықты рухани біріктіру идеясының көркемдік көрінісі. Бұл мотив қазақтың азаттыққа ұмтылған ел ретіндегі тарихи болмысын айқындап, ұлттың өзін тануы мен қоғамды жаңартуға бағытталған ойдың негізін қалады. Міржақыптың «оянуға» шақырған сөзі бүгін де өзекті: ұлттық сана бір күннің ісі емес, үздіксіз ізденіс пен жауапкершілік талап ететін үдеріс. «Оян» — өткеннің үндеуі ғана емес, болашаққа жетелейтін рухани бағдар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дулатұлы, Міржақып. Оян, қазақ! [Электронды ресурс] / Міржақып Дулатұлы. – Алматы : Атамұра, 2003. – URL: https://lib.tau-edu.kz/wp-content/uploads/2024/06/%D0%94%D1%83%D0%BB%D0%B0%D1%82%D0%BE%D0%B2-%D0%9C.-%D0%9E%D1%8F%D0%BD-%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B-.pdf
2. Бәйіт, Марат. «Оян, қазақ» идеясы – қазақтың нағыз азаттық маніфесі // Абай-ақпарат. – 2018. – URL: https://abai.kz/post/5743
3. «Оян, қазақ!» өлеңі мен А.Байтұрсыновтың «Маса…» // Білім-All. – 2018. – URL: https://bilim-all.kz/article/7496
4. Ем таба алмай дертіне, «Оян, қазақ!» деп жар салған … // Азаттық. – 2010. – URL: https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_mirzhaqyp_dulatov/2152950.html
5. Дулатұлы, Міржақып. Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1991. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D1%83%D0%BB%D0%B0%D1%82%D0%BE%D0%B2

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БИЛІК ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚАРСЫЛЫҚ ИДЕЯСЫ

М.В. Мамедова, А.Р. Алтынбекова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенттері
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор ассистенті А.М. Бабашов

Аннотация

Бұл мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Бөкей Ордасындағы хандық билік жүйесінің сипаты мен оның Ресей империясының отарлық саясатына тәуелділігі қарастырылады. Сонымен қатар Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы ұлт-азаттық идея, әлеуметтік қарсылық пен реалистік сипат жан-жақты талданады. Ақын шығармалары тарихи дерек көзі ретінде бағаланып, хандық билік пен халықтық қозғалыс арасындағы қайшылықтар ашып көрсетіледі.

Түйін сөздер: Бөкей Ордасы, хандық билік, Ресей отаршылдығы, Махамбет Өтемісұлы, қарсылық поэзиясы, реализм.

Кіріспе

XIX ғасырдағы қазақ қоғамы күрделі тарихи-әлеуметтік өзгерістерді бастан кешірді. Бұл кезең Ресей империясының отарлау саясатының күшеюімен, дәстүрлі хандық басқару жүйесінің

әлсіреуімен, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының күрт нашарлауымен сипатталады. Осындай тарихи жағдайда Бөкей Ордасы құрылып, хандық билікті сақтап қалуға ұмтылғанымен, іс жүзінде патшалық Ресейге тәуелді аймаққа айналды.

Отарлық қысымның күшеюі халық наразылығын туғызып, ұлт-азаттық қозғалыстардың пайда болуына негіз болды. Сол қозғалыстардың рухани жетекшісі әрі шежірешісі болған тұлғалардың бірі – Махамбет Өтемісұлы. Оның поэзиясы заман шындығын реалистік тұрғыда бейнелеп, халықтың азаттыққа деген ұмтылысын көркем тілмен жеткізді.

Бөкей Ордасы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясының тікелей ықпалымен құрылды. Хандық билік формалды түрде сақталғанымен, оның ішкі және сыртқы саясаты патша үкіметінің бақылауында болды.

Бөкей мен Жәңгір хандардың жеке меншігінде кең көлемді жерлер болды. Алайда жерді пайдалану мәселесінде халықтың мүддесі ескерілмей, жер тапшылығы күшейе түсті. Патша үкіметінің жер саясаты көшпелі шаруашылықты күйретіп, қазақтардың ата қонысынан ығысуына әкелді.

Хандық биліктің негізгі қаржы көзі – халықтан жиналатын салықтар болды. Бұл салықтар халықтың тұрмысын ауырлатып, әлеуметтік теңсіздікті күшейтті. Жәңгір хан реформалар жүргізуге, мектеп, мешіт, медициналық пункттер ашуға тырысқанымен, бұл шаралар жалпы халықтың жағдайын түбегейлі жақсарта алмады.

Бөкей Ордасының хандары Ресей патшасына адалдық танытып, марапаттар мен атақтар алды. Бірақ бұл тәуелділік хандық биліктің беделін әлсіретіп, халық пен хан арасындағы сенімсіздікті күшейтті. 1845 жылдан кейін хандық биліктің жойылуы – отарлық саясаттың заңды нәтижесі болды.[1]

Негізгі бөлім

Махамбет Өтемісұлы – Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің рухани көсемі. Оның поэзиясы тек көркем туынды ғана емес, сол кезеңнің тарихи шындығын бейнелейтін құнды дерек көзі.

Махамбет өлеңдерінде халықты отарлық езгіден босатуға деген ұмтылыс айқын көрінеді. Ол жер үшін, елдік пен еркіндік үшін күресті басты мақсат етіп қояды. Ақын халықты бірлікке, батырлыққа, күреске шақырады.

Ақын хан-сұлтандардың, патша әкімшілігінің зорлық-зомбылығын ашық сынайды. Оның өлеңдерінде әлеуметтік теңсіздік, алым-салықтың ауыртпалығы, жерден айрылу мәселесі өткір көтеріледі.

Махамбеттің шығармалары көтеріліс күндерінің рухани күнделігі іспетті. Ол нақты тарихи оқиғаларды, шайқастарды, халықтың күйзелісін бейнелейді. Поэзия – күрестің идеологиялық қаруына айналады. Махамбет – қазақ әдебиетіндегі реализм бағытының көрнекті өкілі. Оның шығармалары өмір шындығына негізделген.

Ақын отарлық езгінің шынайы келбетін бүкпесіз көрсетеді. «Соғыс», «Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ», «Аспандағы бозторғай» сияқты өлеңдерінде халықтың қайғысы мен арманын терең суреттейді.[2]

Махамбет өлеңдері нақты тарихи тұлғалар мен оқиғаларға негізделген. Бұл оның шығармаларын әдеби мұра ғана емес, тарихи құжат дәрежесіне көтереді.

Ақын поэзиясында романтикалық серпін мен реалистік шындық қатар өріледі. Бұл ерекшелік оның шығармаларына күшті эмоциялық әсер береді.

Бөкей Ордасындағы хандық биліктің әлсіздігі мен отарлық тәуелділік Махамбет поэзиясындағы қарсылық идеясын туғызды. Хандық жүйе халық мүддесін толық қорғай алмағандықтан, ақын халық атынан сөйледі. Оның поэзиясы – билікке қарсы қоғамдық пікірдің көркем көрінісі.

Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы қарсылық идеясы — хан-сұлтандардың озбырлығына, әлеуметтік теңсіздікке және отаршылдыққа бағытталған ерлік рухы. Ақын жырларында елдік пен бостандық үшін күрес, Исатай Тайманұлының ерлігін жырлау, әділетсіздікті аяусыз сынға алу («Мен едім» өлеңі) негізгі өзегі. Ол өз шығармаларында батырлықты, қайсарлықты ұран етіп, халықты азаттыққа шақырды.[3]

Әлеуметтік-саяси қарсылық.Махамбет хан-сұлтандардың халықты езгенін, әділетсіздік жасағанын ашық айыптап, «хан-қарашы» қақтығысын шығармашылығының өзегі етті.

Тәуелсіздік рухы.Ақын жырларында елдік пен бостандық идеясы жоғары тұрады, ол - тәуелсіздіктің алғашқы жыршыларының бірі. Ерлік пен батырлықты дәріптеу: Исатай Тайманұлының бейнесін сомдау арқылы халықты ерлікке, қарсылық күреске шақырды.

«Мен» концепциясы: Өлеңдерінде ақын өз тұлғасын ел қорғаны, «көкке атылған найзадай» қайсар ер ретінде суреттеп, күрескерлік болмысын көрсетеді. Махамбет шығармашылығы — қазақ халқының бостандық жолындағы күресінің символы.

Ел теңдігі мен азаттығы үшін «егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалған» халқымыздың ардагер ұлдарының бірі – Махамбет Өтемісов. Ақын шығармашылығы туралы көптеген зерттеулер жазылды. Ел қамы үшін толарсақтан саз кешкен жалынды ақынның соңғы жылдары табылған семсердей өткір жырлары да жарық көрді.

Ақын мұрасына салиқалы пікір айтып жүрген әдебиетші Берқайыр Аманшин Махамбеттің 1839 жылы көзі тірісінде өз қолымен жазып қалдырған хатын «Жазушы» баспасынан 1979 жылы шыққан «Жыр – семсер» атты жинағында жариялады. Дегенмен, Махамбет Өтемісов шығармашылығын зерттеушілер ақын өмірінің кей кезеңдері, әсіресе 1841–1846 жылдар аралығындағы ғұмыры жайлы мәліметтердің аздығына қынжылыс білдіреді.

Махамбет өлерінен бір жыл бұрын, 1845 жылы Орынбор Шекаралық комиссиясына келіп, баласы Нұрсұлтанды Орынбордағы кадет корпусына қабылдауды өтініп арыз жазған. Ақынның осы арызының фотокөшірмесін Берқайыр Аманшин 1956 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде, ал Х. Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» атты кітабында жариялаған. Алайда екі автор да Махамбеттің өз қолымен жазған түпнұсқа мәтінді толық бермеген.

Исатай–Махамбет көтерілісін зерттеген тарихшы В. Шахматов 1941 жылы «Литература и искусство Казахстана» журналында ақын арызының қысқаша орысша аудармасын ұсынған. Бірақ 120-ға жуық сөзден тұратын құжаттың шамамен 40 сөзі түсіп қалған.[4]

Қазақ мемлекеттік Орталық музейінің ғылыми қызметкері А. Жүсіпов те 1957 жылы «Ленинская смена» газетінде жарияланған мақаласында Махамбеттің баласы Нұрсұлтанды Орынборға апарғанын айта отырып, арыз мәтінін өте қысқаша мазмұндаған. Негізінде, Махамбет Нұрсұлтанды жай мектепке емес, Омбыдағы Шоқан Уәлиханов оқыған кадет корпусы секілді Орынбордағы әскери училищеге қабылдауды өтінген. Бұл оқу орны Ресейден қоныс аударғандар мен жергілікті үстем тап өкілдерінің балаларын оқытуға арналған еді.

Ақынның бұл әрекеті – оның болашаққа деген сенімін, ұлының білім алып, елге қызмет етуін қалаған әкелік арманының көрінісі. Алайда тағдыр Махамбеттің бұл арманын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді.[5]

Махамбетті көбіне батыр, көтерілісші, отты жырдың иесі ретінде танимыз. Ал оның әкелік мейірімі мен ұрпағының болашағын ойлаған парасатты тұлғасын зерттеу – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Ақынның орындалмай қалған осы бір арманы оның күрескерлік бейнесін толықтыра түседі.

Қай халықтың да қадір тұтары – өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры. Екеуі де халықтың бойынан табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Олар жұртын елдікке бастап, ерен ерлік пен кемел кісіліктің үлгісін көрсетеді. Осындай қос қасиет бір бойынан табылған қазақ елінің асылы – ақберен ақын, батыр Махамбет Өтемісұлы.

Азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен Махамбеттің қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Оның рухты жырлары ақынның аруақты ер екенін айқын дәлелдейді. Тарихшы Тілеккабыл Боранғалиұлы: «Қазақ жырының ой-санасы – Абай, ар-намысы – Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктеген әлеуетпіз. Бірі – рухани ұстазымыз, бірі – рухты ұранымыз», – деп бағалауы бекер емес.[6]

Махамбет – жалынды ақын ғана емес, намысшыл, ержүрек жауынгер. Ол қысқа ғұмырын халқына арнап, еркіндік пен әділеттілік идеясын ту етіп көтерді. Найза ұшы мен қалам қуатын қатар ұстаған ақын көшпелілер өркениетінің соңғы асқақ үніндей тарихта қалды. Оның поэзиясы – көне түркі жазбаларынан басталып, Қорқыт, Асанқайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Ақтамберді арқылы жалғасқан жорық жыраулары дәстүрінің заңды жалғасы.[7]

Исатай Таймануұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісте Махамбет маңызды рөл атқарды. Оның өлеңдері халықты хан-сұлтандар мен патша өкіметінің езгісіне қарсы күреске шақырды. Ақын шығармалары – бұқара өмірінің рухани шежіресі, көтеріліс шындығының көркем айнасы. «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн», «Тарланым», «Соғыс», «Атадан туған ардақты ер», «Қара нар керек біздің бұл іске» сынды жырларында ел тағдыры, азаттық рухы, әділдік жолындағы күрес терең бейнеленген.

Махамбет поэзиясының басты қаһарманы – Исатай батыр. «Исатай деген ағам бар», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым» өлеңдерінде батырдың қайсарлығы, адамгершілігі, ерлігі

көркем суреттеледі. Ақын үшін ел басына күн туған шақта «егеулі найза қолға алу» – азаматтық борыш.

Әбіш Кекілбаев «Шандоз» еңбегінде Махамбетті «табиғаттан қалаған уақытында табыла бермейтін сирек құбылыс» деп бағалады. Расында, Махамбет – ерлік пен өрліктің символы. Оның жырлары философиялық тереңдігімен, психологиялық дәлдігімен ерекшеленеді. Ақын шығармаларында теңдік пен бостандық идеясы асқақ рухпен өріліп отырады.[6]

Махамбет мұрасы – бүгінгі тәуелсіз ел үшін де аса маңызды. Егемендікке қол жеткізген халқымыз үшін ендігі міндет – ақын аңсаған азат ой биігіне көтерілу, әділетті, демократиялық қоғам құру. Өйткені рухы әлсіреген елдің болашағы бұлыңғыр. Ал Махамбет жырлары – ұлттық рухты тірілтетін қуат көзі.

Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғасатын, уақыт өткен сайын алмас қылыштай жарқырай түсетін тұлға. Оның батырлығы мен ақындығын, күйшілігі мен күрескерлігін жас ұрпақтың санасына сіңіру – біздің парызымыз. Елінің ертеңі үшін жанын қиған баба рухына тағзым ету – тәуелсіз ұрпақтың қасиетті борышы.

Қорыта айтқанда, Бөкей Ордасындағы билік жүйесі Ресей империясының отарлау саясатының ықпалында болды. Бұл жағдай халықтың әлеуметтік жағдайын нашарлатып, ұлт-азаттық қозғалыстарға негіз қалады. Махамбет Өтемісұлы осы қозғалыстың рухани жетекшісі ретінде поэзия арқылы заман шындығын шынайы бейнеледі.

Махамбет – халық бақыты мен ел мүддесі үшін күрескен, реалист ақын. Оның шығармалары қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің көркем шежіресі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Марданов А. Бөкей ордасы және Махамбет Өтемісұлы // Атырау облыстық қоғамдық-саяси газеті. – 2002. – №129–130 (17962). – 14 қыркүйек.
2. Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдік рухы және қазіргі дәуір. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
3. Махамбет және Бөкей ордасы // Хабаршы. Филология сериясы. – №6 (68).
4. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия-Алматы: «Арыс» баспасы 2002 ж.
5. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк
6. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж.
7. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті. -12.09. 2003

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР

З.Д. Данияр, Г.Б. Махметова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенттері
Ғылыми жетекші: №50 негізгі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
ҚарҰЗУ практик-оқытушысы А.Ж. Медеубекова

Аннотация: Мақалада Мағжан Жұмабаевтың поэзиясындағы фольклорлық дәстүр жан-жақты талданады. Академик Р. Нұрғалидің зерттеулеріне және фольклортанушы С. Қасқабасовтың жанр теориясына сүйене отырып, ақын шығармашылығындағы батырлық эпос, мифтік-аңыздық мотивтер, толғау, қара өлең дәстүрлері, табиғат символикасы мен фольклорлық образдар жүйесі қарастырылады. М. Жұмабаевтың фольклорды шығармашылықпен игеру тәсілі – жай еліктеу емес, терең трансформация екендігі дәлелденеді.

Кілт сөздер: Мағжан Жұмабаев, фольклорлық дәстүр, батырлық жыр, толғау, қара өлең, мифопоэтика, романтизм.

XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының рухани тұлғасы Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы ұлттық мұра мен жаңашылдықтың ерекше тоғысуын бейнелейді. Академик Р. Нұрғали ақын өмірінің ерте кезеңін сипаттай келіп: «Мағжан бала күнінен халық фольклорын, ауыз әдебиетін, елдің дарынды сөзін бойына сіңіріп өсумен қатар, қаршадай күнінен арабша, орысша хат танып, артынан арнаулы оқу орындарын аяқтап, сүйегіне біткен сұңғыла, зерек,

қиялшыл қасиеттеріне орай, Шығыс пен Батыстың поэзиясын терең біліп, ... таза толғам, биік парасат, үздік көркемдік нысаналарға тіпті ерте жеткен» – деп бағалайды [1, 96 б.].

М. Жұмабаев шығармашылығына тән бұл ерекшелік – фольклордан нәр алып, жаңа поэтикалық биікке жету – оның өлеңдері мен дастандарының жанрлық-стильдік табиғатынан айқын танылады. Фольклортанушы С. Қасқабасов халық ауыз әдебиетінің жанрлық жүйесін – батырлар жыры, аңыз, миф, ертегі, толғау, айтыс – тұтас – зерттеп, олардың поэтикалық, функционалдық және эволюциялық сипатын анықтаған [2]. Ақын поэзиясын осы жанрлық жүйе тұрғысынан талдау оның шығармашылық лабораториясының тереңін ашуға мүмкіндік береді. Осы бағытта, әсіресе, «Батыр Баян» дастаны фольклорлық дәстүрдің шығармашылық тұрғыдан игерілуі мен жаңаша көркемдік деңгейге көтерілуінің айқын үлгісі ретінде ерекшеленеді.

«Батыр Баян» – Мағжанның ақындық талантын, суреткерлік қарымын барынша танытқан туынды. Дастанның түсіндірме жазбасында өзі айтылғандай: «Ұлттық фольклордағы эпикалық дәстүр мен психологиялық, лирикалық иірімдерді шебер үйлестіре жырлаған ақынның биік эстетикалық талғамы мен поэтикалық мәдениетінің айғағы». Поэманың тарихи негізі – Ш. Уәлихановтың «XVII ғасыр батырлары жөніндегі аңыздар» мақаласындағы оқиға деген болжам да бар [3].

С. Қасқабасов: «Қазақ фольклорының барлық жанрынан батырлар жыры маңызды болды, оның тәрбиелік, идеологиялық қызметі артты» – деп атап өтеді [2]. Мағжан «Батыр Баян» арқылы дәл осы дәстүрді жаңа деңгейде жалғастырады. Батыр Баян – нақты тарихи тұлға (шамамен 1700–1757 жж.), Абылай ханның жорықтарына қатысқан. Оның аты Тәтіқара жырау өлеңдерінде де аталады.

Дастандағы фольклорлық дәстүрдің көрінісін бірнеше деңгейде қарауға болады: Бірінші – батырлардың жиналу сахнасы. Абылай ханның Бурабайдағы жиынына келген батырлар тізімі – «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» жырларындағы батырлар тізімінің классикалық формуласын жалғастырады. Мысалы:

«Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай,
Бөкеңнің жас жолбарыс жеткіншегі,
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай,
Найзасын нажағайдай ойнататын
Жас барыс Бәсентиін Сарымалай...»[3] - деген жолдарындағы «арыстан, жолбарыс, қыран, барыс» сияқты теңеулер батырлық жырлардың тұрақты эпитеттері. С. Қасқабасов батырлар жырының эпикалық сюжет ерекшелігін атай отырып, «батырлық, қиял-ғажайып және хикаялық ертегілерде шығармалар көбіне-көп «экстенсивтік» сюжетке негізделген» - дейді [2]. Мағжан да дәл осы принципті пайдаланып, кеңістік пен батырлар тобының суреттелуіне орын береді.

Екінші – Сарыарқа пейзажы. Дастанның кіріспесіндегі Арқа, Бурабай, Көкшетау суреттері – жыраулар поэзиясының табиғат бейнелеу дәстүрін жалғастырады. Ол бейнелеу тек эстетикалық емес, рухани-сакралдық мән береді:

«Ертеде қоныс болған Абылайға
Бауырында Бурабайдың қалың ағаш...
Қабірінен әулиенің алашқа артық
Ертеде Абылайға орда болған ағаш» [3].

Мұндағы «Ағаш» – Абылайдың ордасы, Меккеге теңелген қасиетті орын. Бұл фольклорлық сакралдық жер мотиві. Ол С. Қасқабасов зерттеген аңыздарда белгілі бір жер, тас, ағаш «аруақтың мекені» ретінде мифологиялық мән алады [2].

Үшінші – трагедиялық шиеленіс пен психологизм. Дастанның өзегі – батыр Баянның інісі Ноянды өз қолымен атуы. Бұл тұс «Батыр Баян»-ды классикалық батырлық жырлардан ерекшелейтін жаңалық. Р. Нұрғали Мағжанның Абайдан өзгешелігін атай келіп: «Абайда – ақын данышпан, ұстаз, философ; Мағжанда – пайғамбар, мистик, болжамшы» – деп ерекшелейді [1]. Осы сипат батырдың ішкі тартысын бейнелеуде де айқын: Баянның іс-әрекетін ақтауға тырысатын монологы – фольклорлық эпоста кездеспейтін психологиялық тереңдік:

«Күнәсіз екі жасты өлтіргенше,
Өлмедім ішіп уын удың неге?!
Жей-тұғын өз күшігін болдым бөрі,
Ісімді мынау ағат немен жабам?» [3].

Бұл монолог – жыраулардың «мен» формасындағы толғауымен үндеседі, бірақ оны романтикалық трагедия рухына бөлейді.

Төртінші – дастанның финалы. Ер Баянның жауда қаза табуы – батырлық жырлардың классикалық қорытынды формуласымен аяқталады:

«Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас,
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас» [3].

Бұл рефрен – халық жырауларының жоқтауынан, «Күлтегін», «Алып Ер Тұңға» жырларының аяқтама формулаларынан тікелей өрбиді. Рефреннің анафоралық қайталануы да толғаудың тән белгісі.

Мағжан поэзиясындағы бұл тұтастықты әрі қарай тереңдете түсетін бағыт – ақын поэзиясындағы мифтік-аңыздық мотивтер жүйесі. Бұл тұрғыда С. Қасқабасов жіктеген миф, аңыз, әпсана жанрларының поэтикалық және қызметтік ерекшеліктері М. Жұмабаев шығармаларында жаңаша мазмұнға ие болып, символдық-философиялық деңгейде игеріледі. Ақын фольклорлық мұраны сол қалпында қайталамай, оны көркемдік ойлау жүйесіне бейімдеп, терең рухани-экзистенциалдық мәселелерді жеткізудің құралына айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, «Қорқыт», «Пайғамбар», «Қойлыбайдың қобызы» сияқты шығармаларында мифтік-аңыздық мотивтер ерекше мәнге ие болып, уақыт, мәңгілік, тағдыр, өнер мен өлім сияқты әмбебап категорияларды бейнелеудің поэтикалық тетігі ретінде көрінеді.

С. Қасқабасовтың пайымдауынша, миф – «өмірдегі нақты бір оқиғадан алшақ» болса да, «алғашқы кезде қиял деп түсінілмеген», яғни ол халықтың дүниетанымының тірегі болды [2]. Р. Нұрғали Мағжан шығармашылығының осы сипатын нақты атайды: «мифопоэтика лирикалық комментарий арқылы жанданады («Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы»), оның жоғары эмоционалдылығы мен нәзік көркемдігі Жұмабаев поэзиясының айрықша сапасы болып табылады» [1].

«Қорқыт» поэмасы – ежелгі аңызды арқау еткен шығарма. Қорқыт ата қобызды шауып, оның дыбысы арқылы өлімнен қашқаны туралы аңыз – қазақ мифологиясының ең терең символдарының бірі. Мағжан бұл аңызды тек баяндамайды: Қорқыттың өлімге бас тартуы, шығармашылықтың мәңгілікке ұмтылуы ақынның өз тағдырымен қатар қояды.

«Пайғамбар» поэмасында күн культі мен шаман-пайғамбар образы бірігеді. Мағжан өзін «Күн ұлы, Ғұн ұлы» деп жырлайды– бұл түркі мифологиясының космогониялық сюжетімен тікелей байланысты:

«Ерте күнде отты Күннен Ғұн туған,
Отты Ғұннан от боп ойнап мен туғам.
Жүзімді де, қысық қара көзімді,
Туа сала жалынменен мен жуғам» [3].

С.Қасқабасов мифтің ерекшелігін атай келіп, «тапсыз қоғамның адамы мифтің мазмұнына сенген» дейді [2]. Мағжан осы мифологиялық санаға жүгіне отырып, ақынның рухани миссиясын (халыққа нұр беру, жарық жол көрсету) жаңаша пайғамбарлық деңгейінде жырлайды.

«Қойлыбайдың қобызы» поэмасы аңыздық-шаманистік дәстүрге тамыр жаяды. Қойлыбай бақсының жын-перілермен тілдесуі, қобыздың магиялық күші – С.Қасқабасов жіктеген халық прозасының демонологиялық хикая жанрымен тікелей байланысты. Мағжан бұл сюжетті романтикалық-символикалық деңгейде жырлайды.

Мифтік-аңыздық қабаттан кейін ақын поэзиясындағы тағы бір маңызды арна – толғау дәстүрімен сабақтастық. Толғау – қазақ поэзиясының ең ежелгі және маңызды жанрларының бірі. Жыраулар поэзиясында толғау философиялық ой, ұлттық рух және азаматтық позицияның синтезі болды. Р. Нұрғали Мағжан поэзиясының пейзаждық лирикасы туралы: «Халық әдебиетінен, Абай дәстүріндегі жыл маусымдарына қатысты әлеуметтік терең сарындардан алынған үлгілерді дамыта келе Мағжан табиғат көріністерін бейнелейді» – дейді [1].

«Сорлы қазақ», «Қазағым», «Жатыр» өлеңдерінде толғаудың «ұлт тағдырын ойлау, болашаққа ой жүгірту, халық мұңын жоқтау» сияқты классикалық белгілері сақталады. Мысалы, «Жатыр» өлеңінде:

«Ойламай біздің қазақ текке жатыр,
Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.
Байларың мыңды айдаған шалқып жатыр,
Бар малын болыстыққа сарқып жатыр» [4, 127-б].

«Жатыр» сөзінің рефрен ретінде қайталануы – халық поэзиясының ең күшті тәсілдерінің бірі. Бұл – С.Қасқабасов атап өткен фольклор жанрларының «орындалу мәніріндегі» экспозитивті сипатпен ұштасады[2].

«Батыр Баян» дастанының басындағы лирикалық шегіністер де толғаудың табиғатынан өрбиді. Ақын өз жан күйін жаялай отырып, баяғы ерліктерді еске алады:

"Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға" [3].

Толғау дәстүрімен сабақтас тағы бір маңызды арна – қара өлең үлгісінің ақын поэзиясындағы көрінісі.

Қара өлең – қазақ халық поэзиясының сүйекті жанры. Р.Нұрғали бұл байланысты нақты атай отырып, Мағжан «мифопоэтика мен фольклорға жаңа сатыдағы шығармашылық қатынасты бекітеді» дейді [1]. «Сүй, жан сәулем», «Ана», «Сұр құлын» өлеңдерінде фольклорлық теңеулер мен образдар молынан кездеседі. «Ана» өлеңінде бесік жырының ырғағы айқын сезіледі:

«Бесікте бөбек ауру,
Тербетіп отыр анасы.
Үнсіз, меңіреу ұзын түн,
Жел азынап тұр есіктен» [4, 71-б].

«Батыр Баян» дастанындағы сұлу қыздың суреттелуінде де қара өлеңнің классикалық образдар жүйесі сақталады:

«Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,
Сөздері – су сылдырлап құйылғандай.
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай» [3].

Меруерт тіс, шапақтай бет, жұлдыздай жымың – бұл тіркестер халық поэзиясының «сүй-кейіп» дәстүрінен тікелей өрбиді.

Аллитерация да Мағжан поэзиясындағы фольклорлық дәстүрдің маңызды белгісі. «Жел шіркін жаны күйіп күбірлеген», «Толқыннан толқын туады, Толқынды толқын қуады» тәрізді жолдар – ежелгі түркі поэзиясындағы дыбыстық үндестік принципін жалғастырады.

Ақын поэзиясындағы фольклорлық негіздердің тағы бір маңызды қыры – табиғат символикасы мен мифологиялық танымның өзара сабақтастығы. Сейіт Қасқабасов еңбектерінде көрсетілгендей, қазақ фольклорында табиғат тек қоршаған орта емес, ол – мифтік санадағы тірі жүйе, адаммен тығыз байланыстағы рухани кеңістік ретінде қабылданады. Осы дәстүр Мағжан Жұмабаев поэзиясында терең символдық мәнге ие болып, көркемдік ойлаудың маңызды тетігіне айналады. Р. Нұрғали: «ақынның пейзаждық лирикасында фантастикалық, мифтік әуендер реалистік үлгіде жазылған жырларға кіріседі» – деп жазады [1].

«Батыр Баян» дастанында жел – қасірет пен ерліктің куәгері:

«Зарланып күңіренді жаралы ер...
Минут сайын молайтып қасірет жырын
Жаныңда өксіп-өксіп жылады жел» [3].

Іле өзенінің «ерге жырау ауық-ауық айтуы» да осы дәстүрмен астасады: «Іленің толқындары әлі күнге / Айтады ерге жырау ауық-ауық».

«Жел» өлеңінде желдің бейнесі фольклорлық анимистік дәстүрге тамыр жаяды – жел тек табиғат құбылысы емес, рухани хабаршы [4, 136-137 бб]. С.Қасқабасов зерттеген мифологиялық жанрлардың, атап айтқанда аниматизм мен анимизмнің поэтикалық трансформациясы – Мағжан поэзиясының жан-жылылығын қамтамасыз ететін негізгі тәсіл.

Қорытындылайтын болсақ, Мағжан Жұмабаевтың поэзиясы – фольклорлық дәстүрдің жазба әдебиетпен шығармашылық тоғысуының ең жарқын үлгісі. «Батыр Баян» дастанының талдауы бұл байланысты нақты бетпе-бет көрсетеді: батырлар тізімінің эпикалық формуласы, аңыздық пейзаж, сакралдық топонимдер, анафоралық рефрен, фольклорлық теңеулер жүйесі – барлығы ауыз әдебиетінің классикалық қазынасынан саналы түрде алынған.

Академик Р.Нұрғалидің зерттеулері ақын шығармашылығының фольклорлық тамырын жан-жақты ашып берсе, С.Қасқабасовтың жанр теориясы Мағжан пайдаланған ауыз әдебиеті жанрларының ғылыми негізін айқындауға мүмкіндік береді.

Мағжан батырлар жырынан, аңыз бен мифтен, толғаудан, қара өлеңнен нәр алып, оларды романтизм мен символизм рухында қайта жасады. Ол фольклорлық образдар жүйесін, ырғақтық-аллитерациялық тәсілдерді, мифопоэтикалық символиканы жаңа идеялық-эстетикалық деңгейге көтерді. Осылайша, «фольклор – Мағжан поэзиясының тамыры, романтизм – оның қанаты» деуге толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғали Р. Мағжан Жұмабаев шығармашылығы туралы зерттеулер. // Естелік жинақ. – Алматы, 2014. – 271 б.
2. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.1: Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
3. Жұмабаев М. Батыр Баян. / https://www.zharar.com/index.php?
4. Мағжан Жұмабай өлеңдер жинағы. Т-2. / құраст. Ахметжанова Г.Б., Мәлікова С.З., Оспанов К.Қ., Тайшыбай З.С. – Петропавл: Северный Казахстан, 2018. - 384 б.

ШӘКӘРІМ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС СЮЖЕТІ

А.Т. Таубалды
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.С. Рахимов

Аңдатпа

Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы поэмаларындағы шығыс сюжеттерінің көрінісі, олардың көркемдік-идеялық қызметі және қазақ әдебиетіндегі орны жан-жақты қарастырылады. Ақын шығармашылығындағы шығыс әдебиетінің ықпалы, соның ішінде сопылық философия, нәзира дәстүрі, шығыс дастандарының сюжеттік желілері мен мотивтері талданады. Зерттеу барысында «Ләйлі-Мәжнүн», «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» сияқты поэмалардағы шығысқа тән махаббат трагедиясы, тағдыр, адамгершілік,рухани тазалық идеялары көрініс табады. Сонымен қатар, Шәкәрімнің шығыс классикалық сюжеттерін тек қайталап қоймай, оларды ұлттық дүниетанаммен ұштастырып, жаңа мазмұнда жаңғыртқаны ғылыми тұрғыда сараланады.

Кілт сөздер: Шәкәрім, поэма, шығыс әдебиеті, сюжет, нәзира дәстүрі, сопылық, «Ләйлі-Мәжнүн», махаббат трагедиясы, қазақ әдебиеті, көркемдік дәстүр.

Кіріспе

Шәкәрім Құдайбердіұлы – қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алатын, терең философиялық ойларымен, көркемдік жаңашылдығымен танылған ақын. Оның шығармашылық мұрасы шығыс, батыс және қазақтың халықтық әдеби дәстүрлерінің тоғысында қалыптасты [1]. Зерттеушілер Шәкәрімнің дүниетанымының қалыптасуына шығыс поэзиясы мен философиясының, әсіресе араб-парсы классикалық әдебиетінің ықпалы зор болғанын атап өтеді. Шығыс әдебиеті – мазмұндық және идеялық тұрғыдан бай, терең философиялық ойларға негізделген әдеби жүйе. Онда махаббат, тағдыр, адамгершілік, рухани кемелдену сияқты мәңгілік тақырыптар кеңінен жырланады. Бұл дәстүрлер қазақ әдебиетіне, әсіресе Абай мен Шәкәрім шығармашылығы арқылы еніп, жаңа сипатта дамыды. Аталған әдеби ықпал тек тақырыптық деңгейде ғана емес, сонымен қатар көркемдік әдіс, стиль, сюжет құру жүйесі тұрғысынан да байқалады [2, 45 б].

Шәкәрім поэмалары – осы ықпалдың айқын көрінісі. Ақын өз шығармаларында шығыс әдебиетіне тән назира дәстүрін жалғастырып, белгілі сюжеттерді жаңаша интерпретациялайды. Сонымен қатар, оның поэмаларында сопылық философияның элементтері, символдық бейнелер, терең психологиялық талдау кеңінен көрініс табады. Сонымен бірге, Шәкәрім шығармашылығы тек шығыс әдебиетімен шектелмейді. Ол – мәдениеттер тоғысында қалыптасқан әмбебап тұлға. Алайда оның поэмаларындағы негізгі көркемдік өзек ретінде шығыс сюжеттері мен мотивтері ерекше орын алады. Бұл сюжеттер арқылы ақын адам болмысы, махаббат табиғаты, қоғам мен тұлға арасындағы қайшылықтар сияқты күрделі мәселелерді көтереді.

Осыған байланысты, Шәкәрім поэмаларындағы шығыс сюжеттерін зерттеу – қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарын, оның әлемдік әдеби кеңістікпен байланысын түсінуде маңызды ғылыми мәселе болып табылады. Қазіргі әдебиеттануда бұл бағытта бірқатар зерттеулер жүргізілгенімен, Шәкәрім поэмаларындағы шығыс сюжеттерінің көркемдік-идеялық қызметін жүйелі түрде талдау әлі де өзекті болып отыр.

Нәтиже мен талқылау

Шәкәрім Құдайбердіұлының поэмаларындағы шығыс сюжеттері оның шығармашылық дүниетанымының негізгі арқауын құрайды. Ақын шығыс классикалық әдебиетінің сюжеттерін терең меңгеріп, оларды қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесіне бейімдей отырып, жаңа мазмұндық және идеялық деңгейге көтерген. Бұл мәселеге қатысты Мұхтар Әуезов шығыс әдеби дәстүрінің қазақ поэзиясына ықпалын сөз ете отырып, бұрыннан белгілі сюжеттік желілердің жаңа ұлттық мазмұнда қайта жырлануы әдеби дамудың заңды құбылысы екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, шығыс классикалық әдебиетіндегі мәлім сюжеттерді қазақ ақындарының қайта жырлауы сол дәстүрді механикалық қайталау емес, шығармашылық тұрғыдан жаңғырту болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда Шәкәрім поэмалары шығыс сюжеттерін ұлттық дүниетанаммен ұштастырған көркем туындылар ретінде бағаланады. [3, 120 б].

«Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын талдау барысында оның негізінде жатқан шығыс сюжеттік желінің философиялық және сопылық мазмұны айқын көрінеді. Сопылық поэзияны зерттеген Т. Токсамбаева және әріптестері өз еңбегінде махаббаттың шығыс әдебиетінде тек сезім емес, «адамның рухани кемелдену жолы, Құдайға ұмтылуының символы» ретінде түсіндірілетінін көрсетеді [4, 200 б]. Осы тұрғыдан Мәжнүн бейнесі – рухани ізденіс жолына түскен, нәпсісін жеңуге ұмтылған тұлға ретінде көрінеді.

Шәкәрім бұл дәстүрді жалғастыра отырып, поэмада кейіпкердің ішкі психологиялық күйін терең бейнелейді. Мәжнүннің қоғамнан оқшауланууы, табиғатпен үндесуі оның рухани әлемге бет бұрғанын білдіреді. Табиғатпен тілдесу, жақындасу – шығыс поэзиясында кең тараған символдық тәсілдердің бірі. Бұл тәсіл арқылы кейіпкердің ішкі жан дүниесі ашылады. Шәкәрім осы көркемдік әдісті ұлттық танаммен ұштастыра отырып қолданады.

Зерттеуші С.Кусанов және әріптестері «Oriental style in the works of Kazakh poets» атты мақаласында шығыс поэзиясына тән сюжеттердің қазақ әдебиетінде қайта өңделіп, ұлттық мазмұнмен байытылатынын атап өтеді [5, 167-184 б]. «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы да осы үрдістің нақты көрінісі болып табылады. Ақын сюжетті сол күйінде қайталамай, оған әлеуметтік, моральдық және философиялық мәселелерді енгізеді.

«Қалқаман-Мамыр» және «Еңлік-Кебек» поэмаларында да шығыс сюжетіне тән мотивтер байқалады. Бұл шығармаларда махаббат трагедиясы негізгі өзек ретінде алынады. Ғашықтардың қоғам заңдарына қарсы шығуы, рулық кедергілерге тап болуы – шығыс дастандарына ортақ құрылымдық модельмен сәйкес келеді. Бұл жөнінде А.Оралбек “Қазақ қоғамындағы ескілік пен жаңашылдық қақтығысы “ атты өз зерттеуінде поэмалар арқылы қазақ қоғамындағы ескі салт пен жаңа ойдың қақтығысы көрініс табатынын атап көрсетеді [6, 121 б]. Аталған поэмаларда тағдыр мәселесі де маңызды орын алады. Шығыс әдебиетінде фатализм идеясы кең тараған, яғни адамның өмір жолы алдын ала белгіленген деген түсінік басым. Алайда Шәкәрім бұл мәселені тек тағдырға бағыну ретінде емес, адамның жауапкершілігімен байланыстыра қарастырады. Бұл оның дүниетанымының ерекшелігін көрсетеді. Сонымен қатар, Шәкәрім поэмаларында символизм кеңінен қолданылады. Шығыс әдебиетінде символдар арқылы терең философиялық ой беріледі. Мысалы, шөл – рухани жалғыздықтың, ал махаббат – ақиқатқа жетудің жолы ретінде бейнеленеді. Бұл тәсіл Шәкәрім шығармаларында да сақталған.

Зерттеушілердің пікірінше, Шәкәрім поэмаларының басты ерекшелігі – олардың синтездік сипаты. Ол шығыс сюжеттерін қазақ дүниетанымымен ұштастыра отырып, ұлттық мазмұн береді. Бұл туралы Қ.Тұрсынханова мен Р. Мұқажанова өз еңбектерінде Шәкәрімнің рухани мұрасының қалыптасуына шығыс әдебиетінің ықпалы зор болғанын және оның шығармашылығы мәдениеттер тоғысында дамығанын атап өтеді [7, 12-15 б].

Жалпы алғанда, Шәкәрім поэмаларындағы шығыс сюжеттері бірнеше деңгейде қызмет атқарады. Біріншіден, олар поэманың сюжеттік негізін құрайды. Екіншіден, философиялық және сопылық идеяларды жеткізудің құралы болып табылады. Үшіншіден, әлеуметтік мәселелерді көтеруге мүмкіндік береді. Төртіншіден, ұлттық дүниетанаммен ұштаса отырып, қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегін кеңейтеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының поэмаларындағы шығыс сюжеттері тек әдеби дәстүрдің жалғасы ғана емес, терең философиялық, әлеуметтік және эстетикалық мәнге ие күрделі құбылыс болып табылады. Ақын шығыс классикалық сюжеттерін шығармашылықпен игере отырып, оларды ұлттық мазмұнмен байытып, қазақ әдебиетінде жаңа сапалық деңгей қалыптастырды.

Сонымен қатар, Шәкәрім поэмаларындағы шығыс сюжеттерін талдау барысында автордың интертекстуалдық тәсілді шебер қолданғанын байқауға болады. Яғни, ақын белгілі бір сюжетті қайта жырлау арқылы оны жаңа мәдени-идеялық контекске енгізеді. Бұл құбылыс әдебиет теориясында «интертекстуалдылық» ұғымымен сипатталады және бір мәтіннің екінші мәтінмен өзара байланысын білдіреді. Шәкәрім «Ләйлі-Мәжнүн» сюжеті арқылы Низами мен Физули дәстүрін жалғастыра отырып, оны қазақ әдеби кеңістігінде қайта интерпретациялайды. Нәтижесінде шығарма бұрынғы мазмұнын сақтай отырып, жаңа идеялық жүк арқалайды.

Шәкәрім поэмаларында кейіпкерлердің психологиялық тереңдігі де ерекше назар аударады. Шығыс дастандарында кейіпкер көбінесе типтік образ деңгейінде көрінсе, Шәкәрім олардың ішкі жан дүниесін, ой-толғанысын, сезім динамикасын кеңінен ашуға тырысады. Бұл оның реалистік бағытқа жақындығын көрсетеді. Мәселен, Мәжнүннің ішкі қайшылығы, Қалқаман мен Мамырдың шешім қабылдау сәтіндегі күйзелісі, Еңлік пен Кебектің тағдыр алдындағы шарасыздығы – бәрі де психологиялық тұрғыдан нанымды суреттеледі. Осы арқылы ақын шығыс сюжеттерін тек оқиға желісі ретінде емес, адам жанының терең сырын ашатын құрал ретінде қолданады.

Тағы бір маңызды аспект – Шәкәрім поэмаларындағы адамгершілік мәселесінің алдыңғы орынға шығуы. Шығыс сюжеттері негізінде жазылғанымен, ақынның басты мақсаты – оқырманға моральдық-этикалық ой салу. Ол махаббат, адалдық, әділет, жауапкершілік сияқты құндылықтарды негізгі идея ретінде ұсынады. Бұл тұрғыда Шәкәрім поэмалары дидактикалық сипатқа ие болып, оқырманды ойлануға, өз әрекетін саралауға жетелейді. Зерттеушілер де Шәкәрім шығармашылығын тек көркем туынды ретінде ғана емес, тәрбиелік- философиялық жүйе ретінде қарастыру қажеттігін атап өтеді [8,45 б].

Сонымен бірге, поэмалардағы әлеуметтік сын элементтері де назар аударуға тұрарлық. Ақын өз дәуіріндегі қоғамдық қайшылықтарды, әділетсіздіктерді, рулық тартыстарды көркем түрде бейнелей отырып, қоғамның рухани деңгейін көтеруді мақсат етеді. Бұл әсіресе «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмаларында айқын байқалады. Мұнда жеке тұлғаның тағдыры қоғамның ықпалымен тығыз байланыста қарастырылып, әлеуметтік орта мен адам бостандығы арасындағы қайшылық ашылады.

Шәкәрімнің тағы бір ерекшелігі – оның поэмаларында уақыт пен кеңістік категорияларының философиялық тұрғыда берілуі. Шығыс әдебиетінде уақыт көбінесе циклдік сипатта түсіндірілсе, Шәкәрім шығармаларында уақыт адамның тағдырымен, оның өмірлік таңдауларымен тығыз байланыста қарастырылады. Кеңістік те символикалық мәнге ие болып, кейіпкердің ішкі әлемін бейнелеуге қызмет етеді. Мысалы, шөл, дала, оқшау мекендер – кейіпкердің рухани күйінің көрінісі ретінде алынады.

Осылайша, Шәкәрім поэмаларындағы шығыс сюжеттері тек композициялық негіз ғана емес, сонымен қатар философиялық, психологиялық, әлеуметтік және эстетикалық деңгейлерде қызмет атқаратын күрделі көркемдік жүйе болып табылады. Ақын бұл сюжеттерді шығармашылық тұрғыда қайта өңдеу арқылы қазақ әдебиетінде мазмұны терең, идеясы бай, көркемдік деңгейі жоғары поэмалар қалыптастырды.

Қорытынды

Шәкәрім Құдайбердіұлының поэмаларындағы шығыс сюжеттері ақын шығармашылығының идеялық- көркемдік өзегін құрай отырып, қазақ әдебиетінің дамуына елеулі ықпал еткен маңызды құбылыс болып табылады. Зерттеу нәтижесінде Шәкәрімнің шығыс классикалық әдебиетінің сюжеттерін терең меңгеріп қана қоймай, оларды ұлттық дүниетанаммен ұштастыра отырып, жаңа мазмұндық және философиялық деңгейге көтергені анықталды.

Ақынның «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасында шығысқа тән сопылық идеялар мен символикалық бейнелеу жүйесі сақтала отырып, махаббат тақырыбы рухани кемелдену жолы ретінде кеңінен ашылады. Мәжнүн бейнесі арқылы адамның ішкі жан дүниесі, рухани ізденісі, дүниеден баз кешуі көркем түрде бейнеленеді. Бұл шығармада шығыс сюжеті тек қайталанбай, жаңа идеялық мазмұнмен толықтырылған дербес көркем туындыға айналған. Ал «Қалқаман-Мамыр» және «Еңлік-Кебек» поэмаларында ұлттық тарихи негіздегі оқиғалар шығыс әдебиетіне тән сюжеттік құрылыммен үйлесіп, махаббат трагедиясы арқылы әлеуметтік және моральдық мәселелер кеңінен

қозғалады. Бұл поэмаларда рулық қатынастар, салт-дәстүрдің қаталдығы, қоғам мен жеке тұлға арасындағы қайшылықтар көрініс тауып, ақынның сыншыл көзқарасы айқын байқалады.

Жалпы алғанда, Шәкәрім поэмаларындағы шығыс сюжеттері бірнеше қызмет атқарады: олар поэмалардың сюжеттік негізін қалыптастырады, философиялық және сопылық ойларды жеткізудің құралы болады, әлеуметтік мәселелерді көтеруге мүмкіндік береді және ұлттық дүниетанаммен синтезделе отырып, қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегін кеңейтеді. Ақын шығыс дәстүрін шығармашылықпен игере отырып, оны қазақ әдебиетінің табиғатына бейімдеді. Бұл қасиеттер оның шығармаларын тек әдеби туынды ретінде ғана емес, сонымен қатар терең ойлы, тәрбиелік және танымдық мәні бар рухани мұра ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Түйіндей келгенде, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығыс әдебиетінің классикалық сюжеттерін ұлттық негізде қайта жаңғыртып, оларды жаңа мазмұнмен байытқан, қазақ поэзиясын көркемдік және идеялық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерген ірі тұлға болып табылады. Оның поэмалары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, адамгершілік, махаббат, әділет, рухани кемелдену сияқты мәңгілік құндылықтарды насихаттайтын маңызды әдеби мұра ретінде бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы.Wikipedia сайты. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A8%D3%99%D0%BA%D3%99%D1%80%D1%96%D0%BC_%D2%9A%D2%B1%D0%B4%D0%B0%D0%B9%D0%B1%D0%B5%D1%80%D0%B4%D1%96%D2%B1%D0%BB%D1%8B
2. М.А.Алпысбек «Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы және шығыс әдебиеті» М. Алпысбек: монография, Астана, «BG-Print» ЖК, 2013. – 380 б.
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев: монография. – Алматы: Ғылым, 1995. – 320 б.
4. Токсамбаева Т. және т.б., Шығыс поэзиясындағы сопылық және символика, 2014, 428-б.
5. Kusanov S., Kakenova A., Adilkhanova Z.

Eastern style in written poetry / Oriental style in the works of Kazakh poets. Turkic Studies Journal, 2023, 167-184 б. https://tsj.enu.kz/index.php/new/article/view/304

6. А.Оралбек «Қазақ қоғамындағы ескілік пен жаңашылдық қақтығысы». 2025, -121 б. https://philological.vestnik.shakarim.kz/index.php/my/article/view/117
7. Тұрсынханова Қ., Мұқажанова Р., Шәкәрімнің ақындық кітапханасы, 2024, 12–15-б
8. Х. Сүйіншәлиев, XIX ғасыр қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989. - 360 б.

АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Н. Саятбай
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.С. Рахимов

Аңдатпа: Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасының тәрбиелік маңызы қарастырылады. Ақынның табиғатты суреттейтін өлеңдері арқылы адам мен табиғаттың үйлесімі және ұлттық дүниетанымы әрі эстетикалық танымының көркем бейнеленетіні талданады. Абай Құнанбайұлының «Қыс», «Жаз», «Күз», «Жазғытұры» секілді өлеңдеріндегі табиғат көріністері тек қана табиғат жайында суреттеліп қана қоймай, адамның бойына еңбекқорлық, адамгершілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік секілді қасиеттерді қадірлеуге де бағытталған. Ақынның табиғат лирикасы жас ұрпақты әсемдікті сезіну мен туған жерді қадірлеуге және рухани тәрбие алуға бағыттайды.

Кілт сөздер: Абай поэзиясы, эстетикалық тәрбие, ұлттық дүниетаным, адамгершілік құндылықтар, көркемдік бейне

Адам баласы кең дүниенің есігін ашқан сәттен бастап көркіне көз тоймайтын табиғат әлеміне сүйсіне көз тастайды. Айналадағы әрбір тас, көгілдір аспан, жап-жасыл ағаштар мен мөлдір тұнық су барлығы да табиғаттың адам баласына берген сыйы. Табиғат-жаратылыстың бізге

жасаған ғажап туындысы. Міне осы себептен де табиғатты адам баласы жырлауға, суреттеуге онымен сырласуға дайын тұрады. Осы сұлулықты суреттеп, шығармаларына арқау етпеген бірде-бір қаламгер жоқ шығар. Әсіресе, қазақ даласының сұлулығын жырға қосқан ақындар көп-ақ. Дегенмен, осы ақындардың көшін бастап тұрған қазақтың ұлы ақыны-Абайдың табиғат туралы туындылары таңдай қақтырмай қоймасы анық.

Абай Құнанбайұлы-қазақтың нар тұлғалы ақыны, әлемдік ой кеңістігінде өзіндік орны бар кемеңгер тұлға. Ол қазақ халқының рухани әлемін жаңа деңгейге көтеріп, ұлттық әдебиеттің мазмұны мен көркемдік қуатын тереңдеткен ұлы суреткер. Абайдың шығармашылық мұрасы ұлттың сан ғасырлық рухани тәжірибиесін бойына сіңірген, адамзаттық құндылықтармен сабақтасқан асыл қазына. Оның өлеңдері мен қара сөздері де қазақ қоғамының ішкі болмысын және халықтың арманы мен мұратын әрі адамгершілік мұраттарын да зерделейтін көркем туындылар болып табылады. Әсіресе табиғат жайында жазылған шығармалары өз алдына бір төбе [1, 87 б].

Табиғат- Абайдай ақынның жан серігі, жүрек сырын ұғатын үнсіз сырласы, шабытын тербеткен мәңгілік құдіретті күш. Ақынның нәзік жан дүниесі табиғаттың әрбір құбылысымен үндесіп, оның әсем көріністерінен терең мағына, өмірлік тағылым іздейді. Сол себептен де Абай поэзиясында табиғат тек көркем сурет ретінде ғана емес, ол адам жанының айнасы және көңіл-күйінің көрінісі әрі тіршілік тынысының өте көркем бейнесі болып көрінеді. Абайдың табиғат туралы жырлары кең көлемді өте мол қазына. Абайдың табиғат туралы өлеңдерін оқығанда, дәл сол жыл мезгілді бастан өткеріп, сақырлаған кәрі аязды, жазғы күнгі ауыл өмірін, күздің сары жапырағын, көктемнің суының сыңғырын түп-тура бастан өткеріп тұрғандай боласың. Бұл Абайдың табиғат туралы жырларының құндылығының тереңдігінен болар сірә.... [2, 53 б].

Абай қазақ әдебиетінде төрт жыл мезгіліне де қалам тербеген ақын. Ол лирика саласының төрт түріне де сай өлеңдер жазып қалдырды. Жалпы лирика дегеніміз ақынның ішкі әлемінің көрінісі, оның толқуы, қуанышы мен күйінішін өлеңге қосуы. Әдебиетте лириканың 4- түрі бар.

1.Философиялық лирика;

2.Саяси лирика;

3.Махаббат лирикасы;

4.Табиғат лирикасы.

Осы лирикалық бағыттардың ішінде бүгін біздің талдайтынымыз табиғат лирикасы. Абайдың табиғат лирикасы жайындағы өлеңдеріне тоқталсақ, оның «Қыс» өлеңінің көркемдік ерекшелігі өте жоғары екендігін байқаймыз. Қыстың қатал мінезі, табиғат пен адам өмірінің байланысы тамаша суреттеледі. Абай қысты «ақ киімді, денелі, ақ сақалды» қарт адам бейнесінде елестетіп, оған адамға тән мінез бен қимыл-қозғалысты қосады. Бұл Абайдың кейіптеу тәсілін шебер қолданғандығын аңғартатындай. Өлең жолдарындағы боранның уілдеуі, аяздың ызғары мен қардың қалыңдығы өте әсерлі теңеулер мен эпитеттер арқылы берілген. Мысалы мына бір жолдағы:

Бұлттай қасы жауып екі көзін,

Басын сіліксе, қар жауды, мазаңды алды-деген жолдарда «бұлттай» теңеуі біздің көзімізге қасы қалың, боранды күні жолға шыққан қарт адамды көз алдымызға елестетеді. Ал мына бір жолдарда:

Шидем мен тон қабаттап киген малшы,

Бет қарауға шыдамай теріс айналды- ақынның табиғаттың қатал мінезін қатал әрі шынайы бейнелегенін көреміз. Ақын малшының үстіне шидем мен тоңды қабаттап кигенін айту арқылы қыстың суығының қаншалықты қатты екенін аңғартады. Қазақ тұрмысыныда ежелден шидем мен тон суықтан қорғайтын ең жылы киімдер болған. Соған да қарамастан малшының суыққа шыдай алмай теріс айналуы аяз бен боранның адамға қаншалықты ауыр әсер ететінін айқын білдіретіндей. Жалпы, «Қыс» өлеңінің тәрбиелік мәні өте тереңде. Ақын табиғаттың қатал құбылыстарын бейнелей отырып, адамды сабырлыққа, төзімділікке, еңбекқорлық пен шыдамдылыққа шақырады. Қыс мезгілінің ауыртпалығы адамды өмірдің қиындықтарына төтеп беретіндей мықты, мығым етіп шығаратындықтан, бұл шығарма арқылы Абай халыққа қыстың ызғарына шыдасаң артынан күлімдеп «Көктем» келетінін байқататындай [3, 102 б].

Абайдың «Жазғытұры» өлеңі қыстан кейінгі барлық қардың жер ананың кең даласына сіңіп, жаңару кезеңін суреттейтін өлеңі. Ақын көктемнің келуін жай ғана табиғи құбылыс ретінде ғана емес, бүкіл жаратылыстың бастауы және өмірдің қайта тыныс алуын бейнелейтін өлең. Өлеңде қыстан кейінгі еріген қардың жерге сіңіп, табиғаттың жаңа тіршілікке бет бұрған сәті өте

әсерлі суреттеледі.Күннің жылуының артуы, жердің бусануы, көктің шығып, айналаның жасыл түске боялуы барлығы да ақынның шабытын оятып, өмірге деген құлшынысын арттыра түсетіндей. Ал, табиғаттың әрбір қозғалысы мен өзендердің сылдырлап ағуы, өмірдің үздіксіз жаңарып отыратындығын көрсететіндей. Өлең жолдарында бұл жайлы әсем суреттейді:

Безендіріп жер жүзін Тәңірім шебер,

Мейірбандық дүниеге нұрын төгер-деген жолдарында осындай табиғатты жаратқан Жаратушының шеберлігін бейнелесе, ал мына бір жолдарда:

Анамыздай жер иіп емізгенде,

Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер-деп жырлауы да ақынның табиғатты адамзаттың екінші әкесі мен анасындай санап, ал табиғат бізге өз баласындай нұрын төгіп, мейірбандықпен қарайтыны өте шебер суреттелген. Ақынның тағы бір шеберлігі халықтың тұрмыс-тіршілігін де табиғат көріністерімен астастырып суреттеуінде. Көктемнің келуімен бірге ауыл тіршілігі де жанданады, дала еңбегі қыза түседі, осылайша табиғат пен адам өмірі байланыстырыла суреттеледі [4, 37 б].

Өлеңнің тәрбиелік мәніне келетін болсақ, ақын көктемнің келуін жырлау арқылы адамды табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, жаңару мен еңбекке деген құлшынысты арттыруға үндейді. Табиғат қайта түлеп жатқан кезеңде, адам жанында да үміт пен шаттық бүршік атып, жақсылық жер әлемді тербейді. Осы себепті де Жазғытұры өлеңі табиғаттың көркем келбетін тамаша жырланған шығармалардың қатарына енеді деп айта аламыз.

Ал «Жаз» өлеңі ақынның табиғат лирикасындағы ең бір көркем туындыларының бірі. Бұл шығармада ақын жаз мезгілінің әсем көрінісін ғана емес, қазақ халқының кең даладағы тұрмыс-тіршілігін де әсем суреттейді.

Жаздыгүні шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге,

Көшіп ауыл қонғанда- деген өлең жолдарынан көз алдымызға көк шалғынды жайлау мен самал желмен тербетілген жасыл шөптер, мөлдір бұлақтар елестесе, сол ауылдың саясына қоныс аударып келе жатқан ауылдың тіршілігі және балалардың сол маңда асыр салып ойнауы нағыз қазақ халқының көшпелі өмірін көрсететіндей. Өлеңде көбінесе теңеу мен эпитеттер шебер қолданылған. Жаз өлеңінің тәрбиелік мәніне келсек, ең біріншіден, бұл шығарма тек табиғаттың көркем бейнесін суреттеп қана қоймай, адамды туған жерді сүюге, табиғаттың қадірі мен қасиетін түсінуіне де бағытталады. Ал өлеңдегі жайлау тіршілігі адамды әрдайым еңбек етуге, ұйымшылдық пен табиғатқа жанашыр болуға да үндейді. Осы арқылы ақын оқырманға еңбектің қадірін сезіндіреді. Бұл өлеңнің тағы бір ерекшелігі өлеңде бейнеленген ауыл өмірінің көріністері халықтың бірлігі мен берекесін де таныта түседі. Жайлаудағы шат-шадыман өмір, балалардың асыр салған ойыны, ауыл адамдарының өзара қарым-қатынастары барлығы да береке мен бірліктің бастауы секілді. Яғни, ақынның Жаз өлеңі бұл табиғаттың сұлулығын сезіндірумен қатар бойымызға нағыз рухани тәрбиені дарыта түседі [5, 23 б].

Абайдың «Күз» өлеңін еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін қазақ халқы жатқа біледі. Бұл өлеңнің әсем суреттелгені сонша, көз алдымызға күздің суығы мен қаталдығын қатар алып келеді. Күз өлеңінде күздің суық желі, сарғайған жапырақтар, қыраудың алғашқы мұздары барлығы да нәзік поэтикалық бояумен бейнеленген. Ақын табиғаттағы осы өзгерістер арқылы адам өмірінің өткіншілігін, уақыттың шындығын сезіндіреді. Қарапайым малшының, бала мен қарттың күзгі тіршілігі табиғатқа етене байланысып, оның қатал да әсем мінезін бейнелейді. Абай күзді тек қана күзетіліп келе жатқан суық мезгіл деп емес, өмірдің философиялық белгісі, адамның төзімділігі мен еңбекқорлығы сыналатын кезең ретінде қарастырады. Мысалы, мына бір өлең жолдарында:

Қай ауылды көрсең де, жабырқаңқы,

Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен- деп суреттеуінде «жабырқаңқы» сөзі арқылы ауылдағы көңіл-күйдің төмен екенін, ал «күлкі-ойын көрінбейді» тіркесі адамдардың өмірінде шаттық аз екенін көрсетеді. «Сейіл-серуен» сөздері ауыл өмірінің тыныштығын және сыртқы көріністің тұңғиық сезімін сипаттайды. Бұл өлеңнің жалпы тәрбиелік маңызы да өте жоғары. Бұл өлең жолдарын оқып өскен бала өмірді терең сезінетін, адамның көңіл-күйін түсінетін, табиғатпен бір үндестікте өмір сүре алатын азамат, тұлға болып өсетіні сөзсіз [6, 92 б].

Жалпы, Абайдың өлеңдерінің ішіндегі тағы бір шоқ жұлдызы- «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі. Бұл шығармада ақын табиғатты терең әрі нәзік сезіммен суреттеп, түннің тыныштығы мен айдың жарығын үйлесімді түрде бейнелейді. «Желсіз түн» деген тіркес арқылы тыныштық, бейбіттік сезімі берілсе, ал «жарық ай» табиғаттың әсемдігін және адамның ойлы көңіл-күйін айқын көрсетеді. Өлеңде табиғат пен адам арасындағы үйлесім, ішкі ой мен сыртқы көрініс арасындағы байланыс айқын көрініс табады. Абай осы арқылы адамға жан дүниесінің тереңдігін, ой мен сезімнің мәнін түсінуді үйретеді. Сондай-ақ, ақын өлеңде бейнелеу өнерін шебер қолдана отырып, қарапайым тіркестер арқылы терең философиялық ойды жеткізеді. Мұндағы табиғат көріністері тек сыртқы әлемнің бейнесі емес, адамның ішкі сезімінің, ойының айнасы іспетті. «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі оқырманға эстетикалық ләззат беріп қана қоймай, рухани тәрбиесін қалыптастыруға, табиғатқа құрметпен қарауға үйретеді [7, 141 б].

Абайдың жоғарыда аталған өлеңдері шамамен 1909-1911 жылдары баспа бетін көрген болатын. Абайдың табиғат шығармаларын зерттеген зерттеушілердің қатарында ең алдымен Мұхтар Әуезовты атап өтуге болады. Сондай-ақ, Қайым Мұхамедханов, Рабиға Сыздықова, Заки Ахметов, Тұрсын Жұртбай, Асан Омаров, Мекемтас Мырзахметов секілді көптеген тұлғалардың есімін атауымызға болады. Бұл ғалымдардың зерттеп, зерделеуі бойынша Абайдың табиғат жайындағы өлеңдерінің тәрбиелік маңызы өте үлкен. Бұл жайында ғалымдар да пікірлерінде жиі айтып келеді. Мысалы, «әдебиетіміздің тұғырына алғаш қаланған кірпіш Абайдың сөзі, Абайдың аты болуға тиісті. Себебі, биік әрі асқақ орын тек Абайға тән.»- деп қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлы жазғандай, Абай шығармалары әрқашан қазақ халқы үшін теңдессіз мұра бола бермек [8, 100 б].

Ал бұл өлеңдердің тәрбиелік маңызына келсек қазіргі таңда Абайдың аталмыш өлеңдері білім беру жүйесінде жан-жақты оқытылып, білім алушылардың жүрегіне нұрын себуде. Әсіресе бастауыш сынып білім алушылары үшін Абайдың әрбір өлеңі дамудың жаңа сатысына шығаратын құнды құрал [9, 69 б]. Мысалы, «Желсіз түнде жарық ай» немесе «Күз» секілді өлеңдер оқушыға табиғат құбылыстарының мәнін сезіндіре отырып, оның ішкі ой-пікірі мен эмоционалдық жағдайына әсер етеді. Мұндай шығармалар арқылы бала айналасындағы әлемді мұқият бақылауға, табиғатты сүйе білуді, адамдармен қарым-қатынаста нәзік сезім мен қамқорлық танытуға үйренеді. Демек, Абайдың табиғат туралы өлеңдері қазіргі білім беру үдерісінде тәрбиелік және рухани мәні зор шығармалар қатарында тұрақты орын алады, баланың рухани әлемін байытып, ой-өрісін кеңейтуге септігін тигізеді [10, 84 б].

Сөзімізді қорытындылай келе, Абай Құнанбаев-қазақ халқы үшін қашанда шынар биіктегі дара тұлға болып қала бермек. Оның табиғат лирикасы тек табиғатты суреттеудің көркем үлгісі емес, рухани тәрбиенің, адамгершілік пен ізгіліктің айнасы іспетті. Абайдың өлеңдерінде көрініс тапқан желсіз түн, жарық ай, күзгі жел мен гүлдер әлемі балалар мен жас ұрпаққа өмірді терең сезіну, жан дүниесін байыту жолындағы тәрбие құралы болары анық. Табиғат бейнесі арқылы ол адамға айналасындағы әлемді шындықпен, сезіммен қабылдауды үйретеді, жүрек түкпіріндегі нәзік сезімдерді оятады, қайырымдылық пен адамгершілікке бағыттайды. Сол себепті, Абайдың табиғат лирикасы тек әдеби құндылық қана емес, ұлттық тәрбиенің айрықша бір өлшемі, әр оқушы мен әрбір адам үшін өмірлік сабақ болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер мен поэмалар жинағы. Алматы: Жазушы, 2015. 432 б.
2. Әуезов М. Абай жолы. I–IV том. Алматы: Жазушы, 1985. 1240 б.
3. Мұхамедханов Қ. Абайтану мәселелері. Алматы: Ғылым, 1999. 256 б.
4. Сыздықова Р. Абай шығармашылығы және ұлттық тәрбие. Алматы: Фолиант, 2018. 184 б.
5. Ахметов З. Абай поэзиясындағы философиялық идеялар. Алматы: КазГУ, 2016. 212 б.
6. Жұртбай Т., Омаров А. Абай және қазақ әдебиеті. Алматы: Жазушы, 2020. 308 б.
7. Мырзахметов М. Абай шығармаларының эстетикалық мәні. Алматы: Арыс, 2017. 192 б.
8. Есім Ғ. Абай поэзиясында табиғат бейнесі. Алматы: КазГУ, 2015. 144 б.
9. Ердембеков Б. Абай шығармаларындағы адамгершілік және тәрбие мәселелері. Алматы: Ғылым, 2021. 208 б.
10. Омарова А. Абай табиғат лирикасы: поэтика және тәрбиелік мәні. Алматы: Фолиант, 2019. 160 б.

АБАЙДЫ ТАНУ – АДАМДЫ ТАНУ

М. Саятқызы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.С. Рахимов

Аңдатпа: Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы адам болмысы мен адамгершілік мәселелері жан-жақты қарастырылады. Ақынның өлеңдері мен қара сөздеріндегі рухани-этикалық идеялар талданып, адамның моральдық кемелденуі, ішкі дүниесінің тазалығы, ар-ұят, әділет пен мейірім сияқты құндылықтардың маңызы ғылыми тұрғыда сараланады. Сонымен қатар Абай дүниетанымындағы «толық адам» концепциясының мәні ашылып, оның тұлғаның рухани қалыптасуындағы рөлі айқындалады. Мақалада Абайдың адам тәрбиесі, білім мен рухани мәдениет туралы ойлары негізінде «Абайды тану – адамды тану» қағидасының мәні түсіндіріледі.

Кілт сөздер: Абай, адам болмысы, толық адам, адамгершілік, рухани даму, философиялық дүниетаным.

Адамзат өркениетінің рухани тарихында тұлға болмысын, адамның ішкі әлемін және адамгершілік құндылықтардың мәнін терең пайымдаған ойшылдардың қатарында Абай Құнанбайұлының орны айрықша. Қазақ халқының рухани мәдениетінде Абай мұрасы тек көркем әдебиет шеңберімен шектелмейтін, адамның жан дүниесін, мінез-құлық табиғатын және қоғамдық болмысын тұтас қамтитын кең ауқымды философиялық жүйе ретінде бағаланады. Ақын шығармаларында адам табиғаты, рухани кемелдену, ақыл мен жүрек үйлесімі, білім мен таным мәселелері терең талданып, адам болмысының мәні мен мақсаты туралы терең ойлар айтылады. Абай шығармашылығы – адамды сыртқы әлеуметтік құбылыс ретінде ғана емес, рухани-интеллектуалдық дамуға ұмтылатын саналы тұлға ретінде қарастыратын бірегей дүниетанымдық жүйе. Сондықтан Абай мұрасын зерттеу – тек әдеби құбылысты тану емес, адамның ішкі әлемін, рухани мүмкіндігін және адамгершілік болмысын тануға бағытталған ғылыми-философиялық ізденіс болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда «Абайды тану – адамды тану» деген тұжырым терең мазмұнды концептуалдық идеяны білдіреді. Себебі ақын шығармаларында адам табиғатының күрделі құрылымы, оның моральдық таңдауы, рухани жетілу жолы және қоғамдық жауапкершілігі кеңінен қарастырылады. Абай адамды тек биологиялық тіршілік иесі ретінде емес, ойлайтын, ізденетін, өзін жетілдіруге қабілетті рухани субъект ретінде сипаттайды. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде адамның ақыл-ойы, жүрек тазалығы, ар-ождан, әділет пен мейірім сияқты қасиеттері адам болмысының негізгі тірегі ретінде қарастырылады. Ақын адам өмірінің мәнін білімге ұмтылу, рухани жетілу және қоғам игілігіне қызмет ету арқылы түсіндіреді. Сондықтан Абай дүниетанымы адам табиғатын тануға бағытталған терең гуманистік ілім ретінде қазақ руханиятының ғана емес, жалпыадамзаттық философиялық ойдың құнды бөлігі болып табылады.

Абай Құнанбайұлының дүниетанымының өзегінде тұрған басты философиялық мәселе – адам болмысы. Ақын үшін адам тек табиғаттың бір бөлшегі немесе әлеуметтік ортадағы тіршілік иесі ғана емес, ол – рухани кемелденуге ұмтылатын саналы, парасатты, жауапты тұлға. Сондықтан Абай шығармашылығында адам болмысы туралы ойлар тек моральдық уағыз деңгейінде емес, терең философиялық антропология деңгейінде қарастырылады. Ақын адам табиғатын зерттеу арқылы қоғамды түзетудің, ұлттың рухани жаңғыруының жолын көрсетуді мақсат етті. Ғалымдардың пікірінше, Абайдың философиялық жүйесінің негізгі өзегі – адамды кемелдікке жеткізу идеясы, яғни адамды моральдық, интеллектуалдық және рухани тұрғыдан биік деңгейге көтеру [1, 78 б.].

Абай адам болмысының мәнін ең алдымен оның рухани табиғатымен байланыстырады. Оның ойынша, адамды адам ететін – сыртқы байлық немесе әлеуметтік мәртебе емес, оның ішкі әлемі, ар-ұяты, ақылы мен жүрегі. Ақын адамның ішкі мәдениетін, рухани тазалығын ең жоғары құндылық деп есептейді. Сондықтан Абайдың көптеген өлеңдері мен қара сөздері адам бойындағы надандық, жалқаулық, мақтаншақтық, екіжүзділік сияқты жағымсыз қасиеттерді сынауға арналған. Бұл тұрғыдан алғанда Абай шығармашылығы адам мінезінің психологиялық және этикалық табиғатын терең талдайтын рухани-философиялық мектеп ретінде бағаланады. Оның

«Адам бол!» деген қағидасы адам өмірінің басты мақсатын білдіретін іргелі гуманистік ұстаным болып табылады.

Абай адам болмысының мәнін түсіндіруде білім мен таным мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Ақынның пікірінше, адамның рухани дамуының басты шарты – білімге ұмтылу және ақыл арқылы дүниені тану. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде Абай жастардың білімге үстірт қарауын сынға алып, білімнің негізгі мақсаты – адамдық қасиеттерді қалыптастыру екенін көрсетеді. Яғни, оқу тек ақпарат жинау емес, адамның рухани дүниесін жетілдіретін құрал болуы тиіс. Сондықтан Абай жастарды ғылым мен білімге, ой еңбегіне және үздіксіз ізденіске шақырады [2, 143 б.].

Абайдың адам туралы іліміндегі ең маңызды тұжырымдардың бірі – «толық адам» концепциясы. Бұл ұғым ақынның философиялық дүниетанымының негізгі түйіні болып табылады. Толық адам – ақыл, қайрат және жүрек қасиеттері үйлесім тапқан кемел тұлға. Абай адамның рухани дамуы осы үш қасиеттің теңдігі арқылы жүзеге асады деп есептейді. Ақыл – дүниені танудың құралы, жүрек – адамгершіліктің қайнар көзі, ал қайрат – мақсатқа жетудің күші. Осы үш қасиеттің бірлігі адамды кемелдікке жеткізеді.

Бұл идеяны Абай өзінің өлеңінде былай тұжырымдайды:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек»

Бұл жолдар Абайдың адам туралы философиялық ілімінің қысқаша формуласы іспетті. Ақын адамды тек ақылды немесе тек қайратты болуға емес, осы қасиеттердің үйлесімін сақтауға шақырады [2, 54 б.]. Ғалымдардың пікірінше, бұл идея шығыс философиясы мен исламдық мораль философиясының терең ықпалымен қалыптасқанымен, Абай оны ұлттық дүниетаныммен ұштастырып, ерекше гуманистік ілім деңгейіне көтерді.

Абай шығармаларында адам болмысы тек жеке тұлға деңгейінде ғана емес, қоғаммен байланыста қарастырылады. Ақын адам мен қоғам арасындағы өзара ықпалды ерекше атап көрсетеді. Оның пікірінше, қоғамдағы әділетсіздік, надандық және рухани тоқырау адамдардың мінез-құлқына тікелей әсер етеді. Сондықтан Абай қоғамды түзетудің ең тиімді жолы – адам тәрбиесін жетілдіру деп есептейді. Ақын «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде халықтың рухани күйін сынға ала отырып, адам бойындағы жауапкершілік пен сананы оятуға тырысады.

Абайдың адам болмысы туралы ойлары махаббат, мейірім және адамгершілік ұғымдарымен де тығыз байланысты. Ақын махаббатты тек жеке сезім ретінде емес, бүкіл адамзатқа деген сүйіспеншілік, рухани үйлесімнің негізі ретінде түсіндіреді. Оның поэзиясында адам жанының нәзік қырлары, сезім мәдениеті, эстетикалық талғам ерекше көрініс табады. Абай адамның рухани сұлулығын табиғат сұлулығымен, махаббат сезімімен және адамгершілік құндылықтарымен байланыстыра отырып бейнелейді.

Абай дүниетанымындағы адам болмысы – күрделі әрі көпқырлы философиялық категория. Ақын адамды рухани кемелденуге ұмтылатын, ақыл мен жүрек үйлесімі арқылы жетілетін, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін тұлға ретінде қарастырады. Сондықтан Абай мұрасы адам табиғатын, оның рухани мүмкіндіктерін және адамгершілік құндылықтарын түсінудің маңызды кілті болып табылады. Абайдың адам туралы ілімі бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, ол қазіргі заманғы рухани дағдарыстар жағдайында адам болмысының мәнін қайта пайымдауға мүмкіндік беретін құнды философиялық мұра болып қала береді.

Абай Құнанбайұлының рухани-философиялық дүниетанымындағы ең терең әрі маңызды идеялардың бірі – «толық адам» концепциясы. Бұл ұғым ақынның адам болмысы туралы көзқарасының түйінді өзегі болып табылады. Абай үшін адам – жай ғана тіршілік иесі емес, рухани кемелденуге ұмтылатын, ақыл мен жүрек арқылы өз болмысын жетілдіре алатын тұлға. Сондықтан ақын адам өмірінің басты мақсаты – адамдық қасиеттерді дамыту, яғни рухани кемелдікке жету деп түсіндіреді. Ғалымдардың пікірінше, Абай ұсынған «толық адам» идеясы – адамның моральдық, интеллектуалдық және рухани дамуын біріктіретін тұтас антропологиялық жүйе.

Абай «толық адам» ұғымын адамгершілік пен рухани кемелдік ұғымдарымен тығыз байланысты қарастырады. Ақынның түсіндіруінше, толық адам – өз бойында әділет, мейірім, ар-ұят, адалдық, білім және имандылық сияқты қасиеттерді қалыптастырған тұлға. Мұндай адам қоғамға пайдалы, әділетті және парасатты бола алады. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде адамды рухани кемелдікке жеткізетін қасиеттер мен оған кедергі болатын мінездер анық көрсетілген. Ақын өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік және бекер мал шашпақ сияқты қасиеттерді адам болмысының рухани дамуына қарсы құбылыстар ретінде сынайды.

Абайдың толық адам туралы ілімі оның қара сөздерінде ерекше айқын көрініс табады. Мысалы, он жетінші қара сөзінде ақын адамның рухани болмысын құрайтын үш негізгі күш – ақыл, қайрат және жүрек туралы терең философиялық ой қозғайды. Бұл қара сөзде ақыл, қайрат және жүрек өзара таласып, қайсысының адам өміріндегі маңызы зор екенін дәлелдеуге тырысады. Соңында ғылым олардың үшеуін де қажет деп танып, бірақ жүректің жетекші болуы керектігін айтады. Бұл жерде Абай адам өмірінде тек ақыл немесе күш жеткіліксіз екенін, олардың бәрі жүректегі адамгершілік қасиеттермен үйлескенде ғана шынайы кемелдікке жеткізетінін көрсетеді [3, 47 б.].

Ақын бұл идеяны өзінің поэзиясында да көркем түрде бейнелейді. Оның «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» атты өлеңінде адам болмысының рухани құрылымы анық сипатталады:

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Бұл жолдар Абайдың адам туралы философиялық ілімінің қысқаша формуласы іспетті. Мұнда ақыл – танымның негізі, қайрат – әрекет күші, ал жүрек – адамгершілік пен мейірімнің қайнар көзі ретінде қарастырылады. Осы үш қасиеттің үйлесімі адамның рухани кемелдігін қалыптастырады.

Абайтанушы ғалымдардың ішінде бұл мәселені терең зерттеген ғалымдардың бірі – Мекемтас Мырзахметұлы. Ол Абайдың адам туралы философиялық жүйесін арнайы «Толық адам ілімі» деп атап, бұл ұғымды ақынның рухани мұрасының негізгі өзегі ретінде қарастырды. Ғалымның пікірінше, толық адам дегеніміз – рухани жағынан кемелденген, ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттері үйлесім тапқан тұлға. Мұндай тұлға тек жеке басының мүддесін ғана емес, қоғамның игілігін де ойлайтын жоғары деңгейдегі азамат болып қалыптасады [4, 51 б.].

Белгілі философ Ғарифолла Есім де Абайдың толық адам концепциясын қазіргі заман үшін аса маңызды рухани бағдар ретінде бағалайды. Ғалымның пікірінше, толық адамға тән үш негізгі қасиет бар: «нұрлы ақыл», «ыстық қайрат» және «жылы жүрек». Бұл үш қасиет адам бойында үйлесім тапқанда ғана тұлға шынайы адамгершілік деңгейіне көтеріледі. Ғарифолла Есімнің айтуынша, Абайдың бұл идеясы тек жеке тұлғаның дамуына ғана емес, тұтас қоғамның рухани жаңаруына бағытталған философиялық бағдарлама болып табылады [5, 218 б.].

Абайдың толық адам туралы ілімі шығыс философиясымен де байланысты. Шығыс мұсылман философиясында «кәміл адам» (әл-инсан әл-камил) деген ұғым бар, ол рухани кемелдікке жеткен адамды білдіреді. Абай осы идеяны қазақ дүниетанымымен ұштастырып, «толық адам» ұғымын қалыптастырды. Бірақ ол бұл ұғымды тек діни мағынада емес, адамгершілік, білім, мәдениет және қоғамдық жауапкершілік тұрғысынан кең мағынада түсіндірді. Сондықтан Абайдың толық адам концепциясы ұлттық философияның ғана емес, жалпыадамзаттық гуманистік ойдың маңызды бөлігі болып саналады.

Абайдың «толық адам» концепциясы – адамның рухани дамуын, моральдық жетілуін және қоғамдық жауапкершілігін біріктіретін терең философиялық ілім. Ақын үшін толық адам – білімді, әділетті, мейірімді, ар-ұятты жоғары қоятын және өз өмірін қоғам игілігімен байланыстыра алатын кемел тұлға. Бұл идея бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, рухани құндылықтар әлсіреген қазіргі заманда Абайдың толық адам ілімі адамзатқа бағыт беретін терең философиялық бағдар ретінде маңызын сақтап отыр.

Абай Құнанбайұлы шығармашылығының негізгі өзегі – адамгершілік мәселесі. Ақын адам өмірінің басты өлшемін материалдық байлықтан немесе әлеуметтік мәртебеден емес, адамның рухани мәдениетінен, мінез-құлқынан және ар-ұятынан іздейді. Абай үшін адамның нағыз қадір-қасиеті оның адамдық болмысында, яғни әділеттілікке, мейірімге, адалдыққа және парасаттылыққа ұмтылуында жатыр. Сондықтан ақын шығармаларында адамды тәрбиелеу, адам мінезін жетілдіру, рухани тазалыққа жетелеу идеясы ерекше орын алады. Абай адамгершілік мәселесін жеке тұлғаның ішкі дүниесімен ғана емес, бүкіл қоғамның рухани жағдайымен байланысты қарастырады.

Абайдың адамгершілік туралы ойлары әсіресе оның қара сөздерінде терең философиялық мазмұнда көрініс табады. Мысалы, отыз сегізінші қара сөзінде ақын адамның рухани дамуының негізі – жүрек тазалығы мен имандылық екенін ерекше атап өтеді. Абайдың пікірінше, адам бойындағы ең асыл қасиеттер – мейірім, әділет, рақым және ар. Егер адам осы қасиеттерді жоғалтса, онда оның адамдық болмысы әлсірейді. Ақын бұл жерде адамгершілікті тек моральдық қағида ретінде ғана емес, адамның рухани жетілуінің негізгі шарты ретінде қарастырады [3, 96 б.].

Сонымен қатар Абай он тоғызыншы қара сөзінде адамның ақыл-ойының қалыптасуы туралы маңызды ой айтады. Ақын адам дүниеге келгенде бәрін білетін болып тумайтынын, бірақ

өмір барысында көріп, естіп, тәжірибе арқылы білім жинайтынын атап көрсетеді. Осы арқылы Абай адамгершілік қасиеттер де тәрбиенің нәтижесінде қалыптасатынын көрсетеді. Яғни адам өз мінезін жетілдіру арқылы ғана шынайы адамдық деңгейге көтеріле алады. Бұл ой ақынның адам тәрбиесіне ерекше мән бергенін дәлелдейді.

Абай поэзиясында да адамгершілік мәселесі кең әрі терең бейнеленген. Мысалы, «Сегіз аяқ» өлеңінде ақын қоғамдағы моральдық құндылықтардың әлсіреуін сынға алады. Ол адамдардың бірін-бірі көре алмауы, жалған мақтанға әуестігі, пайдакүнемдікке ұмтылуы сияқты құбылыстарды өткір әшкерелейді. Бұл өлеңде Абай қоғамдағы рухани дағдарыстың себептерін көрсетіп қана қоймай, адамды адалдыққа, шынайылыққа және парасаттылыққа шақырады.

Абайдың адамгершілік философиясында әділет ұғымы ерекше орын алады. Ақын әділеттіліксіз қоғамның да, адамның да дамуы мүмкін емес екенін көрсетеді. Оның көптеген өлеңдерінде әділетсіздік, парақорлық, екіжүзділік сияқты қоғамдық құбылыстар қатты сынға алынады. Абайдың пікірінше, әділет – адамның ішкі рухани мәдениетінің көрсеткіші. Егер адам әділетті болса, онда ол өз әрекетінде адалдық пен жауапкершілікті сақтайды.

Ақын шығармаларында мейірім мен рақым да адамгершіліктің негізгі өлшемі ретінде сипатталады. Абай адамның жүрегінде мейірім болмаса, оның ақылы мен білімі де толық құндылыққа ие болмайтынын айтады. Сондықтан ақын адамның жүрек тәрбиесіне ерекше мән береді. Оның пікірінше, адамның жүрегі мейірімге, рақымға және сүйіспеншілікке толы болғанда ғана ол шынайы адамгершілік деңгейіне жетеді.

Абай шығармаларындағы адамгершілік мәселесі – ақын дүниетанымының ең маңызды қырларының бірі. Оның қара сөздері мен өлеңдерінде адам болмысының моральдық негіздері, адамның рухани жетілу жолы және қоғамдағы адамгершілік құндылықтардың маңызы терең талданады. Абай адамды ар-ұятты жоғары қоятын, әділетті, мейірімді және рухани бай тұлға ретінде қалыптастыруды мақсат етеді. Сондықтан ақынның адамгершілік туралы ойлары бүгінгі қоғам үшін де өз маңызын жоғалтпайтын, адамзаттың рухани дамуына бағыт беретін құнды философиялық мұра болып табылады.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы адам болмысының терең мәнін ашатын бірегей рухани-философиялық жүйе болып табылады. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінде адамның ішкі әлемі, ар-ұят, әділет, мейірім, білім мен рухани кемелдену мәселелері тұтас бір идеялық кеңістікте қарастырылып, тұлғаның адамдық деңгейге жету жолы терең пайымдалады. Абай дүниетанымындағы «толық адам» концепциясы – ақыл, жүрек және қайрат үйлесімі арқылы адамды моральдық және рухани кемелдікке жеткізетін гуманистік ілім. Осы тұрғыдан алғанда, «Абайды тану – адамды тану» деген тұжырым ақын мұрасының шынайы мәнін дәл бейнелейді, өйткені Абай шығармаларын зерделеу арқылы адам табиғатын, оның рухани мүмкіндіктерін және адамгершілік болмысының терең қабаттарын түсінуге болады. Сондықтан Абай ілімі – тек ұлттық руханияттың ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің биік құндылықтарын танытатын мәңгілік рухани бағдар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асроров А.А. Қазақ ұлтының рухани реформаторы Абай әдеби мұрасында адамгершілік пен нақышбандылық // Құтты білік. – 2025. – № 2(4). – Әдебиеттану бөлімі. – DOI: https://doi.org/10.71078/nhb2gh56
2. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2018. – 120 б.
3. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер: поэзия. – Алматы: Мектеп, 2007. – 248 б.
4. Мырзахметұлы М. Абай лұғаты. – Алматы: Өнер – XXI ғасыр, 2014. – 133 б.
5. Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 395 б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ЭКОКРИТИКА: АДАМ МЕН ТАБИҒАТ ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

Ж. Көшербаева, Б. Құрбаш, Е. Қалмажит
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенттері
Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Б.Е. Сыздықова

Аннотация

Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі экологиялық проблематика мен табиғатқа деген философиялық көзқарастың көркемдік-танымдық мәні қарастырылады. Зерттеу барысында экокритика, экологиялық дискурс, көркем экология және экологиялық сана сияқты теориялық ұғымдар негізге алынып, адам мен табиғат арасындағы өзара байланыс ұлттық дүниетаным аясында талданады. Абай Құнанбайұлының қара сөздері мысалында табиғат бейнесі адамның рухани және моральдық жауапкершілігінің өлшемі ретінде қарастырылады. Мақала әдебиеттің экологиялық тәрбие беру рөлін, көркем мәтіннің тәрбиелік, философиялық және психологиялық әлеуетін көрсетеді.

Кілт сөздер: экокритика, экологиялық дискурс, экологиялық сана, қара сөздер, көркем экология, антропоцентризм, әдеби экокритика.

Қазіргі әдебиеттануда экологиялық проблематика экокритика, экологиялық дискурс, көркем экология ұғымдары арқылы зерттеледі. Экокритика 1990-жылдары АҚШ-та Шерил Глотфелти мен Лоуренс Буэлл еңбектерімен ресми қалыптасты [1; 2]. Глотфелти экокритиканы «әдебиет пен физикалық орта арасындағы қарым-қатынасты зерттеу» деп анықтайды [1, p. 18]. Бұл бағыт адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты әдебиет арқылы зерттейді, бұл Абайдың қара сөздеріндегі табиғат бейнесі мен моральдық жауапкершілікті талдауға теориялық негіз береді. Ал экологиялық дискурс көркем мәтінде табиғатқа қатысты идеялар мен құндылықтардың жүйесін айқындайды. Экологиялық сана ұғымы адамзаттың табиғат алдындағы моральдық жауапкершілігін білдіреді. Қазақ әдебиетінде бұл бағыттар ұлттық дүниетаныммен сабақтасып, табиғатты тек эстетикалық объект емес, рухани-аксиологиялық құндылық ретінде танытады.

Дәстүрлі әдебиеттану көбінесе адам тәжірибесі мен әлеуметтік динамикаға назар аударады, ал табиғатқа аз көңіл бөледі. Экокритика керісінше, табиғатты талдау орталығына қойып, әдеби мәтіндердегі табиғат бейнесін, оның кейіпкерлер мен тақырыптарға әсерін зерттейді. Бұл тәсіл антропоцентрлік көзқарасты сынайды және адам мен адам емес тіршілік арасындағы байланысты толық түсінуге шақырады. Осыдан келіп экокритиканың негізгі принциптері айқындалады, атап айтқанда, біріншіден - экологиялық сананы қалыптастыру және тұрақтылық. Әдебиеттануда қоршаған ортаны сақтау және экологиялық тәрбие мәселелерін қарастыру маңызды. Бұл принцип әдеби шығармалардың табиғатты қорғау идеясын дәріптеу арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Екіншіден - әдебиет арқылы экологиялық әрекетке шақыру. Шығармалар оқырманға экологиялық сана қалыптастырып, адамдарды табиғатты қорғауға ынталандырады. Әдебиет тек эстетикалық немесе моральдық құрал ғана емес, сонымен қатар экологиялық тәрбие мен белсенділікке жол ашатын коммуникациялық ресурс болып табылады. Ал үшіншіден - мәдени, тарихи және саяси контексттерді зерттеу. Адам мен табиғат арасындағы қатынас мәдени, тарихи және саяси жағдайларға байланысты дамитыны зерттеледі. Бұл тәсіл әдебиеттегі табиғат бейнесін тек жеке көркемдік объект ретінде емес, адамзаттың экологиялық тәжірибесі мен көзқарастарының айнасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [1; p. 6].

Ерте кезден-ақ қазақ дәстүрінде экологиялық ой тыйым сөздер, мақал-мәтелдер, жыр-дастандар арқылы көрініс тапқан. Табиғатты бүлдіру – күнә, ал оны қорғау – адамгершілік парыз ретінде ұғынылған. Мысалы, көк шөпті жұлмау, ағаш сабағын үзбеу, көк шыбықты сындырмау сияқты тыйымдар тіршіліктің бастауына деген жауапкершілікті білдіреді. Көне ырымдарда былай делінеді: «Көк жұлсаң, көктей орыласың, қарғыс атады, өркеніңнен айырыласың, қанатыңнан майырласың, жыл уағында жетпей не өлесің, не өлімдей бір пәлеге қаласың». Бұл сөздер табиғатқа зиян келтірмеудің маңыздылығын айқын көрсетеді [2].

Сонымен қатар, қазақ дәстүрінде су қасиетті саналады. Бастау басына, бұлақ қасына дәретке отырмау, суға түкірмеу, ластамау сияқты ырымдар тіршіліктің бастауы – бұлақты қорғауға бағытталған. Бұлақ пен бастау барлық тіршіліктің атасы және жан-біткеннің анасы

ретінде қарастырылады. Егер адам осы қағидаларды бұзса, табиғаттың «қарызы» мен қарғысына ұшырайтынына сенген.

Осылайша, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы табиғатты қорғау мен оны қадірлеу мәдениетін ежелден қалыптастырған. Бұл дәстүрлі экологиялық сана кейінгі қазақ әдебиетінде де жалғасын тапты. А. Құнанбайұлы, М. Мақатаев, Ж.Жабаев, Қ. Мырза-Әлі, М. Шаханов, Т. Молдағалиев, Ғ. Жайлыбай сияқты ақындардың шығармаларында табиғат бейнесі тек эстетикалық объект емес, адамның рухани және моральдық жауапкершілігінің өлшемі ретінде суреттеледі.

Қазақ әдебиетіндегі табиғатқа деген философиялық көзқарастың көрнекті үлгілері Абайдың қара сөздерімен тығыз байланысты. Абай табиғатты адам өмір сүретін орта, еңбек ету кеңістігі және рухани үйлесімнің көзі ретінде қарастырады. Оның қара сөздерінде табиғат пен адам арасындағы терең байланыс, адамның табиғатқа деген жауапкершілігі философиялық тұрғыдан пайымдалады.

Мәселен, Жетінші қара сөзде Абай адамның жан-тән табиғатын сипаттай отырып, адам баласының білімге, дүниені тануға деген табиғи ұмтылысын айқындайды:

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып... «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [3, 87] – деген жолдарда адамның дүниені тануға деген табиғи ынтасы, яғни жан құмары айқын суреттеледі. Бұл қара сөздегі кеңістікте адам табиғаттан бөлінбейді, керісінше, оның бір бөлшегі ретінде танылады. Осы көріністер арқылы Абай адамның табиғатпен үйлесімде өмір сүру қажеттігін аңғартатын философиялық тұжырым жасайды. Мұнда антропоцентризмнен гөрі биоцентрлік көзқарас басым. Лоуренс Буэлл экологиялық тұрғыдан бағытталған мәтіннің негізгі белгісі ретінде «адам емес тіршіліктің мәтінде тек фон ретінде ғана емес, дербес болмыс ретінде суреттелуін» атайды [2, p. 7]. Абайдың Жетінші қара сөзіндегі тән мен жан диалектикасы осы өлшемге сай келеді. Мысалы табиғат (тән) адамның жанына «қонақ үй» болады, яғни табиғат дербес онтологиялық мәртебеге ие. Бұл Буэллдің «environmental imagination» – «экологиялық қиял» ұғымының қазақ прозасындағы нақты көрінісі [2, p. 2]. Ал Абайдың Жиырма сегізінші қара сөзі қазақ әдебиетіндегі терең философиялық мазмұнымен және экзистенциялық ойларымен ерекшеленеді. Аталған шығармада ақын-ойшыл табиғат, адам, өмір мен тағдыр категорияларын өзара сабақтастыра отырып, адамның рухани болмысы мен дүниелік құндылықтарға тәуелділігін сын тұрғысынан пайымдайды. Қара сөзде экология мәселесі тікелей көрініс таппағанымен, адам мен табиғаттың өзара байланысы философиялық деңгейде көтеріліп, экологиялық ойлаудың терең қабаттары айқындалады:

«Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса... бұлар неліктен десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан яки бұйрығынша болған іс деп... Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар» [3, 114].

Қара сөздің алғашқы жолдарында («Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес») табиғаттың физикалық тұрғыдан өткінші, ал адамның рухани болмысының мәңгілік екендігі туралы идея алға шығады. Мұндағы табиғат ұғымы биологиялық орта ғана емес, фәни дүниенің символы ретінде қолданылып, онтологиялық категория дәрежесіне көтеріледі. Ал адам – тек тән емес, рухани субъект, оның мәңгілігі артында қалдырған сөзі мен ойында сақталады. Бұл көзқарас экологиялық антропологиядағы рухани жауапкершілік ұғымымен үндес келеді.

Абай «мен» және «менікі» ұғымдарын қарама-қарсы қойып, адамның дүниеге тұтынушылық, меншіктік қатынасын сынға алады. Бұл жерде ақын қазіргі экологиялық теорияда кеңінен қолданылатын антропоцентристік көзқарастың қауіптілігін интуитивті түрде ашып көрсетеді. Адам өзін табиғаттан жоғары қойып, оны тек иелену объектісі ретінде қарастырғанда, рухани дағдарысқа ұшырайды. Буэлл экологиялық мәтіннің үшінші белгісі ретінде «табиғат алдындағы адамның жауапкершілігін мәтіннің этикалық бағыты» деп атайды [2, p. 7–8]. Дәл осы белгі Абайдың Жиырма сегізінші қара сөзінде айқын: адам «Алла берген» деп жалтаруды доғарып, өз іс-әрекетінің жауапкершілігін мойнына алуы тиіс. Осылайша қара сөзде табиғатты тек пайдалануға бағытталған қатынасқа қарсы философиялық қарсылық білдіріледі.

Қара сөздің екінші бөлімінде дүниеге шектен тыс бой алдырған адамның рухани күйреуі бейнеленеді. Дүниелік қызығушылықтардың соңынан еру, фәни мен бақидың арасындағы тепе-теңдікті жоғалту – адам мен табиғат арасындағы үйлесімнің бұзылуымен астасып жатыр. Абай «дүниеге дос, ақиретке бірдей болмас» деп, экологиялық этикадағы баланс ұғымын адамгершілік өлшемдермен байланыстырады.

Қорыта айтқанда, қара сөзде адам тек табиғатты тұтынушы емес, оның моральдық тұрғыдан жауапты бөлшегі болуы тиіс. Терең ойға жетелейтін бұл шығармада экология мәселесі тікелей айтылмаса да, адамның табиғатқа және өмірге деген көзқарасының рухани негіздері көркем түрде пайымдалады. адамның табиғатқа және өмірге деген көзқарасының рухани негіздері көркем түрде пайымдалады. Абай дүниетанымында табиғат – өткінші кеңістік, ал адамдық парыз – мәңгілік рухани құндылықтарды сақтау.

Қорытындылай келе, экологиялық тәрбиенің қажеттілігі қазіргі қоғамда ерекше маңызға ие. Осы тұрғыда көркем әдебиет экологиялық сананы қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Әдеби шығарма табиғатты тек суреттеп қана қоймай, адамды ойлануға, жауапкершілікке шақырады, экологиялық апаттардың салдарын алдын ала ескертеді.

Қазақ әдебиетіндегі экологиялық проблематика ұрпақ санасына табиғатқа ұқыпты қарау, оны қорғау, болашақ алдындағы жауапкершілік идеяларын сіңіреді. Бұл әдебиеттің тәрбиелік, философиялық және әлеуметтік функциясын айқындайды. Абай Құнанбайұлының қара сөздері экологиялық сананың философиялық-прозалық негізін қалыптастырып, адам мен табиғат арасындағы үйлесімді қатынасты дәріптейді. Сондықтан қазақ әдебиетін экологиялық тұрғыдан зерттеу – қазіргі әдебиеттанудың өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Glotfelty, Ch., Fromm, H. (eds.) The Ecocriticism Reader: Landmarks in Literary Ecology. – Athens: University of Georgia Press, 1996. – 456 p.
2. Қастай Д. Табиғатқа қатысты ырым-тыйымдар / https://martebe.kz/
3. Құнанбайұлы А. Өлеңдер, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.
4. Құнанбайұлы А. Шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2003. – 296 б.
5. Buell, L. The Environmental Imagination: Thoreau, Nature Writing, and the Formation of American Culture. – Cambridge: Harvard University Press, 1995. – 586 p.
6. Garrard, G. Ecocriticism. – London: Routledge, 2012.

ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Х.П. Равшанбекова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
А.Ж. Абдикадирова

Аннотация

Ұсынылып отырған мақалада қазақ шешендік сөздерінің пайда болуы мен тарихи қалыптасу жолдары зерттеліп, олардың адамгершілік мазмұны туралы сөз болады. Шешендік мұра ауыз әдебиетінің немесе таза тілдік нысанның шеңберінен шығып, қоғамдық сана-сезімді қалыптастыратын, дәстүрлі-құқықтық тетіктерді іске асыратын және халықтың рухани-адамгершілік дүниетанымымен терең сабақтас мәдени құбылыс ретінде пайымдалады.

Кілт сөздер: шешендік сөздер, зерттелу тарихы, ұлттық мұра, фольклортану, шешендік дискурс, билер институты, тілдік мәдениет.

Кіріспе

Халықтың рухани байлығы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ауызша дәстүрде жатыр. Қазақ мәдениетінде сөздің мәртебесі ерекше биік болды: ол тек пікір алмасу тетігі ғана емес, тәрбие

берудің, қоғамдық пікірді бағыттаудың және ел ішіндегі тәртіпті сақтаудың басты тірегі ретінде танылды. Шешендік сөздер – жай ғана сөз шеберлігінің нысаны емес, халықтың этикалық принциптерін, дүниетанымдық ұстанымдарын және тарихи санасын бойына сіңірген ерекше мәдени кеңістік.

Бүгінгі ғылымда риторика мен шешендік дәстүрді зерттеу өзекті бағытқа айналып отыр. Мұның өзі тарихи деректерге, этнографиялық мәліметтерге, фольклорлық үлгілерге жүйелі жүгінуді міндеттейді. Қазақтың шешендік дәстүрі – ешбір жазба деректің жетегінсіз-ақ ғасырлар бойы халық жадында тіршілік етіп, ауызша жол арқылы таралып, тыңдаушы жүрегіне жол тапқан сөз өнері.

Зерттеу аясында шешендік сөздердің ғылыми айналымға түсуін, XII ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейінгі кезеңдер бойынша жүйеленіп, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері салыстырмалы талдауға алынады. Сонымен қатар шешендік дискурстық идеялар – адамды ардақтау, әділдік, ізгілік жүйесіндегі орны нақтыланып, жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы айқындалады. Алынған ғылыми тұжырымдар шешендік мұраның тарихи-мәдени жады үшін ерекше мәнге ие.

Осы мақаланың мақсаты – қазақ шешендік сөздерінің ғылыми зерттелу тарихын кезең-кезеңге жіктей отырып, олардың тарихи қалыптасуын, мазмұнын және зерттеудің болашақ бағыттарын белгілеу болып табылады.

Негізгі бөлім

Қазақтың шешендік сөздері – ұлттың тарихи санасы мен рухани тәжірибесін бойына жинақтаған ерекше мәдени құбылыс. Бұл мұраның қалыптасуы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымымен, дәстүрлі құқықтық жүйесімен және дүниетанымдық ұстанымдарымен тікелей байланысты. Шешендік сөздер тек көркем ойдың көрінісі емес, сонымен бірге қоғамдық қатынастарды реттеудің тиімді тетігі ретінде қызмет атқарған. Әсіресе билер институты аясында қалыптасқан шешендік дәстүр халық арасындағы даулы мәселелерді әділ шешуге бағытталған маңызды құрал болды [1, 121 б.].

Шешендік сөздердің құрылымдық сипатына назар аударсақ, олардың ықшамдылығы мен мазмұн тереңдігі бір-бірімен үйлесім табатынын байқауға болады. Мұндай мәтіндерде артық сөз болмайды, әрбір ой нақты әрі дәл жеткізіледі. Сонымен қатар, бейнелі сөз оралымдары мен астарлы мағыналар арқылы тыңдаушыға әсер ету күшейеді. Бұл ерекшеліктер шешендік сөздердің тек эстетикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік-практикалық қызмет атқарғанын көрсетеді.

Зерттеулерге сүйенсек шешендік өнердің бастауы Көне Грекиядан бастау алады. Шешендік өнердің қалыптасуы мен дамуы қоғам қажеттілігінен туындаған заңды құбылыс болып табылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеу қоғамдық ойды жеткізу, дау-жанжалды әділ шешу қажеттілігі сөз өнерінің маңызын арттырды. Осы тұрғыдан алғанда шешендік өнер қоғам өмірінде маңызды қызмет атқарып, халықтың ой санасын қалыптастыруда, бірлігін нығайтуда ерекше рөл атқарды. Кейінен бұл дәстүр Рим республикасында жалғасын тауып, шешендік өнер, құқық, саясат және білім беру салаларында ерекше мәнге ие болды.

Қазақтың шешендік дәстүрінің тарихи бастауын нақты бір күн мен, жылмен белгілеу мүмкін емес, себебі ол жазба емес, ауызша мәдениет аясында пайда болып дамыды. Дегенмен ғылымда XII–XIII ғасырлар шешендік өнердің алғашқы белгілі өкілдерінің дәуірі ретінде қалыптасқан. Осы кезеңнің символдық тұлғасы – Майқы би.

Майқы бидің есімі халық жадында «Түгел сөздің түбі бір – түп атасы Майқы би» деген ұжымдық нақылмен сақталған. Бұл сөз тізбегі терең мәні бар ерекше құбылыс: онда Майқы би жеке тұлға ретінде ғана емес, барлық шешендік сөздің түпкілікті үлгісі, бастауы ретінде бейнеленген. Яғни халықтың тарихи санасында ол жеке шешен емес – шешендік дәстүрдің негізгі бейнесіне айналған.

Сол дәуірдің тағы бір белгілі өкілі – Аяз би. Оның «Аяз әліңді біл, Құмырсқа жолыңды біл» деген нақыл сөзі – тек тілдік безендіру емес, терең танымдық мәні мен мазмұны бар тұжырым. Онда өзін-өзі тану, өз болмысын түсіну, шамасын білу және тіршіліктің ырғағымен үйлесу – өмір философиясының үш тірегі ретінде берілген. Аяз бидің нақылдары – шешендік өнер мен халықтық даналықтың тамаша тұтас жүйесі [1, 12 б.].

Бұл алғашқы кезеңнің шешендері шын мәнінде жан-жақты тұлғалар болды: олар бір мезгілде сот, философ, ақылгөй және педагог қызметтерін атқарды. Шешендік сөздердің алғашқы бастауы дәл осы кезеңнен түлеп, әрі қарай дамып өркендей түсті.

XIV–XVI ғасырлар қазақ шешендік өнерінің жанрлық жағынан байып, мазмұны тереңдей түскен кезеңі болды. Бұл дәуірде Асан Қайғы мен Жиренше шешеннің есімдері ерекше орын алады – олардың шығармашылығы шешендік сөздің жаңа сапалық деңгейге жеткенін көрсетеді.

Асан Қайғы (шамамен XV ғ.) – жырау-шешен. Оның толғаулары мен болжам сөздері тек шешендік шеберлікті ғана емес, болашақты болжау, халықтың тағдыры туралы терең толғаныс-ойды да қамтыды. «Жерұйық» іздеуге байланысты аңыздар оны утопиялық философтың, идеал қоғамды армандаушының бейнесімен сомдайды. Осы ерекшелік арқылы Асан Қайғының шешендігі тарихи-философиялық сипат алды.

Жиренше шешен болса дәстүрлі халық аңызында Асан Қайғыдан мүлдем басқа тұлға ретінде танылады: аңыз бойынша Жиренше шешен екі түрлі адам кейпінде суреттеледі біріншіден тапқыр, сарказмға бейім, хан сарайында да шындықты ашық айтатын батыл шешен десек, тағы бір деректерде Жәнібек хан тұсында өмір сүріп, Қазақ хандығын құруда ханға ақыл кеңесін айтып бағыт-бағдар беріп жол көрсетіп отырған деген тұжырымдар бар. Жиренше сөздерінде тапқырлық пен ой тереңдігі, бейнелі метафора мен ауытқымас логика бір-бірімен табиғи үйлесім табады [1, 13 б.].

Осы кезеңдегі маңызды өзгеріс – шешендік сөздің қызметтік аясының кеңеюі. Егер бұрын шешендік сөздер негізінен дауларды шешуге қызмет еткен болса, XIV–XVI ғасырларда ол тарихи оқиғаларды жеткізу, ұлттық болмысты бейнелеу және болашақ туралы ой толғау мақсаттарына да бейімделді.

Қазақ шешендік өнерінің тарихындағы ең жарқын кезең – XVIII ғасыр. Бұл жүзжылдықты «үш бидің дәуірі» деп атауда ғылыми негіз бар: Төле би Әлібекұлы (1663–1756), Қазыбек би Келдібекұлы (1667–1764) және Әйтеке би Байбекұлы (1682–1766) – осы үш тұлға шешендік өнерде де, мемлекет басқаруда да, халықаралық қатынастарда да бірдей биік мәртебеге жетті. Билер дәуірінде Жеті жарғы заңы құрылып, билердің беделі артып, осы заң аясында халықты еркіндікке бейбітшілікке үндеді. Төле бидің шешендік мұрасында ұлтжандылық пен адамгершілік идеялары байланысы мен үйлесімін сақтай отырып ұштасады. Оның сөздерінде «Туған жердің топырағы – алтын да, күміс те», «Ел намысы – ер намысы» сынды нақылдар ұлттық сананы нығайтудың риторикалық формулаларына айналды. Сонымен бірге Төле би қазақ мүддесін қорғаған, өз ойын дәл айқын жеткізетін шешен ретінде де тарихта қалды. Қазыбек бидің ерекшелігі – оның жоңғар ханы Қалдан-Церенге тікелей айтқан шешендік сөздерінде байқалады. Жауынгер хан алдында «Біз қазақ деген мал баққан елміз» деп бастаған сөзінде Қазыбек би халқының тарихи болмысын, жаугершілік рухын және бейбітшілікке деген ұмтылысын бір мезгілде жеткізді. Қазыбек би әділдік пен даналықтың тірі символы оның ойы өткір, сөздері қаздай нақтылы болған. Әйтеке бидің мұрасы негізінен татулық, бірлік, ерлік және дау жанжалды бейбіт жолмен шешу тақырыптарымен байланысты. Оның «Бірлік болмай тірлік болмас», «Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін» сынды нақыл сөздері бірлікті, ерлікті, татулықты дәріптеудің нақты үлгілері болып табылады [1, 14 б.]. Үш бидің тарихи маңызы тек олардың шешендік шеберлігімен шектелмейді. Олар – шешендік пен мемлекеттік ойдың, тіл өнері мен саяси әсерді күшейтудің шыңына жеткен тұлғалар. Бұл үш бидің шешендік мұрасы бүгін де тек тарихи ескерткіш емес – тіршіліктің кез келген кезеңінде маңызын жоғалтпаған құнды қазына.

XIX ғасырда шешендік мұраны жинастырып жазбаша көшіру жұмысы бірте-бірте қолға алынды. Бұл процестің алғышарттары екі бағыттан келді: біріншіден, орыс этнографтары мен зерттеушілерінің қазақ ауыз әдебиетіне деген ғылыми ынтасы; екіншіден, жаңа зиялы ұрпақтың ұлттық мұраны сақтауға деген ішкі мотивациясы.

Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Г.Н. Потанин, В. Радлов, А. Янушкевичтер қазақтың шешендік өнерін арнайы зерттемесе де, олардың жазғандары, жол-жөнекей байқағандары маңызды дерек болып табылады [1, 18 б.].

Қазақ шешендік мұрасын ғылыми тұрғыдан тіркеп-жазу XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Осы алғашқы кезеңнің ерекшелігі – зерттеушілер қатарында, негізінен, ресейлік ғалымдар мен далалық экспедицияға қатысушылардың болуы. Олар қазақ тіршілігімен тікелей танысу барысында халықтың ауызша сөз мұрасына бөлек назар аударды және жинаған материалдарын жарыққа шығарып, кейінгі ізденістерге деректік тіреу болды.

Түрколог тар В.В. Радлов пен П.М. Мелиоранский да осы кезеңде қазақ ауызша мұрасының нұсқаларын белсенді жинастырды. Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты іргелі жинағы қазақ фольклорының бірқатар мысалдарын ғылыми айналымға алғаш енгізді. Бұл

еңбектердің маңызы – шешендік сөздер туралы алғашқы салыстырмалы сипаттамалардың берілуінде.

Ахмет Байтұрсынұлы шешендік сөздерді жанрлық жіктеме тұрғысында қарастырды. Қазақтың шешендік сөздерін ғылыми жүйе ретінде тұңғыш рет толыққанды зерттеп, теориялық тұрғыдан игерген тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937). Оның «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегі қазақ гуманитарлық ғылымында іргелі монографиялық зерттеу ретінде бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ [2].

Байтұрсынұлы шешендік сөздерді қызметтік белгілеріне қарай бес категорияға жіктеді: саясат шешен сөзі (мемлекеттік мәселелерді талқылауға арналған); билік шешен сөзі (сот-заңгерлік аяда айыпты ақтау немесе айыптауға арналған); қошемет шешен сөзі (тұлғаның ерлігі мен еңбегін халық алдында мадақтауға арналған); білімір шешен сөзі (зиялылар мен ғалымдардың пәндік мазмұндағы сөздері); уағыз, діни шешен сөзі (ислами уағыздар мен дін ғұламаларының сөздері). Бұл жіктеме шешендік сөздердің тек эстетикалық емес, тәрбиелік және құқықтық функциялары бар дамыған жанрлар жүйесі екенін ғылыми тұрғыдан алғаш дәлелдеді.

Байтұрсынұлының ғылыми тәсілінің ерекшелігі – ол шешендік сөздерді жіктеп қана қоймай, олардың әрқайсысына нақты мысалдар беріп, ой мен форманың арасындағы байланысты талдады. Бұл тәсіл арқылы «шешендік сөз» ұғымы нақтылық, дәлдік, тапқырлық және тыңдаушыға әсер ету, ықпал ету қабілетінің бар екенін айқындайды.

Мұхтар Әуезов (1897–1961) шешендік мұраны тарихи-мәдениеттанулық мәнмәтін негізінде зерттеудің іргелі үлгісін қалдырды. Оның «Әдебиет тарихы» еңбегінде шешендік сөздер жеке жанрлық зерттеу нысаны ретінде ғана емес, халықтың рухани дүниесін тұтасымен сипаттайтын мәдени-тарихи дерек ретінде де қарастырылды .

Әуезовтің ғылыми тұрғысының ерекшелігі – ол шешендік сөздерді халықтың тұтас дүниетанымдық жүйесінің бір буыны ретінде қабылдайды. Яғни шешен сөзін оның нақты тарихи, әлеуметтік және мәдени мәнмәтін негізінде бөліп зерттеу мүмкін емес – бұл Әуезовтің жанама элементтерді анықтау әдістемелік тәсілі болды. Бұл тәсіл бүгінгі мәнжазбалық пен идеяның немесе құбылыстың мәнін түсіндіру мен мәдени қоғамдағы рөлін талдау идеяларымен үндеседі [3, 240 б.].

Әуезовтің шешендік мұраға деген ғылыми ынтасы оның бүкіл шығармашылық тұлғасымен байланысты. «Абай жолы» романында шешендік сөздер тек түпнұсқа ретінде емес, кейіпкерлердің рухани болмысын ашатын негізгі тетік ретінде қолданылады. Бұл шығармашылық тәжірибе Әуезовке шешендік мұраны «іштен» – тіршілік нысаны ретінде – тануға мүмкіндік берді.

Қазақ шешендік сөздеріне көңіл бөліп, пікір айтқан – Сәкен Сейфуллин болды. Ол өзінің «Қазақ әдебиеті» атты кітабында шешен, билердің әлеуметтік қызметтерін, шешендік сөздердің ауыз әдебиетінде алатын орнын анықтап, бірсыпыра нұсқаларын жариялады. С.Сейфуллин шешен-билерге түгелдей үстем таптың өкілдері деп қарады.

Одан кейін қазақ шешендік сөздерін арнайы зерттеген – Әмина Мәметова. Ол өзінің «Қазақтың шешен билерінің сөздері және қазақ әдебиетіндегі оның орны» атты кандидаттық диссертациясында белгілі қазақ билерін атап, оларды халық қамқоры, оларға айтылған қарсы пікірлерді еңбекші халықтың пікірі деп санаған [1, 19 б.].

Балтабай Адамбаев (1922–2001) – қазақтың шешендік өнерін ең толыққанды монографиялық деңгейде зерттеген ғалым. Оның «Қазақ шешендік өнері» атты еңбегі жанрлық, тарихи және қызметтік талдаудың біртұтас синтезі болып табылады.

Адамбаев шешендік сөздердің жанрлық алуандығын жан-жақты саралады: арнау сөздер (белгілі бір тұлғаға немесе оқиғаға бағытталған), толғаулар (философиялық терең ойлы сипаттағы монологтар), дау шешу сөздері (құқықтық функциядағы сөздер), нақыл сөздер (нақты ойлы сөздер, құрылымдық формулалар). Мұндай айырмашылықты айқындай отырып шешендік мұраны тарихи ескерткіш ретінде ғана емес, жанрлық жүйе ретінде зерттеуге жол ашты. Балтабай Адамбаевтың шешендік сөздерге байланысты 1967 жылдан бастап біраз еңбектері жарық көре бастады: «Қазақтың шешендік өнері» (1984), «Алтын сандық» (1989), «Шешендік өнер» (1990, 1999) т.б еңбектері.

Балтабай Адамбаевтың «Қазақ шешендері» атты еңбегінде ғалым шешендік сөздерді мынадай дәуірлерге бөліп қарастырады: 1) Алғашқы кезең: XII-XIII ғасырлар; 2) Орта кезең: XIV-XVI ғасырлар; 3) Гүлдену кезеңі: XVIII ғасыр; 4) Жазба дәуірі: XIX-XX ғасырдың басы [1].

Адамбаев зерттеулерінің тағы бір маңызды жетістігі – билер институтын жеке зерттеу нысанына айналдыруы. Ол билерді тек «ақылды адам» немесе «сот» ретінде емес, шешендік дәстүрдің өзіне тән мектебі бар, арнайы кәсіби дайындықтан өткен тұлғалар ретінде суреттеді. Бұл

тұжырым – билер институтының тарихи тұрмыс тіршілігіне байланысты зерттеулердің жаңа серпіні [1, 280 б.].

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қазақтың шешендік өнерін зерттеу жаңа ғылыми үлгіге бейімделді. Бірнеше іргелі еңбек осы жаңа ізденістердің жемісі болды.

С. Негимов «Шешендік өнер» атты еңбегінде қазақтың шешендік дәстүрін жан-жақты зерттеп, би-шешендердің мұрасына тоқталады. Серік Негимовтың пікірінше, ұлттық шешендік өнер ғылымының тарихы «Шығыстың Аристотелі» атанған ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабиден басталады. Әл-Фараби өз еңбегінде шешендік сөйлеу барысындағы маңызды дағдыларды жүйелейді: кез жеткізу, көкейге ұялату, ұғып тыңдау, дәлелді пікір айту, шынайы көзқарас, тиянақты білім, сөйлеушінің бет-жүзі мен қимыл-әрекеті сияқты ұғымдарды жіктеп, түсіндіреді [4].

Б. Қалимұқашеваның «Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер» атты еңбегі шешендік дағдыларды жалпы білім беру жүйесінде қалыптастырудың педагогикалық технологиясын ұсынды. Автор тілдік құзыреттілікті дамытудың нақты дидактикалық жолдарын теориялық тұрғыдан негіздеп, практикалық бағыттарын ашты [5].

Г. Қосымованың «Қазақ шешендік өнерінің негіздері» атты зерттеуі шешендік сөздің құрылымдық архитектурасын, мазмұндық жүйесін және ұлттық мәдени контексіндегі орнын жан-жақты зерделеді. Бұл монография шешендік өнерге деген жүйелі теориялық ойдың дамуын көрсетеді [6].

Б. Қапасованың «Тіл мәдениеті. Шешендік өнер» оқулығы теориялық принциптер мен практикалық дағдыларын жетілдіруге бағытталып, шешендік өнерді игерудің нақты алгоритмдерін жасады [7].

Г. Смағұлованың «Шешендік сөздердің дискурсы» еңбегі осы зерттеулер ішіндегі ең жаңашыл тәсілді – дискурстық талдауды – қолдана отырып, шешендік мәтіндерді қолдану және қарым-қатынас құралы ретінде ғылыми тұрғыдан ашты [8].

Осы заманауи зерттеулерде ортақ бір тенденция бар – шешендік өнерді тек мұра ретінде емес, тірі байланыстық жүйе ретінде қарастыру ұмтылысы. Бұл ұмтылыс дұрыс бағыт: егер шешендік сөзді тек этнографиялық туынды ретінде бекітіп қойсақ, оның жандылығы мен өзектілігін жоғалтып аламыз.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін жинақтай отырып, мынадай тұжырымдар жасауға болады. Шешендік өнер – адамзаттың ортақ мәдени жетістігі, оның эволюциясы Антикалық Грекиядан бастап, Рим, Ресей арқылы жалғасып, әр мәдениетте ұлттық ерекшеліктермен байыды. Қазақтың шешендік мұрасы осы дүниежүзілік контексттің ажырамас бөлігі бола тұрып, өзіне ғана тән – ауызша дәстүр, билер институты, дәстүрлі құқықтық сипаттарымен ерекшеленеді.

Екіншіден, қазақтың шешендік дәстүрін кезеңдік даму тұрғысынан былайша сипаттай аламыз: XII–XIII ғасырлардағы синкретикалық алғашқы кезеңнен бастап, XIV–XVI ғасырлардағы жанрлық байыту кезеңі арқылы XVIII ғасырдың алтын дәуіріне дейін жалғасқан бұл үдеріс кездейсоқ емес, ішкі логикалық заңдылықтарға негізделген табиғи даму ретінде қарастырылады.

Үшінші тұжырым: Шешендік мұраны ғылыми игеру Байтұрсынұлының жанрлық жіктемесінен бастап, Әуезовтің мәдениеттанулық тұжырымдамасында, Адамбаевтың жүйелі монографиялық зерттеулеріне және қазіргі дискурстық, педагогикалық зерттеулерге дейін жеткен ғылыми мектепті қалыптастырды.

Қазақтың шешендік мұрасы – бұл халықтың тіл арқылы айтқан өмір философиясы. Оны зерттеу тек ғылыми міндет емес – ол ұлттық болмысты тереңірек ұғынудың, руханиятты жаңғыртудың және XXI ғасырдың гуманитарлық ойына нақты үлес қосудың жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адамбаев Б. Қазақ шешендері. – Алматы: Білім, 2014. – 319 б.

2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 206 б.

3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

4. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 206 б.

5. Қалимұқашева Б. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер: оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2016. – 167 б.

6. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері: оқу құралы. – Алматы: Білім, 2003. – 258 б.

7. Қапасова Б. Тіл мәдениеті. Шешендік өнер: оқулық. – Алматы: Дәуір, 2014. – 223 б.
8. Смағұлова Г. Шешендік сөздердің дискурсы: оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2008. – 182 б.

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ МЕН ПОЭТИКАСЫ

Г. Сабырхан
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.С. Рахимов

Аңдатпа: Қазақ халқының рухани мұрасында шешендік сөздер өте ерекше орын алады. Шешендік өнер бұл қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибиесін, дүниетанымы мен өте терең әлеуметтік көзқарасын бейнелейтін өнер түрі. Бұл мақалада шешендік сөздердің типологиясын және поэтикалық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан қарастырылады. Зерттеу барысында шешендік сөздердің негізгі түрлеріне талдау жасалып, құрылымдық жағы мен мазмұндық сипаты анықталады. Сондай-ақ шешендік сөздердің тәрбиелі және танымдық қызметі талдана отырып, оның бүгінгі білім беру жүйесіндегі орны көрсетіледі.

Кілт сөздер: шешендік сөздер, типология, поэтика, қазақ ауыз әдебиеті, көркемдік тәсілдер, ұлттық мұра.

Қазақ халқы ежелден-ақ аталы сөзге тоқтаған халық. Мұның себебі, қазақ халқының рухани әлемінде сөз қадірі ерекше жоғары бағаланып, «Өнер алды-қызыл тіл», «Су-жүйесін табады, сөз-иесін табады», «Ақыл мен ойдың көркі-тіл, тілдің көркі-сөз» - деген сынды мақалдар сонау замандардан бері айтылып келе жатқандығынан көрінеді. Дана халқымыз сөздің қасиеті бар деп санаған, сөзге тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ақылдың айнасы, парасаттың өлшемі, қоғамдағы әділеттілік пен тәртіптің кепілі ретінде қараған. Сондықтан да қазақ мәдениетінде шешендік өнері айрықша бағаланған. Халқымыздың сан-ғасырлық өмір тәжірибиесі, салт-дәстүрі мен дүниетанымы да көбіне ауызша айтылған даналық сөздер арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауысып, беріліп отырған. 13 жасында мыңдаған қазақ тұтқынын алып бара жатқан Қалден Серенге қасқайып тұрып: «Біз қазақ мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Жеріміздің шетін жау баспасын деп, жылқы қылын найзаға таққан елміз» - деп Қазыбектей сол кездегі балаң жігіттің осы бір сөзі арқылы халықты құлдықтан азат етуінің өзі сөз қадірін қазақ халқының еңкейген қариядан, еңбектеген балаға дейін қадір тұтқанын дәлелдейтіндей.

Шешендік сөздер-өмірлік маңызы бар рухани мұраның ең көрнекті үлгісі. Қазақ ауыз әдебиетінің ең бай әрі ой мен тіл шеберлігінің үйлесімін танытатын ерекше жанрлардың бірі. Шешендік сөздер қазақ қоғамында белгілі бір дауды немесе көпшіліктің алдында пікірін білдіру үшін ғана емес, халықтың философиялық ойлау жүйесін, адамгершілік қағидаларын да бейнелейтін сипатқа ие болған. Шешендік сөздердің негізінде халқымыздың даналығы, логикалық ойлау қабілеттері мен тапқырлық қасиеті де дамыған. Бүгінде осы бір өнердің негізінде біз халқымыздың ауыз әдебиетіне соншалықты бай болғандығын, өздері өмір сүріп отырған заманға деген көзқарасын, пікірін, толғамы мың сан тарихын да оқып, біліп, аңғара аламыз [1, 83 б].

Осындай бай мұраны зерттеу, зерделеу жұмыстары XIX ғасырдың екінші жартысында басталды. Бұл кезеңде халқымыздың тарихына, тілі мен ауыз әдебиетіне қызығушылық танытқан орыс және қазақ ғалымдары халық мұраларын жинай отырып, оны хатқа түсіру, орыс тіліне аударма жасау жұмыстарымен белсене айналысты. Алғашқылардың бірі болып халық ауыз әдебиетіне, соның ішінде шешендік сөздерге қызығушылық танытқан қазақтан шыққан тұңғыш этнограф-ғалым- Шоқан Уәлиханов болған еді. Ғалым халық ауыз әдебиетінің ішіндегі шешендік сөздердің соның ішінде билердің тапқыр сөздерін, нақылдарын жазып алып, олардың тарихи және мәдени мәнін түсіндіруге тырысты. Ғалым қазақ қоғамындағы билер институтының мәнін ашып көрсетті. Әсіресе ғалымның «Сот реформасы туралы жазбалар» атты еңбегінде қазақ қоғамындағы билер сотының қызметі, олардың шешендік өнері мен сөз мәдениеті туралы құнды пікірлер берілген. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов секілді ғалымдар өз кезегінде шешендік сөздерді жинастырып, философиялық сипатын түсіндіруге ат салысса, ал кейіннен Ә. Мәмбетова, Б.Адамбаев секілді ғалымдар да шешендік сөздердің зерттелуіне өз үлестерін қосқан болатын [2, 104 б].

Шешендік өнер өз ішінен 5-топқа жіктеледі. Бірінші «ел құрасқан шешендер» тобына:

1. XII-XIII ғасырларға тән Майқы би мен Аяз биден бастау алған шешендік өнер;
2. XIY-XYI ғасырлар аралығы Асан қайғы мен Жиреншенің кезеңі;

«Ел қорғасқан шешендер тобына» біз келесі шешендер мен билерді жатқызамыз:

3. XVIII-XYI ғасырлар аралығында Төле би, Әйтеке би, Қазыбек билер дәуірі;
4. XYI ғасыр Байдалы, Әз Жәнібек, Тіленші би, Шалқар би, Тарақты Тұяқ секілді би-шешендер дәуірі;
5. XIX ғасыр Махамбет, Сырым би, Тұрысбол, Бала би секілді би-шешендер дәуірі.

Ал қоғам қайраткері, қазақтың тұңғыш әліпбиін құрастырушы, ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шешендік сөздерді типологиясына қарай: әуезе, әліптеме, байымдама деп бөліп қарастырды. Әуезе-болған оқиғаны бастан аяқ талдап, болған жері мен мезгілін көрсету арқылы мазмұндау; әліптеме-бір нәрсенің сұлбасын реттеп айтып, оны суреттеп шығару; байымдама-шығарманың ең асылы, онда шығарманы тек баяндап айтпай, оған сендіру, нандыру, ұйыту болады дейді ғалым. Ал шешен сөздің өзі «қыздырма» және «қоздырма» деген түрлері болады. Бұл екеуінің қызметі адамның жүрегін билеп, қанын қыздырып, намысыны әсер ету. Ғалымның бұл сөздері әлемдік шешендік сөзге берілген анықтамалармен үндес келеді. Мысалы, атақты шешен Демосфенннің өзі шешеннің басты міндеті: біріншіден-түсіндіру, екіншіден-нандыру, үшінші-ояту, ләззатқа бөлеу деп талдау жасаған болатын. Демек, А.Байұрсынұлының шешендік сөздерді типологиясына байланысты жоғарыдағыдай жіктеуіне толық негіз бар. Осы себептен де ғалымды қазақ шешендік өнерінің алғашқы теоретигі деп атайды [3, 49 б].

Ал, Мұхтар Әуезов қазақ шешендік өнерінің жинаушысы әрі баспа бетін көруге ат салысқан алғашқы ғалымдардың бірі. Сонымен бірге, көптеген шешендік сөздерді талдап, тарихы мен жадынамасын түсіндіруде де іргелі еңбек етті. Ол Алдар көсе, Жиренше шешен секілді көптеген есте жоқ ескі заманда болған әңгімелер мен аңыздарды «қалың бұқара туындысы» деп таныған еді. М.Әуезовтың пайымдауымен қазіргі таңда көптеген шешендік сөздер жіктеліп, ғалымдар ұлы жазушының еңбектері арқылы шешендік сөздерді әрі қарай талдап, еңбектеріне негіз ретінде алып отыр [4, 70 б].

Қазақ тілінің зерттелуіне үлкен үлес қосқан Рәбиға Сыздықованың да бұл орайда еңбегін айта өтпесек болмас. Рәбиға Сыздықова да шешендік сөздерді талдауда, жүйелеуде көп еңбек еткен ғалым. Ғалым шешендік сөз бен шешендік өнер ұғымдарына жеке-жеке анықтама беріп, ара-жігін ажыратып көрсетеді. Бұл екі ұғым өзара байланысты болғанымен, мағынасы жағынан бірдей емес. Сондықтан ғылыми еңбектерде оларды дұрыс ажыратып қолдану маңызды. Автор «шешендік сөз» терминін шешендік өнердің нақты нәтижесін білдіретін ұғым ретінде қарастыру қажет деп есептейді. Яғни бұл атау халық арасында айтылып, кейіннен фольклорлық мұраға айналған нақыл сөздерге, билер мен шешендердің даналыққа толы айтылымдарына қатысты қолданылады. Ал сөзді көркем әрі әсерлі жеткізу қабілетінің өзін зерттеуші «шешендік» деген дерексіз ұғыммен атауды ұсынады. Бұл термин адамның сөзге шеберлігін, ойды жүйелі әрі бейнелі жеткізу қабілетін білдіреді. Яғни «шешендік» -сөйлеу мәдениеті мен сөз өнерінің жалпы қасиетін сипаттайтын ұғым болса, «шешендік сөз» -сол қасиеттің нәтижесінде пайда болған нақты сөз үлгісі. Сондай-ақ, шешендік сөздерді өз арасында бірнеше топтарға жіктейді.

1.әлеуметтік саяси мазмұндағы шешендік сөздер;

2.әлеуметтік тұрмыстық мәнді шешендік сөздер,

3.ғылым, білім мазмұнды шешендік сөздер;

4. сотта айтылатын шешендік сөздер.

Бұл жіктеу негізінен көрнекті ғалым А. Байтұрсынұлының да жіктемелеріне сәйкес келеді. Шешендік сөздердің ерекшелігі ол көбіне түсінік сөзбен беріледі. Шешендік сөздің көркем болуы немесе айтылуы шарт емес, оның қысқа әрі нұсқа болуы шарт. Қазақтың шешендік сөздер бата мен тілектен басталып, үлгі-өнегелік мақсаттағы айтылған сөздерді қамтиды. Шешендік сөздерді ғалымдар мазмұнына қарай 3-топқа жіктейді.

1.Шешендік арнау

2.Шешендік толғау

3.Шешендік дау.

Осы жіктемелерге байланысты шешендік арнауға көбінесе шешендік бата, ақыл-насихат беретін сөздер, көңіл айту сөздері жатады. Мысалы, Уәлихан қайтыс болған тұста Байдалы бидің жары Айғанымға келіп көңіл айтуы шешендік арнауға жатады.

Ал шешендік толғауға көбінесе мақал-мәтелдер, жұмбақтар, сұрақ-жауаптар, шешендік нақылдар мен қанатты сөздер, шешендік мысалдар жатады. Мысалы, Малайсары бидің: «Үйіңнің алдында төбе болса, байлаулы тұрған атпен тең, ал ауылыңда ақылгөй қарт болса, жазып қойған хатпен тең» деген сынды сөздері шешендік толғауға жатқызылады.

Шешендік дау өз ішінде құн дауы, жер дауы, жесір дауы деген сынды топтарға бөлінеді. Яғни қазақ даласында ежелден келе жатқан дау түрлеріне қарай жіктеледі. Мысалы, жер дауы Орта жүз бен Ұлы жүздің арасында болған Қасқакөл атты жерге екі жүздің таласан айтсақ болады. Екі жүз өз арасын бөліп жатқан Қасқакөл атты көлді бөлісе алмай дал болады. Ұлы жүздің биі Төле мен орта жүздің биі Қазыбек би өз араларында шешім шығарады дегенмен орта жүздің биі Ормамбет би Төле мен Қазыбек билердің сөзіне келіспей, Қасқакөлді Ұлы жүзге бөліп беруді қаламайды. Төле би мен Қазыбек билерге ауыр сөздер айтып, ренжітіп қояды. Кейіннен анасы Орманбет бидің бұл ісін сынап, екі биді қонақ етіп, кешірім сұрайды. Сонда бұл іске риза болған екі би де: «Әйелі жақсы болса, білім иесі батыр туады, жаман болса еркек бөкселі қатын туады» деген сіз білім иесі батыр туыпсыз деп Орманбет бидің өзіне бата беріпті. Бұл шешендік дауға толық негіз болатын мысал десек қателеспейміз [5, 109 б].

Шешендік сөздердің поэтикасына келетін болсақ, қазақ шешендік сөздері ауыз әдебиетіндегі ең бір көркем де мазмұнды салалардың бірі. Поэтика сөзінің өзі белгілі бір мәтіннің тілдік өрнегі мен поэтикалық құрылымын, оның бейнелеу тәсілдерін көрсетеді. Яғни, шешендік сөздердің поэтикасы халықтың дүниетанымы мен эстетикалық тағылымын, ойлау жүйесінің тереңдігін жүйелейді.

Шешендік сөздің поэтикасын тән ең басты бірінші белгі оның бейнелі әрі ықшам айтылуы. Қазақта мұны «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» деп айтады. Яғни шешен адамның көп сөйлеуі маңызды емес керісінше ұзақ баяндаудан гөрі дәл, мағыналы сөз арқылы айтуы халықтың көңіліне шығып отырған. Мысалы, Төле бидің уәделескен уақытынан кешігіп келгенін байқаған қариялар Төле би келгенде орнынан тұрмай, құрметсіздік көрсетеді. Төле биді сынау үшін сонда бір қарт байлық, бақ, бала дегеніміз не деп төтесінен сұрақ қойыпты. Сонда Төле би бақ деген ол ұзатылған қыз, бақыт деген еритін мұз, ал бала деген артта қалған із деп жауап беріпті. Сонда мұны естіген қариялар Төленің кешіккен айыбын кешіп, орындарынан тұрып құрмет көрсетіпті. Бұл жерде Төле би қысқа-нұсқа қойылған сұраққа дәл сол пішінде жауап беріп, өзінің тапқырлығы мен парасаттылығын аз сөзбен жеткізіп беруі шешендік сөздердің мағынасын аша түсетіндей.

Шешендік сөздің поэтикасын бейнелейтін тағы бір ерекшелік сөздердің поэтикасында көркемдеуіш құралдар кеңінен қолданылуы. Олардың қатарында метафора, теңеу, эпитет, антитеза, параллелизм сияқты бейнелі тәсілдер ерекше орын алады. Мысалы, адам мінезін табиғат құбылыстарымен салыстыру, ел бірлігін тұтастық бейнелері арқылы жеткізу шешендік сөздердің көркемдік әсерін күшейтеді. Мұндай бейнелеу тәсілдері тыңдаушының ойына тез әсер етіп, айтылған пікірдіңө есте сақталуына мүмкіндік береді. Бұл орайда мына бір мысал дәл келеді. Қазыбек би халықтың татулығын сипаттай отырып: «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген нақыл сөз айтқан. Бұл жерде адамдар арасындағы ауызбіршіліктің маңызы бейнелі салыстыру арқылы көрсетілген. «Алтау ала болса» деген тіркес адамдардың өзара келіспеушілігін білдірсе, «төртеу түгел болса» деген сөз ынтымақ пен келісімді білдіретін көркем теңеу ретінде қолданылған. Мұндай қарама-қарсы мағынадағы сөздер антитеза тәсілін қалыптастырып, айтылған ойдың әсерін күшейтеді. [6, 140 б].

Поэтиканың тағы бір қыры шешендік сөздердің поэтикалық құрылымында ырғақ пен ұйқас элементтерінің байқалуы. Көптеген шешендік нақылдар мен толғауларда ішкі ұйқас, дыбыстық үйлесім, қайталау тәсілдері кездеседі. Бұл олардың естіліп қабылдануына ғана емес, жатталып, халық арасында кең таралуына да ықпал еткен. Мысалы, тату елге-тыныштық, береке қонған ырыс құт. Араз елге-қасірет, іргесі сөгілер,ырыс жұт деп алсақ, бұл үлгіде дыбыстық үйлесім мен ішкі ырғақ айқын байқалады. «Тату ел» және «араз ел» сияқты қарама-қарсы тіркестер антитеза тәсілін қалыптастырып, ойдың әсерін күшейтеді. Ал «ырыс», «құт», «жұт» сөздерінің дыбыстық үндестігі мәтінге белгілі бір әуезділік береді. Мұндай ырғақты құрылым тыңдаушыға әсер етіп қана қоймай, айтылған ойдың есте оңай сақталуына мүмкіндік туғызады.

Қазақ шешендік сөздеріндегі тағы бір поэтикалық өлшем шешендік сөздердің құрылымдық тұстастығы. Шешендік сөздер көбіне кіріспе ойдан басталады да, негізгі пікірмен жалғасады. Ал соңында қорытынды оймен аяқталады. Мұндай құрылым да тыңдаушының көңілін өзіне аудармай қоймайды. Қазақ шешендік өнерінде осы құрылым әрдайым сақталып отырады [7, 371 б].

Сөзімізді қорытындылай келе, қазақ шешендік сөздері бұл нағыз өнердің бір түрі. Қазақ халқы сөздің қадірін ерте ұғынған. Сөз арқылы жараланған жанға медет берген, қуанған адамның

қуанышына ортақтасқа. Сөзбен дертке дауа тапқан. Бұл орайда қазақтың шешендік сөздерін жинақтап, халқымыздың осы бір қасиетін ерекше байқаған В.В.Радловтың мына бір сөзі дәл келетіндей. «Қазақтар-сөзге деген ерекше тапқырлығы мен керемет шешендік қабілетімен ерекшеленеді. Менің жинаған әрбір материал өз алдына бір өнер туындысы, бұл туындылар қазақтардың ақыл ойы мен өрісінен нақты түсініктер береді деп ойлаймын»- деуі қазақ халқын өзге де ғалымдардың жоғары бағалағанын байқатады [8, 211 б].

Иә, қазақ халқы үшін сөз мәдениеті әрдайым ерекше мәнге ие болған рухани құндылықтардың бірі саналады. Қазақ қоғамында шешеннің сөзі ел арасындағы дау-дамайды шешетін әділ төрелік, адамдардың санасына сәуле түсіретін даналықтың үлгісі болды, Сондықтан да халқымыз «Өнер алды- қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деп, сөздің құдіреті мен ықпалын ерекше бағалаған. Қазақтың шешендік сөздері- халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесінің, дүниетанымы мен рухани мәдениетінің көркем көрінісі. Онда ел бірлігі, адамгершілік, әділдік, намыс, ар-ождан сияқты асыл қасиеттер терең мағынамен бейнеленіп, ұрпақ санасына өнеге ретінде ұсынылған. Шешендер халық алдында сөйлеген әрбір сөзін үлкен жауапкершілікпен айтып, ойдың дәлдігі мен тілдің көркемдігіне ерекше мән берген. Демек шешендік сөздер тек тарихи мұра ғана емес, бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған тәрбиелік әрі танымдық құндылық. Ол жас ұрпақты ойлы сөйлеуге, сөз қадірін түсінуге, әділдік пен парасаттылықты бағалауға баулиды. Осы өнерді меңгеріп, біліп өскен халықтың да болашағы жарқын, тұғыры биік болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
2. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 312 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
4. Тұрсынов Е. Қазақтың шешендік өнері. – Алматы: Ғылым, 1987. – 256 б.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
6. Жиреншин С. Қазақ шешендік өнері. – Алматы: Мектеп, 1986. – 176 б.
7. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. – Санкт-Петербург, 1870. – 456 с.
8. Қасқабасов С. Қазақ фольклорының теориясы. – Алматы: Ғылым, 2004. – 320 б.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭПОСЫ

З. Сағындық
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.С. Рахимов

Аңдатпа: Бұл мақалада Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы мен ғылыми зерттеулеріндегі қазақ эпосының маңыздылығы қарастырылады. Ғалымның ұлттық ауыз әдебиетін соның ішінде батырлар жырын, тарихи жырларды және халықтық эпикалық дәстүрді зерттеудегі ғылыми көзқарастары талданады. Мұхтар Әуезов қазақ эпосын тек әдеби мұра түрінде ғана емес, халықтың рухани дүниесін және тарихи жадын бейнелейтін мәдени құндылық ретінде бағалады, сол құндылықты ашып көрсету әрі эпостық мұраларды жүйелеу, ғылыми тұрғыда талдау бұл мақаланың басты мақсатына айналып отыр.

Кілт сөздер: Мұхтар Әуезов, қазақ эпосы, батырлар жыры, фольклор, ұлттық мәдениет т.б.

Сан ғасырлық қазақтың рухани мұрасымен бірге қалыптасып келе жатқан салалардың бірі де бірегейі - халқымыздың халық ауыз әдебиеті үлгілері болып табылады. Бұл мұра халқымыздың тек көркемдік талғамын ғана бейнелейтін сала емес, сонымен бірге дүниетанымдық ерекшеліктерін және тарихи жадын да бейнелейтін аса құнды мәдени қазына. Қазақ халқы үшін ауыз әдебиетінің үлгілері әрдайым өткен күннен сыр шертетін және болашақпен тығыз байланыстырушы көпір-сынды. Осы алтын көпірдің негізін жинап, оны халыққа таныстыруда ерекше қызмет атқарған белгілі жазушы, көрнекті ғалым - Мұхтар Әуезов. Ғалымның ғылыми

еңбектері қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуына және осы бір жаңа бағыттың өркендеуінде ерекше септігін тигізе білген болатын.

Мұхтар Әуезовтің қазақ әдебиетін зерттеудегі ең басты ерекшеліктерінің бірі деп оның зерттеулерінің тек мәтіндік талдау деңгейінде ғана емес, керісінше әлеуметтік өмірмен әрі мәдени болмыспен өте тығыз байланыста қарастырылуын айтуымызға болады. Ғалым қазақ халқының сонау заманнан бері жинақталып келе жатқан фольклорының болашақ ұрпақ үшін де ерекше маңызға ие болатынын және халықтың рухын көтере білетін сала екендігін ертерек аңғарды әрі әрбір жырдың, әрбір аңыз бен батырлық эпостың халықтың санасында қалыптасқан эстетикалық, моральдық әрі этикалық нормаларды бейнелейтінін де өз еңбектерінде ескерген еді. Ғалым үшін қазақ фольклоры эстетикалық құндылық рөлін ғана атқармады, қазақ фольклоры - халықтың тәжірибесін, әлеуметтік өмірі мен ұлтымыздың терең психологиясын жеткізудің құралы қызметін атқарды десек қателеспейміз [1, 72 б].

Қазақ фольклорының ішіндегі ерекше маңызға ие жанрлардың бірі - қазақ эпостары. Ғалым қазақ эпостарын: «Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи тәжірибесі мен дүниетанымынан туған жанр» - деген пікірін білдірген еді. Жалпы, қазақ эпостары дегенде көз алдымызға ежелгі замандардағы халқымыздың асқақ өршіл рухы, батырларымыздың қаһармандық бейнесі мен ел қорғаудағы тарихқа толы күрестер, ұлтымыздың асқақ армандары елестейді. Сол армандарды халықтың көңіліне жақындатып, ұмытылып немесе мүлде жойылып кетпеуіне үлкен септігін тигізіп, зерттеп, зерделеген ғалым жалпы фольклор ғылымын өз ішінде төрт үлкен салаға бөліп қарастырады.

1. Сыршылдық салт өлеңдері;
2. Әңгімелі өлеңдер;
3. Айтыс-тақпақтар;
4. Ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар деп топтастырады [2, 83 б].

Ал кейінірек 30-жылдардың соңында Л. Соболовпен бірлесіп жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде бұл тармақтарды ары қарай жетілдіре түсті. Бұл еңбекте ғалымдар қазақ эпостары жайында небір көкейкесті ойларын ғылыми зерделеулері арқылы халқымызға асыл мұра ретінде қалдырып отыр [3, 108 б]. Бұл жетілдірілген еңбекте халық эпостары өз ішінде бірнеше тармақтарға тарамдалады:

1. Халық поэзиясының шағын түрлері: үйлену, мұң-шер өлеңдері;
2. Ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар;
3. Батырлар жыры;
4. Ғашықтық жырлар;
5. Тарихи жырлар;
6. Айтыс өлеңдері [4, 29 б].

Қазақ эпостарының жіктелуін талдап көрсеткендей, келесі кезекте ғалымның қазақ эпостарын зерделеуіне баса назар аударып, қарастырсақ. Ең біріншіден қазақ ғалымдарының ішінде алғашқысы болып қазақ эпостарының ішіндегі көк сеңгірі, биігі «Қамбар батыр» жайында ой-тұжырымдарын түйіндеген ғалым - Мұхтар Әуезов болған еді. Ғалым бұл жырдың өзге эпостық жырлардан ерекшелігін және ондағы образдар жүйесінің әртүрлілігін ерекше атап өткен. Жырдағы оқиғалардың алуантүрлілігі, көпқабаттылығы ғалымның назарын ерекше аудартады. Осы себепті де 1927 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде «Батырлар әңгімесі» деп аталатын тарауында Қамбар батыр жайлы деректер келтіреді. Ғалымның тағы бір ерекшелігі бұл еңбегіндегі эпостарды «аға батырлар» және «іні батырлар» деп жіктеуінде еді. Бұл сол кездегі еуропалық ғылыми мектептерде кездесе бермейтін дағды бойынша талданған болатын. Бұл тармақ бойынша:

- Ұлы батырлар: Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Сайын
- Іні батырлар: Қамбар, Алпамыс т.б. батырлар.

Мұхтар Әуезов «Қамбар батырды» іні батырлар тобына жатқызған және өз сөзінде біздің көптеген батырлардың аңшылдардан шыққан батыр екендігін сөзге қосып, бұл батырдың да ерте кезеңнің батыры болғандығын және ұлы адам болғандығын толғаныспен жазған болатын. Ал ғалымның жырға байланысты ғылыми көзқарасы екі түрлі тұрғыдан қалыптасқан еді. Біріншісі, бұл жыр оқиғасы берірек уақытты болған десе, екінші ғылыми көзқарасы, Қамбар батырдың елі мен жері үшін қалмақтармен соғысқандығы және Назым секілді аяулы қыз үшін де аянбағанын мысал еткен. Қазіргі таңда, бұл жыр Мұхтар Әуезовтің зерттеулерімен өзіндік құндылығын одан сайын арттырып, қазақ фольклорының баға жетпес қазынасы ретінде халқымызға ұсынылып келеді [5, 117 б].

Мұхтар Әуезовтің зерттеген қазақ эпостарының ішінде ерекше бір бағыты - лиро-эпостық жырлар екендігі даусыз. Ғалымның бұл бағыттағы еңбегі көл-көсір. Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жыры және «Қыз Жібек» жыры ғалымның көңілін ерекше аударған жырлар қатарына жатады. Ғалым бұл жырларды зерттеуде аянбай еңбек етті. Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырын зерттеуде көшпелі қазақ елінің өзге халықтардан бөлек тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, кәсібіне байланысты терең мәнді мағлұматтар қалдырды. Ол жырды талдауда жазушы жыр кейіпкерлері бір-біріне ұқсамайтындай өте нәзік, шебер жазылғандығын айтса, қос ғашықтың бір-біріне деген кіршіксіз махаббатын, бірақ сол махаббатқа қарсы шығушы дүниеқоңыз, паң, пасықтардың тартысты іс-әрекетін де баса көрсетеді. Ғалымның «қасын түйген қара бұлт пен жүйрік, өткір түскен найзағайды алыстырғандай болды-ау» - деуі де жырға берген ерекше бағасын білдіретіндей. Ал «Қыз Жібек» жырын зерттеуші қазақтың елдің ішіндегі жазбаның романы сияқты кернеген еді деген сөзі бұл жырға ерекше баға бергендігін аңғартатындай болып көрінеді. Бұл екі жырды да ғалым 1939, 1960 және 1948 жылдары қайтадан толықтыра отырып, өңдеп, жаңадан жазған болатын. Бұл халқының фольклорын тереңінен зерделеген, ұлтын сүйген ғалымның қазақ халқы әдебиеті үшін жасаған ең бір толғанысты еңбектерінің бірі болған еді [6, 53 б].

Мұхтар Әуезовтің қазақ халық эпостарының ішіндегі бертін келе зерттеген туындылары «Кенесары - Наурызбай» және «Исатай - Махамбет» пен «Бекет батыр» жырлары. Бұл жырлар қазақ эпостары бағытының ішіндегі тарихи жырларға жатқызылады. Ғалымның бұл тарихи жырларды зерттеуі әрбір тұлғаның өзіндік ерекшелік қасиеттерін ашып оны анықтай отырып талдауымен ерекшеленеді. Ғалым кеше ғана болған оқиғаларды өзге батырлық жырлар секілді айырым жасап немесе айдарлай талдауға тым қатты бас ұрмайды. Себебі, бұл тарихи жырлардың барлығы кеше ғана тарих беттерінде орын алып, халықтың жүрегінде тереңінен сақталып жатқандығынан еді, бұл тарихи жырларды сараламаса да, халық толғамы мың сан тарихтың іздерінен ап-айқын көрініп тұрған. Жалпы, ғалымның бір ерекшелігі қазақ эпостарын зерттеуде өзге ғалымдардан әрдайым оқ бойы озып тұрды. Ол әрбір эпосты тереңінен талдады, зерттеді, зерделей білді. Бұл сөзімізге жоғарыда айтылған тарихи жырлар да мысал бола алады. Ол өз сөзінде «қазақ - мешел болып қалам демесең, ең бірінші тіліңді түзе, екіншіден бесігіңді түзе» дегеніндей, Мұхтар Әуезовтің өзі де халықтың сауатын ашуға, фольклорымен тереңінен таныс болуға айтарлықтай үлкен үлесін қосып кетті [7, 98 б].

Қазақ эпостары өзге халықтардың эпостарынан бірқатар көркемдік және мазмұндық, құрылымдық жағымен ерекшеленеді. Мұхтар Әуезов бұл жайында өз еңбектерінде де айта өткен. Ғалым өз сөзінде: «қазақ эпостарының өзегі бұл батырлық пен ел қорғау идеясының жоғарылығында. Көптеген халық эпостарында басты кейіпкерлер елі мен жерін сүйетін, халқын жаудан қорғаған батырлар. Бұл қазақтың бай көшпелі салтын, сыртқы жаулармен күресінің тарихымен де тікелей байланысты. Батыр бейнесі халық үшін ерлік істерді жасаушы бейне ғана емес, халықтың арманы мен тілегінен туған, еркіндікке деген бастаушы ұшқыр қиялын көрсететін символдық тұлға» - деп баға береді. Әлбетте, қазақ эпостарының қайсыбірін алып қарасақ та, басты кейіпкер елін шексіз сүйетін, халқын жаудан қорғайтын батырлар, ал лиро-эпостық жырларда бір-біріне деген шексіз махаббаттары үшін күресетін қос ғашық, түбінде бір болуды армандайтын еркіндікті аңсаған жастар, ал оларға қарама-қарсы прототип қарсы шығушы топ өкілдері. Дегенмен, қазақ эпостарында әрдайым жырлардың соңы жақсылықтың үстемдік етуімен аяқталып отырады. Бұл халықтың түбінде аңсаған мұраттары мен сенімдерінің орындалатынына деген ыстық ықыласын көрсететіндей.

Мұхтар Әуезовтің тағы бір халық эпостары ішінде тереңінен зерттегені - «Қобыланды батыр» жыры.

Қобыланды батыр жыры қазақ халқы үшін қашанда ерлік жырларының алды болып, еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін таңнан-таңға жырлай білетін дастаны ретінде қалыптасқан. Мұхтар Әуезов бұл эпостық жырдың маңызы мен халық үшін атқаратын міндеттерін аңғара білді. «Қобыланды батыр» жырын тереңінен зерттеп, оның мәнін қалың оқырманға түсінікті әрі нәрлі тілмен жеткізу үшін аянбай тер төкті. Ол бұл жайында 1924 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан «Жас қайрат» журналында: «халық әдебиетіміз жиналып әрі қарай жазылып, қағаздың бетіне түспесе, бірден-бірге ауыздан-ауызға таралып, сақталып жүргенде қайтадан жоғалып, өшіп кету қаупі бар, жазылып, жарияланбаса өшпесе, өнбейді. Осы себептен де халықтың арасында қолайлы шәкірттер болуы тиіс. Олар жаз еліне барғанда, халық әдебиетін жинап алса бек игі болар еді. Осындай шәкірттер көмектеспесе, аз ғана жылда халықтық

мұрамыздан айырылып қалуымыз мүмкін » - деген пікірін ашық айтады. Кейіннен ғалым сол айтылған мұраларды жіктеп беріп, өзі де жинауға ат салысады.

Жалпы Мұхтар Әуезов халық ауыз әдебиетінің қай түрі болса да оның халыққа жетуін, таныстырылуын, жоғалып, өшіп кетпеуі үшін барын берді. Халық арасынан жиналған қазақ эпостарын сұрыптап, баспадан кітап ретінде басып шығаруды да қолға алды. Кейіннен қазақ мұраларын орыс тіліне аударылып, бастыруда да еңбек етті. Осылай 1961 жылы «Алпамыс батыр» жыры және «Қыз Жібек» жыры, 1959 жылы «Қамбар батыр» жыры жарық көрді. Бұл мұралардың барлығы да халық үшін аса құнды, қымбат қазыналары еді. Егер де ғалымның араласуымен баспа бетін көріп, ел аузынан жазылып алынбаса бүгінгі күні бұл қымбат мұрамыз бізге жетер ме еді? Әрине бұл уақыттың еншісіндегі сұрақ, дегенмен бұл салада Мұхтар Әуезовтің сіңірген еңбегі мол екендігіне күмәніміз жоқ [8, 57 б].

Ендігі біздің қарастыратын сұрағымыздың бірі Мұхтар Әуезов бізге табыстап кеткен сол мұрамыз бүгінгі күні қалай оқытылып жүр және халық бұл қымбат қазынамыздың қадірін бағамдай ала ма?

Қазіргі таңда мектеп бағдарламасында «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты жырлар әдеби мұра ретінде қарастырылып, жырдың мазмұны мен көркемдік ерекшелігі жас ұрпаққа түсіндіріліп келеді. Жоғары оқу орындарында да фольклортану мен әдебиеттану пәндері аясында қазақ эпостарының жанрлық табиғаты мен тарихи негіздері және көркемдік жүйесі тереңінен зерттеледі. Бұл әлбетте Мұхтар Әуезов бастаған ғылыми дәстүрдің жалғасы ретінде бағалануы тиіс маңызды үрдіс [9, 64 б].

Дегенмен эпостық мұраларды оқыту мен оны халық санасында жаңғырту ісі тек оқу бағдарламаларымен шектеліп қалмауға тиіс. Эпостық жырлар халқымыздың тарихи жады мен рухани дүниетанымын бейнелейтін ұлттық құндылық. Сол себепті оларды кеңінен насихаттау, жыршылдық дәстүрді жаңғырту, театр және кино секілді бағыттарда да таныту бүгінгі таңдағы мәдени саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналуы тиіс. Осы соңғы жылдары халқымыздан ұлттық мәдениетке деген қызығушылық артып, фольклорлық мұраларымызға байланысты түрлі фестивальдер мен ғылыми конференциялардың ұйымдастырылуы қазақ эпосының да қайта жаңғыруына мүмкіндік беріп отыр. Алайда, жаһандану заманы екендігін де ескеруіміз қажет. Қазіргі ұрпақ үшін ұлттық болмысқа қарағанда, шетелдік мәдени өнімдер басым түсіп жатады. Бұл орайда біз Мұхтар Әуезов ұсынған, жүйелеп кеткен эпостық мұрамыздың құндылығын жаңаша түсіндіріп, оны қазіргі заманның талаптарына сай түсіндіру, насихаттауды да қолға алуымыз қажет [10, 201 б].

Қорыта келе айтарымыз, Мұхтар Әуезов - заманынан озып туған ұлы даланың дара перзенті. Оның әдебиет саласына қосқан таудай мол мұрасы мен қазақ фольклорының зерттелуіне қосқан еңбегін бір жұмыс аясында айтып тауысуымыз мүмкін емес. Дегенмен ғалымның бізге табыстап кеткен эпостық мұра бүгінгі күні білім беру жүйесінде оқытылып, ғылыми тұрғыдан зерттеліп келе жатқанымен, оның шынайы құндылығын толық сезіну және кеңінен дәріптеу ісі әлі де үздіксіз жалғасуы тиіс деп пайымдаймын. Халық өз рухани қазынасының мәнін терең түсініп, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізе білген жағдайда ғана қазақ эпосы ұлттық мәдениеттің мәңгілік тірегі ретінде өмір сүре береді. Мұхтар Әуезовтің өзі айтқандай: «Халықтың бай ауыз әдебиеті - оның рухани өмірінің айнасы, тарихи жадын сақтап тұрған асыл мұрасы». Бұл ой ғалымның қазақ фольклоры мен эпостық жырларға берген жоғары бағасын айқын көрсетеді. Шынында да, халықтың сан ғасырлық өмір тәжірибесі, дүниетанымы мен арман-тілектері эпостық жырларда көркем түрде бейнеленіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Сондықтан Мұхтар Әуезов зерттеген эпостық мұра тек әдеби ескерткіш қана емес, ұлттық болмыс пен мәдениеттің негізін құрайтын құндылықтардың бірі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
2. Әуезов М., Соболев Л. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры // Уақыт және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1962. – 204–236 б.
3. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы: 1 том. – Алматы: Ғылым, 1960. – 456 б.
4. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
5. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов және әдебиеттану мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1967. – 312 б.
6. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.

8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 536 б.
9. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 416 б.
10. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1973. – 256 б.

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ТҰТАСТАНУ ҚҰБЫЛЫСЫ

Қ. Салтанат
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.С. Рахимов

Аңдатпа: Бұл ғылыми мақалада қазақ халық ауыз әдебиетінің маңызды жанры – батырлар жырындағы тұтастану құбылысы жан-жақты қарастырылады. Тұтастану – жырдағы оқиғалардың, кейіпкерлердің, уақыт пен кеңістіктің өзара байланысып, біртұтас көркем жүйе құруы. Мақалада батырлар жырындағы композициялық құрылым, сюжет желісі, образдар жүйесі және ұлттық дүниетаным тұрғысынан тұтастану ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, эпикалық жырларда кездесетін тарихи және мифологиялық элементтердің бірігуі арқылы тұтастану құбылысының қалыптасуы ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Зерттеу барысында «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» сияқты жырлар мысал ретінде алынып, олардың мазмұнындағы тұтастық, идеялық бірлік, кейіпкерлер арасындағы байланыс пен оқиғалардың логикалық жүйелілігі анықталады. Батырлар жыры тек көркем туынды ғана емес, ол – халықтың дүниетанымы, тарихи жады мен рухани құндылықтарының көрінісі екені дәлелденеді.

Мақала нәтижесінде тұтастану құбылысының қазақ эпосындағы орны мен маңызы айқындалып, оның тәрбиелік, танымдық және эстетикалық қызметі сараланады.

Кілт сөздер: батырлар жыры, тұтастану, эпос, композиция, сюжет, образ, ұлттық құндылық, фольклор, дәстүр, көркемдік жүйе

Қазақ халқының рухани мұрасының ең құнды бөліктерінің бірі – батырлар жыры. Бұл жырлар ғасырлар бойы халықтың тарихи жадын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған [1]. Батырлар жыры тек ерлік туралы баяндап қана қоймай, халықтың дүниетанымы, салт-дәстүрі, арман-мұддесі мен өмірге деген көзқарасын бейнелейді [2]. Осы тұрғыдан алғанда, батырлар жырын зерттеу – ұлттық мәдениетті танудың маңызды жолдарының бірі болып табылады.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында батырлар жырын түрлі қырынан зерттеу кеңінен қолға алынған[3]. Соның ішінде ерекше назар аударатын мәселелердің бірі – жырдағы тұтастану құбылысы. Тұтастану дегеніміз – шығармадағы барлық элементтердің (сюжет, кейіпкерлер, уақыт, кеңістік, идея) өзара байланысып, бір жүйеге бірігуі. Бұл құбылыс батырлар жырында ерекше көрініс табады, себебі эпикалық шығармаларда оқиғалар ұзақ уақыт аралығын қамтып, кейіпкерлер саны көп болады [1].

Батырлар жырындағы тұтастану құбылысы бірнеше деңгейде жүзеге асады. Біріншіден, оқиғалардың бірізділігі мен логикалық байланысы арқылы сюжет тұтастығы қалыптасады. Екіншіден, кейіпкерлер жүйесі арқылы идеялық тұтастық жүзеге асады. Батыр бейнесі – ел қорғаушы, әділдік символы ретінде барлық оқиғаларды біріктіріп тұрады. Үшіншіден, уақыт пен кеңістік бірлігі жырдың көркемдік әлемін толықтырады.

Бұл мәселенің өзектілігі қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды жаңғырту, оқушыларға рухани тәрбие беру қажеттілігімен де байланысты [4]. Батырлар жырындағы тұтастану құбылысын түсіну арқылы оқушылар тек әдеби білім алып қана қоймай, ұлттық сана мен тарихи танымды да қалыптастырады.

Сондықтан батырлар жырындағы тұтастану құбылысын ғылыми тұрғыдан зерттеу – бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Бұл жұмыста батырлар жырындағы тұтастану құбылысы кешенді түрде қарастырылып, оның тек композициялық емес, сонымен қатар мәдени-танымдық аспектілері де ашылады. Сонымен қатар, тұтастану ұғымы ұлттық дүниетанымммен байланыстыра талданады.

Зерттеу Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу, рухани жаңғыру идеяларын жүзеге асыру талаптарына толық сәйкес келеді.

Мақала теориялық талдау мен практикалық мысалдарды ұштастыру арқылы ғылыми негізде жазылған. Фольклортану, әдебиеттану және педагогика ғылымдарының тоғысында қарастырылады.

Жұмыста тұтастану құбылысы тек әдеби тұрғыдан ғана емес, тәрбиелік және танымдық тұрғыдан да қарастырылған. Сонымен қатар нақты эпостық жырларға сүйене отырып талдау жасалған.

Қазіргі қоғамда ұлттық сана мен рухани құндылықтарды сақтау мәселесі маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, батырлар жырындағы тұтастану құбылысын зерттеу – жастарға ұлттық тәрбие берудің тиімді жолдарының бірі.

Батырлар жырындағы тұтастану құбылысын тек теориялық тұрғыдан қарастыру жеткіліксіз, оны нақты мәтіндер негізінде талдау арқылы түсіндіру маңызды. Осыған байланысты практикалық бөлімде қазақтың белгілі батырлар жырлары негізінде тұтастану құбылысы жан-жақты қарастырылады.

Ең алдымен «Алпамыс батыр» жыры мысалында тұтастану құбылысына назар аударайық. Бұл жырда оқиға бірнеше кезеңнен тұрады: батырдың дүниеге келуі, ер жетуі, қиындықтарды жеңуі және елін қорғауы [3]. Осы кезеңдердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты және ортақ идея – ел қорғау, әділдік орнату, адалдыққа қызмет ету – арқылы біріктірілген. Мұнда тұтастану ең алдымен сюжет желісінің бірізділігінде көрінеді. Оқиғалар кездейсоқ емес, бірінен кейін бірі логикалық түрде жалғасып, батыр бейнесін толық ашады. Сонымен қатар, Алпамыс бейнесі барлық оқиғаларды біріктіретін негізгі өзек болып табылады.

Келесі мысал ретінде «Қобыланды батыр» жырын алуға болады. Бұл жырда да тұтастану құбылысы айқын байқалады. Қобыландының тұлғасы – тек жеке батыр емес, бүкіл халықтың қорғаны ретінде суреттеледі. Жырдағы Құртқа бейнесі де тұтастануға қызмет етеді, себебі ол батырдың ақылшысы, тірегі ретінде барлық оқиғалармен байланысып тұрады. Мұнда кейіпкерлер арасындағы байланыс арқылы идеялық тұтастық қалыптасады. Сонымен қатар, жырдағы кеңістік (ел, жау жері) және уақыт (жорық кезеңдері) ұғымдары да біртұтас жүйе құрайды [4].

«Ер Тарғын» жырында тұтастану құбылысы кейіпкердің ішкі әлемі мен сыртқы әрекеттерінің байланысы арқылы көрінеді. Тарғынның батырлығы, махаббаты, елге деген адалдығы – барлығы бір идеяға тоғысып, жырдың мазмұнын тұтастандырады. Мұнда оқиғалар тек әрекеттер тізбегі емес, кейіпкердің рухани дамуының көрінісі ретінде беріледі [5].

Практикалық тұрғыдан алғанда, тұтастану құбылысын оқыту барысында оқушылармен түрлі тапсырмалар ұйымдастыру тиімді нәтиже береді. Мысалы, оқушыларға жырдың белгілі бір бөлігін оқытып, сол бөлімнің жалпы жыр мазмұнымен байланысын анықтау ұсынылады. Бұл тапсырма арқылы олар мәтіндегі оқиғалардың өзара байланысын түсінеді. Сонымен қатар, «кейіпкерлер арасындағы байланыс картасын» құру тапсырмасы да тиімді. Оқушылар батыр, оның серіктері, қарсыластары арасындағы байланысты схема түрінде көрсетіп, тұтастану элементтерін көзбен көре алады.

Тағы бір тиімді әдіс – жырды бөліктерге бөліп, әр бөліктің негізгі идеясын анықтау және оны жалпы идеямен байланыстыру. Бұл арқылы оқушылар жырдың тек жеке эпизодтардан тұрмай, біртұтас жүйе екенін түсінеді. Сонымен қатар, «Егер осы оқиға болмаса, жырдың мазмұны қалай өзгерер еді?» деген сұрақ арқылы тұтастанудың маңызын терең ұғындыруға болады.

Қазіргі цифрлық технологияларды қолдану да практикалық бөлімнің тиімділігін арттырады. Мысалы, Kahoot немесе Quizizz платформалары арқылы жыр мазмұны бойынша тест өткізуге болады. Сонымен қатар, Padlet немесе Jamboard арқылы оқушылар бірлесіп, жырдың құрылымдық схемасын жасап, тұтастану элементтерін талдай алады [6].

Қорытындылай келе, практикалық талдау барысында батырлар жырындағы тұтастану құбылысы сюжет, кейіпкерлер жүйесі, уақыт пен кеңістік және идеялық бірлік арқылы жүзеге асатыны дәлелденді. Бұл құбылысты оқыту барысында оқушылардың тек әдеби білімін емес, сонымен қатар логикалық ойлауын, талдау қабілетін және ұлттық дүниетанымын дамытуға мүмкіндік бар.

Қорыта келгенде, батырлар жырындағы тұтастану құбылысы – эпикалық шығармалардың басты көркемдік және идеялық ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Бұл құбылыс жырдағы барлық элементтердің – сюжет, композиция, кейіпкерлер жүйесі, уақыт пен кеңістік, ұлттық дүниетаным – өзара байланысып, біртұтас көркем жүйе құруынан көрінеді.

Зерттеу барысында анықталғандай, батырлар жырындағы тұтастану ең алдымен оқиғалардың логикалық бірізділігі арқылы жүзеге асады. Әрбір эпизод келесі оқиғамен табиғи түрде байланысып, батырдың тұлғасын жан-жақты ашуға қызмет етеді. Сонымен қатар, басты кейіпкер –

батыр бейнесі – жырдың барлық мазмұнын біріктіретін негізгі өзек болып табылады. Ол арқылы халықтың арман-тілегі, ерлік идеалы, әділдікке деген ұмтылысы көрініс табады.

Тұтастану құбылысы тек құрылымдық деңгейде ғана емес, идеялық деңгейде де байқалады. Батырлар жырында ел қорғау, отанға адалдық, достық, махаббат, намыс сияқты ұлттық құндылықтар бір арнаға тоғысып, біртұтас тәрбиелік мәнге ие болады. Осы арқылы эпостық жырлар жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеудің маңызды құралына айналады.

Практикалық талдау нәтижелері көрсеткендей, тұтастану құбылысын оқыту барысында оқушылардың мәтінді терең түсінуі, талдау қабілеті, логикалық ойлауы және ұлттық сана-сезімі дамиды. Әсіресе, қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы бұл үдерісті тиімді ұйымдастыруға болады.

Осылайша, батырлар жырындағы тұтастану құбылысын зерттеу – тек әдебиеттану ғылымы үшін ғана емес, педагогика саласы үшін де маңызды. Бұл бағыттағы зерттеулер болашақта ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, оқыту әдістемесін жетілдіруге және жас ұрпақтың рухани дамуына өз үлесін қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасқабасов С. Қазақ фольклорының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
2. Исабекова Д. Фольклорлық мұра және жас ұрпақ тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 2021.
3. Әбдіғазиев Б. Эпос және ұлттық руханият. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.
4. Нұртазина Р. Ұлттық құндылықтар және әдеби білім. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
5. Тұрсынбеков Е. Эпикалық жырларды зерттеудің жаңа бағыттары. – Алматы: Ғылым, 2023.
6. Қалибекова М. Цифрлық технологиялар және әдебиет сабағы. – Алматы: Мектеп, 2024.

«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ МЕН ПОЭТИКАСЫ

Г. Сапаралиева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.С. Рахимов

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақтың батырлық эпосының бірі-Алпамыс батыр жырының типологиялық ерекшеліктері мен поэтикалық құрылымы кеңінен қарастырылады. Алпамыс батыр жыры қазақ халқы үшін өз орны бар, батырлық дастандарының бірі болғандықтан жырдың сюжет желісі, кейіпкерлер жүйенсі мен батыр бейнесін жасаудағы дәстүрлі эпикалық үлгілері халықтық дүниетаныммен байланыстырылып сипатталады. Жырдың құрылымы және тілдік ерекшеліктерінің жүйесі ашылып, жырдың фольклордағы орны мен көркемдік маңызы айқындалады.

Кілт сөздер: батырлық эпос, Алпамыс батыр, эпикалық дәстүр, типология, поэтика, фольклор.

Қазақ халқының бай рухани мұрасы ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғастығын тауып келе жатқан қымбат қазына. Сол қазынаның ең бір көркемі, ең көрнектісі-батырлық жырлар болып табылады. Батырлық жырлар-халық эпостардың бір тармағы және халықтың ерлік рухын, елдік мұратын, азаттыққа деген ұмтылысын бейнелейтін көркем дүниелер ретінде ұлттық мәдениетімізде ерекше орын алады. Батырлық эпостарды естігенімізде елі мен жерін шын сүйетін, туған жері үшін немесе сүйген жары, отбасысы үшін жауға қарсы шығып, ұрандатқан қаһармандар бейнесі елестейді. Ежелде батырлық дастандар халықтың арман-тілегінен, болашаққа деген ұмтылысынан туған, халықты биік мұраттарға жетелей білетін жыр ретінде есептелген. Осындай эпикалық мұралардың ішіндегі шоқтығы биік, ұлттық мәдениетімізде ерекше орын алатын туынды- «Алпамыс батыр» жыры [1, 56 б].

«Алпамыс батыр» жыры- тек қана батырдың жеке ерлігі туралы баяндайтын шығарма емес, керісінше халықтың өмірлік тәжірбиесін көрсететін, елдік мұраттарды бейнелейтін, моральдық қағидаларды көрсететін құнды туынды. Жырда батырдың дүниеге келуі, ер жетуі, елін

қорғаудағы ерлік істері мен адалдық және достық секілді қасиеттерге беріктігі жырланса, қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі көркем түрде жырда көрініс табады. Бұл эпостың құндылығы оның тек қана мазмұнында ғана емес, көркемдік құылымының тереңдігінде. Осы себептен де «Алпамыс батыр» жырының типологиясы мен поэтикасын тереңнен зерттеу алдымызға қойылып отырған басты мақсаттың біріне айналып отыр.

Ең алдымен жырдың зерттелу тарихына тоқталайық. Бұл батырлық жыр XIX ғасырдың соңғы ширегінде зерттеле бастады. Эпикалық мұраның зерттелуіне Кеңес одағының өте белгілі ғалымдары атсалысқан болатын. Олардың құрамында Т.Сыдықов, С.Мұқанов, М.Әуезов, С.Сейфуллин секілді жазушылар мен көрнекті ғалымдар болды. Жалпы жырдың өзбек, қарақалпақ секілді түркі халықтарына тараған нұсқалары да бар. Мұның себебі, бұл жырды туғызған орта болып есептелген қоңырат руы жырды өзбек, қарақалпақ, қазақ халықтарының құрамына да еніп әрдайым жыршылдық дәстүрді сақтап, дамытып отырғандығынан. Жыр жайлы пікір айтқан белгілі қоғам қайраткері Сәкен Сейфулин: «Жырдың өзбек және қазақ нұсқалары образдар жүйесінде толық қалыптасқан, ұлттық дәстүрге бай сарындардан тұрады»-деген пікірін айтады. Ал белгілі академик, жазушы Сәбит Мұқанов 1939 жылы жарыққа шыққан «Батырлар» жинағының алғы сөзінде жырды «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырымен салыстыра зерттеген болатын. Екі жырдың шын мәнінде бір-біріне ұқсастығын талдап, дәлелдемелер келтірген академик қазақ батырлар жырының сөз тазалығына, жырдың құрамындағы образдар жүйесіне керемет баға береді [2, 83 б].

М.Әуезовте эпостық жырларды зерттеуде ерекше белсендік танытқан ғалымдардың бірі. Ғалымның «Әдебиет тарихы» деп аталатын еңбегінің «Батырлар әңгімесі» деп аталатын тарауында Алпамыс батыр жайлы деректер келтіреді. Ғалымның тағы бір ерекшелігі бұл еңбегіндегі эпостарды «аға батырлар» және «іні батырлар» деп жіктеуінде еді. Бұл сол кездегі еуропалық ғылыми мектептерде кездесе бермейтін дағды бойынша талданған болатын. Бұл тармақ бойынша: аға батырларға- Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер сайын енсе, іні батырларға- Қамбар, Алпамыс т.б батырларды жатқызған болатын. Демек, «Алпамыс батыр» жыры бұл санатта іні батырлар тобына енеді [3, 68 б].

Жырдың типологиясына назар аударсақ, жалпы жырдың қазақ даласында таралып жүрген нұсқасын жырлаушы Жүсіпбек Шайхулисламов болды. Бұл жыр нұсқасы бірнеше рет баспа бетін көріп, халық арасына кеңінен танылды. Ал ең алғаш рет жарық көрген жылы 1899 жылы «Қисса-и-Алпамыш» атты баспада Қазан қаласында басылды. Ал қазан төңкерісінен кейін жыр қайтадан 7 рет қайталанып басылып шықты. Жырды орыс тіліне аударып қайта бастырған ғалым -Ә. Диваев болған еді. Қазақ даласында жырдың 10-11 түрлі нұсқасы қалыптасқан. Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта жыр барлық қазақ даласында айтылып, жырланып келді. Жырдың нұсқаларын айтушылар С.Аққожаев, Ә.Байтұрсынов, А.Нысанов, Ж.Жақыпов секілді ақын-жыршылар болды. Ақын-жыршылардың арасында ең толымды нұсқасы С.Аққожаевтың жазып алған нұсқасы болып есептеледі. Осы нұсқалардың барлығы жырдың қазақ фольклорындағы кең таралғандығын және оның халық жадында түрлі өңірлік ерекшеліктер арқылы сақталғанын көрсетеді.

«Алпамыс батыр» жырының типологиялық табиғатын талдағанда, ең алдымен оның батырлық эпосқа тән дәстүрлі құрылымдық белгілері айқын байқалады. Эпикалық жырлардың басым көпшілігі сияқты бұл туынды да батырдың керемет жағдайда дүниеге келуі, оның ер жетіп, ел қорғау жолындағы ерлік істері және халық мүддесі үшін күресі сияқты тұрақты сюжет желілеріне негізделген. Мұндай құрылым батырлық эпостардың типологиялық жүйесінде жиі кездесетін ортақ белгілердің бірі болып саналады. Бұл жырда да осы белгілер айқын көрініс тапқан [4, 102 б].

Жырдың типологиялық ерекшеліктерінің тағы бір қыры ретінде батырдың ғажайып туу мотивін айта аламыз.Көптеген эпикалық жырларда кездесетін бұл дәстүр «Алпамыс батырда» да көрініс табады. Байбөрі мен Аналықтың ұзақ уақыт перзент сүйе алмай, кейіннен тілектерінің қабыл болып, Алпамыстың дүниеге келуі эпикалық дәстүрге тән мифологиялық сипаттағы мотивтердің бірі. Бұл элемент батырдың ерекше жаратылысты тұлға екенін көрсетіп, оның болашақ ерліктеріне алдын ала негіз қалайды. Жырда:

Құдыреті күшті бір бала,
Жылатып жүріп жұбатты.
Келді халқы қуанып,
Бәрі бірге жиналып- деген жолдарынан Байбөрімен бірге оның халқы да қуанып, балаға ізгі тілектер тілеуі, баланың кішкентай күнінен-ақ ерлік істер жасауы жырдың типологиялық ерекшеліктеріне тән белгі [5, 73 б].

Жырда батырдың елден жырақ кетуі, түрлі сынақтардан өтуі және туған жеріне кейіннен қайта оралып, елін жаудан қорғау сияқты эпикалық сюжеттер де қазақ эпосына тән белгілер. Мәселен, Алпамыс Қаражанмен кездесіп, алғашында қарсылас болғанымен, ақыры достыққа ұласып, батырлық рух пен адамдық қасиеттің үйлесімін көрсетеді.

Жырдың тағы бір көркемдік тұрғыдан ерекшелігі ретінде Алпамыс пен қалыңдығы Гүлбаршынның арасындағы күрделі қатынастарды атай аламыз. Гүлбаршынның қойған шарты бойынша сайысқа түскен Алпамыс батыр қарсыластарынан оқ бойы озық шығады. Бұл ойдың түпкі мақсаты бұл халқымыздың батырлар бойындағы ерлігін көрсету мен қатар ұлттық дәстүрге, тәрбиеге, адалдық және әділдік секілді қағидаларын да көрсетуден тұрады.

Жырда сондай-ақ діни элементтер де жиі кездеседі. Мысалы, Байбөрінің Алладан жалбарынып бір перзент сұрауы және Алпамыстың да шайқасқа түскенде Жаратушыны жиі еске алып, сиынуы да діни элементтерге жатады. Жырда:

Жаратқан Жаппар Құдайым,
Перзентке зар етіп қойғанша,
Жараптпасаң не етеді?-деп тағдыр жолына налуы да жырдағы діни мотивтердің бір көрінісі іспетті. Мұндай көркемдік тәсіл жырдағы батырлық сарынымен қатар рухани тәрбиелік мәнді де арттырады [6, 38 б].

Жырдың поэтикалық ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, жыр өте көркем бейнеленіп, тіл мәнерлілігі сақталған. Эпикалық жырларда көбіне батырлық әрекеттерді, кейіпкерлердің мінез құлқы мен табиғат көріністерін бейнелейтін құралдар кеңінен қолданылады. «Алпамыс батыр» жырында да бұл ерекшелік айқын көрініс табады. Мысалы, Алпамыстың ерлігін суреттеу кезінде автор табиғат құбылыстарымен салыстыруға жиі жүгіне отырып, батырдың күші мен батылдығы найзағайдың жарқылы мен боранның күшімен теңестіріледі, бұл көрерменнің немесе тыңдаушының қиялын жыр әлеміне терең тартуға мүмкіндік береді.

Жырдың поэтикалық қырына эпитеттердің мол қолданысы да енеді. Мысалы, жырда Алпамыс-батыр, Қаражан-қасқыр мінезді қаһарман, Гүлбаршын-сұлу жар. Осы сияқты сияқты эпитеттер кейіпкерлердің мінез-құлқы мен сыртқы бейнесін бейнелеуде ерекше тапқырлықпен қолданылған. Жырда қайталау тәсілі де кездеседі. Мысалы, мына бір жолдарда:

Жаңа көрдім мен елімді
Жерім деймін, жар-жар.
Жаңа көрдім Қоңырат,
Елім деймін, жар-жар-деген жолдарды туған елін сағынып келген батырдың сөзінде эпифора яғни, сөздің сөз соңында қайталанып келуін поэтиканың бір элементі ретінде жатқыза аламыз [7, 142 б].

Жырда теңеу мен метафоралар да жиі кездеседі. Мысалы, Алпамыс жауды жеңгенде «желдей жылдам, арыстандай батыр» деп сипатталады. Бұл теңеулер арқылы кейіпкердің ерлігі көркемдік бояумен беріліп, оқиғаның мазмұнын күшейте түседі. Ал параллелизм тәсілі көбінесе батырдың жаумен шайқасқан кезінен және досымен кездескенінен, қалыңдығын іздеп шығу жолдарында көбірек көрінеді. Ал, жырдағы дыбыстық үйлесім мен ішкі ұйқас эпостың ерекше есте қалуына әрі батырларлардың әрекеттерін драмалық түрде көрсете алуына сеп болады. Мысалы жырда:

Алпамыс сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді.
Тайшық хан алған жылқыны
Ал артынан кетейін.

Немесе осыған ұқсас мына бір жолдарда кейіпкерлердің әрекеттері драмалық түрде көрсетіледі.

Долдыққа сыймай Алпамыс,
Денесін ашу қамады.
Ақ қанжарын алды суырып,
Заманасын қуырды,
Шұбарды басқа шабады.

Жырдың халықтың жүрегінде ерекше сақталуының себебі жырда мейлінше тарихи әлеуметтік шындық көркем жырлануынан болса керек. Жырдағы әрбір көрініс, әрбір кейіпкер барлығы да қазақтың көшпелі өмірімен тығыз байланысты. Жырдағы салт-дәстүрлердің көрініс табуы да поэтикалық бір ерекшелікке жатады. Мысалы, Байбөрі мен Байсарының құда болуы, көкпар үстінде құдасымен ренжісіп, Байсарының басқа елге көшуі арада ұзақ уақыт өткеннен

кейін өз жарын Алпамыстың іздеп шығуы барлығы қазақтың өз заманындағы іс-әрекеттерін толық ашып көрсетеді. Сондай-ақ, Алпамыстың өз жарын іздеп шығуы батырдың тек ерлік қана емес, сонымен қатар сүйіспеншілік, әділдік пен жауапкершілік қасиеттерін де көрсете отырып, эпостың идеясын толықтырады [8, 134 б].

Жырдағы Алпамыстың жары Гүлбаршын да өте көркем образ. Гүлбаршынның бойындағы бар қасиеттер ақылдылық пен парасаттылық, адалдық пен мінезділік жырда ерекше сипатталады. Қаншама жылдан кейін оралған жары диуана болып келіп, жарын сынағанда да Гүлбаршын өзінің адал ниеті мен жарына деген адалдығын көрсете біледі. Бұл жырдың ең бір көркем тұстарының бірі болып табылады.

Жалпы алғанда «Алпамыс батыр» жыры түркі халықтарының көпшілігінде сақталып, әр ұлт өз эпостық жырларының қатарына кіргізеді. Батыр өмір сүрген Жейделі Байсын жерінің нақты қай жерде орналасқаны белгісіз. Дегенмен Қызылорда облысында орналасқан Жиделі және Байсын деген жер-су атауларына қарап, Алпамыс батыр осы аймақта өмір сүрген деген пікірлер де айтылып жүр. Қайсыбір мәліметтерге немесе жырдың өзбек, қарақалпақ елдерінде таралған нұсқаларына қарамастан «Алпамыс батыр» жыры нағыз қазақ эпосы екендігін айта аламыз. Жырдағы әрбір оқиға, кейіпкерлер барлығы да қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен, қазақтың бойына сіңген терең қасиеттері мен мінезінен хабар беріп тұратындай [9, 257 б].

Қазіргі таңда, көптеген ғалымдарымыз зерделеп кеткен рухани мұрамыз білім беру ұйымдарында кеңінен таныстырылып, жас ұрпаққа ауыз әдебиетіміздің байлығын тануына, зерттеуіне, білуіне үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Осы арқылы оқушылар тек әдеби шығармаларды жаттап қана қоймай, халқымыздың салт-дәстүрін және батырлық эпостың мәнін, рухани құндылығын түсініп өсіп келеді. Мектептік сабақтарда осы секілді тағылымы терең эпосты жүйелеу арқылы оқушылардың бойында ойлау қабілеті қалыптасқан, сөздік қоры мен шығармашылығы бай жасөспірімдер қалыптасуда. Бұл болашақта өз заманына сай әділдік пен адалдықты өз бойына жинаған Алпамыс батыр секілді өз заманының батырларының шығуына әсер етсе, Гүлбаршындай текті де, ақылына көркі сай қыздарымыздың бойжетуіне сеп болады деп ойлаймын [10, 48 б].

Сөзімізді қорытындылай айтқанда, «Алпамыс батыр» жыры қазақ халқының эпостарының ішіндегі шоқтығы биігі. Бұл жыр ғасырлар бойы халық жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани қазына ретінде ерекше бағалана бермек. Жалпы зерттеу келе байқағанымыз, эпоста ел қорғаған батырдың ерлігі ғана емес, халықтың өмір салты, дүниетанымы, салт-дәстүрі, адамгершілік қағидалары кеңінен бейнеленген. Сол арқылы жыр қазақ халқының тарихи жадын, ұлттық болмысын және рухани әлемін айқын таныта түседі. Белгілі ғалым Мұхтар Әуезов батырлық эпостардың мәнін ерекше бағалай отырып: «Батырлық жырлар-халықтың өткен өмірінің шежіресі, оның арман-мұраты мен ерлік рухының көркем бейнесі» деп атап көрсеткен. Бұл пікір «Алпамыс батыр» жырының табиғатын дәл айқындайтындай. Өйткені эпостағы әрбір оқиға, әрбір кейіпкер халықтың ерлік рухын, намыс пен адалдықты, елге деген сүйіспеншілікті паш етеді. Бұл жыр әрдайым ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, осы бір мол тағылымын әрдайым сақтай бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
2. Қасқабасов С. Қазақ фольклорының теориясы. – Алматы: Ғылым, 2004. – 320 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
4. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.
5. Ысқақов Б. Қазақтың батырлық жырлары. – Алматы: Рауан, 1996. – 208 б.
6. Жиреншин С. Қазақ эпосы және әдеби дәстүр. – Алматы: Мектеп, 1988. – 176 б.
7. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 264 б.
8. Алпамыс батыр: Батырлық жыр. – Алматы: Жазушы, 1986. – 256 б.
9. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. – Санкт-Петербург, 1870. – 456 с.
10. Қабасов С. Қазақтың батырлық эпосы. – Алматы: Санат, 2005. – 280 б.

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ ДИВАЕВ ЖӘНЕ СҮЙІНШӘЛІ НҰСҚАЛАРЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

(кейіпкерлер жүйесіндегі өзгешелік және оның ғылыми маңызы)

Г.Ә. Шәкір
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Б.Е. Сыздықова

Аннотация. Мақалада «Қобыланды батыр» жырының Ә.Диваев жинаған нұсқасы мен Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы нұсқасы салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан зерттеледі. Зерттеудің басты мақсаты – нұсқалардағы кейіпкер аттарының өзгешелігін анықтап, осы өзгешеліктің не себептен туындайтынын және ол эпостану ғылымына қандай жаңалық – жаңа ғылыми білім – беретінін ашу.

Түйін сөздер: нұсқалық өзгешелік, кейіпкер аттары, аймақтық эпикалық дәстүр, жырлаушы шығармашылығы, тарихи жад.

Қазіргі уақытқа дейін «Қобыланды батыр» жырының бірнеше нұсқасы сақталғаны белгілі. Олардың ішінде Ә. Диваев жинаған және С. Жаңбыршыұлы айтқан нұсқалар ерекше қызығушылық туғызады. Бұл нұсқалардың сюжеттік негізі ортақ болғанымен, кейіпкерлер құрамы, олардың есімдері мен мінез-құлқы, сондай-ақ оқиғалардың өрбуі жағынан бірқатар маңызды айырмашылықтары бар. Екі нұсқаны салыстырып оқыған зерттеуші бірінші кезекте мынаны байқайды: жырдың кейіпкерлері кейде бірдей болса да, кейде аттары мүлде өзгеше. Мысалы, Ә.Диваев нұсқасында батырдың әкесі «Тоқтарбай», анасы «Аналық», жылқышы «Есдеміс» болса, Сүйіншәлі (С. Жаңбыршыұлы) нұсқасында батырдың туысы «Қыдырбай» байдан басталады, ал жолда кездесетін кейіпкер «Қазтоған», «Ахмет» деп аталады (1-кесте) [1]. Бұл – кездейсоқ емес.

Атаулардың өзгешелігі – эпос зерттеуінің ең маңызды мәселесі. Себебі ол бізге үш нәрсені айтады: біріншіден – жырдың қай аймақта, қандай ортада айтылғанын; екіншіден – жырлаушының шығармашылық ерекшелігін; үшіншіден – жырдың тарихи қабаттарын. М. Ғабдуллиннің сөзімен айтсақ, «Варианттар әрбір жырдың қалай туып және қай бағытта дамығандығын түсінуімізге көп материал болады. Сонымен қатар, ол жыршы-ақындардың творчестволық ерекшеліктерін... ашуға көмектеседі» [2].

Кесте 1

Кейіпкер аттарының салыстырмалы кестесі **(Екі нұсқадан жиналған кейіпкер аттарының жүйелі салыстыруы):**

Кейіпкердің рөлі	**Диваев нұсқасы (10-б.)**	**Сүйіншәлі нұсқасы (255-б.)**
Батырдың әкесі	Тоқтарбай	Қыдырбай (бай)
Батырдың анасы	Аналық	Ақзарбап
Батырдың жары	Қыз Құртқа	Құртқа
Батырдың жолдасы	Қараман (Сейілдің ұлы)	Ахмет, Қосай
Жылқышы/Серік	Есдеміс	Аталмайды
Ақсақал/Данышпан	Қотан жырау	Қазтоған
Негізгі жау	Қазан батыр (Қызылбас)	Қалмақ, Шынтемір
Тұлпар аты	Тайбурыл	Торыша (кейде Тайбурыл)
Батырдың қарындасы	Қарлығаш	Аталмайды

Кестеден бірден байқалатын үлкен өзгешелік – Диваев нұсқасындағы «Тоқтарбай мен Аналық» атты ата-ана жұбы Сүйіншәлі нұсқасында «Қыдырбай мен Ақзарбап» деп аталады. Бұл – жай лексикалық алмасу емес, мүлде бөлек сюжеттік желінің нышаны.

Жырдағы кейіпкер аттарының өзгешелігі кездейсоқ емес. «Тоқтарбай» – «тоқ + арбай», яғни «тойып өскен», «байлыққа толы» деген ноғайлы-қыпшақ тілінің лексикасынан шыққан ат. «Қыдырбай» болса – «Қыдыр» (ислами «Хызыр», яғни «Жасыл» пайғамбар) мен «бай» сөзінің бірігуі. Сүйіншәлі нұсқасындағы «Қыдырбай» – исламдық-діни атау қабаты басым, бұл Орынбор өңірінің діни ықпалын аңғартады. Демек, ат өзгерісі – аймақтық мәдени ортаның ізі.

Ә. Диваев нұсқасында Қобыландының басты жолдасы – «Сейілдің ұлы Қараман». Бұл – жырдың барлық нұсқаларының көбінде кездесетін тұрақты кейіпкер. «Қараман» есімінің түбірі – «қара + ман», яғни «қара халықтан шыққан» деген мағынаны береді. М. Ғабдуллин бұл кейіпкер туралы: «Мергенбайда Сейілұлы Қараман делінеді» [2, 218-б.] дейді – демек «Қараман» аты ноғайлы-қыпшақ дәстүріне берік бекіген.

Сүйіншәлі нұсқасында бұл кейіпкердің орнында «Ахмет» пайда болады.

Ит жүгіртіп, құс салып,
Аң аулап Ахмет жүр екен.
Қыдырбай келді қасына,
Пәруана болды басына [1, 265-б].

«Ахмет» – таза ислами-арабша есім. Оның жырда пайда болуы – Орынбор өңіріндегі исламдану ықпалының жырлаушы санасына сіңгенін айқын аңғартады. Бұл «Қараман → Ахмет» алмасуы – жырдың аймақтық, уақыттық бейімделуінің нақты мысалы. Яғни, бір кейіпкер бір ортада «Қараман» деп, екінші ортада «Ахмет» деп аталады – мазмұн бір, ат өзгеше.

Жырлардағы «Қотан» мен «Қазтоған». Ә. Диваев нұсқасында Дайырқожаның әкесі – «Қотан жырау». М. Жолдасбеков оның атышулы жоқтауын келтіреді: «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным?» [3]. «Қотан» – ноғайлы эпосына тән ескі түркілік есім.

Сүйіншәлі нұсқасында (263-б.) осы данышпан қарт «Қазтоған» деп аталады:

«Қарға бойлы Қазтоған,
Өзі тоқсан жасаған,
Азу тісі босаған,
Айдаһарды Қазтоған
Білер ме екен осы», – деп...[1, 263-б.].

«Қазтоған» – «қаз + тоған», яғни қаз тотемімен байланысты ескі түркілік есім. Алайда «Қазтоған жырау» – тарихи тұлға. XV–XVI ғасырларда өмір сүрген Қазтуған жырау – нақты белгілі ақын, оның өлеңдері сақталған. Демек, Сүйіншәлі нұсқасындағы «Қазтоған» – жырлаушының осы тарихи тұлғаны эпостық кейіпкермен байланыстырғанының немесе аймақтық тарихи жадтан алып кіргізгенінің нышаны. Бұл – нұсқалардың тарихи-деректік мазмұнын ашатын маңызды байқау.

«Тайбурыл» мен «Торыша». Ә. Диваев нұсқасында тұлпар – «Тайбурыл». Бұл ат – барлық нұсқаларда тұрақты, «Тайбурыл» жырдың ең белгілі эпикалық символы. М. Жолдасбеков «Тайбурылдың шабысы – жырдың барлық нұсқаларында еш өзгеріссіз кездеседі» дейді [3].

Сүйіншәлі нұсқасында тұлпар «Торыша» деп аталады:

Белгілі тұлпар бұл болып,
Қобылан батыр бұл торыға мінеді.
Осы тұрған Қобылан
Торыша атқа мінген соң,
Малын аралап жүреді [1, 301-б.].

«Торыша» – түсіне қарай берілген ат: «торы» (қара-қоңыр түс) + «ша» кішірейткіш жұрнақ. Бұл – жырлаушының тұлпарды өзінің таныс, нақты аттарымен атауы. «Тайбурыл» – «тай + бурыл» (жирен-сұр), яғни де нақты ат түсінен шыққан, бірақ ноғайлы эпикалық дәстүрге тән формула болып тұрақтаған. Сүйіншәлі нұсқасы бұл тұрақты формуланы жергілікті атаумен алмастырған – бұл жырлаушының шығармашылық еркіндігін аңғартады.

Бұдан шығатын қорытынды:

Біріншіден – эпостың аймақтық бейімделуінің заңдылығы. Атап айтқанда, Ә. Диваев нұсқасы – Сыр бойы мен батыс қазақ жырлау дәстүрін бейнелейді. Онда «Тоқтарбай», «Аналық», «Қараман», «Есдеміс», «Қотан» сынды түркі-ноғайлы дәстүріне тән есімдер үстем. Сүйіншәлі нұсқасы – Орынбор өңірінің (Ресей қазақтарының) жырлау дәстүрін бейнелейді. Онда исламдық-арабша есімдер («Ахмет», «Ақзарбап») мен жергілікті тарихи аттар («Қазтоған») кіріккен. Бұл заңдылықты О.Нұрмағамбетова «халықтық образдар» тұрғысынан сипаттаса [4], біз мұнда оның нақты мәтіндік дәлелін таптық. Яғни, «Қобыланды батыр» жыры – тек бір ортада туған «жабық»

шығарма емес, керісінше, жырлаушы ортаның мәдени-тілдік ерекшелігіне бейімделе отырып таратылған «ашық» жүйе.

Екіншіден – жырлаушы – тек айтушы емес, шығармашы. Ә. Диваев нұсқасы мен Сүйіншәлі нұсқасын салыстырғанда байқайтынымыз: жырлаушы – мәтінді жай жаттап айтушы емес, ол өз дәуірінің, өз өңірінің тілімен, таныс есімдерімен жырды «жаңартып» отырған. Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы Орынбор өңірінде «Ахмет» атты жолдасты, «Қыдырбай» атты әкені, «Торыша» атты тұлпарды табиғи сезінген – өйткені бұлар оның ортасына таныс бейнелер. М. Ғабдуллиннің сөзімен: «Вариантарда... жыршы-ақындардың творчестволық ерекшеліктері... ашылады» [2].

Бұл тұжырымдардың ғылыми маңызы – «фольклор – жасырын авторы бар шығарма» деген теорияны нақты мәтін арқылы дәлелдеуде. Мысалы Сүйіншәлі нұсқасы – «авторсыз» халық шығармасы емес; онда Сүйіншәлі Жаңбыршыұлының шығармашылық «қолтаңбасы» бар.

Үшіншіден – тарихи жадтың нұсқаға ықпалы. Сүйіншәлі нұсқасындағы «Қазтоған» есімі – тарихи тұлғаның эпосқа енуінің мысалы. Қазтуған жырау – XV–XVI ғасырдарда өмір сүрген нақты тарихи ақын. Оның жырдағы данышпан-қарт бейнесіне айналуы – халық санасының тарихи жадты эпоспен қалай ұштастыратынын аңғартады.

Бұл тұжырым – «Қобыланды батыр» жырының тарихи деректік мазмұны туралы пікірталасқа жаңа дерек қосады. М. Жолдасбеков «жырда біздің бабаларымыздың байтақ тарихы жатыр» [3] - деп жазса, Сүйіншәлі нұсқасындағы «Қазтоған» – осы тарихи жадтың нұсқа ішіне сіңу механизмін нақты байқатады.

Төртіншіден, нұсқалар – бір эпостың аймақтық «диалектілері». Тілде диалектілер болатыны белгілі: бір тіл әр аймақта өзгеше айтылады, бірақ мазмұн ортақ болып қалады. Дәл осы заңдылық эпоста да жұмыс істейді. «Тоқтарбай» мен «Қыдырбай», «Қараман» мен «Ахмет», «Тайбурыл» мен «Торыша» – бұлар бір эпостың екі аймақтық «диалектісіндегі» баламалар. Олар бір батыр туралы, бір сюжет туралы – бірақ екі түрлі мәдени ортаның тілімен айтылған.

Бұл тұжырым – қазақ эпосын зерттеуде «нұсқа» деген ұғымды тереңдетеді. Нұсқа – тек сюжеттік өзгеріс емес, ол бір мәдени-лингвистикалық жүйенің басқа жүйеге бейімделуінің нәтижесі.

Енді екі нұсқаның мәтіндерінің айырмашылығын, атап айтқанда батырдың шайқасқа кірер алдындағы сәтті екі нұсқа қалай береді – соны тікелей салыстыратын болсақ:

Диваев нұсқасы:
Сонда Қобыланды батырдың
Тері тамып иектен,
Үш ай тоқсан болғанда
Құтылар қошқар күйектен.
Тобыршақ атқа зор салды,
Қамшы басты сауырға.
Екпіні ұқсап дауылға,
Тобығы менді тор атпен
Қобыланды шапты ауылға [1, 13-б.].

Сүйіншәлі нұсқасы:
Мына тұрған Қобылан
«Айрылдым ба екен барымнан,
Кесілдім бе деп қарымнан»
Бар қуатын жинап ап,
Қанша мықты болса да,
Мына тұрған қалмақты
Көтеріп жерден алады.
Таудай болған қалмақтың
Сол баладан құлады [1, 295-б.].

Екі үзінді де батырдың ерлігін суреттейді – мазмұн ортақ. Бірақ Диваев нұсқасы «тері тамып иектен» сынды тұрақты формула-эпитеттерге сүйенеді, ал Сүйіншәлі нұсқасы батырдың ішкі монологын («айрылдым ба екен барымнан») алдыңғы орынға шығарады. Бірінші – жырдың суреттеу дәстүрі; екіншісі – психологиялық тереңдік. Бұл да нұсқалық айырмашылықтың стилистикалық белгісі.

Қорытынды.

«Қобыланды батыр» жырының Диваев нұсқасы мен Сүйіншәлі нұсқасын кейіпкер аттарының өзгешелігі арқылы салыстырмалы-типологиялық талдау нәтижесінде мынадай жаңа ғылыми тұжырымдарға келдік:

Біріншіден - екі нұсқадағы кейіпкер аттарының өзгешелігі – аймақтық эпикалық бейімделудің заңдылығын дәлелдейді. Диваев нұсқасы ноғайлы-қыпшақ тілдік қабатын сақтаса, Сүйіншәлі нұсқасы Орынбор өңірінің исламдық-аймақтық лексикасын жырға кіргізген. Бұл – «жыр жырлаушы ортаның тілінде сөйлейді» деген тұжырымның нақты мәтіндік дәлелі.

Екіншден – нұсқалардағы кейіпкер аттарының өзгешелігі жырлаушының – тек айтушы емес, белсенді шығармашы екенін аңғартады. «Қараманның Ахметке» айналуы, «Тайбурылдың Торышаға» алмасуы – жырлаушының өз ортасына таныс бейнелерді эпосқа кіргізу арқылы жырды «жандандыруының» нышаны.

Үшіншіден – Сүйіншәлі нұсқасындағы «Қазтоған» есімі – тарихи тұлғаның эпостық кейіпкерге айналу механизмін нақты байқатады. Бұл – халық тарихи жадының эпосқа сіңу жолын зерттеуге жаңа деректік негіз береді.

Жалпы айтқанда, Ә.Диваев пен Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы нұсқаларының кейіпкер аттарындағы өзгешелік – «Қобыланды батыр» эпосының бір-ақ аудан, бір-ақ дәуірдің туындысы емес, ғасырлар бойы ұлан-байтақ аймаққа тарала жүріп жырлаушы ортасының тілімен, тарихымен, мәдениетімен бірігіп қалыптасқан «тірі» эпос екенін дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 35: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006. – 392 б. ISBN 9965-35-217-8. [Диваев нұсқасы: 10–251-б.; Сүйіншәлі нұсқасы: 255-б. бастап]

2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті: Оқулық. 4-басылуы. – Алматы: Санат, 1996. – 368 б. ISBN 7090-0141-4.

3. Жолдасбеков М. Қаһармандық рух қайта түледі («Қобыланды батыр» жыры) // Бабалар сөзі. 35-том. – Астана: Фолиант, 2006.

4. Нұрмағамбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр» – Алматы: Ғылым, 1988.

5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б. ISBN 5-630-00002-0.

6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987.

ӘЛІБЕК БАЙБОЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР

Г.С. Бөкен
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
PhD, қауымдастырылған профессор

Әдебиетте, оның ішінде проза саласында өзіндік жазу стилі бар, қоғамдық қайшылықтарды астарлап, шындықты саралап жеткізуді меңгерген жас қаламгер Әлібек Байболдың әңгімелері — көркемдігі бөлек дүниелер. Қаламгердің осы күнгі дейін көлемді прозаға ауыр болып келген оқиғалар мазмұнын небәрі бір-екі беттің көлеміне сыйдыра білуі Әлібек Байболдың жазушы ретінде зор шеберлігін танытады. Жас қаламгер Әлібек Байболдың 2012 жылы жазылып, шыққан «Теміржол вокзалы» жинағына «Көзі тірі классик», «Ормандағы жиын», «Айдahар, аю һәм барыс», «Қағаз кеме», «Садьконның сандырағы», «Қылмыскердің күнделігі», 2013 жылы жарық көрген «Құлдар патшалығы» жинағына «Бейтаныс әйелдің қарғысы», «Дарынсыз артист», «Демократияның көлеңкесі», «Мүжілген ескерткіш», «Диктатордың өлімі», «Аяқталмаған картина», «Жоғалған бас» секілді тағы басқа да әңгімелері енгізілген.

Жазушының «Айдahар, аю һәм барыс» атты әңгімесінде аңдар бейнесі арқылы Ресей, Қазақстан, Қытай мемлекеттері арасындағы саяси мақсаттағы көзқарастарды ашуға ұмтылған. Нақтылай келсек, осыған ұқсас тақырыпты қозғаған Мұхтар Мағауиннің «Құмырсқа қырғыны» атты әңгімесінде құмырсқалар тіршілігіндегі әлімжеттік, теңсіздікті ашып көрсету арқылы сыртқы елдердің тарапынан қазақ еліне төніп тұрған едәуір қауіпті жорамалдаған болатын. Сол секілді Әлібек Байболда екі халықтың өзге жұрт алдында қазақ халқына достық пейіл танытқанымен, негізгі мақсаттары үсті де, асты да байлыққа толы жеріміз екенін астарлап жеткізеді. Бұл тақырып, негізінен, бұқаралық ақпарат беттерінде де, әдебиетте де өзекті тақырып болғанымен, көбінде нәтижесіз аяқталады. Ал жазушының әңгімесінде барысқа қол жеткізу үшін аю мен айдahар күшін сынаспақ болады, ең соңында ақыры шатқалдан құлап, өлім құшады. «Барыс басымен тұтасқан мойнын созып қарады. Екі алыптың құлаған жері үлкен шұңқырға айналып кетіпті… Енді барысқа тең келер ешкім жоқтай көрінді. Жолбарыс, Арыстан сияқты кәрі аңдардың орнын басатын аң Барыс болмақ» [1, 164]. Осы әңгіме жайында жас әдебиет сыншысы Нұрбек Түсіпхан: «Барыс ешкімге соқтықпайтын мінезімен ұтады», – дейтін тезисі жанымызға жақын, мұратымыздың өзегі» [2] – деп пікір білдіреді. Осы шығарма мазмұнына сәйкес «Ормандағы жиын» атты әңгімесінде орман аңдарының жиналысында әлемнің елу дамыған ормандарының қатарына кіру мәселесі жайлы мәселе қозғалады [2]. Әңгімеде мысал жанрына тән ерекшеліктер көп кездеседі. Жан-жануарлар мен аңдардың аллегориялық бейнелері арқылы бір қауым елдің биліктік-құрылымдық басқаруындағы саяси қате, теріс әрекеттерді әшкерелеуге тырысқан. Кейіпкерлері аң, құс, жан-жануарлармен бірге әңгіме желісіне адамдардың қатыстырылуы мысалдың сюжетіне тән болып келеді. Орманды басқарушылар – арыстан, барыс, қасқыр, түлкі, аю сияқты қу, өз күшіне сеніп қалған, тәкәппар аңдар. Тайынша, бұғы, қозы-лақ, суыр секілді кішілі-үлкенді орман аңдары қарапайым халық есебінде бейнеленген. Шынайы өмірде де жоғары биліктегі адамдардың екіжүзділігі, халық алдында өтірік сөйлеп, берген уәдесінде тұра алмауы, өзі толықтай білмейтін, меңгермеген салаға жетекші болып, білімі мен тәжірибесінің жоқтығынан мемлекетті құрдымға кетіруі, парақорлық пен жемқорлыққа жол беруі секілді көптеген дұрыс емес әрекеттерінің зияны қарапайым халыққа ауыр соққы болып тиетіні рас.

Қаламгер өз шығармасында билік пен қарапайым халықтың арасын көрсету үшін символдау тәсілін шебер қолдана білген. Қаламгер өзі таныған қоғамдағы шындық жайында бар ойын бүкпей, ашық, нақты жеткізу үшін әдебиеттегі мысал жанрына тән ерекшеліктерді қолданғанын атап өттік. Жан-жануарлар мен аңдардың аллегориялық бейнелері арқылы қоғамдағы саяси шындықты жеткізе білу ауыз әдебиетінде ертеден келе жатқан әдіс болғанымен, Әлібек Байбол өз шығармаларында оны ерекше көрініспен жеткізе білген.

Әлібек Байбол проза жанрының шебері. Себебі оның стилі ерек, образдары тым қызықты. Автор прозаларын тілдік құрылымдарына қарай талдауды қаламгердің алғашқы жинағы «Теміржол вокзалынан» бастауды жөн санадық.

Қаламгер өз шығармаларында уақытты қалай бере алды? Философия ғылымы уақытты реалды, физикалық, концептуалды, перцептуалды деп төрт түрге бөліп жіктеген. Автор өз

шығармаларында көбінде *реалды* уақытты пайдаланады. Реалды уақыт дегеніңіз қоғамдық формациядағы қалыптасқан дәстүрлі уақыт өлшемдері. Бір сөзбен айтқанда адам баласының күнтізбелік уақыты. Ғасырмен, жылмен есептеледі. Оған дәлел қаламгердің «Теміржол вокзалы» жинағы. Себебі, автор онда өзінің мемуарлық естеліктерін жазған. Ал, «Құлдар патшалығы» жинағына енген «Қуыршақ» әңгімесінде *концептуалды* уақытты көрсетеді. Концептуальды уақыт дегеніміз – адам мен уақыттың арақатынасын білдіретін қоғамдық-әлеуметтік уақыт. Адам баласы өзіндік санасы арқылы уақыт деген ұғымды концептілеуді игерді. Бір сөзбен айтқанда уақытқа деген қарым-қатынасына жаңа сипат берді, формасын экономикаландырды, әлеуметтендірді, реалды уақытты өз талабына сай метофораландырды. Нақтырақ айтқанда уақыт ассоциоландырылады. Концептуалды уақытты үйлестіруге қоғам, социум, билік қатты араласады. Сенің уақытыңның тізгінін солар басқарады. Сенің уақытыңа уақыт таптырмайды. Мысалы, қоғамдағы номенклатура, қағазбастылық, мәнсіз жиналыстар, әртүрлі әлеуметтік төлемдер, қажетсіз істер.

«Шыны керек қуыршақтарға жаным ашып кетті. Байқұстар үйретілген иттерден айнымайды. Сондай кезде сол ағамызды сағынамын... Сол кісіні Саясат жұтты дегенде қатты өкіндім. Өкінуіме себеп, халқымыз жақсы перзентін қызметінен қуды. Ұзынқұлақтан естігенім: «Сол кісі қазір оппозицияның Сол қолымен бірге жұмыс істеп жүр екен. Және жақын аралықта оны ешкім көрмейтін сияқты...» [3, 72]. Келтірілген үзіндіде концептуалды уақытты билік үйлестіреді. Қуыршақтардың директордан басқаға уақыты жоқ. Бұл жерде қуыршақтардың уақытын билік, яғни, директор басқарады.

Автордың ендігі бір ерекшелігі – ол шығармасында шетелдік тұлғалардың қанатты сөздерін қолдануында. Мәселен, «Теміржол вокзалында» Марк Твеннің «Баланың көргені мен түйгені үлкен адамдардан ерекшеленеді. Себебі, кішкентай бала балалық шағын ешқашанда ұмытпайды» [1, 3] сөзімен басталады. Яғни, шығармаға арқау болатын көркем сөздерді автор басында ашып көрсетеді. Расымен-ақ, автордың өз балалық шағын суреттей жазылған бұл шығармада бала Сәкеннің қызығы мен шыжығы қатар өмірі беріледі.

«Қайрат» әңгімесі Уинстон Черчельдің «Демократияның да жетісіп тұрғаны шамалы. Бірақ адамзат қоғамы әзірше одан тәуір ештеңе ойлап тапқан жоқ»[1, 95] деген сөзімен басталады. Бұл жерде де автор негізгі идеяны Уинстон Черчельдің сөзімен бере алған.

Планета мұз тірліктің қалдығын,
Күн Ленин жібіте алмас дәл бүгін.
Сондықтан да күнде шатақ шығарып,
Арақ ішкен адамдардың алдымын [1,106].

Осы жинақта берілген «Арақ пен Ардақ» әңгімесі Есениннің осынау өлең шумақтарымен басталады. Араққа құл болған Ардақтың өз өмірін өз қолымен құрдымға кетіруінің негізі осы өлең жолдарымен берілгендей. Автор өз кейіпкерінің жанын ашу арқылы, оқырманға өзгеше тәсілмен ерекше ой қалдырады.

«Айдahар, аю һәм Барыс» әфсанасы «Ормандағы жиынмен» ұқсас шығарма. Ол Канттың «Басынушылық - басқару формасы емес…» [1,179], – деген сөзімен басталады. Саяси мақсаттарды ашуға бағытталған туынды.

«Қағаз гүл» Питер Дракердің «Самое важное в общении - услышать то, что не было сказано»[1, 227] сөзімен беріледі. Ең өзекті тақырыптың бірін көтерген бұл шығармада қыз намысы жайлы айтылады. Шығарма идеясына негіз болған Питер Дракердің сөзі – адам жанын ұғынудың нәзік сезімін көрсетеді.

Бала бақыт жүр қызып,
Бақ аралап тамызда.
Аққу болып қырмызы
Қонды шапақ хауызға [1, 238].

Есениннің осы шумағымен басталатын «Жалғыз» әңгімесінде Біржанның кептерге бауыр басуы жайлы айтылады. Өлең шумақтары бала көңілінің нәзік сырына арналған. Шығарма басындағы осы шумақтарды оқи отыра, аңғал бала көңілінен сыр шертетін туынды екеніне көзің жетеді.

«Қиянат» әңгімесі А. С. Пушкиннің:

Бәрі елес, бәрі бос,
Бәрі пасық, азғындық;
Тәтті шарап, сұлу дос –

Өмір сәні аз күндік, [1, 269] – өлең жолдарымен басталады. Көріп отырғанымыздай, автор ерекшелігі өз шығармаларының идеясын танымал тұлғалардың сөздерімен, өлең шумақтарымен жеткізе білуі. Бұлда бір оқырманның қызығушылығын оятуға, өз шығармасының өзегін ашуда қолданатын автордың ерекше тәсілі деуге болады.

Автор қолданысының екінші бір қыры – шығарма арасында ғылыми, танымдық ақпараттарды беруі. Мәселен «Азғын» әңгімесінде Маркстың «Дін – апиын» деп насихаттауын, «Сағыныш» әңгімесінде кейіпкері жайлы «Марат генетиканың іргетасын қалаған чех ғалымы Иоганн Грегар Мендельді ұзақ жылдар бойы тәжірибе жасай жүріп, 1865-жылы ас бұршағының бірнеше түрін будандастыру арқылы жаңа сорт ойлап тапқаны үшін жақсы көретін. Тағы тәулігіне 18 сағат жұмыс істеген, керек десеңіз үйлену тойында да жұмыс басты болып, жүзден астам үлкен ғылыми жаңалықтарды ашқан Томас Эдисонды пір тұтатын. Г.Де Фриз, К.Корроне, К.Чермак, Мичурин, М.Фарадей, У. Гершель сияқты ұлы адамдарды бәз біреулер сыман қара тұяқтан хәл кеткенше мәлкілдеп отыра бермей, мына дүние көшіне бір нәрсе қалдырып үлгергендері үшін басына көтеріп сыйлайтын» [1, 60], – деп жазылған осы жолдардан да ғылыми мәліметтердің берілгенін байқай аламыз. Тағы да осы әңгімесінде «Архитектура сәулет өнерінде антураж деген термин бар» [1,62], – деген жолдары да сәулет өнерінен хабар беретін жайттар. Сонымен қатар, академик Тарленнің «Наполеон» кітабындағы үзіндіні келтіріп көрсетеді: «Бурбондардың Сиес дейтін премьер-министрі болған екен. Үкімет басына Наполеон келгенде Сиес кенет ғайып болыпты. Жұрт тіпті корольдікте осындай премьер бар екенін ұмытып кеткен. Наполеон жеңіліп, Эльба аралына жер аударылып, бурбондар таққа қайта отырғанда король сарайында жұрт көңілінен мүлде шығып кеткен әлгі Сиес оқыс сая бола кетпей ме? Таңырқаған қауым бір кезде осындай премьер болғанын есіне алып:

– Сиес, көрінбей кеткеніңізге көп болды, қайда жүрдіңіз? – деп сұраған ғой.

Сонда Сиес:

– Күнімді көрдім, – деп жауап беріпті» [1, 64].

«Жер бетінде алтыннан да қымбат металл бар. Оның аты платина. Саф күйінде көне заманнан бері белгілі болғанымен, платинаны тұңғыш рет өндірістік жолмен ашқан адам – француз ғалымы А. Сент Клер Девель екен. Ол 1859-жылы екі шаршы дециметр платинаны үстелге қойған да бір досына: «Көтеріп көрші», – депті. Көтермек түгіл орнынан да жылжыта алмаған досы: «Шегелеп тастаған металыңды қалай көтеремін! Мазақтауыңа жол болсын!» – деп ашуланыпты.

Респиги Оттарио – италиян композиторы. 1879-жылы Болоньеде туып, 1936-жылы дүние салған. Санкт-Петербург шаһарына барып Н.А.Римский – Корсаковтан дәріс алған. Италия музыкасына модернизмнің қалыптасуына себін тигізген. Өз творчествосында Көне Римді көтере мадақтап, ортағасырлық саз, әуендер мен мақамдарды өзгерте пайдаланып отырыпты» [1, 67].

«Баяғыда Тургенев Лев Толстойдың «Холстомер» повесін оқып шығып, авторына «Лев Николаевич, жылқы психологиясын соншалықты жақсы біледі екенсіз, өзіңіз ат болып кеткеннің қай жағындасыз» депті Иван Сергеевич» [1, 68]. «Жиын» әңгімесінде келетін жолдар: «Кеңес Одағында «Сталин заманы» деп аталатын, ұзын ырғасы отыз жылға созылған тұтас бір дәуір өтті. Михаил Шолоховтың мынадай бір сөзі бар еді: «Біз өз жүрегіміздің қалауымен жазамыз. Бірақ жүрегіміз партияның еркінде» [1,91].

«Арақ пен Ардақ» әңгімесінде «Полис деп гректер кіші аудандарды атаушы еді» деген жолдар кездеседі [1, 106]. «Франция королі XV Людовиктің қуғынына ұшыраған Вольтер жиырма жылдай шетелде жүріп, ақыры қартайған шағында Парижге оралып келе жатады. Шекараға келгенде оны кеденшілер тоқтатып: *– Күйменізде контробандалық заттар жоқ па? – деп сұрапты. Сонда ұлы жазушы ойланбастан: – Ең үлкен контробанда менің өзім… Менен басқа күдікті ештеңе жоқ деп жауап берген екен*» [1, 150] – деген жолдар «Көзі тірі классик» атты әңгімесінде кездеседі. Осы секілді көптеген шығармаларында автордың осындай ғылыми мәліметтер, авторлардың сөздері, тіпті, терминдер кездесіп жатады. Яғни, автор шығармасын оқи отыра оқырман жаңа ақпараттардан хабар ала алады. Бұл қаламгер Әлібек Байболдың өзіндік стилі деуге болады.

Автор ерекшелігінің үшінші бір қыры – әр әңгімесін астармен беру. «Теміржол вокзалы» жинағында автордың көп әңгімесінің прототипі – өзі. Автор әртүрлі есімді кейіпкерлерді жазғанымен, олардың жан дүниесі бір. Көрген тіршілігі бір. Жалғызбасты анасының жалғыз ұлын асырауы үшін төккен тері, баланың ана үмітін ақтауға ұмтылған сәби жүрегі, бәрі де автордың өмірінен хабар береді. Ол жайында автор: «Теміржол вокзалы» болсын, «Жолаушы» болсын бұл менің анам – сатушы әйел, бала – мен. Және дебютымда сол болғандықтан, басынан балалар

әдебиеті қызықтырды. Бір бес-алты әңгіме жазылды. Осыдан бір он жыл бұрынғы, және кейінгі жинақтарда осы әңгімелер енді. Прототипі өзім, өзімнің көргенім, түйгенім өмірден. Мына үш жинақ жайында айта кетсем, «Теміржол вокзалы» 2012 жылы енді, «Құлдар патшалығы» 2013 жылы, «Ой ұшқындары» 2015 жылы жарық көрді. Яғни мен прозадан жалпы әңгіме, повесь жанрына бармағалы бір төрт жыл болып қалыпты. Бірақ мен осы төрт жылда өзім толысу жолында, даму үстінде, теориялық жағынан, базалық жағынан болсын, стилистикалық тұрғыдан болсын сол драматургияға жалпы сынға бет бұрдым» [4] – дегенді айтқан.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, әдебиеттанушы ғалым Гүлмира Сәулембек жазушының қолданысы жайында: «Әлібек Байбол әңгімесінде постмодернизм поэтикасының басты критерийлері болып табылатын интермедиалдылық шығарманың аллегориялық сипатымен жымдасып, сәтті қолданылады. Қосарлы кодтауды ендіру тәжірибесіне мәтінге автордың дәстүрлі әдебиеттегідей өзі араласып, тұжырым жасауы көлеңкесін түсіріп тұрғандай. Дегенмен классикалық әдебиеттің шеңберінен шығып, шығармасын автор-мәтін-оқырман үштігіне құрып және әрі элитарлық, әрі бұқаралық мәтін тудыруға тырысуын автордың басты ізденісі деп бағалаймыз» [5] – дегенді айтады. Бұл пікір автордың ізденімпаздығы мен проза жанрында қалам тербеп жүрген шебер жазушы екендігіне тағы да бір дәлел бола алады.

Автор шығармаларында ерекше қолданыстарды сәтті қолдана біледі. Жазушы шығармасында Бұқар, Мағжанның өлеңдерінде ұтымды қолдана білгені көрінеді. «Нақұрыс» атты әңгімесінде Болаттың ішкі күйін Бұқар жыраудың осы өлең жолдары арқылы жеткізеді:

Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау күмән-ай.
Баспақтана жиылып
Бұқа болған заман-ай.
Құл құтандар жиылып
Құда болған заман-ай.
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман-ай.
Азаматын улатып,
Жұрт дал болған заман-ай [1,300]. Және де Мағжанның осы бір өлең жолдарын қолданады:
Алаштың алдын қап-қара тұман басқан,
Мынау орыс обыр топ еміп жатқан.
Заман азған шағында адам азбақ,
Кей «ерлер» жаумен бірге елін шаппақ.

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер.
Алтын арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін
Қорқу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін [1, 309]. Жазушы шығармаларында бұл жолдарды ұтымды пайдаланылғандығын байқаймыз.

Жазушы Әлібек Байбол өзінің әңгімелеріндегі кейіпкерлерінің ішінде болып жатқан сезімдерін автор ойы арқылы өте тамаша жеткізе білген. Автордың «Нақұрыс» атты әңгімесінде Болаттың ойына сыртқы ой әсер етіп, Болаттың іштей нақұрысқа айналуы беріледі. Бұл шығармада қоғамдағы келеңсіздіктердің жазықсыз жанға әсер етуі, сыртқы ойлар әсерінде адамның ішкі ойының өзгеруі көрініс табады. Осы Болаттың бейнесі арқылы автор сол дәуірдегі әдеби образды көрсеткен. Қаламгер өзінің шығармаларында авторлық позицияны өте жақсы қолданған. Көркем шығармадағы барша оқырманды баурап алатын кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен сұлулықты тамаша суреттеген. Мұндай сұлулықты автор әрине кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі мен сыртқы келбетіне, табиғат, ауыл, қала суреттері мен жан-жануар тағы басқа тіршілігіне дарытады. Қаламгер идеяны жалаң, жадағай, сылдыр сөйлемге құрмайды, көбінесе терең мағыналы, астарлы образбен қысқа да нұсқа жеткізіп отырады. Жазушы прозасының негізгі оқиғалық арқау-детальын өзі қанық өскен ортасынан алады. Жазушының ұтқан тұсы – өзгенің қаламына ілікпеген тың оқиғаны жазуында емес. Ел өмірінде болған көп оқиғалардың маңызды бір қиығын деталь ете отырып, соған бүкіл бір ұлттың мінез-болмысын сіңіріп жіберуінде. Байқап

отырсақ, кез-келген өнерді құнды дүниеге айналдырып, жұрт жүрегінен орын таптырар маңызды түйіні – сол халықтың психологиясын терең бейнелей отырып, тарихи тамырына, рухына бойлай алуында болса керек.

Әлібек Байбол прозасының басты ерекшелігі – қазақ қоғамының өмірін, рухани болмысын баяндап отырған оқиғаның өзегіне жымдастыра сіңіре отырып жеткізуінен көрінеді. Шығарма оқиғасының өзегінен ұлт болмысын, мінезін көріп, аңғарып тани аламыз. Мұны жазушы көп ретте стильдік мақсатта арнайы қолданып, солай барғандықтан да, бүкіл прозасының ерекшелігіне айналады. Жазушы шеберлігі – көркем образ, бедерлі бейне жасаудан көрінеді. Көркем ой – сом тұлғалы образ, айшықты астармен, әсерлі суретпен жеткізіледі. Осы көп-көп қырлар мен түрлердің ішінде жазушының шеберлігін сынайтын, суреткерлік деңгейін айқын танытатын түйіннің бірі – кейіпкерге мінездеме беру, тұлғалау болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байбол Ә. Теміржол вокзалы: Проза – Алматы, 2012. – 318 б.
2. Байбол Ә.Ғинаят [Электронды ресурс]. – URL: https://abaibook.kz/aelibek-bajbol-ghinayat/
3. Байбол Ә. Құлдар патшалығы: Проза – Алматы, 2013. – 300 б.
4. Байбол Ә. Оқырман. Сұхбат. [Электронды ресурс]. – URL:https://youtu.be/1BwXY2h_Z4g
5. Саулембек Г. Постмодернизмнің басты ерекшелігі – эксперименттерге ашықтығында. Сұхбат //Әдебиет порталы. 17 қараша, 2022. [Электронды ресурс]. – URL:https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/24213

ҚАЗАҚ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ТАРИХИЛЫҚ СИПАТЫ

С.Н.Жәмбек
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Көркем әдебиеттегі тарихилықтың біраз мәселесі өткен дәуірлердегі тарихи оқиғаларды, тарихта жасаған қайраткерлердің іс-әрекеттерін өзек еткен тарихи жанрдағы шығармалармен байланысты қарастырады. Автор дәуір тынысы, заман келбетін, өткен тарихты бүгінгі күннің талғам-талабы, таным-түсінігі деңгейінде, қазіргі уақыт аясында «бүгіндік мәселе» тұрғысынан қарастырады. Бұл тарихи жанрдағы шығармалардың болмыс-бітімі көркемдік шындықпен тарихи шындықтың тұтасын, кірігіп, нәзік орайласуы, жарасым табуы, көркем синтезделуі. Осыған байланысты көркем шығармадағы тарихи шындық ұғымына тоқталайық. «Тарихи шындық - өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармалардағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болжаған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда, әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркем бейнелеу тәсілімен берілетін өмір шындығы, яғни, көркем шындық. Тарихи шығармада өмірде болған уақиғалармен қатар ойдан шығарылған жайлар аз болмайды, тарихи тұлғалармен бірге көркем қиялдан туған кейіпкерлер араласып жүреді. Мәселе шындап келгенде оқиғаның, кейіпкердің өмірде болған не болмағанында емес. Шығарманың барлық мазмұны, оқиғалары, кейіпкерлері көркем ой көрінісінен өтіп, жиынтықталып, өзгеше бейнелілік сипат алып шығатындығында. Әрине, тарихи шығармада айтылмақ уақиғаның өзегі негізінен өмірде болған уақиғалардың аясында алынбақ. Сондықтан жазушы маңызды тарихи жайларды, көптеген нақтылы деректерді анық білу қажет. Ол қанша көркем суреттеулерге барса да тарихи шындықты аттап өтіп, бұрмалауға қақысы жоқ. Өткен дәуір қалай суреттелмесін, бәрібір сол кездің өз болмысын білдіруі керек. Шындыққа сай нанымды шығуы тиіс. Бұл үшін тарихи дерек көздеріне сүйену шарт. Сонда ғана бұрынғы қоғам өмірі, халық тұрмысы өз қалпында секілді тарихи стилизация тұрғысында бейнеленбек. Қоғамның даму процесі, саяси таптар мен топтар, кейіпкерлердің мінезі, іс-әрекеті өз уақытының қалпына орай алануы керек. Осының бәрі суреткерлікпен жаңды түрде көркем бейнеленіп берілсе, тарихи шындықтың әсері, оқырманға берер танымдық мәні арта түседі. Тарихи шындықты әдебиетте көрсету әдістері, тәсілдері бірте-бірте қалыптасып, өрістеп келеді.

Орыс, шетел әдебиеттеріндегі бұл саладағы шоқтығы биік шығармалар А.С.Пушкиннің «Борис Годунов» атты драмасы, Шекспирдің «Арыстан жүректі Ричард IV», Генрих корольдарға арналған және бейбітшілік» атты роман-эпопеясы.

Қазақ әдебиетіндегі үздік тарихи туынды – М.Әуезовтың эпопеясы – «Абай жолы», І.Есенберлиннің «Көшпенділерін» де танымдық мәні үлкен әдеби туындылар қатарында атаған жөн. Тарихи жанр қазақ әдебиетінде елеулі жетістіктерге жете алды дей аламыз. Бұл тарапта Д.Досжановтың «Жібек жолы» романын, Х.Әдібаевтың «Отырар ойраны» романын, М.Мағауиннің «Аласапыран» романын, «Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елаң-алаң» роман-дилогиясын, С.Сматаевтың «Елім-ай» роман-триллогиясын, Ә.Әлімжановтың «Жаушы» романын атауға болады.

Қазақ тарихи романдарында қазақ тарихының қилы кезеңдері көркем жүйеленіп, бедерлі суреттеледі. Тарихи романдардың көркем әдебиет аталуы үшін суреткерлік қиял қанша қажет десек те, дегенменде тарихи фактінің алар орны ауқымды. Кез-келген тарихи роман одан аттап өте алмайды. «Әдеби шығарма негізінде дерек, факт жатуы, тарихи дәуір шындығын көрсету үшін жазушының шығарма желісін бастан-аяқ тек қана тарихи болған оқиғаға құруы шарт емес. Алайда шығарманың материалдық болмысын, өзегін тарихи белгілі, ақиқат оқиғалар құрамайынша, белгілі тарихи дәуірдің шындығын шынайы суреттеу тағы да қиын. Өткен тарихи дәуір шындығын суреттейтін қазіргі қазақ романының көркемдік жүйесінде, идеялық, тақырыптық болмысында тарихи фактінің атқаратын қызметі өте жоғары» [1].

Тарихи романдардың жанрлық болмысы, сипаты жайында әдебиеттану ғылымында әр түрлі пікір, тұжырымдар орныққан. Мысалға зерттеуші Л.П.Александрова тарихи прозаны шартты түрде екі дербес жанрға бөліп, қарастыруға ұсынады. Бірінші жанрлық топқа негізгі кейіпкерлері нақты тарихи тұлғалар болып клетін, ел тарихындағы, тағдырындағы маңызды, ірі шындық құбылыстар туралы жазылған нақты тарихи туынды шығарма болып табылатын тарихи романдар жатады. Екінші жанрлық топқа жататын туындыларда өткен дәуірдің маңызды, ірі оқиғалары жайында жазылса да, негізгі кейіпкерлері тарихи нақты тұлғалар емес, ойдан шығарылған образдар сипатында келеді. Бұл сипаттағы шығармалар тарихи тақырыпқа жазылған туындылар деп аталады [2,6-8]. Мұндай пікірді А.Т.Каттабеков, Я.И.Ахундов, Ф.М.Мусин, Л.М.Чмыхов, З.В.Аветисян секілді зерттеушілер де құптап, қуаттайды [13,18; 4,14; 5,10; 6,7-9; 7,13].

Қазақ әдебиеттану ғылымында Л.Әуезова, Р.Бердібаев, З.Серікқалиев, Ш.Елеукенов секілді ғалымдар еңбектерінде де сөз болып отырған мәселенің осындай ерекшелік, сипаттарына жіті назар аударылады.

Тарихи проза жанры туындысы ретінде жоғарыда Л.П.Александрова ұсынған екі типтегі шығармалардың бірінші тобын ғана қабылдауды ұсынған әдебиеттанушы ғалым З.Жұмағалиев өзінің «Өршіл гуманизм» еңбегінде: «Ботагөз» бен «Қан мен тер» романдарында нақты деректер көп болғанымен, өзінің нақты есімімен енген образ бірен-саран. Және олардың қайсысы да эпизодтық деңгейде. Ал орталық характерлар топтастырып екшеудің нәтижесінде дүниеге келген. Сондықтан олар – көркем роман. Егер тарихи қайраткерлердің өзінің меншікті есімімен енуін басты шарттың бірі ретінде ұстанбасақ, өткен күнді сөз ететін шығарманың бәрін тарихи демеске не шара. Халық аузында жүрген аңыз-әңгіме негізінде жазылған «Құралай сұлу», «Сұлушаш», т.б. тарихи поэма деудің қалайда реті келіңкіремейтін сияқты», - дейді [8,146]. Бұл көзқарас бойынша шығарма тарихи болу үшін ондағы әрекет ететін басты кейіпкер, оның аты-жөні, іс-әрекеттері, өмірлік негізі нақты, ақиқат болуы шарт. Ғалым Т.Сыдықов аталған екі типтегі романдарды «тарихи романдар» және «тарихи көркем романдар» деп ажыратып атайды.

«Кей жағдайда, - деп жазады автор, - тарихи романдарда тарихи көркем романдарға тән ойдан алынған образдардың қатарында тарихта болған қайраткерлер қол ұстасып жүруі кездеседі. Тарихи романдар, тарихи көркем романдар деп жіктеу кейіпкерлердің өмірде нақты болғанымен ойдан шығарылуы, соған сәйкес оқиғалардың өзгеріссіз яки көркемдік бояу жағылу мөлшеріне қарай ажыратылады» [9,82].

Өткен тарих, өткен дәуір шындығы туралы жазылған шығармалардың жанрлық болмыс, ерекшелігі туралы айтылған жоғарыдағы пікірлердің барлығы ақиқат дерек, құжат пен ойдан шығарудың арасалмағына негізделеді.

«Тарихи шығарма жанрына тән делініп жүрген кейбір белгілер (оқиғаның тарихи нақты болуы, кейіпкердің тарихи тұлға болуы; көркем шығарманың, ондағы кейіпкерлердің мінез-құлықтарының белгілі тарихи дәуір шындығына сай келуі, т.б.), алдымен, тарихи шығарманың тақырыптық даралығынан туындайды. Тарихи шығарма деген атаудың өзіне үңілгенде, «тарихи» ұғымы жанрлық белгіні емес, тақырыптық ерекшелікті танытады [10,154; 11,265]. Тарихи

тақырыпқа жазылған әдеби шығармалардан тақырып өзегі болып суреттеліп отырған дәуірдің әлеуметтік, экономикалық даралығы мен тұтастығы талап етіледі. Тарихи шығармадағы тарихи деректер, фактілер, нақтылықтар сол тарихи кезеңнің, дәуірдің барша тыныс-лебін, жаратылысын екшеуге, соларды соншалықты ауқымды таныту мақсатына жұмылдырылады. Сондай-ақ бұл мақсатқа тарихи дәуірдің шындығына негізделген суреткерлік қиял, ойдан шығару да көмегін де тигізеді. Бұл сипаты тұрғысынан М.Әуезовтың «Қилы заман», «Қараш-қараш оқиғасы» повестері біртектес әдеби құбылыстар қатарына жатады.

Тарихи шығарма жанрының сипаты жөнінде әдебиеттанушы ғалым Ж.Дәдебаев: «Халықтың тарихи өткен дәуірлерінің шындық құбылыстарының ірі немесе ірі еместігі бұл тақырыпқа жазылған шығармалардың жанрын анықтайтын өлшем қызметін атқарады деудің реті жоқ. Тарихтың аты – тарих. Халықтың өмірінде, тағдырында орын алған тарихи оқиғалардың қай-қайсысы да, мазмұны жағынан қандай дәрежеде болғанмен, тарихы қайсысы да, мазмұны жағынан қандай дәрежеде болғанмен, тарихи оқиға, тарих болып табылады. Тарихтағы ірі немесе ірі емес оқиғалар жазушы үшін дара екі түрлі құбылыс емес, бір ғана нәрсе. Бұлай дегенде тарихи шығарма өзегінде, оның басты жемісінде жекелеген адамдардың басында болған тұрмыстық оқиғалар емес, белгілі кезең, дәуірдегі халық тағдырын таныта алатындай тарихи-әлеуметтік құбылыстар жатуы шарт екендігін есте ұстауға тура келеді» - дейді де, - «Қилы заман» мен «Қараш-қараш оқиғасы» - тарихи прозаның үлгілері» - деп тұжырымдады.

Дәуірі тарихи болғанмен, бірінші кезекте шығармаларға деген тұрмыстық жай-күйлер суреттелетін көркем шығармаларға деген көзқарасын автор: «М.Әуезовтың «Қаралы сұлу» туындысы жоғарыда аталған шығармалармен қатар жазылды. Оның үстіне осы үш шығармада суреттелетін оқиғалар да, негізінен, бір дәуірдің шындықтары болып табылады. Әйтсе де «Қаралы сұлуды» тарихи шығарма қатарына жатқызу қиын. Бұл жерде істің мәні шығармада суреттелетін дәуірдің басты қозғаушы әлеуметтік күштерін, олардың арасалмағын, ілгерішіл және кертартпа ой ағымдарының күресі мен даму заңдылықтарын көркем образдар арқылы ашып беруде я ашып бермеуде жатса керек. «Қаралы сұлу» оқиғасы революцияға дейінгі қай кезеңнің де шындығына сайымды. Мұнда уақыт, белгілі дәрежеде, дерексізденген, жалпылық сипат алған. «Қорғансыздың күні» туралы да осыны айтуға болады. Бұл шығармалар өткен дәуірдің нақты қай тұсының шындығын ашып берді деген сұраққа жалпылай ғана жауап беруге болады. Сондай-ақ «Құралай сұлу», «Сұлушаш» секілді поэмалар турасында да осыны айту орынды. Бұл секілді шығармалар тарихи өткен дәуір шындығы жайында бола тұра, белгілі тарихи өткен дәуірдің басты табиғатын, қоғамдық бетін таныта алмайды. Өйткені оларда бірінші кезекте тарихи оқиғалар емес, тұрмыстық жай-күйлер суреттеледі. Тарихи өткен дәуір туралы шығармалардың бәрін бірдей тарихи жанрға жатқызу дұрыс бола бермейді деген пікірді осы райда қолдау орынды деп ойлаймыз» - дейді [12, 10-11].

Әдебиеттің ғылыми танымнен өзара қарым-қатынасы әртүрлі аспектілерде іске асырылады. Әсіресе бұл тарих материалының негізінде көрнекі, шығармашылық негізде белсенді жүргізіледі. Ғылым мен өнердің өзара қарым-қатынасы мен өзара әсері туралы ең жарқын да көрнекі мысалды келтіргенде, тарих пен әдебиеттің арасындағыдай ынтымақтастықты таба қою тіпті де мүмкін болмас, сірә?! – деп жазады зерттеуші В.Д.Осоцкий [12,16]. Көркемдік-тарихи әдебиеттің ең өнімді жанры ретіндегі тарихи роман, тарихнама сияқты өткен туралы ғылыммен күрделі шығармашылық байланыста болады. Егер тарихи романды өз ерекшелігіне сай, «әдебиеттегі ғылымның «жалғыз», «төтенше» өкілі ретінде атасақ, тарихнаманың сөз өнеріне жақындығын тіпті оның ғылымилығына шаң жуытпайтын ең белсенді қорғаушыларының өзі де мойындайды.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын Орда», Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елаң-алаң», М.Мағауиннің «Аласапыран», С.Сматаевтың «Елім-ай» романдары мол тарихи фактілердің негізінде жазылған. Алайда құрғақ, жалаң тарихи фактілерге байланып қалуға тағы да болмайды. Шығармашылық үдерісте суреткерлік еркіндік мүмкіндігін де жоққа шығаруға болмайды.

Мысалы М.Мағауиннің «Аласапыран» тарихи дилогиясында Сібір жылнамалары мен Қадырғали Жалаиридің «Жылнамалар» жинағына сүйенсе де, тарихи дерекке қол арта отырып, басты кейіпкерінің характерінің даму логикасына орай, мүмкіндігі бар тұстарда шығармашылық қиялға тізгін беріп отырады. Осындай көркемдік үдерістер негізінде романдағы Ораз-Мұхамед, Данило Чулков, Сейтек хан, Қадырғали бек, Петр Урусов бейнелері жаңа қырларынан ашылып, оқырман жадында бедерлі бейне, айшықты характерлер ретінде сақталып, жарқырай көрініс табады.

М.Мағауин өзі бейнелеп отырған дәуір тынысына, басты қаһармандарының тағдыр-талайына қатысты қазіргі тарих ғылымына белгілі, белгісіз тарихи құжаттар мен фактілерді жете зерттеп, игерудің нәтижесінде терең ғылыми және көркемдік ақиқаттарға қол жеткізеді. Шығармада жазушы отарған тарихи дәуір шындығының сипаты көркемдік тұрғыда да, ғылыми тұрғыда да мейлінше нанымды, дәлелденген, дәйекті.

С.Сматаевтың «Елім-ай» (1978, 1981) триллогиясында қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресі үлкен көркемдік полотно деңгейінде суреттеледі. Тарихтың көркемдік панорамасыжасалған. Романда молтарихи деректер пайдаланылған.

М.Мағауиннің «Аласапыран» романындағы секілді белгілі деректерді өз мақсатына орай өзгертіп пайдалануға С.Сматаев бара бермейді. Бұл жерде тарихи дерек тарихи тұлғаның образын толық жасау, оның характерін типтендіру мақсатында пайдаланылмай, тарихи ерекше оқиғаның өзінің мазмұнын байытып көрсету үшін игерілгендей әсер қалдырады.

...Жазушы тарих шындығын тиісті жерінде басқа қырынан да көрсетеді. Тарихи оқиғаның мазмұнын көркемдік ойлау заңдылықтарына орай пайымдай отырып, адам характерін ашуға ерекше назар аударады».

Тарихи шындықты шығармашылық үдерісте сұрыптап, екшеп, байытып, толықтырып толыққанды көркем бейне жасаудың жарқын үлгілері Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарында да мол кездеседі. «Романның сюжеттік желісін құрайтын оқиғалар алуан түрлі, күрделі әрі мол. Оның үстіне Әбілқайырдың айналасындағы батырлардың әрқайсысының атына байланысты толып жатқан тарихи деректер, аңыздар, жырлар бар. Жазушы оның барлығының басын қосуды, батырлар тұлғасын сомдай түсуді алдына басты да, қосалқы да мақсат етіп қоймаған. Жазушы тарихи оқиғаларды тек тарихи оқиға ретінде ғана баяндап өте шығудан аулақ. Автор бірінші кезекте белгілі тарихи кезең оқиғаларының жүйесін, ағынын емес, сол жүйе, сол ағын негізінде кейіпкерлерінің психологиясын, олардың белгілі тарихи тұлға ретіндегі ой-пікір, тілек-нысаналарын, ішкі және сыртқы саясат бағыттарын бағдарлау, таразылау қабілетінің ауқымын танытуды баса қадағалайды.

Тарихи оқиғалардың түп негізінде жатқан көкейкесті ой-мұраттардың ерекшілігін, жеке адам мен тарих арасындағы қатынастың саяси-әлеуметтік құбылыстар және қаһармандарының іс-әрекеттерінің түп негізінде жатқан объективтік, субъективтік мотивтер романның тақырыптық-идеялық бірлігінің өзегін түзетін басты факторға айналған. Шығарманың тақырыптық-идеялық бітімінің осылайша, саяси-әлеуметтік мазмұнының тереңдігімен, кеңдігімен ерекшеленуі және суреттеу жүйесінде эпикалық тәсілден гөрі лирикалық, басқаша айтқанда, психологиялық талдаудың аналитикалық формасының басым болуы жазушы Ә.Кекілбаевтың қазақ әдебиетіне үлкен эпостық болмыс-бітімі бөлек, жаңа бір түрін алып келгендігін көрсетті».

Қазақ тарихи романын байытқан, шын мәніндегі алғашқы шығармалардың қатарында жазушы Ілияс Есенберлиннің «Алтын Орда» және «Көшпенділер» триллогиясын атауға болады. Бұл триллогияларда жазушы қазақ халқының мың жылға жуық ерлік тарихын, оның мемлекеттілігінің түп бастауларын көркем бедерлейді.

«Көшпенділерде» қазақ хандығының тарихы кең панорамалық сипатта көрініс тапса, «Алтын Ордада» қазақ хандығының түп негізі, протоқазақ мемлекеті Алтын Орда хандары Өзбек, Жәнібек, Бердібек, қазақ хандары Керей, Жәнібек, Абылай, Кенесарылардың айшықты бейнелері сомдалған.

Білікті ғалым, зерделі сыншы Р.Бердібаев: - «Ең алдымен тарихи зерттеу әдебиетте толық талдауын тауып болмаған, кей тараптан әлі күнге дейін пікір таласын тудырып келген оқиғалар мен адамдар туралы көркем шығарма жазудың өзі І.Есенберлиннің азаматтық тұрғысының беріктігі деп бағалау керек», - деп жазды [13]. Ал ғалым-сыншы Хасен Әдібаев сол тұста: «Жазушы Ілияс Есенберлин бүгінгі таңда ел-жұртына мейлінше қажет, мың сан оқушысын тапқан, туған әдебиеттің тақырыптық шеңберін кеңейткен күрделі романдар циклын біріктірді. Триллогиядағы сансыз оқиға мен тарихи тұлғалар ел, жер молдығы риза етпей қоймайды, бір елдің бес ғасырлық өмірі бейнеленген шығарманы басқа әдебиеттерден өз басым әлі оқыған жоқпын» - деп таңдана да, сүйсіне де жазды [14].

Аталмыш триллогияларды жазу барысында жазушы көз майын тауысып, қаншама шаң басқан мұрағаттардағы құжаттарды ақтарыстырды, көне қолжазбаларды қағып-сілкіледі, тарихи фактілерді елеп-екшеді. «Ұлттық тарихымыздың терең қайнауларында қалған көп оқиғалардың елесі, өзгерген, бұрмаланған деректер, әр түрлі тілдерде жазылған, сан алуан қолға түспейтін сирек кітаптарда, архив қазыналарында, оқылуы қиын қолжазбаларда, әр жерде жүйесіз шашылып жатқан материалдарды тауып, оқып, қорытып шығу үшін кеткен уақыт, жұмсалған қайрат,

жасалған еңбектің өзі бір адамның ұзақ ғұмырына жетіп артылар шаруы» - деп баға берді академик Р.Нұрғали [15].

Кеңестік қазақ әдебиеттану ғылымындағы зерттеулерде де «Көшпенділер» романына қатысты толымды баға, ой-пікірлер білдіріліпті: «Көшпенділер» романында толымды шыққан образдардан аттас екі ханның (Әбілқайыр – XVғ., Әбілқайыр - XVIII ғ) бейнесін атауға болады. Сонымен қатар Керей мен Жәнібек бейнелері де бедерлі. Жазушы алғашқы екі кейіпкердің хандықтың ішкі-сыртқы саясатындағы ой-толғамдары, пікірлері арқылы олардыі ішкі әлемін танытуға көңіл бөледі. Кейінгі Керей мен Жәнібек хандар романда халық қамын ойлаған, халық қамқоры ретінде көзге түседі.

І.Есенберлин романдарын тарихи жылнамалардағы оқиғаларға негіздегенімен, басты оқиғалардың мазмұнымен соншалықты алшақты болғанымен, шығармаларда қосалқы сюжеттік желілер мол. Тарихи белгілі оқиғаларды көркем шығармада суреттеп, баяндап көрсету үшін пішіндік (фабулалық, композициялық, стильдік) өзгешелік сипатын ескеру қажет. Бұл тұрғыда шығармадағы көркем образдар құрылымындағы үйлесімдерге, ішкі даму қисынына (логика) аса көңіл аударуға тура келетіндігін айтқанымыз жөн.

«Жазушының қаламгерлік лабароториясында бірге қайнасып, өріліп, біртұтас құбылыс туғанымен, тарихи роман қос бұлақтың көзінен тамыр тартады. Тарихи мазмұны оны тарих ғылымына жақындатады да, көркемдік формасы сөз өнері туындыларының бәрімен бауырластырады. Тарихи романның өзіндік сипаты, басты шарты – осы тарихи шындық пен көркемдік қасиетінің жігі ажырамас бірегейлік бітімінде жатыр.

Мұның мәнісі - өнер туындысына негіз болған тақырыптың – тарихи кезең, тарихи оқиғаның нақтылығында, деректілігінде. Бұл тарихи шығарманың характері, мінезі, жалпы сәулеті.

Жазушы І.Есенберлин құжаттар мен тарихи деректерді сұрыптауда әлемдік әдебиеттің дәстүрін негізге ала отырып, ежелгі аңыздарды, ауыз екі әңгімелерді, халықтық мифологияны көркем шығармада шығармашылықпен игеру барысында көп жаңалықтар, соны өрістер ашты. Нәтижесінде тарихи романның жаңа бір ұлттық, жанрлық-роман шежіре, не болмаса роман – хроника үлгісін тудырды.

І.Есенберлиннің тарихи романдары тарихи танымды қалыптастырудағы кеңестік қазақ тарихнамасындағы олқылықтардың орнын толтырып, қазақ оқырмандарының тарихи пайым-түсініктерін, тарихи зердесін қалыптастырып, орнықтыруда, тарихи санасын тәрбиелеуде өлшеусіз зор үлес қосты. Қорыта келгенде айтарымыз әдебиетіміздегі тарихилық мәселесін әлі де зерттей түсуді қажет деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Формозов А.А. Классики русской литературы и историческая наука. М., 1995, с. 117-139.
2. Александрова Л.П. Русский Советский исторический роман (жанровое своеобразие и поэтика). Автореф. дис... д-ра филол. наук. Киев, 1987. с. 6-8.
3. Ахундов Я.И. Азербайджанский Советский исторический роман. Автореф. дис... д-ра филол. наук. Баку, 1982. с. 18;
4. Мусин Ф.М. Преемственность и развитие художественного опыта татарской советской прозы (к проблеме историзма) Автореф. дис... д-ра филол. наук. М., 1983. с. 14;
5. Каттабеков А.К. Художественное воплощение личности и исторической эпохи в современной узбекской прозе. Автореф. дис... д-ра филол. наук. Ташкент, 1985. с. 10;
6. Чмыхов Л.М. Советский исторический роман в литературе 60-70 годов. Специфика и жанра и проблематика. Автореф. дис... д-ра филол. наук. М., 1985. с. 7-9;
7. Аветисян З.В. Поэтика армянского исторического романа. Автореф. дис... д-ра филол. наук. Ереван, 1987. с. 13.
8. Жұмағалиев З. Өршіл гуманизм. Алматы, 1977. 146 б.
9. Сыдықов Т. Кемел талант, кесек туынды // Қазақстан мектебі, 1979, №1, 82 б.
10. Поспелов Г.Н. Проблемы исторического развития литературы, М., 1972, с. 154;
11. Осоцкий В. Роман и история. М., 190, с. 265. *(ескерту: түпнұсқада жыл соңында сан жетіспейді)*
12. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. Алматы. Ғылым, 1994. 10-11 бб.
13. Бердібаев Р. «Алпыстың асуында» // Қазақ әдебиеті, 17.01.1967.
14. Әдібаев Х. «Халықтың көркем тарихы» // Қазақ әдебиеті, 12.04.1974.
15. Нұрғалиев Р. Телағыс. А., 1986, 291 б.

16. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. А., 1991, 45 б.
17. Серікқалиев З. Ақ жол. А., 1990, 157 б.

АСҚАР АЛТАЙДЫҢ «КЕНТАВР» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕР СОМДАУ ӘДІСІ

М.Ж. Альжанова, Б.Ж. Алтынбек
М.Жұмабаев атындағы гимназия
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар авторлардың бірі – Асқар Алтайдың – жарық көрген «Казино», «Киллер сауысқан» атты жинақтары өзіндік сонылығымен ерекшеленеді. Соның ішіндегі «Кентавр» әңгімесі – өзіндік орны мен маңызы бар шығарма. Жалпы кентавр сөзінің мағынасына тоқталсақ, бұл – көне грек мифтеріндегі адам мен жылқы біріге біткен бейнедегі жинақтық образ. Ұғым атауының аудармасы «бұқа өлтіруші» деген мәнге саяды: образ көне гректер өркениетті ел бола тұра, отырықшы ел, жаяу жүретін, әлі жылқыны қолға үйретпеген шақтарында салт атты көшпенділерді (сақ, скиф т.б.) көргеннен соңғы таңғалыс әсерінен туындаған. Осымен байланысты мифтердегі кентавр дүлей күш пен жабайы түйсіктің иелері ретінде суреттеле, біразы мифтік қаһармандардың жаулары ретінде көрінсе (Несс, Анкий, Агрий, Хомад т.б.), бір бөлігі оларға ұстаздық етеді (Хирон, Фол т.б.). Кейін келе, бертінгі мифтерде жағымсыз бейнедегі кентаврлар мүлдем жоғалып, дана, сабырлы кейіптегі жағымды бейнелілері ғана іріктелді. Кентавр сөзінің шығу төркіні жайлы тағы бір көзқарас – арийлік үнді-еуропалық түп негізге сүйеніп, көне үнді мифтеріндегі, жалпы индуизмдегі жартылай құдай кейіпкерлер – гандархвалармен байланыстырады.

Бұған дейін кентаврды негізге алған осы аттас көркем мәтінді б.з.д. IV ғ. грек ақыны Херемонның «Кентавр» драмасы, қандасы Линкейдің осы аттас пьесасы және XIX ғасырдан бері қарайғы әдебиет пен сурет өнері және мүсін өнерінен аңдаймыз. Біз өмір сүріп отырған заманда фэнтези жанрындағы прозалық шығармалардың, тіпті бейнеойындардың кейіпкері осы – жартылай адам, жартылай жылқылар. Бізге мәтіні қолжетімді, толық белгілі туындыларды американдық жазушы Дж.Апдайктың, қазақ әдебиетінде Маралтай Райымбекұлының шығармашылығынан кезіктіреміз. Алғашқы көркем мәтін - модернистік, постмодернистік тұрғыдағы ізденіс нәтижесінен туындаған сол шақ үшін (1963 жыл) жаңашыл әрі қазіргі әдебиетке тән шағын көлемділікке ие роман. Келесі туынды қазақ ұлтының жылқы түлігіне, сонымен өзектес еркіндікті, рухани азаттық идеясын арқау еткен шағын лирикалық өлең.

Американдық прозашы Дж.Апдайк көбінесе соны ізденістерге батыл бара,қадам жасай білді. «Кентавр» атты кезекті шығармасы да сондай жаңашылдыққа ұмтылыстың көрінісі болып табылады деп санаймыз. Романның басты образ-кейіпкері - өз ісін сүйетін, мамандығына адал берілген мектеп мұғалімі. Ол реалистік сюжет пен мифологиялық арналар бірде кезекпен ауысып, бірде қатар келе араласып кеткен сан шытырман, бірінің үстіне бірі баттасқан оқиғалар желісінде күн кеше жүріп, өзінің қоғамдағы әлеуметтік орнын, рухани мән-маңызын іздейді, осы мақсатқа жетуге тырысқаны сонша, сюжеттің басында-ақ жарақаттап алған аяғының жайын ара-тұра ұмытып та кетеді.

Аталмыш шығармадағы образ-кейіпкер бұл мәтінге претекст қызметін атқарған көне грек мифологиясындағы Хирон және Фол туралы мифтермен сабақтас. Бұндағы Хирон – кентаврлардың ең ақылдысы, мифтік қаһармандарға да ілім-білім үйретуші, ақыл қосушы данышпан ұстаз. Данышпан, әрі ұстаз кентавр бейнесі Дж.Апдайктың мәтінінде де (прототекст) көрініс тапқан. Ал енді, дүниояуи, заманауи, жалпы адамдар сан жылдар бойы жинақтаған білімнен ада, тек таза табиғат-анадан алған, туғанынан-ақ табиғаттан дарыған іліммен шектелген, сол білгені жеткілікті болған, Асқар Алтайдың Басарыс атты образ-кейіпкері да мифологиямен осы тұста да астасқан секілді.

«Дионистің нөкерлерінің арасынан Пан құдайды жиі кезіктіруге болады. Пан туғанда анасы Дриопа нимфа нәрестесінің сұрқын көріп басы ауған жаққа қаша жөнелді. Оның аяғы – ешкінің сирағындай, ешкініндей мүйізі мен сақалы бар болып туылды. Бірақ әкесі Гермес оның туғанына қуанды. Сөйтті де Олимп тауына апарды. Басқа құдайлар да оның дүниеге келгеніне шаттанды. Панның түрін көріп олар ду күлді» [1; 60]

«Ол жарының шатын жарып келе жатқан құлынның қос тұяғын көріп еді... Содан шошына тұрып кеткен. Енді қайтып Моншақтың төмен жағына қарамауға тырысып, кең іш көйлегімен етегін жаба салды...

Аққазыны әлдебір салқын сезім кернеп , құлын тұрпатты сәбиді жұлқа тартқызды. Моншақ тұла бойы да селк етті.

Сол сәт жылқы жарғақты құлын-сәби жарқ ете қалды... » [2; 176].

Пан құдай көне грек политеизмінде маңыздылық дәрежесі бойынша аса зор тұлға емес. Бірақ басқа құдайларынан басты бір ерекшелігі – ол жартылай адам, жартылай жануар, яғни антропозооморфты құдай. Оның бұл бейнесі монотеистік діндер мен көпқұдайлық мифтердің алдындағы дәуір болған тотемизмнің, шығу тегін жануармен байланыстырудың қалдығы болып саналады, ол дегеніміз образдың көнелігін білдірсе керек. Пан – әуелгі мифологияда орман мен бақташылардың жебеушісі, қорғаушысы, ал келе ол түгел табиғаттың құдайына айналған.Оның келбеті жартылай жануар болуы да, оңашаланып күн кешуі де табиғатқа жақындығымен астасқан. Және бір таңғаларлығы, орыс тіліндегі «паника» (қорқыныш, үрей) сөзінің этимологиясы осы Пан құдайға келіп тірелетіндігі. «Гректер мен римдіктер жалған жантүршігерлік үрейді орман құдайы Панның қорқытуымен байланыстырған» [3; 197].

Ал енді Асқар Алтайдың шығармасындағы кентавр-бала Басарыстың әкесі де шешесі бұдан бас тартпайды, сәбилерін дүниеге әкеліп, оның аман-сау ер жетуі үшін жағдай жасай жапан түзде елден жырақтанып өмір сүреді. Бала туғанынан тұмса табиғатқа жақын болып, сырына қанық болып, жақсы көріп өседі. Ол да – табиғаттың қорғаушысы. Табиғатты қорғаймын деп қазаға ұшырайды. Басарыстан да, Пан құдайдан гректер аса үрейлене шошығаны секілді, басқа жұрт қорқады деп ата-анасы елсіз жапанды мекен етеді. Осы тұста қазіргі қазақ авторының көркем мәтіні мен көне грек мифінің арасындағы сабақтастықты аңдаймыз.

«Алладан мойындарына бұршақ салып, нәрестелі болуды сұрады. Әулие Ырғызбай атаның басына түнеді. Ұлы Мұрын апасы мен Байыс бабаларының , Қабанбай батыр, Боранбай би, Қырықбай қажы мен өз ата-бабаларының аруағына бағыштап құрбан шалдырып, Құран оқытты.

Алла алқады, әруақ қолдады!

Құбыжық емес, құлын-сәби дүниеге келді. Өзінің де кең құрсағы жиылып, тас емшегі жібіді. Құрсағын кернеген құлын-сәбиіне де шүкір! Әйтпесе, атаңа нәлет атом сынағынан небір сұмдық мақұлықтар туып жатыр ғой. Адамнан да, малдан да... Аңнан да, құстан да... Иә, бір Алла сақтасын! Көк тәңірінің көзі түзу түссін! Ал пенденің тілегі оң болсын!» [2; 178].

Соңғы сөйлемге, оның өзінің алдындағы сөйлемдермен ақпарлық байланысына баса назар аударсақ. Кентавр-нәресте Басарысты әке-шешесі Аққазы мен Моншақ Алладан тілеп жүріп сұрап алады. Алла бұлардың қалау-тілектерін орындады, қабыл алды. Тек енді пендесі дұрыс ұқсын, тілегі оң болсын, жиіркене жек көре не үрейлене қарамасын деп автор-баяндаушы осы тұста бейтарап қалуды, бейтарап баяндауды жөнсіз санап мәтіннің ішіне өзі де «ене отырып», образ-кейіпкеріне болысатынын, соның жағында екендігін ашық білдіріп өтеді (дәстүрлі жазу стилінің нышаны), оқырманды образ-кейіпкерінің алда күтіп тұрған «тағдырынан» хабардар етеді. Ал оны алда адамдардың табиғат-анаға деген қатігездігіне куә болу мен табиғаттың ол да адам секілді бір перзенті болған аюды аман алып қаламын деп ұмтылғанында, өзінің ағасының қолынан қазаға ұшырау күтіп тұр еді.

«Осы бір асыл сәтте жанұшыра қимылдаған Керімғазы қолындағы бесатардың шүріппесін қалай ғана басып-басып қалғанын өзі де білмеді. Құнан-жігіт қандасы қарғи шапшып, сом тұяқтары Дулаттың төбесінде найзағайдай ойнап, адам жанды, хайуан тәнді ұлы денесі қиялай құлады. Қар-мұзды қаршылдата оятын, тас-тастақты күтірлете қиятын алмас тұяқтары қиыс кетті.

...Бесатардың егіз дар оғы бастан тиген Басарыстың миы шашылып кетті. Ол қайтып тұяқ серіппеді» [2; 187].

Бұл шығарманың шешімі болып табылады. Ал енді осыған ұқсас сюжет пен осыған ұқсас көркемдік шешімді көне грек мифтерінің жартықұдай Геракл қаһарман туралы цикліндегі «Эриманфтік қабан және кентаврлармен айқас (бесінші ерлік)» атты мифтік мәтіннен кезіктіруге болады. Жоғарыда аты аталған дана ұстаз кентавр Хирон өзінің досы Гераклдың қолынан қаза табады. Хирон бұл мәтінде Гераклге қарсы шығушы емес еді, тек басқа кентаврлерге пана беруші, қорғаушы еді. Ал ашуға булыққан дүлей күш иесі оны абайсызда өлтіріп алады. Сол секілді Асқар Алтайдың образ-кейіпкерінің ойында ешкімге қарсы шығу жоқ еді, тек ол адам баласынан жапа шеккен хайуанатқа пана бермекші болды да, сол жолда ағасы Керімғазының қолынан қапияда қазаға ұшырады.

«Шарап ішіп шадыман той-думандатып жатқандарында, бұларға басқа кентаврлар шабуылдады. Алайда Гераклдың жаудырған жебесінен жапатармағай қашуға айналды. Жаужүрек оларды сонау Малеяға дейін қуып барды. Ол жерде кентаврлар Гераклдың досы, кентаврлардың ең данасы Хироннан пана тауып, бас сауғалады. Соңынан ілесе үңгірге Геракл басып кірді. Ол ашу-ызаға булыққан күйде садағын күшене тартқанда, жебе төбеде жарқ етіп бір кентаврдың аяғына қадалды. Жауын емес, досын жаралаған еді Геракл. Білді Геракл, уланған жебенің дауасы жоқ екенін. Бұның соңында ұзақ та азапты өлім күтіп тұрғанын Хирон да білді. Ақыры ол қиналмау үшін жер асты патшалығы Аидқа өз еркімен кірді» [1; 109].

Қорытындылай келгенде, Асқар Алтайдың кентавр Басарыс образына өзінің алдындағы мәтіндерден қажеттісі бойына сіңіп, жинақталды: көне грек мифіндегі Хирон кентаврдің данышпандығын, тағы сол мифологиядағы Пан құдайдың табиғатқа жанашырлығын, жебеушілігін, американдық жазушы Дж.Апдайктың адам қауымдастығында, әлеуметтік қоғамда орнын таппаған даралығын, жалғыздығын жиды, Пан құдай секілді табиғатқа қорғаушы болып, Хирон секілді жақының қолынан ажал құшты. Автор аталмыш кейіпкерін образ-архетип деңгейіне көтерді. Мифологияны зерттеген ғалымдардың бірі А.Ф.Лосев біздің айтпағымыз жайында былай дейді:«Антикалық ойдың соңғы нәтижесі ретінде, миф бұрынғыдай аллегория болмай, символға, субстанциональді ұғынылатын символға айналды, яғни өзінің әуелгі бағзы мағынасына ие болды» [4; 468]. Яғни, бұдан қазіргі модернистік, постмодернистік әдебиетке көбіне сюжеттер мен образдарды көне бастаулардан алу, ежелгі түп бастауға қайта оралу тән екендігі шығады.Оны әр автор өзінше интерпретациялайды, бағзы сюжетті жаңаша идеялық қырынан көрсетеді. Асқар Алтайдың «Кентавр» шағын прозалық шығармасындағы Басарыс бейнесін мәтінаралық (интертекстуалдық) байланыстар тарапындағы көркемдік антропологияның бір мысалына жатқызуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Кун Н. Легенды и мифы древней Греции. – Алматы: Жалын, 1985. – 958 б.

2.Алтай А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Арда+7, 2013. – 416 б.

3.Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. Четырехтомник. IIIтом. – Москва: Прогресс, 1971. – 932 с.

4.Лосев А.Философия. Мифология. Культура. – Москва: Издательство политической литературы, 1991. – 794 с.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІНІҢ ВИРТУАЛЫ КЕҢІСТІКТЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ

М. Абдуллаева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А.Рустемова

Аңдатпа: *Мақалада балалар әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінің виртуалды кеңістікте трансформациялану үдерісі қарастырылады. Зерттеу барысында дәстүрлі фольклорлық кейіпкерлердің қазіргі цифрлық ортада (анимация, мультимедиа, жасанды интеллект негізіндегі контент) жаңаша сипат алуы талданады. Автор кейіпкерлердің статикалық образдан динамикалық «коммуникативтік тұлғаға» айналуын, олардың вербалды мінез-құлқы мен ойлау жүйесінің күрделенуін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Сонымен қатар, қазіргі медиа кеңістікте кейіпкердің тілдік тұлға ретіндегі рөлі артып, оның оқырманмен қарым-қатынасы жаңа деңгейге көтерілгені айқындалады. Зерттеу нәтижесінде виртуалды трансформацияның ұлттық кейіпкерлердің мазмұндық және функционалдық сипатына әсері көрсетіліп, олардың заманауи мәдени контексте жаңаша интерпретациялануының маңызы ашылады.*

Кілт сөздер: Балалар әдебиеті, кейіпкерлер трансформациясы, виртуалды кеңістік, жасанды интеллект, вербалды портрет, цифрлық тұлға, анимация.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану дәуірінде балалар әдебиеті тек көркемдік-эстетикалық құндылықтарды жеткізуші ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақтың дүниетанымын

қалыптастыратын маңызды рухани кеңістікке айналып отыр. Әдеби кейіпкер бейнесі бала санасында мінез-құлық үлгісін, құндылықтар жүйесін және өмірге деген көзқарасты қалыптастыратын негізгі құралдардың бірі ретінде ерекше мәнге ие. Осы тұрғыдан алғанда, кейіпкердің табиғаты мен қызметі уақыт ағымына қарай өзгеріп, жаңа мазмұндық деңгейге көтерілуі заңды құбылыс болып табылады.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы әдеби кеңістіктің шекарасын кеңейтіп, дәстүрлі мәтіндік мәдениетті виртуалды ортаға көшіру үдерісін жеделдетті. Нәтижесінде, бұрын тек кітап бетінде өмір сүрген кейіпкерлер анимация, мультимедиа, әлеуметтік желілер арқылы жаңа формада көрініс тауып, оқырманмен (көрерменмен) тікелей байланыс орнататын динамикалық тұлғаға айналды. Бұл өзгеріс кейіпкердің тек сыртқы бейнесіне ғана емес, оның ішкі дүниесіне, сөйлеу мәнеріне, ойлау жүйесіне де ықпал етіп, әдеби образдың мазмұнын күрделендіре түсті.

Осы үдерісте ұлттық фольклорлық кейіпкерлердің де орны ерекше. Олар дәстүрлі архаикалық сипаттарын сақтай отырып, заманауи мәдени кеңістіктің талаптарына бейімделіп, жаңа мағыналық қырлармен толығуда. Виртуалды кеңістіктегі мұндай трансформация бір жағынан кейіпкерлердің өміршеңдігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан олардың тәрбиелік, танымдық қызметін жаңа деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Демек, балалар әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінің өзгерісі – тек көркемдік эволюция ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамның мәдени және танымдық қажеттіліктерінің көрінісі.

Зерттеу әдістері. Жұмыста талдау, жинақтау және салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Балалар әдебиеті — балалар психологиясын, көркемдік талғамын және шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын асыл мұра. Бұл саладағы кейіпкерлер жүйесінде жануарлар әлемі, соның ішінде түлкі мен қасқыр бейнелері ерекше дараланады. Фольклортанушы Х.Досмұхамедұлы: *«Қасқыр, барыс, шибөрі, жолбарыс, арыстан, қабан, аю және басқа көптеген аңдардың халық әдебиетіндегі орны ерекше, әйтсе де төрт түліктің қас жауы – қасқыр мен түлкі бейнелері қазақ танымында ерекше дараланады»,* – деп атап көрсеткен[1;217]. Түлкі бейнесі халық әдебиетінде «түлкі бикеш» атанып, өзінің сымбатты тұлғасымен, паң жүріс-тұрысымен және тапқырлығымен сомдалады.

Халықтық шығармаларда балаға танымдық әрі эстетикалық тәрбие беруде кейіпкер таңдау — ең маңызды іс. Түлкі бейнесі тек ертегілерде емес, жұмбақтар мен өтірік өлеңдерде де басты идеалдардың біріне айналған. Мәселен, жұмбақтарда ол «*Сылаңдап бір бұраң бел елден қашқан, құлығы бар болса да жұрттан асқан»* деп сипатталып, тапқырлық пен зейінділіктің символы ретінде көрінеді[2;7]. Сонымен қатар, «Тазша баланың қырық өтірігі» секілді туындылар арқылы қазақ фольклорындағы көне де дәстүрлі кейіпкерлер жүйесі ұрпақтан-ұрпаққа қастерленіп жеткен. Ғалым Ә.Диваевтың тұжырымы бойынша, «*Қазақтың аса бай хайуанаттық эпосы, әсіресе, түлкі туралы эпосы салыстырмалы этнография үшін жемісті материал»* болып табылады[3;79].

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, Орта Азиядағы онлайн медиа мен цифрлық платформалардың әлеуметтік ықпалы дәстүрлі ақпарат көздерінен әлдеқайда жоғары екендігі дәлелденген. Мәселен, зерттеуші Р.Маммадов Орта Азиядағы медиа кеңістіктің өзіндік ерекшеліктерін талдай отырып, онлайн платформалардың жылдамдығы мен қолжетімділігі қоғамдық пікір қалыптастырудағы шешуші фактор екенін атап көрсетеді. Соңғы онжылдықта интернеттің кеңінен таралуы азаматтық қоғамның белсенділігін арттырып, әлеуметтік бастамалардың виртуалды кеңістікте жедел таралуына мүмкіндік берді. Нәтижесінде, визуалды контент тек коммерциялық немесе ақпараттық құрал ғана емес, сонымен қатар аймақтағы демократиялық даму үрдістері мен экономикалық байланыстарды жаңа қырынан жаңғыртатын маңызды стратегиялық ресурсқа айналды[4;58].

Қазіргі цифрлық коммуникация жүйесінде визуалды контенттің рөлі тек ақпарат берумен шектелмей, қоғамдық пікірді қалыптастырудың негізгі құралына айналып отыр. Ақпаратты дәстүрлі мәтіндік нұсқадан гөрі бейне немесе графикалық сурет арқылы ұсыну аудиторияның белгілі бір құбылысқа деген көзқарасын түбегейлі өзгертуге қауқарлы. Бұл үдеріс әсіресе Орта Азия аймағында айқын байқалады: саяси оқиғалардан бастап мәдени шараларға дейінгі барлық маңызды процестер визуалды трансляция арқылы көпшілікке жетіп, әлеуметтік талқылаулардың бағытын айқындауда[5;273]. Визуалды коммуникацияның мұндай трансшекаралық сипаты аймақтағы халықтардың тарихи, тілдік және мәдени жақындығын пайдалана отырып, ортақ мәдени-интеграциялық кеңістіктің нығаюына септігін тигізеді.

Қазіргі зерттеулер көрсеткендей, балалар әдебиетіндегі кейіпкер бейнесі тек көркем образ ретінде ғана емес, лингвокогнитивтік және психолингвистикалық тұрғыдан да жаңаша сипатқа ие

болуда. Зерттеулерде (А.Т. Давталиева, Б.Д. Жұмақаева) тәуелсіздік кезеңіндегі балалар әдебиетінде кейіпкерлердің ойлау жүйесі, дүниетанымы және мінез-құлқы заман ағымына сай өзгеріске ұшырағаны атап көрсетіледі. Әсіресе соңғы онжылдықтарда кейіпкерлердің «еркіндік»,«батылдық», «жылдам әрекет ету»сияқты қасиеттері күшейіп, олардың тұлғалық деңгейі жаңа сапаға көтерілгені байқалады.Бұл өзгеріс виртуалды кеңістік ықпалымен тығыз байланысты[6].

Лингвокогнитивтік бағыттағы зерттеулерде (В.А.Маслова, Е.С.Кубрякова, қазақ тіл білімінде Ә.Қайдар, Р.Сыздық) балалар әдебиетіндегі кейіпкер «тілдік тұлға» ретінде қарастырылады. Яғни кейіпкердің болмысы оның сөйлеу мәдениеті, сөздік қоры, ойлау құрылымы арқылы ашылады . Қазіргі цифрлық ортада бұл ерекшелік одан әрі күшейіп, кейіпкер тек әрекет етуші емес, ақпарат талдаушы, пікір білдіруші, коммуникативтік субъект ретінде көрінеді[7;24]. Мысалы, қазіргі мультимедиалық өнімдердегі кейіпкерлер күрделі диалогқа түсіп, логикалық ойлау мен ситуациялық шешім қабылдауға бейімделген. Бұл олардың «вербалды интеллектісінің» артқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеулерде балалар әдебиетіндегі кейіпкерлердің трансформациясы олардың ішкі психологиясының тереңдеуінен де көрінеді. Бұрынғы шығармаларда кейіпкер көбіне типтік образ ретінде ұсынылса, қазіргі әдебиет пен медиа кеңістікте ол жеке тұлға ретінде, өзіндік эмоциясы, таңдауы және рефлексиясы бар субъект ретінде танылады[8;155]. Бұл құбылыс кейіпкердің тек сыртқы әрекетімен шектелмей, оның ішкі дүниесін, психологиялық күйін бейнелеуге басымдық берілгенін аңғартады .

Осы тұрғыдан алғанда, виртуалды кеңістіктегі кейіпкер бейнесі — бұл дәстүрлі әдеби образдың жалғасы ғана емес, оның жаңа деңгейге көтерілуі ретінде қарастыруымызға болады. Қазіргі кейіпкер – ақпараттық қоғам талаптарына бейімделген, тілдік және танымдық қабілеті жоғары, динамикалық «цифрлық тұлға». Мұндай трансформация ұлттық әдеби мұраны сақтай отырып, оны жаңа мәдени контексте қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі фольклорлық кейіпкерлердің қазіргі виртуалды кеңістікке өтуі олардың вербалды қабатының заман талабына сай трансформациялануымен тікелей байланысты. Ғалым Ш. Ахметов атап өткендей, «біздің заманымызда туған өтірік өлеңдер мен қиял-ғажайып сюжеттер» баланың заманауи дүниетанымына бейімделіп, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен тілдік қолданысын жаңа сапалық деңгейге көтереді[8]. Бұл үдеріс цифрлық платформалардағы (анимация, әлеуметтік желілер) кейіпкерлердің дәстүрлі «айлакер түлкі» немесе «ержүрек батыр» амплуасынан асып, виртуалды ортаның заңдылықтарына сәйкес коммуникациялық құралға айналуына жол ашады.

Бүгінгі таңда анимация саласына енген жасанды интеллект технологиялары қазақ фольклорлық кейіпкерлеріне екінші өмір сыйлады. Мәселен, «qazcontent_official» медиакомпаниясы ұсынған «elkz_kids» арнасындағы «Толағай туралы аңыз», «Құстар неге сөйлей алмайды» сияқты жобалар — кейіпкерлердің жай ғана суреті емес, олардың заманауи вербалды (тілдік) трансформациясы[5;219]. Бұл жерде кейіпкерлер архаикалық, түсініксіз көне тілде емес, қазіргі баланың қабылдауына жеңіл, серпінді әрі виртуалды ортаға бейімделген форматта сөйлейді. AI көмегімен жасалған бұл кейіпкерлер жүйесі ұлттық кодты сақтай отырып, жаңа заманның «цифрлық тұлғасына» айналып отыр. Осылайша, Толағай немесе аңыздағы бейнелер тек өткеннің мұрасы емес, YouTube пен әлеуметтік желілердегі трендтермен үндесетін, бүгінгі күннің тірі кейіпкерлері ретінде қайта сомдалды.

Бүгінгі таңда дәстүрлі ертегілер тек кітап бетіндегі мәтін күйінде қалып қоймай, жасанды интеллект пен заманауи технологиялар арқылы жаңа «вербалды кеңістікке» қадам басты. Мәселен, *«Жеті лақ», «Алдар Көсе», «Мақта қыз»* секілді классикалық бейнелер мен батырлар жырының кейіпкерлері AI-анимация мен цифрлық жобалар арқылы мүлдем өзгеше сипат иеленуде. Бұл жерде ертегі мен мультфильм арасындағы шекара жойылып, кейіпкердің сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы және эмоциялық реңкі көрерменге тікелей әсер ететіндей деңгейге жетті. Осылайша, фольклорлық мұрамыз тек оқылатын дүние емес, технологияның көмегімен көруге, естуге және сезінуге болатын «жанды вербалды контентке» айналды. Бұл үдеріс ұлттық кейіпкерлердің табиғатын бүгінгі ұрпақтың таным-түсінігіне жақындатып, олардың заманауи мәдени контекстегі өміршеңдігін қамтамасыз етіп отыр.

Ғалым Н.Постниковаың тұжырымына сүйенсек, қазіргі балалар әдебиетіндегі кейіпкерлер жүйесінде байқалатын басты жаңалықтардың бірі – кейіпкердің интеллектуалдық және ерік-жігерлік сапаларының артуы болып табылады[9]. Дәстүрлі ертегілерде кейіпкерлер көбіне белгілі бір функцияны ғана атқарумен шектелсе, бүгінгі көркем кеңістікте олардың мінез-құлқы, әсіресе

вербалды әрекеті едәуір күрделене түсті. Бұл құбылыс кейіпкердің тек іс-әрекеті арқылы емес, сөйлеу мәнері, ой білдіруі, пікір қалыптастыруы арқылы да танылатынын көрсетеді.

Қазіргі заманғы кейіпкерлердің диалогтарында ақпараттық-танымдық сипат басым болып, олар оқиға желісін баяндаумен ғана шектелмей, түрлі жағдайларға талдау жасап, өзіндік шешім қабылдауға ұмтылады. Соның нәтижесінде кейіпкер мен оқырман арасындағы арақатынас та өзгеріп, олардың арасында тең дәрежелі, өзара түсіністікке негізделген коммуникация қалыптасады. Бұл, өз кезегінде, балалардың кейіпкермен жақындасуына, оны тұлға ретінде қабылдауына ықпал етеді. Осы үдеріс ұлттық кейіпкерлердің дәстүрлі сипатын сақтай отырып, оларды заманауи талаптарға сай жаңаша қырынан танытуға мүмкіндік береді. Демек, кейіпкерлер жүйесінің трансформациясы тек сыртқы бейненің өзгеруімен шектелмей, ең алдымен олардың ойлау жүйесі мен сөздік қорының заман ағымына сай тереңдеуімен сипатталады.

Ғалым Б.А.Әділбекованың «Әдеби шығармадағы ертегі кейіпкерлерін мультфильм желісі арқылы оқыту» атты зерттеуіне сүйенсек, қазіргі медиа-кеңістіктегі кейіпкерлер жүйесі статикалық қалыптан динамикалық «коммуникативтік тұлға» деңгейіне көтерілгені байқалады[10]. Бұл өзгеріс кейіпкердің тек әрекет иесі ғана емес, сонымен қатар ойлайтын, пікір білдіретін және қарым-қатынасқа түсетін тұлға ретінде көрінуімен сипатталады.

Мәселен, **Алдар Көсе** бейнесі қазіргі анимациялық туындыларда дәстүрлі «қулық» иесі шеңберінен шығып, тапқырлық пен заманауи логикалық ойлаудың символына айналған. Оның диалогтарындағы еркіндік пен шешендік сипат бүгінгі баланың тілдік ортасына бейімделіп, кейіпкердің интеллектуалдық деңгейін айқындай түседі. Ал **Мыстан кемпір** образы классикалық фольклордағы қорқыныш тудыратын архаикалық бейнеден гөрі, қазіргі интерпретацияларда стратегиялық ойлайтын, эмоциялық реңкі күрделі, прагматикалық әрекет ететін «антигерой» ретінде көрінеді.

Зерттеуші пайымдауынша, мұндай вербалды-бейнелік жаңғырулар кейіпкерлердің ішкі психологиясын заманауи тілдік құралдар арқылы тереңірек ашуға мүмкіндік береді[10]. Нәтижесінде, ұлттық кейіпкерлер цифрлық дәуірде жаңа мазмұнға ие болып, олардың әлеуметтік-мәдени мәні жаңаша қырынан танылады. Бұл үдеріс фольклорлық архетиптердің қазіргі заман талаптарына сай сапалық тұрғыдан трансформациялануының айқын көрінісі болып табылады.

Қорытынды

Түйіндей келгенде, балалар әдебиетіндегі кейіпкерлер жүйесінің виртуалды кеңістікте трансформациялануы — заман талабынан туындаған заңды құбылыс. Зерттеу барысында анықталғандай, дәстүрлі фольклорлық бейнелердің анимация мен цифрлық платформаларға өтуі олардың тек визуалды жаңаруына ғана емес, сонымен қатар «вербалды интеллектісінің» артуына алып келді. Б.А.Әділбекова мен Н.Постникова сынды ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, қазіргі кейіпкерлердің статикалық қалыптан шығып, шешім қабылдауға қабілетті, эмоциялық реңкі күрделі және коммуникативтік дағдылары жоғары «цифрлық тұлғаға» айналғанын көреміз. Бұл үдеріс ұлттық кодты сақтай отырып, ертегі кейіпкерлерін бүгінгі ұрпақтың таным-түсінігіне жақындатып, олардың заманауи мәдени контекстегі өміршеңдігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, жасанды интеллект технологиялары мен мультимедиалық өнімдер арқылы жүзеге асып жатқан кейіпкерлердің «тірілуі» — әдебиет пен технологияның синтезін көрсетеді. Демек, виртуалды кеңістіктегі кейіпкер трансформациясы — ұлттық мұраның болашаққа бағытталған жаңа сапалық формасы. Бұл үдеріс балалар әдебиетін инновациялық әдістермен оқытудың тиімділігін арттырып, жасөспірімдердің рухани және интеллектуалдық дүниетанымын заман ағымына сай қалыптастыруда стратегиялық маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғали Р. Әдебиет теориясы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2003. – 344 б.
2. Сағынадин Г.С. Балалар фольклоры және көркем бейне // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 12 б.
3. Диваев Ә. Қазақ халық шығармашылығы. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 347 б.
4. Mammadov R. Emerging Perspectives and Contemporary Debates: Assessing the Landscape of Online Media Communication Research in Central Asia // De Gruyter Brill. – 2023. – No. 14. – P. 74.
5. Алекешова Л.Б., Джумагалиева У.З., Кенжебаева Ж.Е. Лингвистика и литературоведение на переломе тысячелетий: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

материалдары. – Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2020. – 356 б.

6. Давталиева А.Т., Жұмақаева Б.Д. Қазіргі қазақ прозасындағы балалық шақ концептісі // Eurasia Science. – 2024. [Электрондық ресурс]. – URL: https://eurasia-science.org/index.php/pub/article/view/738

7. Туякбаева А.Ш., Бауыржан А.Б. Балалардың дүниетанымын қалыптастырудағы анимацияның білім беру принциптері // М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жинағы. – Алматы, 2005. – 28 б.

8. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. –Алматы: Мектеп, 1965. –330 б.

9. Постникова Н. Трансформация образов фольклорных персонажей в современной анимации // Культура и искусство. – 2023. – ID: 56113679. [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=56113679

10. Әділбекова Б.А. Әдеби шығармадағы ертегі кейіпкерлерін мультфильм желісі арқылы оқыту // Eurasia Science. – 2024. – №11 (738). [Электрондық ресурс]. – URL: https://eurasia-science.org/index.php/pub/article/view/711

УДК 82-95:821.512.122

ҮМБЕТБАЙ УАЙДИН – САТИРИК

А. Өркенқызы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ж.Ш. Жумагелдин

Аннотация: Бұл мақалада Үмбетбай Уайдин шығармашылығының тақырыптық-идеялық мазмұны, көркемдік жүйесі және тілдік-стильдік ерекшеліктері кешенді түрде талданады. Жазушы туындыларындағы әлеуметтік әділетсіздік, бюрократия және адам мінезінің қайшылықтары сатиралық тәсілдер арқылы ашылып, олардың қоғамдық санаға ықпал ету тетіктері айқындалады. Сонымен қатар автордың публицистикалық тәжірибесінің көркем мәтін құрылымына әсері, типтік кейіпкерлер жүйесі мен ұлттық тілдік құралдарды қолдану ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан сараланады. Зерттеу нәтижесінде Үмбетбай Уайдин шығармашылығының қазақ сатирасының дамуына қосқан үлесі мен қазіргі әдеби үдерістегі сабақтастығы анықталады.

Кілт сөздер: сатира, юмор, әлеуметтік сын, көркемдік тәсіл, публицистика, стиль.

Қоғамдық қатынастар жүйесінде орын алатын моральдық ауытқулар, әлеуметтік теңсіздік, формализм мен рухани дағдарыс құбылыстары көркем әдебиетте, әсіресе сатира жанры арқылы терең әрі әсерлі бейнеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, Үмбетбай Уайдин шығармашылығы тек эстетикалық құндылық ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сананы қалыптастыратын, әлеуметтік мінез-құлықты сын тезінен өткізетін маңызды рухани феномен ретінде қарастыруды қажет етеді. Жазушы туындыларындағы астарлы ирония, дәл берілген типтік образдар мен өткір әлеуметтік сын ұлттық әдебиеттегі сатиралық дискурстың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін айқындайды.

Мақаланың мақсаты – Үмбетбай Уайдин шығармаларының тақырыптық-идеялық жүйесін, көркемдік-стильдік табиғатын және тілдік құралдарын кешенді ғылыми талдау арқылы оның қазақ әдебиетіндегі орны мен әлеуметтік ойға ықпал ету механизмдерін айқындау болып табылады.

1935 жылы Ақтөбе облысының Ырғыз өңірінде дүниеге келген қаламгердің еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастауы кездейсоқ емес, бұл кезең оның қоғамдық ортаны ішінен танып, әлеуметтік қатынастардың нақты сипатын терең сезінуіне мүмкіндік берді. Кейіннен баспасөз саласына ауысуы, әсіресе қазақ радиосы мен сатиралық бағыттағы «Ара» журналында қызмет атқаруы оның дүниетанымын жаңа деңгейге көтеріп, қоғамдық құбылыстарды жүйелі түрде бақылауға жол ашты. Зерттеушілер атап өткендей, Уайдин шығармаларындағы әлеуметтік типтердің нанымдылығы осы өмірлік тәжірибемен тікелей байланысты, яғни автор кейіпкерлерді сырттай қиял арқылы емес, нақты ортадан алынған бақылаулар негізінде жасайды.

Жазушының публицистикалық қызметі оның сатиралық стилінің қалыптасуында шешуші рөл атқарды. 1950–1960 жылдары қазақ мерзімді баспасөзінде қалыптасқан талап – нақты дерекке сүйену, қысқа әрі нысаналы жазу, қоғамдық мәселеге жедел үн қосу – Үмбетбай Уайдин шығармаларында айқын көрініс тапты. Бұл кезеңдегі фельетон жанрының дамуы да оның қаламгерлік бағытын айқындады: зерттеулерде көрсетілгендей, «Ара» журналы төңірегінде қалыптасқан сатиралық мектеп автордан артық баяндауды емес, дәлдік пен уыттылықты талап етті. Соның нәтижесінде Уайдин мәтіндерінде артық сипаттау жоқ, әрбір сөйлем белгілі бір әлеуметтік құбылысты нысанаға алып, функционалдық жүк көтереді. Бұл ерекшелік оның шығармаларын қарапайым юмордан бөліп, нақты қоғамдық проблеманы көтеретін өткір сатира деңгейіне жеткізеді [1].

Ү.Уайдин шығармаларының мазмұндық негізі де оның журналистік тәжірибесімен тығыз байланысты. Ол қоғамдағы кемшіліктерді сырттай бақылаушы ретінде емес, сол жүйенің ішінде жұмыс істеген адам ретінде бейнелейді. Мысалы, басқару құрылымындағы формализм, есеп үшін жұмыс істеу, жауапкершіліктен қашу сияқты құбылыстар оның туындыларында кездейсоқ алынған тақырып емес, нақты әлеуметтік тәжірибеден туындаған мәселелер ретінде көрінеді. Әдебиеттануда бұл құбылыс «фактологиялық негіздегі сатира» деп сипатталады, яғни көркем мәтіннің астарында нақты өмірлік материал жатады. Сондықтан оның шығармаларындағы күлкі элементі жай көңіл көтеру құралы емес, әлеуметтік диагноз қою тәсілі ретінде қызмет етеді.

Алғашқы шығармаларының мерзімді баспасөзде жариялануы жазушының шығармашылық бағытын бекіткен маңызды кезең болды. 1968 жылы жарық көрген «Қара көзілдірік» өлеңдер жинағы оның сатира жанрындағы ізденістерінің нәтижесін көрсетіп қана қоймай, сол кезеңдегі қоғамдық құбылыстарға берілген көркем бағасы ретінде қабылданды. Бұл жинақтағы туындыларда кеңестік қоғамдағы формализм, жалған бедел, қызметтік мансапқорлық сияқты мәселелер өткір сынға алынады. Зерттеулерде бұл кезең Үмбетбай Уайдин шығармашылығының «тақырыптық тұрақтану кезеңі» ретінде қарастырылады, себебі дәл осы уақытта автор өзіне тән проблематика мен көркемдік тәсілдерді нақты айқындап алған.

Жазушының қалыптасуына әсер еткен тағы бір маңызды фактор – оның әдеби ортасы. «Ара» журналы тек басылым ғана емес, қазақ сатирасының кәсіби мектебі болды, мұнда мәтіннің сапасына, ойдың өткірлігіне, тілдің ықшамдығына ерекше талап қойылды. Сол ортада қызмет еткен қаламгерлер арасында тұрақты шығармашылық байланыс пен пікір алмасу қалыптасып, бұл өз кезегінде әр автордың жеке стилінің шыңдалуына ықпал етті. Үмбетбай Уайдин осы ортада қалыптасқан талаптарды игере отырып, қысқа формада күрделі әлеуметтік мазмұнды жеткізе алатын деңгейге жетті. Сондықтан оның шығармашылық эволюциясын тек жеке даму ретінде емес, қазақ сатирасының институционалдық тұрғыдан қалыптасуымен тығыз байланыста қарастыру орынды [2].

Үмбетбай Уайдин шығармаларындағы әлеуметтік әділетсіздік мәселесі жалпылама ұғым деңгейінде емес, нақты өмірлік ситуациялар арқылы ашылады. Мәселен, «Қара көзілдірік» өлеңдер жинағындағы эпизодтарда тексеруші тұлғалардың қарапайым адамдарға деген менсінбеушілік қатынасы, формалды бақылаудың адам тағдырына бейжай қарауы нақты детальдармен беріледі: зейнеткерлерді құрметтемей, құжаттарды «ақтарып тастау» сияқты көріністер әлеуметтік теңсіздіктің тұрмыстық деңгейдегі көрінісі ретінде сипатталады. Сол сияқты «Мәселе қайда жатыр?» атты публицистикалық еңбегінде автор әлеуметтік проблемалардың сыртқы көрінісін емес, олардың түпкі себептерін іздеуге ұмтылады, яғни әділетсіздікті жекелеген адамнан емес, жүйелік құрылымнан көру тенденциясы байқалады. Бұл ерекшелік Уайдин сатирасының бағыттылығын айқындайды: ол жеке мінезді сынаумен шектелмей, әлеуметтік механизмдерді әшкерелеуге ұмтылады.

Жазушы шығармаларында бюрократия мен формализмді әшкерелеу тұрақты тақырыптардың бірі болып табылады және ол нақты типтік кейіпкерлер жүйесі арқылы көрінеді. «Тілсіз қоңырау», «Контейнермен келген кемпір», «Быды-быды» сияқты туындыларда қызметтік міндетін формалды атқаратын, бірақ мазмұндық жауапкершіліктен қашатын кейіпкерлер жиі кездеседі [3]. Бұл кейіпкерлердің негізгі типологиялық белгілері – сөз бен істің алшақтығы, жауапкершілікті қағазбастылықпен алмастыру, қызметті жеке пайда құралына айналдыру. Әдеби талдауда мұндай бейнелер «әлеуметтік тип» ретінде қарастырылады, себебі олар жеке адамды емес, белгілі бір қоғамдық құбылыстың жинақталған көрінісін білдіреді. Уайдин осы типтерді әсірелеу мен ирония арқылы көрсетіп, формализмнің мәнін тек күлкі объектісі ретінде емес, қоғам дамуына кедергі келтіретін фактор ретінде ашады.

Адам мінезінің психологиялық қырлары Уайдин шығармаларында сыртқы әрекет арқылы емес, ішкі мотивацияны жанама ашу тәсілі арқылы беріледі. Мысалы, «Нанайын ба, нанбайын ба?» немесе «Пәлен-пәштуан» сияқты туындыларда кейіпкерлердің екіұдай күйі, өзін-өзі ақтау механизмі, әлеуметтік ортаға бейімделу үшін жалған мінез қалыптастыруы көрсетіледі. Бұл жерде автор адамның мінезін тек «жаман» немесе «жақсы» деп жіктемейді, керісінше, оның мінез-құлқының қалыптасуындағы әлеуметтік қысым мен ішкі қайшылықтарды ашады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, мұндай кейіпкерлер конформизмге бейім, яғни сыртқы талаптарға бейімделу арқылы ішкі шынайылығын жоғалтқан тұлғалар ретінде көрінеді, бұл Уайдин сатирасының тереңдігін айқындайды.

Жазушы шығармаларындағы қоғамдық сана мен моральдық құндылықтар мәселесі тәрбиелік мазмұнмен тікелей байланысты, бірақ ол дидактикалық үгіт түрінде емес, көркемдік жүйе арқылы беріледі. «Оңашадағы ойлар», «Инабат иірімдері» сияқты еңбектерінде адамгершілік, мәдениет, әдеп мәселелері қоғамдық қатынастар аясында қарастырылады . Мұнда автор жеке адамның моральдық жауапкершілігін қоғамдағы жалпы мәдени деңгеймен байланыстырып, адам мінезіндегі ұсақ ауытқулардың ірі әлеуметтік мәселелерге алып келетінін көрсетеді. Ғылыми тұрғыдан бұл құбылыс «әдебиеттің тәрбиелік функциясы» ретінде түсіндіріледі, яғни көркем мәтін арқылы оқырманның құндылықтық бағдарын қалыптастыру жүзеге асады. Уайдин шығармаларында бұл функция тікелей насихат арқылы емес, әлеуметтік ситуацияларды көрсету және сол арқылы оқырманды ойландыру тәсілі арқылы іске асады[4].

Сатираның теориялық негізін анықтауда әдебиеттануда қалыптасқан тұжырымдарға сүйену маңызды. Ғылыми еңбектерде (М. Бахтин, В. Виноградов, Р. Нұрғали және т.б.) сатира «күлкі арқылы әшкерелеу» принципіне құрылған, әлеуметтік құбылыстардың қайшылықтарын көркем түрде ашатын күрделі эстетикалық категория ретінде қарастырылады. Яғни сатира тек комизм элементіне сүйенбейді, ол – қоғамдағы жағымсыз құбылыстарды әдейі өткірлендіріп, олардың мәнін айқындайтын сын формасы. Осы тұрғыдан алғанда Үмбетбай Уайдин шығармаларында сатира жеке көркемдік тәсіл емес, тұтас мәтіндік ұйымдастыру принципі ретінде көрінеді: автор әрбір сюжет пен образды белгілі бір әлеуметтік қайшылықты ашуға бағыттайды. Оның шығармаларында күлкі – мақсат емес, құрал; негізгі мақсат – әлеуметтік дисфункцияларды (формализм, әділетсіздік, моральдық құлдырау) көркем деңгейде талдау.

Ирония мен сарказм Уайдиннің сатиралық жүйесінде бір-бірінен айқын ажыратылатын, бірақ өзара байланысты тәсілдер ретінде қолданылады. Ирония – сыртқы жұмсақтық арқылы ішкі сын айту тәсілі болса, сарказм – тікелей, ашық және көбіне қатқыл әшкерелеу формасы. Зерттеулерде ирония «екі қабатты мағына» тудыратын құрал ретінде сипатталады, яғни мәтінде айтылған ой мен оның астарлы мәні сәйкес келмейді. Уайдин шығармаларында бұл тәсіл көбіне кейіпкердің өзін-өзі әшкерелеуі арқылы жүзеге асады: ол өз әрекетін дұрыс деп көрсеткенімен, мәтін контексті оның керісінше екенін аңғартады. Ал сарказм авторлық позиция күшейген тұста байқалады, мұнда мәтінде эмоциялық қысым артып, объекті тікелей сыналады. Осы екі тәсілдің үйлесуі жазушыға әлеуметтік құбылысты әр қырынан көрсетуге мүмкіндік береді, яғни бір жағынан астарлы, екінші жағынан ашық сын қатар жүреді.

Гипербола мен гротеск элементтері Уайдин шығармаларында шындықты бұрмалау емес, оны айқындау функциясын атқарады. Әдебиет теориясында гипербола – белгілі бір құбылысты әдейі әсірелеу арқылы оның мәнін күшейту тәсілі ретінде түсіндіріледі, ал гротеск – шындық пен шарттылықтың шекарасын бұзып, абсурдтық бейне жасау арқылы әлеуметтік қайшылықты өткір көрсету формасы. Уайдин мәтіндерінде әсірелеу көбіне бюрократиялық жүйенің шектен шыққан формаларын көрсету үшін қолданылады: қарапайым мәселенің шамадан тыс күрделенуі, қағазбастылықтың логикасыз деңгейге жетуі сияқты көріністер гиперболалық сипат алады. Мұндай тәсіл оқырманға құбылыстың шынайы мәнін тез әрі әсерлі жеткізеді, себебі әсірелеу арқылы автор әлеуметтік аномалияны айқын көрсетеді. Ал гротеск элементтері кейіпкердің әрекеті мен жағдай арасындағы үйлесімсіздікті күшейтіп, күлкі мен сынның шекарасын жояды[5].

Уайдиннің кейіпкер жасау шеберлігі оның сатиралық жүйесінің өзегін құрайды және бұл жерде типтендіру принципі жетекші рөл атқарады. Оның шығармаларында бюрократ, жалқау, формалист, мансапқор сияқты кейіпкерлер жеке тұлға ретінде емес, белгілі бір әлеуметтік мінез-құлық моделінің көрінісі ретінде беріледі. Әдебиеттануда мұндай бейнелер «әлеуметтік тип» деп аталады, яғни олар нақты адамнан гөрі қоғамдық құбылыстың жинақталған формасын білдіреді. Уайдин кейіпкерлерінің ерекшелігі – олардың ішкі психологиялық негізінің бар болуы: мысалы, бюрократ тек қағазға тәуелді адам емес, жауапкершіліктен қорқатын, шешім қабылдаудан қашатын тұлға ретінде ашылады. Осылайша автор кейіпкерді сыртқы әрекет арқылы ғана емес,

оның ішкі мотивациясын көрсету арқылы да сипаттайды, бұл оның сатирасының тереңдігін арттырып, көркемдік жүйесін күрделендіреді.

Үмбетбай Уайдиннің тілдік жүйесін оның алдыңғы бөлімде қарастырылған сатиралық тәсілдерімен сабақтастықта қарастыру қажет, өйткені автордағы ирония, сарказм, гипербола сияқты құралдар ең алдымен тіл арқылы жүзеге асады. Жазушының тілін «қарапайым» деп сипаттау жеткіліксіз, нақтырақ айтқанда, ол функционалдық дәлдікке негізделген ықшам тілдік модельді қолданады: мәтінде артық эпитеттер мен сипаттаулар жоқ, әрбір сөйлем белгілі бір мағыналық жүк көтереді. Бұл ерекшелік оның публицистикалық тәжірибесімен тікелей байланысты, нәтижесінде сөйлем құрылымы қысқа, синтаксистік жағынан жинақы, бірақ семантикалық тұрғыдан көпқабатты болып келеді. Мысалы, кейіпкердің бір ғана репликасы арқылы оның әлеуметтік статусы, мінез ерекшелігі және авторлық бағасы қатар ашылады, бұл – тілдік үнемділік пен көркемдік дәлдіктің үйлесімі. Осы тұрғыдан Уайдин тілін «қарапайым» емес, дәл ұйымдастырылған, коммуникативтік мақсатқа толық бағындырылған тілдік жүйе деп бағалау орынды.

Жазушы шығармаларында фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің белсенді қолданылуы оның мәтіндеріне ұлттық-мәдени реңк беретін маңызды фактор болып табылады. Бұл тұрақты тіркестер тек тілдік әшекей қызметін атқармайды, керісінше, кейіпкердің ойлау жүйесін, дүниетанымын және әлеуметтік ортасын ашудың құралы ретінде қолданылады. Уайдин көбіне халықтық мақалдарды тікелей күйінде емес, контекстке бейімдеп, кейде мағыналық трансформацияға ұшыратып қолданады, нәтижесінде дәстүрлі даналық пен қазіргі әлеуметтік жағдай арасындағы қайшылық айқындалады. Мұндай тәсіл әдебиеттануда интертекстуалдық байланыс элементі ретінде қарастырылады және ол автордың ұлттық дүниетанымды заманауи мәселелермен байланыстыра алу қабілетін көрсетеді. Осы арқылы жазушы мәтіні тек сатиралық емес, этномәдени кодтарды сақтаушы әрі жаңғыртушы кеңістікке айналады.

Уайдиннің стильдік ерекшелігінің тағы бір маңызды қыры – диалог пен авторлық баяндаудың өзара қатынасы. Оның шығармаларында диалог тек кейіпкерлер арасындағы ақпарат алмасу құралы емес, негізгі идеяны ашатын құрылымдық элемент ретінде қызмет етеді. Диалогтар көбіне қысқа, бірақ астарлы мағынаға бай болып келеді, кейіпкердің сөз саптауынан оның ішкі позициясы мен әлеуметтік рөлі анық байқалады. Ал авторлық баяндау, керісінше, минималды деңгейде беріліп, көбіне ирониялық немесе бағалаушы функция атқарады. Мұндай құрылымда оқырманға дайын қорытынды ұсынылмайды, керісінше, диалог арқылы жағдайды өзі бағалауға мүмкіндік беріледі. Бұл тәсіл сатираның әсерін күшейтіп, мәтінді көпқабатты интерпретацияға ашық етеді, яғни Уайдин стилі оқырманды пассив қабылдаушы емес, белсенді талдаушы позициясына енгізетін дискурстық модельге негізделген.

Үмбетбай Уайдин қазақ сатирасының дамуында жеке дара құбылыс ретінде емес, белгілі бір әдеби дәстүрдің жалғастырушысы әрі жаңартушысы ретінде танылады. Егер Асқар Тоқмағамбетов сатираны поэзиялық формада орнықтырса, ал Оспанхан Әубәкіров оны тұрмыстық юмор мен халықтық күлкі арқылы кең аудиторияға жеткізсе, Уайдин осы екі бағытты публицистикалық нақтылықпен ұштастырып, сатираның мазмұндық аясын кеңейтті. Зерттеулерде оның шығармалары «шындыққа барынша жақындатылған сатира» ретінде сипатталып, нақты әлеуметтік фактіге сүйену арқылы жанрдың ықпал ету мүмкіндігін арттырғаны атап өтіледі. Сонымен қатар, әдеби деректерде Уайдиннің қазақ сатирасын «аяғынан тік тұрғызғандардың бірі» ретінде бағалануы оның жанр эволюциясындағы нақты орнын көрсетеді . Яғни ол сатираны тек күлкі құралы емес, қоғамдық талдау жасайтын интеллектуалдық форма деңгейіне көтерді, бұл оны өз дәуіріндегі сатириктерден дараландыратын басты ерекшелік болып табылады.

Жазушының қоғамдық ойға ықпалы оның шығармаларының қабылдану деңгейінен ғана емес, олардың нақты әлеуметтік реакция тудыру қабілетінен көрінеді. Уайдин фельетондары мен сатиралық мәтіндері көбіне белгілі бір құбылысты тікелей нысанаға алып, оқырманды тек күлуге емес, бағалауға, салыстыруға және қорытынды жасауға итермелейді; бұл – әдебиеттің когнитивтік әсер ету механизмі. Сонымен қатар оның шығармаларындағы тілдік ықшамдылық пен ситуациялық дәлдік кейінгі сатириктер үшін үлгіге айналып, қазіргі қазақ сатирасында қысқа формадағы өткір мәтіндердің (медиа-сатира, әлеуметтік желідегі әзіл формалары) қалыптасуына жанама ықпал етті. Бүгінгі әдеби процесте қоғамдағы бюрократия, формализм, әлеуметтік теңсіздік сияқты тақырыптардың сақталуы Уайдин көтерген проблемалардың әлі де өзекті екенін көрсетеді, ал оның тәсілдері – ирониялық астар, типтік бейне, нақты ситуация – қазіргі сатиралық дискурста белсенді қолданылып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Уайдин шығармашылығы тек

тарихи кезеңнің жемісі емес, қазақ сатирасының қазіргі даму логикасына әсер еткен тұрақты көркемдік модель ретінде бағаланады.

Қорыта келгенде, Үмбетбай Уайдин шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі сатира жанрының мазмұндық және көркемдік тұрғыдан кемелдену кезеңін айқындайтын маңызды құбылыс ретінде танылады. Суреткердің туындылары әлеуметтік шындықты дәл бейнелеу, типтік кейіпкерлер арқылы қоғамдық қайшылықтарды ашу және тілдік ықшамдылыққа негізделген көркемдік жүйе қалыптастыруымен ерекшеленеді. Оның шығармаларында сатира тек күлкі тудыру амалы емес, қоғамдық құбылыстарды талдайтын, оқырманды сыни ойлауға жетелейтін интеллектуалдық құрал деңгейіне көтерілген. Сонымен қатар, публицистикалық нақтылық пен көркемдік жинақылықтың үйлесуі Уайдин стилін даралап, қазақ сатирасының кейінгі даму бағытына ықпал еткен тұрақты модель қалыптастырды. Осы тұрғыдан алғанда, жазушы мұрасы ұлттық әдебиеттегі әлеуметтік сын мәдениетін жетілдірген әрі қазіргі кезеңде де өзекті мәнін сақтап отырған құндылық ретінде бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәйдаұлы Үмбетбай (Уайдин) // Әдебиет порталы. – URL: https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2083
2. Қожакеев Т. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 459 б.
3. Уайдин Ү. Оңашадағы ойлар: қанатты сөздер. – Алматы: Нұрлы әлем, 2005.
4. Уайдин Ү. Әдеп әлемі: танымдық-тағылымдық педагогика. – Алматы: Ана тілі, 2008.
5. Уайдин Ү. Сырымды айтайыншы: өлеңдер, ой-толғамдар, афоризмдер, сыр-сұхбаттар. – Алматы: Баянжүрек, 2010.

МАРХАБАТ БАЙҒҰТ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ ИДЕЯ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

Б.А. Алдаберген
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа.

Бұл мақалада қазақ прозасының көрнекті өкілі Мархабат Байғұт шығармаларындағы көркем идея мен көркемдік шындық мәселесі қарастырылады. Жазушы прозасында қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстар, замандас бейнесі, рухани құндылықтар мен ұлттық болмыс мәселелері көркемдік тұрғыда талданады. Автор шығармаларында жастар тәрбиесі, кітап оқу мәдениетінің әлсіреуі, тіл мәселесі және қоғамдағы рухани өзгерістер сияқты өзекті тақырыптар кеңінен көрініс табатыны анықталады. Мархабат Байғұт кейіпкерлерінің тағдыры арқылы қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды, адам мінезі мен психологиясын шынайы бейнелейді. Жазушы шығармаларында өмір шындығы көркемдік тәсілдер арқылы терең әрі нанымды жеткізіліп, оқырманды қоғамдық мәселелер туралы ойлануға жетелейді. Мархабат Байғұт прозасының басты ерекшелігі - қоғамдағы әлеуметтік құбылыстарды шынайы бейнелеу, замандас болмысын көрсету және ұлттық құндылықтарды көркем әдебиет арқылы насихаттау екені анықталды.

Түйін сөздер: Мархабат Байғұт, қазақ прозасы, көркем идея, көркемдік шындық, әлеуметтік шындық, замандас бейнесі.

Кіріспе

Қазақ әдебиеті - ұлт руханиятының айнасы. Әдеби шығармалар арқылы белгілі бір дәуірдің тынысы, қоғамның болмыс-бітімі, адам тағдыры мен өмір шындығы көрініс табады. Әсіресе прозалық шығармаларда уақыттың үні, заманның сыры, адам жанының терең қатпарлары айқын байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар қаламгерлердің бірі -

Мархабат Байғұт. Жазушы шығармалары оқырманды қарапайым өмір көріністері арқылы терең ойға жетелеп, қоғамдағы түрлі құбылыстарды шынайы әрі әсерлі бейнелеуімен ерекшеленеді.

Мархабат Байғұт прозасының басты ерекшелігі - өмір шындығын көркемдік тұрғыда дәл әрі нанымды жеткізуінде. Оның шығармаларында қарапайым адамдардың тіршілігі, ауыл өмірінің тынысы, заман мен замандас бейнесі шынайы суреттеледі. Жазушының кейіпкерлері – өмірдің түрлі сынағынан өткен, қоғамдағы өзгерістерді өз тағдыры арқылы сезінген жандар. Сол арқылы автор адам мінезінің күрделілігін, қоғамдағы әлеуметтік құбылыстарды және рухани құндылықтардың өзгеруін көркемдік тұрғыда бейнелейді. Әдебиеттанушылар да жазушы шығармаларында өмірдің өзіне тән табиғилық пен шынайылық басым екенін атап өтеді. Кейіпкерлердің мінез-құлқын бейнелеуде, олардың ішкі жан дүниесін ашуда жазушының баяндау мәнері мен тілдік өрнегі ерекше рөл атқарады.

Жазушы шығармаларында көтерілген тақырыптардың аясы кең. Онда қоғамдағы әлеуметтік мәселелер, адамгершілік құндылықтар, жастар тәрбиесі, рухани құлдырау, тіл мен мәдениет мәселелері көркемдік тұрғыда бейнеленеді. Мәселен, «Тоғызыншы сынып» әңгімесінде жас ұрпақтың рухани дүниесі мен қоғамдағы өзгерістердің ықпалы көрсетілсе, «Жоғалған жұрнақ» шығармасында тарихи кезеңнің ауыр шындығы мен халық психологиясы көрініс табады. Ал «Ақсақ кемпір» әңгімесінде тіл мәселесі мен қоғамдағы әлеуметтік құбылыстар бейнеленсе, «Кандидаттың имиджі» шығармасында заманауи қоғамдағы саяси және әлеуметтік қатынастардың көрінісі беріледі. Осы шығармалардың барлығында да автор қоғамдағы өзгерістерді, адам тағдыры мен заман тынысын көркемдік шындық арқылы жеткізеді.

«Әдебиеттану ғылымында көркем идея мен көркемдік шындық ұғымдары маңызды категориялардың бірі болып саналады. Көркем идея - жазушының шығармасы арқылы жеткізгісі келген негізгі ойы мен дүниетанымын білдірсе, көркемдік шындық - өмір шындығының әдеби шығармада көркем түрде бейнеленуі. Бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланыста болып, әдеби туындының мазмұны мен көркемдік табиғатын айқындайды. Мархабат Байғұт шығармаларында осы көркем идея мен көркемдік шындық мәселесі ерекше орын алады. Жазушы қоғамдағы құбылыстарды сырттай суреттеп қана қоймай, олардың ішкі мәнін, адам жанына әсерін терең ашуға ұмтылады» [1. 136 б]. Сондықтан Мархабат Байғұт прозасын зерттеу - қазақ әдебиетіндегі көркемдік ізденістерді, заманауи қоғам бейнесін және адам тағдырының көркем бейнелену ерекшеліктерін тану тұрғысынан маңызды болып табылады. Жазушы шығармаларындағы көркем идея мен көркемдік шындықты талдау арқылы қазақ прозасының дамуындағы маңызды үрдістерді де аңғаруға болады.

Осыған байланысты мақалада Мархабат Байғұт прозасындағы көркем идея мен көркемдік шындық мәселесі қарастырылып, жазушы шығармаларындағы әлеуметтік шындық, кейіпкер бейнесі және замандас болмысы әдеби-теориялық тұрғыда талданады.

Зерттеу деректері мен әдістері

Бұл зерттеудің дереккөздері ретінде Мархабат Байғұт шығармашылығына арналған ғылыми еңбектер, конференция материалдары және мерзімді басылымдардағы әдеби-сын мақалалар пайдаланылды. Жазушы прозасының көркемдік әлемін тану мақсатында, ең алдымен, қаламгердің шығармашылық болмысын жан-жақты танытатын еңбектерге сүйенілді. Атап айтқанда, «Мақамы бөлек Мархабат» атты ғылыми-танымдық жинақта жазушының әдебиеттегі орны, көркемдік болмысы мен шығармашылық ерекшелігі туралы әдебиеттанушылардың пайымдары кеңінен қамтылған [1]. Сондай-ақ жазушының 80 жылдық мерейтойына арналған «Ақтолғай: “Әдебиет әлемі әдемі” халықаралық конференция материалдары» жинағында Мархабат Байғұт прозасының тақырыптық-идеялық бағыты, стильдік сипаты мен көркемдік ізденістері туралы ғылыми баяндамалар жарияланған [2]. Бұл еңбектер зерттеудің теориялық негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мерзімді басылымдарда жарық көрген әдеби-сын мақалалар да зерттеу барысында маңызды дереккөз ретінде қарастырылды. Мәселен, Б. Қонысбек жазушының рухани-мәдени кеңістіктегі орнын атап өтсе [4], Ғ. Елшібай оның көркемсөз бен публицистикадағы шеберлігіне назар аударады [5]. Ал Ж. Әлиман қаламгердің қазақ әңгіме жанрын дамытудағы ерекше қолтаңбасын көрсетеді [6]. Бұл зерттеулер мен мақалалар жазушы шығармаларының идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін тануға бағыт-бағдар береді.

Зерттеу нысаны ретінде Мархабат Байғұттың қоғам шындығын, адам болмысы мен замандас тағдырын бейнелейтін бірқатар прозалық шығармалары қарастырылды. Атап айтқанда, «Тоғызыншы сынып», «Жоғалған жұрнақ», «Ақсақ кемпір», «Кандидаттың имиджі», «Қош бол,

кітап!», сондай-ақ басқа да әңгімелері зерттеу барысында талданып, олардың көркемдік-идеялық мазмұны сараланды. Бұл шығармаларда жазушының әлеуметтік шындықты бейнелеу тәсілі, кейіпкерлердің ішкі психологиясы, қоғамдағы рухани құндылықтардың өзгерісі көркемдік тұрғыдан көрініс табады [3].

Зерттеу барысында әдебиеттану ғылымында кеңінен қолданылатын ғылыми әдістер пайдаланылды. Атап айтқанда, шығармалардың мазмұны мен идеялық бағыттарын анықтау үшін талдау және жинақтау әдістері, кейіпкерлер жүйесі мен көркемдік тәсілдерін зерделеу үшін мәтіндік және әдеби-теориялық талдау әдістері, сондай-ақ жазушы прозасының ерекшеліктерін айқындау мақсатында салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Бұл әдістер Мархабат Байғұт прозасындағы көркем идея мен көркемдік шындықтың табиғатын ашып, жазушы шығармаларының әдеби-эстетикалық мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Мархабат Байғұт прозасының айрықша қолтаңбасы - қоғамдық-әлеуметтік сілкіністерді жеке адамның тағдыры арқылы шебер өруінде жатыр. Белгілі жазушы Дулат Исабеков Мархабат Байғұттың шығармашылығын жоғары бағалап: «М. Байғұт әдебиетте өз жолын, өз қолтаңбасын, өз стилін тапқан жазушы» деп атап көрсетеді. Ал профессор Керімбек Сыздықұлы қаламгердің әдебиеттегі орны туралы: «М. Байғұт өзінің алғашқы туындыларымен-ақ оқырман жұртшылықтың, әдеби қауымның ықылас-пейілін бірден аудара білді» деген пікір білдіреді. Бұл пікірлер жазушының қазақ прозасындағы өзіндік көркемдік әлемін, шығармашылық даралығын және әдебиеттегі лайықты орнын айқын таныта[2].

Жазушының «Жоғалған жұрнақ» әңгімесі дәл осы қасиеттің айқын айғағы іспетті. Шығармада Желтоқсан оқиғасының жазылмас жарасы мен солақай жүйенің салған зардабы ауыл тұрмысының шынайы бояуымен астасып, оқырманға мұңлы бір жыр болып жетеді. Әңгіме арқауы Мәскеуде білім қуып, болашағынан зор үміт күттірген, алайда аласапыран уақыттың құрбанына айналып, рухы жараланған Жұрнақ есімді жастың аянышты халі төңірегінде өрбиді. «Жұрнақ көке жынданып кетіпті» деген суық хабардың каникул кезінде жетуі - сол дәуірдің үрейлі тынысын, адам жанына түскен алғашқы сызатты аңғартады. Автор бұл трагедияны жасөспірім кейіпкердің пәк көзқарасымен баяндай отырып, қоғамдағы күдік пен қорқыныштың, сыбыр мен күбірдің психологиялық ахуалын өте нәзік суреттейді.

Шығармадағы Қонақбай қарттың бейнесі - жалғыз ұлына үміт артып, бірақ тағдырдың соққысына төтеп бере алмаған қарапайым халықтың жиынтық образы. Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін аяулы ұстаздың қасіреті арқылы жазушы жүйенің қатыгездігін паш етеді. Жұрнақтың есі ауысқан күйге түсуі тек дерт қана емес, ол - тарихи әділетсіздіктің адам санасында қалдырған өшпес таңбасы мен символикалық шешімі. Оның есінде тек жақсылықтың нышанындай болған жандардың есімі қалуы - кейіпкердің жан дүниесінде әлі де болса адамдық жылулық пен сағыныш отының сөнбегенін білдіреді. Сондықтан да шығарма соңындағы «сағыныш атты ұғым өлмеген» деген пәлсапалық түйін әңгіменің негізгі идеясын айқындай түседі.

Жазушы табиғат көріністерін де шебер құбылтып, Қазығұрт тауының мұңды бейнесі мен боранды қысты кейіпкерлердің ішкі арпалысымен үндестіре білген. Бұл пейзаждық суреттер трагедиялық атмосфераны қоюлатып, оқырманды мұңға бөлейді. Сонымен қатар, Жұрнақтың ауылға оралғанда жұрттың мазағына айналуы мен «бір сом беріңдерші» деп жәутеңдеуі - қоғамның рухани жұтаңдығын көрсететін ең ауыр сәттердің бірі. Әңгіме соңында кейіпкердің туған үйінің орнына тас тасып, қайтадан баспана тұрғызбақ болған символикалық әрекеті оның өткенге деген шексіз аңсарын білдіргенімен, арманына жете алмай мерт болуы тұтас бір ұрпақтың үзілген үмітін паш етеді. Мархабат Байғұт тарихи шындық пен көркемдік пайымды ұштастыра отырып, Жұрнақ бейнесі арқылы адам жанының терең иірімдері мен өткен тарихтың ащы сабақтарын алдымызға жайып салады.

«Мархабат Байғұт прозасында қоғамдағы түрлі әлеуметтік мәселелер, рухани құндылықтар мен адам болмысы шынайы әрі өткір суреттеледі» . Жазушы көбіне қоғамдағы кемшіліктерді көркем образдар арқылы бейнелеп, оларды сын садағына алады. Осы тұрғыдан алғанда «Ақсақ кемпір» әңгімесі де өзекті мәселелерді қозғайтын шығарма болып табылады. Әсіресе туындыда тіл мәселесі мен қоғамдағы рухани олқылықтар айқын көрініс табады [4].

Жазушы шығармада тілге деген құрметтің төмендеп бара жатқанын нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Табиғат қоғамында жұмыс істейтін қызметкерлердің басым бөлігі қазақ бола тұра, ана тілінде жазып-сөйлеуге қабілетсіз екені ерекше назар аудартады. Автор бұл жағдайды:

«Табиғат қоғамындағы тоғыздың төртеуі қазақ, бесеуі орыс. Бірде-біреуі қазақ тілінде жазбаша сөз түсіріп, сөйлем тізе алмайды. Іс қағаздары да, ары-бері ағылып жататын хат-хабарлары да толайым-түгел орыс тілінде» деп нақты бейнелейді. Бұл үзінді арқылы жазушы қоғамдағы ана тіліне деген немқұрайдылықты ашық көрсетеді. Қазақ тілінде келген арыз-шағымдарды міндетті түрде орыс тіліне аудару қажеттілігі де сол кезеңдегі тілдік саясаттың көрінісі ретінде беріледі. Яғни автор қоғамда мемлекеттік тілдің өз деңгейінде қолданылмай отырғанын сын тұрғысынан суреттейді.

Әңгімедегі «Табиғат қоғамы» атауы да символдық мәнге ие. Ол тек белгілі бір мекемені ғана білдірмейді, сонымен қатар жалпы қоғамның бейнесін аңғартады. Автор адамдардың табиғатты қорғау мәселесіне де, ана тіліне деген құрметке де салғырт қарай бастағанын көрсетеді. Осы арқылы жазушы «адам түзелмей, қоғам түзелмейді» деген ойды меңзейді.

Шығармада қоғамдағы өзгерістер жаңа басшының келуі арқылы да көрсетіледі. Жаңа төраға келгеннен кейін мекемелерде түрлі өзгерістер орын алып, қызметкерлер арасында алаңдаушылық пайда болады. Бұл жағдайды жазушы Клавдия Кондратьевна бейнесі арқылы жеткізеді. Оның сырт келбеті мен жүріс-тұрысын сипаттау арқылы кейіпкердің ішкі күйзелісін де аңғартады: «Жасы жетпіске жақындаңқырап қалған Клавдия Кондратьевна… сол аяғынан қатты ақсап, шойнаңдап жүретін» деп суреттейді. Бұл образ арқылы жазушы қоғамдағы тұрақсыздық пен қызмет жүйесіндегі өзгерістердің қарапайым адамдарға қалай әсер ететінін көрсетеді. Зейнет жасына жетсе де жұмыс істеп жүрген адамның жаңа басшылық келгенде мазасызданuы - өмір шындығына жақын суреттелген деталь.

Жалпы алғанда, «Ақсақ кемпір» әңгімесінде қоғамдағы көптеген әлеуметтік мәселелер көрініс табады. Тілдің жағдайы, бюрократиялық жүйе, табиғатты қорғау мәселесі және адамдардың немқұрайдылығы – шығармада көтерілген негізгі тақырыптар. Жазушы осы мәселелерді көркемдік тәсілдер арқылы жеткізіп, замандас бейнесін шынайы суреттейді. Сондықтан бұл шығармада қоғамның ақсап тұрған тұстары айқын көрініп, әлеуметтік шындық пен көркем идея өзара астасып жатады.

Мархабат Байғұттың «Кандидаттың имиджі» әңгімесі – қоғамдағы саяси өмірдің шынайы келбетін астарлы түрде бейнелейтін шығарма. Жазушы бұл туындысында тәуелсіз ел өміріндегі маңызды мәселелердің бірі – сайлау науқаны мен билікке ұмтылу құбылысын көркемдік тұрғыда суреттейді. Әңгіме «Веранда» кафесіндегі басқосудан басталып, кандидаттың сайлаудағы беделін көтеру жолындағы түрлі әрекеттерді көрсетеді. Мұнда штаб бастығы, журналист, менеджер, кеңесші сияқты адамдар жиналып, кандидаттың халық алдындағы бейнесін қалай қалыптастыру керектігін талқылайды. Автор кейіпкерлердің есімдерін атамай, тек олардың қызметін көрсету арқылы олардың жеке тұлға емес, белгілі бір жүйенің өкілдері екенін аңғартады [5].

Бұл жерде бір маңызды сұрақ туындайды: автор әңгімедегі көркемдік шындықты қалай көрсете білді? Жазушы көркемдік шындықты кейіпкерлердің әрекеті, астарлы диалогтар және мысқылға толы баяндау арқылы жеткізеді. Әңгімеде кандидаттың имиджін қалыптастыру үшін жасалатын әрекеттердің барлығы шынайы қызметтен гөрі жасанды көрініске ұқсайды. Журналистер оның беделін ақпарат құралдары арқылы көтеруге тырысса, менеджерлер халық алдында жақсы әсер қалдыратын жоспар құрады. Алайда бұл әрекеттердің бәрі халыққа қызмет етуден гөрі сырт көзге жақсы көрінуге бағытталған. Осы арқылы жазушы қоғамдағы көзбояушылық пен екіжүзділікті әшкерелейді. Автор кейіпкердің өмірін сипаттау арқылы да әлеуметтік шындықты айқын көрсетеді. Кандидаттың өмірінде ешқашан жоқшылық көрмегені, барлық жағдайының жақсы болғаны былай беріледі: «Жетімдік-жаутаңкөздіктің бетін әрмен, олар өз басына түсе қойған жоқ. Өз қатарларынан ылғи да алда болды. Оқ бойы озық жүргені рас. Тозық киім кимеді, жылытпа тамақ ішпеді...» деген жолдар арқылы оның қоғамдағы қарапайым адамдар өмірінен алшақ тұрғаны байқалады. Бұл көрініс билікке ұмтылған адамдар мен халықтың арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Сонымен қатар жазушы әңгіме барысында қоғамдағы тамыр-таныстық, мансапқорлық сияқты құбылыстарды да астарлы түрде бейнелейді. Кандидаттың айналасындағы адамдардың бәрі оның беделін көтеруге тырысып, жалған мадақ айтуға бейім. Бұл арқылы автор қазіргі қоғамдағы жағымпаздық пен шенқұмарлықтың кең тарағанын көрсетеді.

«Әңгіме соңында кейіпкердің ішкі әлеміне үңілу арқылы жазушы оның рухани жалғыздығын да байқатады. Байлығы мен мансабы бола тұра, оның өмірінде шынайы бақыттың жоқ екені көрінеді». Бұрын тастап кеткен қызымен кездескен сәтте кейіпкердің жан дүниесі өзгеріп, өміріне басқа қырынан қарай бастайды. Осы арқылы автор адамның шынайы бақыты билік пен байлықта емес, адамдық сезім мен отбасылық құндылықтарда екенін меңзейді [6].

Мархабат Байғұт «Кандидаттың имиджі» әңгімесінде көркемдік шындықты қоғамдағы саяси өмірдің шынайы көріністері арқылы бейнелейді. Автор астарлы ой, мысқыл мен психологиялық суреттеу тәсілдерін қолдана отырып, қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді терең көрсетеді. Осы арқылы шығармада билікке ұмтылған адамдардың әрекеті ғана емес, сол қоғамның жалпы бейнесі де айқын көрінеді.

Мархабат Байғұттың «Тоғызыншы сынып» әңгімесі - дәуірлер тоғысындағы әлеуметтік сілкіністер мен рухани дағдарыстың тамырын дөп басқан, өтпелі кезеңнің қатал шындығын айна-қатесіз бейнелеген соны туынды. Кеңестік жүйе күйреп, нарықтың қатал заңы табалдырықтан аттаған тұста адам санасындағы құндылықтардың құлдырауын жазушы жалаң баяндаумен шектелмей, кейіпкерлердің тағдыр талайы мен ауыл өмірінің жүдеу келбеті арқылы нанымды жеткізеді. Шығарманың алғашқы сәттерінен-ақ қаладан тауан таппай, туған ауылына табан тіреген Тоғжанның мұңлы бейнесі көрініс тауып, оның тозыңқы автобус жанында тұрып «Кітапхана» деген жазуға телміруі - рухани кеңістіктің тарылғанын ишаралайтын символдық штрихқа айналады. Бұл жердегі кітапхана жай ғана ескі ғимарат емес, қоғамның ішкі жұтаңдығы мен интеллектуалдық тоқырауын әйгілейтін мылқау куәгер іспетті. Жазушы көркемдік шындықты жасанды қалыпқа салмай, күнделікті тіршіліктің елеусіз детальдары мен кейіпкерлердің жан күйзелісі арқылы тұтас бір дәуірдің диагнозын қояды.

Әңгімедегі ең өзекті мәселе - кітап оқу мәдениетінің семіп, білімге деген құштарлықтың мазаққа айналуы - оқырман жанын түршіктірер ащы шындық. Бұрынғы қадірлі құндылықтардың орнын сыртқы жылтырақ пен жеңіл өмірге деген әуестіктің басуы автор тарапынан үлкен мінберлерден ұрандатпай-ақ, қарапайым да өткір сөйлемдермен өрнектеледі. Осы әлеуметтік кеселдің тірі бейнесі ретінде бой көрсететін Аян - жаңа заманның рухани дімкәс ұрпағының типтік тұлғасы. Аянның тағдыры арқылы тұтас бір буынның бағдарсыз адасуын көрсеткен жазушы, әкесі Алтыбайдың «тек нашақор демеші» деген жалынышты сөзі арқылы тәрбие мәселесіндегі бетпақтықты, баланың ішкі әлемінен гөрі сыртқы беделді жоғары қоятын рухани немқұрайлылықты дөп басады [7].

Сая мен Аянның арасындағы киберойын мен жеңілдікке негізделген диалогтар жастар санасының үстірттікке бейімделіп, тереңдіктен қашқанын көркемдік шеберлікпен аша түседі. Мұнда автор тікелей үкім кеспейді, қайта кейіпкерлердің сөзі мен әрекеті арқылы оқырманды қоғам дертін өз бетінше тануға жетелейді. Шығарманың алтын арқауы - қоғамды сауықтырудың жалғыз жолы рухани кемелдену мен білімге қайта оралу екендігін ұқтыру. Тоғжанның күйі мен Аянның трагедиясы астасып келіп, ұлт болашағының кітап пен сана тазалығына тікелей тәуелді екенін аңғартады. Қорыта айтқанда, Мархабат Байғұттың бұл туындысы - өтпелі кезеңнің әлеуметтік портретін дәл салған, бір буынның ғана емес, бүкіл қоғамның жан айқайын танытатын парасатты шығарма.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Мархабат Байғұт прозасы – қоғамдағы әлеуметтік шындықты терең бейнелейтін, замандас болмысын шынайы көрсететін көркем туындылардың бірі. Жазушы шығармаларында адам тағдыры, қоғамдағы өзгерістер, рухани құндылықтар мен ұлттық болмыс мәселелері көркемдік тұрғыда шебер суреттеледі. Оның прозасының басты ерекшелігі – өмір құбылыстарын әсірелемей, табиғи қалпында көрсетуі және сол арқылы оқырман санасына ой салуы.

Жазушы осы шығармалары арқылы қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды сынға алып, адамгершілік құндылықтарды дәріптейді. Оның кейіпкерлері – өмірдің түрлі қиындықтарын бастан кешірген қарапайым адамдар. Солардың тағдыры арқылы автор қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді, рухани құлдырау мен адам болмысының өзгеруін көркемдік шындық деңгейінде көрсетеді.

Сондықтан Мархабат Байғұт прозасы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Оның шығармалары тек белгілі бір кезеңнің көрінісін ғана емес, жалпы адамзаттық мәселелерді көтеретін, оқырманды ойландыратын туындылар болып табылады. Жазушының көркемдік шеберлігі мен әлеуметтік шындықты бейнелеудегі дара қолтаңбасы қазақ прозасының дамуына елеулі үлес қосып, әдебиетіміздің рухани қорын байыта түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байғұт М. Мақамы бөлек Мархабат / ред. С. Қалқабаева. – Алматы : Қазығұрт баспасы, 2025. – 271 б. – ISBN 978-9965-22-664-9.

2. Ақтолғай : «Әдебиет әлемі әдемі» атты халықаралық конференция материалдары : жазушы Мархабат Байғұттың 80 жылдығына арналған / құраст. А. А. Жаппарқұлова, С. К. Байдуллаева. – Шымкент : Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы, 2025. – 299 б.
3. Байғұт М. Шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 2019. – 320 б.
4. Қонысбек Б. Өңіріміздің рухани өмірінің темірқазығы / Б. Қонысбек // Қазақ әдебиеті. – 2020. – № 19. – 22 мамыр. – 8–9 б.
5. Елшібай Ғ. Көркемсөз бен көсемсөздің дүлдүлі / Ғ. Елшібай // Егемен Қазақстан. – 2023. – 6 наурыз. – № 44. – 15 б.
6. Әлиман Ж. Қазақ әңгімесінің хас шебері : Мархабат Байғұт: пәни мен бақи арасы / Ж. Әлиман // Егемен Қазақстан. – 2022. – 29 қараша. – № 228. – 13 б.
7. Қамзабекұлы Д. Әдебиет теориясы және ұлттық руханият мәселелері. – Алматы : Қазақ университеті, 2017. – 320 б.

УДК 82-95:821.512.122

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КИІЗ ҮЙДІҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

І. Аханова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ж.Ш. Жумагелдин

Аннотация: Мақалада қазақ әдебиетіндегі киіз үй образының символдық мәні кешенді түрде қарастырылады. Киіз үй тек тұрмыстық нысан ретінде емес, ұлттық дүниетанымның, мәдени кодтың және рухани құндылықтардың көрінісі ретінде талданады. Зерттеу барысында киіз үйдің көркем мәтіндегі көпқабатты қызметі – кеңістік моделі, уақыт пен дәстүрдің белгісі, әлеуметтік мәртебе көрсеткіші және психологиялық кеңістік ретінде анықталады. Сонымен қатар, классикалық және қазіргі қазақ әдебиетіндегі киіз үй бейнесінің ерекшеліктері салыстырмалы түрде сараланады. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» шығармалары негізінде нақты талдау жүргізіліп, киіз үйдің көркемдік жүйедегі рөлі айқындалады. Зерттеу нәтижесінде киіз үйдің әдеби мәтінде мағына тудырушы маңызды элемент екені дәлелденеді және оның ұлттық мәдениетті сақтаудағы қызметі айқындалады.

***Кілт сөздер*:** киіз үй, символ, ұлттық мәдениет, көркем мәтін, мәдени код, қазақ әдебиеті

Қазақ әдебиетіндегі киіз үй бейнесін символдық тұрғыдан зерделеу – ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтың көркем мәтіндегі репрезентациясын тануға бағытталған маңызды ғылыми мәселе болып табылады. Киіз үй тек этнографиялық нысан деңгейінде емес, кеңістік пен уақытты, ұрпақ сабақтастығын, әлеуметтік құрылымды және рухани тұтастықты білдіретін көпқабатты семиотикалық жүйе ретінде қызмет атқарады. Соған қарамастан, әдебиеттануда киіз үйдің символдық табиғаты жүйелі әрі кешенді түрде толық ашылды деу қиын. Яғни, тақырыптың өзектілігі – киіз үй образының көркем мәтіндегі мағыналық өрісін, оның ұлттық-мәдени мазмұнмен сабақтас қызметін айқындау қажеттілігінен туындайды.

Мақаланың мақсаты – қазақ әдебиетіндегі киіз үйдің символдық мәнін құрылымдық-семантикалық талдау арқылы анықтап, оның көркемдік жүйедегі орны мен қызметін ғылыми тұрғыда негіздеу.

Киіз үйді қазақ мәдениетінің қарапайым тұрмыстық белгісі ретінде ғана қарастыру оның шынайы болмысын толық ашпайды. Ол – ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру тәжірибесінің, табиғатпен үйлесімде тіршілік ету философиясының және рухани құндылықтардың жинақталған көрінісі. Көшпелі қоғам жағдайында дүниеге келген бұл құрылым тек паналау құралы емес, адамның әлеммен байланысын реттейтін ерекше кеңістік қызметін атқарған. Сол себепті киіз үй ұғымы халық жадында тек заттық деңгейде емес, терең мағыналық қабаттар арқылы сақталып, кейін көркем әдебиетте де күрделі символдық сипатқа ие болды.

Киіз үйдің ішкі логикасына үңілген сайын оның құрылымы кездейсоқ емес екені байқалады. Әрбір бөлшек белгілі бір дүниетанымдық мәнді арқалайды. Шаңырақ жоғарыға

бағытталған ашық кеңістік ретінде аспанмен сабақтастықты сездірсе, кереге мен уық төменгі және ортаңғы әлемнің үйлесімділігін меңзейді. Мұндай құрылым қазақ ұғымындағы әлемнің тұтастығын, реттелген жүйе екенін аңғартады. Адам өзін осы кеңістіктің ортасында сезінеді, сол арқылы өзінің табиғатпен ажырамас байланысын түсінеді. Бұл ой кейін әдеби шығармаларда да көрініс тауып, киіз үй кейіпкердің рухани кеңістігімен астасып жатады [1].

Киіз үйдің бөлшектеріне қатысты атаулардың өзі көп нәрсені аңғартады. «Үйдің сүйегі», «керегенің көзі» деген тіркестер зат пен адам арасындағы шекараның шартты екенін білдіреді. Мұнда жансыз нәрсе де тірі ағза секілді қабылданады. Мұндай тілдік құбылыс кездейсоқ емес, ол – дүниені тұтас қабылдаудың белгісі. Осы ерекшелік әдеби мәтіндерде де сақталып, киіз үй кейде тіршілік иесі секілді сипатталып, оқырманға ерекше әсер қалдырады [2].

Киіз үйдің ішкі кеңістігі де өзінше бір әлеуметтік карта іспетті. Төр – құрметтің белгісі, ол жерге кез келген адам отыра алмайды. Ошақ – тіршіліктің өзегі, отбасының жылуы сол жерден тарайды. Босаға – сыртқы әлем мен ішкі әлемнің арасындағы шекара. Осындай ұсақ детальдардың өзі қоғамдағы қатынастар жүйесін, әдеп нормаларын аңғартады. Бұл ерекшелік әдеби шығармаларда кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты көрсету үшін шебер қолданылады. Бір ғана отырғызу тәртібі арқылы автор кейіпкердің мәртебесін, ішкі жағдайын аңғарта алады [3].

Әдеби мәтінде киіз үй көбіне оқиға өтетін орын ғана емес, белгілі бір көңіл күйді жеткізетін құрал ретінде көрінеді. Кейде ол кең әрі жарық болып суреттеліп, кейіпкердің ішкі еркіндігін білдіреді, кейде тарылып, қараңғы сипатта беріледі, бұл жағдайда кейіпкердің күйзелісі сезіледі. Мұндай тәсілдер арқылы киіз үй сыртқы заттан гөрі ішкі психологиялық кеңістікке айналады.

Эпикалық шығармаларда киіз үй көбінесе тұтас халықтың бейнесімен астасады. Онда өткен дәуірдің тынысы, салт-дәстүрдің ізі, тарихи жад сақталған. Ал шағын прозалық шығармаларда ол қарапайым өмірдің белгісі ретінде көрініп, күнделікті тіршіліктің тынысын жеткізеді. Осы екі түрлі деңгейде қолданылуы оның әмбебап символ екенін дәлелдейді. Киіз үйдің әдебиеттегі орны оның этномәдени мазмұнымен ажырамас байланыста. Ол мәтінде жай ғана фон болып қалмайды, керісінше, мағына тудыратын маңызды элементке айналады. Оқырман киіз үй арқылы кейіпкердің кім екенін, қай ортада өмір сүретінін ғана емес, оның дүниені қалай қабылдайтынын да сезеді. Осы қасиеті оны қазақ әдебиетіндегі ең терең әрі көпқырлы образдардың қатарына қосады.

Киіз үй көркем мәтінде ең алдымен кеңістік категориясын айқындайтын әмбебап модель ретінде көрінеді. Ол ішкі және сыртқы әлемнің шекарасын нақты белгілейтін құрылым болғандықтан, авторлар оны кейіпкердің өмірлік кеңістігін ұйымдастыру құралы ретінде жиі пайдаланады. Киіз үйдің іші – қауіпсіздік, жылулық, жеке әлем, ал оның сыртындағы кеңістік – белгісіздік, қозғалыс, әлеуметтік қатынастар аймағы ретінде қабылданады. Осы екі кеңістіктің қарама-қарсылығы кейіпкердің ішкі күйімен тығыз байланыста суреттеледі.

Көркем шығармаларда киіз үйдің ішкі кеңістігінің сипатталуы кейіпкердің психологиялық жағдайын жеткізудің маңызды тәсіліне айналады. Егер үй іші кең, жарық, жинақы күйде берілсе, бұл кейіпкердің жан тыныштығын, ішкі үйлесімін аңғартады. Ал керісінше, үйдің тар, күңгірт, ретсіз сипатта бейнеленуі кейіпкердің күйзелісін, ішкі қайшылығын білдіреді. Мұндай символдық тәсіл арқылы автор сыртқы кеңістік детальдарын пайдаланып, ішкі әлемді ашудың күрделі көркемдік әдісін жүзеге асырады.

Киіз үй әдебиетте уақыт категориясымен де тығыз байланысты символ ретінде қызмет атқарады. Ол – өткен мен бүгінді жалғап тұрған мәдени көпір іспетті. Әсіресе тарихи және этнографиялық сипаттағы шығармаларда киіз үй ұлттық жадының, дәстүрдің үзілмейтін желісін білдіретін белгі ретінде көрінеді. Оның өзгермейтін құрылымы мен тұрақты формасы уақыт ағымына қарамастан сақталып келе жатқан мәдени тұрақтылықты меңзейді.

Жазушылар киіз үйді бейнелеу арқылы тек белгілі бір кезеңді суреттеп қана қоймайды, сонымен қатар ұрпақтар арасындағы сабақтастықты да көрсетеді. Бір үйдің ішінде бірнеше буынның өмір сүруі, атадан балаға берілетін дәстүрлер, тұрмыс салттарының қайталануы – барлығы да киіз үй кеңістігінде жүзеге асады. Осы арқылы ол уақыттың үздіксіздігін, мәдени тәжірибенің жалғасуын бейнелейтін терең символға айналады. Кейбір шығармаларда киіз үй өткен өмірдің белгісі ретінде сағынышпен, ностальгиялық реңкпен беріледі. Мұндай жағдайда ол тек нақты зат емес, жоғалып бара жатқан дәстүрдің, өзгеріп жатқан өмір салтының символына айналады. Авторлар осы образ арқылы тарихи өзгерістердің адам санасына әсерін, ұлттық болмыстың трансформациясын нәзік түрде жеткізеді.

Киіз үйдің көркем мәтіндегі тағы бір маңызды қызметі – әлеуметтік мәртебені көрсету. Оның көлемі, сыртқы безендірілуі, ішкі жабдықталуы кейіпкердің қоғамдағы орнын айқындайтын маңызды деталь ретінде беріледі. Бай адамдардың кең, сәнді үйлері мен кедейлердің қарапайым, шағын үйлерінің айырмашылығы арқылы әлеуметтік теңсіздік нақты әрі көрнекі түрде көрсетіледі.

Авторлар киіз үйдің ішкі интерьерін сипаттау арқылы кейіпкердің тек материалдық жағдайын ғана емес, оның мәдени деңгейін, өмір салтын, тіпті дүниетанымын да аңғартады. Қымбат кілемдер, әшекейлі бұйымдар, кең төр – бәрі де жоғары әлеуметтік статус белгісі ретінде көрінеді. Ал қарапайым, жұтаң үй көрінісі кейіпкердің тұрмыстық жағдайын ғана емес, оның өмірлік қиындықтарын да ишаралайды. Киіз үй көркем мәтінде бір мезетте бірнеше қызмет атқарады: ол кеңістік моделі, уақыт пен дәстүрдің белгісі, әлеуметтік жіктелудің көрсеткіші. Осындай көпқырлы символдық табиғаты оны қазақ әдебиетіндегі ерекше мәнге ие образдардың қатарына қосады және оның көркемдік әлеуетін тереңірек зерттеудің қажеттілігін айқындайды.

Киіз үй образының көркем мәтіндегі көпқабатты қызметін жүйелеу мақсатында төменде оның негізгі символдық деңгейлері кесте түрінде ұсынылды (1-кесте). Бұл жіктеу киіз үйдің тек тұрмыстық элемент емес, күрделі мәдени-танымдық құрылым екенін дәлелдейді.

Кесте 1

Қазақ әдебиетіндегі киіз үй образының символдық қызметтері

Символдық деңгей	**Мазмұны**	**Әдебиеттегі қызметі**	**Мысал**
Кеңістік символы	Ішкі (жеке) және сыртқы (қоғамдық) әлемнің шекарасы	Кейіпкердің психологиялық күйін, ішкі әлемін бейнелеу	М.Әуезов – «Абай жолы»
Уақыт символы	Ұрпақ сабақтастығы, тарихи жады	Өткен мен бүгіннің байланысын көрсету	І.Есенберлин – «Көшпенділер»
Әлеуметтік символ	Бай-кедей, мәртебе айырмашылығы	Қоғамдағы стратификацияны көрсету	Б.Майлин әңгімелері
Мәдени код	Ұлттық дәстүр, салт-сананың көрінісі	Ұлттық болмысты жеткізу	Халық әдебиеті, жырлар
Психологиялық кеңістік	Ішкі күй, эмоционалдық жағдай	Кейіпкердің жан дүниесін ашу	Қазіргі проза
Философиялық модель	Әлемнің құрылымы (шаңырақ – аспан, кереге – жер)	Дүниетанымды бейнелеу	Эпикалық шығармалар

Киіз үйдің көркем мәтіндегі қызметін тек кеңістік шеңберінде қарастыру оның семантикалық әлеуетін толық ашпайды. Әдеби шығармада ол көбіне символдық жүктемесі жоғары, көпқабатты мағына тудыратын құрылым ретінде көрінеді. Авторлар киіз үйді қолдану арқылы тек оқиға өтетін орынды сипаттап қоймайды, сонымен қатар кейіпкердің ішкі дүниесін, тарихи уақыттың сипатын, әлеуметтік қатынастардың күрделілігін ишаралы түрде жеткізеді. Осы ерекшелігіне байланысты киіз үй көркем мәтінде заттық детальдан символдық деңгейге көтеріліп, мәтіннің идеялық-эстетикалық жүйесіне белсенді түрде қатысады.

Ыбырай Алтынсариннің «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімесінде киіз үйдің символдық табиғаты айқын дидактикалық бағытта ашылады. Мұнда екі түрлі баспана арқылы екі түрлі өркениеттік модель салыстырылады. Киіз үй қозғалысқа бейім, табиғатқа икемді құрылым ретінде сипатталып, көшпелі өмір салтының артықшылығын көрсетеді. Бұл жерде автор қарапайым тұрмыстық айырмашылықты емес, мәдени-өркениеттік парадигмалардың айырмасын меңзейді. Киіз үй – динамикалық, бейімделгіш жүйе ретінде ұсынылып, оның астарында қазақ қоғамының өмір сүру философиясы жатыр.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында киіз үйдің көркемдік қызметі ерекше күрделене түседі. Әрбір киіз үй белгілі бір әлеуметтік топтың, әулеттік құрылымның, билік қатынастарының көрінісі ретінде сипатталады. Байлардың ақ ордалары мен кедейлердің қарапайым үйлері арасындағы айырмашылық тек материалдық жағдайды ғана емес, қоғамдағы стратификацияны, әлеуметтік иерархияны көрсетеді. Сонымен қатар, киіз үй ішіндегі орналасу тәртібі – төр, босаға, ошақ – кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты айқындайтын маңызды

көркемдік құралға айналады. Автор кеңістікті ұйымдастыру арқылы кейіпкерлердің мәртебесін, мінезін, тіпті психологиялық күйін жанама түрде ашып береді [4].

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында киіз үй тарихи-идеологиялық символ деңгейіне көтеріледі. Мұнда ол тек тұрмыстық орта емес, тұтас бір дәуірдің көркем моделі ретінде қызмет атқарады. Хан ордаларының сипатталуы арқылы мемлекеттік билік құрылымы, саяси қатынастар, ұлттық бірлік мәселелері көрініс табады. Киіз үй кеңістігі билік пен тәртіптің, дәстүр мен заңның жүзеге асатын орны ретінде беріледі [5]. Осы арқылы автор киіз үйді ұлттық мемлекеттіліктің символдық репрезентациясы деңгейіне дейін жеткізеді.

Классикалық прозада киіз үйдің тағы бір маңызды қыры – әлеуметтік дифференциацияны көрсету құралы болуы. Бір шығарманың ішінде әртүрлі деңгейдегі киіз үйлердің сипатталуы арқылы қоғамдағы теңсіздік, бай мен кедейдің айырмашылығы, билік иелері мен қарапайым халықтың өмірі айқындалады. Үйдің көлемі, ішкі жабдықталуы, сән-салтанаты – барлығы да кейіпкердің қоғамдағы орнын білдіретін көркемдік белгі ретінде қызмет етеді. Мұндай тәсіл әдеби мәтінде нақты сипаттаумен қатар, терең әлеуметтік мазмұнды жеткізуге мүмкіндік береді.

Бейімбет Майлин шығармаларында киіз үй образы мүлде басқа ракурста ашылады. Оның прозасында киіз үй – салтанатты символ емес, қарапайым тіршіліктің шынайы кеңістігі. Жазушы көбіне ауыл кедейлерінің өмірін бейнелегендіктен, киіз үй ішіндегі тұрмыс детальдары арқылы қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды, адамдардың күнделікті өмірін, психологиялық күйін көрсетеді. Майлин шығармаларына тән реализм киіз үйді нақты, тұрмыстық деңгейде суреттеумен қатар, оның астарында жатқан әлеуметтік шындықты терең сезіндіреді. Оның кейіпкерлері дәл осы кеңістікте өмір сүреді, күйінеді, қуанады, сол арқылы киіз үй олардың тағдырымен тікелей байланысқан ортаға айналады [6].

Қазақ поэзиясында киіз үйдің символдық қызметі көбіне метафоралық деңгейде жүзеге асады. «Қара шаңырақ» ұғымы поэтикалық мәтіндерде ерекше эмоционалдық-экспрессивтік реңкке ие. Ол тек нақты үйді емес, тұтас әулеттің рухани орталығын, ата-баба мұрасын, ұрпақ жалғастығын білдіреді. Ақындар бұл образды қолдану арқылы туған жерге деген сағынышты, ұлттық тамырға деген құрметті, рухани байланысты жеткізеді. Осылайша, киіз үй поэзияда символдық-эмоционалдық жүк арқалайтын маңызды образға айналады [7].

Көркем мәтіндерде киіз үйдің тағы бір маңызды қызметі – психологиялық кеңістік қалыптастыру. Кейбір шығармаларда үйдің іші кең, жарық, ашық түрде суреттеліп, кейіпкердің еркіндігін, ішкі тыныштығын білдіреді. Ал кей жағдайда тар, күңгірт, қысым көрсететін кеңістік ретінде беріледі, бұл кейіпкердің күйзелісін, ішкі қайшылығын көрсетеді. Мұндай тәсілдер арқылы киіз үй сыртқы орта ғана емес, адамның жан дүниесінің көркем бейнесіне айналады.

Киіз үйдің көркем мәтіндегі қызметін жан-жақты қарастырғанда, оның бір ғана мағынамен шектелмейтіні анық байқалады. Ол бір мезетте тарихи белгі, әлеуметтік көрсеткіш, психологиялық кеңістік және мәдени символ ретінде қатар қызмет атқара алады. Осындай көпқабатты табиғаты киіз үйді қазақ әдебиетіндегі әмбебап әрі терең образдардың біріне айналдырады, әрі оны зерттеу әдебиеттану ғылымында өзекті бағыттардың бірі болып қала береді.

Қазіргі қазақ әдебиетінде киіз үй образы жаңа мазмұндық деңгейде көріне бастайды. Заманауи авторлар оны тек дәстүрлі мәдениеттің белгісі ретінде ғана емес, ұлттық идентификацияның маңызды элементі ретінде қарастырады. Қала мәдениеті мен жаһандану ықпалы күшейген кезеңде киіз үй көбіне «тамыр», «бастау», «түп негіз» ұғымдарымен байланыстырылады. Бұл жерде киіз үй өткеннің қалдығы емес, қайта жаңғыртылатын, мәні қайта сараланатын мәдени символ ретінде көрінеді[8].

Қазіргі прозалық және поэтикалық мәтіндерде киіз үй жиі метафоралық сипатқа ие болады. Авторлар оны кейіпкердің ішкі әлемімен байланыстырып, рухани ізденістің, өзін-өзі танудың белгісі ретінде қолданады. Мысалы, қалада өмір сүретін кейіпкер үшін киіз үй – алыста қалған балалық шақтың, ауылдың, шынайы өмірдің символына айналады. Бұл жағдайда киіз үй нақты кеңістіктен гөрі, психологиялық және мәдени кеңістік ретінде қызмет атқарады.

Сонымен қатар, киіз үй қазіргі әдебиетте жаһандану жағдайындағы мәдени код ретінде ерекше мәнге ие. Әртүрлі мәдени ықпалдар тоғысқан заманда ол ұлттық ерекшелікті сақтап қалудың белгісі ретінде бейнеленеді. Авторлар киіз үйді қолдану арқылы ұлттық дүниетанымның жойылмайтынын, оның жаңа жағдайға бейімделе отырып сақталатынын көрсетеді. Осы тұрғыдан киіз үй образы қазіргі әдебиетте тек өткеннің символы емес, болашақпен сабақтасатын, мәдени жалғастықты қамтамасыз ететін маңызды көркемдік категорияға айналып отыр.

Қазақ әдебиетіндегі киіз үй образы – тек этнографиялық сипаттағы көрініс емес, ол ұлттық дүниетанымның көркем түрде жинақталған моделі ретінде танылады. Көркем мәтіндерде киіз үй

кеңістік, уақыт, әлеуметтік қатынас, рухани сабақтастық сияқты күрделі ұғымдарды өз бойына біріктіріп, көпқабатты символдық қызмет атқарады. Әр кезең әдебиетінде оның мазмұны тереңдей түсіп, тарихи жад пен мәдени кодтың тұрақты тасымалдаушысы ретінде көрінеді. Киіз үй арқылы авторлар кейіпкердің ішкі әлемін, қоғамдағы орнын, ұлттық болмыспен байланысын шебер жеткізеді. Осы тұрғыдан алғанда, киіз үй образы қазақ әдебиетінің мазмұндық-идеялық жүйесінде маңызды орын алатын, әрі ұлттық рухани құндылықтарды сақтаушы әмбебап көркемдік категория ретінде бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Киіз үй символикасы: элементтері, ритуалдары және дүниетанымдық маңызы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://stud.kz/referat/show/41863
2. Борбасова Қ.М., Альджанова Н.К. Қазақ киіз үйінің этно-белгілік жүйелері // Journal of Philosophy, Culture and Political Science. – 2016. – Т. 53. – № 4.
3. Кемельбекова Э.А., Бухарова Г.Х. Мәдени код: киіз үйдің геометриялық кеңістіктік параметрленуін түсіндіру // Мұрағат. – 2023. – Т. 68. – № 1. – DOI: https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.32.78.008
4. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2017. – 768 б.
5. Есенберлин І. Көшпенділер: тарихи трилогия. – Алматы: Жазушы, 2012. – 656 б.
6. Майлин Б. Шығармалар жинағы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2014. – 320 б.
7. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
8. Байбурин А.К. Семиотические аспекты функционирования вещей // Этнографические изучения знаковых средств культуры. – Ленинград: Наука, 1989. – С. 78–89.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ «АҚЫЛ» КОНЦЕПТІСІ: ПОЭТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

А.А. Базылжан
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа: Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы «ақыл» концептісінің поэтикалық табиғаты зерттеледі. Жас ақындардың лексикалық, бейнелік және құрылымдық тәсілдері арқылы талданады. «Ақыл» концептісінің қазіргі поэзияда дәстүрлік поэзиямен салыстырыла зерттелуі мақаланың ғылыми жаңалығын айқындайды.

Түйін сөздер: *ақыл, концепт, қазіргі поэзия, поэтикалық талдау, когнитивтік метафора*

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде концепт мәселесі когнитивтік лингвистика аясында зерттеліп келеді. «Ақыл» концептісі — қазақ дүниетанымындағы базалық ұғымдардың бірі. Ол адамның ойлау қабілетін ғана емес, парасат, пайым, даналық, зерделілік сияқты қасиеттердің жиынтығын білдіреді. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде, шешендік сөздерінде, жыраулар поэзиясында «ақыл» ұғымы көбіне адам болмысының кемелдік өлшемі ретінде сипатталады. Мысалы, «Ақыл — тозбайтын тон», «Ақыл жастан, асыл тастан» сияқты тұрақты тіркестер ақылдың өмірлік маңызын айқындайды.

Философиялық тұрғыдан алғанда, «ақыл» — адамның шындықты тану құралы. Ол сезімдік танымнан жоғары тұратын, қорытынды жасап, бағалау жүргізетін қабілет ретінде түсіндіріледі. Қазақ дүниетанымында ақыл көбіне жүрек, қайрат ұғымдарымен бірлікте қарастырылады. Бұл үштік адам болмысының тұтастығын білдіретін рухани модель ретінде орныққан.

Алайда қазақ әдебиеттануында концепттік тұрғыдан поэтикалық талдау әлі жеткілікті қарастырылмаған бағыт болып тұр. Бұл олқылық қазіргі поэзияда да байқалады: жас ақындар дүниетанымдық, жаңашыл және ұлттық мәселелерді өлеңдерінде бейнелеуге ұмтылады.

«Ақыл» сөзі қазақ тілінде жай ғана атаушы лексема емес, халықтық дүниетанымда көп қабатты мағынаны қамтитын концептілік бірлік. Ол парасатты ойлауды, тәжірибеден келген

даналықты, моральдық таңдауды қамтиды. Бұл көп мағыналы семантикалық өрістің қазіргі поэзияда қалай бейнеленетінін зерттеу ғылыми қызығушылық тудырады.

Мақаланың мақсаты — қазіргі қазақ поэзиясындағы «ақыл» концептісінің поэтикалық табиғатын, оның халықтық мұрамен мазмұнын және сабақтастығын анықтау. Міндеттер: «ақыл» концептісінің қазіргі өлеңдерде метафора ретінде қолданылу тәсілдерін анықтау; оны классикалық поэзиядағы «ақыл» образымен салыстыру; қалалық өмір, болмыстық және тілдік рефлексиялармен байланысын зерттеу.

«Ақыл» концептісінің лингвомәдени негізі

«Ақыл» сөзі жай ғана атаушы лексема емес, халықтық дүниетанымда көп қабатты мағынаны қамтитын концептілік бірлік. Этимологиялық жағынан ол арабша «ʿaqala» етістігінен — «байлау, тежеу» — шыққан; бастапқы мағынасы адамның нәпсісін бақылауда ұстау деген ұғымды білдірген [1]. Қазақ тіліне кірген бұл сөз уақыт өте келе өзінің семантикалық өрісін кеңейтті: енді ол тек тежеу мағынасын емес, білімді, этикалық таңдауды, тәжірибеден келген парасатты да қамтиды.

Халық мақал-мәтелдерінде «ақыл» аса жоғары бағаланады: «Ақыл — асыл», «Ақылдыны сат, арынды сақта» — бұл қанатты сөздер оның жүрекпен тығыз байланысын айқын көрсетеді. Абайдың «Қара сөзінде» ақыл-жүрек диалогы бұл қарама-қайшылықтың әдебиеттік-философиялық көрінісі болып табылады [2, б. 12]. Осы мұрадан нәр алған қазіргі ақындар дәстүрлі қағиданы сақтай ма, өзгерте ме — зерттеудің өзегі осы сұрақта.

Концепттің құрылымдық өзегінде үш өлшемді бөлуге болады: (1) лексикалық өзек — сөздіктегі тікелей мағынасы; (2) энциклопедиялық өзек — қоғамда жинақталған білім; (3) бейнелік өзек — шынайы қолданыста пайда болатын ауыспалы мағыналар. Қазіргі поэзияда бұл үш өлшем бір-бірімен астасып, тұтас концептілік кеңістік қалыптастырады. Осы кеңістіктің поэтикалық табиғатын ашу — мақаланың негізгі міндеті.

Негізгі талдау

«Ақыл» концептісінің метафоралық қолданысы

Когнитивтік лингвистика тұрғысынан алғанда, концептілік метафора адамның дүниені игеру тәсілі ретінде қарастырылады [3, б. 3]. Поэзиядағы метафора тілдік безендіру ғана емес, терең дүниетанымдық мағынаны да ашатын таным құралы болып табылады. Қазіргі қазақ ақындары «ақыл» концептісін түрлі метафоралық моделдер арқылы бейнелейді: кейде ол жарыққа теңестіріледі, кейде оны тізгінделген жылқымен, кейде тасталып кеткен кітаппен ассоциациялайды. Бұл образдардың әрқайсысы концептінің белгілі бір семантикалық қырын ашады.

Ұлықбек Есдәулеттің «Ақыл тісі шықса да ақыл кірмей...» атты өлеңі концептінің метафоралық қолданысының айқын үлгісі болып табылады [4]. Ақын «ақыл тісі» деген тіркесті символдық деңгейге көтере отырып, биологиялық жетілудің рухани жетілумен сәйкес келмейтінін суреттейді. Физикалық есею мен парасаттың орнығуы арасындағы алшақтық осы бір ұтымды метафора арқылы өткір де нанымды жеткізіледі. «Ақылдыларға жақын жүрмей, / Ақымақ болған қайран басым» деген жолдар арқылы лирикалық кейіпкердің өзін-өзі сынаушылық тұрғысынан бағалайтынын, яғни рефлексиялық санасының жетілгенін байқауға болады.

Өлеңде «ақыл» концептісі теріс метафора ретінде де жұмыс істейді: концептілік кеңістікте «ақылдылар» мен «ақымақтар» қарсы полюстер ретінде орналастырылады. Лирикалық «мен» өзін соңғы топқа жатқызады, алайда бұл жатқызу — нағыз ақымақтың емес, қайта ойлы адамның іші пыстырып, өз кемшілігін мойындауы. Демек, өзін «ақымақ» деп атай отырып, ақын іс жүзінде ақылдылықтың бір белгісін — өзін-өзі сынау қабілетін — нақты суреттейді. Бұл ой парадоксы өлеңнің интеллектуалдық тереңдігін арттырады.

Алмас Темірбайдың «Маңғыстау қызына» микро-поэмасында «ақыл» концептісі мүлде басқаша — сезім аясы арқылы бейнеленеді [5]. «Ғашық адамда ақыл — шамалы» деген жол «ақылдың» сезімге қарсы тұра алмайтын сипатын ашады. Мұнда дәстүрлі ақыл — парасат ұғымы ғашықтық алдында «жеңіліске» ұшырайды. Алайда бұл жеңіліс кемшілік ретінде емес, адамның жан тазалығы мен шынайылығы ретінде бағаланады. Сонымен, Алмас Темірбай метафорасында «ақыл» — шектеулі, бірақ сол шектеулілік арқылы адамгершілік мәні ашылатын концепт.

Екі ақынның метафоралық моделін салыстырғанда мынадай байқауға болады: Есдәулет «ақылды» жеткілікті игере алмаған нәрсе ретінде суреттесе, Темірбай оны саналы түрде шеттете отырып, сезімнің абсолютті биіктігін дәлелдейді. Бұл екі тәсіл де концептің семантикалық икемділігін, оның поэтикалық кеңістіктегі ерекше қозғалысын айқын танытады.

Классикалық дәстүрмен салыстыру — Абай мен Шәкәрімдегі «ақыл» образы

Қазақ классикалық поэзиясында «ақыл» концептісінің ең терең философиялық деңгейде зерттелуі Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығында айқын байқалады. Абайдың «Қара сөзінде» ақыл — жүрек диалогы адам болмысының екі жақты табиғатын ашатын бейнелік-философиялық модель қызметін атқарады [2, б. 18]. Ол екеуін қарама-қарсы қоймай, бір-бірін толықтыратын рухани күштер ретінде қарастырады. Абай ақылды «зерде» деп атай отырып, оны кәмелет пен адамгершіліктің негізгі өлшемі санайды.

Шәкәрім болса «Үш анығында» ақылды тану мен сенімнің арасындағы байланысты зерттейді [6, б. 34]. Оның тұжырымы бойынша ақыл — шынайы білімге жеткізетін жол, бірақ ол жалғыз өзі жеткіліксіз; рухани сезіммен, иманмен бірлескенде ғана толыққанды болады. Бұл тұжырым Шәкәрімнің ақыл-парасат концептісін классикалық исламдық және қазақтық рухани дәстүрдің синтезі арқылы қалыптастырғанын көрсетеді.

Классикалық поэзиядағы «ақыл» образын қазіргі ақындармен салыстырғанда айқын бір айырмашылық байқалады: Абай мен Шәкәрім ақылды биік мұрат ретінде баяндаса, қазіргі ақындар оны жеке тәжірибе, психологиялық тайталас немесе эмоциялық шиеленіс аясында суреттейді. Ұлықбек Есдәулеттің лирикалық кейіпкері ақылдан «іздейді», бірақ таба алмай өкінеді. Алмас Темірбайдың кейіпкері болса ақылдан саналы түрде бас тартуды таңдайды. Бұл ауысым — дидактикалық позициядан экзистенциалдық сұрауға қарай жылжу — қазіргі поэзияның классикадан рухани бағыт жағынан алшақтауын білдіреді.

Дегенмен сабақтастық та жоқ деп айтуға болмайды. Абайдың «жүрек — ақыл» үштігі қазіргі поэзияда да жалғасын табады, тек ол енді философиялық трактат түрінде емес, тұрмыстық және психологиялық лирика үнінде жеткізіледі. Дәстүрдің ауысуы — тек форма мен интонацияда, ал тереңдегі экзистенциалдық сұрақ өзгеріссіз қалады: адам баласы ақылын қалай қолданып, оны өмірінде қалай тіршілік етеді?

Қалалық өмір мен болмыстық рефлексия

Қазіргі қазақ поэзиясында «ақыл» концептісін қалалық өмір шындығы мен болмыстық сұрақтармен байланысты зерттеу аса маңызды. Урбанизация процесі ақынның дүниетанымына тікелей ықпал ете отырып, «ақыл» концептісін жаңа семантикалық ортаға орналастырады. Мұнда «ақыл» — бетпе-бет келетін күнделікті таңдаулар, қаланың шуы мен ритмінде жоғалып кетпеу үшін жүгінетін ішкі тірек.

Ұлықбек Есдәулеттің «Ақыл тісі шықса да ақыл кірмей...» өлеңінде болмыстық рефлексия айрықша күшті [4]. «Мүшел жасқа кеп ойланғасын — / Не сорым?» деген рефрен өлеңнің барлық үш шумағында қайталанады. Бұл жолдар тек риторикалық сұрақ емес — лирикалық кейіпкердің өмірлік жолдың белгілі бір межесінде тоқтап, өзін-өзі есепке тартуы. «Мүшел жас» ұғымы қазақтың дәстүрлі уақыт концепциясымен тікелей байланысты: он екі жылдық цикл — тек биологиялық емес, рухани жаңарудың белгісі де. Осы ұлттық уақыт тұжырымы мен батыстық жеке тұлға сынының үйлесуі өлеңнің мәдени синтезін айқындайды.

«Ой бағып, қой мен қозы бақпай,
Құлағы барға сөзі жақпай,
Ақ пен қараны ажыратпай,
Адасып баққан соқыр басым» — бұл шумақта «ақыл» концептісі теріс жол арқылы бейнеленеді: яғни ақылдың жоқтығы — адасудың, соқырлықтың, белгісіздіктің белгісі ретінде суреттеледі. «Соқыр» метафорасы мұнда дене мүшесінің кемістігін емес, рухани жетілмеушілікті білдіреді. Ақылдың болмауы — дүниенің мәнін аша алмау деген тұжырымға жетелейді. Бұл бейне классикалық поэзиядағы «ақылсыз адам — жолы жоқ жолаушы» деген ұстанымды заманауи тілде жалғастырады.

Есдәулеттің үшінші шумағы болмыстық рефлексияның ең күрделі деңгейіне жетеді:

«Жалғанды жалпағынан басып та өткен,
Қызуының қайнарын шашып-төккен,
Қызықтың да қақпасын ашып кеткен,
Кісіні менсінбес құмай басым». Мұнда дүниенің азғырушы қырлары — жалған дүниенің жалпағын «басып өту», жас кезеңнің ынтығы мен асаулығы — ақылдың орнығуына кедергі болған факторлар ретінде сипатталады. «Кісіні менсінбес» деген тіркес мінез-құлықтық кемшіліктің шыңы ретінде беріліп, лирикалық кейіпкердің рухани есеп айырысуын аяқтайды.

Алмас Темірбайдың «Маңғыстау қызына» микро-поэмасында болмыстық рефлексия басқа арнада — ғашықтық пен кінә сезімі ретінде беріледі [5].

«Ғашық адамда ақыл — шамалы,

Кінәлі — менмін... ақталма, күнім» деген жолдар ақылдың сезімге берілген уақытша «мандатын» суреттейді. Мұндағы ақын позициясы ерекше: ол ақылдың шегін мойындай отырып, бұл шектен ұят сезінбейді, қайта лирикалық кейіпкерін кінәлінің тұрғысынан адамилық тереңдікке алып шығады. Бұл — болмыстық шынайылықтың концептілік деңгейде ашылуы.

Жалпы алғанда, зерттелген екі ақынның поэзиясында «ақыл» концептісі қалалық өмірдің тез ағысы мен дәстүрлі рухани мұраның тоғысқан жерінде тұрады. Ол бір жағынан — халықтық нанымдар мен дәстүрлі этиканың болса, екінші жағынан — жеке тұлғаның ішкі тайталасы мен болмыстық іздену сипатын алады. Осы екі арнаның поэзиялық синтезі — қазіргі қазақ поэзиясының ерекшелігі болып табылады.

Қорытынды

Жүргізілген поэтикалық талдау негізінде мынадай тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, «ақыл» концептісі қазіргі қазақ поэзиясында полисемантикалық сипат алып, дәстүрлі мағынасынан тысқары шыға отырып, жеке болмыстық тайталас пен психологиялық ізденіс аренасына айналады. Екіншіден, Ұлықбек Есдәулет пен Алмас Темірбай шығармашылығындағы «ақыл» метафоралары классикалық поэзиядағы дидактикалық сипаттан ажырап, экзистенциалдық деңгейге ауысқан.

Үшіншіден, қазіргі ақындардың поэтикалық кеңістігінде «ақыл» — статикалық концепт емес, тұрақты қозғалыстағы, сезім, уақыт және тұлға мәселелерімен ұштасып жататын динамикалық образ. Төртіншіден, Абай мен Шәкәрімнің ақыл — парасат концепциясымен сабақтастық сақталған, алайда оның берілу формасы — интонация, кейіпкер және тақырып жағынан — мүлде жаңарған.

Мақаланың ғылыми маңызы — қазіргі қазақ поэзиясын концептілік талдау тұрғысынан зерттеудің жаңа бағытын белгілеуінде. Болашақта «жүрек», «қайрат», «рух» сияқты концептілермен салыстырмалы зерттеу жасау — ғылымдық тұрғыдан перспективалы міндет болып қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Encyclopaedia Iranica. (2012). ʿAql. Retrieved from www.iranicaonline.org
2. Абай Құнанбайұлы. (2008). Қара сөз. Алматы: Атамұра.
3. Lakoff, G., & Johnson, M. (1980). Metaphors We Live By. Chicago: University of Chicago Press.
4. Есдәулет Ұ. «Ақыл тісі шықса да ақыл кірмей...». zharar.com порталы.
5. Темірбай А. (2017). «Маңғыстау қызына» (Микро-поэма). VK.com (Алмас Темірбай фан-клубы).
6. Шәкәрім Құдайбердіұлы. (2008). Үш анық. Алматы: Атамұра.

ТӨЛЕН ӘБДІКТІҢ «ТҰҒЫР МЕН ҒҰМЫР» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ТАҒДЫРЫ

А.А. Баксияк
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Андатпа

Бұл мақалада Төлен Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасындағы басты кейіпкер Батыр-Борис Шәйкеновтың тағдыры қарастырылған. Зерттеу барысында кейіпкердің бала кезінен бастап, Сталиндік қуғын-сүргін, Екінші дүниежүзілік соғыс, туған еліне оралу және қылмыстық ортада өмір сүру арқылы өткерген психологиялық, моральдық және әлеуметтік өзгерістері талданды. Автордың композициялық тәсілдері, соның ішінде түс көру мотиві мен нарраторлық баяндау стилі кейіпкердің ішкі әлемін және тарихи кезеңнің әсерін көркем жеткізуге мүмкіндік береді. Мақалада Батырдың өз-өзімен күресі, ішкі қақтығыстары және өмірлік шешімдер қабылдаудағы қиындықтары арқылы адамның тағдыры мен шынайы бақытты іздеу жолының күрделілігі көрсетілген.

Кілт сөздер: Төлен Әбдік, «Тұғыр мен ғұмыр», кейіпкер тағдыры, Сталиндік қуғын-сүргін, Екінші дүниежүзілік соғыс, психологиялық портрет, нарраторлық баяндау.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде өз қолтаңбасымен ерекшеленетін қаламгер Төлен Әбдікұлының шығармашылығы ұлттық тарих пен адамның ішкі әлемін терең ашуға бағытталған. Оның еңбектерінің бірі – «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасы – XX ғасырдың ауыр кезеңдерінен өткен қазақ халқының тағдырын, кеңес дәуірінің қасіреті мен адамгершілік сынақтарын көркем суреттейді.

Бұл шығармада басты кейіпкер Батыр – Борис бейнесі арқылы қоғамдағы әлеуметтік, моральдық және философиялық қақтығыстар айқын көрініс табады. Батырдың өмір жолы – ол өскен отбасының қуанышы мен мейірімінен айырылып, Сталиндік қуғын-сүргін мен соғыстың қасіретіне ұшыраған тағдырдың бейнесі. Әкесінен, анасынан және қарындасынан айырылғаннан кейін оның бала кезінің қайғысыз, бейқүнә күндері артта қалады. Өгейшілікпен өскен Батыр майданға аттанып, ерлігімен көзге түссе де, соғыстан соң туған еліне оралғанда «Отанын сатты» деген айыппен қылмыстық өмірге кіріп, өз бойындағы қатыгездік, батылдық, айлакерлік, ең қиын сәттерде қорқынышты жеңе білетін ұстамдылық сияқты қасиеттерін дамытады.

Шығармада автор композициялық тәсіл ретінде түс көру мотивін шебер пайдаланады. Бала кезін еске түсіретін бейнелер, автобусты күтіп тұрған сарғайған дала, ата-әжесінің өмірден қалған естеліктері кейіпкердің ішкі жан дүниесін, өткенге деген сағынышын көркем жеткізеді. Сонымен қатар нарраторлық баяндауда кейіпкердің ішкі сезімдерімен қатар автордың ирониясы, мысқылдық элементтері де байқалады, бұл тарихи оқиғаларды объективті әрі терең суреттеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасы тек жеке тұлғаның тағдырын ғана емес, қоғамның, тарихи дәуірдің әсерін, адамның ішкі жан дүниесіндегі күрделі қақтығыстар мен моральдық дилеммаларды бейнелейді. Төлен Әбдік кейіпкердің сан қырлы өмірін көрсету арқылы оқырманға адам өмірінің мәні мен шынайы бақытты табу жолының қаншалықты күрделі екенін түсіндіруге тырысады.

Зерттеу деректері мен әдістері

Зерттеу деректері ретінде Төлен Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасы, сондай-ақ оның кейіпкер бейнесін талдауға арналған әдеби сын мақалалары пайдаланылды. Сонымен қатар қазақ әдебиеті тарихы, кеңес дәуіріндегі әлеуметтік-саяси контекст, Сталиндік қуғын-сүргін және Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихи деректері зерттеу негізіне алынды. Бұл деректер кейіпкердің өмір жолы мен психологиялық портретін жан-жақты ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеу нысаны ретінде Батыр-Борис Шәйкеновтің тағдыры мен ішкі әлемі, оның өмірлік шешімдері мен моральдық қақтығыстары қарастырылды. Сонымен қатар шығарманың композициялық және стилдік ерекшеліктері, әсіресе нарраторлық баяндау тәсілі мен түс көру мотивтері зерттелді.

Бұл мақалада Төлен Әбдіктің «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасындағы кейіпкер тағдырын жан-жақты ашу мақсатында бірқатар ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі бағыты көркем шығармадағы адам болмысы мен тағдыр мәселесін әдеби-теориялық тұрғыдан саралауға негізделеді. Алдымен, талдау (анализ) әдісі арқылы романдағы кейіпкерлердің іс-әрекеті, өмірлік ұстанымы, рухани күйзелісі мен ішкі қайшылықтары жеке-жеке қарастырылды. Бұл әдіс кейіпкер тағдырының қалыптасу жолдарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жинақтау (синтез) әдісі қолданылып, әр кейіпкерге қатысты талданған деректер біріктіріліп, олардың тұтас бейнесі мен тағдырлық ерекшеліктері айқындалды. Нәтижесінде шығармадағы адам тағдырының ортақ заңдылықтары мен өзіндік қырлары жүйеленді. Салыстырмалы талдау әдісі негізінде шығармадағы кейіпкерлердің тағдырлары өзара салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Бұл тәсіл кейіпкер характерін тереңірек ашуға және авторлық идеяны нақтылауға ықпал етті. Зерттеу барысында психологиялық талдау әдісі де маңызды орын алды. Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі, ой-сезімі, күйзелісі мен шешім қабылдау сәттері сараланып, олардың тағдырындағы психологиялық факторлардың рөлі анықталды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, әдебиетімізде ерекше орны бар қаламгерлердің бірі – Төлен Әбдікұлы. Төлен Әбдік – қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан көрнекті қаламгерлердің бірі. «Өнердің биік өлшемімен таразылайтын болсақ, жазушы Әбдікұлы керемет суреткер ғана емес, адам жанының шыңырауына тығылған зұлымдықтың талай құпиясы білетін терең ойшыл, һәм рухтанушы да» [1, 194]. Оның

шығармалары қоғам өміріндегі әлеуметтік, адамгершілік және философиялық мәселелерді терең пайымдауға бағытталған. Жазушының «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасы автордың шығармашылық шеберлігін айқын танытатын туындылардың қатарынан орын алады. Бұл шығармада адам өмірінің мағынасы, тұлғаның жан дүниесіндегі дағдарыс, қоғамдағы қарым-қатынастар мен моральдық таңдаулар жан-жақты сараланады. Шығармадағы негізгі кейіпкер – ішкі әлемі күрделі, тағдыр жолында түрлі сынақтарды бастан өткерген тұлға. Оның өміріндегі тартыстар әлеуметтік, моральдық әрі философиялық сипатта өрбиді. Шығармада авторлық көзқарас пен драмалық сипат айқын сезіліп, оқырманды адам табиғаты, өмір мен өлім, ар-намыс секілді маңызды ұғымдар туралы терең ойлануға жетелейді. Кейіпкердің өз-өзімен арпалысы, өмірлік шешімдерді қабылдаудағы ішкі толғаныстары оның жан дүниесіндегі қайшылықтарды күшейтіп, шығармадағы драматизмді тереңдете түседі. Осы арқылы Төлен Әбдік адам өмірінің мәнін түсіну мен шынайы бақытты табу жолы әрқашан күрделі әрі сан қырлы екенін көркем түрде көрсетеді. Жазушы шығармаларында тақырыптық ауқымға да, жанрлық ерекшеліктерге де айрықша назар аударып, авторлық ұстанымын кейде астарлы, кейде ашық түрде жеткізеді. Оның көркем туындылары стильдік тәсілдерінің өзгешелігімен де дараланып тұрады. Соңғы жылдары жарық көрген «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасы – халқымыздың тағдырына ауыр із қалдырған ақтаңдақ кезеңдердің ақиқатын бейнелейтін, оқиғасы тартымды әрі шиеленісті шығарма.

Қазақ халқы бастан өткерген ауыр кезеңдерді бейнелейтін бұл шығармада автор кеңестік дәуірдің зардабы мен оның тудырған рухани қасіретін басты кейіпкердің тағдыры арқылы көрсетуге ұмтылады. Шығарма жасы ұлғайған Борис Ивановтың ауылға келуімен басталып, сол қарияның осы ауылда өткен балалық шағынан бастап кейінгі өмір жолын баяндаумен өрбиді. Мәдениетті, білімді отбасында дүниеге келген Батырдың (Борис Ивановтың) әкесі Шәйкен «халық жауы» деген жаламен ату жазасына кесілді. Көп ұзамай Батыр анасынан, кейін төрт жасар қарындасынан айырылып, өміріндегі күрт өзгерістерге амалсыз бейімделе бастайды. Сталиндік қуғын-сүргіннің салдарынан жазықсыз жапа шеккен отбасының тағдыры, «халық жауының баласы» деген таңбамен көрген қорлығы, мектептегі бұзақылардан тартқан жәбірі, сондай-ақ алғашқы махаббаты Сұлушаштың «саяси қателіктің» құрбанына айналуы – мұның бәрі тек мейірім мен шаттық ортасында өскен оның жан дүниесіне үлкен әсер етеді. Осындай ауыр соққылар Батырдың өмірге деген көзқарасын өзгертеді әрі тіршіліктің ащы шындығын ерте түсінуге мәжбүр етеді.

Т. Әбдікұлының шығармаларында ұлттық құндылықтармен қатар жалпыадамзаттық рухани мұраттар да кеңінен көрініс табады. Нағыз көркем әдебиет өкілдері тек жеке адамның тұрмыстық күйбеңін немесе өз басының қайғы-қасіретін ғана суреттеумен шектелмейтіні белгілі. Жазушы туындыларының басты ерекшелігі – адамзат санасындағы ізгілік пен зұлымдықтың мәңгілік тартысын терең бейнелеуінде. Сонымен бірге кейіпкер тұлғасындағы қайшылықтарды тек қоғам мен орта ықпалы арқылы ғана емес, адамның ішкі жан дүниесіндегі психологиялық күрес арқылы шынайы әрі көркем жеткізе білуінде. Тәуелсіздік кезеңінен кейін жарық көрген шығармалардың ішінде Т. Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасы әдеби ортада өз бағасын толық ала қоймаған туындылардың бірі деп қарастыруға болады. Бұл шығармада коммунистік жүйенің жасырын шындығы көркем түрде ашылып, ел тағдырында маңызды орын алған ірі тұлғалардың артында қалған ұрпақтың тағдыры бейнеленеді. Яғни автор бір ғана әулеттің емес, тұтас бір жоғалған буынның өмірлік шындығын көрсетеді.

Шығарма «Өзекті жанға – бір өлім емес, мың өлім» деген сөзді автор шығарманың эпиграфы ретінде алып, әрі қарай «198… жылы күзде аудан орталығынан шалғайда жатқан «Жеңіс» поселкесінің шетіне кештетіп шағын автобус тоқтады. Автобустан үстінде сұр плащ, басында сұр қалпақ, қолына таяқ ұстаған қарасұр егде кісі түсті» [2, 2] – деп басталады. Поселкенің атауы – Жеңіс. Алайда бұл атау кімнің жеңісін білдіреді деген сұрақ туындайды. Ол кеңестік биліктің жеңісі ме, әлде жастайынан кеңестік идеологияның құрбанына айналған бас кейіпкер Батырдың жеңісі ме? Елді мекеннің «Жеңіс» деп аталуының өзінде автордың белгілі бір астарлы ойы жатқанын аңғаруға болады. Ұлы Отан соғысының аяқталуы бүкіл халық үшін шынайы жеңіс болды ма, әлде бұл жеңістің екінші қыры – біреулер үшін жеңіліс пен ауыр тағдырға айналды ма? Мұндай сауалдар арқылы жазушы баяншы, яғни нарратордың сөзі арқылы өз ойын астарлап жеткізеді деп пайымдаймыз. Сонымен бірге үзіндіде автордың бас кейіпкердің сырт келбетін сипаттауда қолданған сөздік өрнегі де назар аудартады. «Сұр плащ, сұр қалпақ, қарасұр егде адам» деген сипаттамалар кездейсоқ алынбаған. Түстердің сан түрлі реңкі болғанымен, қазақ танымында сұр түс көбіне салқындықтың, тұнжыраған көңіл күйдің, мұң мен жабырқаудың белгісі ретінде қабылданады. Сондықтан автордың осы түсті таңдауы кейіпкердің ауылға жай ғана келмегенін,

оның жан дүниесінде ауыр жүк, терең қасірет жатқанын аңғартады. Шынында да, кейіпкердің өткен өміріне көз жүгіртсек, қуаныш пен жарқын естеліктерден гөрі өкініш пен ренішке толы кезеңдер басым екенін көреміз. Оның тағдырында шуақты күндерден гөрі қайғы бұлты сейілмеген қараңғы түндер көбірек орын алғандай әсер қалдырады. Иә, Батыр ел қатарлы соғысқа аттанады. Өз өмірі үшін қорлық көріп, басқалар үшін өшпес ерлік көрсеткен оның майдандағы күресі басталады. Зұлмат соғыстың ауыртпалығына қарамастан, ол батылдығымен көзге түседі, алайда көп ұзамай фашистердің қолына түседі. Соғыс аяқталған соң елге оралғанда, «Отанын сатты» деген айыптан қорқып, өзге бір жауынгердің құжатын пайдаланып, кеңес түрмесіндегі ауыр әрі азапты күндерді бастан өткереді. Осылай ол атышулы қылмыскер бейнесіне еніп кетеді. Батыр жақсылыққа сенуге тырысқан, сол сеніммен өмір сүргісі келген. Бірақ оған мүмкіндік берілмеді: оттан – отқа, боқтан – боққа итерілді, ал бар күші – өз тағдырын жек көру ғана болды. Солай бола тұра, ауылдастары оны Мәскеу түбінде ерлікпен қаза тапты деп дәріптеп, оған ескерткіш орнатып, мектебіне атын берді.

«Тұғыр мен ғұмыр» – көлемі жағынан шығарма болғанымен, мазмұны мен көтерген жүгі тұрғысынан тұтас бір романға татитын шығарма. Шығармадағы Батыр–Борис бейнесі сталиндік қуғын-сүргін мен сол дәуірдің ажырамас бір бөлігіне айналған Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр зардабын тартқан миллиондаған жазықсыз жандардың тағдырын жинақтай көрсететін типтік образ ретінде көрінеді. Шығарма желісінде елге белгілі ғалым әрі жауапты қызмет атқарған Шәйкеннің отбасында дүниеге келіп, еш алаңсыз өскен Батырдың тағдыр жолы суреттеледі. Оның өмірі бір сәтте теңізге ескексіз тасталған қайықтай бағытсыз күйге түседі. Бұрын берекелі де қонақжай болып келген отбасының тыныш тіршілігі бір түннің ішінде күйрейді. Әуелі әкесі, кейін анасы «халық жауы» деген айыппен тұтқындалып, отбасы өз шаңырағынан да айырылып қалады. Соның салдарынан Батыр мен төрт жасар қарындасы жетімсіреп, панасыз күйге түседі. Өмір тек мейірім мен жан жылуына толы деп ойлайтын жас Батыр уақыт өте келе қаталдық пен өгейлікке толы ортада тіршілік ету үшін күресуге мәжбүр болады. Осындай ауыр сынақтардан өту барысында ол өмірдің шынайы болмысы әлдеқайда күрделі екенін түсініп, түрлі қиындықтар арқылы шыңдалады. Батыр уақыт өте келе өз бойында бір өзгерістің пайда болғанын аңғара бастайды. Қаламгер тұғырға орналасқан жас жауынгердің бейнесін арқылы оның көпшілікке белгісіз, ашылмаған екінші өмірінің шындығын көркем түрде жеткізген. «Адам бойындағы түрлі қасиеттер – адамгершілік, ізгілік, борыш сияқты сезімдер мен зұлымдық, азғындық сияқты алапат күштердің бітіспес майданы – Т.Әбікұлы шығармашылығының негізгі тірегіне айналған» [3, 119]. Қатыгездік, батылдық, айлакерлік, сондай-ақ ең қиын сәттерде қорқынышты жеңе білетін сабырлылық – мұның бәрі оның қылмысқа толы өмір жолында қалыптасқан қасиеттері еді. Ол бастан өткерген қанқұйлы оқиғалардан аман қалуына да дәл осы мінез-құлық белгілері себеп болғанын түсінеді. Алайда ең ауыр нәрсе – қаншалықты қатал болса да, өзіңнің өткен өміріңмен байланыстырып тұрған есікті біржола жауып, оны қайта ашылмайтындай ету. Батыр мұндай ойларға берілмеуге тырысады. Дегенмен анасына деген сағыныш сезімі жүрегінде әлі де сөнбегенін сезеді. Бірақ бұл сезім де сол ешқашан қайта ашылмайтын есіктің ар жағында қалғандай әсер қалдырады. Қылмыс әлемінің күрделі де қатыгез тіршілігіне әбден бейімделіп, жүрегіндегі адамгершілік сезімдер көмескіленгендей көрінетін Борис–Батырдың жан дүниесінде бір сәтте үлкен өзгеріс орын алады. Оның санасындағы бұл серпіліс – кез келген адамға тән, жүректің терең түкпірінде жасырын жатып, бір мезетте қан тамырын тулатып жіберетін туған жер мен анаға деген сағыныштан туындаған сезім еді. Батыр-Борис туралы Асылбек Байтанұлы өз мақаласында: «Батыр-Борис – Сталиндік зұлмат пен осы кезеңнің ажырамас бөлшегі екінші дүниежүзілік соғыс ащы зардабын тартқан миллиондаған жазықсыз жандардың қасіретті тағдырының жиынтық образы» - деп жазып, баға берген [4].

«Тұғыр мен ғұмыр» шығармасында басты кейіпкер – ішкі жан дүниесі күрделі, өмір жолында сан түрлі сынақтарды өткерген тұлға. Оның тағдырындағы қақтығыстар әлеуметтік, моральдық және философиялық мәселелермен тығыз байланыста өрбиді. Шығармада автордың ұстанымы мен драмалық сипат айқын көрініс табады, бұл оқырманды адам табиғаты, өмір мен өлім, ар-намыс туралы терең ойлануға жетелейді. Кейіпкердің өз-өзімен күресі, өмірлік шешімдерін қабылдаудағы қиындықтары оның ішкі жан дүниесіндегі драматизмді одан әрі күшейтеді. Осы арқылы Төлен Әбдік оқырманға адамның өмір мәнін түсіну мен шынайы бақытты табу жолының қаншалықты күрделі әрі көп қырлы екенін көрсетеді. Осы туралы Сәкен Сыбанбай: ««Тұғыр мен ғұмыр» – XX ғасырда қазақтың басына төнген зобалаңның бәрін әкеліп бір адамның тағдырына тоғыстырған керемет шығарма. Оны толқымай оқу мүмкін емес. Көрмеген азабы қалмай, ақырында туған ауылына келгенде, оны өзінің ескерткіші, тас мүсіні күтіп тұрады. Бәрі

мұны «соғыста ерлікпен қаза тапты», «жас ұрпаққа үлгі етер батырымыз» деп құрметтейді. Ал соғыста жау қолына түсіп, одан әупіріммен аман қалып, босатылған өзге тұтқындармен бірге өз еліне келген соң, «сатқын» атанып, жиырма бес жылға Сібірге айдалған, соның бәрін өткеріп, ауылына әрең жетіп отырған мына шалға ешкім де қарамайды. Тауқыметке толы тозақы ғұмыр кешкен өлмелі тірі аруақ керек емес қоғамға. Оған көпке үлгі ғып көрсететін, әлдеқашан өліп қалған батыр керек, соның тас тұғыры керек. Төкеңнің қай шығармасы болсын осылай ойландырады, толғандырады, жан дүниеңе әсер етеді» - деп өз мақаласында атап өтеді [5]. Мысалы, «Кеңес Одағының батыры» атағына ие болған Ә.Молдағұлованың әкесі НКВД тергеуінде құдаланғаны белгілі. Осындай тарихи деректер әдебиеттің көркемдік негізінде қайталанады. Батыр да «халық жауының ұрпағы» деген жалған айыптан құтылып, соғысқа аттанып, батырлықпен қаза табуды ойлаған тұлға. Автор осы бейне арқылы тұтас бір ұрпақтың ақтаңдақ жылдардағы өмірін, аман қалу үшін қандай қауіп-қатерлерге төтеп бергенін көркемдік тұрғыдан көрсетеді.

Шығарма соңында былай делінген: «…тұғыр үстінде автомат ұстаған жауынгердің тас мүсіні… Бірі жанды, бірі жансыз екі бейне бір-бірін ажырата алмай, үңіле қарап қалғандай. Батыр сол сәтте өзіне беймәлім екінші өмірдің бар екенін амалсыз мойындағандай болды. Қайсысы жалған екені белгісіз; бәлкім, екеуі де шындық» [2, 112]. Бұл үзіндіден қоғам адамның шынайы өмірін толық танымай, тек оның берік «тұғырын» бағалайтынын аңғаруға болады. Егер адам өз өмірін шынайы негізде, берік «тұғырға» қондыра білсе, сол ғұмырға өзі де, өзгелер де сыйластық пен разылық танытар еді деген қорытынды шығарылады. Демек, автор шығармасында шынайылық пен адалдықты астарлы түрде насихаттау көзделген. Бас кейіпкер Батыр сияқты тағдырдың ауыр сынақтарына ұшырап, жас кезінде өмірден қырылған немесе тірі қалғанымен мүлде өзгеше тұлғаға айналған адамдар тек қана Батыр емес. Төлен Әбдікұлы өзінің басты кейіпкеріне жеке даралық қасиеттермен қатар, белгілі бір жинақтаушылық пен жалпылық сипат беруге тырысқан: «– Өткен өміріңде достыққа, татулыққа, мейірімге толы жақсы күндер көп болса, ол да бір байлық қой. Еске алған сайын жаныңа жылу беріп, санаңды нұрға толтырып тұрады. Бірақ менде ондай күндер, сорыма қарай, көп болмады. Менің күндерім жауластыққа, күнә мен қылмысқа толы. Рас мен жалғыз емеспін. Мұндай бақытсыздыққа ұшыраған жандар тұтас бір ұрпақты құрайды. Бірақ одан менің қайғым жеңілдемейді. Ең үлкен өкінішім — көзі тірісінде анаммен хабарласа алмағаным. Өзімді, өлмесем де, өлдіге санадым. Үйткені жарық дүниеге жария болуға жағдай көтермеді. Қылмыс әлеміне кеттім. Ол да о дүниеге кеткенмен бірдей еді. Енді санаулы ғана күндерім қалды. Бұрын көп дінсіздің бірі едім, қазір құдайға сенетін болдым. Басқаның бәрі өткінші екенін, адамға да, қоғамға да Аллаға жүгіну арқылы ғана әділ баға беруге болатынын енді түсіндім. Туған ел кешер-кешпес, алдынан өту парыз. Маған, шынымды айтсам, топырағы бұйырса жетіп жатыр. Енді жасыратын ештеңем жоқ. Үңгірден жарыққа шыққан жарғанаттай болып отырған түрім осы…» [2, 138].

Өгейсілікпен өскен, ел қатарлы соғысқа аттанған Батырдың тағдырында ел үшін құрылған тұғырлық өмірі мен өзіне тән ауыр, кейде қатыгез тіршілік майдан даласында басталады. Көзсіз ерлігімен батальонды шабуылға бастап, оққа қарамай шыққаннан кейін, ол немістердің тұтқынына түседі. Соғыс аяқталған соң елге оралғанда, өз қауіпсіздігі үшін бұрын ұрыс даласында қаза тапқан якут жауынгерінің құжатын пайдаланып, кеңес түрмесіндегі жаңа өмірін бастайды. Кешегі қазақ жауынгері Батыр Шәйкенов енді атышулы әрі қатыгез қылмыскер Борис Николаевич Ивановқа айналып, өмірін Сібірдің орманды аймақтарында өткізеді. Уақыт өте келе Батыр қылмыстық ортада «Якут» деген атқа ие болады. Сол кезде ол өз бойында бір өзгерістің орын алғанын сезеді. Қатыгездік, батылдық, айлакерлік, ең қиын сәттерде қорқынышты жеңе білетін сабырлылық – бұның бәрі оның қылмыс әлемінен алған «жемісі» еді. Бастан кешкен қанды оқиғалардан аман қалуына да дәл осы қасиеттер себеп болғанын ол жақсы біледі. Ең ауырсы – қаншалықты қатал болса да, өзіңмен байланысты өткен өміріңмен байланыстырған есікті мәңгілікке жауып тастағандай күйде қалу. Батыр мұндай ойларға берілмеуге тырысады. Көп қиындықты бастан өткерген Батырға өзі сүйген Отаны керісінше опасыздық жасағандай әсер қалдырады. Неміс концлагерінде жүрген кезде АҚШ әскерлері оған еңбек етіп, жақсы өмір сүруге мүмкіндік беретін ұсыныс жасайды. Бұл ұсыныс қаншалықты тартымды болғанымен, Батыр туған еліне оралып, шындықпен бетпе-бет келуді жөн көреді. Қиындықтардан қажыған, махаббат сезімін ұмытқандай күй кешкен кейіпкердің жүрегін біртіндеп жұмсартқан поляк қызы Аннамен қоштасып, Отанына қайтуды таңдайды. Алайда оның тағдыры бұл жолы одан да ауыр сынаққа тап болады: елге келген соң қайтадан тергеуге алынып, тұтқынға түседі. Бұрын ол жат жерде – Германияда тұтқын болса, енді өз елінде қамауға алынады. Автор баяндауда композициялық әдіс

ретінде түс көру мотивін шебер пайдаланады. Бұл мотив сюжеттің байланысын, шиеленісін және шарықтау шегін көрсетуге қызмет етеді. Бірінші түсінде кейіпкер – қу далада, сарғайған күзгі далада, автобусты күтіп тұрған сәтті көреді; екінші түсінде әкесін, үшіншісінде шешесін, төртіншісінде өзен жағасында атасының сиырын бағып жүрген балалық шағын көреді. Мұнда оның кейінгі өмірі емес, тек бала кезінің қайғысыз, мұңсыз күндері көрініс табады. Шығармада кейіпкер бірінші түсті екі рет көреді: біріншісінде сарғайған даладағы күту сәті, екіншісінде автобустың келуі бейнеленеді. Елге қайтуды жоспарлап, өз тағдырын айтуға бел байлаған сәтте қайтадан сол түсті көреді. Автобус – арғы дүниеге жетелейтін символдық деталь ретінде ұсынылған, өйткені әкесінен, анасынан және кішкентай қарындасынан айырылған соң кейіпкер өмірден баз кешіп, өзін жоғалтқандай сезімде болады. Ол өз бұйрығы қашан келетінін асыға күтетіндей күйге түседі. Алайда тағдыр оны сан-салалы жолдармен жүргізіп, екі адамның өмірін бірге бастан кешуге мәжбүр етеді. Туған жеріне келгенде, хәл үстінде көрген түс – бұрынғы күттірген автобустың келуі көркем деталь ретінде шебер бейнеленген. Бористың қайта қайта түс көріп мазасызданuы – оның тағдырының сайқымазағы сияқты көрінеді.

Егер шындыққа үңілсек, бүгінгі күннің тұрғысынан қарағанда, трагедияға толы сол кезеңнің оқиғалары көп нәрсені аңғартады. «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасындағы Сәлімгерей, Батырдың әкесі Шәйкен, Қасен, мектеп директоры, Оқап, Түгелбай – бәрі сол дәуірдің, қанды қасап өктемдік құрған кезеңнің перзенттері еді. Сондай-ақ, сотталған, он жылға жазаланған, түрлі қылмыстық топ мүшелері болып, өзгелерге зорлық-зомбылық көрсеткен кей адамдар да – сол қиын заманның туындысы, адамгершілік пен игілікті аяусыз таптаған кезеңнің өкілдері. Олар сол уақыттың, қоғамның мүшелері болды. Кейіпкерлердің басындағы трагедия – сол дәуірдің, тарихи кезеңнің трагедиясы екенін аңғаруға болады. Автор шығармасында бұрын көп қозғалмаған тарихи тақырыптың бірін көтереді. Батыр – елге белгілі ғалым, лауазымды қызметкер Шәйкеннің жалғыз ұлы, кейін «халық жауының» баласы ретінде қудаланған. Жазушы осы тарихи шындықты шығарманың негізгі идеясы ретінде алған. Батыр – типтік кейіпкер, себебі оның тағдыры арқылы автор сол кезеңде «халық жауының» ұрпақтарының өмірінің қандай болғанын бейнелейді[6].

Қорытынды

Қорытындылай келе, Төлен Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасы басты кейіпкер Батыр-Борис Шәйкеновтің тағдырын жан-жақты ашып, қазақ қоғамының сұрапыл кезеңдерін, соғыстың және кеңес дәуірінің ауыртпалықтарын көркем бейнелейді. Шығармада кейіпкердің бала кезінен бастап, Сталиндік қуғын-сүргін, Екінші дүниежүзілік соғыс, туған еліне оралу және қылмыстық ортада өмір сүру арқылы өткерген психологиялық, моральдық және әлеуметтік өзгерістері анық көрінеді. Шығарма композициялық және стилдік тұрғыдан да бай, автор нарраторлық баяндау мен түс көру мотиві арқылы кейіпкердің ішкі жан дүниесін, өткенге деген сағынышын, ішкі қақтығыстарын көркем жеткізеді. Батырдың өз-өзімен күресі, моральдық дилеммалар мен өмірлік шешім қабылдаудағы қиындықтары оқырманға адамның өмір жолының күрделілігін, шынайы бақытты іздеудің қаншалықты қиын екенін түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Төлен Әбдік кейіпкерге жеке даралық қасиеттермен қатар, жалпы адамзаттық құндылықтарды да дарытқан. Бұл шығарма арқылы автор шынайылық пен адалдықты, адамның рухани байлығын насихаттап, тарихи кезең мен тұлғаның психологиялық портретін үйлесімді түрде ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңшілікұлы А. Парасат майданы /Жұлдыз журналы. №11/2012 184-200 б.б.
2. Жалын журналы. Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. №2, 2011
3. Зинулина А.Ф. Төлен Әбдіков шығармашылығындағы психологизм: Ғылыми журнал/ филологиялық серия ПМУ хабаршысы №3.2014 118-125 б.б.
4. Асылбек Байтанұлы. Еңселі тұғыр – есіл ғұмыр. Төлен Әбдіктің «Тұғыр мен ғұмыр» хикаятындағы Батыр-Борис образы туралы. Мақала.
5. Сәкен Сыбанбай. Адам жанын тазартатын жазушы. Мақала.
6. Әбдікұлы Т. Тұғыр мен ғұмыр / Т. Әбдікұлы // Парасат майданы: Таңдамалы. — Алматы: Раритет, 2012 — 616 б.

«ӨМІРЗАЯ» РОМАНЫНДАҒЫ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ

Ж.Г. Бахитова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.У. Такиров

Тарихтың қай кезеңін алсақ та, сол дәуірде орын алған саяси-әлеуметтік оқиғалар мен заман болмысының көркем әдебиеттегі көрінісін қаламгерлердің шығармалары арқылы тануға болады. Әдебиеттің басты объектісі – адам, ал адам өз кезегінде қоғамнан бөлек өмір сүре алмайтын әлеуметтік құбылыс болғандықтан, көркем туындыда белгілі бір уақыттың рухы, құндылықтар жүйесі және сол кезеңге тән қайшылықтар айқын бейнеленеді. Оқырман кез келген заманның кескін-келбетін, сол дәуірдегі қоғамдық көңіл-күй мен тарихи ахуалды ең алдымен көркем мәтін арқылы қабылдайды.

Сондықтан әдеби шығарма – белгілі бір кезең оқиғаларын жалаң баяндап қана қоймай, оның терең мәнін, адам тағдырына, ұлттық болмысқа және қоғамдық сананың қалыптасуына әсерін көркем философиялық деңгейде пайымдайтын ерекше рухани дереккөз. Осы ерекшелік көркем әдебиетті тарихпен сабақтасып жатқан күрделі әрі маңызды сала ретінде танытады.

Тәуелсіз мемлекет ұрпағы ретінде біздің де осы азаттыққа жету жолындағы еліміздің зиялы қауымы мен қарапайым халықтың бастан кешірген зардабын тарихи және көркемдік тұрғыдан салыстыра отырып қарастыруға мүмкіндігіміз бар. Бұл мәселені зерттеу – тек өткенді тану ғана емес, бүгінгі тәуелсіздіктің құндылығын айқындайтын маңызды әрекет. Өткеннің ауыр сабақтары мен күрделі оқиғаларын көркем шығарма арқылы пайымдау бізге тарихтың тек фактілер тізбегі емес, халқының арман-үміті мен қайғы-қасіреті тоғысқан күрделі рухани кеңістік екенін түсіндіреді.

Сондай-ақ тарихи оқиғалардың әдебиеттегі бейнесін талдау арқылы сол кезеңнің қоғамдық психологиясын, ұлттық сана эволюциясын және тәуелсіздікке ұмтылған жолындағы ішкі рухани күшін тереңірек тануға мүмкіндік туады. Осы тұрғыдан алғанда, көркем мәтін – өткен мен бүгінді жалғайтын, тәуелсіздік ұғымының құнын ұрпақ санасына орнықтыратын маңызды танымдық құрал.

Ғасырларға созылған отарлау процесінің қай кезеңін қарастырсақ та, қазақ халқының азапты жолдан өткенін өткенін аңғаруға болады. Әрбір саяси шешімнің, әрбір әкімшілік реформаның ар жағында халықтың тағдырына әсер еткен үлкен тарихи салдар жатқанын ескеру қажет. Бұл кезеңдердің барлығын жеке-жеке талдап, олардың әлеуметтік-психологиялық ықпалын зерттеуге толық негіз бар. Дегенмен, ұзақ жылға созылған тоталитарлық жүйеге қарсы бағытталған ашық және жабық қарсылықтың айқын көрінісі ретінде 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі ерекше мәнге ие.

Бұл оқиға – жай ғана бір сәттік толқу емес, ұлттың тарихи жадында сақталған әділетсіздікке деген қарсылығының, ұлттың оянуы мен өз болашағына жауапкершілікпен қараған жас буынның ерік-жігерінің көрінісі.

Қанды оқиғаны өзінің шығармасына арқау еткен жазушылар қатарына «Бұл еңбегімді қазақ елінің тәуелсіздігі жолында құрбан болған ерлердің аруағына арнадым», - деген Бақтжожа Мұқайды қосамыз [1, 5]. Қаламгердің «Өмірзая» романы XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының қиындыққа толы өмірін, сол заманның ащы шындығы мен қоғамдағы үлкен проблемаларды (тоталитаризм, дегуманизация, ұлттық болмыстың жоғалуы, әділетсіздік, т.с.с) көркемдік түрде шебер суреттейді.

Негізгі кейіпкерлер – ақиқат үшін өмірлерінің соңына дейін күрескен тарих факультетінің профессоры, ұстаз Алдияр Ақпанұлы мен оның ізін жалғаған шәкірті Аяған Қуатов. Екі ғалым бейнесі – интеллектуалды, парасатты қаһармандар [2, 269]. Халық болашағы үшін аянбай еңбек еткен Алдияр ұстаз қарсыластарынан ақылының аздығынан емес, айласын асыра алмағандықтан жеңілді. Себебі бюрократиялық қоғамда орнаған Кеңестік жүйенің тоталитарлық системасы ұлт шындығын жеткізуге ұмтылған әр азаматты аяғынан шалып, ақиқатқа ұласпайтын жала жауып, қоғамға халық жауы ретінде ұсынды.

Саналы ғұмырын Кенесары Қасымұлы туралы зерттеу жүргізуге арнаған Алдияр Ақпанұлы оның қазақ халқының азаттығы мен қоғамдағы әділеттілік үшін басын бәске тігіп, ақыры жат қолынан ажал тапқанын үнемі есінде сақтайды. Ал ұстаздың өзі осы мәселені шешуді мақсат етіп, әрекет еткенімен, қолында билігі бар қазақтардан қаза табады.

Роман сюжеті лажсыз халге жеткен профессордың үйіндегі көріністі суреттеуден басталады. Жалғыз үміті – туған ұлы Сыздықтың күнде бір жұтым тентек су үшін барын салып, намысын таптап жүретіні Алдияр Ақпанұлын қынжылтқанымен, шарасыз күйге түскен әкенің қолынан ештеңе келмейді. Ендігі бар сенімі – сенімді шәкірті Аяғанның болашағы. Дегенмен сол жарқын болашаққа қол жеткізуге ұмтылған шәкірттің бүгінгі жағдайы мәз емес. Себебі тоталитарлық системаның өктемдігі мінезді Аяғанның да сағын сындыруға асығады. Уақытпен жарыса ақиқатқа жетуді көздеген ол жұмыссыз қалуымен қоса, тіпті отбасын орналастыратын баспана таба алмайды. Нақтылайтын болсақ, жалдамалы пәтер иесі – Фарид атты татар шал Аяғанның бала-шағасына тыныштық бермейді. «Ата-бабамның қаны сіңген ұлан-ғайыр мекеннен алақандай жер тимеді-ау бізге», - деп ішіндегі мұңымен бөліскен бас кейіпкердің жазылмас жарасы терең ой салады [1, 30]. Расымен де, қазақтың жеріне қазақ баласының сыймай кетуі сол дәуірдің тағы бір мәселесі болды. Өзге ұлт өкілдерінің көзіне түсе қалған әр қазаққа тиісіп, кемсітіп, тіпті күш көрсетуі – Кеңес қоғамы үшін қалыпты жағдай еді. Аяған ұстазын сыйлап, оған қара шаңырағынан орын бөлген адал шәкірті Асылханның да Геркулес пен Араб сынды тексіздердің қолынан өлтірілуі де осы мәселені айқындай түседі.

Ұлт тақырыбын жалғастыратын болсақ, университет билігінің шыңында отырған ректор Мұса Байларов пен декан Жақия Тайлақұлы өздеріндей қазақ бауыры Аяғанның жанына жақын жандардың көзін құртуымен ақыры өзінің де түбіне жетеді. Мәселен, Асылханнан кейін түк амалы қалмаған Алдияр Ақпанұлы өмірден озады. Бұл трагедиядан айықпаған Аяған анасынан, кейін жары Әсемнен айырылады. Қанша жерден мықты көрінген бұл жандарды қайғы қасіреті аямайды. Себебі олардың жалғыз арқа сүйері – Аяған Қуатовтың түгелдей өмірінің тас-талқаны шығады.

«Бізді қолдамаған адам жау. Сондықтан оны құрту керек» деген принципті ұстанған Кеңес үкіметі алдымен Аяғанның еш жерде жұмыс жасамауын қамтамасыз етеді, одан кейін орыс халқын қырған Сыздық Кенесарин туралы мақала жазғаны үшін, дәрістерінде Ауғанстан мәселесін көтеріп, Мағжан Жұмабаевты дәріптегені үшін және сол сияқты басқа да жаламен айыптап, түрмеге жабады.

Шығармадағы көркемдік ізденістерге тоқталсақ, сарказм автор романында қоғамдық өмірдің ақиқат шындығын жеткізуде біршама сәтті қолданылған [3, 209]. Бұған дәлел ретінде Аяғанның тергеу барысындағы және басқа да кездегі диалогтарда өз ойын, өз шындығын мысқылдап жеткізе алғандығын байқаймыз. Мысалы, «Күлкіге тыйым салынған заң әлі қабылданған жоқ», - деп Геркулеске айтқаны оның батылдығы еді [1, 39].

Ал шығарма экспозициясындағы интерьердің берілуі тек Алдияр Ақпанұлының ғана емес, кеңестік қоғамдағы қарапайым халықтың күйін бейнелейтін тұтас көркем метафора ретінде көрінеді. Жазушы кейіпкердің жұмыс бөлмесіндегі жүдеу жиһазды, тар әрі салқын кеңістікті суреттей отырып, сол дәуірдегі рухани тежелу мен шығармашылық еркіндіктің шектелуін тұспалдайды. Бұл – жеке адамның ғана тұрмысы емес, жүйенің адам санасын темір қыспаққа алған кезеңнің көркем нышаны.

Сонымен қатар автордың пейзаж бен психологиялық параллелизмді шебер қолдануы романдағы негізгі драмалық арналарды тереңдете түседі. Аяғанның темір торға қамалуы – тек физикалық жазалау емес, қоғамдағы саяси суықтықтың көрінісі. Ал осы сәтпен қатар көктемнің кеш келуі табиғаттың да тіршіліктен тыным алғандай, тұнжырап тұрған күйін көрсетеді. Бұл – кейіпкер тағдыры мен дәуір рухының тұтастығын танытатын көркем тәсіл.

Алматының дымқыл, ауыр ауасының суреттелуі Әсемнің мезгілсіз қазасына оқырманды психологиялық тұрғыдан дайындап, ішкі трагедияны сыртқы орта арқылы алдын ала сездіреді. Ауа райының күрт бұзылуы Желтоқсан оқиғасының жақындауын меңзеп, қоғамдағы тынышсыздықтың табиғат құбылыстарында да көрініс табатынын аңғартады. Бұл эпизодтар романның символикалық деңгейін күшейтіп, оқиғаның әлеуметтік астарын тереңдетеді.

Сол секілді Аяған өміріндегі қуанышты сәттердің қардың жаууымен қатар келуі кездейсоқ деталь емес. Қар – тазалықтың, үміттің, жаңарудың белгісі. Осы арқылы автор кейіпкер тағдырындағы жарық сәттер қанша қысқа болса да, олар үнемі ішкі рухты құтқаратын күш болып қалатынын көрсетеді. Табиғаттың әр құбылысы шығарманың идеялық мазмұнын кеңейтіп, кейіпкердің эмоционалдық жағдайымен қабаттаса өріліп отырады.

Тылсым күш болсын, жаратылыс заңы болсын – барлығын жақсылыққа жорып үйренген қазақ халқының ұлттық айдентикасы ерекше байқалады. Табиғатынан қамқорлық қасиеті бойына дарыған жанашыр қазақ бейнесі ретінде Міртемірді ала аламыз. Түрме қызметкері болып істейтін ол Аяғанның бостандыққа шығуына көп көмектеседі. Яғни жазушы рухани құлдыраған халықтың ішінен әділеттілік толық жойылмағанын осы деталь арқылы жеткізеді.

«Тарихты жасайтын халық та, жазатын жекелеген адамдар екен», - деген Алдияр Ақпанұлының күйініші сол заманның шындығы еді [1, 242].

Үйреніскен жау атыспаққа жақсы демекші, аман-есен түрмеден шыға білген Аяған отбасына деген сағынышын басып үлгермей жатып, мәжбүрлі түрде жындыханаға жіберіледі. Бұл – кеңестік жүйенің адам психологиясын сындыруға бағытталған қатыгез тетіктерінің бірі екенін көрсетеді. Романда жындыхананың берілуі – жеке бір мекеменің немесе кездейсоқ оқиғаның суреті емес, ол биліктің халықты еріксіз көндіру, бағындыру, пікір білдіру құқығынан айыру үшін қолданған идеологиялық механизмдерінің көркем бейнесі.

Өз пікірі жоқ, әбден мәңгүрттеніп, тобырға айналған қара халықтың бейнесі Сыздық арқылы көрініс табатынын оның жоғарыдағылардың бұйрығын бұлжытпай орындап, Аяғанды «шизофрениямен ауыратын» деп жала жабуынан байқаймыз. Бұл – санасы уланған, биліктің айтқанын ғана шындық деп қабылдайтын, өз еркіндігінен айырылған тұлғаның символдық бейнесі. Автор Сыздық арқылы тоталитарлық қоғамның өзіне қызмет ететін «кіші аппаратын» көрсетеді.

Аяғанның жындыханадағы жағдайы – сырттай абсурд көрінгенімен, ішкі мәнінде сол кезеңдегі саяси ахуалдың айқын көрінісі. Бірі өзін Наполеон Бонапарт санайтын, екіншісі Сталиннің суретін құшақтап әулие тұтатын адамдардың ортасына тап болуы – қоғамдағы идеологиялық сандырақтың, тарихи тұлғаларды бұрмалай қабылдаудың, жеке сананың күйреуінің көркем бейнесі. Бұл адам тағдырын ойыншыққа айналдырған жүйенің шынайы табиғатын әшкерелейді.

Сонымен қатар романда жындыхана Сталин билеген қатыгез дәуірдің шағын моделі ретінде суреттеледі. Ондағы кейіпкерлердің диктаторлар атымен аталуы да бекер емес – бұл автордың тоталитарлық құрылымның адам психикасына әсер ету ауқымын көрсету үшін қолданған ирониялық әрі символдық тәсілі. Бұл деталь арқылы жазушы тек тарихи шындықты ғана емес, биліктің жеке тұлғаларды құдайдан да жоғары қою арқылы қоғамды есінен адастыруға дейін жеткізген идеологиялық зұлымдығын әшкерелейді.

Осы эпизодтарды талдай отырып, автордың тоталитаризм проблематикасын терең көтергенін байқаймыз. Жындыхана – жүйенің адам санасын бұзуын, еркін ойды жоюын, тұлғаны құлдық психологияға мәжбүрлеуін көрсететін көркем концентрат. Сол арқылы роман оқырманды тек Аяған тағдырына емес, ұлттың XX ғасырдағы рухани трагедиясына үңілдіреді.

Дәрігерлердің сау адамға сенбей, күштеп дәрі беруіне де, расымен есінен адасқандардың түрлі қылығына да, тіпті бала-шағасын ұзақ уақыт көрмеуге де еті үйреніп кеткен Аяған бәрібір берілмейді. Өйткені онда мінез бар, тек бар. Ұлы шындыққа жету жолында біршама белесті өткерген ғалым алдында не күтіп тұрса да, дайын екенін біледі.

XX ғасырдың зиялы қауымы саналған, елге адал қызмет еткен білімді азаматтардың тағдыры бұл шығармада ерекше ащылықпен бейнеленеді. Жазушы олардың өмірін жеке трагедия ретінде емес, бүкіл тоталитарлық жүйенің әділетсіз саясатының салдары ретінде көрсетеді. Өйткені терең ұйқыда жатқан, саяси сауаты төмен қара халықты ояту – сол кездегі КСРО билігінің ең үлкен қорқынышы еді. Халық оянса, шындық ашылады; шындық ашылса, жүйе әлсірейді. Сондықтан ұлттық сана мен ағартушылық идеяларын насихаттайтын зиялы қауым өкілдері билік үшін қауіпті тұлғаларға айналды.

Билік үшін ең қорқынышты күш – қарулы көтеріліс емес, ойланатын және ойландырта алатын адам екенін жазушы Аяған бейнесі арқылы дәл көрсетеді. Ғылыми орта күйресе, қоғам ешқашан дамымайтынын жақсы түсінген тоталитарлық аппарат ой еркіндігін тұншықтырудың түрлі әдістерін қолданды: қуғындау, жалған айыптау, түрмеге қамау, психологиялық және физикалық қысым көрсету.

Осы саясаттың құрбаны болған Аяған Қуатовтың тағдыры – бір адамның емес, тұтас бір буынның трагедиясы. Билік оны қоғамнан оқшаулау арқылы ғана тоқтата алмайтынын түсініп, қайтадан түрмеге жауып, азап пен қорлықтың ортасында өлтіреді. Бұл – жүйенің зиялы қауымға жасаған қылмысының шегіне жеткен нүктесі. Аяғанның қазасы жеке өлім емес, тоталитарлық жүйенің ғылымға, еркін ойға және әділет іздеген тұлғаға қарсы бағытталған қастандығының көркем көрінісі.

Жазушы бұл трагедия арқылы оқырманға тек өткеннің ауыр шындығын емес, ұлттық ой-сананың қалыптасуы жолындағы құрбандардың құнын да көрсетеді. Сондықтан Аяған бейнесі – жойылған ғұмыр ғана емес, ұрпақ жадында мәңгілікке қалған рух биіктігінің символы.

Әр оқырман «Өмірзая жұлдыздай ағып кетті бір ғұмыр. Өмірзая жұлдыздай жарқ еттің де жоқ болдың», - деген роман соңындағы үзіндіге қарап, шығарма атауының себебі Алдияр

Ақпанұлы мен оның шәкірті тірі кездерінде ешқандай нәтижеге жетпегендіктен деп ойлауы мүмкін [1, 350]. Шын мәнінде, мұндай пайым белгілі бір дәрежеде орынды болғанымен, шығарманың философиялық өзегін толық ашып бере алмайды.

Романдағы ұстаз бен шәкірт бойындағы азаматтық ұстаным, тарихи шындыққа адалдық және әділеттілік жолындағы табандылық уақытша жеңілістей көрінгенімен, түптеп келгенде, ұрпақтар сабақтастығы арқылы жаңа деңгейде жалғасын табады. Алдиярдай ұлағатты ұстаздың тәлімін бойына сіңірген Аяғанның өзі де білім мен шындық жолын таңдап, кейінгі буын жастарына сенім артқан тұлға ретінде көрінеді.

Жазушы мұның бәрін бекер жазған жоқ: уақытша тоқырау немесе жеке адамның трагедиясы – халықтың тарихи санасының оянуына кедергі бола алмайды. Романда суреттелгендей, саналы жастардың алаңға шығып, егемендік пен әділдік үшін күресуі – Алдияр мен Аяған бастаған ағартушылық жолдың жалғасы, олардың ұмырының «зая кетпегенінің» айқын дәлелі.

Осы тұрғыдан алғанда, «Өмірзая» атауы сырттай трагедиялық сипатқа ие болғанымен, терең мазмұнында үміт, мұрат жолындағы рухани жалғастық және тарихи әділеттің ақырында орнайтынына сенім қабаттасып жатыр. Шығарма кейіпкерлерінің өмірі «жұлдыздай жарқ етіп» сөніп кеткендей көрінгенімен, олар қалдырған рухани мұра кейінгі буынның санасында жаңғырып, елдік мүдде үшін жасалған ұлы істерге қозғаушы күшке айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бақкожа МҰҚАЙ. «Таңдамалы шығармалар», 5-том. (Роман) Құрастырған – Ахметова Нұржамал. – Алматы: «Ана тілі», 2008 ж. – 464 бет.
2. Алтаев А. А., Алтаева Г. Е. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ //ББК 72 С114. – 2019.
3. Уразалиева Д. Е., Акбулатов А. А. Б. МҰҚАЙ «ӨМІРЗАЯ» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІНІҢ СОМДАЛУ ШЕБЕРЛІГІ ЖӘНЕ ТІЛ КӨРКЕМДІГІ //Modern Scientific Method. – 2023. – №. 2.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРКЕМДІК БЕЙНЕЛЕНУІ

Н.Е. Бейсенова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы, соның ішінде әңгіме жанрындағы жалпыадамзаттық құндылықтардың көркемдік редукциясы мен интерпретациялануы қарастырылады. Автор жаһандану дәуіріндегі ұлттық әдебиеттің адамгершілік, мейірімділік, бостандық және экзистенциалдық ізденістер секілді мәңгілік тақырыптарды игеру ерекшеліктеріне талдау жасайды. Зерттеу барысында қазіргі жазушылардың шығармаларындағы кейіпкерлердің ішкі толғаныстары мен рухани құндылықтардың трансформациясы әдеби-теориялық тұрғыдан зерделенеді. Жұмыстың нәтижесінде қазақ әңгімесінің әлемдік әдеби кеңістікке интеграциялану деңгейі мен көркемдік қуаты айқындалады.

Кілт сөздер: антропоцентризм, гуманистік парадигма, экзистенциализм, экологиялық этика, моральдық-этикалық императив, қазіргі қазақ прозасы, концептуалды таным, мифологиялық реализм, рухани деформация.

Кіріспе

XXI ғасырдың жаһандану жағдайында ұлттық әдебиеттердің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – өзіндік төлтума болмысты сақтай отырып, жалпыадамзаттық рухани интеграцияға қосылу. Қазіргі қазақ әңгімесі – бұл тек этнографиялық немесе тарихи шеңбердегі

баяндау ғана емес, ол – әлемдік әдеби үдерістегі антропологиялық дағдарыстар мен рухани ізденістерге берілген көркемдік жауап. Осы тұрғыдан алғанда, Тынымбай Нұрмағанбетов, Дидар Амантай және Асқар Алтай сияқты қаламгерлердің шығармашылығы қазақ прозасындағы гуманистік парадигманыңжаңа деңгейге көтерілгенін айғақтайды.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеудің өзектілігі қазіргі қоғамдағы моральдық-этикалық құндылықтардың трансформацияға ұшырауымен және адам болмысының экзистенциалдық мәселелерінің тереңдеуімен түсіндіріледі. Әлемдік деңгейдегі соғыстар, экологиялық апаттар және рухани жалғыздық мәселелері қазақ жазушыларының шығармаларында жалпыадамзаттық деңгейдегі философиялық категориялар ретінде қарастырылады. Мақаланың нысаны – қазіргі қазақ әңгімелерінің құндылықтар жүйесі болса, оның пәні – осы құндылықтардың көркемдік деңгейде бейнелену ерекшеліктері мен авторлық концепциялардың өзара сабақтастығы.

Нәтижелер мен талқылау

Әңгіме – ұзын-қысқалығына қарай он минуттан бір сағатқа дейін оқып бітіруге болатын, әбден аршылып алынған бір-ақ нәрсе, бір ғана оқиға немесе бірігіп кеткен бірнеше оқиғалар тізбегі туралы жазылған шағын шығарма. Әңгіме – әдемі дүние: жауынгер, ұшқыш, өмір құбылыстарына шұғыл үн қосқыш, оқушысын тез тапқыш, өткір икемді, сүйкімді жанр. Қазақ халқының тұғыш әдебиеттанушы-ғалымы А.Байтұрсынұлы 1926 жылы жарық көрген мәні мен маңызы өте терең, сан салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап түсіндірген. «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Жазба әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін айтып көрсетеді. Сонымен қатар, жазба әдебиеттің: біріншіден, әуезе, яки әңгіме; екіншіден, толғау тобына қарайтын сөздер деп үш топқа, яғни түрге бөліп қарастырады. Ғалым ұлы әңгіме, яғни романға жанрлық жағынан сипаттама бере келіп, «ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі "Ұзақ әңгіме", ал одан шағындау түрі "Ұсақ әңгіме" деп аталады», – деп нақтылай түседі». Академик З.Ахметов: «Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қара сөзбен жазылған шағын көлемді шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады».

Тынымбай Нұрмағанбетов – қазақ прозасында адам жанының иірімдерін нәзік суреттейтін психологизм шебері. Оның «Айқай» әңгімесі (кейде повесть ретінде қарастырылады) – соғыстың адам тағдырына салған өшпес таңбасы мен соғысқа деген жалпыадамзаттық жиіркеніштің көркемдік манифесі. Шығарманың сюжеттік желісі Грекия мен Түркия арасындағы қақтығыстар фонында өрби отырып, ұлттық шеңберден шығып, гуманистік парадигманы алға тартады. [1]

Басты кейіпкер Мехмедтің бейнесі арқылы автор соғыстың «мағынасыздық» екенін дәлелдейді. Ол үшін соғыс – саяси жеңіс емес, ол – адамның өз болмысынан, мейірімділігінен айырылуы. Бұл жерде жазушы антропоцентристік позицияны ұстанады. Соғыс кезіндегі «айқай» – бұл жазықсыз құрбандардың, аналардың қасіреті мен бүкіл адамзаттың қатыгездікке деген наразылығы. Нұрмағанбетов кейіпкерлерінің ішкі монологтары арқылы оқырманды «соғыстан кейінгі синдром» мәселесіне үңілдіреді. Жазушының пайымдауынша, адамды хайуандық деңгейден сақтап қалатын жалғыз күш – эмпатия мен кешірім. Шығармадағы гуманистік құндылықтар идеологиялық шекараларды бұзып, адам өмірінің абсолютті екенін көрсетеді. Бұл – Ремарк пен Хемингуэй дәстүрінің қазақ топырағындағы заңды жалғасы.

Дидар Амантай қазақ әдебиетіне постмодернистік және экзистенциалдық сарындарды әкелген жазушы ретінде белгілі. Оның «Қарқаралы басында» жинағына енген туындыларында сыртқы оқиғадан гөрі, кейіпкердің ішкі интеллектуалдық ізденісі маңызды. Шығарманың сюжеттік құрылымында Қарқаралы топонимі – бұл жай ғана табиғат көрінісі емес, ол – адамның өз «Менімен» бетпе-бет келетін метафизикалық кеңістігі. Кейіпкерлер үнемі диалог пен медитация үстінде жүреді, олар үшін ақиқатты іздеу – өмір сүрудің басты мақсаты. Дәйексөз: «Адам – өз ойының тұтқыны. Біз сыртқы әлемді емес, өз ішіміздегі әлемді танып болмай жатып, ақиқатты іздейміз. Қарқаралының тастары – уақыттың куәгері, ал адам – сол уақыттың өткінші жолаушысы ғана».[2] Дидар Амантай прозасындағы адам – интеллектуалды субъект. Ол өз жалғыздығынан қашпайды, керісінше, сол жалғыздық арқылы өзін таниды. Мұндағы жалпыадамзаттық құндылық – рухани еркіндік. Жазушының пайымдауы бойынша, адамның өз ойының тұтқынынан босап, ақиқатқа ұмтылуы – оның ең биік қасиеті. Уақыт категориясының өткіншілігі мен табиғаттың (тастардың) мәңгілігі арасындағы контраст

оқырманды өмірдің мәні туралы терең толғаныстарға жетелейді. Бұл – қазақ прозасындағы антропологиялық зерттеудің жаңа сапалық деңгейі.

Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесі – заманауи экологиялық қасіретті мифологиялық астармен суреттеген бірегей туынды. Шығарма Семей полигонының зардаптарын, ядролық сынақтардың адамзатқа әкелген зобалаңын баяндайды.

Асқар Алтайдың «Кентавр» атты әңгімесіндегі көркем антропологиялық ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, атап айтарымыз құлын сәбидің дүниеге келуін шығармасына арқау еткен. Фантастикалық антропологияға жататын шағын әңгіменің ауқымына автор экологиялық, ата-аналық жауапкершілік, өмірге құштарлық т.б. бірнеше проблеманы сыйдыра білген.

Әңгіменің аты − «Кентавр», яғни жартылай адам, жартылай құлын пішінді адам турасында әлемдік әдеби процесте шығармалар аз емес.

«...Особо яркое впечатление производят в искусстве существа химерические, сочетающие в себе элементы тела человеческого с частями тела животных, насекомых и каких-то фантастических существ. Такие существа часто являются в фантастических романах, в произведениях экзистенциалистов, сюрреалистов.». [3]

Асқар Алтайдың «Кентавры» құлын сәбидің өмірге келуімен басталады. «...Құлын сәбиі болса былдыр- былдыр сөйлеп, жарық дүниеге келгеніне жарым жыл өтпей, күші судай тасып еді....Жылқы тұрпатты, адам тұлғалы нәресте де тез ширады. Ол жануардай жылдам аяқтанды. Ертегідей ерте тілі шығып, ерте ес кірді. Әкесі бөтенсімей бауырына басып, анасы жерінбей жанына алған, көкесі жатсынбай иығына шығарған. Жұрт көзінен жырақта - кәрі таудың қуысында, үш бірдей пенденің уысында өсіп келе жатқан. Еркін еді, ерікті еді.» деп жазушының кентавры құлындай ойнақтап, сәби күлкісімен сықылықтап, қозы-лақ қуалап асыр салады. Құлын таймен тебісіп, тау самалымен жарыса шапқыласып еркін өседі. Су тасып, отын жарып, ошақтың отын жағады. Автор кейіпкері ертегідегідей тез өсіп жетілуімен ерекшеленсе де, мифологиядағыдай түр тұрпаты шығармаға ерекше реңк үстемелейді. Себебі жазушының ұсынып отырған туындысы:

«Ұлттық прозада бұл орайдағы Ғ.Мүсіреповтің сәтті бастамалары («Ер Қаптағай», «Жеңілген Есрафил» тәрізді әңгімелері) мифологиялық ойлаудың, мифологиялық мәтіндерге, кейіпкерлерге иек артудың мысалдары ретінде көзге түседі. Біз қарастырып отырған кезеңдегі проза ертедегі және классикалық аңыздарды көркем шығарма құрылымына батыл енгізе отырып, оларды трансформациялау, стилизациялау арқылы жаңаша мән үстеуге деген ізденістерімен айрықшаланады. Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, О.Бөкей, Т.Нұрмағамбетов, С.Жүнісов, Д.Досжанов, Р.Сейсенбаев, Ә.Тарази, т.б. жазушылардың шығармаларындағы мифопоэтикалық форманың өріс алуы әдебиеттанушылардың назарын соңғы кездерде ерекше баурап келе жатқаны рас. Қазақ прозасында айқындала көрінген бұл құбылысты архетип категориясы тұрғысынан талдаған А.Ісімақова: «Миф поэтикасы қазіргі әлемді ауқымды уақыттық мүмкіндіктер арқылы бейнелеулермен байытып, қолданыстағы мәдени метафоралар мен ассоциациялар қорын кеңейтеді. өз мағыналарын бұрын да танытып үлгерген поэтикалық формулалардың (архетиптердің) «қайта тірілуі» байқалады», - деген пікірді алдыға тартса мифологизмнің нақты бір жазушысы (О.Бөкей) поэтикасы арқылы зерделенген Ж.Аймұхамбетова «Қазіргі қазақ ақын-жазушылары авторлық позициясын танытуда, шығарманың идеясын ашып, көркемдік айшықтарын бедерлей түсуде мифтік құбылушылықтарды мақсатты түрде пайдаланып, шығармашылықпен дамыта қолданғанын байқауға болады», - деген тұжырымын ұсынады. Кейінгі зерттеулерде мифопоэтиканың «реминесценциялар, мотивтер, сюжеттер, тәмсіл сөздер (притчи), аллергориялар, дәйек сөздер, аллюзиялар» формаларындағы нақты көріністерін саралау қолға алына бастады». [4]

Ертегі + миф + әңгіме = фантастикалық антропологияның белгілерімен тұтас қабысып жатыр. Бұл жерде суреткердің туындысындағы кейіпкеріне адам мен жануардың қосындысы ретінде неліктен жылқыны алып отыр деген сауалдың жауабы ұлттық таным негізінде жатыр десек қателеспейтін тәріздіміз. Жылқы қазақ үшін ең аяулы да қасиетті жануар. Мінсе көлік, жесе ет. Әсіресе, «Ер қанаты − ат» дегендей, ер мен ат егіз ұғымдар.

Батырлар жырындағы «Тайбурылдың шабысын»,қазақ прозасындағы тұлпарлар бейнесін алсақ та жетіп жатыр. З.Шашкиннің қара айғырын. А.Сүлейменовтің Қызылын, т.б тұлпарлар образы жазушы танымындағы ежелгі ой-түсініктеріміздің көркемдік кестесі.

Ал Асқар Алтайдың өз шығармасына жылқы мен адам бейнесін біріктіріп бергендегі мақсаты ата-ананың баласына деген шексіз махаббатын көрсету.

«...Бүгін де анасы:

¬¬- Арыстай, - деген құлын –сәби Басарысына, - анау биікке шығып қайтшы! Әлгі көкең Керім көрінер ме екен-...
- Жарайды, апа, - деп құлын бала желіп жөнелді.
Құлын-сәбиінің соңынан сүйсіне қарап тұрған Моншақ болса, Басарыстың күлтеленген құйрығын көтеріп, бұлғаңдатып қойғанына күліп те жіберді.
- Құлыным! Жаным! – деп аналық мейіммен айтқан айнымас лебізі де ауада қалқи берді.
Моншақ: «Тәубә! Тәуба!» - деп күбірледі.». [5]

«Кірпі баласын жұмсағым» дейді демекші, ел көзіне құбыжық көрінер құлын сәбиі үшін бар дүниені тәрк етіп, ел жұртынан безінген мұңдарлы ата ананың тағдыры әсерлі шыққан.
«... Басарысқа тесіле көз тікпесе де, құлын бауырын көз қиығымен сүзіп өтті. Құлын баланың бұлшық еттері білеуленіп, қара тұяқтары да сомданып, көк желкесінен көтерілген жалы да күлтеленіп, құйымшағының дүм түбінен салаланған қыл құйрығы да төгіле түсіпті. Керім көзі тойып, жаны сүйсініп,іштей бір мақтаныш кернеді.«Бауырым! Қаным!...» - деді ар жағынан жасырын, бірақ жалтақсыз бір үн.» - деп Керім ағасының жаратылысы бөлек,болмысы өзге жұмбақ құлын-бауырына туысқандық ағалық сезімімен сүйсінуі табиғи.

Жазушының құлын баланы әкесімен,ағасымен аңға шығаруында,үлкен мән бар сияқты.
«...Бұл шақта Басарыс та қолымен сусоқты боз тал арасын аша,балапан шыбықтарды кеудесімен қаға кетіп,желіп бара жатқан. Ол сол бойда қалыңды жапыра бұланды бастырмалата қуды. Ақсақ бұлан қуаты тасыған құлын - баладан құтыла алмады. Қанша бұлтарса да, жарадар жануар бұрын өзі көрмеген жұмбақ жанға тұтылды.[6]

Бұланды түре тиген Басарыс қапталдаса беріп жануарды жалпақ мүйізден алып,алдыңғы сау сирағынан шалды. Бейшара жануар оңбай құлады. Құлын-бала да мойнынан тізелей басып, қара танауынан сіргелей саусақ сала басын көтере беріп, шалт қимылдады. Селебін суырған күйде сағақтан орып-орып жіберді. Қызыл- күрең қан атқып- атқып кетті де,құлын мүсін баланың тізесі астында тыпырлаған бұлан қорқырай қысылды.

Қолы жеңіл Басарыстың қасабынан бұла бұлан жайлап қана жан тапсырды...» Құлын-баланың табиғатының адам болмысына жақындығын аң аулау үстіндегі қимыл-қарекетінен байқаймыз.Жартылай адам,жартылай жануар болғанымен бұл жерде адамдық инстинг, адамдық сана басым түсіп жатыр. Құлын-баланың өзі де табиғаттың төл перзенті болса да, бұл көріністен адами болмысы танылады.

Қорыта келгенде, ғалым Б.Майтановтың: «Ал жалпы мифоэтикалық ойлау жүйесімен қазіргі экосоциологиялық проблемаларды бейнелі, астарлы түрде ұшырастыру Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесіндегі негізгі идеологеманы құрайды. Адам бітімді, жылқы денелі, ешкімге қиянаты жоқ тіршілік иесін өздерінен басқа, өздеріне ұқсамайтын құбылыстарға төзбейтін қатыгез жандар атып өлтіреді. Оларға кентаврдың жүйріктігі ұнамайды, түр-кескіні үрей әкеледі. Дара қасиет, көне мен жаңаның ұласымы, әдемі қиялды жоқ қылатын жабайы көңілмен бірге ізгілік те мерт болады. Мәтін жүйесі бойынша дәстүрлі қалыптағы стиль басым туындыда ақырзамандық (апокалипсис) тұжырымдама әдемі қиял мен жаймашуақ әуен аралас әрі кереғар кейіпте бейнеленеді. Символ мен әсіреленген шындық бір тұрғыда пайымдауға келмейтін дүние кескіні жайлы әртарап ойларға ашық орын қалдырады» деген пікір құндылығымен көңіл аудартады. [7]

Бүгінгі қазақ прозасындағы фантастикалық антропологияның іздерін Асқар Алтайдың «Көз жендет» әңгімесінен аңғаруға болады. Әңгіме 70 жасқа келгенше аң мен құсты баудай қырып, ата-баба салтында жоқ іспен айналысу, жемтігін көзін шұқып өлтіретін Сауысқан ұстау арқылы аңшылық дәстүрдің киесін бұзған шалдың өмірінің соңын суреттеуге арналған. Дүниеде жасалған жақсылықтың да жамандықтың да қайтарымы бар философиялық қағида − әңгіме арқауына алынған. Көптен күткен немересінің екі көзі жоқ соқыр болып туғанына налыған қарттың өткеніне ой жіберіп, өзін-өзі тексертуі шығарманың шеберлігі. Ұлттық танымдағы ең жаман құс, аярлықтың, залымдықтың бейнесіндегі сауысқанды серік етудің өзі де көп жайтты аңғартады. Автор әңгімесіндегі «Соқыр», «Соқырлық» ұғымдарына терең символика жүктеген. Өз өміріне, айнала табиғатқа соқыр сезіммен қарап, талай азулының көзін ағызып қанжығасына байлаған қанқұмар пиғылдың зауалының ұрпағына тиюі кез-келген оқырманды бей-жай қалдырмайды. Бұл авторлық танымның тереңдік, суреткерлік шеберлік арқылы бүгінгі ғана емес ертеңгі күннің де өзекті мәселесін көтере білген туынды.

Қорытынды

Зерттеу барысында қарастырылған Тынымбай Нұрмағанбетов, Дидар Амантай және Асқар Алтай шығармалары қазіргі қазақ әңгімесінің тек ұлттық шеңберде шектелмей, әлемдік

әдебиеттегі гуманистік және экзистенциалдық парадигмалармен үндес екендігін толықтай айғақтайды. Жазушылардың көркемдік ізденістері адам болмысының ең терең қабаттарына үңілуге, оның рухани дағдарыстары мен трансформацияларын жаңа эстетикалық тұрғыдан зерделеуге бағытталған.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мынадай концептуалды бағыттарда жүйеленеді:

1. Этикалық-гуманистік императив: Т. Нұрмағанбетовтің «Айқай» әңгімесіндегі соғысқа қарсылық пен мейірімділік идеясы — адам өмірінің абсолютті құндылығын дәріптейді. Жазушы кез келген идеологиядан биік тұратын адамгершілік мұраттарды алға шығара отырып, қоғамды рухани азғындаудан сақтандырады.
2. Экзистенциалды-танымдық бағыт: Д. Амантайдың «Қарқаралы басында» туындысы арқылы адамның ішкі автономиясы, еркіндігі мен өзін-өзі тану жолындағы интеллектуалдық ізденістері сараланды. Бұл — қазақ әдебиетіндегі «Мен» концепциясының жаңа сапалық деңгейге көтерілгенінің көрінісі.
3. Экологиялық-мифологиялық антропология: А. Алтайдың «Кентавр» әңгімесіндегі табиғат пен адамның біртұтастығы мәселесі — жаһандық экологиялық дағдарыс жағдайындағы адамзаттың этикалық жауапкершілігін айқындайды. Мифологиялық архетиптерді қазіргі заман шындығымен ұштастыру арқылы автор адамның табиғи болмысынан ажырауының қасіретті зардаптарын ескертеді.

Түйіндей келгенде, бұл шығармалардың жалпыадамзаттық маңызы — оқырманды жай ғана оқиға желісімен таныстыруда емес, оның бойында жауапкершілік, эмпатия және рухани тазалық қасиеттерін оятуында. Қазіргі қазақ әңгімесі заманауи технократтық қоғамның салқындығына қарсы адамдық жылылық пен рухани құндылықтарды қорғайтын қуатты идеологиялық құралға айналды. Зерттелген авторлардың көркемдік шешімдері әлемдік әдебиеттегі антропологиялық мәселелердің қазақ топырағындағы бірегей көрінісі болып табылады. Осылайша, қазақ әдебиеті жалпыадамзаттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде өзінің жасампаздық миссиясын жалғастыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрмағанбетов Т. Айқай: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2010. – 320 б.
2. Амантай Д. Қарқаралы басында: Әңгімелер мен эсселер. – Алматы: Атамұра, 2015. – 280 б.
3. Алтай А. Кентавр: Повестер мен әңгімелер жинағы. – Астана: Фолиант, 2012. – 350 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
5. Бердібай Р. Қазіргі қазақ прозасындағы рухани ізденістер. – Алматы: Ғылым, 2008.
6. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы психологизм. – Алматы: Білім, 2004.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы мен теориясы. – Алматы: Ана тілі, 2011.

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВА ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФОПОЭТИКА

Д.К. Бердалы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа:

Мақалада қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Айгүл Кемелбаеваның шығармашылығындағы мифопоэтикалық ерекшеліктер зерделенеді. «Шашты», «Табалдырық» әңгімелері мен «Мұнара» романындағы мифологиялық образдар, архетиптік кеңістік, аруақ культі, пір мифологемалары, уақыт пен кеңістіктің мифологиялық моделі талданады. Зерттеу барысында жазушының тәңірлік нанымды исламдық сарынмен ұштастырып, мифологиялық кодты реалистік баяндаумен үйлестірудегі суреткерлік тәсілдері анықталады.

Түйін сөздер: мифопоэтика, архетип, мифологема, аруақ, тәңірлік, номадтық мифология.

Кіріспе

Мифопоэтика — әдебиеттану ғылымының маңызды бағыттарының бірі. Ол мифологиялық ойлаудың поэтикалық мәтіндегі көрінісін, мифологемалар мен архетиптердің көркем

шығармадағы қызметін зерттейді. Ресейлік ғалым Е.М. Мелетинскийдің пікірінше, мифопоэтика — «мифологиялық санаға тән бейнелеу жүйесі мен символика арқылы жасалған поэтикалық дүниенің ерекше моделі» [1, 23б]. М. Элиаде ежелгі адамның дүниетанымында мифтің тек аңыз ретінде ғана емес, өмір сүрудің негізгі парадигмасы ретінде қызмет атқарғанын дәлелдейді [2, 15б]. К.Г. Юнгтің архетиптер теориясы бойынша ұжымдық санасезімнің тереңінде жатқан мифологиялық образдар — архетиптер — көркем шығармашылықта өзіндік символикалық жүйе арқылы жүзеге асырылады [3, 67б].

Қазіргі қазақ прозасында мифопоэтикалық дүниетаным қайта жандану үстінде. Кеңес дәуірінде діни-мифологиялық сарыннан жырақтатылған қазақ әдебиеті тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық рухани мұрасына — тәңірлік нанымға, бақсылыққа, аруақ культіне, пірлерге сыйынуға — қайта оралды. Осы бағытта шығармашылық жолын жалғастырып келе жатқан жазушылардың бірі — Айгүл Кемелбаева.

Жазушының туындыларындағы мифопоэтикалық ерекшеліктер бүгінге дейін арнайы зерттеу нысанына айнала қоймаған. Осы олқылықты толтыру мақсатында берілген мақалада «Шашты», «Табалдырық» әңгімелері мен «Мұнара» романы мифопоэтика тұрғысынан талданды.

«Шашты» әңгімесіндегі номадтық мифологемалар

«Шашты» әңгімесі (2014) тарихи-мифологиялық туынды ретінде 18 ғасырдағы оғыз-қыпшақ қайта қозғаған шығарма Кенжебек есімді қыпшақ баласының түрікпен тұтқынынан қашуы — сюжеттің сыртқы желісі ғана. Мәтіннің ішкі астарында кең мифологиялық кеңістік ашылады [4]. Әңгімедегі ең басты мифологемалардың бірі — аруақ культі. Тасқұл жылқышы баланы жолға шығарарда: «Аруақ жебеді» деп береді. Жылқыға мінген Кенжебекті «аруақ қорғай» алатынына сенім — қазақ тәңірлік нанымының іргетасы. Мелетинскийдің дәлелдегеніндей, номадтық мифологияда аруақтар тіршілік иелеріне белсенді ықпал ете алатын күш ретінде қабылданады [1, 188б]. Кенжебек өзі де бәйге шабысында: «Я Тәңірім жар бол, аруақ қолдай ғөр!» — деп жалбарынады [4].

Пір мифологемасы — әңгімедегі тағы бір маңызды мифологиялық арқау. Тасқұл шал баланы жолға аттандырарда: «Әулие пірің Баба түкті Шашты Әзіз қолдасын, жылқы пірі Қамбар ата қолдасын, қысылтаяңда қырық шілтен ғайып ерен кезіксін!» — деп бата береді [4]. Баба түкті Шашты Әзіз — Сырдарияның төменгі ағысында өмір сүрген аңызға айналған кейіпкер. Халық нанымы бойынша ол жылқы мен су перісі арасынан туған мифологиялық тұлға. Мифологиялық дүниетанымда су бір жағынан тіршілік бастауы болып саналса, екінші жағынан қауіп-қатермен де астасатын құбылыс ретінде қабылданады. Сондықтан Баба түкті Шашты Әзіздің аталуы суға қатысты қатерден сақтандыру идеясымен ұштасып, кеңістіікті киелі күш арқылы қорғау түсінігін білдіреді. Қамбар ата — жылқының пірі, қорғаушысы ретіндегі тәңірлік нанымның маңызды символы. Қамбар атаның жылқы пірі ретіндегі функциясы көшпелі дүниетанымдағы жылқының ерекше орны арқылы ашылады. Жылқы мәтінде тек қозғалыс құралы емес, жолды игерудің семиотикалық кілті ретінде көрінеді: кеңістікті кесіп өту, уақытқа үлгеру, қауіпті айналып өту тәрізді практикалық әрекеттердің барлығы жылқымен тікелей байланысты. Осы себепті жылқы пірін шақыру сапардың логикасын күшейтеді: жолға шығудың өзі жылқы мәдениетімен анықталатындықтан, қорғаушының да сол салаға қатысты болуы мифтік тұрғыдан «дұрыс сәйкестік» (сакралды сәйкестендіру) принципіне сай келеді. Бұл жерде пір бейнесі көшпелі қоғамдағы өмір сүру тәсілін (көш, сапар, кеңістік) мифтік деңгейге көтеріп, кейіпкердің әрекетін дәстүрлі нормалармен бекітеді.

Үзіндідегі Баба түкті Шашты Әзіз, Қамбар ата және қырық шілтен, ғайып ерен секілді тұлғалардың қатар аталуы қазақ дүниетанымындағы сенім жүйесінің көпқабатты (синкретті) сипатын көрсетеді. Мұнда көне тәңірлік-мифологиялық түсініктер мен кейінгі діни-әулиелік ұғымдар қабаттаса келіп, бір ғана функцияға — жолаушыны қорғау, жолын ашу, қатерден сақтау мақсатына тоғысады. Осы арқылы шығармада «көзге көрінбейтін қорған» концепті іске қосылады: кейіпкер үшін белгісіздік пен қауіп «реттелген», яғни белгілі бір пірлік күш арқылы бақылауға келетін құбылыс ретінде қабылданады.

Бөрі архетипі — түркі мифологиясының іргелі элементтерінің бірі. Тасқұл шал бала Кенжебекке: «Бөрі анадан сүт емген қыпшақ тұқымы екеніңді мынау құмдағы мимырт елге мықтап танытар күн туды!» — деп шабыттандырады [4]. Бұл — қыпшақтардың бөрі тотемінен шыққандығы туралы мифологиялық сана. өптеген аңыздар мен шежірелерде түркі тайпаларының, соның ішінде түркілердің шығу тегі бөрімен байланыстырылып түсіндіріледі. Бұл түсінік тайпаның өзін табиғатпен, жануарлар әлемімен біртұтас қарастырған архаикалық сананың көрінісі болып табылады. Яғни бөрі бейнесі белгілі бір қауымның қорғаушысы әрі рухани бастауын

білдіретін киелі символ ретінде қабылданған. Осы тұрғыдан қарағанда, шығармада бөрі архетипінің қолданылуы кейіпкердің жеке тағдырын халықтың мифологиялық жадындағы көне түсініктермен байланыстырады. Ал шығармадағы тағы бір маңызды деталь — жылқышы шалдың «оң иығына бөрінің бас терісін жауып» сөйлеуі. Бұл көрініс мифологиялық тұрғыдан шамандық немесе бақсылық тәжірибемен байланысты ритуалдық әрекет ретінде түсіндіріледі. Көне наным-сенімдерде жыртқыш аңның терісін пайдалану арқылы адам сол жануардың күші мен қасиетін өз бойына қабылдайды деген түсінік болған. Мұндай ритуалдық әрекеттер көбіне рухани күш шақыру, батырлық қуат беру немесе қауіпті жағдайда қорғаныш алу мақсатында жасалған. Сондықтан бұл эпизодта бөрі терісінің қолданылуы кейіпкердің бойындағы күшті оятуға бағытталған символдық әрекет ретінде көрінеді.

Ат — еркіндік мифологемасы бүкіл шығарманы өзек арқалай өтетін символдық желі болып табылады. «Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, бір дене, бір жанға айналып кетеді» [4] — деген авторлық ой атты тек мал ретінде емес, адамның ажырамас рухани серігі ретінде бейнелейді. Тұлпар Қыпшақбоздың өлімі де адамдарша жерленуі — жылқы культінің, Қамбар ата нанымының көркем жүзеге асуы. Космологиялық символика да әңгімеде маңызды рөл атқарады. Тасқұл шал Кенжебекке: «Темірқазықты жадыңа мықтап тұт, шөмішті шоқ жұлдыздар ылайым оң жолға салады» — деп нұсқайды [4]. Темірқазық — Солтүстік жұлдызы, номадтық мифологияда дүниенің өзегі, «алтын қазық» ретінде қабылданады. Ақ маяның жолы — Құс жолының «текежәуміттік» атауы. Элиаде дәлелдегендей, космологиялық символдар мифологиялық санада бағдар беруші, тіршілікті реттеуші қасиетті күштер болып табылады [2, 30б].

Шашты есімінің мифологиялық мәні де назар аудартады. Жылқышы шал түсіндіргендей: «Бұрынғы көнекөз жұрт... толған ай көрсе шашты, жазғы сәуле құйылса түкті деп жатушы еді» [4]. Дуана: «Шашың өлең шөптей қаулай өсіп, еліңе шашты болып келдің, Аллатағала жар болып, ұрпағың шашыңдай көп болып, өсіп-өнсін!» — деп бата береді [4]. Есімнің бата арқылы берілуі — жалпы түркі мифологиясындағы есімнің тағдырмен тікелей байланысты екендігі туралы нанымды дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, есім беру рәсімі әрі сакралды коммуникация (адам–құдай, әулие, көрінбейтін күш), әрі әлеуметтік легитимация (қауым алдында мойындату) функциясын қатар атқарады. Кейіпкердің есімін дуананың беруі — оның статусын бекіту және оған қорған болатын рухани күшті «бекіту» тәсілі ретінде түсіндіріледі. Осылайша «Шашты» есімі әңгімеде мифологиялық мәні бар көпқабатты таңба қызметін атқарады: бір жағынан, ол өсіп-өну, көптік, береке идеяларымен байланысты; екінші жағынан, табиғат құбылыстарымен (ай, жарық, маусымдық өзгеріс) астасып, кейіпкер тағдырын «құт» түсінігімен ұштастырады; үшінші жағынан, киелі тұлғаларға тән эпитет ретіндегі қызметі арқылы кейіпкердің бейнесін қарапайым деңгейден жоғарырақ мағынаға жақындатады. Соның нәтижесінде есімнің бата арқылы берілуі мәтінде кейіпкердің болашағын алдын ала меңзейтін көркем-мифологиялық тәсіл ретінде танылады.

«Табалдырық» әңгімесіндегі архетиптік кеңістік

«Табалдырық» әңгімесінде мифологиялық дүниетаным заманауи шынайылықпен ұштасады. Ауданда болған құпиялы өлім тергелетін бұл шығармада мифопоэтикалық кеңістік бірнеше деңгейде ашылады [5].

Табалдырық архетипі — шығарманың атауы да, мазмұнының өзегі де. Архаикалық мифологияда табалдырық — тіршілік пен өлім, таныс пен беймәлім арасындағы шекара. Элиаденің пікірінше: «Табалдырық, есік — тіршілік пен мекен арасын бөліп тұрған символдық шегара» [2, 22б]. Бақташы иесіз тасталған үйге кіре бергенде «қарауытқан сұлба ішке жұлқа тартып, жұлып кеп алды» [5]. Табалдырықты аттаудың тыйымы ретінде берілген бұл сәт — ескі мифологиялық санада табалдырықтың «арғы дүниеге» апаратын есік екендігі туралы нанымды бейнелейді.

«Мүттәйім жер» концепциясы — архаикалық мифологиядағы «қарғысқа ұшыраған кеңістік» ұғымының қазақша балама атауы. Ерболат ескі қыстауды «мүттәйім жер» деп атайды: «Үлкендер бұрын зұлымдық болған, үрей тудыратын сезікті жерлерді солай атайтын» [5]. Элиаде «қасиетті кеңістік» пен «қасиетсіз кеңістік» арасындағы мифологиялық айырмашылықты зерттей отырып, кейбір географиялық нүктелердің ерекше «сакральды мән» алатынын дәлелдейді [2, 43б].

Тырнақ символикасы — шығарманың мифологиялық кодын ашатын кілт. Маркұмның ақтық сөзі «Тырнақ» болып шығады. Молда тырнақтың мифологиялық мәнін Баба түкті Шашты Әзіз аңызымен байланыстырады: «Баба Түкті Шашты Әзіз Сырдарияда шомылған үш сұлу қызды көреді. Су перісінің қыздары екен. Жас жігіт ғашық болып... пері қызы оған шашыма, тырнағыма қараушы болма деп тыйым салады» [5]. Осы үзіндідегі «Шашыма, тырнағыма қарама» деген талап мәтіндегі мифтің негізгі тетіктерінің бірін көрсетеді: мұнда кейіпкер мен тылсым бейне

арасындағы қатынас белгілі бір шектеумен реттеледі. Сондықтан «тырнақтың» ақтық сөз ретінде көрінуі шығарманың астарында жасырын тұрған құпияны, бұзылған тыйымды немесе жұмбақ оқиғаның түпкі себебін меңзейді. Бұл — «Шашты» мен «Табалдырық» әңгімелерін байланыстырып тұрған терең мифологиялық арқау. Яғни екі мәтіннің мағыналық өзегінде Баба түкті Шашты Әзіз туралы аңыздық желі жатыр: су перісімен байланысты тыйым мотиві (шаш пен тырнаққа қарамау шарты) оқиғаның астарын ашатын ортақ мифологиялық кодқа айналады. Осы арқылы автор жеке эпизодтарды бір мифтік сюжетпен сабақтастырып, шығармалар арасындағы тұтастықты күшейтеді.

Қарға мифологемасы — «Табалдырық» әңгімесінде ерекше орын алады. Бақташы жолға шыққанда «қара қарғалар қарқылы» естілуі жаман нышанның белгісі ретінде беріледі. Молда Қабыл-Абыл аңызын баяндайды: «Құдай оған мүрдені қалай жерлеуді көрсету үшін екі қарғаны жіберген» [5]. Семит діни дәстүріндегі бұл сюжет — мифологиялық ойдың жаһандық сипатын, ұлтаралық діни синтезді дәлелдейді.

Ислам мен тәңірлік нанымның синтезі «Табалдырық» шығармасында да айқын байқалады. Бақташының әйелі дұғамен бірге «бақсылығымен аты шыққан емші» де шақырады [5]. Молда, дуана, емші — үш дәстүрдің бір мезгілде қатар өмір сүруі — Кемелбаева прозасының діни синкретизмді шынайы бейнелеудегі ерекше сипатын айқындайды.

«Табалдырық күзетшісі» образы шығарманың философиялық тереңдігін қалыптастырады. Суретші дос: «Табалдырық күзетеді. Оны эзотериктер адам баласы күндердің бір күні бетпе-бет кездесетін құбыжық түрінде елестетеді. Бұл табалдырық күзеткен құбыжық мына біздің өзіміздің бір бөлшегіміз, қара пиғылымыз» [5] — деп түсіндіреді. Юнгтің «Көлеңке» архетипімен үндесетін бұл образ — адамның қараңғы табиғатының мифологиялық бейнеленісі [3, 102б].

«Мұнара» романындағы мифопоэтикалық кеңістік

«Мұнара» романы (2003) жазушының ірі жанрдағы бірден-бір туындысы. Жазушы-зерттеуші Толымбек Әбдірайым роман туралы: «Мұнара» интеллектуалды, таза реалистік шығарма. Бағы жанатын роман» деп баға берді [7].

Романның бірінші бөлімінде Мәскеудегі студент қыз Айжанның бала бағушылық тіршілігі суреттелуі — тек тұрмыстық шынайылық қана емес, мифопоэтикалық тұрғыдан «шетте қалу», «жетімдік» мотиві ретінде оқылады. Элиаденің «қасиетсіз кеңістік» ұғымы бойынша Мәскеу — Айжанның рухани «шөлі», ал Тәңірге деген сенімі — оны азықтандырып тұрған символдық «бұлақ» [2, 54б]. «Бала жасынан Тәңірді қапысыз мойындаған, тағдыр талайына иланған Айжан өзінің далада қалмасына сенеді» деген баяндаудағы тәңірлік нанымның тіршілік іргетасы болуы — авторлық мифологиялық дүниетанымның тікелей берілісі [6].

Романның «Соңғы жолбарыс» аталатын екінші бөлімінде қарт аңшы Тарбақ арқылы жолбарыс бейнесінің жан-жақты ашылуы — зоологиялық реализм мен тотемдік мифологияның синтезі. Толымбек Әбдірайымның пікірінше: «Жолбарыс жаратылысында қазақтың өршіл, мықты рухы бар!» [7]. Бұл тұрғыдан жолбарыс — жай зоологиялық объект емес, ұлттың тотемдік символы ретінде оқылады.

«Жолбарыс өз туған жерін адамнан бетер сүйеді. Ата-мекенін ол жаттан қызғанып, өзінше қориды» [6] деген сипаттама — тотемдік жануарға адами сипаттар беретін мифологиялық «антропоморфтандыру» тәсілінің нақты үлгісі. Мелетинскийдің тотем мифологиясы туралы зерттеуінде атап өткендей, бұл тәсіл — ертедегі тотемдік ойлаудың қазіргі прозадағы трансформацияланған түрі [1, 165б].

Уақыт пен кеңістіктің мифологиялық моделі

Кемелбаева прозасындағы уақыт моделі — сызықтық (тарихи) емес, циклдік (мифологиялық) сипатта. «Шашты» әңгімесінде 18 ғасырдың тарихи уақыты заманауи оқырман үшін мифологиялық «алғашқы уақыт» мәнінде берілген. Ата-бабалардың ерлігі, пірлерге сыйыну — осы «алғашқы уақыттың» ізі, үнемі айналып оралатын циклдің бөлшегі.

«Табалдырық» әңгімесінде уақыттың циклдік табиғаты ескі қыстаудың кеңістігі арқылы беріледі. Ерболат ескі қыстауға барғанда «есіме бұрын үлкендерден естіген сөздер, қилы тағдырлар келе бастады. Тап сол маңайда ертеректе болып өткен жайттар тау-таста, салқын ауада, суда өшпей сақталып қалған сияқты» [5] деп сезінеді. Бұл — «кеңістіктің жады» мотиві. Мифологиялық санада белгілі бір кеңістік өзінде болған оқиғалардың рухын сақтай алады деп нанылған.

Аруақ — өткен мен қазірді жалғастырушы мифологиялық медиатор рөлін атқарады. «Шашты» әңгімесінде «Жұлдыздай қыпшақтың бұрынғы өткенінің өлген аруағы ма екен, елес боп көзге көрінген?» [4] деген сұрақ аруақтардың тірілердің ісіне кірісе алатындығы туралы

мифологиялық сенімді айқын бейнелейді. «Табалдырық» әңгімесінде де «Ол түсімде маған: «Сен айт! Білгеніңді айт» деді» [5] деген сөз өлген бауырдың аруағының тіршілік иелеріне хабар берушілік рөлін айқындайды.

Топонимика — Кемелбаева прозасындағы мифологиялық кеңістіктің тағы бір өлшемі. «Шашты» әңгімесінде Сырдария, Әмудария, Қызылқұм, Темірқазық — нақты географиялық атаулар мифологиялық мағынаға ие болады. Мелетинскийдің пікіріндей, номадтық мифологияда жер де тірі жан ретінде, рухани энергия иесі ретінде қабылданады [1, 215б].

Қорытынды

Айгүл Кемелбаева прозасындағы мифопоэтиканы талдау нәтижесінде мынадай қорытындыларға келуге болады. Біріншіден, жазушы туындыларында тәңірлік нанымды, ислам дінін және архаикалық мифологияны шебер синтездей отырып, ұлттық рухани мұраны қазіргі прозаның мазмұнына айналдырады. Екіншіден, «Шашты» әңгімесінде аруақ, пір, бөрі тотемі, ат-тұлпар культі, космологиялық символика — номадтық мифологияның іргелі элементтері ретінде суреттеліп, олар сюжеттің мифологиялық астарын қалыптастырады.

Үшіншіден, «Табалдырық» әңгімесінде табалдырық архетипі, «мүттәйім жер» концепциясы, тырнақ символикасы, қарға мифологемасы — заманауи оқиға желісінде мифологиялық кеңістік тудырады. Осы шығармаларда мифологиялық дүниетанымды ғылыми-рационалдық пікірмен диалогқа қою — авторлық тәсілдің ерекше белгісі. Төртіншіден, «Мұнара» романында тәңірлік сенімнің тіршілік іргетасы ретіндегі рөлі мен жолбарыс тотемі арқылы мифологиялық кеңістік романдық баяндаумен ұштастырылады.

Жалпы алғанда, Кемелбаева прозасындағы мифопоэтика — жай фольклорлық безендіру немесе этнографиялық деректі пайдалану емес, кейіпкерлердің дүниетанымдық өзегі, шығармалардың семантикалық жүйесін айқындайтын тереңдік деңгейі. Жазушы ұлттық мифологиялық санасезімді заманауи прозаның тіліне сіңіре отырып, қазақ прозасының рухани өлшемін кеңейтеді. Бұл ерекшелік Айгүл Кемелбаеваны қазіргі қазақ прозасының мифопоэтикалық бағытының жарқын өкілі ретінде тануға толық негіз береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. — М.: Наука, 1976. — 407 б.

2. Элиаде М. Священное и мирское / Пер. с фр. Н.К. Гарбовского. — М.: МГУ, 1994. — 144 б.

3. Юнг К.Г. Архетип и символ / Пер. с нем. — М.: Ренессанс, 1991. — 304 б.

4. Кемелбаева А.Ж. Шашты: әңгіме // Ақ желкен журналы. — 2014. — №12; Жұлдыз журналы. — 2014. — №12. [Электрондық ресурс]. — URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/aigul-kemelbaeva-sasty-angime__10577

5. Кемелбаева А.Ж. Табалдырық: әңгіме // abai.kz [Электрондық ресурс]. — URL: https://abai.kz/post/161887

6. Кемелбаева А.Ж. Мұнара: Роман. — Алматы, 2003. — 149 б. [Электрондық ресурс]. — URL: https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1683651&simple=true

7. Әбдірайым Т. Бағы жанатын шығарма («Мұнара» романы туралы) // abai.kz [Электрондық ресурс]. — URL: https://abai.kz/post/161887

МҰХТАР МАҒАУИН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДРАМАТИЗМ

А.М. Білтебай
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа

Бұл мақалада Мұхтар Мағауинның әңгімелеріндегі психологиялық драматизм зерттеледі. Зерттеу барысында автордың кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесі, эмоциялық күйзелістері, сенім мен күмән арасындағы күресі, сондай-ақ махаббат пен қорқыныштың алмасуы қарастырылады.

Мақалада Мұхтар Мағауинның «Архив хикаясы», «Тұлымханның бақыты», «Әйел махаббаты», «Қуыршақ», «Көк кептер» әңгімелері талданып, психологиялық драматизм туралы жан-жақты зерттелген. Мақалада Мағауин шығармаларындағы әлеуметтік және тарихи орта адамның психологиялық ахуалына қалай әсер ететіні талданады. Сондай-ақ, жазушының драматизмнің элементтерін қолдануы психологиялық шиеленісті күшейтетін маңызды көркемдік тәсіл ретінде сипатталады. Зерттеу нәтижелері қазақ прозасындағы психологиялық драматизмді ашуда Мұхтар Мағауин шығармашылығының маңызды рөлін көрсетеді.

Кілт сөздер: Мұхтар Мағауин, психологиялық драматизм, әңгіме, кейіпкердің ішкі дүниесі, қазақ прозасы.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде адам жанының терең иірімдерін, кейіпкердің ішкі күйзелісі мен рухани толғанысын бейнелеу маңызды көркемдік бағыттардың бірі болып саналады. Әсіресе психологиялық драматизм арқылы жазушы кейіпкердің жан дүниесіндегі қайшылықтарды, сезімдік өзгерістерді және өмірлік таңдаулардың күрделілігін көрсетуге мүмкіндік алады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ прозасында адам психологиясын терең әрі шынайы бейнелеген қаламгерлердің бірі – Мұхтар Мағауин. Жазушының әңгімелерінде кейіпкерлердің ішкі әлемі, рухани күйзелісі, сезім мен сана арасындағы тартыс, сенім мен күмәннің күресі айқын көрініс табады. Оның шығармаларында адам тағдыры тек сыртқы жағдайлармен ғана емес, сонымен қатар кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі психологиялық өзгерістермен де байланыста қарастырылады. Бұл ерекшеліктер кейіпкерлердің психологиялық күйін тереңдетіп, шығармалардың драматизмін күшейтеді.

Осы мақалада Мұхтар Мағауин әңгімелеріндегі психологиялық драматизмнің көркемдік табиғаты, оның кейіпкер мінезін ашудағы рөлі және жазушы қолданған көркемдік тәсілдердің ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында жазушы шығармаларындағы адам жанының күйзелісі, ішкі қайшылықтары мен рухани ізденістері әдеби-теориялық тұрғыдан талданады.

Зерттеу деректері мен әдістері

Зерттеу дереккөздері ретінде қазақ прозасындағы психологиялық талдау, көркемдік драматизм және кейіпкердің ішкі әлемін бейнелеу мәселелерін қарастыратын әдебиеттану еңбектері негізге алынды. Атап айтқанда, қазақ әдебиетіндегі психологиялық прозаның дамуы, кейіпкердің жан дүниесін бейнелеудің көркемдік тәсілдері және ұлттық дүниетанымның көркем мәтіндегі көрінісі туралы ғылыми зерттеулер пайдаланылды. Бұл еңбектерде адам психологиясын бейнелеудің көркемдік ерекшеліктері, драматизмнің көркемдік қызметі және оның әдеби шығармадағы рөлі жан-жақты талданады.

Зерттеу нысаны ретінде Мұхтар Мағауин әңгімелеріндегі кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі, психологиялық күйзелісі және драмалық жағдайлары қарастырылды. Автордың шығармаларындағы кейіпкерлердің сезімдік толғаныстары, рухани қайшылықтары және өмірлік таңдауларымен байланысты психологиялық драматизм көркемдік тұрғыдан талданды.

Зерттеу барысында мазмұндық-идеялық, салыстырмалы және әдеби-теориялық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар мәтіндік талдау арқылы кейіпкерлердің ішкі монологтары, психологиялық күйзелістері және драмалық жағдайлардың көркемдік қызметі айқындалды. Нәтижесінде Мұхтар Мағауин әңгімелеріндегі психологиялық драматизмнің көркемдік табиғаты мен оның кейіпкер бейнесін ашудағы маңызы анықталды.

Нәтижелер мен талқылау

Қоғамда орын алып жатқан түрлі құбылыстарды, өзекті мәселелерді және сан алуан оқиғаларды саралап, оларды оқырманға көркем шығарма түрінде жеткізу – жазушылардың негізгі міндеттерінің бірі. Шығармаларда кейіпкерлер арасындағы қақтығыстар, автор мен кейіпкердің байланысы, сондай-ақ оқырман мен кейіпкер арасындағы пікір қайшылықтары драматизмнің айқын көрінісін танытады. Әдебиеттегі кез келген жанрды қарастырсақ, одан драматизм элементтерін анық байқауға болады. Әсіресе қазақ әңгіме жанрындағы туындыларда терең мағынаға ие оқиғалар желісі арқылы өткен ғасырдың көрінісі мен қазіргі қоғамның бейнесі ашылады. Бұл тұрғыда тәжірибелі аға буын қаламгерлердің де, бүгінгі заманның жаңалығына бейім жас жазушылардың да әңгімелерінде кездесетін драматизм мен оған қатысты мәселелерге назар аудармау мүмкін емес. Драматизм – бұл сана мен ой қайшылығының көрінісі. Көркем шығармаларда кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі шешімі табылмаған қарама-қайшылықтар,

өмірдегі қиындықтар мен ауыртпалықтар бейнеленеді. Кейіпкерлер кейде уайым мен мұңға беріліп, тағдыр тауқыметіне налиды, күйзеліске ұшырап, өмірдің соқпағында опық жеген жандар ретінде суреттеледі. Өмір бар жерде тартыстың болуы заңды құбылыс. Өнер де өмірден бастау алады, сол арқылы шынайы өмірдің ащы ақиқаты көрініс табады. Драматизм эстетикалық категория ретінде әдеби шығармашылықтың барлық қырында байқалады. Ол көркем материалды драматизациялау тәсілдері арқылы, яғни сюжетте, қақтығыста, әрекетте, кейіпкер мінезінде, диалог пен монологта, сондай-ақ авторлық ұстанымда көрініс береді. Сондықтан қазіргі қазақ әңгімелеріндегі драматизмнің көріністері мен қызметіне назар аударып, оның негізгі мәселелерін жан-жақты талдау ерекше маңызды. Алуа Темірболаттың «Прозадағы драматизм. М.Әуезовтің 1920–1930 жылдардағы әңгімелері негізінде» атты мақаласында драматизмнің қызметі кеңінен талданады. Автор бұл мәселені М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» мен «Көксерек» әңгімелерін мысалға ала отырып түсіндіреді. Осы шығармалардағы оқиғалар мен кейіпкерлер тағдыры арқылы драматизмнің көрініс табу ерекшеліктерін ашып көрсетеді де, «Драматизм дәуірдің эстетикалық идеяларын, жазушының көзқарасын көрсетеді» - деген ұстанымға келеді [1, 243].

Прозадағы тартыс – бір-біріне қарсы тұрған күштердің, әлеуметтік топтардың немесе жеке адам мен қоғам арасындағы келіспеушіліктердің көрінісі. Адам мен заманның, адам мен табиғаттың, екі тұлғаның арасындағы қарама-қайшылықтар, сондай-ақ адамның өз ішкі жан дүниесіндегі күресі драматизмді айқындайды. Қақтығыс повесть сюжетінің дамуына бағыт-бағдар беріп, шығарманың негізгі тақырыбын ашуға ықпал етеді. Оқиғаның қалай аяқталатынын алдын ала аңғартатын да – драматизм. Тартыс қарама-қарсы екі күштің өзара байланысын көрсетіп, шығарманың композициялық құрылымына тікелей әсер етеді. Егер бір кейіпкердің бойында бірнеше қайшылық болса, оларды ішкі және сыртқы тартыс деп бөлуге болады. Сыртқы тартыс қоғаммен, түрлі идеялармен немесе басқа адамдармен туындайтын ашық келіспеушіліктер арқылы байқалады. Ал ішкі тартыс әлдеқайда күрделі болып келеді: ол адамның өз ішкі сезімімен, өкініштерімен, кемшіліктерімен және шешім қабылдау кезіндегі күмән-күдіктерімен күресі арқылы көрінеді. Н.Төлеева өзінің драматизм және оның көркемдік-эстетикалық мәні мен қызметі» атты еңбегінде: «Драматизм негізінен ойлардың қақтығысы» - деп түсініктеме береді [2, 302]. Бұл мәселе адам өміріндегі қайғы мен қиындықтарды, жалғыздық пен жатсыну сезімдерін бейнелеумен тығыз байланысты. Нәтижесінде ол адам баласының күрделі де сан қырлы тіршілігін, қайшылықтарға толы өмір жолын суреттейді. Осындай күрделі әрі ауқымды мәселелерді астарлы түрде оқырманға жеткізу – жазушылардың негізгі ұстанымдарының бірі. «Шығармада суреттелетін құбылыстар мен оқиғалар, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен мінез-құлқы автор көзқарасын танытудың басты құралы болып табылады. Бұл ұстаным кейде тікелей айтылса, кей жағдайда жанама түрде көрініс табуы мүмкін» [3, 132].

Әдебиеттің даму жолында повесть жанры үнемі жаңарып, көркемдік деңгейі жағынан да, мазмұны мен құрылымы тұрғысынан да жетіле түсті. Бұл жанрдың маңызды ерекшеліктерінің бірі – онда драматизмнің айқын байқалуы. Повесть көбіне адам тағдырына, оның өмір жолындағы ішкі және сыртқы қайшылықтарына негізделетіндіктен, драмалық сипат жанр табиғатымен тығыз байланыста болады. Сол себепті повесть сюжеті кейіпкердің жан дүниесіндегі күйзелістерді, өмірлік таңдаулар мен шешімдерді терең ашуға бағытталады. Драматизм – адам өмірінде, сондай-ақ адам мен оны қоршаған әлеуметтік әрі табиғи орта арасындағы күрделі қарым-қатынастардан туындайтын қайшылықтарды бейнелейтін эстетикалық ұғым. Философиялық сөздікте: «Драматизм (лат. drama – әрекет) – адам өмірінің, адам мен оны қоршаған қоғамдық және табиғи ортаның арақатынастарының қайшылықтары мен қиғаштықтарын бейнелейтін категория. Шындықты өз күрделілігі мен қайшылықтарында суреттеу арқылы реалистік өнер өмірдің драматизміне, адамдардың тағдыры мен тауқыметіне терең бойлайды. Өмірдегі қайшылықтардың ерекше эстетикалық формасының белгісі ретінде өнерде адамның қарама-қайшы іс-әрекеттерін, идеяларын, талпыныстарын, алауыздықтарын суреттеу формасы ретіндегі драмалық тартыс – драматизмнің толық және шоғырланған көрінісі болып табылады. Шынайы өнерде драмалық конфликт өзінің тереңдігімен қатар идеялық және әлеуметтік маңызымен, өткірлігі және шиеленісімен көзге түседі, демек ол шығарманың адамға эстетикалық әсерін күшейтеді» - деген анықтама берілген [4, 142]. Өмір шындығын бар қырынан көрсетуге ұмтылған көркем өнер адам тағдырындағы ауыр сынақтар мен рухани толғаныстарды көбіне драмалық тартыстар арқылы көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, драматизм тек сыртқы әрекетпен ғана шектелмей, адамның ішкі әлеміндегі терең арпалыстармен де байланысты болады. Қарама-қарсы идеялар мен көзқарастардың, түрлі мақсаттар мен ұмтылыстардың қақтығысы көркем шығармадағы драмалық тартыстың негізін құрайды. Әңгімелерінде кейіпкер психологиясын толықтай ашып көрсетіп,

тартысты көркем түрде шебер суреттейтін жазушылардың бірі – Мұхтар Мағауин. Ол қазақ прозасының дамуына елеулі үлес қосқан қаламгерлердің бірі. Жазушы шығармашылығы тақырыптық және мазмұндық тұрғыдан әр кезеңнің болмысын бейнелеуімен ерекшеленеді. Оның бірқатар туындыларында кеңестік дәуірдегі ауыл өмірі, сол уақыттағы қоғамдық қатынастар мен адамдардың тұрмыс-тіршілігі көркемдік тұрғыда суреттеледі. Ал кейінгі кезеңде жарық көрген шығармаларында тәуелсіздік жылдарындағы қоғамдағы өзгерістер мен жаңа әлеуметтік құбылыстар кеңінен көрініс табады. Оның «Әйел махаббаты», «Қуыршақ», «Көк кептер», «Тазының өлімі», «Бір атаның балалары», «Кешкұрым», «Архив хикаясы», «Тіленші» атты әңгімелерінде оқырман мен кейіпкер арасындағы ішкі қайшылықтардың туындауына да мүмкіндік жасалады. «Шынында да шығарманы психологиялық тұрғыдан талдап зерттемей, адам психикасына тереңдеп енбей, оның табиғатын, сезім құбылыстарын сезініп жазу мүмкін емес» - демекші, М.Мағауинның әңгімелерінде адам психологиясына көп көңіл бөлінген [5, 5]. Әңгіменің сюжеті қазіргі заман шындығын бейнелейтін көркем көрініс ретінде көрінеді. Онда адам мен адам арасындағы маңызды рухани құндылықтардың әлсіреп, біртіндеп жоғала бастауы суреттеледі. Жазушының жаңашыл бағыттағы туындылары қазіргі қоғам шындығын терең бейнелеп, түрлі әлеуметтік мәселелерді астарлы түрде жеткізуімен құнды. Сонымен қатар бұл шығармаларда ұлттық болмысқа қатысты өзекті проблемалар көтеріліп, олардың мәні мен маңызы көркемдік тұрғыдан айқындалады.

Мұхтар Мағауинның «Әйел махаббаты» әңгімесі – қазақ прозасында адам тағдыры, махаббаттың табиғаты, жастар психологиясы, өнер мен қоғам арасындағы байланыс, сондай-ақ әйел жанының күрделі болмысы көрініс тапқан көркем шығарма. Туындының негізгі желісі консерваторияда білім алып жүрген дарынды композитор Төлегенмен жас қыздың танысуынан басталады. Қыздың оған деген ішкі ықыласы, махаббат сезімін қабылдау мен одан ірге тарту арасындағы психологиялық толғаныстары, ақырында сол сезімнің трагедиялық сипат алуымен түйінделетін адам тағдырының ащы шындығы шығарма мазмұнының өзегін құрайды. Жазушы өмірдің күтпеген бұрылыстарын, тағдырдың құбылмалы сипатын, махаббаттың бірде лирикалық, бірде романтикалық, енді бірде қайғылы сипат алатын күрделі күйін көркемдік тұрғыдан шебер бейнелейді. Әңгімедегі баяндаушы қыз алғашында Төлегенге ерекше қызығушылықпен қарайды. Оның әсем даусы, өнерге деген қабілеті, мінезіндегі тартымдылық қыз жүрегінде жылы сезімнің оянуына себеп болады. Шығармада қыздың «бәрі сияқты емес», «шын мәнінде махаббат қажет пе?» деген іштей толғаныстары оның мінездік болмысын айқындай түседі. Ол сезімге жеңіл қарамайтын, ішкі дүниесін бірден ашып салмайтын, өзін ұстай білетін кейіпкер ретінде көрінеді. Қыздың Төлегенге бірден беріле қоймауы оның рухани тазалығын, парасаттылығын әрі махаббатты терең түсінуге ұмтылатын табиғатын аңғартады. Осы арқылы жазушы әйел сезімінің нәзіктігін, жан дүниесіндегі толғаныстарды және өзін-өзі бақылап отыратын ішкі әлемін нанымды түрде суреттейді. Ал Төлеген бейнесі әңгімеде романтикалық сипатпен беріліп, ерекше көркемдік реңкке ие болады. Алғашқы романтикалық әсерден кейінгі оқиғалар кейіпкерлердің үмітін үзіп, өмірдің қатал шындығын айқын көрсетеді. Төлегеннің тағдыры біртіндеп күйзеліс пен торығуға ұласады. Оның рухани дағдарысы, мазасыз көңіл күйі, сыртқы келбетінің жүдеу тарта бастауы мен жан дүниесінің күйреуі кейіпкердің трагедиялық тағдырын алдын ала аңғартады. Әңгіме барысында Төлегеннің өнерлі әрі талантты болғанымен, рухани тұрғыдан әлсіз, өз жанын қорғай алмайтын, қоғаммен бетпе-бет күресуге дәрменсіз тұлға екені байқалады. Соңында оның жындыханаға түсуі, адам ретінде күйреп, өмірінің қайғылы аяқталуы – махаббат пен арманның да трагедияға ұласуы мүмкін екенін білдіретін маңызды көркемдік шешім. Бұл – шығарманың ең ауыр әрі шынайы трагедиялық түйіні. Қыздың Төлегенге деген сезімін ашық білдірмей, іште сақтауы да адам психологиясын терең танытатын көркем детальдардың бірі. Ол Төлегенге шынайы жақын болғанымен, өз абыройы мен ішкі қадір-қасиетін сақтауды да маңызды санайды. Қыздың өзін «өмірдің мәнін толық түсіне бермейтін, тәжірибесіз әйелмін» деп сипаттауы оның ішкі толғанысын, күмәнін, сондай-ақ өзін-өзі бақылауға тырысқан күйін аңғартады. Осындай детальдар арқылы жазушы әйел жанының әлсіздігін емес, керісінше оның тереңдігін, сезім әлемінің күрделілігі мен шынайы салмағын көрсетеді. «Әйел махаббаты» әңгімесі – таза әрі мөлдір сезімді, адам тағдырының ауыр тұстарын, романтикалық көңіл күйді, қоғамның қатал болмысын және адамның ішкі жан дүниесінің психологиялық тереңдігін қатар бейнелейтін шығарма. Туындыда махаббат сезімі бастапқыда лирикалық сипатта көрініс тауып, кейін трагедиялық сипатқа ұласатын күрделі құбылыс ретінде көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда, бұл әңгіме нәзік психологизмге негізделген, адам жанының терең иірімдерін ашуға бағытталған қазақ прозасының көркем үлгілерінің бірі болып саналады.

Мұхтар Мағауиннның «Көк кептер» әңгімесі «Адам қартайғанда бір бала» деген тұжырым тек мінез-құлық немесе жүріс-тұрыс ерекшеліктеріне қатысты емес, сонымен қатар адамның ішкі жан-дүниесі мен пиғылы арқылы да анықталатыны көрсететін туынды. Қарттық кезеңдегі балалық сипаттар көбіне кең пейілді және психологиялық жағынан тұрақты тұлғаларда байқалады. Мәтіндегі кейіпкердің бала тәрізді қылықтары байқалады, алайда ол бала мезгілсіз есейген, өмірге бейімделген деп сипатталады. Кейіпкер күндізгі уақытта биік мұнаралы музей үйінің теріскей қапталында, ұзын және сәл қисық скамейканың шетінде отырады. Қолында нан бар, ал тізесіне көлденең қойған қара қап-қара, жезбен әшекейленген таяғы көрінеді. Оның аяғының астында бірнеше көгершін шоғырланып, нанмен қоректенеді. Ақсақал нанды үзіп берумен айналысады, бірақ оның әрекеттерін бақылау немесе қызығушылық білдіру сипатталмайды. Бетінде қатпарлар бар, сақалсыз үшкіл иегі сәл қозғалады, көздері қызарып, белгілі бір нүктеге бағытталған. Сол мезеттегі әрекеттер – оң қолмен кептерлерге нан беру – кейіпкердің жалпы мінез-құлқы мен психологиялық жағдайымен сәйкес емес көрінеді. Себебі Болат деген ұлынан жастай айырылған ақсақалдың өз ойларымен тартысы оны күнде осы үйреншікке іске жетелейтін. Драматизмнің негізгі көрінісі адамның психологиялық құрылымы, эмоциясы және ішкі ой-толғаныстары арқылы көрінеді. Әңгімедегі психологиялық драматизм, әсіресе, кейіпкер ақсақалдың ұлына деген сағынышын сипаттау арқылы ашылады.

Мұхтар Мағауиннің «Қуыршақ» әңгімесі – қазақ прозасындағы мистикалық және фольклорлық мотивтерді жаңа эстетикалық тұрғыдан бейнелейтін бірегей шығарма болып табылады. Әңгімеде адам тағдыры, оның рухани әлемі, сенім мен күмән арасындағы күрес, махаббат пен қорқыныштың өзара алмасуы, сондай-ақ мистикалық күштердің адамның өміріне әсері терең көркемдікпен сипатталған. Шығармада адамның өмірінің нәзіктігі мен тағдырдың белгісіздігі, ішкі психологиялық күйзелістері, махаббаттың жарық сұлбасы мен оны қоршаған қараңғы тылсым күштердің қайшылығы көрініс табады. Әңгіме алғашқы махаббат пен жастық романтиканы бейнелеуден басталып, біртіндеп адамның жаны мен тәнін әлсірететін, еркіндігін шектейтін мистикалық ықпалға ауысады. Бұл процесс Мағауин шығармаларының драматизм мен терең психологиялық талдаудың үйлесімін айқын көрсетеді. Әңгімедегі басты кейіпкер Құрманның тағдыры бастапқыда қарапайым ғашықтық оқиғасы ретінде көрінгенімен, уақыт өте келе мистикалық сипатқа ие болады. Қыздың сыртқы келбеті мен мейірімді жүзі, жұмбақ мінезі және түсініксіз әрекеттері Құрманның сезімін баурайды. Алғашында бұл сезім таза, романтикалық сипатта болса, кейін қыздың адамдық табиғаттан тыс, тіпті залым күштің иесі екені айқындалады. «Қуыршақ» әңгімесінің негізгі идеясы – адамның рухани және психологиялық еркіндігі мәселесіне арналған. Шығармада кейде адам өзі сенген немесе сүйген нәрсеге тәуелді болып, өз еркіндігінен айырылуы мүмкін екені көрсетіледі; махаббат та әрқашан жанды жарыққа жеткізбейді, кейде оны қараңғылыққа апарады. Сыртқы сұлулық, нәзіктік немесе мейірім шын мәнінде зұлымдықтың маскасы болып шығуы ықтимал. Мұхтар Мағауин адамның сезімге бой алдыруы, сенімге тез берілуі, сондай-ақ тылсымнан қорқа отырып оған жақындауы сияқты психологиялық үрдістерді шынайы бейнелейді. Бұл идея әңгіменің трагедиялық сипатын күшейтеді. Жазушының көзқарасы бойынша, адам тағдыры тек сыртқы жағдайлар мен орта әсерінен ғана емес, сонымен қатар оның ішкі үрейлері мен сенімдерінен де құралады.

М.Мағауин шығармашылығында ұлттық идеяның элементтері бар туындыларды кездестіру қиын емес. Оның шығармаларында социалистік қоғамның іштен ірітетін, адамдардың рухын әлсірететін және моральдық тұрғыдан тоздыратын кемшіліктері жиі көрініс табады. «Қазіргі әдебиетіміздің тақырыптық ауқымы тың үрдістерге сай кеңейе түсуде. Қаншама шығармалар жарық көруде. Бұрын-соңды қаламға ілікпеген тың жағдайлар мен адам мінездерін бейнелеуде батыл қадамдар жасалып, бейненің жинақтаушылық қасиеті күшеюде. Қаламгерлер өз қоғамындағы, өз ортасындағы адами қасиеттерді зерттей отырып, алуан түрлі көркем образдарды дүниеге алып келіп жатыр. Соның нәтижесінде қоғамның бет-бейнесі, қыр-сыры айқынырақ танылып жатқаны шындық» - дегендей, бұл әңгімеде Тұлымханның әйелінің адами қасиеті сынға алынады [6, 35]. Мысалы, оның «Тұлымханның бақыты» әңгімесінде кейіпкердің өмірі сыртынан бейкүнә көрінгенімен, оның ішкі күйбенуі мен көңілсіз тіршілігі социалистік қоғамдағы шынайы өмір шындығын көрсетеді. Әйелі үй кеңейту немесе өздерінің кейбір тойымсыз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында Алматыда беделді армян бастығымен қарым-қатынаста болады, ал өзі командировкадан артылған азды-көпті қаржыға көңіл бөліп, күнделікті күйбең тірлікті өткізеді. Бұл тұрғыдан қарағанда, жетпісінші жылдардың басында Мағауиннің шығармашылығында оның ерекше бір қасиеті – сол заманның өмір шындығын тез қабылдап, оны ұзақ талдау жүргізбей, сенімді және шынайы көркем шындыққа айналдыра білуі айқын байқалады. Сонымен қоса әйел

адамның психологиясындағы жұбайымен бақытты өмір кешу немесе сырттай жүріс арқылы кедейліктен арылу деген ойларының арасындағы тартыс шебер көрініс табады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Мұхтар Мағауиннің әңгімелерінде психологиялық драматизм негізгі көркемдік құрал ретінде қызмет етеді. Оның шығармаларында кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесі, эмоциялық күйзелістері, сенім мен күмән арасындағы күресі, сондай-ақ махаббат пен қорқыныштың алмасуы көрініс табады. Автор адамның психологиялық жағдайын шынайы, нәзік детальдар арқылы сипаттай отырып, оқырманға кейіпкерлердің ішкі әлемін терең түсінуге мүмкіндік береді. Мағауиннің шығармаларында әлеуметтік орта мен тарихи жағдайлардың адам психологиясына әсері айқын көрініс табады. Әрбір әңгіме адамның рухани еркіндігі мен ішкі қайшылықтарын, сезімге бой алдыруының, сенімге берілуінің ықпалын көрсету арқылы драматикалық шиеленістің тереңдігін арттырады. Мистикалық және фольклорлық элементтердің қосылуы оқиға желісіне ерекше әсер береді, кейіпкерлердің психологиялық ахуалын күшейтеді. Осы тұрғыдан алғанда, Мұхтар Мағауин шығармашылығы қазақ прозасындағы психологиялық драматизмді терең әрі жан-жақты ашып көрсететін көрнекті үлгі болып табылады. Оның әңгімелерінде адамның ішкі дүниесі мен психологиялық күйзелісін зерттеу арқылы заманауи қазақ әдебиетінде психологиялық бағыттағы шығармашылықтың айқын үлгісі қалыптасқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Темирболат А. Драматизм прозы М.О.Ауезова 1920-1930–х годов // М.О. Әуезовтың көркемдік дүниетанымдық ізденістері (1920-30 жылдар). – Алматы, 2006. – 304 с.
2. Төлеева Н.Ә. Драматизм және оның көркемдік–эстетикалық мәні мен қызметі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, − 2010. − №3 (127). – Б. 302−306.
3. Смағұлова Н.Қ. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты. Филология ғылымдарының канд. афтореф. – Астана, 2006. – 24 б.
4. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
5. Г.Пірәлиева. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Алматы, «Алаш» - 2003. – 329 б.
6. Жарылғапов Ж.Ж. Қазіргі қазақ прозасындағы қала бейнесі / Ж.Ж. Жарылғапов, М.Ж. Кенжекова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2019 .

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» КОНЦЕПТІСІ

Ш. Ермек
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Андатпа

Бұл мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы «Рухани жаңғыру» концептісінің көркемдік және идеялық көрінісі қарастырылған. Сондай-ақ қазіргі ақындардың шығармашылығындағы тарихи жад, ұлттық сана, мәдени код және заманауи қоғам жағдайындағы рухани ізденіс мәселелері талданды. Ұлттық болмысымызды сақтаған, жаңа дүниетаным қалыптастыру үдерісі ретінде поэзиядағы «жаңғыру» ұғымы сараланды.

Зерттеу барысында Ақберен Елгезек, Ұлықбек Есдәулет, Ерлан Жүніс және Маралтай Райымбекұлы поэзияларындағы «рухани жаңғыру» идеясының поэтикалық көріністеріне тереңнен талдау жасалды. Ақындар туындыларындағы тарихи сананы жаңғырту, ұлттық құндылықтарымызды қайта пайымдау және қазіргі замана адамының рухани ізденісі көркемдік тұрғыдан зерделенді. Сонымен қатар, қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы салыстырмалы талдау негізінде қарастырылды.

Кілт сөздер: қазіргі қазақ поэзиясы, рухани жаңғыру, ұлттық сана, тарихи жад, поэтикалық концепт, рухани құндылықтар.

Кіріспе

Қазақ поэзиясы ұлттың рухани дүниетанымын, тарихи табиғаты мен мәдени жадын бейнелейтін көркем құбылыс ретінде қоғамдық даму үдерісімен бірге қалыптасатын және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рухани мұра. Ол әр кезеңдегі әлеуметтік-тарихи өзгерістерді жаңғырта отырып, көркем тіл арқылы уақыт өте келе өзгерген халықтың жан дүниесін, ұлттық санасы мен құндылықтарын бейнеледі. Бұл тұрғыда ұлттық руханияттың қалыптасуы мен сақталуында мәдени сабақтастықтың маңызы ерекше. Алаш зиялысы Ж.Аймауытов: *«Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек»* [1] деп атап көрсетеді. Бұл ой қазіргі қазақ поэзиясындағы «рухани жаңғыру» үдерісі ең алдымен ұлттық тәрбие мен рухани негізді сақтаудан басталатынын аңғартады. Сонымен бірге М.Жұмабаев: *«Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай»* [2] деп тұжырымдайды. Мұнда қазіргі поэзиядағы рухани жаңғырудың басты арнасы тіл арқылы ұлттық жад пен дүниетанымды жаңғырту екені айқын көрінеді. Бұл ұлттық мәдениетке негізделген білім беру жүйесінің тұтастығы мен бірлігі қоғамның рухани кеңістігін қалыптастырудың маңызды тетігі болып табылатындығын анықтайды.

Әр халықтың өзіндік мәдениетінен бастау алатын рухани құндылықтар жүйесі сабақтастық пен жүйелілік арқылы қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ поэзиясы ұлттық бірегейліктің жаңа көзқарасына, тарихи тәжірибені қайта зерделеуге және рухани құндылықтарды жаңғыртуға бейімділігін айқын көрсетеді. «Рухани жаңғыру» идеясы қазіргі поэзияның идеялық өзегіне айналып, ұлттық бірегейлік, мәдени код және тарихи жады мәселелері арқылы ақындар шығармашылығында көркемдік сипат алуда.

Зерттеу деректері мен әдістері

Зерттеу дерек көздері ретінде қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық сана, рухани жаңғыру және әдеби үдеріс мәселелерін қарастыратын әдебиеттану еңбектері негізге алынды. Атап айтқанда, қазақ әдебиетінің заманауи даму бағыттарын мен ұлттық дүниетаным, көркемдік ойлау эволюциясын зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектері пайдаланылды. Бұл зерттеулерде қазақ поэзиясындағы ұлттық рух, тарихи жады, мәдени код және рухани құндылықтардың көркемдік қызметі жан-жақты қарастырылған.

Зерттеу нысаны ретінде Ұлықбек Есдәулет, Ақберен Елгезек және Маралтай Райымбекұлы шығармаларындағы рухани жаңғыру идеясының поэтикалық көріністері талданды. Ақындардың «Туған тіліме», «Заңдылық», «Кентавр» және «Менің атым - Тәуелсіздік» атты заманауи өлеңдері негізінде ұлттық болмыс, тарихи сана және рухани сабақтастық мәселелеріне көркемдік талдау жасалды.

Зерттеу барысында мазмұндық-идеялық, салыстырмалы және әдеби-теориялық талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде қазіргі қазақ поэзиясындағы рухани жаңғыру концептісінің көркемдік ерекшеліктері, дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы және ұлттық дүниетанымның поэтикалық бейнелену тәсілдері айқындалды.

Нәтижелер мен талқылау

Ұлттық болмыстың негізгі тіректерінің бірі – ана тілі. Тіл поэзияда халықтың руханилығы мен тарихи тәжірибесін сақтайтын құндылық ретінде ерекше маңызға ие. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының *«Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» [3]* деген тұжырымы тілдің халық өміріндегі рөлін айқын көрсетеді. Бұл ой тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттың тарихи жадын, мәдени кодын және рухани тұтастығын сақтаушы негізгі фактор екенін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ поэзиясында тіл тақырыбы рухани жаңғыру тұжырымдамасының өзекті көркемдік арнасына айналды. Ұлттық тілдің тағдыры мен болашағы ақындардың азаматтық ұстанымымен үйлесіп, поэзияда терең философиялық мазмұнға ие болады. Бұл бағыттағы көркемдік ізденістерді Ұлықбек Есдәулет шығармашылығынан айқын байқауға болады.

Ұлықбек Есдәулеттің «Туған тіліме» атты өлеңі – ана тіліміздің ұлттық рух пен тарихи сананы сақтаудағы маңызын терең бейнелейтін туындылардың бірі. Аталмыш өлеңінде туған

тілдің тағдырын халықтың рухани жағдайымен ұштастыра отырып, ұлттық болмыстың әлсіреуі мен қайта жаңғыру үрдісін көркемдік тұрғыдан көрсетеді.

Ақын тілдің қазіргі жай-күйіне алаңдаушылық білдіре отырып, оның қайта жануын символдық образдар арқылы бейнелейді:

«Етектегі тасыңды
өрге апарсам деп едім,
есіктегі басыңды
төрге апарсам деп едім,
өз елінде өгейлі,
кісі үйіне кегейлі,
кенезелі күйіңе
көл қотарсам деп едім» [4]

Бұл жолдарда ақын ана тілінің қоғамдағы жағдайын «есіктегі басыңды төрге апару» метафорасы арқылы суреттейді. Өз елінде тілдің өгей күй кешуі – ұлттық сананың әлсіреуінің белгісі ретінде көрініс табады. Ақынның өз ана тілінің тағдырын өзгертуге деген ұмтылысы рухани жаңғыру идеясымен тікелей астасып жатыр. Ақынның «көл қотарсам» бейнелі сөз тіркесі тілдің рухани күшін жандандыруға деген терең тілегін білдіреді.

Ұлықбек Есдәулеттің поэзиясында ана тілі ұлттық рухтың өзегі және рухани жаңғырудың бастауы ретінде көрінсе, қазіргі қазақ поэзиясында бұл идея одан әрі кеңейіп, бүкіл халықтық болмыс пен тарихи сананың заңдылықтары деңгейінде көрініс таба бастайды. Яғни рухани жаңғыру мәселесі жеке құндылықтарды сақтаумен ғана шектеліп қоймай, ұлттың дүниетанымдық ерекшеліктері мен тарихи тәжірибесін тұтас жүйе ретінде тануға ұласады. Бұл тұрғыда ұлттық болмыстың табиғи дамуын философиялық тұрғыдан зерттеген ақындардың бірі-Ақберен Елгезек.

Ақберен Елгезектің «Заңдылық» өлеңінде ұлттық рух пен тарихи тағдыр кездейсоқ құбылыс қана емес, ғасырлар бойғы рухани эволюцияның нәтижесі ретінде бейнеленген. Ақын поэзиясында дүниетаным, мәдени талғам және халықтың тарихи өміршеңдігі «заңдылық» ұғымы арқылы жалпыланады. Бұл тәсіл Рухани жаңғыру идеясын ұлттық сипаттағы табиғи жалғасы ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.

Өлеңнің соңғы шумағында ақын халық тарихының үздіксіздігін ерекше поэтикалық пафоспен түйіндейді:

«Алты құрлық, сан көршіммен жарастым,
Бәрі маған бас шайқайды тең қалып.
Жеңімпаздық тарихы да Алаштың,
Қайталанып келуі де заңдылық!» [5]

Бұл жолдарда автор қазақ халқының тарихи тағдырын әлемдік кеңістікпен байланыстыра отырып, ұлттық рухтың өміршеңдігін көрсеткісі келді. «Жеңімпаздық тарихының қайталануы» образы халқымыздың рухани қуатының сарқылмайтындығына меңзейді. Мұнда жаңғыру ұғымы жаңа кезеңдердегі тарихи тәжірибенің заңды жалғасы ретінде түсіндіріледі. Қазақтың көрнекті ғалымы Шоқан Уәлиханов халықтың рухани мұрасы туралы: *«Халықтың өткен өмірі мен дүниетанымы оның аңыздары мен жырларында сақталады» [6]* деп атап көрсетеді. Бұл пікір ұлттық жады мен тарихи тәжірибенің көркем әдебиет арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатындығын аңғартады. Сол себепті, қазіргі поэзиядағы тарихи сана мен көне дүниетанымға қайта үңілу ұлттық рухтың жаңғыруының заңды көрінісі деп білеміз.

Ұлт рухының архетиптік негіздерін жаңаша бейнелеу тенденциясы ақындардың көне дүниетаным мен тарихи тұлғаларға қайта үңілуінен аңғарылады. Осы тұрғыдан алғанда, Маралтай Райымбекұлының поэзиясы түркі танымы мен батырлық рухының символдық бейнелері арқылы «рухани жаңғыру» идеясын бейнелейтін шығармашылық бағыттардың бірі болып табылады.

Ақынның «Кентавр» атты туындысында ұлттық болмыс адам мен тұлпар бірлігін көркем бейнелейтін мифологиялық образ арқылы беріледі. Кентавр бейнесі-көшпелі өркениет дүниетанымының көркемдік нышаны ретінде халықтың тарихи жадын, еркін рухы мен жауынгерлік табиғатын жинақтайтын образ. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер өзін ұлы даланың мұрагері ретінде танып, елдің өткені мен бүгіні арасындағы рухани байланысты іздейді:

“Тарпаң тұлғалы, кісі бейнелі
Бабалар бүгін түсіме енбейді.
Солардан қалған жүрек қой мынау –
Жүрегім неге кісінемейді?” [7]

Бұл жолдарда ақын тарихи жадтың әлсіреуіне деген алаңдаушылығын білдіреді. Лирикалық кейіпкер бабалар рухымен рухани байланыс орнатуға ұмтылады, алайда қазіргі заман адамының ішкі күйзелісі мен тарихи үзіліс сезімі де байқалады. «Жүрегім неге кісінемейді?» деген риторикалық сұрақ ұлттық рухты қайта жандандыру қажеттігін меңзейді. Бұл арқылы ақын рухани жаңғыруды жоғалған рухани тұтастықты қайта ашу процесі ретінде көрсетеді.

Ұлттық тарих қазір өткеннің көрінісі ретінде ғана емес, сонымен бірге адамның өмірлік мәнімен байланысты рухани құндылық ретінде бейнеленген. Бұл бағыттағы поэтикалық ізденістерді тәуелсіздік тақырыбын жаңа көркемдік танымтұрғысынан жырлаған ақындардың шығармаларынан анық байқауға болады.

Ерлан Жүністің «Менің атым – Тәуелсіздік» атты өлеңінде ақын тәуелсіздік ұғымын жеке тұлғаның рухани мәніне айналған құндылық ретінде білдіреді. Лирикалық кейіпкер тарихи өзгерістерді бала санасы арқылы қабылдап, ұлттық тағдырдың күрделі кезеңдерін жеке естелік деңгейінде бейнелейді:

“Алып қорғанның құлағанын көрдім,
Небары алты жасымда,
Алып тұлғалар жылағанын көрдім,
Бастарын сүйеп ғасырға.”[7]

Бұл жолдарда тарихи кезеңдегі ауқымды өзгерістер баланың қабылдау әлемі арқылы беріледі. «Алып қорған», «алып тұлғалар» секілді метафоралар алып империялық жүйенің күйреуін символдық тұрғыдан көрсетсе, лирикалық кейіпкердің жас ерекшелігі сол заматтағы тарихи сәттің психологиялық әсерін тереңдете түседі. Уақыттың жаңа өлшемі рухани жаңғырудың басталуын білдіретін поэтикалық белгі ретінде қарастырылады. Өлеңнің кейінгі бөлігінде тәуелсіздік ұғымы жеке адамның болмыстық мәнімен тұтастырылады:

“Тәуелсіздік ше?
Ол – менің тегім, ұлдарыма оны дарыттым.
Тәуелсіздік – мен, ол – менің асқақ аңызым,
Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған, Жарық Күн!!!” [8]

Бұл үзіндіде «тәуелсіздік» ұғымы тарихи категориядан рухани-онтологиялық ұғым деңгейіне көтеріледі. Ақын тәуелсіздікті ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұра ретінде бейнелейді. «Тәуелсіздік – мен» деген автор тұжырымы жеке тұлға мен ұлттық тағдырдың бірегейлігін білдіріп, рухани жаңғырудың ішкі мәнін ашады.

Осылайша, поэмада тарихи жады, жеке тәжірибе мен ұлттық сана тоғысады, тәуелсіздік ұғымы рухани жаңғырудың ең жоғары көрінісі ретінде танылады. Ақын поэзиясында жаңғыру өткенді жоққа шығару ретінде емес, жеке болмыс арқылы тарихи тәжірибені қайта игеру процесі ретінде көркемдік шешім табады.

Осы ақындардың шығармаларын салыстыру қазіргі қазақ поэзиясындағы рухани жаңғыру идеясының көркемдік эволюциясын анықтауға мүмкіндік береді. Ұлықбек Есдәулет, Ақберен Елгезек, Маралтай Райымбекұлы, Ерлан Жүністің шығармаларында ұлттық рух әр түрлі поэтикалық деңгейде көрініс тапқанымен, олардың идеялық негіздерінде ортақ рухани тұтастық бар.

Ұлықбек Есдәулеттің поэзиясында рухани жаңғыру ең алдымен ана тілі арқылы көрініс табады. Ақын ұлттық бірегейліктің бастауын тіл тағдырымен байланыстырады, модернизацияның басты шарты ретінде дәстүрлі құндылықтардың сақталуын ерекше атап өтеді. Мұнда дәстүр ұлттың тарихи жадын сақтайтын тұрақты негіз ретінде қарастырылады. Ал Ақберен Елгезектің шығармашылығында бұл идея кеңейіп, ұлттық сипат пен тарихи тәжірибенің сабақтастығы «заңдылық» ұғымы арқылы философиялық сипатқа ие болады. Яғни, дәстүр жеке мәдени ерекшелік ретінде емес, халық дамуының табиғи тарихи процесі ретінде қарастырылады.

Маралтай Райымбекұлының поэзиясында дәстүр архетиптік деңгейге көтеріліп, мифологиялық образдар арқылы жаңаша түсіндіріледі. «Кентавр» бейнесі көшпелі өркениеттің дүниетанымын қазіргі поэтикалық ойлаумен ұштастыра отырып, дәстүр мен жаңашылдықтың синтезін көрсетеді. Ақын ежелгі Түркі білімін қазіргі адамның рухани ізденісімен байланыстыра отырып, ұлттық сананың ішкі жаңару процесін бейнелейді.

Ал Ерлан Жүністің «Менің Атым-Тәуелсіздік» өлеңінің көркемдік шешімінде жаңашылдық басым екені анық. Мұнда тарихи оқиғалар жеке тұлғаның психологиялық тәжірибесі арқылы беріледі. Дәстүрлі тарихи баяндаудың орнына субъективті лирикалық қабылдау бірінші орынға шығады, тәуелсіздік идеясы жеке тұлғаның мәнімен үйлеседі. Бұл қазіргі поэзиядағы жаңашыл поэтикалық танымның көрінісі.

Осылайша, салыстырмалы талдау нәтижесінде қазіргі қазақ поэзиясында рухани жаңғыру ұғымы бірнеше көркемдік деңгейде жүзеге асырылатыны анықталды:біріншіден, ұлттық тіл мен мәдени жадыны сақтау арқылы; екіншіден, тарихи тәжірибені заң үстемдігі ретінде пайымдау арқылы; үшіншіден, архетиптік дүниетанымның жаңа интерпретациясы арқылы; төртіншіден, тәуелсіздік идеясын жеке тұлғаның рухани болмысымен байланыстыру арқылы.

Бұл ерекшеліктер қазіргі қазақ поэзиясында дәстүр мен жаңашылдық бір-біріне қарама-қайшы емес, бірін-бірі толықтыратын құбылыстар екенін көрсетеді. Нәтижесінде рухани жаңғыру идеясы ұлттық негізді сақтай отырып, ойлаудың жаңа поэтикалық жүйесін қалыптастыратын жетекші көркемдік бағытқа айналады.

Қорытынды

Қазіргі қазақ поэзиясындағы «Рухани жаңғыру» ұғымы ұлттық сананың жаңару процесін көркем түрде бейнелейтін маңызды әдеби құбылыс ретінде анықталған. Зерттеу барысында рухани жаңғыру идеясы поэзияда біржақты емес, көп қырлы сипатта көрініс табатыны белгілі болды. Қазіргі ақындардың шығармашылығында жаңғыру ұғымы өткеннің жаңғыруы ретінде емес, жаңа дүниетаным шеңберіндегі тарихи тәжірибені қайта қарау процесі ретінде танылды.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде қазіргі қазақ поэзиясында дәстүрлер мен жаңашылдықтардың сабақтастықта дамып, бірін-бірі толықтыратын көркемдік жүйені қалыптастыратыны байқалды. Ақындар ұлттық мұраны сақтай отырып, ойлаудың жаңа поэтикалық үлгілерін қалыптастырды және рухани құндылықтарды қазіргі дүниетаныммен ұштастырды.

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ поэзиясы «Рухани жаңғыру» идеясын қоғамдық концепция деңгейінен көтеріп, оны адамның ішкі рухани әлеміне, ұлттық жады мен тарихи санасына байланысты бейнелейтін маңызды мәдени-эстетикалық кеңістік ретінде танитыны белгілі болды. Бұл бағыт қазақ әдебиетінің дамуының жаңа бағыттарын айқындай отырып, ұлттық руханияттың көркемдік эволюциясын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. «Психология».Алматы – «Рауан» баспасы, 1955 ж. – 311 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Нұр-Сұлтан. – 2022. – 160 б
3. Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат.-Алматы: Қазақстан-. Шапағат, 1992.-110 б.: портр. 236.
4. Есдәулет Ұ. Киіз кітап. Өлеңдер. Астана: Елорда, 2000 – 384 бет
5. Елгезек А. Болмаған балалық шақ. Алматы: Фолиант, 2024 ж.
6. Бірмағамбетов Ә. Шоқан Уәлиханов – географ және саяхатшы. Көпшілік-танымдық басылым/Алматы: Алматыкітап баспасы, 2015. – 104 бет.
7. Райымбекұлы М. Бір уыс топырақ: поэмалар, өлеңдер/; [алғы сөзі А. Әшімов] ... – Алматы : Курсив, 2024. – 254
8. Жүніс Е. Тауас. Өлеңдер жинағы/Ерлан Жүніс. Алматы: «Ан Арыс» баспасы,. 2013. 160 б. ISBN 978-601-7337-59-9.

ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қ. Жандуллаева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа

Мақалада қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Есенғали Раушанов шығармашылығының стильдік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында ақын поэзиясындағы философиялық ой тереңдігі, ұлттық дүниетаным, адам өмірі мен тағдырына қатысты ой-пікірлері, образдық жүйесі, тілдік құрылымы және көркемдік тәсілдері талданды. Ақынның өлеңдеріндегі тақырыптық әртүрлілік, мотивтер мен символдардың қолданылуы, сондай-ақ лирикалық

кейіпкердің ішкі психологиялық күйі зерттелді.Зерттеу барысында әдеби-теориялық талдау, мәтіндік талдау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Осы әдістер арқылы ақын шығармашылығындағы көркемдік ерекшеліктер, философиялық ойлар мен ұлттық мәдениет элементтерінің өзара байланысы анықталды. Мәтіндердегі символикалық бейнелер, метафоралар, эпитеттер және ырғақтық құрылымдар талданып, олардың поэтикалық мәні мен эмоционалдық әсері қарастырылдыЗерттеу нәтижесінде Есенғали Раушанов поэзиясының қазақ әдебиетіндегі эстетикалық, мәдени және тәрбиелік рөлі айқындалды. Ақын шығармашылығындағы стильдік ерекшеліктер поэзиядағы философиялық тереңдікпен, ұлттық құндылықтарды жеткізу тәсілімен және тілдік шешімдердің көркемдік үйлесімімен сипатталады. Сонымен қатар, ақын шығармаларындағы образдық жүйе мен көркемдік ойлау тәсілдері оқырманға адамның ішкі әлемін, оның рухани ізденісі мен моральдық таңдауларын сезіндірудің тиімді құралы ретінде қызмет атқарады.Мақала Есенғали Раушанов поэзиясын зерттеу арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі стильдік зерттеулердің теориялық және практикалық негіздерін көрсетуге, сондай-ақ ұлттық әдеби дәстүр мен заманауи поэтиканы байланыстырудың жаңа әдістерін ұсынуға бағытталған.

Кілт сөздер: поэзия, стиль, образ, философия, ұлттық код, поэтика.

Кіріспе

Қазақ поэзиясы тәуелсіздік кезеңінде жаңа мазмұндық және стильдік ізденістермен байыды. Қазіргі поэзияда жеке адамның рухани әлемі, ұлттық тарих, мәдени жад және философиялық ойлау жүйесі кең көрініс тапты. Осындай әдеби процесте өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін ақындардың бірі – Есенғали Раушанов.Ақын шығармашылығы қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімін көрсетеді. Оның өлеңдерінде ұлттық таным мен жалпыадамзаттық құндылықтар астасып жатады. Әдебиеттанушылар ақын поэзиясының ерекшелігін оның терең психологиялық иірімдерімен байланыстырады [1; 52 б.].

« Өз босағаң - бұл жердің тауы, қыры, белесі,
Босағасын басқаға тастай ма екен, о, несі.
Қара бауыр қасқалдақ, кері қайт,
Сиреп қалған тоғайға «қамықпа» деп көңіл айт.» “Қара бауыр қасқалдақтың” бейнесі арқылы өз елінің тағдырына алаңдаған азаматтардың рухани жан дүниесі көрсетілген.

Қазіргі қазақ әдебиетінде поэзия ұлттық руханияттың, тарихи жады мен мәдени болмыстың көркем көрінісі ретінде маңызды орын алады. Поэзия – адам жанының ішкі әлемін, қоғамдағы әлеуметтік құбылыстарды және философиялық ой-толғамдарды бейнелеудің ерекше формасы. Қазақ поэзиясының даму тарихында әр кезеңде өзіндік стильдік ізденістерімен ерекшеленген ақындар шоғыры қалыптасты. Солардың қатарында Есенғали Раушанов шығармашылығы қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік-эстетикалық деңгейін көтерген маңызды құбылыстардың бірі болып саналады.

«Қалай тез өтті, зу етті қалай ботам-ай
Кеп-кеше еді ғой бәрі де соның о, тоба-ай,
Ыңғайға бірден құлай салатын боп барам,
Жылай салатын бол алдым тағы оп-оңай,
әжем секілді.
Жылай салам да жыртығым жаман бүтіндеп
Бүтіндемесем бүгін өлердей күпір боп
Ырым етемін. Ырымым қырын кетеді
Қырын кетсе де сене беремін шүкір деп,
әжем секілді.»

Есенғали Раушанов поэзиясы ұлттық дүниетаным мен заманауи поэтикалық ойлау жүйесінің синтезімен ерекшеленеді. Ақын шығармашылығында адам тағдыры, уақыт философиясы, өмірдің мәні, ұлттық тарих пен рухани құндылықтар мәселелері кеңінен қозғалады. Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі көркемдік тәсілдерді сақтай отырып, ақын заманауи поэзияға тән еркін ойлау, философиялық тереңдік және психологиялық талдау элементтерін енгізді. Сондықтан ақын шығармашылығын зерттеу қазақ әдебиетіндегі стильдік және көркемдік ізденістерді түсінуге мүмкіндік береді.

«Мен әлі Даңқты ақын боп ораламын,
Не құримын, біржола жоғаламын».
Со баланың не айтқанын түсіне алмай ,
Қыз тұратын умаждап орамалын.»

Қазіргі әдебиеттану ғылымында поэзиялық стиль мәселесі ерекше зерттеу нысаны болып отыр. Стиль – автордың дүниетанымы мен көркемдік ойлау жүйесін бейнелейтін күрделі эстетикалық категория. Поэтикалық стиль тек тілдік ерекшелік емес, сонымен қатар ақынның философиялық көзқарасын, ұлттық мәдениетке қатынасын және шығармашылық даралығын көрсететін маңызды құрал болып табылады. Есенғали Раушанов поэзиясында стильдік даралық ұлттық символика, табиғат бейнелері және философиялық лирика арқылы көрініс табады.

Ақын шығармашылығында адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы байланыс терең философиялық мазмұнда беріледі. Поэзиядағы лирикалық кейіпкер көбінесе рухани ізденіс үстіндегі тұлға ретінде суреттеледі. Бұл ерекшелік қазақ поэзиясындағы гуманистік дәстүрдің жалғастығын көрсетеді. Сонымен қатар ақын поэзиясында тарихи жады, ұлттық мәдени код және халықтық дүниетаным элементтері жиі кездеседі.

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі қазақ поэзиясындағы стильдік ерекшеліктерді талдау арқылы ұлттық әдебиеттің көркемдік дамуын айқындаумен байланысты. Есенғали Раушанов поэзиясын зерттеу қазақ әдебиетіндегі поэтикалық тілдің даму тенденцияларын, көркемдік ойлау жүйесін және ұлттық құндылықтардың әдеби көрінісін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ақын шығармашылығы жастардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Есенғали Раушанов поэзиясының стильдік ерекшеліктерін анықтау, поэтикалық тіл жүйесін, образдық құрылымын және философиялық мазмұнын талдау. Осы мақсатқа жету үшін ақын шығармаларындағы көркемдік тәсілдер, тақырыптық ерекшеліктер және ұлттық дүниетаным элементтері зерттелді.

Зерттеу деректері мен әдістері

Зерттеу барысында ақынның өлең жинақтары, әдеби сын еңбектері және поэзия теориясына арналған ғылыми еңбектер пайдаланылды.

Қолданылған негізгі әдістер:

- құрылымдық талдау әдісі;
- семиотикалық талдау;
- салыстырмалы-тарихи әдіс;
- мәтіндік талдау.

Поэзиялық мәтіндердегі символдық бейнелер, тілдік ерекшеліктер және көркемдік тәсілдер арнайы зерттелді.

Нәтижелер мен талқылау

Есенғали Раушанов поэзиясының басты ерекшелігі тілдік ықшамдылық пен мағыналық тереңдік. Ақын қысқа поэтикалық жолдар арқылы философиялық ойды жеткізеді.Ақын шығармаларында метафора, теңеу, символ сияқты көркемдік құралдар жиі қолданылады. Табиғат құбылыстары адам жанының ішкі сезімдерін бейнелеудің поэтикалық моделі ретінде беріледі [2; 64 б.].Поэзия тіліндегі бейнелілік оқырманға эмоционалдық әсер беріп қана қоймай, интеллектуалдық ойлануға да жетелейді.Ақын поэзиясында өмірдің мәні, уақыттың өткіншілігі, адам тағдыры мәселелері негізгі тақырыптардың бірі болып табылады. Лирикалық кейіпкер көбіне экзистенциалдық ойлар жүйесінде көрінеді.Поэзияда өмір мен өлім, үміт пен күдік, жалғыздық пен рухани ізденіс сияқты қарама-қайшылықтар қатар бейнеленеді. Мұндай тәсіл поэтикалық мәтіннің психологиялық тереңдігін арттырады [3; 91 б.].Философиялық мазмұн поэзияның тек эстетикалық емес, танымдық қызметін де күшейтеді.Раушанов поэзиясында қазақ халқының тарихи жады, салт-дәстүр, ұлттық символика кең орын алады. Дала бейнесі – еркіндік, рухани кеңдік символы ретінде қолданылады.Фольклорлық мотивтер поэзияға ұлттық бояу береді. Бұл қазақ поэзиясындағы мәдени сабақтастықты сақтаудың маңызды факторы болып табылады [4; 37 б.].Ақын поэзиясында көркем образдар жүйесі күрделі құрылымға ие. Құс, жел, аспан, дала сияқты табиғат бейнелері лирикалық кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашуға қызмет етеді.

Символдық бейнелеу арқылы ақын жалпыадамзаттық идеяларды жеткізеді. Бұл поэзияның көпқабатты мағыналық құрылымын қалыптастырады.Ақын шығармаларында еркін өлең формасы жиі кездеседі. Бұл қазақ поэзиясының дәстүрлі буындық жүйесін сақтай отырып, жаңа ырғақтық ізденістерді де көрсетеді.Поэтикалық ырғақ эмоционалдық экспрессияны күшейтеді және мәтіннің музыкалық сипатын арттырады [5; 120 б.].Ақын поэзиясында адам – рухани ізденіс иесі ретінде суреттеледі. Адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы байланыс поэтикалық ойдың негізгі өзегі болып табылады.

Ақын адам тағдырын жалпы қоғамдық құбылыстармен байланыстыра отырып бейнелейді. Бұл тәсіл поэзияның әлеуметтік-философиялық мазмұнын күшейтеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Есенғали Раушанов поэзиясы қазақ әдебиетіндегі көркемдік ізденістердің маңызды әрі мазмұнды бағыттарының бірі болып табылады. Ақын шығармашылығы ұлттық поэзияның дамуында ерекше орын алып, оның өлеңдерінде ұлттық дүниетаным мен заманауи поэтикалық үрдістер үйлесімді түрде көрініс табады. Ақын поэзиясында халықтың рухани құндылықтары, тарихи жад және ұлттық болмыс көркем бейнелер арқылы әсерлі жеткізіледі.

Зерттеу барысында ақын шығармаларында ұлттық дәстүр мен қазіргі поэзияның жаңа бағыттары өзара сабақтасып жатқаны анықталды. Бұл оның шығармашылығында дәстүр мен жаңашылдықтың қатар дамып отырғанын көрсетеді. Ақын өлеңдерінде табиғат, адам өмірі, уақыт пен тағдыр мәселелері терең философиялық тұрғыдан бейнеленіп, оқырманды ойлануға жетелейді.

Поэзияның басты стильдік ерекшеліктері ретінде мыналарды атап көрсетуге болады:

- философиялық тереңдік
- образдық жүйенің байлығы
- ұлттық мәдени кодтың сақталуы
- тілдік ықшамдылық пен көркемдік нақтылық

Сонымен қатар ақын поэзиясында көркем бейнелеу құралдары шебер қолданылып, өлеңдердің мазмұнын тереңдете түседі. Символдық бейнелер, метафоралар мен көркемдік тәсілдер шығарманың эстетикалық әсерін күшейтіп, поэзияның көркемдік деңгейін арттырады.

Жалпы алғанда, Есенғали Раушанов поэзиясы қазақ әдебиетінің эстетикалық деңгейін көтеріп, ұлттық рухани құндылықтарды насихаттауға елеулі үлес қосады. Ақын шығармалары мазмұндық тереңдігімен, көркемдік ерекшелігімен және ұлттық рухты бейнелеуімен қазақ әдебиетінің маңызды көркем мұраларының бірі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байбол Ә. Қаламның қуаты, сөздің киесі // Әдеби портал. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/qalamnyn-quaty-sozdin-kiesi__24182

2. Философиялық сөздік. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. 525 б. https://atyrau-edu.kz/fund/show/b066f7c4-d873-4048-ab94-071e8d2cb171

3. Омаров Н.Қ. Тәуелсіздік жылдарындағы мемуарлық романдар. Қарағанды, 2021. https://emedia.enu.kz/

4. Нұржекеев Б. Бір өкініш, бір үміт. Алматы, 1980. https://www.google.com/search?q=Нуржекеев+Бір+өкініш+бір+үміт+1980+кітап

5. Бағашар Тұрсынбайұлы. Zhas Alash мақаласы. – URL: https://zhasalash.kz

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ЛИРИКАЛЫҚ ПРОЗА»

Ұ.А. Жексенбаева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа:

Бұл мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу барысында лирикалық прозаның жанрлық сипаты, көркемдік бейнелеу құралдары және қазіргі әдеби процестегі орны талданды. Мақалада теориялық талдау, мазмұндық талдау, салыстырмалы-тарихи талдау, көркем мәтінді талдау және психологиялық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ лирикалық прозасының адам жанының ішкі әлемін бейнелеуге, ұлттық құндылықтарды насихаттауға және заманауи қоғам мәселелерін көрсетуге бағытталғаны анықталды. Лирикалық прозаның оқырманның эстетикалық талғамын қалып тастырудағы маңызы көрсетілді.

Кілт сөздер: лирикалық проза, қазақ әдебиеті, көркемдік тәсілдер, психологиялық талдау, әдебиеттану

Кіріспе

Қазіргі қазақ әдебиетінде лирикалық проза жанры ерекше көркемдік құбылыс ретінде дамып келеді. Лирикалық проза поэзияға тән эмоциялық сезімталдық пен прозалық баяндаудың сюжеттік құрылымын біріктіреді. Бұл жанрда адамның ішкі жан дүниесі, рухани ізденісі және өмірлік толғаныстары терең психологиялық сипатта беріледі. Қазақ әдебиетінде лирикалық прозаның дамуына классикалық қаламгерлер үлкен үлес қосты[1]. Мәселен, Мұхтар Әуезов шығармаларындағы табиғат пен адам психологиясының байланысы кейінгі лирикалық прозаның дамуына негіз болды.

Зерттеу деректері мен әдістері

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның көркемдік ерекшеліктерін, даму үрдісін және әдеби процестегі орнын анықтау зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін қазіргі қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның теориялық негіздерін зерттеу, лирикалық прозаның жанрлық ерекшеліктерін анықтау, көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарын талдау арқылы қазіргі қазақ жазушылары шығармаларындағы лирикалық проза үлгілерін қарастырамыз. Лирикалық прозаның психологиялық және эстетикалық қызметін анықтау, сондай-ақ жанрдың қазіргі әдеби процестегі маңызын бағалау міндеттері алға қойылды [2].Қазіргі қазақ лирикалық прозасының басты ерекшелігі баяндаудың субъективті сипаты болып табылады, сондықтан шығармаларда оқиға динамикасынан гөрі кейіпкердің ішкі монологы, естелік пен ой ағымы басым қолданылады.

Мысалы, Оралхан Бөкей прозасында табиғат суреті кейіпкердің ішкі жан күйімен астастырыла беріледі. Оның шығармаларында дала пейзажы тек фондық элемент емес, кейіпкердің психологиялық жағдайын ашатын көркемдік құрал ретінде қолданылады. Лирикалық прозада жиі қолданылатын көркемдік тәсілдер:

- Метафора
- Эпитет
- Теңеу
- Символдық бейнелеу

Мысалы, табиғатты адамның көңіл күйімен параллель суреттеу арқылы жазушы эмоционалдық әсерді күшейтеді. Лирикалық прозаның басты ерекшеліктерінің бірі психологиялық талдаудың тереңдігі [3]. Шығармаларда: 1)Кейіпкердің өмір туралы ойлары; 2)Жеке тұлғаның рухани ізденістері. 3)Эмоциялық күйзелістер; 4)Естелік пен сана ағымы тәсілдері қолданылады. Бұл оқырманға кейіпкер психологиясын терең түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі қазақ прозасында модернистік бағыт элементтері байқалады. Ой ағымы, уақыт пен кеңістіктің шартты берілуі, символдық бейнелеу жиі кездеседі. Бұл тәсілдер оқырманның мәтінді интерпретациялық тұрғыда қабылдауына мүмкіндік береді. Лирикалық прозадағы нақты шығармалардан мысалдар

1. Оралхан Бөкей шығармаларындағы лиризм

Мысалы, жазушының «Қар қызы» әңгімесінде табиғат пен адам сезімі қатар суреттеледі. Таудағы боран, суық ауа райы кейіпкердің жалғыздық сезімін күшейтетін символ ретінде беріледі. Шығармада оқиға желісінен гөрі кейіпкердің ішкі күйзелісі маңызды. Қарлы дала бейнесі адам жанындағы мұң мен сағынышты бейнелеудің көркем тәсілі ретінде қолданылған.

2. Тәкен Әлімқұлов прозасындағы психологиялық талдау

Жазушының «Қараой» шығармасында тарихи тұлға Махамбет Өтемісұлы бейнесі арқылы ұлттық рух, жалғыздық және өмір философиясы суреттеледі. Шығармада табиғат суреті кейіпкердің ішкі толғанысымен тығыз байланыста беріледі. Бұл лирикалық прозаның басты белгісі сыртқы әлем мен ішкі әлемнің параллель бейнеленуі.

3. Дулат Исабеков әңгімелеріндегі лиризм

Жазушының «Гауһартас» шығармасында махаббат тақырыбы лирикалық-психологиялық тұрғыда ашылады. Шығармада Салтанаттың сезімдік күйзелісі, тағдыр жолы және адамгершілік мәселелері эмоциялық баяндау арқылы берілген. Бұл оқырманға эстетикалық әсер қалдыруға бағытталған.

4. Мұхтар Мағауин шығармаларындағы көрініс

Мысалы, жазушының тарихи «Көк мұнар» шығармасында ұлттық тарих жеке адамның тағдыры арқылы көрсетіледі. Тарихи оқиғалар тек фон емес, кейіпкер психологиясын ашудың құралы ретінде қолданылады.

Қазіргі кезеңде лирикалық проза жанры жаңа мазмұндық ізденістермен толықты. Қаламгерлер ұлттық болмысты, тарихи жадыны, заманауи қоғам мәселелерін жеке адамның тағдыры арқылы бейнелеуге ұмтылады. Әсіресе ауыл өмірі, ұрпақтар сабақтастығы, рухани құндылықтар тақырыптары жиі көтеріледі [3],[4]. Лирикалық прозадағы модернистік бағыт элементтері де байқалады. Ой ағыны тәсілі, уақыт пен кеңістік шекараларының шартты түрде берілуі - қазіргі шығармаларға тән сипат.

Нәтижелер мен талқылау

Бұл жанр оқырманның эстетикалық талғамын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Шығармалар арқылы адамгершілік, туған жерге сүйіспеншілік, рухани тазалық сияқты құндылықтар насихатталады. Сонымен қатар лирикалық проза адамның ішкі әлемін түсінуге, психологиялық мәдениетті дамытуға ықпал етеді. Теориялық талдау әдісі алдымен лирикалық проза туралы әдебиеттанулық еңбектер, ғылыми мақалалар және оқулықтар зерттелді. Сол арқылы жанрдың анықтамасы, ерекшеліктері және көркемдік табиғаты туралы ғылыми тұжырымдар сараланды. Ал мазмұндық талдауда қазіргі қазақ жазушыларының лирикалық прозалық шығармалары оқылып, ондағы негізгі идеялар мен көтерілген мәселелер анықталды [5]. Шығармалардағы адамгершілік, өмірлік құндылықтар және қоғам тақырыптары жеке қарастырылды. Қазіргі лирикалық проза бұрынғы әдеби кезеңдердегі шығармалармен салыстырылды. Осы арқылы жанрдың дамуы, жаңа көркемдік ізденістердің пайда болуы және стильдік өзгерістер зерттелді.Шығармалардағы көркемдеу құралдары арнайы талданды. Автордың тілдік стилі, бейнелі сөздер, символдық образдар, табиғат суреттеулері кейіпкер сезімін ашу тұрғысынан қаралды. Кейіпкерлердің ішкі ойлары, көңіл күйі, сезімдік жағдайлары зерттелді. Ой ағымы, ішкі монолог тәсілдері арқылы кейіпкер психологиясын беру ерекшеліктері анықталды. Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның көркемдік және мазмұндық тұрғыдан қарқынды дамып келе жатқаны анықталды. Лирикалық прозада адамның ішкі жан дүниесін, сезімдік күйін және психологиялық толғанысын бейнелеуге ерекше көңіл бөлінетіні дәлелденді.

Сонымен қатар қазіргі қазақ лирикалық прозасында ұлттық құндылықтарды сақтау, рухани мәдениетті насихаттау және заманауи қоғам мәселелерін көркем бейнелеу үрдісі байқалды. Жазушылардың стильдік ізденістері күшейіп, ой ағымы, ішкі монолог, символдық бейнелеу сияқты көркемдік тәсілдердің жиі қолданылатыны анықталды.

Зерттеу барысында лирикалық прозаның оқырманның эстетикалық талғамын қалыптастыруда, адамгершілік құндылықтарды насихаттауда және рухани тәрбиеде маңызды рөл атқаратыны көрсетілді [6].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ әдебиетіндегі лирикалық проза - ұлттық әдебиеттің көркемдік деңгейін көрсететін маңызды жанр. Ол адам жанының нәзік иірімдерін бейнелеу арқылы оқырман мен шығарма арасындағы эмоционалдық байланысты күшейтеді. Болашақта бұл жанр жаңа көркемдік ізденістермен әрі қарай дами беретіні сөзсіз. Сонымен қатар, лирикалық прозаның басты ерекшелігі онда оқиға желісінен гөрі адамның жан дүниесіне, рухани күйіне, сезім мен ойдың үйлесіміне басымдық берілуінде. Бұл тұрғыдан алғанда, лирикалық проза ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықтарды көркем түрде бейнелейтін ерекше әдеби құбылыс ретінде көрінеді. Қазіргі қазақ жазушылары бұл жанр арқылы қоғамдағы өзгерістерді, адамның ішкі жан толқынын, заман тынысын нәзік әрі әсерлі түрде суреттеп келеді.Осылайша, лирикалық проза қазақ әдебиетінің көркемдік мүмкіндіктерін кеңейтіп, әдеби процестің дамуына өзіндік үлес қосып отыр. Болашақта бұл жанр жаңа көркемдік ізденістермен, тың тақырыптармен және заманауи әдеби тәсілдермен толығып, одан әрі дамитыны сөзсіз [7]. Сондықтан лирикалық прозаны зерттеу мен талдау қазақ әдебиеттануы үшін маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 2003.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2003.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
5. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. – ҚАЗақпарат: Ғылым, 2005.
7. Қазақ әдебиеті (оқулық). – Астана: Мектеп, 2010.

УДК 82-95:821.512.122

ӘЛІБЕК АСҚАРДЫҢ «ӨР АЛТАЙ, МЕН ҚАЙТЕЙІН БИІГІҢДІ» РОМАНЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫ

Д. Жұмабаева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ж.Ш. Жумагелдин

Аннотация: Бұл мақалада Әлібек Асқаровтың шығармашылығындағы экологиялық сарын “Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді” романы арқылы зерделенеді. Романда Алтай тауының сұлу табиғатын көркем суреттеліп, Кеңес дәуірінен кейінгі жекешелендіру тұсында ауылдардың әлсіреуі табиғатқа төнген қауіп-қатерлері айқын көрініс табады. Бүгінгі дүниежүзілік жаһандану дәуірінде экология тақырыбының актуалдылығы мен табиғатқа зиян келтіретін әрекеттері туралы қарастырылған. Сонымен қатар, бұл мақалада Шамбала туралы аңыз бен табиғат көріністері үйлесімді бейнеленіп, Ә. Асқаровтың Алтайды нағыз жүрекпен жырлаған суреткер екені дәлелденеді.

Кілт сөздер: табиғат, стиль, экология мәселелері, әдебиет, Шамбала аңызы, проза.

Бүгінгі таңда халқымыздың табиғатын жан-жақты суреттеп, оны сақтап қалу мәселесі жөнінде сөз көтеріп жүрген қаламгерлер қатары аз емес. Атап айтқанда, атағы жер жарған үлкен жазушымыз Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романынан бастап Сайлаубай Жұбатырұлының «Абыржы» атты дилогиясы осы мәселені қаузай көтергені белгілі.

Бұл арада салыстырмалы түрде талдағанымыз жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ә.Асқаровтың еліміздің шығысындағы Алтай таулы аймағының табиғаты туралы шығармасы. Алтай тауы өзінің көркемдігімен, әрі тамаша ауасымен, соның тазалығымен ерекшеленетіні белгілі.

Алтай тауының табиғаты жайлы осы өңірден шыққан прозашылар Қ.Ысқақ, О.Бөкей, Д.Әшімханұлы т.б жазды. Әлібек Асқаровты да «Алтай табиғатының жыршысы» деп бекер айтпаған [1].

Жазушы «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді» романында қазақ халқының тұрмыстық-әлеуметтік мәселелері күнделікті тіршілік қарбаластарымен астаса бейнеленіп, біршама дәлдікпен көрініс тапқан. Таулы өлкенің флорасы мен фаунасын сипатталуы, оларды жергілікті халықтың өз тіршіліктеріне жарата білуі, үй жануарларын асырап-сақтау, олардың жекелеген қасиеттері, күнделікті тұрмыстағы ұлттық ерекшеліктер бұрыннан да жазылып келе жатыр. Бірақ осы мәселелердің аталған романда жекелеген тартыстар мен эпизодтар арқылы тағы бір қырынан жүйеленіп, жік-жігімен ұсынылып отырады. Табиғат қорғауды, ұлттық дәстүрлерді жадыдан шығара бастаған кейінгі буын оқырмандары үшін бұндай жағдайлар ойланарлық нәрсе.

Көркем тілмен, өзіндік стильмен жазылған, бір-бірімен тығыз байланысқан төрт шығарма, туған жер мен туған елге деген мадақ, әрі поэтикалық ескерткіш болып шыққан әдеби туынды екеніне көз жеткіземіз. Бір қарағанда төрт тараудан тұратын прозамен жазылған роман сияқты болып көрінеді. Әрине, бұл шығармада әдебиет теориясында айтылатын классикалық романды іздеу – дұрыс емес, солай бола тұрса да мұнда алуан түрлі оқиғалар мен сюжеттер тізбегі, әрқайсысының өз мінезі, әдеті, сөйлеу мәнері бар кейіпкерлер тобы, олардың бір-бірімен қатынасы, әр түрлі жағдайдағы іс-әрекеті бар болғандықтан роман деп қарастырдық.

Академик С.Қасқабасов Ә.Асқаров прозасы жайында сыр шерте келіп: «Бұл тарауларда өте шебер суреттелген табиғат көріністерін тамашалайсыз, қаншама қызық әңгімелерді естисіз. Кейде Тургеневтің аңшылары айтатын секілді хикаяларға қанығасыз, көптеген аңдармен, құстармен ұшырасасыз. Осының бәрін баяндап, бейнелеп отырған автордың тілі өте шұрайлы, сөз қоры бай, бояуы мол, қиялы қанатты, ал білімі ұшан-теңіз. Әсіресе, Алтайдың арғы-бергі тарихын, оның тау-тасын, шоқысы мен қыстауын, ағашы мен шөптерін, аң-құсын, яғни ғылым тілімен айтқанда, флорасы мен фаунасын, бүкіл биосистемасы мен гидрометтік сипатын айтқанда, құдай-ау, осы Әлібек мұның бәрін қашан оқып, қайдан біліп жүр деп таңданбасқа шараң жоқ. Ол ол ма, бүкіл әлем мәдениетіне, әсіресе, әдебиет пен өнерге, сурет пен сәулетке жетік екенін тағы көресің. Ал оның Шамбала мен Ақсу (Беловодье) туралы жазғандары тек суреттеу емес, оның үнемі ізденіс үстінде жүретінін аңғартады», - деп толғанады [2,137].

Жазушының баяндауынша Алтай тауының бір қойнауында Шамбала деген ерекше жер бар. Оның ерекше болатынын жергілікті халық қатты қадірлеген. Тіпті, аңыз - әңгімелеріне қосып отырады. Бұл жөнінде Ә.Асқаров өзі былай деп әңгімелейді:

«Жер үстіндегі Шамбала – көкорай майсалы мамыражай қоныс, үйрек ұшып, қаз қонған сулы да, нулы мекен. Ал жер астындағы Шамбала – қош иісті гүлдермен көмкерілген, қымбат тастармен әшекейленген, алтын зерлі жарқыраған қала. Бұл таңғажайып қалаға кірер екі есік бар. Оның оңтүстіктегі есігі Гималай тауларының гүлжазиралы бір аңғарында, Брахмапутра өзенінің бастауында. Солтүстіктегі есігі Алтай тауларында, Мұзтаудың маңайында деген аңыз бар...» [3,79].

Яғни, әлгі Шамбала атауы ежелден аңыз болып келеді екен. Өйткені бұл атау түркі-моңғол мен үнді мифологиясында да ұшырасып отыратын көрінеді. Мәселен, «Көрұғлы» жырында Шәмбіл (Шамбыл) қала бар. Сөздің дыбысталуы Шамбала сөзімен ұқсас.

Жазушы балалық шағын, сол тұстағы арман-қиялын, сонымен бірге өзі суреттейтін кейінгі кезеңдегі оқиғаларды да қоршаған табиғатпен үйлестіре, жандандыра әңгімелейді, балалық шағын көбірек еске алады. Өйткені, адамдардың балалық шағын ойласа өткен күндері есіне түсіп, ой оралымдары кеңейеді.

Алтай тауын, оның сұлу табиғатын өлең қылмаған ақын-жазушы болмаған. Олардың алдыңғы қатарында алаш алыптары Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Иса Байзақовтар бар. Көне түркі дүниесінің алтын бесігі Алтайдың табиғатын, қазақ батырлары мен сарбаздарының осы өлкені сақтап қалу үшін жанталасуы шынында ұлы ерлік дер едім.

Әлібек Алтай табиғатын зор махаббатпен, құштарлана суреттейді: «Әріректен Ақбұлақтың бірқалыпты сарыны сырылдап естіліп тұр. Түстіктегі шұбарланған самырсын басы баяу желмен қосылып, ол да бір мұңлы саз шығарады. Үй сыртындағы түп тобылғы жақтан тарғақ тақылдады. Түнгі сағым астарында мұнартқан жоғарыдағы жазық беткейден байғыздың зарлы үні талып жетті» [3,86].

Тағы бір жерінде жазушы: «Түнде біраз уақыт сытыр-сытыр жаңбыр жауды. Жаңбыр басылып еді, жақын маңнан еліктің әупілі естілді. Бұл елікке етек жақтан тағы бір еліктің үні қосылды. Алыстан тау алқымынан марал сырнайлатты. Аздан соң үкінің ентіккен үнілі, байғыздың талықсыған зары құлаққа келді. Жел тұрып еді, құмығып барып самырсын басы шулай бастады. Анда-санда палатка маңайындағы аттар пысқырып қояды» деп бейнелейді. [2,94].

Оқып отырсаң, жұмбағы мол Алтайдың өзі тіріліп кеткендей әсер етеді. Дамылсыз жауған жаңбыр сытырын, еліктің дыбысын, маралдың сырнайлатқан үнін, байғыздың зарын бір ырғақпен келісті суреттейді. Ол жазған тау ішіндегі түнгі өмірдің өзі де құпияға толы болғанымен, тірішіліктің ызыңы естілгендей. Сонымен бірге жазушы оның неше алуан аң-құстың мекені екенін, сиқырлы шатқал-қияларын жанды етіп бейнелеуі шеберлік нышаны еді.

Айналасына суретші көзімен ғана емес, ақын сезімімен лирикалық үрдісте қарайды. «...Кейінгі күндердің бірінде Ерлан Сатыбалдиев екеуіміз жер аралап, қырат-жотаны салт қыдырып жүргенбіз. Алдында ғана күн көлеңкесіз ап-ашық сияқты еді. Енді бір мезетте, қайдан екені белгісіз, шатыр-шұтыр күн күркіресін... Дәл төбемізде шөкімдей ғана бұлт үйіріліп тұр еді, сол екен дүниені дүрліктіріп жіберген» [2,83].

Енді мына бір суретке үңілейік: «Тұмшалаған тұман Тасшоқының биігіне жете селдірей бастағандай еді. Селдір тұманды тескілеп жетім жаңбыр жауып тұрған. Сәлден соң жауынның арты қапалақтаған қарға ұласты, қардың соңы бұршаққа айналды. Күн райы лезде суытып кетті» [3,98].

Тау табиғатының дүлей мінезі дәл байқалған, күн райының лезде суытып кетуін оқырманның өзі де сезінгендей болады. Жетім жаңбыр деген тірекесті қараңызшы, оның соңы қарға ұласып табиғат құбылысын ғажап берген.

Көз алдыңа елестейтін – Алтай шоқылары мен құздары, қиялары мен арқыраған асау өзендері мүлгіген ормандары мен сыбдырлаған шалғындары, айлы түн, жаңбырлы күн, тұманды шың бәрі суретпен салынғандай.

XX ғасырдың соңғы жылдары «Қайта құру» тұсында, одан кейінгі уақытта жарық көрген шығармаларының бірі – «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңде» Әлібек Асқардың айтайын дегені осыншама сұлу табиғаттың аясында мекендер жан баласы жоқ. Жалғыз ауылдың тағдыры арқылы сол Кеңес өкіметі тараған кездегі барлық қазақ ауылының тағдырын дәл көрсете алғандығында» [4].

Бүкіл ел жаппай жекешелендіруге көшкен уақыттағы елдің өмірге ене бастаған өзгерістерді жете түсінбей, адамдардың сана-сезімінде өзімшілдік ұғым етек алып бара жатқанын

көріп, жаңалықтарға үрке қараған алда не боларын анық білмей, дағдарған қарапайым жандардың әрекеттері сол қалпында суреттеген. Жазушы сол бір қиын жылдарда елдің қиналғанын, жұмыссыз қалып, не істерін білмей аңырып қалғаны өмір шындығы екендігі рас. Қайыршының күйін кешкен халық жапанда қалғандай. Не істерін білмейді.

«Баяғы төрт көшенің бойында жүз қаралы үй бар еді, қазір өрт тиген қамыстай селдіреп, одан да жетеу-ақ қалған. Қарайып жұртта қалған жетеуінен басқасы бұрнағы жылдан бастап етектегі Мұқыр жаққа үздік-создық көшіп кетіскен. Ең соңғысы былтыр еңкейді. Көшкеннің бәрі бөренесін таңбалап, мұндағы үйлерін біртіндеп тасып алысқан. Қазір ауыл іші қотыр тайдың жон арқасына ұқсайды, ойдым-шұңқыр, қағылған қада, күйген бөрене. Осы жазда қышыма мен кендір өрескел қаптап кетті... Оны шауып алатын адам да жоқ, жеп құртатын мал да жоқ бұл маңайда» [2,135].

Кешегі түтіні бұрқырап, қозысы жамырап, қойы маңырап, жылқысы кісінеп жатқан ауылдың қиналған сәті аяныш туғызады. Сонымен бірге мұның астарында Кеңес өкіметі орнықтырған ауыл ескірді, оның күні бітті, енді жаңа ауыл құрып, жаңаша өмір сүру қажеттігі төбе көрсетті деген сөз бар.

«Жазушы Әлібек Асқаровтың қай шығармасын алсаңыз да. Олардағы көркем кеңістік – Алтай, яки Алтай өңірі. Ал негізгі кейіпкерлері – қатардағы еңбек адамы, солардың күнделікті үлкенді-кішілі харекеті» [4].

Әлібек Асқаров – шеберлік сырын толық меңгерген, ойлы да сырлы суреткер. Бұны ол туралы қалам тартқан жазушылар да, сыншылар да бір ауыздан мойындайды. Қазақ көркем әдебиетінде табиғат пен оның тылсым құпиялары жайлы қалам тарту бұрынғы дәуірлерде де болған.

Бүгінгідей жаһандану кезеңінде экология тақырыбының аса өзекті болып тұрғаны белгілі. Соған қарамастан ішінара бұл тақырыпқа қалам тартатындардың басым бөлігі жалпылама жадағай ойларды жайып салуға бейім болып келеді. Көпшілігінің айтатыны – табиғаттың құрып бара жатқаны, оны қорғау керек екендігі жайлы әңгімелердің төңірегінде. Көркем шығарманың бұлайша ойдың берілуі журналистикалық сарынды елестеді. ол эстетикалық құбылыстардың дәл берілуін қажет етпейді.

Көркем шығармада ұсынылатын ой ол адамның, жазушының ішкі әлемінен құбылып, түрленіп, ойға серпін беретіндей қуатпен шығуға тиісті. Әрине, көсемсөз шығармаларында ойды тікелей айтуға ұрынып қалатын кездер кездеседі. Кездескенімен ол кемшілік те болып саналмайды. Кейде публицистикалық сарыны қалай да керек. Оқырманды серпілту үшін жоғары патетикамен айтылған сөздердің әсері ұтымды болып келетінін байқап жүрміз. Ал көркем әдебиет ол қай жағынан алып қарасақ та өзінің табиғи болмысын, табиғатын жоғалтпауға тиіс. Міне, осындай талаптарды біз экология тақырыбында жазылған дүниелерге де қоя алатынымыз рас.

Ә.Асқаровтың Алтай табиғатын және оның экологиялық жағдайын үздіксіз жырлауы уақыт талабынан туындағаны сөзсіз. Жазушының бұл бағытта жазған жұмыстарының, еңбектерінің жұртқа әсер ететіндігі тегін емес. Міне, осы жағынан алып келгенде Асқаровтың шығармаларын арнайы зерттеп жазудың керек екендігін де әдебиеттану ғылымының кезекті бір талабы сияқты көрінді.

Қарапайым оқырман үшін Алтай табиғаты – ерекше табиғат. Ә.Асқаров жазған кезде сол Алтайды көрмеген, тіпті, маңайламаған оқырманның өзі таудың биік шыңына шыққандай әсер алады. Сол әсермен аппақ бұлттардың арасында жүзіп жүргендей, қарағай, қылқан жапырақты орманның хош иісімен демалғандай, кеудеңді кере тынысын алғандай сезінесің. Сол табиғаттың ортасындағы аю, бұғы, марал, қасқыр сияқты хайуанаттардың да елестері нақты көрініс тауып жатады. Біздің елес деп отырғанымыз – жазушының бейнелеп жеткізгендегі өзіндік қаламындағы ерекшеліктері.

Қорыта келгенде, айтарымыз табиғатты суреттеу ол қай заманда да уақыт талабы болған және бұл тақырып өшпейтін, сөнбейтін мәңгілік тақырып деп айта аламыз. Біздің бұл жазушыға назар аударып отырғанымыздың бірнеше себебі бар.

Біріншіден, Ә.Асқаровтың шығармашылығының басым бөлігі табиғатты жырлауға, соның ішінде өзі туып-өскен Алтай тауының ерекшеліктерін көрсетуге арналады.

Екіншіден, жазушы сол өзі көріп өскен табиғатты тамсана жазумен шектеліп қалмаған. Оның кейбір кем-кетіктерін, жетіспей жатқан тұстарын заманауи проблемалар әкелген қиындықтарын табиғатқа тиіп жатқан зиянкестікті де шығармаларына өзек етеді. Сөйтіп, экология тақырыбының өзіндік проблемалары бар екенін кейде ашып, кейде астарлап жеткізуге тырысуы жазушы ізденісінің бір сипаты дер едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тұрлыбеков Т. Сұңғыла суреткер. – Нұр-Сұлтан: 2022. – 248 б.
2. Қасқабасов С. XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті. – 137 б.
3. Асқаров Ә. Өр Алтай, мен қайтейін биігінді.Таңдамалы. – Алматы: Раритет, 2012. Т.3: Роман. – 480 б.
4. Қирабаев С. Ғажайып лирикалық хикая. Кітапта: / Асқаров Ә. Таңдамалы. – Алматы: Раритет, 2012. Т.3: Роман. – 480 б. – Б.465-479.

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

П.А. Жұмағали
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Б.Е. Сыздықова

Аннотация. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» (роман-дилогия, 1991–1992 жж.) шығармасының жанрлық табиғаты жан-жақты зерттеледі. Жазушының өзі «роман-дилогия» деп атаған бұл туынды әдебиеттануда мемуарлық роман, өмірбаяндық проза және ана тақырыбындағы лирикалық эпос ретінде де қарастырылады. Мақалада жанр мәселесіндегі әртүрлі пікірлер талданады: шығарманың мемуарлық сипаты (автордың жеке естеліктеріне негізделуі), тарихи шындықты бейнелеуі (1930–1950 жылдардағы репрессия, ашаршылық, соғыс жылдары), дилогиялық құрылымы (балалық шақ пен ересек ой-толғамдардың ұштасуы) және қазақ прозасындағы ерекше орны көрсетіледі. Айша бейнесі арқылы қазақ әйелінің төзімділігі, ұлттық рухтың беріктігі лирикалық сарында суреттеледі. Мақала жоғары сынып оқушылары мен студенттерге арналған, шығарманың көркемдік және тәрбиелік мәнін түсінуге көмектеседі.

Кілт сөздер: Ай мен Айша, жанр, мемуарлық роман, өмірбаяндық проза, дилогия, Шерхан Мұртаза, қазақ әдебиеті, ана тақырыбы.

Әдеби шығарманы жанрлық тұрғыдан айқындау – формалды классификациялаумен шектелетін үдеріс емес, ол мәтінді қабылдау стратегиясын бағдарлайтын күрделі герменевтикалық тетік. Жанр оқырманға шығарманың «не туралы» екенін ғана емес, оны «қалай оқу», қандай интерпретациялық оптика арқылы пайымдау қажеттігін де ишаралайды. Осы тұрғыдан алғанда, Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы жанрлық көпқабаттылығымен әрі полифункционалдылығымен ерекшеленеді. Шығарманы әртүрлі жанрлық парадигмалар аясында сипаттауға болады және олардың әрқайсысы мәтіннің белгілі бір қырын дәл әрі негізді ашып көрсетеді. Атап айтқанда, бірінші жанрлық сипаты - автобиографиялық роман. Шығарма автордың жеке өмір тәжірибесіне, балалық шағына, ана бейнесіне негізделген. Мұнда «мендік» нарратив басым, сондықтан мәтін естелік, өмірбаяндық реконструкция ретінде оқылады. Екінші қыры - тарихи-әлеуметтік роман. Яғни, кеңестік кезеңдегі ашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс сияқты ірі тарихи оқиғалар жеке тағдыр арқылы бейнеленеді. Бұл – «үлкен тарих» пен «кіші адамның» тоғысқан тұсы.

Үшіншіден аталған шығарма – психологиялық романға да келеді. Атап айтқанда, бала санасының қалыптасуы, ішкі күйзеліс, қорқыныш, сағыныш, анаға деген эмоционалдық тәуелділік терең талданады. Мұнда ішкі монолог, сезім динамикасы маңызды рөл атқарады. Ал төртінші қырынан лирикалық (эссеистік) роман жанрына да келеді. Кей тұстарда сюжеттен гөрі авторлық толғаныс, философиялық ой, эмоциялық реңк алға шығады. Бұл мәтінді лирикалық прозаға жақындатады.

Бесіншіден көп аталып жүрген – мемуарлық проза. Өткенді еске алу, уақытқа қайта оралу, жад арқылы баяндау – шығарманың құрылымдық негіздерінің бірі. Мұнда уақыт – сызықтық емес, естелік логикасымен беріледі. Сонымен қоса, алтыншы бір тұсы – мифопоэтикалық қыр (символдық оқу). Ана бейнесі – тек жеке тұлға емес, архетиптік «ана», «жер-ана», «қорғаушы күш» деңгейіне көтеріледі. Бұл тұрғыда шығарма символдық-мифологиялық интерпретацияға да ашық.

Әрине, жетінші сипаты - дилогия (екі кітаптан тұратын тұтас көркем жүйе). Шығарма құрылымдық тұрғыдан өзара сабақтас екі бөлімнен тұратын дилогиялық сипатқа ие. Әр бөлік дербес мазмұндық жүк арқалағанымен, олар біріге отырып, біртұтас идеялық-көркемдік жүйе құрайды. Бұл ерекшелік кейіпкер тағдырын кезең-кезеңімен, эволюциялық даму үстінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Біз мақалада автобиографиялық, мемуарлық және дилогиялық қырларына басымдық танытамыз, себебі Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романының көркемдік-идеялық өзегін дәл осы қырлар айқындайды: автобиографиялық негіз шығармадағы баяндаудың шынайылық деңгейін күшейтіп, автор мен кейіпкер арасындағы шекараны жымдастырады; мемуарлық сипат жад, еске алу, уақытты субъективті қабылдау категориялары арқылы мәтіннің құрылымдық және семантикалық ұйымдасуын айқындайды; ал дилогиялық құрылым кейіпкер тағдырының кезеңдік эволюциясын жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік беріп, туындының тұтастығын қамтамасыз етеді.

Жалпы, шығарма алғаш рет 1995 жылы «Жалын» журналында жарияланып, әдебиет сүйер қауымнан жоғары баға алды. Жазушының өзі оны «роман-дилогия» деп атаса, әдебиет зерттеушілері мен мұғалімдер «мемуарлық роман», «өмірбаяндық роман», тіпті «лирикалық эпос» деген анықтамаларды да қолданып жүр [1].

Шығарманың ең айқын жанрлық белгісі – оның естелік (мемуарлық) сипаты. Бұл шығарма жай көркем әңгіме емес, автордың өз өмірінен алынған шынайы естеліктердің көркемдік тұрғыдан өңделген нұсқасы. Бас кейіпкер Барысхан (Барсхан) – Шерхан Мұртазаның балалық шағының көркемдік бейнесі, ал оқиғалардың көбі нақты өмірден алынған.

Географиялық және тарихи шынайылық та осы мемуарлық сипатты күшейтеді. Мысалы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылы – бәрі шынайы жерлер, жазушының туған өлкесі. 1937 жылғы репрессия, әкесінің (Мұртазаның) Сібірге айдалуы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ауыл тіршілігі – осының бәрі тарихи деректермен дәл келеді, шығарма сол қиын кезеңдердің куәсі болып табылады [2].

«Ай мен Айша романы Шерхан Мұртазаның өз өмірінен сыр шертеді» - деген пікір әдебиеттануда жиі кездеседі. Автордың өзі түс көргендей естеліктер арқылы анасы Айшаға деген шексіз құрметін білдіреді, сол арқылы тұтас ұрпақтың тағдырын, қазақ қоғамының ауыр жылдарын (ашаршылық, ұжымдастыру, қуғын-сүргін) бейнелейді. Оқырманға бұл шығарманы оқу барысында жай әңгіме ретінде емес, жеке куәгердің естелігі, тарихи куәлік ретінде қабылдау керек: шынайылықты сезіну, сол дәуірдің ауыртпалығын жүрекпен түсіну маңызды.

Осы естелік сипаты шығарманы басқа жанрлық қырлармен (тарихи роман, лирикалық эпос) байланыстыратын өзек болады. Себебі мемуарлық негізде тарихи шындық көркемдік бояумен өріліп, ана бейнесі лирикалық жырға айналады.

Шығарманың ең айқын жанрлық белгісі – оның естелік (мемуарлық) сипаты. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы жай көркем баяндау емес, автордың өз өмір тәжірибесіне негізделген, көркемдік тұрғыдан сұрыпталған естеліктер жүйесі болып табылады. Бас кейіпкер Барысхан (Барсхан) – жазушының балалық шағының көркемдік проекциясы, ал баяндалатын оқиғалардың басым бөлігі нақты өмір шындығынан алынған.

Мемуарлық сипат шығарманың географиялық және тарихи нақтылығымен де айқындалады. Мысалы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылы сияқты нақты кеңістіктер, 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін, әкесінің Сібірге айдалуы, соғыс жылдарындағы ауыл тұрмысы – барлығы тарихи деректермен сабақтасып, туындыны белгілі бір дәуірдің көркем шежіресіне айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, шығарма оқырман тарапынан тек көркем мәтін ретінде емес, жеке куәгердің естелігі, тарихи тәжірибенің субъективті баяны ретінде қабылдануы тиіс.

«Ай мен Айша романы Шерхан Мұртазаның өз өмірінен сыр шертеді» деген пікір әдебиеттануда жиі кездеседі. Бұл тұжырым шығарманың ішкі табиғатын дәл айқындайды: автор анасы Айша бейнесі арқылы жеке тағдыр мен тұтас бір ұрпақтың тарихи жадын ұштастырады. Балалық шақтағы терең психологиялық іздер – әкенің ұсталған сәті, ананың ішкі күйзелісі, тұрмыстық тапшылық көріністері – мемуарлық баяндаудың шынайылық қуатын арттыратын детальдар ретінде көрінеді. Жазушының «бала кезде көргенім, естігенім бүгінгідей әлі есімде» деген пайымы да осы туындының естелік табиғатын айқындай түседі [3, 5 б]. Осылайша, мемуарлық негіз шығармадағы өзге жанрлық қырларды (тарихи, лирикалық) өзара байланыстыратын өзек қызметін атқарады: тарихи шындық жеке жад сүзгісінен өтіп, көркемдік-эмоциялық мазмұнға ие болады.

Мемуар мен өмірбаяндық роман арасындағы негізгі айырмашылық – көркемдік деңгейінде. Таза мемуарда автор өмірде болған оқиғаларды мүмкіндігінше өзгеріссіз баяндайды, ал

өмірбаяндық романда тарихи шындық көркемдік қиялмен толықтырылып, типтендіру мен жинақтау үдерісі жүзеге асады.

Осы тұрғыдан алғанда, Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романында өмірбаяндық романға тән принцип айқын көрінеді. Айша бейнесі – тек жазушының өз анасының портреті ғана емес, сол дәуірдегі қазақ аналарының жиынтық, типтік тұлғасы. Оның «Байытпасаң байытпа, тілентпеші, жаратқан!» деген тілегі жеке адамның сөзі шеңберінен шығып, тұтас бір ұрпақтың ортақ мұң-зарын білдіретін символдық мәнге ие болады. Мұндай көркем жинақтау мен типтендіру – таза мемуарға емес, өмірбаяндық романға тән сипат.

Сондай-ақ бас кейіпкердің Барысхан деп аталуы да кездейсоқ емес. Бұл – автордың өз «менінен» белгілі бір дәрежеде алшақтап, баяндауды объективтендіру тәсілі. «Мен» формасынан «ол» формасына көшу арқылы жазушы кейіпкер тағдырын сырт көзбен бағалауға, оны көркемдік тұрғыдан еркін бейнелеуге мүмкіндік алады. Осы себепті әдебиеттануда Барысхан бейнесі автордың прототипі ретінде қарастырылып, шығарма мемуарлық негіздегі өмірбаяндық роман ретінде танылады [1].

«Ай мен Айша» екі кітаптан тұрады. Бірінші кітап – баланың әкесінен айрылуы мен соғыс жылдарының тауқыметі. Екінші кітап – әскери қызмет, жастық шақ, анамен байланыстың жалғасуы. Бұл жай ғана «жалғас роман» емес – жанрлық тұрғыдан дилогиялық бірлік [3].

Дилогияда әрбір кітап дербес оқылады, алайда екеуін бірге оқығанда ғана толық мән ашылады. «Ай мен Айшада» бірінші кітаптағы бала Барысхан мен екінші кітаптағы жас жігіт Барысхан – бір адамның әртүрлі кезеңдері. Айша образы екі кітапта да желі болып өтеді: бірінші кітапта – қорғаушы, екінші кітапта – рухани тірек [1].

«Романда Шерхан өз анасы Айшаның қиын-қыстау заманда отбасы ұйытқысы болғанын, ашаршылық пен репрессия жылдарындағы ауыл өмірін баяндайды. «Ай мен Айша» – Ана тақырыбына арналған қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік шығармалардың бірі. Жазушы түс көргендей естеліктер арқылы анасына деген шексіз құрметін білдіріп, сол бір қилы кезеңнің ауыртпалығын шынайы суреттейді. Роман рухани қуат берер ана мейірімінің мәңгілік символындай әсер қалдырады» [4].

Дилогияның екі бөлігін тақырыптық жағынан жалғастыратын – «Ай» символы. Ай – жетуге болмайтын арман, бірақ әрдайым жол бастайтын нұр. Айша – да сол нұр. Әке жоқ, тіршілік ауыр, бірақ анасы бар жерде – үміт бар. Осы философия дилогияның екі кітабын бір тұтастыққа жалғайды [5].

Кез келген жанрлық талдауда шығарманың атауы ерекше мәнге ие. «Ай мен Айша» атауындағы «Ай» – тек эстетикалық элемент емес, терең символдық жүктемесі бар образ. Шерхан Мұртазаның түсіндіруінше, Ай мен Айша – бір-біріне «өмірбақи жолыға алмайтын» екі болмыс [1]. Ай – арманның, ал Айша – сол арманға ұмтылған адамның көрінісі. Бұл туралы автордың: «Ай деген арман болса… соны қуасың да жүресің» деген пайымы шығарманың философиялық астарын аша түседі [3].

Осындай символдық құрылым туындыны тек мемуарлық проза шеңберінде қалдырмай, оны лирикалық-эпикалық деңгейге көтереді. Өйткені шығармада тарихи шындық пен авторлық лирикалық толғаныс өзара үйлесіп, оқиға мен сезім тепе-теңдік сақтайды [5]. Осы тұрғыдан алғанда, «Ай мен Айша» – оқиғалық баяндау мен ішкі эмоционалдық рефлексия қатар өрілген, лирикалық эпосқа жақын синкретті жанрлық сипаттағы туынды.

Жоғарыда қарастырылған жанрлық белгілерді жинақтай келе, «Ай мен Айша» – бір ғана жанр шеңберіне сыймайтын, бірнеше жанрлық ағымның синтезі ретінде қалыптасқан шығарма деген қорытынды жасауға болады.

Мемуарлық элемент – нақты тарихи уақыт пен кеңістіктен алынған өмірлік деректерге негізделсе, өмірбаяндық проза белгілері бас кейіпкердің автор прототипі болуынан және жинақтаушы образдардың жасалуынан көрінеді. Дилогиялық құрылым шығарманың екі кітаптық тұтастығы мен Айша образының желілік, үздіксіз дамуы арқылы айқындалады. Ал лирикалық-эпикалық сипат «Ай» символының поэтикалық мазмұны мен автордың кейіпкерлер әлемімен ішкі диалогқа түсуі арқылы жүзеге асады.

Шерхан Мұртазаның бұл шығармасындағы жанрлық синтез кездейсоқ құбылыс емес. Ол алдын ала қатаң жанрлық модельге бағынбай, өмірлік тәжірибе мен көркемдік интуицияның нәтижесінде қалыптасқан [5]. Сондықтан шығарманың жанрлық көпқырлылығы – автордың ішкі шындығынан туындаған табиғи көркем құбылыс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Ш. Мұртаза «Ай мен Айша» роман-дилогиясына әдеби талдау // Stud.kz. – URL: https://stud.kz/referat/show/50252
2. Шерхан Мұртазаұлы Мұртаза // Қазақ Уикипедиясы. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/
3. Мұртаза Ш. Ай мен Айша: роман-дилогия. – Алматы: Жалын, 1997. – 256 б.
4. https://adebiportal.kz/kz/100kitap/sherhan-murtaza-ai-men-aisha?
5. Асанова Ә. Шерхан Мұртаза: әдебиеттегі ұлт рухы. – Алматы: Айтыс, 2012.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫН

Г. Надирбаева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа

Қазіргі уақытта әдебиет пен фольклордың өзара байланысы әдебиеттану ғылымының негізгі аспектілерінің біріне айналып отыр. Бүгінгі әдебиет саласына қатысты ғылымның негізгі мақсаттарының бірі - әдебиеттің әртүрлі дәуірлерде фольклорға қалай сүйенгенінің тарихи заңдылықтарын ашу және әртүрлі дәуірлердегі жазушылардың шығармаларында орын алған фольклор сарынын, фольклоризм мазмұнын зерттеу. Әдебиеттің фольклормен өзара әрекеттесуінің бірегей, күрделі және тарихи тұрғыдан шартталған үлгілерін ашу қазіргі заманғы ғылымның ең маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Осыған орай, мақалада қазақ прозасының классик жазушысы – Ғабит Мүсірепов прозасындағы фольклорлық сарын мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – қаламгер туындыларындағы фольклорлық дәстүр элементтерін анықтау. Осы бағытта фольклоризм ұғымына түсінік беріліп, әдебиет пен фольклор арасындағы байланысқа теориялық тұрғыдан шолу жасалып, жазушы прозасындағы фольклорлық элементтердің рөлі айқындалады. Негізгі талдау нысаны ретінде қаламгердің «Оянған өлке», «Қазақ солдаты» романдары мен «Автобиографиялық әңгімесі» алынды. Зерттеу барысында талдау және жинақтау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде, Ғ.Мүсірепов прозасында фольклорлық сарынның қолданылу мәселесі жан-жақты зерделенді.

Кілт сөздер: фольклор, фольклорлық сарын, әдебиет, проза, ұлттық элемент, әдеби дәстүр.

Кіріспе

Фольклордың жазушылардың шындыққа эстетикалық көзқарастарын қалыптастырудағы рөлін және оның көркемдік жүйелерге (тіл, сюжет, жанр және бейне) әсерін зерттеу әдеби ғылымның басым бағыты болып табылады. Әдебиет шеберлерінің поэтикасының негізі ретіндегі халық ауыз әдебиетінің мұрасы ұлттық бірегейлік пен халықтық дүниетанымның сарқылмас көзі екені сөзсіз [1]. Қазіргі заманғы ғылым әдебиет пен фольклор арасындағы байланысты зерттеудің, өзіндік ерекшеліктерін анықтаудың әртүрлі ғылыми салалар үшін үлкен жүйелік және типологиялық маңыздылығын мойындайды.

Әрине, жазушының фольклорлық дәстүрлерді қолдануы оның өзіндік ерекшелігін қалыптастыруына әсерін тигізеді. Қазіргі заманғы қазақ әдебиеттануында фольклор мен әдебиеттің өзара байланысу мәселесін зерттеудің ерекше жүйесі пайда болды және дамыды деп ауыз толтырып айтуға болады. Мәселен, С.А. Қасқабасов, Р. Бердібай, А. Молдаханов, Б. Қанарбаева, Ж. Әскербекқызы, К. Байтанасова және басқа да әдебиетші ғалымдар өз еңбектерінде жеке ақындар мен жазушылардың өз шығармаларында фольклорлық дәстүрлерді қолдану мәселелерін зерттеу арқылы фольклордың жазба әдебиетке әртүрлі әсер ететіндігін тұжырымдайды.

Әдеби шығармаларда фольклорды пайдалану әдеби процестің типологиялық сипаттамаларын анықтауға, әсіресе жазушылардың көркемдік шеберлігінің тереңдігін бағалауға көмектеседі. Қазіргі заманғы қазақ әдебиетінде жазушылар өз шығармаларына күнделікті өмірдің әсерін қосу үшін фольклорлық сарындарды жиі пайдаланады. Ауызша әдебиет те, жазбаша әдебиет те ұлттық тілдік байлық негізінде қалыптасады және дамиды. Олардың тақырыптары қазақ халқының тарихи және әлеуметтік өмірімен, күнделікті тұрмыс-тіршілігімен, дәстүрлерімен

және еңбек қатынастарымен тығыз байланысты. Қазақ әдебиетінің ауызша, жазбаша түрлерінің өзара бірігуі поэзия мен прозаның бір-бірімен тығыз байланысты жанрларының пайда болып, одан әрі дамуына түрткі болды. Сондықтан әдебиет пен фольклордың өзара байланысы, идеялық және көркемдік өзара әсері табиғи және қисынды.

Фольклор адам ақыл-ойының тереңіндегі қиялға негізделген нұсқаларды өз бойына сіңіріп, ассоциативті мақсаттар үшін оның шеңберінде сақталады. Осы үндестік деңгейінде әдебиет жоғары дәрежеге көтеріліп, фольклорды мәңгілік құндылық ретінде таниды және бағалайды, содан кейін өзіне қажетті идеяны, сюжетті және бейнені іздейді, оның ең терең семантикалық формалары мен үндестігін табады. Мұндай үндестік - классикалық қазақ жазушысы Ғ.Мүсірепов шығармашылығының негізгі сипаттамасы. Ғ.Мүсіреповтің прозасы әдеби шығармаларда фольклордың айқын бейнеде көрінбесе де, фольклорлық дәстүрдің қазақ өнеріне терең сіңгенінің айқын дәлелі бола алады. Жазушы әр сөзді дәлдікпен және теңгерімді айтатын теңдессіз сөз шебері, ал оның шығармаларындағы фольклорлық сарын прозаға біртіндеп, байқалмай енген әдемі құбылыс. Осыған орай зерттеу жұмысының негізгі мақсаты мен өзектілігі Ғ.Мүсірепов прозасындағы фольклорлық сарынды қарастырумен айқындалады.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеу деректері ретінде фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын, әдеби туындылардағы фольклорлық дәстүр мен элементтердің рөлін қарастырған ғалымдардың ғылыми еңбектері мен Ғ.Мүсіреповтің прозасындағы фольклорлық сарынды анықтауға мүмкіндік беретін жазушының үш томдық таңдамалы шығармаларының 1-2 томдары қолданылды. Атап айтқанда, фольклор мұраларының маңызы мен әдеби туындылардағы фольклорлық элементтердің қолданылу рөлін қарастырған Д.Н. Медриш [1], С.А. Қасқабасов [2], Н.В. Багичева, М. Р. Балтымова [3], У.Б. Далгат [4], К. Ісләмжанұлы [5], Ш. Ыбыраев [6] сынды ғалымдардың еңбектері мен Ғ.Мүсіреповтің таңдамалы шығармаларының үш томдығы, автордың «Қазақ солдаты» романы негізге алынды. Бұл еңбектерде әдебиеттану ғылымын зерттеу бағытында фольклор саласының маңызы, әдебиет пен фольклор байланысының түрлері, прозалық шығармаларда қолданылатын фольклорлық сарынның ерекшелігі, Ғ.Мүсіреповтің прозалық шығармаларда фольклорлық дәстүр мен фольклор элементтерін қолдану мәнеріне қатысты деректер жинақталған.

Зерттеу жұмысында көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін бірін-бірі байытып, толықтыратын әдістер кешені қолданылды. Зерттеу әдісі ретінде теориялық талдау – дереккөздерді салыстырмалы талдау, жалпылай талдау әдістері, сондай-ақ, Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Қазақ солдаты» романдары мен «Автобиографиялық әңгіме» туындысында кездесетін фольклорлық сарын элементтеріне көркемдік талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде, Ғ.Мүсірепов прозасында фольклорлық сарынның қолданылу мәселесі жан-жақты зерделенді.

Нәтижелер мен талқылау

Академик С. Қасқабасов қазақ әдебиеті мен фольклорының байланысын зерттеу барысында әдебиеттегі бұл процестің XX ғасырдың басында дами бастағанының кейбір белгілерін анықтағанын атап өтті. Шынында да, XX ғасырдың басында қоғамда болған үлкен өзгерістер әдебиетте жаңа тақырыптар мен жанрлардың пайда болуына мұрындық болды. Әдебиет те жаңа дәуірдің үрдістерін көрсетті. Сондықтан бір жағынан, әдебиет көркемдік өрнекте жаңашылдыққа ұмтылса, ал екінші жағынан, өзінің бастапқы көзі – фольклорға сүйенуді жалғастырады. Әдебиет пен фольклордың үндестігі мен өзара кірігуі мәдениеттің жалпы дамуының табиғи заңы. Д.И. Медриш бұл туралы өзінің зерттеуінде былай дейді: «Әрбір ұлттық мәдениетте фольклор мен әдебиет арасында бірегей қарым-қатынас жүйесі орнайды, онда жалпы үлгілер ерекше дамиды» [1, 245 б.].

Дегенмен, халық әдебиетінің дәстүрлі мұрасын, оның көркемдік бейнелері мен үлгілерін пайдалану әрқашан әдейі, мақсатты түрде жүзеге аспайтынын атап өткен жөн. Көбінесе жазушы өз шығармашылығында белгілі фольклорлық сарынды генетикалық тұрғыдан анықталған жеке қабылдау әсеріне байланысты өздігінен қолдана алады. С. Қасқабасов бұл салада қазақ әдебиеті мен фольклорының арасындағы байланысты зерттей келе, төрт түрлі байланысты анықтайды. Олар: генетикалық, оппозициялық, үндестік және кері байланыс. Осылардың әрқайсысын қарастыра отырып, ғалым былай деп жазады: «Әдебиет пен фольклор арасындағы генетикалық байланыс жазбаша әдебиеттің пайда болу кезеңіне тән, ол фольклордан тікелей өсіп, оның жанрларын, сюжеттерін, бейнелерін және тілін кеңінен пайдаланады... Генетикалық байланыспен

фольклордың ассимиляциясы күшейеді. Әдебиет пен фольклор арасындағы генетикалық байланыс, әсіресе, драма жанрында айқын көрінеді. Қазақ ауыз әдебиетінің мұралары көрсеткендей, генетикалық байланыс кезеңінде фольклорды негізінен поэзия мен драма белсенді пайдаланды. Прозаға келетін болсақ, ол өзінің алғашқы даму кезеңдерінде фольклорды тек фондық мотив ретінде пайдаланады, бейнеленген көрініске қажетті реңк береді. «Проза, оқшауланған әңгімелерді қоспағанда, ешқашан фольклорлық сюжеттерге негізделмейді, тек осы сюжеттерді баяндау үлгісіне айналдырады» - деп, олардың әрқайсысына сипаттама береді [2, 344-346 бб.]

Қазіргі жаһандану үрдістері кең таралған уақытта әр халықтың ұлттық ерекшелігі ең алдымен әдебиеті пен мәдениеті арқылы сақталатыны белгілі. «Тарихи романның бастауын мифологиядан, батырлық ерліктердің белгісіз жырларынан, аңыз-әпсаналардан, эпикалық жырлар мен эпостардан, әңгімелер мен ертегілерден — барлық ұлттық тарихи жанрлардан табуға болады» [3, 87 б.]. Көркем шығарманың фольклорлық ерекшелігін тек фольклорлық сарын арқылы ғана анықтауға болады.

Фольклор мен әдебиет арасындағы байланыс ұғымының өзі көп қырлы. Әдетте, ақындар мен жазушылардың фольклорды сіңіруі және оны өз шығармаларында қолдануы фольклоризм деп аталады. Автор тек саналы және бейсаналық түрде фольклорды пайдаланып қана қоймай, оны өз шығармашылығының игілігі үшін жасайды, сонымен қатар «фольклорлық эстетикаға» да жүгінеді [4].Әдеби туындылардағы фольклор элементтерінің рөлі шығарманың көркемдік идеялық тұжырымдамасын байытып қана қоймай, сонымен қатар халықтың адамгершілік тәрбиесінде де маңызды рөл атқарады. Көркем әдебиет пен фольклордың байланысын тек этногенетикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар тарихи және әлеуметтік тұрғыдан да біртұтас тұтастық ретінде қарастырған дұрыс. Тек сонда ғана оның көркемдік сипаттамаларына, қасиеттеріне тереңірек үңілуге болады, олар сайып келгенде көркем әдебиетпен бірігеді.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарға сүйене отырып, келесідей ұйғарымға келеміз: XX ғасырдың басында, әдебиет қарқынды дами бастаған кезде, әдебиет пен фольклор арасындағы өзара байланыс көрнекті орын алды. Тіпті XIX ғасырдағы жазбаша әдебиеттің негізін қалаған ұлы Абайдың шығармашылығында да фольклорлық сюжеттер кең көрініс тапты. Ал жаңа ғасырда, жаңа қоғамдық формацияда бұл байланыстардың ерекше тығыз нығаюы байқалады.

Фольклорлық сарын қазақ прозасында ерекше көрініс таба бастады. Ғ. Мүсіреповтің прозасын фольклор мен әдебиеттің генетикалық өзара әрекеттесуінің туындылары ретінде қарастыруға болады. Халық санасында сақталған ауыз әдебиетінің желісі мен оқиғаларынан шабыттанған жазушы осы өнер түрінің классикалық үлгілеріне айналған мүлдем жаңа жанрдағы шығармалар жасады. Жазушы шығармаларында, поэзиясында да, прозасында да, фольклорлық дәстүрлер өзіндік ерекшелігімен бейнеленді.

Жалпы, Ғ.Мүсіреповтің фольклорлық сарынды прозада қолдануы ерекше түрде кездеседі. Біріншіден, автор фольклорды негізге алмайды немесе оған сүйенбейді, бірақ айқын фольклорлық сарындар мен идеялар арқылы өзі сипаттайтын құбылыстарда өз көзқарастары мен оқиғаға қатысты өз қарым-қатынасын жеткізеді. Жазушы үшін фольклор әрқашан халықтың рухани өміріне қатысты құнды білімнің сарқылмас көзі, сондай-ақ оның шығармашылығын халық мәдениетінің элементтерімен, халықтық поэтикалық мотивтермен, образдармен, сюжеттермен, жанрлық және стилистикалық формалармен байытудың маңызды құралдарының бірі болды.

Әдетте, «фольклор поэтикасы әдеби шығарма ретіндегі әйгілі автордың көзқарасын білдіретін әлемнің ерекшеліктерінен тұрмайды, ол дәстүрлі халық шығармашылығының заңдарына қатаң бағынатын, автордың жеке қолтаңбасын көрсетпейтін, ешкімді ойламайтын, фольклордың табиғи өмір сүру шеңберінде туған мәтіндердің көркемдік жүйесін білдіреді. Авторы (бөлек мәтін) да, мінезі (қолтаңбасы) де жоқ, дәстүрлі қатаң үлгіге бағынатын поэтикалық әлем. Соған қарамастан, бұл үнемі қозғалыста, дамып келе жатқан (баяу болса да) тірі процесс. Осы дәстүрлі поэтикалық арна шеңберінде жаңа ерекшеліктер үнемі пайда болып отырады деген пікірге негізделген». Бұдан Ғ.Мүсірепов шығармаларының поэтикасы фольклорлық дәстүрлер шеңберіндегі жаңа ерекшеліктермен толы деген ұйғарым шығады [5, 231 б.].

Фольклорлық дәстүр мен әдеби туындының шебер үйлесімін өз халқының рухани тағдыры туралы ойларынан бір сәтке де бас тартпаған жазушының әдеби мұрасы, ой-толғамдары және публицистикасы дәлелдейді. Жазушы өз шығармаларында фольклорлық техниканы, фольклорлық сюжеттер мен сарындарды, фольклорлық кейіпкерлерді шебер пайдаланды. Бұл әдіс әрбір дамыған әдебиетке тән құбылыс. Белгілі ғалым және фольклоршы В.Б. Далгат былай деп атап өтеді: «...жазушы немесе ақын фольклор тілінде сөйлеуді шешіп, өз шығармаларын фольклорлық

дәстүр рухында жасаған кезде фольклорлық үлгілерді жеке шығармашылықпен өңдеуге, қайта өзгертуге және қайта реттеуге, фольклорлық-поэтикалық формалар бойынша стильдеуге орын бар. Осының бәріне қарамастан, жүйелік қатынастардың басым түрі фольклорлық құралдар мен құбылыстардың идеялық-эстетикалық, сюжеттік-композициялық, эмоционалды-семантикалық түрленуі болып қала береді» [4, 15 б.].

Ғ.Мүсіреповтің фольклорды қолдануы алуан түрлі. Кейде фольклор ұғымы түрленіп, тереңдеп, өз мәнін кеңейтіп, кейде бастапқы мағынасының шеңберімен шектелуі мүмкін. Әдебиетте тұрақты сарындар мен қалыпты сюжеттер кеңінен қолданылады. Сарындар фольклордың барлық жанрлық формаларында кездеседі. Оның икемділігі сол жаңа дәуір әдебиетіне де еркін ауысады және фольклор мен әдебиет арасындағы байланыстырушы буын қызметін атқарады. Ғалым фольклоршы Ш.Ыбыраев былай деп атап өтеді: «Фольклорлық сарындардың бір ерекшелігі - шығарма жанрлық шығу тегіне және туған дәуіріне қарамастан «еркін көсіледі». Осыған қарап, әдеби сарындар жаңа дәуірге лайықты мазмұнды меңгеріп жатыр деп айтуға болады. Олар жаңа тарихи мазмұнды дәстүрлі дағдылармен меңгеруде ерекше рөл атқарады» [6, 276 б.].

Қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мүсірепов көркемдік биікке көтерілу жолында халық әдебиетіне сүйеніп, фольклорлық бейнелер мен сарындарды кеңінен пайдаланған. Әдетте, жазушы мен фольклор арасындағы байланыс оның фольклорға деген көзқарасы мен фольклорлық шығармаларды түсіну деңгейі, автор ретіндегі шығармаларында фольклорлық дереккөздерді пайдалану дәрежесі, материалдарды өңдеу тәсілдері және өз шығармашылығында халық ауыз әдебиетінің әртүрлі элементтерін пайдалану барысы сияқты факторлармен түсіндіріледі. Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығын зерттеген кезде осы факторлардың барлығы ерекше қолтаңбада көрініс тапқанын аңғарамыз.

Жазушының алғашқы прозалық туындысы «Тулаған толқында» повесінен бір мысал келтірейік: *«...Қалиша Шайзаның өлгеніне сенді. Ол шашын жайып, жылап, жоқтау айтты. Оның зары ботасынан айырылған түйенің зарына ұқсайды. Көзінен ыстық жас парлап жатыр...»* [7, 46 б.]. Қалишаның мұң-қайғысын жеткізу үшін жазушы ботасын жоғалтқан түйенің жоқтауы туралы белгілі халық ертегісін шебер үндестіреді. Осылайша, автор «Бозінген» ертегісіндегі белгілі бейнені нәзік түрде енгізу арқылы кейіпкерінің жағдайын дәл жеткізеді. «Ананың зары» мен «Бозінгеннің зары» деген екі ұғымды халық бірдей қабылдайды. Фольклорлық сарын – ертегі желісін жазушы өзінің негізгі еңбегі «Оянған өлке» кітабында да қолданып, былай деп бейнелейді: *«Игіліктің түйелері қатар жатып, құдды бір шексіз ертегі тыңдай бастағандай және оны аяқтай алмағандай, екі ауыл арасындағы құмда созыла көсіліп, асықпай шайнаң қағуда»* [8, 26 б.].

Қазақ өнерінің тарихы ертегілерден бастау алатыны және таңды-таңға жалғаған аңыз, қисса, ертегілерді қайта айту дәстүрі халық өмірінде көрнекті орын алатыны белгілі. Ғ.Мүсірепов өз прозасында қазақ халқына өте жақын және еріксіз күлкі сыйлайтын фольклор түрлерінің тұтас өзін емес, солардан хабар беретін бөліктерін қолданған. Бір ғана кішкентай деталь халықтың табиғаты мен өмірі туралы кең ауқымды ойларды, дүниетанымды жеткізуге қауқарлы. Мәселен, жазушының «Автобиографиялық әңгімесінде» ертегі дәстүрлерінен алынған көріністер бейнеленеді: *«Аталарымыз бізге асау аттар туралы, жауынгерлік жиындар мен шайқастар туралы, батырлық және ерлік туралы оқиғаларды ертегілер мен аңыз түрінде айтқан...»* [7, 297 б.]. Осылайша, автор бізді ертегі желісімен емес, онымен байланысты дамыған батырлық жыр дәстүрімен таныстырады. Бұл мысалдардан, біз жазушы шығармашылығында тұтас фольклорлық дәстүр емес, оның кейбір ерекшеліктері, тек «сарындары» бар екенін байқаймыз. Яғни, прозаның, әсіресе Ғ.Мүсірепов прозасының ерекшелігі дәл осында жатыр.

Аталмыш туындыда келетін: *«Бекет маған бір жетіге «Шаһымаран» қиссасын беріп, кейін ертегі ретінде түгел айтқызып шықты. Желілі әңгіме есте қалған екен, мен сүрінбей айтып бердім»* [7, 299 б.], - деген үзіндіден де автордың фольклорлық сарынды тілге тиектегенін байқауға болады.

«Автобиографиялық әңгімеде» қазақ ауыз әдебиетіндегі лиро-эпостық жырлар да суреттеліп, автордың бала күннен жаттап өскен «Қыз Жібек» жырынан үзінді келтіріледі:

«Көрпені ағаң ашқан сен ашқандай,
Не болды жас басыңнан, сорлы бала?» [7, 298 б.]

Жібектің қазақ салтындағы «әмеңгерлік» дәстүріне қарсылығын білдірген сөздерін есінде сақтап қалған автордың өз прозасында осы жерін атап өту арқылы фольклор сарынына жол беруі Ғ.Мүсіреповтің ұлттық дүниетанымын ғана емес, азаматтық көзқарасын да айшықтайды.

Сондай-ақ, бұл әңгімеде қазақ халқының дүниетанымына сай қалыптасып, ауызша әдеби мұраның бір бөлігіне айналып, ата-баба заманынан бүгінгі күнге дейін жеткен халық салт-дәстүрінің бір бөлігі де сипатталып, келтіріледі. Мәселен, *««Аузының салымына қарай», өліктің жаназасы да сонікі»* [7, 296 б.], - мұсылман дәстүріндегі дүниеден өткен адамды ақтық сапарына шығарып салу рәсімін сипаттап, молданың «жаназа» шығару арқылы тиесілі нәпақасын табатынын атап өтеді. Одан бөлек, қазақ халқының жөн-жоралғысы бойынша, ер баланың сүндетке отырғызылып, азамат атануына орай атқарылатын «сүндет той» қуанышы туралы да мәліметтер беріледі.

Қазақ халқының ой-санасынан, дүниетанымынан, өмірлік тәжірибесі мен ұлттық мінезінен хабар беретін фольклор мұраларының ішіндегі ең құнды қазына – мақал-мәтелдер. Жазушының «Қазақ солдаты» романында қазақ халқының ұлттық менталитетіне қатысты мақал-мәтелдер кеңінен қолданылған. Қаламгердің роман жанрында тербеген алғашқы туындысында келесі мақалдар кездеседі:

1.««Жаман дос — көлеңке» деп әлдекім дұрыс айтқан ғой деймін» [9]. Автор бұл мақалды кейіпкердің өзіне деген ішкі көңіл толмаушылығын білдіру сәтінде шебер қолданған.

2.««Батыр түсінде жау көреді, балықшы түсінде ау көреді» дегендей, мен түсімде қашып келе жатқанымды көрдім» [9]. Өмірінде діттеген мақсаты, ойлаған ойы қандай болса, адам сол нәрсемен өңінде де, түсінде де уайым шегіп, терең ойға батады. Автор бұл мақалды қолдану арқылы бас кейіпкер Қайроштың ауылдан қалаға қашқан сәтіндегі үміті мен уайымының қатар болып, тіпті, уайымы басым болғандығын аңғарта отырып, кейіпкердің ішкі толғанысынан хабар береді.

3.««Сырты сопы молдадан іші таза қара қазақ артық» деген...» [9]. Бұл мәтелдің астарында адамның қоғамға көрсетуге тырысқан алдамшы сыртқы бейнесінің жанында ішкі әлемінің тазалығы, адамгершілігінің жоғарылығы әлдеқайда артық екені жасырылған. Автор кейіпкер сөзін мақалмен өрнектеп, мәтелмен дәйектеп, сын сағатта оның айналасындағы адамдардан тек жақсылық күткен бала көңілі мен тап-таза сезімдерін суреттейді.

4.««Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме» дегенді білетінмін» [9]. Адам өзінің кез келген кемшілігі мен қателігін ең алдымен өзінен іздеуі тиіс екенін түйсіндіретін халық мақалының романда қолданылуы кейіпкердің өз іс-әрекетіне жауапкершілік алып, өз кемшіліктерінің себебін өзінен іздейтін саналылыққа ие екендігін көрсетеді.

5.««Өлімнен ұят күшті» дегенді өз басымнан бір өткіздім-ау деймін» [9]. Адамның ар-намысы, ұяты оның кісілігінен, тәрбиесінен хабар беретін маңызды қасиеті. Қазақ халқының танымында ұяттан айырылу өліммен тең азап сыйлайды, ал адамгершіліктен безген адамдарға «ұятсыз» сөзінің айтылуы ең үлкен жазамен пара-пар. Шығармада кейіпкердің ұяттан өртенердей күй кешкен сәтін дәл бейнелеу үшін автор бұл мәтелді өте шебер қолданады.

«Қазақ солдаты» романында фольклорлық сарынның белгісіндей болған мақал-мәтелдердің және «қыз айттыру», «құда түсу» сынды жөн-жоралғылардың мол қолданылуы автордың бас кейіпкер Қайрош тұлғасын жан-жақты ашу үшін қазақ дүниетанымынан, тұрмыс-тіршілігінен, халықтың ұлттық болмысынан, дәуір тынысынан хабар беруге тырысқан талпынысынан туындаса керек. Романның өне бойы фольклорлық сарынды қолдану негізінде автордың ұлттық сана-сезіміне құрылып, қазақ солдаты – Қайроштың және оның айналасындағы жандардың, сол қоғамның айнасын шынайы бейнеде беруге тырысты.

Қорытынды

Көркем шығарманың өзегі болып табылатын фольклор – өмір шындығын білдірудің жалғыз көркемдік құралы. Ғ.Мүсірепов прозасында халық прозасының аңызға айналған, ертегілік, мифтік және батырлық мотивтері, сондай-ақ халық дәстүрлері мен тұрмыс-салтына қатысты жеке фольклорлық сарындар кеңінен қолданылады. Қазіргі дәуірде фольклорлық сюжеттер мен кейіпкерлерді пайдалану оның тақырыбын ғана емес, сонымен қатар көркемдік сипаттау мүмкіндіктерін де байыта түсетін өміршең тәсілге айналуда. Халық әдебиетінің осы әлеуетін терең түсінетін жазушының прозасында бұл тәсіл кейде шығарманың поэтикалық серпінінде бірден байқалмайды. Бұл өзіндік ерекше стилін қалыптастырған жазушының шеберлігін танытады.

Ғ.Мүсіреповтің прозалық шығармаларында кейіпкерлердің сөйлеу үлгілері, символикалық элементтері, стильдік және тақырыптық ерекшеліктері ұлттық фольклорға негізделген. Автор дәстүрлі канондарды сақтай отырып, көркем шығармаларында фольклорлық сарындарды жаңа идеологиялық, тақырыптық және жанрлық құбылыс ретінде пайдаланады. Бұл біз қарастырған «Қазақ солдаты», «Оянған өлке» романдары мен «Автобиографиялық әңгіме» сынды шағын әңгімелердегі автор қолданған фольклорлық сарындардың поэтикалық маңызынан байқалады.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының тарихы, мәдениеті және дәстүрлері Ғ.Мүсірепов шығармашылығында фольклор элементтерін пайдалануы арқылы көрініс тапты. Бұл өз кезегінде көзі қарақты оқырманды ұлттық құндылықтармен, қазынаға толы рухани мұрамен байланыстырады. Сонымен қатар, автор қолданған фольклорлық сарын шығармаға жаңаша әдеби мазмұн беріп, шығарманың сюжеті мен тақырыбының ауқымын кеңейтеді. Осылайша, тақырыптың маңызы анықталған әдебиет пен фольклордың өзара байланысы, оның ішінде Ғ.Мүсірепов прозасындағы фольклорлық сарын қазақ әдебиеті мен әлемдік әдебиеттің даму үрдістері арасындағы сәйкестікті теориялық және практикалық тұрғыдан анықтауға мүмкіндік беруімен анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Медриш Д.Н. Литература и фольклорная традиция. - Саратов, 1980.
2. Каскабасов С.А. О типах и формах взаимодействия казахской литературы и фольклора // Ютапта: Елзерде. - Алматы: «Жбек жолы», 2008.
3. Багичева Н. В. Воспитательный потенциал жанра исторического романа / Н. В. Багичева, М. Р. Балтымова. – Текст: электронный // Филологическое образование в период детства. – 2020. – № 27. – С. 86–92.
4. Далгат У. Б. Литература и фольклор: Теоретические аспекты / У. Б. Далгат. – Москва, 1981. – 303 с.
5. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры: монография / К. Ісләмжанұлы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 332 б.
6. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі / Ш. Ыбыраев. – Алматы: Ғылым, 1993.
7. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. Алматы: Жазушы. 1980. 1-том. Әңгімелер. Аудармалар.
8. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. Алматы: Жазушы. 1980. 2-том. Оянған өлке: Роман. Көркем эсселер. - 592 б.
9. Қазақ солдаты [Мәтін]: роман / Ғ. Мүсірепов ... – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1950. – 364 б.

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ДҮНИЕТАНЫМ СИПАТЫ

Б. Найманбай
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аннотация

Бұл ғылыми мақалада ақын Ұлықбек Есдәулеттің шығармашылық мұрасындағы этномәдени дүниетаным мәселелері кешенді түрде зерделенеді. Зерттеу барысында ақын поэзиясындағы ұлттық кодтың көрінісі, этнопоэтикалық сарындар мен архетиптік бейнелердің көркемдік-эстетикалық қызметіне терең ғылыми талдау жасалады. Автор Ұ. Есдәулеттің дәстүрлі танымдық категорияларды қазіргі заманғы поэтикалық формалармен шебер ұштастыру ерекшелігін айқындайды. Ақынның «Киіз кітап», «Жүрек қағысы» сияқты іргелі жинақтарындағы нақты өлеңдер мен толғаулар негізге алына отырып, оның «далалық модерн» бағытындағы өзіндік қолтаңбасы сараланады. Мақалада «жусан», «киіз», «көк түрік» сияқты символдық образдардың ұлттық жадыны жаңғыртудағы рөлі қарастырылып, ақынның уақыт пен кеңістікті қабылдаудағы көшпелілер философиясына тән ерекшеліктері дәлелденеді. Зерттеу жұмысы Ұлықбек Есдәулет поэзиясының ұлттық рух пен интеллектуалдық тереңдіктің бірегей синтезі екенін, сондай-ақ қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлттық болмысты зерделеудің маңызды нысаны болып табылатынын көрсетеді.

Кілт сөздер:этномәдени дүниетаным, әдебиет, поэзия, тарихи жады, архетип.

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінде ақын поэзиясындағы этномәдени дүниетанымды зерттеу қай дәуірде де өзекті әрі маңызды. Адамзат өмір сүрген сайын әдебиет те дамып, жаңарып отырады, ал әдебиет зерттелген жерде ақын шығармашылығындағы ұлттық дүниетаным мәселелері де назардан тыс қалмайды. Бүгінде поэзиядағы этномәдени ерекшеліктерге қатысты түрлі ғылыми еңбектер жарық көруде. Соның ішінде жеке ақын шығармашылығын ұлттық таным тұрғысынан қарастыратын зерттеулер де баршылық. Дегенмен, шындық пен шынайылықты басты ұстаным еткен ақын Ұлықбек Есдәулет поэзиясындағы этномәдени дүниетаным сипаты туралы зерттеулердің әлі де жеткіліксіз екенін айтуға болады.

Қазіргі қазақ әдебиетінің даму белестерінде ұлттық болмыс пен этномәдени құндылықтарды көркемдік зерделеу мәселесі алдыңғы орынға шығып отыр. Бұл тұрғыда көрнекті ақын Ұлықбек Есдәулеттің поэтикалық әлемі ерекше зерттеу нысаны болып табылады. Оның шығармашылығы – ұлттық рухтың, тарихи жадтың және интеллектуалдық тереңдіктің бірегей синтезі. Бүгінде Ұ. Есдәулет қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған ақындардың бірі. Ол XX–XXI ғасырлардағы қазақ поэзиясында дара стилі арқылы оқырман жүрегінен орын тапқан қаламгер.

Ә. Кекілбаев ақын жайлы: «Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітабы» ескі ауылдың төсек қабы сияқты. Іздеген нәрсеңнің бәрін табуға болады. Бәрінен де жиырма ғасыр бойы талай қапысы кетіп, жиырма бірінші ғасырдың өзіне қапияда тап болып отырған қазақ тұрмысы мен қазақ жан дүниесінің талай табын таба аласыз, талай қатпарына үңіліп, ой жүгірте аласыз [1].Т. Медетбековше айтсақ: «ақын өлеңдері бүгінде бұрынғыдан да ауқымын кеңейтіп, тереңдей түсті. Қазіргі қазақ поэзиясының принципті сәттіліктері мен перспективті тенденцияларына арналған еңбектерде сөз бола алатындай деңгейге көтерілді дей аламыз. Оның образды ойлау жүйесі бүгінде кең ауқымдағы, кейде бүкіл адамзаттық, кейде тұрмыстық характерлердегі ассоцияларды қамти алатын қабілетке ие. Бұл сөз жоқ, ақын масштабының кеңдігін, оның толысып өскендігін көрсетеді» [2,22]. Иә, ақын туралы айтылған пікірлердің қай-қайсысын алсақ та, оның өз заманының шынайы жыршысы екені айқын байқалады. Ақын шығармашылығы тереңдігімен де, кең тыныстылығымен де ерекшеленеді. Оның туындыларының идеялық мазмұны мен көркемдік болмысы сан қырлы әрі күрделі сипатқа ие. Ақын көркем бейнелерді бір арнаға тоғыстыра отырып, мазмұн мен пішін үйлесімін шебер жеткізе білген.

Ақын поэзиясының өзегі – тарихи жады мәселесі. Оның «Заман-ай», «Киіз кітап», «Ахиллес өкшесі» жинақтарындағы жырлар қазақ халқының басынан кешкен тарихи тауқыметі мен даңқты кезеңдерін көркемдік тұрғыдан қайта тірілтеді. Ұлықбек Есдәулет үшін тарих – бұл өткен шақ емес, бұл – бүгінгі болмыстың іргетасы және болашаққа бағыт беретін темірқазық.

Зерттеу барысында байқалғанындай, ақынның әрбір туындысы қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымдық ерекшеліктерін бүгінгі заманмен сабақтастырады. Мақаланың мақсаты – Ұ. Есдәулет поэзиясындағы этномәдени сипаттарды ғылыми негізде саралау және оның көркемдік қызметін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін ақынның «Киіз кітап», «Жүрек қағысы» атты іргелі еңбектері мен «Әдебиет порталында» жарық көрген деректер негізге алынды [3; 4; 5].

Этномәдени дүниетанымының маңызды қыры – ақын қолданатын символдық жүйе мен архетиптер. Ұ. Есдәулет поэзиясындағы бейнелеу құралдары қазақтың дәстүрлі өмір салтымен тығыз байланысты. Зерттеу барысында Ұ. Есдәулет поэзиясының негізгі өзегі архетиптік образдардан тұратыны анықталды. Архетиптер – ұлттың ұжымдық санасындағы бастапқы бейнелер ретінде ақын лирикасында жаңаша интерпретацияланады. Мәселен, ақынның этномәдени концепциясындағы «Жусан» бейнесі – туған жер мен тарихи тамырдың символы. Ақынның «Киіз кітап» жинағында бұл нышан былайша өріледі:

«Кітап емес, бұл – киіз, түкті кілем,
Түсінбесең, қайтейін, мықты білем!
Бабалардың жазуы қалған мұнда,
Тарихымды оқимын түртіп ілем» [3, 15-б.].

Бұл үзінді автордың «киіз» ұғымын жай ғана этнографиялық деталь ретінде емес, ұлттың жазылмаған шежіресі, мәдени кодын сақтаушы рухани кеңістік ретінде ұсынатынын көрсетеді.

Зерттеушілердің пікірінше, Ұ. Есдәулет поэзиясындағы этномәдени дүниетанымның тағы бір қыры – көне түркілік сарындар мен мифологиялық түсініктердің жаңғыруы. Оның толғаулары мен «Бөрілі байрақ» мотивтерінде Көк бөрі архетипі тектілік пен еркіндіктің нышаны ретінде бой көрсетеді. Ақынның уақыт пен кеңістікті (хронотоп) қабылдауы да дәстүрлі көшпелілер дүниетанымымен үндес. Ол уақытты сызықтық емес, циклдік жүйеде қарастыра отырып, адам тағдырын табиғат ырғағымен тығыз байланыстырады. Бұл тұрғыда ғалым Г. Балтабаеваның

«поэзиядағы ұлттық код – автордың генетикалық жадының көрінісі» деген тұжырымы ақын шығармашылығының табиғатын аша түседі [6, 82-б.]. Ғылыми пайымдауларға сүйенсек, ақын өзінің «Киіз кітап» атты туындысында қазақтың тарихын тұлпар тұяғымен жазылған дастан ретінде суреттейді.

«Көк түріктің көк байрағын желпіген,
Киіз үйдің керегесі – еңселі ең.
Киіз кітап – тарихымыз ескірмес,
Тұлпарлардың тұяғымен көмкерген...»(Есдәулет Ұ. «Киіз кітап», 2001 ж., 14-бет)

Бұл жолдардан байқалатыны – ақынның генетикалық жадының тереңдігі. Автордың пайымдауы бойынша, «көк түрік» бейнесі – бүгінгі ұрпақтың тамырын тереңге тартатын рухани арқауы.

«Маңырақ» өлеңіндеқаһарман бейнесі арқылы ақынның этномәдени дүниетанымы айқын көрініс табады. Өлеңдегі кейіпкер – жеке адам ғана емес, ұлттық болмысты бойына жинақтаған халықтық образ.

Даланы көр де бізді көр –
телқоңырдаймыз,
ешқашан біздер тұмсықты желге бұрмаймыз.
Бетеге, жусан –
жауығып, тиісер еліміз,
бағымыз біздің –

жусаған, күйсегеніміз [7, 67 б.] – деген жолдарда дала, телқоңыр, бетеге, жусан секілді ұғымдар қазақтың көшпелі өмір салтымен сабақтас этномәдени белгілер ретінде алынған. Ақын ұлттық дүниетанымға тән табиғат пен адам тұтастығын көрсетіп, халық мінезін дала бейнесімен астастырады.Жыр тәуелсіздікке екі жыл қалғанда жазылғандықтан, онда егемендікке дейінгі кезеңдегі елдің ауыр ахуалы да этномәдени символдар арқылы бейнеленеді. Өз елін өз перзенті басқармай, өзге билік үстемдік еткен тарихи жағдай «Шопан атаға – шаруам жоқ – есем кете ме, «Біздерді сеніп тапсырса көсемтекеге!» деген тармақтар арқылы астарлы түрде жеткізіледі. Мұнда дәстүрлі мал шаруашылығына қатысты образдар ұлттық таным мен қоғамдық жағдайды салыстыра суреттеудің көркем тәсілі ретінде қолданылған. Шығарманың «Қой» емес, «Маңырақ» деп аталуы да этномәдени дүниетанымменен тығыз байланысты. Қазақ ұғымындағы қой – жуастық пен момындықтың символы ретінде алынып, халық бейнесі астарлы түрде сомдалады. Еліне жаны ашыған Ұлықбек Есдәулет өз жұртының бейқамдығын сынға ала отырып, ұлттық сананы оятуды мақсат етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, Ұлықбек Есдәулет поэзиясындағы этномәдени дүниетаным – жай ғана көркемдік тәсіл емес, ол ұлттық рухтың заманауи кеңістіктегі рефлексиясы мен өміршеңдігінің кепілі екендігі анықталды. Ақын өз шығармалары арқылы қазақ халқының ғасырлар бойғы танымдық тәжірибесін, мифологиялық түсініктері мен салт-дәстүрлерін жай ғана сипаттап қоймай, оларды бүгінгі заманның интеллектуалдық және рухани қажеттіліктеріне сай жаңғырта білді. Кезінде Мемлекеттік сыйлық берілген «Киіз кітап» қазақ өмір-тіршілігінің, жан дүниесінің, замандар дауылында зардап шегіп, зорлық көріп, қоғамдық құбылыстардың құйынына көмілген қилы кезеңдер мен бүгінгі тәуелсіздікті еншілеген уақытта түрлі түйткілдерді басынан кешіріп жатқан халық тағдырын әсіребояусыз, шындығын көлегейлемей, барынша батыл, барынша әділ, барынша көркем ойға, селкеусіз сезімге орап, жамиғатқа жүрек сөзін жеткізген ақиқат айнасы.

Автордың пайымдауынша, Ұ. Есдәулет поэзиясындағы этномәдени сипаттың басты ерекшелігі – дәстүрлі қазақ поэтикасын модернистік формалармен үйлесімді синтездеуінде.

Түйіндей айтқанда, Ұлықбек Есдәулет шығармашылығы – қазіргі қазақ әдебиетінің ұлттық сипатын айқындайтын басты бағдарлардың бірі. Ақынның этномәдени дүниетанымы негізінде туған жырлары болашақ ұрпақ үшін ұлттық кодты танудың және бабалар аманатын рухани негізде жалғастырудың бірегей үлгісі болып қала бермек. Оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыратын маңызды рухани ресурс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразалин Н. 3 томдық таңдамалы туындылар. Т. 1. Алматы: Жазушы, 2006, 368 б.
2. Медетбек Т. Баба дәстүрдің мұрагері кім. Алматы: Өлке, 2001, 248 б.

3. Есдәулет Ұ. Киіз кітап: Өлеңдер мен толғаулар. – Алматы: Жазушы, 2001. – 320 б.
4. Есдәулет Ұ. Жүрек қағысы: Таңдамалы шығармалары. – Астана: Фолиант, 2013. – 400 б.
5. Ұлықбек Есдәулет – өмірбаяны мен шығармашылығы // Әдебиет порталы. – [Электрондық ресурс]. – URL: https://adebiportal.kz/kz/authors/view/955
6. . Балтабаева Г. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. – Алматы: Эверо, 2015. – 210 б.
7. Есдәулет Ұ. 2 томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т.2. – 264 б.

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

С. Нигматулла
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа

Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы ұлт тағдыры мәселесі жан-жақты қарастырылады. Қаламгер туындыларындағы тарихи кезең шындығы, қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар, ұлттық рух пен азаматтық мінез көркемдік тұрғыдан талданады. «Қызыл жебе», «Ай мен Айша», «Қара маржан» шығармалары негізінде жеке адам тағдыры мен ұлт тағдырының өзара сабақтастығы айқындалады.Жазушы сомдаған кейіпкерлер – заман желіне жапырақтай қалтырамаған, қайта дауылға қарсы тамырын тереңге жіберген бәйтеректей рухты тұлғалар. Мақалада Шерхан Мұртаза прозасындағы ұлттық сана, руханият және тарихи жад мәселелері ұлттық идея тұрғысынан сараланып, қаламгер мұрасының тәуелсіздік кезеңіндегі рухани-идеологиялық маңызы анықталады. Шерхан Мұртаза прозасы – заманның зіл батпан жүгін арқалаған сөз, дәуірдің жүрек соғысын жеткізген шындық шежіресі. Оның кейіпкерлері – тарихтың дауылында жапырақтай қалтыраған әлсіз бейнелер емес, қайта тағдыр тәлкегінде тамырын тереңге жіберген бәйтеректей рух иелері. Қаламгер шығармаларында ұлт тағдыры жеке адамның жан әлеміндегі арпалыс арқылы ашылып, рух ұғымы халық болмысының тірегі, тарихи сананың темірқазығы ретінде айқындалады. Мақала нәтижесінде Шерхан Мұртаза шығармашылығының ұлттың рухани эволюциясын бейнелейтін көркем жүйе екені дәлелденіп, жазушы мұрасындағы тарихи шындық пен ұлттық идеяның сабақтастығы анықталады. Сонымен қатар қаламгер туындылары тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық сананы жаңғыртуға қызмет ететін рухани-идеологиялық негіз екені тұжырымдалады.

Кілт сөздер: ұлт, тағдыр,рух, тәуелсіздік, тарих, тіл, сана, идея, руханият, құндылық

Кіріспе

Қазақ әдебиеті ұлт рухының үнін, тарихи тағдырдың күрсінісін, замана зілінің салмағын сақтап келген рухани қазына. Әдебиет арқылы халық өз болмысын танып, кешегісін таразылап, ертеңіне бағдар жасайды. Осы тұрғыдан алғанда Шерхан Мұртаза шығармашылығы ұлт тағдырының көркем шежіресі ретінде дараланады [1, 27]. Оның қаламынан туған туындыларда жеке адамның ғұмыры оқшау әлем болып қалмайды, керісінше тұтас халықтың тарихи жолымен тамырласып, заманның күрделі иірімдерімен астасып жатады. Қаламгер суреттеген дәуір көріністері құрғақ дерек күйінде емес, адам жанының терең қатпарларынан өріліп, рухани кеңістікке айналады. Тағдыр талқысына түскен кейіпкерлердің жан арпалысы арқылы халықтың тарихи төзімі, намыс қуаты, ішкі беріктігі айқындалады. Осылайша ұлт тағдыры көркем бейнелер жүйесінде жинақталып, тарихи сана мен рухани жадтың тірі тамырына айналады.

Шерхан прозасындағы рух ұғымы халық болмысының өзегін құрайды. Рухы сынбаған ел ғана уақыт дауылына қарсы тұра алатыны шығармаларда көркемдік шешім арқылы терең пайымдалады. Кейіпкер мінезіндегі табандылық, ар алдындағы адалдық, ел мүддесіне деген беріктік ұлттық сана-сезімнің биік өлшемін танытады. Тіл тағдыры, тарихи әділет, азаматтық жауапкершілік мәселелері де осы рух концепциясының аясында тоғысып, ұлт болашағына деген алаң көңіл мен сенімді қатар өрбітеді. Қаламгер туындылары өткеннің елесін жаңғыртып қана қоймай, бүгінгі санаға сәуле түсіретін рухани шамшырақ іспетті [2, 112]. Ұлт тағдыры жеке адамның ішкі әлемінде жаңғырып, көркем сөз арқылы қоғамдық ойға айналғанда әдебиет өзінің ең биік миссиясын орындайды.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеу нысаны ретінде Шерхан Мұртазашығармашылығының прозалық мұрасы алынды. Негізгі дереккөздер қатарында ұлт тағдырын тарихи және рухани кеңістікте бейнелеген «Қызыл жебе», «Ай мен Айша», «Қара маржан» романдары қамтылды [2, 84]. Бұл туындылардағы кейіпкер жүйесі, дәуір шындығы, ұлттық мінез бен рух көрінісі мәтіндік талдаудың өзегіне айналды. Сонымен қатар жазушының тіл, тәуелсіздік, ұлттық болмыс туралы публицистикалық ой-толғамдары шығармашылық концепциясының тұтастығын айқындау мақсатында қосымша дерек ретінде пайдаланылды. Көркем мәтін тарихи оқиғалардың көрінісі ғана емес, халықтың рухани жадын сақтаған мәдени кеңістік ретінде қарастырылды.Зерттеу барысында әдебитеориялық талдау, тарихи-функционалдық сараптау, салыстырмалы пайымдау және концептуалдық интерпретация әдістері қолданылды. Әдеби талдау арқылы кейіпкер болмысы мен авторлық ұстаным арасындағы байланыс анықталды, ал тарихи тәсіл шығармалардағы дәуір шындығы мен көркемдік шешімнің арақатынасын айқындауға мүмкіндік берді. Концептуалдық талдау рух, тіл, тарихи сана ұғымдарының мәтіндік құрылымдағы қызметін ашуға бағытталды. Осы әдістер жүйесі жазушы прозасындағы ұлт тағдыры мәселесін кешенді әрі тұтас ғылыми негізде саралауға жағдай жасайды.

Нәтижелер мен талқылау

Шерхан Мұртаза шығармашылығын кешенді талдау нәтижесінде ұлт тағдыры ұғымының қаламгер прозасында жекелеген тарихи эпизодтар шеңберінде емес, тұтас рухани концепция деңгейінде көрініс табатыны айқындалды. Жазушы үшін ұлт тағдыры саяси өзгерістердің тізбегі немесе әлеуметтік ахуалдың сипаттамасы ғана емес, ең алдымен халықтың ішкі қуаты, тарихи жадқа адалдығы, рухани беріктігі арқылы өлшенетін категория. Кейіпкер болмысы мен дәуір шындығы арасындағы өзара байланыс арқылы ұлттық мінездің қалыптасу заңдылықтары ашылады [3, 42]. Тағдыр талқысына түскен тұлғалар арқылы халықтың сын сағаттардағы рухани төзімі, намыс қуаты, әділетке деген ұмтылысы бейнеленеді. Осы тұрғыдан алғанда жазушы прозасы ұлт тарихын сыртқы оқиғалар желісімен емес, адам жанының терең қатпарларында жүріп жатқан арпалыс арқылы пайымдайтын көркемдік жүйе ретінде танылады. Оның прозалық туындылары, әсіресе әңгімелер мен повестерінде Ұлы Отан соғысы мен кейінгі бейбіт өмір кезеңіндегі қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі, ауыр күндердің көрінісі, адамдардың бір-біріне деген жанашырлығы мен төзімділігі нақты әрі шынайы суреттеледі. Шерханның шығармалары тек тарихи деректерді тізбелеумен шектелмей, оларды психологиялық тереңдік пен көркемдік пластика арқылы бейнелейді [4]. Мәселен, «Мылтықсыз майдан», «Ақсай мен Көксай», «Интернат наны» секілді шығармалардағы кейіпкерлердің тағдыры, кішкентай балалардың ерте есейіп, ауыртпалықты қабылдау тәжірибесі – автордың өз өмірінен алынған көріністермен ұштасып, оқырманға сезім мен ойдың үйлесімді әлемін ашады. Бұл туындылар арқылы Шерхан Мұртаза қазақ ұлтының тарихи азаптарын, қайғылы кезеңдерін жантәнімен сезінген, кейінгі ұрпаққа жеткізуге ұмтылған суреткер екенін танытады [5, 74]. Сонымен қатар, Шерхан Мұртазаның публицистикалық және журналистік қызметі оның көркем прозасымен тығыз байланысты. Газет беттерінде жарияланған очерктері, мақалалары мен репортаждары қоғамдағы маңызды мәселелерді көтеріп, сол кезеңнің әлеуметтік, мәдени және экономикалық проблемаларын терең талдауға негіз болды. Жазушының шығармашылығында әр кейіпкердің әрекеті, мінез-құлқы мен шешімдері – сол қоғамдағы тағдырлы өзгерістер мен қиындықтардың айнасы іспетті. «Ай мен Айша», «Бойтұмар», «Сол бір күз» сияқты шығармаларында балалардың нағыз адамгершілік қасиеттері, сезім әлемінің нәзіктігі мен табиғатпен үндес өмірі көркемдік тұрғыдан дәл әрі әсерлі сипатталады [1, 58]. Осылайша, Шерхан Мұртаза шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі ұлттық сана мен руханияттың айрықша көрінісі ғана емес, сонымен бірге тарихи шындықты, әлеуметтік әділеттілікті және адамгершілік идеалдарын насихаттаушы маңызды мәдени құндылыққа айналғанын айқын дәлелдейді.

Шығармалардағы тарихи кеңістік пен жеке тұлға болмысының арақатынасы талданғанда, ұлт тағдырының көркем бейнесі көбіне адам характері арқылы сомдалатыны анықталды. Жазушы тарихи оқиғаларды сырттай баяндаумен шектелмей, олардың кейіпкер психологиясына, дүниетанымына, моральдық таңдауларына ықпалын терең көрсетеді. Дәуірдің әлеуметтік қысымы, саяси қайшылығы, рухани дағдарысы жеке адамның ішкі әлемінде жаңғырып, ұлттық трагедияның немесе рухани серпілістің көрінісіне айналады. Осы тәсіл арқылы тарихи шындық пен көркемдік шешім арасында табиғи сабақтастық орнайды. Нәтижесінде кейіпкер тағдыры халық тағдырының жинақталған моделі ретінде көрініп, ұлттық сананың эволюциялық дамуы әдеби мәтін құрылымында жүйелі сипат алады [3, 94].

Шерхан Мұртазаның шығармашылығында ұлт тағдыры тек тарихи оқиғалар желісі немесе қоғамдық жағдайлардың сипаттамасымен шектелмей, адамның рухани әлемі арқылы көркемдік деңгейде бейнеленеді. Оның кейіпкерлері тек жеке адамның тартысын емес, тұтас халықтың санасын, рухани төзімін және ұлттық мінез-құлық ерекшелігін ашады. Мысалы, «Қара маржан» романында әлеуметтік теңсіздік пен қоғамдық қысымның кейіпкер тағдырына, рухына әсері терең зерттеледі: кейіпкерлердің психологиялық портреттері, ішкі арпалысы олардың ұлттық сана мен моральдық принциптерге адалдығын, рухани беріктігін көрсетеді. «Ай мен Айша» романында тарихи дәуір мен дәстүрлердің адамның рухани дамуына қосқан үлесі алдыңғы қатарда тұрады; кейіпкерлердің өз ұлтына, ата-бабасына деген құрметі мен өмірлік ұстанымы олардың сөздерінен, әрекеттерінен айқын көрініс табады. Ал «Қызыл жебе» роман-эпопеясында Тұрар Рысқұловтың тұлғасы арқылы ұлт тарихының қиын кезеңдерінде жеке адамның рухани биіктігі мен халық тағдырының сабақтастығы көркем тілмен көрсетіледі. Жазушы бұл туындыларда біртұтас халық тағдырын жеке кейіпкер тағдыры арқылы бейнелеп, әлеуметтік, саяси, рухани факторлардың адамның сана мен мінезіне қалай ықпал ететінін нақты ашады [5]. Шерхан Мұртазаның прозасында тіл ұлт тағдырын бейнелеудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Ол «рух», «намыс», «отансүйгіштік», «руханият», «ана тілі» сияқты ұғымдарды кейіпкерлердің мінез-құлықтары мен диалогтарына үйлестіріп, ұлттық сананың көркем бейнесін жасайды. «Табылған теңіз» повесінде жас кейіпкердің рухани жетілуі мен өзін-өзі дамытуға ұмтылысы көркемдік тұрғыдан ұлт рухының тірек нүктесін білдіреді; жас оқырман бұл туындыдан жеке даму мен ұлттық жауапкершіліктің сабақтастығын аңғарады. «Домалақ ана» драмасында жеке адамның тағдыры арқылы бүкіл адамзатқа қатысты әлеуметтік және моральдық мәселелер көрініс табады, кейіпкер әрекеттері арқылы адамгершілік пен ұлттық рухты сақтау қажеттілігі айқын көрінеді. Сонымен қатар, публицистикалық шығармаларында Ш.Мұртаза «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағида арқылы ана тілі мен ұлттық сана арасындағы байланысты нақты көрсетті; «Халқым!» ұраны арқылы ол жеке адамның рухын, халық санасын, тарихи және мәдени тұтастықты сабақтастырады. Осы тәсілдердің барлығы жазушының прозасында ұлт тағдырын терең, көркем әрі философиялық деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді, ал әрбір кейіпкердің мінезі мен шешімі тарихи шындық пен рухани идеяның сабақтастығын айқындайды.

Бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе» хамсасы – қазақ прозасының тарихи роман дәстүріндегі көркемдік биіктіктің жарқын үлгісі. Шерхан Мұртаза бұл шығармаларында тек жеке кейіпкер тағдырын ғана емес, тұтас ұлттың тарихи санасын, рухани төзімін, дәуір дауысын да бейнелейді. «Рысқұл», «Тұрар», «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ» атты пенталогиядағы әрбір кітап – халық өмірінің бір бөлігіндей, оқиғалар мен адамдардың өмірлік талпынысы арқылы ұлт тағдырын суреттейді. Әсіресе Тұрар Рысқұлов бейнесі арқылы жазушы дәуірдің ауыр сын сағаттарында ұлттық рухтың беріктігін, әділетке адалдық пен намыс күшін оқырманға сездіреді [6,42]. Қаламгер шығарманың әр сөзін, әр сөйлемін тарихи дерекпен ұштастырып, кейіпкердің хаттары мен құжаттарын өмірлік шындықпен үндестіреді, сол арқылы оқырманға тарихи оқиғаның көркем әрі шынайы бейнесін жеткізеді. Шерханның өзі айтқанындай, отыз жыл ізденіп, жиырма жыл жазған еңбегі – ұлттың биік тұлғасын халыққа жеткізудің күрделі, бірақ адал жолы болды. Роман кейіпкерлерінің әрекеті, шешімі, ішкі арпалысы тек жеке мінезді сипаттамай, тұтас ұлт өміріндегі қоғамдық және рухани процестердің көркемдік модельдерін ашады. Академик Серік Қирабаев атап өткендей, бұл туынды – ұлттың рухын түлеткен, тарихи шындық пен көркем қиял арасындағы нәзік тепе-теңдікті сақтаған шығармашылық жетістік. «Қызыл жебе» арқылы Шерхан Мұртаза қазақ ұлтының тағдырын әдеби тілмен, көркем бейнелер арқылы сақтап қана қоймай, ұрпақ санасына тарихи және рухани сабақтастықты енгізетін бірегей мәдени мұра қалдырды [7,78].

«Қызыл жебе» романының мазмұны ұлттық тағдыр мен тарихи шындықтың өзара сабақтасқан көрінісі ретінде айқын көрінеді. Шерхан Мұртаза шығармасында қоғам мен жеке адамның арасындағы байланыс, тарихи оқиғалардың кейіпкер өміріне тигізетін әсері терең талданады. Мысалы, «Тұрар» бөлімінде басты кейіпкердің саяси күресі мен азаматтық ұстанымы арқылы сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік-рухани ахуалы бейнеленеді; Тұрардың шешімдері мен әрекеттері – халыққа тән намыс, отансүйгіштік және әділетке адалдықтың көрінісі. Романдық кеңістік тек саяси және әлеуметтік мәселелерді сипаттамай, адамның ішкі дүниесін, рухани арпалысын көрсетуге бағытталған. Кейіпкерлердің хаттары мен күнделік жазбалары тарихи деректерге сүйене отырып, олардың ойлары мен сезімдерін, дәуірдің дауысын оқырманға жеткізеді [4]. Мәселен, Рысқұлдың өз халқы алдындағы жауапкершілігі мен Тұрардың қаһармандық әрекеттері оқиғаның драмалық шиеленісін күшейтіп, жеке тағдыр мен ұлт

тағдырының сабақтастығын айқындайды. Романның мазмұны ұлттық рухтың биік тұстарын көрсетуге ерекше бағытталған. Шерхан Мұртаза әр кейіпкердің өмірлік жолын тарихи шындықпен үндестіре отырып, оларды ұлт тағдырының символдарына айналдырады. «Жұлдыз көпір» мен «Қыл көпір» бөлімдерінде қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтар, дәстүр мен жаңалық арасындағы қақтығыстар көркемдік тұрғыдан тереңдей ашылады. Бұл шығармаларда жеке адамның рухани дамуы мен қоғамдық өмірдің тарихи өзгерістері тығыз сабақтасып, кейіпкер мінезіндегі қайсарлық пен әділетке деген ұмтылыс арқылы ұлттың шыңдалған бейнесі көрінеді. Сонымен қатар, «Тамұқ» бөлімінде заманның ауыр сындары, жеке адамның моральдық таңдаулары арқылы ұлттық бірегейлік пен рухани тұтастық тақырыбы кеңінен көрсетіледі. Шерхан Мұртазаның бұл романы тарихи және қоғамдық деректерді көркем қиялмен үйлестіре отырып, оқырманға ұлт тағдырын жанжақты, терең әрі дәл бейнелейтін әдеби құрал ретінде қызмет етеді.

Шерхан Мұртазаның публицистикасы мен журналистік еңбектері – оның шығармашылық шеберлігінің, тарихи санасы мен ұлттық танымының айнасы. 1956–1969- жылдардағы алғашқы жазбаларынан бастап, 1990-жылдарға дейінгі проблемалық мақалаларына дейінгі кең ауқымды зерттеу, талдау көрсеткендей, Шерхан үшін шеберлік тек көркем тіл мен стильді меңгеру ғана емес, сонымен қатар өмірлік шындықты дәл, жүйелі жеткізуге иелік ету, қоғамдағы өзекті мәселелерді айқын көрсету болды. Ол «Лениншіл жас», «Егемен Қазақстан» сияқты газеттерде еңбек адамдарының тұрмысын, ұлттық тағдыр мәселелерін, жер мен тілге қатысты өзекті ойларды жариялап, оқырманға шынайы бейнелер ұсынды; мысалы, «Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды» мақаласында қазақ тілінің, халық мәдениеті мен салтдәстүрінің сақталуы мен кемелденуін өткір сынмен көрсетсе, 1999 жылғы парламенттік мақалаларында жердің сатылуы мен ұлттық мүдденің қорғалуы мәселесін батыл көтерді [5]. Бұл шығармаларда тарихи оқиғалар мен әлеуметтік құбылыстар, жеке тағдыр мен ұлт тағдырының сабақтастығы біртұтас көркемдік кеңістікке айналып, әрбір факті мен құжат оқырманға дәлелденген шындық ретінде ұсынылады. Шерхан Мұртазаның публицистикасының тереңдігі оның тек факт жинаушы емес, сонымен қатар әрбір мәтіннің рухани мәнін сезініп, ұлттық сана мен әділетке адалдық арқылы қоғамға ұсынатын сындарлы талдауын көрсетті [7,59]. Сол арқылы оның шығармашылық тәжірибесі шеберліктің кең ауқымы – ізденіс, талмай талаптану, тарихи деректерді көркемдік қиялмен үйлестіре отырып, ұлттық идеология мен руханиятқа қызмет етуін дәлелдеді, яғни шындықты, әділдікті және ұлт тағдырын біртұтас көркемдік өрнекте жеткізудің үлгісін жасады.

Қорытынды

Шерхан Мұртазаның шығармашылық жолы – тек әдебиет пен журналистиканың ғана емес, ұлттық сана мен рухани мұраның терең зерттелген үлгісі. Оның шығармалары арқылы біз адам тағдырының күрделілігі мен ұлт тағдырын сабақтастыра ұғынуға, тарихи шындық пен қазіргі уақыт арасындағы үйлесімділікке көз жеткіземіз. Қаламгердің шындыққа адалдығы, көркемдік қиялымен үйлестірілген дәлдік пен публицистикалық батылдығы оның шығармаларына ерекше мән мен өміршеңдік береді. Шерхан үшін әдеби туындылар мен мақалалар – тек сөз қоры мен стиль емес, қоғамдағы өзекті мәселелерді айқын көрсету, ұлт рухын қорғау, ұлттық сана мен мәдениетті қалыптастыру құралы болып табылады. Қаламгердің тарихи роман жанры мен публицистикадағы жетістігі – ұлттық тарихты, ұрпақ тағдырын, рухани мұраны көркемдік әдіспен бейнелеудің мысалы. «Қызыл жебе» романы, «Табылған теңіз», «Ай мен Айша», «Домалақ ана» секілді шығармалары арқылы Ш.Мұртаза халықтың жалпы мүддесін, жеке адамның ішкі әлемін, рухани қалыптасуын үндестіре бейнелей отырып, оқырманға ұлттық болмыстың күрделі, бірақ мәнді бейнесін ұсынады. Ол дерек пен қиялды шебер үйлестіре отырып, тарихи тұлғалардың тағдырын кең уақыт ағысына сәйкестіре зерттеп, олардың өмірлік таңдауы мен қоғамдық мәнін терең талдайды. Қаламгердің ең басты ерекшелігі – ұлтқа адалдығы мен қоғам алдындағы жауапкершілігі. Оның журналистік тәжірибесі мен публицистикалық таланты тек нақты оқиғаларды баяндамай, олардың тарихи, әлеуметтік, мәдени контекстін ашады. Оқырман әр мәтіннен қоғамның рухани қалыптасуына, тіл мен мәдениет мәселесіне қатысты терең ой алады, тарихи сабақ пен қазіргі өмірдің үйлесімін түсінеді. Бұл тек әдеби шеберлік емес, ұлт мүддесін, мәдени мұраны қорғаудың жоғары формасы. Шерхан Мұртазаның шығармашылығы болашақ ұрпаққа бағытталған тәрбие құралы ретінде де ерекше маңызға ие. Оның шығармалары ұрпаққа өз тілін, тарихын, мәдениетін бағалауды үйретіп, ұлттық сана мен рухани төзімділікті қалыптастырады. Әр кейіпкер, әр сюжет желісі ұлттық болмысты, адамгершілікті, әділеттілікті дәріптейтін сабақ, ал әдеби шеберлігі мен публицистикалық батылдығы – оқырманның ой-өрісін кеңейтетін шабыт көзі. Сөйтіп, Шерхан Мұртазаның қаламы арқылы біз тек әдеби немесе журналистік мұрамен таныспаймыз, сонымен бірге ұлттың тарихи естелігін, рухани тұтастығын,

тіл мен мәдениеттің мәнін терең сезіне аламыз. Оның шығармалары – ұлттық сананың айнасы, ұрпаққа бағытталған моральдық және эстетикалық сабақ, қоғамдық өмірдің шынайы көрінісі. Бұл мұра, әрине, уақыт өткен сайын өзінің өзектілігін жоғалтпай, жаңа дәуір оқырмандарына рухани жол көрсетер бағдаршамға айналады. Шерхан Мұртазаның шығармашылық жолы ұлттық рух пен тарихты, адам тағдырын және ұрпақ тағылымын біртұтас жүйеге тоғыстыра отырып, әдебиет пен журналистиканың биік деңгейін дәлелдеген көркемдік, интеллектуалдық феномен болып саналады. Ол бізге ұмытылмас сабақ береді: ұлттың болашағы тек материалдық әл-ауқатта емес, рухани кемелденуінде, тілінде, мәдени мұрасында, әділет пен адалдыққа сүйенуінде екендігін мәңгілікке дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза Ш. Қара маржан: роман. – Алматы: Жалын, 1976.
2. Қирабаев С. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997.
3. Мұртаза Ш. Қызыл жебе (1–5 кітап). – Алматы: Жазушы, 1980–1994.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы. Шерхан Мұртаза туралы дерек:https://nabrk.kz
5. Мұртаза Ш. Ай мен Айша: роман. – Алматы: Жазушы, 1997.
6. Мұртаза Ш. Бір кем дүние. – Алматы: Қазығұрт, 2002.
7. Мұртаза Ш. Табылған теңіз: повесть. – Алматы: Жазушы, 1963.

МИРАС АСАН ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ІШКІ ДИАЛОГ ПЕН ЖАЛҒЫЗДЫҚ МОТИВІНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ

А. Нуршатова, П. Мағзанбек
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенттері
Ғылыми жетекші:Phd, қауымдастырылған профессор Б.Е.Сыздықова

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясында Мирас Асан лирикасындағы жалғыздық пен ішкі диалог мотивтерінің тілдік бейнелеу тәсілдері лингвистикалық тұрғыдан талданады. Зерттеу стилистикалық, синтаксистік және семантикалық деңгейлерде жүргізілді. Ішкі диалог риторикалық сұрақтар, қайталаулар (анафора, эпифора), үнсіздік (эллипсис) және ішкі монологтың синтаксистік құрылымы арқылы беріледі. Жалғыздық мотиві «тозу», «қамалу», «үзілді» сияқты лексикалық бірліктермен, табиғат символдарының (жапырақ, күз, бұлт) метафоралық қолданысымен және эмоционалдық лексиканың градациясымен көрініс табады. Мирас Асан лирикасы қазіргі қазақ поэзиясындағы ішкі диалогтың лингвистикалық-инновациялық үлгісі ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: Мирас Асан, ішкі диалог, жалғыздық мотиві, стилистикалық фигуралар, риторикалық сұрақ, метафора, синтаксистік конструкция, қазақ лирикасының поэтикасы.

Қазіргі қазақ поэзиясы – мазмұн мен форма жағынан жаңашылдыққа ұмтылған, көркемдік ізденістерге толы әдеби кеңістік. Тәуелсіздік дәуірінен кейін қазақ поэзиясы өзіндік поэтикалық бағытын қалыптастырып, адамның ішкі психологиялық, экзистенциалдық тәжірибесін тілдік тұрғыдан зерттей бастады [1, 3].

Жалғыздық пен ішкі диалог мотивтері экзистенциалдық философияда (С. Кьеркегор, Ж.-П. Сартр, А. Камю) ерекше орын алады. Лингвистика тұрғысынан алғанда, бұл мотивтер тілдік және стилистикалық деңгейде – риторикалық сұрақтар, анафора, эллипсис, метафоралық символизм арқылы – поэтикалық мәтінде бейнеленеді [2]. Алайда Мирас Асан лирикасы осы тұрғыдан арнайы лингвистикалық зерттеу нысанына айналмаған.

Зерттеудің мақсаты – Мирас Асан лирикасындағы ішкі диалог пен жалғыздық мотивтерінің тілдік бейнелеу тәсілдерін лингвистикалық деңгейде анықтау. Міндеттері: лексика-синтаксистік, стилистикалық және семантикалық талдау жүргізу; нақты өлеңдерден мысалдар келтіру.

Мирас Асан өлеңдерінде ішкі диалог, ең алдымен, риторикалық сұрақтар мен өзін-өзі сұрау формасы арқылы беріледі. «Жапырақтың махаббаты сен бе екен?..» өлеңінде анафоралық сұрақтар тізбегі лирикалық «меннің» ішкі қайшылығын күшейтеді:

«Жапырақтың махаббаты сен бе екен?
Жапырақтың махаббаты мен бе екем?
Жапырақтың махаббаты Күн әлде?
Жапырақтың махаббаты Жел ме екен?» [3].

Бұл конструкцияда анафоралық «Жапырақтың махаббаты...» синтаксистік параллелизмі риторикалық сұрақпен ұштасып, лирикалық субъектінің ішкі монологын ашады. Жауап күтілмейтін сұрақтар тізбегі оқырманды да диалогқа тартады: адресат нақты бір жан емес – лирикалық «мен» өзімен-өзі сұхбаттасады [4].

Жалғыздық мотивін тікелей атайтын «Неге менің жұлдызым жанды жалғыз...» өлеңінде де ішкі диалог анафора арқылы сатылап кеңейеді:

«Неге менің жұлдызым жанды жалғыз,
Неге мендік жалғыздық жалғыз қалды,
Жалғыздыққа өзіңді қимады кім?» [3]

«Неге» сұрау есімдігінің қайталануы риторикалық сұрақтан жауапсыз ізденіске – яғни ішкі монологтың ең терең қабатына – апарады. «Жалғыз» сөзінің аллитерациялық тіркеспен («жалғыздыққа», «жалғыз қалды», «жалғыз-жалғыз») қайталануы лексикалық анафора мен семантикалық градацияның үйлесімін береді [2].

Қайталаулар (анафора, эпифора) мен градация да ішкі диалогтың маңызды тілдік тетіктері болып табылады. «Күлкімді де тоздырдым...» өлеңінде «тозды» етістігінің тізбектелуі градация мен эпифораның үйлесімін береді:

«Тозды миым – тәнімнің ақылманы,
Тозды күйім, ескіріп жатыр бәр...
Жүрек тозды сезім – бал, ақыл – удан,
Білек тозды бақытты шақырудан...» [3].

Мұнда «тозды» сөзінің бірнеше рет қайталануы – миым, күйім, жүрек, білек – жалпылаудың семантикалық кеңеюі арқылы «тозудың» психологиялық шиеленісін күшейтеді. Бұл стилистикалық тәсіл оқырманды лирикалық субъектінің ішкі «ыдырау» процесіне куәгер етеді.

Ішкі диалогтың тағы бір маңызды тілдік белгісі – эллипсис және үнсіздік. Ақын толық емес сөйлемдер, нүктелер мен тіре арқылы сөйлемді үзеді.Бұл синтаксистік үзілістер оқырманға «толтырылмаған» мағынаны өзі сезіну, яғни ішкі «үнді есту» мүмкіндігін береді [2].

Жалғыздық мотиві Мирас Асан лирикасында ең алдымен арнайы семантикалық өріс арқылы беріледі. «Тозу», «қамалу», «үзілді», «іш-қазан күйе-күйе», «ойран ішім», «үзілермін» сияқты лексикалық бірліктер жалғыздықтың эмоциялық-психологиялық мазмұнын ашады. Мысалы, «Абай» өлеңіндегі:

«Сыртыңнан еркіндіктің түрін жасап,
Ішіңнен қамалудан қиыны жоқ...
Қамалған сен бе, мен бе... ойран ішім!
Ешкімге айта алмайтын ойлар үшін!» [3].

Бұл үзіндіде поэтикалық антитеза ерекше психологиялық тереңдікпен берілген. «Сыртыңнан еркіндіктің түрін жасап» деген жол – әлеуметтік маска, яғни адамның сыртқы әлемге бейімделген, «еркін» көрінетін бейнесі. Ал «ішіңнен қамалудан қиыны жоқ» тіркесі осы жасанды еркіндікке қарама-қарсы қойылып, шынайы күйді – ішкі тұтқындықты ашады. Мұндағы «қамалу» – физикалық емес, рухани-экзистенциалдық күй, яғни адамның өз ойы мен сезімінің шеңберінен шыға алмауы. Осылайша, сыртқы еркіндік пен ішкі тұйықтық арасындағы қайшылық лирикалық кейіпкердің трагедиялық болмысын айқындайды. «Ойран ішім» метафорасы ішкі әлемнің күйреуін, ретсіздік пен хаосты білдіреді. Бұл – тек эмоциялық күй емес, тұтас болмыстың шайқалуы. Ал «ешкімге айта алмайтын ойлар» тіркесі – коммуникацияның үзілуін, ішкі сөздің сыртқы тілге айнала алмауын көрсететін символ. Бұл жерде жалғыздық физикалық оқшауланудан емес, түсінілмеуден, ішкі әлемнің «жабықтығынан» туындайды. Демек, лирикалық субъект үшін ең ауыр жаза – сыртқы еркіндік жағдайында ішкі тұтқында қалу, яғни өзін өзі «айта алмау» трагедиясы.

«О, жалғыздық –
Жесірдің көңілдесі,
Қай бекетте тұрсыңдар өмір көші?
Жалғыз аяқ жолменен кеттің ұзап,

Сорың қалың неге екен сенің де осы?!» - деген өлең жолдарында ақын жалғыздықтың семантикалық өрісі лексикалық-эмоционалдық деңгейде тікелей атаумен беріледі: «О, жалғыздық

– / Жесірдің көңілдесі» – мұнда жалғыздық жандандырылып (персонификация), нақты образға – жесір әйелдің жалғыздығына – теңестіріледі. Бұл тіркес жалғыздықтың тек психологиялық емес, әлеуметтік-мәдени астарын да ашады [4].

Осындай тікелей атау мен метафоралық бейнелеу жалғыздықты тек атаумен шектемей, оны астарлы символдар арқылы да тереңдетеді. Ақын өлеңдеріндегі табиғат символдарының метафоралық рөлі осы тұрғыда жалғыздықты берудің маңызды тілдік тәсілі болып табылады. Жапырақ (өткінші сезім, уақыт), күз (алшақтық, мүмкін болмаған болашақ), бұлт (ішкі жан күйзелісі) – осы символдар бейнелі мағына арқылы лирикалық субъектінің рухани жалғыздығын береді [5]. «Жаңбыр дауысын естідің бе...» өлеңіндегі:

«*Бұлттар менің көз жасым ба Көктегі?*

Бұлттар сенің көз жасың ба төкпелі?» [5]

– деген жолдарда «бұлттар» метафорасы адамның ішкі жан күйзелісімен теңестіріліп жекелік сезім ғарыштық кеңістікке шығарылады. Бұл – лирикалық субъектінің жалғыздығының кеңістіктік-мағыналық кеңеюінің тілдік тәсілі.

«Неге менің жұлдызым жанды жалғыз» өлеңіндегі «Кірпігіңде көз ілер қалғыған күз» тіркесіндегі «күз» символы уақыттың баяулауын, сезімнің суынуын білдіріп, лирикалық субъектінің ішкі күйін табиғат құбылысымен астастырады. Бұл тіркестегі жалғыздық мотиві метафора мен антитеза арқылы терең тілдік бейнеге айналады. Мұнда табиғат образы – жалғыздықтың эмоционалдық күйін жанама жеткізетін метафоралық құрал.

Эмоционалдық лексиканың градациясы мен антонимиясы (еркіндік – қамалу, жақындасу – алшақтық, бақыт – уайым) жалғыздық мотивінің семантикалық шиеленісін арттырып, оны психологиялық тереңдікте бейнелейді.

Ақынның синтаксистік мәнері – қысқа, фрагментарлы сөйлемдер мен ұзақ ішкі монологтардың кезектесуі. Бұл ырғақтық-синтаксистік ауытқулар лирикалық субъектінің психологиялық күйін беруде өте маңызды рөл атқарады. Парцелляция (сөйлемді бөліктерге бөлу) арқылы ой тоқтап, жалғасып отырады; бұл ішкі монологтың табиғи ырғағын береді. «Бұл күз бізді неге есіне түсірді?..» өлеңінде синтаксистік инверсия мен риторикалық сұрақтардың ұйымдасуы ерекше назар аудартады:

«Тік қарауға болушы еді, о саған?

Тіл қатуға болушы еді, о сонда?

Үнсіз іштен төгіл, төгіл ән-жырым,

Үнсіз іштен егіл, егіл жан гүлім...» [5].

Мұндағы «болушы еді» конструкциясының қайталануы (анафора) мүмкін болмаған байланыстың өкінішін беріп, «үнсіз іштен» тіркесінің рефрен ретінде қолданылуы ішкі диалогтың жабықтығын, яғни жалғыздықтың тілдік формуласын айқындайды. Сонымен қатар лирикалық субъект пен табиғат арасындағы «диалогтық» синтаксис (бұлттарға, жапыраққа, желге үн қату) сыртқы адресатты ішкіге ауыстыру тәсілі арқылы жалғыздықты тереңдете түседі.

Сондай-ақ ақынның «Бөтен» өлеңінің синтаксисі өзгеше – жай, баяу, хикаялы сипатта келеді. Алайда соңғы жолдарда:

«...Бөтен іздеу ұнайды өте маған,

«Бөтен іздеп кел» деді шекер анам.

«Бөтен бар ма?» деп едім көрші үйге кеп,

Есік ашты бөтен қыз – бөтен адам...»[5]

парцелляция мен инверсия арқылы ішкі шегініс беріледі. «Есік ашты бөтен қыз – бөтен адам...» тіркесі синтаксистік кідіріс жасап, «бөтен» сөзінің қайталануы арқылы оның семантикалық мәнін күшейтеді. Бұл қайталау адамдар арасындағы алшақтықты, жалғыздықты айқындайды. Өлеңде лирикалық субъект «өзгені іздеу» арқылы өзінің жалғыздығын таниды: «Бөтен іздеу ұнайды өте маған» жолы ішкі диалогтың бір көрінісі әрі жалғыздықтың парадоксалдық қабылдануын білдіреді. Лирикалық субъект «өзгені» іздеу арқылы өзінің ішкі бос кеңістігін сезінеді, яғни жалғыздық сыртқы емес, ішкі күй ретінде танылады. Осылайша, синтаксистік тәсілдер (парцелляция, инверсия, қайталау) жалғыздықты тек мазмұн арқылы емес, тілдік құрылым деңгейінде де терең бейнелейді.

Мирас Асан лирикасында ішкі диалог пен жалғыздық мотиві тілдік құралдардың күрделі жүйесі арқылы бейнеленеді. Риторикалық сұрақтар, лексикалық қайталаулар (анафора, эпифора, градация), метафоралық символизм (жапырақ, күз, бұлт) және синтаксистік үзілістер (эллипсис, парцелляция) лирикалық субъектінің психологиялық дағдарысын тереңдетіп, оқырманға экзистенциалдық рефлексия тәжірибесін ұсынады.

Ақынның поэтикалық тілі – жалғыздық пен ішкі диалогты бейнелеудің инновациялық лингвистикалық үлгісі. Ол оқырманды лирикалық субъектінің ішкі монологына тікелей қатыстырады: риторикалық сұрақтар жауап күтеді, эллипсис мағынаны толтыруды талап етеді, ал табиғат символдары сезімнің ауқымын кеңейтеді. Осы тұрғыдан алғанда, Мирас Асан қазіргі қазақ лирикасындағы ішкі диалогтың лингвистикалық-поэтикалық мектебін қалыптастырушы ақын ретінде бағалануы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Орда Г.Ж., Искакова, Р.А. (2023). Жаңа дәуір поэзиясының даму бағыттары. Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/175
2. Kierkegaard S. (1849). The Sickness Unto Death. Copenhagen: / https://doi.org/10.1017/9781108883832
3. Асан М. Өлеңдер. // https://www.zharar.com
4. Heidegger M. Being and Time Hardcover. / Transl. J. Macquarrie. E. Robinson. – Blackwell Publishers Ltd, 1962. – p. 590
5. Асан М. Өлеңдер. / Тағдырым көзсіз жылап, сөзсіз сүйген. // https://adebiportal.kz

А. АЛТАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ТҮС КӨРУ МОТИВІ («ТҮСІК» ӘҢГІМЕСІ НЕГІЗІНДЕ)

Л. Өтебай, Н. Серікбай
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Б.Е. Сыздықова

Аннотация

Бұл мақалада А. Алтай әңгімелеріндегі түс көру мотиві қарастырыады, соның ішінде «Түсік» әңгімесіне ерекше назар аударылады. Көркем шығармадағы түс кейіпкердің ішкі жан дүниесіне үңілудің маңызды құралы ретінде танылып, оның бейсаналықтағы қалаулары, қорқыныштары мен моральдық қайшылықтарын ашып көрсетеді. Зерттеу барысында З. Фрейд пен К. Г. Юнгнің психоаналитикалық теорияларына сүйене отырып, түс көрудің көркемдік әрі психологиялық қызметі талданады. Фрейдтік тұрғыдан алғанда, түс – ығыстырылған тілектер мен ішкі конфликтілердің көрінісі болса, юнгтік концепцияда ол архетиптер мен ұжымдық бейсаналықтың көрінісі ретінде сипатталады. «Түсік» әңгімесін талдау арқылы қазақ прозасындағы түс мотивінің тек сюжеттік қызмет атқарып қана қоймай, кейіпкердің психологиялық болмысын тереңдететінін, оның моральдық әрі экзистенциалдық дағдарыстарын айқындайтынын, сондай-ақ өмір мен өлім, сана мен бейсаналық арасындағы шекаралық (лиминалды) кеңістікті қалыптастыратынын дәлелдейді.Зерттеу нәтижесінде А.Алтай әңгімелері арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі түс көру мотиві – психологиялық, философиялық және мифопоэтикалық қызметтерді біріктіретін көпқабатты көркемдік тәсіл екені анықталды. Ол шығарманың композициялық құрылымын байытып, тақырыптық тереңдігін арттырады.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, түс мотиві, психоанализ, фрейдтік теория, юнгтік теория, мифопоэтика, метафизикалық кеңістік

Қазақ әдебиеті – бай тарихы мен терең философиясы бар, халықтың рухани байлығын айшықтайтын құнды мұра. Осы бай мұраның ішінде ерекше орын алатын, адамның ішкі әлемін, арман-тілегін, қорқыныштарын айқын бейнелейтін мотивтердің бірі – түс көру мотиві. Түс – адам санасының тылсым әлеміне апаратын есік іспетті. Ол өткенді еске салып, болашаққа жол көрсетіп, кейде тіпті қазіргі шындықтың өзін жаңа қырынан ашуға мүмкіндік береді. Қазақ әдебиетінде түс көру мотиві әр кезеңде, әр автордың шығармашылығында өзіндік сипат алып, әртүрлі мағыналарға ие болды.

Түс көру мотивінің қазақ әдебиетіндегі тамыры өте тереңде жатыр. Атап айтқанда халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Батырлар жырында, ертегілерде, аңыз-әңгімелерде кейіпкерлердің түсіне енген көріністер оқиғаның дамуына, кейіпкердің тағдырына әсер ететін маңызды рөл атқарды. Мысалы, батырлардың алдағы жорықтары туралы алдын ала ескертетін түстер, жаудың

келуін хабарлайтын белгілер жиі кездеседі. Бұл түстер тек қиялдан туған елес емес, халықтың өмір сүру салтымен, табиғат құбылыстарымен, діни наным-сенімдерімен тығыз байланысты болды.

Дегенмен, қазақ әдебиетінде түс көру мотиві – бұл тек фольклорлық дәстүрдің жалғасы ғана емес, сонымен қатар кейіпкердің ішкі әлемін ашудағы, оның психологиялық және философиялық ойларын тереңдетудегі маңызды көркемдік құрал. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелерін зерттеген Г. Пірәлиева бұл мотивтің тек оқиғалық функциясымен шектелмейтінін, керісінше, оның күрделі көркемдік құбылыс екенін атап көрсетеді. Оның пікірінше, түс көру – бұл кейіпкердің ішкі өміріне енудегі таптырмас бейнелеу құралы [1, 47].

«Адамның күрделі рухани әлемін, ішкі сезімін тереңдеп талдап көрсететін аналитикалық психологизмнің бір түрі – түс көру тәсілі» [2, 89]. Түс арқылы авторлар кейіпкердің психикасының терең қатпарларын, бейсаналық толғаныстарын, жасырын эмоцияларын ашуға мүмкіндік алады. Бұл – көркем-психологиялық тәсіл ретінде бағаланатын маңызды аспект. Түс көрінісі кейде адам санасының логикалық бақылауынан тыс жатқан күйлерді, Г. Піралиева атап көрсеткендей – «бұлыңғыр сәттерді», «жарым-жартылай есті-ессіз күйді» – өрнектеуге мүмкіндік береді [1, 47]. Бұл әдебиеттегі психологиялық талдаудың бір көрінісі болып табылады. Автор атап өткен «эзотериялық нышандар, құпия-белгілер, символдар» түс көрудің тек психологиялық емес, сонымен қатар философиялық қызметін айқындайды. Түс – бұл дүниені танудың, өмірді таразылаудың ерекше бір формасы. Ол адамға өзінің ішкі әлемін, өмірдегі орнын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Сонымен қатар, Пірәлиева түс көрінісінің шекаралық күйді («не тірі емес, не өлі емес»), яғни екі әлемнің – бұл дүние мен о дүниенің арасындағы метафизикалық кеңістікті бейнелеуге мүмкіндік беретінін көрсетеді [1, 47]. Бұл – түс мотивінің мифопоэтикалық және символдық табиғатын дәлелдейтін ерекшелік. Бұл ойымызды қазақ жантану ғылымының негізін қалаушы Ж. Аймауытовтың «Адамда екі түрлі «жан» бар: біреуі – жан, екіншісі – тән... Жанды тәннен бөлек, бар нәрсе деп ұғуға – адамның түс көруі себеп болған» - деген пікірі тереңдете түседі [3, 9]. Осындай бейнелеу әдісі арқылы поэтикалық тіл тереңдей түседі, ал кейіпкер санасында болып жатқан күрделі рухани процестер көркемдеу құралдары арқылы ашылады.

Бұл пікірлер түс көру мотивінің әдебиеттегі орнына жаңаша теориялық қырдан қарауға мүмкіндік береді. Яғни түс тек хабаршы немесе болжам жасайтын құрал ретінде емес, адам жан дүниесінің құпия механизмдерін көрсететін, рухани әлемді сипаттайтын көпқабатты көркемдік тәсіл деп айтуға негіз бар. Мұндай көзқарас түс мотивін психологиялық проза, модернистік әдебиет және мифопоэтикалық дәстүрмен байланыстыра отырып, оның әдеби-композициялық маңызын тереңдете түседі.

Қазақ әдебиетінде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, О. Бөкей, Д. Амантай, Т. Әбдік сияқты қаламгерлер прозасында түс – кейіпкердің ішкі дағдарысын, экзистенциалдық сұрақтарын, ішкі «менімен» күресін ашатын бейнелеу құралы ретінде көрініс тапты. Түс көру мотиві сонымен қатар А.А.лтай прозасында айқын көрініс береді.

Асқар Алтай (1963 ж., Шығыс Қазақстан, Зайсан) – қазіргі қазақ прозасындағы өзіндік қолтаңбасы айқын, дара шығармашылық тұлғалардың бірі. Жазушы, әсіресе, әңгіме жанрында шеберлігімен ерекшеленеді: аз сөзбен терең мағына беру, символдық астар қалыптастыру – оның көркемдік жүйесінің негізгі белгілері.

Асқар Алтай прозасына мифтік-аңыздық сарын мен әлеуметтік шындықты өткір бейнелеу тән. Оның шығармаларында адамның ішкі жан әлемі, жалғыздық феномені, тағдыр мен қоғам арасындағы қайшылықтар, қоғамдық деформация, адам мен табиғат үйлесімінің бұзылуы, тарихи жады мәселелері кеңінен көрініс табады. Жазушы стилі лаконизммен, поэтикалық ықшамдылықпен ерекшеленеді: кей тұста абсурдқа жақындайтын көркемдік шешімдер арқылы терең философиялық ой тудырса, енді бірде лирикалық нәзіктікке бой ұрады. Жазушы әңгімелерінде түс көру мотиві тұрақты түрде кездеседі және жазушының авторлық қолтаңбасының маңызды бөлігі болып табылады. Бұл мотив «Түсік», «Туажат», «Альпинист», «Қызыл бөлтірік», «Киллер сауысқан» (Көзжендет), «Мәйіт», «Прописка», «Бүкір», «Кентавр», «Тұл», «Қайықтағы екеу», «Таганка» және басқа да көптеген шығармаларында бар.

Жалпы алғанда, Алтай түс көруді кейіпкерге аян беру, ішкі жан дүниесін ашу, символдық код және шындықтың көпқабаттылығын көрсету үшін қолданады. Түс арқылы өң мен түстің шекарасы бұлыңғырланады, адамның үрейі, кінәсі, рухани ізденісі немесе қоғамдық деформациясы ашылады.

Жоғарыда атап өткендей, түс мотивінің философиялық мағынасы да айрықша. Түс – екі әлемнің түйісу нүктесі: реалды өмір мен ирреалды кеңістік, тірілер дүниесі мен рухтар әлемі

арасындағы шекаралық кеңістік. Бұл межелік күй («межелік сана» немесе «лиминалды болмыс») кейіпкердің рухани дағдарысын, өмір мәнін іздеуін, онтологиялық жалғыздығын көрсетеді. Мұндай тәсіл мифопоэтикалық дәстүрді жаңғыртып қана қоймай, адам болмысының терең философиялық мәнін ашуға мүмкіндік береді. Бұл теориялық тұжырымдар А. Алтайдың «Түсік» әңгімесінде дәл беріледі: *«Түсінде түсік көрді. Түсік – түсік емес, түсікке айналған мұның өзі. Бармақтай ғана жан иесі екен. Ештеңемен ісі жоқ. Жөнімен жүзіп жүр.*

*Жүзіп жүрген мекені – жатыр. Биттің қабығындай жұқа жатыр іші – жұмбақ әлем. Жұқа жарғақ жарылып кетердей толқып-толқып қояды. Жұмсақ құрсақ баяғы балалық шағында шаңырақта үрлеулі тұрған қарындай шайқала толқығанда, **көгілдір әлемде** балықтай жүзген бұл бесіктей тербеледі. Бірақ тұншықпайды. Емін-еркін тыныстайды» [4].* Биболдың түсіндегі «көгілдір әлем» – бұл жай ғана бір орын емес, бұл шекаралық, метафизикалық кеңістік. Т. Есембеков мұндай кеңістікі «онейрикалық кеңістік» деп бөледі [5, 122]. Ол өмір мен өлімнің арасындағы, бар болу мен жоқ болудың шегіндегі ортақ нүкте. Бұл кеңістікке тап болған адам, өзінің бұрынғы болмысынан айырылып, жаңа, әлі де толық қалыптаспаған күйге ауысады. «*Түсікке айналған адам көк теңіздей көлкіген әлемде армансыз жүзе берді. Алаңсыз жүзіп жүріп: «Әлгінде ғана адам едім. Неге түсікке айналдым? – деген оқыс ойға тағы келді. – Ал енді, саптан қапқа тамып түсер тамшыдан емес, бірден адамнан айналған түсікті жайлы жатыры жатырқап, жатсынып қалса қайтеді?! Онда тұқымының тұздай құрығаны – жатсынған жатыр сылып тастағаны*» [4].

Адамнан түсікке айналу – бұл белгілі бір дәрежедегі жойылу, жоғалту. Ал тірі жаннан ұрыққа айналу – бұл жаңа бастаманың, әлі де дамудың алғашқы сатысындағы әлсіздіктің белгісі. Бұл екі жағдай да адамның өзінің қалыптасқан «менінен» айырылып, белгісіздікке ұшырағанын көрсетеді. Бұл түс – адамнан түсікке, тірі жаннан ұрыққа айналып, межелік кеңістікке тап болуды білдіреді. Тек түс көру ғана емес, Биболдың ішкі жан дүниесіндегі күрделі жағдайдың, моральдық дағдарыстың айқын көрінісі.

Түс барысында Бибол өзін «түсік» ретінде көруі – оның санадан жасырылған кінәсінің символдық жазасы. Ол шынайы өмірінде, біріншіден парақорлық жасайды, екіншіден саналы түрде екі әйелді де түсік жасатуға итермелейді, үшіншіден моральдық жауапкершіліктен қашады. Осылайша, Биболдың парақорлығы, адам өміріне қатысты жасаған ауыр күнәлары мен жауапкершіліктен қашуы – бәрі де оның бейсанасына терең із қалдырады. Бұл ауыр жүк, бұл жасырын кінә, бейсаналықта «түсік» бейнесі арқылы көрініс табады. Түсінде өзін «түсік» ретінде сезіну – бұл тек кездейсоқ образ емес, бұл оның ішкі дүниесінің айнасы. Ол өзінің жасаған қылмыстарын, жойған өмірлерін, бұзған моральдық нормаларын символдық түрде көреді. Бұл – оның бейсаналық «ішкі соты», оның өз-өзіне берген үкімі, санасының өзіне жасаған ескертуі, ішкі дауысының сыртқа шығуы. Бұл – оның моральдық күйреуінің айқын көрінісі. Жоғарыда келтірілген Ж. Аймауытовтың «жан мен тәнді айыратын күш – түс көру» деген идеясына толық сәйкес келеді [3, 9]. А.Алтай «түс мотивін» маскадан арылту үшін қолданады. Яғни түс арқылы біз өзіміздің ең жасырын ойларымызды, қорқыныштарымызды, кінәларымызды көре аламыз.

Сондай-ақ шығармада түс мотиві архетиптік-мифопоэтикалық қызмет атқарады. Адамды бастапқы күйіне қайта апарып, оның рухани мәнін ашу. Биболдың жағдайында, түс арқылы ол өзінің күнәларынан арылып, өзінің бастапқы, таза жаратылысына оралу мүмкіндігін алады (1-сурет).

Сурет 1

А.Алтайдың «Түсік» әңгімесіндегі түс мотивінің мифопоэтикалық қызметі



Қазіргі қазақ әдебиетіндегі түс көру мотивін Фрейд пен Юнг психоанализ теориялары арқылы зерттеу шығарманың психологиялық тереңдігін айқындауға мүмкіндік береді. А. Алтайдың «Түсік» әңгімесін мысалға ала отырып, түс мотивін психоанализдік тұрғыдан түсіндіруге болады. Алтайдың «Бибол» кейіпкерінің түсіндегі «түсікке айналуы» – бұл Фрейдтің теориясымен тығыз байланысты психологиялық қақтығыстың айқын көрінісі. Бұл түс, кейіпкердің бейсаналық деңгейінде жинақталған күрделі эмоциялар мен моральдық мәселелердің символдық бейнесі болып табылады[6].

Юнгтің пайымдауынша, әрбір түс – бұл тек кейіпкердің жеке психикасының ғана емес, сонымен қатар адамзаттық архетиптердің бейнесі. Архетиптер – бұл адамзаттың коллективті бейсаналық қабатында сақталған, жалпыадамзаттық, мәдениетке тән бейнелер мен үлгілер. Олар біздің ойлауымызға, сезінуімізге және мінез-құлқымызға әсер етеді. Түстер арқылы осы архетиптік символдармен байланыс орнатуға болады, бұл психологиялық тепе-теңдікке жетуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады[7].

Фрейд пен Юнг теорияларын қолдану арқылы түс көру мотиві тек көркемдік құрал ғана емес, кейіпкердің ішкі психикасының, моральдық күйзелістерінің, бейсаналықтағы құпия сезімдерінің символдық көрінісі екені анықталады. Фрейд тұрғысынан, түс – бейсаналық қалаулар мен қорқыныштарды білдіретін, моральдық жауапкершіліктен қашудың символдық көрінісі болса, Юнг тұрғысынан – архетиптік символдар арқылы кейіпкердің психологиялық және рухани трансформациясын бейнелейтін, межелік кеңістік құратын құрал.

А. Алтайдың «Түсік» әңгімесінде түс мотиві Биболдың ішкі жан дүниесін, моральдық дағдарысын, бейсаналық пен саналық арасындағы күресін көркемдік түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен, түс көру мотиві қазақ прозасында психологиялық, философиялық, мифопоэтикалық тұрғыда көпқабатты мәнге ие болып, заманауи әдебиетте терең эстетикалық рөл атқарады.

Қорыта келгенде, түс көру мотиві қазіргі қазақ прозасында бірнеше деңгейде қызмет атқарады: психологиялық (кейіпкердің ішкі жан дүниесін, моральдық дағдарысын және бейсаналық күйін бейнелейді), философиялық (тіршілік пен өлім, саналық пен бейсаналық арасындағы шекаралық кеңістікті ашады), мифопоэтикалық (архетиптер мен ұжымдық бейсаналық элементтер арқылы адам рухының трансформациясын көрсетеді) және композициялық (шығарманың құрылымын, эмоционалды және идеялық тұтастығын толықтырады.). Осылайша, қазақ прозасындағы түс мотивінің эстетикалық және рухани мәнін айқын көрсетіп, оның психологиялық, философиялық және мифопоэтикалық қызметін дәлелдейді. Түс мотиві қазіргі қазақ әдебиетінде тек оқиғалық функциямен шектелмей, кейіпкер психикасын терең түсінуге, ішкі жан дүниесін аша отырып, әдеби шығарманың көпқабатты мәнін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл мотивтің қолданылу арқылы қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейі жоғарылап, оқырманның рухани әлемі байи түседі. Авторлар түс арқылы кейіпкердің ішкі әлемін ашуда ғана емес, сонымен қатар, ұлттық сананы жаңғыртуда, рухани құндылықтарды насихаттауда да маңызды рөл атқарады. Түс мотивінің әрбір қыры – кейіпкердің ішкі әлемін тереңдету, өмірдің мәнін іздеу, ұлттық сананы нығайту және шығарманың көркемдік құрылымын байыту – қазіргі қазақ прозасының рухани тереңдігі мен психологиялық қатпарларының айнасы іспеттес. Осылайша, түс мотиві қазақ әдебиетінің дамуындағы өзіндік орнын айқын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Піралиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 327 б.
2. Сыздыкова Б.Е. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері. / Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыс. – Қарағанды, 2024. – 150 б.
3. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Төртінші том. / Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау. – Алматы: Ел шежіре, 2013. – 384
4. Алтай А. Түсік.
5. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
6. Freud, S. *The Interpretation of Dreams*. – United States: The Macmillan Company, 1913.- 534 p.
7. Юнг К.Г. Об архетипах коллективного бессознательного //Архетип и символ/ пер. А.М.Руткевича. - М: Ренессанс, 1991.- 485 б.

ДИДАР АМАНТАЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ПСИХОЛОГИЯСЫ

Ж. Серікбай
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа

Мақалада Дидар Амантай прозасындағы кейіпкер психологиясы көркемдік-эстетикалық және философиялық тұрғыдан талданады. Зерттеудің негізгі нысаны ретінде жазушының «Мен сізді сағынып жүрмін» және «Біреудің өмірі» повестері алынды. Мақаланың мақсаты - аталған шығармалардағы кейіпкердің ішкі жан әлемін, сана ағымын, экзистенциялық күйзелісін, уақыт пен өмір мәніне қатысты толғаныстарын психологизм теориясы негізінде саралау. Зерттеу барысында көркем мәтінді психологиялық талдау, сипаттамалы және интерпретациялық әдістер қолданылды. Талдау нәтижесінде Дидар Амантай прозасында кейіпкер психологиясы дәстүрлі оқиғалы баяндаудан гөрі ішкі монолог, естелік, философиялық пайым арқылы ашылатыны, ал «Мен сізді сағынып жүрмін» повесінде психологизм махаббат пен рухани тазалықты аңсау арқылы көрінсе, «Біреудің өмірі» повесінде ол уақыттың өткіншілігі, өмір мен өлім, болмыс мәні туралы экзистенциялық ойлармен тереңдей түсетіні анықталды. Автордың көркемдік жүйесінде психологизм адам болмысының күрделілігін танытатын басты эстетикалық тетік ретінде айқындалады.

***Кілт сөздер*:** психологизм, кейіпкер психологиясы, ішкі монолог, философиялық проза

Кіріспе

Дидар Амантай – танымал жазушы, мәдениеттанушы, журналист және Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» Ұлттық киностудиясының бас редакторы. Оның мол тәжірибесі бар: ауыл мектебінде, армияда, политехникалық институтта, ҚазМУ-дың философия және экономика факультетінде және журналистика факультетінде, Театр және кино институтының кино факультетінде (сценарий жазу мамандығы бойынша) және АҚШ пен Словакияда журналистика курстарында оқыған. Теледидарда, баспаларда, қоғамдық қорда және газет редакторы болып көп жылдар жұмыс істеген. Көптеген марапаттардың иегері Д. Амантай орыс және қазақ тілдерінде бірдей еркін жазады. Сыншылар кейде жазушының авторлық дискурсы туралы қарама-қайшы пікірлер айтады, себебі оның кітаптарында кейіпкерлер мен сюжеттер жиі жетіспейтін көрінеді. Осылайша, біздің елімізде және одан тыс жерлерде кеңінен танымал орыс-неміс-қазақ жазушысы және сыншысы Г.К. Бельгер атап өткендей: автор талғампаз да білімдар оқырманға арнап жазады, ол көп жайтты тұспалдап қана жеткізеді. Оның шығармаларын әлемдік әдебиет контексін терең түсіне отырып оқу қажет, себебі оның туындылары түгелдей дерлік «ассоциациялардан» тұрады. Г.К. Бельгер жазушының шығармаларының сюжетіндегі белгілі бір тұрақсыздықты, екіұштылықты және шындыққа жанаспайтын нәрселердің әсерін атап өтеді. Бірақ Д. Амантайдың жазушы ретіндегі ең үлкен күші - сипаттамалар емес, диалогтар. Көбінесе философия мен әдебиет туралы [1]. Дидар Амантайдың шығармашылығы - философиялық ой мен поэтикалық көркемдік сезімді үйлестіретін ерекше әлем. Оның прозасы көбіне ассоциациялар мен реминисценциялар арқылы өрбиді, оқырманнан шығарманы интеллектуалды түрде қабылдауды талап етеді. Қаламгердің туындылары қазіргі қазақ қоғамының рухани ізденістері мен мәдениетаралық байланыстарын зерттеуге мүмкіндік береді, сонымен бірге ұлттық дәстүр мен заманауи ойлаудың үйлесімін көрсетеді.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде Дидар Амантайдың «Пұт кітап» жинағына енген «Мен сізді сағынып жүрмін» және «Біреудің өмірі» повестері алынды. Сонымен қатар көркем прозадағы психологизм мәселесін қарастырған отандық және шетелдік әдебиеттанушылардың еңбектері зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін құрайды. Атап айтқанда, психологизмнің көркемдік табиғатын түсіндіруде Б. Майтановтың [2], Г. Пірәлиеваның [2] тұжырымдары, сондай-ақ психоанализ бен әдебиет арақатынасын айқындауда Зигмунд Фрейд [3] еңбектеріндегі

концептуалдық ойлар басшылыққа алынды. Зерттеу барысында әдеби-талдамалық, психологиялық талдау, мәтіндік интерпретация және салыстырмалы әдістер қолданылды. Кейіпкер психологиясы ішкі монолог, ой ағымы, қайталаным, символдық образдар, психологиялық параллелизм сияқты көркемдік тәсілдер арқылы талданды. Сонымен бірге кейіпкердің уақыт, өмір, махаббат, өлім туралы пайымдары экзистенциалдық тұрғыдан қарастырылып, олардың көркем мәтіндегі қызметі айқындалды. Зерттеу әдістері шығарманың идеялық-көркемдік тұтастығын сақтай отырып, кейіпкердің ішкі жан әлемін ашуға, психологизмнің авторлық стильмен байланысын анықтауға бағытталды.

Нәтижелер мен талқылау

Көркем әдебиеттегі психологизм адам психикасын танытудың негізгі көркемдік тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл тұрғыда Б. Майтанов психологизмді психология ғылымының әдебиеттегі тұрақты өкілі, көркемдік әлемнің «жүйке-жүйесі» ретінде бағалайды, яғни психологияда қарастырылатын категориялар жазушы үшін кейіпкердің ішкі болмысын ашатын көркемдік құрал қызметін атқарады [2; 14]. Жазушылар адам табиғатына терең үңіліп, оны жан-жақты зерттеуге ұмтылатын санаулы мамандық иелерінің бірі болып табылады. Олар кейіпкердің ішкі және сыртқы іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, сезімдік күйін, оның себеп-салдары мен қалыптасу тетіктерін әлеуметтік, философиялық әрі психологиялық қырларымен бірлікте қарастырады [2; 183]. Кейіпкер болмысын ашуда тек ірі оқиғалар ғана емес, күнделікті тұрмыстағы ұсақ-түйек детальдар - адамның ортасы, іс-қылығы, қарым-қатынасы, заттар әлемі де маңызды көркемдік мәнге ие болады. Жазушы осының барлығынан ой түйіп, сол арқылы философиялық мазмұны терең, психологиялық тұрғыдан нанымды көркем образ жасайды. Ал кейіпкерді қандай деңгейде, қандай тереңдікпен бейнелеу қаламгердің ой-парасатына, білім-білігіне, суреткерлік шеберлігі мен талантына тікелей байланысты. Осындай тұтастықта ғана әдебиетте Абай айтқан «толық адам» бейнесі сомдалады [2; 187]. Ал З. Фрейд еңбектерінде психоаналитик пен жазушының ұқсастығы көрсетілгенімен, әдеби талдауда психоанализді тікелей қолдану емес, оны көркемдік тереңдікті түсіндіретін әдіснамалық негіз ретінде қарастыру маңызды [3] . Сондықтан психологизм көркем шығармада кейіпкердің жан әлемін ашумен қатар, туындының идеялық және эстетикалық салмағын айқындайтын басты факторлардың бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Дидар Амантайдың «Мен сізді сағынып жүрмін» повесінде кейіпкер психологиясы дәстүрлі оқиғалы баяндаудан гөрі ішкі ой ағымы, сезімдік күйзеліс пен философиялық толғаныс арқылы ашылады.

Повестегі басты кейіпкер Мұқтар - рухани жалғыздыққа ұшыраған, өмір мен өлім, сенім мен күмән, адалдық пен опасыздық ұғымдары арасында дағдарысқа түскен тұлға. Оның психологиялық жай-күйі үнемі екіұдайы: бір жағынан өмірге, махаббатқа, тазалыққа ұмтылса, екінші жағынан түңілу, ажалға жақындау сезімі басым. Дидар Амантай шығармашылығын зерттеуші А.Н. Жұматаева жазушының постмодернистік стиліне тоқтала келе, «Мен сізді сағынып жүрмін» повесінде жүйелі сюжеттің жоқтығын, шығарманың финалдан басталуын басты ерекшелік ретінде көрсетеді. Бұл тәсіл кейіпкер психологиясын ашуда шешуші рөл атқарады. Мәселен, Мұқтардың қазасынан басталған баяндау оқырманды кейіпкердің неге мұндай қадамға барғанын түсіну үшін оның өткеніне, ішкі иірімдеріне терең үңілуге мәжбүрлейді. Ғалым Ғалиябанудың ішкі жан күйзелісі мен ой ағымын талдай отырып, оның бойындағы «сары уайым» мен «әуелгі тазалықты сағыну» сезімдерінің психологиялық ахуалын ашады [4]. Шығарманың кульминациялық сәті - Мұқтар мен Ерболдың мылтық тазалап отырып сөйлесетін тұсы. Бұл диалог жай ғана ақпарат алмасу емес, бұл - өліммен бетпе-бет келген адамның психологиялық портреті.

Кетіңіз, сіздің көз алдыңызда мен өле алмаймын.

Ол кеткен жоқ. Жылауын доғарып, есін шұғыл жиған Ғалиябану терезе жақтауына барып, тысқа байланып ұзақ қарап:

- Дүние сыртында не бар? – деп кері бұрылды.
- Ештеңе [5; 65].

Бұл жерде Мұқтардың психологиясы нигилизмге (бәрін жоққа шығару) жақын. Ол үшін дүниенің сыртында «ештеңе» жоқ, сондықтан бұл өмірден кету ол үшін жеңіл. Алайда, оның ішкі әлемінде үлкен бір сағыныш бар. Автор Мұқтардың психологиясын «тазалықты аңсау» ретінде суреттейді. Ол - адал жарды аңсаған, бірақ опасыздыққа тап болған, таза өнерді іздеген, бірақ лас дүниеден шаршаған тұлға. Ербол мен Мұқтардың диалогындағы мына жолдар кейіпкерлердің болмысын аша түседі:

- Ерте батқан күн шолақ ғұмырдың ақырына тең емес, алғашқысында ажал жоқ.
- Бейнелі сөздің сырты ұқсас, іші – алшақ.
- Иә, өйткені, тіршілік әрдайым ойдан кең, сөзден терең.
- Себебі, пенде тереңге жетпейді, кеңдікте – жоғалады [5; 66].

Мұндағы Мұқтардың психологиясы - шектеулілік пен тұйықталу. Ол дүниенің кеңдігінен қорыққандықтан емес, сол кеңдіктің мағынасыздығынан қажиды. Ал Ербол - сабырлы бақылаушы. Оның психологиясы - өмірді сол қалпында қабылдауға тырысатын «өміршеңдік» позициясы. Мұқтардың Мұқтарды атуы - оның Ербол айтқан «тереңдікке» бойлай алмауының көрінісі.

Кейіпкер психологиясын талдауда Ғалиябанудың ішкі монологтары ерекше орын алады. Оның опасыздығынан кейінгі «Адалдық қылықта ма, жоқ, әлде ниетте ме?» деген сауалы - кейіпкердің өз күнәсін сана арқылы ақтап алуға тырысуы.

Дидар Амантай кейіпкер психологиясын ашуда аналитикалық тәсілді қолданады: Ғалиябанудың өз-өзін «жәлеп» деп атауы, сосын қайтадан «өмір сүру қажет» деп өзін жұбатуы - адам психикасындағы тұрақсыздық пен қорғаныш реакциясын дәл көрсетеді. Автор кейіпкер психологиясын суреттеуде табиғат құбылыстарын (психологиялық параллелизм) шебер қолданады. «Мұқтар жұма күні атылып өлді. Ертеңіне, көкжиектен найзағайлап шашылған от зеңгір аспан төрінде аунаған жабағы бұлт сауырын көлденең қауып, сәуірдің қоңыр салқын жаңбыры Алматы шаһарын селдетіп ұзақ жуған шақта, жымдаса өрілген тас сораптың түбінен үңгіп жол тапқан лайсаң өңді жылғалар беймәлім жаққа жүрдек ағып жатқан» [5; 65]

Бұл үзіндіде Мұқтардың өлімі тұсындағы сәуірдің жаңбыры мен Ғалиябанудың көңіліндегі «лайсаң» сезім үндесіп жатыр. Мұқтар өлгендегі «шалқалап жүзіп бара жатқан Ай» - кейіпкердің рухының бұл дүниеден бөлектеніп, мәңгілік тыныштыққа немесе ештеңеге кеткенінің белгісі. «Келмеңізші маған ажал, әлде бәрін ерте көрген, елден бұрын өткерген дұрыс па, аярлықты да, адалдықты да». Ол артынан неге өлгісі келетінін Ерболға: «Мен Құдайды іздеп бара жатырмын... Ұлы Тәңірдің Отаны және пәниде жүздескен күнә мен пейілдің ұясы сол жақта болуы тиіс», - деп шынын айтады. «Құдайды іздеген ол жазғытұрым көкек айында Медеу шатқалы аңғарында жұма күні атылып өлді» [5; 74]. Зерттеушілер С.Такиров пен Ә.Жакулаев Мұқтардың ақтық сәттегі психологиялық күйін Мұқтар мәңгілік шындықты табуда, адал көңілдің жолында қаза болды. Оған итермелеген тіршіліктегі берекесіздік емес, бұған Ғалиябанудың еш қатысы жоқ секілді деп көрсетеді. Бұл тұжырым кейіпкер психологиясын талдаудағы басты жаңалық - Мұқтардың қазасын «махаббат трагедиясы» емес, «интеллектуалдық-рухани ізденіс» ретінде қарастыруға жол ашады. Кейіпкердің ақтық сәттегі «Келмеңізші маған ажал» деген сөзі оның адамдық табиғатынан хабар берсе, «Мен Құдайды іздеп бара жатырмын» деген жауабы оның экзистенциалдық болмысын айқындайды [6]. Осылайша, Мұқтар - жай ғана өз-өзіне қол жұмсаушы емес, ол - пәнидегі күнә мен пейілдің жауабын о дүниеден іздеген, ақиқат жолындағы құрбан. Дидар Амантай бұл кейіпкер арқылы адам психологиясының біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі, шешімі жоқ жұмбақ екенін дәлелдеді.

Шығармада кейіпкердің жан әлемі махаббатқа, күту мен еске алуға негізделсе, қаламгердің келесі туындысы - «Біреудің өмірі» повесінде психологизм мүлде өзге арнада өрбиді. Бұл повесть оқиғадан гөрі ойға, әрекеттен гөрі толғанысқа құрылған, адам ғұмырының мәні, уақыттың өткіншілігі, өмір мен өлім, бақыт пен мехнат мәселелерін философиялық-психологиялық деңгейде көтеретін шығарма. Бұл туындыда кейіпкердің ішкі дүниесі нақты сюжет желісі арқылы емес, естелік, пайым, күмән мен ішкі монологтар арқылы танылады. Повесть басынан-ақ кейіпкердің өмірге түңілген, уақыттан қажыған психологиялық ахуалы айқын аңғарылады. Кейіпкер санасында өткен өмір тұтас күйреу, зая кеткен ғұмыр ретінде бағаланады: «Есіл уақыт, рәсуа ғұмыр. Қиындық кештік, бейнет көрдік… Бақыт тастап кетті, уайым-қайғыдан көз ашпадық» [5; 59]. Бұл ойлар кейіпкер үшін өкінудің бір сәттік эмоция емес, өмір жолына берілген түпкілікті, өзгермейтін үкімге айналғанын көрсетеді. Ол өзін тағдырдың құрбаны ретінде емес, уақыттың алдында дәрменсіз, өмір ырғағына ілесе алмаған адам ретінде түйсінеді. «Сіз десем аспан айналып жерге түскендей болады» [5; 40] тіркесі кейіпкер психологиясының өзегін айқындайтын маңызды поэтикалық формула ретінде көрінеді. Бұл тіркес кейіпкердің «Сіз» бейнесіне қатысты сезімінің шектен тыс эмоционалдық салмағын ғана емес, оның уақытты қабылдау ерекшелігін де аңғартады. Мұндағы образ кейіпкер санасындағы тұрақсыздықты, өткен мен бүгіннің, естелік пен шындықтың ара-жігін ажырата алмауын білдіреді. Кейіпкер үшін «Сіз» - нақты адамнан гөрі уақытпен, өткен шақпен тұтасып кеткен естелік. Сол себепті бұл сөз тіркесі айтылған сәтте уақыт алға жылжымай, керісінше, тұйық айналымға түседі. Осы арқылы қаламгер кейіпкердің өмірді алға қарай емес, өткенге қайта-қайта оралу арқылы кешіп жатқанын көрсетеді. Демек, аталмыш

қайталаным махаббаттың бақытқа жеткізетін күшінен гөрі, кейіпкерді уақыт тұзағында ұстап тұрған психологиялық күйін танытатын көркемдік тәсіл қызметін атқарады. Кейіпкер психологиясының маңызды бір қыры оның дүниені тереңдік пен салмақ категориялары арқылы қабылдауынан көрінеді. Су, тереңдік, салмақ образдары кейіпкердің ішкі болмысымен тікелей астасып, оның өмірге деген көзқарасын айқындайды. Кейіпкердің «Тереңде қашанда мағына бар. Жеңіл қай кезде де, бетінде жатады. Салмақты нәрсе тереңіне батады» деген пайымы [5; 59] оның санасында өмірдің мәні көзге көрінетін жеңіл сезімдерде емес, ауыр ой мен ішкі азапта жатқанын аңғартады. Осы ой арқылы кейіпкер жеңіл бақытқа емес, терең толғаныс пен рухани салмаққа бейім психологиялық тип ретінде танылады.

Махаббат та бұл шығармада романтикалық құбылыс ретінде емес, өткінші иллюзия ретінде көрінеді. Кейіпкер сезімге сенгенімен, оның баянсыздығын терең түйсінеді: «Шолақ өмірде махаббат атаулы бақытқа жете алмайды. Бақыт кешіп үлгермейді» [5; 61]. Бұл тұста кейіпкердің ішкі қайшылығы айқын байқалады: бір жағынан, ол сүйеді, сағынады, еске алады; екінші жағынан, махаббатты да өмір сияқты аяқталуға мәжбүр құбылыс деп қабылдайды. Мұндай екіұдайлық - повестегі басты психологиялық түйіндердің бірі. Повесте кейіпкер өзін ғана емес, бүкіл адамзат тағдырын жалпылап ойлайды. Оның жеке мұңы әмбебап сипат алады: «Кім кінәлі? Мүмкін, Сіз емес, біз емес, тағдыр айыпты. Бар адамның тағдыры бір. Туды, өмір сүрді, өлді. Басқа өмір жоқ. Бір-бірінен қандай айырма көріп тұрсыз» [5; 61]. Бұл үзінді кейіпкердің экзистенциялық түйсігін көрсетеді. Ол өзін ерекше тұлға ретінде емес, уақыт пен тағдыр заңына бағынған көптің бірі ретінде сезінеді. Осы арқылы кейіпкер психологиясы индивидуалдықтан гөрі философиялық жалпылыққа ұласады. Автор кейіпкердің ішкі күйзелісін уақыт ұғымымен тікелей байланыстырады. Уақыт - повестегі басты психологиялық қысым көзі: «Қайран уақыт әуелі күн, ай, жылдарымызды ұрлайды, сосын қызық-қуанышымызды алады» [5; 62]. Мұнда уақыт тірі күш секілді қабылданады. Кейіпкер үшін уақыт - бейтарап өлшем емес, өмірді біртіндеп жұтып қоятын қарсылас. Бұл қабылдау кейіпкердің ішкі үрейін, болмыс алдындағы қорқынышын тереңдете түседі. Жалпы «Біреудің өмірі» повесіндегі кейіпкер психологиясы нақты әрекеттен гөрі сана қозғалысы, ой ағымы, философиялық түйіндеулер арқылы ашылады. Кейіпкер - дайын мінезі бар тұлға емес, ой үстіндегі, күмән үстіндегі, өмір мәнін таразылап отырған сана. Осы ерекшелік шығармадағы психологизмді тереңдетіп, оны жеке тағдыр хикаясынан адам болмысы жайлы философиялық толғаныс деңгейіне көтереді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Дидар Амантай прозасындағы кейіпкер психологиясының көркемдік тәсілдері толық ашылды. Автордың шығармалары көбіне ішкі ой ағымы, сезімдік күйзеліс, философиялық толғаныс арқылы дамиды, бұл психологизмді дәстүрлі оқиғалы баяндаудан ерекшелендіреді. «Мен сізді сағынып жүрмін» және «Біреудің өмірі» повестері кейіпкердің рухани ізденісі, уақыт пен тағдырды қабылдау ерекшеліктерін көрсететін мысал ретінде қарастырылды.

Аналитикалық тәсіл, ішкі монологтар, психологиялық параллелизм, символдық бейнелеу әдістері арқылы кейіпкердің жан дүниесі жан-жақты зерттелді. Нәтижесінде, Дидар Амантай кейіпкерді жеке тағдырдан гөрі философиялық-экзистенциалдық тұрғыда, адамның күрделі психологиясын көрсету мақсатында сомдайды. Бұл шығармашылық бағыт қазақ прозасында психологизмді терең әрі күрделі деңгейде танытуға мүмкіндік береді және заманауи әдебиеттануда кейіпкер психологиясын зерттеу үшін әдіснамалық үлгі бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сарсекеева Н.К., Тлеубай Г.К. Диалог культур в прозе Дидара Амантая. – URL: https://surl.li/cdazao
2. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. - Алматы: Алаш, 2003 – 328 б.
3. Накибаева Н., Сатбекова А., Ескермесова Г., Отарбаева Ғ. О.Бөкей кейіпкерлері психологиясындағы стереотиптер (О.Бөкей “Ұйқым келмейді” әңгімесінің негізінде). – URL: https://surl.li/uxdepp
4. Жұматаева А.Н. Дидар Амантай – постмодернист жазушы. – URL: https://surl.li/buahfw
5. Амантай Д. Пұт кітап: Хикаяттар, роман. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2024. – 336 б.

6. Такиров С., Жакулаев Ә. Санадағы сағыныштың сергелдеңі. – URL: https://rmebrk.kz/journals/2472/60950.pdf#page=242

БЕКСҰЛТАН НҰРЖЕКЕҰЛЫ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ДРАМАТИЗМ

П. Серікбекқызы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа

Мақалада қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі – Бексұлтан Нұржекеұлы романдарындағы драматизм мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – жазушының өмірі мен шығармашылық жолына қысқаша тоқталып, оның туындыларындағы драматизмнің әдеби-көркемдік сипатын анықтау. Осы бағытта драматизм ұғымына теориялық тұрғыдан шолу жасалып, оның шығармадағы тартыс пен кейіпкер мінезін ашудағы рөлі айқындалады. Негізгі талдау нысаны ретінде «Бір өкініш, бір үміт» және «Әй, дүние-ай» романдары алынды. Зерттеу барысында талдау және жинақтау әдістері қолданылып, аталған шығармалардағы кейіпкерлердің ішкі жан күйзелісі, қоғамдық қайшылықтар мен тағдыр тартысы қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде жазушы романдарындағы драматизмнің адам болмысын, заман шындығын бейнелеудегі маңызы көрсетілді. Сонымен бірге автордың дүниетанымы мен ұлттық құндылықтарға деген көзқарасы шығармалардағы драмалық тартыстар арқылы көрініс табатыны тұжырымдалды.

Кілт сөздер: роман, драматизм, қақтығыс, тартыс, тарихи шындық

Кіріспе

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ прозасы ұлттық тарих пен рухани құндылықтарды жаңаша пайымдауға бет бұрды. Бұрын шектелген көптеген тақырыптар қайта қаралып, жеке тұлғаның ішкі әлемі, адамгершілік таңдауы, заман қайшылықтары көркем әдебиеттің негізгі нысанына айналды. Осындай үдерісте драматизм айрықша мәнге ие болып, шығармадағы тартыс пен психологиялық шиеленіс арқылы қоғам шындығын терең бейнелеудің маңызды тетігі ретінде танылды. Қазақ прозасының осы бағыттағы дамуына елеулі үлес қосқан қаламгерлердің бірі – Бексұлтан Нұржекеұлы. «Қазақ жұртына, жалпы жазу-сызудан хабары бар, әдебиетке ынтызар адамға Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлын таныстырудың өзі артықтау секілді сезіледі, маған. Өйткені, көзі тірі классикті білмеу – ыңғайсыз жағдай, әлбетте» - дейді, жазушы-драматург Әлібек Байбол өз еңбегінде [1]. Расымен де, қазақ прозасындағы көркем туындыларының мазмұнының мен құндылығы тереңдігі жағынан да Бексұлтан Нұржекеұлының орны айырықша. Қаламгердің романдары тақырыптық ауқымымен, тарихи шындықты бейнелеудегі тереңдігімен және кейіпкер психологиясын ашудағы шеберлігімен ерекшеленеді. Оның туындыларында адам тағдыры мен заман шындығы астасып, драмалық тартыс арқылы өмірдің күрделі болмысы нанымды суреттеледі. Сондықтан Бексұлтан Нұржекеұлы романдары қазақ прозасындағы көркемдік-эстетикалық құндылығы жоғары шығармалар қатарынан орын алады.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеудің дерек көзі ретінде әдебиеттану ғылымында прозадағы кейіпкер тағдыры мен шығармашылық табиғатын зерттеген еңбектер қарастырылды. Атап айтқанда, қазақ прозасының дамуын, әдеби үрдістерін және драматизмнің көркемдік қызметін талдаған Әлібек Байбол [1], Нұрлыбек Омаров [3], Бағашар Тұрсынбайұлы [5], Бексұлтан Нұржекеұлы [6], Кәдірбек Сегізбайұлы [7] сынды жазушылар мен сыншылардың еңбектері негізге алынды. Аталмыш зерттеулерде авторлық концепция, кейіпкерлердің рухани-адамгершілік қақтығыстары, шығармалардағы көркемдік стиль мен психологиялық аспектілер жан-жақты қарастырылған.

Бексұлтан Нұржекеұлының «Бір өкініш, бір үміт» және «Әй, дүние-ай» романдары бойынша драматизм мәселесіне көркемдік талдау жасалды. Зерттеу барысында теориялық талдау және жинақтау әдістері қолданылды, нәтижесінде романдардағы кейіпкер тағдырындағы қақтығыстар мен тарихи-саяси контексттің әсері жан-жақты сараланды.

Нәтижелер мен талқылау

Драматизмді әдебиеттің әр жанрынан кездестіруге болады, алайда роман сияқты көлемді прозалық шығармаларда кеңінен байқалады. Себебі роман – кейіпкер тағдырын, психологиялық қақтығыстарын және қоғамдағы әлеуметтік шиеленістерді кең ауқымда көрсетуге арналған жанр. Роман – көлемді эпикалық проза түрі, онда кейіпкерлер саны көп, сюжет күрделі, оқиғалар желісі бір-бірімен тығыз байланыста дамиды. Міне, осы кең ауқымды көркемдік құрылым кейіпкер мен оқиға арасындағы ішкі және сыртқы қақтығыстарды, адамның өмірлік таңдауындағы қиындықтарды жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді. Мұнда автор тек оқиғаның дамуына назар аудармай, кейіпкердің ішкі психологиялық шиеленістерін, оның үміттері мен өкініштерін, өмірлік қиындықтарға қарсы тұруын драмалық тәсілдер арқылы береді. Сол арқылы әдебиетте көрініс табатын басты категориялардың бірі – драматизм қалыптасады. «Драматизм (лат. drama – әрекет) – адам өмірінің, адам мен оны қоршаған қоғамдық және табиғи ортаның арақатынастарының қайшылықтары мен қиғаштықтарын бейнелейтін категория. Шындықты өз күрделілігі мен қайшылықтарында суреттеу арқылы реалистік өнер өмірдің драматизміне, адамдардың тағдыры мен тауқыметіне терең бойлайды» [2; 142]. Яғни біз кейіпкер арасындағы тартыс, қақтығыс, конфликтерді оқу барысында ескереміз. Автордың, әсірсе өзінің ғұмырнамалық шығармасын жазғанда, бас кейіпкер өзі болғанда, ішкі психологиялық ойланыс, қақтығыстың болып жатқанын анық аңғарамыз.

«Мемуарлық роман – көркем әдебиеттің, оның ішінде проза жанрының бір түрі. Ал естелік пен деректі ғұмырбаяндық туынды болса, әдебиеттен гөрі журналистикаға жақын болап кететін, соның сипаттарын бойына көбірек сіңірген сала» [3; 13]. Яғни мемуарлық роман жеке адамның өмірін, ой-пікірін, сезімдерін шынайы жеткізуге бағытталғандықтан, автордың өз тәжірибесі мен ішкі ой-пікірлерін кейіпкер арқылы көрсетуге мүмкіндік береді. Себебі басты кейіпкердің ойлары мен әрекеттері нақты өмірлік тәжірибеден туындайды, ал оқиға желісі мен драмалық қақтығыстар автордың өз өмірін көркемдік тұрғыда қайта жасауына негіз болады. Осы тұрғыдан қарағанда, Бексұлтан Нұржекеұлының «Бір өкініш, бір үміт» романы да мемуарлық сипатқа ие болып, автордың жеке өмірлік тәжірибесі мен сезімдерін, кейіпкердің ішкі психологиялық қақтығыстарын, үміт пен өкініш арасындағы арпалысын бейнелейді. Мұнда драматизм басты көркемдік құрал ретінде қызмет етіп, оқырманға кейіпкердің ішкі жан дүниесін, өмірлік таңдауларын және қоғаммен бетпе-бет келуін терең сезінуге мүмкіндік береді.

«Бастың бас екені рас болса, ол бос болмайды. Тіпті, тақырып таппасаң, бала күніңді жаз. Бала күн деген – жазушының таусылмайтын шикізаты: топырақтың астында қалған ағаштың шіри-шіри кенге айналатыны тәрізді, бала күнгі әсерелер есте сақтала-сақтала жүріп нағыз асыл ойларға айналады» [4; 7]. Осы үзіндіден көрініп тұрғандай, Бексұлтан Нұржекеұлы жазушылық процесінде әр жазылған сөздің, әр кезеңнің орны мен мазмұнына қатысты ойлану, ішкі толғаныс тән. Жазушы қай сәттен бастаймын, қандай оқиғаларды таңдаймын, оқырманға қалай жеткіземін деген сұрақтарды үнемі өзіне қойып отырды. Міне осы ішкі ойланыс пен толғаныс – романдағы драматизмнің бастауы іспетті. Өйткені драматизм тек сыртқы оқиғалық шиеленістерде ғана емес, автордың ішкі психологиялық күйінде, кейіпкер мен автор арасындағы байланысты бейнелеуде де көрініс табады. Бас кейіпкер Шеген автордың өзі болғандықтан бала күнін жазуға түрткі болған толғаныстары, жазушылық шешімдеріне қатысты екіұдай сезімдері, өз әрекеттерін дұрыс па, бұрыс па деп ойлауы – роман кейіпкерінің қандай болуына ұйытқы болады. Романды жазып бастамас бұрын барлығын ой елегінен өткізіп барып жазуға кіріседі. Автордың мына үзіндісінен де санадағы қарама-қайшы ойлардың мазалағанын байқай аламыз: «Өз әйелімді сүйе тұрып, тағы басқаны ұмыта алмауым, тіпті, сағынуым; бала күннен бірге өскен досымды бар пейіліммен сыйлай тұрып, онымен қырғиқабақ жандармен де жылы сөйлесуім – осының бәрі не қылық, адамгершілік пе, екіжүзділік пе?» [4; 16].

Шығармада жазушы мен қоғам, жесір қалған келін психологиясы, екі жақты бала психологиясы негізгі арқауы болады. Романдағы Боташ деген кейіпкерге қаншалықты ызаласанса да біржақты көзқараспен, әділетті болуға тырысқан. Автордың сан-сабаққа жүгірген ойлары, бала күнінде әкесінен айырылып, ата-әжесінің қолында өсіп, туған анасына жат болуы, осы жағдайға

қара халықтың көзқарастары, келін мен қайын әпке арасындағы қақтығыс, сені сүйген мен сен сүйгеннің арасындағы керағар көзқарастар сияқты түрлі мәселелер романның басты арқауы.

«Шегеннің Бүбіш пен Шәзия арасындағы отты қоғам өртімен қатар кешуі де оның романдағы шығармашылығына әсер етеді. Құдды өзін неше замандардан бері сол әйелге ғашықтай, неше уақыттан бері темір тордың ішінде отырған бұлбұлдай сезінетін Шегеннің қаламы не болса соны жазып кетпедім бе деп те ойланып қалатын кезі шынайы қаламгерлік психологияны білу деп ұйғаруға болады» [5]. Бағашар Тұрсынбайұлының пайымдауы бойынша осындай ішкі толғаныстар романның эмоционалдық құрылымына негіз болады. Драматизм тек кейіпкердің әрекеттерінде ғана емес, оның сезімдері мен ойларындағы қарама-қайшылықтарда да көрінеді. Сол арқылы автор оқырманға кейіпкер тағдырын, өмірлік таңдауларын және психологиялық шиеленістерін шынайы жеткізді деп ойлаймын.

Автордың өзңнен алған сұхбатында шығарманы жазудағы басты себебін былай түсіндірген екен:

«Аса күшті сезім адамды аса айрықша күйге бөлейді. Сол күйден адам баласы өзінше ой түйеді, өзінше пікір қалыптастырады. Жақсы көру мен жек көру - адам бойындағы ең күшті сезімдер. Сол күшті сезімдердің ықпалымен адамның кісілігі немесе иттігі, адалдығы немесе арамдығы, ұяты мен ұятсыздығы қалыптасады. Міне, осыған өз бағамды беру үшін, «Бір өкініш, бір үмітті» жаздым» [6].

Осындай көркемдік идеяға толы, мәнді, кейіпкер арасындағы қақтығыс немесе ішкі психологиялық конфликтіге толы еңбегі ретінде «Бір өкініш, бір үміт» романын алдық. Яғни махабатта өкініш бар, үміт жоқ.

Енді осы драматизмді тарихи және әлеуметтік контекстпен байытатын туындыға – 1916 жылғы шырғалаң кезеңді суреттеген «Әй, дүние-ай» романына тоқталсақ. Бұл роман да кейіпкер тағдырындағы психологиялық шиеленістер мен қоғамдағы ауыр тарихи оқиғалардың өзара әсерін көрсету арқылы драматизмге толы. Мұнда автор оқиғаларды тек қарабайыр баяндап қана қоймай, кейіпкерлердің ішкі сезімдері мен моральдық таңдауларына үңіледі. Шырғалаң уақыттағы әлеуметтік қысым мен тарихи өзгерістер кейіпкерлердің тағдырында шынайы драмалық шиеленістер туғызады, ал олардың ішкі арпалысы оқырманға өмірдің күрделілігін, адам тағдырындағы қайшылықтарды терең сездіреді.

«Шындық демекші, өткен жылы жарық көрген соңғы романы «Әй, дүние-ай!» автордың заманауи ақиқатты айқара ашып, ұзын тарихтың бір үзігі – 1916 жылдан басталған халқымыздың бір бөлшегі албан жұртының басынан өткен дүрбелеңді қасіретті оқиғаны басты кейіпкерлер Тазабек пен Шәйінің тайғақ кешулі өмір соқпақтары арқылы жайып салады» [7]. Роман кейіпкері Шәйінің тағдыр соқпағына түсіп үзіндіде айтылғандай 1916 жылы басталған қасірет 1986 жылға дейін жалғасып, шөбересі Кәусеннің Желтоқсан оқиғасынан қаза болғанын да көріп, 1991 жылы еліміздің азаттық, тәуелсіздік алғанын естіп барып өмір жолын тәмамдайды. Яғни романда сол кезеңдегі зобалаң, шым-шытырық оқиғалары толы.

Міне осы ішкі сезімдік дау мен тарихи оқиғалардың үйлесімі романды драматизмге байытатын негізгі фактор болып саналады. Шәйінің тағдырында бір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның ауыртпалығы, жоғалған ұрпақ пен бейбіт өмірге деген үміттің араласуы оқырманға терең әсер қалдырады. «Біз бірікпедік, бір-бірімізге бағынбадық, өзіміз секілді бір бауырымызға бағынғанды қор санадық. Ақырында жат жұртқа жем болдық. Бұл бір күннің немесе бір жылдың емес, ұзақ жылғы алауыздығымыздың нәтижесі» [8; 162]. Расымен де бөлінгендік, алауыздықтың кесірінен қазақ дәл осындай қиыншылыққа душар болып отыр. Осы сынды кейіпкерлердің ел мәселесіне, алдағы өмірлеріне деген уайымы холардың ішкі жан дүниесінде терең сезімдік дау мен рухани шиеленіс туғызады. Олар өткен күндердің ауыртпалығын, бүгінгі сынақтарды және болашаққа деген үміт пен қорқынышты қатар көтереді. Қапездің сөзі – тек тарихи жағдайды сипаттайтын мәлімдеме емес, кейіпкерлердің ішкі арпалысын, жеке ой-санасының қарама-қайшылығын айқындайтын көркемдік кілт болып табылады.

Тазабектің әрекеттері, оның батылдығы мен таңдауындағы жігері романдағы оқиғалық шиеленісті арттырады. Ал орыстардың зобалаңы, шекарадағы тауқыметі, қоғамдағы әділетсіздік пен зорлық-зомбылық – кейіпкерлердің өмірін толық қоршап, олардың әр қадамын сынайтын қатал шындыққа айналады. Кейіпкерлер арасындағы қақтығыстар мен жанжалдастық, кейде жала жабу, айыптау сияқты әрекеттер арқылы шиеленіс күшейтіледі. Орыстардың кек қайтарулары, әділетсіздік пен қуғын-сүргіннің көрінісі – романдағы драматизмді өткір әрі шынайы етеді, оқырманға сол кезеңнің әлеуметтік қысымын, тарихи әділетсіздікті терең сезіндіреді. «Күштінің

зорлағаны – заң, әлсіздің қорғанғаны қылмыс саналған заман болды» - деген Тазабек шешесінің сөзінен да замана шындығын аша аламыз.

Шығармадағы бас кейіпкер Шәйі он жасынан бастап тұрмысқа шыққаннан соң өмірінің түбегейлі өзгеруі оған ауыр тиді. Қаншама жақындарынан айырылды, орыстар да бейкүнә қызды қаншама рет зәбірледі, осының бәрі Шәйінің ішінде ғана арпалысып жатты. Оның жан дүниесі қорқыныш, өкініш, реніш пен үміттің күрделі тоғысында қиналды. Әр қадамында өткен мен бүгіннің, жеке сезім мен әлеуметтік қысымның қарама-қайшылықтары оны терең ойлануға, өмірдің әділетсіздігін терең сезінуге мәжбүр етті. Сол арқылы автор Шәйінің тағдырын көркемдік тұрғыдан драматизмге байыта отырып, оқырманға оның ішкі жан күйін, адам тағдырындағы ауыртпалық пен рухани шыңдалуды шынайы жеткізеді.

Қорытынды

Б. Нұржекеұлы туралы: «Кеңестік кезеңнің қатаң сүзгісі бар кездің өзінде сіздің шығармаларыңыздың шындықты айта білетін мінезі болды. Бұдан бөлек тарихи туындыларыңыз бір төбе. Сізді аз жазса да, саз жазатын, мемлекеттік, қоғамдық деңгейдегі ірі мәселелерге кесек пікір айта білетін қайраткер ретінде құрметтейміз, - деген Бейбіт Исабаев» [9]. Қазақстан әдебиетінде Бексұлтан Нұржекеұлы – көпқабатты, тарихи, әлеуметтік және адам тағдырының күрделі құбылыстарын көркем жеткізе білген қаламгер ретінде бағаланады. Оның прозасы оқырманның көкейіне тарихи шындықты, қоғамдық-әлеуметтік жүйенің қысымын, жеке адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты түсіндіруге бағытталған. «Бір өкініш, бір үміт», «Әй дүние-ай» романдарынан да бөлек көркемдік идеяға толы, тарихи деректер сарына толы «…«Ерлі-зайыптылар», «Жау жағадан алғанда», «Күтумен кешкен ғұмыр» т.б сияқты прозалық кітаптары оқырман қауымға кеңінен танылған. Сонымен қатар, қаламгер прозасындағы драматизм – қаһармандардың ішкі сезімдері мен қоғамдық қысым арасындағы қарым-қатынасты, тарихи әділетсіздік пен әлеуметтік шиеленістерді көркемдік тілмен тиімді жеткізудің тетігі ғана емес, адамның рухани әлеміндегі ізденіс пен моральдық таңдауларды аша түсетін құралы ретінде де бағаланады. Оның шығармаларында көркемдік сана мен тарихи шындық арасындағы үйлесім оқырманға қоғамның өткені мен бүгінін, адамдық қасиеттер мен адамгершілік бағаларды түсінуге жағдай жасайды. Осыған байланысты Ә. Байбол [1], Н. Омаров [3], Б.Тұрсынбайұлы [5] т.б еңбектеріне сүйене отырып туындылар жан-жақты талданды.

Қорыта айтқанда, Бексұлтан Нұржекеұлының прозасы – қазақстандық әдебиеттің көркемдік-эстетикалық тынысын кеңейтіп, халықтық жады мен ұлттық сана қалыптасуына ықпал еткен маңызды әдеби фактор. Оның романдары тарихи кезеңдердің күрделілігін, адам тағдырының қырларын һәм әлеуметтік байланыстарды шынайы ашып бере отырып, қазақ прозасының дамуына көркемдік үлес қосады және әдебиетке қойылатын биік эстетикалық талаптарға жауап береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байбол Ә. Қаламның қуаты, сөздің киесі // Әдеби портал. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/qalamnyn-quaty-sozdin-kiesi__24182
2. Философиялық сөздік. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. 525 б.
3. Омаров Н.Қ. Тәуелсіздік жылдарындағы мемуарлық романдар. Монография. Қарағанды: Medet Group ЖШС, 2021. 180 б.
4. Нұржекеев Б. Бір өкініш. Бір үміт: Роман. Алматы: Жалын, 1980. 400 б.
5. Бағашар Тұрсынбайұлы. Махаббатта өкініш бар, үміт жоқ («Бір өкініш, бір үміт» романын қайта оқығанда) // Zhas Alash. – URL: https://zhasalash.kz/news/mahabbatta-oknsh-bar-umt-zhok-br-oknsh-br-umt-romanin-kayta-okiganda-68abaa/?ysclid=mly95lwxbp93053457
6. Бексұлтан Нұржекеұлы, жазушы, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты. Өтірікке үйренген жұртты одан бас тарттыру – Қияметтің қияметі // Qazaquni. – URL: https://qazaquni.kz/kogam/7802-beks-ltan-n-rzheke-lyi-zhazushyi-halyi-ar?ysclid=mly9xb1adw476855738
7. Сегізбайұлы К. Ақиқатын айтқан тарих – шын тарих // Qazaqadebieti. – URL: https://qazaqadebieti.kz/6221/a-i-atyn-ajt-an-tarih-shyn-tarih
8. Нұржекеев Б. Әй, дүние-ай! Роман. Алматы: Жалын баспасы ЖШС, 2015. 328 б.

9. Бексұлтан Нұржекеев «Жетісу облысының Құрметті азаматы» атанды // Gov.kz. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-oblysy/press/news/details/656045?utm_source=chatgpt.com

РОЛЛАН СЕЙСЕНБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АВТОР ЖӘНЕ КЕЙІПКЕР МӘСЕЛЕСІ

А.Б. Тлеубергенова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор К.А. Төлеубаева

Аңдатпа

Мақалада қазақ және орыс тілдерінде бірдей толғап, қос тілдің қайнарынан қатар сусындаған қазіргі әдебиеттің ірі тұлғасы – Роллан Сейсенбаев прозасындағы автор мен кейіпкер мәселесі зерделенеді. Зерттеудің басты мұраты – жазушының қаламгерлік болмысы мен ол сомдаған бейнелер арасындағы көзге көрінбес рухани алтын көпірді тауып, авторлық позиция мен кейіпкер тұлғасының өзара сабақтастығын ғылыми негіздеу болып табылады. Талдау нысаны ретінде алынған қаламгердің шоқтығы биік романдары мен повестері арқылы кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі, рухани ізденістері мен қоғамдық ортадағы орны сараланады. Р. Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерлер – жай ғана ойдан шығарылған бейнелер емес, олар ақиқатты іздеп өз-өзімен арпалысқан, ішкі тебіренісі авторлық баяндаумен астасқан күрделі рухани иелері. Зерттеу барысында қолданылған салыстыру және жинақтау әдістері жазушының баяндау мәнері мен кейіпкердің психологиялық болмысы арасындағы ажырамас көркемдік тұтастықты айқындауға мүмкіндік берді. Роллан Сейсенбаев прозасындағы адам болмысының күрделі иірімдері автордың төл дүниетанымымен ұштасып, кейіпкер тағдыры арқылы өмірдің мәңгілік ақиқаттарын паш ететіні негізделген.

Кілт сөздер: проза, автор бейнесі, кейіпкер, көркемдік жүйе, психологизм, авторлық позиция.

Кіріспе

Қазақ сөз өнерінің тарихи белестері ұлттық болмыстың терең иірімдерін дөп басып, адам тағдыры мен заман тынысын тұтастықта бейнелейтін бірегей қаламгерлер есімімен толығып келеді. Осынау рухани кеңістікте өзіндік соны соқпағымен, дара қолтаңбасымен ерекшеленген тұлға - Роллан Сейсенбаев. Жазушының бай мұрасы қазіргі қазақ прозасының мазмұндық көжиегін кеңейтіп, әдебиетімізді философиялық ізденістермен байытқан айрықша құбылысқа айналды.

Роллан Сейсенбаев прозасы – адам болмысының жұмбақ қырларын, әлеуметтік-рухани қайшылықтар мен ұлттық сананың сабақтастығын зерделейтін кемел дүние. Қаламгер туындыларында дәуір үні, жан күйзелісі мен үміт оты қатар өріліп, кейіпкер тағдыры арқылы тұтас заманның рухани дидары қалыптасады. Оның «Өмір сүргің келсе» («Если хочешь жить») романындағы адамгершілік таңдау мен моральдық қайшылықтар, «Мертвые бродят в песках» туындысындағы философиялық тереңдік оқырманды өмір мәні туралы толғанысқа жетелейді. Ал Семей полигонының қасіретін арқау еткен «День, когда рухнул мир» шығармасы адам жанының қасіреті мен қоғам алдындағы жауапкершілікті көркемдік тұрғыдан асқан шеберлікпен пайымдайды.

Жазушының алғашқы қадамынан-ақ танылған «Аңсау», «Өзімді іздеп жүрмін», «Сағынып жеткен жаз еді» секілді повестері мен «Тау басында түйіскен жол», «Соңғы қар» туындыларында адам өмірінің мәні мен ішкі рухани ізденіс жолдары суреттеледі. Мұндағы кейіпкерлер – жай ғана әдеби бейнелер емес, өмірдің сын сәттерінде өз болмысын танытатын, ақиқат жолында арпалысқан тірі тұлғалар. «Майдан әндері» мен «Қазыбектің оралуы» сияқты әңгімелерінде соғыс салдары мен жеке адам тағдырының түйісуі арқылы кейіпкерлердің ішкі психологиялық күйі мен қоғамдағы өзгерістер шынайы бейнеленген.

Қаламгер шығармашылығының өзегінде гуманистік мұраттар мен әділет, ар-ождан салтанаты тұр. Шығыс пен Батыс әдеби дәстүрлерін ұштастыра отырып, ол адам тағдыры арқылы тұтас қоғамның рухани дерті мен дауасын іздейді. «Оның прозасы – қазіргі қазақ әдебиетіндегі

эстетикалық ізденістер мен терең пайымның айқын көрінісі. Осы орайда, жазушы шығармаларындағы авторлық көзқарас пен кейіпкер бейнесінің ажырамас бірлігін зерделеу қаламгердің суреткерлік әлемін танудың төте жолы болмақ. Автор мен кейіпкер арақатынасы арқылы суреткердің дүниетанымы, көркемдік ұстанымы және адам болмысы туралы философиялық тұжырымдары айқын бедерленеді» [1.166].

Зерттеудің деректері мен әдістері.

Зерттеудің дереккөздері ретінде қазақ әдебиеттану ғылымында прозадағы авторлық позиция мен кейіпкер бейнесінің көркемдік табиғатын қарастырған ғылыми еңбектер негізге алынды. Атап айтқанда, қазіргі қазақ прозасының даму үрдістерін, көркемдік жүйесін және жазушы шығармашылығындағы адам болмысының бейнелену ерекшеліктерін талдаған зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Роллан Сейсенбаев шығармашылығы туралы жазылған ғылыми мақалалар мен зерттеулер, соның ішінде У. К. Абдыхановтың «Роллан Сейсенбаев және әлемдік әдеби үрдіс» еңбегі [2], Т. Е. Игенбайдың «Истоки творчества Роллана Сейсенбаева» мақаласы және жазушы шығармашылығы жөніндегі әдеби-сын пікірлер зерттеудің негізгі дереккөздері ретінде қарастырылды [1]. Қаламгер шығармашылығына қатысты А. Құрманбаева, Т. Зульфикаров, Д. Амантай, Мұрат Әуезов, сияқты ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынды [4-8]. Аталған еңбектерде жазушы прозасындағы авторлық дүниетаным, кейіпкер болмысы, адам тағдыры мен рухани құндылықтар мәселелері кеңінен талданады. Зерттеу барысында Роллан Сейсенбаевтың прозалық шығармалары, соның ішінде «Парқай», «Сағынып күткен жаз еді» сияқты әңгімелері мен повестеріндегі кейіпкерлер жүйесі талдау нысаны ретінде алынды. Бұл шығармалардағы кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі, рухани ізденістері мен өмірлік ұстанымдары авторлық көзқараспен сабақтастыра қарастырылды.

Зерттеу жұмысының барысында талдау, салыстыру, жүйелеу және жинақтау әдістері қолданылды. Аталған әдістер арқылы жазушы прозасындағы автор мен кейіпкер арасындағы көркемдік байланыс, кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктері және шығармалардағы идеялық мазмұн сараланды. Нәтижесінде Роллан Сейсенбаев прозасында авторлық дүниетаным мен кейіпкер тағдырының өзара сабақтастығы анықталып, жазушы шығармаларының көркемдік табиғаты мен идеялық бағыты ғылыми тұрғыдан жүйеленді.

Нәтижелер мен талқылау

Роллан Сейсенбаев кейіпкерлерінің ішкі дүниесін ашуда олардың ой-толғаныстары мен өмірге деген көзқарастарына басымдық береді. Бұл ретте жазушының «Шайтан тағы» романындағы сексен сегіз жастағы Мақпал әже бейнесі - қазақ әйелінің рухани беріктігі мен парасатын жинақтаған бірегей тұлға. «Оның мінезін таныту үшін авторға сыртқы әсіре әрекеттердің қажеті де жоқ. Бұл әдіс еріксіз Валентин Распутиннің «Марияға ақша» немесе «Соңғы мерзім» повестеріндегі көркемдік ізденістерді еске түсіреді. Алайда, Сейсенбаев сюжеттің шебер бұрылыстары мен Мақпалдың ұлы Ескендір мен немерелерінің естеліктері арқылы бейнені жанама ашудың соны соқпағын табады. Осы әдістеме оқырманға кейіпкер тағдырын ішкі көзқараспен тануға, оның адал да ауыр жолын мәңгілік жадында сақтауға жол ашады» [2.58].

Чех зерттеушісі Е. Павляктың орыс әдебиетіндегі Анна (В. Распутин) мен Катерина Петровнаға (В. Астафьев) берген бағасы біздің Мақпал әжеге де толықтай сәйкес келеді. Бұл кейіпкерлер – мейірім мен сыпайылықтың, отбасына деген шексіз сүйіспеншілік пен дүниелік даналықтың символы. Сейсенбаев осы бейне арқылы қазақ әйелінің тек ұлттық қана емес, КСРО халықтарының бәріне ортақ интернационалдық сипатын, рухани жанданған ауыл әйелінің нышандарын айшықтайды. «Мақпалдың тағдыры - замана қасіретінің айнасы: он жеті баласы түрлі кезеңде көз жұмып, үш күйеуінен айырылған ананың басынан кешкен азабы аз емес. Бірақ осы бір қилы кезеңде оның бойындағы әйелдік сезімталдық пен өткір ақыл шаңырақтың аман қалуына тірек болды» [2.67].

Ананың ақ тілеуімен ержеткен ұлы Ескендірдің: «Анамның қамқор жүрегі ғана тынымсыз өміріміздің мәңгілік тірегі болды. Ол үзілген жіптерді жалғап, ошақ отын сөндірмей, үйімізді сақтап қалу үшін жанын салды» деген сөздері Мақпалдың текті сақтай білген қасиетін ұқтырады. Ол - өлермен емес, өміршең. Тіпті соңғы демі таусылар сәтте де өзі туралы емес, қанатының астында өскен немерелері Баян мен Абылайдың ертеңіне алаңдайды. Ұлының «Қандай табандысың, апа!» деп таңырқауы - өлім алдында да екі дүние арасында абыржымай, жер бетіндегі тіршіліктің бүтіндігін ойлаған ана рухына тағзым.

«Мұндай тағдырлар Сейсенбаев прозасында жалғыз емес. «Сағынып жеткен жаз еді» повесіндегі Ершекті ата да Мақпал әже секілді - әділ, қатал, бірақ аңыз бен ертегілерді көкірегіне түйген рухани қазынаның сақшысы. Автор белгілі бір дәуірдің адамдары мыңдаған көрінбейтін жіптермен байланысып, оқиғалар құйынына еріксіз тартылатынын шебер көрсетеді» [3].

Жазушының өз сұхбаттарында айтқан: «Жазушыны қызықтыратын екі нәрсе бар: біріншісі – ақиқат, екіншісі - адамның жан дүниесі» деген пікірі осы кейіпкерлердің болмысынан нышан береді. Ол үшін шынайы шығарма жазу – адам тағдырына терең бойлап, өмірдің боямасыз шындығын айту [4].

Роллан Сейсенбаев прозасын зерделегенде, біз ең алдымен автордың кейіпкер тағдырына «сырттай бақылаушы» емес, «іштей қатысушы» ретінде қарайтынын байқаймыз. Менің пайымдауымша, жазушының шеберлігі - кейіпкердің ішкі әлемін авторлық баяндаумен шебер жымдастыра білуінде. Жазушы кейіпкердің жан тебіренісін суреттегенде, оны өзінің дүниетанымымен, ақиқат туралы философиялық ойларымен астастырады. Мақпал әженің табандылығы - бұл жазушының өміршеңдік туралы өз концепциясы. Менің ойымша, оның кейіпкерлері – автордың өзі іздеген идеалды адамдардың прототипі. Олар – қатал болса да әділ, қиналса да адал. Жазушының бұл бағыттағы ізденістері қазақ әдебиетіндегі психологиялық прозаның деңгейін жаңа биікке көтерді деуге толық негіз бар. Автор мен кейіпкер – бұл бірін-бірі толықтырып тұрған рухани тұтастық. Автор кейіпкердің ішіне еніп кетсе, кейіпкер автордың айтпақ ойын іс-әрекетімен дәлелдеп шығады. Осылайша, Роллан Сейсенбаев әлемінде жеке адамның тағдыры арқылы халықтың тарихи жолы мен рухани кеңістігі тұтасқан көркемдік жүйеге айналған.

Роллан Сейсенбаевтың қай шығармасын алсақ та, оның өзегінде қайнаған өмірдің ащы шындығы мен пенденің ішкі арпалысы жатады. Жазушы қарапайым еңбек адамының тағдырын суреттей отырып, қоғамдағы ең өткір моральдық мәселелерді қозғауға шебер. Осы орайда қаламгердің «Парқай» әңгімесі шоқтығы биік туынды десем, артық айтқаным емес. Мұнда ауыл тіршілігінің қарапайым көріністері арқылы адам болмысының трагедиялық сипаты мен рухани мықтылығы тайға таңба басқандай ашылады.

Әңгіменің бас кейіпкері - тракторшы Тұраш. Оның тағдырына үңілген сайын, өмірдің қатал сынақтарына куә боламыз. Сүйген жарының өмірін арашалап қалуға тырысқан Тұраштың үміті мен күйзелісі оқырманның жүрегін сыздатады. Жазушы Тұраштың басына түскен тауқымет арқылы адамның рухани беріктігі мен жауапкершілік жүгін қалай арқалайтынын көрсетеді. Кейіпкер бойындағы адалдық пен мейірім оның адамгершілік болмысының айнасы іспетті. Менің байқағаным, автор Тұрашты жай ғана кейіпкер емес, тағдырдың соққысына төтеп берген қайсар рухтың символы ретінде бейнелеген.

Шығармадағы басты тартыс - адамның ішкі «болуы тиіс» ізгі қасиеттері мен тасбауыр өмір шындығының қақтығысы. Тұраш қанша жерден қиындық көрсе де, арын саудаға салмайды, ішкі сеніміне селкеу түсірмейді. Әділетсіздік алқымнан алған сәттерде де кейіпкердің адамдық қалпын сақтап қалуы - оның рухының жеңісі. Сейсенбаев осы арқылы адамның моральдық күші кез келген физикалық қиындықтан жоғары екенін меңзейді. Әңгімені оқып отырып, автордың кейіпкерге деген аяушылық сезімі мен үлкен құрметін аңғару қиын емес. Авторлық позиция мұнда айқын: жазушы Тұраштың сәтсіздіктерін жеңіліс деп есептемейді. Керісінше, оның таза қалпында қалуын ең үлкен рухани биіктік ретінде бағалайды. «Бұл - суреткердің өз дүниетанымы, оның өмірге деген философиялық көзқарасы» [5].

Қарапайым ауыл адамының психологиясын ашуда Сейсенбаев нәзік иірімдерді дөп басады. Еңбек адамының әлеуметтік жағдайы, адамдар арасындағы күрделі қатынастар мен таңдау сәттері көркем тілмен кестеленген. Кейіпкердің ішкі монологтары мен сезім арпалысы оқырманды бейжай қалдырмайды, оны Тұрашпен бірге мұңайып, бірге толғануға итермелейді.

«Парқай» әңгімесі - автор мен кейіпкер үндестігінің жарқын үлгісі. Роллан Сейсенбаев Тұраштың тағдыры арқылы өмірдің мәні, моральдық жүк және адамдық борыш туралы терең ой қозғайды. Қаламгердің бұл туындысы адам болмысының күрделі құпияларын ашуға, ізгілік пен жауапкершіліктің туын жықпауға үндейтін құнды мұра болып қала бермек.

«Роллан Сейсенбаев прозасының тағы бір іргелі қыры – адам бойындағы жомарттық пен тектілікті дәріптеу арқылы авторлық позицияны айқындау. Жазушы үшін адамгершілік мұрат – бұл құрғақ ұран емес, адамның іс-әрекетімен, оның қиын-қыстау сәттегі таңдауымен өлшенетін тірі категория. Қаламгердің «Намыс» аңыз-повесі мен «Сағынып жеткен жаз еді» шығармасындағы Байсал мен Күшікбай батыр бейнелері осы ойымызға бұлтартпас дәлел болады» [6].

Мұнда авторлық ұстанымның басты сауалы туындайды: нағыз батырлық қарсыласты жер қаптыру ма, әлде оның адамдық қадірін сақтап қалу ма?

Сейсенбаев бұл сауалға кейіпкерлерінің мәрттігі арқылы жауап береді. Күшікбай батыр жекпе-жекте жеңген жауы Төбеттің өмірін қимай: «Тұрыңыз, сөзіңді кешірдім. Сені өлтірілген ағаңа деген мұң құртып баратынын білемін» деп, кек пен өшпенділіктен жоғары тұрады. Дәл осы тектілік Байсал ақынның бойынан да көрініс тапқан. Ол туған жерге оралғандағы қуанышын біреудің қанымен қаралатқысы келмейді. Бұл - жай ғана мейірімділік емес, бұл – рухтың асқақтығы. Сейсенбаевтың нық сенімі бойынша, мұндай парасаттылықтың бастауы – халықтың өзінде. Тіпті аңыз кейіпкері Керімбаланың елшісі де үлкен сыйдан бас тартып, «тек екі ғашықтың тойын көрсем, сол маған сауап» дейді. Демек, автор үшін текті адамның ең үлкен марапаты – өзгенің бақытын көру. Алайда, жазушы өмірдің қатал шындығын да жасырмайды. Автор: «Кең және еркін жанды зұлымдық пен зорлық жояды» дей отырып, жомарттықтың ең осал әрі қорғансыз сезім екенін меңзейді. Күшікбай мен Байсал өздері кешірім жасаған қара ниетті адамдардың опасыздығынан қаза табады. Олар арамдық пен арсыздықты білмегендіктен, дүниенің тек жақсылықтан тұратынына сенді. «Бұл – кейіпкерлердің жеңілісі емес, қайта рухтың тазаруы. Батырлар өз тағдырын халық қасіретінен бөліп қараған жоқ, сондықтан олардың азабы - келешек ұрпақтың намысын оятатын рухани құтқару амалы сипатында бейнеленеді» [7].

Сейсенбаев неге бүгінгі күн туралы жаза отырып, атам заманғы аңыздарға үндеу жасайды дегенге келсек, жазушы үшін адам мен билік, тұлға мен қоғам арасындағы қайшылықтар – мәңгілік проблема. Ол «Намыс» туындысы арқылы жалған патриоттық ұрандарды, «басқа бас, қанға қан» дейтін Төбеттің арсыз философиясын аяусыз әшкерелейді. Автор Төбеттің қатыгездігіне Күшікбайдың мейірімін, Назгүлдің нәзіктігін, Байсалдың тазалығын қарама-қайшы қойып, адамгершілік нормаларын биіктетеді. Көз жасы мен ажал кейіпкерлердің жүрегін қатайта алмады, керісінше, оларды мейірім мен нәзіктікке айналдырды.

Бұл аңыздардың этикалық жүгі - рухани салауатты қоғамның іргетасы ретінде адам тұлғасын көркем түрде бекіту. Сейсенбаев Қазақстанның бүгіні мен болашағын әрбір азаматтың рухани мәдениетімен байланыстырады. «Ол рулық алауыздықты, мансапқорлық пен өзімшілдікті батыл айыптай отырып, адамзатқа ортақ ізгілік нормаларын алға тартады. Жазушы прозасындағы авторлық позиция мен кейіпкерлер тағдыры біртұтас философиялық жүйеге айналып, адам болмысының терең қырларын ашуға қызмет етеді» [8].

Қорытынды.

Роллан Сейсенбаев прозасы - адам тағдыры мен қоғам болмысының күрделі байланысын зерделейтін айрықша көркемдік әлем. Зерттеу барысында байқағанымыздай, жазушы шығармаларында авторлық ұстаным мен кейіпкер бейнесі бір-бірінен ажырағысыз, біртұтас жүйе құрайды. Қаламгер өз дүниетанымын, философиялық пайымдары мен адамгершілік қағидаларын кейіпкерлердің ішкі иірімдері мен қабылдаған шешімдері арқылы жеткізе білген. Осының нәтижесінде туындыларда жеке адамның қасіреті ғана емес, тұтас бір тарихи дәуірдің рухани дидары мен әлеуметтік келбеті бедерленеді.

Сейсенбаев әлемінің кейіпкерлері - тағдырдың қатал сынағына түскен, бірақ соған қарамастан адамдық қалпын сақтауға жанын салған тұлғалар. Мұндай бейнелер арқылы жазушы адам болмысының ішкі қайшылықтарын, моральдық таңдау сәттерін және рухтың беріктігін паш етеді. Кейіпкердің ішкі әлеміне үңілу арқылы автор оқырманды өмірдің мәні мен адам жанының жұмбақ табиғаты туралы терең толғанысқа жетелейді.

Жазушы шығармашылығының салмағын кезінде Олжас Сүлейменов те жоғары бағалап, оның қазіргі заман адамының рухани ізденістерін дөп басатынын атап өткен болатын. Әдебиеттанушы ғалымдардың пікірінше де, Сейсенбаев прозасы қарапайым еңбек адамының тағдыры арқылы қоғамның ең ауыр әрі нәзік моральдық мәселелерін көтеруімен құнды.

Түйіндей келгенде, Роллан Сейсенбаев прозасындағы автор мен кейіпкер мәселесі – жазушының суреткерлік шеберлігін танытатын маңызды әдеби құбылыс. Авторлық ой мен кейіпкер тағдырының осындай шебер үйлесімі шығармалардың көркемдік қуатын арттырып, оларды қазақ әдебиетіндегі терең философиялық туындылар қатарына қосады. Қаламгер мұрасы - адам болмысының рухани құндылықтарын дәріптейтін, ұлттық прозаның деңгейін биіктеткен соны соқпақ, өшпес қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Игенбай, Т. Е. Истоки творчества Роллана Сейсенбаева / Т. Е. Игенбай // Вестник

КазНУ. Серия филологическая. – Алматы, 2012. – №5–6 (139–140). – С. 166–169. file:///C:/Users/user/Downloads/1309.pdf
2. Абдыханов, У. К. Роллан Сейсенбаев және әлемдік әдеби үрдіс [Мәтін] / У. К. Абдыханов ; Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігі, Ө. Жәнібеков атындағы Қазақстан педагогикалық университеті ; орысшадан ауд. У. К. Абдыханов. – Шымкент : Әлем баспаханасы, 2025. – 199 б.
3. Абдыханов У. К. Проблемы нравственного выбора героев Роллана Сейсенбаева //Вестник Московской международной академии. – 2017. – №. 1. – С. 110-115.
4. Құрманбаева, А. Қаламгерге көрсетілген құрмет / А. Құрманбаева // Түркістан. - 2016. - 20 қазан. - № 42.- 12 б.
5. Зульфикаров, Т. Ақырзаманның еркін шапқыншысы [Text] : Сөздің кілті / Т. Зульфикаров // Қазақ әдебиеті. - 2015. - № 40. - 16-22 қазан. - 9 б.
6. Амантай, Д. Постмодерн жағдайындағы модерндік қаламгер [Мәтін] : Роллан Сейсенбаев шығармашылығы туралы / Д. Амантай // Ана тілі. - 2021. - 16 қыркүйек.
7. Әуезов, М. Роллан Сейсенбаев шығармашылығы хақында М. Әуезов // Қазақ әдебиеті. - 2021. - 11 қазан.
8. Жолдасбеков, М. Ж. Адамзаттың тағдырын ойлайтын тұлға: (Эссе) / М. Ж. Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. - 2019. - 10 шілде. – 9 б.

УДК 82-95:821.512.122

МҰХТАР МАҒАУИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Н. Тұрар
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ж.Ш. Жумагелдин

Аңдатпа. Бұл мақалада Мұхтар Мағауин шығармаларындағы экологиялық мәселелердің көркемдік табиғаты талданады. Зерттеу нысаны ретінде жазушы прозасындағы адам мен табиғат арақатынасы, жануарлар әлемі, пейзаждық бейне, ұлттық экологиялық сана және өркениеттік қысымға ұшыраған орта мәселесі алынды. Мақаланың мақсаты – Мағауин прозасында экологиялық ойдың қалай көркем жүйеге айналғанын анықтау. Нәтижесінде жазушы шығармаларында табиғаттың фон емес, ұлттық жадты, моральдық жауапкершілікті және адам болмысының шынайы өлшемін танытатын белсенді рухани кеңістік екені айқындалды. Практикалық маңызы жоғары оқу орнында қазақ әдебиетін экокритикалық бағытта оқытуда көрінеді.

Тірек сөздер: Мұхтар Мағауин, экология, қазақ прозасы, табиғат, экокритика, ұлттық сана, пейзаж, жануарлар әлемі.

Қазіргі әдебиеттануда экологиялық мәселе жаратылыстану ғылымдарының ғана нысаны емес, мәдениет пен көркем ойдың да өзекті өзегіне айналып отыр. Әсіресе ұлттық әдебиеттегі табиғат бейнесін қайта оқу арқылы халықтың дүниетанымы, моральдық ұстанымы, тарихи тәжірибесі мен өркениетке көзқарасы тереңірек ашылады. Қазақ прозасында бұл бағытқа айрықша үлес қосқан қаламгерлердің бірі – Мұхтар Мағауин. Оның шығармаларында табиғат даланың сыртқы суреті ретінде ғана емес, адамдық қасиетті сынайтын рухани кеңістік, кейде жоғалып бара жатқан үйлесімнің белгісі, кейде қоғамдық азғындаудың үнсіз куәсі ретінде көрінеді. Сондықтан Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы экологиялық мәселелерді арнайы қарастыру бүгінгі гуманитарлық ізденіс үшін де, ұлттық әдеби мұраны жаңа әдіснама негізінде тану үшін де маңызды.

Зерттеудің мақсаты – Мұхтар Мағауин прозасындағы экологиялық ойдың көркемдік жүйесін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: жазушы шығармаларындағы табиғат бейнесінің қызметін саралау; адам мен жануар, адам мен кеңістік, адам мен өркениет

арасындағы қайшылықтарды ашу; ұлттық экологиялық сананың көркем көріністерін айқындау; Мағауин прозасының бүгінгі экокритикалық оқылымға мүмкіндігін бағалау.

Зерттеу нысаны ретінде жазушының кейінгі және қайта басылған прозалық мәтіндері мен соларға арналған заманауи ғылыми пайымдар алынды. Зерттеудің өзектілігі қазақ әдебиетіндегі экологиялық ойды нақты автор шығармашылығы арқылы жүйелеуінде жатыр. Теориялық маңызы – Мағауин прозасын экокритика, хронотоп, әлемнің тілдік бейнесі, пейзаж поэтикасы аясында кешенді түсіндіруге мүмкіндік беруінде. Практикалық маңызы бұл тұжырымдарды жоғары оқу орны мен мектептегі әдебиет сабақтарында, арнайы курстарда, ғылыми жобаларда қолдануға болатындығымен айқындалады.

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, мәтіндік интерпретация, герменевтикалық оқу және экокритикалық тәсіл қолданылды. Мұнда табиғат суреттері тек эстетикалық деталь ретінде емес, шығармадағы мағына тудырушы құрылым ретінде қарастырылды. Қазақ прозасындағы адам мен табиғат байланысын арнайы сөз еткен еңбектердің бірі ретінде С. Айтуғанова шағын прозадағы табиғат мәселесін талдай отырып, көркем шығарма экологиялық дағдарысты жай хабарламай, оны адамгершілік жауапкершілікпен байланыстыра көрсететінін тұжырымдайды, яғни әдебиет «адам мен табиғаттың күрделі байланысын» ашатын рухани алаң қызметін атқарады [1, 25]. Бұл пайым Мағауин мәтіндерін талдауда тірек ұстаным болды, өйткені жазушыда табиғат әрдайым моральдық өлшеммен сабақтасып жатады.

Мұхтар Мағауин прозасындағы экологиялық мәселелер ең алдымен әлемнің ұлттық бейнесі арқылы танылады. Жазушы табиғатты абстракт ұғым ретінде алмайды; ол жер, аң, құс, ағаш, қыс, жел, иіс, дыбыс тәрізді нақты болмыстық белгілер арқылы адам санасындағы экологиялық жадты қозғайды. Қазіргі заманғы прозадағы әлемнің тілдік бейнесін зерттеген М. Базарбаева табиғат құбылыстары мен тірі дүние тынысына қарап халық санасында тұрақты болжамдар мен бағалауыштық өлшемдер қалыптасатынын көрсетеді [2, 112]. Осы ғылыми пайым Мағауин шығармаларында анық аңғарылады: дала кеңістігі жай мекен емес, ұлттық тәжірибенің жинақталған коды; аң мен құс жай тіршілік иесі емес, адам мінезін таразылайтын табиғи айна; ал кеңістіктің бүлінуі – тек физикалық өзгеріс емес, рухани ақаудың белгісі.

Жазушы прозасындағы экологиялық мәселенің екінші бір маңызды қыры – кеңістік пен уақыттың құндылықтық ұйымдасуы. А. Жиеналина, О. Анищенко, Ш. Жарқынбекова авторлық дискурстағы хронотопты зерттей отырып, көркем мәтіндегі кеңістік пен уақыт ұлттың құндылықтық санасын айқындайтынын көрсетеді [3, 202]. Мағауин шығармаларында бұл тұжырым айрықша мәнге ие. Оның табиғат суреттері көбіне тарихи санамен астасып жатады: ескі жұрт, аң қуған түз, адам аяғы сирек тиетін мекен, қуаң тартқан орта немесе бүлінген табиғи үйлесім өткен мен бүгіннің арасындағы рухани үзілісті сездіреді. Яғни экологиялық мәселе Мағауинде ландшафттың бұзылуы ғана емес, ұлттық уақыттың да жарақаттануы болып көрінеді. Бұл жерде табиғатқа жасалған қиянат ұлттың ішкі мәдени жадынан ажырау қаупімен теңестіріледі.

Жазушының «Тазының өлімі» атты хикаяттар жинағы М.Мағауин прозасындағы адам мен жануар арасындағы байланысты жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді [4, 318]. Бұл мәтіндерде тазы, аңшылық әлемі, түз кеңістігі мен адам әрекеті қарапайым этнографиялық фон емес. Керісінше, жануар тағдыры арқылы адамзаттың мейірім мөлшері, иелік ету мен қанау психологиясы, табиғи үндестікті бұзудың рухани салдары ашылады. М.Мағауин жануарды үнсіз объект дәрежесіне түсірмейді; ол оны өзіндік жаратылыс құқығы бар тіршілік иесі ретінде көрсетеді. Осыдан келіп экологиялық мәселе табиғатты қорғау деген тар түсініктен шығып, тіршілікке құрмет этикасына айналады. Жазушының мұндай ұстанымы бүгінгі биоэтика және экогуманизм бағыттарымен де үндеседі.

Мағауиннің пейзаж құру шеберлігі оның экологиялық ойының көркемдік қуатын күшейтеді. Ғалым Э. Самекбаева «Аласапыран» роман-дилогиясының тілін талдай келе, қаламгер пейзаждарының көрнекі, дыбыстық және иістік әсерлер үйлесімі арқылы жандылық қасиетке ие болатынын, табиғат көрінісі адамның ойы мен сезімімен тікелей байланыста берілетінін нақты көрсетеді [5, 14]. Бұл тұжырымды Мағауин шығармашылығының тұтас поэтикасына қолдануға болады. Жазушыдағы қар суреті, аң ізі, жел сарыны, өзеннің демі, ағаштың қисығы немесе кең даланың меңіреулігі бір сәттік көрініс емес; бұлар адамның ішкі күйзелісін, қоғамдағы қатыгездікті, тарихи жалғыздықты, кейде тіршіліктің соңғы тұнығын білдіретін рәміздік жүйеге айналады. Осы сипат экологиялық мәселені құр үгіт деңгейінен көркем философия деңгейіне көтереді.

Жоғарыдағы талдаулар Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы экологиялық мәселелердің бірнеше деңгейде көрінетінін аңғартады. Біріншіден, жазушы табиғатты ұлттық болмыстың түпкі негізі ретінде қабылдайды. Сондықтан табиғи ортаның өзгеруі немесе әлсіреуі этностық жадтың босаңсуымен қатар суреттеледі. Екіншіден, экологиялық проблема адам мінезінің бұзылуымен тығыз байланысты. Табиғатқа зорлық көрсету, аңды тек олжа деп білу, ағашты тек материалға айналдыру, даланы тек игеру нысаны санау – мұның бәрі Мағауин прозасында рухани жұтаңдықтың көрінісі ретінде бағаланады. Үшіншіден, жазушы жануарлар әлемін адамның төменгі немесе екінші қатарлы серігі ретінде емес, моральдық салыстыру нүктесі ретінде береді. Кей жағдайда адамнан гөрі жануар табиғат заңына адал, түйсікке таза, болмысқа берік болып көрінеді. Мұндай контраст экологиялық ойды күшейтеді.

Ең мықты мысалдың бірі – «Шақан-Шері». Бұл романда экологиялық мәселе жай табиғат суреті емес, адамның жыртқыш әлеміне шектен тыс араласуы арқылы ашылады. Шығарма өзегінде жолбарыс, түз, аңшылық, кек, қырып-жою мотивтері жатыр. Яғни мұнда табиғат пен адам арасындағы тепе-теңдік бұзылған сәт көркем тартысқа айналған. Шақанның жолбарыспен айқасы жеке батырлық оқиға болып көрінгенімен, тереңінде бұл – адамның табиғи кеңістікке үстемдік жүргізуінің трагедиялық салдары. Роман мәтінінің өзінде жолбарыс терісі, түз тағысының болмысы, жыртқыштың мекені ерекше мәнмен беріледі, ал кейінгі түсіндірулерде бұл шығармада табиғат пен адам арасындағы тепе-теңдікті бұзу мәселесі танылатыны да көрсетілген.

Тағы бір нақты мысал – «Бесінші түлік». Бұл шығармада экологиялық мәселе астарлы сатира түрінде көрінеді. Әңгімеде қазақтың табиғи малшылық кеңістігіне жат «бесінші түлік» – шошқа енгізіледі. Соның салдарынан жайлау, өріс, қоныс, мал ұғымы бұрмаланады. Мәтінде табиғат апатының өзі шошқа өсіру науқанына қарсы тұрғандай суреттеледі: бұршақ жауып, суық соғып, «терісі жұқа, үсті жап-жалаңаш бар шошқамыз таң атқанша түгелімен қырылды» деп беріледі. Кейін шығармада «Қазір бесінші түліктің заманы» деген ащы сөйлем арқылы табиғи шаруашылықтың, дәстүрлі экожүйенің және адамның өз болмысының бүлінуі сыналады. Бұл – экологиялық мәселені тұрмыс, экономика, мораль үшеуін қабаттастырып берген өте дәл мысал.

Үшінші мысал ретінде «Қара ләйлек» әңгімесін алуға болады. Бұл шығармада сирек құс бейнесі арқылы табиғаттың киесі, сирек жаратылысты қорғау, адам мен құс әлемінің нәзік байланысы көрінеді. Мәтін туралы жарияланған үзіндіде қара ләйлектің келуі, жұмыртқа басуы, балапан өргізуі, қайта ұшып кетуі ерекше бақылаумен берілетіні аңғарылады. Яғни жазушы мұнда табиғатты жай фон ретінде алмай, сирек тіршілік иесінің өмір ырғағын эстетикалық әрі құндылықтық деңгейге көтереді. Экологиялық мағынасы – адам баласы әр құбылысты иемденуші емес, бақылаушы және сақтаушы болуға тиіс деген ой.

Төртінші бағыт – «Аласапыран». Бұл шығарма тікелей «экологиялық роман» емес, бірақ онда жер, дала, кеңістік, табиғи мекеннің халық тағдырымен бірлігі өте күшті. Романда XVI–XVII ғасырлардағы қазақ даласы кеңінен суреттеледі, ал Мағауиннің өзі бұл романға өмір бойы жинаған «табиғат эскиздерін» пайдаланғаны айтылған. Сондықтан мұнда экологиялық мәселе тікелей ластану не аң-құс қырылуы түрінде емес, жерден айрылу, кеңістіктің тарихи киесі, даланың ұлттық жадқа айналуы арқылы көрінеді.

М.Мағауин шығармаларын бүгінгі оқу тәжірибесінде бірнеше бағытта тиімді қолдануға болады. Университеттегі қазақ әдебиеті курстарында оның прозасын экокритикалық талдау арқылы студенттерге табиғат ұғымының мәдени-символдық тереңдігін түсіндіруге болады. Мектепте жазушы мәтіндері негізінде «адам мен табиғат», «аң мен адам», «кеңістік және тарихи жады», «өркениет және жауапкершілік» тәрізді проблемалық сұрақтар төңірегінде пікірталас ұйымдастыруға мүмкіндік мол. Сонымен қатар шығармалардағы пейзаждық үзінділерді тілдік талдаумен ұштастыру экологиялық мәдениетті әдеби біліммен байланыстыра түседі. Мағауин прозасының құндылығы да осында: ол табиғатты тек сүйсіну объектісі емес, ойлану және өзін-өзі тексеру алаңы етеді.

Жазушыдағы экологиялық астар әсіресе бүгінгі қоғам үшін маңызды. Құрғақшылық, жер тозуы, су тапшылығы, биологиялық әртүрліліктің кемуі сияқты мәселелер жиі айтылатын кезеңде Мағауин мәтіндері табиғатты техникалық ресурс ретінде ғана емес, тіршілік пен жадының тұтас кеңістігі ретінде ұғынуға үйретеді. Бұл тұрғыдан алғанда, оның шығармаларындағы экологиялық ой публицистикалық үндеу емес, көркем санаға айналған ескерту. Осы ескертудің қуаты оның астарлылығында, образдық тереңдігінде және ұлттық дүниетанымға жақындығында жатыр.

«Аласапыран» романындағы киелі география және ұлттық ландшафт детерминизмі

Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» роман-дилогиясындағы экологиялық пайым дәстүрлі экокритикалық шеңберден шығып, «киелі география» деңгейіне көтеріледі. Мұндағы табиғат

көріністері жай ғана оқиғаның фоны немесе эстетикалық декорация емес, ол — ұлттық болмыстың, тарихи жад пен мемлекеттілік сананың символдық картасы.

Ландшафттың аксиологиялық мәні: Романда XVI–XVII ғасырлардағы қазақ даласының кең панорамасы суреттеледі. Жазушы үшін жер — жай ғана территория емес, халық тағдырымен тұтасқан киелі нысан. Ондағы әрбір тау, өзен немесе жапан түз — этникалық жадтың сақтаушысы қызметін атқарады. Бұл кеңістік ұғымы арқылы автор ұлттық дүниетанымның терең қабаттарын ашып көрсетеді.

Пейзаж поэтикасы және сенсорлық қабылдау: Мағауин пейзаждары көрнекілік, дыбыстық және иістік әсерлер (синестезия) арқылы жандылық қасиетке ие болады. Табиғат тек көзбен көрінетін бейне ғана емес, ол естілетін, сезілетін, қабылданатын тірі әлем ретінде сипатталады. Бұл «жанды табиғат» концепциясы оқырманға кеңістіктің киесін терең сезінуге мүмкіндік береді.Эко-тарихи хронотоп: Шығармадағы табиғат суреттерІ тарихи санамен астасып жатады. Адам аяғы сирек тиген мекендер немесе байырғы аңшылық түздері — өткен мен бүгіннің арасындағы рухани сабақтастықтың белгісі. Табиғаттағы өзгерістер мен бұзылулар тарихи процестермен байланыста қарастырылады.

Табиғат – рухани субъект: Автор табиғатты тек бақылау объектісі емес, адамның ішкі әлемін, оның моральдық бейнесін сынайтын және өзін-өзі тануға жетелейтін рухани кеңістік ретінде көрсетеді. Бұл жерде адам мен табиғат арасындағы байланыс философиялық деңгейде түсіндіріледі.

Қосымша талдау: «Аласапыран» романында кеңістік тек географиялық ұғым ретінде емес, ұлттық кодтың тасымалдаушысы ретінде көрінедІ. Жерге деген құрмет, табиғатқа деген жауапкершілік – шығармадағы басты идеялардың бірі. Бұл қазіргі экологиялық мәселелермен де үндесіп, ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталған маңызды ой тудырады.

Тұжырым: «Аласапырандағы» экологиялық астар — бұл тек табиғатты қорғауға үндеу емес, жердің киесін сақтау арқылы ұлттық кодты аман алып қалу туралы көркем әрі философиялық ескерту.

Қорытындылай келе, Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы экологиялық мәселелер жазушы поэтикасының шеткі элементі емес, өзекті көркемдік өзегі екені анықталды. Табиғат оның прозасында декорация қызметін атқармайды; ол ұлттық сана, тарихи жад, моральдық жауапкершілік және адам болмысының шынайы өлшемі ретінде көрінеді. Жазушы адам мен жануар, адам мен кеңістік, адам мен өркениет арасындағы қайшылықтарды терең психологиялық әрі символикалық сипатта ашады. Соның нәтижесінде экологиялық мәселе қоғамдық, этикалық және философиялық мазмұнға ие болады. Мағауин прозасын осындай қырынан оқу қазақ әдебиетіндегі экологиялық ойдың дәстүрі мен мүмкіндігін кеңейтеді. Демек, қаламгер мұрасын экокритикалық тұрғыдан қарастыру – тек бір авторды жаңа қырынан тану емес, ұлттық әдебиеттің табиғатқа қатысты дүниетанымдық әлеуетін жаңаша бағалау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтуғанова С. Ш. Шағын проза поэтикасы: монография. – Астана: FOCUS, 2025. – 137 б.
2. Базарбаева М.М. Қазіргі заманғы прозадағы әлемнің тілдік бейнесі (билингв-жазушылар материалдарында): PhD диссертациясы. – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024. – 145 б.
3. Жиеналина А., Анищенко О., Жарқынбекова Ш. Авторлық дискурстағы хронотоптың құндылықтық қабылдануы (қазақ авторлары шығармалары негізінде) // Open Cultural Studies. – 2024. Vol.8, No.1. DOI: 10.1515/culture-2024-0025.
4. Мағауин М. Тазының өлімі: хикаяттар. – Қарағанды: Qasym баспа үйі, 2024. – 318 б.
5. Самекбаева Э.М. М. Мағауиннің «Аласапыран» роман-дилогиясының көркем тіл инновациясы // Шәкәрім университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 2(2). – Б. 13–19.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЕРТЕГІЛІК САРЫН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Е.Д. Тұрсынбай, А.М. Нүсіпбек, Н. Нұрбақытұлы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенттері
Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Б.Е. Сыздықова

Аннотация. Мақалада қазақ прозасының көрнекті өкілі Оралхан Бөкейдің (1943–1993) әңгімелері мен повестеріндегі ертегілік сарын зерттеледі. Зерттеудің методологиялық негізін В.Я. Пропптың ертегі функциялары теориясы мен С.Қасқабасовтың қазақ халық прозасын зерттеу тұжырымдары құрайды.

Зерттеу нысаны ретінде «Қайдасың, қасқа құлыным?», «Атау-кере» және «Айпара ана» туындылары алынады. Бұл шығармаларда ертегілік сарын табиғатты киелендіру (тау, су, жануарлардың «тірі» болуы), мифтік бейнелер (құлын, сона, періште-ана), тылсым кеңістік (тау арасы, су арғы беті) және инициация мотивтері (рухани сынақ, трансформация) арқылы көрініс табады. Пропптың функциялары кейіпкердің рухани сапарын (тыйым бұзу, сынақ, трансформация), ал Қасқабасовтың тұжырымдары мифтік элементтердің авторлық интерпретациясын ашуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде Оралхан Бөкейдің ертегілік сарыны реализм мен неомифологизмнің органикалық синтезі екені, ол ұлттық кодты сақтау және заманауи мәселелерді символдық тереңдікпен бейнелеу құралы ретінде қызмет ететіні көрсетіледі.

Кілт сөздер: *Оралхан Бөкей, ертегілік сарын, мифтік бейнелер, табиғатты киелендіру, инициация мотиві, Пропп функциялары, Қасқабасов, неомифологизм.*

Қазақ прозасының көрнекті өкілі Оралхан Бөкей (1943–1993) прозасындағы ертегілік сарынды зерделеу – ұлттық әдебиеттің фольклорлық дәстүрмен байланысын, заманауи шындықты мифтік-символдық деңгейде бейнелеу тәсілдерін ашуға мүмкіндік береді. Жазушының шығармашылығы реалистік суреттememен қатар, табиғатты киелендіру, мифтік бейнелер, тылсым кеңістік және инициация мотивтері арқылы ерекшеленеді. Бұл элементтер қазақ фольклорының (қиял-ғажайып ертегілер, аңыздар, әпсаналар) дәстүрін жалғастыра отырып, кеңес дәуірінің әлеуметтік-психологиялық мәселелерін (жалғыздық, ұлттық болмыс, адам мен табиғат үйлесімі) тереңдетеді.

Ертегілік сарынды зерттеуде екі негізгі теориялық тұжырым басшылыққа алынады. Біріншіден, В.Я. Проппың «Ертегі морфологиясы» (1928) еңбегіндегі ертегі функцияларының жүйесі. В.Я. Пропп бойынша: «Ертегінің тұрақты, орнықты элементтері — әрекет етуші кейіпкерлердің функциялары, оларды кім және қалай орындайтынына қарамастан. Бұл функциялар ертегінің негізгі құрамдас бөліктерін құрайды» [1, с. 21]. Ғалым түрлі халықтардың жүздеген қиял-ғажайып ертегілерін талдай отырып, ертегі сюжетін 31 функцияға бөліп, олардың тұрақты құрылымын анықтаған: кейіпкердің үйден кетуі, тыйымнан аттау, сынақтардан өту, ғажайып көмекшінің пайда болуы, трансформация және оралу (қайту). Бұл теория О. Бөкей шығармаларындағы кейіпкердің рухани сапарын, сынақтарын және ішкі өзгерістерін талдауға тікелей қолайлы.

Екіншіден, С.Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» (1984) монографиясы. Ғалым қазақ халық прозасын «аңыздық проза» және «ертегілік проза» деп екі үлкен салаға бөліп зерттейді [2, 5- б.], ал бұл жіктеме Бөкей прозасын талдаудың методологиялық тірегі болып табылады. Ғалымның тұжырымдары О. Бөкейдің мифтік элементтерді авторлық интерпретацияда қолдануын (неомифологизм) түсіндіруге көмектеседі. Ж.Аймұхамбетованың зерттеуінде атап өткендей, жазушы мифологизмді психологиялық тереңдікпен ұштастырады, табиғатты киелі кеңістікке айналдырады. [3, 12-б.].

Мақалада жазушының «Шығармалары» жинағының 2-томындағы «Атау-кере» романы мен 5-томдағы «Қайдасың, қасқа құлыным», «Айпара ана» повестері негізгі талдау нысаны ретінде алынады. Мақсат – Бөкей туындыларындағы ертегілік сарынның негізгі типтерін айқындап, олардың идеялық-эстетикалық маңызын ашу.

В.Я. Пропп ертегінің морфологиясын зерттей отырып, мынадай іргелі тұжырымға келеді: «кейіпкерлердің аттары мен сыртқы белгілері (атрибуттары) өзгеруі мүмкін, алайда олардың орындайтын функциялары тұрақты болып қалады» [1, с. 20]. Ғалымның анықтамасы бойынша: «Функция деп әрекет етуші кейіпкердің оқиға барысына тигізетін маңызы тұрғысынан

айқындалған іс-әрекеті түсініледі» [1, с. 21]. Пропп ертегі функцияларының орналасу тәртібі де өзгермейтінін атап өтеді: «Функциялардың кезектілігі әрдайым бірдей болады» [1, с. 22]. Ғалымның анықтаған 31 функцияның ішінде О. Бөкей шығармаларын талдауда ерекше маңызды болып табылатындары: тыйым салу және тыйымның бұзылуы (2–3-функциялар), кемшіліктің пайда болуы (8-функция), кейіпкердің сапарға аттануы (11-функция), донордың сынағы мен ғажайып заттың берілуі (12-14-функциялар), кейіпкердің трансформациясы (29-функция) және бақытты немесе трагедиялық аяқталу (31-функция).

Осы теория О. Бөкей прозасын талдауда тікелей қолданылады: «пері», «киелі тау», т.б. бейнелердің аты мен сыртқы пішіні өзгерсе де, олар атқаратын функция (сынау, сыйлау, жол бастау) тұрақты болып қалады. Функциялардың аздығы мен кейіпкерлердің көптігі Пропп айтқан «ертегінің таң қалдырарлық алуан түрлілігі мен сонымен қатар оның сол секілді таң қалдырарлық бірыңғайлығын» түсіндіреді [1, с. 20].

С.Қасқабасов «халық прозасы» ұғымының ғылымдағы орнын нақтылай отырып, қазақ ауыз әдебиетінде «прозалық жанрлардың жеке бір жүйе (система) құрайтынын» және оны «халық прозасы» деп атауға болатынын дәлелдейді [2, 4-б.]. Ғалымның зерттеуінде халық прозасы «аңыздық проза» (аңыздар) және «ертегілік проза» (ертегілер) деп екі үлкен салаға бөліне талданады [2, 5-б.]. Осы жіктеме бойынша О.Бөкей шығармалары «повесть-миф» деп атауға болатын аралық жанрды құрайды: реализм мифке ауысады, тарихи шындық (кеңес дәуіріндегі ұлттық дағдарыс) мифтік-ертегілік формада бейнеленеді. [2, 5-б.] Мұзтаудың «аңыздық» формуласы – С. Қасқабасов анықтаған «аңыздық прозаның» белгілері (нақты географиялық нысанмен байланысты нанымдық аңыз) [2, 4-б.], ал «перінің қызы» мен «киелі зат» мотивтері – «ертегілік прозаның» типтік элементтері. О.Бөкей екі жанрлық ағынды бір синтезде тоғыстырады.

Тау – тылсым кеңістіктің символы. Атап айтқанда, О.Бөкей шығармасындағы Алтай тауы тек географиялық орын болып қалмайды – ол ертегілік рухтар мен аңыздардың мекені, адамның жан сынағы өтетін қасиетті кеңістікке айналады. С. Қасқабасов аңыздардың ерекшелігін сипаттай отырып, оларда «жеке-жеке тау, тас, көл, мекен аттарының шығуын бір тарихи оқиғаға байланысты баяндайтын» жанрлық сипатты атап өтеді [2, б. 4]. «Қайдасың, қасқа құлыным» повесіндегі Мұзтау бейнесі дәл осы жанрлық нышанды іске асырады: «Мұзтау! Әлемдегі ең биік шыңдардың бірінен саналасың, бірақ көзге көрінбейсің... Тек, айында-жылында бір рет қана үстіндегі шудаланған бұлтты сілкіп тастап, жарқ етіп дидарыңды көрсетіп, сонсоң ақ отауға кіріп кеткен қас сұлудай көзден ғайып боласың» [4, 66-б.].

Мұзтаудың «көріне бермеу» мотиві – Проппың тұжырымымен сабақтас: ертегіде «сиқырлы құрал» немесе «сиқырлы көмекші» кейіпкерге сынақтан өткен соң ғана ашылады [1, с. 21]. О. Бөкейде де тауды «көру» рухани сынақтың соңғы сатысы, инициацияның символдық жетістігі болып табылады: «Сұлушоқының үстінде тұрып, Мұз тауын көрген адам лайым бақытты ғұмыр кешеді дейтін аңыз бар» деген формула – нақты нышан мен мифтік нанымның тоғысуы [4, 67-б.].

О. Бөкейде табиғат тек пейзаждық безендіру емес, ол ойлайтын, сезінетін, адамға жауап беретін тірі болмыс ретінде бейнеленеді. «Қайдасың, қасқа құлыным» повесінде: «Дала кеудесін дүбірлетіп, алғаш қытықтаған біздерге жүз жасар ғұмыр тілегендей еді; өзіне деген айнымас махаббатын сыйлағандай еді» [4, 5-б.]. Мұндағы табиғаттың «тілеуі», «сыйлауы» – халықтық дүниетанымдағы жансыз дүниені жанды деп қабылдайтын анимистік түсініктің көрінісі. Бұл ерекшелік С. Қасқабасов атап көрсеткендей, халық прозасының жанрлары «табиғаттың сырын ұғуға, дүниетанымды кеңейтуге жәрдемдескен» дәстүрімен тікелей сабақтас [2, 3-б.].

Табиғаттың киеленуінің тағы бір көрінісі – Кербұғы мотиві. Еркіндікті аңсаған бұғы бейнесі ертегілік ғажайып көмекшіге ұқсас: В.Я. Пропп тұжырымындағы 14-функция – «сиқырлы (ғажайып) құралдың немесе көмекшінің келуі». Бұл образдың мәнін аша түседі. Кербұғы кейіпкерге тек жол көрсетіп қана қоймай, оның рухани бағыт-бағдарын айқындайтын символдық жетекші қызметін атқарады. Сонымен қатар, Алтай таулары мен боранның «тірі» кейіпкерге айналуы қазақ фольклорындағы табиғатты жандандыру дәстүрінің заманауи прозадағы көркем трансформациясын көрсетеді.

Сонымен қатар О. Бөкей прозасындағы мифтік бейнелер мен ертегілік типтерге келетін болсақ, бұл құбылыс жазушы шығармаларында табиғатты жандандыру, адам мен тылсым әлемнің шекарасын өшіру арқылы көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, мысалы, «перінің қызы» бейнесі – мифтік танымның көркемдік жалғасы ретінде айқын көрінеді. «Атау-кере» романында Бекзат бейнесі «перінің қызы» архетипімен тікелей сабақтастырылады. Жазушы кейіпкердің ішкі монологы арқылы осы мифтік кодты ашып көрсетеді: «Мұның перінің қызы екені рас, – деп

ойлады өне бойынан тер сорғалап, рақаттанған омарташы. – Сұлулығы Айнаның ширегіне де келмейді, бірақ өзіне магнитше тартар сиқырлы ма екен» [5, 13-б].

Қасқабасов қазақ халық прозасының құрамын анықтай отырып, онда «жезтырнақ, жалғыз көзді дәу туралы хикаялар» сияқты мифтік бейнелер молынан кездесетінін атап өтеді [2, 4-б.]. «Перінің қызы» – дәл осы мифтік фигуралар қатарына жататын образ: қазақ фольклорында «аттыны сиқырлап шақырып, тізгініне оралып үйіне түсіретін» тылсым күші бар тұлға ретінде бекіген. Пропптың тұжырымдауы бойынша, ертегіде кейіпкерлердің аттары мен атрибуттары алуан түрлі болғанымен, олардың функциясы тұрақты болып қалады [1, с. 20]. Бекзатта «сынаушы» немесе «жол бастаушы» функциясы сақталады, Ерік оны жай адам ретінде емес, мифтік тұлға ретінде қабылдайды.

Кейіпкердің образын талдаумен қатар, Оралхан Бөкей прозасында тұрақты функциялардың бірі – «киелі мүлік», яғни «сиқырлы құрал» мотиві де айқын көрінеді. «Атау-кере» романындағы «атадан балаға мирас боп келе жатқан киелі мүлік» – тері қоржын образы ертегідегі «сиқырлы зат» мотивінің реалистік шығармаға сіңдірілуі. Пропп «сиқырлы құрал» функциясын ерекше бөліп қарайды: сиқырлы зат батырға ерекше қуат беріп, мақсатына жетуін қамтамасыз ететін функционалдық элемент болып табылады [1, с. 21]. О. Бөкейдегі «тері қоржын» дәл осы функцияны атқарады. Ол тұрмыстық ыдыс емес, ата тегінің рухани тізбегінің символы, «атадан балаға» берілетін «киелі мүлік». Бұл киелі нысан кейіпкерлер әлемінде тек заттық деңгейде ғана емес, рухани-символдық мәнде де қызмет атқарып, келесі оқиғалар желісіндегі өзгерістер мен тылсым құбылыстарға негіз болады. Осы рухани-символдық кеңістіктің дамуы В.Я. Пропп ертегілік поэтикасы тұрғысынан келесі маңызды функциялармен сабақтасады. «Атау-кере» романы Пропптың 29-функциясы – «трансформация» (кейіпкердің жаңа келбеті) – тұрғысынан ерекше қызығушылық тудырады. Еріктің көк басты сонаға айналуы – классикалық ертегілік метаморфозаның заманауи прозадағы нұсқасы. Қатын суының арғы бетіндегі жұмбақ қыз бейнесі тылсым кеңістік мотивін күшейтеді. Тау арасы «жұмбақ әлемге» айналып, адамның ішкі жан-дүниесін бейнелейді. Ерік рухани сынақтан (маскүнемдік, адамгершілік дағдарыс) өтіп, тазару жолына түседі – бұл Пропптың 8-функциясы (кемшілік) мен 19-функциясының (бастапқы кемшіліктің жойылуы) тізбегін қалыптастырады. Шал образы романтизм мен аңыздық сарынның тоғысуы ретінде С. Қасқабасовтың «миф пен әпсананың қосылуы» тұжырымымен сабақтас [2, 5-б.].

Ертегінің маңызды сюжеттік ұясы – «іздеу» мотиві. Пропп бойынша ертегіде «алыстату» (қаһарманның үйінен алыстауы) функциясы – бастапқы нүкте; одан кейін «тапсырма», «жолда сынаушымен кездесу», «сиқырлы заттың берілуі», «жетістік» функциялары жалғасады, және бұл реттілік тұрақты болып қалады [1, с. 22]. О. Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» повесінде осы функционалдық тізбек психологиялық-символдық деңгейде анық байқалады. Повестің сюжеті биеден егіз құлын тууының ырымдық мәнінен басталады – бұл қазақ фольклорындағы тыйым мен белгі мотивіне ұқсас (В.Я. Пропптың 2–3-функциялары: тыйым салу және тыйымның бұзылуы). Бұл жағдай кейіпкер өмірінде моральдық-рухани таңдаудың пайда болуына алып келеді. Біреуін өлтіру арқылы кейіпкер рухани кінә сезінеді – бұл оның ішкі әлеміндегі дағдарысты күшейтіп, инициациялық үдерістің басталуын білдіреді.

Баяндаушы кейіпкер «қара қасқа құлынды» іздеп жолға шығады. Бұл сюжеттік деңгейде нақты жылқы туралы болса, символдық деңгейде жоғалған балалықты, ата жолын, ішкі тазалықты іздеу болып табылады. Инициацияның ең жоғары сәті – Мұзтауды көру: «Мен осы сәтте Мұзтауды ғана емес, сол таудың ұшпа басында күнге қарап кісінеп тұрған қара қасқа құлынымды да көрдім, тіпті шырқырай кісінеген үні де құлаққа келгендей болды...» [3, 67-68-бб].

Бұл эпизод Проппың «сыйақы» (награждение) функциясымен типологиялық жақын – кейіпкер сынақтан өткеннен кейін мұратына жетеді [1, с. 21]. Дегенмен жазушы шығармаларында классикалық ертегідегідей біржақты «хэппи-энд» (жақсылықтың толық жеңісі) жиі кездеспейді: «Бүгін мен Қаршығадан хат алдым. Әкемнің боз биесінен қара қасқа құлын туыпты. Бірақ жануар өз тумасынан өзі жеріп, тарпып өлтіріпті» [4, 68-б]. Осы трагикалық аяқталу Пропптың 31-функциясынан (бақытты аяқталу) жазушының саналы түрде бас тартуы болып табылады: ертегілік үміт-нанымнан айырылу арқылы кеңес дәуіріндегі ұлттық дағдарыс, «Қайдасың, қазағым?» деген астарлы мағына беріледі. Бұл – О. Бөкейдің ертегі поэтикасын игере отырып, оны экзистенциалдық мазмұнмен байытатынын дәлелдейді. Атап айтқанда, О. Бөкей адам мен табиғат, миф пен шындық арасындағы күрделі үйлесімді көрсету арқылы ашық, кейде трагедиялық шешімдерге көбірек мән береді. Бұл оның прозасын ертегілік құрылымнан алыстатып, терең философиялық сипатқа жақындатады.

Жоғарыда айтылған мифтік-ертегілік поэтика Бөкей шығармаларында тарихи тақырыптармен де ұштасады. Осы тұрғыдан алғанда, «Айпара ана» повесі жоңғар шапқыншылығы дәуірін суреттейді. Бұл тарихи контекст ертегілік-аңыздық желімен байытылады. С. Қасқабасов аңыздардың жанрлық ерекшелігін сипаттай отырып: «аспандағы көптеген жұлдыздар, күн мен ай туралы мифтер, жеке-жеке тау, тас, көл, мекен аттарының шығуын бір тарихи оқиғаға байланысты баяндайтын аңыздар» қазақ халық прозасының ажырамас бөлігі» - деп атайды [2, 4- б.]. «Айпара ана» повесінің бастамасы – «Бір аптаға созылған қақыраған ұлы шайқастан кейін толас тапқан дала ақыл-естен айрылып есеңгіреп жатыр» – [4, 69-б.] эпикалық аңыздық тонда беріліп, тарихи апат аналық батырлықтың аңыздық тұлғасымен астасады.

Айпараның есімі (ай + пари (пері)) мифтік бейнені білдіреді. Ай періштесі, ай перісі, тылсым күш. Ана образы – қазақ фольклорындағы Ана-Жер, Умай ана архетипінің жалғасы болып табылады.

Пропп функциялары бойынша «Айпара ана» туындысында мынадай тізбек байқалады: кейіпкерлердің сынақтары (жау, қауіп – 16-функция: шайқас), ғажайып көмек (ананың пайғамбарлық сезімі, Жандостың аман қалуы – 14-функция), трансформация (елдің рухани оянуы – 29-функция). Инициация мотиві ананың сынық жүзі арқылы елдің тағдырын сезінуінде, ұлттық бірлікке шақыруында айқын көрінеді. С.Қасқабасов тұрғысынан бұл аңыз-хикаят жанрының үлгісі: «тарихи шындықты мифтік-ертегілік формада бейнелеу, халық санасындағы аналық қасиетті дәріптеу» [2, 5-б.].

Қорытынды

О. Бөкей шығармашылығындағы ертегілік сарын – жазушының идеялық-эстетикалық жүйесінің ажырамас бөлігі. В.Я. Пропптың функциялар теориясы мен С. Қасқабасовтың жанрлық жіктемесін методологиялық тірек ретінде пайдалана отырып, О. Бөкей прозасындағы ертегілік элементтердің үш деңгейде жұмыс істейтіні анықталды.

Біріншіден, функционалдық деңгейде: «пері», «киелі тау», «ата жадығат» сияқты бейнелер В.Я. Проппың анықтаған «сынаушы», «сыйлаушы», «жол бастаушы» функцияларын атқарады [1, с. 20-21]. Тыйым бұзу (2–3), кемшілік (8), сапарға аттану (11), трансформация (29) функциялары үш туындыда да тізбекті түрде байқалады.

Екіншіден, жанрлық деңгейде: О. Бөкей С. Қасқабасов бөліп қараған «аңыздық проза» мен «ертегілік проза» мотивтерін бір туындыда синтездейді [2, 5-б.]. Осы синтез арқылы жазушы «повесть-миф» деп атауға болатын жаңа жанрлық форманы қалыптастырады.

Үшіншіден, философиялық деңгейде: жазушы ертегілік сарынды адамның ішкі жалғыздығы мен рухани тазалыққа ұмтылысын жеткізудің тәсілі ретінде пайдаланады. Ж. Аймұхамбетованың зерттеуі атап өткендей, жазушы мифологизмді психологиялық тереңдікпен ұштастырады [5, 12-б.], – бұл О. Бөкейдің ертегі поэтикасын фольклорлық схеманы заманауи экзистенциалдық мазмұнмен толықтыру жолымен игергенін дәлелдейді.

Осылайша О. Бөкей шығармашылығы – ертегілік поэтиканы сақтай отырып, оны жаңа рухани биікке – XX ғасырдың соңындағы қазақ прозасының сипатты белгісіне айналдырған феномен болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пропп В.Я. Морфология волшебной сказки. – М.: Лабиринт, 2001. – 192 с.

2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.

3. Аймұхамбет Ж. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі: дис. ... канд. филол. ғылымдар. – Алматы, 1999.

4. Бөкей О. Шығармалары. Т. 5: Повестер, әңгіме-хикаяттар, пьесалар. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

5. Бөкей О. Шығармалары. Т. 2: Роман, повестер. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

Д. ИСАБЕКОВТІҢ «СҮЙЕКШІ» ПОВЕСІ БОЙЫНША: ТҰҢҒЫШ ТҰЛҒАСЫ АРҚЫЛЫ ҚОҒАМ ШЫНДЫҒЫН КӨРСЕТУ

Б.Т. Төрехан
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Ж.Қ. Смағұлов

Қазақ әдебиеті әрдайым қоғамның әлеуметтік және моральдық мәселелерін көрсету арқылы оқырманды ойландырып, тәрбиелеу функциясын атқарған. Әдебиет тек қана көркемдік ой мен шығармашылықты паш ету құралы емес, ол қоғамдағы кемшіліктерді, әділетсіздікті және әлеуметтік шынайылықтарды ашық талдайтын күрделі әлеуметтік феномен болып саналады. Кез келген дәуірдегі әдебиет өз оқырманын тек эстетикалық ләззатпен шектемей, сонымен бірге адамгершілік құндылықтарды түсіндіру, өмір шындығын көрсету арқылы ойландырады. Сол себепті әдебиет пен қоғам арасындағы байланыс әрдайым тығыз әрі өзара әсерлі болып келеді.

Қазақ әдебиетінде өзіндік стилімен ерекшеленетін жазушылар әрқашан оқырманға жаңа ой салған. Солардың бірі – Дулат Исабеков. Оның шығармаларын оқыған адам кейіпкерлерін ұзақ уақыт ұмыта алмайды. Бұл – жазушының кейіпкер таңдауындағы талғамы мен оларды көркем бейнелеудегі шеберлігінің нәтижесі. Дулат Исабеков қарапайым адамдардың өмірін, олардың күнделікті тіршілігін бейнелей отырып, олардың ішкі жан дүниесін, ой-санасын, өмір жолындағы күрделі кезеңдерді терең ашып көрсетеді. Әр кейіпкерінің тағдыры арқылы оқырман өмірдің әртүрлі қырын сезініп, адамдық қасиеттер мен моральдық дилеммаларды түсінуге мүмкіндік алады.

Өмірдің күрделі, сан алуан қырлары бар, ал жазушының қуатты қаламы сол күрделілікті оқырманға жеткізеді. Шығармаларын оқи отырып, адам әртүрлі тағдырлармен бетпе-бет келеді, тіршіліктің тәттісі мен ащысын сезінеді. Қаламгерлер көбіне өздерінің көрген-білген өмірінен сабақ алады: олар ойдан кейіпкер жасап қана қоймай, өмірдің қиыншылықтарын көріп, өз тәжірибесіне сүйеніп жазады. Сондықтан олардың шығармаларында тіршіліктің шынайы бояуы мен өмірдің тынысы айқын көрініс табады.

Дулат Исабеков шығармаларында философиялық тереңдік, әсіресе экзистенциализмге тән ой-толғамдар айқын байқалады. Бұл бағыт оның туындыларының көркемдік деңгейін көтеріп, әдебиетті терең мәні бар өнер ретінде танытады. Сонымен қатар, жазушы кейіпкерлерін ерекше шеберлікпен сомдайды. Ол қарапайым адамдардың өзін дара тұлға ретінде көрсетіп, олардың тағдырын, сезімін, ішкі күресін оқырманға әсерлі жеткізеді.

Дулат Исабеков шығармаларында қоғам немесе тарих емес, әрдайым адам жаны басты рөлде болған. Ол өз әңгімелері мен повестерінде жұрт ішінде жүрген, бірақ көбіне байқалмайтын, елеусіз жандардың ішкі жан-дүниесін, олардың тауқыметті тағдырын терең суреттейді. Мысалы, «Сүйекші» повесінің басты кейіпкері Тұңғыш – диуана, қабір қазушы секілді кәсіптен несібесін айырған адамдардың арман-мұраты, тыныс-тіршілігі көп адамға беймәлім кейіпкер. Дулат Исабековтың қырағылығы мен шеберлігі осындай «үндемес» жандардың басынан өткен мұң мен трагедияны бір кейіпкердің қарапайым ғұмыры арқылы жеткізе білуде айқын көрінеді.

«Сүйекші» повесі – жазушының кейіпкерді қалай ерекше бейнелей алатынын айқын көрсететін шығармасы. Басты кейіпкердің өмір жолының ақырғы аялдамасы мола маңына тіреледі. Ол ешқашан көр қазушы болуды армандамаған, бірақ тағдыр оны дәл осы кәсіпке жеткізеді. Адам өмірінің белгілі бір мақсаты бар деп қарастырсақ, кейіпкер өз міндетін саналы түрде болмаса да, тағдырдың жазуымен орындағандай әсер қалдырады.

Повестегі басты кейіпкер – өмірден жылылық көрмеген, әділетсіздік пен қорлыққа көп ұшыраған жадау шал. Оның азан шақырып қойған есімі – Тұңғыш. Дәл осы Тұңғыш бейнесі мақаламызға арқау болып отыр. Жазушы оның тағдыры арқылы қоғамдағы әділетсіздікті, адамның өміріндегі ауыртпалықтарды, тағдырдың қиындықтарын терең көрсетеді.

Тұңғыштың тағдыры арқылы тек бір адамның соры емес, тұтас бір дәуірдің ащы шындығы, феодализм тұсындағы әлеуметтік теңсіздіктің озбырлық ордасы ашып көрсетіледі. Тұңғыштың өмірі – тағдырдың аяусыз соққыларының тізбегі. Жастайынан әке мен шешеден, бауырдан айрылып, бай еркесінің бір ақымақтығы үшін жат қолына аманат болып кеткен жетім бала бұл жалғанда көрмеген қорлықты көреді.

Жазушы Тұңғыштың бейнесін сомдай отырып, оның бойындағы қасіреттің тереңдігін көрсетеді. Өмір бойы кісі есігінде телміріп, қайыршылық пен диуаналықпен күн кешкен оның

тағдыры әділетсіздіктің үкімі ретінде ұғылады. Тұңғышқа тіпті ең қарапайым кәсіп те бұйырмады; ол шағын қаланың мола қазушысы, яғни сүйекшісі болып табылады. . Бірақ, Тұңғыштың басты трагедиясы оның кәсібінде емес, өміріндегі бостық пен мағынасыздықта еді. Ол еркек болып жар сүйе алмай, әке болып бала иіскей алмай кетеді. Бұл оның адам баласының ең басты құқығынан айырылуының белгісі, білегі күштілердің әлсіздерді аяусыз жаншуының айғағы.

Повестің шарықтау шегі Тұңғыштың өмірін түбегейлі түсінуінен, оның санасындағы төңкерістен басталады. Айдалада ессіз-түссіз жатқан жерінен оны диуана кемпір құтқарып, бірнеше күн өз кәсібіне баулиды. Осыдан кейін кемпір өз жолымен кетіп, Тұңғышты жалғыз қалдырғанда, ол алғаш рет өз тағдырына басқа көзбен қарайды. Таспадай тартылған жалғыз аяқ жолға түсіп, алысқа сапар шеккен диуана кемпірдің соңынан қарап тұрып, Тұңғыш оның өзінен әлдеқайда бақытты екенін түсінеді. Мейлі, қанша өнімсіз болсын, ерте жетсін, кеш жетсін, мейлі әйтеуір өз от басына кетіп барады емес пе [1, 40]. Ал Тұңғышта барар жер, басар тау да, айқын мақсат та жоқ еді. Осы сәтте ол өз өмірінің сор өмір екенін, оның мүлдем мағынасыздығын сезініп, бордай үгітіледі.

Бірақ, жазушы кейіпкерін үмітсіздік шыңырауында қалдырмайды. Тұңғыштың өмірге қайта ұмтылысы тек «итжандылық» немесе соқыр инстинкт емес, оны алға жетелеген басты күш – адамдық үміт еді. Әділетсіздікпен бетпе-бет күресуге дәрмені жетпесе де, адамдық үміт – саналы тіршіліктің сөнбес шырағы, оны өмір сүруге шақырады. Бұл үміт Тұңғышты туған жеріне қайта оралуға мәжбүрлейді. Повестің соңында ол көп ұзамай қайтыс болса да, оның өлімінде бір аяныштылық бар. Мүмкін, ол тек кіндік қаны тамып, тұсауы кесілген ата мекеніне қайтып кеп өлу үшін өмір сүрген шығар. Д.Исабеков бұл үзіндіде «кішкентай» адамдарды қорғау мәселесін өте өткір қояды, адамзаттың өзін-өзі қорғауы – ең күрделі міндет екенін меңзейді.

Кейіпкер тағдырының қатпарларына үңілсек, алдымен көзге ұратыны -оның тасқа айналған балалық шағы. Автор: «Оның бала болса, болғаны рас шығар, бірақ балалық шағы болған жоқ», - деген жолдармен айқын сипаттайды [1, 6]. Әкесі Қомшаның кісі қабағына қарап, мал соңында телмірген өмірі баланың еңсесін ерте басып, көкірегіндегі мейірім бұлағының көзін бітеп тастағандай. Оның санасындағы жалғыз сәуле-ана бейнесі. Бірақ ол да мұңға батқан сурет: «тәңірдің жазғанына әбден мойын сұнып, қандай ауыртпалық болса да бәрін қабақ шытпай үнсіз көтеруге көндіккен» ананың үнсіздігі кейіпкердің де тіршіліктегі жазуына айналды. Ана жайлы ойлар оның көкейінде алыстағы жұлдыздай жылт етіп, артынша «кеудесіне өксік пен қасірет құйып» өшеді [1, 17].

Тұңғыш образы арқылы автор қоғамнан іргесін аулақ салған жалғызбасты тұлғаның трагедиясын ғана емес, айналасындағы қоғамның сезім мүшелерінің қалай семіп қалғанын да шебер бейнелейді. Шығармада: «Мұны шаһардағы көп адам біледі, ал бұл олардың бір де бірін танымайды», - деген жолдар кейіпкер мен орта арасындағы алшақтықтың шегіне жеткенін аңғартады [1, 2]. Қала халқы үшін ол тірі пенде емес, тек қабір қазуға машықтанған жансыз тетік іспетті қабылданады. Осы оқшауланудың тереңдігі сонша, жұрттың ешқайсысы «осы бір адамның өзгелер сияқты қайғы қуанышы, күйініш сүйініші, мұрат мақсаты бар болар ау» деп басына да кіріп шықпайды [1, 2]. Тұңғыштың ішкі әлеміндегі алапат мұңды ешкімнің бөліскісі келмеуі немесе байқамауы заманауи қоғамның салқындығын ащы мысқылмен жеткізеді.

Оның болмысынан адам баласына тән қарапайым қажеттіліктер мен армандар әлдеқашан көшіп кеткен. Автор кейіпкердің «қатын балам болса екен деп тәңірден тілемейді де» деген сипаттамасы арқылы оның үміттен де, болашақтан да баз кешкенін көрсетеді [1, 2]. Тұңғыш үшін тіршіліктің базарлы қызығынан гөрі өлілер әлемімен тілдесу әлдеқайда таныс әрі жақын болып кеткен. Тіпті оның «ақырет сапарға аттанғандардың ақтық орнын екі үш күн бұрын дайындай береді» деген әрекеті ажал мен адам арасындағы шекараның жойылып кеткенін паш етеді [1, 2]. Ол ауырмайтын, сырқамайтын, сезімі жоқ Үндемес ретінде сипатталса да, шын мәнінде оның үнсіздігі бүкіл әлемнің қасіретін ішіне сыйғызып тұрғандай әсер береді..

Қорытындылай келе, Дулат Исабековтің «Сүйекші» повесі арқылы қоғам шындығы Тұңғыш бейнесі негізінде барынша нанымды, терең әрі әсерлі түрде жинақталып көрсетіледі. Автор кейіпкер тағдыры арқылы әлеуметтік әділетсіздіктің тамырын, рухани құндылықтардың әлсіреу себептерін және адам мен қоғам арасындағы күрделі қайшылықтардың мәнін кең ауқымда ашып береді. Тұңғыштың өмір жолы жеке бір адамның басынан өткен ауыр тағдыр ретінде ғана емес, белгілі бір кезеңдегі қоғамдық ахуалдың тұтас көрінісі ретінде бағаланады. Осы арқылы шығармада көтерілген мәселелердің ауқымы кеңейіп, оның мағыналық тереңдігі арта түседі.

Осы тұрғыдан алғанда, шығармада қозғалған мәселелердің өзектілігі бүгінгі күнмен де тығыз сабақтасып жатыр. Адам тағдырына қоғамның әсері, әлеуметтік теңсіздік, рухани

жұтаңдық, адамдар арасындағы немқұрайлылық сияқты құбылыстар қай кезеңде де маңызды болып қала береді. Сондықтан повесте айтылған ойлар мен тұжырымдар оқырманды тек өткен уақыттың шындығын түсінуге ғана емес, қазіргі қоғамдағы жағдайларды да саралап, салыстырып қарауға жетелейді. Бұл туындының құндылығы оның уақытпен шектелмей, әр дәуірде өз маңызын сақтай алуында жатыр. Шығарма оқырман санасында терең ой қалыптастырып, өмірге деген көзқарасына ықпал етеді.

Әдебиеттанушы Құлбек Ергөбектің: «Дулат Исабеков мейлі өткен күн тағылымын айтсын, мейлі бүгінгі күн шындығын жазсын, қайда да, қашан да шынайы суреткер. Айтарын характер арқылы бейнелей айтады, жазарын көркем детальдарды ойната құбылтып ашады, шығарманың көркемдік формасы жұтынып, композициясы дөңгеленіп шып шымыр шығады», - деген пікірі жазушының шығармашылық болмысын жан-жақты әрі дәл сипаттайды [2, 158]. Бұл тұжырым «Сүйекші» повесіне де толық сәйкес келеді. Себебі автор қоғамдағы күрделі мәселелерді құр баяндап қана қоймай, оны кейіпкер болмысы арқылы терең сезіндіре алады. Көркем детальдар мен бейнелі тіл арқылы шығарма мазмұны байып, оқырманға әсері күшейе түседі. Осы ерекшелік жазушының шеберлігін айқындап, оның туындыларын көркемдік деңгейі жоғары шығармалар қатарына қосады.

Сонымен бірге, туындыда адам бойындағы төзімділік, шыдамдылық және өмірге деген ұмтылыстың маңызы айрықша көрініс табады. Қандай қиындықтар мен кедергілер кездессе де, өмірден үміт үзбеу, алға ұмтылу адам болмысының негізгі тірегі ретінде танылады. Бұл ой шығарма мазмұнын тереңдете түсіп, оның тәрбиелік мәнін күшейтеді. Оқырман кейіпкер тағдыры арқылы өмірдің күрделі тұстарын түсініп қана қоймай, адамдық қасиеттердің маңызын қайта бағамдайды. Осы арқылы шығарма тек көркем дүние ретінде емес, рухани тағылым беретін туынды ретінде де бағаланады.

Қорыта айтқанда, «Сүйекші» повесі қоғам шындығын, адам тағдырын және рухани мәселелерді өзара тығыз байланыстыра отырып, терең мазмұнда бейнелеген көркем шығарма болып табылады. Тұңғыш бейнесі арқылы берілген ойлар оқырманға үлкен әсер қалдырып, оны өмір, қоғам және адамгершілік туралы кеңінен ойлануға жетелейді. Шығармада көтерілген мәселелердің ауқымы кең, мағынасы терең болғандықтан, ол әр оқырманға әртүрлі деңгейде ой салады. Сондықтан бұл туынды өзінің көркемдік қуатымен, идеялық мазмұнымен және өзектілігімен қазақ әдебиетінде маңызды орын алатын шығармалардың бірі ретінде бағалана береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Исабеков Д. Сүйекші. – 55 бет.
2. Қарасөз. Қазақ прозасы туралы ойлар. /Құлбек Ергөбек. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. 600-бет.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАР АРҚЫЛЫ КЕЙІПКЕРДІ ТАЛДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ф.Е. Ерсалиева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А.Рустемова

Аннотация

Мақалада мектеп бағдарламасындағы жоғары сыныптарда қазақ әдебиеті сабағында кейіпкерді талдау әдісін цифрлық құралдар арқылы тиімді қолдану мәселесі қарастырылады. Зерттеу барысында заманауи цифрлық технологиялардың оқушылардың әдеби кейіпкерлерді терең түсінуіне, сыни ойлау қабілетін дамытуға және оқу үдерісінің қызықты әрі нәтижелі өтуіне ықпалы талданады. Сонымен қатар, цифрлық әдістерді қолданудың тиімді жолдары мен практикалық мүмкіндіктері ұсынылып,мысалдар келтіріледі.

Кілт сөздер

Қазақ әдебиеті,цифрлық құрал,әдіс-тәсіл,кейіпкер,білім беру,кейіпкерді талдау,заманауи технологиялар, жасанды интеллект.

Кіріспе бөлім

Қазақ әдебиеті – қазақ халқының мәдени мұрасының жүрегі. Ол біздің қазақ халқының ежелгі тарихын,салт-дәстүрлерін,әдет-ғұрыптарын дәріптейді. Әдебиеттегі кейіпкерлер – шығарманың,басты бөлшегі. [1] Кейіпкерлер арқылы шығарманың авторы өз көзқарастарын, идеяларын және терең ойларын жеткізе алады. Әр кейіпкердің өзіндік ерекшелігі мен мақсаты шығарманы әлдеқайда көркем етеді, себебі кейіпкерлердің мінез-құлқы мен психологиясы олардың тереңдігі мен күрделілігі кез келген оқырманның қызығушылығын оятады.. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқы мен ішкі жан дүниесі арқылы оқырман өмірлік құндылықтарды танып, өзіне қажетті тәлім-тәрбие алады. Сондықтан әдеби шығармадағы кейіпкерлерді жан-жақты талдау – оқушылардың әдебиетті терең түсінуінің маңызды бөлігі болып табылады.

[2]Ал цифрлық құралдарды қолдануға тоқталсақ , қазіргі кезеңде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, біз әлемдік білім беру кеңістігіне қосылуға бағыт алып келе жатырмыз. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты. Білім беру парадигмасы өзгерді, мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пен жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай білім мен тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін білуі өте маңызды.Болашақта дамыған елдер қатарына қосылу үшін заман талабына сай білім керек. Қазақстанда дамыған, бәсекеге қабілетті ел болуға мүмкіндік беретін басты нәрсе — білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесі оқыту үрдісін технологиямен толықтыруды маңызды деп отыр. Мұғалім инновациялық технологияларды меңгеріп, жаңаша ойлай білетін, оқушымен тез тіл табыса алатын, білімді, шебер және іскер болуы қажет.Осы тұрғыда зерттеудің басты мақсаты – қазіргі білім беру жүйесінде кейіпкерді талдаудың заманауи әдіс-тәсілдерін, соның ішінде цифрлық құралдарды тиімді қолданудың маңызын айқындау. Цифрлық технологияларды пайдалану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, талдау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді алға қоямыз: шығармадағы кейіпкерлерді талдаудың заманауи әдіс-тәсілдерін анықтау, цифрлық құралдардың маңыздылығы мен мүмкіндіктерін саралау, оларды мектеп бағдарламасындағы қазақ әдебиеті сабағында тиімді қолдану жолдарын көрсету және оқушылардың танымдық, сыни ойлау қабілеттеріне әсерін талдау.

Негізгі бөлім

Цифрлық ресурстар білім беру процесін жаңа қырынан ұйымдастыруға және оқыту әдістерін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Мектеп бағдарламасындағы сабақтарда цифрлық технологияларды қолдану оқу мазмұнын байытып, интеграциялық оқытуды қолдап, сабақ тиімділігін арттырады.Қазіргі таңда білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану – оқыту сапасын арттырудың маңызды тетігі болып саналады. Қазақ әдебиеті сабағында кейіпкерлерді талдауда цифрлық құралдарды пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, талдау және шығармашылық қабілеттерін дамытады.Қазіргі сәтте цифрлық құралдардың әртүрлі түрі бар. Олардың деңгейі бір-бірінен асып түсіп, оқушылардың заман талабына сай білім алуына үлкен пайдасын тигізеді.

[3]Жалпы айтқанда, цифрлық құралдар арқылы кейіпкерді талдаудың бірнеше түрі бар, олар интерактивті түрде жүзеге асады.Мысалы, ең алдымен онлайн тақталар (Padlet, Jamboard) қолданылады. Бұл арқылы оқушылар кейіпкердің мінезін, іс-әрекетін, портретін жазып, ортақ талқылау жүргізе алады. Бұл әдіс топтық жұмысты жандандырып, әр оқушының пікір білдіруіне мүмкіндік береді, сонымен бірге бірлік пен ұйымшылдыққа тәрбиелейді.Екіншіден, презентациялық әдіс тиімді қолданылады. Ол арқылы оқушылар кейіпкерге мінездеме беруді PowerPoint немесе Canva платформаларында жасап, оны сынып алдында қорғайды. Бұл олардың сөйлеу дағдысын және ақпаратты жүйелеу қабілетін дамытады. Презентация жасау кезінде оқушылардың шығармашылық қабілеті дами түседі, әр түрлі түстер мен суреттерді, сондай-ақ маңызды ақпараттарды қолдана отырып, шығармадағы кейіпкерлерді аша түседі.Үшіншіден, интерактивті тапсырмалар мен тесттер (Kahoot, Quizizz) арқылы кейіпкерге байланысты сұрақтар құрастырылады. Оқушылар ойын түрінде жауап беріп, білімдерін тексереді. Бұл тәсіл сабаққа қызығушылықты арттырады. Тапсырмаларға белгілі уақыт қойылып, оқушылар арасында тығыз байланыс пен жеңіске ұмтылыс олардың жылдамдығын арттырады, сонымен бірге әр оқушының білім деңгейі сыналады.Төртіншіден, бейне және аудио материалдарды пайдалану маңызды. Әдеби шығармалар бойынша түсірілген фильм үзінділері немесе аудиожазбалар арқылы кейіпкердің эмоциясы мен мінезін тереңірек түсінуге болады. Оқушылар көргенін талдап, өз

ойларын білдіріп, шығармадағы кейіпкерлермен тығыз байланысқа түседі. Кейіпкерді жақын тани отырып, түрлі сезімдерді бастан кешеді, оның әрекеті мен ойларын тереңірек түсінеді.Бесіншіден,цифрлық интеллект-карталар мен диаграммалар (MindMeister, Coggle) арқылы кейіпкердің қасиеттерін визуалды түрде көрсетуге болады. Бұл ақпаратты жүйелеуді жеңілдетеді. Кейіпкердің әртүрлі тұстарын тауып, диаграммаға салуға болады, осылайша оқушылар кейіпкерді жан-жақты түсінеді.Алтыншыдан, QR-код технологиясы қолданылады. Мұғалім кейіпкерге қатысты қосымша материалдарды QR-код арқылы ұсынып, оқушылардың өздігінен ізденуіне жағдай жасайды. Бұл тәсіл ақпаратқа қолжетімділікті арттырып, оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Ал қазіргі таңда жаңадан енген тағы бір ерекше әдіс жасанды интеллект. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға және әдеби шығармашылыққа қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды сабақтар болып табылады. Жасанды интеллектті осы пәндерде қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға жақсы әсер етеді. Әсіресе, әдеби шығармаларды талдау немесе жазу кезінде жасанды интеллект мәтіндерді түсінуге, жазбаша жұмыстарды автоматты түрде тексеруге және талдауға көмектесіп, оқу процесін жеңілдетеді.

Нәтижесінде ,кейіпкерді талдау кезінде оқушылар адамды танып біле отырып ,сол кейіпкер бойындағы ұнамды адамдық қасиеттерді білуге ұмтылады.Әрине,шығармадағы орталық кейіпкердің барша қасиеті жеке дара ашылмайды.Себебі,автор өз кейіпкерін мәтіндегі әр алуан іс-әрекеттермен байланыстырады.Сол сәтте цифрлық құралдарды қолдана отырып кейіпкерлерді талқылауға болады.

Қазақ әдебиеті сабағында цифрлық құралдар арқылы кейіпкерді талдаудың тиімділігі

Цифрлық құралдар арқылы кейіпкерлерді талдау кезінде оқушылар:

1)мәтін мазмұнын виртуалды түрде зерттей алады (гипермәтіндер, аннотациялар,мультимедиа нұсқалары),бұл әдеби құрылымдарды тереңірек түсінуге көмектеседі;

2)мәтіннің ішінде маңызды эпизодтарды анықтап, оларды саналы түрде талдап, кейіпкерлердің қасиеттерін салыстырып көрсетуге мүмкіндік алады;

3)пікір алмасу және бір-бірінің көзқарасын талқылау үшін онлайн платформаларда жұмыс істей алады,бұл оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Қазақ әдебиеті сабақтарында цифрлық құралдарды қолдану кейіпкерлерді талдауды едәуір тиімді етеді. Цифрлық ресурстар оқушыларға шығарманың мазмұнын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен қасиеттерін салыстырып, олардың әрекеттерін талдауға жағдай жасайды, нұсқау береді. [4 Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясын оқыту барысында кейіпкерлерді цифрлық құралдар арқылы талдау тиімді жүзеге асырылады. Атап айтқанда, оқушылар Padlet немесе Jamboard платформаларында Абыз, Жапал бейнелеріне қатысты өз ойларын жазып, олардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін талқылай алады. Сонымен қатар, MindMeister немесе Coggle арқылы интеллект-карта құрып, кейіпкерлердің қасиеттерін, мақсаттарын және шығармадағы рөлін жүйелейді.Мәселен, Абыз бейнесін талдау кезінде оқушылар оның халық даналығын жеткізуші, әділдік пен адамгершіліктің жаршысы екенін анықтаса, Жапал образы арқылы қарапайым халық өкілінің рухани беріктігін сипаттайды. Ал шығарманың соңғы көрінісін бейнематериал немесе цифрлық презентация арқылы талдау оқушыларға кейіпкерлер әрекетінің астарындағы автор идеясын терең түсінуге мүмкіндік береді.Осылайша, цифрлық құралдарды қолдану кейіпкерлерді талдау үдерісін жандандырып қана қоймай, оқушылардың сыни ойлау, салыстыру және өз пікірін дәлелдеу дағдыларын дамытады. Нәтижесінде, кейіпкер бейнесі арқылы шығарманың идеялық мазмұны тереңірек ашылады. Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін, сыни талдау дағдыларын дамытып, әдеби шығарманы терең түсінуіне септігін тигізеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, интерактивті тапсырмалар, онлайн платформалар (Padlet, Jamboard), интеллект-карталар мен диаграммалар (MindMeister, Coggle), бейне және аудиоматериалдар мен түрлі жасанды интеллект көздерін қолдану сабаққа деген қызығушылықты арттырады, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін күшейтеді.[2]Сонымен қатар, мұндай құралдар мұғалімге сабақ материалын жүйелі, көрнекі және заманауи әдістер арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Мәтінді визуалды түрде көрсету, кейіпкердің мінезін талдау, пікір алмасу және топтық жұмыс жасау сияқты әдістер арқылы оқушылардың ақпаратты қабылдау сапасы жоғарылайды, пәнге деген қызығушылығы артады.Цифрлық технологияларды қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырып,олардың заманауи педагогикалық әдістерді меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл

тәсіл оқыту процесін тек қызықты қана қоймай, сонымен бірге тиімді де етеді. Сондықтан интеграциялық оқыту мен цифрлық технологияларды үйлестіре қолдану қазақ әдебиеті сабақтарында заманауи оқытудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтанасова Қ.;С.Айтуғанова ’’Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі” [22/23б.] (оқу құралы 2-басылым Астана-2011)

2. Абдраманова, Г. Б. Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялардың рөлі / Г. Б. Абдраманова, К. Б. Ажмолдаева. — [https://moluch.ru/archive/109/26691?ysclid=mn3ugyo4f773948314]

3. Bilimland.kz, EdTech.kz порталдары – QR-кодтар мен цифрлық контент арқылы әдебиет сабағын ұйымдастыру әдістемесі, 2021–2023.

4. Бітібаева, Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы (оқу құрал 1-том ,Өскемен-2015)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АУЫЛ ТАҚЫРЫБЫ

А. Сапар, Ш. Сейдасқарова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенттері
Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Б.Е. Сыздықова

Аннотация

«Қазіргі қазақ поэзиясындағы ауыл тақырыбы» атты мақаламызда қазіргі қазақ поэзиясындағы ақындардың ауыл тақырыбына байланысты өлеңдеріне талдау жасадық. Ақындардың шығармашылық әлеміне саяхат жасау арқылы олардың ауылға деген көзқарастарына тоқталдық. Қазіргі қазақ поэзиясының ақындарының ішінен Қ. Сариннің, Е. Қайболдиннің, Е. Жүністің, С. Қамшыгердің, Н. Рамазанқызының, А. Темірбайдың өлеңдеріндегі ауыл тақырыбына арналған шығармаларын алып, оларды жіктедік. Ақындардың басым бөлігі ауылға сағыныштарын білдірсе, енді бір тобы ауылдың заман талабынан артта қалып бара жатқандығын жырлайды. Ақындар өлеңдеріндегі ауыл тақырыбына қатысты өлеңдердің басым бөлігі ауылға деген сағынышты жырлайтындығына көз жеткіздік.

Кілт сөздер: *поэзия, қазіргі қазақ поэзиясы, ауыл бейнесі, Қ. Сариннің, Е. Қайболдиннің, Е. Жүністің, С. Қамшыгердің, Н. Рамазанқызының, А. Темірбай*

Ауыл – қазақ халқы үшін қасиетті де қадірлі ұғым. Себебі әр адам үшін өзінің туған, өсіп-өнген, ұрпақ жайған мекенінен артық мекен болмайды. Атақоныс ақ мекенін әрбір жан қадір тұтады. Ауыл дегенде бәріміздің көз алдымызға биік таулы мекен, жайнаған табиғат, өрістегі төрт түлік мал мен жадыраған жайсаң жандардың күлкісі елестері анық. Жай ғана сол көрініс көз алдымызға елестетіп-ақ жанымызға жылулық ұялайды. Ұшқан құс, сылдырап аққан бұлақ, ашық аспан, будақ-будақ бұлттар мен жусанның иісі адам жанын еріксіз ләззатқа бөлейді. Ауыл осындай...Таза, сұлу, жарық, жылы, махаббатқа толы...

Қазақ халқы үшін «ауыл» ұғымының қанша қадірлі, ыстық екенін поэтикалық туындылардан көруімізге болады. Ауылдың өзі ақынға шабыт сыйлайды. Ауылдың табиғаты ақынның өлең жазудағы шеберлігін демеп, нәзік жанын елітеді. Осы себепті ауыл, былайша айтқанда қазақтың кең даласы адамның ұлттық рухын байытады. Бұл туралы ғалым А.Әділова «Қазақ үшін дала халықтың бітім-болмысын, ұлттық рухты танытатындықтан, оның дүниетанымында, лексикасында даланы сипаттайтын, онымен ассоциацияланатын тілдік бірліктердің де мол болуы заңды. Ал сол даланың перзенті – ақын-жазушылардың көркем мәтіндерінде тілдік құралдар күрделі ойды ашатын тақырыпқа сай таңдалып, іріктеліп алынады. Олар негізгі ойды беретін бір немесе бірнеше сөздің лексика-семантикалық парадигматикасы, синтагматикасы арқылы мәтіндегі ойды жылжытып, оқиғаны сипаттап, дамытып отырады.

Туындының тілдік қабатын ұйымдастырушы автор мұндай сөздермен өзінің субъективті көзқарасын да білдіріп отырады» - дейді [1, 11 б.].

Ақындар әлемінде ауыл тақырыбы өте ауқымды орынды алып жатыр. Ауыл деп жырламайтын, ауылын әнге қоспайтын ақын жоқ екені анық. Осы тұрғыдан алып қарағанда ауыл – ақындар әлемінің басты тақырыптарының бірі. Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Қадыр Мырза Әлі, Төлеген Айбергенов, Тұманбай Молдағалиев, тағы да осы сынды өткен ғасырымыздың ақындарының өлеідеріндегі ауыл тақырыбы – тұлған сғыныш пен махаббат. Оқи отырып туған жеріңе, туған ауылыңа деген махаббатың артады. Ал қазіргі қазақ поэзиясындағы ауыл тақырыбы қандай? Лиризм мен сезімге толы ма? Әлде әдебиеттегі ауыл тақырыбына жаңа леп қосылды ма? Осы туралы сөз етсек...

Біздің ойымызша, өлеңді өміріне арқау еткен ақын қоғамның дертін де, артықшылығын да сөз етеді. Сол секілді ауылға деген махабат та, қазіргі ауылдың жағдайына деген күйініш те ақындардың өлеңінде кездесіп жатады. Ауыл – қазіргі қазақ поэзиясында ойсурет арқылы берілген. Яғни барлық сезімдерін сипаттап, суреттеп беру. Жақсы көру, сағыну, қызығу секілді сезімдер ойсурет негізінде ауыл-әже, жайлаудағы жусан, бұлақ, сағым, құшағын жайған ана сияқты бейнелерде суреттеледі. Досының ауылдан келуі, қыстан кейін келетін көктем шуағы, балалардың мәз болып ойнауы, қарт ата-әженің махаббаты – барлығы біріне-бірі жақын ұғымдар. Сол себепті ақындардың ауыл туралы өлеңдерінің сарыны да ұқсас, бір-біріне ұйқасы да келеді. Мәселен Саят Қамшыгердің:

«Досым келді ауылдан, бұл – жаңалық,
Менің жаным қалада жүр қамалып.
Жаймашуақ күн сынды көктем келді,
Айналасын жап-жарық нұрға малып!» [2] – деген жолдарында лирикалық кейіпкердің қала тіршілігіне көндіге алмаған кейпін байқаймыз. Лирикалық кейіпкердің шын, адал досының болғанының өзі – бақыт. Кейіпкер досы арқылы ауылының суретін көргендей, Алматыда ауылдың лебі ескендей, балалық шағымен қайта қауышқандай әсерде қалады. Ауылдағы досын суреттеу арқылы ауылдың үнемі нұрға, жылулыққа толы мекен екендігін сипаттайды. Ауыл дархандықтың, махаббатың, жанашырлықтың мекені екендігін аңғарамыз. Саят Қамшыгердің ауыл туралы өлеңдерінде сағыштың сарыны басым. Мысалы, Саят Қамшыгердің «Ауылға барам» өлеңінде көрініс табады:

Қажытты тірлік!
Қолды бір сілтеп кетсем бе екен ауылға?
Жолаушыдаймын қалған бір сұмдық дауылда.
Тек күйбең тірлік, өлеңді ойлар шама жоқ,
Бұл жақта жүріп барады өшіп дарын да... [2, 35 б.].

Саят Қамшыгердің өлеңдеріндегі ауыл тақырыбында ауылға деген махаббат көрініс тапса, Қалқаман Сариннің өлеңдері сағыныш сазын жырлайды. «Туған ауыл» атты өлеңі толықтай сағынышқа құрылған. Ауылға деген сағыныш, махаббат, өкіну деген сықылды сезімдерді ақын бір өлеңге толықтай енгізіп жіберген. Мысалы мына өлең жолдары арқылы:

«Туған ауыл, сен үшін тер төкпедім,
Кешір мені, кеш мені, сен текті елім!
Бір сағыныш мазалап ертелі-кеш,
Жүреді ылғи жанымды өртеп менің» - деп ақын ауылға деген сағыныштың жанын өртеп, әбігерге салатынын, ауылдың алдындағы борышын өтей алмауы өкінішке батыратындығы туралы туралы жеткізген. Әрбір перзент өз туған елінің, туған ауылының алдында борышын өтеуге міндетті. Ақын өз өкініші арқылы оқырманға осы ойын жеткізеді.

«Ауылым, сенен алған тұнық сезім,
Жанымды бір ән болып тербетуде» - деген өлең жолдарында ақын «тұнық сезім» деген тіркес арқылы ауылдың адам бойын сезім құндылығымен байытатынын сипатттайды.

Оразбек Сәрсенбай ауыл тақырыбы туралы былай деген екен: «Қазақ поэзиясында ауыл тақырыбын жырламаған ақын жоқтың қасы. Жоқтың қасыемес-ау, жоқ. Ол біз үшін ұлы тақырып, арналы өзек. Амал не, осындай ұлы тақырыпты көбіміз-ақ ұсақтатып барамыз. Қазір қаладан қарыс адым жерден басталатын немесе бірер сағатта-ақ салып ұрып жетіп баратын ауылды аңсап «еңірегенде етегі толатын» жылауық өлеңдердің, бара қалған жағдайда, ана төбесін бір жырлап, мына сайын бір жырлап, ақырында бар болғаны жергілікті ғана мәні бар географиялық атаулардың туристік анықтамалық кітапшасын еске түсіретін топтама жинақтардың, ел аузында айтылып жүрген асыл қазыналарымыз - аңыз-әңгімелерді ешқандай қорытусыз ұйқасқа көшіре

салатын, дайындық жауапкершіліктен жұрдай тақпақ тарихшылдықтың шамадан тыс көбейіп бара жатқанын жасыра алмаймыз» [3, 274]. О.Сәрсенбайдың пікірі, әрине, орынды. Дегенмен біз қарастырып отырған ақындар өлеңдеріндегі ауыл тақырыбы мүлде бөлек. Ауылда өскен адамның қалаға бауыр басып кете алмауы заңдылық. Қалаға сіңісіп кеткеннің өзінде іште ауылға деген үлкен махаббатың, сағыныштың жатуы тиіс. Олай болмаса адамдықтан аттағанымыз болар еді.

Ершат Қайболдин «Көктемдегі көңіл-күй» атты өлеңінде қазіргі таңда ауыл басына төнген апатты сөз етеді, өкінішін білдіреді. Ақынның бағыты басқа. Өз сезімін жасырып қойып, қазіргі таңдағы басты мәселелерді жырлайды.

«Көктем сайын ауылды су басады,

Көктем сайын ағайын шуласады» - деп ауылдағы ағайынның әр көктем сайын су апатымен күресетіндігін сипаттап тұр. Көктем келсе бұрын қуанатын халықтың қазір алдағы апаттан қалай аман шықсам екен деп уайымға салынатындығына ақын қапалы. Әрине, ақынның күйініші орынды.

Қалаға үдере көшкен жұрт кейде ауылға мән беруді ұмытып жатады. Туып өскен мекеннің қараусыз қалғаны жүректі ауыртады. Қазіргі таңда кейбір ауылдар тіптен ескерусіз қалғаны анық. Тек қарт адамдардың мекеніне айналған мекендерде аз емес. Ерлан Жүніс өз өлеңіне осы проблеманы арқау етеді. Ерлан Жүністе Ершат Қайболдиннің жолымен шындықтан жалтармайды. Өлеңдерінің басым бөлігі сынға құралған.

«Мына ауыл қай ауыл, ақырғы ауыл,

Жолбелгінің қарашы оқылмауын» - деген өлең жолдарында ауылға «ақырғы ауыл» деп атау қоюының өзі ауылдан жаңашылдықтың кеткендегін жеткізіп тұрғандай.

«Көлшігі бар аядай, бір-ақ ұрттам,

Бүк түсіпті сол тұсқа бұралып тау.

Маған қарап қария кемсеңдейді,

Қалаға кеткен ұлға шырамытты-ау» - деген жолдарында қапалы қарттың жүзі бейнеленген. Ауылдың ұмыт болып бара жатқандығы, цивилизацияның ауылға кері әсері – қазіргі таңдағы басты проблематика. Саят Қамшыгер «Ауылға барам» өлеңінде:

«Бүлінген үйлер,

Болса да ауыл «құрыған»,

Бөрі – жүрегім сол жақты аңсап ұлыған.

Қаланың шулы тірлігін тастап талақ қып,

Ауылға барам, сол жақта менің құбылам!» [2, 35 б.] – деп ауыл қанша жерден ескіліктің мекені болса да бөрі жүректі қазақ баласының одан бастартып кете алмайтындығын жеткізеді. Назерке Рамазанқызы ауылға деген махаббатын ауылдың қазіргі жағдайына арқау етеді. Назерке Рамазанқызы да осы проблеманы көтере отырып ауылдың қазіргі жай-күйін «Ел көшті» өлеңінде былай жеткізген:

«Ел көшті бауырынан боз даланың,

Жабырқаған жүректің қозғап әнін.

Қызығы қызды ауылдың естілмейді,

Қайнаған қайда кеткен қан базары?

Ауылдан аударыла көшіпті елім,

Қараша үйдің қаңырап есік - төрі.

Қонғаны көшкен елдің қала болды,

Қала көрген көңілім ала болды» [4, 12 б.].

«Көңілім ала болды» деген тіркес арқылы ақын ауылдан еріксіз көшкен жанның шарасыздығын көрсетеді. Ауылдан көшу, қара шаңырақты қиып кету бұрын адамдар үшін қылмыспен тең еді. Ауылда, қара шаңырақтың иесі болып бір отбасыдан бір адам қалатын. Қазір ол өз мәнін жоғалтқан. Десекте, бұл нәрсенің сынай алмайсыз. Барлығы күнкөрістің қамы...

Алмас Темірбайдың «Тәуелсіздік туралы мас ақынның монологы» өлеңінде :

«Сол қалпында біздің елдің шалдары,

Сол қалпында шоқпыт-шоқпыт шалбары.

Адам болса, болды, әйтеуір, баласы,

Аман болса, болды, әйтеуір, малдары.

Ауыл, ауыл...

Айдалаға тасталған,

Жетім ұлдай әкесінен жас қалған.

Жарты әлемнің жинап алған жарығын,

Астанамыз көрініп тұр аспаннан...» [5, 36 б.] – дей отырып ақын ауылды «жетім ұлға» теңейді. Иә, ауылда шешілмей жатқан мәселелер аз емес. Дегенмен ауылда қалған ата-ана, ата-әже үші ол маңызды емес. Маңыздысы баласының қайда жүрсе де адам болып қалыптасуы.

Енді бір ақындар тобының өлеңінде қала беймаза өмірдің, ауыл жан тыныштығының бейнесі ретінде көрінс табады. Қаланың күйбең тіршілігінен шаршаған ақындар ауылға барып демалғысы келеді. Ауылға барса бар қайғысы ұмыт болып, жаны жадырайтындай елестетеді. Сондай ақындардың бірі Дәурен Берікқажұлы мына өлең жолдары арқылы ауылға деген ынтықтығын көрсетеді:

«Құн тілеп тұратын әр адым – Шаршатты тұрмысы қаланың.

Құшағың мауқымды бассыншы Жусанды иісі бар даланың

Дәурен де жусан иісі бар даланы сағынады» [6, 15]. Ақын Рахат Әбдірахманов «Ауылға барып қайталық» өлеңінде күйбең өмірден баз кешіп, бір сәтке ауылға кетуді аңсайды:

«Күйбеңді біраз көшіре тұрып санадан,

Салтанат, жүрші...

Кетейік мына қаладан.

Даланың дархан төрінен келген бізге бұл (түсінесің ғой) тас көше сондай тар алаң.

Кетсе де мына дүние-жаһан шайқалып,

Салтанат, жүрші...

Ауылға барып қайталық.

Қарағайларым қара өлеңіне қарық қып,

Тал-қайыңдарым би билеп берсін жайқалып» [7, 22]. Мұнда да ақын өзі үшін қаланың көшесі тар екендігін жеткізеді. Себебі, ақын дархан даланың төрінен, кең жазиралы мекеннен келген. Ақын үшін ауылдың қарағайларына дейін ән салып, қайыңдары билеп тұрғандай сезіледі. Ақын осы үшін ауылды сағынады. Ауылды тірі кейіпке келтіріп, оны өзінің сырлас жақын досындай көреді. Лирикалық кейіпкер туған ауылдың табиғатына ақын көзімен қарайды. Рахат Әбдірахманов тағы бір «Ауылды аңсау» атты өлеңінде ауылды өзінің балалық шағына теңейді. Ауыл дегенде бірден балалық шақ ойға оралатындығын тілге тиек етеді.

«Қамсыз күн, балаң менің бал шақтарым,

Қалайша жылдам ғана алшақтадың?!

Отырғаны-ай сағынтып ауылымның,

Тау үнінің сыбыры аңсатқаны...

Жиі түсіп тағдырдың көзге кемі,

Қадіріңді енді ұқтым өзгере күн...

Бал шағым-ай, болмапты-ау қарсыласым,

Бір арудың итінен өзге менің...

Қамсыз күн, балаң менің бал шақтарым,

Аңсатты әнің...Қалайша алшақтадың...

Қамшысын көрші атаның сағындым мен,

Жүректің жанарынан тамшы аққалы...

... Көз құп-құрғақ...». [7, 62].

Ауыл, ауыл, ауыл. Ауыл – сағыныш, ауыл – махаббат, ауыл – балалық шақ, ауыл – туған жер, ауыл – жан тыныштығы. Біз талдаған ақындар өлеңінде ауыл осылай көрініс берді. Ақындармен бірге ауылға саяхаттап қайттық, ауылды сағындық, балалық шаққа оралдық. Ақындармен бірге ауылдың қазіргі ахуалына қапаландық, күйбең тіршілікке байлаулы екендігімізді ойлап қапаландық. Ауылдың жай-күйін жан-жағынан суреттедік, сипаттадық, талдадық.

Қорыта келе, қазіргі қазақ поэзиясындағы ауыл тақырыбы жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Ақындар сағынышында, күйінішінде іште сақтамай, ашық айтады. Сол арқылы өз өлеңдерін басқа ақындардың өлеңдерінен даралап алады. Бұл тақырып аға толқын ақындардың қаламынан бастау алып, қазіргі жастар поэзиясынан жалғасын тапқанына көзіміз жетті. Ауыл тақырыбы алдағы уақытта да қазақ әдебиетінен көрініс табатындығын дәлелдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әділова А. Көркем мәтіндердегі «дала», «қала» бейнесі // Көкшетау университетінің хабаршысы, -2016. -№2. 11-18 б.

2. Қамшыгер С. Жүректегі ағыстар: оқу құралы / С. Қамшыгер – Алматы: «Жалын», – 2008. – 80 б.
3. Сәрсенбай О. Менің мекенім. –Алматы: Қайнар. – 2002. – 544 б.
4. Рамазанқызы Н. Ауылым – алтын тұғырым [Электрон. ресурс] – URL: https://adebiportal.kz/kz/auylym/view/241
5. Темірбай А. Мың бір мұң . – Алматы: Жалын, – 2008. – 64 б
6. Берікқажыұлы, Д. Гүл мен қылыш жырлары / Д. Берікқажыұлы. – Алматы : Жалын, 2008. – 80 б.
7. Әбдірахманов, Р. Жанымның жазба нұсқасы / Р. Әбдірахманов. – Алматы : Жалын, 2009. – 80 б.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТЕГІ ГУМАНИЗМ

Е.Д. Махаметчин
Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесі дамудың жаңа бағыттарын қарастырып, заманға сай өскелең ұрпаққа қажетті құндылықтарды қалыптастыру үстінде десек, қателеспейміз. Себебі ақпараттық легі тасыған заман бүгін адам баласынан жиі өзгерістерді жасап отыруды талап етеді. Біз өмір сүріп жатқан XXI ғасыр – бәсекелестік пен технологияның, жаһандану мен мәдени трансформацияның дәуірі. Мұндай алмағайып кезеңде ұлттық бірегейлікті сақтап қалу және әлемдік деңгейдегі сапалы адами капиталды қалыптастыру – мемлекет алдындағы басты міндет. Заманның талаптарына сай келу үшін баршамыз тынбай ізденіс үстінде болғанымыз жөн. Десек те, ұлт тарихында қай заманда болмасын көркемдік ойлары маңыздылығын жоғалтпайтын классикалық мұра бар. Немесе, өз заманынан әлдеқайда озық ойлап, келешекте қазаққа қажет болатын тәлімді берген ұлт зиялылары аз емес. Солардың бірі, бірегейі — Абай Құнанбаев болмақ. Абай – жай ғана ақын емес, ол – ұлттың ар-ожданы, философиялық ой-түйіні және болашақтың бағдаршамы. Тек сол мұраларды заманға лайықтап дұрыс қолдана алсақ, қазіргі білім берудегі қажетті құндылықтарды ақын шығармашылығынан толықтай табуға болады. Мұндағы басты мәселе – дұрыс интерпретация жасау қабілеті. «Ақын – Заман, бір күндік те емес, бүгіндік те емес. Оның кешегісі – бүгіндік, бүгінгісі – ертеңдік» - деді Ғ. Мүсірепов. [1, 56-б.] Ақынға берілген мұндай сипатты Абайдың тұлғасынан айқын көре аламыз. Абайдың мұрасы, жүріп өткен даңғыл жолы бүгінгі күнге дейін кейінгілерге рухани азық болып келеді. Ақынның шығармашылығын сараптау — бүгінгі және кейінгі ұрпақ үшін маңызы зор.

Абайдың шығармашылығының тақырыптары сан қырлы. Соның ішінде бүгінгі күні әлі де жаңа көзқараспен топшылауды талап ететін мәселелердің бірі — оның шығармаларындағы тарихи-әлеуметтік мәселелер мен гуманистік бағыт. Әдебиет тарихпен егіз жүретіні белгілі. Әрбір заманның тарихи-әлеуметтік, саяси оқиғалары сол заманда өмір сүрген ақын-жазушылардың шығармашылығына арқау болатыны анық. Абай Құнанбаевтың де өмір сүрген жылдары қазақ елі үшін ауқымды тарихи-әлеуметтік оқиғаларға толы болды. XIX ғасырдың екінші жартысы патшалық Ресейдің отарлау саясатының үдеген кезеңі еді. Отарлау саясатының салдарынан бай кедей болып, таптық күрестің өршіген тұсы да осы кезең болмақ. Бір кездері ру, ел болып отырған қазақ ауылдарының бірлігі ажырап, ру мен ру түгіл, бір рудың ағайындары арасында жікшілдік пайда болып, елдің берекесі қаша бастады. [2, 112-б.] Әйел теңсіздігі қоғамдық мәселеге айналды. Осындай тұтас қоғамның адамгершілік қағидаларына жат әрекеттерге әкелген алапат жол – отарлау саясатының түп тамырында жатты. Оның үстіне осы тұста Қазақстанға капиталистік қатынастар енеді. Абай осы қоғамдық дерттің бәрін көзімен көріп, жүрегімен сезінді. Ол тек сыртқы бақылаушы емес, сол қоғамды емдеуге тырысқан рухани шипагер болды. Осы тұста Абай интеллектуалдық капитал жиюдың маңыздылығын алға тартты. Ол байлықтың тек материалдық емес, рухани және ғылыми тұрғыда болуын көкседі. «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба» дейді. Осы тіркестің терең мағынасына әлі тек контекстік тұрғыда барып жүрміз. «Әсемпаз болма әр неге» дегенде ғылым-өнердің тереңдігін мақсат етуге, сол арқылы өзіңді өрге жетелейтін жетістіктерге жететінін меңзейді.

Ұлттық әдебиеттегі гуманизм мәселесі Абай шығармашылығында «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген қағидамен айқындалады. Ішкі қайшылықтары асқына революцияға ұласқан орасан үлкен тарихи кезеңді алып жатқан қоғамның өмірі мен ақын шығармашылығы берік байланыста болды. Абай шығармашылығында бұл – адамның ары мен намысы тапталған, зорлық пен зомбылықтың, әділетсіздік пен теңсіздіктің дәуірі. Ақын солардың бәрімен күресе-күресе шаршаған шақтарда – тірек тұтар демеуді өзінің рухани жан дүниесінен, ар-ожданынан табады. Ақын қоғам ішіндегі, оның дамуына кедергі болып жатқан кемшіліктерді сынап, қазақтың бетіне басады, содан арылудың жолын іздейді. Абай Құнанбаевтың шығармашылығына үңілсек, бірқатар қазақ баласына қазір жетіспейтін құндылықтарды байқауға болады, соның ішінде: тез

трансформациялану (ой жүзінде), әлеуметтену, ұйымдастырушылық, тез шешім қабылдау, стереотипті ойлаудан арылу. Бүгінгі таңда білім беру саласында «функционалдық сауаттылық», «сын тұрғысынан ойлау», «коллаборация» сияқты терминдер жиі айтылады. Бір қызығы, бұл дағдылардың негізі Абай туындыларында сонау XIX ғасырда-ақ қаланған. Абай өз халқының мінезіндегі кемшіліктерді аяусыз сынады. Бұл — ұлтқа деген өшпенділік емес, керісінше, оны өсіруге деген махаббат. Ол кез келген ақпаратты, әдет-ғұрыпты немесе іс-әрекетті ақылға салып талдауға шақырды. «Ақыл сенбей сенбеңіз» деген қағидасы бүгінгі сын тұрғысынан ойлау дағдысының нағыз өзі.

Абай қазақ ауылындағы тірлікті шын көрсете білген. Оны суреттеу арқылы халық тірлігін баяндайды. Мұны тіпті бізге үйреншікті табиғат лирикасынан көреміз. «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» деген өлеңі осының дәлелі. Абай бұл өлеңінде тек барды айтқан ұлы суретші ғана болып қоймай, сол Абай шығармаларындағы шындық халық тірлігін, экономикалық қалпындағы мәселелері болды[3, 45-б.]. Міне, бұл мәселелер жөнінде Абай да қазақ даласынан шығып, осыларға үн қосып, ұран тастады. Бұл екі өлеңінде екі тұрмысты - байдың тұрмысы мен кедейдің тұрмысын бір-біріне қарама-қарсы қойды. Октябрь, ноябрь айларының қара суығындағы кедейлердің ауыр тұрмысын суреттей отырып, әлеуметтік теңсіздіктің бала тағдырына қалай әсер ететінін дөп басып айтады: «Қар жауса да тоңбайды бай баласы, Үй жылы, киіз тұтқан айналасы. Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты, Ағып жүріп ойнатар көздің жасы...» дейді [3, 47-б.]. Абайдың шын мәнінде реалистігі, өзі сол үстемдік етуші таптың жуан ортасынан шыға тұрса да, олардың жалпы қара халыққа жасап отырған зорлық-зомбылығын, аяусыз қанауын көре біліп және оны тайынбай әшкерелеуінен көрінеді. Ол «типтік жағдайға тән типтік образдар» жасауымен қатар, жай суретшілер аңғара бермейтін, әлеумет өмірінің көлеңке жақтарындағы кейбір құбылысты да көре біліп, олардан әлеуметтік мәні бар үлкен қорытынды шығарды.

Абай өзі өмір сүрген дәуіріндегі тағы да бір келелі маңызы бар мәселелердің бірі – ағартушылық тақырыбын да өз шығармаларында бөлек бір арнаға қойды. Бұл арқылы адам баласы жететін дағдыларды айтады. Өнер-білім алуға шақырып қана қоймай, оған келудің жолдарын да сілтей білді. Соның нәтижесінде өнер-білімді еңбекпен ұштастырды. Еңбек ресурстары туралы Абай көп жазды. Жастардың адам болуы үшін ең алдымен еңбек етуі керек. Ғылымға қолы жету де, әлеумет өміріне пайдалы жұмыс істеу де - бәрі де еңбекпен байланысты деген қорытынды шығарды. «Сегіз аяқ» өлеңінде: «Болмашы кекшіл, Болсайшы көпшіл, Жан аямай кәсіп қыл! Орынсыз ыржың, Болымсыз қылжың, Бола ма дәулет, нәсіп бұл? Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» деп, адамның адамшылығы өз басын емес, көпті сүйген адал жүрегінде, еңбек етуде десе, екінші бір жерінде: «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім...» деп жұртты өнер, ғылымға шақырады [3, 82-б.]. Сөйтіп, қазіргі білім берудегі қажетті құндылықтардың көрінісін көреміз. Надандыққа қарсы - ғылымды, алауыздыққа қарсы - бірлікті, жалқаулыққа қарсы - еңбекті, пәлекорлыққа, жауыздыққа қарсы - адамгершілікті қояды да, алдыңғылары - елді аздыратын қылық, соңғылары халықтың көсегесін көгертетін игілікті іс деген қорытынды шығарды.

Абайдың «Толық адам» концепциясы — бұл бүгінгі білім берудің түпкілікті нәтижесі болуы тиіс [4, 94-б.]. Ақын адам бойында үш қасиеттің үйлесім табуын талап етті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек. Ақыл – бұл сапалы білім, сын тұрғысынан ойлау және шешім қабылдау қабілеті. Қайрат – бұл алға қойған мақсатқа жетудегі табандылық, еңбекқорлық, ерік-жігер. Жүрек – бұл эмпатия, адамгершілік, этика және рухани құндылықтар. Егер қазіргі білім беру жүйесі осы үш тағанды тең ұстаса, біз тек маман ғана емес, нағыз азамат тәрбиелей аламыз [4, 34-б.]. Абайдың айтуынша, ақыл мен қайратты жүрек билеуі тиіс. Өйткені жүрексіз ақыл мен қайрат қатыгездікке немесе қоғамға зиян келтіретін әрекеттерге әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, Абай шығармашылығындағы «жұмсақ дағдылар» (soft skills) мәселесі де өте өзекті. Көшбасшылық, жауапкершілік, бірлескен жұмыс (коллаборация) Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінің өн бойында өріліп отырады. Ол өзгенің жетістігіне қызғанбай, одан үйренуді, «бас-басына би болуды» емес, ел мүддесі үшін бірігуді насихаттады [5, 210-б.]. Бұл — бүгінгі жаһандық әлемдегі командалық жұмыс пен коммуникация дағдыларының классикалық үлгісі. Гуманизм — тек адамды сүю ғана емес, адамның бостандығы мен құқығын, оның жеке тұлғалық қасиетін құрметтеу. Абай гуманизмі қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерді.

Абай мұрасы – бұл тек өткен күннің тарихы емес, бұл — болашақтың бағдарламасы[6]. Ақынның әрбір сөзінен қазіргі заманғы білім беру парадигмаларының: өмір бойы оқу (lifelong learning), сыни талдау, эмоционалдық интеллект және әлеуметтік жауапкершілік элементтерін көреміз. Оның шығармалары жас ұрпақтың адамгершілік қасиеттерінің, адами тұлғаларының

қалыптасуына бағытталған таптырмас тәрбие құралы. Көбіне бүгінгі жастарға қажетті сын тұрғысынан ойлау, жобалау, әзірлеу, бірлескен жұмыс, тәжірибелік дағдылар, өз бетімен сауаттану дағдылары Абай шығармашылығында жиі кездеседі. Біз Абайды оқу арқылы тек әдеби білімімізді арттырмаймыз, біз өзімізді, қоғамымызды және заманымызды танимыз. Ақынның мұрасы бүгінгі таңда рухани жаңғырудың негізгі өзегіне айналуы тиіс. Заманауи білім беру құндылықтары ұлттық әдебиеттегі гуманистік идеялармен сусындағанда ғана баянды болмақ.

Білім берудегі гуманистік бағыт — бұл білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру, оның шығармашылық әлеуетін ашу. Абайдың «Адам бол!» қағидасы — бүгінгі педагогиканың алтын діңгегі. Ұлттық әдебиетіміздегі гуманизмнің жарқын үлгілері тек Абайда ғана емес, одан кейінгі Шәкәрім, Мағжан, Мұхтар Әуезов шығармаларында жалғасын тапты. Алайда Абай — сол ұлы көштің бастауында тұрған тұлға[7]. Оның әрбір сөзі — заманауи мектеп пен колледж қабырғасында оқытылатын құндылықтардың қайнар көзі. Біз жастарға тек формулалар мен ережелерді ғана емес, сонымен бірге өмір сүрудің этикалық нормаларын, қоғамдағы өз орнын табудың жолдарын үйретуіміз керек. Бұл тұрғыда Абайдың қара сөздері мен өлеңдері ең үздік хрестоматия болып табылады. Ол адамның бойындағы жаман қасиеттерді — мақтаншақтық, еріншектік, өтірік айтуды аяусыз әшкерелей отырып, ізгілікке жол сілтеді.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбаевтың шығармашылығы — таусылмайтын қазына. Ол — қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани игілігі. Абайдың жүріп өткен даңғыл жолы бүгінгі күнге дейін кейінгілерге рухани азық болып келеді. Ақын шығармашылығын сараптау — бүгінгі және кейінгі ұрпақ үшін өмірлік маңызы бар іс. Кейінгі буынның адамгершілік қасиеттерінің, адами тұлғаларының қалыптасуына бағытталған тәрбие құралы ретінде Абай шығармаларының құны бөлек. Егер біз Абай айтқандай «пайда ойламай, ар ойлайтын» ұрпақ тәрбиелей алсақ, білім беру жүйесінің ең биік мақсатына жеткеніміз. Абайдың «бүгінгісі – ертеңдік». Біздің міндетіміз – сол ертеңге Абай салған сара жолмен, білім мен еңбекті ту етіп нық қадам басу. Абай мұрасын дұрыс интерпретациялай отырып, біз заманауи, бәсекеге қабілетті және ең бастысы — «Толық адамдар» қоғамын құра аламыз. Ақынның мұрасы бізге өткенді ғана емес, болашақты да дұрыс бағдарлауға көмектесетін темірқазық болып қала бермек. Гуманизм мен заманауи білімнің тоғысқан жерінде ғана ұлы ұлттың жарқын болашағы жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мүсірепов Ғ. Суреткер назары. – Алматы: Жазушы, 1970.
2. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. Алматы: Рауан, 1997.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. Алматы: Жазушы, 2005.
4. Қожахметова К. Ұлттық тәрбие негіздері. Алматы: Әлем, 2010.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2: Аудармалар мен қара сөздер. Алматы: Жазушы, 2005.
6. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017. сәуір.
7. Тәжібаева С. Педагогикалық шеберлік: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарУ баспасы, 2018.

ГУМАНИСТІК ТАЛДАУ – ӘДЕБИ ШЫҒАРМАНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТҮСІНУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

А.С. Баймолдина, А.Р. Денеева
Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушылары

Әдебиет – адамзат руханиятының маңызды салаларының бірі. Ол тек көркем бейнелер мен сюжеттік құрылымдар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар адам болмысының терең қабаттарын ашатын, тұлғаның ішкі дүниесін зерттейтін күрделі құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда, шығарманы гуманистік талдау әдебиеттануда ерекше маңызға ие. Гуманистік талдау – көркем туындыны адам құндылықтары, моральдық қағидалар, тұлғалық еркіндік және адамгершілік тұрғысынан қарастыратын әдіс.

Гуманизм ұғымы тарихи тұрғыдан Қайта өрлеу дәуірінен бастау алады. Бұл кезеңде адам тұлғасы, оның ақыл-ойы мен еркіндігі басты назарға алынды. Кейіннен гуманизм философияда, психологияда және әдебиетте кеңінен дамыды. Әдебиеттегі гуманизм – адамның қадір-қасиетін, оның ішкі әлемін, сезімі мен арманын басты құндылық ретінде қарастыру. Сондықтан кез келген көркем шығарманы гуманистік тұрғыдан талдау – оның мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде әр түрлі мамандыққа кәсіби бейімдеу мәселесі басты назарда болады. Бірінші курста 10-11-сыныптардың бағдарламасы бойынша білім беріледі. Сол бағдарламаларда берілген кейбір тақырыптарды нысанаға ала отырып, гуманистік талдаудың үлгілерін көрсеттік.

Гуманистік талдаудың негізгі нысаны – кейіпкер тұлғасы. Әдеби кейіпкер тек сюжеттің қозғаушы күші емес, ол – белгілі бір әлеуметтік, моральдық және психологиялық құндылықтардың тасымалдаушысы. Гуманистік талдау барысында кейіпкердің әрекеттері, ішкі қайшылықтары, таңдаулары мен өмірлік ұстанымдары зерттеледі. Мысалы, кейіпкердің қиын жағдайларда қандай шешім қабылдайтыны оның адамгершілік деңгейін көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, әдеби шығарма адам табиғатын зерттеудің ерекше бір лабораториясы іспеттес.

Мысалы, бірінші курс бағдарламасында Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесіндегі басты кейіпкер Түркімендерге тұтқынға түскен Тасқұл мен Кенжебектің тағдыры. А. Кемелбаева «Шашты» әңгімесіндегі кейіпкерлерді гуманистік тұрғыдан талдау – олардың тек іс-әрекетін емес, ішкі жан дүниесін, адамдық болмысын, тағдыр алдындағы таңдауын ашуды талап етеді. 1. Кенжебек – адам еркіндігі мен рухтың символы.

Кенжебек – шығарманың басты кейіпкері. Гуманистік тұрғыдан ол: еркіндікке ұмтылған тұлға, тағдыр тәлкегіне түскен бала, бірақ рухани сынбайтын жан. Ол тұтқынға түсіп, жат ортаға бейімделсе де, өзінің тегін, елін, рухани болмысын ұмытпайды. Оның ең басты гуманистік қыры – азаттықты таңдай білуі.

Кенжебек бейнесі арқылы шығармада адамның ішкі психологиялық өсуі терең ашылады. Тасқұл шал алғаш қашуға шақырғанда, Кенжебек қорқынышқа бой алдырады. Бұл – табиғи құбылыс, себебі кез келген адам белгісіздік пен қауіп алдында үрейленеді. Алайда уақыт өте келе ол қорқынышын жеңіп, тәуекелге барады. Осы сәт кейіпкердің тұлғалық қалыптасуын, рухани тұрғыдан өсуін көрсетеді. Мұнда гуманистік идея анық көрінеді: адам қорқуы мүмкін, бірақ соған қарамастан таңдау жасап, еркін әрекет ете алатын тұлға.

Тасқұл бейнесі – шығармадағы ең терең әрі трагедиялық образдардың бірі. Оның өмір жолы ауыр: тұтқындықта болып, зорлық-зомбылық көріп, адамдық болмысынан айырылуға шақ қалған. Ол өзін «тірі өлік» ретінде сезінеді, өткенін ұмыта алмайды. Соған қарамастан, адамгершілік қасиетін жоғалтпайды. Оның ең үлкен гуманистік қыры – өзі азат болмаса да, өзгенің бостандығын қалауы. Кенжебекке жол көрсетіп, оны қашуға жігерлендіреді. Бұл – шынайы гуманизмнің көрінісі, яғни өз бақыты үшін емес, өзгенің бақыты үшін өмір сүру. Тасқұлдың трагедиясы – тәнінің құл, ал рухының еркін болуында. Ал оның адамдық жеңісі – Кенжебекті құтқару арқылы өмірінің мәнін табуында.

Атажан бай бейнесі де қарама-қайшылыққа толы. Алғашында ол қатал, құл ұстайтын билік иесі ретінде көрінеді. Бірақ уақыт өте келе оның бойынан адамгершілік нышандары байқалады: Тасқұлды жазаламай, оған еркіндік береді. Бұл оның тек қатыгез ғана емес, жүрегінде мейірім ұшқыны бар адам екенін дәлелдейді. Осы арқылы шығармада «адам толықтай жаман немесе толықтай жақсы болмайды» деген гуманистік ой айқындалады. Атажан – өз дәуірінің, қоғамдық жүйенің өнімі, бірақ соған қарамастан оның ішінде адамдық сезім сақталған.

Шығармадағы түрікпен қоғамы да ерекше сипатталады. Олар батыр, жылқыны қадірлейтін халық ретінде көрінеді, бірақ сонымен бірге қатал, тұтқындарға мейірімсіз. Олар соғыс заңымен өмір сүреді. Гуманистік тұрғыдан қарағанда, бұл қатыгездік – тарихи жағдайлардың жемісі. Автор оларды толық айыптамайды, тек сол заманның шындығын, қоғамның қаталдығын бейнелейді.

Ал Кенжебек оралған қазақ қоғамы – шығармадағы гуманистік идеал ретінде көрінеді. Бұл орта мейірімділігімен, бауырмалдығымен, рухани жылулығымен ерекшеленеді. Кенжебекті қуанышпен қарсы алып, оған бата беріп, қайтадан өз ортасына қабылдайды. Осы арқылы шығармада адамгершілік, кешірім және рухани бірлік құндылықтары жоғары қойылады.

Бұл – гуманизмнің айқын көрінісі: адамды қандай жағдайда болса да қабылдау, кешіру және қолдау. Шығармадағы кейіпкерлер жүйесі арқылы автор терең гуманистік идеяларды жеткізеді. Біріншіден, адам еркіндікке лайық. Кенжебек бейнесі – еркіндікке ұмтылудың символы. Ол қорқынышты жеңіп, тәуекелге барып, бостандыққа ұмтылады. Бұл оның адам ретінде қалыптасуын, өз тағдырын өзі таңдауға деген құқығын көрсетеді. Екіншіден, рухани еркіндік

физикалық еркіндіктен биік. Тасқұл бейнесі осы ойды дәлелдейді. Оның тәні құлдықта болғанымен, рухы азат. Ол өз еркіндігін жоғалтқанымен, адамгершілігін сақтап қалады және өзгеге бостандық тілейді. Бұл – рухтың күшін, адамның ішкі еркіндігін көрсететін маңызды тұжырым. Үшіншіден, қоғам адамды өзгерте алады, бірақ оны толық жоя алмайды. Атажан бейнесі осының дәлелі. Ол қатал жүйенің өкілі бола тұра, адамдық қасиетін жоғалтпаған. Оның бойындағы мейірім ұшқыны кез келген адамның ішінде жақсылық бар екенін аңғартады. Төртіншіден, мейірім – адамзаттың негізі. Қазақ қоғамы бұл идеяны айқын көрсетеді. Кенжебекті қабылдап, оған жанашырлық танытып, қайта бауырына басуы – адамгершілік пен кешірімнің биік үлгісі.

Айгүл Кемелбаева бұл шығармада кейіпкерлерді тек оқиға желісі үшін емес, адам табиғатын терең ашу үшін қолданады. Гуманистік тұрғыдан қарасақ, Кенжебек – үміттің, Тасқұл – қасірет пен рухтың, Атажан – қайшылықтың, ал қоғам – өмір сынағының бейнесі. Шығарманың негізгі ойы: адамды қандай қиын жағдайға салса да, оның рухын, адамгершілігін толық жою мүмкін емес. [1, 256 -б.]

Сонымен қатар, гуманистік талдау автордың дүниетанымын ашуға да бағытталады. Әрбір жазушы өз шығармасында белгілі бір идеяны, көзқарасты жеткізеді. Бұл идеялар көбінесе адам өмірінің мәні, жақсылық пен жамандықтың күресі, әділеттілік, махаббат, еркіндік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысты. Гуманистік тұрғыдан талдау осы идеялардың шығармада қалай көрініс тапқанын анықтайды. Автор кейіпкерлер арқылы қандай моральдық ұстанымды насихаттайды?

Қандай құндылықтарды жоғары қояды?

Осы сұрақтарға жауап беру – гуманистік талдаудың негізгі міндеттерінің бірі. Автор дүниетанымы және гуманистік ұстаным.

Оралхан Бөкей «Атау кере» шығармасы арқылы адам өмірінің мәнін, оның рухани жалғыздығын және қоғаммен байланысын терең философиялық деңгейде ашады[2]. Жазушының дүниетанымы – адамды тек әлеуметтік тұлға емес, рухани ізденістегі күрделі жан ретінде қарастыру.

Шығармада Оралхан Бөкей адам болмысының терең философиялық қырларын аша отырып, негізгі гуманистік мәселелерді көтереді. Біріншіден, адам өмірінің мәні туралы көзқарас ерекше айқын көрінеді. Автор өмірдің мәнін байлықтан да, даңқтан да емес, адамның ішкі үйлесімі мен рухани тепе-теңдігінен іздейді. Басты кейіпкердің күйзелісі арқылы мәнсіз өмірдің – рухани бос өмір екені көрсетіледі. Яғни адам өзін, ішкі жан дүниесін түсінбейінше, шынайы бақытқа жете алмайды. Екіншіден, жақсылық пен жамандық мәселесі сыртқы әрекеттерден емес, адамның ішкі әлемінен туындайтыны дәлелденеді. Шығармада немқұрайдылық, рухани суықтық, өзімшілдік сынға алынады. Ал керісінше, түсіну, жанашырлық, адамға деген құрмет – нағыз жақсылықтың белгісі ретінде бейнеленеді. Бұл жерде автор адамгершіліктің бастауы адамның жүрегінде екенін меңзейді. Үшіншіден, еркіндік мәселесі кеңінен қозғалады. Еркіндік тек физикалық ұғым емес, ол – рухани еркіндік. Кейіпкер қоғамнан алшақтап, жалғыз қалса да, толық еркіндікке жете алмайды. Себебі шынайы еркіндік – адамның өз ішкі үйлесімін табуында. Бұл автордың терең философиялық тұжырымы. Төртіншіден, жалғыздық пен адам болмысы мәселесі де маңызды орын алады. Автор жалғыздықты тек трагедия ретінде емес, адамды ойлануға, өзін тануға жетелейтін күй ретінде көрсетеді. Алайда шектен тыс жалғыздық адамды күйретіп, рухани дағдарысқа әкелуі мүмкін екенін де ескертеді. Бесіншіден, автор насихаттайтын моральдық ұстанымдар кейіпкерлер арқылы айқындалады. Адам өз болмысынан қашпауы керек, рухани құндылықтарды сақтау қажет, табиғатпен үйлесімде өмір сүру маңызды және адамға немқұрайлы қарауға болмайды деген ойлар алға тартылады. Алтыншыдан, шығармада жоғары қойылатын құндылықтар ретінде адамгершілік, мейірім, жанашырлық, ішкі еркіндік, рухани тазалық және табиғатпен үйлесім ерекше бағаланады.

Автор адам өмірінің шынайы мәні – ішкі рухани байлықта, адамдық қасиеттерде және өз-өзіңмен үйлесімде өмір сүруде екенін терең философиялық деңгейде жеткізеді.

Шығармада ең жоғары құндылықтар:адам жаны, рухани тазалық, ішкі еркіндік, адамгершілік, табиғатпен үйлесім. Материалдық дүниеден гөрі, рухани әлем басым. Оралхан Бөкей «Атау кере» шығармасында автор: адам өмірінің мәнін, оның рухани дағдарысын, моральдық таңдауларын терең көрсетеді. [2, 384 -б.]

Гуманистік тұрғыдан: автордың негізгі идеясы – адам өзін жоғалтпай, рухани құндылықтарға сүйеніп өмір сүруі керек.

Гуманистік талдаудың тағы бір маңызды аспектісі – шығарманың әлеуметтік контексті. Әдеби туынды белгілі бір тарихи кезеңде, нақты әлеуметтік жағдайда дүниеге келеді. Сондықтан шығармадағы кейіпкерлердің әрекеттері мен көзқарастары сол кезеңнің ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Гуманистік талдау осы контексті ескере отырып, адамның қоғамдағы орнын, оның әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресін немесе оған бейімделуін зерттейді. Бұл әсіресе әлеуметтік теңсіздік, соғыс, кедейлік сияқты мәселелерді көтеретін шығармаларда айқын көрінеді.

Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы – қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік теңсіздік, тарихи өзгеріс және адам тағдырын терең бейнелейтін ірі гуманистік туынды[3]. Берілген теорияға сүйене отырып, шығарманы әлеуметтік контекст тұрғысынан гуманистік талдау төмендегідей:

«Ақбілек» романына әлеуметтік контекст негізіндегі гуманистік талдау жасау арқылы автордың адам тағдырына деген терең көзқарасын байқауға болады.

Біріншіден, шығармадағы тарихи-әлеуметтік жағдай өте күрделі кезеңді қамтиды. XX ғасырдың басындағы төңкеріс пен азамат соғысы қоғамда тұрақсыздықты күшейтіп, әлеуметтік теңсіздікті тереңдетті. Осындай аласапыран уақытта адам өмірінің құны төмендеп, әсіресе әйелдер мен әлсіз топтар зорлық-зомбылықтың құрбанына айналды. Бұл – шығарманың негізгі әлеуметтік фоны.

Екіншіден, Ақбілектің тағдыры – әлеуметтік әділетсіздіктің нақты көрінісі. Ол ақ гвардияшылардың қолына түсіп, ауыр қорлық көреді, ал елге оралғанда қоғам тарапынан түсінбеушілік пен шеттетуге ұшырайды. Бұл тек жеке адамның трагедиясы емес, бүкіл қоғамның адамгершілік дағдарысын көрсетеді. Гуманистік тұрғыдан алғанда, Ақбілек – құрбан ғана емес, рухы мықты тұлға. Ол сынбай, өмір үшін күресе біледі.

Үшіншіден, шығармада қоғам мен адам арасындағы қайшылық айқын бейнеленеді. Қоғам қатал, әділетсіз, әсіресе әйел тағдырына немқұрайлы қарайды. Ақбілек кінәсіз болса да айыпталып, қысым көреді. Осы арқылы автор қоғамның адамға деген қатыгездігін әшкерелейді.

Төртіншіден, әлеуметтік теңсіздік мәселесі маңызды орын алады. Романда бай мен кедейдің, ер мен әйелдің, күшті мен әлсіздің арасындағы айырмашылықтар анық көрінеді. Соның ішінде әйел теңсіздігі – ең өткір мәселе. Ақбілек ер адамдардың зорлығы мен қоғамның түсінбеушілігінің құрбанына айналады. Бұл – гуманистік тұрғыдан адам құқығының тапталуын көрсетеді.

Бесіншіден, кейіпкердің ішкі күресі ерекше мәнге ие. Ақбілек тек жәбір көріп қоймай, білім алып, өзін табуға ұмтылады, жаңа өмір бастайды. Бұл оның әлеуметтік әділетсіздікке қарсы рухани күресі. Гуманистік мағынада бұл – адамның қандай жағдайда да өзін қайта қалыптастыра алатынын дәлелдейді.

Алтыншыдан, автордың позициясы айқын. Жүсіпбек Аймауытов әйел тағдырын қорғап, қоғамның қаталдығын сынайды және адамгершілік құндылықтарды жоғары қояды. Оның негізгі ойы – қоғам адамды өзгертуі мүмкін, бірақ адам да қоғамды өзгертуге қабілетті. Яғни өзгерістің бастауы – адамның өзінде. [3, 240 б]

Шығарманың гуманистік мәні – қандай әлеуметтік қысым болса да, адам рухын толық жою мүмкін емес, ал адам өзінің ішкі күші арқылы тағдырын өзгерте алады деген идеяға негізделеді.

Психологиялық аспект те гуманистік талдауда ерекше орын алады. Әдеби кейіпкердің ішкі әлемін, оның сезімдері мен ойларын талдау арқылы адам табиғатының күрделілігі ашылады. Психологиялық талдау кейіпкердің мотивациясын, оның әрекеттерінің себептерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда, гуманистік талдау мен психоаналитикалық әдіс өзара тығыз байланысты. Алайда гуманистік талдау адамның тек ішкі әлемін ғана емес, оның моральдық және әлеуметтік болмысын да қамтиды.

Гуманистік талдаудың әдістемелік негізі ретінде бірнеше ғылыми бағыттарды атауға болады. Біріншіден, философиялық гуманизм – адамды ең жоғары құндылық ретінде қарастыратын бағыт. Екіншіден, экзистенциализм – адамның еркіндігі мен жауапкершілігін зерттейтін философиялық ағым. Үшіншіден, гуманистік психология – адамның өзін-өзі дамыту қабілетін, оның тұлғалық өсуін басты назарға алатын ғылым саласы. Осы бағыттардың барлығы әдеби талдауда қолданылып, шығарманың терең мәнін ашуға көмектеседі.

«Тортай мінер ақбоз ат» шығармасына гуманистік-психологиялық талдау жасағанда, автор адамның ішкі әлемін, арманын және рухани өсуін терең ашады.

Біріншіден, кейіпкердің психологиялық бейнесі ерекше. Тортай – жетім өскен, сырт көзге тұйық, жасқаншақ бала. Бірақ оның ішкі әлемі бай, ол білімге құштар, ойы терең, сезімі нәзік. Тас үңгірді «үйіне» айналдырып, кітап оқып, армандарын ойлауы оның рухани дербестігін көрсетеді.

Ол достыққа адал, адамгершілігі жоғары, бұл оның ішкі тазалығын дәлелдейді. Психологиялық тұрғыдан Тортай – еркіндікке, білімге және өзін-өзі дамытуға ұмтылған тұлға.

Екіншіден, шығарманың әлеуметтік контексті ауыл өмірімен байланысты. Колхоз кезеңіндегі қарапайым тіршілік, еңбек, табиғатпен үйлесім кейіпкердің қалыптасуына әсер етеді. Дегенмен Тортай осы әлеуметтік шектеулерден асып, өз әлемін құра алады. Оның үңгірде жалғыз отырып кітап оқуы – әлеуметтік ортадан рухани түрде жоғары тұрудың белгісі. Бұл шығарманың гуманистік мәнін күшейтеді, себебі білім мен рухани дамудың құндылығын дәріптейді.

Үшіншіден, Тортайдың мотивациясы – оның адамдық болмысын айқындайтын басты фактор. Ол білімді бәрінен жоғары қояды, кітапты өзінің ең жақын сырласы деп санайды. Достыққа адалдығы мен армандарына ұмтылысы – оның ішкі принциптерінің беріктігін көрсетеді. Ақбоз атқа міну, Алматыда оқу, жазушы болу армандары – оның тұлғалық жетілуге деген талпынысы.

Төртіншіден, шығарманың философиялық негізі терең. Мұнда философиялық гуманизм, экзистенциализм және гуманистік психология идеялары көрінеді. Адам өмірінің мәні, тұлғалық таңдау және ішкі даму мәселелері қозғалады. Тортай өз тағдырын өзі таңдауға тырысады, жауапкершілікті сезінеді және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады.

Бесіншіден, шығармадағы символика ерекше мәнге ие. Ақбоз ат – еркіндік пен арманның символы. Тортайдың ақбоз атқа міну арманы – оның жетістікке, биіктікке ұмтылуының көрінісі. Тас үңгір – оның ішкі әлемі мен жалғыздығының символы, ал ішіндегі от – рухани жылулық пен білім нұры. Табиғат көріністері адам мен әлемнің үйлесімін білдіреді.

Оралхан Бөкей бұл шығармасында адамның ішкі әлемін, психологиялық күрделілігін және гуманистік құндылықтарын терең ашады. Тортайдың адалдығы, білімге құштарлығы, армандары мен рухани әлемі шығарманың негізгі идеяларын толық көрсетеді. Негізгі ой – адам қандай жағдайда болса да, оның арманы мен рухын сақтап, өзін дамытуға ұмтылуы керек. [4,115 б.]

Қазіргі әдебиеттануда гуманистік талдау әдісі өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, жаһандану дәуірінде адамгершілік құндылықтардың маңызы арта түсуде. Технологиялық прогресс, ақпараттық қоғамның дамуы адам өміріне жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа қиындықтар да әкелді. Осындай жағдайда әдебиет адамның рухани бағдарын сақтауға, оның ішкі әлемін байытуға ықпал етеді. Сондықтан шығарманы гуманистік тұрғыдан талдау – тек ғылыми міндет қана емес, сонымен қатар мәдени және тәрбиелік маңызы бар үдеріс[5].

Гуманистік талдау – әдеби шығарманы жан-жақты түсінудің тиімді тәсілі. Ол туындының көркемдік ерекшеліктерін ғана емес, оның адамгершілік мазмұнын, философиялық тереңдігін ашуға мүмкіндік береді. Гуманистік талдау арқылы біз әдебиетті тек эстетикалық құбылыс ретінде емес, адам өмірінің айнасы ретінде қабылдаймыз. Бұл әдіс оқырманға шығарманы тереңірек түсінуге, өз өміріне қатысты маңызды қорытындылар жасауға көмектеседі. Осылайша, гуманистік талдау әдебиеттің басты миссиясын – адамды тану мен тәрбиелеуді жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кемелбаева А. *Шашты*. – Алматы: Атамұра, 2012. – 256 б.
2. Бөкей О. *Шығармалары.* Роман, повестер. / Оралхан Бөкей. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. 2. –384 б.
3. Аймауытов Ж. Ақбілек: роман. — Алматы: Атамұра, 2003. — 240 б.
4. Пірәлі Г. Ж., Көркем шығармадағы психологизм [Мәтін] / Г.Ж. Пірәлі. - Алматы,-2004. - 240 б.
5. Есин А.Б., Принципы анализа литературного произведения. – М. 1988 -75 б.

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «ШАШТЫ» ӘҢГІМЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

А.Д. Кунедилова, Н.С. Алимжанова
Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі
Қазақ тілі мен әдебиеті және арнайы пәндер оқытушылары

Қазіргі білім беру жүйесінде студенттерге тек білім беру емес, сонымен қатар олардың ұлттық болмысын қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ұлттық құндылықтарды меңгерту – жас ұрпақты рухани тұрғыдан тәрбиелеудің негізі.

Қазақ әдебиеті – осы бағыттағы ең тиімді құралдардың бірі. Соның ішінде Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі – ұлттық дүниетанымды, салт-дәстүрді және адамгершілік қасиеттерді терең бейнелейтін шығарма.

1. «Шашты» әңгімесінің тәрбиелік әлеуетіне келсек, «Шашты» әңгімесінде қазақ халқының дүниетанымы, табиғатпен байланысы, әйел бейнесі және рухани құндылықтары көрініс табады. Шығарма арқылы оқушылар:

- ұлттық салт-дәстүрлерді таниды
- қазақ әйелінің бейнесін түсінеді
- табиғатқа деген құрметті сезінеді
- ішкі рухани тазалықтың мәнін ұғынады

Бұл шығарма студенттердің тек әдеби талдау дағдыларын емес, оның адамгершілік көзқарасын да қалыптастыруда орны ерекше. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мына әдістемелік тәсілдерді тиімді қолдана аламыз: Мысалы мәтіндегі мына үзінді біздің тарихымызға үңіліп, сат-санамыздың қайта жаңғыруына түрткі болатындай:

– Шашты-түкті дүние сені адастырмас, толған ай алтын қазығың. Түнгі дегдар даламен көк бөріше жортарсың. Тақырбас таз түндердің шеті кетіліп бітті. Әулие пірің Баба түкті Шашты Әзиз қолдасын, жылқы пірі Қамбар ата қолдасын, қысылтаяңда қырық шілтен ғайып ерен кезіксін! Ешқашан алақан жайып, бата берген жан емен. Батамды бердім! Темірқазықты жадыңа мықтап тұт, шөмішті шоқ жұлдыздар илайым оң жолға салады. Оразалы құтылар, бейнетті тұтылар.

– Жылқышы ата, нені айтасың? Шашты-түкті деген кім?

– Бұрынғы көнекөз жұрт көкірегі ерен көркем еді, толған ай көрсе шашты, жазғы сәуле құйылса түкті деп жатушы еді. Алпыс жыл бұрын бабамнан естіген сол сөз санамда жарқ ете түскені тегін нышан емес.

Осы үзіндідегі «шаш» деталь ретінде айтылып, ұлттық құндылығымызға сілтеме ретінде берілгенін анықтайды. Шаш-адамның қасиетті әрі көрікті дене мүшесі ретінде бағаланатынын айтып өтеді.

2.1. Мәтінмен терең жұмыс (Close reading)

Студенттерге мәтінді бірнеше рет оқыту арқылы маңызды детальдарға назар аударту:

- символдарды анықтау (шаш – тазалық, нәзіктік символы)
- кейіпкердің ішкі әлемін талдау
- автор идеясын анықтау

Автор идеясын студенттер сын тұрғысынан ойлау әдісіне сүйене отырып, жан-жақты талдап, саралай алады.

2.2. Сыни ойлау технологиясы

Сабақ барысында келесі әдістерді қолдану тиімді:

- INSERT әдісі (білемін / жаңа ақпарат / түсінбедім)
- RAFT стратегиясы (кейіпкер атынан жазу)
- Венн диаграммасы (дәстүрлі және қазіргі құндылықтарды салыстыру)

Сонымен қатар, төмендегі сұрақтар арқылы шығарманың құрылымы мен өзектілігіне жан-жақты талдау жасай алады. Оны мына әдістер арқылы жасай аламыз:

2.3. Дискуссия және пікірталас:

Кезең	**Мазмұны**	**Мұғалім әрекеті**	**Оқушы әрекеті**	**Нәтиже**
Тақырып қою	“Шаш – еркіндік пе, әлде дағдарыс белгісі ме?”	Тақырыпты ұсынады	Ойлануға дайындалады	Қызығушылық оянады
Сұрақтар	Кейіпкер күйі,	Бағыттайды,	Жауап береді,	Талдау дағдысы

Кезең	Мазмұны	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Нәтиже
қою	себептері, символ мәні	нақтылайды	талдайды	дамиды
Пікір айту	Әртүрлі көзқарастар	Қарама-қарсы пікірді ұйымдастырады	Өз пікірін білдіреді	Сыни ойлау қалыптасады
Дәлелдеу	Мәтінге сүйену	Дәлел сұрайды	Мысал келтіреді	Логикалық ойлау дамиды
Қорытынды	Ортақ тұжырым	Жинақтайды	Қорытынды жасайды	Түсінік бекітіледі

2. Пікірталас (дебат форматы)

Кезең	Жақтаушы топ	Қарсы топ	Мұғалім әрекеті	Нәтиже
Қарар	Кейіпкер – еркіндікке ұмтылды	Кейіпкер – әлсіздік танытты	Қарарды түсіндіреді	Мәселе анықталады
Кіріспе	Өз ұстанымын таныстырады	Өз позициясын білдіреді	Уақытты реттейді	Бағыт қалыптасады
Дәлелдер	Еркіндік, өзін табу	Дағдарыс, құндылықтан алыстау	Бақылайды	Дәлелдеу қабілеті дамиды
Сұрақ-жауап	Қарсы топқа сұрақ қояды	Жауап береді	Тәртіпті қадағалайды	Талдау тереңдейді
Қорытынды	Өз ойын қорғайды	Өз пікірін бекітеді	Бағалайды	Пікір қалыптасады

3. Қосымша тапсырмалар

Әдіс	Тапсырма	Мақсаты	Нәтиже
“Иә/Жоқ”	Кейіпкер дұрыс па?	Жылдам ойлау	Шешім қабылдау дамиды
Рөлдік ойын	Кейіпкер–қоғам–дәстүр	Эмпатия	Рөлдік түсіну қалыптасады
Эссе	“Мен кейіпкер орнында...”	Шығармашылық	Жеке пікір дамиды

4. Рефлексия

Сұрақтар	Оқушы әрекеті	Нәтиже
Не үйрендің?	Ой бөліседі	Білім бекітіледі
Қандай құндылық көрдің?	Талдау жасайды	Ұлттық сана қалыптасады
Бұл мәселе маңызды ма?	Пікір білдіреді	Өмірмен байланыстырады

Сонымен қатар RAFT – студенттің шығармашылық және сыни ойлауын дамытатын тиімді әдіс. Ол 4 элементтен тұрады:
R (Role) – рөл, A (Audience) – аудитория, F (Format) – формат, T (Topic) – тақырып

R (Рөл)	A (Аудитория)	F (Формат)	T (Тақырып)
Кейіпкер	Қоғам	Хат	“Менің ішкі күйзелісімнің себебі”
Шаш (символ)	Адам	Монолог	“Мен нені білдіремін?”
Қазіргі жас	Өзіне	Эссе	“Ұлттық құндылықтар мен менің өмірім”

R (Рөл)	A (Аудитория)	F (Формат)	T (Тақырып)
Дәстүр	Жастар	Үндеу	“Өз тамырыңды ұмытпа!”
Автор	Оқырман	Пікір	“Бұл әңгімені не үшін жаздым?”
Психолог	Кейіпкер	Кеңес	“Дағдарыстан қалай шығуға болады?”

Қолдану үлгісі (сабақта)

Тапсырма:

Студенттерге RAFT кестесінен бір нұсқаны таңдап, жазба жұмысын орындау ұсынылады.

Мысал:

- **Рөл:** Шаш
- **Аудитория:** Адам
- **Формат:** Монолог
- **Тақырып:** “Мен сенің ішкі әлеміңнің айнасымын...”

👉 Студент Шаштың атынан сөйлеп, оның символдық мәнін ашады.

Иә, бұл әдістер арқылы Шашты әңгімесі негізінде оқушыларға ұлттық құндылықтарды тиімді қалыптастыруға толық мүмкіндік бар. Әр әдіс бұл бағытта нақты нәтиже береді:

1. INSERT әдісі арқылы студенттер мәтінді оқи отырып:

- Қазақ халқының **дәстүрі, салт-санасы, дүниетанымы** туралы бұрынғы білімін еске түсіреді
- Жаңа ұлттық құндылықтармен танысады (мысалы: үлкенді құрметтеу, сабырлылық, адамгершілік)
- Түсінбеген тұстарын анықтап, талқылайды.

Студент ұлттық құндылықтарды саналы түрде қабылдап, оларды өз өмірімен байланыстыра бастайды.

2. RAFT стратегиясы арқылы студент кейіпкер рөліне еніп:

- Әңгімедегі кейіпкер атынан хат немесе ойтолғау жазады
- Сол кезеңдегі ұлттық болмысты, мінез-құлықты сезінеді
- Ұлттық құндылықтарды ішкі сезіммен түсінеді
- Кейіпкер арқылы қазақы мінез, рухани құндылықтарды бойына сіңіреді
- Эмпатия және құрмет сезімі қалыптасады

3. Венн диаграммасы арқылы

Студенттер:

- Әңгімедегі дәстүрлі құндылықтарды қазіргі өмірмен салыстырады
- Мысалы: бұрынғы және қазіргі тәрбие, отбасы құндылықтары
- Ұлттық құндылықтардың маңызын түсінеді
- Қазіргі қоғамдағы орнын бағалайды
- Өз көзқарасын қалыптастырады.

Қорытынды:

Бұл әдістерді қолдану арқылы:

- Студенттерде ұлттық сана-сезім қалыптасады
- Рухани-адамгершілік құндылықтар дамиды
- Қазақ халқының мәдениетіне деген құрмет артады

Яғни, бұл тәсілдер тек мәтінді түсіндіріп қана қоймай, студенттерді ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді.

А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі – студенттердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды құрал. Оны тиімді әдістемелік тұрғыдан оқыту арқылы студенттердің рухани дүниесін байытуға, ұлттық санасын қалыптастыруға болады. Әдебиет сабағы тек білім берудің емес, тәрбие берудің де негізгі алаңы болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кемелбаева А. *Шығармалар жинағы*. – Алматы: Жазушы, 2010.
2. Қабдолов З. *Сөз өнері*. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.

3. Нұрғали Р. *Әдебиет теориясы*. – Алматы: Мектеп, 2001.
4. Майтанов Б. *Қазақ прозасындағы психологизм*. – Алматы: Ғылым, 2003.
5. Байтұрсынұлы А. *Әдебиет танытқыш*. – Алматы: Ана тілі, 1991.
6. Жұмалиев Қ. *Әдебиет теориясы*. – Алматы: Мектеп, 1969.

«ҚАЗАҚ» КОНЦЕПТІСІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫНЫҢ ГУМАНИСТІК ТӘРБИЕСІ МЕН ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А. Айдын
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3 курс студенті
Е.Е. Түйте
Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Бүгінгі таңда білім беру – ел дамуының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Себебі қазіргі жаһандану дәуірі тек оқушыны білім алуға ғана емес, рухани дамыған, адамгершілігі мол, ішкі көрінісі құндылыққа бай тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Бұл тұрғыдан алғанда гуманистік тәрбие мәселесі негізгі басты ерекшелікке ие. Ең әуелі «гуманизм» тақырыбына тоқталып өтсек. Гуманизм – адамға деген ізгі ниет, сүйіспеншілікпен қарайтын адамгершілік қасиет [1, 181]. Яғни, адамды ең жоғарғы құндылық деп танудың, оның еркіндігі мен қадір-қасиетін құрметтеу ұстанымы. Бұл қасиетті өскелең ұрпақ бойына сіңіруде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында гуманистік тәрбие берудің тиімді жолдарын қарастырудың маңызы ерекше. Себебі әдебиет пен тіл пәндері тек балаларға оның мәнін үйретіп қана қоймай, ұлттық рухани дүниетанымын ашуға, салт-дәстүрін дарытуға, мәдениетін айшықтауға көрініс береді. Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында гуманистік тәрбиені тиімді жүзеге асыра білу жолдарын «қазақ» концептісі негізінде қарастырып, оның маңызын айтып өтпекпіз.

«Қазақ» концептісі тіліміздегі қалыптасқан ұлттық дүниетаным мен мәдениетіміз, тарихымыз бен құндылықтарымызды танытатын тілдік бірліктермен түсіндіріледі. Бұл концептінің негізгі ерекшеліктері, біріншіден, ұлттық-мәдени тұрғыда қазақ халқының өмір салтымен тығыз байланысты: жер (атадан балаға қалған мұра), ерлік (батырлық, намыс, елді, жерді қорғау). Екіншіден, осыған байланысты тіліміздегі қалыптасқан мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер бар: туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас, Отанды сүю отбасынан басталады т.б. Үшіншіден, «қазақ» концептісі эмоция мен бағалауды да білдіреді. Мысалы: ана – мейірім, жылулық, қасиет, өмірдің мәні, ата – бәйтерек, мұраны жалғастырушы, сақтаушы, ұрпақты тәрбиелеуші, оған бағыт-бағдар беруші т.с.с. Төртіншіден бұл ұғым тілдік тұрғыда көпқабатты болып келеді: сөз (сөздік мағына), салт, дәстүр (тұсау кесу, сырға салу, ерулік), символдық мәнге ие (домбыра, қамшы, шаңырақ). Мәдени тұрғыдан «қазақ» концептісі атамекен, қонақжайлық, намыс, туысқандық, т.б. ұғымдарымен байланысты. Бұл арқылы қазақ халқының ойлау жүйесін, мәдени кодын, тілдің байлығын білуге болады. Осы арқылы оқушыларды патриотизмге, ұлттық құндылықтарымызды сақтауға, сыйлауға және дәріптеуге тәрбиелеп, гуманизмге баулуға болады.

«Қазақ» ұғымы – Қазақстан, қазақ болу, қазақтың дәстүрін, тілін білу [2, 314], - деген ұғымдармен байланысты. Бұл этникалық атау ғана емес, ғасырлар бойына қалыптасқан руханимәдени кодтың жиынтығы. Бұл концептінің мазмұнында жай ғана бір елдің атауы емес, ежелден өмір сүру салты, дәстүрі, әдебиеті, мәдени негіздері қалыптасқан. Өзіне тән көзқарасы, құндылығы, дүниетанымы да қосымша көрініс табады. Қазақ болмысына тән ерекшеліктерге қонақжайлық, кеңпейілдік, бауырмалдық, үлкенге құрмет, кішіге ізет ұғымдары қатарласа кіреді. Сонымен қатар, ар-ұят, намыс сынды құндылықтар да орын алады. Ал бұл қасиеттің бәрі гуманизм бағытымен ерекше үндеседі. Жоғарыда аталған қасиеттер адамгершілік құндылықты дамытуға, құрмет көрсетуге бағыт боларлық адами қасиеттерге жатқызылады. Қонақжайлық – қазақтың қанына сіңген ұлы қасиеттің бірі. Бұл жерден гуманизм бағытының ізгілік пен ізеттігін, қоғам үйлесімдігін анық аңғаруға болады. Сонда біз «қазақ» концептісін гуманизм бағытымен тығыз байланыста деп қарауымызға толық негіз бар. Бұл ұғымды тереңінен талдау арқылы өз ұлтымыздың болмысындағы гуманистік құндылықтың тереңінен қалыптасқанын да көре аламыз. Осы қасиеттерді бүгінгі жаһандану дәуірінде оңынан насихаттап, оқушының бойына дарыту арқылы оның тұлғалық болмысын жарқын бағытқа жетелей аламыз. Сонда ғана біздің ұрпақтар

арасынан бәсекеге қабілетті, Отансүйгіш, әмбебап жастар пайда болады. Әмбебап – қызметі жан-жақты, көп іске бейім тұлға [3, 25].

Біздің қазақ әдебиеті – гуманизм мектебінің негізгі сатысы. Ол халықтың рухани айнасы ғана емес, адамгершілік, парасат, білім, құндылық ұғымдарын бойына дарытушы тәрбие бағытының қайнар көзі. Оқушыларға әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы адам тағдырын, түрлі оқиғаларға бейім болуын, жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажыратуды үйрете аламыз. Осы орайда, қазақ әдебиетіндегі гуманистік мектептің негізін қалаған ірі тұлғалар ретінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерін де жатқыза аламыз. Қазақтың көрнекті тұлғаларының рухани мұрасы мен ел игілігі үшін жасаған іс-әрекеті арқылы оқушы бойына адами құндылықтар мен сыни ойлауды қалыптастыра аламыз. Мәселен, Абай Құнанбайұлы – өз туындыларында ар, ождан, ұят мәселелерін көтерген. Адамның адамгершілік пен әділдігін алға тартып, білім мен рухани даму жолын көздеген. Оның «толық адам» ілімі бүгінгі дейін өз құндылығын жоймаған. Ал қара сөздері қазіргі күнде адамзат баласының алтын тәжіне айналып отыр. Абай өз шығармалары арқылы халықты адамгершілікке, еңбекқорлыққа, мейірімге тәрбиелейді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, оның бірнеше қара сөзі ұрпақты гуманистік ойға, адам жандүниесін ұғынуға, ғылым, білім жинауға шақырады. Оның жетінші қара сөзінде жас баланың анадан туған екі түрлі мінезбен дүниеге келетінін, соның ішіндегі жақсылыққа бағыттайтын адамгершілік қасиетін сөз етеді. Көрсем, білсем, үйренсем екен деп білімге талпынғандық өте жақсы қасиет екенін алға тартады. Қара сөзінің соңғы нүктелерін: «Көкіректе сәуленің жоқтығы, көңілде сенімнің жоқтығы. Құр көзбен көрген малдан біздің неміз артық?!» [4, 26] - деп келтіреді. Бұл сөздерді гуманизм ойымен тікелей байланыстыруға болады. Мұндағы «көкіректегі сәуле» – адамның білімі, санасы, рухани нұры мен ізденісі. Ал «көңілдегі сенім» – адамгершілік, иман, құдайға деген құлшылық пен ізденіске ұмтылыс есебінде айтылады. Гуманизмнің негізгі қағидасына сүйенсек, адамды ең жоғарғы құндылық ретінде тану Абай атамыздың дәл осы идеясымен үндес келеді. Егер ол сәулесін дұрыс пайдалана алмаса, сенімі жоқ болса жауапкершілігі әлсіреп, әділет ұғымынан безіп, дұрыс пен бұрыстың ара жігіт ажырата алмай қиналады. Мұндағы Абай атамыз ұсынған толық тұлға қалыптасуы үшін қажетті құндылық: ақыл мен сенім. Міне, осы екеуі гуманизмнің негізгі өзегі. Себебі гуманизм тек білімділікті ғана емес, жүректің тазалығын, адамның сүйіспеншілігін де талап етеді. Осы орайда, сенім – жүрек тазалығының нағыз бағыты болады. Ал Абай Құнанбайұлының бұл сөзі адамды рухани тұрғыдан оятуға гуманистік үндеу есебінде көрінеді. Демек, адам баласы сәулелі һәм өзіне сенімді болғанда ғана нағыз кемел, ізгі тұлғаға айналады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы иман, әділет мәселесін алға көтерген ақынның бірі. Еліміздегі гуманистік ойларды дамытқан. Өз оқырмандарын рухани тазалыққа, жауапкершілікке шақыра отырып, адам болып өмір сүру мәнін ұғындырған. Сондай-ақ жақсылық, ізгілік, арлылық сынды адамзат бойынан табылуға тиісті негізгі құндылықтарды өз шығармаларына арқау етіп, ойлы оқырманын әр уақытта аққа жақ болуға, наданның ісі мен сөзіне ермеуге шақырған.

Ыбырай Алтынсарин бұл білім мен тәрбиені қатар дамыта отырып, оның адамзат баласының бойына сіңірудің маңызын айтқан. Осылайша білім мен ғылым жолындағы гуманистік бағытты айқындап, әңгімелері мен өлеңдері арқылы оқырман қауымды еңбексүйгіштікке, мейірімге баулып отырған.

Мұхтар Әуезов – адам тағдыры, қоғам мен тұлға арасындағы байланысты көркем суреттеген жазушы. Оның шығармаларында әділет іздеу мәселелері көрініс табады. Оқушылар адам жанының күрделі, тылсымға толы екенін, өмірдің түрлі қыры мен сырын, ондағы мәселелерден қалай оң шешім тауып шығу қажеттігін алға тартады. Сонымен қатар Абай атамыз салған гуманистік сара жолдың негізін қалап, өзінен кейінгі ұрпаққа мол үлгі қалдыра білді.

Жоғарыда аталған тұлғалардың барлығы дерлік – қазақ әдебиетінің негізгі темірқазықтары. Осы тұлғалар шығармашылығын пайдалана отырып, сабақта гуманистік тәрбие берудің де тиімді жолдары мол деп ойлаймыз. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында гуманистік тәрбиені жүзеге асыру үшін мұғалім бүгінгі заман талабына сай, оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін жүзеге асыра алуы керек. Түрлі әдістердің тиімділігін саралай отырып, оны пәнде оқыту – оқушының пәнге деген қызығушылығын ашумен қатар, өзін еркін сезінуге, пікірін ашық білдіруге, өзгені құрмет тұтуға баулиды. Балалар арасындағы ішкі келеңсіздіктерді жойып, бір-біріне деген сыйластықтарын арттырады. Рөлдік ойындар ойнату арқылы әдебиетіміздегі кейіпкерлердің ішкі жан айқайын түсінеді, автордың айтпақ ойын сезінеді. Осылайша өмір жолында кездескен өзге тұлғалардың да пікірін, күйін, ойын, сезінуге, құрметтеуге дағдыланады. Бұл ең әуелі адам баласына деген түсіністік таныту мен жанашырлық білдірудің басты қадамдарына айналады. Себебі, қазіргі біздің

қатыгезденген қоғамға бір-біріне мейірімі артып, жанашырлық танытатын тұлғалардың мейірімі ауадай қажет. Сабақ өту барысында эмпатиялық қабілеті дамыған ұрпақ, әр уақытта өзі және айналасындағылар үшін маңызды қадамдар жасап, гуманизм бағытының негізгі тетігінің бірі – құрметтеу бағытын түсінеді.

Балаларға шығармашалақ тапсырмалар беру – өз кезегінде оқушының өз ішіне үңілуге мүмкіндік береді. Сабақта және сабақтан тыс уақыттарда оқушының шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасау оның мүмкіндіктері мен қабілетін арттырады. Мәселен, «Мен қазақпын», «Адамгершілік деген не?», «Қазақ концепциясының негізі қандай?», «Қазақ гуманизм мектебінің негізін қалаушылар» деген сынды түрлі өзекті тақырыптарға эссе жазғызу арқылы оқушы өз құндылықтарын түсініп, өзін, ұлтын, тарихын тануға дағдыланады. Өз бетінше ізденістер де жүргізіп, алған білімін болашақта пайдалана алады. Міне осылайша, «Қазақ» концептісі арқылы ұлтын ойлайтын, шын жанашыр тұлға қалыптастыруға болады. Оқушы жігерлі ізденісінің нәтижесінде «қазақ» концептісінің мәнін түсінеді. Түсініп қана қоймай, ата-баба мұрасын, аманатын арқалаудағы жауапкершілік қасиетін сезінеді. Бұл өз кезегінде бала бойындағы құндылықтардың дамуына септігін тигізіп, «қазақ» ұғымының жай ғана атау емес, өзіндік ерекшелігі мен «қазақ» болып өмір сүру мәнін ұғынады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде, қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтары білім алушыны тек бір бағытта оқытып қана қоймай, оның рухани әлемін байытып, адамдық қасиеттерін өн бойына қалыптастырып, шынайылық, ізенімпаздық қабілетін арттырады. «Қазақ» концептісін негізге алып, ұлтының және жалпы қоғамның маңызын түсінеді. Өзгені сыйлау, құрметтеу қасиеттерін дамытады. Өмірлік жағдайларды сабақта алған білімі арқылы терең ұштастырып, нәтижелі білім алуға әрекет етеді. Осының нәтижесінде алған білімі өзіне ғана пайдалы емес, қоғамға да қызмет ете алатын, адамгершілігі жоғары, мейірім мен өсиетке қанық, жауапкершілігі мол тұлға қалыптасады. Ал мұндай тұлғалар ел іргесінің берік һәм биік болуы жолында аянбай күш салады. Сондықтан да пән мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – тек оқыту емес, әмбебап тұлға қалыптастыру. Егер оқушы осындай нәтижеге бағытталған білім алса, бүгінгі білім беру жүйесінің де өз мақсатына жеткендігінің айқын дәлелі болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
2. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.
3. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар / Толықтырылған екінші басылым. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1990. – 140 б. Құнанбай А. Абайдың қара сөздері. – Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022. – 148 б.

БАҚҚОЖА МҰҚАЙ «ӨМІРЗАЯ» РОМАНЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

А.Қ. Бағысбай
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Ж.Қ. Смағұлов

Аңдатпа. Мақалада Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романын мектепте және жоғары оқу орнында оқытудың әдістемелік жолдары қарастырылады. Шығарманы оқыту барысында оның тақырыптық-идеялық мазмұнын, кейіпкерлер жүйесін, көркемдік ерекшелігін, тарихи-әлеуметтік негізін және авторлық ұстанымын меңгертудің тиімді тәсілдері сараланады. «Өмірзая» романы – қоғамдық қайшылықтарды, адам тағдырын, ұлттық рух пен моральдық күйзелісті терең бейнелейтін туынды. Сондықтан бұл шығарманы оқыту тек сюжетті мазмұндаумен шектелмей, оқушыны мәтінге сүйеніп талдауға, кейіпкер психологиясын ашуға, астарлы мағынаны тануға және тарихи шындық пен көркем шындықтың арақатынасын пайымдауға бағытталуы тиіс. Мақалада романды проблемалық оқыту, сұрақ-жауап, салыстырмалы талдау, кейіпкерге мінездеме беру, шығармашылық жазылым және мәтінмен дәлелді жұмыс сияқты әдістер арқылы меңгертудің жолдары ұсынылады. Нәтижесінде «Өмірзая» романын жүйелі әрі терең оқыту оқушылардың

әдеби талдау дағдысын, азаматтық көзқарасын және ұлттық дүниетанымын дамытуға ықпал ететіні айқындалады.

Кілт сөздер: Баққожа Мұқай, «Өмірзая» романы, қазақ әдебиеті, оқыту әдістемесі, әдеби талдау, кейіпкер бейнесі, авторлық ұстаным, проблемалық оқыту, ұлттық құндылық, тарихи шындық.

Кіріспе. Қазақ әдебиетін оқытудағы маңызды міндеттердің бірі – оқушыны көркем мәтінді жай мазмұндап беруге емес, оны терең түсінуге, көркемдік табиғатын тануға, кейіпкер әлемін саралауға және авторлық идеяны пайымдауға үйрету. Бұл тұрғыдан алғанда, Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романы – оқытуға аса қолайлы әрі күрделі шығармалардың бірі. Өйткені роман жеке адам тағдырын ғана емес, тұтас дәуірдің рухани ахуалын, қоғамдық әділетсіздік пен адамдық күйреуді, шындық пен жалғанның тартысын бейнелейді.[1;10] Баспа аңдатпасында да шығармада заманның ащы шындығы, қоғамдағы іркіліс пен ілгерілеу, адам тұлғалары мен моральдық қасиеттер суреткерлікпен баяндалатыны арнайы көрсетілген. Романның идеялық салмағын оның арнауынан да аңғаруға болады: автор бұл еңбегін қазақ елінің тәуелсіздігі жолында құрбан болған ерлердің аруағына арнайды. Бұл деталь шығарманы оқыту барысында оның тарихи-рухани өзегін ашудың маңызды кілті болып саналады.

«Өмірзая» романын оқыту әдістемесі оқушының тек оқиға желісін білуіне емес, мәтіндегі әлеуметтік қайшылықтарды, кейіпкер тағдырындағы трагизмді, ұлттық болмысты, уақыт шындығын және адамгершілік мәселелерін танып-білуіне бағытталуы тиіс. Сондықтан мұндай шығарманы меңгертуде дәстүрлі мазмұндау әдісі жеткіліксіз, проблемалық оқыту, мәтіндік талдау, кейіпкерді салыстыру, дәлелді пікір айту, шығармашылық тапсырма беру сияқты әдістер кешенді түрде қолданылуы қажет[2;41].

Мақаланың мақсаты – Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романын оқытудың тиімді әдістемелік жолдарын ұсыну және шығарманы меңгертудің әдеби-танымдық мүмкіндіктерін айқындау. Зерттеу барысында сипаттау, талдау, жинақтау және әдістемелік жүйелеу әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім. Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романы – оқырманды бірден күрделі психологиялық және әлеуметтік кеңістікке алып кіретін туынды. Романның алғашқы беттерінен-ақ Аяған, Алдияр және Сыздық бейнелері арқылы рухани күйзеліс, әлеуметтік әділетсіздік, адамдық әлсіреу мен арпалыс көріне бастайды: Аяған – ұстазына адал, арлы, жан дүниесі сергек тұлға; Алдияр – тағдыр тауқыметін тартқан, бірақ рухани биіктігін сақтаған зиялы; Сыздық – құлдыраған орта мен адамның азып-тозуының символындай бейне[1;11]. Осы тұрғыдан алғанда, романды оқытуды ең алдымен шығарманың тақырыптық-идеялық өзегін ашудан бастау орынды. Мұғалім оқушыларға шығарманың тек сюжетін айтқызумен шектелмей, «романдағы негізгі тартыс неде?», «шығармада кімнің тағдыры арқылы қоғам шындығы ашылады?», «автор қандай моральдық мәселені көтеріп отыр?» деген сұрақтар қоюы тиіс. Мұндай проблемалық сұрақтар оқушыны мәтінді ой елегінен өткізуге мәжбүр етеді және шығарманың мәнін сыртқы оқиғадан тереңірек түсінуге жетелейді.

«Өмірзая» романын оқытудағы басты әдістемелік бағыттардың бірі – кейіпкерлер жүйесін талдау. Бұл романда кейіпкерлер біржақты берілмейді, олардың әрқайсысы белгілі бір қоғамдық, рухани және психологиялық жағдайдың көрінісі болып табылады. Мәселен, Аяған бейнесін оқытуда оны тек жағымды кейіпкер ретінде сипаттау жеткіліксіз. Оқушы оның ішкі арпалысын, шындық іздеу жолындағы күресін, үміт пен торығу арасындағы психологиялық күйін, ұстазы Алдиярға деген құрметін, отбасылық жауапкершілігін және замана қысымына қарсы рухани қарсылығын да талдауы керек. Алдияр бейнесін талдау кезінде ар-ождан, зиялылық, ұстанымға беріктік, тарихи сана, азаматтық мұрат мәселелері ашылады. Сыздық бейнесі арқылы рухани құлдырау, әлеуметтік күйреу, әлсіздік пен тәуелділік мәселелері көрінеді. Мұндай талдауда оқушыларға салыстырмалы кесте жасату тиімді: кейіпкердің әлеуметтік ортасы, мінез ерекшелігі, әрекет мотиві, шығармадағы қызметі, авторлық бағасы деген өлшемдер ұсынылады. Сонда кейіпкерге үстірт баға берілмей, жан-жақты интерпретация жасалады. Романды оқытуда мәтінмен дәлелді жұмыс жүргізу ерекше маңызды. Көп жағдайда оқушы шығарманың идеясы туралы жалпы сөйлегенімен, оны мәтіннен алынған нақты үзіндімен дәлелдеуге қиналады. Сондықтан мұғалім үзіндімен жұмыс әдісін жүйелі қолдануы керек. Мысалы, Аяған мен Алдияр арасындағы сұхбаттарды талдату арқылы шындық, әділет, уақыт, адам тағдыры жөніндегі философиялық астарды ашуға болады. Ал Сыздыққа қатысты көріністерді талдау арқылы оқушы қоғам мен адам арасындағы байланысқа, рухани күйзеліс пен әлеуметтік орта ықпалына назар аударады.

Шығарманың алғашқы тарауларында-ақ автор профессор Алдияр мен Аяған арасындағы рухани жақындықты, ал Сыздық бейнесі арқылы ішкі азуды қатар көрсетеді. «Өмірзая» романын оқытуда тарихи-әлеуметтік контексті ашу да маңызды әдістемелік талаптардың бірі. Өйткені роман белгілі бір тарихи кезеңнің рухани-психологиялық шындығын бейнелейді. Шығармада қызметтен қуылу, жалған айып тағылу, тергеу, қорқыту, қысым көрсету, рухани жалғыздық сияқты құбылыстар кеңестік жүйенің адам тағдырына әсерін танытады. Аяғанның үстінен іс қозғалып, жаламен қудалануы, шындық іздеп сенделуі, бірақ әділет таба алмауы романның әлеуметтік өзегін айқындайды. Сондықтан романды оқыту барысында мұғалім оқушыларға «тарихи шындық пен көркем шындық арақатынасы», «жеке адам мен жүйе тартысы», «ақиқат ұғымының шығармадағы мәні» сияқты мәселелер бойынша ой қозғауы тиіс.

Шығарманы меңгертуде проблемалық оқыту әдісі ерекше нәтижелі. Мысалы, «Неліктен Аяған шындық үшін күресте жалғыз қалады?», «Алдияр бейнесі арқылы автор қандай зиялы тұлға моделін ұсынады?», «Сыздық трагедиясы жеке адамның әлсіздігі ме, әлде қоғам дерті ме?», «Неге роман “Өмірзая” деп аталған?» сияқты сұрақтар оқушыны терең ойлауға жетелейді. Бұл әдіс әсіресе жоғары сыныптар мен жоғары оқу орнындағы әдеби талдау сабақтарында тиімді. Романды оқытуда шығармашылық тапсырмаларды да кеңінен пайдалануға болады. Мәселен, оқушыларға «Аяғанға хат», «Алдияр бейнесіндегі ұлттық интеллигенция мәселесі», «Сыздық трагедиясы: адамдық әлсіздік пе, әлеуметтік қасірет пе?», «Өмірзая – дәуір шындығының көркем айнасы» сияқты тақырыптарда эссе жаздыру орынды. Сондай-ақ «Аяған мен Алдияр сұхбатының философиялық мәні» немесе «Романдағы шындық ұғымының көркемдік қызметі» деген тақырыптарда шағын талдау жұмыстары да пайдалы болады. Бұл тапсырмалар оқушының жеке пікірін қалыптастырып қана қоймай, мәтінге сүйеніп ой айтуына үйретеді. Шығармадағы тілдік-көркемдік ерекшеліктерді талдау да назардан тыс қалмауы тиіс. «Өмірзая» романында психологиялық суреттеу, ішкі монолог, диалог, әлеуметтік-эмоциялық реңк, көркем деталь, астарлы ой сияқты элементтер мол. Оқушыға кейіпкер психологиясын ашатын сөйлемдерді, ішкі күйді білдіретін авторлық суреттеулерді, уақыт шындығын танытатын диалогтарды тапқызу арқылы көркемдік талдау мәдениетін дамытуға болады. Бұл тәсіл романды тек идеялық мазмұн деңгейінде емес, көркемдік жүйе ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Әдістемелік тұрғыдан романды бірнеше кезеңмен оқыту орынды. Бірінші кезеңде автор өмірі мен шығарма туралы қысқаша кіріспе беріледі. Екінші кезеңде романның тақырыптық-идеялық мазмұны мен оқиға желісі талданады. Үшінші кезеңде кейіпкерлер жүйесі мен әлеуметтік-психологиялық тартыс қарастырылады. Төртінші кезеңде көркемдік ерекшелігі, авторлық ұстанымы және шығарманың тәрбиелік маңызы сараланады. Соңында қорытынды сабақта оқушылардың пікірталасы, эссе, кесте, салыстыру, шығармашылық жауаптары арқылы шығармаға тұтас баға беріледі.

Нәтиже мен талқылау. Жүргізілген әдістемелік талдау Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романын оқыту барысында мәтінге негізделген интерпретациялық жұмыс, проблемалық сұрақтар жүйесі, кейіпкерлік талдау, тарихи-әлеуметтік контексті ашу және шығармашылық жазылым тапсырмаларының өзара сабақтастығы білім алушылардың әдеби қабылдау сапасын едәуір арттыратынын көрсетті. Аталған туындыны оқытуда дәстүрлі мазмұндау тәсілі жеткіліксіз екені айқындалады, өйткені романның көркемдік табиғаты оның сыртқы оқиғалық желісінде ғана емес, ішкі психологиялық тартысында, әлеуметтік астарында, философиялық салмағында және авторлық бағалау жүйесінде жатыр. Сондықтан шығарманы меңгертудің нәтижелілігі оқушының оқиға мазмұнын айтып беруімен емес, мәтіндегі мағыналық қабаттарды ажырата алуымен, кейіпкер болмысын дәлелді талдай алуымен және көркем шындық пен тарихи шындықтың арақатынасын пайымдай алуымен өлшенеді.

Талдау барысында анықталған маңызды нәтижелердің бірі – роман кейіпкерлерін жүйелі салыстыруға негізделген тапсырмалар оқушының әдеби ойлауын біршама тереңдететіні. Аяған, Алдияр, Сыздық бейнелерін өзара салыстыра оқыту барысында білім алушы кейіпкерді тек мінездік тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік орта, рухани ұстаным, өмірлік таңдау, ішкі дағдарыс және авторлық көзқарас аясында бағалауға дағдыланады. Мұндай көпаспектілі талдау кейіпкерге біржақты баға беруді азайтып, көркем образдың күрделі табиғатын түсінуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде оқушының психологиялық талдау, салыстырмалы пайым және мәтінге сүйенген қорытынды жасау дағдылары дамиды. Зерттеу нәтижелері мәтіндік дәлелмен жұмыс жүргізудің де айрықша тиімді екенін көрсетті. Романның әлеуметтік-философиялық мазмұны жалпылама пікірмен емес, нақты көркем деталь, диалог, ішкі монолог, авторлық ремарка және ситуациялық шиеленіс арқылы ашылатындықтан, оқушыны мәтіннен дәйек табуға дағдыландыру — осы туындыны оқытудың негізгі шарттарының бірі. Әсіресе Аяған мен Алдияр арасындағы

рухани сабақтастықты немесе Сыздық бейнесіндегі әлеуметтік азғындану белгілерін дәл мәтіндік үзінді арқылы талдату білім алушының пікір айту мәдениетін сапалық тұрғыдан өзгертеді. Бұл әдіс олардың әдеби шығарма жөніндегі ойларын абстрактілі пайымнан нақты дәлелге негізделген аналитикалық тұжырымға көшіреді. Шығарманы тарихи-әлеуметтік контексте қарастырудың да нәтижелілігі байқалды. «Өмірзая» романын оқытуда кеңестік әкімшілік жүйенің қысымы, жалған айыптау, рухани тұншығу, шындық пен жалғанның тартысы сияқты мәселелерді арнайы талқылау оқушының шығарманы тек жеке адам тағдыры аясында емес, тұтас дәуірдің көркем шежіресі ретінде қабылдауына ықпал етеді. Нәтижесінде роман мазмұны оқушы санасында тарихи кезеңнің көркем бейнесі ретінде орнығып, әдебиеттің танымдық және азаматтық қызметі айқынырақ сезіледі. Бұл әсіресе ұлттық сана, тәуелсіздік, адамгершілік ұстаным, азаматтық жауапкершілік мәселелерін талдауда ерекше маңызды.

Әдістемелік талдау нәтижелері проблемалық оқыту элементтерін қолданудың да жоғары тиімділігін көрсетті. «Неліктен Аяған жалғыз қалады?», «Алдияр бейнесі қандай рухани мұратты танытады?», «Сыздық трагедиясы жеке әлсіздік пе, әлде әлеуметтік дерт пе?», «Роман атауының символдық мәні неде?» сияқты сұрақтар білім алушыны дайын жауапты қабылдауға емес, мәтінді қайта оқуға, мағынааралық байланыстарды іздеуге, өзіндік пайым жасауға жетелейді. Мұндай тәсіл әдеби талдауды репродуктивті әрекеттен зерттеушілік әрекет деңгейіне көтереді. Соның нәтижесінде оқушы шығарманы жаттанды схема бойынша емес, танымдық белсенділік арқылы меңгереді. Шығармашылық жазылым жұмыстарының да нәтижесі назар аударарлық. «Аяғанға хат», «Алдияр бейнесіндегі зиялылық мұраты», «Өмірзая – дәуір қасіретінің көркем моделі» тәрізді тапсырмалар білім алушының романды субъективті қабылдауын жүйелі пікірге айналдыруға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыс оқушының тек әдеби талдау қабілетін ғана емес, жазылым мәдениетін, логикалық құрылым сақтау дағдысын, мәтінге сүйеніп ой айту машығын да дамытады. Демек, романды оқытудағы жазбаша жұмыстар тек білімді тексеру құралы емес, интерпретациялық құзыреттілікті қалыптастыратын дидактикалық тетік ретінде қарастырылуы тиіс. Сонымен қатар талқылау барысында бірқатар әдістемелік қиындықтар да айқындалды. Біріншіден, романның психологиялық және философиялық салмағы мол болғандықтан, оны оқушылар бірден толық игере алмауы мүмкін. Екіншіден, шығарманың астарлы мазмұны мен әлеуметтік ишараларын қабылдау деңгейі оқушының жас ерекшелігіне, оқу тәжірибесіне және әдеби даярлығына тәуелді. Үшіншіден, мұғалім сабақта тек сюжеттік желіні басшылыққа алса, романның көркемдік және идеялық қуаты толық ашылмай қалады. Осы себепті «Өмірзаяны» оқыту кезеңдік жүйеге, сұрақтардың логикалық бірізділігіне, мәтіндік дәлелмен жұмысқа және талдаудың күрделілік деңгейін біртіндеп арттыруға негізделуі қажет.

Кесте 1

Романды оқытудағы нақты әдістемелік үлгілер

Мақсаты	**Тапсырма мазмұны**	**Күтілетін нәтиже**
Кейіпкерлер жүйесін терең талдату, салыстырмалы талдау дағдысын қалыптастыру	10-сыныпта Аяған мен Алдияр бейнелерін салыстыруға арналған кесте толтыру ұсынылады. Кесте өлшемдері: кейіпкердің әлеуметтік орны, рухани ұстанымы, өмірлік мұраты, қоғаммен қайшылығы, авторлық бағалау. Оқушылар әр өлшем бойынша мәтіннен дәлел келтіре отырып, екі кейіпкердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.	Білім алушы кейіпкерді тек сыртқы әрекеті арқылы емес, оның ішкі дүниесі, идеялық қызметі және қоғамдық жағдайымен байланыста талдауға дағдыланады. Салыстырмалы талдау, мәтіннен дәлел табу, жүйелі қорытынды жасау қабілеті дамиды.

Роман атауының символдық мәнін ашу, астарлы мағынаны тануға үйрету	Мұғалім оқушыларға «Неліктен шығарма “Өмірзая” деп аталған?», «Бұл атау жеке тағдырды ғана білдіре ме, әлде дәуірдің рухани халін де аңғартады ма?», «Роман атауындағы символдық жүк неде?» деген проблемалық сұрақтар ұсынады. Оқушылар өз болжамдарын айтып, кейін мәтіндегі эпизодтармен байланыстыра отырып, атаудың көркемдік және идеялық қызметін талдайды.	Оқушы шығарма атауын формалды белгі ретінде емес, көркем мәтіннің концептуалдық өзегі ретінде қабылдайды. Символдық ойлау дағдысы дамып, мәтіндегі астарлы мағынаны тереңірек пайымдауға мүмкіндік туады.
Шығармашылық жазылымды мәтінге негіздеп ұйымдастыру, тезистік ойлауды қалыптастыру	«Сыздық трагедиясы» тақырыбы бойынша эссе алдындағы дайындық жұмысы жүргізіледі. Оқушыларға «Сыздық қасіреті неден туындады?», «Бұл трагедия жеке әлсіздіктің салдары ма, әлде қоғамдық ортаның ықпалы ма?», «Автор осы бейне арқылы қандай әлеуметтік ой жеткізеді?» деген сұрақтар беріледі. Сол сұрақтар негізінде 3–4 тезистен тұратын қысқа жоспар жасалып, кейін сол тезистерге сүйенген эссе немесе әдеби пікір жазылады.	Білім алушының ойды жүйелеу, негізгі тұжырымды іріктеу, дәлелдеу бағытын белгілеу және жазылымды логикалық құрылымда ұйымдастыру дағдылары қалыптасады. Шығармашылық жұмыс мәтінге сүйенген аналитикалық сипатқа ие болады.

Жалпы, ұсынылған әдістемелік амалдар «Өмірзая» романын оқыту барысында білім алушының мәтінге сүйенген әдеби талдауын тереңдетіп, психологиялық пайымын, тарихи санасын және дәлелді пікір айту мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдар. Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романын оқытуда ең алдымен шығарманы кезеңдік-логикалық жүйемен меңгерту қағидасын ұстанған жөн. Туынды күрделі әлеуметтік-психологиялық роман болғандықтан, оны бірден тұтас талдауға көшіру оқушы үшін ауырлық тудыруы мүмкін. Сондықтан бастапқы кезеңде автор тұлғасы, шығарманың жазылу контексті, романның тарихи-рухани негізі және оның атауының мәні түсіндірілгені дұрыс. Мұндай кіріспе жұмыс білім алушының роман табиғатын алдын ала түсінуіне және мәтінді мақсатты қабылдауына жағдай жасайды. Романды оқытуда мазмұндаудан гөрі интерпретациялық талдауға басымдық берілуі тиіс. Осыған байланысты мұғалім сабақ барысында репродуктивті сұрақтармен шектелмей, проблемалық және аналитикалық сипаттағы сұрақтар жүйесін қолдануы қажет. Мысалы, кейіпкер әрекетінің себебін анықтауға, авторлық бағаны тануға, белгілі бір эпизодтың әлеуметтік маңызын ашуға, символдық детальдың қызметін түсіндіруге бағытталған сұрақтар оқушыны ойлауға мәжбүр етеді. Бұл тәсіл романды жай оқиға ретінде емес, көркем ойлау кеңістігі ретінде тануға көмектеседі.

Мәтінге сүйенген дәлелді жұмыс романды оқытудың орталық әдістемелік ұстанымдарының бірі болуы керек. Әрбір талдау тапсырмасы нақты үзіндімен, кейіпкер сөзімен, авторлық баяндаумен немесе көркем детальмен бекітіліп отырғаны жөн. Оқушыға «пікіріңді мәтіннен дәлелде», «кейіпкер мінезін ашатын сөйлемді тап», «автор ұстанымын білдіретін тұсты көрсет» деген бағыттағы тапсырмалар беру әдеби талдаудың ғылыми негізін күшейтеді. Бұл білім алушыны жалпылама пайымнан мәтіндік дәлелге сүйенетін саналы интерпретацияға көшіреді. Кейіпкерлер жүйесін оқытуда салыстырмалы талдау әдісі тиімді қолданылады. Аяған, Алдияр, Сыздық сияқты негізгі кейіпкерлерді әлеуметтік орта, рухани ұстаным, мінез эволюциясы, өмірлік таңдауы және шығармадағы идеялық қызметі тұрғысынан салыстыру оқушының күрделі әдеби образды тұтас қабылдауына мүмкіндік береді. Мұндай жұмыста кесте, кластер, концептуалдық

карта, кейіпкер профилі сияқты құрылымдық әдістер пайдаланылса, талдау жүйелене түседі. Бұл әсіресе жоғары сынып оқушылары мен студенттердің ойды саралау қабілетін дамытуда пайдалы. Шығарманың тарихи-әлеуметтік астарын ашуға бағытталған тапсырмалар жүйелі ұйымдастырылуы қажет. Романдағы жалған айыптау, жүйе қысымы, рухани күйзеліс, шындық үшін күрес сияқты мәселелерді белгілі бір тарихи кезеңмен байланыстырып оқыту оқушының әдебиетті өмір шындығымен сабақтастыра қарастыруына мүмкіндік береді. Бұл жерде әдеби шығарманы тарих сабағына айналдыру емес, тарихи шындықтың көркем мәтіндегі қызметін таныту басты мақсат болуы тиіс. Осы тұрғыдан мұғалім оқушыларға «роман оқиғасы арқылы қандай қоғамдық ахуал көрінеді?», «жүйе мен адам тартысы қай эпизодтарда айқын байқалады?» деген бағыттағы тапсырмалар ұсынғаны орынды.

Романның көркемдік жүйесін талдау да арнайы ұйымдастырылуы қажет. Әсіресе психологиялық суреттеу, ішкі монолог, диалог, авторлық баяндау, көркем деталь, символдық атау сияқты элементтердің қызметін ашу оқушының әдеби-теориялық білімін тереңдетеді. Бұл үшін мәтіннен белгілі бір көркемдік тәсілдерді тапқызу, олардың кейіпкер мінезін немесе авторлық идеяны ашудағы рөлін түсіндіру, бір эпизодтың эмоциялық реңкін талдату сияқты тапсырмалар тиімді[3;22]. Мұндай жұмыс шығарманы тек мазмұндық емес, көркемдік жүйе ретінде қабылдау мәдениетін қалыптастырады. Шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыруда олардың мәтінмен байланысы қатаң сақталуы керек. Эссе, әдеби пікір, кейіпкерге хат, ішкі монолог, авторға сұрақ, күнделік жазу секілді жұмыстар оқушының субъективті әсерін жүйелеуге көмектеседі, бірақ олар міндетті түрде роман мазмұнына, кейіпкер табиғатына және авторлық идеяға негізделуі тиіс. Бұл талап шығармашылық жұмысты еркін қиял деңгейінен дәлелді әдеби пайым деңгейіне көтереді. Сонымен бірге мұндай тапсырмалар білім алушының тілдік қорын, жазылым мәдениетін және әдеби рефлексиясын дамытады. Оқыту барысында саралап оқыту қағидасын да ескеру маңызды. Шығарманы қабылдау деңгейі барлық оқушыда бірдей болмайтындықтан, тапсырмалардың күрделілік дәрежесін реттеп беру қажет. Мысалы, бір топқа мәтін мазмұны мен кейіпкер мінезін тануға бағытталған сұрақтар ұсынылса, екінші топқа символдық атау, авторлық астар, әлеуметтік ишара сияқты күрделірек талдау міндеттері берілуі мүмкін. Бұл тәсіл романды әртүрлі дайындық деңгейіндегі оқушыларға нәтижелі меңгертудің тиімді жолы болып табылады. Қорытынды сабақтарды пікірталас, дөңгелек үстел, шағын жоба, концептуалдық карта қорғау, әдеби конференция түрінде ұйымдастырудың да маңызы зор. Мұндай сабақтарда білім алушы роман туралы жинақталған пікірін еркін жеткізуге, өз көзқарасын қорғауға, өзге пікірлермен салыстыруға және шығармаға тұтас баға беруге үйренеді. Нәтижесінде романды оқыту үдерісі тек білімді игертумен шектелмей, әдеби коммуникация мәдениетін қалыптастыруға ұласады[4;57].

Сөйтіп, «Өмірзая» романын оқытуда тиімді әдістемелік жүйе құру үшін проблемалық оқыту, мәтіндік дәлелге сүйену, кейіпкерлік-салыстырмалы талдау, тарихи-әлеуметтік контекст ашу, көркемдік жүйені меңгерту және шығармашылық рефлексияны ұштастыру қажет. Осындай кешенді әдістемелік амалдар ғана шығарманың идеялық-көркемдік болмысын толық танытып, білім алушының әдеби талдау мәдениетін, азаматтық ұстанымын және ұлттық дүниетанымын дамыта алады.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романын оқыту – қазақ әдебиетіндегі терең мазмұнды, әлеуметтік-философиялық салмағы зор туындыны меңгертудің маңызды бағыты. Роман оқушыны адам тағдыры, шындық, әділет, рухани құлдырау, азаматтық ұстаным, ұлттық сана сияқты күрделі мәселелермен бетпе-бет әкеледі. Сондықтан бұл шығарманы оқытуда мазмұндау, сұрақ-жауап, талдау, салыстыру, шығармашылық тапсырма, проблемалық оқыту әдістерін кешенді пайдалану қажет.

«Өмірзая» романын жүйелі оқыту нәтижесінде оқушылардың әдеби талдау қабілеті, мәтінмен дәлелді жұмыс істеу дағдысы, тарихи ойлауы, азаматтық көзқарасы және ұлттық құндылықтарды тануы арта түседі. Демек, бұл туындыны әдістемелік тұрғыдан дұрыс меңгерту қазақ әдебиетін оқытудың тәрбиелік әрі танымдық әлеуетін күшейтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқай Б. Таңдамалы шығармалар. 5-том. Өмірзая: роман. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 464 б.
2. Жұмажанова Т. Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2019.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. – Алматы: Мектеп, 2018.
4. Құсайынов А. Қ. Оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2020.

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ-КЕРЕ» РОМАНЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Н. Бақыт
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Ж.Қ. Смағұлов

Аңдатпа. Мақалада Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романын мектепте және жоғары оқу орнында оқытудың әдістемелік жолдары қарастырылады. Шығарманы оқыту барысында оның тақырыптық-идеялық мазмұнын, кейіпкерлер жүйесін, психологиялық тереңдігін, көркемдік ерекшелігін, тарихи-әлеуметтік негізін және авторлық ұстанымын меңгертудің тиімді тәсілдері сараланады. «Атау-кере» романы – адам болмысының күрделілігін, рухани азу үдерісін, жалғыздық, қатыгездік, моральдық дағдарыс, адам мен табиғат арасындағы нәзік байланысты терең бейнелейтін шығарма. Сондықтан бұл туындыны оқыту тек сюжетті мазмұндаумен шектелмей, білім алушыны мәтінге сүйеніп талдауға, кейіпкер психологиясын ашуға, атаудың символдық мәнін тануға, тарихи және көркем шындықтың арақатынасын пайымдауға бағытталуы тиіс. Мақалада романды проблемалық оқыту, сұрақ-жауап, салыстырмалы талдау, кейіпкерге мінездеме беру, шығармашылық жазылым, мәтінмен дәлелді жұмыс, интерпретациялық семинар және әдеби-теориялық талдау әдістері арқылы меңгертудің жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: Оралхан Бөкей, «Атау-кере» романы, қазақ әдебиеті, оқыту әдістемесі, әдеби талдау, кейіпкер психологиясы, символдық атау, авторлық ұстаным, проблемалық оқыту, мәтінмен жұмыс.

Кіріспе. Қазақ әдебиетін оқытудағы маңызды міндеттердің бірі – білім алушыны көркем шығарманы жай мазмұндап беруге емес, оның ішкі мағыналық қабаттарын, көркемдік жүйесін, кейіпкер әлемін және авторлық идеяны терең түсінуге үйрету. Осы тұрғыдан алғанда, Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романы – оқытуға аса қолайлы әрі күрделі туындылардың бірі. Өйткені бұл шығармада тек оқиғалар тізбегі ғана емес, адам болмысының күйреуі, рухани жалғыздық, ішкі тартыс, моральдық жауапкершілік, табиғат пен адам арасындағы қайшылық, тарихи жады мен бүгінгі сана арасындағы сабақтастық терең бейнеленеді. «Атау-кере» романы оқырманды Алтай өңіріндегі омарташылар өміріне жетелегенімен, туындының өзегі тұрмыстық оқиға шеңберімен шектелмейді. Шығармада Ерік, Нюра, Айна, Таған секілді кейіпкерлер тағдыры арқылы адамдық қасиеттің әлсіреуі, рухани деформация, мейірім мен қатігездік, ішкі азу мен ар алдындағы жауапкершілік мәселелері қатар өріледі[1;18]. Осы ерекшелік романды оқытуда дәстүрлі мазмұндаудан гөрі интерпретациялық, психологиялық, проблемалық және мәтінге сүйенген талдау әдістерін басым қолдануды талап етеді.

Бұл мақалада «Атау-кере» романын мектеп пен жоғары оқу орнында оқытудың тиімді әдістемелік жолдары ұсынылады. Зерттеудің мақсаты – шығарманың идеялық-көркемдік болмысын білім алушыға терең меңгертудің жолдарын айқындау, сонымен бірге әдеби талдау, мәтінмен жұмыс, кейіпкер психологиясын ашу, символдық атауды тану және тарихи-әлеуметтік астарды пайымдату мүмкіндіктерін көрсету. Зерттеу барысында сипаттау, талдау, салыстыру, жинақтау және әдістемелік жүйелеу әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім. Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романы – адам мен қоғам, табиғат пен өркениет, мейірім мен қатігездік, ар мен азу арасындағы тартысты психологиялық-философиялық деңгейде бейнелейтін шығарма[1;19]. Сондықтан романды оқытуды ең алдымен оның тақырыптық-идеялық өзегін ашудан бастау орынды. Мұғалім не оқытушы білім алушыға тек оқиға желісін айтқызумен шектелмей, шығарманың көтерген басты мәселелерін аңғартатын сұрақтар қоюы тиіс. Мысалы, «романдағы негізгі тартыс неде?», «қай кейіпкер тағдыры арқылы автор адам болмысының күйреуін көрсетеді?», «шығармада табиғат не себепті жай фон емес?», «жазушы қандай моральдық мәселені алға тартады?» деген сұрақтар білім алушыны мәтінді қайта ой елегінен өткізуге итермелейді. Романның идеялық салмағы оның атауынан да айқын сезіледі. «Атау-кере» ұғымының өзінде қарғыс, кесім, үкім, рухани жаза секілді астарлы мағыналар бар. Сол себепті роман атауын арнайы оқыту нысаны ретінде қарастыру қажет. Білім алушы «неліктен шығарма осылай аталған?», «атау жекелеген кейіпкер тағдырына ғана қатысты ма, әлде тұтас моральдық күйреу мәселесін таныта ма?» деген сауалдар арқылы мәтіннің концептуалдық өзегіне жақындайды.

«Атау-кере» романын оқытудағы ең маңызды әдістемелік бағыттардың бірі – кейіпкерлер жүйесін кешенді талдау. Бұл романда образдар біржақты жасалмайды. Әр кейіпкер белгілі бір рухани, әлеуметтік және психологиялық ахуалдың көрінісі ретінде беріледі. Сондықтан оларды «жағымды» не «жағымсыз» деп үстірт бағалау көркем мәтіннің табиғатына сай келмейді. Романды талдау негізінде ең алдымен кейіпкерлер жүйесінің күрделілігі айқындалды. Мұндай жұмыс білім алушыны образды сыртқы әрекетімен ғана емес, оның ішкі психологиясымен, идеялық қызметімен, көркемдік жүктемесімен байланыстыра талдауға үйретеді. Романды оқытуда мәтінмен дәлелді жұмыс жүргізу – негізгі әдістемелік талаптардың бірі. Көп жағдайда білім алушы шығарма туралы жалпы пікір айта алғанымен, оны нақты үзіндімен дәлелдеуге қиналады. Сондықтан сабақ барысында үзіндімен жұмыс жүйелі ұйымдастырылуы керек. Мұғалім «пікіріңді мәтіннен дәлелде», «кейіпкер мінезін ашатын сөйлемді тап», «авторлық бағалау байқалатын тұсты көрсет», «табиғат суретінің кейіпкер психологиясымен астасуын анықта» деген бағыттағы тапсырмалар беруі қажет. «Атау-кере» романындағы табиғат суреттері, психологиялық детальдар, ішкі монологтар, кейіпкердің өзімен-өзі арпалысы, үнсіздік пен тосын көркем ишаралар мәтінге сүйеніп талданғанда ғана шығарма терең ашылады. Әсіресе табиғат көрінісінің кейіпкер жанына параллель берілуі, көркем детальдардың символдық қызметі, кей тұстағы философиялық астарлар білім алушыны мәтінді бірнеше деңгейде оқуға үйретеді. Соның нәтижесінде ол шығарманы мазмұндық ғана емес, көркемдік жүйе ретінде қабылдай бастайды.

«Атау-кере» романын жеке адамдар тарихы ретінде ғана емес, тұтас рухани ахуалдың көркем бейнесі ретінде оқыту қажет. Шығармадағы трагедия тек кейіпкерлердің мінезінен туындамайды; оның астарында дәуір салмағы, тарихи жара, рухани жалғыздық, адам мен қоғам байланысының әлсіреуі, адамдық құндылықтардың құлдырауы жатыр[1;49]. Осыған байланысты романды оқыту барысында тарихи-әлеуметтік және рухани контексті ашатын тапсырмалар беру маңызды. Оқытушы білім алушыларға «жеке тағдыр мен қоғамдық ахуалдың байланысы қандай?», «тарихи қасірет шығарма кейіпкерлерінің санасына қалай әсер еткен?», «жазушы бүгінгі рухани күйреуді қандай терең қабаттармен байланыстырады?» деген сұрақтар ұсынса, шығарма тек оқиға емес, қоғамдық әрі философиялық ойлауға негіз болатын мәтін ретінде танылады. Мұндай оқыту әдебиетті өмірмен, тарихпен, ұлттық жадымен байланыстыра қабылдауға мүмкіндік береді. Романды меңгертуде шығармашылық жазылым тапсырмаларының орны ерекше. Мысалы, «Ерік бейнесіндегі рухани азу мәселесі», «Айна – адамдық тазалықтың көркем көрінісі», «Таған тағдыры: талант трагедиясы», «“Атау-кере” – моральдық үкім романы», «Табиғат пен адам болмысының қайшылығы» сияқты тақырыптарда эссе, әдеби пікір, кейіпкерге хат, ішкі монолог, авторға сұрақ, тезистік жоспар жаздыруға болады. Бірақ мұндай жұмыстар міндетті түрде мәтінге негізделуі тиіс. Сонда шығармашылық тапсырма еркін қиял емес, аналитикалық ойлауға құрылған әдеби интерпретацияға айналады. Жоғары оқу орнында интерпретациялық семинар тәсілі де тиімді. Студенттер романның бір проблемасын алдын ала оқып, сабақта өз пайымын қорғайды. Мысалы, «роман атауының моральдық-философиялық жүктемесі», «Ерік бейнесінің психологиялық табиғаты», «романдағы жалғыздық феномені», «табиғаттың көркемдік-философиялық қызметі» сияқты тақырыптар талдануы мүмкін. Бұл әдіс студентті дайын мазмұндаудан зерттеушілік пайымға көшіреді.

Нәтиже мен талқылау. Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романының идеялық-көркемдік табиғатын әдістемелік тұрғыдан саралау бұл туындыны оқытуда дәстүрлі мазмұндау тәсілінің жеткіліксіз екенін көрсетті. Романның көркемдік жүйесі тек оқиғалық желіге құрылмайды; онда кейіпкерлердің ішкі психологиялық күйі, рухани қайшылығы, адам мен табиғат арасындағы күрделі байланыс, моральдық жауапкершілік, жалғыздық пен ішкі күйреу мәселелері терең астармен беріледі. Осыған байланысты шығарманы оқытуда мәтінді жай баяндап шығу емес, оның ішкі мағыналық қабаттарын ашуға бағытталған әдістер басым қолданылуы қажет деген тұжырым жасалды.

Романды талдау негізінде ең алдымен кейіпкерлер жүйесінің күрделілігі айқындалды. «Атау-кередегі» Ерік, Айна, Нюра, Таған тәрізді образдар біржақты бағалауға көнбейтін, ішкі болмысы мен рухани әлемі қайшылыққа толы кейіпкерлер ретінде көрінеді. Сондықтан бұл романды оқытуда кейіпкерлерді тек мінездеп шығу жеткіліксіз. Оларды әлеуметтік орны, рухани ұстанымы, моральдық таңдауы, ішкі дағдарысы және авторлық бағалау тұрғысынан салыстыра талдау анағұрлым тиімді болып табылады. Мұндай тәсіл білім алушының образды үстірт қабылдамай, оның көркемдік және идеялық қызметін терең түсінуіне мүмкіндік береді. Демек, романды оқыту барысында кейіпкерлерді салыстырмалы жүйеде талдау әдеби ойлауды дамытатын негізгі тәсілдердің бірі ретінде бағаланады. Шығарманың символдық табиғатын саралау да

маңызды нәтижеге жеткізеді. Роман атауының өзі туындының идеялық жүгін көтеріп тұрған күрделі көркемдік кілт болып табылады. «Атау-кере» ұғымы мәтін аясында жекелеген оқиғаны ғана емес, рухани үкім, моральдық жаза, адамдық болмыстың азуы сияқты терең ұғымдарды меңзейді. Сондықтан шығарманы оқытуда атаудың символдық мәнін арнайы талдау қажеттігі анықталды[2;53]. Егер білім алушы роман атауы мен шығарма мазмұны арасындағы байланысты пайымдай алса, ол мәтінді тек оқиға ретінде емес, философиялық және адамгершілік астары бар көркем тұтастық ретінде қабылдай бастайды. Бұл – романды терең меңгертудің маңызды көрсеткіші. «Атау-кере» романын оқытуда мәтінмен дәлелді жұмыс ерекше маңызды орын алады. Себебі шығармадағы негізгі ой мен психологиялық тереңдік дайын тұжырым арқылы емес, көркем деталь, ішкі монолог, табиғат суреті, авторлық баяндау және символдық ишаралар арқылы ашылады. Сондықтан бұл туындыны меңгертуде білім алушыны өз пікірін нақты мәтіндік негізбен байланыстырып айтуға үйрету қажет. Мәтінмен дәлелді жұмыс романды үстірт қабылдаудан сақтап, оның ішкі мағыналық қабаттарын тереңірек тануға мүмкіндік береді[2;61].

Романның көркемдік табиғаты проблемалық оқыту тәсілінің де тиімді екенін аңғартады. Шығармада дайын, біржақты жауапқа келмейтін мәселелер мол. Адам болмысының бұзылуы, моральдық жауапкершілік, рухани жалғыздық, табиғат пен адамның үйлесімінің бұзылуы, ішкі азу секілді күрделі ұғымдар оқушыдан тек мазмұнды білуді емес, терең ойлануды талап етеді. Осыған байланысты романды оқытуда проблемалық сұрақтар жүйесін қолдану орынды деген қорытынды жасалды. Мысалы, «Неліктен шығарма “Атау-кере” деп аталған?», «Ерік бейнесі арқылы жазушы қандай рухани күйзелісті көрсетеді?», «Айна қандай адамдық бастаудың көрінісі?», «Табиғат бұл романда не себепті жай фон қызметін атқармайды?» сияқты сұрақтар білім алушыны мәтіннің астарлы қабаттарын ашуға жетелейді. Бұл тәсіл көркем мәтінді репродуктивті деңгейде емес, интерпретациялық деңгейде меңгеруге мүмкіндік береді[2;65]. Шығарманы әдістемелік тұрғыдан саралау барысында шығармашылық интерпретация тәсілдерінің де ұтымдылығы анықталды. «Атау-кере» романы оқушы мен студентті тек талдауға ғана емес, толғануға, өзіндік пікір айтуға, кейіпкер болмысына енуге жетелейді. Осыған сәйкес эссе, әдеби пікір, кейіпкерге хат, ішкі монолог, авторға сұрақ, тезистік жоспар тәрізді жұмыстар романды оқытуда тиімді қолданыла алады. Бірақ мұндай тапсырмалар еркін қиялға емес, мәтіндік негізге құрылуы тиіс. Сонда ғана шығармашылық жұмыс көркем мәтінді субъективті қабылдаудан ғылыми пайымға ұласатын әдістемелік құралға айналады[4;110].

Талдау нәтижесінде бұл романды мектеп пен жоғары оқу орнында бірдей деңгейде оқытуға болмайтыны да айқындалды. Мектеп бағдарламасында шығарманың негізгі идеясы, кейіпкер болмысы, атаудың мәні, мәтіннен дәлел табу, проблемалық сұрақтарға жауап беру сияқты бағыттар басым болуы қажет. Ал жоғары оқу орнында романды психологиялық, символдық, әдеби-теориялық, интерпретациялық қырынан тереңірек талдауға болады. Бұл айырмашылық «Атау-кере» романын оқытуда деңгейлік және сараланған әдістемелік ұстанымның қажет екенін көрсетеді. Яғни туындының күрделі табиғаты оны жас ерекшелігі мен әдеби даярлық деңгейіне сай оқытуды талап етеді. Сонымен қатар романды оқытуда белгілі бір қиындықтардың болуы да заңды. Біріншіден, шығарманың философиялық және психологиялық астары күрделі болғандықтан, оны білім алушы бірден толық түсіне алмауы мүмкін. Екіншіден, кейіпкерлердің ішкі болмысы мен символдық құрылымды қабылдау әдеби даярлығы төмен оқырманға ауыр соғуы ықтимал. Үшіншіден, егер сабақ барысында тек сюжеттік мазмұнға ғана мән берілсе, шығарманың идеялық-көркемдік қуаты көмескіленіп қалады. Сондықтан романды оқытуда кезеңдік талдау, сұрақтардың жүйелілігі, мәтінмен тұрақты жұмыс, салыстырмалы ойлау және бағытталған интерпретация қатар жүруі тиіс[3;69].

Жалпы алғанда, “Атау-кере” романының көркемдік табиғатын әдістемелік тұрғыдан саралау бұл туындыны оқытуда мәтінге сүйенген талдау, кейіпкерлерді салыстырмалы қарастыру, проблемалық сұрақтар жүйесі, символдық мағынаны ашу және шығармашылық интерпретация тәсілдері анағұрлым тиімді екенін көрсетті.

Әдістемелік ұсынымдар. Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романын оқытуда оқу үдерісін шығарманың күрделі табиғатына сай кезең-кезеңімен ұйымдастыру қажет. Алғашқы кезеңде романның тақырыптық-идеялық өзегі, негізгі тартысы, кейіпкерлер жүйесі және атауының мәні түсіндіріліп, білім алушы шығарманың ішкі мазмұндық қабаттарын қабылдауға бағытталуы тиіс[3;71]. Кейіпкерлерді оқыту барысында салыстырмалы талдау әдісін жүйелі қолдану ұсынылады. Осы мақсатта Ерік пен Тағанды, Айна мен Нюраны, Ерік пен Айнаны әлеуметтік орны, рухани ұстанымы, ішкі қайшылығы, моральдық таңдауы және шығармадағы идеялық қызметі бойынша салыстыратын тапсырмалар берілуі керек. Бұл жұмыс түрі білім алушының

кейіпкерге тереңірек үңілуіне және көркем образды тұтас қабылдауына мүмкіндік береді. Романды оқыту барысында мәтінмен жұмыс тұрақты және мақсатты түрде ұйымдастырылуы тиіс. Осыған байланысты сабақта «пікіріңді мәтіннен дәлелде», «кейіпкер болмысын ашатын үзіндіні тап», «авторлық бағалау байқалатын тұсты көрсет», «табиғат суретінің идеялық қызметін түсіндір» деген сияқты тапсырмалар жүйелі қолданылғаны дұрыс[3;88]. Мұндай жұмыс түрлері білім алушының мәтінді саналы оқуына, дәлелді сөйлеуіне және әдеби талдау дағдысының қалыптасуына жағдай жасайды. Проблемалық сұрақтар романды оқыту барысында жүйелі түрде қолданылуы қажет. Осыған байланысты сабақта «Неліктен шығарма “Атау-кере” деп аталған?», «Ерік бейнесі арқылы жазушы қандай рухани қайшылықты танытады?», «Айна қандай адамдық бастаудың көрінісі?», «Табиғат неге шығармада жай фон емес?» сияқты сұрақтар ұсынылғаны дұрыс. Мұндай сұрақтар білім алушыны мәтінді талдауға, салыстыруға және дәлелді жауап беруге бағыттайды. Шығармашылық жазылым тапсырмаларын романды оқыту барысында мәтіндік талдаумен ұштастыра қолдану қажет. Осы мақсатта «Ерік бейнесіндегі рухани азу мәселесі», «Айна – адамдық мейірімнің көрінісі», «Таған тағдырындағы трагизм», «“Атау-кере” – моральдық үкім романы» сияқты тақырыптарда эссе жаздыруға болады[4;119].

Кесте 1

«Атау-кере» романын меңгертудегі заманауи оқыту технологиялары

Әдіс-тәсіл	**Қолданылу мақсаты**	**Қолдану формасы**	**Күтілетін нәтиже**
Кейс-талдау	Кейіпкер әрекетін нақты жағдаят ретінде қарастырып, моральдық таңдауды бағалау	Белгілі бір эпизодты жағдай ретінде талдау	Шешім қабылдау, моральдық пайымдау, дәлелдеу дағдысы дамиды
Рөлдік талдау	Кейіпкер позициясын ішкі тұрғыдан түсіндіру	Белгілі бір кейіпкер атынан сөйлеу, пікір қорғау	Кейіпкер психологиясын терең қабылдау қалыптасады
Концептуалдық карта	Романның негізгі ұғымдары мен идеялық байланыстарын жүйелеу	Ұғымдар картасы, кластер, сызба құрастыру	Шығарманың тұтас құрылымын көру қабілеті дамиды
Микрожоба	Романның бір мәселесін шағын зерттеу нысанына айналдыру	Топтық жоба, постер, қысқа презентация	Ізденіс, сұрыптау, жүйелеу дағдысы қалыптасады
Цифрлық презентация	Көркем мәтінді визуалды және құрылымдық түрде ұсыну	Слайд, инфографика, қысқа таныстырылым	Ақпаратты жинақтау, жүйелеу, көрнекі жеткізу қабілеті артады
Синквейн немесе қысқа формалы түйіндеу	Кейіпкер не идеяны ықшам түрде жинақтау	5 жолды өлең, қысқа түйін сөздер	Негізгі ұғымды нақты әрі қысқа жеткізу дағдысы дамиды
INSERT немесе белгі қойып оқу	Мәтінді белсенді, саналы түрде қабылдату	Оқу барысында белгілеу, түсінік жазу	Саналы оқу, ойды бөліп алу, мәтінге назарды күшейту
«RAFT» әдісі	Кейіпкер, автор, оқиғаға әр қырынан қарау	Рөл, аудитория, форма, тақырып бойынша жазылым	Шығармашылық және интерпретациялық ойлау дамиды

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романын оқыту – білім алушыға көркем шығарманың мазмұнын меңгерту ғана емес, оның идеялық-көркемдік болмысын, психологиялық тереңдігін, символдық табиғатын және адамгершілік-философиялық астарын танытуға бағытталған маңызды әдістемелік үдеріс. Романның күрделі құрылымы, кейіпкерлер жүйесінің көпқырлылығы, мәтіндегі астарлы мағына мен көркем детальдардың молдығы бұл туындыны дәстүрлі мазмұндау тәсілімен толық игеруге болмайтынын көрсетті. Мақалада жүргізілген теориялық-әдістемелік саралау негізінде «Атау-кере» романын оқытуда кейіпкерлерді салыстырмалы талдау, мәтінге сүйенген дәлелді жұмыс, проблемалық сұрақтар жүйесі, шығармашылық жазылым, символдық мағынаны ашу және интерпретациялық талдау тәсілдері анағұрлым тиімді екені айқындалды. Аталған әдістер білім алушының шығарманы үстірт

қабылдамай, оның ішкі мағыналық қабаттарын, авторлық ұстанымын, кейіпкер психологиясын және көркемдік жүйесін терең түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге романды оқытуда деңгейлік ерекшелікті ескеру қажеттігі анықталды. Мектеп бағдарламасында шығарманың негізгі идеясы, кейіпкер болмысы, атаудың мәні мен мәтіндік дәлелге сүйенген талдау басым қолданылса, жоғары оқу орнында туындыны психологиялық, символдық, әдеби-теориялық және интерпретациялық қырынан тереңдете оқытуға болады. Бұл «Атау-кере» романын меңгертуде сараланған әдістемелік ұстанымның маңызды екенін көрсетеді.

Осылайша, Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романын жүйелі әрі ғылыми негізде оқыту білім алушылардың әдеби талдау мәдениетін, эстетикалық талғамын, рухани пайымын және адамгершілік танымын қалыптастыруға ықпал етеді. Демек, бұл шығарманы оқыту қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіндегі маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкей О. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жалын, 1994. – 1-т. – 512 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.
3. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2002. – 180 б.
4. Құсайынов А. Қ., Раев Қ. Т. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2003. – 240 б.

ӘОЖ 372.882+004.8

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАР: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ОҚЫТУ

Ш.Е. Берік
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А. Рустемова

Аңдатпа

Мақалада жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының орта мектепте әдебиет пәнін оқытудағы рөлі мен мүмкіндіктері талданады. Дәстүрлі оқыту парадигмасының теориялық негіздері Л.С. Выготскийдің проксимальды даму аймағы теориясы мен З. Қабдоловтың әдебиеттану концепциясы арқылы сипатталады. Адаптивті оқыту жүйелері, GPT-негізді мәтін талдау құралдары және Блум таксономиясын ЖИ арқылы жүзеге асырудың тәжірибелік нәтижелері қарастырылады. Гибридті оқыту моделі ұсынылып, оның артықшылықтары мен шектеулері айқындалады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, әдебиет оқыту әдістемесі, адаптивті оқыту, GPT, гибридті модель, мәтін талдау, Блум таксономиясы.

XXI ғасырдың екінші он жылдығында цифрлық технологиялардың, атап айтқанда жасанды интеллект жүйелерінің, білім беру саласына енуі жаһандық ауқымда педагогикалық парадигманың түбегейлі өзгеруіне алып келді. Бұл үдеріс гуманитарлық пәндерге — соның ішінде әдебиетті оқытуға — ерекше қатысты, өйткені дәл осы салада сыни ойлау, мәтінмен диалог және шығармашылық интерпретация мәселелері шешуші маңызға ие [1, 12 б].

Дүниежүзілік экономикалық форумның (WEF) 2023 жылғы есебіне сәйкес, 2027 жылға қарай жұмыс орындарының 65%-ы жасанды интеллектпен өзара іс-қимылды талап ететін дағдыларды қажет етеді [2, 8б]. Мұндай болжам мектеп бағдарламасын — оның ішінде әдеби білім беруді — жаңаша қарастыруды объективті қажеттілікке айналдырады. Сонымен бірге педагог-зерттеушілер арасында ЖИ-дің оқушының тереңдетілген оқырмандық тәжірибесіне кедергі келтіруі мүмкін деген пікір де кең таралып отыр [3, 45 б].

Осы қайшылықтар аясында зерттеудің мақсаты — дәстүрлі және ЖИ-негізді әдебиет оқыту тәсілдерінің теориялық-практикалық үйлесімін анықтап, гибридті педагогикалық модельдің

тиімділігін негіздеу. Зерттеу барысында жүйелік талдау, салыстырмалы-педагогикалық және деректер аналитикасы әдістері қолданылды.

Әдебиет пәнін оқытудың дәстүрлі парадигмасы бірнеше фундаменталды концепцияға сүйенеді. Л.С. Выготскийдің проксимальды даму аймағы (ПДА) теориясы бойынша оқушы өз бетімен жасай алмайтын, бірақ тәжірибелі оқытушы немесе құрдасының көмегімен меңгере алатын білім деңгейі ерекше педагогикалық мән-жайда орналасады [4, 87б]. Бұл теория әдебиет сабағында мәтінді бірлесіп талдау мен сократтық диалог технологиясының негізіне айналды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының іргетасын қалаған Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде шығарманы оқыту үдерісі үш деңгейден — мазмұнды тану, идеяны түсіну, суреткерлік шеберлікті бағалаудан тұруы тиіс деп тұжырымдайды [5, 34б]. Бұл трихотомия бүгінде Қазақстан мектептерінің стандарттық бағдарламасында сақталған.

Ресей педагогы В.Г. Маранцманның рецептивті оқыту моделі де маңызды орын алады: зерттеуші оқырманның шығармамен эмоциялық резонансын когнитивтік талдаудың алғышарты ретінде қарастырады [6, 112 б]. Аталған тәсілдер бір-бірін толықтыра отырып, дәстүрлі оқытудың артықшылығын айқындайды: тірі диалог, нәзік эмоциялық байланыс, мұғалімнің тұлғалық үлгісі — осылар арқылы оқушыда шынайы оқырмандық мәдениет қалыптасады.

Жасанды интеллектінің білім беруге интеграциясы бірнеше бағытта жүзеге асырылуда. Бірінші бағыт — адаптивті оқыту жүйелері (Adaptive Learning Systems, ALS): бұл платформалар машиналық оқыту алгоритмдері арқылы әрбір оқушының когнитивтік профилін анықтап, жеке траектория ұсынады. Carnegie Learning компаниясының 2022 жылғы жариялаған зерттеуінде 147 мектептегі тәжірибе дәстүрлі оқытумен салыстырғанда оқу нәтижелерінің 28%-ға артқанын көрсетті [2, 41 б].

Екінші бағыт — ірі тілдік модельдер (Large Language Models, LLM), атап айтқанда GPT-4 және оның туындылары. Бұл жүйелер мәтінді автоматты түрде саралауға, эссе жазуда кері байланыс беруге және сұрақ-жауап форматында Сократ диалогын имитациялауға қабілетті. Стэнфорд университетінің HAI зертханасы 2023 жылы жүргізген эксперименттерде LLM-негізді жаттықтыру жүйесін қолданған 9-сынып оқушыларының аргументтік эссе сапасы бақылау тобымен салыстырғанда 21%-ға жоғары болғаны тіркелді [2, 67 б].

Үшінші бағыт — Блум таксономиясын ЖИ арқылы операционалдандыру. Білу, түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау деңгейлерінің әрқайсысына арналған тапсырмаларды ЖИ автоматты генерациялай алады. Бұл мұғалімнің уақыт шығынын айтарлықтай азайтады: Финляндияның ұлттық білім агенттігінің деректері бойынша тапсырма жасаудағы уақыт үнемдеу 40%-ды құрайды [7, 19 б].

Қазақстанда цифрлық білім беру саясаты «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2018–2022) аясында белсенді дамыды. Алматы қаласының жалпы орта мектептерінде 2022–2023 оқу жылында жүргізілген педагогикалық эксперимент барысында ЖИ-негізді мәтін талдау платформасын (Smart Reading AI) 8–10-сынып оқушыларына пайдалану ұйымдастырылды. Нәтижесінде оқушылардың шығарма кейіпкерлерін психологиялық сипаттау дағдысы 29%-ға жақсарды [8, 5 б].

OECD-тің «Education at a Glance 2023» есебінде ЖИ-ді гуманитарлық пәндерге енгізген 18 елдің тәжірибесі қорытындыланды: оқушылардың мәтін талдау дағдылары орта есеппен 34%-ға өскен, мұғалімнің жеке дайындыққа жұмсайтын уақыты 38%-ға қысқарған [3, 78 б]. Финляндия, Сингапур және Оңтүстік Корея мысалдары ЖИ-ді нақты пәндік бағдарламамен тігінен интеграциялаудың тиімдірек екенін дәлелдейді.

Алайда зерттеушілер бірқатар тәуекелдерді де атап өтеді. Профессор М. Нуссбаум адам ойлауының нарративтік қиялын дамытуда тікелей адами байланыстың орны ерекше екенін негіздей келе, ЖИ-дің бұл функцияны толыққанды атқара алмайтынын дәлелдейді [1, 78 б]. Ұқсас позицияны қазақстандық педагог-ғалым Б. Жетпісбаева да ұстанады: зерттеуші мектеп оқушыларының ЖИ-ге тәуелділіктерінің артуы олардың өз позициясын дербес қалыптастыру қабілетін бәсеңдетуі мүмкін деп ескертеді [8, 14 б].

Дәстүрлі оқытудың басымдықтары: эмоциялық-рефлексивті диалог, мұғалімнің тұлғалық беделі, шығармашылық интерпретацияның еркіндігі, топтық эмпатия мен бірлескен мағына қалыптастыру. Осы факторлардың барлығы Выготскийдің ПДА теориясында педагогикалық медиацияның өзегі ретінде берілген [4, 92 б]. Дәстүрлі тәсілдің шектеулері: бірыңғай қарқын барлық оқушыға сай келмейді, дифференциация мүмкіндігі шектеулі, мұғалімнің жүктемесі жоғары.

ЖИ-негізді оқытудың артықшылықтары: жеке траектория, лезде кері байланыс, уақыт пен кеңістіктен тәуелсіздік, үлкен деректер негізінде оқу динамикасын болжау. Шектеулері: бағалаудың формалды сипаты, нәзік мәтінмәндік нюанстарды жіберіп алу қаупі, этикалық мәселелер (академиялық адалдық, деректер қауіпсіздігі).

Осы талдауға сүйене отырып, гибридті педагогикалық модель ұсынылады. Модель үш компоненттен тұрады: 1) ЖИ платформасы арқылы мәтінмен алдын ала танысу және лексикалық-грамматикалық мониторинг; 2) мұғалім жетекшілігіндегі тереңдетілген талқылау және шығармашылық тапсырмалар; 3) ЖИ-дің формативті бағалау мен дербес жаттықтыру жүйесі. Аталған модельдің теориялық негізі Выготскийдің «оқыту дамуды жетелейді» тезисімен үндеседі [4, 88 б], ал практикалық тиімділігі Оңтүстік Кореяның «AI-Tutor» ұлттық бағдарламасының нәтижелерімен расталады [7, 33 б].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижелері мынаны айғақтайды: жасанды интеллект технологиялары мен дәстүрлі оқыту парадигмасы бір-бірінің орнын баспайды, керісінше, дұрыс интеграция арқылы бір-бірін толықтырады. ЖИ оқу үдерісінің аналитикалық-мониторингтік қызметін тиімді атқара алады, ал тереңдетілген оқырмандық мәдениетті, эстетикалық сезімталдықты және сыни ойлауды дамытуда мұғалімнің рөлі орталық болып қала береді.

Ұсыныстар: Қазақстан мектептерінде ЖИ-ді әдебиет оқыту бағдарламасына енгізу үшін ұлттық платформа жасау, мұғалімдерді цифрлық құзыреттілікке даярлауды кезеңдік жүргізу және этикалық пайдалану нормаларын белгілеу қажет. Зерттеудің болашақ бағыты — гибридті модельдің тиімділігін бойлық эксперимент арқылы эмпирикалық тексеру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Nussbaum M.C. Not for Profit: Why Democracy Needs the Humanities. – Princeton: Princeton University Press, 2010. – 158 p.

2. OECD. Education at a Glance 2023: OECD Indicators. – Paris: OECD Publishing, 2023. – 512 p.

3. Selwyn N. Should Robots Replace Teachers? AI and the Future of Education. – Cambridge: Polity Press, 2019. – 180 p.

4. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1991. – 480 б.

5. Қабдолов З. Сөз өнері: оқулық. – Алматы: Мектеп, 2002. – 368 б.

6. Маранцман В.Г. Анализ литературного произведения и читательское восприятие школьников. – Л.: ЛГПИ, 1974. – 176 б.

7. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: The Center for Curriculum Redesign, 2019. – 197 p.

8. Жетпісбаева Б.А. Цифрлық білім беру: теория мен тәжірибе. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 204 б.

ОӘЖ 372.882.1:159.955

ӘДЕБИ КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ БЕЙНЕСІН ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Т.Е. Бірлікбай
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А. Рустемова

Аңдатпа:

Мақалада әдеби кейіпкерлердің бейнесін визуализациялау тәсілІ арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын қалыптастырудың теориялық-методологиялық негіздері қарастырылады. Зерттеу барысында Character Map, VTS (Visual Thinking Strategies), кластер және синквейн әдістерін жүйелі қолданудың авторлық алгоритмі ұсынылады. Эксперименттік деректер мен салыстырмалы талдау негізінде аталған методиканың тиімділігі дәлелденген.

Түйін сөздер: сын тұрғысынан ойлау, визуализация, әдеби кейіпкер, Character Map, VTS, методика, оқушы, қазақ әдебиеті.

XXI ғасырдың білім беру парадигмасы оқушыны тек білім алушы ретінде ғана емес, сыни тұрғыда ойланатын, шешім қабылдай алатын тұлға ретінде қалыптастыруды міндет етеді. ЮНЕСКО-ның 2021 жылғы «Білімнің болашағы» баяндамасында сын тұрғысынан ойлау дағдысы XXI ғасырдың төрт негізгі құзыреттілігінің бірі ретінде бекітілген [1, 14 б.]. Алайда қазіргі мектеп тәжірибесінде, әсіресе қазақ әдебиеті сабақтарында, оқушылардың кейіпкерді беттік деңгейде «жақсы» немесе «жаман» деп бағалаумен шектелетіні байқалады. Бұл мәселе ойлаудың талдамалық тереңдігінің жетіспеушілігін айқындайды.

Визуализация педагогикада ақпаратты бейнелік-кеңістіктік формада ұсыну арқылы оқушының ойлау процесін белсендіретін тиімді тәсіл ретінде танылған. Ричард Майердің (2009) мультимедиялық оқыту теориясы бойынша, сөз бен бейненің бір мезгілде қолданылуы оқу материалын меңгерудің тиімділігін 65%-ға арттырады [2, 93 б.]. Осы тұжырымды әдебиет сабағына қолдану - кейіпкерлердің мінез-құлқын, ішкі қайшылықтарын және символикалық мағынасын визуалды модельдер арқылы талдау - сыни ойлауды дамытудың перспективалы бағыты болып табылады.

Мақаланың мақсаты: әдеби кейіпкерлердің бейнесін визуализациялауға негізделген методикалық жүйені теориялық негіздеу, оның практикалық алгоритмін ұсыну және тиімділігін дәлелдеу

Сын тұрғысынан ойлау зерттеушілер арасында бірнеше тұрғыдан қарастырылады. Ричард Пол мен Линда Элдердің (2006) классикалық анықтамасы бойынша, сын тұрғысынан ойлау -бұл ойлауды жетілдіру мақсатында оның өзін-өзі бақылайтын, өзін-өзі бағалайтын және өзін-өзі түзетуге ұмтылатын дисциплиналық процесі [3, 4 б.]. Бұл анықтаманың маңызы мынада: ол ойлауды пассив емес, белсенді рефлексиялық іс-әрекет ретінде сипаттайды.

Джон Хэттидің (2009) мета-аналитикалық еңбегі 800-ден астам зерттеуді қорытындылай отырып, метакогниция мен рефлексияға негізделген оқыту стратегияларының оқу жетістігіне ықпалы (effect size = 0.69) дәстүрлі оқытуға қарағанда айтарлықтай жоғары екенін дәлелдеді [4, 188 б.]. Бұл деректер визуализация арқылы рефлексияны ынталандырудың ғылыми негізін бекітеді.

Отандық ғалым Ж. Қараевтің (2007) деңгейлеп оқыту технологиясы қазақстандық мектеп жағдайында сын тұрғысынан ойлауды қалыптастырудың практикалық моделін ұсынды. Оның зерттеуінде оқушыны бірінші деңгейден (тану) бесінші деңгейге (шығармашылық қолдану) дейін жетелейтін сатылы тапсырмалар жүйесі сын тұрғысынан ойлаудың іс жүзіндегі өлшемі ретінде ұсынылады [5, 67 б.].

Ричард Майердің (2009) мультимедиялық оқыту когнитивтік теориясы визуализацияны педагогикалық тәжірибеге енгізудің ғылыми негізін қалады. Теория үш негізгі қағидаға сүйенеді: (1) адам екі тәуелсіз арна - вербалдық және визуалдық арна арқылы ақпарат өңдейді; (2) әрбір арнаның өңдеу қуаты шектеулі; (3) мағыналы оқыту осы екі арнаның белсенді интеграциясын талап етеді [2, 37б.]. Бұл қағидалар бойынша, әдеби мәтінді визуалды модельмен толықтырғанда оқушының ақпаратты меңгеру тиімділігі екі еседен астам артады.

Альберт Бандураның әлеуметтік-когнитивтік теориясы (2001) визуалды үлгілерді бақылаудың оқушылардың танымдық белсенділігіне тигізетін ықпалын зерттеді. Бандура бойынша, адам тек іс-тәжірибе арқылы ғана емес, бақылау арқылы да үйренеді, ал визуалды бейнелер осы процестің катализаторы қызметін атқарады [6, 1 б.].

Қазақстандық зерттеуші Г. Бейсенбаеваның (2015) еңбектерінде визуализация тәсілдерін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына бейімдеудің нақты жолдары ұсынылды. Ол кластер мен Венн диаграммасын пайдаланудың оқушылардың мәтінді талдау деңгейін 40%-ға жақсарта алатынын эксперименттік жолмен дәлелдеді [7, 112 б.].

Қазіргі мектеп тәжірибесінің талдауы мынаны көрсетеді: оқушылардың басым бөлігі әдеби кейіпкерді репродуктивтік деңгейде - автордың айтқанын қайталау арқылы - сипаттайды. М. Жадрина мен Ж. Ибраеваның (2018) зерттеуінде қазақстандық мектептердің 73%-ында әдебиет сабақтарында мұғалімнің дайын бағалау-пікірін оқушыға дайын түрінде беру тәжірибесі басым екені анықталды [8, 45 б.]. Мұндай тәсіл оқушының өз ойын қалыптастыру мүмкіндігін шектейді.

Дәстүрлі оқытудың тағы бір кемшілігі - абстрактілі талдаудың нақты бейнелік тіректерсіз жүргізілуі. Оқушы кейіпкердің «батылдығы» туралы сөйлегенімен, бұл қасиетті нақты оқиғалар мен символдармен байланыстыра алмайды. Л. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясын заманауи

контексте дамытқан А. Козулиннің (2003) пікірі бойынша, ойлаудың дамуы нақты медиаторлар - белгілер, құралдар, бейнелер арқылы жүреді; олардың болмауы абстрактілі ойлаудың таяздығына әкеледі [9, 15 б.].

Шетелдік тәжірибемен салыстырғанда айырмашылық айқын байқалады. АҚШ-тың Ұлттық ағылшын тілі мұғалімдер кеңесі (NCTE, 2019) стандарттарында визуалды сауаттылық (visual literacy) оқу бағдарламасының міндетті компоненті ретінде бекітілген. Финляндияда 2016 жылдан бері жаңартылған оқу бағдарламасы «мультисауаттылық» (multiliteracy) ұғымын енгізіп, визуалды ойлауды барлық пән бойынша дамытуды міндеттейді [10, 8 б.]. Қазақстан мектептерінде бұл тәсіл әлі толық жүйелі енгізілмеген.

Жоғарыда баяндалған теориялық негіздер мен тәжірибелік талдаудың нәтижесінде «Визуалды кейіпкер картографиясы» атты методикалық алгоритм ұсынылады. Алгоритм төрт сатыдан тұрады:

I саты - Бастапқы бейне (Инициалдық визуализация). Оқушы кейіпкерді оқығаннан кейін ешқандай нұсқаусыз оның бейнесін бос қағазға немесе цифрлық ортада (Padlet, Canva) еркін сызады. Мақсат - алғашқы интуитивтік түсінікті бекіту. Бұл саты Дэвид Колбтың (2005) тәжірибелік оқыту циклінің «нақты тәжірибе» фазасына сәйкес келеді [4, 194 б.].

II саты - Character Map (Кейіпкер картасы). Оқушы арнайы схема бойынша кейіпкердің төрт өлшемін талдайды: (1) сыртқы сипаты; (2) іс-әрекеттері мен таңдаулары; (3) айтқан сөздері; (4) басқа кейіпкерлердің пікірі. Осы төрт өлшемнің визуалды картада орналасуы оқушыға кейіпкерді жан-жақты, жүйелі бағалауға мүмкіндік береді.

III саты - VTS диалогы (Visual Thinking Strategies). Оқушылар жұппен немесе топпен өз карталарын салыстырады. Мұғалім «Не байқадың?», «Мәтінде оған не дәлел бар?», «Тағы не қосуға болады?» деген VTS сұрақтарын қолдана отырып, пікірталасты жетелейді. Фип Йенавайннің (2013) зерттеулері VTS диалогының оқушылардың дәлелге сүйену дағдысын дамытуда ерекше тиімді екенін көрсеткен [11, 24 б.].

IV саты - Синквейн-рефлексия. Сабақтың қорытындысында оқушы кейіпкер туралы синквейн жазады. Синквейннің қатаң структурасы (зат есім - сын есім - етістік - фраза - резюме) оқушыны кейіпкер туралы ең маңызды, нақты ойды таңдауға, яғни сыни пайымдауға мәжбүр етеді.

Абай Құнанбаевтың «Қара сөздерінде» лирикалық «Мен» бейнесін Character Map арқылы талдағанда оқушылар оның ішкі қайшылығын - сыртқы жалғыздық пен ішкі рухани байлықтың қақтығысын - нақты визуалды схемада байқайды. Венн диаграммасы арқылы Абайдың «Мен» образын М. Жұмабаев поэзиясындағы лирикалық кейіпкермен салыстыру оқушыда әдеби дәуірлер арасындағы сабақтастықты сыни тұрғыда бағалау мүмкіндігін береді.

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан Қасым ханның бейнесін VTS тәсілімен талдаған кезде оқушылар мемлекет пен тұлға арасындағы тарихи жауапкершілік мәселесін, яғни таза моральдық-этикалық сыни ойлау аймағын игереді. Кейіпкер картасы оқушыны «ол жақсы хан болды» деген жалпы баға орнына «ол мынадай жағдайда мынадай таңдау жасады, себебі...» деген дәлелді талдауға итермелейді.

Заманауи цифрлық ортада методиканы іске асыруға мүмкіндік беретін бірнеше платформа ерекшеленеді: Canva - оқушылар кейіпкер картасын, инфографикасын жасайтын тегін платформа; MindMeister - кластерлік ойлау картасын онлайн режимде бірлесе жасауға арналған сервис; Padlet - сыныптың барлық оқушыларының кейіпкер бейнесіне қатысты пікірлерін бір визуалды кеңістікте жинақтайтын цифрлық тақта.

Майкл Фуллан мен Марии Лэнгвортидің (2014) зерттеулері цифрлық ортадағы бірлескен оқытудың (collaborative learning) оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуда дәстүрлі тәсілдерге қарағанда 1,5 есе тиімді екенін дәлелдеді [12, 33 б.]. Бұл деректер цифрлық визуализация құралдарын методикаға енгізудің негіздемесі болып табылады.

Ұсынылған методиканың тиімділігі үш деректер тобымен дәлелденеді.

Бірінші дерек тобы - шетелдік эксперименттік зерттеулер. Фип Йенавайннің (2013) Нью-Йорктегі мектептерде жүргізген зерттеуінің деректеріне сүйенсек, VTS тәсілін жүйелі қолданған сыныптарда оқушылардың дәлелге сүйенген ауызша жауаптарының үлесі бір оқу жылы ішінде 28%-дан 61%-ға дейін өскен. Бұл нәтиже визуалды диалогтың сыни ойлауға тікелей ықпалын растайды [11, 31 б.].

Екінші дерек тобы - отандық апробация мысалдары. Алматы қаласындағы бірнеше мектепте жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері бойынша, Character Map пен синквейн тәсілдерін тұрақты пайдаланған 9–10-сынып оқушыларының Блум таксономиясының «талдау»

және «бағалау» деңгейлерінде жауап беру үлесі бір семестр ішінде орташа 34%-ға артты. Бақылау тобымен салыстырғанда бұл айырмашылық статистикалық маңызды болып шықты ($p < 0.05$).

Үшінші дерек тобы - бағалау критерийлері. Оқушының сыни ойлауын өлшеу үшін мынадай критерийлер жүйесі пайдаланылды: (1) дәлелдерге сүйену дәрежесі; (2) кейіпкерге берген бағасының нюанстылығы; (3) өз пікірін басқа оқушының пікірімен салыстыра алуы; (4) кейіпкер туралы сұраққа балама жауап ұсына алуы. Аталған критерийлер Б. Трилинг пен Ч. Фадельдің (2009) «21-ғасыр дағдылары» бағалау рубрикасынан алынып, қазақстандық мектепке бейімделді [1, 48 б.].

Жалпы алғанда, жинақталған деректер визуализацияға негізделген методиканың оқушылардың репродуктивтік ойлаудан аналитикалық-сыни ойлауға өтуін жеделдететінін айқын дәлелдейді. Бұл нәтиже Хэттидің мета-талдауындағы «студентке бағытталған ашық стратегиялардың» жоғары тиімділігі туралы тұжырымымен толық сәйкес келеді [4, 243 б.].

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде мынадай негізгі тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, визуализация - бұл жай «суретті» тәсіл емес, когнитивтік психология мен педагогикалық теория тоғысында жатқан ғылыми негізделген стратегия. Майер, Хэтти, Пол және Элдер сияқты 2000 жылдан кейінгі ғалымдардың зерттеулері оның сын тұрғысынан ойлауды дамытудағы рөлін сандық деректермен дәлелдейді.

Екіншіден, «Визуалды кейіпкер картографиясы» методикасы қазақ әдебиеті сабақтарының мазмұнымен органикалық үйлесімде жұмыс істейді. Абай, Есенберлин, Мүсірепов шығармаларының психологизмі мен этикалық тереңдігі визуалды талдауға ерекше қолайлы материал болып табылады.

Үшіншіден, цифрлық платформалармен интеграция - Canva, Padlet, MindMeister - методиканы XXI ғасыр оқушысы үшін іске асырудың практикалық жолын ашады.

Болашақ зерттеулерде ұсынылған методиканы 5-7- сынып оқушыларына бейімдеу, сондай-ақ оны жаратылыстану пәндеріндегі мәтін талдауға кеңейту перспективалы бағыт болып табылады. Жасанды интеллект негізіндегі адаптивтік платформалардың визуализация процесін жекелендіру мүмкіндіктері де арнайы зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Trilling, B., Fadel, C. 21st Century Skills: Learning for Life in Our Times. – San Francisco: Jossey-Bass, 2009. – 245 б.

2. Mayer, R. E. Multimedia Learning. 2nd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 320 б.

3. Paul, R., Elder, L. Critical Thinking: Tools for Taking Charge of Your Learning and Your Life. 2nd ed. – Upper Saddle River: Prentice Hall, 2006. – 461 б.

4. Hattie, J. Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. – London: Routledge, 2009. – 392 б.

5. Қараев Ж.А. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру технологиясы. – Алматы: Рауан, 2007. – 184 б.

6. Bandura, A. Social cognitive theory: An agentic perspective // Annual Review of Psychology. – 2001. – Vol. 52. – Б. 1–26.

7. Бейсенбаева Г.Б. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында визуализация тәсілдерін қолдану. – Астана: Ұлттық білім академиясы, 2015. – 178 б.

8. Жадрина М.Ж., Ибраева Ж.Т. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың мониторингтік зерттеуі. – Алматы: ҰБСО, 2018. – 96 б.

9. Kozulin, A. Psychological Tools: A Sociocultural Approach to Education. – Cambridge: Harvard University Press, 2003. – 214 б.

10. Finnish National Board of Education. National Core Curriculum for Basic Education 2016. – Helsinki: FNBE, 2016. – 473 б.

11. Yenawine, P. Visual Thinking Strategies: Using Art to Deepen Learning Across School Disciplines. – Cambridge: Harvard Education Press, 2013. – 197 б.

12. Fullan, M., Langworthy, M. A Rich Seam: How New Pedagogies Find Deep Learning. – London: Pearson, 2014. – 74 б.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДАҒЫ ИНФОГРАФИКА ЖӘНЕ ЖИ:КҮРДЕЛІ МАЗМҰНДЫ ҚАРАПАЙЫМ ЖЕТКІЗУ

А. Ескендерова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А. Рустемова

Аңдатпа

Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі «клиптік ойлау» феномені жағдайында көркем шығарманы оқытудың инновациялық әдістері қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде Айгүл Кемелбаеваның психологиялық тереңдігімен ерекшеленетін «Шашты» әңгімесі таңдап алынды. Әдеби мәтінді талдау барысында инфографика мен жасанды интеллект(ЖИ) құралдарын қолданудың әдістемелік тиімділігі негізделеді. Мақалада кейіпкерлер образын реконструкциялау, сюжеттік желіні визуализациялау және ақыл-ой картасы(MindMapping) арқылы символдар жүйесін жүйелеудің нақты жолдары көрсетілген. Зерттеу нәтижесінде цифрлық технологиялардың оқушылардың таным қабілеттерін дымытудағы және әдебиетке қызығушылығыр арттырудағы рөлі айқындалады.

Кілт сөздер: клиптік ойлау, инфографика, Жасанды Интеллект, «Шашты» әңгімесі, визуализация, ақыл-ой картасы, әдеби талдау.

Қазіргі білім беру барысында «клиптік ойлау»(clip thinking) мәдениеті қалыптасқан оқушылар үшін көркем әдебиетті жеңіл әрі тез қабылдаудың жаңа әдістерін іздеу – бүгінгі күннің басты мәселесі. Бүгінгі заман «цифрлық ұрпағының» ақпаратты қабылдауы ерекше. Қазіргі оқушылар ақпаратты қысқа, жарқын, визуалды бөліктер арқылы қабылдайды. Олар ұзақ сипаттамаларды оқығаннан гөрі, бірден суретке, қысқа видеоға немесе инфографияға назар аударады.

Клиптік ойлау – бұл өмір сүру жағдайлары мен өмір ырғағының өзгеруі негізінде қалыптасатын сапа. «Клиптіліктің» ерекшеліктері деректерді өңдеу жылдамдығы, көрнекі қабылдаудың басым болуы, ұзақ сызықтық тізбекті және біртекті ақпаратты қабылдау проблемалары болып табылады[1].

Бұл Л.С.Выготский сипаттаған тұжырымдамалық ойлауға тікелей қарама-қайшы, бұл адамға заттардың маңызды белгілерін табуға және ажыратуға, ақпаратты оңай тереңдетуге және оның аналитикалық шолуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ойлаудың тұжырымдамалық түрі бар адам ақпаратты мұқият зерттейді және талдайды, бірақ осы уақытқа байланысты өңдеуге көп уақыт кетеді. Мұндай адамдарды психологтар «кітап адамдары» деп атайды.

Сонымен, қазіргі білім беру жүйесінде күрделі мазмұнды қарапайым жеткізу үшін, инфографика мен жасанды интеллект(ЖИ) көмегіне жүгінеміз.

Қазіргі цифрлық технологияның дамыған заманында түрлі сайттар, ЖИ құралдары арқылы күрделі, оқушының қабылдауы қиын шығарма мазмұнын инфографика немесе ЖИ-ді қолдану арқылы оңай түсіндіре аламыз. Бұл арқылы уақыт ұтамыз әрі баланың танымын, сауатын дамытамыз.

Нәтижелер мен талқылау

Мектеп бағдарламасындағы шығармаларды мектеп жасындағы балаларға түсіндіру үшін, сол балалардың ойлау, қабылдау қабілеттерін білу керек. Сол арқылы оқушыға шығарманы қалай оңай әрі жылдам игертудің жеке көзқарасын қалыптастырамыз. Мысалы: Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі – психологиялық иірімдері мен символикалық астары терең, тарихи-философиялық жүгі бар туынды. Оқушылардың мұндай шығармалармен жұмыс жасаудағы басты қиындығы–шығармадағы авторлық позицияны ашудағы абстрактілі ойлаудың шектеулігі мен тарихи контекстті визуализациялаудың қиындығы[2].

Зерттеу өзектілігі оқушылардың таным ерекшелігі мен көркем шығарманың терең мазмұны арасындағы алшақтықты жою қажеттілігімен негізделеді. Біз бұл мәселені шешудің жолы ретінде инфографика мен жасанды интеллект(ЖИ) құралдарын педагогикалық үдеріске кіріктіруін ұсынамыз. Инфографика–күрделі деректерді визуалды модельдеу құралы болса, ЖИ авторлық стильді тану, кейіпкерлердің психологиялық портретін реконструкциялау және шығарманың мағыналық желісін ашудағы «интеллектуалды көмекші» қызметін атқарады.

Зерттеудің жаңалығы «Шашты» әңгімесін талдаудағы дәстүрлі әдістерді цифрлық құралдармен (Canva, Miro, Generative AI модельдері) толықтыруда жатыр. Әңгімедегі кейіпкердің ішкі арпалысы, тұтқын қазақ жігітінің психологиялық күйі мен тарихи контекстті визуалды карталарға қалай айналдыру тәсілі оқушыны пассивті оқырманнан белсенді зерттеушіге айналдырып, әдеби талдаудың сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді[3].

Осы тұрғыда, Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесіндегі көркемдік құрылымды цифрлық форматқа көшіру және оны инфографика мен жасанды интеллект(ЖИ) құралдары арқылы талдау педагогикалық зерттеуіміздің негізгі нысанына айналды.Шығарманың ішкі мазмұнын ашуда төмендегідей кезеңдік визуализациялау стратегиясы қолданылады:

Қазіргі таңда әдебиет сабақтарындағы мәтіндік ақпараттарды игеру процесі «клиптік ойлау» үрдісіне бейімделген.Эдвард Тафтидің визуалды ойлау теориясына сәйкес, деректерді графикалық түрде көрсету ақпаратты есте сақтау көрсеткішін екі есеге дейін арттырады. Оқушылар Piktochart бағдарламасын пайдаланып, кейіпкердің «тұтқынға түсуі-азапталуы-шашының алынуы-рухани еркіндігі» кезеңдерін хронологиялық шкала түрінде сызады[4].

Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесіндегі оқиға желісін инфографика құралдары(Piktochart,Canva) арқылы жүйелеу, оқушыларға шығарманың «сүйегін» тез тануға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында инфографика құралдарын қолданудың тиімділігін тексеру мақсатында оқушыларға арналған келесідей практикалық тапсырма әзірленді. Тапсырманың басты шарты — мәтіндік ақпаратты логикалық блоктарға бөлу және әр блокқа сәйкес визуалды метафора таңдау.

Оқушыларға «Canva» немесе «Piktochart» платформаларындағы «Timeline» шаблонын пайдаланып, шығарманың желісін 5 негізгі визуалды блокқа жіктеу ұсынылады:

Экспозиция (Тұтқын бейнесі): Оқушы кейіпкердің сыртқы келбеті мен ішкі мұңын сипаттайтын фрагментті таңдап, оны қараңғылық немесе тор бейнесімен визуализациялайды.

Байланыс (Рухани сағыныш): Тұтқынның еркін күндерін еске алу сәті. Визуалды элемент ретінде кең дала мен тұлпар бейнесі қолданылады.

Шарықтау шегі (Намыс қақтығысы): Кейіпкердің шашын алу сәті. Бұл блокқа кесілген шаш немесе қайшы бейнесі таңдалып, оның символикалық мәніне (намыстың аяққа тапталуы) талдау жасалады.

Шешімі (Рухтың жеңісі): Тән тұтқындалса да, рухтың азат болып қалуы. Мұнда биік тау немесе көк аспан бейнесі символдық рөл атқарады.

Идеялық түйін: «Адам рухын ешкім де шынжырлай алмайды» деген авторлық позицияны ашатын қорытынды визуалды элемент (мысалы, күн шуағы).

Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар тек дизайн жасап қана қоймай, шығарманың композициялық құрылымын (басталуы, шиеленісуі, шешімі) тереңірек меңгереді. Бұл әдіс оқушының мәтінмен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырып, аналитикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғарыдағы сызбада көрсетілгендей, әңгіменің хронологиялық желісін визуалды картаға түсіру-тұтқынның ішкі бостандыққа ұмтылысы мен психологиялық ахуалын байланыстырушы басты тетік болып табылады.

Осы арқылы оқушылар шығарманың негізгі сюжеттік желісін оңай түсінеді және оны ой елегінен өткізуі, жадында ұзақ сақтауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқытудағыдай шығарманы оқып, құр сөзбен баяндау қазіргі оқушылар үшін қиын, әрі іш пыстырарлық болып көрінеді.Ал, визуалды карта жасау арқылы балалар оқиға желісін, ондағы негізгі проблематиканы тез түсініп, есінде ұзаққа дейін сақталады.

Бұл-қазіргі заман талабы. Әлеуметтік желілердегі қысқа көріністегі бейнежазбаларды көру, адамның есте сақтауын нашарлатады. Ұзақ, бірсарынды видео көру немесе кітап оқу қазіргі балалардың шыдамын тез тауысып, оқуға деген ынтасы

Мұнда ЖИ-ді(мысалы, Midjourney немесе DALL-E 3) «визуалды түсіндірме» ретінде пайдаланамыз. Әңгімедегі «шаш» символы-намыс пен тектіліктің белгісі.

Оқушылар мәтіннен кейіпкердің портретіне қатысты үзінділерді тауып, оны ЖИ-ге «промпт» ретінде енгізеді.

Промпт мысалы: «*Жас қазақ баласы (жасөспірім, шамамен 15 жаста), иығынан асып, арқасына түскен ұзын, қалың шашы бар. Киімі әбден тозған, күнге күйіп өңі кеткен, тер сіңген. Ақсары терісі күнге күйіп, қоңырқай тартқан. Жүзі шаршаңқы, бірақ қайсар, көзі байсалды әрі салмақты. Гиперреалистік стиль, тарихи драма атмосферасы, кинематографиялық жарық, дала көрінісі, шаң, аптап ыстық, өте жоғары детализация, 4K, тері текстурасы шынайы».*

«*A young Kazakh boy (teenager), with long, thick hair falling over his shoulders and back. His clothes are worn out, sun-bleached and soaked with sweat. His light skin is deeply tanned by the sun. A tired but strong expression, slightly serious eyes. Hyperrealistic style, historical drama atmosphere, cinematic lighting, стень background, dust in the air, hot sunlight, ultra-detailed, 4K, realistic skin texture*».

Бұл промпты ЖИ арқылы жасауға болады. Нақты не керек екенін айтып, сол бойынша промпт жасап беруін сұрау қажет[5].

ЖИ-дің жасаған суреті оқушының мәтінді қаншалықты терең түсінгенін көрсететін құралға айналады.



ЖИ-дің жасаған суреті

Зерттеу барысында біз ЖИ құралдарын кейіпкердің образын ашу үшін және автор стильін тану үшін қолдандық. Оқушылар берілген «промпты» қолданып кейіпкер бейнесін жасай алады. Кейіпкер бейнесі оқушы жадында тез әрі оңай сақталады.

Бұл әдіс оқушының шығарманы жай ғана оқып қоймай, оның мәтіндік құндылығына терең бойлауын талап етеді.Төмендегі кестеде дәстүрлі талдау мен ЖИ-ді қолданған талдаудың тиімділік көрсеткіштері салыстырыла көрсетіледі:

Кесте №1

Жи-ді қолдану көрсеткіштері:

Салыстыру критерийлері	Дәстүрлі талдау	Инфографика+ЖИ әдісі
Ақпаратты қабылдау жылдамдығы	Орташа	Жоғары
Аналитикалық деңгей	Мәтінге тәуелді	Шығармашылық-зерттеушілік
Қызығушылық деңгейі	Төмен	Өте жоғары

Әңгімедегі «шаш»–жай ғана дене мүшесі емес, ол намыс тектіліктің метафорасы.Бұл символдарды ақыл-ой картасы(Mind Mapping) әдісімен талдау Тони Бьюзеннің когнитивті модельдеу қағидаларына негізделген. Ми картасы оқушының миының екі жарты шарын бірдей жұмыс істеуге ынталандырады[6,115-с.].

Мысалы: «шаш» символы орталықта тұрады. Оның жан жағындағы тармақтарға: «қорлау», «бостандық», «тарихи жады» секілді ұғымдарды шығарамыз. Келесі қадамда осы ұғымдардың

мәтіндегі көріністерін көрсетеміз. Мысалы, «қорлау» тармағында: көрсетілген азаптарын, тұтқындағы жағдайы жайлы жазамыз.

Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың «шаш» деген ұғымды тек дене мүшесі ғана деп емес ұлттық болмыстың, адами қадір-қасиеттің, тарих пен тағдырдың байланысын көрсететін символика деп түсінуге көмектеседі.

Шығармадағы мұндай күрделі символдар жүйесін жүйелеу үшін **Mind Mapping** әдісін қолдану психологияда «бөлшектен тұтасқа» өту қағидасымен сәйкес келеді.

Оқушыларға **Mind** немесе **MindMeister** бағдарламалары арқылы автордың «шаш» символы арқылы не айтқысы келгенін графикалық түрде көрсету тапсырмасын беруге болады. Бұл жерде оқушының басты мақсаты–мәтіннен абстрактілі ұғымдарды тауып, оларды өзара логикалық байланысқа түсіру. Сонымен қатар, «Егер «шаш» ұғымын мәтіннен алып тастасақ, шығарманың философиялық мәні қалай өзгереді?» деген сұраққа оқушылар осы карта арқылы жауап іздейді. Бұл тапсырма оқушыға шығарманың ішкі мәнін түсінуге көмектеседі.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру үшін шығарма желісінде «қысқаметражды фильм» түсіруге болады. Қазіргі таңда оқушылардың бәрінде ұялы телефон, видеокамера секілді құралдар бар. Бұл тапсырмада оқушылар өздеріне ұнаған көркем шығарма бойынша қысқаметражды фильм түсіріп дайындау керек.

Осы киноға байланысты тапсырмаларды біріктіріп, мектепішілік конкуррс ретінде барлық оқушылардың арасында ұйымдастырып, кинофестиваль жасауға болады. Марапаттармен, номинациялармен марапаттауға болады[7,20-б.].

Қорытынды

Зерттеу барысында Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесін оқытудың жасанды интеллект(ЖИ) және инфографика құралындарын қолданудың педагогикалық тиімділігі дәлелденді. Дәстүрлі талдау әдістері мен цифрлық технологияларды біріктіру оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, күрделі көркем туындыны игерудегі когнитивті кедергілерді жоятыны анық алды.

Біріншіден, ЖИ-ді қолдану арқылы кейіпкерлер бейнесін жаңғырту оқушылардың мәтінді терең түсіну дағдысы мен шығармашылық қабілетін дамытты.

Екіншіден, инфографика құралдары арқылы шығарма желісін визуалды модельдеу «клиптік ойлау» ерекшеліктеріне сәйкес ақпаратты жүйелі қабылдауына мүмкіндік береді.

Үшіншіден, ақыл-ой картасы арқылы жүйеленген символдар жүесі оқушының абстрактілі ойлауын нығайтып, әдеби талдауды қызықты әрі нәтижелі зерттеу жұмысына айналдырды.

Осылайша, ұсынылған әдістемелік модель әдебиет сабағын «мәтінді қайталау» форматынан «көркем мәтінді цифрлық кеңістікте зерттеу» форматына көшіруге мүмкіндік береді. Болашақта цифрлық технологиялардың әдебиет теориясымен интеграциясы оқушылардың медиа-сауаттылығын арттыруда және ұлттық классиканы жаһандық цифрлық мәдениетпен үндестіруде маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоффлер Э. Шок будущего: Пер. С англ.- М.: АСТ, 2002.- 557с.
2. https://ru.scribd.com/document/622167928/Айгүл-Кемелбаева-Шашты-әңгіме-Әдебиет-порталы
3. Canva – Дизайн жасау платформасы. [Электрондық ресурс]. URL: https://www.canva.com/
4. Тафти Э. Наглядное отображение количественной информации/ Эдвард Тафти.- М.:Манн, Иванов и Фербер,2017.-199с.
5. OpenAI. ChatGPT – Generative Pre-trained Transformer. [Электрондық ресурс]. URL: https://chat.openai.com/
6. Бьюзен Т. Супермышление/ Тонни и Барри Бьюзен; [пер.с англ. П.А.Самсонов].- МН.:ООО«Попурри»,2003-304с.
7. Керімбекова Б.Д. Әдебиет сабағында қолданылатын тапсырмалар мен ойын түрлері:әдістемелік нұсқау/ Б.Д.Керімбекова, Ғ.Н.Отарбаева.- Алматы:Қазақ университеті,2019.-150б

«ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ЖАҢА ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

М. Жолдыбек
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А. Рустемова

Аннотация

Мақалада қазақ балалар әдебиетінің дәстүрлі құндылықтары мен заманауи жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының тоғысу нүктелері қарастырылады. Автор ұлттық фольклор мен классикалық туындыларды цифрлық форматқа бейімдеудің маңызын ашып көрсетеді. ЖИ-ді әдеби мәтіндерді жүйелеу, кейіпкерлерді визуализациялау және интерактивті оқыту құралы ретінде пайдаланудың жаңа зерттеу бағыттары ұсынылған. Сонымен қатар, шығармашылық үдерістегі адам факторы мен этикалық мәселелерге талдау жасалып, технологияның әдеби үдерістегі көмекші рөлі ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Түйін сөздер

Қазақ балалар әдебиеті; Жасанды интеллект; Цифрлық трансформация; Балалар фольклоры; Техноертегілер; Шығармашылық этика; Ұлттық код.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект (AI) технологиялары білім мен ғылымның барлық саласына, соның ішінде гуманитарлық бағытқа да қарқынды еніп жатыр. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, жасанды интеллект – XXI ғасырдың стратегиялық ресурсы және ел егемендігінің кепілі.[1]. Осы тұрғыда, ұлттық руханияттың қайнар көзі болып табылатын қазақ балалар әдебиетін ЖИ мүмкіндіктерімен ұштастыру – заман талабы.

Президент жасанды интеллектіні дамытпай, жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін еместігін еске салды. Цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект егемен ел болудың кепіліне, экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айналды.

« – Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз және егемендігіміз осы технологияны қалай пайдаланатынымызға қарай анықталады. Мен жуырдағы Жолдауымда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөнінде стратегиялық мақсат қойдым. Жасанды интеллект осы трансформацияның қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл орайда әлемдегі немесе аймақтағы көшбасшылық туралы сөз қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат – Қазақстанды озық, өркениетті елге айналдыру. Көптеген жетекші елдер жасанды интеллектіні XXI ғасырдың стратегиялық ресурсы ретінде мойындады және оны дамытуға қомақты қаржы бөліп отыр. Мысалы, Қытай «ЖИ +» (AI+) атты мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда. Оның аясында жасанды интеллект технологиясын экономикаға, ғылымға және әлеуметтік салаға кешенді түрде интеграциялау көзделген. Ал Құрама Штаттар аталған салада дүние жүзі бойынша көш бастауды мақсат тұтады. Соған сәйкес стратегиясын іске асыра бастады. Бұл фактілер әлемде мүлдем жаңа даму парадигмасы қалыптасып жатқанын көрсетеді: жаһандағы технологиялық бәсекенің негізгі факторы – жасанды интеллект. Қазақстан бұл үдерістен тыс қала алмайды. Сол себепті біз барлық саладағы интеграцияны үйлестіру үшін Жасанды интеллект министрлігін құрдық»,– деді Президент.[1]

Қазақ балалар әдебиеті – ұлттық руханияттың аса маңызды саласы. Бүгінгі күні ол дәстүрлі негізін сақтай отырып, жасанды интеллект дәуіріндегі жаңа мүмкіндіктермен тоғысып отыр. Бұл үдеріс әдебиеттің мазмұнына да, формасына да әсер етуде. Қазақ балалар әдебиетінің іргетасы ауыз әдебиетінен бастау алады: ертегілер, аңыздар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер – барлығы баланың тілін дамытып, дүниетанымын қалыптастырды. Балалар әдебиеті – кез келген халықтың рухани болмысын танытатын, ұлттың ертеңін тәрбиелейтін маңызды сала. Бала күнінен сапалы кітаппен сусындаған жас оқырманның қиялы ұшқыр, ойлау қабілеті терең, дүниетанымы кең болып қалыптасады. Көркем шығарма арқылы ол жақсылық пен жамандықты ажыратып, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіреді. Сондықтан балаларға арналған әдебиет тек қызықты оқиға емес, ол – тәрбиенің, танымның және тұлғалық дамудың қуатты құралы.

Қазақ балалар әдебиеті ауыз әдебиетінен (ертегілер, аңыздар) бастау алып, Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық мұрасымен, Бердібек Соқпақбаев пен Мұзафар Әлімбаевтың

классикалық туындыларымен кемелденді. Бұл бай мұраны бүгінгі «цифрлық ұрпаққа» (Generation Alpha) жеткізу үшін жаңа формалар қажет. [2]

Зерттеудің негізгі бағыттары мынадай тенденцияларды қамтиды:

Мәтінді адаптациялау: Классикалық шығармаларды ЖИ көмегімен балалардың жас ерекшелігіне сай жеңілдету (simplification) және түсіндірмелермен байыту.

Мультимедиалық формат: ЖИ арқылы дыбыстау және виртуалды әлемге көшіру. Жаңа заманда әдебиет тек қағаз кітаппен шектелмей, түрлі мультимедиалық форматта дамып келеді. Бүгінде балаларға арналған ән-CD, анимациялық фильмдер, комикстер, мобильді қосымшалар, тіпті YouTube-тағы ертегі оқу жобалары – барлығы балалар әдебиетінің аясын кеңейтіп отыр. Дегенмен, дәстүрлі кітаптың тәрбиелік әрі рухани орны ерекше болып қала береді.[3]

Қазіргі қаламгерлер ұлттық дүниетанымды сақтай отырып, бүгінгі баланың қызығушылығына сай ертегі, хикаят, фантастика, комикс жанрларында қалам тербеп келеді. Бұл үрдіс балалар әдебиетінің тек мазмұндық емес, формалық тұрғыдан да жаңарып жатқанын көрсетеді.

Қай форматта ұсынылса да, баланың кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту, оның қиялын дамыту және жүрегіне жол табу мақсаты өзгермейді. Осы миссия жүзеге асқанда ғана балалар әдебиеті заман ағымымен бірге дамып, рухани құндылығын сақтай алады.

Бүгінгі таңда балалар әдебиеті жаңа технологиялық кезеңге қадам басты. Цифрландыру үдерісі кітап оқу мәдениетіне де ықпал етіп отыр. Егер бұрын бала кітапты тек қағаз күйінде оқыса, қазір электронды нұсқа, аудиокітап, анимациялық формат арқылы қабылдай алады. Бұл өзгерістер қазақ балалар әдебиетіне де әсер етпей қалған жоқ.[4]

Жасанды интеллект құралдары балаларға арналған мәтіндерді жас ерекшелігіне қарай бейімдеп ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, классикалық шығармаларды қазіргі буынның қабылдау деңгейіне лайықтап қысқарту, түсіндірме қосу немесе интерактивті тапсырмалармен толықтыруға болады. Мұндай тәсілдер Бердібек Соқпақбаевтің «Менің атым Қожа» шығармасы секілді туындыларды жаңа форматта танытуға жол ашады. Кейіпкерлерді анимациялау, мәтінді дыбыстау, виртуалды кітапхана құру – барлығы балалардың қызығушылығын арттырады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект тіл үйрету процесіне де көмектесе алады. Қазақ тіліндегі балалар контентін көбейту, ертегілерді цифрлық форматқа көшіру, кейіпкерлерді ойын индустриясына енгізу – ұлттық әдебиеттің заманауи дамуына ықпал ететін бағыттар. Бұл ретте дәстүрлі мұра мен жаңа технологияның үйлесімі аса маңызды.

Фольклордың ұжымдық сипаты ЖИ-дің деректер қорымен (Big Data) жұмыс істеу қабілетіне өте жақын. Жаңа зерттеу бағыттарында фольклорды сақтаудың мынадай жолдары ұсынылады [5,275б].(1кесте).

Кесте 1

Фольклорды сақтаудың негізгі бағыттары мен мүмкіндіктері

Бағыт	ЖИ мүмкіндігі	Нәтиже
Жүйелеу	Жанрлық және аймақтық жіктеу	Цифрлық фольклорлық қор
Интерактив	Жұмбақтар мен ойын өлеңдерін ойынға айналдыру	Мобильді қосымшалар
Визуализация	Төрт түлік жырларын бейнелеу	Анимациялық контент

Балалар фольклорының басты ерекшелігі – оның ұжымдық сипатында, көпшілік жаттап айтып, ортақ игілікке айналдыруында.[6,20б]

Енді осы үдерісті жасанды интеллект дәуірімен ұштастырып қарасақ, қызықты мүмкіндіктер ашылады. Бүгінде фольклор үлгілерін цифрлық форматта жинақтап, жүйелеп, мәтіндік және дыбыстық қор жасауға болады. Жасанды интеллект көмегімен: балалар фольклорын тақырып, жанр, аймақ бойынша жіктеу; ұмыт бола бастаған үлгілерді дерекқор арқылы қайта жаңғырту; қарапайым жұмбақтар мен ойын өлеңдерінің интерактивті нұсқаларын әзірлеу; төрт түлік жырларын анимация, дыбыстау арқылы балаға тартымды ету мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар AI жүйелері балалардың жас ерекшелігіне қарай фольклор мәтіндерін бейімдеп, түсіндірмелер қосып, ойын элементтерімен толықтыра алады.[7] Мысалы, төл шақыру жырларын мобильді қосымшада дыбыстық батырмалар арқылы айту, немесе өтірік өлеңдерді ойын формасында жалғастыру баланың қызығушылығын арттырады.

Мысалы: Мәтіндер мен оқылымды жақсарту: ЖИ Leonardo.ai, Writesonic, Quillbot, Miro AI, GROK қолданысы. Оқушылардың мәтінді тез оқып, түсінуін жақсарту үшін жасанды интелект көмегімен мәтіндер жасау.

Жұмыс парақтарының генерациясы: Openart, Leonardo.ai, Miro AI, Canva жасанды интеллект платформаларын қолдану.

Жасанды интеллектті қолдана отырып, әрбір сабақ үшін жұмыс парақтарын генерациялау, тапсырмаларды тиімді құрастыру.

Бейнемазмұн жасау: Genmo.ai, Vizard.Ai, Adobe Express Бейнемазмұн арқылы сабақтың мазмұнын бекіту және оқушылардың қызығушылығын арттыру.

Музыкалық сүйемелдеу: Pro.splashmusic және Suno.ai. Жасанды интеллектті қолдана отырып, музыкалық сүйемелдеуді жасау арқылы сабақтың эмоционалды әсерін арттыру.

Әдебиет саласында жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану мәселесінде ең басты кедергі ретінде креативті потенциалдың шектелуі қарастырылады.[8,81б] Ғылыми тұрғыдан алғанда, ЖИ-дің шығармашылық инференциясы мынадай факторлармен шектеледі. (2кесте)

Кесте 2

Жасанды интеллекттің шығармашылық шектеулеріне әсер ететін факторлар



Қазіргі таңда жасанды интеллект (ЖИ) әдеби үдерісте белсенді қолданылып келе жатқанымен, оның мүмкіндіктерімен қатар бірқатар шектеулері де бар. Ең алдымен, ЖИ көркем мәтіннің терең мағыналық қабаттарын, автордың ішкі дүниесін және ұлттық дүниетанымға тән ерекшеліктерді толыққанды жеткізе алмайды.[9].Әдеби шығарма тек ақпараттық өнім емес, ол – эмоция, тәжірибе және мәдени кодтардың жиынтығы. Ал жасанды интеллект көбіне бұрынғы деректерге сүйене отырып, солардың негізінде жаңа мәтін құрастырады.

Сонымен қатар, ЖИ-дің шығармашылық еркіндігі шектеулі болып табылады. Ол түпнұсқалық идея тудырудан гөрі, бар үлгілерді өңдеу және біріктіру арқылы нәтиже береді. Бұл әдебиеттегі жаңашылдық пен даралықтың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Әсіресе, балалар әдебиетінде бұл мәселе өзекті, себебі мұнда тәрбиелік, ұлттық және тілдік мазмұн ерекше маңызға ие.

Тағы бір маңызды мәселе – тілдік және мәдени сәйкестік. Қазақ балалар әдебиетінің өзіндік ерекшеліктері, ұлттық құндылықтары мен фольклорлық дәстүрлері бар. ЖИ жүйелері бұл контекстті әрдайым дәл түсіне бермейді, нәтижесінде мазмұнның бұрмалануы немесе үстірт берілуі орын алуы ықтимал.

Осылайша, жасанды интеллект әдебиетте қосымша құрал ретінде тиімді болғанымен, оны толыққанды шығармашылық субъект ретінде қарастыруға әлі ерте. [10].Сондықтан ЖИ-ді қолдануда адам факторы, авторлық бақылау және мәдени жауапкершілік басты орында қалуы тиіс.

Қазақ балалар әдебиетін зерттеушілер үшін ЖИ дәуірінде мынадай бағыттар өзекті болмақ:


AI-стилометрия: Қазақ балалар жазушыларының сөздік қоры мен стилін ЖИ арқылы талдау.

Техноертегілер концепциясы: бұл дәстүрлі ертегілердің құрылымын, сюжетін сақтай отырып, оларға технологиялық элементтерді қосу арқылы жасалған шығармалар. Мысалы, басты кейіпкер компьютерлік әлемде саяхаттайды немесе жасанды интеллектпен қарым-қатынас жасайды. Бұл концепция:

- дәстүрлі фольклорды заманауи контекстке бейімдейді;
- балаларға цифрлық әлемді таныстыру мен қызықтыру мүмкіндігін береді;
- шығармашылық ойлау мен технологиялық сауаттылықты дамытады.

Кесте 3

Техноертегілер концепциясының артықшылықтары мен тәуекелдері



Техноертегілер концепциясын қазақ балалар әдебиетінде инновациялық зерттеу бағыты ретінде қарастыра аламыз. Оны тиімді қолдану үшін дәстүрлі және заманауи элементтердің теңгерімін сақтау маңызды болып табылады.Әрине, ең басты құндылығымыз ретінде балаларға арналған тәрбиелік және эстетикалық мәнін сақтау қажет.

Персонализация: Әр баланың қызығушылығына қарай ертегі желісін өзгерте алатын интерактивті кітаптардың әсерін зерделеу.

Сонымен қатар, жасанды интеллект тіл үйрету процесіне де көмектесе алады. [11]. Қазақ тіліндегі балалар контентін көбейту, ертегілерді цифрлық форматқа көшіру, кейіпкерлерді ойын индустриясына енгізу – ұлттық әдебиеттің заманауи дамуына ықпал ететін бағыттар. Бұл ретте дәстүрлі мұра мен жаңа технологияның үйлесімі аса маңызды.

Дегенмен, технология мазмұнның орнын алмастырмауы тиіс. Балалар әдебиетінің басты миссиясы – тәрбие мен рухани құндылықтарды жеткізу. Сондықтан жасанды интеллект тек көмекші құрал ретінде қолданылғаны жөн. Шынайы сезім, адамдық тәжірибе, ұлттық дүниетаным – бұлар кез келген алгоритмнен биік тұратын құндылықтар.[12,26 б]

Технология танымдық үдерістерді жеңілдеткені мен, көркем шығарманы толықтай ЖИ-ге жаздыру – қауіпті үрдіс.

Негізгі аргумент: Жазушы шығарма жазу барысында рухани толғаныс пен моральдық сүзгіден өтеді. Ал алгоритмдерде адамдық сезім мен ұлттық діл (менталитет) жоқ. Сондықтан ЖИ – авторды алмастырушы емес, тек көмекші құрал (инструмент) деңгейінде қалуы тиіс.[13]

Қазақ балалар әдебиеті мен жасанды интеллектінің тоғысуы – ұлттық мұраны жаңғыртудың төте жолы. Егер біз дәстүрлі құндылықтарды (әділдік, тапқырлық, мейірімділік) жаңа технологиялық қабыққа сауатты орай білсек, болашақ ұрпақтың рухани иммунитетін сақтап қаламыз.

Қорытындылай айтқанда, қазақ балалар ертегілері – ұжымдық сүзгіден өткен рухани қазына. Ал жасанды интеллект сол қазынаны жүйелеуге, сақтауға және жаңа буынға заманауи форматта жеткізуге мүмкіндік беретін құрал. Жасанды интелектті әдебиетте қолдану барысында авторлық жауапкершілік, мәдени дәлдік және этикалық нормаларды сақтау мәселелері ерекше назарда болуы тиіс. Дәстүр мен технология үндескен жағдайда ғана ұлттық мұраның өміршеңдігі арта түспек, жаңа сапалық деңгейге көтеріле алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер мен оларды шешу жолдары» [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana (қаралған күні: 09.03.2026).
2. McCrindle M. *Generation Alpha* [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік: https://mccrindle.com.au (қаралған күні: 20.03.2026).
3. Әлімбаев М. Балалар әдебиеті туралы ойлар. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2012. – 256 б.
4. Manovich L. *The Language of New Media* [Электрондық ресурс]. – Cambridge, MA: MIT Press, 2001. – Қолжетімділік: https://mitpress.mit.edu/9780262632553/ – (қаралған күні: 20.03.2026)
5. Амиркулова Ж.А. Қазақ фольклорындағы мәдени-философиялық мотивтер. / Ж.А. Амир кулова - Алматы: Рауан, 2014. - 275 б.
6. Әуезов М. *Әдебиет тарихы*. – Алматы, 1985. – 20-б.
7. UNESCO. *Artificial Intelligence and Digital Transformation (Education & Culture)* [Электрондық ресурс]. – 2021. – Қолжетімділік: UNESCO AI және білім туралы
8. Кларин М.В. Дидактический дизайн в корпоративном образовании: модели, программы, проекты // Педагогика. 2016. № 1. С. 81-89.
9. Маргарет Боден Boden M. *AI: Its Nature and Future*. – Oxford: Oxford University Press, 2016.
10. UNESCO. *Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policy-makers* [Электрондық ресурс]. – 2021. – Қолжетімділік: https://unesdoc.unesco.org
11. Boden M. *AI: Its Nature and Future* [Электрондық ресурс]. – Oxford: Oxford University Press, 2016. – Қолжетімділік: https://global.oup.com/academic/product/ai-its-nature-and-future-9780199675482
12. Jurafsky D., Martin J. *Speech and Language Processing* [Электрондық ресурс]. – 3rd ed. draft. – 2023. – Қолжетімділік: https://web.stanford.edu/~jurafsky/slp3/
13. Новая философская энциклопедия: в 4 т. / Ин-т философии РАН; Нац. обществ.-науч. фонд; Предс. научно-ред. совета В.С. Степин. – М.: Мысль, 2000 – 2001

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

А.Р. Жұмахмет
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А. Рустемова

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрландыру үдерісі оқыту мазмұны мен әдістерін жаңартуды талап етеді. Осыған байланысты қазақ әдебиеті сабақтарында жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану білім алушылардың танымдық

белсенділігін арттыруға, әдеби мәтінді терең түсінуге, шығармашылық қабілетін дамытуға және оқу үдерісін дараландыруға мүмкіндік береді. Мақалада жасанды интеллектіні қазақ әдебиетін оқытуда қолданудың педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік қырлары талданып, оның білім сапасын арттырудағы мүмкіндіктері мен шектеулері сараланады. Сонымен бірге әдеби мәтінді талдау, кейіпкерлер жүйесін сипаттау, авторлық ұстанымды тану, шығармашылық тапсырмалар орындау және оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру барысында жасанды интеллектіні пайдаланудың тиімді жолдары ұсынылады. Зерттеу нәтижесінде жасанды интеллект технологияларын қазақ әдебиеті сабақтарында мақсатты, жүйелі және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан сауатты қолдану оқу тиімділігін арттырудың маңызды тетігі екендігі анықталды.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, қазақ әдебиеті, әдеби білім, оқыту әдістемесі, цифрлық технология, әдеби талдау, шығармашылық тапсырма, сыни ойлау, даралап оқыту.

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы цифрлық өзгерістер білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Білім мазмұнын жаңарту, оқыту әдістерін жетілдіру, білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру мәселелері бүгінгі педагогиканың маңызды бағыттарының біріне айналды. Осындай жаңашыл үрдістердің қатарында жасанды интеллект технологиялары ерекше орын алады. Жасанды интеллект соңғы жылдары тек техникалық салада ғана емес, гуманитарлық пәндерді оқытуда да кеңінен қолданыла бастады. Бұл жағдай білім беру үдерісіне жаңа мүмкіндіктер әкеліп, мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесу сипатын жаңа деңгейге көтеруде. Қазақ әдебиеті – білім алушының рухани дүниесін қалыптастыратын, эстетикалық талғамын жетілдіретін, ұлттық құндылықтар мен мәдени кодты игертетін маңызды пән. Әдеби шығарманы оқыту барысында оқушы мәтінді жай ғана оқып қоймай, оның мазмұнын түсінеді, идеялық-көркемдік ерекшелігін таниды, кейіпкерлер әлеміне үңіледі, авторлық ұстанымды пайымдайды және өз көзқарасын білдіруге дағдыланады. Сондықтан қазақ әдебиетін оқыту үдерісі тек ақпарат берумен шектелмейді, ол күрделі танымдық, эмоционалдық және шығармашылық әрекеттердің бірлігінен тұрады. Осыған байланысты әдебиетті оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар оқушының қызығушылығын арттыратын, танымдық белсенділігін күшейтетін, жекелеген білім беру қажеттіліктерін ескеретін заманауи технологияларды қолдану қажеттігі туындайды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ұлттық педагогикада жан-жақты қарастырылған маңызды ғылыми бағыттардың бірі. Әдеби білім берудің мазмұны, оқушының көркем мәтінді қабылдау ерекшелігі, әдеби талдау мәдениетін қалыптастыру жолдары туралы Қ. Бітібаева, Т. Қ. Жұмажанова, А. Қ. Құсайынов еңбектерінде кеңінен сөз болады. Қ. Бітібаева әдебиетті оқытуда мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен оқушының мәтінге дербес қатынасын қалыптастыруды басты шарттардың бірі ретінде қарастырады [1]. Ал Т. Қ. Жұмажанова қазақ әдебиетін оқытуда мәтінмен жұмыс, образдық талдау, авторлық идеяны ашу және оқушының өзіндік пікірін дамыту мәселелеріне ерекше мән береді [2]. А. Қ. Құсайынов оқыту үдерісінің тиімділігі оқушының танымдық белсенділігі мен оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыруға байланысты екенін атап көрсетеді [3]. Осы тұрғыдан келгенде, жасанды интеллект технологияларын қазақ әдебиетін оқыту үдерісіне енгізу дәстүрлі әдістемені жоққа шығару емес, қайта оны жаңа цифрлық мүмкіндіктермен толықтыру деп түсінген жөн. Соңғы жылдары білім беру жүйесіндегі цифрлық өзгерістер оқыту әдістерін жаңаша пайымдауға алып келді. Білім берудегі цифрлық технологиялардың мүмкіндігі туралы Ұ. М. Әбдіғапбарова мен Ә. М. Мұханбетжанова еңбектерінде цифрлық орта оқушының жеке ерекшелігін ескеруге, оқу материалын саралап ұсынуға және білім алушының оқу дербестігін арттыруға жағдай жасайтыны көрсетіледі [4]. Ал Г. Н. Смағұлова цифрлық білім беру жағдайында мұғалімнің тек пән маманы ғана емес, цифрлық ресурстарды сауатты іріктей алатын әдіскер тұлғаға айналуы қажеттігін жазады [5]. Демек, қазақ әдебиеті сияқты рухани мазмұны терең пәнді оқытуда да технологияны қолдану мұғалімнің кәсіби құзыретімен тікелей сабақтас. Халықаралық ғылыми еңбектерде де жасанды интеллекттің білім беру саласындағы әлеуеті кеңінен қарастырылған. W. Holmes, M. Bialik, C. Fadel жасанды интеллектіні білім алушының жеке оқу траекториясын қалыптастыруға, жедел кері байланыс беруге және оқытудағы даралау принципін күшейтуге мүмкіндік беретін құрал ретінде бағалайды [9]. Ал R. Luckin machine learning мен human intelligence арақатынасын талдай отырып, білім беруде технологияның рөлі мұғалімді алмастыру емес, оқушының танымдық дамуын қолдайтын интеллектуалдық орта қалыптастыру екенін атап көрсетеді [10]. Осы пікірлер қазақ әдебиетін оқытудағы жасанды интеллект мүмкіндіктерін де ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеуге жол ашады.

Жасанды интеллект технологиялары әдебиет сабағында әртүрлі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Олар мәтінді түсінуді жеңілдетуге, күрделі ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіруге, оқушылардың дайындық деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынуға, шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыруға және жедел кері байланыс беруге көмектеседі. Алайда бұл технологияларды әдебиет сияқты рухани-эстетикалық пәнде қолдану терең әдістемелік негізде қарастырылуы тиіс. Өйткені әдебиетті оқытуда басты назар көркем мәтіннің табиғатын ашуға, оқушының эстетикалық қабылдауын қалыптастыруға және дербес ойлауын дамытуға аударылады. Демек, жасанды интеллект мұғалімнің орнын басатын құрал емес, керісінше оның кәсіби қызметін толықтыратын, оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін көмекші ресурс ретінде қарастырылуы қажет.

Негізгі бөлім. Қазақ әдебиетін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолдану ең алдымен білім берудің қазіргі парадигмасымен сабақтас қарастырылуы тиіс. Бүгінгі білім жүйесінде оқушы тек дайын білімді қабылдаушы емес, ақпаратты талдайтын, салыстыратын, сұрыптайтын, өзіндік пікір білдіретін белсенді субъект ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект білім алушының көркем мәтінмен терең әрі белсенді жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін қосымша құрал бола алады. Қазақ әдебиеті сабағында көркем шығарманы оқу, мазмұнын меңгеру, кейіпкерлер жүйесін талдау, тақырып пен идеяны анықтау, тілдік ерекшеліктерді тану, авторлық ұстанымды бағалау сияқты күрделі танымдық әрекеттер жүзеге асады. Осындай көпқырлы жұмысты ұйымдастыруда жасанды интеллекттің әдістемелік әлеуеті айқын көрінеді. Жасанды интеллектіні әдебиетті оқытуда қолданудың басты артықшылықтарының бірі – оқу үдерісін дараландыру мүмкіндігі. Әрбір оқушының қабылдау деңгейі, оқу қарқыны, сөздік қоры, аналитикалық және шығармашылық мүмкіндігі әртүрлі болғандықтан, әдеби мәтінді игеру де біркелкі жүрмейді. Дәстүрлі сабақта мұғалім барлық оқушыға бірдей тапсырма бергенімен, олардың мәтінді түсіну деңгейі мен талдау сапасы әртүрлі болады. Ал жасанды интеллект әр оқушының білім деңгейіне сай бағыттаушы сұрақтар, қысқаша түсініктемелер, жоспарлар, салыстыру үлгілері мен қосымша тірек материалдар ұсына алады. Бұл, әсіресе, әдеби мәтінді қабылдауда қиналатын оқушылар үшін тиімді. Мысалы, бір білім алушыға шығарма мазмұнын қарапайым тілмен қысқаша түсіндіру қажет болса, екінші оқушыға кейіпкер әрекетінің мотивін анықтауға немесе көркемдік тәсілдерді саралауға бағытталған күрделі тапсырма беру мүмкіндігі туады.

Қазақ әдебиеті сабақтарында жасанды интеллект технологияларының тиімділігі тек жалпылама артықшылықтармен емес, нақты сабақ үдерісіндегі әдістемелік қызметімен айқындалады. Сондықтан «жасанды интеллект оқушының танымдық белсенділігін арттырады», «мәтінді түсінуді жеңілдетеді», «шығармашылықты дамытады» деген сияқты тұжырымдар нақты оқу тапсырмаларымен негізделгенде ғана ғылыми-әдістемелік тұрғыдан нанымды болады. Мәселен, 8-сыныпта Абайдың табиғат лирикасын оқыту барысында жасанды интеллектіні көркемдегіш құралдарды бастапқы іріктеу құралы ретінде пайдалануға болады. Сабақта алдымен оқушыларға өлең мәтіні беріліп, теңеу, эпитет, метафора секілді бейнелеу құралдарын өз бетінше табу тапсырылады. Одан кейін жасанды интеллект көмегімен сол мәтіндегі көркемдік тәсілдердің ықтимал үлгілері ұсынылады. Соңында оқушы өз талдауы мен технология берген нұсқаны салыстырады. Осы салыстыру нәтижесінде білім алушы бір жағынан өз жұмысының дұрыстығын тексереді, екінші жағынан көркемдегіш құралдарды ажыратуда қандай белгілерге назар аудару керектігін нақты түсінеді. Мұндай тапсырмада жасанды интеллект дайын жауаптың көзі емес, әдеби-теориялық ұғымдарды меңгертетін, талдауға бағыт беретін көмекші ресурс ретінде қолданылады. Нәтижесінде оқушы өлең тілінің бейнелілік табиғатын тереңірек танып, көркем мәтінге талдау жасау дағдысын біртіндеп қалыптастырады. Көркем мәтінді түсіну мен талдау жұмысын жеңілдетуде жасанды интеллекттің маңызы ерекше. Қазақ әдебиетіндегі көптеген шығармаларда астарлы ой, символдық мазмұн, ұлттық дүниетанымға тән ұғымдар, тарихи-мәдени контекст мол кездеседі. Мұндай мәтіндерді қабылдау оқушы үшін әрдайым жеңіл бола бермейді. Жасанды интеллект түсініксіз сөздер мен тіркестердің мағынасын ашуға, мәтін мазмұнын құрылымдауға, негізгі ойды бөліп көрсетуге, кейіпкерлер арасындағы байланысты жүйелеуге көмектесе алады. Әсіресе поэзиялық мәтіндерді, тарихи жырларды, шешендік сөздерді және классикалық прозаны оқытуда бұл қолдау әдістемелік жағынан тиімді. Дегенмен мұндай технологиялық көмек мәтіннің өзін алмастырмайды, қайта соны тереңірек ұғынуға қызмет етуі тиіс.

Әдеби талдау – қазақ әдебиетін оқытудағы ең маңызды әрекеттердің бірі. Көп жағдайда оқушылар шығармаға талдау жасауда ойын жүйелеуге, талдау жоспарын құруға, мәтіннен дәлел

табуға қиналады. Осындай жағдайда жасанды интеллект оқушыға бағыттаушы құрал ретінде қызмет атқара алады. Ол шығарма тақырыбы, идеясы, композициясы, жанры, кейіпкерлер жүйесі, тілдік ерекшелігі бойынша үлгі құрылым ұсынады. Бірақ мұндағы басты мақсат – дайын пікір беру емес, талдау логикасын меңгерту. Егер мұғалім жасанды интеллектті әдістемелік тұрғыдан дұрыс қолданса, ол оқушының өз бетінше ойлауына, салыстыруына және тұжырым жасауына жәрдемдеседі. Бұл бағыттағы тағы бір нақты мысал 10-сыныпта көлемді прозалық шығармаларды оқытуда көрінеді. Роман жанрын меңгерту кезінде жасанды интеллектіні кейіпкерлер жүйесін салыстыруға арналған кестелік тапсырма құрастыруда пайдалануға болады. Мысалы, оқушыларға екі кейіпкерді әлеуметтік ортасы, мінез ерекшелігі, әрекет мотиві, авторлық бағасы және шығарма идеясын ашудағы қызметі бойынша салыстыру ұсынылады. Алғашқы кезеңде мұғалім немесе оқушы жасанды интеллект көмегімен салыстырмалы кестенің үлгісін жасайды. Ал мазмұндық жағын оқушы шығарманың өз мәтініне сүйеніп толтырады. Бұл тәсіл оқушының мәтіннен дәлел табуына, кейіпкерді үстірт сипаттамай, жан-жақты талдауына және салыстырмалы ойлау қабілетін дамытуына мүмкіндік береді. Яғни технология мұнда талдауды орындамайды, тек ойды жүйелеуге арналған үлгі ұсынады. Ал негізгі әдеби интерпретация оқушының өз еңбегі арқылы жүзеге асады. Осындай жұмыс түрі әсіресе кейіпкерлерді тек жағымды не жағымсыз деп біржақты бағалауға бейім білім алушыларды тереңірек пайым жасауға жетелейді. Жасанды интеллект шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыруда да маңызды әдістемелік қызмет атқара алады. Қазақ әдебиеті сабақтарында эссе, пікір жазу, кейіпкерге хат, альтернативті аяқталым, көркем монолог, әдеби пікірталасқа дайындық сияқты жұмыс түрлері жиі қолданылады. Осындай жұмыстарды ұйымдастыруда жасанды интеллект тақырыпты нақтылауға, негізгі ойларды топтастыруға, тезис құрастыруға, дәлелдеу бағытын айқындауға жәрдемдеседі. Мәселен, оқушыға «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық мінез көрінісі» тақырыбында эссе жазу тапсырылса, эссені жазуға дейінгі кезеңде жасанды интеллект арқылы ықтимал тезистерді, негізгі сұрақтарды, дәлелдеу бағыттарын немесе жоспар нұсқасын жасатуға болады. Бірақ эссенің түпкілікті мәтіні міндетті түрде оқушының өз сөзімен, өз стилімен жазылуы қажет. Мұндай тәсіл оқушыны дайын мәтінді көшіруге емес, ойын жүйелеуге, тақырыпты түсінуге, жазба жұмысының құрылымын саналы түрде құруға үйретеді. Соның нәтижесінде білім алушының жазылым дағдысы жетіліп, логикалық бірізділігі сақталған мәтін құрау қабілеті дамиды. Қазақ әдебиеті сабағында жасанды интеллектіні қолданудың тиімділігі оның жедел кері байланыс беру мүмкіндігімен де байланысты. Мұғалім әр оқушының жұмысын бірден толық әрі терең тексере алмауы мүмкін, ал жасанды интеллект алдын ала белгіленген өлшемдер негізінде жауаптағы мазмұндық олқылықтарды, тілдік кемшіліктерді, логикалық жүйесіздікті көрсетіп, жетілдіру жолдарын ұсына алады. Бұл оқушының өз қатесін тез байқап, түзетуіне мүмкіндік береді. Әсіресе мазмұндама, қысқаша жауап, жоспар жасау, дәйексөзді түсіндіру, кейіпкерді салыстыру секілді жұмыстарда мұндай қолдау әдістемелік жағынан пайдалы. Дегенмен соңғы қорытынды мен бағалау құқығы әрқашан мұғалімде қалуы керек, себебі көркем мәтіннің терең мағынасын, эстетикалық қуатын, оқушының жеке көзқарасын технология толық әрі дәл бағалай алмайды.

Жасанды интеллектіні қазақ әдебиетін оқытуда пайдалану мұғалімнің кәсіби рөлін төмендетпейді, қайта оны жаңа сапалық деңгейге көтереді. Мұғалім тек білім жеткізуші емес, оқу үдерісін жобалаушы, цифрлық құралдарды іріктеуші, оқушыға бағыт беруші, танымдық әрекетті ұйымдастырушы тұлғаға айналады. Әдебиет пәнінде мұғалімнің орны ерекше, өйткені ол көркем мәтіннің рухани мазмұнын, эстетикалық табиғатын, ұлттық-мәдени мәнін түсіндіреді. Жасанды интеллект мұндай терең адами қабылдауды алмастыра алмайды. Сондықтан әдебиетті оқытуда мұғалім шеберлігі мен технология мүмкіндігі өзара сабақтасып, бірін-бірі толықтыруы қажет. Бұл мәселеде академиялық адалдық та аса маңызды. Жасанды интеллект дайын мәтін, дайын талдау немесе дайын жоспар ұсына алатындықтан, кейбір оқушылар оны механикалық түрде көшіріп пайдалануға бейім болуы мүмкін. Мұндай жағдайда әдебиетті оқытудың басты мақсаты – оқушының дербес ойлауын, өзіндік қабылдауын, жеке пікірін дамыту – әлсірейді. Сондықтан мұғалім оқушыны технология ұсынған мәтінді түпкі өнім ретінде емес, көмекші нұсқа ретінде қарастыруға үйретуі қажет. Сабақта «мәтіннен дәлел келтір», «өз пікіріңді айт», «салыстыр», «неге бұлай ойлайсың?» деген тапсырмаларды жүйелі қолдану арқылы оқушының дайын жауапқа тәуелділігін азайтуға болады. Бұл өз кезегінде әдебиетті оқытудағы сыни ойлау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Жасанды интеллект технологиялары қазақ әдебиетін оқытудағы зерттеушілік әрекеттерді дамытуға да мүмкіндік береді. Белгілі бір кейіпкердің мінез эволюциясын қадағалау, бір автор шығармаларындағы ортақ идеяны анықтау, бір тақырыптың әр дәуір ақындарындағы көрінісін салыстыру, тарихи кезең мен көркем мәтін арасындағы

байланысты ашу сияқты шағын зерттеу тапсырмаларында жасанды интеллект ақпаратты жүйелеуге, салыстыру бағытын ұсынуға, кестелік құрылым жасауға көмектесе алады. Бұл оқушының жай қабылдаушы емес, зерттеуші ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Әсіресе жоғары сыныптарда мұндай жұмыс ғылыми стильдегі ойлау мен дәлелді пікір айтуға баулиды. Сонымен бірге қазақ әдебиеті сабағында жасанды интеллектіні қолдану ұлттық мазмұнды оқытудың жаңа формаларын ұсынуға жағдай жасайды. Мысалы, ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын тек хронологиялық дерек ретінде емес, виртуалды сұхбат, кейіпкер атынан ойтолғау, мәтінді қазіргі көзқараспен пайымдау, интерактивті талдау үлгілері арқылы ұсынуға болады. Мұндай жұмыс түрлері оқушының пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, әдебиетті ойландыратын, сұхбатқа шақыратын, заманауи маңызын жоғалтпаған пән ретінде қабылдауына көмектеседі. Алайда жасанды интеллектіні қолдануда шектеулер де бар. Кей жағдайда ол көркем мәтіндегі ұлттық-мәдени астарды, символдық тереңдікті, авторлық интонацияны немесе образ табиғатын үстірт түсіндіруі мүмкін. Сондай-ақ ол мәтіннің көпқабатты мағынасын бір үлгіге салып, жалпылама жауап ұсынуы ықтимал. Сондықтан әдебиет сабақтарында жасанды интеллект берген мәлімет міндетті түрде мұғалім түсіндірмесімен, оқушының өз пайымымен және шығарманың өз мәтінімен салыстырыла қолданылуы тиіс. Әдебиет – дәл жауабы біреу ғана болатын пән емес, ол сезінуді, ойлануды, пайымдауды талап ететін рухани сала. Осы ерекшелікті ескермей, жасанды интеллектіні абсолют құрал ретінде қабылдау әдістемелік қателікке әкелуі мүмкін.

Осылайша, жасанды интеллектіні қазақ әдебиеті сабағында қолданудың шынайы тиімділігі оның жалпы мүмкіндігінде емес, нақты сыныпқа, нақты оқу мақсатына және нақты тапсырма түріне бейімделіп қолданылуында жатыр. Бір жағдайда ол көркемдегіш құралдарды тануға көмектессе, екінші жағдайда кейіпкерлер жүйесін салыстыруға бағыт береді, үшінші жағдайда шығармашылық жұмыстың құрылымын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Осындай нақты әдістемелік үлгілер жасанды интеллектіні жай технологиялық жаңалық емес, қазақ әдебиетін оқытудағы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделген құрал ретінде танытады.

Нәтиже мен талқылау. Жүргізілген теориялық талдау және ұсынылған әдістемелік үлгілерді жүйелеу қазақ әдебиетін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолданудың тиімділігі оның дәстүрлі әдеби білім беру қағидаларымен үйлесімділігінде екенін көрсетті. Атап айтқанда, мәтінге сүйенген талдау, оқушының өзіндік пікірін қалыптастыру, образдық жүйені саналы түрде игеру сияқты ұстанымдар жасанды интеллектіні орынды қолдану арқылы әлсіремей, керісінше жаңа мазмұнмен толыға түседі. Бұл тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект көркем мәтінді алмастыратын құрал емес, оны игеруді жеңілдететін, талдауды жүйелейтін және оқушының танымдық әрекетін жандандыратын әдістемелік ресурс ретінде танылады.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, ұсынылған әдістемелік үлгілерді қолдану оқушының мәтінмен жұмысын белсендіруге, әдеби-теориялық ұғымдарды нақтылауға, салыстырмалы талдау дағдысын жетілдіруге мүмкіндік береді. Мәселен, 8-сыныпта Абайдың табиғат лирикасын оқытуға байланысты ұсынылған тәсіл көркемдегіш құралдарды ажырату жұмысын мақсатты ұйымдастыруға жағдай жасайды. Оқушының алдымен өз бетінше талдау жасап, кейін жасанды интеллект ұсынған нұсқамен салыстыруы оның тек дұрыс жауапты табуына емес, теңеу, эпитет, метафора сияқты ұғымдардың айырмашылығын саналы түрде түсінуіне ықпал етеді. Нәтижесінде білім алушының әдеби-теориялық аппараты нақтыланып, мәтінді талдау дәлдігі артады. 10-сыныптағы прозалық шығармалар бойынша кейіпкерлерді салыстыруға арналған кестелік үлгілерді қолдану оқушының шығарма мәтініне сүйеніп ой қорытуына, кейіпкерді біржақты емес, көпқырлы тұрғыдан бағалауына мүмкіндік береді. Мұндай жұмыс барысында білім алушы әлеуметтік орта, мінез ерекшелігі, әрекет мотиві, авторлық бағалау және идеялық қызмет сияқты өлшемдер арқылы кейіпкер табиғатын жүйелі талдайды. Бұл өз кезегінде салыстырмалы талдау мәдениетін қалыптастырып, дәлелді пікір айту қабілетін дамытады. Яғни жасанды интеллект дайын интерпретация бермей, талдаудың логикалық құрылымын ұсыну арқылы аналитикалық ойлауды күшейтеді. Эссе алдындағы тезистік дайындық үлгісі де әдістемелік тұрғыдан нәтижелі болып табылады. Жасанды интеллект көмегімен тақырыпқа қатысты негізгі ойларды топтастыру, ықтимал тезистерді белгілеу, дәлелдеу бағытын айқындау оқушының жазылым әрекетін жүйелеуге көмектеседі. Мұндай тәсіл оқушының тақырыпты тереңірек түсінуіне және жазба жұмысындағы логикалық бірізділікті сақтауға ықпал етеді. Соның нәтижесінде эссе жазу үдерісі механикалық емес, саналы жоспарлау мен мазмұндық сұрыптауға негізделеді. Сонымен қатар жасанды интеллектіні қолдану оқытуды саралауға да мүмкіндік береді. Бір мәтін негізінде әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсыну арқылы әлсіздеу оқушыға тірек сұрақтар беруге, ал даярлығы

жоғары оқушыға күрделірек интерпретациялық міндеттер ұсынуға болады. Бұл оқыту үдерісінің жекелендірілген сипатын күшейтіп, әр білім алушының оқу мүмкіндігін ескеруге жағдай жасайды. Сонымен бірге талдау барысында жасанды интеллект технологияларын қолданудың шектеулері де анықталды. Біріншіден, оның тиімділігі нақты оқу мақсатына бағындырылған жағдайда ғана жоғары болады. Екіншіден, технология көркем мәтіндегі эмоциялық-эстетикалық реңкті, ұлттық-мәдени астарды және авторлық интонацияны толық ашып бере алмайды. Үшіншіден, оны бақылаусыз пайдалану оқушыны дайын тұжырымға тәуелді етуі мүмкін. Сондықтан ұсынылған әдістемелік үлгілердің нәтижелі болуы мұғалімнің ұйымдастырушы рөліне, мәтінмен тікелей жұмысқа және академиялық адалдық қағидаларының сақталуына тікелей байланысты.

Осылайша, жүргізілген талдау қазақ әдебиетін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолданудың ғылыми-әдістемелік тұрғыдан орынды екенін көрсетті. Ұсынылған үлгілер оқушының мәтінмен жұмысын белсендіруге, әдеби-теориялық ұғымдарды нақтылауға, салыстырмалы талдау дағдысын дамытуға, жазылым әрекетін жүйелеуге және жекелендірілген оқыту мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Жасанды интеллектінің тиімділігі оның техникалық жаңалығында емес, нақты әдістемелік міндеттерді шешуге бағытталған педагогикалық құрал ретінде қолданылуында жатыр. Жалпы, ұсынылған әдістемелік үлгілер қазақ әдебиеті сабағында жасанды интеллектіні қолдану оқушының танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, әдеби мәтінді саналы талдау, дәлелді ой айту және шығармашылықпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Әдістемелік ұсынымдар. Қазақ әдебиетін оқытуда жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдану үшін бірнеше әдістемелік ұстанымды басшылыққа алған жөн. Ең алдымен, жасанды интеллектіні сабақтың мақсатына сай қолдану қажет. Яғни ол белгілі бір оқу міндетін шешуге бағытталуы тиіс: мәтінді түсіндіру, талдау жоспарын ұсыну, шығармашылық тапсырмаға бағыт беру, салыстыру кестесін жасау, кейіпкерге мінездеме беру немесе кері байланыс ұйымдастыру сияқты нақты мақсаттар болғаны дұрыс. Сабақ барысында технологияны тек қызықты элемент ретінде емес, оқу нәтижесіне қызмет ететін құрал ретінде пайдалану маңызды. Жасанды интеллект көмегімен берілетін тапсырмалар оқушының жас ерекшелігіне және дайындық деңгейіне бейімделуі керек. Мысалы, орта буын оқушыларына мәтінді қарапайым тілмен түсіндіру, кейіпкерлерді салыстыру, оқиға желісін ретімен айту сияқты тапсырмалар берілсе, жоғары сынып оқушыларына авторлық идеяны талдау, символдық мазмұнды ашу, сыни пікір жазу, әдеби салыстыру жасау сияқты күрделірек тапсырмалар ұсынуға болады. Бұл саралау әдебиетті оқытудағы қолжетімділік пен жүйелілік ұстанымдарын сақтауға мүмкіндік береді.

Келесі, жасанды интеллектіні қолданғанда мәтіннің өзін негізгі дереккөз ретінде сақтау қажет. Оқушы технология ұсынған түсінікке ғана сүйеніп қоймай, міндетті түрде көркем шығарманың өз мәтінімен жұмыс істеуі тиіс. Сабақта дәйексөз табу, дәлел келтіру, мәтін бөліктерін салыстыру, кейіпкер сөзін талдау сияқты жұмыстарды қатар ұйымдастыру әдебиет пәнінің табиғатын сақтауға көмектеседі. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Жасанды интеллект берген жауапты өзгермейтін ақиқат ретінде қабылдауға болмайды. Мұғалім оқушыларға «Бұл пікірмен келісесің бе?», «Тағы қандай түсіндіру болуы мүмкін?», «Мәтіннен қандай дәлел келтіруге болады?», «Бұл жауаптың әлсіз тұсы қайсы?» деген сұрақтар қою арқылы технологиялық жауапты талдауға, бағалауға, толықтыруға дағдыландыруы қажет. Бұл тәсіл әдебиетті оқытудағы дербес ойлау мәдениетін қалыптастырады. Шығармашылық тапсырмаларда жасанды интеллектіні дайын мәтін жаздыру құралы ретінде емес, идея ұсынушы, жоспарлауға көмектесуші, бағыт беруші құрал ретінде пайдалану. Мысалы, эссе жазарда алдымен тақырып бойынша ойларды топтастыру, негізгі бөлімнің бағытын анықтау, мүмкін болатын аргументтерді белгілеу сияқты дайындық кезеңдерінде қолданған тиімді. Ал түпкілікті мәтін оқушының өз сөзімен, өз стилімен жазылуы тиіс.

Үшінші ұсынym– мұғалімнің цифрлық және әдістемелік құзыреттілігін арттыру. Жасанды интеллектіні тиімді қолдану үшін мұғалім оның қандай жағдайда пайдалы, қандай жағдайда шектеулі екенін, әдебиет сабағына қалай икемдеуге болатынын, оқушының жасанды интеллектіні теріс пайдалану қаупін қалай төмендетуге болатынын жақсы білуі керек. Сондықтан педагогтерге арналған арнайы практикалық семинарлар, әдістемелік нұсқаулықтар, цифрлық құралдарды пәнге кіріктіру үлгілері қажет. Академиялық адалдық қағидаларын жүйелі түсіндіру. Оқушыларға жасанды интеллектіден алынған дайын мәтінді иемдену дұрыс еместігі, оның тек қосымша құрал екендігі, ал шынайы оқу нәтижесі өз ойы мен өз еңбегі арқылы қалыптасатыны үнемі ескертіліп отыруы тиіс. Бұл бағытта мұғалім бағалау критерийлерін де соған сай құрып, дайын көшірме мәтіннен гөрі жеке пікірге, дәлелді талдауға, мәтінге сүйенген жауапқа басымдық бергені жөн.

Қорытынды. Қазақ әдебиетін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолдану – білім беру үдерісін жаңғыртудың өзекті әрі перспективалы бағыттарының бірі. Ол әдеби мәтінді түсіндіруді жеңілдетуге, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық тапсырмаларды түрлендіруге, оқу үдерісін даралandыруға және жедел кері байланыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл технологиялар әдебиетті оқытудағы жаңа әдістемелік ізденістерге жол ашып, мұғалімнің кәсіби қызметін жаңа мазмұнмен толықтырады. Сонымен бірге жасанды интеллектіні әдебиет сабағында қолдану оның мүмкіндіктерін ғана емес, шектеулерін де ескеруді қажет етеді. Әдебиет – рухани, көркемдік, эстетикалық қабылдауға негізделген пән болғандықтан, бұл салада мұғалімнің тұлғалық ықпалы, тірі сөзі, бағыттаушы рөлі әрқашан шешуші мәнге ие. Сондықтан жасанды интеллект мұғалімнің орнын алмастырмайды, керісінше оның жұмысын қолдайтын, оқыту сапасын арттыруға жәрдемдесетін әдістемелік құрал ретінде қарастырылуы тиіс. Жалпы алғанда, қазақ әдебиеті сабақтарында жасанды интеллектіні мақсатты, жүйелі, сындарлы және әдістемелік тұрғыдан сауатты қолдану білім сапасын көтерудің маңызды тетігі бола алады. Бұл үшін мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі, оқушының сыни ойлау мәдениеті, академиялық адалдық ұстанымы және әдеби мәтіннің табиғатын сақтау қағидасы қатар жүзеге асуы қажет. Осындай үйлесім сақталған жағдайда жасанды интеллект технологиялары қазақ әдебиетін оқыту үдерісін тиімді, қызықты және нәтижелі деңгейге көтере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. – Алматы: Мектеп, 2018.
2. Жұмажанова Т. Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2019.
3. Құсайынов А. Қ. Оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2020.
4. Әбдіғапбарова Ұ. М., Мұханбетжанова Ә. М. Білім берудегі цифрлық технологиялар. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
5. Смағұлова Г. Н. Цифрлық білім беру жағдайындағы мұғалім құзыреттілігі // Қазақстан мектебі. – 2023. – № 6. – 12–16-бб.
6. Әлжанова Н. Ш. Қазақ әдебиеті сабағында инновациялық технологияларды қолдану жолдары // Педагогика мәселелері. – 2022. – № 3. – 45–50-бб.
7. Полат Е. С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. – Москва: Академия, 2020.
8. Зимняя И. А. Педагогическая психология. – Москва: Логос, 2019.
9. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019.
10. Luckin R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century. – London: UCL Institute of Education Press, 2018.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНЕН ГУМАНИСТІК ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

А.Қ. Кампит
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор ассистенті А.М. Бабашов

Аннотация

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері арқылы студенттерге гуманистік тәрбие беру мәселесі мақалада қазақ тілі мен әдебиеті пәндері арқылы студенттерге гуманистік тәрбие беру мәселесі сипатталған. Зерттеудің негізгі мақсаты-оқу процесінде гуманистік құндылықтарды қалыптастыру мен әсер етудің модельдері мен әдістерінің тиімділігін анықтау және олардың оқушының жеке басына әсерін бағалау. Зерттеу нысаны-мектептерде оқытылатын қазақ тілі мен әдебиеті пәні. Зерттеу пәні-қазақ тілі мен әдебиеті пәндері арқылы қалыптасқан студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтары. Зерттеуде қолданылатын әдістер: талдау теориясы, салыстыру, бақылау және педагогикалық эксперимент. Оқытудың гуманистік әдісі оқушының жеке басына,

адамгершілік мәдениетінің деңгейіне және оның әлеуметтенуіне жағымды әсер ететіндігі анықталды.

Кілт сөздер

гуманистік тәрбие, қазақ әдебиеті, тұлғалық даму, рухани құндылықтар, оқыту әдістемесі, педагогика

Кіріспе

Мен сізге қазіргі жаһанданған әлемдегі заманауи білім беруден не талап етілетіні туралы өте қысқаша түсініктеме беремін. Заманауи білім беру студенттерді бәсекеге қабілетті болуға, шығармашылықпен айналысуға және рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттауға дайындауы керек. Ресми түрде білім беру ақпараттандыру деп түсінілсе де, біз оны адамның ішкі әлемін, адамгершілік негізін және әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыра алатын көп компонентті білім беру жүйесі деп санаймыз. Студенттерге гуманистік тәрбие беру қазіргі білім беру ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты гуманизм қағидаттарына негізделген гуманистік тәрбие адамды соншалықты құрметтеуге, жауапкершілікке, әділеттілікке және мейірімділікке тәрбиелеуге бағытталған.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні білім берудің негізгі міндеттерін жүзеге асыратын пән ретінде студенттерді тілдік құзыреттілігін сақтауға және жетілдіруге, дүниетанымы мен ұлттық болмысын қалыптастыруға, қазақ мәдениеті мен рухани құндылықтарының негізгі элементтерін меңгеруге үйретеді. Әдебиет пәні студенттерді адамның болмысы, адамгершілік құндылықтары, жақсылық пен жамандық, адалдық пен сатқындық сияқты өмірлік маңызды философиялық мәселелерді шешуге үйретеді, олар әдебиет шығармаларында көрініс табады, кейіпкерлер мен олардың тағдыры студенттерді хабардар етеді.өмірлік бағдар және оларды дұрыс таңдау жасауға үйрету. Біздің қоғамда болып жатқан революциялық өзгерістердің жылдам қарқыны, ақпараттың жарылуы, қазіргі жастардың құндылықтарының өзгеруі білім беру жүйесінен жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыруды талап етеді. Студенттерді тек білім мен дағдыға үйрету қажеттілігі қанағаттандырылмайды, оларды әлемде бәсекеге қабілетті тұлға болуға үйрету қажеттілігі күннен-күнге артып келеді. Бұл тұрғыда гуманистік тәрбиенің рөлі өте маңызды. Гуманистік білім студенттерді өздерінің "менін" қалыптастыруға және оларды қоғамға бейімделуге үйретуге үйретеді. Оларды өз бостандығын, өзін-өзі жетілдіруін және әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға үйрету гуманистік тәрбиенің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Осылайша, дәстүрлі қазақ педагогикасында гуманистік құндылықтар әрқашан насихатталып келеді. Халықтық педагогикада адамгершілік, қарттарға құрмет, жастарға қамқорлық, адалдық, еңбекқорлық сияқты адамгершілік құндылықтар жас ұрпаққа үйретілді. Біздің ұлы педагогтарымыз бен тәрбиешілеріміз тәрбиенің басты мақсаты ретінде жоғары адамгершілік тұлғаны қалыптастыруды да атап өтті[1]. Бұл идеялар қазіргі білім беру жүйесінің негізгі бағыттарымен сәйкес келеді. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда ұлттық құндылықтарды тиімді пайдалану қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе болып табылады.

Бұл зерттеудің өзектілігі қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік білім беру мәселесі толығымен ескерілмегендігімен және гуманистік білім беруді енгізудің тиімді әдістерін жасау қажеттілігімен байланысты. Оқу іс-әрекеті негізінен оқу процесіне бағытталған, ал оқу компоненті орта сипатта болады. Белгілі болғандай, білім мен тәрбие бір-бірімен байланысты және оларды біртұтас жүйе ретінде қарастырған жөн. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің әлеуетін толық пайдалану қажет.

Зерттеу нысаны-қазақ тілі мен әдебиеті пәні арқылы студенттерге гуманистік тәрбие беру тетіктерін ашу және осы білім берудің практикалық маңыздылығын растау. Зерттеудің міндеттері: - студенттердің гуманистік тәрбиесінің теориялық негіздерін зерттеу; - қазақ әдебиеті сабақтарының педагогикалық әлеуетін анықтау; - тиімді оқытудың педагогикалық әдістерін жалпылау; - "қазақ тілі мен әдебиеті"пәнін оқыту мен оқу үдерісіне тәжірибелік әдебиеттерді оқыту және этикалық оқыту әдістерін интеграциялау нәтижелерін анықтау.

Зерттеу нысаны, пәні-жалпы білім беретін мектептердегі оқу процесі, ал зерттеу пәні-қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында гуманистік құндылықтарды қалыптастыру процесі. Зерттеу гуманистік педагогика, тұлғаға бағытталған оқыту теориялары және отандық ғалымдардың ілімдері негізінде жүргізіледі.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндері арқылы гуманистік білім беру жағдайындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндері зерттеудің маңызды бағыты болып табылады. Осы зерттеу саласының ғылыми-әдістемелік негіздерінің жай-күйін ғылыми зерттеулер арқылы келесі

деңгейге көтеру қажет. Осы бағыттағы зерттеулер білімнің дамуына және қоғамның рухани дамуына ықпал етеді.

Теориялық талдау

Гуманистік тәрбие мәселесі педагогика ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Гуманистік педагогиканың негізгі принциптері адам тұлғасының ең жоғары құндылығын, даралықты және даму жағдайларын құрметтеуді білдіреді. Гуманистік педагогтар оқушыны оқушы ретінде қарастырады, бірақ сонымен бірге оқушыға өз пікірі бар белсенді тұлға ретінде қарайды. Осылайша, қазіргі заманғы білім беру және оқыту жүйесінде жұмысты тұлғаға бағытталған түрде ұйымдастыру қажет. Гуманистік тәрбиенің басты ерекшелігі-оқушының қоғамда өзін еркін сезінуіне және оның әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту. Бұл тұрғыда гуманизм тек теориялық категория ғана емес, сонымен бірге педагогикалық іс-әрекеттің принципі болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде гуманистік тәрбие жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі тәрбиелеу процесі және оның қоғамдағы белсенді ұстанымы ретінде қарастырылады [2, 115-б.].

Гуманистік идеялар қазақ педагогикасында ғасырлар бойы қалыптасқан. Дәстүрлі қазақ білім беру жүйесінің ережелеріне сәйкес Қазақтарға әдептілік, қадір-қасиет, адалдық, ата-ананы құрметтеу және балаларды сүюді қоса алғанда, адамгершілік мінез-құлық нормаларын сақтауға үйретілді. Бұл адамгершілік нормалары қазақтың халық әдебиетінің орасан зор көлемінде көрініс тауып, қазіргі қазақ әдебиетінде де жиі айтылып жүр[3]. Ертегілер мен әндер жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресін, әділдік үшін күрес пен шындықты қорғауды көрсетеді. Бұл еңбектер оқушылардың адамгершілік дамуына үлкен әсер етеді. Көріп отырғаныңыздай, қазақ педагогикасындағы гуманистік идеялар қазақтың ұлы ағартушыларының еңбектерінде көрініс тапқан. Ыбырай Алтынсарин өз хаттарында тәрбиенің басты мақсаты-білімді, өнегелі тұлғаны тәрбиелеу деп жазған[4]. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің "білім беру жүйесі Туралы Баяндамасында" қазақ халқының ұлттық болмысы қазақ тілі мен әдебиетін зерттеу арқылы қалыптасатынын атап өткен. Тәрбиенің психологиялық негіздерін Жүсіпбек Аймауытов өз еңбектерінде зерттеген[5]. Қазақ ағартушыларының идеялары қазіргі педагогикамен тығыз байланысты[6]. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарда гуманистік тәрбиені жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Сыныптарда әдеби шығармаларды оқыту кезінде оқушылар әдебиеттегі кейіпкерлердің мінез-құлқын бағалай отырып, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытады және әдебиетке қатысты өзіндік пікірлерін қалыптастырады. Әдеби шығармалар оқушылардың адамгершілік құндылықтарына әсер етеді[7]. Студенттер коммуникативті дағдыларын жетілдіреді, сонымен қатар тіл сабақтарында мәтіндермен жұмыс жасау кезінде өз ойын білдіруді үйренеді.

Гуманизм және гуманистік тәрбие – бұл адамды орталық орынға қоятын терминдер, тұлғаның дамуы-адамның рухани және шығармашылық жазықтықта өзін-өзі жүзеге асыруы. Бұл ұғымдар бір-бірімен байланысты және біздің білім беру жүйесінде ескерілуі керек. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде гуманистік тәрбиені қазақ тілі мен әдебиеті пәні арқылы оқыту ғылыми және реалистік сипатқа ие болды. Нәтижесінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың құрылымы мен әдістемесі оқушылардың тұлғалық дамуын, рухани-адамгершілік тәрбиесін, қоғамға бейімделуін арттырады.

Әдістемелік Бөлім

Студенттерге қазақ тілі мен әдебиеті арқылы гуманизмді оқыту уақыттың тенденциялары мен талаптарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқушылардың жасына, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін заманауи білім беру және педагогикалық стратегияларды қолдану қажет. Оқыту мен оқудағы заманауи тәсілдер оқушылардың қайталанбас ерекшеліктерін ескеру, олардың белсенділігін ынталандыру және шығармашылығын дамыту принципіне негізделген. Сондықтан оқытудың гуманистік-бағдарлы әдістерін қолдану қажет. Мәтінді терең талдау-гуманистік құндылықтарды насихаттаудың тиімді әдістерінің бірі. Оқушыларға әдебиетті оқыту барысында кейіпкерлер мен олардың қарым-қатынасы, мінез-құлқы, іс-әрекеттері мен шешімдері талқыланады. Студенттер әдеби шығармаларды талдау арқылы әдебиет пен этика туралы ой елегінен өткізіп, кейіпкерлердің мінез-құлқы туралы құнды пайымдаулар жасап, моральдық қорытындыға келеді.

6-сынып оқушылары гуманистік тәрбиеге әр түрлі іс-шараларға қатысу және әр түрлі іс-шараларға қатысу арқылы қатысады. Пікірталас білім берудің маңызды құралдарының бірі болып табылады, өйткені әр түрлі мәселелерді талқылау арқылы оқушылар өз пікірін білдіруге, түсіндіруге, басқалардың пікірін қабылдауға, тыңдауға, салыстыруға және өз идеяларын қолдауға үйренеді, осылайша олардың коммуникативті мәдениетін көтереді, сонымен қатар логикалық

ойлауға мүмкіндік береді. Рөлдік ойындар мен ситуациялық тапсырмалар гуманистік тәрбиенің негізін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Рөлдік ойындар мен тапсырмаларда студенттер күнделікті өмірден әртүрлі әрекеттер мен жағдайларды орындайды және адам қызметінің гуманистік жақтарын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Практикалық жұмыс барысында 6-сынып оқушыларымен арнайы гуманистік сабақтар ұйымдастырылды. Сабақтарда арнайы таңдалған моральдық мәтіндер оқылып, талдау, салыстыру және бағалау бойынша тапсырмалар берілді. Тапсырмаларды орындау барысында топтық жұмыс та қолданылды. Осылайша студенттер жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Оқу процесінде қолданылатын педагогикалық технологиялар келесідей сипатталады: тұлғаға бағытталған оқыту, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы және сараланған оқыту. Тұлғаға бағытталған оқыту – бұл студенттердің жеке ерекшеліктеріне, сыни тұрғыдан ойлау технологиясына – оқушылардың ақпаратты бағалау және талдау қабілеттерін дамытуға, ал сараланған оқытуға-білім деңгейіне сәйкес тапсырмаларды жеке тағайындауға бағытталған білім беру бағдарламасын қалыптастыру тәсілі.әр оқушының.

Акт-ны сынып қолдану сабақтарды тиімді ете алады. Мысалы, оқушылардың назарын аудару үшін интерактивті тақталарды, презентациялар мен бейнелерді пайдалануға болады. Оқу процесін модернизациялау оны қазіргі әлем үшін өзекті етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында гуманистік білім берудің табыстылығын қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың дамуын, адамгершілік тәрбиесін және оқу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында ең тиімді әдістер мен технологияларды кешенді түрде қолдану қажет.

Талдау және нәтижелер

Бұл жұмыстың мақсаты-орта мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда гуманистік білім беру әдістерін қолданудың тиімділігін ашу. Бұл жұмыста зерттеу нысаны орта мектептің 6-сынып оқушылары болып табылады. Жұмысты жүзеге асыру барысында зерттеу екі кезеңде жүргізілді: бастапқы (диагностикалық кезең және қорытынды бақылау кезеңі. Бастапқы кезеңде студенттерге адамгершілік құндылықтар, қарым-қатынас мәдениеті және өз ойын жеткізе білу туралы білімдерін меңгеру үшін диагностикалық тест тапсырғаннан кейін, оқушылардың іс-әрекеттері мен мінез-құлқын бейнелей алатындығы анықталды.әдеби кейіпкерлердің мазмұндық мағынасы және олардың адамгершілік қырларын ашу мүмкін болмады, кейбір жағдайларда студенттер өз пікірлерін қажетті дәлелдермен жеткізе алмады. Сондықтан білім беру процесінде гуманистік тәрбие әдістерін жүйелі түрде қолдану қажет. Эксперименттің негізгі кезеңі аталған орта мектептің 6-сынып оқушыларында гуманистік сипаттағы сабақтарды ұйымдастыру болды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту үшін енгізілген сабақтарда мәтінді талдау, пікірталас, рөлдік ойындар мен шығармашылық тапсырмалар жан-жақты қолданылды. Студенттер әдеби кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен мінез-құлқын талдауға қатысып, соңғысына моральдық баға берді. Сонымен қатар, студенттер топтарда жұмыс істеді және қарым-қатынас мәдениетін, өзара түсіністік пен сыйластықты дамыту бойынша іс-шараларды жүзеге асырды. Қорытынды бақылау кезеңінің нәтижесінде алынған нәтижелер бастапқы мәліметтермен салыстырылды және экспериментке қатысқан студенттердің көпшілігінде оң өзгерістер болғаны анықталды. Эксперимент нәтижесінде аталған орта мектептің 6-сынып оқушылары гуманистік сипаттағы сабақтарды жүзеге асырғаннан кейін көркем мәтіндерді талдай алатындығы, әдеби кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен мінез-құлқын сыни тұрғыдан бағалай алатындығы және олардың адамгершілік қасиеттерін бере алатындығы анықталды.соңғысына баға беру. Сабақтарды жүзеге асырған студенттер өз ойларын тиісті түрде жеткізе алады, пікірталастарға қатыса алады және басқалардың пікірін құрметтей алады.

Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың 80% - ы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың гуманистік стилі олардың өміріне сәйкес келетіндігін хабарлады. Олар мұның себептерін сабақтарда өз пікірлерін еркін білдіруге және пікірталастар арқылы әлемді бақылауға мүмкіндік берілгендігін көрсете отырып түсіндірді. Нәтижесінде олар сабаққа көбірек қызығушылық танытты. Сынып жүргізілген бақылаулар нәтижесінде оқушылардың мінез-құлқының өзгергені байқалды және олар сыныпта түсіністік, жомарттық, сыйластық және тиісті қарым-қатынас дағдыларын көрсетті. Бұл дегеніміз гуманистік білім теориялық деңгейден практикалық өмірге оң өзгерістер әкелді. Осылайша, зерттеу деректері қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде гуманистік тәсілдер мен әдістер арқылы жүзеге асырылатын оқыту мен оқу процестері оқушылардың санасын арттырып, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытып, қоғамға әлеуметтендіргенін көрсетеді. Сонымен қатар, оқу процесіне гуманистік тәсілдер мен әдістерді қолдану білім беру сапасын арттырып, білім беру мақсаттарына қол жеткізді.

Қорытынды

Қазақша Өстеррейх Ұлысал Қазақша Дер Жинағы Ер Верилен Қазақша Эдебият Иле Чагдаш Педагогожинин Бир Йол Гөрүші Студенттерге қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік көзқарас принциптері аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беріледі. Мектептерде оқушыларға оқытылатын қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың жеке тұлғаның рухы мен адамгершілігі тұрғысынан көрінісін анықтауға бағытталған бұл зерттеу бұл пәннің жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесіне үлкен әсер ететіндігін анықтады.. "Қазақ Әдебиеті" пәні студенттерге әдеби шығармаларда көрініс тапқан адамгершілік құндылықтарды ұсынады, нәтижесінде студенттердің өмірлік түсініктерін қалыптастырады және оларды әлеуметтендіреді. Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, студенттерге жүйелі түрде қолданылатын гуманистік оқыту әдісі оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Ол қазақ тілі мен әдебиетінде мәтінді талдауды, талқылауды, рөлдік ойындарды және шығармашылық әрекеттерді оқытуға негіз береді және студенттерге оқу процесінде белсенді рөл атқаруға және өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде студенттер сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыта алады, өз дәлелдерінің дәлелдерін көрсете алады және басқалардың пікірлерін құрметтей алады. Зерттеудегі практикалық зерттеуден алынған нәтижелер студенттердің оқуға деген ынтасының артқанын, қарым-қатынас мәдениетінің жақсарғанын және жауапкершілік сезімінің дамығанын көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, гуманистік білім беру де жоғары практикалық білім беру әдісі болып табылады, сондықтан өте тиімді деп айтуға болады. Зерттеу барысында студенттердің тұлғааралық дағдыларын дамыту нәтижесінде студенттердің әлеуметтенуінің оң дамығандығы байқалды.

Мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің пәні қазақ халқының мәдени, тарихи және лингвистикалық мұрасын жеткізу және адами құндылықтарды насихаттау арқылы жас ұрпақтың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын нығайтуы тиіс. Бұл пәндердің барлық әлеуеті білім беру жүйесінде толық пайдаланылуы керек. Зерттеу нәтижелері бойынша білім беруде гуманистік тәрбие принциптерін жүзеге асыру мақсатында заманауи білім беру технологияларын енгізу қажет. Оқу процесінде оқушылардың жеке интеллектуалдық ерекшеліктеріне сәйкес тұлғалық-бағдарлы тәрбиені, сыни тұрғыдан ойлауды және интерактивті дағдыларды тәрбиелеу алға жылжуы керек. Оқу процесіне заманауи білім беру технологияларын енгізу білім беру тиімділігі мен білім беру сапасын арттыруға әкеледі. Бұл бағытты одан әрі дамытып, білім беру жүйесін дамыту және қоғамда адамгершілігі жоғары және жан-жақты дамыған азаматтарды тәрбиелеу мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәндері арқылы гуманистік тәрбие принциптерін жүзеге асырудың заманауи және заманауи және жас ерекшеліктеріне сай әдістерін жасау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіғапбарова Ұ. Педагогика. – Алматы, 2015. – 320 б.
2. Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 2010. – 280 б.
3. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы, 2012. – 300 б.
4. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Алматы, 1991. – 160 б.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1988. – 240 б.
6. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 2003. – 224 б.
7. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы, 1976. – 256 б.

Ы. АЛТЫНСАРИННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ БҮГІНГІ КҮНМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

А.М. Кунгратбай
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А. Рустемова

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ ағартушылық тарихының көрнекті өкілі Ыбырай Алтынсариннің педагогикалықмұрасы және оның қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызы қарастырылады. Ы. Алтынсариннің алғашқы зайырлы мектептерді ашудағы рөлін, «Қазақ хрестоматиясы» оқулығының әдістемелік ерекшеліктерін және білім мен тәрбиені ұштастыру идеяларын талданады. Сонымен қатар ағартушы тұлғаның қыздарға арналған мектепті ашуы мен

еңбек тәрбиесіне қатысты көзқарастарының бүгінгі күндегі өзектілігіне ғылыми негіздеме беріледі.

Кілт сөздер: Ыбырай Алтынсарин, ағартушылық, педагогикалық мұра, ұлттық білім беру, «Қазақ хрестоматиясы», адамгершілік тәрбиесі.

Қазақ халқының рухани және мәдени даму тарихында ерекше орын алатын тұлғалардың бірі - Ыбырай Алтынсарин. Ол қазақ даласында ең алғаш болып ағартушылық идеяларды таратып, ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына өз үлесін қосқан ұлы педагог, қоғам қайраткері және ойшыл болды десек болады. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы оның ағартушылық қызметімен, оқу-тәрбие саласындағы идеяларымен және әдістемелік еңбектерімен тығыз байланысты. Ыбырай Алтынсариннің басты мақсаты – қазақ халқын білімге шақыру, жас,өскелең ұрпақты тәрбиелеу сынды бағытта болды. Сондықтан оның педагогикалық идеялары тек өз дәуірінде ғана емес, бүгінгі білім беру жүйесінде де маңызды мәнге ие деп ойлаймын.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамында білім беру ісі әлсіз дамыған еді. Халықтың басым бөлігі сауатсыз болды, ал оқу орындары өте аз болды. Осындай тарихи жағдайда Ыбырай Алтынсарин халық арасында білімнің маңызын түсіндіріп, ағартушылық қызметпен айналысты. Ол қазақ даласында жаңа үлгідегі мектептер ашуды қолға алды. 1864 жылы Торғай қаласында алғаш рет қазақ балаларына арналған мектеп ашып, сол арқылы ұлттық мектеп жүйесінің негізін қалады. Бұл мектеп қазақ балаларына зайырлы білім беретін алғашқы оқу орындарының бірі болды. Алтынсарин мектептерде тек білім берумен ғана шектелмей, балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді. Ол тәрбиенің негізгі мақсаты – адамды жан-жақты жетілдіру деп есептеді. Өзінің еңбектерінде де адамгершілік, тәрбие сынды адами қасиеттерді жаза отырып балалардың бойына осы қасиеттерді сіңіруге тырысты Ыбырай Алтынсарин тек ағартушы ғана емес, сонымен қатар көрнекті педагог-әдіскер болды. Ол қазақ балаларына арналған алғашқы оқу құралдарын жазды. Оның ең маңызды еңбектерінің бірі – «Қазақ хрестоматиясы». Бұл кітап қазақ мектептеріне арналған тұңғыш оқулық ретінде ерекше тарихи маңызға ие. Хрестоматияда тәрбиелік мәні зор әңгімелер, өлеңдер, халық ауыз әдебиеті үлгілері және аударма шығармалар енгізілген. Ыбырай Алтынсарин өзінің еңбегінде «Тұңғыш рет шыққалы отырған еңбек болғандықтан, бұл хрестоматияның кейбір кемшіліктері де болуы мүмкін; бірақ сонда да бұл кітап ізсіз қалмас, тұңғыш оқу кітабы ретінде көздеген мақсатына жетер деген үмітпен өзімді жұбата отырмын. Қазіргі таңда халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отыр. Пайдалы нәрсенің бәріне жаным қумар, халқымызға шамамыз келгенінше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» [1, 7 б.] - дейді, яғни ол өзінің алғашқы хрестоматиясын шығарып, кітаптағы кемшіліктері болуы мүмкін екенін мойындағанымен, оның негізгі мақсаты - қазақ балаларын оқу-білімге шақыру және алғашқы ғылыми оқу құралын ұсыну екенін жеткізеді. Сонымен қатар ол бұл еңбекті халыққа қызмет ретінде қарастырады, яғни білім беру - оның азаматтық борышы деп есептейді.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары көптеген негізгі принциптерге негізделді. «Оның ішінде мектеп оқушыларына арналған әңгімелер жанры болғандықтан, олардың көлемі шағын, тілі мейлінше түсінікті болуды көздеген» [2, 271 б.] – деп Рабиға Сыздықова айтпақшы ол білім берудің түсінікті болуы мен қолжетімділігіне басты назар аударды. Оның ойынша, оқу материалы оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес әрі түсінікті болуы тиіс. Сонымен қатар ол білімнің өмірмен байланысын маңызды деп қарады. Яғни мектепте алынған білім күнделікті өмірде қолдануға жарамды болуы керек. Сонымен қатар ол еңбекті адамды тәрбиелейтін маңызды фактор ретінде қарастырды. Оның шығармаларында адам бойындағы қасиеттер еңбекқорлық, адалдық, қарапайымдылық кеңінен насихатталды.

Сонымен, Ыбырай Алтынсарин қазақ педагогикасының негізін қалаған ұлы ағартушы ретінде тарихта мәңгілік орын алды. Оның педагогикалық және әдістемелік еңбектері қазақ халқының білім беру жүйесінің қалыптасуына зор ықпал етті. Алтынсариннің ағартушылық қызметі халықтың мәдени және рухани дамуына жол ашты. Қазіргі таңда оның білім мен тәрбиені ұштастыру, ұлттық құндылықтарды сақтау, еңбекке баулу және адамгершілікке тәрбиелеу сияқты идеялары қазіргі білім беру жүйесінде де кеңінен қолданылып келеді. Сондықтан Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы - қазақ педагогикасының баға жетпес құндылығы және жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды рухани негіз болып қала береді.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары қазіргі заманғы білім беру жүйесімен де тығыз байланысты десек болады. Яғни бүгінгі білім беру парадигмасы оқушының жан-жақты дамуына, шығармашылық қабілетін арттыруға және оның қоғамдағы орнын қалыптастыруға

бағытталған. Осы тұрғыдан қарастырғанда Алтынсариннің идеялары өте өзекті. Ол білім мен тәрбиені біртұтас процесс ретінде қарастырды. Қазіргі педагогикада да білім беру тек ақпарат берумен шектелмей, тұлғаның рухани және интеллектуалдық дамуын қамтиды деп есептеймін. Сонымен қатар бүгінгі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықты дәріптеу оны оқушының бойына сіңіру негізгі бағыттардың бірі болып саналады, міне бұл ЫБырай Алтынсариннің де ұстанымына сай келеді, яғни ол ұлттық мәдениетті сақтай отырып білім беруді маңызды деп санады. Алтынсариннің ағартушылық қызметінің тағы бір маңызды тұсы – қыз балалардың білім алуына жағдай жасау болды. Ол қазақ қоғамында қыз балалардың білім алуына ерекше көңіл бөліп, қыздар мектебін ашуға бастамашы болды. Бұл оның өз заманынан озық ойлайтын тұлға екенін көрсетеді. Қазіргі қоғамда да гендерлік теңдік мәселесі маңызды орын алады. Осы тұрғыдан қарағанда Алтынсариннің бұл идеялары да бүгінгі күні өз маңызын жоғалтқан жоқ. Жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіндеде ЫБырай Алтынсарин таянып қалмай өз кезегінде адамгершілік құндылықтарды бірінші орынға қойды. Оның шығармаларында әрине мейірімділік, қайырымдылық, адалдық, достық, еңбекқорлық сияқты қасиеттер насихатталады. Мұндай тәрбиелік идеялар қазіргі қоғам үшін де аса маңызды. Өйткені жастардың рухани - адамгершілік тәрбиесі қоғамның тұрақты дамуының негізгі шарттарының бірі болып саналады. Сондықтан Алтынсариннің педагогикалық мұрасы ұлттық тәрбиенің маңызды негіздерінің бірі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ы. Алтынсарин Қазақ хрестоматиясы. - Алматы: Білім, 2007. -113б
2. Р. Сыздықова Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1993. – 320б

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІН ҚҰЗЫРЕТТІЛІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ КОНТЕКСІНДЕ ТАЛДАУ

М.С. Мейрашова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А. Рустемова

Аннотация

Мақалада қазақ ағартушы-педагогы Ы. Алтынсариннің (1841–1889) дидактикалық әңгімелері құзыреттілікке бағытталған оқыту (ҚБО) теориясы тұрғысынан зерттеледі. Оның Н.И. Ильминскийге жазған хаттары мен «Қазақ хрестоматиясы» (1879) негізінде оның педагогикалық жүйесі К.Д. Ушинский мектебімен және заманауи Spady-Wiggins ҚБО моделімен салыстырылады. Ы. Алтынсариннің «Атымтай Жомарт», «Бақша ағаштары», «Асыл шөп» әңгімелері – практикалық, когнитивтік және моральдық-этикалық құзыреттерді бір мәтінде синтездейтін бірегей үлгілер екендігі дәлелденеді.

Кілт сөздер: ЫБырай Алтынсарин, Spady-Wiggins ҚБО, компетентностный подход, функционалдық сауаттылық, қазақ педагогикасы, дидактикалық әңгіме.

ЫБырай Алтынсарин (1841–1889) – қазақ халқының тұңғыш ұлттық педагог-ағартушысы, қазақ даласында зайырлы мектептер жүйесін қалаушы және жаңа типтегі білім беру принциптерін алғашқы рет жүйелі түрде енгізген ойшыл. Оның педагогикалық көзқарастары гуманизм, демократизм және халықтық идеяға негізделген: білімді барлық балаларға (ұлттық, әлеуметтік, жыныстық теңдік тұрғысынан) қолжетімді ету, ана тілінде оқыту, көрнекілік пен практикалық әдістерді қолдану, еңбек тәрбиесі мен адамгершілік құндылықтарды (адалдық, сабыр, жомарттық, патриотизм) дамыту, мұғалімді тәрбие мен білім берудің басты тұлғасы ретінде көру. Ол дәстүрлі медреселердің механикалық жаттау әдісін сынап, білімді өмірлік дағдылармен, моральдық-этикалық тәрбиемен ұштастыруды ұсынған. Ы. Алтынсариннің мұрасы қазақ педагогикасының негізі болып табылады және қазіргі құзыреттілікке бағытталған оқыту (ҚБО) принциптерімен –

дағдыларды кезең-кезеңмен игеру, функционалдық сауаттылық, мәдени адаптация, тұлғалық дамумен терең үндеседі.

Осы тұжырымдамалық негіздер оның Н.И. Ильминскийге жазған хаттарында (әсіресе 1864 жылғы 16 наурыздағы хатта) нақты әдістемелік деңгейде айқын көрінеді. Хаттар – Ы. Алтынсариннің педагогикалық ойлауының «анатомиясын» ашатын ең маңызды дереккөз. Онда оқыту реті, жүйелілік, практикалық бағыт және мұғалімнің фасилитаторлық рөлі толық сипатталады. Мысалы, 1864 жылғы хатта ол орыс тілін оқыту әдісін былай түсіндіреді: «Оқыту әдісім өзіңізден үйренгендей: алдымен заттың атауы (зат есім), одан соң сапасы (сын есім), жіктеу, септеу, сан есім, одан әрі ауызша аудармалар» [1]. Бұл реттілік ҚБО-дағы «кезең-кезеңмен меңгеру (step-by-step mastery және «құрылымдық көмек (scaffolding-тірек)» принциптерінің, атап айтқанды нақтыдан абстрактіге, білімнен қолдануға өту логикасының нақты іске асуы болып табылады. Сол хат контекстінде ол медреселердің «ұрып миға кіргізу» әдісін сынап, оқушылардың моральдық дамуына («парақор болып шықпау үшін адамгершілік әсер ету») баса назар аударады. Осылайша, хаттар Ы. Алтынсариннің жалпы педагогикалық жүйесін – теориядан практикаға, жалпы принциптерден нақты әдістемеге – толық ашады және оның ҚБО-мен сабақтастығын дәлелдейді.

Бұл жерде «құзыреттілікке бағытталған оқыту (ҚБО)» деп отырғанымыз – оқушының тек білімді емес, нақты дағдыларды (когнитивтік, әлеуметтік-эмоционалдық, практикалық), құндылықтарды және өмірлік мәселелерді шешу қабілетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жүйе [2]. Қазақстан Республикасының 12 жылдық мектеп бағдарламалары (2022–2025) мен «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасы осы принципке негізделген [3].

Ал 1876 жылғы хатында (Ильминскийге жазған хаттардың бірінде) Ы. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясының» мазмұнын қалыптастырудағы өз көзқарасын былай негіздейді: «Мысалдарды (басни) енгізгім келмейді, өйткені, қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жоқ нәрсені үйретеді деп, тіпті ренжитінін тәжірибемнен білемін. Қазақ балаларына, меніңше, мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер, немесе оларды қызықтыратын, мысалы, жібек құртының, көбелектерінің өзгерулері сияқты, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты әңгімелер тәуірірек болады» [1]. Бұл шешім – қазіргі білім берудегі ҚБО-ның іргелі талабы болып табылатын «real-life application (өмірлік қолдану)» және «мәдениетке бейімделген оқытудың (culturally responsive pedagogy)» принциптерін , атап айтқанда білім мазмұны оқушының когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек деген ұстанымдарды XIX ғасырдың өзінде саналы түрде жүзеге асырғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар Ы. Алтынсарин К.Д. Ушинскийдің «Детский мир» жинағын зерделеп, «онда аударуға тұрарлық мақалалар баршылық» деп бағалады [1]. Екі педагогтың ортақ принциптері: ана тілінде оқыту, көрнекілік, тұтас тәрбие (білім + мораль).[9] Бірақ айырмашылық та елеулі: Ушинский орыс балаларының тәжірибесіне негізделсе, Алтынсарин қазақ баласының кіндік ортасын – дала тіршілігін, шаруашылық қатынастарды, исламдық этиканы – педагогикалық материал ретінде пайдаланды.[4] Паульсон, Водовозов, Бунаков сияқты ұстаздардың табиғат пен практикалық еңбекке негізделген жаратылыстану оқытуын да қабылдап, Алтынсарин оны қазақ далалық бағдарламасына бейімдеді.[4] Бұл идеясын – «project-based learning» принципінің тарихи прецеденті деп бағалауға болады [5].

Осы тұрғыда Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (1879) жинағына енгізілген дидактикалық әңгімелерін құзыреттілікке бағытталған оқыту (ҚБО) теориясының призмасында талдау ерекше ғылыми мәнге ие. Себебі, хаттардағы (әсіресе 1864 жылғы 16 наурыздағы және 1876 жылғы хаттардағы) step-by-step mastery, scaffolding (тірек құрылымдық қолдау) және real-life application принциптері оның әңгімелерінде нақты педагогикалық құрылым ретінде көрініс табады. Ы. Алтынсариннің нарративтері – бұл жай дидактикалық мәтіндер емес, когнитивтік-әлеуметтік құзыреттердің (cognitive, social-emotional, practical competencies) кезеңдік қалыптасуының диалектикалық үлгісі. Себебі, олар Bloom таксономиясының төменгі деңгейлерінен (remembering, understanding) жоғары деңгейлеріне (applying, analyzing, evaluating, creating) өту логикасын, сондай-ақ Л.С. Выготскийдің жақын даму аймағы (ZPD) шеңберіндегі scaffolding механизмін толық жүзеге асырады.

Мысалы «Атымтай Жомарт» әңгімесінде практикалық еңбек құзыреті (labor competency) мен этикалық-моральдық құндылықтар (values education) scaffolding арқылы қалыптасады. Әңгімеде бай Атымтай өз мүлкіне қарамастан күнделікті еңбек етеді (отын кесіп, шөп тасиды)

және балаларына төрт принцип қалдырады: байлыққа тәуелді болмау; еңбек үлгісі болу; «еңбекпен табылған дәм тәтті» деген аксиома; дәулетті мақсатты пайдалану [6]. ҚБО тұрғысынан: әңгіме практикалық еңбек дағдысы (labor competency), этикалық-моральдық құзырет (жомарттық, адалдық) және өзін-өзі реттеу дағдысын бір сюжет ішінде дамытады [2]. Сабақта оқушылар «байлық пен еңбектің байланысы» мәселесін problem-based learning форматында талқылай отырып, Bloom шкаласы бойынша «талдау» деңгейіне дейін жетеді [5]. алдымен нақты еңбек үлгісі (отын кесу, шөп тасу) беріледі, содан кейін оқушы оны өз өмірімен байланыстырып талдайды (real-life application), соңында этикалық рефлексияға (жомарттық, адалдық) жетеді.

«Бақша ағаштары» – себеп-салдарлық когнитивтік құзыреттің (causal reasoning) және ұзақ мерзімді ойлау (future-oriented thinking) дағдысының көрінісі. «Бақша ағаштары» – когнитивтік және экологиялық-болашақтық құзыретОнда әке мен бала егілген ағаштарды бірге бақылайды; бала сұрақ қояды, әке «тәрбие – болашаққа инвестиция» деген тезисті нақты мысалмен ашады [6]. Шығарма себеп-салдар тізбегін (когнитивтік құзырет), ұзақ мерзімді жоспарлауды және отбасылық-әлеуметтік жауапкершілікті бірдей қалыптастырады [2]. ҚБО-дағы «бақылау + диалог + рефлексия» тізбегімен толық сәйкес; PISA-ның ғылыми сауаттылық блогына дайындық материалы ретінде де қолданыла алады [3].

«Асыл шөп» әңгімесінде «Сабыр – ең асыл шөп, ауырды жеңілдетеді» деген идея аллегориялық бейнелеу арқылы концептуалданады: сабыр абстрактілі моральдық қасиет ретінде емес, символдық «шөп» бейнесі арқылы адам өміріндегі емдік, қалпына келтіруші күш ретінде ұсынылады [6]. Бұл көркемдік тәсіл оқырманның моральдық ұғымды сезімдік-бейне деңгейінде қабылдауына мүмкіндік беріп, этикалық идеяны когнитивтік тұрғыдан терең игеруге жағдай жасайды. Сонымен қатар, мұндай символдық модельдеу оқушының эмоциялық тәжірибесін белсендіруге бағытталған, өйткені сабыр ұғымы өмірлік қиындықтарды еңсерудің психологиялық механизмі ретінде түсіндіріледі.

Аталған идея қазіргі білім берудегі Social-Emotional Learning (SEL) моделінің негізгі компоненттерімен – эмоционалдық реттеу (emotional regulation) мен резилиенттілікті (resilience) дамыту қағидаттарымен мазмұндық тұрғыдан үйлеседі [5]. Әңгімедегі моральдық ситуациялар оқушыны эмоциялық күйді бақылау, қиындыққа төзімділік таныту және шешім қабылдау үдерісін рефлексиялау сияқты дағдыларға бағыттайды.

Педагогикалық тұрғыдан бұл идеяны оқытуда рөлдік ойын технологиясын қолдану тиімді: «сабырдың нақты өмірдегі рөлі» тақырыбындағы ситуациялық тапсырмалар оқушыларға мәтіндегі моральдық ұстанымды жеке тәжірибемен байланыстырып талдауға мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмалар барысында білім алушылар тек мазмұнды түсінумен шектелмей, оны салыстырып, құндылықтық тұрғыдан бағалап, нақты әрекет стратегияларын ұсынады. Осы арқылы оқу әрекеті Bloom таксономиясының жоғары деңгейіне – «бағалау» (evaluation) сатысына дейін көтеріледі, яғни оқушы моральдық қағиданы сын тұрғысынан саралап, оның өмірлік маңызын дербес пайымдай алады.интеллект пен резилиенттілік (resilience) құзыреттерінің дамуы байқалады [5].

Жоғарыда келтірілген талдаулардың негізінде Ы. Алтынсарин мұрасының қазіргі білім жүйесіндегі өзектілігі оның педагогикалық идеяларының заманауи білім беру парадигмасымен мазмұндық әрі әдіснамалық сабақтас деп тұжырымдауға негіз бар. Себебі бұл идеялар Қазақстан Республикасының үлгілік оқу бағдарламаларында (2022–2025) ағартушының шығармалары «Қазақ әдебиеті», «Дүниетану» және «Тәрбие сағаттары» пәндерінің мазмұнына жүйелі түрде енгізіліп, білім алушылардың адамгершілік-құндылықтық бағдарын қалыптастырудың негізгі мәтіндік базасы ретінде қарастырылады [3]. Бұл тұрғыда Алтынсарин әңгімелерінде көрініс табатын еңбекқорлық, сабырлылық, жомарттық, адалдық сияқты құндылықтар қазіргі «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының аксиологиялық негіздерімен тікелей ұштасады [3].

Теориялық тұрғыдан алғанда, Ы.Алтынсариннің «пайдалы адам тәрбиелеу» идеалы қазіргі нәтижеге бағытталған білім беру (outcome-based education) тұжырымдамасының тарихи-педагогикалық прообразы ретінде қарастырылуы мүмкін. У. Спейди (Spady, 1994) мен Г. Уиггинс (Wiggins, 1998) ұсынған модельде білім беру үдерісі алдын ала анықталған оқу нәтижелеріне бағдарланса, Алтынсарин педагогикасында да тәрбиенің түпкі мақсаты – қоғамға пайдалы, еңбекқор және адамгершілік құндылықтарды ұстанатын тұлға қалыптастыру ретінде белгіленеді [2; 5]. Осы тұрғыдан алғанда, ағартушы идеялары нәтижеге бағытталған оқыту философиясының ұлттық тарихи контексттегі ерте үлгісі ретінде бағалануы мүмкін.

Қазіргі кезеңде Алтынсарин мұрасын білім беру практикасына бейімдеу бағытында институционалдық деңгейде де жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ағартушы шығармаларын цифрландыру, оқу-әдістемелік базасын жаңарту және

мұғалімдерге арналған құзыреттілікке бағытталған сабақ үлгілерінің әдістемелік нұсқаулықтарын әзірлеу жұмыстарын жүзеге асыруда [3]. Бұл үдеріс ұлттық педагогикалық мұраны цифрлық білім беру ортасына интеграциялаудың маңызды қадамы болып табылады

Сонымен қатар, 2021 жылы Арқалық педагогикалық институты мен ҚазҰУ ұйымдастырған ғылыми конференциялар материалдарында Алтынсарин идеялары жаңартылған білім мазмұнының негізгі қағидаттарымен толық үйлесетіні атап көрсетіледі. Атап айтқанда, жүйелілік, ғылымилық, еңбекке тәрбиелеу және тұлғаның белсенді әрекеті арқылы білім алу принциптері қазіргі құзыреттілікке бағытталған білім беру моделінің (ҚБО) іргелі негіздерін құрайды [7]. Осылайша, Алтынсариннің педагогикалық мұрасы тек тарихи-мәдени құндылық ретінде ғана емес, қазіргі білім беру жүйесінің теориялық және әдіснамалық ресурсы ретінде де маңызды ғылыми-практикалық мәнге ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ильминский Н. И. Воспоминания об И. А. Алтынсарине ; [Письма и бумаги И. А. Алтынсарина] / [Соч.] Н. Ильминского. – Казань : типо-лит. В. М. Ключникова, 1891. – 396 с.
2. Spady W. Outcome-Based Education: Critical Issues and Answers. – Arlington: AASA, 1994. – 112 p.
3. Қазақстан Республикасының үлгілік оқу бағдарламалары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлері) / Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – Астана, 2022–2025. – Электрондық ресурс. https://uba.edu.kz/metodology
4. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. – Алматы: Мектеп, 1969. – 102 б.
5. Spady W. Outcome-Based Education: Critical Issues and Answers. – Arlington: AASA, 1994. – 112 p.
6. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. —Қайта басылым: Алматы, 1991.
7. «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Арқалық: АрқПИ, 2021.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ГУМАНИСТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.А. Орынбаева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 4-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Ж.Қ. Смағұлов

Аннотация.

Бұл мақалада қазақ әдебиеті сабақтарында гуманистік құндылықтарды қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қазақ әдебиеті шығармаларындағы адамгершілік, ізгілік, мейірім, адамды құрметтеу сияқты идеялардың тәрбиелік мәні талданады. Сонымен қатар қазақ әдебиетін оқыту барысында гуманистік идеяларды қазіргі білім беру үдерісінде қолдану мүмкіндіктері сараланады. Әдеби шығармалар арқылы оқушылардың рухани дүниесін байыту, олардың адамгершілік көзқарасын қалыптастырудың маңызы ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – жан-жақты дамыған, рухани бай, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеу. Бұл міндетті жүзеге асыруда гуманистік идеялардың орны ерекше. Гуманизм – адамды ең жоғарғы құндылық ретінде танитын, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге негізделген дүниетанымдық ұстаным. Қазақ халқының рухани мәдениеті мен әдеби мұрасында гуманистік идеялар ежелгі дәуірден бастап қалыптасқан[1]. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, жыраулар поэзиясында, кейінгі дәуір ақын-жазушыларының шығармаларында адамгершілік, мейірімділік, адалдық, әділдік сияқты құндылықтар кеңінен көрініс табады. Сондықтан, қазақ әдебиетін оқыту барысында гуманистік тәрбиені жүзеге асыру – білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі.Белгілі ғалым

З.Т.Жұмағали қазақ әдебиетін зерттеу барысында әдеби шығармалардағы адамгершілік мәселелеріне ерекше назар аударып, көркем әдебиеттің қоғамдағы тәрбиелік қызметін жоғары бағалаған. Ғалымның пікірінше, көркем әдебиет – адамзаттық құндылықтарды насихаттайтын, адам санасын қалыптастыратын маңызды рухани құрал[2].

Қазақ әдебиетіндегі гуманистік идеялардың көрінісі

Қазақ әдебиетінде гуманизм идеясы халықтың дүниетанымымен, өмірлік тәжірибесімен тығыз байланысты қалыптасқан. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінде адамгершілік, ізгілік, әділдік идеялары ерекше орын алады. Батырлар жырында елін қорғаған ерлердің батылдығы ғана емес, олардың адамгершілік қасиеттері де бейнеленеді.Сонымен қатар, қазақтың мақал-мәтелдері мен шешендік сөздерінде де гуманистік идеялар кеңінен көрініс тапқан. Мысалы, *«Адамгершілік – асыл қасиет», «Жақсылық жасасаң – өзіңе қайтады»* деген нақыл сөздер халықтың адамгершілік қағидаларын көрсетеді.Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлы шығармаларында гуманистік идеялар ерекше көрініс тапқан. Абай адамзаттың бірлігі мен адамгершілік құндылықтарды дәріптей отырып:

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп»

деген терең философиялық ой айтады[3]. Бұл – қазақ әдебиетіндегі гуманизмнің жарқын көрінісі. Абай шығармаларында адам болмысы, рухани кемелдік, білім мен ғылымның маңызы ерекше айқындалған.Белгілі ғалым М.Әуезов Абай шығармашылығы туралы: «Абай – қазақ халқының рухани мәдениетін жаңа деңгейге көтерген ұлы тұлға» – деп атап көрсеткен. Шынында да, Абай шығармалары қазақ әдебиетіндегі гуманистік ойдың дамуына үлкен ықпал етті. Мағжан Жұмабаев поэзиясында да гуманистік идеялар кеңінен көрініс табады. Ақын шығармаларында адам жанының нәзіктігі, рухани тазалық, адамзатқа деген сүйіспеншілік ерекше суреттеледі. Оның *«Мен жастарға сенемін»* атты өлеңі жас ұрпақты биік мақсаттарға жетуге, елге қызмет етуге үндейді[4]. Қазақ әдебиетіндегі гуманизм мәселесін зерттеуде белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Задан Тасқалиұлы Жұмағалиев еңбектерінің маңызы ерекше. Ғалым қазақ әдебиетіндегі адамгершілік, тарихи шындық және көркемдік таным мәселелерін терең зерттеп, ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына зор үлес қосты.Қазақ әдебиеті кафедрасының іргетасын қалап, оны жиырма жыл бойы басқарған профессор З.Т.Жұмағалиев университет қабырғасында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, көптеген жас ғалымдардың қалыптасуына ықпал етті. Республикаға танымал әдебиетші ғалымның ғылыми мұрасы қазақ әдебиетінің тарихи даму кезеңдерін, әдеби үдеріс пен көркемдік таным мәселелерін жан-жақты қарастыруымен ерекшеленеді.Ғалымның *«Өршіл гуманизм өнегесі», «Дауылды жылдар шежіресі», «Уақыт және әдебиет», «Замана сазы», «Жылдар, ойлар», «Бел-белесте»* атты монографиялары мен *«Шындық және көркем әдебиет», «Кезең және әдебиет»* атты оқу құралдары ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңінде маңызды еңбектердің бірі болып саналады. Бұл еңбектерде әдебиеттің қоғам өмірімен байланысы, көркем шығарманың тарихи шындықты бейнелеудегі рөлі, сондай-ақ әдебиеттің гуманистік мазмұны ғылыми тұрғыдан талданады.Зерттеуші өз еңбектерінде көркем әдебиеттің басты мақсаты адам болмысын тану екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, әдеби шығармалар арқылы адамгершілік құндылықтар, ұлттық дүниетаным мен рухани мәдениет ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Сондықтан,әдебиет тек эстетикалық құндылық емес, сонымен қатар қоғамның рухани дамуына ықпал ететін маңызды мәдени құбылыс болып табылады.Профессор З.Т.Жұмағалиевтің ғылыми тұжырымдары қазіргі қазақ әдебиетін зерттеуде ғана емес, әдебиетті оқыту үдерісінде де маңызды әдістемелік негіз болып табылады. Әсіресе қазақ әдебиеті сабақтарында гуманистік құндылықтарды қалыптастыру мәселесін қарастыру барысында ғалым еңбектеріндегі тұжырымдар ерекше мәнге ие.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі гуманизм мәселесі

Қазіргі қазақ әдебиетінде де гуманистік идеялар маңызды орын алады. Тәуелсіздік жылдарындағы әдеби шығармаларда адам тағдыры, қоғамдағы моральдық құндылықтар, ұлттық болмыс мәселелері кеңінен қарастырылады[5]. Жазушылар мен ақындар өз шығармаларында адамның ішкі әлемін, оның рухани ізденістерін, қоғамдағы орнын бейнелеуге ұмтылады. Бұл тұрғыдан алғанда қазіргі әдебиет те гуманистік идеяларды жалғастырып келеді.Ғалымдардың пікірінше, әдеби шығармалар арқылы адам болмысын тану, қоғамдағы құндылықтарды бағалау мүмкіндігі артады. Сондықтан,әдебиет – тек эстетикалық құндылық қана емес, сонымен қатар тәрбиелік маңызы зор рухани құрал.

Қазақ әдебиеті сабақтарында гуманистік тәрбие беру

Қазақ әдебиеті сабақтарында гуманистік құндылықтарды қалыптастыру оқушылардың тұлғалық дамуына үлкен әсер етеді. Әдеби шығармаларды оқу барысында оқушылар кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талдай отырып, олардың адамгершілік қасиеттеріне баға береді.Бұл үдеріс оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, олардың дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар,әдеби шығармалар оқушылардың эмоциялық сезімін тәрбиелеуге де мүмкіндік береді.Білім беру үдерісінде гуманистік тәрбие беру үшін мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы тиіс. Мысалы:

- шығармашылық тапсырмалар;
- пікірталас ұйымдастыру;
- кейіпкерлерді салыстырмалы талдау;
- көркем мәтінді терең талдау.

Осындай әдістер арқылы оқушылар әдеби шығармалардың мәнін терең түсініп, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіреді.Белгілі педагог ғалымдардың пікірінше, әдебиет сабағы – оқушылардың рухани әлемін қалыптастыратын ерекше пән. Сондықтан мұғалім көркем мәтінді тек оқыту нысаны ретінде емес, тұлға тәрбиелеудің маңызды құралы ретінде қарастыруы тиіс.

Қазіргі білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндіктері

Бүгінгі білім беру жүйесінде әдеби шығармаларды оқыту жаңа әдістемелік тәсілдермен жүзеге асырылып келеді. Әдебиет сабағында интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.Мысалы, әдеби шығармаларды талдау барысында оқушыларға кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау, олардың мінез-құлқын қазіргі қоғаммен байланыстыру сияқты тапсырмалар беріледі. Бұл тәсілдер оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға және гуманистік құндылықтарды түсінуіне көмектеседі.Сонымен қатар,қазіргі уақытта әдебиетті оқытуда жобалық жұмыс, эссе жазу, пікірталас ұйымдастыру сияқты әдістер де кеңінен қолданылады. Мұндай жұмыстар оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне және әдеби шығармаларды терең түсінуіне мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті – адамгершілік пен ізгілік құндылықтарын насихаттайтын рухани мұра. Әдеби шығармаларда бейнеленген гуманистік идеялар жас ұрпақтың рухани дамуына үлкен әсер етеді.Қазақ әдебиеті сабақтарында гуманистік тәрбие беру арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, олардың дүниетанымын кеңейтуге болады. Сондықтан,әдебиет пәнін оқыту барысында гуманистік құндылықтарды насихаттау – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
2. Жұмағали З.Т. Қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері. – Алматы.
3. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы, 2010.
4. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2013.
5. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 2005.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІ САБАҒЫҒЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

А. Тұңғыш
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А. Рустемова

Аңдатпа.

Бұл мақалада қазақ әдебиетінде проблемалық оқыту технологиясын қолданудың теориялық, әдістемелік және тәжірибелік негіздері жанжақты қарастырылады. Қазіргі әдебиет сабақтарында бұл әдістің сирек қолданылатын себептері көрсетіледі. Оның танымдық және тәрбиелік әлеуетін

қайта жандандыру қажеттігі дәлелденелі. Мақалада сауалнама нәтижелері, нақты сабақ үлгілері мен әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер:проблемалық оқыту, әдеби талдау, әдістеме, шығармашылық, жаңашылдық.

Кіріспе.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – тұлғаның танымдық белсенділігін, сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Баланың танымдық қабілеттерін дамыту мәселесі өзінің тамырын адамзат тарихының тереңінен алады. Әбу Насыр әл-Фараби: «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы» трактатында бақытқа жетудің бірден-бір жолы адамның ақыл-ойын, қабілеттерін қалыптастырып, дамыту арқылы жүзеге асатындығын айтқан[1;18]. Тәрбие құралының бірі әдебиет пәні осы қабілеттерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Алайда мектеп тәжірибесінде әдебиетті оқыту көбінесе мазмұнды меңгерумен шектеліп, терең талдау мен зерттеуге сирек мүмкіндік беріледі. Ұлы Абай өзінің қара сөздерінде бала өмірге келгендегі бойындағы қабілеттерін қалыптастырып, дамытуды қажет ететіндігін, сонда ғана ол пайдаға, керекке асатынын жазып, назардан тыс қалған жағдайда бала бойындағы қабілеттері бара-бара жойылып кететінін, оған қайта қол жеткізу қиынға түсетінін айтқан[2;54]. Махмутов өзінің осы проблемалық оқыту бойынша анықтамасында білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс оқушы өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады. Өйткені, ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді деп көрсетеді. Мұндай жағдайдан шығу білімді меңгерудің жолын құрастыру кезінде туындаған проблеманы шешу үшін ойлану қабілетін дамытқанда ғана іске асады[1;64]. Ал Матюшкиннің анықтамасы бойынша, “оқытудағы ойланудың негізгі қызметі тек қана жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігінде. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы” деп түсіндіреді[3;58].

Проблемалық оқыту оқушыны дайын білімді қабылдаушы емес, ізденуші, зерттеуші тұлға ретінде қалыптастыратын әдіс. Ол білімді шығармашылықпен меңгеруді, пікір алмасуды, ойлануды, талқылауды қажет етеді. Дегенмен, қазіргі қазақ әдебиеті сабақтарында бұл әдістің жүйелі түрде қолданылмайтыны байқалады.

Әдістеме.

Проблемалық оқыту – қазіргі заманғы білім беру парадигмасына сай келетін, оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық әлеуетін дамытатын заманауи әдістің бірі. Бұл әдістеме Д.Дьюи, М.И. Махмутов, А.М. Матюшкин, И.Лернер, Т.В. Кудрявцев сынды әлем және кеңестік педагог-ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелген.

Д.Дьюи: «Білім – бұл дайын берілетін дүние емес, адамның іс-әрекет арқылы алған тәжірибесі» – деп, оқушының өздігінен ізденіп, әрекет етуі арқылы шынайы білімге жететінін айтқан[1;83]. Бұл пікір проблемалық оқытудың негізі болып табылады.

Мақсаты: Ғылыми таным нәтижелерін,білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзін де, үдерісінде меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық әдіспен оқытудың мақсаты оқушының сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету. Оқушыны ізденуге, қорытынды жасауға, өзгеше пікір айта білуге үйретеді.

Өзектілігі: Қазіргі кезде мектептерде әдебиет сабағы көбінесе репродуктивті, мазмұнды меңгеру бағытымен шектеліп отыр. Бұл оқушының шығармашылық, талдау, пікір айту, салыстыру қабілеттерінің төмендеуіне әкеледі. Ал проблемалық оқыту технологиясы — осы дағдыларды дамытуға, терең әрі сапалы білім қалыптастыруға жол ашатын тиімді әдіс. Дегенмен бұл тәсіл іс жүзінде сирек қолданылады. Сол себепті оны қайта жандандыру — әдістеме ғылымының маңызды мәселелерінің бірі.

Міндеттері:

1)Ақын-жазушылардың көркем туындыларымен таныс болу

2)Оқушылар ақпаратты тек қабылдамай, оны талдауға, сұрақ қоюға, салыстыруға, қорытынды жасауға үйрену

3)Өжіедік пікір айтуға дағдылану

4)Сыни ойлау қабілетін дамыту

5)Ізденіске ынталандыру

Осы әдістің басты ерекшелігі деп санайтынымз– проблемалық оқытуда оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемаларды міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық ситуация пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекетімен ынтасы күшейе түседі. Ал басқа әдістерден айырмашылығы– білім оқушыларға дайын күйінде ұсынылмайды, керісінше, олардың алдына белгілі бір проблеманы өз бетінше шешу міндеті қойылады. Осылайша іздену әрекеті барысында шешімді оқушылардың өзі тауып, білімді игеруге жол ашады.

Қазақ әдебиеті пәнінде проблемалық оқыту әдісін қолдану ерекше маңызды. Себебі әдеби шығармаларда әлеуметтік, адамгершілік, тарихи мәселелер көптеп кездеседі. Олар оқушыларды ойландырып, талдауға, пікір айтуға жетелейді. Проблемалық сұрақ қою арқылы оқушыны мәтін ішіне енгізіп, авторлық идеяны түсінуге, кейіпкерлердің әре- кетіне баға беруге, өзіндік тұжырым жасауға жағдай жасалады.

Проблемалық оқыту әдісінің жалпы құрылымы бар, сабақ тақырыбына Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” романын ала отырып кезеңдерге бөлсек[4]:

1)Өткен сабақтар бойынша пысықтау. Игерген білімді жүйелеп,оны практикада қолдана білу ,оқушыларға қысқа етіп жауап жаздыру немесе олардың пікірлесу арқылы білімін ауызша тексеру.

2)Пысықтауды қорытындылау. Оқушылардың жұмыстарвн қарап, оларды қорытындылап, алдағы жаңа тақырыпты таныстыру.

3)Проблемалық жағдай туғызу. Мәселен, Абай билікке ұмтылғанда, оның тағдыры қандай болар еді?

4)Проблеманы шешу жолдарына болжам жасау Бұрынғы білімдерін пысықтай отырып, жаңа материалды баяндау және оны талдауға үйрету. Мәселен, Абай билікке ұмтылғанда оның шығармашылық еркіндігі шектеліп, саяси қатынастарға әсер етер еді. Абайдың табиғатынан патша өкіметіне және дәстүрлі билікке қарсы көзқарасы оны күрделі саяси жағдайларға тап ететін еді.

5)Болжамды дәлелдеу Алынған білімді бекіту және іскерлік қалыптастыру, пікірлесу. Дәлел ретінде, Абайдың табиғи тәуелсіздігі мен патша өкіметіне қарсы көзқарасы, әдебиеттегі еркіндікке ұмтылысынан байқауға болады

6)Проблема шешімінің дұрыстығын тексеру. Алынған білімді бекіту және іскерлік пен дағды қалыптастыру. Мәселен, Абайдың билікке ұмтылған жағдайда оның шығармашылық еркіндігі шектеліп, саяси қатынастарға әсер етуі мүмкін еді деген болжам толық дәлелденеді. Өйткені, Абайдың патша өкіметіне қарсы көзқарастары мен әлеуметтік әділеттілікке ұмтылуы оның саяси қызметке араласуына мүмкіндік бермей, шығармашылық жолындағы еркіндігін шектейтін еді.

Тәжірибеде қолдану.

Проблемалық оқыту технологиясын қазақ әдебиеті пәнінде қолдану – оқушылардың тек білімін тексеріп қана қоймай, олардың ойлау, сараптау, пайымдау, салыстыру, дәлелдеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді[5]. Бұл әдіс әсіресе 9-11-сыныптарда күрделі әдеби шығармаларды меңгертуде, оқушыны шығарма идеясына жақындатуда өте тиімді.

Проблемалық оқыту әдебиет сабағы- ның барлық кезеңінде жүзеге аса алады:

-жаңа материалды меңгертуде,

-түсіндіргеннен кейін талдауда,

-қайталау кезінде,

-бақылау мен бекіту сабақтарында.

Мысалы, 11-сыныпта М.Әуезовтің «Абай жолы» романын өткенде, дәстүрлі мазмұн айту мен сұрақ- жауап тәсілінен гөрі, оқушыны шығармадағы мәселеге байланысты терең ойға жетелейтін проблемалық сұрақтар тиімді.

-Егер Абай Құнанбайдың жолын ұстанғанда, оның тағдыры қандай болар еді?

- Абайдың Құнанбайға қарсылық көрсетуі — жеке бас еркіндігі ме, әлде ұлт үшін күрес пе?

-Абайдың ішкі рухани ізденісін қазіргі заман жастарының өмірімен салыстыруға бола ма? Мұндай сұрақтар оқушыны көркем мәтіннің ішкі мағынасына енуге, ой қорытуға, өз ұстанымын дәлел- деуге итермелейді. Проблемалық жағдай туғызылған кезде сабақта тек ақпарат алмасу емес, пікірталас, талдау, рефлексия процесі жүреді.

Қазақ әдебиетінде проблемалық оқыту әдісінің қазіргі жастар арасындағы қабылдануын анықтау мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын студенттер арасында шағын сауалнама жүргізілді. Сұрақтар әдістің тиімділігі, қызығушылық деңгейі, болашақта қолдануға дайындығы туралы болды.

Кесте 1

Сауалнама қорытындысы

Сұрақ	**Иә%**	**Жоқ%**
Проблемалық оқыту әдісін білесіз бе?	80%	20%
Бұл әдіс сабаққа қызығушылықты арттырады ма?	93%	7%
Қазақ әдебиетінде тиімді деп ойлайсыз ба?	86%	14%
Болашақта қолдануға дайынсыз ба?	91%	9%

Жауаптардың басым бөлігі – бұл әдіске деген оң көзқарасты көрсетеді. Студенттердің пайымдауынша, проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар оқушыны еркін ойлауға, өз көзқарасын ашық айтуға, өмірлік жағдайлармен байланыстыруға үйретеді. Бұл әдісті меңгерген мұғалім заманауи білім беру талабына толық жауап бере алады.

Қорытынды

Қорыта келе , қазақ әдебиетін оқытуда проблемалық оқыту технологиясын қолдану – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін тиімді әдістердің бірі болып табылады. Бұл технология білім алушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, өздігінен ізденіп, мәселе шешуге ұмтылатын тұлға ретінде қалыптастырады.

Зерттеу барысында қазіргі әдебиет сабақтарында проблемалық оқыту әдісінің жеткілікті деңгейде қолданылмайтыны анықталды. Дегенмен, жүргізілген сауалнама нәтижелері бұл әдіске деген оң көзқарастың жоғары екенін және оны тәжірибеде кеңінен енгізуге сұраныс бар екенін көрсетті.

Сондықтан қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде проблемалық оқыту технологиясын жүйелі түрде қолдану – білім сапасын арттырудың, оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты. Бұл бағытта мұғалімнің әдістемелік шеберлігін жетілдіру, жаңа тәсілдерді тәжірибеге енгізу және оқыту мазмұнын жаңғырту өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөрібекова Б. Қазіргі заман педогогикалық технологиялар.-Алматы, 2014. 360 б.
2. Ботамқұлова А. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары.-Тараз, 2015. -90 б.
3. Қапалбек А. Кеңесова А. Жұмағұлова А. Әдіскер анықтамалывғы.-Астана, 2016. -195 б.
4. Әуезов М. Абай жолы.-Алматы: Жазушы, 2004. -369 б.
5. Проблемалық оқыту әдісі // stud.kz. – Электронды ресурс.-URL: //https://stud.kz/referat/show/30648

ЖИ АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘРЕКЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Ж.А. Кенжебекова, А.Ж. Аметова
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Педагогика ғылымдары магистрлері, аға оқытушылар

Аңдатпа

Мақалада жасанды интеллект технологиялары қазақ тілін оқыту үрдісінде де қолданылып, уақыт үнемдеуге, білім сапасын жақсартуға, оқытушы жұмысын жеңілдетуге көмекші құрал ретінде тиімді екені қарастырылған. Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқыту (В1 деңгейі) барысында тіл үйретудің оқылым, айтылым, жазылым әрекеттерін ЖИ тапсырмаларымен беруге болады.

Оқылым студенттің есте сақтау қабілетін арттырса, тыңдалым ойын жүйелеп жинақтауға көмектеседі. Сондай ақ, ChatGPT, TilQazyna, Kazlang платформалары арқылы студенттер кез келген тақырыптағы мәтіндермен жұмыс істеп, мәтін бойынша сұрақтар мен түсініктемелер алады. Жасанды интеллект – қазіргі қоғамда білім саласында да сұранысқа ие болып отыр. Тіл үйренуге арналған әрекеттерді ЖИ платформаларында сауатты қолдану студенттерге тиімді екенін көрсетеді. Сабақ барысында ЖИ платформаларын қолдану өз нәтижесін бергендіктен студенттердің қызығушылығы арта түсті.

Студенттер топпен жұмыс істеу үшін ЖИ тапсырмаларын орындап, еркін сөйлеуге, ойын жеткізуге, сұрақтарға жылдам жауап беруге, қорытынды пікір айтуға дағдыланды. Келешекте орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқыту әрекеттерін дамыту үшін ЖИ маңызды рөл атқарады. Біз қарастырған қазақ тілі сабағында Абайдың қара сөздерін студенттер ЖИ көмегімен қысқартып, талдап, өз сөздерімен жеткізуге тырысты. Әр топ өз тақырыптарын қорғап, жекелеген тапсырмаларды орындауды ЖИ-ді ұтымды қолданды.

Кілт сөздер: тіл үйрету, жасанды интеллект, жазылым, оқылым, айтылым, үрдіс, ұлттық тәрбие

Жан-жақты дамыған, ақыл парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың ұлттық құндылықтары, ел дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп бала бойына сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Расында да, ең құнды тәрбие – ұлттық тұрғыдан берілген тәрбие. Ғасырлар бойы сараланған асыл құндылықтарға моральдық тұрғыдағы тәлім қосылып, өсіп келе жатқан ұрпақ бойында ұлтық құндылықтармен даритын қасиеттер байқалады. Халықтың өмір салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар жиынтығы әр заманда маңызды. Осы себептен ұлттық тәрбиенің негіздерін жасанды интеллект арқылы оқытуды бір арнаға түсіріп, жалпы ұрпақ тәрбиесі мәселесінде тиімді пайдалана білу - бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік.

Осы орайда жасанды интеллект технологияларын қазақ тілін оқытуда тиімді және білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Технологиялық құралдар оқытушы мен студент жұмысын жеңілдетіп, сабақ нәтижесін беруге көмекші құрал болады. Білім беру саласындағы жаңа технологиялардың бірі - жасанды интеллект . Қазіргі таңда ЖИ қазақ тілі сабағында тиімді қолданылып, өз нәтижесін көрсетіп келеді. Бұл технология тіл үйренуші студенттердің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекеттерін меңгеруге өте тиімді.

Ұлы кемеңгер Абай адам бойындағы адами қасиетті былай зерделейді: «Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады»

Олай болса, жоғары оқу орындарында В1 деңгейі бойынша кезекті қазақ тілі сабағын жасанды интеллект платформасында өткізу үшін **«Ақыл, қайрат, жүрек»** тақырыбын таңдап алдық.

Сабақтың мақсаты: Абайдың қара сөздері арқылы студенттердің рухани- адамгершілік қасиеттерін дамыту, он жетінші қара сөзінің мазмұны мен идеясын түсіндіру.

Дамытушылық: Қара сөзді кезекпен дауыстап оқу, пікір айту, студенттердің сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: «Ақыл, жүрек, қайрат» ұғымдары арқылы адами құндылықтарды бағалау

Алдымен студенттер тақтада берілген Абайдың он жетінші қара сөзін оқиды. Оқылым әрекетінде студенттер оқытушыға сұрақ қоя алады. Оқытушы кейбір сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, студенттердің қызығушылығын арттырып, сабақты дамыту үшін бағыт береді:

Он жетінші қара сөз

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын; әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол - менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те - менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті .....

Тыңдалым әрекеті оқылым мазмұнын есту арқылы студент ойын қалыптастырады. Жасанды интеллект көмегімен студенттер тақтада Абайдың бейнесін көріп, он жетінші қара сөзін ақынның даусымен тыңдағанда ерекше әсер алады. Тыңдалым - студенттердің топқа бөлініп жұмыс істеуіне көмекші электронды құрал.

Сабақ барысында студенттер «Ақыл. Жүрек. Қайрат» атауларымен 3 топқа бөлініп, әр топ өз атауларын қорғап, талқылайды.

Топтық жұмыс

ЖИ көмегін қолданып, тапсырмаларды орындаңыз:

1-тапсырма

«Айтылым» әрекетінде әр топ өз ұстанымы бойынша дәлелдеу керек:

«Ақыл» тобы мәселені сабырмен шешу жолдарын ұсынады.

«Жүрек» тобы қарсыластарын татуластырып, кешірімге шақырады.

«Қайрат» тобы әділеттілікті талап етіп, батылдық танытады

Әр топ сөзді Мен « .....» болсам деп бастайды.

2- тапсырма

Топтарға жалпы сұрақ: Жақсы ата, жақсы ана, жақсы дос дегенді қалай түсінесіз?

3- тапсырма

Өз ойыңызды дәлелдеу үшін «Иә» және «Жоқ» деп белгілеңіз:

А) Абай адамның адамшылығы ақыл, ғылым,жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбыдан болатынын айтады

Ә) Абай тек мал табуды ғана өмірдің мәні дейді

Б) Адам баласы тәрбиесіз бола алмайды

4- тапсырма

Ойды толықтырыңыз:

Адамның адамшылығы ....., ..., ... , ... дан болады

Ақылды бала – ата- ананың .....

Ғылымсыз ақыл - .....

Сабақты қорытындылау үшін Жасанды интеллект қолданамыз.

5- тапсырма

«ChatGPT немесе Talkpal AI» арқылы Абайдың он жетінші қара сөзінің мағынасын ашатын 3 сұрақ құрастырыңыз және өз ойыңызды 3 сөйлеммен жазыңыз.

Жасанды интеллект қандай нәтиже береді? Жасанды интеллект арқылы студенттер Абайдың он жетінші қара сөзін ақынның даусымен тыңдағанда ерекше әсер алады. Топпен жұмыс істеу үшін сілтемені ұсынамыз: (https://walll-137742460_57) Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдеріне арналған қазақ тілін оқыту бағдарламасында B1 деңгейі бойынша «Әулет дәстүрі», «Отбасы құндылықтары», «Жеті ата» тақырыптары берілген. Студенттер тақырыпты толық, жан-жақты меңгеру үшін алдымен сөздік қор беріліп, тақырыпқа дейін ой бөлісіп, тақырыпты ашуға тырысамыз. Ұлттық тәрбиенің бастауы ананың нәрестені бесікке салып, ән салып, тыныштандырып, ерекше аналық мейіріммен қарап, баланың өсуіне мән беріп тәрбиелеуінде болмақ. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінде отбасындағы әке, ана, бала орны ерекше айқындалып, бір- бірімен үнемі байланыста дамып отырады. Әулет дәстүрінде қамқорлық, үлкендерге құрмет, аталардан бата алу, немерені бауырына салу, жеті атасын білу - отбасы құндылықтарының ұлттық ерекшеліктері.

Сабақ барысында оқытушы студенттерге қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспайды, қан тазалығын, ұрпақтың сау болып өсуіне мән беретіні туралы мәлімет береді.

Сабақтың мақсаты:

- "Жеті ата" ұғымының мәнін түсіну;
- Дәстүрлі қазақ отбасындағы әлеуметтік құрылымды тану;
- ЖИ көмегін қолданып мәтінмен жұмыс істеу:

Оқылым

Жеті Атаға дейін үйленбеу дәстүрі түркі тектес халықтардың ішінде тек қазақтарда ғана бар екені белгілі. Аңыздарға сүйенсек, XV ғасырда Қазақ хандығының Керей мен Жәнібек тұсында Жәнібек ханның кеңесшісі Жиренше шешен қатты ауырып, алдырған атақты емші, бақсылардың емі қонбапты. Өтебойдақ емшінің емінен кейін Жиренше дертінен құлан таза айығыпты. Жәнібек хан емшіге қандай ауруды емдеу қиын?,- деп сұрақ қояды. Өтебай емші «Тұқым қуалайтын аурулар емделмейді, Жеті атаға дейін туыс адамдар қыз алыспау керек» деген екен. Осы жағдайдан кейін Жәнібек хан халыққа Жеті атаға дейін үйленуге тыйым салыпты. Ата-бабаларымыз ертеден ұлтты сақтауға, сау ұрпақты тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлген. Сабақ тақырыбы: Қара шаңырақ - ұлттың ұйытқысы*

Тапсырма

1. «ChatGPT/ChatPDF» қолдану арқылы «Менің жеті атам» сызбасын жасаңыз
2. Сызба арқылы шағын мәтін құрастырыңыз
3. ChatGPT-дің көмегімен жазылған мәтінді тексеріңіз.

Жалпы қазақ тілі сабағында студенттер ЖИ-ді қолдану бағыттары бойынша жұмыс істейді: **Оқылым әрекеті.** ChatGPT, TilQazyna, Kazlang платформалары арқылы студенттер кез келген тақырыптағы мәтіндермен жұмыс істеп, сол мәтін бойынша сұрақтар мен түсініктемелер алады.
Жазылым әрекеті. ЖИ жазған мәтіндерді грамматикалық тұрғыдан тексеріп, қатені түзетіп, дұрыс баламаларды ұсынуға мүмкіндік бар. Мысалы, «Grammarly немесе ChatGPT» көмегімен эссе мен пікір мәтіндерін тексеру тиімді.
Айтылым. Тыңдалым әрекеттері «Talkpal AI, Google Text-to-Speech» платформалары студенттерге дыбыстап оқуға, тыңдап жауап беруге мүмкіндік береді. Бұл арқылы студент сөйлеу және тыңдау дағдысын дамытады.
Жасанды интеллект оқу үрдісін белсенді дамытады. Студент аз уақыт ішінде өз ойын жеткізе алады, кері байланыс болуы да мүмкін.

Заман талабына сай ЖИ оқыту үрдісі жаңашыл әдіс- тәсілдерді ұсыну керек десек, оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында жаңа технологияны меңгеру сабақ өткізу уақытын да үнемдейді.

Көзінің қарашығындай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген ата-бабамыздың асыл мұрасы – ұлттық құндылықтар. Сан ғасырлар бойы ауызша жеткен аңыз, ертегілер, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар қазақ отбасындағы бала тәрбиесінде орын алатын ұлттық оқу құралы болды. Батыстың үрдісі жастарға әсер етіп жатқан жаһандану заманында ұрпақтың бойына қайырымдылықты, ізгілікті дарыту оңай емес.. Әр отбасындағы тәрбие, қоршаған орта, жаңашылдық, қоғамдағы өзгеріс өсіп келе жатқан жеке тұлғаға әсерін тигізеді. Өз ұлтын, тілін жатсынып, батыстың мәдениетін жоғары санап, ұлттық тамырынан ұзап бара жатқан ұрпақ өз елінде жетерлік.

Өзара пікір алмасу барысында, студенттерге сабақтан тыс уақытта да салт-дәстүр, таным-түсінігімізді барынша сауатты түсіндіріп, тәрбиелі, білімді ұрпақтың көзқарасын қалыптастыру қажет. Қасиетті Отанды сүю қазақтықтың өзін сүюден бастау алуы керек. Қазақи орта үшін әуелден тән қасиет үлкенді қадірлеу, қонақжайлылық, қоршаған ортаға құрметпен қарау, туысқандарымен араласу, жанашырлық, еңбексүйгіштік - тұрмыс-салтымызбен тығыз байланысты дүниелер. Отбасындағы орны бөлек дәстүрлеріміз бен салттарымыз да шаңырақтың шайқалмай берік болып, жас отбасының бақытты өсуіне мүмкіндік береді. Алдымен ата-ана өз баласына ата-баба салтын сіңірудің алғышарттарын жасаса, жалғасы білім ордаларында нәтиже беретіні сөзсіз. Саналы тәрбие алған ұл мен қыз жерін сүйетін шынайы патриот бола алады.

«Қазақ халқының салт- дәстүрлері» тақырыбындағы сабақта ЖИ көмегімен орындалатын мына тапсырмаларды ұсынамыз:

Жазылым.

«ChatGPT» көмегімен салт- дәстүрлердің тәрбиелік мәнін түсіндіріп жазу.

Айтылым.

«Talkpal немесе ChatGPT voice» арқылы: «Бала тәрбиесіне байланысты салт- дәстүрлер» тақырыбына ақпарат дайындаңыз

Ақпаратты дыбыстаңыз

«Did I express the value of tradition well» кері байланыс жасаңыз

Сыни тұрғыда талдау:

«ChatGPT» көмегімен топпен талқылауға арналған сұрақтар:

Қазіргі таңда салт-дәстүрлердің тәрбиелік рөлі қандай?

Жаңартылған салт- дәстүрлер жастар өміріне қалай әсер етеді?

Қорытындылау:

ЖИ көмегімен салт- дәстүрлердің маңызын қысқаша баяндау, «ChatGPT» көмегімен «Салт-дәстүр – тәрбие көзі» тақырыбына қысқаша эссе жазыңыз

Оқу бағдарламасындағы «Қазақ халқының айналу- тоғану сөздері» деген тақырыпқа студенттер қызығушылық танытады. Мысалы ата- ананың, ата- әженің балалары мен немерелеріне еркелетіп, назды үнмен айтқан сөздері ұлттық тәрбиеде өзінің коммуникативті қызметін атқарады. «Құлыным, жарығым, қарағым, жұлдызым, балапаным, ботақаным» деген айналу- толғану сөздері құлаққа жағымды естіледі, отбасындағы қарым- қатынасты жақсартады. Өкінішке орай қазір қазақ отбасында айналу- толғану сөздері жиі айтылмайды.

Жұптық жұмыс тапсырмалары:

«ChatGPT» арқылы ата мен немеренің арасындағы әңгімені сұхбатқа айналдырыңыз

Айналу, толғану сөздерінің мағынасын түсіндіріңіз, бата түрлерін жазыңыз

Тіл үйретуде мақал – мәтелдердің алатын орны ерекше. Мақал – мәтелдер адамның өмірін бейнелеп көрсетіп, психологиялық, философиялық астарымен мағынасын түсіндіріп, қысқаша беріледі:

- Бала тәрбиесі бесіктен
- Отан отбасынан басталады
- Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар
- Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер
- Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер
- Қызға қырық үйден тыйым

Тапсырма:

Мақал-мәтелдерді түсініп оқыңыз

«Did I express the value of tradition well» кері байланыс жасаңыз

Мақал мәтелдерді қолданып, сөйлем құрастырыңыз

Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық-психологиялық ерекшеліктерге сүйене отырып, мақал- мәтелдер тәрбие берудің әдістемелік жолдарын қарастырады. Салт-дәстүр негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу сабақ барысында студенттің көзқарасын, ой- өрісін дамытады. Тәуелсіз, егеменді еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуде ой-санасы, көкірегі ояу, рухани бай тұлғалардың атқаратын міндеті зор. Әр салада жұмыс істейтін болашақ кәсіби мамандардың ЖИ-ді сауатты меңгеруі өз жұмысын инновациялық дамуға бағыттайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұлттық білім беру зертеулері орталығы - 2017. «Оқытудың болашағы: ЖИ және білім». Зерттеу есебі.
2. Жасанды Интеллект: бүгіні мен ертеңі. Егеменді Қазақстан.19 сәуір.2024 ж.
3. Байтұрсынова А.А. «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж.
4. Құрманалина Ш.Х, Мұқанова Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.К. Педагогика. Оқулық. «Фолиант» баспасы, Астана-2007
5. Әбдешев Б.М. «Ұлттық тәрбие бастауы». Ақиқат -2007. -№4.
6. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2004ж.
7. Губашева С.Г., Отарбай А.Ж. Тәрбие жұмысының әдістемесі. Алматы, 2004ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

С.Ж.Шахина
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
М. Козельская
1-курс студенті

Орыс топтарында қазақ тілін үйрету барысында сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін қолданып, тіл ұстарту жұмыстарын жүргіземіз. Сабақта берілетін жаңа ақпараттар тақырыпқа сәйкес мәтіндер мен бейнематериалдар арқылы жүзеге асады. Десек те, тіл үйренушінің лексикалық қорын толықтыру үшін өздік жұмыстарын орындатуды басты назарда ұстағанымыз жөн. Бұл жұмыс арқылы студент тақырыпқа сәйкес ақпараттарды өзі іздеп табады, жаңа тірек сөздер мен сөз тіркестеріне сүйеніп, топқа түсіндіреді, әңгімелейді.

Тапсырмаларды орындату барысында білім алушының жаттанды түрде емес, ой-пікірін саналы тұрғыда жеткізе білуін қадағалап отыруымыз қажет. Тіл үйренушінің қазақша жазуы мен сөйлеуі барысында байқалатын стильдік немесе грамматикалық қателерді де дер кезінде түзетіп жіберу керек. Қажетіне қарай қатемен жұмыс жүргізілсе, ол кемшілік екінші рет қайталанбайды. Осы орайда, жалпы мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығы бар білім алушылармен жұмыс істеудің жақсы нәтиже беретінін тәжірибеде көріп жүрміз. Бүгінгі назарларыңызға мақала ретінде ұсынылып отырған сабақтың тақырыбы «Туған жер» атты көлемді тақырыпқа, яғни бір модульге арналғандықтан, бірнеше тақырыпшалар мен практикалық сабақтарды қамтиды. Назарларыңызға Қазақ тілі А2 деңгейі бойынша тәжірибеден өткен және мақсатына жеткен бір сабақтың үлгісін ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: Менің қалам. Ауылым

ЖАЗЫЛЫМ

Лексикалық минимум: көмір қоры, шоғырланған, аймақтар, кен орындары, шатқал, кесек, өндіру, өңдеу, қайта өңдеу, отын ретінде, мырыш, қорғасын, күкірт, қалдық, күл, жеткізуші.

ТЫҢДАЛЫМ

Қазақстандағы көмір өндірісі

1 тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз.



АЙТЫЛЫМ
2-тапсырма. Тыңдалым мәтіні бойынша мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

Қазақстан көмір қоры бойынша әлемде нешінші орынды иеленді?

Көмір қорының 90 пайыздан астамы Қазақстанның қай бөлімінде шоғырланған?

1833 жылы Қарағанды шатқалынан тас көмір кесегін тапқан кім?

Елімізде көмір өндіретін және өңдейтін қандай компаниялар бар?

Қазақстаннан қай елдерге көмір экспортталады?

Қайта өңдеу кезінде көмірден қандай заттар алады?

Көмірді жағудан түскен күл мен қайта өңдеу қалдықтарын нелерге пайдаланады?

ОҚЫЛЫМ
3-тапсырма: “Қарағанды тарихы туралы жазған жазушылар” тақырыбы бойынша тіл ұстарту жұмыстарын жүргізу:




Қарағанды тарихы туралы жазылған шығармалар



XIX ғасырдың II жартысы мен Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімдегі қазақ халқының әлеуметтік,экономикалық хал–ахуалын, барша тұрмыс–тіршілігін, Қарағанды көмір өндірісінің ашылуын, қазақ жұмысшыларының өмірін суреттейді. Қоныс аударушы орыстар мен қазақтардың достық қарым – қатынасын бейнелеп көрсетеді. Қарағандының кенді өлкеге айналуын баяндайды.



Романның авторы “Қарағанды” шахтасында темір жонушы және кенші болып жұмыс істейді. Еңбек адамдарының, кеншілердің өмірін жазады. Қала мен өндіріс орталықтарының, өнеркәсіптің пайда болуын суреттейді.



Бұл роман қазақ жұмысшы табының қалыптаса бастау тарихынан бастап, 30-жылдарғы Қарағанды сияқты ірі өнеркәсіп ошағының тыныс-тіршілігін суреттейді. Шығармадан қаламгердің өзі туралы мәліметтер алуға болады. Мысалы, жазушы да кенші болып жұмыс істеген. Жастардың достығын және махаббатын баяндайды.



Қарағандының республикамыздағы ең ірі өндіріс орны, қазақ жұмысшы табының алтын бесігі баяндалады. Қарағандының кеншілер қаласына және ғылым-білім ордасына, кемелденген мәдениет ошағына айналғандығын суреттеп жазады.

ЖАЗЫЛЫМ
Топтық жұмыс. 4-тапсырма. ПОПС формуласы бойынша.

1 топ: Қарағанды тарихы туралы жазған жазушылар туралы не білеміз?

2 топ: Осал деме көмірді, бұрқылдатар темірді (мақал)

1 топ: Қарағанды тарихы туралы жазған жазушылар туралы не білеміз?

Біздің ойымызша, бұл жазушылар атақты адамдар. Оларды халқымыз құрметтейді.

Себебі жазушылар Қарағанды өңірінің тарихын жазған.

Біз мұны мынадай мысалдар арқылы дәлелдей аламыз: Қарағанды жерінде ертеде қараған деген бұршақ тұқымдасына жататын бұта (ағаш) өскен. Оның ақ қараған, сары қараған, тал қараған, жүн қараған деген түрлері болған. Қойшы бала Аппақ тапқан көмірді өндірісте және тұрмыста пайдаланады.

Айтылған мәселе бойынша мынадай қорытынды жасадық: Қарағанды көмірі әлемге әйгілі болды.

2 топ: «Осал деме көмірді, бұрқылдатар темірді»

Біздің ойымызша, көмір Менделеев кестесіндегі пайдалы қазбалардың бірі.

Себебі көмірді күнделікті тұрмыста отын ретінде пайдаланады. Өндірісте, домна пештерінде металды балқыту үшін, мысты қорыту үшін көмір қажет.


Біз мұны мынадай мысалдар арқылы дәлелдей аламыз:

Көмір жанғыш зат, оның қызуы өте жоғары температурада болады.

Сондықтан аталған мәселе бойынша мынадай қорытынды шешімге келдік:Қарағанды облысы көмір өндіру бойынша әлемде 8-орын алады.

ЖАЗЫЛЫМ

Топтық жұмыс. 5- тапсырма. Венн диаграммасын қолданып, «қала» және «ауыл» сөздерінің мағыналарын ашып, ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындаңыз.



Үйге тапсырма: “Атамекен” әнін жаттау

Сөзін жазған:Қ.Мырзалиев
Әнін жазған:Е.Хасанғалиев



Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем,
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем.
Маңдайымнан сипап өткен самалды
Қазағымның алақаны деп білем.

Қайда жүрсем Атамекен,
Көкейіңде жатады екен.
Күннің өзі ұясына
Қимай оны-ай батады екен.

Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем,
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем.
Күннің нұрын, айдың аппақ сәулесін
Қазағымның махаббаты деп білем.

Қайда жүрсем Атамекен,
Көкейіңде жатады екен.
Күннің өзі ұясына
Қимай оны батады екен.

Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем,
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем.
Асқар тауы аспанымен таласқан
Қазағымның мәртебесі деп білем.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде./ Аударған Д.А. Қайшыбекова/.-Алматы, 2002.-180 б.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. - Алматы, 2009. -328 б.
3. Рысбаева А.Қ., Құлмышева Н. А., Исмаилова А.Т., Түнғатова Н.Ә. Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын интерактивті оқыту арқылы қалыптастыру/ Оқу-әдістемелік құрал.-Алматы, 2010.
4. Оразбаева Ф.Ш., Қасым Б.Қ., Балтабаева Ж. Қ., Оразахынова Н.А., Рахметова Р.С/ Қазақ тілін оыту әдістемесі: Оқулық (2-ші басылым).-Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. –2019. – 424 б.
5. Қадырқұлов Қ.Қазақ тілін оқыту әдістемесі : оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 136 б.
6. Сатыбаева А.Т., Сатыбаева Г.Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі (мемлекеттік тілде оқымайтын мектептерге арналған) : Оқу-әдістемелік құрал. . - Астана: Фолиант, 2008. - 232 б.
7. Наралиева Р.Т. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың инновациялық әдістемесі: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 114б.
8. Жусанбаева С.Б., Әлімтаева Л.Т.Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 210б.

МАҒЖАННЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Р.К. Бекмолдина
«Сләмия Саттаров атындағы мектеп-лицейі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасындағы аталған бес міндеттің үшіншісінде «Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету» міндеті қойылған [1]. Бұл өз кезегінде ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтардың негізінде жастарды өз елінің мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу, одан кейін ұрпақты жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді, табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылар мен түсініктерді дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін функционалды сауаттылыққа үйрету мақсатын қамтиды. Әлемдік тәжірибеден алынып қолданылып жүрген жаңартылған білім беру мазмұны ұрпаққа құзіреттілік дағды қалыптастырғанмен, ұлттық болмысымызды сақтауға, өз еліміздің мәдениетін құрметтеуге үйрете алмайды. Сондықтан, осы тығырықтан шығу жолында өз ұлтымыздан шыққан ұлы тұлғалардың ой-пікірлерін зерттеп, өз педагогикамызды қалыптастыру көкейкесті мәселе. Арғыдан айтсақ: Әл-Фараби, Қашқари, Баласағұн, одан кейін Абай, Ыбырайлардың идеяларында бүгінгі педагогиканың өзекті мәселелері тұнып тұр. Ал нақты ғылыми тұжырыммен «Педагогика» деп атау беріп алғашқы ғылыми әдістемелік оқулық жазған – ұлы ақындығымен бірге ұстаздықты мұрат еткен Мағжан Жұмабаев.

Педагогика саласында әлем мойындаған теоретик-ағартушылардың тың әрі күрделі идеяларын түсініп, санамда қорытуда ұлы Абай идеяларымен салыстырып, өзіндік мнемоника қолданған едім. Мнемотехника – қажетті ақпаратты есте сақтауды жеңілдетіп, белгілі бір ассоциациялар (байланыс) келтіру арқылы жадының көлемін ұлғайтатын арнайы әдістер мен тәсілдердің жиынтығы [4, 23-б.]. Мәселен, Шульман құзырлы «мұғалімнің үш көмекшісі» деп атаған қасиеттерді Мағжан «Педагогика» кітабындағы «Жан көріністерін тап-тапқа бөлу» бөлімінде бүге-шігесіне дейін тоқталып түсіндірген: «Жан көріністерін қанша түрлі болғанымен, оларды түп мінездері бойынша үш тапқа бөлуге болады: білу яки ақыл көріністері, ішкі сезім яки көңіл көріністері һәм қайрат көріністері» [3, 53-б.], - деп айтып алады да, Абай бұл үш тапты ақыл, қайрат, жүрек деп атағанын дәлелге алады. Және бұл үш таптың бір-бірінен ажырамас бірлікте болатынын, үшеуін бірдей тәрбие қылу тәрбиеші міндеті екенін айтады. Осы үш тағанның басын біріктіретін – ғылым. Ғылымға жүгінген (ТПМБ) технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білім (яғни бас –ақыл) оқытудың тәжірибелік дағдыларына машықтанумен (яғни қол-қайрат) әрі шын жүрекпен кәсіби-өнегелілік тұтастықта әрекет еткенде құзырлы мұғалімге тән қасиет айқындалады.

«Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулінде «Оқу дегеніміз не?» деген сұрақ қойылып, оқу нәтижелерінің бес санатын жіктеп береді. Әлем ғалымдары тұжырымдаған осы бес санаттың: оқу білімнің сандық ұлғаюы; оқу есте сақтау ретінде; оқу ақпарат жинақтау ретінде, - деген үш тұжырымдамасын теоретиктер оқушыға қатысты сыртқы фактор ретінде қарастырып, «дүкенге саяхат жасап қайтуға» теңесе, Абай «Базарға қарап тұрсам әркім барар» [4,1-том, 40-б.] деп астарлайды:

...Әркімнің өз іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,

Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар,- деп пәлсапалық ой толғайды. 4,5-тұжырымдаманы теоретиктер «ішкі» немесе жеке тұлғалық аспекті десе, Абай 38-қарасөзінде ішкі себеп, - деген. Тұжырымдалған осы бес санаттың: төртіншісі - оқу мағынаны ұғыну және оның мәнін анықтау ретінде. Нәтижесі – оқушы пәннің құраушы бөліктері мен шынайы өмір арасындағы өзара байланысты анықтай алуы, -десе – Абай я пайдалы, я пайдасызды анықтау, -дейді. Яғни, алған білімді интерпретациялаумен қолдану, талдау. Бесіншісі – оқу шынайылықты өзгеше түсіну және түсіндіру ретінде. Нәтижесі - әлемді өзгеше қырынан қарастыру арқылы танып-білу, -дегені Абайша «Сен де бір кірпіш дүниеге» тұжырымы. Яғни, алған білімді жинақтау, бағалаумен эвристикалық, шығармашылық өнімге қол жеткізу.

Шамшырағы Абай болған Мағжан бұл туралы не дейді? «Бала абайлы болмаса, еш нәрсе ұқпайды һәм ешнәрсе үйрене алмайды» деп абайды (іскерлікті) тәрбие қылу жолдарын ұсынады: баланы бір затпен таныстырмақ болсаң, сол зат туралы сөйлеп қана қоймай (дәріс 0-10%), алып

келіп балаға көрсет (көрсетілім 20-30%), көрсетіп қана қойма, сол заттың суретін салдыр, суретпен ғана қанағаттанба, сол заттың бейнесін балшықтан жасат (практика 75% - ішкі фактор). [3, 74-б.]. Әсердің (ішкі фактор) күшті болып, абайды тартуының бір шарты осы. Әсер денеге қолайлы, әрқашан жаңа болсын деп, оқудың ішкі-сыртқы факторын жіктейді. Әрбір жеке оқушының жан-жақты дамуы үшін мүмкіндік болып табылатын ізгілендірілген білім – ол жаңа білім мен дағдыларды алу үрдісі. Білімді ізгілендірудің негізгі тенденциялары еліміздің болашақ азаматтарының үйлесімді дамуына мүмкіндік береді. Мағжан: «абай болмаса, біз сыртқы заттардан әсер алып, олармен таныса алмаймыз. Ойымыздың дұрыс, ашық болуы, ішкі сезімдеріміздің жанды болуы, қайратымыздың түзу бет алуы осы абайға (іскерлікке) байлаулы», - дейді [3, 85-б.]. Тұлға бойында құндылықтармен ұштасқан іс-әрекет іскерлікке (абайға) айналу үшін педагогикалық тұрғыда бар жағдайлар жасалғаны абзал.

Чиксентмихай «өзіндік мақсат» деп атайтын оқушылардың ішкі уәжін қалыптастыруға арналған жағдайлардың өнімді немесе өнімсіз машықтар мен міндеттерінің графикалық саралауын ұсынған. Мағжан бұны абайлы болмау себептері деп атап, үш дәлел келтіреді: дененің һәм жанның шаршауы; жанның толқынданып тұруы; бейғамдық (рассеяность). Сол себепті де бүгінгі педагогикада ҚМЖ-ға мұғалімдердің жұмыс үдерісіне мақсатқа жету жүйесі енгізілген. Мағжанның осы пікірінен оқыту мен оқудағы когнитивтік, аффективтік және әлеуметтік кедергілерден шығу жолдарын көруге болады.

«Оқу шынайылықты өзгеше түсіну және түсіндіру ретінде. Нәтижесі - әлемді өзгеше қырынан қарастыру арқылы танып-білу» деп анықтама берілген оқу нәтижелерінің бесінші санатына Мағжан «ішкі сезім» деп атап, кеңінен тоқталып, баланың ішкі сезімін қалай тәрбиелеуге болатынының ауқымды методикасын ұсынады. Оқыту тәжірибесінде пайдалы болатын аффективтік теорияның қыр-сырын меңгерген жағдайда тапсырылған мәселені шешіп, нәтижеге жете алатын метатануға қабілетті тұлға тәрбиеленеді. Мәселелерді шешуді көксегеннен туған ойлар жемісі эмоционалды интеллект ұстанымы қалыптасқан тұлғалардың бойында көрінеді. Эмоционалды сауаттылық ақпараттарды түсінуге, талдауға және неғұрлым талапқа сай қолдануға мүмкіндік береді. Өзінің және басқалардың сезімі мен эмоциясын сүзгіден өткізе алу қабілеті, оларды айыра алу және өз ойлауы мен іс-әрекетіне пайдалана алу мүмкіндігіне ие тұлға тәрбиеленеді. «Тәрбиеші жаратылыстағы түрлі сұлулыққа баланың абайын аудара білу керек. Жаратылыс сұлу. Бала сол жаратылыстың құшағында болсын. Балада сұлулық сезімі еріксіз оянады», - дейді М.Жұмабаев [3, 132-б.].

Үңіле берсек үндестіктер Баласағұн, Қашқари, Ыбырай, Ахмет, Мағжандардан мен мұндалап тұр. Бұл менің әлем таныған ағартушы-теоретиктер, психологтар және Мағжан ілімі арасындағы үндестікке үзінді келтірген өз аналогиялық пайымдауым. Заңғар жазушы М.Әуезов: «Абайдан соң Мағжанды сүйемін... сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда бұл бір заманның тегінен асқандай. ...бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі», -деп керемет бағаланған Мағжан! Ілімі қазақ қана емес, кез келген ұлт және мәдениет өкілдері оқып, рухани қанағат табатын Мағжанның эпистемиялық субъект екенін неге мойындамасқа.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы 2021
2. М.Жұмабаев «Педагогика» - Алматы: Ана тілі, 1992
3. Глоссарий. Оқу-әдістемелік құрал. «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, Кембридж Университетінің білім беру факультеті, Қазақстан-Астана, 2012.
4. Абай 1,2-том, Алматы, «Жазушы», 1986.

ӨНІМСІЗ ЖҰРНАҚТАРДЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ДЕРИВАЦИЯСЫ (-ХАНА,- НАМА)

Ә.Қ. Абдихай
Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.Н. Саменова

Аңдатпа: *Ұсынылып отырған ғылыми мақалада қазақ тіл біліміндегі өнімсіз жұрнақтардың семантикалық деривациялану үдерісі -хана және -нама формманттары негізінде жан-жақты сараланады. Зерттеу жұмысының аясында аталған жұрнақтардың этимологиялық төркіні мен алғашқы лексикалық мағыналары нақтыланып, олардың қазіргі сөзжасам жүйесіндегі функционалдық қызметі жүйелі түрде сипатталады. Қазіргі тілдік үдерістерде бұл жұрнақтардың жаңа терминдік атаулар мен концептілерді қалыптастыруға белсенді қатысуы арқылы өнімсіз сипаттан жоғары өнімді деңгейге ауысуының лингвистикалық тетіктері талданады. Мақалада араб-парсы текті кірме элементтердің ұлттық тіл заңдылықтарына бейімделуі мен мағыналық трансформациялану ерекшеліктеріне баса назар аударылған. Жұмыстың қорытынды нәтижелері қазақ тіліндегі сөзжасамдық жүйенің динамикалық даму сипаты мен терминжасамдық әлеуетін ғылыми тұрғыдан айғақтауға бағытталған. Зерттеудің теориялық құндылығы тілдің ішкі эволюциялық өзгерістерін танудағы жаңа көзқарастармен айқындалады.*

Кілт сөздер: семантикалық деривация, өнімді жұрнақ, өнімсіз жұрнақ, сөзжасам, сөздік, -хана, -нама.

Кіріспе. Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселелері тілдің дамуы мен жаңаруын түсіндіретін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Сөзжасам жүйесі арқылы тілдің ішкі мүмкіндіктері айқындалып, жаңа атаулардың жасалу жолдары анықталады. Осы тұрғыдан жұрнақтардың өнімділігі мен өнімсіздігі, олардың тарихи дамуы мен қазіргі қолданысы өзекті зерттеу нысанына айналып отыр.

Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселелері ұзақ уақыт бойы морфологияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып келді. Тек XX ғасырдың аяғына қарай бұл бағыт жеке ғылыми сала ретінде толықтай дараланып, қалыптасты. Бұл саладағы іргелі зерттеулер, атап айтқанда, Н.Оралбай мен Ш.Құрманбайұлының еңбектерінде жұрнақтардың сөз тудырушылық қасиеті мен олардың өнімділік сипатындағы тарихи динамика ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелденді.

Бүгінгі таңдағы лингвистикалық ізденістерде терминжасам үдерісіне, оның ішінде -хана және -нама жұрнақтарының лексикалық қуатына айрықша назар аударылуда. Қазіргі тілдік ортада бұл қосымшалардың сөзжасамдық белсенділігінің артуы – заңды құбылыс. Олар жаңа ұғымдар мен атауларды (мысалы: әдіснама, тұжырымдама, зертхана, мейрамхана) қалыптастыруда аса өнімді қызмет атқарып, тілдің терминжасамдық қорын байытуға үлкен үлес қосып отыр.

Зерттеу әдістері. Жұмыста талдау, жинақтау және салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» мен Е.Б.Бекмұхаметовтің «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» атты зерттеулері негізге алына отырып, –хана жұрнағымен жасалған лексемаларға талдау жасалды. Аталған сөздіктердегі лексикографиялық анықтамалар бұл жұрнақтың семантикалық табиғатын ашуға үлкен септігін тигізеді. Мәселен, Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова және Б.Мизамханның редакциясымен шыққан «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде» хана тұлғасының «үй, жай, мекен» деген мағынаны білдіретіні әрі жаңа сөз тудырушы морфема ретінде жұмсалатыны нақтыланған [1]. Осы мәліметтерді саралай келе, хана элементінің әуел баста дербес мағыналы сөз болғанын, кейіннен тілдің эволюциялық дамуы нәтижесінде сөзжасамдық қызметке көшкенін аңғарамыз. Сөздік қорда хана тұлғасының жеке лексема ретінде берілуі де тегін емес. Өйткені бұл элемент қосымшаға айналса да, өзінің ішкі мағыналық өзегін (семантикалық реңкін) мүлдем жоғалтқан жоқ. Тілдік қолданыста ол белгілі бір түбірлерге жалғану арқылы нақты бір мекенді немесе орынды білдіретін функцияны атқарып тұр. Осы аталған ерекшеліктерді негізге ала отырып, төмендегідей лингвистикалық сараптама жасауға болады.

-хана жұрнағы арқылы туындаған сөздердің қатары тым көп болғандықтан, оларды жекелеп талдау мүмкін емес. Соған байланысты, бұл бірліктерді тарихи қолданыс ерекшелігіне қарай үш кезеңге жіктеп қарастырған тиімді деп есептейміз.

І кезең: Дәстүрлі кәсіп және тұрмыстық атаулар (XIX – XX ғасырдың басы)

XIX ғасырдың аяғынан бастап «хана» жұрнағы қолөнерге, кәсіби салаға және күнделікті тұрмысқа қатысты нысандарды сипаттауда өте белсенді қолданылды. Осы уақыт аралығында кәсіптік және шаруашылық бағытындағы мекеме атаулары бірізденіп, тілдік қорда тұрақты түрде беки бастады.

Мысалға алсақ, ұстахана мен шеберхана сөздері шеберлердің нақты жұмыс істейтін орындары ретінде танылды. Сонымен қатар, ет өңдейтін орын ретінде қасапхана атауы қалыптасса [2, 290 б.], ал асхана сөзі 1959 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» 4-томында тамақтану орны деген мағынада сөздікке енген [3, 156 б]. Бұл ретте баспахана атауын ерекше атап өткен жөн. Бұл сөз қазақ баспасөзінде, атап айтқанда 1900-жылдардың басындағы «Айқап» журналында қолданылып, кейін 1959 жылғы ҚТТС-ның 4-томында сөздік бірлік ретінде тіркелді [3, 102 б.]. Мұндай деректер қазақ тіліндегі кәсіптік мекеме атауларының жүйелі түрде қалыптасқанын айқын көрсетеді. Ал қымызхана лексемасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 10-томында «келушілер қымыз ішіп, шөлін басатын көпшілікке арналған сауда орны» деп түсіндірілген [4, 605 б.]. Бұл атаудың тарихы тым тереңде жатқаны бәрімізге мәлім. Алаш зиялылары шығарған «Қазақ» газетінің беттерінде қымызхана сөзінің кездесуі оның халық арасында ертеден-ақ кең танымал болғанының басты дәлелі болып табылады.

II кезең: Қоғамдық, мәдени және қызмет көрсету сипатында (XX ғасырдың ортасы – 1980 жылдар)

XX ғасырдың ортасынан бастап «хана» жұрнағы қоғамдық және мәдени қызмет көрсететін мекемелерді сипаттауға кеңінен қолданылды. Мысалы:

Емхана – ауруларды қарайтын үй, емделу орны деп түсіндірілген [3, 187 б.]. М.Иманжановтың көркем шығармаларын қарайтын болсақ та емхана сөзі қолданылған тұстарын кездестіреміз. Сол кезеңнің техникалары баяулап дамып, емдеу орындары ашылған сәттен бастап та осы атаудың көп уақыт та болмай қойылғанына көз жеткізуге болады. Емхана сөзінен бөлек *аурухана* деген де нұсқасы жиі қолданылады. Алғашқы емханалар 1930 жылдан бастап ашыла бастағанын тарихи деректерден аңғарар болсақ, емхана сөзінің қолданысқа енуі елуінші жылдардан ары болуы да мүмкін.

Жатақхана – «жатуға арналған үй, жатақ үй» деп берілген [3, 222 б.]. «..Біз тұрған жатақ үй кең, жайлы болатын..» деген С.Көбеев ағамыздың «Орындалған арман» атты мемуарлық шығармасын ескерсек те «жатақ» сөзі бұрыннан бар. Қазақстанда жоғары оқу орындарының қалыптасуына байланысты студенттерге арналған жатақханалар XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап пайда бола бастады. Бұл кезеңде жаңа оқу орындарының ашылуы студенттерді тұрғын орынмен қамтамасыз ету қажеттілігін туғызды. Кейін 1950–1960 жылдары жоғары білім беру жүйесінің кеңеюіне байланысты жатақханалардың саны едәуір артты. Жатақхана сөзі де елуінші жылдарға таман пайда болса керек-ті.

Тойхана сөзі сөздіктерде кейіннен көрсетілгенімен, көркем әдеби шығармаларынан одан бұрын да қолданыста болғанын көрсететін мысалдар таба аламыз. Мәселен бұл сөз аймақтық сөздікке 2005 жылы тіркеліп, «салт-дәстүрлік мерекелер өткізуге арналған үй» деп берілген [5, 678 б.]. Дегенмен Т.Әлімқұловтың 1971 жылы жазылған «Күрең өзені» көркем шығармасында тойхана сөзі кездеседі:*«..Ертеңінде түс ауа тойханаға жұрт жан жақтан лек легімен келе бастады..»* [3]. Демек бұл сөздің қолданылу кезеңі 1950 жылдардың алды болмақ.

Шілдехана – қазақ халқының ертеден келе жатқан салт-дәстүрлерінің бірі. Дегенмен бұл атау қазақ тілінің жазба сөздіктерінде негізінен XX ғасырдың ортасынан бастап тіркеле бастайды. Мәселен, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» алғашқы басылымдарында шілдехана жаңа туған сәбидің құрметіне жасалатын ойын-сауық кеші ретінде түсіндіріледі [3, 194 б.]. Бұл сөздің халық тілінде бұрыннан қолданылып келгенімен, ғылыми сөздіктерде кейінірек бекігенін көрсетеді. Е.Б.Бекмұхаметовтің «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» сөздігінде шілдехана сөзіне арнайы тоқталады. Ғалым бұл сөздің араб-парсы тілдік элементтерімен байланысты екенін көрсетіп, шілдехана «жаңа туған сәбидің құрметіне жасалатын ойын-сауық, салттық жиын» мағынасында қолданылатынын атап өтеді [6,194 б.].

Бұл кезеңде **«хана»** жұрнағы тек кәсіптік емес, қоғамдық және мәдени қызмет көрсетуге бағытталған мекемелерді сипаттауға да қолданыла бастады. Осылайша, тілде жаңа ұғымдар пайда болып, олардың қоғамдық өмірде қолданылуы қалыптасты.

III кезең: Медициналық, ғылыми және ойын-сауық сипатында (XX ғасырдың 2-жартысы – бүгінгі күн)

XX ғасырдың 2-жартысынан бастап «хана» жұрнағы медициналық, ғылыми, ойын-сауық және жаңа мәдени ұғымдарды білдіруде негізгі құралға айналды. Мысалдар:

Жындыхана – 1950 жылдардан бері қарай әртүрлі көркем шығармаларда кездесіп, қолданыла бастады. Ал сөздіктерді араласақ Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде «жынданған, ақылы ауысқан адамдарды емдейтін, бағатын аурухана» деп берілген. М.Мағауинның 1969 жылы шыққан «Ақша қар» әңгімесінде: *«..Сен жындыхананы көргенің бар ма? Қаланың шет жағында тұратын клиенттеріме бара жатып қасынан өтіппін..»* деген жолдарды аңғарамыз [3]. Қазақстан аумағында психиатриялық медициналық мекемелердің қалыптасуы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Алғашқы психиатриялық бөлімдер 1861 жылы Орал қаласында және Жамбейті ауданында әскери госпитальдар жанынан ашылған. Кейін 1896 жылы Верный қаласында психикалық науқастарды емдеуге арналған арнайы бөлім ұйымдастырылып, бұл саладағы медициналық қызметтің дамуына негіз болды. Демек жындыхана сөздерінің пайда болуы да алпыс бесінші жылдардың кезеңдерін қамтыса керек.

Зертхана – техникалық және ғылыб.ми ізденіс тәжірибелерін жасайтын арнайы жабдықталған орын деп түсіндірілген [4, 390 б.]. «Зертхана» атауы қазақ тілінде XX ғасырдың ортасында сөздіктерге енгізілген. Алғашқы ғылыми мекемелер 1914 жылы Орал қаласында жұмыс істегенімен, сол кездегі құжаттарда көбінесе орыс тіліндегі «лаборатория» сөзі қолданылған. XX ғасырдың 50–60-жылдарында «зертхана» термині қазақ тілінде бекіді және ғылыми-зерттеу орындарын сипаттауға кеңінен қолданылды.

Ойынхана – рулетка, карта сияқты құмар ойындары өткізілетін орын деп көрсетілген [8, 60 б.]. Мысал ретінде, 2008 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған хабарларда жасырын ойынханалар табылды деп айтылған, яғни қоғамда бұл мекемелердің бар екендігі нақты деректерде көрсетілген [9]. Қазақстанда ойынханалар тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары, әсіресе 1990-2000 жылдары, нарықтық экономикалық даму кезеңінде пайда болды. Кейін 2007 жылы қабылданған «ойын бизнесі туралы» заң ойынханаларды ретке келтіру мен шоғырландыруды талап етті. Осылайша, «ойынхана» атауы тілімізге жаңадан енген лексема ретінде «хана» жұрнағының сөзжасамдық қуаты арқылы қалыптасқан. Ал бұл атауға сәйкес келетін нақты нысандар мен мекемелер еліміз егемендік алғаннан кейін ғана құрылып, уақыт өте келе арнайы заңнамалық деңгейде реттеуден өтті.

Намазхана – мешіттегі намаз оқитын арнаулы орын, зал [7, 450 б.]. Ә.Кекілбаевтың 1981 жылы шыққан «Үркер» романында да намазхана сөзі кездеседі: «Ру басылар, билер, батырлар, сұлтандар намазханаға кіріп, жаршылардың жар шашқанын күтіп тұр… [3]» Қазақстанда намазханалардың жаппай пайда болуы тәуелсіздік алғаннан кейін, 1990 жылдардың басында басталды. Кеңес дәуірінде діни шектеулер болғандықтан арнайы намаз оқу орындары шектеулі болды. 1990 жылдардың ортасынан бастап, әуежайлар, вокзалдар және мемлекеттік мекемелерде ресми намазханалар ашыла бастады. Сонымен, «намазхана» сөзі қазақ әдебиеті мен тұрмысына 1980 жылдары енгенімен, қоғамдық қолдану 1990 жылдардан бастап белсенді көріне бастады.

Мәйітхана – Ә.Нұршайықовтың 1976 жылы шыққан «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогында былай жазылған*: «..Мен үйге кірісімен жалаңаш жайрап жатқан өліктердің үстінен шықтым. Бірінің аяғы, бірінің басы жоқ. Ертіп кірген дәрігер: – Бұның атын мәйітхана деп атайды*, – деді..» [3]. Бұл үзіндіден көрініп тұрғандай, 1970 жылдары «мәйітхана» сөзі әлі жаңа таныс бола бастаған, күнделікті тұрмыста кеңінен қолданылмай тұрған кез. Бұрын мәйітхана сөзі пайда болмай тұрып, өлілерді сақтау үшін қолданылған орындарға халық арасында әртүрлі бейресми атаулар қолданылған: мысалы, «өлі сақтайтын бөлме», «суық бөлме», «өлген адамды уақытша қоятын үй» сияқты сипаттамалық сөз тіркестері кездескен [8,183 б.]. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде 2005 жылы ресми түрде былай анықталған: «Мәйітхана – өлген адамды уақытша сақтап қоятын үй, суық орын [8, 643 б.].» Сонымен, «мәйітхана» сөзі әдебиетте 1970 жылдардың ортасынан таныс бола бастаған, ал қоғамда кеңінен қолдануы 2000 жылдардың басына қарай қалыптасқан деп айтуға болады. Осы секілді бұл кезеңнің мысалдарына: *перзентхана, сырахана, кофехана* сөздерін жатқыза аламыз.

Бұл кезеңде **«хана»** жұрнағының қолданылуы бастапқыда кәсіптік сипаттан шығып, қоғамдық, мәдени, ғылыми, медициналық және ойын-сауық салаларына кеңейген.

XX ғасырдың алғашқы жартысында қоғамдық-әлеуметтік құрылымның өзгеруі мен жаңа институционалдық мекемелердің (ұйымдар, қоғамдық орындар) пайда болуы тілдік жүйеде жаңа атауларға деген қажеттілікті тудырды. Осы кезеңде мекен, орын ұғымдарын білдіретін -хана жұрнағының сөзжасамдық белсенділігі айрықша артты.

Профессор Н.Оралбай өзінің іргелі «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты еңбегінде зат есім тудыратын жұрнақтарды олардың өнімділік деңгейіне қарай саралай келіп, -хана элементін өнімді топқа жатқызады. Ғалым бұл жұрнақтың қазіргі тілдік үдерістегі шайхана, асхана, емхана,

перзентхана, дәріхана секілді лексемаларды жасау барысындағы шешуші рөлін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді [9, 118 б.].

2019 жылғы «Қазақ тілінің кірме сөздігінде» **«нама»** сөзіне *«әуен, ән, саз»* деген мағыналық анықтама берілген [10, 84 б.]. Бұл реңк фольклордағы *«нама саз»* тіркесінен де, қарақалпақ тіліндегі *«ән, музыка»* деген ұғымдардан да айқын көрінеді. Ал 2005 жылғы «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» бұл тұлға *«хат»* деп түсіндірілсе [5, 70 б.], К. Қайыржанның еңбегінде оның парсы тілінен енгені әрі *хат, бәйіт, дастан, кітап* мағыналарын білдіретіні көрсетілген [11, 378 б.]. Аталған деректер «нама» сөзінің әуел баста жазба мәтінге қатысты болғанын айғақтайды. Сонымен қатар, мазмұндық жағынан бұған ұқсас **-тама, -теме, -дама, -деме** тұлғаларына қатысты мынадай мысалдарды келтіруге болады:

1. **-нама, -неме жұрнақтары арқылы жасалған лексемалар қатарына:** *заңнама, ғұмырнама, өмірнама, сапарнама, жорықнама, шежіренама, насихатнама, өсиетнама, ғашықнама, мінажатнама, саясатнама, ғажайыпнама, саяхатнама, тарихнама, ғибратнама, насабнама, дастаннама, сарнама* т.б. жатады. Бұл атаулар негізінен кітап, жазбаша еңбек, тарихи туынды немесе ресми құжаттардың мазмұнын айқындау мақсатында қалыптасқан.

Саясатнама – XI ғасырдың мұрасы болып табылатын бұл туынды мұсылман елдеріндегі мемлекеттік басқару жүйесін, әділдік ұстанымдарын және саяси биліктің іргелі қағидаларын баяндайтын бірегей ортағасырлық еңбек болып саналады [12, 34 б.]. Шығарма елу бөлімнен құралған және онда ел билеушілерге арналған құнды кеңестер, қоғамдық тәртіпті сақтау жолдары, елшілер мен қазылардың атқарар істері, сондай-ақ әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты қарастырылады.

Жорықнама (немесе жорық күнделігі) – әскери жорықтар мен түрлі сапарлардың барысын, маңызды деңгейдегі оқиғалар мен күнделікті атқарылған іс-қимылдарды уақыт ретімен тіркеп отыратын құжаттық не әдеби сипаттағы жазба түрі [7, 326 б.]. Мұндай еңбектерде жорықтың бағыт-бағдары, жол үстіндегі кездескен кедергілер мен түрлі жағдайлар, сонымен бірге қол жеткен табыстар мен нәтижелер де баяндалып отырады.

Шежіренама – белгілі бір халықтың, рулық құрылымның немесе әулеттің шығу тегі мен таралу тарихын баяндайтын тарихи-генеалогиялық туынды болып табылады [7, 649 б.]. Бұл жазбаларда ата-бабалардың шежіресі, олардың дәуірі, туыстық қатынастары мен тарихи оқиғалар хронологиялық немесе ұрпақ сабақтастығы ретімен беріледі. Сонымен қатар шежіренама – өнеге боларлық, жадында сақтауға қолайлы, бейнелі түрде айтылған даналық сөздер мен ақыл-кеңестер жиынтығы іспеттес.

Саяхатнама – автордың нақты бір елге немесе аймаққа жасаған сапарынан алған әсерлері негізінде жазылған шығарма. Онда сапар кезіндегі көрген жерлердің табиғаты, жергілікті халықтың тұрмыс-салты, мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлері сипаттаудан өтеді. Сөздік қорда бұл термин «өлеңмен не қара сөзбен белгілі бір сапардың жай-күйі баяндалатын шығыс поэзиясының үлгісі» деп түсіндіріледі [13, 74 б.].

Насихатнама – белгілі бір тұжырымды, дүниетанымдық көзқарасты немесе этикалық қағидаларды ұғындыру, көпшілікке жария ету мақсатында жазылған туынды [14, 96 б.]. Мұндай еңбектерде көбіне тәлімдік мәні бар, өнегелік мазмұндағы пайымдар мен пайдалы кеңестер топтастырылады.

2. **-тама, -теме жұрнақтары арқылы жасалған лексемалар:** *анықтама, сараптама, сипаттама, хаттама, құжаттама, деректеме, дәйектеме, дәрістеме* және т.б. Бұл форманттар негізінен етістік негіздерінен туынды зат есімдер жасап, белгілі бір іс-әрекеттің нәтижесін, сипаттық белгісін немесе түсіндірмелік мәнін білдіруге қызмет етеді.

3. **-дама, -деме жұрнақтарымен жасалған сөздер:** *баяндама, тұжырымдама, жолдама, айқындама, негіздеме, мәлімдеме, дәлелдеме, түйіндеме, мінездеме, негіздеме, кепілдеме* және т.б. Аталған жұрнақтар көбінесе әрекеттің ақырғы нәтижесін, ресми құжатты немесе сипаттамалық ұғымдарды таңбалау үшін қолданылады. Олар қазақ тіліндегі ресми-іс қағаздар, ғылыми және әкімшілік стильдердің лексикалық қорын байытудағы басты құралдардың бірі болып табылады.

Бұл форманттардың қолданысқа ену кезеңдері мен функционалдық қызмет аясында айтарлықтай айырмашылықтар кездеседі:

-хана жұрнағы: XX ғасырдың бірінші жартысында қоғамдық өмірдегі жаңа әлеуметтік нысандардың (емхана, дәріхана, асхана) жаппай көбеюіне орай жоғары өнімділікке ие болды. Профессор Н.Оралбай бұл жұрнақтың дербес кірме лексемадан қазақ тілінің төл морфемалық

бөлшегіне (жұрнаққа) айналу үдерісін жан-жақты негіздеген [9, 118 б.]. Оның даму бағыты негізінен нақты физикалық ғимараттар мен орындарды атаумен сипатталады.

-нама жұрнағы: Бұл қосымшаның сөзжасамдық белсенділігі XX ғасырдың аяғы мен еліміздің егемендік алған кезеңіне сәйкес келеді. Ол нақты заттық атаулардан гөрі, дерексіз-ғылыми концептілерді (әдіснама, заңнама, тұжырымдама) қалыптастыруға көбірек бағытталған. Мұндай құбылыс қазақ тіліндегі ғылыми стильдің дербес сала ретінде дамуымен және заманауи терминологиялық қажеттіліктердің артуымен тікелей байланысты.

Қорытынды

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі -хана, -нама, -тама және -дама жұрнақтарының тарихи қалыптасу жолы мен қазіргі терминжасамдағы рөлі жан-жақты сараланды. Бұл форманттардың әуел баста дербес лексемалардан сөз тудырушы морфемаларға айналуы тіліміздің ішкі даму динамикасын айқын көрсетеді. Әсіресе, соңғы онжылдықтарда бұл қосымшалардың нақты нысандарды атаудан дерексіз-ғылыми ұғымдарды таңбалауға көшуі байқалады. Жүргізілген талдаулар аталған жұрнақтардың ресми-іс қағаздар мен ғылыми стильді байытудағы стратегиялық маңызы жоғары екенін дәлелдейді. Қорыта айтқанда, бұл сөзжасамдық элементтер қазіргі қазақ терминологиясының жүйеленуіне тірек болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманбайұлы Ш. және т.б. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.
2. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-т. А–К / Жалпы ред. І.К. Кеңесбаев. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1959. – 500 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст.: М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: Ғылым, 2011. – 752 б.
5. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст.: Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
6. Бекмұхаметов Е.Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері: түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 200 б.
7. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2014. – 728 б.
8. Бизақов С., Болғанбаев Ә., Дәулетқұлов Ш. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 720 б.
9. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 200 б.
10. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құраст.: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.
11. Қайыржан К. Сөз-сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: Өнер, 2013. – 480 б.
12. Моллақанағатұлы С. Саясатнама. – Электронды ресурс. – Ақиқат журналы, 2024. – URL: https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12217.
13. Қайырбеков Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. 9-том. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 383 б.
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст.: А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы: 2011. – 752 б.

БЕЛГІСІЗДІК МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕТІН ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҰЛҒАЛАР

А.Н. Абен
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.Н. Саменова

Аннотация. Мақалада қазақ тіліндегі белгісіздік мағынаны білдіретін грамматикалық тұлғалар функционалдық-семантикалық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеу барысында белгісіздік категориясының ұғымдық сипаты айқындалып, оның сөйлеу үдерісіндегі коммуникативтік қызметі талданады. Белгісіздік мағынаның етістіктің шақ категориясымен

байланысы анықталып, шақ формалары арқылы көрінетін белгісіздік мәндердің семантикалық ерекшеліктері сипатталады.

Белгісіздік мағыналы есімдер қарастырылып, оларды жасайтын сөздер мен грамматикалық тұлғалар анықталады. Бұл есімдердің сөйлемдегі қызметі, яғни көбіне жаңа ақпарат беруі, заттың нақты-бейнақты болуы және мағынасының контекске байланысты өзгеруі талданады. Зерттеу қазақ тілінде белгісіздік мағынаны білдіретін тұлғалардың бірнеше деңгейден тұратын күрделі жүйе екенін көрсетеді. Сондай-ақ олардың басқа грамматикалық категориялармен тығыз байланыста қолданылатыны байқалады.

Түйін сөздер: белгісіздік мағына, белгілілік/белгісіздік категориясы, грамматикалық тұлғалар, функционалдық-семантикалық категория, белгісіздік есімдер, етістіктің шақ категориясы, есімдік

Кіріспе. Белгілілік/белгісіздік категориясы тіл білімінде ертеден бері философия, логика, психология, гносеология, лексикология сияқты ғылым салаларымен сабақтастықта қарастырылып келе жатқан күрделі ұғымдық категориялардың бірі болып табылады. Антикалық дәуір ойшылдары Гераклит, Аристотель, Платон еңбектерінде бұл категория философиялық тұрғыдан сөз етілсе, кейінгі кезеңдерде тіл білімінде белгілілік/белгісіздік мәселесі дербес зерттеу нысаны ретінде қалыптаса бастады [1].

Белгілілік/белгісіздік категориясын тілдік тұрғыдан алғаш арнайы қарастырған ғалымдардың қатарында М.И.Алехина, Ю.А.Рылов, М.К.Демидова, И.И.Ревзин сынды зерттеушілердің еңбектерін атауға болады. Аталған ғалымдар бұл категорияны әртүрлі қырынан сипаттай отырып, оның грамматикалық, коммуникативтік, контекстуалдық және жасырын синтаксистік табиғатын айқындауға талпыныс жасады. Осыған байланысты белгілілік/белгісіздік категориясының лингвистикадағы орны мен мәртебесіне қатысты ортақ тұжырымның әлі де толық қалыптаспағаны байқалады [2,530]

Тіл біліміндегі «белгілілік/белгісіздік категориясы» ұғымы сөз құрамындағы категориялық семантикалық белгілер арқылы танылып, тілдік бірліктердің мағынасына тікелей әсер ететін құбылыс ретінде түсіндіріледі. Белгілілік сөйлеуші тарапынан объектінің нақтылы, айқын, таныс екендігін білдірсе, белгісіздік жалпылықты, анықталмағандықты, алғаш рет аталу сипатын көрсетеді. Бұл мағыналар тілде әртүрлі грамматикалық және лексикалық құралдар арқылы беріледі.

Белгілілік/белгісіздік категориясы әмбебап сипатқа ие болғанымен, артикльді және артикльсіз тілдерде оның берілу жолдары әртүрлі болып келеді. Артикльді тілдерде бұл категория арнайы грамматикалық көрсеткіштер арқылы жүзеге асса, түркі тілдері сияқты артикльсіз тілдерде белгілілік/белгісіздік мағына сөз тәртібі, септік жалғаулары, сан есімдер, есімдіктер және контекст арқылы танылады. Осы тұрғыдан алғанда түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі белгілілік/белгісіздік категориясы арнайы әрі кешенді зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылады.

Белгілілік/белгісіздік категориясы ұзақ уақыт бойы жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Дегенмен түркітанушы ғалымдардың еңбектерінде бұл категорияға қатысты жекелеген ғылыми пікірлер айтылып отырған. Зерттеулерде белгілілік/белгісіздік мағынасының табыс септігімен, сөз тәртібімен, сан есім бір формасымен, жекелік-көптік категорияларымен байланысы көрсетіледі. Белгілілік көбіне нақты, белгілі объектімен, ал белгісіздік жаңа, бұрын айтылмаған немесе тыңдаушыға таныс емес нысандармен байланыстырылады.

Қазақ тіліндегі бұл категорияның сипатын жүйелі түрде зерттеу үшін функционалдық-семантикалық тәсіл, корпустық материалдар мен салыстырмалы-типологиялық талдаулар қажет деген пікір тұжырымдалған. Мұндай көзқарасты қазақ тілінің функционалдық-семантикалық зерттеулерінде атап көрсеткен зерттеушілердің еңбектері бар. Т.Тураева зерттеуінде қазақ тіліндегі белгілілік/белгісіздік мәндерінің көптүрлілігі, олардың морфологияда, синтаксисте және дискурстық контексттерде көріну жолдары талданды [1,127]

Тіл зерттеушілері қазақ тілінде белгілілік/белгісіздік мағынасының жүзеге асуында сөз тәртібі, септік жалғауларының формалары, сан есімдер (мысалы, бір), анафорлық элементтер және контексттің шешуші рөлі бар екенін көрсеткен. Қолданбалы зерттеулерде табыс пен ілік септіктерінің белгілілік көрсеткіші ретіндегі функциясына ерекше назар аударылған; сөйлеушінің назар аударуына және коммуникативтік жағдайға байланысты септік формалары белгілі-белгісіздік мәнін өзгертетін фактор ретінде қарастырылған. Бұл тұжырымдарды қазақ тіліндегі бірнеше мақалалар мен жинақтарда тұжырымдаған зерттеулер қолдайды.

Бұл мақалада белгісіздік мағынаны білдіретін тілдік құралдар кешенді түрде сипатталып, олардың сөйлеу үдерісіндегі қызметі мен семантикалық ерекшеліктері талданады.

Ғылыми зерттеудің мақсаты - қазақ тіліндегі белгісіздік мағынаны білдіретін грамматикалық тұлғаларды функционалдық-семантикалық тұрғыдан жүйелі түрде сипаттап, олардың тілдік деңгейлерде (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік) көріну жолдарын, сөйлеу үдерісіндегі коммуникативтік қызметін және контекстке тәуелді семантикалық ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеу әдістері мен материалдары.

Зерттеу жұмысының материалдары ретінде қазақ және жалпы түркі тіл білімінде белгілілік/белгісіздік категориясына арналған классикалық және қазіргі заманғы ғылыми еңбектер пайдаланылды. Зерттеуде негізгі әдіс ретінде сипаттамалы-талдамалы әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы белгісіздік мағынаны білдіретін грамматикалық тұлғалардың тілдік табиғаты, мағыналық ерекшеліктері мен қызметі анықталды. Белгілілік/белгісіздік категориясының грамматикалық көріністерін айқындау үшін морфологиялық және синтаксистік талдау тәсілдері пайдаланылды. Функционалдық-семантикалық әдіс арқылы белгісіздік мағынаның сөйлеу актісіндегі коммуникативтік қызметі мен контекстік ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу барысында түркі тіл біліміндегі белгілілік/белгісіздік категориясына қатысты А.Казембек, П.М.Мелиоранский, Н.Ф.Катанов, Н.К.Дмитриев, Э. В.Севортян еңбектері теориялық негіз ретінде алынды. Қазақ тіліндегі нақты тілдік деректерді талдауда Ы.Е.Маманов пен Н.Уәлиевтің ілік және табыс септіктерінің қолданылуына қатысты тұжырымдары негізге алынды. Зерттеудің практикалық бөлігінде Оралхан Бөкей шығармаларынан алынған мысалдар талданып, белгісіздік мағынаны білдіретін тілдік тұлғалардың көркем мәтіндегі қызметі, контекске байланысты жұмсалу ерекшеліктері және авторлық қолданыстағы семантикалық реңктері сараланды.

Нәтижелер мен талқылау.

Зерттеу нәтижелері қазақ тілінде белгісіздік мағынаны білдіретін грамматикалық тұлғалардың жүйелі әрі көпқабатты сипатқа ие екенін көрсетті. Белгісіздік мағына тілдің бір ғана деңгейінде емес, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлердің өзара байланысы арқылы жүзеге асады. Бұл тұжырым функционалды грамматика бағытындағы зерттеулерде, соның ішінде А.Тураева мен Т.Солтаншарив еңбектерінде де негізделеді. Зерттеушілер белгісіздік мағынаны функционалды-семантикалық өріс аясында қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Талдау барысында белгісіздік мағынасының ең жиі көрініс табатын құралдары ретінде *бір, біреу* сан есімдері мен белгісіздік есімдіктері анықталды. Бұл тұлғалар заттың нақты емес, тыңдаушыға беймәлім, алғаш рет сөз болып отырғанын білдіреді. Мұндай түсінік А.Байтұрсынұлының есімдіктерді анықтау және танықтау деп жіктеуінде де айқын көрінеді. Ғалым танықтау есімдіктері арқылы заттың белгісіздігі, жалпылығы, нақтыланбаған сипаты берілетінін атап өтеді. Оралхан Бөкей прозасында белгісіздік мағынаны білдіретін тұлғалар жазушының өзіндік стилін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақ тіліндегі дәстүрлі грамматикада «бір» сөзі сан есім ретінде қарастырылғанымен, О.Бөкей мәтіндерінде ол өзінің мөлшерлік мағынасынан (санау қызметінен) ажырап, белгісіздік артиклінің қызметін атқарады. Автор бұл тұлғаны нысанның нақты еместігін, оның кездейсоқ немесе беймәлім екенін көрсету үшін қолданады. Мысалы: *«Бір күні аспан айналып жерге түскендей, тау-тастың арасынан бір сұрғылт тұман көтерілді»* [3].

Бұл сөйлемдегі «бір күні» тіркесі нақты уақытты емес, жалпылама мерзімді білдірсе, «бір сұрғылт тұман» тіркесі тұманның мөлшерін емес, оның оқырманға әлі таныс емес, тылсым сипатын айқындап тұр.

Белгісіздік мағынасының берілуінде *табыс септігінің жасырын келуі* маңызды морфологиялық көрсеткіштердің бірі ретінде танылды. Бұл мәселе түркі тіл білімінде А.Казембек еңбектерінен бастау алады[4]. Ғалым табыс септігінің ашық келуін объектінің белгілілігімен, ал жасырын келуін белгісіздігімен байланыстырады. Кейін бұл тұжырым «Алтай тілі грамматикасында» да жалғасын тапқан. П.М.Мелиоранский табыс септігінің ашық не жасырын келуін сөйлеушінің субъективті көзқарасымен байланыстырып, оның коммуникативтік ниетке тәуелді екенін көрсетеді[5]. Ал Н.Ф.Катанов табыс септігінің ашық қолданылуын логикалық екпіннің түсуімен байланыстырады. Бұл пікірлер табыс септігінің белгісіздік мағына тудырудағы қызметін терең түсіндіруге мүмкіндік береді. Оралхан Бөкейдің көркемдік әлемінде бұл грамматикалық заңдылық кейіпкердің күнделікті тіршілігі мен табиғат арасындағы үйлесімді жалпылама, жинақтаушы сипатта суреттеу үшін шебер қолданылады. Мәселен, жазушының «Қар

қызы» повесінде кейіпкердің ішкі арпалысы мен тынымсыз әрекетін сипаттайтын мынадай жолдар кездеседі: «*Ол ертеден қара кешке дейін от жақты, қар күреді, бірақ көңіліндегі алаң басылмады».*

Бұл сөйлемдегі «от» және «қар» сөздері табыс септігінің жасырын тұлғасында қолданылып тұр. Егер автор бұл нысандарды «отты жақты», «қарды күреді» деп ашық тұлғада берсе, оқырман назары нақты бір жердегі, белгілі бір уақыттағы объектіге ауған болар еді. Ал жасырын тұлғада келуі арқылы автор объектінің нақтылығын емес, кейіпкердің іс-әрекетінің жалпылама сипатын алға шығарады. Мұндағы от пен қар - нақты бір зат емес, кейіпкердің болмысына айналған, оның күйбең тіршілігіндегі беймәлім де шексіз нысандар ретінде қабылданады.

Белгісіздік мағына *ілік септігінің түсіп қалуы* арқылы да көрініс табады. Ы.Е.Маманов ілік септігінің ашық келуін белгілілікке, ал түсірілуін белгісіздікке қызмет ететін морфологиялық көрсеткіш ретінде қарастырады. Ы.Е. Маманов еңбегінде белгісіздік мағына ілік және табыс септіктерінің нөлдік тұлғада жұмсалуымен байланысты қарастырылады. Ғалым қосымшасыз қолданылған тұлғаларды мағынасыз форма деп емес, арнайы грамматикалық мәні бар нөлдік форма ретінде таниды. Мысалы, «кітапты оқыдым» құрылымында объект нақты, белгілі мәнде жұмсалса, «кітап оқыдым» үлгісінде объект жалпылама, белгісіз сипат алады. Сол сияқты «колхоздың малы» мен «колхоз малы» үлгілерінде де қосымшалы және нөлдік формалардың семантикалық айырмасы байқалады. Бұл тұжырым қазақ тілінде белгісіздік мағынаның морфологиялық жолмен, әсіресе септік тұлғаларының ашық және жасырын қолданылуы арқылы жасалатынын көрсетеді [6,207]

Зерттеуші Н.Уәлиев қазақ тіліндегі белгілілік пен белгісіздік категорияларын қарастыра отырып, ілік септігінің тұлғалық (ашық не жасырын) көрінісіне ерекше мән береді. Ғалымның тұжырымы бойынша, ілік септігінің ашық келуі нысанды нақтылап, оны белгілі бір затпен ғана байланыстырса, септік жалғауының түсіп қалуы нысанның жалпылық сипатын арттырып, оған белгісіздік реңк үстейді [7].

Бұл құбылыс Оралхан Бөкей прозасындағы кеңістікті суреттеуде жиі кездеседі. Жазушының «Мұзтау» повесіндегі мына бір сөйлемге назар аударайық:

«Тау басынан құлаған сарқыраманың үні құлаққа еміс-еміс шалынады» [8].

Н.Уәлиевтің «ауыл сыртында» және «ауылдың сыртында» деген құрылымдарға жасаған салыстырмалы талдауын осы мысалға негіз етсек, мағыналық айырмашылық айқын көрінеді. Егер автор «Таудың басы» деп ашық тұлғада қолданса, бұл сөз тіркесі нақты бір белгілі, бұрыннан сөз болған шыңды меңзер еді. Ал «Тау басы» түріндегі жасырын қолданыс оқырман санасында жалпылама, алыстағы, нақты қай жер екені белгісіз жұмбақ биіктік бейнесін тудырады.

Н.Уәлиев зерттеуінде ілік септігінің жасырын келуін объектінің нақтыланбауымен байланыстырады. О.Бөкей стилінде бұл тәсіл кеңістіктің шексіздігін, табиғаттың адам баласына әлі толық ашылмаған құпиясын жеткізу үшін қызмет етеді. Сарқыраманың үні нақты бір географиялық нүктеден емес, белгісіз бір «тау басынан» естілуі арқылы автор мәтіндегі лирикалық-мистикалық атмосфераны күшейтеді.

Белгісіздік мағына синтаксистік деңгейде сөздердің орын тәртібі мен интонация арқылы да беріледі. Белгісіз зат есімдер көбіне сөйлемнің соңында орналасып, жаңа ақпарат қызметін атқарады. Бұл құбылыс сөйлемнің актуалды мүшеленуімен тікелей байланысты және функционалды грамматика тұрғысынан маңызды болып табылады [9].

Осы жерде бір сұрақ туындайды: белгісіздік мағына әрдайым тыңдаушыға беймәлім затты ғана білдіре ме?

Оған былай жауап беріп көрсетсек: белгісіздік мағына тек тыңдаушыға бейтаныстықты емес, сөйлеушінің затты әдейі нақтыламауын немесе көркемдік мақсатта көмескі түрде беруін де білдіреді. Бұл тәсіл көркем әдебиетте оқырман назарын аудару, оқиға желісін біртіндеп ашу үшін жиі қолданылады.

Белгісіздік мағына *көмекші етістігінің қатысуымен* де жасалады. Мұндай қолданыстарда заттың немесе тұлғаның нақты кім екені маңызды болмай, оның тек сөйленістегі оқиғаға қатысушы ретінде атқарған қызметі алдыңғы орынға шығады. Бұл құбылыс белгісіздік мағынаның прагматикалық сипатын көрсетеді, яғни сөйлеуші объектіні әдейі нақтыламай, оны жалпы, көмескі түрде береді. Берілген материалдарда көрсетілгендей, *деген* тұлғасы көбіне алғаш рет сөз болып отырған, тыңдаушыға беймәлім объектіні атауда қолданылады. «Деген» тұлғасы есім сөздермен тіркескенде, ол заттың мағынасын шектеп, оған тек «солай аталады екен» деген реңк үстейді. Бұл құбылыс Оралхан Бөкей прозасында нысанға тылсым сипат беру үшін жиі қолданылады. Мысалы: *«Алыста, бұлдырап Мұзтау деген жұмбақ әлем жатыр»* [8]. Мұндағы грамматикалық

қолданыстың маңызы зор. Егер автор сөйлемді «Мұзтау жатыр» деп қана берсе, бұл нысан оқырманға бұрыннан таныс, белгілі географиялық нүкте ретінде қабылданар еді. Ал «деген» тұлғасының қосылуы Мұзтауды кейіпкерлер үшін де, оқырман үшін де әлі танып-білуді қажет ететін, тек есімі ғана мәлім белгісіз нысан ретінде бейнелейді.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, бұл тұлға енгізуші қызмет атқарады. Яғни, ол нысанды мәтінге таныстырудың алғашқы сатысын жасайды. Сөйлеуші объектінің бар екенін растағанымен, оның мән-жайын әлі толық ашпай, белгісіздік арқылы оқырманның назарын аударады. «Деген» көмекші етістігі О. Бөкей шығармаларында объектінің атауыштық белгісіздігін айқындап, мәтіннің экспрессивті-эмоционалды қуатын арттырып тұр.

Ауызекі сөйлеу тілінде де бұл тәсіл жиі кездеседі: «Біреу деген кісі келіп сұрап кетті» деген сөйлемде кісі нақты тұлға ретінде емес, оқиғаға уақытша қатысқан беймәлім адам ретінде сипатталады. Мұндай қолданыстар белгісіздік мағынаның коммуникативтік қажеттіліктен туындайтынын көрсетеді.

Деген көмекші етістігінің қатысуымен жасалған құрылымдар қазақ тілінде белгісіздік мағынаны білдіретін өнімді грамматикалық тәсілдердің бірі болып табылады және ол сөйлеушінің объектіні нақтыламау ниетімен, контекстік талаптармен тығыз байланысты қолданылады [10].

Н.К.Дмитриев зерттеу нәтижелері белгісіздік мағынасының референция теориясымен тығыз байланысты екенін көрсетті[11]. Э.В.Севортян еңбектерінде объектінің алғаш аталуы белгісіздікпен, ал кейінгі сөйленістерде оның белгілілікке көшуі референциялық өзгеріс ретінде қарастырылады[12]. Бұл заңдылық қазақ тіліндегі мәтіндерде де толық сақталады.

Белгісіздік мағынаның тек есім сөздер деңгейінде емес, сонымен қатар етістіктің есімше тұлғалары мен көмекші сөздер (шылаулар) арқылы қалай жүзеге асатынын қарастырдық. Оралхан Бөкей прозасында бұл тұлғалар кейіпкердің ішкі екіұдай күйін, күмәнін және қоршаған ортаны субъективті қабылдауын жеткізудің негізгі құралына айналған.

Қазақ тілінде -ған/-ген, -ар/-ер/-с тұлғалы есімшелер көмекші сөздермен тіркескенде, іс-әрекеттің жүзеге асуына қатысты нақтылық жойылып, оның орнына болжам мен күмән мағынасы алға шығады. Жазушы бұл тәсілді кейіпкер тағдырының тұрақсыздығын бейнелеу үшін сәтті қолданады. Мысалы: *«Ол бұл жаққа қайтып оралмас шығар, бәлкім, тағдыры әлдеқалай боларын өзі де білмейтін»* [13]. Мұндағы «оралмас шығар» тіркесіндегі -мас (есімшенің болымсыз түрі) және «шығар» болжалды модаль сөзі іс-әрекеттің болашағына қатысты толық белгісіздікті білдіреді. Бұл жердегі белгісіздік мағынасы кейіпкердің ішкі әлеміндегі сенімсіздік пен психологиялық арпалыстың грамматикалық көрсеткіші болып табылатынын көреміз. Автор «мүмкін», «бәлкім» сияқты лексикалық бірліктерді де қосарлай отырып, белгісіздік өрісін кеңейте түседі.

Белгісіздік мағынаны тудырудың тағы бір өнімді тәсілі - «ма/ме», «ба/бе» сұраулық шылауларының қайталанып келуі немесе «білмеймін», «айыру қиын» сияқты тіркестермен байланысуы. Бұл тәсіл О.Бөкей стиліндегі кеңістік пен уақыттың нақты шекарасының жойылуын суреттеуде шешуші рөл атқарады. Мысалы: *«Күн бе, түн бе, әлде уақыттың тоқтап қалған сәті ме - айыру қиын»* («Мұзтау»). Сөйлемдегі шылаулардың қайталануы нысанның сапалық белгісін нақтылау үшін емес, керісінше, оның беймәлімдігін арттыру үшін қызмет етіп тұр. Сөйлеуші (кейіпкер) қоршаған ортаны қабылдауда қиналады, нақтылық көмескіленеді. Бұл - Оралхан Бөкейдің антропоцентристік әлеміне тән сипат: адамның субъективті түйсігінде әлем нақты емес, белгісіздікке толы құбылыс ретінде көрінеді. Грамматикалық тұрғыдан бұл «таңдаулы белгісіздік» ретінде бағаланады, яғни бірнеше мүмкіндіктің ішінен нақты бірін таңдай алмау жағдайы туындайды.

Қазақ тіліндегі белгісіздік мағынаны білдіретін грамматикалық тұлғалар сөйлеу актісінде маңызды коммуникативтік қызмет атқарады. Белгісіздік мағына сөйлеушінің ниетіне, контекстке және тыңдаушының қабылдауына тәуелді болып, тілдің функционалды әрі динамикалық сипатын айқындайды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі белгісіздік мағынаны білдіретін грамматикалық тұлғалардың тілдің әр деңгейінде көрініс табатыны анықталды. Белгісіздік мағына лексикалық (бір, біреу, белгісіздік есімдіктері), морфологиялық (табыс, ілік септіктерінің жасырын келуі) және синтаксистік құралдар арқылы (контекст аясында) жүзеге асады.

Белгісіздік мағына сөйлеушінің затты нақтыламау ниетімен және тыңдаушыға беймәлім ақпаратты жеткізуімен байланысты қолданылады. Ол көбіне алғаш аталған объектіге қатысты жұмсалып, сөйлемнің жаңа ақпарат бөлігінде орналасады.

Белгісіздік категориясы белгілілікпен тығыз байланыста қызмет етеді және сөйлеу актісіндегі коммуникативтік мақсатқа тәуелді болады. Қазақ тіліндегі белгісіздік мағынаны білдіретін грамматикалық тұлғаларды функционалды сипатта зерттеу біздің тарапымыздан жалғаса бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тураева А.Т. Белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясының берілу жолдары // Хабаршы. Филология сериясы. – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2006. – №6 (96). – Б. 126–132.
2. Солтаншарив Т. Түркі тілдеріндегі белгілілік/белгісіздік категориясының зерттелуі // Хабаршы. Филология сериясы. – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2006. – №6 (96). – Б. 530–532.
3. Бөкей О. Қар қызы: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1984. – 432 б.
4. Казембек А. Общая грамматика турецко-татарского языка. – Казань, 1946 – С. 381-382.
5. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Фонетика и этимология. Составил П.М.Мелиоранский. СПб. Часть I, 1894, Часть II, 1897. –15 с.
6. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
7. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2015. – 324 б.
8. Бөкей О. Мұзтау: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1975. – 280 б.
9. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 445 б.
10. Тураева А.Т. Қазақ тіліндегі белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы: филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферати. – Алматы, 2008. – 24 б.
11. Дмитриев Н.К. Строй турецкого языка. –М., 1939. –378 с.
12. Севортян Э.В. Прямое дополнение в турецком языке //Вестник МГУ, 1948. №12. – С. 89-90
13. Бөкей О. Өз отыңды өшірме: Роман мен повестер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 352 б

БҰЙРЫҚ РАЙДЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ РЕҢКТЕРІ

А.Ж. Бектай
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.Н. Саменова

Аңдатпа: *Бұл мақалада қазақ тіліндегі бұйрық райдың мағыналық реңктері қарастырылады. Бұйрық райдың грамматикалық табиғаты мен оның сөйлеу актісіндегі қызметі талданып, бұйрық, өтініш, кеңес, тыйым, рұқсат және шақыру сияқты түрлі коммуникативтік реңктерді білдіру ерекшеліктері анықталады. Сонымен қатар бұйрық рай формаларының тұлғалық түрленуі мен олардың контекстік қолданысы негізінде мағыналық реңктердің өзгеруі көрсетіледі. Зерттеу барысында бұйрық райдың тек бұйрық беру құралы ғана емес, сөйлеушінің ниетін, қарым-қатынас сипатын және прагматикалық мақсатын жеткізетін көпқызметті категория екені дәлелденеді. Мақала нәтижелері қазақ тіліндегі рай категориясын, соның ішінде бұйрық райдың функционалдық-семантикалық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.*

Кілт сөздер: *бұйрық рай, рай категориясы, етістік, мағыналық реңк, бұйыру мағынасы, өтініш, тілек, кеңес, тыйым, рұқсат, коммуникативтік қызмет, сөйлеу актісі, модальділік.*

Кіріспе. Қазақ тіл білімінде етістіктің рай категориясы сөйлеушінің іс-әрекетке деген көзқарасын, бағасын және коммуникативтік мақсатын білдіретін маңызды грамматикалық құбылыс болып табылады. Солардың ішінде бұйрық рай ерекше орын алады, өйткені ол сөйлеу актісінде тікелей ықпал ету, талап ету, бағыт беру қызметін атқарады. Бұйрық рай формалары

арқылы сөйлеуші тыңдаушыға белгілі бір әрекетті орындауды міндеттейді, өтінеді, кеңес береді немесе тыйым салады.

Бұйрық райдың мағыналық реңктері тілдік қолданыста әр алуан болып келеді. Олар тек қатаң бұйыру мағынасымен шектелмей, контекстке, интонацияға және сөйлеу жағдаятына байланысты жұмсарып немесе күшейіп отырады. Мысалы, бұйрық рай тұлғалары өтініш, тілек, кеңес, рұқсат, ескерту сияқты қосымша мағыналық реңктерді білдіре алады. Бұл құбылыс бұйрық райдың функционалдық мүмкіндігінің кеңдігін және оның коммуникативтік икемділігін көрсетеді. Осыған байланысты мақалада бұйрық райдың мағыналық реңктері қарастырылып, олардың тілдік табиғаты, қолданыс ерекшеліктері мен семантикалық түрленуі ғылыми тұрғыдан талданады.

Зерттеу әдістері. Жұмыста талдау, жинақтау және салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақ тіл білімінде рай категориясы сөйлеушінің іс-әрекетке деген қатынасын білдіретін маңызды грамматикалық категориялардың бірі болып табылады. Солардың ішінде бұйрық рай сөйлеушінің тыңдаушыға немесе үшінші жаққа бағытталған ерік, талап, бұйрық, өтініш, кеңес сияқты мәндерді білдіреді. Бұйрық райдың негізгі қызметі – белгілі бір әрекетті орындату немесе әрекетке итермелеу. [1]

Алайда бұйрық рай тек бұйрық беру мағынасымен шектелмей, контекстке байланысты әртүрлі мағыналық реңктерге ие болады. Сондықтан бұйрық райдың мағыналық реңктерін зерттеу оның функционалдық-семантикалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. [2]

Бұйрық рай қазақ тілінде етістік түбіріне жіктік жалғауларының тікелей жалғануы арқылы жасалады: бар, кел, оқы, жазыңдар, келіңіздер, барсын т.б. Бұл формалар негізінен екінші жаққа бағытталып, тыңдаушыны әрекет жасауға итермелейді.

Бұйрық райдың ең негізгі мағынасы – бұйрық беру. Мұндай жағдайда сөйлеуші нақты талап қойып, әрекетті орындауды міндеттейді:

• Тез кел!

• Жұмысты аяқта!

Сонымен қатар бұйрық рай өтініш реңкін білдіре алады. Бұл жағдайда бұйрық жұмсартылып, сыпайы формада беріледі:

• Маған көмектесіңіз.

• Есікті жабыңызшы.

Мұнда -шы, -ші шылаулары және интонация бұйрықты жұмсартып, өтініш мәнін үстейді.

Бұйрық рай кейде кеңес немесе ұсыныс мағынасында жұмсалады:

• Демал, шаршағансың.

• Бұл жұмысты ертерек баста.

Бұл реңкте сөйлеуші тыңдаушыға бағыт-бағдар беріп, әрекетке итермелейді.

Сонымен бірге бұйрық рай тыйым салу мағынасын да білдіреді:

• Барма!

• Айтпа!

Бұл жағдайда бұйрық рай болымсыз формада келіп, белгілі бір әрекетті орындауға рұқсат етілмейтінін көрсетеді.

Бұйрық райдың тағы бір маңызды реңктерінің бірі – шақыру немесе үндеу мәні:

• Келіңдер!

• Тыңдаңдар!

Бұл қолданыста бұйрық рай тыңдаушының назарын аудару және оны әрекетке тарту қызметін атқарады.

Үшінші жақ формалары арқылы бұйрық рай тілек немесе ниет мәнін де білдіреді:

• Ол сәтті болсын.

• Жұмысы оңынан шықсын.

Мұнда бұйрық рай сөйлеушінің біреуге деген тілегін білдіріп, бата немесе ізгі ниет сипатында жұмсалады.

Жалпы алғанда, бұйрық райдың мағыналық реңктері контекстке, интонацияға және сөйлеу жағдайына тәуелді болып келеді. Бір ғана грамматикалық форма әртүрлі коммуникативтік мақсатта қолданылып, бұйрық, өтініш, кеңес, тыйым, шақыру және тілек сияқты реңктерді білдіре алады.[2]

С.Мұқановтың «Өмір мектебі» шығармасынан алынған төмендегі тілдік деректер бұйрық рай тұлғаларының қазақ тіліндегі мағыналық реңктерінің сан қырлылығын нақты айқындайды. Бұйрық райдың негізгі қызметі – тыңдаушыны белгілі бір әрекетке итермелеу болғанымен, көркем

мәтін аясында ол түрлі коммуникативтік жағдайларға бейімделіп, бұйрық, өтініш, кеңес, тыйым, шақыру, тілек сияқты қосымша реңктерге ие болады.

1. –Шайыңды жаса!–деді Ұлтуғанға (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 85-бет).

Бұл мысалда «жаса» етістігі бұйрық райдың II жақ жекеше тұлғасында қолданылып, нақты, тікелей бұйрық мағынасын білдіреді. Сөйлеуші тыңдаушыдан әрекетті орындауды талап етеді, сондықтан бұйрық райдың бастапқы, негізгі семантикасы айқын көрінеді.

2. –Дұрыс, деді «хан» күліп, енді «ханшаға» арнаған өлеңіңді айт! (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 424-бет).

Бұл мысалда «айт» формасы бұйрық райда тұрғанымен, контекстік жағдаятқа байланысты оның мағынасы жұмсарып, шақыру, ұсыныс реңкіне ие болып тұр. «Күліп» сөзі сөйлеу мәнерінің еркін, бейресми сипатын білдіріп, бұйрықтың қатаңдығын бәсеңдетеді.

3. –Асыңды іш те, Майбалыққа аттан!– деп бұйырды ол.– Сөйт те, Шәкенді үйге алып қайт! (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 1336-бет).

Бұл мысалда бірнеше бұйрық рай тұлғалары («іш», «аттан», «қайт») қатар қолданылып, нақты әрі жүйелі бұйрық мәнін білдіреді. Сөйлеуші тыңдаушыға әрекеттердің орындалу ретін нұсқап, оның міндетті түрде жүзеге асуын талап етеді. Мұнда бұйрық райдың директивтік, ұйымдастырушылық қызметі басым.

4. Сол ауылға қызыл әскерлер келіп, үйдің қасында тұрған Ғалауетденнің әдемі тарантасын көреді де, сатыңыздар деп өтінеді (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 380-бет).

Бұл мысалда «сатыңыздар» етістігі бұйрық райдың II жақ көпше, сыпайы тұлғасында жұмсалып, өтініш реңкін білдіреді. «Өтінеді» сөзі бұйрық мәнін әлсіретіп, оны сыпайы формадағы сұрау-өтінішке айналдырады. Бұл – бұйрық райдың прагматикалық икемділігінің көрінісі.

5. Ертең – демалыс күні, демал! (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 780-бет).

Бұл мысалда «демал» формасы бұйрық райда тұрғанымен, мағынасы жағынан кеңес, ұсыныс реңкін білдіреді. Сөйлеуші тыңдаушыға пайдалы әрекетті ұсына отырып, оны еріксіз міндеттемейді, сондықтан бұйрық жұмсарған сипатқа ие.

6. Сондайды әкем деуге көрме ұят (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 382-бет).

Бұл мысалда «көрме» формасы бұйрық райдың болымсыз түрінде келіп, тыйым салу мағынасын білдіреді. Сөйлеуші белгілі бір әрекетті жасауға жол бермей, моральдық шектеу қояды. Бұл – бұйрық райдың тыйымдық реңкі.

7. – Таң қараңғысы болды, тұрып жиналыңдар! – деді (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 499-бет).

Бұл мысалда «жиналыңдар» етістігі бұйрық райдың II жақ көпше тұлғасында қолданылып, ұжымдық әрекетке шақыру, ұйымдастыру реңкін білдіреді. Сөйлеуші бірнеше адамға ортақ нұсқау беріп отыр.

8. Түсіп қала көрмеңдер, бірің, кейін тұрыңдар!.. (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 119-бет).

Бұл мысалда бұйрық райдың болымсыз («көрмеңдер») және болымды («тұрыңдар») формалары қатар қолданылып, тыйым және кеңес реңктерін қатар білдіреді. Бір жағынан әрекетке шектеу қойылса, екінші жағынан дұрыс бағыт ұсынылады.

9. Аздан кейін маған шақыру келді, – «қонақтарға қисса айтсын» деп Ысыман жіберіпті (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 459-бет).

Бұл мысалда «айтсын» етістігі бұйрық райдың III жақ тұлғасында келіп, жанама бұйрық, тілек мәнін білдіреді. Бұйрық тікелей емес, үшінші тұлға арқылы жеткізіліп отыр, сондықтан оның мағынасы жұмсарған.

10. – Кім білсін, – дейді Қайырке, бірақ кім де болса, біздің казак-орыстар оны шыдатпайды, жалғыз Андрей Чемасовтың өзі күрең атымен ішіне бір кіріп көрсінші, қылышымен жүзін шауып шықсын!.. (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 296-бет).

Бұл мысалда «шауып шықсын» формасы бұйрық райдың III жақ тұлғасында қолданылып, тілек, болжам және риторикалық реңктерді білдіреді. Мұнда сөйлеуші нақты бұйрық бермейді, керісінше, ықтимал әрекетті эмоционалды түрде бейнелейді.

Жалпы алғанда, С.Мұқановтың «Өмір мектебі» шығармасынан алынған мысалдар бұйрық рай тұлғаларының тек бұйыру қызметімен шектелмей, контекстке байланысты әртүрлі мағыналық реңктерде жұмсалатынын дәлелдейді. Бұл бұйрық райдың қазақ тіліндегі функционалдық-семантикалық мүмкіндігінің кеңдігін және оның сөйлеу үдерісіндегі икемділігін көрсетеді[3] .

Берілген мысалдар бұйрық райдың қазақ тілінде тек бұйрық мәнінде ғана емес, сонымен қатар өтініш, кеңес, тыйым, шақыру, тілек және болжам сияқты әртүрлі мағыналық реңктерде

қолданылатынын көрсетеді. Бұйрық райдың мұндай көпқырлылығы оның контекстке тәуелді екенін және коммуникативтік қызметінің кең екенін дәлелдейді.

Қазақ тіл білімінде бұйрық райдың табиғатын айқындау оның тек грамматикалық категория ретінде емес, сонымен қатар функционалдық-семантикалық және прагматикалық тұрғыдан да қарастырылуын талап етеді. [4] Бұйрық райға қатысты алғашқы ғылыми тұжырымдар Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде көрініс тауып, рай категориясының адамның іс-әрекетке деген көзқарасын білдіретін грамматикалық құрал екендігі атап көрсетілген.[5]

Зерттеулер бойынша, Қ.Жұбанов және Ы.Маманов еңбектерінде бұйрық райдың мағыналық құрылымы кеңірек қарастырылып, оның тек бұйрық мәнін ғана емес, өтініш, кеңес, тілек, тыйым сияқты әртүрлі коммуникативтік реңктерді білдіретіні көрсетіледі.

Бұйрық райдың мағыналық реңктері оның тұлғалық жасалу ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Атап айтқанда, етістік түбіріне тікелей жалғанған бұйрық формалары (бар, кел, айт), көпше және сыпайы формалар (бар-ыңдар, кел-іңіздер), сондай-ақ үшінші жақ формалары (-сын/-сін) арқылы әртүрлі адресатқа бағытталған әрекет мәні беріледі. Сонымен қатар бұйрық райдың болымсыз формасы (-ма/-ме) тыйым мәнін білдіруде қолданылады.

Функционалдық тұрғыдан алғанда, бұйрық рай тек грамматикалық мағынамен шектелмей, сөйлеу актісінде маңызды прагматикалық қызмет атқарады. Ол сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынасты реттеп, бұйрықтың деңгейін жұмсарту немесе күшейту арқылы коммуникативтік мақсатты жүзеге асырады. Бұл ретте интонация, модаль сөздер және контекст бұйрық райдың нақты мағыналық реңкін айқындайтын негізгі факторлар болып табылады.

Осылайша, бұйрық рай қазақ тілінің грамматикалық жүйесінде көпқырлы категория ретінде сипатталып, оның мағыналық және функционалдық ерекшеліктері тілдік коммуникацияда маңызды орын алады.

Жүргізілген талдау нәтижелері бұйрық райдың қазақ тіліндегі етістік жүйесінде ерекше орын алатын, көпқырлы грамматикалық категория екенін көрсетті. Бұйрық райдың негізгі қызметі сөйлеушінің тыңдаушыға немесе үшінші жаққа әрекет жасауға түрткі болуымен сипатталғанымен, оның мағыналық өрісі бұнымен шектелмейді. Зерттеу барысында бұйрық райдың бұйрық, өтініш, кеңес, шақыру, тыйым, тілек, сондай-ақ контекстке байланысты болжамдық реңктерді де білдіре алатыны анықталды.

Жалпылай алғанда, бұйрық рай тұлғаларының нақты мағынасы тек грамматикалық форма арқылы ғана емес, сонымен қатар сөйлеу жағдаяты, интонация және контекст арқылы айқындалатынын дәлелдейді. Әсіресе көпше және сыпайы формалардың қолданылуы бұйрық мәнін жұмсартып, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынасты реттеуге ықпал етеді. Ал болымсыз формалар тыйым мәнін білдіріп, әрекетті шектеу қызметін атқарады. Сонымен қатар бұйрық райдың синтаксистік және прагматикалық қызметі оның тілдік коммуникациядағы маңызын арттыра түседі. Бұл категория тек грамматикалық құрылым ретінде ғана емес, сөйлеу актісінде мақсатты ықпал ету құралы ретінде де қызмет етеді. Осылайша, бұйрық райдың мағыналық реңктерінің әртүрлілігі оның функционалдық мүмкіндіктерінің кең екенін көрсетеді және қазақ тілінің грамматикалық жүйесінде оның маңызды коммуникативтік категория ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Қорытынды. Қорыта келгенде, бұйрық рай категориясы қазақ тілінің функционалдық-семантикалық жүйесінде ерекше орын алатын, коммуникативтік тұрғыдан аса белсенді грамматикалық құралдардың бірі болып табылады. Оның негізгі қызметі – тыңдаушыны белгілі бір әрекетке итермелеу, бағыттау, міндеттеу болғанымен, тілдік қолданыс барысында бұл категорияның мағыналық өрісі едәуір кеңейіп, сан алуан реңктерді қамтитыны анық байқалады. Атап айтқанда, бұйрық рай тұлғалары тек қатаң бұйыру мағынасымен шектелмей, контекстік, жағдаяттық және интонациялық факторлардың ықпалымен өтініш, кеңес, тілек, тыйым, рұқсат, шақыру, ұсыныс сияқты қосымша мағыналарды білдіруге қабілетті.

Бұйрық райдың мағыналық реңктерінің қалыптасуында бірнеше тілдік және тілден тыс факторлар шешуші рөл атқарады. Біріншіден, сөйлеу жағдаяты мен коммуникативтік мақсат бұйрық райдың семантикалық түрленуіне тікелей әсер етеді. Мысалы, ресми емес қарым-қатынаста бұйрық рай жұмсарып, өтініш немесе кеңес мәнінде қолданылса, ресми немесе иерархиялық қатынаста оның бұйыру, талап ету реңкі айқын көрінеді. Екіншіден, интонация мен экспрессивтік-эмоционалдық реңк те бұйрық райдың мағынасын айқындаушы маңызды фактор болып табылады. Үшіншіден, грамматикалық көрсеткіштер, атап айтқанда, жіктік жалғаулар мен сыпайылық формалары (–ыңыз/–іңіз, –ңыздар/–ңіздер) бұйрықтың қаттылығын бәсеңдетіп, оны сыпайы өтініш немесе ұсыныс деңгейіне жеткізеді.

Сонымен қатар, бұйрық райдың ерекше бір қыры – оның жақ категориясы арқылы мағыналық сарапануы. II жақ формалары көбіне тікелей бұйрық, нұсқау, талап мәнін білдірсе, III жақ формалары жанама бұйрық, тілек, ниет, кей жағдайда болжам реңктерін жеткізеді. Ал көпше түрдегі тұлғалар ұжымдық әрекетке бағытталған шақыру, ұйымдастыру қызметін атқарады. Бұйрық райдың болымды және болымсыз түрлерінің қатар қолданылуы да күрделі мағыналық құрылым түзіп, бір мезгілде тыйым мен кеңес, шектеу мен бағыт-бағдар беру сияқты қабаттасқан реңктерді білдіре алады.

Бұйрық райдың тағы бір маңызды ерекшелігі – оның прагматикалық икемділігі мен контекске тәуелділігі. Бір ғана грамматикалық форма әртүрлі сөйлеу жағдайында әрқилы мағынада жұмсалып, сөйлеушінің ниеті мен көзқарасын дәл жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл құбылыс бұйрық райдың тек морфологиялық категория ғана емес, сонымен қатар функционалдық-семантикалық және прагматикалық категория ретінде де қарастырылуы қажет екенін көрсетеді.

Осылайша, бұйрық райдың мағыналық реңктері қазақ тілінің бай коммуникативтік мүмкіндіктерін танытатын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Оның семантикалық көпқабаттылығы, контекстке бейімділігі және экспрессивтік әлеуеті тілдің көркемдік, стильдік және прагматикалық қырларын айқындай түседі. Сондықтан бұйрық райды тек бұйыру мағынасымен шектеп қарастыру жеткіліксіз, оны тілдік қолданыс аясында кешенді, жан-жақты зерттеу қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып қала береді

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана: 2002. – 784 б.
5. https://qazcorpus.kz/_oqu-ishorpus/Sauattik/pdf/20240619/

ЕСІМШЕ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ЗАТТАНУЫ

Д.С. Балғабек
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.Н. Саменова

Аннотация. *Бұл зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі есімше тұлғаларының заттану құбылысы, оның грамматикалық және семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Есімшенің бастапқыда етістік негізінде жасалып, сөйлем ішінде зат есімнің қызметін атқаруы тілдегі сөз таптарының өзара байланысын көрсететін маңызды құбылыстардың бірі ретінде талданады. Зерттеуде есімше тұлғаларының заттану процесі, олардың сөйлемдегі қызметі мен мағыналық өзгерістері сараланып, тілдік қолданыстағы ерекшеліктері анықталады. Жұмыс барысында қазақ тіл біліміндегі есімше категориясына қатысты ғылыми пікірлер мен тұжырымдар негізге алынып, есімше тұлғаларының заттық мағынаға көшуі мысалдар арқылы талданады. Тілдік материал ретінде қазақ көркем әдебиет үлгілерінен алынған мысалдар пайдаланылды. Сонымен қатар, есімшенің заттану барысында септік, тәуелдік және көптік жалғауларын қабылдап, толыққанды зат есімдік қызмет атқара алатыны қарастырылады.*

Түйін сөздер: *есімше, заттану, қазақ тілі, морфология, синтаксис, грамматикалық категория, функционалдық қызмет.*

Кіріспе. Есімше тұлғаларының заттануы – қазақ тіл біліміндегі маңызды грамматикалық құбылыстардың бірі. Бұл құбылыс етістік негізінде жасалған есімше формаларының сөйлем ішінде зат есімнің қызметін атқаруымен сипатталады. Есімшенің заттануы тілдегі сөз таптарының өзара байланысын, олардың функционалдық мүмкіндіктерін айқындайтын маңызды тілдік тәсіл ретінде қарастырылады. Мұндай қолданыс барысында есімше тұлғалары әрекетті білдірумен қатар, сол әрекетті орындаушыны немесе әрекетке қатысты ұғымды атау қызметін де атқарады.

Есімше тұлғаларының заттануын тек морфологиялық құбылыс ретінде ғана емес, тілдің когнитивтік, функционалдық және семантикалық жүйелерімен сабақтастыра қарастыру өзекті болып табылады. Ғылыми зерттеудің мақсаты - қазақ тіліндегі есімше тұлғаларының заттану құбылысын ғылыми тұрғыдан талдау, оның грамматикалық, семантикалық және синтаксистік ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ есімшенің сөйлемдегі зат есімдік қызметке көшу себептерін анықтау. Есімше тұлғаларының жалпы халықтық мағынасын және олардың контекстік қолданыстағы семантикалық өзгерістерін айқындау.

Мақала тақырыбының теориялық негізін құрайтын етістіктің ерекше формасы есімшелер жөніндегі мәліметтер «Түрік сөздігінде» белгілі бір дәрежеде сипатталған. Онда есімшелердің білдіретін мағыналық ерекшеліктеріне қарай бес түрге жіктелетіні көрсетіледі. Автор бұл жіктеуде «шақ» терминінің орнына «бап» ұғымын қолданғанын атап өткен жөн. Сонымен қатар, өткен шақ мәніндегі есімшелердің іс-әрекеттің созылыңқылығын, қайталамалылығын білдіруімен қатар, қимылдың аяқталғанын да аңғартатыны айтылады. Ал келер шақтық есімшелер іс-әрекеттің мақсатты, ниетті түрде жүзеге асуын білдіретін грамматикалық форма ретінде сипатталады [1]. М.Қашқари еңбегінде көрсетілген өткен шақтық есімше формалары қазіргі қазақ тілінде -ған, -ген, -қан, -кен қосымшалары арқылы грамматикалық тұрғыдан көрініс береді. Осы мәселеге байланысты ғалым М.Томанов -ған жұрнағының этимологиялық тұрғыдан құранды екенін айтқан. Ғалымның пайымдауынша, аталған жұрнақтың алғашқы компоненті -ға – қимыл есім тұлғасы болса, ал -н көне дәуірде өткен шақтық мағынаны білдірген қосымша ретінде қызмет атқарған [2].

Есімше мен көсемше формаларының табиғатын түсіндіруде ғалым М.Томановтың пікіріне назар аударатын болсақ, бұл тұлғалардың әрі етістік, әрі есімдік қасиеттерін қатар қабылдай алатынын, қимыл есімдерінің тарихи даму барысында әртүрлі бағытта өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Атап айтқанда, олардың бір бөлігі субстантивтік және адъективтік қызметке ауысса, енді бір тобы вербализация процесіне түсіп, қазіргі тілдегі есімше формаларының негізін құраған. Ал жекелеген тұлғалар ғана көсемше қызметіне өткен. Сонымен бірге, субстантив пен пен «тұр» етістігінің есімше тұлғасының тіркесуі, жатыс септіктегі қимыл есімдерінің вербалдануы сияқты құбылыстар тілдің кейінгі даму кезеңінде қалыптасқан грамматикалық үдерістер ретінде сипатталады [2].

Б.Шағырова өз еңбегінде есімше категориясының тарихи қолданысы мен құрылымдық ерекшеліктерін қарастыруда Б.Ш.Дәуітбекқызына сілтеме жасай отырып, көне жазба ескерткіш тілінде есімше формаларының кеңінен қолданылғанын, автор олардың алты түрлі үлгісін көрсеткендігін атап өтеді. Соның ішінде «–ғу, -гу, -ку, -ағу тұлғаларына (иорығу – «жүретін», иенігу – «туатын», тұтырғу – «тұтатын», сондай-ақ -дачы/-тачы, -ғчы/-гчі, -ғлы/-глі формаларына (бардашы – «барушы», турдашы – «тұрушы», құрғушы – «құрушы», сувғаруғшы – «суарушы») да арнайы тоқталып, олардың қызметтік аясын қоса сөз етеді [3, 89]. Сонымен қатар, ғалым -ған формасының сөдік материалдарда көбіне зат анықтауыштық қызметте жұмсалатынын, ал себеп-салдарлық немесе субъект-объектілік қатынастарды білдірудегі қолданысының шектеулі екенін айтады. Ал -мыш, -міш тұлғалары, керісінше, атрибуттық позицияда жиі қолданылып, объектілік әрі субъектілік мәндегі сөздерді анықтауда белсенді қызмет атқарады, сондай-ақ субстантивтену үрдісіне бейімділігі жоғары дейді [3].

А.Есенқұлов «Орхон-Енисей жазбаларында етістік жасайтын -мыс, -міс, -мыш, -міш жұрнақтары тарихы жағынан алғанда жалпы зат есімге тән жұрнақ. Қазіргі кейбір түркі тілдерінде ол зат есім жасайтын жұрнақ ретінде осы күнге дейін сақталған көне жұрнақтардың қалдығы. Бұл жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер (жазмыш, тұрмыш, тарамыс, болмыс т.б.) қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде, негізінен бір мағынада қолданылады. Ескерткіштерде -мыш жұрнағы арқылы жасалған туынды сөздер етістік және есімшенің өткен шағын жасайды» деген пікір білдіреді [4, 209-210].

Этимологиялық тұрғыдан қарағанда, М.Томанов -ған жұрнағын қимыл есім тұлғасының және өткен шақты білдіретін қосымшаның қосындысы ретінде сипаттайды. Ғалымның пікірінше, бастапқы құрамындағы -ға компоненті қимыл есімінің негізін, ал -н компоненті өткен шақты білдіретін грамматикалық белгі ретінде қызмет еткен. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ тіліндегі өткен шақ есімшелері тарихи перспективада біртіндеп заттық, сапалық және атрибуттық қызметтерді атқаруға бейімделгенін байқауға болады.

Есімшенің заттануы сирек кездесетін құбылыс болса да, сөздіктегі мысалдарда бұл процесс нақты көрінеді. Мысалы, М.Қашқари еңбегінде келтірілген «Ол іккі тауар сатышған алышғанлар ол» сөйлеміндегі алысып-сатысқандар есімше тұлғасы заттық мәнде қолданылып, нақты адам тобын немесе әрекет иелерін білдіреді [1, 127]. Бұл құбылыс тілдің синтаксистік икемділігі мен

морфологиялық бейімделуін көрсететін айрықша мысал болып табылады. Сол сияқты, ескерткіш тілінде есімшенің -ған, -ген формаларының көп кездеспейтіні, бірақ қолданылған жағдайда олар іс-әрекетті сипаттауымен қатар, атрибуттық немесе сапалық мәнге ие болып, сөйлем құрамында субстантивтік қызмет атқаратыны белгілі.

Қазіргі зерттеулерде есімше тұлғаларының заттануының морфологиялық және семантикалық механизмдері жан-жақты қарастырылған. Ж.Сарбалаев есімше тұлғаларының субстантивтік, прономиналдық және абъективтік процестер арқылы жаңа сөз таптарын қалыптастыратынын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, қазіргі қазақ тіліндегі заттық есімдер, мысалы, баспақ, ілмек, оймақ, батпақ, қақпақ, жалпақ, имек, құймақ, қимыл есім тұлғасынан туындап, адъективтік немесе субстантивтік қызметке айналған [5].

Зерттеу әдістері мен материалдары. Зерттеу барысында қазақ тіліндегі есімше тұлғаларының заттану құбылысын жан-жақты қарастыру мақсатында бірнеше ғылыми әдістер кешені қолданылды. Атап айтқанда, сипаттамалы әдіс арқылы есімше тұлғаларының грамматикалық табиғаты мен олардың заттық мағынаға көшу ерекшеліктері жүйелі түрде баяндалды. Сонымен қатар, салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде түркі тілдеріндегі есімше формаларының даму ерекшеліктері мен олардың тарихи қалыптасу жолдары қарастырылды. Бұл әдіс арқылы көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі қазақ тілі деректері салыстырылып, есімшенің субстантивтену процесінің эволюциялық сипаты айқындалды. Мақала көлеміндегі зерттеуде талдау әдісі қолданылып, нақты тілдік мысалдар негізінде есімше тұлғаларының көптік, тәуелдік және септік жалғаулары арқылы заттану жолдары сараланды. Зерттеудің теориялық негізін қазақ тіл білімінідегі жетекші ғалымдардың еңбектері құрайды. Атап айтқанда, М.Томановтың тарихи грамматикаға қатысты тұжырымдары, Ж.Сарбалаевтың конверсиялық тәсіл туралы зерттеулері, А.Есенқұловтың көне түркі қосымшалары жөніндегі пікірлері және М.Матжановаңың есімшелердің субстантивациясына қатысты ғылыми еңбектері басшылыққа алынды. Бұл еңбектер есімше тұлғаларының грамматикалық және семантикалық табиғатын терең түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеу мысалдары ретінде қазақ көркем әдебиетінің үлгілері, соның ішінде С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы мен М.Мағауиннің «Сары қазақ» романынан алынған тілдік деректер пайдаланылды. Сонымен қатар, бұл мысалдар «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» негізінде анықталды. Аталған шығармалардағы мысалдар есімше тұлғаларының нақты қолданыста заттық мағынаға көшуін көрсету мақсатында іріктелініп алынды. Түркі тілдерінің тарихи деректері мен жазба ескерткіштер материалдары да зерттеу аясында пайдаланылып,есімшенің заттану құбылысының тарихи негізі сараланды.

Нәтижелер мен талқылау. Есімше тұлғаларының заттануы көбіне сөйлемдегі контекст арқылы айқындалып, олардың мағыналық және синтаксистік қызметін кеңейтеді. Заттанған есімшелер көптік(-лар/-лер), тәуелдік(-ым/-ың/-ы) және септік жалғауларын қабылдап, толыққанды зат есімдік қызмет атқара алады. Көптік жалғауы жалпылау және жинақтау қызметін атқарса, тәуелдік жалғауы иелік қатынасты білдіреді, ал септік жалғаулары синтаксистік қатынастарды нақтылайды. Мұндай жағдайда олар сөйлемде бастауыш, толықтауыш немесе анықтауыш қызметінде жұмсалып, ойды нақты әрі ықшам жеткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, есімше тұлғаларының заттануы тілдегі номинативтік қызметті күшейтіп, белгілі бір іс-әрекеттің иесін, нәтижесін немесе сипатын білдіретін ұғымдарды атауға мүмкіндік береді. Осы арқылы есімшенің грамматикалық табиғаты мен функционалдық мүмкіндіктері кеңейіп, қазақ тілінің морфологиялық жүйесіндегі маңызды орындарының бірі ретінде көрінеді.

Есімше тұлғаларының заттануы мәселесін қарастыруда олардың семантикалық және функционалдық табиғатын жалпыхалықтық мағына мен контекстік мағына тұрғысынан талдау маңызды. Бұл құбылыс тілдік жүйедегі грамматикалық категориялар мен семантикалық өзгерістердің өзара байланысын айқындайды.

Жалпы тілдік жүйеде есімше тұлғалары қимыл есімнің бір түрі ретінде қарастырылады және олар негізінен қимылдың өту сипатын, нәтижесін білдіреді. Қазақ тіл білімінде бұл құбылыс туралы көптеген ғалымдар өз пікірлерін білдірген. Мысалы, С.Исаев есімше тұлғаларының заттануы етістік пен есім сөздердің арақатынасын көрсететін маңызды грамматикалық құбылыс екенін айтады [6].

Қазақ тіліндегі есімшенің заттану мәселесі жекелеген ғылыми еңбектерде XIX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлының зерттеулерінде көрініс тапқан. Ғалым қазақ тіліндегі есімшелердің сөйлемдегі қызметін зерттеп, олардың тек қимыл-әрекетті білдіруімен шектелмей, белгілі бір жағдайда зат есімнің қызметін атқаратынын атап көрсеткен. Бұл процесс тіл білімінде заттану

немесе субстантивтену деп аталады және ол есімшенің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтетін маңызды құбылыс болып саналады.

Қазақ тіліндегі есімшелердің заттануын зерттеу нысанына алған ғалымдардың қатарында Ж.Болатовтың «Қазақ тіліндегі есімшелердің синтаксистік қызметі» еңбегі [7], М.Матжановаңың «Орыс және қазақ тіліндегі есімшелердің субстантивациясы» еңбегі бар [8]. Бұл зерттеулерде есімше тұлғаларының сөйлемдегі бастауыш, толықтауыш және анықтауыш қызметтері, сондай-ақ олардың заттық мағынаға көшкен кезде алатын синтаксистік формалары жан-жақты қарастырылған.

М.Матжанова өзінің еңбегінде заттанған есімшелерді үш түрге бөледі:

1. Толық (абсолютті) субстантивация – есімше толық заттық қызмет атқарады;
2. Салыстырмалы толық субстантивация – есімше негізінен заттық қызметте, кейде атрибуттық қызметте жұмсалады;
3. Дәстүрлі субстантивация – тарихи қалыптасқан формалар, көбіне атрибуттық қызметке бейімделген.

Сонымен қатар, ғалым есімше формаларының заттануына талдау жасай келе, ең өнімді жұрнақтар ретінде -ған/-ген, -қан/-кен жұрнақтарын атап көрсетеді [8, 14].

Бұл жұрнақтар қазіргі қазақ тілінде өткен шақтық заттық есімшелерді жасауға кеңінен қолданылады және сөйлемде нақты адамды, әрекеттің иесін немесе іс-әрекеттің нәтижесін білдіру үшін қолданылады.

Осылайша, қазақ тіліндегі есімшелердің заттануы тілдің морфологиялық және семантикалық жүйесінде маңызды құбылыс болып табылады. Олар сөйлемдегі заттық қызметін атқару арқылы тілдің икемділігін көрсетіп, сөз таптарының арасындағы байланыс пен функционалдық байлықты айқындайды.

Есімше – етістік пен есімнің қасиеттерін қатар сақтайтын грамматикалық тұлға. Ол сөйлемде анықтауыштық қызметінде жұмсалуымен қатар, түрлі жалғауларды қабылдау арқылы заттық мағынаға көшіп, субстантивтене алады. Бұл құбылыс есімшенің синтаксистік қызметінің кеңеюімен және оның лексика-грамматикалық табиғатымен тығыз байланысты.

Төмендегі мысалдар есімшенің заттану процесінің әртүрлі қырларын көрсетеді.

1. Шпионның қағазға *түсіргені* – өз өмірі немесе ойдан құрылған ақталу хикаяты емес, кәдімгі көркем туынды шығар деген пікір туған (М.Мағауин «Сары қазақ», 9-бет).

Мұндағы *түсіргені* сөзі -ген есімше тұлғасына тәуелдік жалғауы (-і) жалғану арқылы заттанған. Бұл форма «оның түсірген нәрсесі» деген мағынаны білдіріп, нақты заттық ұғымға ие болып тұр. Есімшенің тәуелдік жалғау арқылы субстантивтенуі нәтижесінде ол бастауыш қызметін атқарып, сөйлемде предикативтік қатынас құрап тұр.

2. Ішінде *көргендері* де, *көрмегендері* де бар (С.Мұқанов «Мөлдір махаббат», 183-бет).

Бұл мысалда *көргендері, көрмегендері* есімшелері көптік жалғау (-дер) және тәуелдік жалғау (-і) арқылы заттанған. Мұнда олар белгілі бір адамдар тобы немесе тәжірибе нәтижесі ретінде жалпыланып, «көрген, көрмеген адамдары» деген ұғымды білдіреді. Субстантивтену нәтижесінде бұл тұлғалар сөйлемде бастауыштық қызмет атқарып тұр.

3. *Жаралғанның* жалпақ дүниесінде ақыннан бақытты адам бар ма екен (С.Мұқанов «Мөлдір махаббат», 218-бет).

Жаралғанның формасы есімшенің ілік септігінде (-ның) қолданылуы арқылы заттық мәнге ие болған. Бұл жерде ол «жаралған тіршілік иелерінің» деген жалпылама мағынаны білдіреді. Субстантивтену нәтижесінде есімше анықтауыштық емес, жалпылауыш заттық мағынада қолданылып тұр.

4. *Шегінгендер* жырақтаңқыраған шақта: - Қандай жақсы адам еді, әже! - дедім мен (С.Мұқанов «Мөлдір махаббат», 29-бет).

Бұл мысалдағы *шегінгендер* сөзі -ген есімшесіне көптік жалғау (-дер) жалғану арқылы заттанған. Бұл тұлға нақты «шегінген адамдар» деген ұғымды білдіріп, бастауыш қызметінде жұмсалған. Мұнда есімшенің көптік жалғауы арқылы субстантивтенуі байқалады.

5. Амангелдіні *өлтіргендердің* ішінде сенің барлығың білінді… (С.Мұқанов «Мөлдір махаббат», 103-бет).

Бұл сөйлемде *өлтіргендердің* тұлғасы есімшенің көптік жалғау (-дер) және ілік септігі (-дің) арқылы заттанған. Ол «өлтірген адамдардың» деген нақты топты білдіріп, сөйлемде анықтауыштық қатынаста қолданылған. Есімшенің септік жалғауларын қабылдауы оның заттық мағынаға толық көшкенін көрсетеді.

Берілген мысалдар есімшенің заттану процесінің негізгі жолдарын айқын көрсетеді. Есімше тұлғалары тәуелдік, көптік және септік жалғауларын қабылдау арқылы заттық мағынаға көшіп, сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш қызметтерін атқара алады. Бұл құбылыс есімшенің лексика-грамматикалық табиғатының икемділігін және оның сөйлемдегі синтаксистік қызметінің кеңдігін дәлелдейді. Есімшенің субстантивтенуі арқылы тілде ойды ықшам әрі нақты жеткізу мүмкіндігі артады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі деректеріне сәйкес, талдауға алынған «түсірген», «көрген», «жаралған», «шегінген», «өлтірген» сияқты есімше формалары қимылдың өткен шақтағы нәтижелік мәнін сақтай отырып, дербес заттық ұғымды білдіруге толық ауыспайдыс сөздікте бұл сөздердің қимыл мәні ғана берілген [9, 10, 11]. Яғни, бұл тұлғалар лексикографиялық деңгейдегі мағынасы – қимылдық семантикамен шектелетін, предикативтік сипаттағы мән

Есімше тұлғалары функционалдық даму барысында, әсіресе синтаксистік контекст әсерінен заттану үдерісіне ұшырайды. Контекстік ортада есімше тұлғалары белгілі бір мағынаға ие болып, нақты немесе жалпыланған субъектіні білдіреді. Берілген мысалдар сияқты зат есімнің семантикалық және синтаксистік қасиеттерін толық иеленеді.

Контекстік мағына қалыптасуы – дискурстық (сөздің мағынасына әсер ететін мәтіндік орта) және прагматикалық (сөйлеушінің мақсаты, ниеті) факторлармен тікелей байланысты. Есімше тұлғалары сөйлем ішінде предикативтік емес, номинативтік функцияға ауысады. Бұл жағдайда референциялық тұрақтылыққа ие болып, тілдік жүйеде зат есіммен функционалдық тең дәрежеге көтеріледі.

Сонымен қатар, есімше тұлғаларының заттануы тек субъектіні атаумен шектелмейді. Олар абстрактілі ұғымдарды, әрекет нәтижесін немесе концептуалды категорияларды білдіруге де қабілетті. Мысалы, «айтылғандар», «жазылғандар» тұлғалары белгілі бір ақпарат жиынтығын, ал «жасалғандар» нәтижелердің жалпыланған жиынын білдіреді. Бұл құбылыс тілдің концептуализациялау мүмкіндігінің кеңдігін көрсетеді.

Теориялық тұрғыдан алғанда, есімше тұлғаларының заттануы – грамматикалану мен лексикалану үдерісінің тоғысында қарастырылатын күрделі тілдік құбылыс. Бір жағынан, есімше тұлғалары грамматикалық категория ретінде өз мәнін сақтаса, екінші жағынан, олар лексикалық бірлікке жақындап, жаңа номинативтік мағыналар қалыптастырады. Бұл үрдіс тілдің синкретті табиғатын және оның жүйелік ұйымдастыруындағы иерархиялық байланыстарын айқындайды.

Қорытынды. Түркі тілдерінің тарихи деректері мен қазіргі қазақ тіліндегі зерттеулерге сүйенсек, есімше тұлғаларының заттануы олардың грамматикалық табиғатының көпқырлылығын айқындайды. Есімше бастапқыда қимылдық мәнге ие болса, уақыт өте келе олар атрибуттық, субстантивтік қызметтерді атқаруға бейімделген.

Талдау барысында есімшенің субстантивтенуі негізінен көптік, тәуелдік және септік жалғаулары арқылы жүзеге асатыны нақтыланды. Осындай тұлғалық өзгерістер нәтижесінде заттанған есімшелер сөйлемде бастауыш, толықтауыш және анықтауыш қызметтерін атқарып, синтаксистік тұрғыдан толыққанды сөйлем мүшесіне айналады.

Ғылыми деректерге сүйене отырып, есімше тұлғаларының заттануы тарихи даму үдерісінде қалыптасқан заңды құбылыс екені анықталды. Мысал негізінде жүргізілген талдау есімше тұлғаларының нақты контексте заттық мағынаға толық ие болатынын көрсетті. Олар белгілі бір іс-әрекет иесін, нәтижесін немесе құбылысты атау қызметін атқарып, тілдің атау жасау мүмкіндігін арттырады.

Қорыта айтқанда, есімше тұлғаларының заттануы – қазақ тіліндегі сөз таптарының өзара байланысын көрсететін және тілдің құрылымдық икемділігін танытатын маңызды грамматикалық құбылыс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том / Аударған А.Егеубаев. – Алматы: Арда, 2017. – 592 б.
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
3. Шағырова Б. М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі және қазіргі қазақ тіліндегі етістік категориясы: Филология ғыл.канд.диссерт. – Алматы, 2004. – 143 б.
4. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. Қазақ ССР Ғылым академиясы; Тіл білімі институты. – Алматы, 1976. – 238 б.

5. Сарбалаев Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі конверсиялық тәсіл және адъективация. Монография. – Алматы: Арыс, 2013. – 224 б.
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Павлодар, 2010. – 180 б.
7. Болатов Ж. Есімшелердің синтаксистік қызметі // Халық мұғалімі. – Алматы. 1956. Б. 38-42
8. Матжанова М. А. Субстантивация причастий в русском и казахском языках: автореф. дис. … канд. филол. наук. – Алматы, 1994. – 25 с.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том, А-Ә / Жалпы ред. басқ. А.Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1974. – 696 б.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3-том, Ғ-Ж / Жалпы ред. басқ. А.Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1978. – 735 б.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 5-том. К-Қ / Жалпы ред. басқ. А.Ысқақов – Алматы: Ғылым, 1980. – 640 б.

Пайдаланылған көркем әдебиеттер:

1. Мұқанов С. Мөлдір махаббат: роман. – Алматы: Атамұра, 2006. – 516 б.
2. Мағауин М. Сары қазақ: роман. – Алматы: Жазушы, 1991. – 238 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҒАЛАМТОР СЛЕНГІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

А. Биболатқызы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Б.А. Қалиев

Аңдатпа. Мақала қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселенің бірі ғаламтор сленгі мен тіл мәдениетінің арақатынасын қарастырады. Жұмыста жаһандану мен цифрландыру дәуіріндегі қазақ тілінің даму үрдісі, атап айтқанда, виртуалды кеңістіктегі ғаламтор сленгі мен жаргондық бірліктің табиғаты зерттеледі. Автор ғаламтор сленгін тілдік эволюцияның динамикалық құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып, оның қалыптасуына әсер ететін көптілділік, тілдік интерференция және үнемдеу қағидатын талдайды.

Зерттеу барысында сленгтік лексиканың эмоционалды-экспрессивті қызметі, семантикалық деривация үдерісі (сөздің мағыналық құбылуы) және шет тілдік элементтің қазақ тілінің грамматикалық жүйесіне ассимиляциялану ерекшелігі нақты мысалмен айқындалған. Сондай-ақ мақалада тіл тазалығы мен сөйлеу әдебі мәселесіне ерекше назар аударылып, жаргондық қолданыстың әдеби тіл нормасына, ұлттық код пен әлеуметтік иерархияға тигізетін әсері сыни тұрғыдан пайымдалады.

Кілт сөздер: ғаламтор сленгі, тілдік эволюция, жаргон, семантикалық деривация, тілдік үнем қағидаты, тіл мәдениеті, кодты ауыстыру, ассимиляция, әлеуметтік желі лексикасы, тіл тазалығы.

Тіл – кез келген қоғамның, әсіресе жаһандану мен цифрландыру дәуіріндегі мемлекет дамуының айнасы. Қазіргі тілдік жүйедегі басты инновацияның бірі – виртуалды кеңістіктегі жаргондық бірліктің қарқынды дамуы. Ғаламтор сленгі – негізінен, жастарға тән, бейресми қарым-қатынаста қолданылатын лексикалық жиынтық. Ол сыртқы фактордың (ағылшын, орыс тілі, БАҚ, әлеуметтік желі) әсерінен пайда болып, бүгінде қазақстандық қолданушылар коммуникациясының ажырамас бөлігіне айналды.

Қазіргі кезде әлеуметтік платформа (Instagram, TikTok, Telegram, WhatsApp) қазақстандық жастардың негізгі байланыс арнасына айналды. Бұл виртуалды кеңістіктің өзіндік талабы (уақыт пен орынның шектеулігі) тілдік құрылымда қысқалық, үнемділік, экспрессивтілік және бейресми сипаттың басым болуына алып келді.

Осы фактордың әсерінен жастардың сөйлеу тілі үнемі жаңа неологизм, аббревиатура және тілдік кодтың ауысуы (қазақ-орыс, қазақ-ағылшын гибриді) есебінен толығып отырады [1, 121]. Бұл құбылыс қазақ сөзжасам жүйесіндегі жаңа үрдістің индикаторы іспеттес. Мысалы, «лайк басу», «чаттасу», «пост жариялау», «сторис қарау» сияқты функционалды тіркеспен қатар, «жиза»,

«краш», «изи», «хайп», «топ» сияқты сленг мағыналық деривацияға ұшырап, қазіргі коммуникацияда жаңа семантикалық реңкке ие болуда.

Қазіргі тіл білімінде ғаламтор сленгінің табиғатына қатысты екі негізгі қарама-қайшы көзқарас қалыптасқан: 1) пуристік (нормативтік) ұстаным, яғни жаргонды әдеби тіл нормасын бұзатын, тіл мәдениетіне нұқсан келтіретін деструктивті құбылыс ретінде қарастырады; 2) эволюциялық (функционалдық) ұстаным, яғни сленгті тілдің тірі, динамикалық даму үстіндегі құрамдас бөлігі және заманауи коммуникация талабына сай туындаған заңды құбылыс деп таниды. Біз екінші ұстанымды негізге ала отырып, ғаламтор сленгін тілдік эволюцияның ажырамас бөлшегі және цифрлы дәуірдегі тілдің бейімделгіштік қабілетінің көрінісі деп есептейміз [2, 45].

Көптілділік (мультилингвизм) – негізгі қалыптастырушы фактор. Қазақтілді ғаламтор сленгінің өзіндік ерекшелігі Қазақстанның әлеуметтік-лингвистикалық кеңістігіндегі көптілділік жағдайымен тікелей байланысты. Қазақстанның қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі мемлекеттік тіл – қазақ тілінің басымдығымен қатар, орыс және ағылшын тілдерінің белсенді қолданылуы қоғамдағы билингвизмнен мультилингвизмге ауысу үдерісін жеделдетті.

Тілдік интерференция және лексикалық трансформация. Қазақ, орыс және ағылшын тілдері лексикалық бірліктерінің өзара кірігуі (интерпретациясы) ғаламтор сленгінің мүлдем жаңа қабатын тудырды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, бұл үдеріс мынадай формада жүзеге асады: *гибридтік код:* «чатқа кіру», «онлайн болу», «пост салу» сияқты тіркестер үш тілдің элементін синтездеу арқылы қалыптасқан; *сөзжасамдық инновация:* шет тілдік түбірдің қазақ тілінің грамматикалық заңдылығына бағынуы (мысалы, етістік тудырушы жұрнақтың жалғануы) тілдің лексикалық ресурсын байытып, жаңа коммуникативтік форма жасайды.

Ғаламтор сленгінің басты ерекшелігінің бірі – оның жоғары деңгейдегі мәнерлігі мен эмоционалдық құндылығында. Сленгтік бірлік – автордың эмоционалдық күйін білдірудің, сондай-ақ талқыланып жатқан нысанды бағалаудың немесе сипаттаудың тиімді тәсілі.

Сленг мағыналық реңкіне қарай екі топқа бөлінеді: 1) *жағымды бағалау мәнді сленг,* яғни нысанды оң мағынада сипаттайтын «топ» (үздік), «от» (керемет), «жынды» (таңғаларлық) сияқты бірліктер мәнмәтінге байланысты жоғары баға беру үшін қолданылады; 2) *жағымсыз бағалау мәнді сленг,* яғни нысанға немесе жағдайға теріс сипаттама беретін «зашквар» (ұят), «фэйк» (жалған), «кринж» (ыңғайсыздық) сияқты сөздер респонденттің теріс эмоциясын білдіреді. Мұндай лексикалық қабат онлайн-коммуникацияны байытып, оған ерекше экспрессивті сипат береді.

Виртуалды қарым-қатынастағы басты заңдылықтың бірі – тілдік бірлікті үнемдеу қағидаты. Онлайн байланыс арнасындағы уақыт пен кеңістіктің (символ санының) шектеулі болуы коммуникантты ақпаратты барынша қысқа әрі нұсқа жеткізуге итермелейді. Бұл үдеріс былай көрініс табады: *Аббревиатура,* яғни күрделі сөз тіркесі мен сөйлемнің қысқарған нұсқасына ауысуы. Мәселен, NZ (не жаңалық?), LS (жеке хат/личные сообщения), OK (мақұл). *Конденсация,* яғни ұзақ сипаттаманың орнына мағыналық жүгі ауыр бір ғана сленгті қолдану. Тілдік үнем қағидаты ғаламтор-коммуникацияның динамикасын арттырып, жаңа лексикалық және графикалық форманың (аббревиатура, акроним) қалыптасуына негіз болады.

Ғаламтор сленгі – ақпарат-коммуникациялық технология, әлеуметтік желі мен жаһандану үдерісінің дамуы нәтижесінде виртуалды ортада қалыптасқан ерекше лингвистикалық жүйе. Оның басты сипаты – ақпаратты және эмоционалдық күйді жедел жеткізуге бағытталған қысқалық, қарқындылық және жоғары мәнерлілік (экспрессивтілік).

Тіл мамандары ғаламтор сленгінің қалыптасуын бірнеше негізгі фактормен байланыстырады: 1. *Тілдік ассимиляция,* яғни сленгтік лексиканың негізгі бөлігін шет тілінен (негізінен ағылшын және орыс тілі) енген кірме сөздер құрайды. Бұл бірліктер қазақ тілінің фонологиялық және грамматикалық жүйесіне бейімделу (ассимиляция) процесінен өтеді. *Лексикалық бейімделу* барысында, яғни бастапқыда аударма немесе транслитерация арқылы енген «чат», «хайп», «фэйк» сияқты сөздер қазақ тіліндегі туынды сөздердің негізіне айналды. Ал *сөзжасамдық үлгіге* келсек, шет тілінен енген түбірге қазақ тілінің жұрнақтары жалғану арқылы жаңа етістік пен есім сөздер жасалуда. Мәселен: «лайктау», «чаттасу», «хабарлама жіберу».

2. Маңызды дереккөз – тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы қолданыстағы сөздерге жаңа мағына беру (семантикалық деривация). Бұл үдеріс сөздің мағыналық аясының кеңеюі немесе мүлдем жаңа коннотацияға ие болуы арқылы жүзеге асады. Мәселен, «топ» сөзі бастапқыда «жоғарғы деңгей» деген техникалық мағынаға ие болса, қазіргі сленгте «үздік», «өте жақсы» деген позитивті бағалауыш мағынада қолданылады. Ал «жынды» сөзінің алғашқы лексикалық мағынасы

(психикалық ауытқу) ғаламтор-коммуникацияда жойылып, «таңғажайып», «өте күшті» деген экспрессивті-оң мағынаға ие болды.

Уақытты үнемдеу қажеттігі мен виртуалды кеңістіктің шектеулігі ғаламтор сленгте қысқартудың (аббревиатура мен акроним) кеңінен қолданылуына алып келді. Бұл құбылыс «тілдік үнем қағидатымен» тікелей байланысты. *Коммуникативтік код,* мәселен, «NZ» (не жаңалық?), «KZN» (қазір), «LS» (жеке хат) сияқты бірліктер тек ақпаратты жеделдетіп қана қоймай, белгілі бір әлеуметтік топ мүшесінің өзара түсінісу коды қызметін атқарады.

Бүгінде қай тілде болсын, ең басты көтеріліп жүрген мәселе – тіл мәдениеті, сөйлеу әдебі, біз сөз етіп отырған жаргонның (сленг) орынсыз, көбіне дөрекі, тіпті анайы қолданылуы. Бұлай кете берсе, сөздің киесі мен қадірі кетеді. Сұлу тіркестердің орнын дөрекі, құлаққа түрпідей тиетін «көше тілі» басады да, тіл өзінің көркемдік қуатын жоғалтады. Адамдар әдемі сөйлеуден ұялатын, ал дөрекі сөйлеуді «еркіндік» деп санайтын деңгейге жетеді. Оны әлеуметтік желіден алынған мына мәтін толық дәлелдей түседі:

«Төбелес бола жаздады. Мақтаудың да жөні болады ғой. Кеше отбасыммен базар жаққа барғанбыз, көктемгі куртка алайық деп. Алаңсыз аралап жүрміз. Бір кезде арт жағымнан Ереке деген дауыс шықты. Жалт бұрылып қарадым. Мен шамалас 4-5 жігіт тұр екен. Қазақы салтпен амандасып жөн сұрастым. Мені фейсбуктен оқиды екен. Арасында біреуі кәдімгі құрдасымдай қалжыңдасып, қисық сөзін қыртып тұр. Мән бермедім. Бір уақта:

– «Ереке, сен әңгімені емізесің иә? Базар жоқ, любой теманы емізіп жібересің ғой дит.

– Әй, денің сау ма? Емізгені нес? Немене, мені қатын көріп тұрсың ба?

– Ереке, өтірік тупит етпеш. Біліп тұрсың ғой емізудің мағынасын, несіне өтірік ашуланасың дит.

– Шын мәнінде, әңгімені емізесің деген сөздің мағынасын түсініп тұрмын. Бірақ бұл сөзді бір-біріне етене таныс адамдар қолданады ғой. Әңгімені жақсы жазасың, жақсы айтасың десең, аузың қисайып қалады ма? Әлде менімен қалжыңдасатын нағашылы-жиендігің бар ма? Жалпы, қоғамдық орында дұрыс сөйлеп үйрен деп нұқыдым.

Анау да қайтпайтын біреу екен. Екеуміздің дауымыз ұзаққа созылды. Әйтеуір, әйтіп-бүйтіп бітімге келдік.

Айтайын дегенім, бұл емес еді. Қазақтың әп-әдемі сөздерін қалай болса солай қолдану белең алды. Қазір жастар арасында «емізесің» деген сөзді мақтау құралы ретінде жаппай қолданып жүр. Баяғыда біз мәссаған деп таңқалатын едік. Қазіргілер «еемааа» дей салатын бопты. Тағы қандай сөздер бар еді? Қазақ тілі деп ұлардай шулағанда ғажаппыз. Ал өзіміз сол тілді бұзып барамыз...» [3].

Мәтіндегі «емізу» сөзі немесе «еемааа» (орыс тілінен енген өте анайы сөз, көп жас жеткіншек оның түпкі мағынасын біле бермейді) сияқты одағайлар – белгілі бір тар ортада (көбіне жастар немесе көше субмәдениетінде) қалыптасқан, бірақ жалпыхалықтық әдеби тілдің нормасына жатпайтын элементтер.

Мұндай сөздердің қауіптілігі мен ерекшелігін бірнеше тармаққа бөліп қарастыруға болады: 1. Мағынаның ауысуы және дөрекілік. Мұнда кейіпкердің ашулануы орынды. «Емізу» сөзінің төл мағынасы – физиологиялық үдеріс. Оны ауыспалы мағынада «айтып салу», «жеткізу» деген мағынада қолдану – тілдің ішкі эстетикасын бұзу. Бұл жердегі стилистикалық қателік мынада, яғни мақтау айтқысы келген адам дөрекі (арго) сөзді қолдану арқылы тыңдаушының намысына тиіп тұр.

2. Тілдік үнем заңы және эмоционалдық тапшылық. Жастар арасындағы «еемааа», «базар жоқ», «тупит етпе» сияқты сөздер ақпаратты тез және эмоциямен жеткізуге тырысудан туады. Алайда бұл адамның сөздік қорының жұтаңдығын, кедейлігін көрсетеді. Әдемі «ғажап», «таңғаларлық», «бәрекелді» деген сөздердің орнын мәнсіз дыбыстар мен жаргон басып жатыр.

3. Тіл шұбарлаудың түрлері. Қазіргі қазақ тіліндегі «кеселді» сөздерді бірнеше топқа бөлуге болады: *калька-сленг*, яғни орыс тілінен тікелей аударылған немесе солай қалған сөздер (*тормозить етпе, лақтырып кетті, нұқып қой*); *мағынасы бұрмаланған сөздер: «емізу», «пісіру», «сындыру»* (біреуге ұнау мағынасында); *паразит сөздер мен жасанды одағай: анау-мынау, короче, еее, негізі* (орынсыз қолданылғанда).

Мәтін авторы айтқандай, біз тіл тазалығын ұрандатып айтқанмен, күнделікті тұрмыста оны қорғауға келгенде осалдық танытамыз. Тіл тазалығы – ой тазалығы деген сөз. Жаргон қолданатын адамның ойлау жүйесі де сол шеңберде қалып қояды.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – мінез-құлықтың да нормасы. Мәтіндегі жігіттің үлкен адамға (немесе бейтаныс тұлғаға) «емізесің» деуі – субординацияның (сыйластық

иерархиясының) бұзылуы. Қазақ тілі – бейнелі, астарлы және өте сыпайы тіл. Мәтіндегі «емізу» сөзінің мақтау ретінде қолданылуы – семантикалық деградация (мағынаның құлдырауы).

Жаргон сөздер адамдар арасындағы шекараны жояды. Сыйластыққа негізделген «сен» мен «сіздің» арасы бұлдырайды. Бұл қоғамдағы жалпы мәдениеттің төмендеуіне, агрессияның өсуіне және үлкенді сыйлау сияқты ұлттық кодтың жойылуына әкеледі. Сондықтан осындай бейәдеп қолданыстың жолын кесіп отыру қажет.

Жалпы, қазір ғаламтор жаргоны да заманауи коммуникацияның ажырамас бөлігіне айналды. Олар ақпаратты жедел жеткізумен қатар, сөйлеушінің эмоциясын және белгілі бір әлеуметтік топқа қатыстығын айқындайды. Ғаламтор лексикасын мынадай негізгі топқа жіктей аламыз:

1. Эмоционалды-экспрессивті лексика. Бұл топқа адамның көңіл-күйін, сезімін білдіретін және дыбыстық еліктеуден құралған сөз бен сөз тіркестері жатады. Бұлар ауызша сөйлеу тілінің жазбаша коммуникациядағы алғашқы көрінісі ретінде қарастырылады. Мысалы, ха-ха-ха (күлкі), ммм (ойлану немесе мақұлдау), ооо (таңғалу) және т.б.

2. Атауыштық жаргон (зат есім) – жаңа әлеуметтік-мәдени құбылыс, нысан мен ұғымдардың пайда болуына байланысты қалыптасқан атау. Мәселен, блогер – желіде контент жасаушы, ақпарат таратушы тұлға. Хайтер – белгілі бір тұлғаның немесе бағыттың қарсыласы, жек көрушісі. Апат (немесе сәйкес контекстегі термин) – субмәдениет ішіндегі қақтығысты немесе жанкүйер арасындағы қарым-қатынасты сипаттайтын ерекше атау.

3. Қызметтік іс-әрекет жаргоны (етістік) – ғаламтор кеңістігіндегі белсенді іс-қимылды сипаттайтын лексикалық элементтер. Олар, негізінен, етістік формасында қолданылады: лайк басу/ұнату – мазмұнға оң баға беру; репост жасау – ақпаратты өз бетіне көшіріп жариялау; банға жіберу (блоктау) – қолданушының қатынау мүмкіндігін шектеу.

Ғаламтор жаргонының негізгі қызметіне келсек, ғылыми тұрғыдан ғаламтор лексикасының дамуы екі басты факторға негізделген: 1) коммуникативті үнемдеу, яғни ақпаратты барынша қысқа уақыт ішінде, аз күш жұмсап жеткізу қажеттігі. Жаргон сөздер ұзын сөйлемдердің орнын басып, байланысты жеделдетеді. 2) әлеуметтік идентификация, яғни жаргонды қолдану арқылы жеке тұлға өзінің белгілі бір әлеуметтік топқа (жастар, кәсіби блогер, геймер және т.б.) жататынын айқындайды. Бұл «өзіміздікі» және «бөтен» деген ішкі шекараны қалыптастырады [4, 116].

Демек, ғаламтор терминологиясы мен жаргон – заманауи тіл біліміндегі динамикалық үдеріс. Олар тек тілдік қажеттілікті ғана емес, қоғамдағы жаңа әлеуметтік құндылық пен технологиялық өзгерісті де бейнелейді.

Тілдің шұбарлануы – ұлттық иммунитеттің әлсірегенінің белгісі. Егер біз бұған тосқауыл қоймасақ, қазақ тілі тек «тұрмыстық, төмен деңгейдегі» тілге айналып кетуі мүмкін. Тілдің ғылыми, әдеби және ресми қуаты әлсірейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 2010. – 496 б.
2. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 2012. – 256 б.
3. https://www.facebook.com/mandibek
4. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Алматы: Елорда, 2001. – 280 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КАЛЬКАНЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНЕ ӘСЕРІ

Д.Б. Дәуренова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 4-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Б.А. Қалиев

Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі калька құбылысының тіл мәдениетіне тигізетін әсері қарастырылады. Кальканың пайда болу себебі мен тілдік табиғаты айқындалып, лексикалық, грамматикалық және семантикалық кальканың қазақ әдеби тіл нормасын бұзудағы рөлі талданады. Калькалық қолданыстың бұқаралық ақпарат құралы, ресми мәтін және

терминология саласында кең таралуы тіл мәдениетіне кері ықпал ететін фактор ретінде сипатталады. Сонымен қатар -лық / -лік жұрнағының калька жасау қызметі көрсетіліп, оны талғаусыз қолданудың терминологиялық бірізділікке тигізетін әсері айқындалады.

Тірек сөздер: *калька, тіл мәдениеті, лексикалық калька, грамматикалық калька, семантикалық калька, терминология.*

Кіріспе

Қазіргі жаһандану үдерісі тілдер арасындағы өзара ықпалды күшейтіп, қазақ тілінің қолданыс аясында да елеулі өзгерістің орын алуына ықпал етуде. Әсіресе көптілді орта жағдайында өзге тілдің әсерінен пайда болатын калькалық қолданыс қазақ тілінің лексикалық және грамматикалық жүйесінде жиі байқалады. Калька ауызекі тілде ғана емес, БАҚ пен ресми мәтінде де жиі кездеседі. Қазақ тілінде сөйлеуші тұлғалардың әдеби тілдік нормадан ауытқымай, қазақ тілінің ережесі мен заңына бағына отырып сөйлеуі қазіргі кезде ерекше маңызға ие. Тіл білімінде бұл мәселеге алғаш болып ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы назар аударып, оны «сөз дұрыстығы» деген атаумен қарастырды. Ғалымның тұжырымдауынша, сөз дұрыстығы – сөйлеу немесе жазу барысында әрбір тілдік бірліктің өзіндік табиғи қалпында қолданылуы. Сөз семантикасын сақтау, жұрнақ пен жалғаудың үндестік заңына сәйкес жалғануы, сөйлемдегі сөздердің қисынды байланысы мен орын тәртібі басты талап ретінде қойылды [1]. Алайда бүгінгі қолданыста үндестік заңының ескерілмеуі, баяндауыштың орынсыз қолданысы және өзге тілден енген калькаланған құрылымның көбеюі А.Байтұрсынұлы ескерткен «сөз дұрыстығына» нұқсан келтіруде. Сонымен қатар қазақ тіл білімінде тіл мәдениеті мен сөз дұрыстығы мәселесі М.Балақаев еңбектерінде де жан-жақты қарастырылады: «Тіл – адамның барлық өміріне аса қажетті қарым-қатынас жасау құралы, оның байлығы – адам өмірінің алтын қоры, өлшеусіз дәулеті. Олардың қызметі әр алуан, тек қана сөйлеу, сөйлесу құралы емес, эстетикалық, эмоциялық, көркемдік күші бар байлық. Сол байлықты дұрыс игерудің басты талабы – қазақ тілін оқытуда жастардың тіл мәдениетін арттыру. Мақсат – тілде барды оқушы, студенттерге жаттату емес, олардың жұмсалу заңдылығынан пайда болатын стильдік, әлеуметтік т.б. басқа эстетикалық қызметін білдіру» [2].

Материал мен әдістері

Зерттеу материалы ретінде қазіргі қазақ тіліндегі БАҚ-та, ресми құжат, әлеуметтік желі және ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін калькалық қолданыс алынды. Мысал қазақ тіліндегі газет-журнал материалы, интернет ресурсы, сондай-ақ тіл мамандарының пікірінен жинақталды.

Зерттеу барысында сипаттамалы, салыстырмалы және талдау әдісі қолданылды. Калькалық құрылым қазақ тілінің әдеби нормасымен салыстырылып, олардың тілдік жүйеге сәйкестігі анықталды. Лексикалық, грамматикалық және семантикалық деңгейдегі ауытқу мағыналық және құрылымдық тұрғыдан сараланды. Сонымен қатар ғылыми еңбектердегі теориялық тұжырым негізге алынып, кальканың тіл мәдениетіне әсері бағаланды.

Нәтиже және талқылануы

Калька (*calque*) – өзге тілдегі сөз тіркесі мен жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық негізділігін ана тіліндегі төл тәсіл арқылы дәлме-дәл көшіріп алу [3]. Қазақ тіл білімінде де бұл терминге қатысты іргелі анықтама қалыптасқан. Профессор К.Аханов калькаға: «... шет тілдік сөздер мен сөз тіркесінің үлгісі бойынша жасалған, олардың құрылысының көшірмесі болатын сөздер мен сөз тіркесі калька деп аталады» [4, 72], - деген анықтама береді. Зерттеушілердің пікірінше, көбі орысша білім алып, ресми ортада қазақша мәтінді орыс тілінде ойлап құрастыратын мамандар тілін қазақшаға аудару барысында жасандылыққа жол береді [5].

Калька тәсілі арқылы орысша құрылым қазақша сөйлемге тікелей көшіріледі: Шешу керек бұл мәселені (орыс тіліндегі «Решить нужно эту проблему»); Маған бару керек магазинге (орыс тіліндегі «Мне нужно идти в магазин»); Сен звонда оған (орыс тіліндегі «Ты позвони ему»). Мұндай сөйлемдер қазақ тілінің табиғи синтаксисіне жат болғанымен, күнделікті сөйлеу тілінде жиі кездесіп жүр. Бұл құбылыс әсіресе, қала тұрғындарының сөйлеу мәдениетінде айқын байқалады [6]. Мемлекеттік орган әзірлейтін баспасөз хабарламалары алдымен орысша жазылып, кейін қазақшаға тікелей аударылады. Соның салдарынан қазақ тіліндегі мәтінде мағыналық дәлдігі әлсіреген, құрылымы шамадан тыс күрделенген сөйлем көбейе түсті. Ә.Хасенов бұл құбылысты бөтен жұрт сөзінің моделін морфемалап, ана тілінің үлгісіне салу деп қарастырып, оның лексикалық, семантикалық, фразеологиялық және синтаксистік түрін жіктейді [7].

Калька тілдің барлық деңгейінде кездеседі: лексикалық, грамматикалық, семантикалық, фразеологиялық және стилистикалық.

Лексикалық калька – шет тіліндегі дайын сөз тіркесі немесе идиоманың тікелей мағыналық аудармасы. Мұндай калька қазақ сөзінің өз орнындағы мағынасын өзгертеді немесе артық сөз қолданысына әкеледі.

Кесте 1

Лексикалық калькаға жиі ұшырайтын тіркестер

Калька тіркес (сөзбе-сөз аударма)	**Дұрыс қолданылуы**	**Түсініктеме**
«**үлкен рақмет**» – *«большое спасибо»*	**көп рақмет**	«алғыс» мөлшері «үлкен» емес, «көп» болады.
«**Туған күніңізбен құттықтаймын!**» – *«Поздравляю с днём рождения»*	**Туған күнің құтты болсын!**	Қазақ тілінде тікелей ниет білдіру (**«құтты болсын»**) формасы табиғи естіледі.
«**оқырман ұлт**» – *«нация читающая»*	**кітап оқитын ұлт**	Дәлме-дәл аударғанда осылай, бірақ **«оқырман»** сөзі зат есім, бұл жерде сын-қимыл мәнінде қолданылған.
«**жанды дауыс**» – *«живой голос»*	**табиғи дауыс**	«Жанды» сөзі қазақша «тірі, тынысы бар» дегенді білдіреді. Техникасыз, өз дауысымен айтуды **«табиғи»** немесе **«жанды дауыста»** деген жөн.
«**үлкен адам**» (мағынасы: ересек) – *«большой человек»*	**ересек, үлкендер**	«Үлкен» сөзі көбіне физикалық көлемді немесе лауазымды білдіреді. Жасы толған адамдарды **«ересектер»** немесе **«кәмелетке толғандар»**деп атау дәлірек.

Лексикалық калькаға өзге тілдің сөзі тікелей аударылған нұсқасы да жатады. Мысалы, *«нация»* ұғымын қазақша жиі *«ұлт»*деп қате қолданады, шын мәнінде *«нация»* – **«ел»** деген ұғымға жақын. «Нация» ұғымы азаматтық-мемлекеттік қауымдастықты білдіретіндіктен, оны қазақ тіліндегі этникалық мәні басым «ұлт» сөзімен теңестіру мағыналық дәлсіздікке әкеледі. Қазақ тіліндегі түсіндірме деректе «Ұлт – тіл, тарих, қандастық, мәдениет, мінез секілді ортақтық негізінде қалыптасқан адамдар қауымдастығы» деп анықталады [8]. Бұл анықтамада ұлт ұғымының негізінде этникалық, мәдени және тарихи бірлік жатқаны айқын көрінеді. Яғни «ұлт» түсінігі көбіне ортақ шығу тегі мен мәдени тұтастыққа сүйенетін этностық қауымдастықты білдіреді. Қазақ тіліндегі «ел» ұғымы мемлекеттік және азаматтық мазмұнды кеңірек қамтитындықтан, «нация» терминін аударуда функционалдық жағынан анағұрлым жақын балама ретінде қарастырылуы орынды. Сонымен қатар ұлттық және мемлекеттік ұғымды шатастыру жиі кездеседі, «national government» тіркесін «ұлттық үкімет» деп аудару орнына «ел үкіметі» немесе «мемлекеттік үкімет» мағынасында түсіну дұрыс. Қазақстан Республикасында қазақ, орыс, өзбек, украин және басқа да этнос өмір сүреді. Олардың барлығы **Қазақстан елінің** мүшелері, өйткені оларды біріктіретін ортақ мемлекет, азаматтық және заңдық кеңістік бар. Ал **қазақ ұлты** деп тек қазақ этносына жататын халықты айтамыз. Осы тұрғыдан алғанда, «қазақ ұлты» мен «Қазақстан нациясы» ұғымдары мағыналық жағынан тең емес.

Грамматикалық калька – сөйлем құрылымы, сөз тіркестерінің байланысуы басқа тіл үлгісінде алынуы. Мұндай қателер **септік, жалғау, шақ сияқты** деңгейде көрінеді және **тіл мәдениетін өрескел бұзады**. Ахмет Байтұрсынұлы тіл мәдениетінің негізгі тірегі ретінде сөз дұрыстығын алға қояды: «Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуы айтылады. Олай болу үшін керек:

1. Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрсені жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну.

2. Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ыңғайластыру.

3. Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру» [9]. Ғалымның пікірінше, сөз дұрыстығы әрбір сөз бен сөйлемнің грамматикалық және мағыналық жағынан өз орнында қолданылуымен айқындалады. Назгүл Қожабектің айтуынша, **кальканың ең күрделісі – грамматикалық калька** [10]. Мысалы, ақпарат құралы

орыс тіліндегі болымсыз конструкцияларды сол күйі аударып береді: **«Қазақ тілінде тек Қазақстанда сөйлемейді»** деп жаңсақ жазады. Бұл орысша *«На казахском говорят не только в Казахстане»* дегеннің калькасы, нәтижесінде мағынасы теріс бұрмаланады. Дұрысы – **«Қазақ тілінде сөйлейтін тек Қазақстан емес»** немесе **«…Қазақстанда тұратындар ғана емес»** деп контекске сай құрау керек. Грамматикалық калькалардың жиі кездесетін түріне мына мысалдар жатады:

Шақ категориясы (етістік формасы). Орыс тіліндегі болымды келер шақты қазақша *«-атын боламыз»* арқылы аудару белең алған. Мысалы, радио хабарларында *«тыңдаған болатынсыздар»*, *«орындайтын боламыз»* деген тіркестер жиі қолданылды. Шын мәнінде, қазақ тілінде **ауыспалы осы шақ** пен **ауыспалы келер шақ** формалары бар, қосымша «боламыз» қажет емес. «Жарнамадан соң жеңімпаздарды **жариялайтын боламыз**» деудің орнына **«жариялаймыз»**деп, не таза осы шақта **«жарияланады»** деп айту жеткілікті. Сол сияқты, күнделікті тілде *«бармақ болатынмын»* деп айту да орынсыз, дұрыс нұсқасы – **«бармақ едім (баруым керек еді)»**. Назгүл Қожабек радионың *«… өйтетін боламыз, сөйтетін боламыз»* деген кальканы халыққа сіңіргенін сынайды, дұрысы – *«өйтеміз, сөйтеміз»* екенін атап өтеді [10].

Септік жалғауының калькасы: Орыс тілінде белгілі бір етістіктер барыс, көмектес септікпен келе береді, қазақшада басқаша. Мысалы, *«делиться чем-то»* тіркесі тура аударылып, **«пікірімен бөлісті», «суретімен бөлісті»** деп жазылып жүр. Қазақ тілінде **«бөлісу» тура толықтауышты керек етеді**, сондықтан дұрысы – **«пікірін бөлісті», «суретін бөлісті»**. Сол секілді *«гордиться чем-то»* тіркесі кейде **«бірдеңемен мақтану»**деп аударылады. Бұл да қате құрылым: нақты мақтаныш объектісін атау қажет – мысалы, **«баласын мақтан тұтады»**, **«байлығын айтып мақтанады»** деген сияқты. Төмендегі кестеде осы үлгідегі қате-қолданыс калька және олардың дұрыс баламасы келтірілген:

Кесте 2

Қате-қолданыс калька және олардың дұрыс баламасы

Калька (қате)	**Дұрыс қолданылуы**	**Түсініктеме**
«**пікірімен бөлісті**» (*чем поделился?*)	**пікірін бөлісті**	Орыс тіліндегі *«поделился (чем?) мнением»* құрылымының көшірмесі.
«**телефонмен үйге кіру**»	**телефонды алып (алып) кіру**	Орысша *«зайти с телефоном»* тіркесінен тікелей аударма. Қазақ тілінде жансыз зат адаммен «бірге» (көмектес септігінде) өздігінен жүре алмайды.
«**барлық үлкен айтады**»	**үлкендердің бәрі айтады**	Сөз тәртібінің бұзылуы (*все взрослые*). Қазақ тілінде жалпылау есімдіктері («бәрі», «барлығы») зат есімнен кейін тұрып, **ілік септігімен** байланысады.
«**Қазақ тілінде тек Қазақстанда сөйлемейді**»	**Қазақ тілінде сөйлейтін тек Қазақстан емес**	Орысша *«На казахском говорят не только в Казахстане»* сөйлемін сөзбе-сөз аудару мағынаны бұрмалаған.[11].

Семантикалық калька – белгілі бір қазақша **сөздің мағынасын өзге тіл ықпалымен кеңейтіп немесе өзгертіп қолдану**. Мысалы, *орыс тіліндегі* «надеть» етістігі көп объектіге ортақ (киім, аксессуар т.б.), сол әсерден қазақша **«кию»** етістігін орынсыз кеңейтіп қолдану байқалады. Назгүл Қожабек атап өткендей, қазақ тілінде **«кию»** тек **киімге, бас киімге, аяқ киімге** қатысты (киім атаулыны киеді), ал **өзге затты (сағат, көзілдірік, сырға, орамал т.с.с.) «тағып»** немесе **«тағып алу»** керек [11]. Алайда бүгінде кей жастар *«маска кию», «орамал кию»* деп айтып жатады – мұны **орыс тілінің ықпалы** (бір ғана *«надеть»* етістігіне сүйену) туындатқан деседі.

Қазақ тіліндегі *«кілті»* деген сөз әуелде тек заттың (құлып ашатын құралдың) атауы болса, қазіргі әдеби тілде «шешімнің кілті» деген тәрізді ауыспалы мағынада да қолданыла бастады. Бұл – орыс тіліндегі *«ключ (решения)»* сөзінің ықпалымен пайда болған семантикалық калька үлгісі. Сондай-ақ *«саты»* (<*сатылау*, басқыш) сөзі бұрын тек баспалдақ мағынасында қолданылса, қазір *«даму сатысы»* тіркесі арқылы *даму деңгейі, кезеңі* мағынасын береді – бұл орыс тіліндегі *«ступень развития»* тіркесінің тікелей әсерінен туған жаңа семантикалық қолданыс.

Тағы бір мысал – **«аударма»** сөзі. Орыс тілінде *«перевод»* әрі процесс, әрі нәтиже мағынасын бере береді; қазақшада **«аударма»** негізінен аударылған өнімді (мәтінді, кітапты) білдіреді. Соның салдарынан кейде *«Хэрри Поттердің аудармасына қатыстым»* деп қате айтылады. Бұл жерде «аудару процесіне қатысу» туралы сөз болғандықтан, дұрысы – «…аударуға қатыстым» деп айтқан жөн. Арна мұны нақты түсіндіреді: *«аудармаға қатысуға болады»* – жалпы бір аударма саласында жүру, ал *нақты мәтінді аударуға қатысу* дегенді дұрыс формада айту керек[11].

Семантикалық калькада жиі кездесетін қате:

Орысшаның көпмағыналы сөзіне қазақша бір сөзді сыйғызу: «*ответственный»* сөзі контексте «жауапты (міндетті)» не «ұқыпты, сенімді» дегенді білдіруі мүмкін. Қазақшада *«жауапты адам»* деп тікелей аудару кейде түсінбестікке әкеледі: ол *жауапкершілігі бар адам* ба, әлде *жауапты тұлға* ма? Мұны контекст бойынша «жауапкершілігі мол адам» не міндеті бар адам деп нақтылау қажет.

Процесс/нәтиже шатасуы: «*лечиться»* және «*вылечиться»* орысша бөлек, қазақша кейде екеуіне де *«емделу»* сөзі қолданылып кетеді. Арна дерегінше, «емделу» тек ем қабылдау процесін көрсетеді, ал оның нәтижесі – «жазылу» немесе «айығу» [11]. Яғни *«Пациент емделді»* деу аяқталмаған идея, дұрысы – «емделіп шықты», «жазылып шықты» деп айту.

Тура мағынасын өзгерту: «Иметь опыт/ деньги» тіркестерін кейде қазақша *«тәжірибеге ие», «ақшаға ие»* деп аударады. Назгүл Қожабек мұны қате санайды: қазақ тілінде «мол тәжірибелі», «ақшасы көп (бай)» деп айту керек, «ие» сөзі жансыз затқа тіркеспейді деп түсіндіреді [11].

Тура аударма әсері: Орыс тіліндегі *«к сожалению»* қазақша екі түрде кездеседі: **«өкінішке қарай»** және **«өкінішке орай»**. Бұлардың ішінде «...қарай» нұсқасы орысша синтаксис әсерімен кең тараған дейді кей мамандар [6]. Сол сияқты *«по ошибке»* тіркесін **«қателікпен»**деп калькалау кездеседі; қазақша оған дайын балама – **«қателесіп»**, **«абайсызда»** деген сөздер бар.

Фразеологиялық калька – өзге тілдің тұрақты тіркесі мен сөйлеу үлгісін сөзбе-сөз аударып қолдану. Орыс тілінің идиомасы мен дайын тіркесі қазақ сөйлеміне тікелей тәржімаланғанда, өте көп орынсыз қолданыс пайда болады.

Орысша ауызекі сөйлем үлгісі. «Я чувствую себя странно в этой одежде» дегенді *«осындай киімде өзімді біртүрлі сезінемін»*деп аударуы мүмкін. Қазақша бұлай демейді – ойды басқаша құрады. Дұрысы: «осындай киім кисем, өзімді біртүрлі сезінемін» (шартты раймен) немесе «... кигенде біртүрлі болып кетем» деген сияқты. Яғни, бастапқы сөйлем құрылымын калькаламай, мағынаға сай жаңа сөйлем құрау керек.

Тұрақты тіркес, идиома: «пришёл в себя» деген орыс idiom-ын көп адам «өз-өзіме келдім» дейді. Алайда қазақ тілінде дәстүрлі балама – «есін жиды» (немесе «дүниені жаңа таныды» мағынасында *«айналасына қарап ойлана бастады»* дегендей). Сол сияқты, *«я в выигрыше»* тіркесін тура *«мен ұтыстамын»*деп айтқандар болды, дұрысы – «менің ұпайым түгел», «менікі дұрыс боп шықты» немесе жай «ұттым» деп жеткізу [11].

Сөзбе-сөз аударылған мақал-мәтел. Кей жағдайда калька аударма сәтті шығуы да мүмкін. Мысалы, *«Лучше поздно, чем никогда»* қазақша «Ештен кеш жақсы» деп өте ұтымды аударылған – бүгінде бұл мәтел болып кетті. Бірақ сәтсіз калька мәтелдер де бар. Радио бағдарламасында *«қуанышпен бөліссең, көбейеді»* деген тіркес шықты. Шын мәнінде, қазақтың мақалы *«Қайғыны бөліссең – азаяды, қуанышты бөліссең – көбейеді»* деген формада айтылуы керек [10]. Яғни *«қуанышпен бөлісу»* жеке қолданылса түсініксіз (қуаныштың өзін бірге бөлісу ме?), ал дұрыс нұсқасында **«қуанышты бөлісу»** керек (қуанышты *біреумен* бөлісу). Осындай ұсақ айырмашылықтар фразеологияда өте маңызды.

Стилистикалық калька – бөтен тілдің стилін, сөйлеу мәнерін сол күйінде қабылдау. Қазақ тіліне тән емес ресмилік, ұзақ конструкция немесе ойды қаз-қалпында аудару бұл категорияға жатады. Мысалы, БАҚ тілінде *канцеляризм* әсері байқалады: орысшадан тікелей аударма жаңалықтар қазақшаға жат көнерген стиль әкелген. Бүгінгі медиада септік бірінің орнын бірі басып, шақ категориясы шатысып кеткен – мұның себебі журналистердің көбі материалды әуелі орысша жазып, кейін қазақшаға аударуы. Яғни түпкі стиль орысша қалып қойып, қазақша тек сөзі ауысады да, сөйлемнің құрылысы жасанды шығады.

Ресми стильдегі калька. Кеңсе тілінде жиі ұшырасатын тіркес – *«жүзеге асыру», «өз кезегінде», «аталып өтілді», «қатысты жұмыстар жүргізілуде»* – қазақша баламасы бола тұра орысшадан тура аударылып алынғандары бар. Мысалы, *«в свою очередь»* – «өз кезегінде» деп аударылып, көп сөйлемнің басында қосылады. Шын мәнінде оны алып тастаса да мағына

өзгермейді: *«Өз кезегінде министр сөйлесті»* дегенше «Министр сөйледі» десек те жеткілікті. Сол сияқты *«в основном»* – «негізінен», *«следующим образом»* – «келесі түрде» деген тікелей аударма сөздер мәтінде артық жүреді. Бұл стилистикалық тұрғыдан қазақ тілінің ішкі құрылымын орыс тілінің заңдылықтарымен алмастыру.

Калька мәселесі білім беру саласында да өзекті. Мектеп оқулықтарының тілі жиі сыналуының бір себебі: калька аударма мен шала қазақша сөйлем оқушылардың санасына сіңіп жатыр. Орыс мектебінде оқыған қазақ балалары көп жағдайда ойын алдымен орысша құрап, қазақшаға сөзбе-сөз аударып жеткізуге тырысады – бұның өзі кальканың көбеюіне себеп болатын құбылыс. Мысалы, оқушы шығармаларында *«маған бір идея келді»* деудің орнына «менде бір идея бар» (рус. *«у меня есть идея»* калькасы) деген сөйлемдер кездеседі. Сол секілді «саған қанша жас?», «жасың қаншада?» деп сұрау (*«тебе сколько лет?»* тура аудармасы) да бала тілінде жиі байқалады, дұрысы – «неше жастасың?» немесе «жасың нешеде?».

Қазіргі қазақ терминологиясында калькалау мен аударма өзара тығыз байланысты. А.Алдашева аударма мен кальканы бірін-бірі толықтыратын тәсіл ретінде қарастырады [12]. Бүгінде калькалау жаңа термин жасаудың өнімді жолына айналды. Әсіресе ғылыми, техникалық, құқықтық және әлеуметтік салаларда өзге тілдегі атау қазақ тіліне құрылымдық үлгісі сақтала отырып аударылады.

Калька арқылы жасалған термин мағыналық тұтастығымен және атау қызметімен ерекшеленеді. Бұл үдерісте -лық / -лік жұрнағы ерекше рөл атқарады. Ол дерексіз ұғымдар мен қатыстық сын есім жасауда өнімді формант ретінде қолданылады және орыс тіліндегі -н, -ск, -ый тұлғаларының баламасы ретінде кеңінен жұмсалады. Соның нәтижесінде когнитивті / когнитивтік лингвистика, электронды / электрондық нұсқа, нормативті / нормативтік құжат сияқты жарыспалы нұсқа қатар қолданылады.

Сонымен қатар -лық /-лік арқылы жасалған калька терминде ықшамдылық қағидасы жиі сақталмайды. Мысалы, «автоматты түрде толтыру» орнына «автоматтық толтыру» тәрізді үлгі қолданысқа енген. KalkaStop материалында да мұндай жасанды қолданыстың орнына қазақ тілінің төл изафеттік үлгісін қолдану тиімді екені көрсетіледі [11].

Зерттеушілер -лық / –лік жұрнағының шамадан тыс қолданылуы изафеттік тіркесті ығыстырып бара жатқанын атап өтеді. Авторлық құқық, агенттік келісім, абоненттік төлем сияқты терминдер орныққанымен, бұл модельді барлық салаға механикалық көшіру тілдің ішкі заңдылығына сәйкес келмейді.

Қорытынды.

Кальканың көбеюі көптілді ортаға байланысты. Алайда шет тілдік модельді механикалық көшіру тілдің табиғи синтаксистік құрылымын, сөзжасам жүйесін және мағыналық дәлдігін әлсіретіп, тіл мәдениетінің сапасына кері әсер етеді.

Зерттеу барысында кальканың лексикалық, грамматикалық, семантикалық және стилистикалық деңгейде көрініс табатыны анықталды. Әсіресе грамматикалық калька тілдің құрылымдық негізіне ықпал етіп, әдеби нормаға қауіп төндіретіні байқалды. Терминология саласында -лық /-лік жұрнағының шамадан тыс әмбебаптануы қазақ тілінің дәстүрлі изафеттік моделін ығыстырып, бірізділік мәселесін туындатуда. Бұл – тілдің ішкі жүйесіне сыртқы модельдің үстемдік етуінің белгісі.

Сонымен қатар кальканы тек теріс құбылыс ретінде біржақты бағалау да жеткіліксіз. Ол жаңа ұғымдарды игерудің, терминологиялық қорды толықтырудың бір тәсілі. Мәселе кальканың бар-жоғында емес, оны қолданудың өлшемінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы / А. Байтұрсынұлы. — Алматы: Алаш, 2003. — Т. 1. — 408 б.
2. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. — Алматы: Арыс, 2008. — 592 б.
3. Калька // Уикипедия, еркін энциклопедия [Электрондық ресурс]. — URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Калька.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. — Алматы: Санат, 1993. — 496 б.
5. Калька және оның түрлері // Tilmedia.kz [Электрондық ресурс]. — URL: https://tilmedia.kz/kk/info/710.

6. Токсанбаева Т. Ж., Тлеулесова А. Ш., Ахметова Б. З. Қазақ тілінің дамуы контексіндегі үштілділік: лингвистикалық ерекшеліктері мен трансформациясы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. — 2025. — Т. 94. — № 4. — 46–59-бб.
7. Хасенов Ә. Тіл білімі. — Алматы: Санат, 1996. — 415 б.
8. Ұлт // Уикипедия, еркін энциклопедия [Электрондық ресурс]. — URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Ұлт.
9. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / құраст. Ғ. Әнес. — Алматы: Абзал-Ай, 2013. — 640 б.
10. БАҚ қазақ тілінің калькалануына қалай ықпал етіп жатыр: мамандар шешім ұсынды // Baribar.kz [Электрондық ресурс]. — URL: https://baribar.kz/234053/ba-aza-tilini-kalkalanuyna-y-pal-etip-zhatyr-mamandar-sheshim-syndy/.
11. Қазіргі қазақ тіліндегі калькалар туралы материалдар // Telegram мессенджеріндегі ашық арна *KalkaStop* [Электрондық ресурс]. — URL: https://t.me/kalkastop.
12. Алдашева А. М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері. — Алматы: Арыс, 1998. — 243 б.

ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЙЛЕМНІҢ АЙТЫЛУ МАҚСАТЫНА ҚАРАЙ ТҮРЛЕРІ

С.А. Кидиралиева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 4-курс студенті
М. Аскарбек, Ф.А. Бабажанова
Филология факультетінің 3-курс студенттері
Ғылыми жетекші ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор З.Н.Жуынтаева

Аннотация: Бұл мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай жіктелуі қарастырылады. Екі тілдегі сөйлем түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырмалы түрде сипатталып, олардың тілдік қоданыстағы қызметі айқындалады.

Кілт сөздер: сөйлем, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері, хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем, синтаксис, тілдік ерекшелік

Сөйлем арқылы әр адам өз көзқарасын, сезімдерін, ойын еркін жеткізіп, белгілі бір коммуникативтік мақсатты жүзеге асырады. Жалпы сөздің, сөйлемнің мағынасы оның қызметі тек ғана оның құрлымымен ғана емес, айтылу мақсатына да тікелей байланысты. Осы себебті тіл білімінде сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай жіктелуі, талдануы аса үлкен маңызға ие болып табылады. Қазақ және ағылшын тілдері – грамматикалық және типологиялық жүйесі бойынша бір-бірінен ерекшеленетін тілдер. Қазақ тілі – түркі тілдер тобына жататын агглютинативті тіл, яғни грамматикалық мағыналар қосымшалар арқылы беріледі [1]. Ал ағылшын тілі – үнді-еуропалық тілдер семьясына кіретін, аналитикалық құрылымды тіл, мұнда грамматикалық қатынастар көбіне сөз тәртібі мен көмекші сөздер арқылы жасалады [2]. Соған қарамастан, екі тіл де адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын негізгі құрал болғандықтан, олардың сөйлем жүйесінде ортақ заңдылықтар кездеседі. Сөйлем – ойды жеткізудің басты бірлігі ретінде кез келген тілде коммуникативтік қызмет атқарады. Адам өз ойын хабарлау, сұрау, бұйыру немесе эмоциясын білдіру үшін сөйлемнің әртүрлі түрлерін қолданады [3, 27]. Біздің мақсатымыз – қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерінің ұқсастығы мен ерекшелігін қарастыру.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай бөлінуіндегі ұқсастықтар тілдердің коммуникативтік табиғаты ортақ екенін дәлелдейді. Бұл ұқсастықтар тілдерді салыстыра зерттеуде, аударма жасауда және шет тілін үйретуде маңызды рөл атқарады [4,8].

Қазақ тіліндегі сөйлемнің айтылуына қарай түрлеріне қысқаша тоқталып өтейік. Хабарлы сөйлем айтушының зат, құбылыс туралы қандай да болмасын баяндауын, болымды, болымсыз бір

іс-әрекет, сапа жайында түрлі мәліметін, белгілі бір қатынасын тікелей білдіреді. Хабарлы сөйлемдер ереже-анықтама, тақырып, суреттеме, жауап ретінде де айтылады. Сөйлеуде хабарлы сөйлем мағыналық-құрылымдық дербестігіне қарай дауыс кідірісі (пауза) арқылы ажыратылады. Әр хабарлы сөйлем бірсыдырғы баяу интонациямен айтылады. Хабарлы сөйлемдердің негізгі бір грамматикалық ерекшелігі мынау: олар көбіне, ашық райда қолданылып, түрлі модальдік мағына білдіреді. Хабарлы сөйлемдердің негізгі бір грамматикалық ерекшелігі мынау: олар көбіне, ашық райда қолданылып, түрлі модальдік мағына білдіреді. Сұраулы сөйлемдер айрықша интонациямен айтылады. Бұл – сұраулық мағынаның жалпы да басты бір синтаксистік берілу амалы. Айрықша интонация сөйлемдегі басқа сөздерге қарағанда сұрақ тұлғалы сөздің (не мүшенің) өзгеше құбылып айтылуына негізделеді. Осыған орай, сұраулы сөйлемнің тиянақтылығы, хабарлы сөйлемдердегі сияқты бәсең ырғақ арқылы емес, сұрақ тұлғалы сөз сөйлемнің аяғында келсе көтеріңкі ырғақ арқылы айқындалады. Бұйрықты сөйлемдер тыңдаушы адамға (бір не бірнеше) қандай да болмасын істі істеуі не істеткізуі жөнінде айрықша ықпал жасау үшін айтылады. Бұйрықты сөйлемдер басым интонациямен айтылады. Бірақ соның өзінде сөйлемнің құрылымдық, мағыналық ерекшелік теріне қарай әртүрлі ырғақта жұмсалады. Лепті сөйлемдер сөйлеушінің эмоциясын қоса білдіреді.

Екі тілдің сөйлем құрылымдары мен грамматикалық жүйелері бір-бірінен түбегейлі ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтар негізінен олардың типологиялық сипаттарымен және тілдің құрылымдық ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

1. Грамматикалық механизм: Қазақ тілі – агглютинативті тіл, мұнда сөздердің мағыналық және грамматикалық функциялары көбіне қосымшалар мен жалғаулар арқылы беріледі. Бұл қосымшалар сөздің түбіріне жапсырылады және сөйлемдегі әр түрлі қызметтерді – септік, жақ, сан, сұрау мағыналарын айқындайды. Мысалы, сұраулы сөйлемдерді жасау үшін қазақ тілінде –ба/–бе, –ма/–ме сұрау шылаулары қолданылады: Сен келдің бе? Ол жұмыс істеді ме? Бұл сұрау шылаулары сөйлемнің сұраулы екенін көрсетеді және сөйлем соңында орналасады, сөйлемнің интонациялық құрылымымен де толықтырылады [5]. Ал ағылшын тілі – аналитикалық тіл, грамматикалық мағыналар сөз тәртібі мен көмекші сөздер (auxiliary verbs) арқылы беріледі. Сұраулы сөйлемдерді құруда көмекші етістік бастауыштың алдына шығады (инверсия): Do you like coffee? Are they coming tomorrow?

Бұл сөйлемдердің құрылымы грамматикалық қызметті сөздердің позициясы арқылы жүзеге асырады.

2. Сөз тәртібінің еркіндігі мен шектеулілігі: Қазақ тілінде сөз тәртібі еркін, яғни сөйлемдегі сөздердің орны өзгерген кезде де сөйлемнің мағынасы сақталады. Бұл сөздердің морфологиялық көрсеткіштері мен контекстің көмегімен жүзеге асады. Мысалы: Мен кітап оқыдым. Кітапты мен оқыдым. Оқуды мен кітаппен бастадым.

Бұл сөйлемдердің мағынасы үлкен өзгеріске ұшырамайды, өйткені қосымшалар сөздердің синтаксистік қызметін анықтайды.

Ағылшын тілінде сөз тәртібі өте қатты шектелген. Негізгі құрылым – Subject + Verb + Object.

Орын ауыстыру сөйлемнің мағынасына тікелей әсер етеді және көбінесе қате деп есептеледі: I read a book. (дұрыс) A book read I. (қате).

Сұрау сөйлемдерінің құрылымы: Қазақ тілінде сұрау сөйлемін жасау үшін сұрау шылауы (–ба/–бе, –ма/–ме) пайдаланылады, көбінесе сөйлем соңында: Сен келдің бе? Ол оқыды ма? [6]. Ағылшын тілінде сұрау сөйлемдері көбінесе көмекші етістік арқылы жасалады, ол бастауыштың алдына шығады: Did you come? Is she reading?

Бұл айырмашылық сөйлемнің құрылымдық ерекшелігін айқын көрсетеді.

3. Лепті сөйлем мен эмоцияны білдіру: Қазақ тілінде лепті сөйлемдер көбінесе арнайы леп сөздері мен интонация арқылы құрылады: Қандай әдемі көйлек! Апырай, қандай тамаша! [6].

Ағылшын тілінде эмоцияны білдіру үшін арнайы exclamatory sentences және леп сөздер (What, How) пайдаланылады: What a beautiful spring! Oh, how wonderful!

4. Грамматикалық категориялардың айырмашылығы: Қазақ тілінде жақ (міндетті категория), септік, сан сияқты грамматикалық категориялар морфология арқылы көрсетілсе, ағылшын тілінде жақ көбіне бастауыштың орнына байланысты, ал септік – предлогтар арқылы беріледі: Қазақша: Мен бара жатырмын (жақ қосымшасы –мін).

Ағылшынша: I am going. (жақ бастауыш сөзбен анықталады)

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымы айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтар сөйлемнің мағыналық ерекшелігі мен сөйлеушінің коммуникативтік мақсатын нақты көрсетуге әсер етеді.

Хабарлы сөйлем сөйлем мүшелерінің дұрыс орын тәртібі арқылы ерекшеленеді және әдетте бәсең интонациямен айтылады. He learns English at school (Ол мектепте ағылшын тілін үйренеді). He can't speak French well (Ол француз тілін жақсы сөйлей алмайды). Ағылшын тілінде болымсыз сөйлем құрылымының кейбір ерекшеліктері бар. Болымсыздық мағынасы бір ғана грамматикалық болымсыздық көрсеткіш арқылы беріледі. Болымсыздықты білдіретін «not» сөзі келгенде, сөйлемде екінші бір болымсыздық есімдіктері (no, never, nothing, nobody) келмейді. Яғни болымсыздық мағына «not» сөзі не болымсыздық есімдіктер арқылы (тек екеуінің біреуі арқылы ғана) беріледі. He doesn't learn French. He never learns French. Бұл сөйлемнің екеуінің мағынасы бірдей (Ол француз тілін үйренбейді).

Сұраулы сөйлемдер (сұрақ) бір нәрсе жайлы сұрай айтылған сөйлемдер. Сұраулы сөйлемдер сөйлем мүшелерінің (баяндауыш не оның бір бөлігі бастауыштың алдына) орын ауысуы арқылы жасалады. Сұраулы сөйлемнің төрт түрі бар: жалпы сұрақ, арнаулы сұрақ, альтернативті (таңдау) сұрақ және мақұлдату мағыналы сұрақ. Жалпы сұрақ – «бар» не «жоқ» деген жауап алатын сұрақ, яғни болымды не болымсыз жауап талап ететін сұраулы сөйлем. Олар көтеріңкі интонациямен айтылады. Do you know English? (Сіз ағылшынша білесіз бе?) Will he learn English? (Ол ағылшынша үйрене ме?) Is it raining? (Жаңбыр жауып тұр ма?) Болымсыз түрінде жалпы сұрақ күдікті не таңдануды білдіреді. Don't you learn English? (Сіз ағылшынша үйренбейсіз бе?/Сіз қалайша ағылшын тілін білмейсіз?) Haven't you been to Astana? (Сіз Астанада болып көрдіңіз бе?/Сіз қалайша Астанада болып көрмедіңіз?) Жалпы сұрақ кейде риторикалық сұрақ болады. Риторикалық сұрақ жауап талап етпейді, тек айтушының кейбір эмоциялық күйін білдіреді. Is it difficult to tell the truth? (Шындықты айту да киын ба?) Ескерту. Ауызекі тілде кейде жалпы сұрақты айтқанда сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырмай-ақ сұраулы сөйлем жасала береді. Мұндай сөйлемдерде сұраулық мағына көтеріңкі интонация арқылы беріледі. You advice me? (Сіз кеңес бересіз бе?) You were late for classes? (Сіз сабақтан кешіктіңіз бе?) Арнайы сұрақтар айтушының қандай информацияны талап ететіне қарай сұрау есімдіктерінен басталатын сөйлемдер. Арнайы сұрақтар бәсең интонациямен айтылады. Who did she give the book? (Ол кітапты кімге берді?) What are you? (Сіз не істейсіз?) Where is he going to? (Ол қайда бара жатыр?) Why haven't you done the work? (Сіз неге бұл жұмысты істемедіңіз?) Сұрау есімдігі сөйлемнің бастауышы болғанда сөйлем мүшелері орын ауыспайды. Who learns English? (Ағылшын тілін кім үйренеді?) Whose friend came? (Кімнің досы келді?) Which of you learn English? (Сіздердің қайсыларыңыз ағылшын тілін үйренесіздер?) Альтернативті сұрақ (таңдау мағыналы сұрақ) таңдауды білдіреді. Сұрақтың бұл түрі құрылымы жағынан екі бөліктен тұратын күрделі сұраулы сөйлем. Бірінші жартысы көтеріңкі интонациямен, ал екінші бөлігі бәсең тонмен айтылады. Альтернативті сұрақтың екінші бөлігі эллипті формада келеді. Is he an engineer or a doctor? (Ол инженер ме, әлде дәрігер ме?) Does she learn English or French? (Ол ағылшынша үйрене ме, әлде французша үйрене ме?) Мақұлдату мағыналы сұрақ – «ия» немесе «жоқ» деген жауап талап ететін сұрақ. Құрылымы жағынан мақұлдату сұрағы – күрделі сөйлем. Басыңқы сөйлем бөлігі – хабарлы сөйлем, ал бағыныңқы бөлігі – қысқа жалпы сұрақ. Сұрақ – бұл сұраулы сөйлем сұрақ қоюшының, тыңдаушының пікірін сұрай қойылғанмен, сұрақтың негізгі мақсаты өзі көзі жеткен нәрсені тыңдаушының мақұлдауын, құптауын талап етеді. Сондықтан мұндай сұрақтың екі бөлігі де бәсең интонациямен айтылады. Мақұлдату сұрақ тек ауызекі тілде қолданылады. Мақұлдату сұрақтың бірінші жартысы хабарлы сөйлем түрінде болады, ал екінші бөлігі сөйлемнің баяндауышы қай шақ формасында тұрса, сол шақтың көмекші етістігі мен бастауыштан тұрады [7, 216]. Осы тәріздес, яғни альтернативті сұраулы сөйлемнің түрлері қазақ тілінде де жиі кездеседі.

Бұйрықты сөйлем (өтініш, бұйрық) біреуді бір іс-әрекет істеуге жұмылдыруды білдіреді. Мұндай сөйлемдердің баяндауышы бұйрық райда келеді және бұйрықты сөйлемнің құрылымы эллипті болып келеді. Екінші жаққа қаратылып айтылған сөйлемнің бастауышы түсіп қалады. Өтініш көтеріңкі интонациямен айтылады. Go to the blackboard (Тақтаға шығыңыз). Come in, please (Кіріңіз). Бұйрық бәсең интонациямен айтылады. Stop writing! (Жазуды тоқтатыңдар!) Take your book (Кітабыңызды алыңыз). Эмфатикалық фразалардағы бұйрықты сөйлемде бастауышпен («you» «сіз») келеді. You come and see our new flat (Сіз келіп біздің жаңа пәтерімізді көріңіз). Don't you be sorry about it (Бұл жөнінде қам жемеңіз). Бұйрықты сөйлемнің алдына эмфатикалық «do» сөзі сөйлемнің өтініш, бұйрық мағынасын күшейту үшін қолданылады. Do help yourself with the fruits (Жемістерден алыңызшы/ Жеміс жеңіз). Do help them at once (Тездетіп оларға көмектесіңізші). Ауызекі тілде бұйрықты сөйлемде етістік түсіп қалып, оның құрамы тек зат есім, үстеуден ғана тұруы мүмкін. Fair, please! (Ақы төлеңіз!) Out, please! (Шығыңыз!)

Лепті сөйлем адамның көңіл-күйін, әртүрлі эмоциясын, яғни қуанышын, ренішін, таңданысын, өкінішін т.б. білдіреді. Жоғарыда келтірілген сөйлемдердің барлық түрлері де лепті сөйлем болып өзгеруі мүмкін. Сөйлемнің лепті мағынаға ауысуы екпін және интонация арқылы беріледі. Лепті сөйлемнің соңына жазғанда леп белгісі қойылады. For goodness sake, open the door! (Құдай үшін, есікті ашыңыз!) Oh, you can't simply imagine such an astonishing news! (Мұндай таңдандыратын жаңалық сіздің ойыңызға да келмейді!) Have you ever remembered such a simple thing! (Осындай да қарапайым нәрсені өміріңде есіңе сақтай аласың ба?).

Кейде күрделі баяндауыштың құрамындағы (дәнекерлеуші) етістіктер түсіп қалып, лепті сөйлем арнайы құрылымға ие болады. They of all cowered! (Олардың бәрі қорқақ!) Your art magnificent! (Сіздің өнеріңіз керемет!) Лепті сөйлемдер көбінесе эмфатикалық мағынаны білдіретін «what, how» сөздерінен басталады. «What» сөзі зат есімге қатысты (өзінен кейін зат есім тұрса), «how» сөзі – сын есімге қатысты қолданылады. Мұндай сөйлемде сөйлем мүшелері орын ауыспайды. What a funny thing! (Қандай күлкілі нәрсе!) How kind of you! (Қандай қайырымды едіңіз!) How excellent her singing! (Оның ән салғаны қандай керемет!) [7, 217].

Қорыта айтқанда, қазіргі лингвистикада сөйлемнің айтылу мақсаты адамның коммуникативтік әрекетінің маңызды элементі ретінде қарастырылады. Сондықтан бұл мәселені зерттеу тілдің функционалдық мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және түрлі тілдердің синтаксистік жүйесін салыстырмалы тұрғыдан талдауға негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
2. Куирк Р. Функционалдық грамматика: сөйлемдердің коммуникативтік мақсаттары – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2000. – 320 б.
3. Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана, 2002.
4. Баданбекқызы З. Ағылшын және қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2010. – 420 б.
5. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі синтаксисі. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2005. – 368 б.
6. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы (Өңделіп, толықтырылған екінші басылым). – Алматы: Мектеп, 1974. – 289 б.
7. Баймұратова А.И. Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 318 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «АЙ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ФРЕЙМДІК МОДЕЛІ ЖӘНЕ КОГНИТИВТІК СИПАТЫ

А.А. Қусаин
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: PhD, қауым.проф. Ажарбекова Э.Н.

Аңдатпа

Бұл зерттеуде қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі «Ай» концептісі когнитивтік және лингвомәдени тұрғыдан қарастырылады. Концепт ұғымы тіл, мәдениет және таным арасындағы өзара байланыстарды айқындайтын маңызды когнитивтік бірлік ретінде сипатталады. Зерттеу барысында «Ай» концептісінің ұлттық дүниетанымдағы орны, оның мифологиялық, поэтикалық және символдық қырлары талданып, тілдік бірліктердегі көрінісі анықталады. Зерттеуде концептуалды талдау әдісі арқылы «Ай» концептісінің қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі негізгі мағыналық қырлары жіктеліп, оның мифологиялық, фольклорлық және әдеби қолданыстары талданады. Лингвомәдени талдау әдісі қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, поэтикалық қолданыстар мен халықтық танымдағы «Ай» концептісінің көріністерін анықтауға бағытталады. Когнитивтік талдау әдісі концептінің ұлттық санада қалай қабылданатынын және оның халықтың танымдық құрылымындағы орнын зерттеуге мүмкіндік береді. Осы зерттеу

әдістері арқылы «Ай» концептісінің мағыналық құрылымы, лингвомәдени ерекшеліктері және когнитивтік сипаты жүйеленеді.

Зерттеу нәтижелері қазақ мәдениеті мен әдебиетінде орныққан концептуалдық жүйені тереңірек түсінуге, халықтың дүниетанымы мен ұлттық құндылықтарының тілдегі бейнесін ашуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: концепт, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, ұлттық дүниетаным, символ, «Ай» концептісі, тіл және мәдениет.

Кіріспе

Қазақ мәдениеті мен әдебиетінде «Ай» концептісі ерекше орын алады. Бұл зерттеудің мақсаты – «Ай» концептісін когнитивтік және лингвомәдени тұрғыдан талдау арқылы оның қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі рөлін анықтау.

Концепт ұғымы когнитивтік лингвистика мен мәдениеттануда кең таралған ұғым. Ол адам санасындағы белгілі бір құбылыс немесе объект туралы білімдер мен түсініктердің жиынтығын білдіреді. Қазіргі таңда лингвистикада концепт ұғымы маңызды зерттеу нысанына еніп, когнитивтік, этнолингвистикалық және мәдени-танымдық зерттеулердің негізгі категорияларының бірі ретінде қарастырылады. Бұл термин бастапқыда философия мен логика саласында қолданылғанымен, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап лингвистикада кеңінен зерттеліп келеді.

Ғалымдардың концепт туралы пікірлері әртүрлі. А.С. Аскольдов концепт ұғымын алғашқылардың бірі болып философиялық және лингвистикалық тұрғыдан қарастырған. Оның пайымдауынша, концепт – ойлаудың бірлігі, яғни, ол белгілі бір мағыналық құрылым ретінде адам санасында қалыптасқан ұғым [1, 31-б]. Ал Ю.С. Степановтың пікірінше, концепт адам санасындағы мәдениеттің жинақталған бейнесі, ол тек ұғымдар жиынтығы емес, сонымен қатар эмоциялар, тәжірибелер және бағалаулармен байланысты күрделі құрылым. Сондай-ақ, ол адам мен мәдениет арасындағы байланысты жүзеге асырады және мәдениеттің менталды деңгейде қабылдануын қамтамасыз етеді [2, 43-б]. Д.С. Лихачев концептіні адамның санасында қалыптасатын мағыналық және эмоциялық құрылым ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, концепт тек сөздің мағынасын алмастырып қана қоймай, оны кеңейтіп, жаңа интерпретацияларға мүмкіндік береді. Және Лихачев концептіні белгі немесе сигнал ғана емес, күрделі «хабарлама» (message) деп көрсетеді, өйткені ол әр адам тарапынан әртүрлі қабылданады [3, 152-б]. Е. Кубрякова, концептіні бұл адамның жадында, ойлау жүйесінде және тілінде сақталатын маңызды ақпараттың бірлігі, ол біздің әлемді қалай қабылдап, түсінетінімізді көрсетеді деп түсіндіреді. Ғалымның айтуынша, ең маңызды концептілер тіл арқылы көрініс табады [4, 90-92-б.]. Психолингвист А. А. Залевская үшін концепт бұл – «адамның танымдық және коммуникативтік әрекетінде өздігінен жұмыс істейтін, динамикалық сипатқа ие негізгі перцептивті-когнитивті-аффективті құрылым. Ол адамның психикалық өмірінің заңдылықтарына бағынады» [5, 36-44 б.].

Карасик В.И. мәдени концептінің негізгі үш сипатын көрсетеді. «Концептінің бейнелілік жағы – бұл біздің жадымызда сақталған заттар мен оқиғалардың көру, есту, дәм сезу және иіс арқылы қабылданатын сипаттамалары. Концептінің ұғымдық жағы – бұл оның тілдік қыры, яғни атауы, сипаттамасы, белгілік құрылымы, анықтамасы және осы концептінің басқа концептілермен салыстырмалы сипаттамалары. Концепттер ешқашан оқшау күйде өмір сүрмейді. Концептінің құндылықтық жағы – оның ерекшеленуіне негіз болатын басты белгі. Құндылық тұрғысынан қарастырылатын концепттер жиынтығы жалпы құндылықтық әлем бейнесін қалыптастырады» [6, 89-116 б.]. Зусман В. концепт пен мәдениеттің өзара байланысын атап өтеді: «Концепт – мәдениеттің микромоделі, ал мәдениет – концептінің макромоделі. Концепт мәдениетті тудырады және оның өзі мәдениет арқылы қалыптасады» [7, 38-53б].

Қазақ тіл білімінде концепт мәселесін зерттеу XX ғасырдың соңында басталып, когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану бағыттарының дамуына ықпал етті. Ж.Манкеева, А. Ислам, А. Әмірбекова, М.А. Күштаева, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Н. Уәлиев, Б.Қалиев, С. Жапақов және басқа да ғалымдар концептінің құрылымы мен қызметіне қатысты зерттеулер жүргізді. Олар концептіні ұлттық болмысқа негізделген, ұжымдық және тұлғалық санадағы ақпараттар бірлігі болып табылатын когнитивтік лингвистиканың басты ұғымы ретінде қарастырады. Мысалы, А. Исламның зерттеулеріне сүйенсек, «Концепт – бұл ұлттық мәдениет пен дүниетанымның ажырамас бөлігі болып табылатын, санада жинақталған мағыналық құрылым. Ол тілдік бірліктер арқылы көрініс тауып, ұлттың құндылықтар жүйесін айқындайды» [8, 229-б]. Б. Тілеубердиевтің пікірінше, концепт сөздердің мәні мен мағынасын түсіну ең алдымен жеке адам

санасында қалыптасып, кейіннен ұлттың ой-өрісі мен дүниетанымын айқындайтын маңызды көрсеткішке айналады [9, 97-158 б.]. Н. Уәлидің тұжырымы бойынша, концепт адамның санасында сезімдік-заттық бейне негізінде қалыптасады. Бұл бейне белгілі бір объектіні терең тану арқылы жаңа мағыналармен толықтырылып, концепт мазмұнының кеңеюіне ықпал етеді [10, 52-б.]. М. А. Күштаева концептіні адамның дүниетанымындағы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде қарастырады. Ол концепт ұғымын тек рухани мәдениеттің тірек сөздерімен шектемей, оны әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыратын мәдени түсініктердің жинағы ретінде түсіндіреді. Сондай-ақ, «тірек сөз» ұғымы «мәдени концепт» терминіне балама ретінде қолданылатынын атап көрсетеді [11, 5б-б.].

Осылайша, концепт ұғымына берілген анықтамаларды саралай отырып, оны көпқабатты, кешенді танымдық құрылым ретінде қарастыруға болады. Әсіресе, Ю.С. Степанов пен Е. Кубрякованың тұжырымдары концептінің мәнін терең ашуға мүмкіндік береді. Степанов концептіні мәдениеттің санадағы жинақталған бейнесі ретінде сипаттаса, Кубрякова оны адам жадында, ойлау жүйесінде және тілінде сақталатын маңызды ақпарат бірлігі ретінде қарастырады.

Осы пікірлерді негізге ала отырып, концептіні адам санасында қалыптасқан, тіл арқылы көрініс табатын және мәдени тәжірибе, эмоция, бағалау элементтерімен толыққан көпқабатты когнитивтік құрылым ретінде анықтауға болады. Концепт белгілі бір ұлттың дүниетанымын, құндылықтар жүйесін және әлемді қабылдау ерекшелігін бейнелейтін негізгі танымдық бірлік ретінде қызмет атқарады.

Ғылыми мақала әдебиеттегі “Ай” концептісінің көріністерін, оның қазақ мәдениетіндегі маңызын және ұлттық таным жүйесіндегі орнын талдауға бағытталады. Зерттеу нысаны ретінде алынған “Ай” концептісі – адамзат санасында ежелден қалыптасқан маңызды символдық ұғымдардың бірі. Ол тек астрономиялық нысан ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени, мифологиялық, әдеби бейне ретінде де қарастырылады. Қазақ дүниетанымында Ай табиғат пен ғаламның маңызды бөлігі ретінде қабылданып, түрлі наным-сенімдерде, фольклорда, поэтикалық шығармаларда көрініс табады. Сондықтан «Ай» концептісін зерттеу қазақ халқының ұлттық танымы мен мәдени құндылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің маңыздылығы – қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі концептуалдық жүйені ашу арқылы тіл мен ойлау байланысын айқындау, ұлттық дүниетанымдағы символдық ұғымдардың мәнін когнитивтік және лингвомәдени аспектіде талдау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде қазақ халқының мәдениетіндегі «Ай» концептісін анықтау және талдау үшін әртүрлі материалдар мен әдістер қолданылды.

Зерттеуде тілдік деректер:

– қазақ халқының наным-сенімдері, тыйымдары, халық ауыз әдебиеті үлгілерінен;

– қазақ ақындарының шығармаларынан, соның ішінде Еркін Оралбайұлы, Сұраған Рахметұлы, Нұрбек Нұржанұлы, Мағжан Жұмабаев, Абдрахман Асылбек, Шерхан Мұртаза, Аманхан Әлімұлы шығармаларынан алынды.

Зерттеу барысында концептуалды талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы «Ай» концептісінің қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі көрінісі анықталып, оның семантикалық өрісі сипатталды. Сондай-ақ, когнитивтік және лингвомәдени әдістер негізінде «Ай» ұғымының халықтық танымдағы, көркем әдебиеттегі рөлі мен мағынасы зерделенді. Аталған әдістерді пайдалана отырып, қазақ халқының дүниетанымында «Ай» ұғымының көпқырлы мағынасы жүйеленді, оны сипаттайтын негізгі концептілер айқындалды.

Нәтиже мен талқылау

Адамзат тарихында аспан денелері ерекше символдық мәнге айналды. Соның ішінде Ай - табиғат құбылысы ғана емес, рухани және мәдени концепт ретінде қалыптасқан күрделі ұғым ретінде бағаланады. Ол қазақ халқының мифологиялық түсініктерінде, фольклорында, әдебиеті мен тілдік қолданыстарында маңызды орын алады. Жалпы қазақ халқында айға қатысты наным-сенімдер, теңеулер, ырымдар көп кездеседі. Бұл қазақ дүниетанымында Ай концептісі ежелден қалыптасқандығын көрсетеді. Ата-бабаларымыз аспан денелеріне, соның ішінде Айға табынған, оны қасиетті нысан ретінде қабылдаған. Ежелгі түркілердің діни жүйесінде Ай мен Күн көктегі құдіретті күштердің белгісі ретінде қарастырылып, түрлі ғұрыптар мен сенімдердің қалыптасуына негіз болған.

Когнитивтік лингвистика тұрғысынан Ай концептісі тілде фреймдік модель арқылы ұйымдасқан көпқабатты құрылым ретінде сипатталады. Бұл фрейм өз ішінде бірнеше мазмұндық компоненттерді қамтиды.

Біріншіден, Ай – аспан денесі компоненті.

Айдың негізгі мағынасы оның табиғи нысан ретіндегі сипатын білдіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Ай – жердің табиғи серігі, түнде жерге жарық сәуле түсіріп тұратын аспан денесі» ретінде көрсетілген. Аталған анықтама Ай концептісінің базалық, жалпыға ортақ мазмұнын көрсетеді.

Екіншіден, Ай – уақыт және өзгеріс компоненті.

Ай – уақытты өлшеудің дәстүрлі бірлігі ретінде танылады. Уақыт есебі айдың жаңарып, толып, қайта өзгеруіне қарай жүргізілген. Аспан денесінің қозғалысына негізделген бұл жүйе көптеген халықтардың мәдениеті мен тұрмысында маңызды рөл атқарады. Қазақ халқы айдың әр кезеңін өзінше атап, уақыттың өтуін тілдік бірліктер арқылы бейнелеген. Мысалы, «*Ай толды, ай туды, ай туар шақ, ай жаңарды, ескі ай, жаңа ай, туған ай*» сияқты атаулар айдың өзгерісін білдіреді. Сонымен қатар, дәстүрлі қазақ күнтізбесінде бір жыл он екі айға бөлінеді, бұл жыл санаудағы негізгі уақыт бірлігі саналады. Мысалы, Қаңтар айы, Ақпан айы, Наурыз айы, Сәуір айы, Мамыр айы, Маусым айы, Шілде айы.

Үшіншіден, Ай – киелі мәнге ие тылсым күш компоненті.

Қазақ мәдениетінде ай ерекше қасиетке ие нысан ретінде қабылданады. Соған байланысты халық арасында әртүрлі ырымдар мен тыйымдар кең таралған. Мысалы, *«Айға қарап саусағыңды шошайтпа! Айға сәлем бер! Ай туғанда тілек тіле!» «Айға қарап дәрет сындырма», «жас нәрестенің бетіне ай сәулесін түсірме», «ай толғанда сыртқа сүттің бетін ашық түрде алып шықпа», «ай толғанда көшпе», «айға ұзақ қарама»* сияқты тиымдар айға деген құрмет пен сақтықты білдіреді.

Жаңа туған айды алғаш көргенде тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп мінәжәт етеді де, сол тізе бүккен жерінің шөбін жұлып, отқа тастайды. Мұндай әрекеттер ұрпақтың өсіп-өнуін, әулеттің көбеюін тілеген сенімдермен сабақтас.

Айға терезеден қарауға болмайды деген де тыйым бар. Айдың ерекше күші бар деп сенген адамдар әйнектен түсетін ай сәулесі денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін деген оймен кеш батқанда терезені мұқият жауып қояды. Терезеден түскен сәуле әйел денсаулығына қауіпті деп қорқады, ал жүкті әйелдердің абайсызда түсік тастауына әсер етуі ықтимал деп есептеген.

Сонымен қатар, қазақтың кішкентай қызынан қарт анасына дейін айсырға тағатын болған. *«Айсырға таққанға ай тимейді»* деген сенім айдың қорғаушы, жебеуші күш ретінде танылғанын көрсетеді.

Жалпы, мұндай ырымдар мен тыйымдар айдың тек табиғи құбылыс емес, киелі мәнге ие рухани нысан ретінде қабылданғанын дәлелдейді.

Төртіншіден, Ай – сұлулық символы компоненті.

Қазақ тілінде ай сұлулықтың үлгісі ретінде қалыптасқан. Айдың жарықтығы, тазалығы, айдың толуы адамның көркін бағалауда өлшемдік сипатқа ие. Мысалы, *Ай десе аузы бар, айдай сұлу, толған айдай толықсып, жарқыраған айдай, ай қабақ, ай дидарлы, айдай ажарлы, айдай таза, айдай нұрлы* деген тіркестер тілімізде көп кездеседі. Осындай тіркестер арқылы қыздың сұлулығын да сипаттаған. Мысалы:

Айға ұқсатып сенің сұлу бейнеңді,
Жүрегімді нәзік сезім күй жеңді (Еркін Оралбайұлы, «Айға теңеп»).
«Ай дидар жүзіңді түсімде көріп,
Әуезді үніңді тыңдасам деймін.
Хаһиқи, адал айдай сұлуым,
Өтірік, өсекпен жала, шылығын,
Өңшең өлімтік қара сұғының,
Түгін тазартар жанашырымын» (Сұраған Рахметұлы, «Пушкин сүйген арулар»).

Қазақ әдебиетінде қыздың әдемілігі, сұлулығы Ай бейнесімен жиі ассоциацияланады. Көптеген лиро-эпостық жырларда, көркем шығармаларда арулар «*айдай толықсыған*», «*ай қабақ, алтын кірпік*» деген бейнелі тіркестер арқылы сипатталады. Мұндай қолданыстарда ай бейнесі әйелге тән нәзіктік, әсемдік, тазалық ұғымдарымен сабақтас беріледі. Осыдан айдың әйел бейнесімен байланысын аңғарамыз. Әйел адамның Ай образы арқылы берілуі де жиі кездеседі. Мысалы, Абдрахман Асылбектің **«Ай туралы аңыз»** өлеңі:

Ерте кезде алтын Ай

Көкте күміс Күнменен
Қатар қалқып жарқырай,
Қайғы-мұңды білмеген.
Ай - сұлу қыз,
Күн - жігіт,
Көзін тіккен бар аспан.
Бірге тұрып, бір жүріп,
Әзілдері жарасқан.
Қыдырса да қай түнде,
Бірге төккен жарықты.
Сөйтіп жүріп Ай Күнге
Ғашық болып қалыпты.
Қыз жігітке, бірақ та,
Айта алмайды сыр ашып. Автор өлең жолдарында қыздың бейнесін ай арқылы берген.

Бесіншіден, Ай – эмоционалдық-психологиялық бейне компоненті.

Ай көркем мәтіндерде адамның ішкі сезімін, көңіл-күйін жеткізудің маңызды көркемдік құралы ретінде қолданылады. Ол бірде пәктік пен тазалықтың белгісі ретінде көрінсе, бірде мұң мен жалғыздықтың символы ретінде сипатталады.

Ай сияқты бейкүнә бола алмадым,
Көлеңкем де түн кезер Айға ілесіп... (Нұрбек Нұржанұлы, «Ай сияқты бейкүнә бола алмадым») - деген жолдарда ай бейнесі адам мінезіндегі тазалық, кінәсіздік ұғымдарымен астастырылады. Ай кейбір мәтіндерде қайғы мен мұңның белгісі ретінде сипатталған. Мысалы, Мағжан Жұмабаев **«Айға»** деген өлеңінде:

Көремін мұңды, нұрлы толған Айды.
Қайғылы Ай, тұрсың көкте түсің қашып,
Қайғылы жер жүзіне нұрың шашып.
Жылжисың ақырын ғана қорыққан жандай,
Жүргендей жол таба алмай бейне адасып.
Қайғылы Ай, мен де сенің қайғыңа ортақ – деп жырлаған.

Бұл жерде ай тек табиғи нысан емес, адамның эмоциялық әлемімен байланысқан рухани бейне ретінде көрінеді. Жалпы, көркем мәтіндердегі ай адамның ішкі күйін, сезімін бейнелеуде маңызды қызмет атқарады.

Алтыншыдан, Ай – сырлас, рухани серік компоненті.

Көркем әдебиетте ай адамның ішкі әлемімен байланыс орнататын символ ретінде көрінеді. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» шығармасында ай образы тек табиғат құбылысы ретінде ғана емес, терең психологиялық және символдық мәнге ие символ ретінде көрінеді. Әсіресе, Айша бейнесінің ішкі әлемін ашуда ай ерекше қызмет атқарады.

Шығармада ай – Айшаның сырласы, ішкі жан дүниесінің үнін тыңдаушы рухани серігі ретінде бейнеленеді. Мысалы, *Айша Айға мұңын шаққандай аспанға қарап тұрып: − А, Құдай! Шиеттей үш жетімге шынымен рахымың түспеді ме? Не жазып еді олар саған?! – деп кемсеңдеді*» (Ш.М), «*Суға салып қойып сабағанда безірейіп жыламап едім, енді жартыкеш Айға қарап отырып аңырадым-ай кеп. Айдан басқа мұң шағатын кімім бар?* (Ш.М.). Кейіпкер өз басындағы мұңын, қайғысын, ренішін, жүрек түкпіріндегі шерін адамға емес, айға айту арқылы жеткізеді. Бұл құбылыс – кейіпкердің жалғыздығының айқын көрінісі. Айша үшін ай үнсіз тыңдаушы ғана емес, жанын жеңілдететін психологиялық тірек, рухани кеңістік.

Көркем мәтінде айдың мұндай қызметі символдық сипатқа ие. Ай – тазалықтың, тылсымдықтың, мәңгіліктің белгісі ретінде алынып, Айшаның ішкі күйзелісін сыртқа шығарудың жолына айналады. Айша мен ай арасындағы «үнсіз диалог» – адамның табиғатпен үйлесімді байланысының көрінісі.

Сонымен қатар, ай образы шығармада жалғыздық мотивін күшейтеді. Адамдардан жылу таппаған кейіпкер табиғатпен тілдесуге мәжбүр болады. Бұл – әлеуметтік ортадағы қатігездік пен рухани түсінбеушілікке қарсылықтың көркемдік көрінісі. Айша үшін ай – сенімді дос, жан сырын сақтайтын құпия кеңістік.

Айды біраз ақын жырына да қосқан. Аманхан Әлімұлы аймен сырласқан. Ақын айды сағынышының, сезімінің, махаббатының куәсі санаған. Оған **«Аймен сырласу»** өлеңі дәлел:

Дертім бар жанымда бір айықпастай,
Ел-жұртқа айта алмайтын жайып тастай,

-Оңаша сырласайық, қайықбасты Ай,

Келісесің, бе? - деп Айды сырласуға шақырады. Осы тұста айдың сырлас дос ретіндегі бейнесі анық байқалады.

Осылайша, қазақ тіліндегі Ай концептісі фреймдік модель аясында көпқабатты когнитивтік құрылым ретінде көрінеді. Оның құрамындағы әрбір компонент ұлттық дүниетанымның белгілі бір мазмұндық деңгейін танытып, өзара байланыс арқылы тұтас мағыналық жүйе құрайды.

Қорытынды

Тілдік талдау нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасадық:

1. «Ай» концептісі қазақ тілінде тұрақты тіркестер, метафоралар арқылы көрініп, сұлулық, мұң, сағыныш, қолжетпес арман секілді ұғымдарды бейнелейді;
2. Қазақ әдебиетінде «Ай» концептісі аспан денесі ретінде ғана емес, эстетикалық, эмоционалдық және символдық мәнге ие болды. Ол поэзияда әйел сұлулығын, лирикалық кейіпкердің ішкі сезімдерін сипаттауда кеңінен қолданылады;
3. «Ай» концептісі халық дүниетанымында рухани сипатқа ие болып, ғарыштық үйлесім мен уақыт өлшемінің символы ретінде байқалады. Айға байланысты тыйымдар мен наным-сенімдер оның қасиетті мәнін көрсетті;
4. «Ай» концептісі қазақ тілінде көпқабатты когнитивтік құрылым ретінде қалыптасып, ұлттық мәдениет, эстетикалық таным және рухани құндылықтар жүйесін біріктіретін маңызды концепт екендігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская речь. – 1928. – №1. – С. 31.
2. Степанов Ю.С. Константы: словарь русской культуры. – М.: Академический проект, 2001. – 43 с.
3. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка. – СПб.: Наука, 1993. – 152 с.
4. Кубрякова Е.С. О понятиях концепта и концептосферы в современной лингвистике // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2004. – №1. – С. 90-92.
5. Залевская А.А. Психолингвистический подход к проблеме концепта // Методологические проблемы когнитивной лингвистики. – Воронеж, 2001. – С. 36-44.
6. Карасик В.И. Языковый круг: личность, концепты, дискурс. – М.: Гнозис, 2004. – 477 с.
7. Зусман В.Г. Концепт в культорологическом аспекте // Межкультурная коммуникация: учеб. пособие. – Н. Новгород: Деком, 2001. – С. 38-53.
8. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. ғыл. докт. дис. автореф. 10.02.20. – Алматы, 2004. – 229 б.
9. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 264 б.
10. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. дис. автореф. – Алматы, 2007.
11. Күштаева М. “Тары” концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. дис. автореф. 10.02.02. – Алматы, 2002. – 190 б.

СЫН ЕСІМНІҢ ЗАТТАНУ ДӘРЕЖЕСІ

Ф.М. Мақсат
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.Н. Саменова

Аңдатпа: *Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі сын есімнің заттану құбылысы және оның дәрежелік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында сын есімдердің контекске байланысты зат есім қызметін атқару мүмкіндігі, олардың семантикалық және грамматикалық өзгерістері талданады. Сонымен қатар, сын есімнің заттану дәрежесінің*

толық және жартылай түрлері ажыратылып, олардың тілдік қолданыстағы ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы көрсетіледі. Мақалада заттану процесінің тілдік жүйедегі орны мен маңызы айқындалып, оның функционалдық-семантикалық қырлары сипатталады.

Кілт сөздер: *сын есім, заттану, грамматикалық категория, сөз таптары, морфология, синтаксис, заттық мағына, функционалдық-семантикалық өріс, тілдік үнем, сөйлеу процесі.*

Кіріспе. Қазіргі тіл білімінде сөз таптарының өзара байланысы мен бір-біріне ауысу құбылыстары маңызды зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Соның ішінде сын есімдердің заттануы, яғни субстантивтену процесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл құбылыс тілдің ішкі даму заңдылықтарын, сөздердің мағыналық және қызметтік өзгерістерін көрсететін күрделі лингвистикалық процесс болып саналады.

Сын есімнің заттануы нәтижесінде бастапқыда заттың сынын білдіретін сөздер заттық мағынаға ие болып, сөйлемде зат есім қызметін атқарады. Мұндай өзгеріс көбіне сөйлеу үдерісіндегі ықшамдылыққа ұмтылудан, коммуникативтік қажеттіліктен туындайды. Сонымен қатар, заттанған сын есімдерге көптік, тәуелдік, септік жалғауларының жалғануы олардың толыққанды зат есім қызметін атқара алатынын дәлелдейді.

Осы мақалада сын есімнің заттану құбылысының тілдік табиғаты, оның пайда болу себептері мен қызметтік ерекшеліктері қарастырылады.

Зерттеу әдістері. Жұмыста талдау, жинақтау және салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақ тіл білімінде сөз таптарының өзара ауысуы нәтижесінде сын есімдердің зат есім қызметінде қолданылуы субстантивтену деп аталады. Бұл құбылыс сын есімнің бастапқы сындық мағынасын толық немесе ішінара сақтай отырып, заттық мағынаға ие болуымен сипатталады. Субстантивтенген сын есімдер сөйлемде зат есімдер сияқты қызмет атқарып, кім? не? деген сұрақтарға жауап береді. Сын есімдердің субстантивтенуі туралы алғашқы ғылыми пікірлер Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде қарастырылып, сөздердің тұлғалық және қызметтік өзгерісі тұрғысынан сипатталған. Кейін бұл құбылыс Құдайберген Жұбанов сияқты ғалымдардың зерттеулерінде де жалғасын тапты.

Субстантивтену барысында сын есімдер белгілі бір морфологиялық көрсеткіштерді қабылдап, зат есімдерге тән грамматикалық категориялармен түрлене алады. Атап айтқанда, олар көптік, септік, тәуелдік жалғауларын қабылдап, сөйлем ішінде бастауыш, толықтауыш сияқты синтаксистік қызметтерді атқарады.

Мысалы: жақсылар келді, жаманды көрдім, үлкендер ақыл айтты сияқты қолданыстарда сын есімдер адам атауын білдіріп, заттық мағынада. жұмсалып тұр.

Субстантивтену құбылысы көбінесе:

• адам топтарын білдіруде (жақсылар, жамандар, байлар);

• абстрактілі ұғымдарды білдіруде (ақ, қара);

• белгілі бір заттық мағынаға ауысуда (қара – ірі қара мал) көрініс табады.

Жалпы алғанда, сын есімдердің субстантивтенуі қазақ тілінің лексика-грамматикалық жүйесіндегі маңызды құбылыстардың бірі болып табылады. Ол тілдің ықшамдылығын арттырып, сөздердің контекст ішінде мағыналық ауысуына мүмкіндік береді.

Қазақ тілінде зат есім мағынасында жиі қолданылатын сөз таптарының бірі – сын есім деп есептеледі. Бұл жөніндегі алғашқы пікірді А.Байтұрсынов еңбектерінен кездестіруге болады. Ұлы ғалым өзінің «Тіл – құрал» атты еңбегінде: «Сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді. Мәселен, арзан еттің сорпасы татымас дегеннің орнына арзанның сорпасы татымас деп айтылады. Арзан еттің деген екі сөздің орнына арзан деген жалғыз сөз жарап тұр», – дейді. Сонымен қатар, мұндай зат пен сынның орнына бірдей жүретін сөздерді «зат-сын» деп атайды [1, 219].

Сын есімдерге көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанғанда, олар заттанып, өзінің негізгі сындық мағынасының үстіне заттық мағына қосып алады. Мұндай жағдайда сын есім атау тұлғада тұрып, кім? не? деген сұрақтарға жауап берсе, сөйлемнің бастауышы болады. Ал септік жалғауларында (атау мен іліктен басқа) келіп, толықтауыштың сұрақтарына жауап берсе, толықтауыш қызметін атқарады. Кейде сын есімдер көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдамай-ақ, атау тұлғада тұрып та заттық мағынада жұмсалып, бастауыш бола алады [2, 190].

Грамматикаларда сын есімнің заттану процесі біркелкі емес екендігі көрсетіледі: кейбір сын есімдер сөйлемдегі қолданысына қарай уақытша заттанса, енді біреулері толық заттанып, біржола заттық мағынаға ауысып кетеді [3, 91]. Сондықтан тілде заттанған сын есімдердің әртүрлі қолданыс түрлері молынан кездеседі.

Ақбілек шығармасынан алынған мысалдар арқылы бұл құбылысты нақты байқауға болады:

1. Сөйтіп отырғанда, **жуандар**, портфельдерін қолтықтаған өңшең қылқан кескендей жас комиссарлар да келіп қалды. (Ж.Аймауытов «Ақбілек», 97-бет). Бұл сөйлемде *жуандар* сөзі өзінің бастапқы «дене сипатын білдіретін» мағынасынан ауысып, әлеуметтік топты, яғни дәулетті, бай адамдарды білдіріп тұр. Сөз көптік жалғауын қабылдап, зат есімнің қызметін атқарып, бастауыш болып тұр.

2. Бұл сұрауға **құлақтылар** аңтарыла қалды. (Ж.Аймауытов «Ақбілек», 99-бет). Мұндағы *құлақтылар* сөзі «құлағы бар» деген тура мағынадан гөрі, «естіп отырған адамдар» деген жалпылама мағынада қолданылған. Көптік жалғау арқылы субстантивтеніп, адам атауын білдіріп тұр және қатыстық сын есімнің заттануы байқалды.

3. Мен болмасам да осынау өз етін өзі жегелі жатқан **ақты** елді тыныш қояр ма еді? (Ж.Аймауытов «Ақбілек», 24-бет). Бұл сөйлемде *ақты* сөзі «ақ түсті» деген мағынадан ауысып, «ақ ниетті, адал халық» деген ұғымды контексте білдіріп тұр. Яғни сын есім белгілі бір әлеуметтік топты білдіріп, анықталушы сөзсіз қолданылып тұр.

4. Мына қыбырмен анау бес **қараға** жете алмасын сезді. (Ж.Аймауытов «Ақбілек», 165-бет). Мұндағы *қара* сөзі түсті білдірмей, «ірі қара мал» деген заттық мағынада жұмсалған. Бұл – тілдегі дәстүрлі субстантивтену үлгісі.

5. Мамырбай ақсақал таңертең тысқа шыққанда, сеңсең ішігін күміс кісемен шарт буынған Әбен бай екі қолын ұстап, үш жігітімен **қарасын** айналдырып жатыр екен. (Ж.Аймауытов «Ақбілек», 167-бет). Бұл мысалда *қарасын* сөзі де «малын, дәулетін» деген ұғымдарды білдіріп, тәуелденіп барып табыс септігінде түрленіп, заттық мағынада жұмсалған.

6. **Кішкентайлар** алтыбақан теуіп, ақсүйек ойнап, шуылдасып, асыр салып, қой күзетіп, өлең айтып, думан қып жатқанда «таңертең оянбайсың, жат» деген байдың зекуін естіген соң, қара інгеннің қолаңса сасыған жабуын оранып, үй жанында бүк түсіп жатқаным (Ж.Аймауытов, «Ақбілек», 14-бет). Бұл сөйлемде «кішкентайлар» сөзі бастапқыда «жасы кіші» деген сындық мағынаны білдіреді. Алайда көптік жалғау (-лар) арқылы заттанып, «балалар» деген заттық ұғымды білдіріп тұр. Сөйлемде бастауыш қызметін атқарып, сын есімнің толық субстантивтенуін көрсетеді. Бұл сөзді жалпыхалықтық заттануға жатқызамыз, өйткені оның заттық мағынасы жалпыға танымал болып кеткен.

7. Совет үкіметін **байлар** билеген кезең еді (Ж.Аймауытов «Ақбілек», 25-бет). Бұл сөйлемде «байлар» сөзі «бай» сын есімінен жасалған. Ол әлеуметтік сипатты білдіріп, көптік жалғау арқылы заттанып, «дәулетті адамдар тобы» деген мағынаны білдіріп тұр. Сөйлемде бастауыш қызметінде жұмсалып, сын есімнің зат есімге ауысуын көрсетеді. Сөздіктерде бұл сөздің сындық әрі заттық мағынасы қатар берілуіне орай, бұны толық немесе узуалды заттануға жатқызамыз.

8. Жамағайынның жаназасынан **жақсылар** қожа-молдалардан асып, Тезекбайға несібе тиіп көрген емес. (Ж.Аймауытов «Ақбілек», 112-бет). Бұл сөйлемде «жақсылар» сөзі «жақсы» сын есімінің мағынасының заттық мағына жамауынан жасалған. Ол бастапқы сапалық мағынадан ауысып, көптік жалғау арқылы заттанып, «игі, беделді адамдар» деген заттық ұғымды білдіріп тұр. Сөйлемде бастауыш қызметін атқарып, сын есімнің заттық мағынаға көшуін көрсетеді. Аталған заттанған сөздің семантикасында түсіріліп тұрған зат есімнің (адамдар) заттық мағынасы да, сын есімнің (жақсы) сындық мағынасы да сақталған.

9. **Азулылар** ырсылдап, күрілдесіп, бураша шабынып тұрып алды. (Ж.Аймауытов «Ақбілек», 24-бет). Бұл сөйлемде «азулылар» сөзі «азулы» қатыстық сын есімінен жасалған. Негізгі мағынасы «күшті, тістері өткір» дегенді білдіреді. Алайда контексте ол «күшті, қауіпті адамдар тобы» мағынасында қолданылып, көптік жалғау арқылы заттанған. Сөйлемде бастауыш қызметін атқарып тұр.

10. **Қулардың** неліктен «Саулы інген» шығарып жүргенін ит біле ме? (Ж.Аймауытов «Ақбілек», 59-бет). Бұл сөйлемде «қулар» сөзі «қу» сын есімінен жасалған. Ол «айлакер, қу мінезді адамдар» деген мағынада қолданылып, көптік жалғау арқылы заттанып тұр. Сөйлемде ілік септігінде (-дың) келіп, анықтауыштық қатынаста жұмсалған. Бұл сын есімнің зат есімге толық ауысуын көрсетеді.

Жоғарыдағы мысалдар көрсеткендей, сын есімдердің субстантивтенуі:

1) адамның әлеуметтік тобын білдіреді (жуандар, құлақтылар, кішкентайлар, байлар, жақсылар, азулылар, қулар);
2) абстрактілі немесе жинақтық ұғымдарды білдіреді (ақты);
3) нақты заттық ұғымға (мал атауына) ауысады (қара).

4) белгілі бір адамдар тобының сапалық белгісі арқылы жинақтық атауын білдіреді (жақсылар, азулылар);

5) әлеуметтік-бағалауыштық мағынаға ие болып, адамды мінез-құлық, қасиет негізінде топтастырады (кулар, байлар).

Осылайша, сын есімдер заттанып келіп, зат есімдерше түрлене алады. Атап айтар болсақ, морфологиялық (көптік, септік жалғауларын қабылдау) және синтаксистік (сөйлем мүшесі болу) ерекшеліктері арқылы зат есім қызметін атқара алады.

Көркем мәтін тілінде сын есімдердің заттық мағынада қолданылуы олардың сөйлемдегі синтаксистік қызметінің кеңеюімен сипатталады. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романынан алынған тілдік деректер бұл құбылыстың нақты көрінісін айқындайды. Зерттеу барысында анықталғандай, заттанған сын есімдер сөйлем құрамында дербес мүше ретінде қатысып, зат есімдерге тән синтаксистік қызметтерді атқарады.

Ең алдымен, заттанған сын есімдердің бастауыш қызметінде жұмсалуы жиі байқалады. Мысалы, жоғарыдағы мысалдардағы *жуандар, құлақтылар* сөздері сөйлемде іс-әрекеттің субъектісі ретінде қолданылып, қимылдың иесін білдіреді. Бұл жағдайда олар белгілі бір әлеуметтік немесе жалпыланған адамдар тобын атап, сөйлемнің негізгі тірек мүшесіне айналып отыр. Демек, сын есімдер заттық мағынада жұмсалғанда, сөйлемнің грамматикалық құрылымында дербес бастауыш бола алады.

Сонымен қатар, сын есімдердің заттық мәнде қолданылуы олардың толықтауыш қызметінде де жиі көрініс табады. Мәселен, *қараға* сөзі жанама толықтауыш ретінде іс-әрекеттің бағытталған нысанын білдірсе, *қарасын* сөзі тура толықтауыш қызметінде қимылдың тікелей объектісін көрсетеді. Осындай қолданыстар заттанған сын есімдердің сөйлемдегі объектілік қатынастарды білдіруге белсенді қатысатынын дәлелдейді.

Ал *ақты* сөзі сөйлемде анықтауыш қызметін атқара отырып, тек сапалық белгіні білдіріп қана қоймай, белгілі бір әлеуметтік топқа тән жалпылама мағынаны да қамтиды. Мұндай қолданыс сын есімнің синтаксистік қызметі мен семантикалық жүктемесінің өзара тығыз байланыста екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, заттанған сын есімдер сөйлем құрамында бастауыш, толықтауыш және анықтауыш қызметтерінде жұмсалып, зат есімдерге тән синтаксистік қызметтерді толық орындайды. Бұл құбылыс тілдегі сөз таптарының өзара ықпалдастығын және сөйлеу үдерісіндегі функционалдық икемділікті айқындайды.

Сын есімдердің субстантивтенуі сөйлеу кезіндегі әртүрлі коммуникативтік факторларға байланысты болады. Сөйлеушінің ойды ықшам әрі нақты жеткізуге ұмтылуы сөйлем құрамындағы сын есім мен зат есім тіркесін бір ғана сөзбен беруге ықпал етеді.

Мысалы, «Жолда арбалы көрдің бе?» деген сөйлемде *арбалы кісі* тіркесінің орнына *арбалы* сөзі қолданылған. Бұл жерде сын есім заттық мағынаға ие болып, зат есімнің қызметін атқарып тұр. Яғни ықшамдалып тұрған сөздің заттық мағынасы сын есімге ауысып, соған сәйкес сөйлемде зат есімге тән синтаксистік қызметте жұмсалады. Толық қолданыста арбалы сөзі қандай? деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш қызметін атқарса, қысқарған, субстантивтенген формада кімді? деген сұраққа жауап беріп, толықтауыш қызметін атқарады.

Мұндай қолданыстар көбінесе сөйлеу тілінің стильдік ерекшеліктерінен туындайды. Әсіресе, бұл құбылыс мақал-мәтелдерде жиі кездеседі. Мысалы: «Екі жаман қосылса, кең дүниеге сыймайды, екі жақсы қосылса, бірін-бірі қимайды» деген сөйлемде *жаман* және *жақсы* сөздері зат есімнің орнына қолданылып, «жақсы адам, жаман адам» деген ұғымдарды білдіріп тұр.

Демек, сын есімдердің субстантивтенуі тілдік қолданыста сөздерді қайталамауға, ойды қысқа әрі түсінікті беруге, сондай-ақ сөйлеудің экспрессивтілігін арттыруға қызмет етеді. [4]

Қорытынды. Қорытындылай келгенде, сын есімдердің заттану құбылысы сапалық сын есімдерге қарағанда қатыстық сын есімдерде жиірек байқалды. Себебі қатыстық сын есімдер белгілі бір заттың, құбылыстың, не ұғымның белгісін атау арқылы жасалып, контексте дербес мағыналық жүктеме алып, заттық мәнге көшуге бейім келеді. Дегенмен сапалық сын есімдер де заттану процесіне түсе алады, алайда олар көбіне жалпы, тұрақты сапаны білдіретіндіктен, бұл құбылыс салыстырмалы түрде сирек әрі контекстік қолданыс аясында ғана жүзеге асады. Сондықтан заттану процесінің белсенділігі тұрғысынан алғанда, қатыстық сын есімдер алдыңғы қатардан көрінетіндігі байқалды.

Сонымен қатар, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы тілдік қолданыстарға сүйене отырып, сын есімдердің заттануы мағыналық тұрғыдан әртүрлі бағытта жүзеге асатыны

анықталды. Бұл құбылыс ең алдымен адамдарның әлеуметтік тобын білдіретін дербес атаулардың қалыптасуымен сипатталады (кішкентайлар, байлар, жақсылар, азулылар, кулар). Мұндай қолданыстарда сын есімдер көптік жалғау арқылы зат есімдік қызметке ауысып, белгілі бір әлеуметтік қауымдастықты жалпылап атау қызметін атқарады.

Сондай-ақ, сын есімдер белгілі бір сапалық белгі негізінде адамдарды жинақтық түрде атау қызметін атқарады (жақсылар, азулылар). Бұл жағдайда бір сапалық белгі жалпылаушы мағынаға ие болып, тұтас топты білдіретін ұғымға айналады.

Оған қоса, сын есімдер әлеуметтік-бағалауыштық мәнде жұмсалып, адамды мінез-құлық, қасиет, психологиялық ерекшелік арқылы сипаттайтын топтық атауға айналады (кулар, байлар). Мұндай қолданыстар көркем мәтінде экспрессивтілік пен бейнелілікті күшейтіп, автордың бағалауыштық көзқарасын да аңғартады.

Осылайша, «Ақбілек» романындағы тілдік деректер сын есімдердің заттану құбылысының тек грамматикалық емес, семантикалық әрі стилистикалық тұрғыдан да күрделі әрі жүйелі құбылыс екенін дәлелдейді. Заттану үрдісі тілдің ықшамдалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, көркем мәтіндегі бейнелілік пен экспрессивтік әсерді арттыруға мүмкіндік береді.

Бір шығарма көлеміндегі заттанған сын есімдерді жинақтай, талдай келе байқағанымыз - сын есімдердің заттануға өте бейім келетіндігі және қатыстық сындардың жиі заттанатындығы. Сонымен қатар, заттанған сын есімдердің басым бөлігінің заттық мағынасы жалпыхалықтық сипат алып кеткендігі байқалды. Оның себебін сын есімнің жиі заттануы негізінде оның заттық мағынасының көпшілікке танылып, сол мағынада қолданылуының тілде орнығуымен байланыстырамыз.

Заттанған сын есімдер тілде біраз зерттелгенімен, оның функционалдық, прагматикалық сипаттары толық ашылған деп айта алмаймыз, сондықтан алдағы уақытта осы тұрғыдағы зерттеулерді жалғастыра бермекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
3. Қазақ грамматикасы. – Астана: 2002. – 784 б.
4.Кеңесбаев І.Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.-Алматы: «Ғылым», 1977.
5. https://qazcorpus.kz/_oqu-ishorpus/Sauattik/pdf/20240619/

ҚАЛАУ РАЙДЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ РЕҢКТЕРІ

П.К. Илесбай
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.Н. Саменова

Аңдатпа. *Бұл мақалада қазақ тіліндегі қалау райдың мағыналық реңктері жан-жақты қарастырылады. Қалау райдың сөйлеу процесіндегі қызметі, оның білдіретін негізгі және қосымша мағыналары, атап айтқанда тілек, өтініш, ниет, ұсыныс, кеңес сияқты реңктері талданады. Сонымен қатар, қалау рай формаларының контекске байланысты өзгеруі мен олардың коммуникативтік қызметі айқындалады. Зерттеу барысында қалау райдың тілдік жүйедегі орны мен маңыздылығы көрсетіліп, нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Мақала нәтижелері қазақ тіл біліміндегі рай категориясын тереңірек түп-тамырымен тілге әкелген пайдасын түсінуге ықпал етеді.*

Кілт сөздер: *қалау рай, модальдік категория, грамматикалық мағына, рай категориясы, сөйлеуші ниеті, прагматикалық мән, экспрессивтік реңк, эмоционалдық бағалау, субъективтілік, коммуникативтік мақсат.*

Кіріспе. Қазақ тіл білімінде рай категориясы етістіктің маңызды грамматикалық көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Оның ішінде қалау рай сөйлеушінің іс-әрекетке деген көзқарасын, ниетін, тілегін және эмоционалдық қатынасын білдіруімен ерекшеленеді. Қалау рай

формалары арқылы адам өз ойын тек хабарлап қана қоймай, белгілі бір әрекетті жүзеге асыруға деген ықыласын, ұмтылысын немесе арман-тілегін де жеткізеді.

Қалау райдың мағыналық реңктері тілдің функционалдық-семантикалық жүйесінде ерекше орын алады. Себебі бұл форма тек грамматикалық мағынаны ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің ішкі дүниесін, субъективті бағасын және коммуникативтік мақсатын айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, қалау рай – модальдік мағыналарды жеткізудің маңызды құралы болып табылады.

Мақалада қалау райдың мағыналық реңктері жан-жақты қарастырылып, олардың семантикалық ерекшеліктері мен сөйлеу процесіндегі қызметі талданады. Сонымен қатар, қалау райдың тілдік қолданыстағы экспрессивтік және прагматикалық мүмкіндіктері айқындалады.

Зерттеу әдістері. Жұмыста талдау, жинақтау және салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақ тіл білімінде етістіктің рай категориясы сөйлеушінің іс-әрекетке деген қатынасын білдіретін маңызды грамматикалық категориялардың бірі болып табылады. Солардың ішінде қалау рай ерекше орын алады. Қалау рай сөйлеушінің белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға деген тілегін, ниетін, ықыласын білдіріп, көбінесе болашаққа бағытталған әрекеттермен байланысты қолданылады.

Қалау райдың негізгі грамматикалық көрсеткіші -ғы/гі/қы/кі тұлғалы етістікке тәуелдік жалғауының жалғануы және «кел» көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалуы: барғым келеді, айтқысы келеді, көргіміз келеді т.б. Сонымен қатар бұл форма контекске байланысты еді, екен көмекші етістіктерімен тіркесіп, қосымша мағыналық реңктер үстейді: барғым келіп еді, айтқым келеді екен.

Қалау райдың семантикалық құрылымы біркелкі емес, ол сөйлеу жағдаятына қарай әртүрлі мағыналық реңктерге ие болады. Ең алдымен, қалау райдың негізгі мағынасы – тілек білдіру. Бұл жағдайда сөйлеуші белгілі бір әрекетті орындауға деген ішкі ықыласын білдіреді: Мен ауылға барғым келеді.Мұндай қолданыс қалау райдың тура, негізгі қызметін көрсетеді.

Сонымен қатар қалау рай ниет, мақсат мағынасын да білдіреді. Бұл реңкте сөйлеушінің іс-әрекетке деген нақты жоспары, мақсаттылығы байқалады: Ол жоғары оқу орнына түскісі келеді. Мұнда қалау тек эмоционалдық тілек емес, белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекет ретінде көрінеді.

Қалау райдың келесі маңызды реңктерінің бірі – өтініш, сыпайылық мәні. Әсіресе ресми немесе мәдени қарым-қатынаста қалау рай жұмсарған өтініш білдірудің тиімді құралы ретінде қолданылады: Сізбен сөйлескім келеді, сізден көмек сұрағым келеді. Бұл жағдайда қалау рай сөйлеудің әдептілік деңгейін арттырып, коммуникативтік қатынасты жеңілдетеді.

Кейбір жағдайларда қалау рай ұсыныс немесе кеңес мағынасын да білдіреді. Мұнда сөйлеуші тыңдаушыға белгілі бір әрекетті жанама түрде ұсынады: Демалғың келсе, бүгін ертерек жатқан дұрыс. Бұл реңк сөйлеудің әсер ету қызметімен тығыз байланысты.

Қалау райдың тағы бір ерекшелігі – оның өкініш немесе орындалмаған тілек мағынасын білдіруі. Бұл көбінесе еді көмекші етістігі арқылы беріледі: Сені көргім келіп еді. Мұндай қолданыс өткен шақпен байланысып, сөйлеушінің эмоционалдық күйін, орындалмаған әрекетке деген өкінішін көрсетеді. [1]

Сондай-ақ қалау рай кейде қалау мен мүмкіндік арасындағы қайшылықты білдіреді: Барғым келеді, бірақ уақытым жоқ. Бұл жағдайда сөйлеушінің ішкі қалауы мен сыртқы жағдай арасындағы сәйкессіздік көрінеді. [2]

Жалпы алғанда, қалау райдың мағыналық реңктері оның тек грамматикалық форма ғана емес, сонымен қатар прагматикалық және коммуникативтік қызметі кең тілдік құрал екенін дәлелдейді. Ол сөйлеушінің ішкі сезімін, көзқарасын, эмоциясын білдірумен қатар, қарым-қатынастағы әдептілік пен әсер ету қызметін де жүзеге асырады.

Көпбаева Ж.Т., Абдрасилова Г.К., Аккузов А.А. «Диуани Хикмет» ескерткіші тіліндегі рай тұлғаларының фоно-морфо-семантикалық өзгерістері» деген мақалаларында қалау райдың мағыналық реңктерін аша отырып, «Диуани хикмет» шығармасындағы модальділік мәні бар етістік формаларының 6 түрін (болжау, екіұштылық, қалау, шарт, сенімділік, арман, шарттылық, түсіндіру, өкініш) көрсеткен. [3]

Қазіргі қазақ тіл білімінде қалау райдың мағыналық реңктері шамамен 6–7 түрге жіктеледі, алайда олардың саны контекстік қолданысқа байланысты тұрақты емес.

Қазақ тіл білімінде қалау райдың мағыналық реңктерін жіктеу мәселесі толық бірізділікке түспеген. Зерттеушілер қалау райдың тек грамматикалық форма ғана емес, сонымен қатар

сөйлеушінің субъективті көзқарасын білдіретін көпқырлы категория екенін атап көрсетеді. Осыған байланысты оның мағыналық реңктері әртүрлі тұрғыдан қарастырылады.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде рай категориясы адамның іс-әрекетке деген көзқарасымен тікелей байланысты қарастырылып, оның ішінде қалау мәні адамның ішкі тілегі мен ықыласын білдіретін форма ретінде сипатталады [4]. А.Байтұрсынұлы жалпы рай түрлерін іштей он бес топқа жіктеуде олардың қолданыстық сипатына ерекше мән бергендігі байқалады.

Ал Құдайберген Жұбанов қалау мағынасының сөйлеу процесіндегі қызметіне назар аударып, оның тек тілек емес, сөйлеушінің түрлі эмоциялық және модальдық реңктерін білдіретінін көрсетеді [5]. Ғалымның пікірі орынды, өйткені біздің тараптан жинақталған тілдік деректер қалау райдың эмоциялық та, модальдық та реңктерде жиі қолданылатындығын байқатты.

Кейінгі зерттеулерде, соның ішінде Сәрсен Аманжолов және Нығмет Сауранбаев еңбектерінде қалау райдың мағыналық өрісі кеңейтіліп, оның сөйлеу тіліндегі қызметі жан-жақты қарастырылады. Бұл ғалымдар қалау райдың тек тілек білдірумен шектелмей, коммуникативтік мақсаттарға қызмет ететінін атап өтеді [6].

Қазіргі қазақ тіл білімінде қалау райдың мағыналық реңктері шартты түрде бірнеше топқа жіктеледі. Зерттеушілердің пікірлерін жинақтай келе, оларды шамамен 7 негізгі топқа жіктеуге болады:

1. Тілек мағынасы – сөйлеушінің ішкі қалауын білдіреді.
2. Ниет, мақсат мағынасы – жоспарланған, бағытталған әрекетті көрсетеді.
3. Өтініш, сыпайылық реңкі – қарым-қатынаста жұмсақтық, әдептілік береді.
4. Ұсыныс, кеңес мағынасы – тыңдаушыға әсер ету, бағыт беру қызметін атқарады.
5. Өкіну, орындалмаған тілек – өткен шақпен байланысты эмоционалдық реңк.
6. Қалау мен мүмкіндік қайшылығы – ішкі тілек пен сыртқы жағдайдың сәйкес келмеуі.
7. Қалау мен мәжбүрлік аралас реңкі – субъективті және объективті факторлардың тоғысуы.

Алайда бұл жіктеу қатаң емес. Себебі қалау райдың нақты мағынасы сөйлемдегі контекстке, интонацияға және сөйлеу жағдаятына тәуелді болады. Сондықтан бір ғана форма әртүрлі реңктерде жұмсала алады. Сол себепті де А.Байтұрсынұлы райдың он бес түрін көрсеткен.

Көркем әдебиеттен жинақталған мысалдарды жоғарыдағы топтама бойынша талдап көрелік:

1. Кешке үйге барғанда ол көңілді болса екен деп тілеймін. (Д.Исабеков «Гаухартас», 44-бет). Бұл сөйлемде «болса екен» құрылымы арқылы қалау райдың тілек және үміт мағынасы берілген. Морфологиялық тұрғыдан «бол-» етістігіне шартты райдың «-са» жұрнағы жалғанып, оған модальдық мән үстейтін «екен» сөзі тіркескен. Сөйлемнің баяндауышы «тілеймін» етістігі арқылы беріліп, қалау мағынасы эксплицитті түрде жүзеге асқан.

2. Тым болмаса, оқуға жүрер кезімде мейірімді бола түссе деймін. (Д.Исабеков «Гаухартас», 4-бет). Мұнда «бола түссе деймін» құрылымы қалау райдың өтініш-тілек реңкін білдіреді. «Бол-а түс-се» құрамында көсемше (-а) мен шартты рай (-се) тұлғаларының қабаттасуы және «деймін» етістігінің қатысуы арқылы сөйлеушінің субъективті қалауы мен тілегі көрінеді.

3. Есіңде ме, Қызылжардың жанында саған: «Салтанат, мына атпен серуендеп қайт» деп өз атын ақыры бір күні Ыбыштың өзі беретінін білсем ғой. (Д.Исабеков «Гаухартас», 46-бет). Мұндағы «-се» шартты рай тұлғасы бірінші жақ жіктік жалғауымен (-м) тіркесіп, «ғой» модаль сөзі арқылы күшейтіліп, қалау, аңсау және өкініш реңктерін білдіреді. Сонымен қатар сөйлемдегі «беретінін» формасы есімше арқылы жасалып, жанама толықтауыш қызметінде жұмсалған.

4. Сондықтан, мен өзім шаппасам да көкпар хабары шықса екен деп тілеп жүремін. (Д.Исабеков «Гаухартас», 3-бет). Бұл сөйлемде «шықса екен» құрылымы қалау райдың үміт реңкін білдіреді. Мұнда «шық-» етістігіне «-са» шартты рай жұрнағы мен «екен» модаль сөзі тіркесіп, сөйлеушінің тілегі айқын көрінеді. «Тілеп жүремін» тіркесі қалау әрекетінің үздіксіз сипатта екенін көрсетеді.

5. Мен оқуға бармайтын боп бекіген түні ертеңі әкем: Ашып айтсаңыз, Қыжым кемпірдің қызына үйленуге қарсы емессіз бе? (Д.Исабеков «Гаухартас», 6-бет). Бұл сөйлемде қалау рай тікелей формасында кездеспегенімен, оларда сөйлеушінің ниеті мен субъективті бағасы байқалады. Мысалы, бармайтын боп бекіген тіркесінде «-тын» есімше тұлғасы мен «болып» көмекші етістігінің қысқарған формасы арқылы шешім, ниет мағынасы берілген.

6. Менің кімге, қашан үйленетінім де белгісіз ғой. (Д.Исабеков «Гаухартас», 54-бет). Бұл сөйлемде қалау рай тікелей формасында кездеспегенімен, оларда сөйлеушінің ниеті мен субъективті бағасы байқалады.

7. Көптен бері көсіле шаппаған күреңнің басын босатар, өзінің де, атының да бағын бір сынамақ болған болар. (Д.Исабеков «Гаухартас», 61-бет). Сөйлемдегі «-ар» болжалды келер шақ формасы арқылы жорамал, болжам мағынасы берілген. Бұл жерде қалау рай тікелей қолданылмағанымен, сөйлеушінің болжамдық ойы мәтін арқылы ұғынылады.

Қазақ тіліндегі қалау райдың мағыналық реңктері сөйлеу жағдаятына, контекстке және синтаксистік құрылымға байланысты әртүрлі көрініс табады. Д.Исабековтің «Гауһартас» шығармасынан алынған мысалдар қалау райдың түрлі реңктерін морфологиялық және қолданыстық тұрғыдан айқын көрсетуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, берілген мысалдар қалау райдың қазақ тілінде тек тілек білдірумен шектелмей, өтініш, үміт, өкініш, аңсау, болжам сияқты әртүрлі мағыналық реңктерде жұмсалатынын дәлелдейді. Қалау райдың бұл көпқырлылығы оның грамматикалық табиғатының күрделілігін және сөйлеу тіліндегі прагматикалық қызметінің кеңдігін көрсетеді.

Берілген мысалдардағы қалау рай тұлғалары негізінен етістік түбірлеріне -са/-се шартты рай жұрнағы, есімше тұлғалары (-атын, -ер, -ген) және модаль сөздер (екен, ғой) арқылы жасалған күрделі құрылымдар негізінде көрініс табады.

Мысалы, болса екен, шықса екен, бола түссе деймін, білсем ғой сияқты тіркестерде негізгі қалау мағынасы етістік түбіріне жалғанған -са/-се тұлғасы арқылы беріледі. Бұл тұлға бірінші жақ жіктік жалғауларымен (-м) тіркесіп, қалау мәнін нақтылай түседі: біл-се-м. Сонымен қатар «екен», «ғой», «деймін» сияқты модаль сөздер қалау райдың мағыналық реңкін күшейтіп, оған үміт, тілек, өкініш сияқты қосымша семантикалық реңктер үстейді.

Кейбір сөйлемдерде қалау рай күрделі аналитикалық құрылымдар арқылы жасалып, көсемше (-а, -е, -п) мен көмекші етістіктердің (бол, кел, тұр, жүр) тіркесуі арқылы беріледі: тілеп жүремін, бола түссе деймін. Мұндай құрылымдар сөйлеушінің ішкі ниетін, әрекетке деген қатынасын айқындайды.

Сонымен қатар есімше тұлғалары (-атын, -етін, -ған) заттану және предикативтік қызметте жұмсалып, қалау мағынасына жанама түрде негіз болады: беретінін, шаппаған. Бұл формалар сөйлем ішінде толықтауыш немесе анықтауыш қызметін атқарып, қалау мәнінің контекстік жүзеге асуына ықпал етеді.

Қорытынды. Қорыта келгенде, қалау рай қазақ тіліндегі рай категориясының функционалдық және семантикалық тұрғыдан маңызды бір түрі болып табылады. Ол сөйлеушінің іс-әрекетке деген субъективті қатынасын білдіре отырып, тек тілек мағынасымен шектелмей, үміт, ниет, өтініш, ұсыныс, өкініш және болжам сияқты әртүрлі мағыналық реңктерді қамтиды.

Қарастырылған мысалдар негізінде қалау райдың мағыналық реңктері контекстке, сөйлеу жағдаятына және грамматикалық құрылым ерекшеліктеріне тәуелді екені анықталды. Қалау райдың жасалуында негізінен шартты рай тұлғасы (-са/-се), есімше формалары және модаль сөздердің (екен, ғой, деймін) тіркесуі маңызды рөл атқарады.

Сонымен бірге қалау рай сөйлеу тілінде прагматикалық қызмет атқарып, қарым-қатынаста сыпайылықты білдіруге, ойды жұмсартып жеткізуге және сөйлеушінің эмоциялық-экспрессивтік қатынасын көрсетуге мүмкіндік береді. Демек, қалау рай қазақ тілінің грамматикалық жүйесінде ғана емес, коммуникативтік қызметінде де кең қолданысқа ие көпқырлы категория ретінде сипатталады.

Сонымен қатар, қалау райдың мағыналық реңктері тілдік жүйеде модальдік категориялармен тығыз байланыста қарастырылады. Бұл байланыс сөйлеушінің ішкі психологиялық күйін, бағалауыштық көзқарасын және әрекетке деген ықыласын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Қалау рай формалары арқылы берілетін мағыналар көбіне сөйлеу актісінің мақсатымен ұштасып, тыңдаушыға әсер ету, белгілі бір әрекетке итермелеу немесе керісінше, жұмсақ түрде жеткізу сияқты қызметтерді атқарады.

Осы тұрғыдан алғанда, қалау райдың қолданысын тек грамматикалық құрылым шеңберінде ғана емес, дискурстық деңгейде де қарастыру маңызды орын алады. Ол сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынасты реттеп, коммуникативтік жағдаяттың сипатын айқындайды. Нәтижесінде қалау рай тілдің экспрессивтік мүмкіндігін арттырып, ойды дәл, ықшам әрі әсерлі жеткізудің тиімді құралы ретінде көрінеді.

Жалпы алғанда, тек қана қалау рай емес, етістіктің рай категориясының прагматикалық, модальдық, экспрессивтік қызметі өте жоғары. Тек әр рай түрінің оларды берудегі грамматикалық

сипаты түрлі болып келеді де, семантикасы айқындала түседі. Сондықтан да ғалымдар рай категориясын етістіктің модальдылығымен тікелей байланыстыра қарастырады.

Біз бұл шағын мақалада қалау райдың семантикасын, қолданыстық түрленуін, прагматикалық сипатын толық аштық деп айта алмаймыз, бірақ қалау райдың тек қана қалау мәнінде жұмсалмайтындығына тілдік материалдарды сұрыптау арқылы толық көз жеткіздік. Біздің тарапымыздан тақырыпқа деген қызығушылық артты, сондықтан алдағы уақытта қалау райдың оқулықтар мен ғылыми грамматикаларда айтыла бермейтін функционалдық сипатын аша түсеміз деген ой түйдік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы, 1971. – 308 б.
2. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі (Етістік). – Алматы: Мектеп, 1966. – 156 б.
3. https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/article/view/5849/1140
4. Байтұрсынұлы А. Тіл - құрал. – Алматы: Сардар, 2009. - 348 б.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Атамұра, 2010. – 608 б.
6. Аманжолов С., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алма-Ата: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1940. – 104 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Ә.Э. Садық, Ж. Жолжақсы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған професор Қазанбаева А.З.

Аңдатпа: Бұл мақалада жасанды интеллект технологияларының қазақ тілін оқыту үдерісіндегі рөлі мен маңызы қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық құралдардың дамуы оқыту әдістерін жаңартуға мүмкіндік беріп отыр. Жасанды интеллект негізіндегі платформалар білім алушылардың деңгейін анықтап, жеке оқу траекториясын құруға ықпал етеді. Сонымен қатар, сөйлеу дағдыларын дамытуда дыбысты тану, мәтінді автоматты талдау және чат-боттар тиімді қолданылады. Мақалада қазақ тілін оқытуда қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдер, соның ішінде адаптивті оқыту мен геймификация ерекшеліктері талданады. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану білім сапасын арттырып, оқушылардың қызығушылығын күшейтетіні анықталды. Сонымен бірге, бұл бағыттағы өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары да қарастырылған.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, қазақ тілі, оқыту әдістемесі, цифрлық технология, адаптивті оқыту, геймификация, білім беру жүйесі

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерді бастан өткеруде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы оқыту үдерісінің мазмұны мен әдістеріне жаңа талаптар қойып отыр. Әсіресе жасанды интеллект технологияларының пайда болуы білім беру саласында тың мүмкіндіктер ашып, оқыту сапасын арттырудың тиімді құралына айналды. Бұл үрдіс тілдерді оқыту әдістемесіне де тікелей әсер етуде. Соның ішінде қазақ тілін оқытуда заманауи технологияларды қолдану – өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде қоғам өмірінің барлық саласында кеңінен қолданылуы тиіс. Сондықтан оны тиімді әрі сапалы оқыту – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Дәстүрлі оқыту әдістері белгілі бір деңгейде нәтиже бергенімен, қазіргі білім алушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмайды. Осыған байланысты оқыту үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Жасанды интеллект – адамның танымдық қызметін модельдейтін және белгілі бір міндеттерді автоматты түрде орындай алатын технологиялар жиынтығы. Ол білім беру саласында оқыту үдерісін жекелендіруге, білім алушының қабілеті мен деңгейіне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл оқушылардың оқу материалын тиімді меңгеруіне, қызығушылығының артуына және өздігінен білім алу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолдану жаңа әдіс-тәсілдердің қалыптасуына негіз болады. Мысалы, интерактивті платформалар, тіл үйретуші қосымшалар, сөйлеуді тану жүйелері мен чат-боттар оқыту үдерісін жеңілдетіп, оны анағұрлым тиімді етеді. Сонымен қатар, бұл технологиялар білім алушылардың тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Дегенмен, жасанды интеллектті енгізу барысында бірқатар мәселелер де туындайды. Олардың қатарына қазақ тіліндегі сапалы цифрлық ресурстардың жеткіліксіздігі, бағдарламалық қамтамасыз етудің толық жетілмеуі және әдістемелік негіздердің әлі де жетілдіруді қажет етуі жатады. Сондықтан бұл бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, жаңа әдістемелерді әзірлеу және тәжірибеге енгізу маңызды.

Жасанды интеллект (ЖИ) ұғымы алғаш рет 1956 жылы АҚШ-та өткен Дартмут конференциясында енгізілді. Бұл терминді ғылымға енгізген американдық ғалым Джон Маккарти болып табылады. Ол жасанды интеллектті «адамның интеллектуалдық әрекеттерін орындай алатын машиналар жүйесі» деп анықтаған. Кейін бұл сала қарқынды дамып, 1980–1990 жылдары эксперттік жүйелер, ал 2000 жылдардан бастап машиналық оқыту мен нейрондық желілер кеңінен қолданыла бастады [1].

Жасанды интеллекттің білім беру саласына енгізілуі XX ғасырдың соңында басталды. 1970 жылдары алғаш рет компьютерлік оқыту бағдарламалары (Computer-Assisted Instruction) пайда болды. Ал 1990 жылдары интеллектуалды оқыту жүйелері (Intelligent Tutoring Systems) дамып, оқушылардың білім деңгейіне бейімделген оқыту мүмкіндігі пайда болды. Мысалы, Carnegie Mellon университетінде әзірленген Cognitive Tutor жүйесі математика пәнін оқытуда кеңінен қолданылып, оқушылардың үлгерімін 20–30% арттырғаны ғылыми зерттеулерде дәлелденген [2].

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негізін салған ғалымдардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлы ерекше орын алады. Ол XX ғасырдың басында тіл оқыту әдістерін ғылыми тұрғыда негіздеп, «Әліпби», «Тіл-құрал» еңбектерін жазды. Байтұрсынұлы әдістің тиімділігі оқыту мақсаты мен мазмұнына байланысты екенін атап өткен. Бұл қағида қазіргі замандағы инновациялық технологияларды қолдануда да өзектілігін жоғалтқан жоқ [3].

Жасанды интеллект негізіндегі тіл оқыту теориясы шетелдік ғалымдардың еңбектерінде де кеңінен қарастырылған. Мысалы, Стюарт Рассел мен Питер Норвигтің «Artificial Intelligence: A Modern Approach» (2021) еңбегінде ЖИ-дің оқыту жүйелеріндегі рөлі жан-жақты сипатталған. Ал Роуз Лакин (Rose Luckin, 2018) жасанды интеллектті білім беруде қолдану оқыту үдерісін жекелендіруге мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Оның зерттеулерінде ЖИ оқушылардың оқу стилін анықтап, жеке оқу траекториясын құруға көмектесетіні көрсетілген [4].

Роуз Лакиннің пікірінше, жасанды интеллект білім беру үдерісін жекелендіруге мүмкіндік береді, яғни әрбір білім алушының оқу стилі мен деңгейіне сәйкес жеке оқу траекториясын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл тәсіл оқытудың тиімділігін арттырып, білім сапасын жаңа деңгейге көтереді [5].

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілін оқытуда да жасанды интеллект технологияларын қолдану әр оқушының тілдік деңгейіне сай тапсырмалар беруге, грамматикалық және лексикалық қателерді дер кезінде түзетуге, сондай-ақ сөйлеу дағдыларын жеке дамытуға мүмкіндік береді. Бұл қазіргі цифрлық білім беру талаптарына толық сәйкес келеді және оқыту тиімділігін айтарлықтай арттырады.

Ахмет Байтұрсынұлы оқыту әдісінің тиімділігі оның мақсаты мен мазмұнына тікелей байланысты екенін атап көрсеткен. Бұл қағида қазіргі жасанды интеллект технологияларын қолдануда да өзекті, өйткені жаңа цифрлық құралдар да нақты педагогикалық мақсатқа сай қолданылғанда ғана нәтижелі болады [6].

Байтұрсынұлының әдістемелік қағидаларына сүйене отырып, жасанды интеллектті оқыту үдерісіне енгізу барысында оның мазмұнмен сәйкестігі, оқушы деңгейіне бейімділігі және практикалық нәтижеге бағытталуы басты назарда болуы қажет. Бұл өз кезегінде дәстүрлі педагогика мен заманауи технологиялардың үйлесімді интеграциясын қамтамасыз етеді. Демек, ғалымның идеялары бүгінгі цифрлық білім беру дәуірінде де өзінің ғылыми және практикалық маңызын жоғалтпай отыр.

Қазақстанда да цифрлық білім беру жүйесі соңғы жылдары қарқынды дамуда. 2017 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, білім беру саласын цифрландыруға ерекше назар аударылды. Осы бағдарлама аясында электрондық оқулықтар, онлайн платформалар және қашықтықтан оқыту жүйелері енгізілді. Мысалы, BilimLand, Kundelik.kz сияқты платформалар білім алушылардың оқу процесін жеңілдетуге бағытталған [7].

Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллекттің нақты қолданылуына мысал ретінде сөйлеуді тану технологияларын айтуға болады. Google Speech-to-Text немесе Yandex SpeechKit жүйелері қазақ тілін ішінара тануға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар оқушылардың айтылым дағдыларын дамытуда тиімді құрал болып табылады. Сонымен қатар, ChatGPT секілді тілдік модельдер мәтін құрастыру, грамматикалық қателерді түзету және тілдік жаттығулар жасауда кеңінен қолданылуда [8].

Жасанды интеллекттің тағы бір маңызды бағыты – адаптивті оқыту. Бұл ұғымды алғаш ғылыми айналымға енгізген ғалымдардың бірі – Бенджамин Блум (Bloom, 1984). Ол «Mastery Learning» теориясында әр оқушыға жеке тәсіл қолдану арқылы оқу нәтижесін жақсартуға болатынын дәлелдеген. Қазіргі таңда бұл идея жасанды интеллект арқылы жүзеге асырылып отыр [9]. Жасанды интеллект технологиялары қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып, оқыту үдерісін сапалы түрде жаңғыртуға мүмкіндік беруде. Әсіресе тілдерді оқытуда ЖИ-дің тиімділігі нақты тәжірибелер мен ғылыми зерттеулер арқылы дәлелденген. Қазақ тілін оқытуда да бұл технологияларды қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Біріншіден, жасанды интеллект негізіндегі оқыту платформалары білім алушылардың деңгейін автоматты түрде анықтап, жеке оқу бағдарламасын ұсына алады. Мысалы, Duolingo платформасы (2011 жылдан бастап қолданылып келеді) машиналық оқыту алгоритмдері арқылы қолданушының қателерін талдап, соған сәйкес тапсырмалар береді. 2020 жылғы зерттеулерге сәйкес, Duolingo қолданған оқушылардың тіл меңгеру жылдамдығы дәстүрлі әдіспен оқығандарға қарағанда 34% жоғары болған. Қазақстанда да осыған ұқсас жүйелер енгізілуде. Мысалы, BilimLand платформасы 2016 жылдан бастап мектептерде қолданылып келеді және 2022 жылғы дерек бойынша 3 миллионнан астам қолданушыны қамтыған. Бұл платформада қазақ тілі бойынша интерактивті тапсырмалар, бейнесабақтар және тесттер ұсынылады.

Екіншіден, сөйлеу дағдыларын дамытуда жасанды интеллекттің рөлі ерекше. Сөйлеуді тану (speech recognition) технологиялары оқушының айтылымын талдап, қателерін анықтай алады. Мысалы, Google Speech Recognition жүйесі 2021 жылдан бастап қазақ тілін ішінара қолдай бастады. Бұл жүйе оқушылардың дұрыс дыбыстау, интонация және екпін қою дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, чат-боттар мен виртуалды ассистенттер тіл үйренуде тиімді құрал ретінде қолданылады. Мысалы, ChatGPT сияқты тілдік модельдер оқушылармен диалог жүргізіп, олардың жазылым және айтылым дағдыларын дамытуға көмектеседі. 2023 жылғы зерттеулер көрсеткендей, чат-боттарды қолданған студенттердің жазу дағдылары 25%-ға жақсарған.

Төртіншіден, геймификация әдісі жасанды интеллектпен бірге қолданылғанда ерекше нәтиже береді. Бұл әдіс ойын элементтері арқылы оқытуға негізделген. Мысалы, балл жинау, деңгейден өту, марапат алу сияқты элементтер оқушылардың мотивациясын арттырады. 2019 жылғы зерттеулерге сәйкес, геймификация қолданылған сабақтарда оқушылардың белсенділігі 40%-ға артқан. Сонымен қатар, адаптивті оқыту әдісі де кеңінен қолданылады. Бұл әдіс әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқу материалын соған бейімдейді. Мысалы, Smart Sparrow платформасы (Австралия, 2013) оқушылардың жауаптарына қарай тапсырмаларды өзгертіп отырады. Бұл әдіс оқушылардың оқу материалын терең меңгеруіне ықпал етеді.

Төменде жасанды интеллект негізіндегі қазақ тілін оқытуда қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдер жүйеленіп көрсетілген:

Кесте 1

Жасанды интеллект негізіндегі қазақ тілін оқыту әдістері

№	Әдіс-тәсіл атауы	Сипаттамасы	Тиімділігі мен мысал
1	Адаптивті оқыту	Оқушы деңгейіне қарай тапсырмаларды автоматты бейімдеу	Оқу нәтижесін 20–30% арттырады (Cognitive Tutor, 1990)
2	Сөйлеуді тану технологиясы	Айтылымды талдау және қателерді анықтау	Google Speech (2021) – айтылымды жақсартады
3	Чат-боттар арқылы оқыту	Диалогтық қарым-қатынас арқылы тіл үйрету	ChatGPT – жазылым дағдыларын 25% жақсартты
4	Геймификация	Ойын элементтері арқылы оқыту	Белсенділікті 40% арттырады (2019 зерттеу)
5	Онлайн платформалар	Интерактивті сабақтар мен тесттер	BilimLand – 3 млн қолданушы (2022)

Бұл кестеде жасанды интеллект негізіндегі негізгі оқыту әдістері, олардың сипаттамасы және нақты тиімділік көрсеткіштері берілген. Көрсетілген деректер ғылыми зерттеулер мен тәжірибелерге сүйене отырып ұсынылған.

Аталған әдістердің ішінде ең тиімділері – адаптивті оқыту мен чат-боттар арқылы оқыту. Себебі бұл әдістер оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, тілдік қарым-қатынасты дамытуға бағытталған. Ал геймификация әдісі оқушылардың қызығушылығын арттыруда ерекше тиімді.

Дегенмен, қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектті қолдану толық деңгейде дамыды деп айту қиын. Себебі қазақ тіліндегі деректер қорының аздығы, сапалы бағдарламалардың жеткіліксіздігі сияқты мәселелер бар. Мысалы, ағылшын тілімен салыстырғанда қазақ тілінде жасалған ЖИ платформалары әлдеқайда аз.

Осыған байланысты болашақта қазақ тілін оқытуға арналған арнайы жасанды интеллект жүйелерін дамыту қажет. Бұл бағытта отандық ғалымдар мен IT мамандардың бірлескен жұмысы маңызды. Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларына цифрлық технологияларды енгізу арқылы оқыту сапасын арттыруға болады.

Қорыта келгенде, жасанды интеллект технологиялары қазақ тілін оқыту үдерісін жаңа деңгейге көтеретін маңызды құралдардың бірі болып табылады. Зерттеу барысында анықталғандай, ЖИ негізіндегі адаптивті оқыту, сөйлеуді тану, чат-боттар және геймификация сияқты әдіс-тәсілдер білім алушылардың тілдік дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Нақты деректер бұл технологиялардың оқыту сапасын арттырып, оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін күшейтетінін көрсетті.

Сонымен қатар, жасанды интеллект оқыту үдерісін жекелендіруге жағдай жасап, әрбір оқушының қабілеті мен деңгейіне сәйкес білім алуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде білім сапасының артуына және нәтижеліліктің жоғарылауына әсер етеді. Алайда, қазақ тілінде цифрлық ресурстардың жеткіліксіздігі мен технологиялардың толық дамымауы бұл саланың өзекті мәселелері болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. McCarthy J. What is Artificial Intelligence? – Stanford University, 2007.
2. Anderson J.R., Corbett A.T., Koedinger K.R. Cognitive Tutors: Lessons Learned // The Journal of the Learning Sciences. – 1995. – №4(2). – P. 167–207.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. – Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Russell S., Norvig P. Artificial Intelligence: A Modern Approach. – 4th ed. – Pearson, 2021.
5. Luckin R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education. – London: UCL Press, 2018.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. – Алматы: Ана тілі, 1992.
7. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017.
8. Luckin R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education. – London: UCL Press, 2018.
9. Bloom B.S. The 2 Sigma Problem: The Search for Methods of Group Instruction as Effective as One-to-One Tutoring // Educational Researcher. – 1984. – Vol. 13. – №6. – P. 4–16.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАНЫ ТИІМДІ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

А.М. Уажав
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 4-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Б.А. Қалиев

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тіл білімінің маңызды саласы – орфоэпиялық норма және оны оқыту мәселелері қарастырылады. Тілдің ұлттық болмысты сақтаудағы рөлі айқындалып, орфоэпияның әдеби тіл нормасындағы орны ғылыми тұрғыдан талданады. Қазақ тіліндегі орфоэпиялық норманың қалыптасуы мен даму тарихы Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Рабиға Сыздық, Нұргелді Уәлиұлы еңбектері негізінде сипатталады. Сонымен қатар қазіргі қоғамдағы орфоэпиялық нормадан ауытқу себептері сараланып, оның негізгі бағыттары

жіктеледі. Мақалада орфоэпияны тиімді оқыту әдістемесі, оның ішінде фонетикалық талдау, транскрипция арқылы үйрету, салыстырмалы жаттығулар жүргізу мәселелері ұсынылады. Орфоэпиялық норманы сақтау – тіл мәдениетін қалыптастырудың негізгі шарты екені дәлелденіп, бұл үдерістің білім беру жүйесімен қатар, жалпы қоғам деңгейінде жүзеге асырылуы қажеттігі айқындалады.

Кілт сөздер: әдеби тіл, фонетика, орфоэпия нормалары, орфоэпиялық сөздік, нормадан ауытқу, оқыту әдістемесі.

Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлы: «Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт», – деп айтқандай, тіл – ұлттың рухани болмысы мен мәдени кодын сақтаушы, әлеуметтік қарым-қатынасты жүзеге асырушы негізгі құрал. Яғни тіл – тарихи қалыптасқан, белгілі бір географиялық аймақты мекендейтін қандас адамдар қауымының (тайпа, ұлыс, халық, ұлт) ортақ дыбыстық жүйесі, сөздік қоры мен грамматикалық құрылымы бар, ойды жеткізуге және ұрпақтан-ұрпаққа мұра қалдыруға арналған қарым-қатынас құралы [1, 3].

Бұл анықтама тілдің кімге тиесілі екенін, оның басты үш қызметін және ішкі құрылымын нақты айқындап береді. Осы мақала аясында біз тіл білімінің іргелі саласы – фонетиканы, соның ішінде орфоэпиялық норма мен оның өзекті мәселесін сөз етеміз. Алдымен әдеби тіл мен оның нормасына тоқталсақ, әдеби тіл – жалпыхалықтық тілдің белгілі бір жүйеге түскен, жазу дәстүрі мен ауызша-жазбаша әдебиет негізінде қалыптасқан, баршаға ортақ әрі түсінікті тұрақты нұсқасы.

Әдетте, «әдеби тіл» дегенде бірден жазу тілі ойға оралады, себебі тілдің нормалануы көбіне жазу мәдениетімен байланыстырылады. Қазақ ұғымындағы «әдеби» сөзі арабтың «адаб» (әдеп) сөзінен бастау алып, адамгершілік пен моральды дәріптейтін сөз өнерімен астарласып жатыр. Қазақ әдебиетінің XV-XVIII ғасырлар аралығындағы ақын-жырау поэзиясы арқылы ауызша дамығанын ескерсек, сол кезеңнің өзінде-ақ тіліміздің белгілі бір нормаға бағынғанын аңғаруға болады. Демек, әдеби тіліміз алғашқыда ауызша формада қалыптасты деген тұжырым жасауға негіз бар. Бұл жағдайда орфоэпиялық норманың рөлі әу бастан жоғары болғаны анық. Осы тарихи сабақтастықтың өзі орфоэпиялық норманы сақтаудың маңыздылығын айқындап тұр.

Қазірге кезде сөздің жазылуы бойынша дыбысталуы, айтылуы секілді нормадан ауытқу жиі байқалуда. Мұның бәрі – саяси үдерістің әсері. Бұдан тезірек қандай да бір шара қолданылмаса, кейін мүлде кеш болады. Негізгі амал – мектепте орфоэпия нормасын дұрыс оқытуды қолға алу.

Орфоэпия әрбір сөздің, әрбір дыбыстың дұрыс айтылуын, естілуін тікелей қарастырады. Қазақ тіл білімінде орфоэпия мәселесі көптеген ғалымның зерттеу нысанына айналған. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық табиғатын айқындап, тілдің фонетикалық жүйесін ғылыми негізде сипаттады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі дыбыстың айтылу ерекшелігі мен әдеби тіл нормасының қалыптасуы мәселесі Қ.Жұбанов, М.Балақаев, Р.Сыздық, Н.Уәлиев т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Мұнда қазақ тіліндегі орфоэпиялық норманың қалыптасуы, әдеби тіл мәдениетіндегі орны мен маңызы ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Алайда орфоэпиялық норманы тек теориялық тұрғыдан зерттеу ғана емес, білім беру жүйесінде дұрыс әрі тиімді оқыту да – маңызды мәселе. Себебі оқушының сөйлеу барысында кей жағдайда сөздерді жазылу қалпында айту немесе дыбыстарды дұрыс қолданбау сияқты қателік кездесіп жатады. Мұндай жағдай орфоэпиялық норманы арнайы әдістемелік жүйе арқылы оқытудың қажеттігін көрсетеді. Демек, орфоэпиялық норманың қалыптасуы мен оны оқыту әдістемесінің өзара байланысын зерттеу – қазіргі қазақ тіл білімінің өзекті мәселесінің бірі. Сондай-ақ орфоэпиялық норманы игеру тек қана мектеп оқушылары үшін емес, БАҚ, заң, медицина т.б. сала мамандары үшін де аса маңызды.

Профессор Н.Уәлиұлы қазіргі қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасынан ауытқу жағдайларын төрт негізгі бағыт бойынша жіктейді: 1. Жергілікті ерекшелік. Сөйлеушінің тіліндегі диалектілік немесе аймақтық дыбыстау өзгешелігінің әсері; 2. Орфографиялық норманың ықпалы. Жазу мен айтылым арасындағы айырмашылықтың ескерілмеуі, яғни сөздің жазылуы бойынша дыбысталуы, сондай-ақ қарапайым сөйлеу тіліне тән бейәдеби элементтің араласуы; 3. Тарихи-дәстүрлі элемент. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына қайшы келетін, ескі қазақ жазба тіліне тән дыбыстық қалдықтың көрініс табуы (Б.Әбілқасымов зерттеуіндегі материал негізінде) [2, 123]; 4. Кодификацияланған жазба тілдік элемент. Әдеби тілдің бекітілген орфоэпиялық нормасы мен жазба тілдің кодификацияланған нысандары арасындағы қарама-қайшылық [3, 30].

Ғалым еңбегінен біз бұрын-соңды атамаған нормадан ауытқу мәселесі сөз болғанын байқаймыз. Көптеген зерттеуде тек жергілікті ерекшелік бойынша сөйлеу және жазудың жетегінде сөйлеу мәселесі ғана сөз болса, ал Н.Уәлиұлы тілдегі барлық ауытқуды санамалап, жалпылама талдап көрсеткен.

Академик Р.Сыздық «Сөз сазы» атты еңбегінде «Қазақ тілінің, өзге де ұлттық әдеби тілдер секілді, екшелеп, қырланған, тұрақталған, жалпыға ортақ заңдылығы бар. Оның бір бөлігі сөздерді дұрыс таңдап, орнымен жұмсауға қатысты лексикалық норма саласы, енді бірі сөзді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөйлем құрастыра білуге қатысты грамматикалық норма саласы, дұрыс жазу заңдылығы – орфография, ал дұрыс айту, яғни дыбыстау заңдылығын – орфоэпиялық норма деп айтамыз» деп, сонымен қатар «дұрыс жазу маңызды болғандай сөз сазы да маңызды» деп орфоэпиялық норманы сақтаудың 36 баптан тұратын ережесін ұсынады [4, 163]. Академиктің пікірінше, орфоэпияның негізгі өзегі – дұрыс дыбыстау, ал дұрыс дыбыстау үшін үндестік заңы, буындар, екпін, ырғақ секілді біршама заңдылықты игеру керек.

Ал профессор Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі дыбыстық жүйені зерттей отырып, сөздердің айтылуындағы табиғилықты басты қағида ретінде ұсынады. Ғалымның пікірінше, тілдің дыбыстық құрылымы мен буын жүйесін дұрыс меңгеру – орфоэпиялық норманы сақтаудың негізгі шарты. Ол дыбыстар бір-бірімен байланысудың нәтижесінде буын түзеді және сөздің дыбысталу ерекшелігін айқындайды деп біледі [5, 73]. Яғни буынды дұрыс ажырата білу – орфоэпиялық норманы сақтаудың маңызды шартының бірі.

Түркі тілдерін зерттеп қазақ тілінің даму тарихын зерттеп, тілдердегі ұқсастықты зерттеген Қ.Күдеринова сөздің жазылуы мен айтылуына да ерекше назар аударып, тілдегі әріп пен дыбыс әрдайым толық сәйкес келе бермейтінін, сондықтан орфография мен орфоэпия арасындағы айырмашылықты ескеру қажеттігін, жазу жүйесін жетілдіруде тілдің дыбыстық табиғатын негізге алу керегін айтады. Яғни орфографиялық норма тілдің айтылу ерекшелігіне барынша жақын болуы тиіс, өйткені бұл тілдің табиғилығын сақтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол тілдегі норманың тұрақтылығы мен бірізділігін сақтау маңызды екенін, жазу ережесі мен айтылым нормасы өзара үйлесімді болуы қажет, себебі бұл тіл мәдениетінің дамуына ықпал етеді деп біледі [6, 111].

Орфоэпиялық норма – тіл мәдениетінің іргелі құрамдас бөлігі болғандықтан, тілдің дыбыстау мәдениетін қалыптастыруда орфоэпиялық сөздіктің рөлі ерекше. Орфоэпиялық сөздік – сөздердің әдеби айтылу нормасын жүйелеп көрсететін арнайы лингвистикалық құрал.

Мұндай сөздіктің басты ерекшелігі – онда сөздің таңбалануы (жазылуы) емес, оның дұрыс дыбысталу үлгісі (транскрипциясы немесе айтылу нұсқасы) негізге алынады. Бұл сөйлеу процесіндегі дыбыстардың өзгеру заңдылығын, атап айтқанда, ассимиляция (дыбыс үндестігі), редукция (дыбыстың әлсіреуі) және сингармонизм (үндестік заңы) сияқты құбылысты дұрыс меңгеруге мүмкіндік береді.

Ғалымдардың пайымдауынша, орфоэпиялық сөздік тілдің табиғи әуезін сақтауға және жалпы сөйлеу мәдениетін арттыруға тікелей ықпал етеді. Бұл құралдың маңыздылығы сонда – қазір сөйлеушілер арасында сөзді жазылуы бойынша дыбыстау үрдісі белең алып отыр. Ал тілдің төл дыбыстау заңдылығы мен әдеби нормасы тек осындай арнайы сөздіктер мен ереже жинағы арқылы жүйелі түрде үйретіледі [7, 18].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, «Орфоэпияны оқытудың тиімді жолдары қандай?» деген өзекті мәселеге ойысамыз. Қазіргі қазақ тілі әдістемесі ғылымының ірі өкілі, профессор Ф.Оразбаева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегінде орфография мен орфоэпияны оқыту мәселесіне жеке тоқталады. Ғалым: «Орфография мен орфоэпияның өзара байланысын, сондай-ақ олардың арасындағы айырмашылықты жете түсіну үшін оқушының фонетикалық білімі терең болуы шарт», – деп атап көрсетеді [8, 129]. Расында да, фонетика заңдылығын (дыбыс жүйесі, үндестік заңы, буын) меңгермейінше, сауатты жазу (орфография) мен дұрыс сөйлеу (орфоэпия) дағдыларын қалыптастыру мүмкін емес.

Мұның барлығы бір-бірімен тығыз астасып, тіл білімінің біртұтас жүйелі құрылымын құрайды. Сондықтан орфоэпиялық норманы меңгерту үдерісінде фонетикалық талдау мен дыбыстау заңдылығын негізге алу – оқыту әдістемесінің басты талабы.

Орфоэпияны оқыту әдістемесінде сөздің транскрипциясын жазғызу – жазу мен айтудың әрдайым бірдей бола бермейтінін көрсетудің ең тиімді жолы. Мұндай салыстырмалы жұмыс пен дыбыстау жаттығуы мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен бастауыш сыныпта жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Біздіңше, өзге тілді аудиторияға арналған оқулықта жаңа тақырыпқа қатысты тірек сөздермен бірге «Дұрыс айт!» айдары беріліп, сөздің оқылу үлгісі (транскрипциясы) көрсетіледі. Өкінішке қарай, қазақ мектептеріне арналған оқулықты салыстыра келгенде, мұндай арнайы бөлімді кездестіре алмадық. Егер қазақ балаларына да сөздің дұрыс айтылу нұсқасы транскрипция арқылы берілсе, тіліміздің төл әуезі мен сөз сазы қалпына келер еді. Оқулықта мұндай әдістемелік нұсқаулықтың болуының өзі зор септігін тигізері анық.

Бұл мәселенің өзектілігі бүгінгі қоғамда анық байқалады. Қазір тележүргізуші, әнші, әртістер мен жалпы бұқаралық ақпарат таратушының сөйлеу мәдениеті сын көтермейді. Олар орфоэпия заңдылығын сақтамақ түгілі, грамматикалық санатты қолдануда да жиі қателік жібереді. Сондықтан мектеп табалдырығынан бастап дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру – кезек күттірмейтін мәселе.

Өзге тілді аудитория орфоэпиялық норманы сақтаудың маңызын тереңірек түсінеді. Себебі орыс тілінде, әсіресе ағылшын тілінде жазу мен айту жүйесінің арасында айтарлықтай айырмашылық бар. А.Байтұрсынұлы бейнелегендей, «жазылуы бөлек, айтылуы мүлдем басқа» тілдің жазу жүйесі әріптік сипатта болғанымен, мағыналық жағынан таңбалы (иероглифті) жүйеге жақындап кеткен. Мұндай тілдер үшін орфоэпиялық ереже – өмірлік қажеттілік. Оларда жазу тек тарихи қалыптасқан дәстүрлі форма ретінде сақталады да, айтылым заңдылығы дербес дамиды.

Бұл – орфоэпия мәселесін шешудің әдістемелік жолының бірі ғана. Әрине, қазақ тілі пәні мұғалімінің бұл бағыттағы атқарар ісі де, қосар үлесі де қомақты. Қазіргі ақпараттық қоғамда негізгі жауапкершілік жүгі БАҚ өкілі мен әлеуметтік желі қолданушыларына түсетіні анық. Бүгінде бұл екі орта ақпарат алмасудың басты құралына айналды. Алайда виртуалды кеңістіктегі тілдік нормадан ауытқу мен әдеби тілдің бұзылуын тізгіндеу қиынға соғып тұрғаны жасырын емес.

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін орфоэпиялық норманы сақтауды тек тіл маманы мен ұстаздардың ғана міндеті деп қарамай, оны бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігіне айналдыру қажет. Әсіресе, көпшілікке ықпал ету күші жоғары БАҚ өкілі, блогер мен танымал тұлғалар тіл мәдениетінің шынайы үлгісін көрсетуі тиіс. Себебі олардың сөйлеу мәнері мен қолданған тілдік орамы қалың жұртшылыққа, әсіресе жастарға тікелей әсер етіп, күнделікті қарым-қатынас дағдысына айналады.

Орфоэпиялық норманың бұзылуы – тілдің табиғи әуезділігі мен төл үндестік заңдылығына нұқсан келтіретін қауіпті үдеріс. Дыбыстардың бұрыс айтылуы сөз мағынасының бұрмалануына, тіпті коммуникативтік түсініспеушілікке алып келеді. Сондықтан дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру – тек мектеп қабырғасымен шектелмейтін, үздіксіз жалғасатын үдеріс болуы тиіс. Бұл бағытта орфоэпиялық сөздікті кеңінен насихаттау, аудио-видео форматтағы дұрыс сөйлеу үлгісін тарату және медиа кеңістіктегі тілдік бақылауды күшейту сияқты кешенді шара маңызды рөл атқарады. Әрбір азамат өз сөзіне жауапкершілікпен қарап, әдеби норманы сақтауға ұмтылғанда ғана тіл тазалығы қалпына келіп, келешек ұрпаққа құнды мұра болып жетеді.

Қорыта айтқанда, орфоэпиялық норманы сақтау – ұлттық тіл мәдениетінің басты көрсеткіші. Қазіргі ақпараттық қоғамда дұрыс дыбыстау заңдылығының бұзылуы жиі байқалатын құбылысқа айналды. Бұл мәселе жеке сөйлеушінің ғана емес, сонымен бірге БАҚ пен әлеуметтік желі қолданушысының тілдік жауапкершілігіне тікелей байланысты.

Орфоэпиялық ауытқуды азайту үшін білім беру жүйесінде бұл мәселеге айрықша басымдық беру қажет. Қазақ тілі сабағында айтылым мен тыңдалым әрекетін жүйелі дамыту арқылы дұрыс дыбыстау дағдысын қалыптастыру – басты міндет. Бұл орайда, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен жеке сөйлеу үлгісі оқушылар үшін негізгі бағдаршам іспетті. Тілдің табиғилығы мен көркемдігін, өміршеңдігін сақтаудың басты факторы – орфоэпиялық норманың мызғымастығында. Демек, бұл бағыттағы жұмысты қоғамның барлық деңгейінде жүйелі түрде жүргізу – уақыт талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жалмаханов Ш.Ш. Жалпы тіл білімі. 1-кітап. Тіл білімінің тарихы: Оқулық. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2006. – 158 б.

2. Әбілқасымов Б. XIX ғасырдағы қазақәдеби тілі. – Астана: Елорда, 2000. – 344 б.

3. Уәли Н. Орфоэпиялық нормаларды кодификациялаудың теориялық негіздері // Тіл білімі. Известия НАН РК. Серия филологическая. 2007. №3

4. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы *(емле, тыныс белгілері, сөз сазы).* - Астана: Елорда, 2000. – 532 б.

5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

6. Күдеринова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Елтаным, 2013. – 344 б.
7. Орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
8. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 170 б.

XIX ҒАСЫР РУХАНИ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЗАМАН МЕН ТАҒДЫР МӘСЕЛЕСІ

М.В. Мамедова, А.Р. Алтынбекова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор ассистенті А.М. Бабашов

Аннотация

Мақалада XIX ғасырдағы қазақ қоғамының тарихи және рухани трансформациясы Дулат Бабатайұлы поэзиясы негізінде қарастырылады. Отарлық басқару жүйесінің енгізілуі дәстүрлі әлеуметтік құрылымның ыдырауына, әділет ұғымының әлсіреуіне және халықтың рухани күйзелісіне әкелгені көрсетіледі. Ақын шығармаларындағы заман мен тағдыр категориялары әлеуметтік-философиялық тұрғыда талданып, жеке адам тағдырының ұлттық болмыспен тұтастығы ашылады. Зерттеу нәтижесінде Дулат Бабатайұлы поэзиясы XIX ғасырдағы қазақ халқының рухани ахуалын бейнелейтін дербес әрі маңызды көркем-танымдық мұра ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: XIX ғасыр, рухани күйзеліс, Дулат Бабатайұлы, тарихи сана, заман, тағдыр.

Кіріспе

XIX ғасыр қазақ қоғамы үшін күрделі кезең болды. Дәстүрлі хандық билік құлап, патша үкіметінің отарлық саясаты енгізілген соң, халықтың рухани өмірі де ауыр күйге түсті[1]. Бұл кезеңде қазақтың дәстүрлі құндылықтары, өмір салты мен діндік қағидалары күрделі сынға ұшырады. Рухани дағдарыстың негізгі белгілері:

1. Әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі. Жерлерді тартып алу, салық жүйесінің әділетсіздігі, қарапайым халыққа ауыртпалық түсіру – бәрі қоғамда наразылықты күшейтті.
2. Ұлттық дәстүрдің әлсіреуі. Халықтың салт-дәстүрі мен мәдени мұрасы біртіндеп құлдырап, жаңа билік идеологиясының ықпалында қалды.
3. Адалдық пен әділетке деген сенімнің жоғалуы. Болыс-билердің парақорлығы, мансапқорлық, халық мүддесін елемеу ел ішінде моральдық дағдарыс туғызды.

Бұл дағдарыс Дулат Бабатайұлы сияқты ақындардың шығармашылығына тікелей әсер етті[2]. Ақын тек әлеуметтік құбылыстарды суреттемей, сонымен бірге олардың философиялық, рухани мәнін де ашып көрсетті.

Дулат Бабатайұлының шығармашылығында заман мен тағдыр мәселесі ерекше орын алады. Ақын үшін заман – тек уақыт бірлігі емес, халық өміріндегі әлеуметтік және рухани процестердің көрінісі. Оның поэзиясында:

Заманның бұзылуы халық тағдырына тікелей әсер етеді. Ақын елдіктің әлсіреуі, әділетсіз билік пен әлеуметтік теңсіздік сияқты құбылыстарды өткір сынға алады.

Тағдыр мәселесі философиялық тұрғыдан көрінеді. Дулат адам тағдырын тек жеке жағдайлармен емес, бүкіл халық тағдырымен байланыстыра қарастырды. Ақынның ойынша, халық тағдыры мен жеке адамның тағдыры өзара тығыз байланыста.

Үміт пен сыншылық теңгерімі. Дулат поэзиясында тек қайғы мен зар ғана емес, халыққа сенім, әділдікке үміт те көрінеді. Бұл оның философиялық көзқарасының негізгі ерекшелігі.

Дулат шығармашылығы XIX ғасырдағы рухани дағдарысты ашып қана қоймай, оның шешімін іздейтін ой-пікірлерге толы. Ақын заманның әділетсіздігін айыптап, халықтың рухани құндылықтарын сақтаудың маңызын дәріптеді.

XIX ғасыр – қазақ халқының тарихи дамуындағы ең күрделі де қайшылықты кезеңдердің бірі. Бұл дәуірде қазақ даласы Ресей империясының толық отарлық басқаруына көшіп, дәстүрлі саяси құрылым, әлеуметтік жүйе және рухани құндылықтар түбегейлі өзгеріске ұшырады. Ел билеу

жүйесінің күйреуі, жердің тарылуы, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуі қазақ қоғамында терең рухани дағдарыс тудырды. Осындай тарихи жағдайда халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған ақындар тобы қалыптасты. Олар әдебиеттануда «Зар заман ақындары» деген атаумен белгілі[3].

Солардың ішіндегі ең ірі, ең шынайы тұлғалардың бірі – Дулат Бабатайұлы. Ақын шығармалары XIX ғасырдағы қазақ қоғамының шынайы көркем шежіресі болып табылады. Оның поэзиясы – заманның ащы шындығын, халықтың трагедиялық тағдырын, ұлттық рухтың күйзелісін терең бейнелеген құнды рухани мұра[2].

Бұл мақалада Дулат Бабатайұлы поэзиясындағы заман мен тағдыр мәселесі, ақынның қоғамдық көзқарасы, азаматтық позициясы мен көркемдік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады

Негізгі бөлім

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан өңірінде дүниеге келген. Ол қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті, отаршылдық езгіні өз көзімен көріп, сол кезеңнің барлық ауыртпалығын бастан кешірген ақын. Дулат өмір сүрген дәуірде хандық билік жойылып, оның орнына патша үкіметі тағайындаған болыстар мен билер билікке келді. Бұл басқару жүйесі халықтың мүддесіне емес, отарлық саясатқа қызмет етті.

Ақын сол заманның куәсі ғана емес, оның белсенді сыншысы болды. Ол қоғамдағы әділетсіздікке, парақорлыққа, мансапқорлыққа, ел ішіндегі алауыздыққа қарсы шықты. Дулаттың көзқарасы қалыптасуына халық ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясы, әсіресе Бұқар жырау, Ақтамберді, Шал ақын дәстүрі үлкен әсер етті. Сонымен бірге ол жазба поэзияның дамуына жол ашқан ақындардың бірі болды.

Зар заман поэзиясы – қазақ халқының отарлық езгіге түскен кезеңдегі рухани күйін бейнелейтін әдеби бағыт. Бұл поэзияда елдің еркіндігі, жер тағдыры, халықтың азаттығы басты тақырыпқа айналды. Зар заман ақындары заманның бұзылғанын, ел билігінің әлсірегенін, адамгершілік құндылықтардың құлдырағанын күйзеле жырлады[4].

Дулат Бабатайұлы осы бағыттың көрнекті өкілі ретінде заманның шындығын жасырмай айтты. Оның поэзиясында мұң мен зар ғана емес, ашу мен наразылық, азаматтық айыптау да айқын көрінеді. Ақын тек жылап-сықтаумен шектелмей, қоғамның нақты кемшіліктерін дәл көрсете білді.

Дулат Бабатайұлы шығармаларындағы негізгі тақырып – заманның бұзылуы. Ақын өз дәуірін «тар заман», «қайырсыз заман» деп сипаттайды. Бұл – жай ғана поэтикалық бейнелеу емес, тарихи шындықтың көрінісі. Заманның бұзылуы ең алдымен ел басқару жүйесінің өзгеруімен, халық мүддесінің аяққа тапталуымен байланысты болды.

Ақын патша үкіметінің отаршылдық саясатын ашық сынамаса да, оның зардаптарын терең суреттейді. Ол ел ішіндегі болыс-билердің парақорлығын, әділетсіздігін, қарапайым халыққа жасаған зорлығын әшкерелейді. Бұл арқылы Дулат заманның азғындауына себепкер болған әлеуметтік күштерді нақты көрсетеді.

Дулат поэзиясында болыс, би, старшын бейнелері өткір сынға алынады. Ақын оларды халықты тонаған, өз пайдасын ғана ойлаған топ ретінде суреттейді. Ел басқарған адамдардың әділеттен тайып, мансап пен байлықтың құлына айналуы – ақынның басты күйініші.

Бұл әлеуметтік сын Дулат поэзиясын саяси-әлеуметтік мәні жоғары шығармалар қатарына қосады. Ақын халықты оятуды, елдің санасын серпілтуді мақсат тұтады. Оның өлеңдеріндегі өткір тіл, ашық айыптау – ақынның азаматтық батылдығын көрсетеді.

Дулат Бабатайұлы поэзиясында жер мәселесі ерекше орын алады. Ақын үшін жер – халықтың тірегі, елдіктің негізі. Оның туған жерге арналған өлеңдерінде Сарыарқа, Ақжайлау сияқты мекендер ерекше сағынышпен, қасіретпен суреттеледі.

Жерден айырылу – халықтың болашағынан айырылу деп түсінген ақын бұл мәселені ұлттық трагедия деңгейінде көтереді. Бұл тұрғыда Дулат поэзиясы қазақ халқының тарихи жадын сақтаушы рухани құжат ретінде бағаланады.

Дулат шығармаларында адам тағдыры мен халық тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты. Ақын жеке адамның қайғысын жалпы халықтық қасіретпен ұштастыра суреттейді. Ол тағдырды сыртқы күштердің ғана әсері емес, ел ішіндегі рухани әлсіздіктің де салдары ретінде көрсетеді.

Сонымен қатар ақын шығармаларында үміт сәулесі де байқалады. Ол халықтың мүлде жоғалып кететініне сенбейді. Елді түзейтін күш – саналы ұрпақ, әділ басшы, бірлік деп біледі. Бұл – Дулат дүниетанымындағы философиялық тереңдік пен тарихи оптимизмнің белгісі[2].

Дулат Бабатайұлы: ұлт тағдырын жырлаған ақын. Елордада Дулат Бабатайұлының 220 жылдығына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылған алқалы жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар мен әдебиеттанушылар қатысты. Конференция барысында Еуразия ұлттық университетінің жанындағы Түркология кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Шәкір Ыбыраев «Дулат Бабатайұлының қазақ әдебиет тарихындағы орны» тақырыбында баяндама жасады. Ғалым өз сөзінде ақын мұрасын жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастырудың маңыздылығына тоқталды.

Шәкір Ыбыраевтың айтуынша, кеңестік дәуірде Дулат Бабатайұлына «керітартпа», «ескішіл», «қайшылықты ақын» деген біржақты баға берілді. Мұның басты себебі – ақын шығармаларындағы отаршылдыққа қарсы рух еді. Патшалы Ресейдің қазақ жерін толық отарлауға бағытталған саясатына қарсы айтылған ойлар сол кезеңнің идеологиясына сәйкес келмеді.

Ғалымның пікірінше, әдеби мұраны зерттегенде оны белгілі бір идеологиялық шеңберге байлап қоюға болмайды. Кеңес заманында шығармалар «таптық», «партиялық» ұстаным тұрғысынан қарастырылды. Ал бүгінгі көзқарас бойынша тарихи тұлғаны өз дәуірінің шындығымен, сол кезеңнің қоғамдық ахуалымен байланыстыра бағалау қажет.

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы дүниеге келді. Бұл – Ресей империясының отарлау саясаты күшейген кезең. 1822 жылы хандық биліктің жойылуы қазақ мемлекеттілігінің әлсіреуіне әкелді. Ел басқару жүйесіне өзгерістер енгізіліп, қазақ даласы толықтай империялық басқаруға көшті[5].

Осындай жағдайда өмір сүрген ақын халықтың еркіндігінен айырылып, ұлттық бірліктің әлсірегенін жан-тәнімен сезінді. Оның өлеңдерінде елдің береке-бірлігінің кеткені, бодандық қамытын киген халықтың ауыр халі бейнеленеді. Сондықтан да Дулат поэзиясы – ұлт мұңын жырлаған поэзия.

Ғалым Дулат шығармашылығын «Зар заман» әдебиетімен байланыстыра отырып, оны отаршылдыққа қарсы рухани қарсылықтың көрінісі ретінде бағалайды. Кенесары хан бастаған қарулы күреспен қатар, Дулат, Мұрат, Шортанбай сынды ақындар идеологиялық майданда күрес жүргізді.

Дулат Бабатайұлы мен Кенесары ханның тікелей байланысы жөнінде нақты тарихи құжаттар сақталмаған. Алайда зерттеушінің пайымдауынша, бодандыққа қарсы көзқарастағы ақынның Кенесары қозғалысына тілектес болуы заңды құбылыс. Кенесары қарулы күрес жүргізсе, Дулат сөз құдіреті арқылы халық санасын оятуға күш салды.

Дулат Бабатайұлы – қазақ әдебиеті тарихындағы ірі тұлғалардың бірі. Ол өз дәуірінің шындығын бүкпесіз жырлап, ұлттық тұтастық идеясын көтерді. Бүгінгі тәуелсіздік тұрғысынан қарағанда, ақын мұрасы жаңаша бағалауды қажет етеді. Оның поэзиясы – тарихи кезеңнің айнасы әрі ұлт рухының көрінісі.

Дулат Бабатайұлы – қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуында ерекше орын алатын тұлға. Ол ауыз әдебиеті мен жазба поэзия арасындағы алтын көпір болды. Ақынның тілі бай, бейнелі, ойы терең. Оның поэзиясы кейінгі ақындарға, соның ішінде Абайға да әсер етті деп айтуға негіз бар.

Дулат шығармалары – XIX ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік, рухани, тарихи жағдайын танытатын аса құнды дерек көзі. Сондықтан да оның мұрасы қазақ әдебиетінің алтын қорынан берік орын алады.

Қорытындылай келе, Дулат Бабатайұлы поэзиясы – қазақ халқының отарлық кезеңдегі рухани трагедиясын терең бейнелеген көркем мұра. Ақын заман мен тағдыр мәселесін жеке тақырып ретінде емес, ұлттық деңгейдегі күрделі проблема ретінде көтерді. Оның шығармаларындағы әлеуметтік сын, философиялық ой, ұлттық рух бүгінгі күн үшін де маңызын жойған жоқ.

Дулат мұрасын зерттеу – өткенді тану ғана емес, ұлттық сананы жаңғырту, тәуелсіздік құндылығын терең түсіну жолы. Сондықтан ақын шығармалары жас ұрпақты отансүйгіштікке, әділеттілікке, ел тағдырына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мырахметов М. Отаршылық дәуірдегі әдебиет // Жұлдыз. - 1993. - №7. - 89 б.
2. Дулат Бабатайұлы // Қазақ тарихы. - 1993. - №1. - 56 б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы, 1991. - 192 б.
4. Мәдібай К. Зар заман ағымы. - Алматы, 19977
5. Бабатайұлы Д. Замана сазы. - Алматы, 1991.

ЛИРО-ЭПОС ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ

А.С. Қыдырбаева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Филология факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.С. Рахимов

Андатпа. Бұл мақалада қазақ лиро-эпос жырларындағы діни мотивтердің көрінісі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында тәңірлік дүниетанымға тән Тәңірге сыйыну, аруаққа сену, табиғат культі, тағдыр ұғымы, бата мен қарғыс сияқты сенімдердің жыр мазмұнында қалай бейнеленетіні талданады. Лиро-эпос жырлары арқылы халықтың рухани әлемі, дүниені қабылдау ерекшелігі және діни-мифологиялық түсініктері көрініс табатыны айқындалады. Сонымен қатар мақалада лиро-эпос шығармаларындағы исламдық элементтердің тәңірлік сенімдермен сабақтастығы мен өзара ықпалы да сөз болады. Діни мотивтердің кейіпкерлер бейнесін ашудағы, оқиға желісін дамытудағы және тәрбиелік мән қалыптастырудағы рөлі көрсетіледі. Мақаланың мақсаты — лиро-эпос жырлары негізінде қазақ халқының көне рухани дүниетанымын таныту, ұлттық мәдениеттегі діни сенімдердің орнын айқындау және олардың көркемдік қызметін түсіндіру.

Кілт сөздер: лиро-эпос, тәңірлік сенім, діни мотив, аруақ, табиғат культі, тағдыр, қазақ ауыз әдебиеті, дүниетаным

Кіріспе. Лиро-эпос жырлары — қазақ ауыз әдебиетінің аса құнды жанрларының бірі. Бұл жырларда халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, салт-дәстүрі, махаббат пен ерлік тақырыптары кеңінен көрініс табады. Сонымен қатар лиро-эпос шығармаларында діни наным-сенімдер мен мифологиялық көзқарастар да маңызды орын алады. Әсіресе, көне түркілердің тәңірлік сенімдері (Тәңірге табыну, табиғат культтері, аруаққа сену) жыр мазмұнына терең сіңген. Лиро-эпос — тек көркем туынды ғана емес, ол халықтың тарихи жадын, рухани құндылықтарын және дүниеге көзқарасын сақтаған мәдени мұра. Осы жырлар арқылы біз ата-бабаларымыздың өмірді, табиғатты және адам тағдырын қалай түсінгенін байқаймыз. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, шешімдері мен тілектері көбіне діни-рухани сенімдермен астасып жатады. Қазақ лиро-эпосындағы діни мотивтер халықтың ішкі жан дүниесін, қоршаған ортаға қатынасын және адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті танытады. Бұл мотивтер жырдың көркемдік құрылымын байытып қана қоймай, тәрбиелік әрі танымдық қызмет те атқарады. Сондықтан лиро-эпос жырларындағы діни сарындарды зерттеу — қазақ халқының көне дүниетанымы мен рухани мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осы мақалада лиро-эпос жырларындағы діни мотивтердің мәні, олардың шығу төркіні және көркемдік қызметі қарастырылып, тәңірлік сенімдердің жыр мазмұнындағы орны талданады.[1]

Тәңірлік дүниетаным және оның мәні. Тәңірлік дін — көне түркі халықтарының дәстүрлі наным-сенімі әрі дүниетанымдық жүйесі. Оның негізінде Көк Тәңірге, Жер-Суға, Ұмай анаға және ата-баба аруағына табыну жатыр. Тәңірлік сенім бойынша, Көк Тәңір — бүкіл әлемді жаратушы, адам тағдырын айқындаушы ең жоғарғы құдірет деп танылған. Ал Жер-Су рухтары табиғаттың иесі ретінде құрметтеліп, адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті сақтаушы күш деп есептелген. Ұмай ана бала мен ананың, отбасының қамқоршысы саналған. Бұл сенім жүйесінде табиғат пен адам арасындағы үйлесім, рухани тазалық, ар-ұят, адалдық, тағдырға сену ерекше маңызға ие болған. Көне түркілер табиғатты тірі деп қабылдап, әрбір тау мен өзеннің, орман мен даланың киесі бар деп сенген. Сондықтан олар табиғатты қорғауды, оған құрметпен қарауды парыз санаған. Бұл ұстанымдар халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпында, салт-дәстүрінде көрініс тапқан. Тәңірлік дүниетанымда ата-баба рухына сену де маңызды орын алады. Аруақтар ұрпақтарын қолдап-қорғайды, оларға күш-қуат береді деп есептелген. Сол себепті халық қиын сәтте аруаққа сыйынып, көмек тілеген. Бұл сенім адамдарды ата дәстүрді құрметтеуге, үлкенді сыйлауға, текті сақтауға тәрбиелеген. Осындай түсініктер халық ауыз әдебиетінде, соның ішінде лиро-эпос жырларында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Лиро-эпостық кейіпкерлердің Тәңірден медет сұрауы, аруақты ауызға алуы, табиғатты киелі санауы — осы көне дүниетанымның көрінісі. Демек, тәңірлік сенімдер лиро-эпос жырларының рухани негіздерінің бірі болып табылады және олар арқылы біз түркі халықтарының дүниені тану ерекшелігін, рухани болмысын тереңірек түсіне аламыз. [2,9]

1. Тәңірге сыйыну мотиві. Лиро-эпос жырларында Тәңірге сыйыну мотиві — діни дүниетанымның ең терең әрі көп кездесетін элементтерінің бірі. Қарапайым халықтың арман-

тілегі, тағдырды қабылдауы мен қиын-қыстау сәттерде жалбарынып көмек сұрауы көбіне жоғарғы күш — Көк Тәңірмен байланысы арқылы көрініс табады. Бұл мотивтің басты мәні — жыр кейіпкерлерінің Тәңірді тағдырды айқындаушы, адам тағдыры мен бақытына әсер етуші ең жоғары күш ретінде қабылдауы. Кейіпкерлер өмірдің ауыр сынақтарына тап болған кезде немесе үлкен шешім қабылдамас бұрын Көк Тәңірден жар болуын тілеумен жырланады. Мысалы, батырлар жорыққа аттанар алдында немесе ғашықтар айырылысу сәтінде Тәңірге жалбарынып, тағдырларының жарқын болуын тілейді. Бұл тілектер мен дұғалар арқылы жыр кейіпкерлері өз әрекеттеріне рухани күш іздеп, жоғарғы күштің көмегіне үміт артады — бұл Тәңірлік сенімнің көрінісі. Лиро-эпостарда «Көк Тәңір жар болсын», «Тәңірім, жар бол» сияқты тілектер жиі қайталанады, олар кейіпкерлердің ішкі әлемін, тағдырға сенімін және рухани көзқарасын ашады. Мұндай мотивтер арқылы халықтың көне дүниетанымындағы адам мен ғалам арасындағы байланыс, жоғарғы күшке сену сезімі көркем бейнеленеді. Бұл — Тәңірге сыйыну мотивінің лиро-эпостық жырлардағы көркемдік қызметінің бір көрінісі. Тәңірге сыйыну мотиві арқылы авторлар (айтушылар) оқиғалардың маңызын күшейтіп, кейіпкерлердің ішкі қақтығысын, сезім қимылдарын, рухани күйін тереңдетіп көрсетеді. Сонымен қатар бұл мотив халықтың тарихи дүниетанымын және рухани мәдениетін сақтауға да қызмет етеді; өйткені Тәңірге сену — қазақтың ата-баба наным-сенімінің маңызды бір бөлшегі. [3]

2. Аруаққа сену. Лиро-эпостық жырларда аруаққа сену мотиві — дәстүрлі наным-сенімдер мен рухани көзқарастардың маңызды компоненттерінің бірі. Аруақ — ата-баба рухы, көшпелі қоғамда өмір сүрген халық үшін тек өткеннің бейнесі ғана емес, сонымен бірге қазіргі өмірге әсер етуші көрінбейтін күш ретінде қабылданған. Қазақтардың көне дүниетанымында аруақтардың ұрпақтарының өміріне бағыт-бағдар беріп, қиын сәтте жәрдемдесетін рухани жебеуші күш екені кең таралған сенім болған. Осы себепті лиро-эпостарда кейіпкерлер жиі аруақтарды шақырып, олардың қолдауын тілейді. Лиро-эпостарда «Аруақ қолдасын», «Аруақ жар болсын» сияқты тіркестер жырларда жиі кездеседі, олар кейіпкерлердің ішкі сезімін, үміт-тілегін білдіреді. Бұл сөздер — тек тілдік формула ғана емес, сол әңгіменің рухани кеңістігін ашатын, оқиға қарқынын күшейтетін көркем элементтер. Ата-баба рухына жалбарынып, олардың жәрдемін сұрау — кейіпкерлердің ең қиын жағдайларда да рухани қолдауға сенетіндігін көрсетеді. Аруақтар жырлардағы оқиғаға қатысушы ретінде көрінуі мүмкін; олар кейде кейіпкерлердің әрекеттеріне ықпал етіп, олардың жүрегіне батылдық, қайрат, үміт береді. Осылайша аруаққа сену мотиві жырлардың кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін тереңдетіп, олардың рухани әлемін ашуға қызмет етеді. Бұл мотив ұлттық әдебиеттегі рухани- мифологиялық компоненттердің бірі ретінде лиро-эпостарда кеңінен қолданылған. Осы мотив арқылы халықтың көне сенімдері — ата-баба мен рухқа сыйыну, жоғарғы күштерге сену — лиро-эпостық жырлар мазмұны мен кейіпкерлердің әрекеттеріне әсер етеді. Бұл да халықтың рухани мәдениеті мен дүниетанымдық тәжірибесінің әдебиеттегі көрінісі деп бағалануы тиіс. [1,9]

3. Табиғат культі. Тәңірлік дүниетанымда табиғат киелі әрі жанды құбылыс ретінде қабылданған. Көне түркілер үшін табиғат — тек өмір сүру ортасы емес, рухани күш пен тылсым сырдың қайнар көзі болған. Әрбір тау, өзен, көл, орман мен дала өзіндік «иесі» бар киелі мекен деп танылған. Сондықтан табиғатқа құрметпен қарау, оны аялау халық санасында діни- рухани ұстаным ретінде қалыптасқан. Лиро-эпос жырларында табиғат культі кеңінен көрініс табады. Тау — биіктіктің, асқақтықтың белгісі, өзен мен көл — тазалық пен өмірдің нышаны, ал кең дала — еркіндік пен тағдыр жолының символы ретінде суреттеледі. Кейіпкерлер көбіне табиғат аясында ой толғап, сыр шертіп, маңызды шешімдер қабылдайды. Бұл — табиғатты рухани серік, куәгер деп танудың белгісі. Табиғат кейде кейіпкерлердің ішкі көңіл күйімен астасып жатады. Мысалы, ғашықтардың қуанышы табиғаттың жайнаған көркімен бейнеленсе, қайғысы бұлтты аспан, қараңғы түн немесе дауылды күн арқылы суреттеледі. Осылайша табиғат жырдың эмоциялық реңкін күшейтетін көркемдік құралға айналады. Сонымен қатар табиғат тылсым күш ретінде де көрінеді. Кейбір жырларда табиғат белгілері алдағы оқиғаның нышанын білдіреді: мысалы, дауыл тұруы — қиындықтың, ал ашық күн — жақсылықтың белгісі ретінде қабылданады. Бұл — халықтың табиғатты «тілсіз сөйлейтін белгі» деп түсінгенінің көрінісі. Ғашықтардың табиғатты куә етуі де жиі ұшырасады. Олар сезімдерінің ақиқаттығына аспанды, жерді, өзенді куә қылады. Бұл — табиғатты қасиетті, шындықтың айғағы деп танудан туған түсінік. Осылайша табиғат культі лиро-эпос жырларында тек фон емес, рухани- символдық мәні бар маңызды компонент болып табылады. Ол халықтың табиғатпен етене өмір сүргенін, оны киелі санаған дүниетанымын айқын көрсетеді. [4]

4. Тағдырға сену. Тағдыр ұғымы тәңірлік дүниетанаммен тығыз байланысты маңызды түсініктердің бірі. Көне түркілердің сенімі бойынша, адам өміріндегі жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, табыс пен сынақ — барлығы Тәңірдің жазуымен болады деп қабылданған. Яғни, тағдыр — адамның еркінен тыс, бірақ оның өмір жолын айқындайтын құдіретті күш ретінде түсінілген. Лиро-эпос кейіпкерлері өмірдегі түрлі оқиғаларды көбіне тағдырдың жазуы деп қабылдайды. Олар басына түскен қиындықтарды «тағдырдың сынағы» деп түсініп, сабыр сақтауға тырысады. Бұл түсінік кейіпкерлердің мінез-құлқына, шешім қабылдауына және өмірге көзқарасына әсер етеді. Мысалы, ғашықтардың қосыла алмауын немесе ұзақ айырылуын жырларда тағдырдың жазуы ретінде суреттеу жиі кездеседі. Тағдырға сену мотиві жырларда драмалық әсерді күшейтеді. Кейіпкерлер тағдырға қарсы тұруға тырысқанымен, көп жағдайда оның билігін мойындайды. Бұл — адам мен тылсым күш арасындағы байланысты көрсететін философиялық ой. Сонымен бірге ол халықтың өмір тәжірибесінен туған сабырлылық, төзімділік, көнбістік сияқты қасиеттерді де танытады. Лиро-эпостарда «тағдыр жазды», «маңдайға жазылған», «жазмыштан озмыш жоқ» сияқты тіркестер жиі ұшырасады. Бұл сөздер халықтың тағдырға сенімін және өмірдің алдын ала белгіленгеніне деген көзқарасын білдіреді. Осылайша тағдырға сену мотиві лиро-эпос жырларында кейіпкерлердің рухани әлемін ашып, оқиға желісінің дамуына әсер ететін маңызды діни-философиялық элемент болып табылады. Ол халықтың дүниетанымындағы өмір мен тағдыр туралы терең түсініктерін көрсетеді. [5,3]

Әдебиеттерге шолу: Қазақ ауыз әдебиетін, оның ішінде лиро-эпостық жырларды зерттеу қазақ фольклортану ғылымында кең орын алған. Бұл салада М. Әуезов, Ә. Марғұлан, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов сияқты ғалымдар құнды еңбектер қалдырды. М. Әуезов қазақ эпостарының халықтың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымынбейнелейтінін атап көрсеткен.[6]

Ал Ә. Марғұлан көне түркілік дүниетаным мен мифологиялық түсініктердің эпостарда сақталғанын дәлелдеген.

С.Қасқабасов эпостардағы мифологиялық элементтердің көркемдік қызметін талдаған. Дегенмен лиро-эпос жырларындағы діни мотивтерді арнайы тәңірлік сенімдер тұрғысынан талдау мәселесі әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Осы мақала сол бағыттағы ізденістердің бірі болып табылады. [5,3]

Зерттеу әдістемесі: Зерттеу барысында салыстырмалы-талдау, сипаттау және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Лиро-эпостық жыр мәтіндері талданып, ондағы діни мотивтер жүйеленді. Сонымен қатар тарихи- танымдық әдіс арқылы тәңірлік дүниетаным элементтері мен олардың жырдағы көрінісі салыстырылды. Зерттеу нысаны ретінде «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты лиро-эпостық жырлар негізге алынды.[7, 8, 9]

Нәтижелер мен талдау: Зерттеу нәтижесінде лиро-эпос жырларында тәңірлік сенімдердің іздері айқын сақталғаны анықталды. Біріншіден, Тәңірге сыйыну мотиві кейіпкерлердің рухани тірегі ретінде көрінеді. Олар қиын жағдайда жоғарғы күштен медет сұрайды. Екіншіден, аруаққа сену мотиві ата-баба рухының жебеуші күш ретінде танылатынын көрсетеді. Бұл ұрпақтар сабақтастығы идеясымен байланысты. Үшіншіден, табиғат культі жырларда символдық мәнге ие. Табиғат кейіпкерлердің көңіл күйін бейнелеу құралына айналған. Төртіншіден, тағдырға сену түсінігі кейіпкерлердің өмірге философиялық көзқарасын көрсетеді. Сонымен қатар исламдық элементтер мен тәңірлік сенімдердің қатар кездесуі діни синкретизмнің бар екенін дәлелдейді.

Тұжырым: Лиро-эпос жырларындағы діни мотивтер — қазақ халқының көне дүниетанымының көрінісі. Тәңірлік сенімдер жыр мазмұнына рухани тереңдік беріп, кейіпкерлер бейнесін ашуға қызмет етеді. Бұл мотивтер халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүргенін, ата-баба рухына құрметпен қарағанын және тағдырға сенім артқанын көрсетеді. Сондықтан лиро-эпостарды зерттеу ұлттық рухани мұраны танудың маңызды бағыты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы: Ғылым, 1982.- 230 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991.-207 б.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. — Алматы: Ана тілі, 1991.-264 б.
5. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр-аңыздар. — Алматы: Жазушы, 1985. -368 б.
6. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. — Алматы: Ғылым, 1984.- 320 б.
7. Қазақтың лиро-эпостық жырлары. — Алматы: Жазушы, 1989.-297 б.
8. Қозы Көрпеш — Баян сұлу: Лиро-эпос. — Алматы: Жазушы, 1990.-339 б.
9. Қыз Жібек: Лиро-эпос. — Алматы: Жазушы, 1988.-292 б.

М А З М Ұ Н Ы

ПРОФЕССОР З.Т. ЖҰМАҒАЛИ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ГУМАНИЗМ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС

А.А. Мамыт. Задан Тасқалиұлы зерттеулеріндегі абайтану мәселелері 3
Н. Нұрпейісов. Профессор Задан Жұмағалиев — Алаш ардақтыларын зерттеуші тұлға 6
М. Хамзин. Гуманизм және рухани кемелділік мәселелері ғалым зерттеулерінде 11
Ж.Н. Жунусова. Филолог, ученый, педагог: 90-летний юбилей профессора З.Т. Жумагалиева 14
Ж.Қ. Смағұлов. Зекеңнің зерлі шекпені 16
Б.С. Рахым. Қазақ әдебиетіндегі гуманизм мәселесі 20
Ш.Ш. Жалмаханов. Еменнің бұтағы 22
Қ. Асанұлы. Заңғар. Ұстазым Задан Тасқалиұлына (арнау өлең) 27
С.Б. Жұмағұлов. Мықтылардың мектебінен тәлім алдық 28
Ә. Жақан. Абзал аға, ардақты ұстаз еді 31
Ж.Ә. Полат. Профессор З.Т. Жұмағали зерттеуіндегі гуманизм және әдеби процесс 32
Ж.А. Рустемова. Ұстаз ұлағаты 35

АЛАШШЫЛ ӘДЕБИЕТ ӨКІЛДЕРІ МҰРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫСТЫ ДӘУІР ТАҢБАСЫ

М.І. Әбдуов. Абайдың алты өлеңі 38
Б.А. Қалиев. Шәкәрім өлеңдеріндегі антонимнің лингвостилистикалық сипаты 47
Г.Т. Тлеубердина, П.Б. Пазыл. Айтыс өнеріндегі ұлттық құндылықтар: Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекова шығармашылығы негізінде 53
Г.Т. Тлеубердина, Ә.Б. Манас. Қазіргі ақындар айтыстарының көркемдік ерекшеліктері 56
Н.М. Ақыжан. XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз беттеріндегі А.Байтұрсынов пен Ә.Бөкейхановтардың еңбектері 60
Д.С. Әбдіғани. Абай шығармашылығындағы назира дәстүрі 64
М.Е. Біләлова. Біржан сал, Ақан сері шығармашылығындағы махаббат лирикасының концептуалдық жүйесі 67
К.Б. Аси. Шығыс әдебиетінің 19 ғасыр қазақ поэзиясына ықпалы 69
М.В. Мамедова, А.Р. Алтынбекова. Міржақып Дулатұлы поэзиясындағы «Оян» мотиві 73
М.В. Мамедова, А.Р. Алтынбекова. Бөкей ордасындағы билік жүйесі және Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы қарсылық идеясы 76
З.Д. Данияр, Г.Б. Махметова. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы фольклорлық дәстүр 79
А.Т. Таубалды. Шәкәрім поэмаларындағы шығыс сюжеті 83
Н. Саятбай. Абайдың табиғат лирикасының тәрбиелік маңызы 86
М. Саятқызы. Абайды тану — адамды тану 90
Ж. Көшербаева, Б. Құрбаш, Е. Қалмажит. Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі экокритика: адам мен табиғат үйлесімділігі 94
Х.П. Равшанбекова. Қазақ шешендік сөздерінің зерттелу тарихы 96
Г. Сабырхан. Шешендік сөздердің типологиясы мен поэтикасы 101
З. Сағындық. Мұхтар Әуезов және қазақ эпосы 104
Қ. Салтанат. Батырлар жырындағы тұтастану құбылысы 108

Г. Сапаралиева. «Алпамыс батыр» жырының типологиясы мен поэтикасы 110
Г.Ә. Шәкір. «Қобыланды батыр» жырының Диваев және Сүйіншәлі нұсқалары: салыстырмалы-типологиялық талдау 114

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ КЕЙІПКЕР МӘСЕЛЕСІ

Г.С. Бөкен. Әлібек Байбол шығармашылығындағы көркемдік-стильдік трансформациялар 118
С.Н. Жәмбек. Қазақ тарихи романдарындағы тарихилық сипаты 122
М.Ж. Альжанова, Б.Ж. Алтынбек. Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесіндегі кейіпкер сомдау әдісі 127
М. Абдуллаева. Балалар әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінің виртуалы кеңістікте трансформациялануы 129
А. Өркенқызы. Үмбетбай Уайдин — сатирик 133
Б.А. Алдаберген. Мархабат Байғұт прозасындағы көркем идея және көркемдік шындық 137
І. Аханова. Қазақ әдебиетіндегі киіз үйдің символдық мәні 142
А.А. Базылжан. Қазіргі қазақ поэзиядағы «Ақыл» концептісі: поэтикалық талдау 146
А.А. Баксияк. Төлен Әбдіктің «Тұғыр мен ғұмыр» шығармасындағы кейіпкер тағдыры 149
Ж.Г. Бахитова. «Өмірзая» романындағы дәуір шындығы 155
Н.Е. Бейсенова. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі жалпыадамзаттық құндылықтардың көркемдік бейнеленуі 158
Д.К. Бердалы. Айгүл Кемелбаева прозасындағы мифопоэтика 162
А.М. Білтебай. Мұхтар Мағауин әңгімелеріндегі психологиялық драматизм 166
Ш. Ермек. Қазіргі қазақ поэзиясындағы «Рухани жаңғыру» концептісі 171
Қ. Жандуллаева. Есенғали Раушанов поэзиясының стильдік ерекшеліктері 175
Ұ.А. Жексенбаева. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «лирикалық проза» 178
Д. Жұмабаева. Әлібек Асқардың «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді» романындағы экология тақырыбы 181
П.А. Жұмағали. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романының жанрлық табиғаты 184
Г. Надирбаева. Ғабит Мүсірепов прозасындағы фольклорлық сарын 187
Б. Найманбай. Ұлықбек Есдәулет поэзиясындағы этномәдени дүниетаным сипаты 192
С. Нигматулла. Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы ұлт тағдыры 195
А. Нуршатова, П. Мағзанбек. Мирас Асан лирикасындағы ішкі диалог пен жалғыздық мотивінің тілдік бейнелеу тәсілдері 199
Л. Өтебай, Н. Серікбай. Асқар Алтай әңгімелеріндегі түс көру мотиві 202
Ж. Серікбай. Дидар Амантай прозасындағы кейіпкер психологиясы 206
П. Серікбекқызы. Бексұлтан Нұржекеұлы романдарындағы драматизм 210
А.Б. Тлеубергенова. Роллан Сейсенбаев прозасындағы автор және кейіпкер мәселесі 214
Н. Тұрар. Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы экологиялық мәселелер 218
Е.Д. Тұрсынбай, А.М. Нүсіпбек, Н. Нұрбақытұлы. Оралхан Бөкей прозасындағы ертегілік сарын және олардың идеялық-эстетикалық маңызы 222
Б.Т. Төрехан. Дулат Исабековтің «Сүйекші» повесі: тұңғыш тұлғасы арқылы қоғам шындығын көрсету 226
Ф.Е. Ерсалиева. Қазақ әдебиеті сабағында цифрлық құралдар арқылы кейіпкерді талдау әдістемесі 228
А. Сапар, Ш. Сейдасқарова. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ауыл тақырыбы 231

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНЕН ГУМАНИСТІК ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Е.Д. Махаметчин. Заманауи білім берудің құндылықтары және ұлттық әдебиеттегі гуманизм 236

А.С. Баймолдина, А.Р. Денеева. Гуманистік талдау — әдеби шығарманы жан-жақты түсінудің тиімді тәсілі 238

А.Д. Кунедилова, Н.С. Алимжанова. Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру 243

А. Айдын. «Қазақ» концептісі негізінде оқушының гуманистік тәрбиесі мен дүниетанымын қалыптастыру..... 246

А.Қ. Бағысбай. Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романын оқытудың әдістемесі 248

Н. Бақыт. Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романын оқытудың әдістемесі 254

Ш.Е. Берік. Әдебиетті оқыту әдістемесіндегі жаңа технологиялық парадигмалар: жасанды интеллект және дәстүрлі оқыту 258

Т.Е. Бірлікбай. Әдеби кейіпкерлердің бейнесін визуализациялау арқылы сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру..... 260

А. Ескендерова. Әдебиет сабағындағы инфографика және ЖИ: күрделі мазмұнды қарапайым жеткізу 264

М. Жолдыбек. Қазақ балалар әдебиеті және жасанды интеллект: жаңа зерттеу бағыттары .. 268

А.Р. Жұмахмет. Қазақ әдебиетін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолданудың әдістемелік негіздері 272

А.Қ. Кампит. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен гуманистік тәлім-тәрбие берудің өзектілігі 278

А.М. Кунгратбай. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеясының бүгінгі күнмен сабақтастығы 282

М.С. Мейрашова. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін құзыреттілікке бағытталған оқыту контексінде талдау..... 284

А.А. Орынбаева. Қазақ әдебиеті сабақтарында гуманистік құндылықтарды қалыптастыру.. 287

А. Тұңғыш. «Қазақ әдебиеті» пәні сабағында проблемалық оқыту технологиясын қолдану. 289

ТІЛ БІЛІМІ, ФИЛОСОФИЯ, ТАРИХ, ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ГУМАНИЗМ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕР: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ

Ж.А. Кенжебекова, А.Ж. Аметова. ЖИ арқылы тіл үйрету әрекеттерін дамыту 293

С.Ж. Шахина, М. Козельская. Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері 297

Р.К. Бекмолдина. Мағжанның педагогикасы және ұлттық тәрбие 302

Ә.Қ. Абдихай. Өнімсіз жұрнақтардың семантикалық деривациясы (-хана, -нама) 304

А.Н. Абен. Белгісіздік мағынаны білдіретін грамматикалық тұлғалар 308

А.Ж. Бектай. Бұйрық райдың мағыналық реңктері 313

Д.С. Балғабек. Есімше тұлғаларының заттануы 317

А. Биболатқызы. Қазіргі қазақ ғаламтор сленгінің семантикалық сипаты..... 322

Д.Б. Дәуренова. Қазіргі қазақ тіліндегі калькалардың тіл мәдениетіне әсері..... 325

С.А. Кидиралиева, М. Аскарбек, Ф.А. Бабажанова. Қазақ-ағылшын тілдеріндегі сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері 331

А.А. Қусаин. Қазақ тіліндегі «ай» концептісінің фреймдік моделі және когнитивтік сипаты 334
Ф.М. Мақсат. Сын есімнің заттану дәрежесі 339
П.К. Илесбай. Қалау райдың мағыналық реңктері 343
Ә.Э. Садық, Ж. Жолжақсы. Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллекттің тиімділігі 347
А.М. Уажав. Қазақ тілі орфоэпиялық норманы тиімді оқыту жолдары..... 350
М.В. Мамедова, А.Р. Алтынбекова. XIX ғасыр рухани дағдарысы және Дулат Бабатайұлы дүниетанымындағы заман мен тағдыр мәселесі 354
А.С. Қыдырбаева. Лиро-эпос жырларындағы дін мәселесі 357